

Әубәкір Кеңес Аманұлы



Аталардың ақылы,  
Даналардың нақылы

**Кеңес Әубәкір**

**Аталардың ақылы,  
Даналардың нақылы**

**Павлодар, 2014**





**ББК**  
**Ә**

**Ә Әубәкір. К. Аталардың ақылы, Даналардың нақылы. \_\_\_\_\_**  
**Павлодар.**

**ISBN**

Елін, Жерін сүйген, оның гүлдеп-көркеюіне адал еңбегімен Пайғамбар (с.ғ.с.) жасына жеткенінше сүбелі үлес қосқан ұлтжанды, үлкен жүректі жайсаң жандардың зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Отанының бақытты болашағын ойлап, ізгі істерге ұйытқы болатыны анық. Көрнекті қоғам қайраткері Кеңес Аманұлы Әубәкірдің құрметті еңбек демалысындағы өмірі соның айғағы. Ол атамекені – Сілеті өңірінде бабасы Түгел батырға ескерткіш-белгі орнатып, Мешіт, діни рәсімдер өткізілетін асхана үйін салып, жергілікті халыққа сыйға тартқан еді. Енді 2009 жылдан бастап «Теңізден терген маржандар», «Елім-мектебім, халқым-ұстазым» деген тарихи, діни танымдық, ұлттық тәлім-тәрбиелік маңызы өте зор кітаптарды жазып, қазақ ауылдарына, қалың оқырмандарға тегін таратып берді. «Аталардың ақылы, Даналардың нақылы», - деп аталатын бұл кітап – Кеңес Аманұлы Әубәкірдің үшінші туындысы. Ол баршамызды асыл адамгершілікке, биік ақыл-парасатқа, Отанды сүйуге, ата-ананы қадірлеуге, адал еңбек етуге, дініміз бен ділімізді, Ана тілімізді ардақтауға, ұлттық қадір-қасиетімізді сақтауға шақырады. Бұл кітап – әрбір қазақ отбасында болуға тиісті рухани қазына.



Ә \_\_\_\_\_  
ISBN

**ББК**  
**@ Әубәкір К**  
**@ « \_\_\_\_\_ » баспасы,**

Кім біледі кез болса арттағылар,  
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.  
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,  
«Рас-ау» деп мағынасын о дағы ұғар.  
**(Абай. М.Ю.Лермонтовтан).**

## **Абай**

### **Бірінші қара сөзі**

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық: қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық!

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?

Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағазбен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

## **Ойды ой қозғайды, ойдан ой қоздайды**

**(Халық даналығы).**

Абай 176-дан аса өлеңдер жазған (көптеген өлеңдері табылмаған), 56 аударма өлеңдер, үш дастан, 45 қара сөз жазып, жиырма жетіден астам ән шығарған.

Бабаның шығармаларын жылына бір-екі рет қайталап оқып отыру бала кезімнен санама сіңген дәстүрлі дағдым. Адамның рухани өмірінің сан-саласын қамтитын терең ой тұнығынан сүзіліп, сомдалып шыққан философиялық ақыл-нақылдарын қайталап қанша рет оқысаң да соншама рет басқа қырынан танылып өз өреңнің жеткенінше адамгершіліктің тың сонарларын шолып, іздеуге талаптанбауың мүмкін емес.

Абайдың «Бірінші» қара сөзін оқып отырып терең ой құшағына түстім.

Өйткені, бұрын дос-жолдастар: «Отыз жылдай қызмет бабымен шетте, бес облыста: Павлодарда – Баянауылда, Торғай, Жамбыл облыстарында, Алматы, Астана қалаларында болдың, қазақтың қаймағы қалқылмаған, қатығы шайқалмаған көне тарихы бай жерімен, елімен таныстың, әр өлкенің өзіне тән тарихы, халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тіпті рухани, ділінде де, тілінде де өзгешеліктері болады, соларды жазып, жас ұрпақтарға өсиет-өнеге етіп қалдырмайсың ба?» - деген де ұсыныстарына көңіл бөлмей жүргенмін. Еңбек еткен жылдарымда партия мен өкімет қайда жіберсе де, сенімін ақтап, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, абыройлы қызмет атқарып, көтерілген тұғырыма сай, одан төмен көрінбеуге тырыстым. Бір азаматтай еңбегім елге, терім еңбекке сіңді. Дер кезінде мадақтаулар да, марапаттаулар да болды. Бірақ елге елеулі болғаныммен, ерекше болдым деп айта аламын ба?

**Абайдың:**

**Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,**

**Бойыңа өлшеп сөйлесең нең құрайды?**

**Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді,**

**Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?! –**

дегеніндей, бұрынғы атқарған қызметтерімнің, салалық жұмыстарымның бәрі артта қалды. Енді оларға баға беріп, оны өзгелерге үлгі етуім қажет пе. Қазір бәрі ақшамен өлшенетін, арсыздықтың араны ашылып тұрған, өмір бізден ғана басталады деп жатқан заман ғой. Бірер жылдан кейін немерелерімнің, шөберелерімнің менің қызмет бабында атқарған істерім мен қызметте көтерілген биіктерімнің, тіпті жеткіншек кезімнен ортасында өсіп, біте



қайнасқан, бірде тәрбиешім болған, бірде тәрбиеленушім болған қазақтың қара шаңырағы болып есептелінетін ауылдар мен ауылшаруашылық алыптары: колхоз, совхоз деген ұжымдардың, әр дәрежедегі партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол, тіпті пионер, октябрат дейтін ұйымдар мен ұғымдардың атын да, затын да түсінбесе оған таң қалуға болмас. (Ал түсіне қалса, оларға берген тәрбиеміздің жемістілігі мен кемістілігін өздерің екшеп, теріп, өлшеп ала берерсіңдер деген ойдамын). Бұрынғы заманның тұғыры да, ұғымы да өзгеріп кетті. Коммунизм деген ұлы қоғамның ерекшеліктерін елемегендіктің, егемендіктің атына жекеменшіктің қамытын кигізіп, жаңа өмірдің тар жол, тайғақ кешулеріне түсіріп, экономикалық, саяси әлеуметтік, рухани өзгерістерді құлдыратып құлатып та, сұлатып та, құйындатып та, қиындатып та жіберді. Жаңа дәуірдің эррозиясы мен коррозиясына ұшыратты. Бала кезімізде естуші едік: жын деген болады, ол қамалған құмырасынан босап шықса дүниені астаңкестең аласапыран етеді,- деп. Жекеменшік сол жынның өзі болып шықты. Келген бетінде ұят, ар, нысап дегендердің бәрін жұтып жіберді. Ол қасиеттерден айырылған бұрынғы ел басқарып көсем болып жүрген бар деңгейдегі пысықтардың құныққандары соншалықты, құмықпай-ақ, қақалмай да, шашалмай да мемлекет мүлкін, совхоздарды түгімен, зауыт, фабрикаларды, кен байлықтарды жүгімен жұтып жатты. Ал біздің жаңа заманымызда құмықпайтын құныққандар иммунитеті пайда болды. Кейбірі жеген үстіне жей береді. Медицина тілінде «Булемия» деген сырқат болады, онымен ауырған адам тойғанын білмейді. Біреу бақылап отырмаса жарылып өлгенінше тамақ ішеді.

Плутархтың жазуынша, біздің дәуірімізден алты ғасыр бұрын Спартан елінің патшасы Ликург: **«Жекеменшік иелерінің қоғам көлемінде шамадан тыс ерекше жеке дара баюы – мемлекеттің аурулығы»**, - деп айтқан екен. Ал біздің қарапайым халық капитализмнің тұманды, күмәнді, тасқынды толқынында не болып жатқанын түсіне алмай аң-таң, басқарушы да, бағыт та жоқ, ескексіз қайықтың үстінде отырғандай, естері шығып айдалада иесіз қалғандай болды. Сондықтан кімді кімге өнеге етіп, үлгілі тәрбие айтамын, деп ойлап едім. Бірақ бабаның даналық ақылын оқығаннан кейін ойым олақ, шешімім шолақ екенін түсіндім. Аллаһ Тағала Он сегіз мың ғаламды жаратқанында, шариғат бойынша да, табиғат бойынша да негізгі артқан міндеттерінің бірі - ұрпақ жалғастығын үзбеу, ұрпақ өсіру, ұрпақ келешегі мен болашағы үшін күресу екен. Соның бірі адам ғой. Мен де 80 жасқа келгенше сол ұрпақ болашағы үшін тер төгіп, өмірдің ыстық-суығын бастан кешірген көптің бірі болып, аталық міндеттерімді атқаруға тырысып, еңбек етіп, балаларымды тәрбиелеп келсем, енді жеткен жерім осы деп, көштің соңында, қоныстың қорымында елге елеусіз, қоғамға пайдасыз, естен де, есептен де қалып қоймайын деп ойладым.

**Жас ұрпақ!** Аталарың 80 жасқа толып, кешегі мен ертеңгінің тоғысқан қыратына көтеріліп, қарттар өлкесінің төңірегіне шола ой жүгіртіп:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың (ақылың) – ашыған у, ойың –кермек.

Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек? –

деп тұрғанында Абай бабаның Бірінші қара сөзінде айтқан ақылы: өндірістік еңбектен кетсең де, өмірдің рухани өзегінен кеткен жоқсың. Еңбегіңнің түрін өзгерткеніңмен, тәрбиелік бағытын өзгертпе:

Ақырын жүріп, анық бас  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға, –

дегені. Бұл – Абайдың ұзақ жылдардағы өмір жолында естігенінді, көргенінді, оқығаныңды, тоқығаныңды ата-бабаларыңның сендерге қалдырған ақыл-нақылдан сомдалған өсиеті, үлгі-өнегесі деп ұрпақтарыңа ұсынбайсың ба?» деп ой салғаны емес пе?!

Біздің бабаларымыз бізге өткен замандардың шыны мен сырын ғасырлардың сынынан өткізіп, майын айырып, тортасын тұндырып таза күйінде жеткізген ғой. Олар Алтайдан Румға дейін, Орта Азиядан Мәскеуге дейін бүкіл Батыс Еуропа елдерін дүркіретіп, дірілдетіп абыройын атағына ту етіп көтерген жоқ па? Ұрпақтарына байтақ жер мен жомарт кен байлығын қалдырған жоқ па?

Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, қазақтың бір туар ақыны, ағамыз Кәкімбек Салықовтың:

«Сонша жерді сойылмен қорғаған  
Бабаларым тегін емес, шамасы», -

деп мақтаса да, мақтанса да, біз сол аталардың ұрпақтары емеспіз бе?!

Бабаларымыз қарсыластарын жауынгерлік дарынмен ықтырып, қуатты өткір сөздермен бұқтыра білген. Осы ерліктердің бәрін жазба тарихтары болмаса да, ұрпақ тізбектерінде атадан балаға ауызекі сөздерімен ұқтыра білген. Осы кітапты жазудағы мақсатымда, сол дария тарихтан сүзіп, теріп, ата-бабалардың өнегелі, үлгілі істері мен асыл мұра сөздерін мүмкіншілігімше әр басылымнан жинақтап, топтастырып ұсынып отырмын. Ал, қазіргі ақын, жазушылардың шығармаларын өздерің оқыр деп ойладым. Тек, кейбір ақын, жазушылардың өлең шығармаларын пайдалансам, жас ұрпақтарды тәрбиелеуге Сіздердің де ақыл, кеңестеріңізді қосқандарыңыз деп есептеймін.

### **Жас ұрпақ!**

«Пайдасыз ақыл,  
Байлаусыз тақыл (Абай) –  
болып қалмаса екен деп тілеймін.

### **Абай:**

Жұртым-ай шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін.  
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді  
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Мақсатым – тіл ұстартып өнер шашпақ,  
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,



Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

**және бабаларымыздың:**

Жастың қайраты бойында,

Қарттың қайраты ойында –

дегеніндей, осы жасқа келгенше өмірден көргенім бар, түйгенім бар, оқыған, естігенім бар, соларды екшеп, елеп ұрпақтарыма ұсынайын, талғап, таңдап қажеттілерін алар деп шештім.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз, -

деп айтқанындай, Абайдың өзіндей әлемге атым, қоғамға құлашым жетпегенімен, оқыған ұрпақтарды таңқалдырып, тамсандырып, шөлін қандырмасам да атадан қалған рухани сарқыт еді деп ауыз тисін, дәмін татсын деп ұйғардым.

Осы ниетім Абайдың: «тәрбие – халықтың сарқылмайтын құндылығы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін мұрасы»- деген даналығымен ұштасып жатқан жоқ па?

Бабамыз ұрпақтарына:

Сенде бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан! –,

деп өсиет айтып кетсе, дүниеден өткенінше ортаңда өз орының, қосар үлесің, тигізер пайдаң сарқылмасын десе, мен неге зейнеткерлік демалысқа шықтым деп, халық алдындағы, ұрпақ алдындағы бар парызымды, қарызымды тындырып тастағандай, өмірімнің қалған жалғасын өзіме де өзгеге де пайдасыз, әйтеуір, тірі жүрмін ғой, деген құр далбасалықпен өткізуім керек пе?-деп ойладым. Бұрын, қоғамда өз орынымды тауып қаланып келсем, қазір де ескінің өзі де, көзі де емеспін бе, көнерсек те құнсызданып көлеңкеде қалып қоймай, қартайсақ та қоғам қажеттілігіне құнсызданбай, еңбектен қалсам да есептен шықпай, естен кетпей, тағы да қолданылатын, қаланатын орынымды табайын деп қайраттандым. Қоғамның тәрбие саласында қолымнан келгенінше көмек жасайын деп шештім. Сондықтан өзімнің ой-өрісім жеткенінше ұрпақ тәрбиелеуде құдіретті сөз қуаттары: саналарының өрісін кеңейтіп, адамгершілік қасиеттердің қолдаушысы да, қорғаушы-сақшылары болады деген ата-бабалардың, әлемдік даналардың, қазіргі дәуірдегі ғалымдардың, ақын-жазушылардың да ақыл-нақыл асыл сөз қазыналарын теріп, сұрыптап, оқырман қауым, Сіздерге ұсынуды өзімнің азаматтық борышымның бір саласы деп есептедім. Әрине, бәрін түгендедім деп айта алмаймын. Оның мүмкін еместігін өздерің де білесіңдер.

Сонау көне замандардан басталып, ой тереңінен теріліп, өмір кезеңдерінде сыналып, шындалып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан данышпандық ақыл-нақылдың мол қазыналы тәрбие мектебінің сабақтарының арнасының кемері ортаймай, салалары кемімей, сағалары тартылмайтын бұлақты дария емес пе? Саналы ұрпақ өсірудің құпиясы да, құлыбы да, кілті де тәрбиеде. Ата-бабаларымыз адамның азаматтық қасиеттері: өрелі, өркенді, өнегелі, өрісті болуы тәрбиеліліктің дарытқан құндылықтары деп өткен жоқ па?

## Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде:

Иманды ғалым – ғалым,

Имансыз ғалым – залым, - десе, **Әл-Фараби бабамыз:**

«Адамға бірінші білім емес, тәрбие керек», «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - десе, **Қожа Ахмет Иассауи:** «Төңірегің топас болғанда, Білімділігің – «У екен», - деген. Кейде теледидардағы «Абай тану» тақырыбында сөздің қадір-қасиетін, бағытын таниды деген азаматтарымыздың кейбіреулерінің «Абай қара сөздерінде қазақтарды жамандады, басқа ұлттардың алдында беделін түсірді» - деген пікірлер айтқанын да естиміз. «Халқымыз ауруын жасырған өледі», - демей ме? Абайдың абай болыңдар деп сақтандыруын **орыстың: «Казнить нельзя помиловать»** деген қанатты сөзіндегідей үтірді қай жерден қоярда шатаспайық. Тәрбиелік түсініктерде сынап - ұқтыру бар, жамандап – бұқтыру бар. Ұқтырғаны – оздыруды мезгеп, бұқтыруы – тоздыруды көздегені емес пе? Тек, санаңның сараптауға өресі жеткенінше шегін шеңберлей біл. Ой бағытын түсіне алмай алжаспа, өсіруіміз де, өшіруіміз де намысымыздың ерлігі мен ездігіне байланысты емес пе?

Ата-бабаларымыз сөз құдіретімен қарсыласын жасқап, жерін, елін жаудан қорғап, жесірі мен жетімдерінің дауын шешіп, айтқандарына ес кіргізіп, таласқандарына сес көрсете білген жоқ па?

«Адамзаттың өркениеті өскен сайын арамдық пен зұлымдық та түрлерін түлетіп, күрделендіріп, әсерлерін әсерлендіре түседі», - дейді тәжік данышпаны Ибн-Сина. Қазіргі сынаптай құбылған заманда тәлім-тәрбиенің әсері кеміп, сенімнің семіп, қай салада болмасын жүйесіз, бей-берекет Броун қозғалысы (физика ұғымындағы – хаос) сияқты болып бара жатқан жоқ па деп тұнжырайсың. **Бруно Ясенский:**

«Жауыңнан сескенбе, көп болса атып кетер,

Досыңнан қорықпа, көп болса сатып кетер,

Қасыңнан сескенбе, көп болса атып кетер.

Қауіптенсең, немкетгілік, бейтараптылықтан қауіптен,

Түбіңе сол жетер», -

деген екен. Қазіргі жастардың негізгі тәрбиелері теледидар, компьютер болып, әдеби кітаптар оқуға құлқы жоқ, бабалардың асыл сөз мұралары назардан тыс қалды. Ата-бабаларымыз іргесін қалап, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ақыл-нақыл мектептерінің сабақтарының сапасы көнеріп, тыңдатушылардың да, тыңдаушылардың да қатары сирей бастады.

Тазалықтың киесі бар, ұмытпа,

Туын жығып, түкірмейді тұныққа,

Туған жердің тілін, ділін сүймеген,

Мәңгірт ұрпақ – шіріген бір жұмыртқа.

**(Ш.Мамасерікова).**

Әуелгі негізгі бағытым, мақсатым тәрбие еді. Сондықтан кітабыма: «Аталардың ақылы, Даналардың нақылы», - деп ат қойып, айдар таққанымда көздегенім - даналар мен даралардың ақылы мен нақылы ойларыңды орнықтырып, назарларыңды тұрақтандырып, мақалдары-тұйғындай сана-сезім



тұғырларыңа қонып, мәтелдері – «қиядан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырғандай» (Абай) – тілдерінде түйінделсе, деп едім.

Сондықтан да өз шапанымды кигізіп, меншіктенбей, қазіргі парасатты ақыл-ой иелерінің мақалаларын, өлеңдерін кейде толық кейде ықшамдап (кітаптың мүмкіндігінше) келтіріп, ой-өрістерін байыта түсер деген мақсатпен әлемдік ғажайыптар мен табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін де ұсынуды жөн көрдім. **Бабаларымыз:**

Білім - ақылдың серігі,

Ақыл - нақылдың көрігі, -

деген ғой. Мен де сексен жасқа келгенше өскен ортада, ел бастаған көсемдермен, көпті тамсандырған шешендермен, адамзаттың ұстаздары ғұлама ғалымдармен, ақын-жазушылармен, қарапайым майталман еңбек адамдарымен сыйлас, сырлас, қызметтес болдым, солардан естіген, оқыған, тоқығандарымды саралап, жүйеге келтірейін, сөгін сығып, майын тамызып дәмдеп, сәндеп, мәндеп, ұрпақтарым «Атамыздың бізге деп жиған қазына – мұрасы, рухани азығы ғой» - өздерінің өресі жеткенінше іске асырар деп, өзімнің түйген ой-пікірлерімді өрімдеп берсем деймін. Бірақ, жазушылықтың құдіретті тағына көтеріліп, қанатымды қомдап, кеңге де белге де шарықтамасам да ұрпақтарыма ойларын оятып, сезімдерін сергітерлік әсер қалдырсам көздеген мақсатыма жеттім, ұрпақтарыма із қалдырдым, қансонарға түсірдім деп айта аламын. Бұл көсемдіктің көлемін, шешендіктің шеңберін, білімділіктің биігін көрсетейін дегенім емес, құрбы-құрдас, ағайын-туыс, әулетімнің жас түлектерімен ақылдасайын, ақыл қосайын деген шешімім. Пікірталас – өмір ақиқаттарының таразысы емес пе, ең кемі тот ашары ғой. Шашылып, төгіліп рәсуа болмай түгел жетті деп те айта алмаймыз. Сондықтан аталы сөздердің тайраңдап топқа түсіп, төрге шығуынан қайраңдап қалуы жиі кездесіп жүр. Өмірімнің өнегелі өрістерінің қасиеттерінің тұнығынан тұлпардай жүзіп ішпесем де, шамам келгенше, өремнің жеткенінше қыл-қоқыстарын жібермей сүзіп ішуге тырыстым. Ақылды-нақылды сөз асылдарын жинадым, ойымды оятуға жарағандарын басқаларға сыйлауға бейім болдым. Ұрпақтарымының арасында да қазақтың қазыналы қара сөзін түсінетін көзі ашық, көкірегі ояулары болар деген үмітпен күнсыз – пұлсыз елеусіз, ескерусіз қалдыруға қимадым, тек өтемі өсиетім болсын, соны ұғарлық ұрпақтарым болсын деп армандаймын. Менің арманым, барлық ата-аналардың арманындай - «Адамзат сапарының» ұзақ жолындағы ата-бабаларымыздың келешек ұрпақтарының бақыты үшін жанын қиып, қан төгіп, өмірдің тар жол, тайғақ кешулерінде қар төсеніп, мұз жастанып, тағдырдың талай қасіретті кезеңдерін бастан кешіріп, бытырлатып бұғауларын үзіп, сатырлатып құрсауларын талқандаған алып армандарының бір кішкентай ғана ұшқынының елесі емес пе? Әйтеуір, әлі де ой шұқыры көп болса да сол өмір даңғылының сапарына ілесудеміз ғой.

«Қазақ елінің «Азаматтары-ай», - деген абыройлы, ардақты атқа кір келтіртпейтін ұрпақ тәрбиелеу бәріміздің де мақсат-мүддеміз емес пе?

Арман – атадан балаға мирас. Ол ешуақытта үзілмейді. Мәңгібақи жалғаса береді, жалғаса береді. Тек армандары мен үміттері алға жетелеп, намысы

қайратын қамшылап, тілектері демеушісі бола берсін деймін. Ал ұрпақтарының келешегі мен болашағы үшін күресте өмір желісін үзбей, сабақтастықтарын сақтап, аттыға жол, ауыздыға сөз бермеген кешегі мен бүгінгі елге тұтқа көсемдеріміздің от ауыз, орақ тілді, сөз бастаған шешендеріміздің, қол бастаған батырларымыздың – дараларымыз бен даналарымыздың өнегелі істері, замандардың талғамы мен таңдауында сұрыпталып сомдалған ақыл-нақыл сөз асылдары біздерге, ұрпақтарына қалдырған сарқылмас байлықтары, мол мұрасы емес пе?

Жылжып жылдар өтсе де, қазақ халқының адамгершілік пен намыс деген егіз ұғымдары - өмір көші өзгерсе де арнасы бұзылмайтын, кемерінен төмен түспейтін, суы лайланбайтын сағасы кең, саласы көп ғазиз ғұмыр өзені – өзегі емес пе?

Мен осы жолдарды жазғанда бабаларымның, немере – шөберелерімнің, сол сияқты сөзге мән беріп, оны танырлықтай көкірегінде көзі бар басқа жастардың да оқып, өмірде адамгершілік қасиеттерінің бай түсуіне, арының алшаң басуына, намысын жанып, қайратын қайрай түсуіне аз да болса әсер ете алсам деп дәмеленемін.

Менің ұғымымда тәрбие мәселесінде көлгірсіп, жалпақ-жалтақ болуға болмайды (жарамайды).

«Дос жылатып айтады,

Дұшпан күлдіріп айтады», -

дейді ғой. Азуыңды басқан жерінде әсері қалуы керек.

Бала тәрбиелеуде бүгінгі кеткен олқылықтың орнын ертең толтыра алмайсың және оның өлшемі де жоқ. Неше метр, немесе неше келі тәрбие кем берілді, айта аласың ба? Жоқ. Өйткені, бұл өлшеусіз құндылық. Ол өндірістік көрсеткіш емес, бүгін орындалмаса ертең орнын толтыра саламын дейтін. Мен жұртқа жалпыламай ақыл айтып жатқан жоқпын, өз ойымды, өз пікірімді білдіріп отырмын. Ұнамаса қабылдамай-ақ қойсын. Осы күні біздің негізгі кемшілігіміздің бірі ақылдылардан ақылдымын дейтіндердің көптігі, ең болмағанда сондаймын деп ойлайтындардың көптігі. Бірақ ертеде бір данышпан айтқан екен: «Ақылдылық – білмейтінін білгендік», - деп. (Умен тот, который знает, что не знает).

Қазір заман да өзгерді, адам да өзгерді. Қоғамның ұйытқысы, адамгершіліктің мәйегі болып есептелінетін көптеген ұлы ұғымдар көнеріп, сарқылып, өні солып, Бальзактің «шегірен былғарысына» ұқсап – апшып, құдіретті қасиеттерінен айырылып барады. «Азамат екен!», «Азаматым менің!», «Болсаң осындай бол!» деп сүйсіне таңдай қағып, бас изеп, жарайсың! – деп жаның рахаттанып, масаттанып отыратын, ел үшін бағым да, барым да құрбан дейтін ел серкелері осы күнде:

«Бір кезде қабылан соққан жолбарыстар,

Бұл күнде қоян көрсе жерге бұқты» (Әсет ақын) ұғымынан аса алмай қалды.

Мен мұны түңіліп айтып отырған жоқпын, ойым ойран – түтігіп айтып отырмын, бірақ әлі де болса үмітімді үзбей, есімізді жиып, етегімізді жауып, білегімізді сыбанармыз деп ширатылып, ширатылып айтып отырмын. Қашанғы



асылымыз арзандай, тұнығымыз лайланып, адалымыз арамдала бермекші? Үмітіміз, жас ұрпақ, сендерде. Неге біздің Азамат деп ардақтап мақтан еткен, оны адамгершілік деген қасиетті ұғымның қоржынына сыйғызып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп келе жатқан таным-түсінігімізді тек қазақтың өзіне тән, тек қазақтың ғана табиғи тарихи ұлттық үлесіне тиген Отанын, елін, жерін балалық – перзенттік шынайы махаббатпен сүйе білуін және солардың алтын шегелері: тектілік, ар, намыс, ұлтжандылық, туысқандық, сыйластық, мейірімділік, қайырымдылық т.б. қасиетті, қастерлі ұлы асыл құндылықтарымызды, батыстың, осылармен аттас та, тектес те деп есептелінетін, бірақ атына заты сай келмейтін, желөкпе дарақылықтарына айырбастап, желпілдеп, елпілдеп, еліктеп, асылдарымызды арзанға айырбастап, тек тірі жүргенімізді ірілік деп өткенді өксітіп, бүгінгі есіргенімізді есейгеніміз деп, мәдениетімізді дырдай жалаңаштап шешіндіріп, дуынан шуы көп азғындықтың, арсыздықтың алжапқышына, жауыздықтың қолшоқпарына айналдырып, айтақтап ит қосып еліріп-елігіп, елтіп, мәре-сәре болып қаламыз. Бұл не? Бұл – азаматтықтың арзандауы. Бұл батыстың жұқпалы ауруы. Бұл – ақшаның желігі.

**Абай:**

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын,-

дегендей, біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Қаладағылар мысығын құшақтап, арқасынан сыйпап, еріккеннен ермек іздеп, иттеріне бет-ауыздарын жалатып, далаға шықса тұңғышындай серуендетіп, жетектеп жүреді.

Адамзаттың рухани байлықтарын не қылсын. Бәрі қалтада. Оқып отырғандардың кейбіреулерінің ойлап қалуы, тіпті мені сөгуі де мүмкін. Барлық қазақтың, ұлттың ауыртпалығын, тағдырын жалғыз өзі арқалап жүргендей, дүниеде иненің жасуындай да сәуле қалмағандай бәрін сөндіріп, бәрін төбеңнен төндіріп, қолға ілігер тұлдырсыз қалғандай құлдырата құлатып, тұрмастай сұлатып жатқанына жөн болсын деп. Әрине, жалғыз мен ғана ұлт, ұрпақ тағдырын ойлап жүрмін деп айта алмаймын, ол көптің ісі ғой, жалғыз мен не істеймін, бірақ қоғам көлеміне әлім де жетпейді, әмірім де өтпейді деп сыртта да қала алмаймын.

**Карл Маркс:** «Қоғамда өмір сүріп тұрып, қоғамнан тысқарымын дей алмайсың», - деген. Қоғам – жеке адамдардың, жеке отбасылардың қосындысы, яғни мен де қоғамның бір мүшесі, бір кірпішімін. Сондықтан қоғамға, ондағы өзгерістерге алаңдамай, жайбарақат қала алмаймын.

Қорыта айтқанда, қазақтарды оятуымыз керек. Қатты ұйықтап кеткендерін де, ұйқысыраған шала ұйқыдағыларын да, тіпті, ортаңда, қатарыңда ұйықтап жүретіндерін де. Бәрін ояту керек. Намыс найзасының ұшымен ояту керек. Қазақ ұлтының келешегі мен болашағының қамын ойлап, өздерін отқа да, сотқа да, оққа да байлап, ұлт намысын шыңдай түсуде әлі де шолжаңдай басып шалжаңдаған бейтараптықтың, бейжайлықтың, марғаулықтың өктемділіктерінің құрсауларында шырмалып, еңсе көтере алмағанымызға бабаларымыз налып:

«Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,  
Сөз ұқпас мылқау, меңіреу жүрген жалғыз.  
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда,  
Япырмай, қалдық па рас, тіпті таңсыз.

Тақаулы тамағыңа өткір пышак,  
Тек жатыр тұяқ серіппей сонда да аңсыз.  
Тыңдамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес,  
Болды ма қайран қазақ, тастай жансыз,-  
деп, ұлы **Мағжан назаланса, Шәкәрім бабамыз:**

«Көретін көзі жоқ,  
Ұғатын сөзі жоқ.  
Қазақтың бұл күнде,  
Аты бар, өзі жоқ.  
Жер жүзі халқының,  
Қазақтан езі жоқ»,-

деп шамырқанып, шамданып өмірден өтті емес пе?

### **Міржақып Дулатұлы (1885-1935)**

Қазағым саспайсың,  
Ілгері баспайсың,  
Арамнан сейіліп,  
Сескеніп қашпайсың.  
Қазағым, надансың,  
Өнерден амансың.  
Мың салса бір баспас,  
Жігер жоқ, шабансың.

Оянып, ойланып,  
Өнермен жұмысың жоқ,  
Ел кезіп, ет андып,  
Есекше қарының тоқ.  
Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Біз қазақты Абайдан, Шәкәрімнен, Мағжаннан, Міржақыптан артық жақсы көреміз деп айта аламыз ба? Бұл жамандау емес, намыстану.

Сондықтан бұрынғы өткен бабаларымыз дұғадай дуалы сөздерінің мағыналарын ұққан адамдарға, ұрпақ келешегі үшін, ұлт болашағы, ел қамы үшін айтайын деген ойларын мәймөңкелемей шешіп те, тесіп те, кесіп те айта білген. Яғни, қаламның ұшымен, аталы сөздің күшімен сайысқан тарих қаһармандары емес пе? Менің де осының бәрін, тұздығы ащы болса да, сырбаздай жазып жатқаным - ұрпақтарым елінің, жерінің қадір-қасиеттерін

терең түсінетіндей, азаматтық борыштарын құнсыздандырмай, өз өмірлерінің халқының өмірімен сабақтас, соның бір құрамдас бөлшегі екенін түсінерлік дәрежеге көтеріле алса деп үміттенгенім. Мұхтар Шахановтың «Отырар» поэмасынд, тұтқынға түскен Отырардың ханы Қайырханды Шыңғыс ханның алдына алып келгенде, оның батырлығын, Отансүйгіштігін жоғары бағалап, сені, халқыңды сатып, қорғанның қақпасын жауға ашып опасыздық істеген мынау сенің отандасың, соның басын өзің кес,- деп шешім айтып, Қарашоқы деген сатқынды көрсеткен екен. Сонда Қайырхан: «Шыңғыс, мұның әкесі еліміздегі құрметті, ақылды адам еді, сенен өтінішім, сол кісіні алдыршы, бір сұрағым бар еді», - дейді. Әлгі ақсақалды хан алдына әкелдірткен соң Қайырхан оған:

«Қыраннан қыран туса,  
Жыланнан жылан туса.  
Таңқаларлық ештеңе жоқ,  
Ал қыраннан жылан қалай туды  
Соны түсіне алмадым», -

деген екен. Сонда ақсақал: «Қарағым, бабаларымыз баласын есі кіріп, етегін жапқанша туған елінің, кіндік қаны тамған жерінің, ата-бабаларының, олардың салт-дәстүрін, қадір-қасиеттерін ұғынып, ойына, бойына сіңіргенше жатбауыр етіп басқа жаққа жібермейді екен, ал менің балам әртүрлі себептермен басқа елде, нағашыларының қолында тәрбиеленіп еді. Содан болар, Отан, халық деген ұғымдарды түсінбеуі», - депті. Бұл оқиғаның басы – қасында болғандардан бұл күнде куәгер жоқ, бірақ сол тарихи кезеңнің негізгі себептерінің бірін тәрбие арқылы түйіндеу аңыз болса да халықтың даналығы, соны бізге жеткізе білген ақынның даралығы. Ел –Ана. Отан. Намыс. Өмір – мектеп, өмір сынақ деген ұғымдар сол сабақтастықтардың жалғаса, оқытыла беруінде шығар. Ал, қазір, шындығын айтсақ, Отан, кіндік кесіп, кір жуған туған жер деген ұғымдарды өз дәрежесінде түсіну барған сайын алыстап, сағымданып, бұлдырап барады.

Кейбір дүмбілез қазақ жастарының қазақ десе қорсынып, қомсынып, орыс десе оқыранып, елпектеп, үйездеп бас шұлғып тұрғандарын көргенде намысың қозып, төзімің тозып, шіріген жұмыртқа көргендей сасықтығынан, пасықтығынан жиіркеніп кетесің. Ал менің таңқалатыным, соны көре тұра, біле тұра, не ата-аналарының, не жолдастарының біреуінің де селт етіп сезімін білдірмей, түсінбей, жәйбарақат, бейтараптық көрсетуі.

Тілегім, әйтеуір, Крыловтың «Айна мен маймыл» деген мысал өлеңіндегідей, өздеріңді өздерің айнадан көріп танымай қалмасандар болды.

Ата-мұрамыз саналатын мәдени, тарихи байлықтарымызға да көлеңке түсіп, күңгірт тарта бастағанына сескене, сезіктенетін болдық. Егеменді ел болдық, көнерген мәдениетіміз қайта көктеп, тот басқанымыз жаңарып, жаңғырып, ортайғанымыз толады деп есіп, бөсіп жүрген үмітімізге батыстың есірген есіріктерінің балта шауып, арсыздық пен жауыздықтың санамызға сіңірген есірткелеріне елтіп, қалбалақтап, қалтаңдап, талтаңдап шыға келдік. Бұрынғы барымыздың өзінен айырылып, жоғалта бастағанымыз ауыр соғып,

жұқпалы жазылмас дерт болып меңдеп, дуынан шуы көп бақсылыққа ұрынып бара жатқан жоқпыз ба? Әйтеуір, тұманды күдіктің ар жағынан жол көрсетер сәуле іздейміз. Жастардың жағар шырағына үміт артамыз.

Әйтпесе, тәлім-тәрбие жұмысына жауапты мемлекет, министрліктер басқа да басқарушы, бақылаушы орындардың тарапынан шектеу, тыйым салу болуы керек қой. Жүгенсіздік, кемшілікке кеңшілік жасау ел болашағына қауіп төндіріп, мәңгүрттік меңдеп барады. Сол себепті, ақын жырымен айтарым:

Тарихтың дариясына қармағың сал,  
Өнегелі, бағалысын теріп ал.  
Әлем – мектеп, өмір – ұстаз ой салар,  
Оқы, тоқы санаң өссін, тәрбие ал.

## I – ТАРАУ

### Дін – дүние діңгегі

#### Білім артық па, байлық артық па?

«VII ғасырда өмір сүрген мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі Әзірет Әліге "Білім артық па, байлық артық па?" деген сұрақ қойғанда, білімнің артықшылығы жайлы он дәлелмен былайша жауап қайтарған екен:

1. Білім артық, өйткені ол - пайғамбарлардан қалған мұра.
2. Білім артық, өйткені ол сені бағады, ал байлықты сен бағасың.
3. Білім - досыңды, байлық дұшпаныңды көбейтеді.
4. Білім - іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды.
5. Білім артық - оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған байлығыңды ұрыдан күнде қорғауың керек.
6. Білімнің көп болса, сені құрметтейді, байлығың көп болса, қызғанады.
7. Білім артық, білімнің көп болғанымен, оған есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп отыруың керек.
8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-байлық бүлінеді.
9. Білім артық - ол жаныңды байытады. Байлық ішкі жан дүниенді шектейді, өзінді тура жолдан тайдыруы мүмкін.
10. Білімді адам орнымен сөйлейді, байлығы мол адам оған мас болып, мақтанады, астамшылық көрсетеді».



## Адам Ата мен Хауа Ана

**Жоқтан бар етті, сәлден нар етті –  
Алланың шексіз құдыретімен.  
Өмірді өрісті етіп, ұрпаққа  
ұрпақ жалғастырып,  
Желісін үзбей түлетті.**

**Адам Ата (Инжілде Адам) - Әбу-л-Башар – (аләйһи сәлем) бүкіл адамзаттың шыққан тегі. Қасиетті Құранның айғақтауынша ол – Аллаһ Тағаланың өз құдіретімен жаратқан ең алғашқы адамы.**

Осы орайда Құран хикаяларына назар аударсақ, Аллаһ Тағаланың екі күнде байтақ жерді, одан кейін оның үстіне тау-жоталарды жаратқанын, әрі сол араға бақыт пен хайриятты түсіргенін, іле төрт күндік уақытын жұмсап, қажетсінушілердің тұрмыс керектерін қарастырғанын, мұнарлы зеңгір көкті шарлағанын білеміз. Мұнан кейін Раббымыз алдына Жер мен Көкті шақырып алып әмірін тыңдатады, сонан соң періштелерді жаратып, жердің бетін мекендейтін Адам Ата мен оның ұрпақтарын өмірге әкелуді ойлайды. Оны естісімен Аллаға сиынып, құлшылық жасаушы періштелерде уайым пайда болып, оны айтып, байтақ жерде өсіп-өнуге ықылас алу мақсатымен Жаратушысына сиынады. Аллаһ Тағала олардың өз шешімінің байыбына бара алмайтынын білетінін, жер жүзінің мұрагері етіп Адамды, оның ұрпақтарын не себепті қалағанын айтып, періштелерін уайымнан арылтады.

Осы әңгімеден соң Аллаһ Тағала төрт періштесін: Жәбірейіл, Микайл, Исрафил және Әзірейілді жер бетіне жіберіп, оның әр тарапынан бір уыстан топырақ әкелуге бұйырады да, періштелер жер бетіне түседі. Сонда Жер оларға: «Осы алатын топырақтан адамзат жаратылады. Кейін ол Аллаһқа қарсы келеді де, сол себепті жаһаннамға кіреді. Сол кезде менің бір бөлшегім жаһаннамда жанады» - деп, оларға топырағынан бермейді. Періштелер күш жұмсап, топырақты алуды ыңғайсыз көргенімен, Әзірейіл: «Мен Аллаһ Тағаланың әмірін орындамай алдына бара алмаймын», - деп, жердің әр тұсынан түрлі-түсті (қызыл, қара, ақ) топырақ алып, Раббымызға әкеліп береді. Осы табандылығы үшін Әзірейілге адамзаттың жанын алу міндеті жүктеледі. Аллаһ Тағала осы балшықтан Адам – Ата – Сапиолланы жасап, оған жан салады, періштелеріне оған жүгінуге әмір етеді.

Ұлық Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтуынша, Аллаһ Тағала Адам Атаны Өзірейіл әкелген түрлі-түсті топырақтан жаратқандықтан, олардың бірі қызыл, бірі ақ, қара түсті болған, басқалары осы түстердің араласуынан бір түсті, қатты, жұмсақ болып, түрлі қабілетпен, ерекшеліктермен дүниеге келген көрінеді.

Аллаһ Тағала Адам Атаны (ғ.с.) балшықтан жасап, оған өз рухынан үрлеп жан кіргізгені, одан кейін оның ұрпақтары қалай дүниеге келгені жөнінде Құран Кәрімде былайша баяндалады: «Сыңғырлап тұрған кепкен балшықтан тиісті мүсінге келтіріп, адамды Біз топырақтан жараттық» («Һижір» сүресі, 15:26); «Біз сендерді (Адам Атаны) әуелі топырақтан жараттық. Оның нәсілін (рухтан) жыныстық тамшыдан, кесек еттен (кұрап) жараттық. Біз мұны тектеріңді білу үшін айтып отырмыз» («Хаж» сүресі, 22:5). Ал енді Құран Кәрімнің «Алақ» сүресінде: «Адамды ол ұйыған қаннан жаратты» деп айтылуы Адам Атаның ұрпақтарының туып, өсіп-өнуіне қатысты әңгіме.

Яхудалардың «Таурат» кітабында Жер дүниенің жаралуы туралы былай деп айтылады: «Құдірет иесі Құдай әуелі Көк пен Жерді жаратты... Құдай: «Жарық болсын!» - деді - жарық болды, жарықты - күн, қараңғыны - түн деп атады. Келесі күні ұлан-ғайыр мұхиттың үстіне көк күмбезін көтеріп... суды - теңіз, мұхит деп, жерді - құрлық деп атады. Төртінші күні Ай мен Күн, жұлдыздарды дүниеге келтірді. Бесінші күні балық және басқа су мақұлықтары мен құстар жаратылды. Алтыншы күні жер бетінде аяғымен жүріп, бауырымен жорғалайтын жануарлар, мақұлықтар мен бақа-шаян, құрт-құмырсқа пайда болды. Сол алтыншы күннің ақыр соңында Адам Атаны жаратты. Жетінші күні Жаратушы тынығып демалған, сол күн жексенбі атаныпты...». Иуда дінін тұтынушылар мен христиан әлеміндегі дүниенің жаратылуы хақындағы деректер осы ғана. Жалпы Тәурат адамзаттың түпкі бабасының неден жасалғанын таратып айтпай, «топырақтан жаратылғансың, топыраққа қайта айналарсың» (Тәурат, 3:19) деп қысқа қайырады да қояды.

Құран хикаялары бойынша, Адам жаратылып, бойына жан біткен соң Аллаһ Тағаланың құдіретті күшімен өз бойына дарытқан ақылдың, ой-сананың күшімен дүниені сезіп, біледі. Раббымыз оған жаратылыстағы барша заттың, тіршілік иесінің атауларын түгел үйретеді. Аллаһ Тағала кейін періштелерінен Адам аләйһи - сәләмнің алдында осылардың аттарын тегіс айтып беруді сұрады. Періштелер оны толық білмегендіктен айтып бере алған жоқ. Олар сол жерде Адам Атаның бәрін де білетінін көріп, қатты таң қалды. Періштелер: «О, Аллаһ, Сені мадақтаймыз. Біз сенің білдіргеніңді ғана білеміз. Шынында, Сен бәрін білуші әрі данасың» - деп, оған құлшылық жасады. Сол сәт Аллаһ Тағала періштелеріне: «Әлбетте, мен аспан мен жердегі құпия нәрселерді және сендердің ашық та, жасырын да жасайтын іс-әрекеттеріңді білемін деген емес пе едім?» - деп жауап қайтарды. Және періштелеріне Адам аләйһи – сәлемді құрметтеп, сәлем беріп, оған тағзым етіп, бас иіп, сәжде жасауларын бұйырды. Періштелер Жаратқан Иеміздің әмірін

орындап әрі Оның Адамды (ғ.с.) ерекше жаратқанын мойындап, оған бас иді, сәжде жасады. Алайда періштелердің арасындағы Ібіліс деген мақұлық Адамға бас иіп, сәжде жасамай, Аллаһ Тағаланың бұйрығын орындаған жоқ.

Аллаһ Тағала Ібілістен оның себебін сұрағанында, ол өзінің оттан, Адамның балшықтан жаратылғанын, сол себепті өзінің артық екенін айтып, қарсылық танытты. Өміріне қарсы шығып, күнәһар болғандықтан Ібілісті Аллаһ Тағала жәннаттан қуып шығып, өз мейірімінен аластатқан күйі қарғысқа ұшыратты, оған Қиямет күні тозаққа кіргізетінін хабарлады. Ібіліс Раббысынан қиямет күніне дейін өмірін ұзартуды өтініп, тілегі қабыл болса да Адамға қарсы жамандық жасауын қойған жоқ. Оның ұрпақтарын да тура жолдан тайдыруға, тырысты.

Ібіліс Адамның (ғ.с.) топырақтан жаратылғанын көргенімен, оның ұлылығын көре алған жоқ. Руханият дүниесіне бойлауға құдіреті жетпей, Адамды өз нәпсісінің көзімен ғана бағалап, азғын нәпсісіне мойын ұсынды, өз үстемдігін жоғалтып алмау үрейімен Хазіреті Адамға сәжде етуден қашып, бұрын өзі бас болған періштелерге маскара болды, ең бастысы Аллаһтың алдынан қуылды.

Құран хикаяларының баяндауынша, Хазіреті Адам (ғ.с.) жұмақта жаратылып, жұмақта ғұмыр кешкен ғой. Аллаһ Тағаладан пайғамбарларына түсті деп айтылатын қасиетті кітаптардың қай-қайсында да жұмақтың жан рахаты, ғажабы тамылжыта айтылады. Жәннат бағында адамға қорек болатын жеміс ағаштарымен бірге өмірлік мәні зор киелі ағаштар да жеткілікті екен. Олардың ішінде «Өмір ағашы», «Әлемдік дінгек ағашы», «Қайырымдылық ағашы», «Қуаныш ағашы», «Мерей ағашы», «Билік ағашы» дейтін де киелі ағаштар бар. Діни пәтуаларда жазылғанындай, Адам Ата жұмақта жай ғана серуендеп жүрмеген, жеміс ағаштарын бағып-күтіп, бағбандық та қызмет атқарыпты. Раббымыз осылайша Хазіреті Адамды алғашқыда бағбан етіп жаратса, кейін оған бақташылық жұмысты да қосып беруді жөн көрді. Аллаһ Тағала өзінің бұл жаратқан тіршілік, ақыл-ой иесінің әр ісін сыртынан бақылап жүріп, оның сұхбаттасатын серігі болмағандықтан көңілі жүдейтінін аңғарады. Содан Аллаһ Тағала Адам Атаны ұйықтатып тастайды да, қабырғасын шығарып алып, одан Хауа Ананы жаратады.

Хазіреті Адам Ата мен Хауа Ананың тарихы туралы жазылған еңбектерге назар аударсақ, олардың ішінде Эфиопияда шыққан «Адам Ата кітабының», Сириядағы «Қазына үңгірі» жазбаларының айрықша орын алатынын байқаймыз. Ал енді ең әйгілі алғашқы Тәпсірді жазған мұсылман әлемінің атақты тарихшысы Әбу Жафар Мұхаммед ат-Табари (9.ғ.), шариғаттың негізін қалаушы Ибн әл-Асир де (10 ғ.) өз еңбектерінде Адам Ата тарихын жақсы баяндаған. Армян епископы Аракел Сюнецид те «Адам туралы кітап» (1400 ж.) шығармасын жазып қалдырған. Еуропа елдерінде Адам Ата мен Хауа Ананың өмірі жөнінде көптеген жыр-дастандар, ондаған трагедиялық шығармалар, опералар жазылып, тіпті кинофильмдер де жарық көрді.

Мұхаммед Ахмет Жадмолла құрастырып, Кәкеш Қайыржанұлы аударып, «Шынжан халық баспасынан» «Құран хикаялары» деген кітап шыққан-ды.

Мұнда да Адам Атадан бастап, Нұх, Ибрахим, Ысмайыл, Жүсіп, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Айұп, Иса, Мұхаммед (с.ғ.с) тағы да басқа пайғамбарлар жайлы таңтамаша оқиғалар әңгімеленген. Осы кітапта Аллаһ Тағаланың Адам Ата мен Хауа Анаға бақилық жұмақты тұрақ етіп сайлағаннан кейінгі олардың тіршілігі былайша сипатталады:

«... Алла Тағала Адам Ата мен оның зайыбына жұмақтағы жемістерді қалағанынша үзуге және жеуге рұқсат етті. Десе де оның ішіндегі бір ағашқа жуымау жөнінде тыйым салды, олардың жаңылып, соқтығып қалуынан сақтау үшін ол ағаштың тұрған орынын да айқын көрсетті. Алла Тағала олардың күдік-күмәндарын біржола арылту үшін:

- Егер сол ағашқа жақын барсаңдар әрі оның жемісін үзсеңдер екеуің мүртед саналасыңдар, - деп ескертті, - Бұл ағаштан аулақ жүрсеңдер болғаны рахатты ырғын өмір нәсіп етемін. Жұмақта әсте кіріптарлық көрмейсіңдер, қаңырықтарың түтемейді. Шаршап – шалдықпайсыңдар да, - деп уәде берді Алла. - Зайыбыңмен бірге жұмақта тұрасың, - деді Алла Тағала Адам Атаға, - Не жегілерің келсе, сол дайын. Бірақ әлгі ағашқа әсте жақын барушы болмаңдар. Үйтпегенде оған қиянат істеген боласыңдар.

Адам Ата жұмаққа кірді, онда не керектің бәрі бар еді, оның үстіне жұмақ көздің жауын аларлықтай көрікті еді. Ол бәр-бәріне мейлінше кенеліп тұра берді. Ол жұмақтағы ағаштар арасында сөйіл-серуен жасап, дарак көлеңкелерінде саялап әдемі гүлдерді үзіп, дәмді жемістерді емін-еркін жеп, кәусар суларын қанғанынша сімірді. Зайыбы да рақатты өмірдің ләззатын бірге татып, онымен бір мезет бақытты өтті.

Бұған Ібілістің іші күйді».

Он сегіз мың ғаламды Жаратушы Иеміздің қасиетті сөзі – Құран Кәрімде баяндалғанындай, ішқұса болған Ібіліс Адам Ата мен Хауа Ананың бақытты өмірінің шырқын бұзбақ болып, олардың алдына келді де өзін жанашыр, дос етіп көрсету үшін ант-су ішті, тиым салынған ағаштың жемісінің тіл үйірерліктей өте дәмді екенін айтты. Және былай деп азғырды: «Бұл ағаштың жемісін жеуден тыюы – Тәңір сендерді періште болып кетпесін, жұмақта мәңгі қалып қоймасын дегеннен басқа түк те емес» (Құран Кәрім, «Әғраф» сүресі. 7:12). Аллаһ Тағала Адам Ата мен Хауа Ананы жаратқанда оларға сайтанның нағыз жаулары екенін ескерткен-ді. Бұлар оны естерінен шығарып, тиым салынған жемістен дәм татып, Аллаһ Тағаланың әмірін бұзды.

Көне кітаптарда осы тұстар әртүрлі уәждеделген. Бірі – жемісті үзіп алып берген жылан не жылан кейпін киіп, жыланша сөйлеп тұрған Ібіліс десе, екіншісі – қол созып, жемісті үзіп алған Хауа ананың өзі дейді. Үзіп жатқанда Әзірейіл періштенің елесін көрсе де, көңілі шын құлап кеткендіктен нәпсісін тыя алмай, тиым салынған ағаштан өзі жегенімен шектелмей, жемісін Адам Атаға да жегізеді.

Болған жағдайды білісімен Аллаһ Тағала қаһарын төгеді. Адам Ата мен Хауа Ана қатесін түсініп: «Тәңіріміз! Біз өзімізге-өзіміз кесір жасадық. Егер бізге өзің кешірім етіп, рақым қылмасаңыз, онда біздің сөзсіз құрығанымыз» («Әғраф» сүресі. 7:23) – дейді. Періштелер де күбірлеп, өздерінің бұлардың

жағында екендіктерін білдіреді. «Сонан соң Алла оны тағы да бағалап, тәубесін қабыл етіп, оған кешірім жасады» («Та-һа» сүресі (20:22). Адам Ата жар қосағына Хауа деп ат қойған ғой. Мағынасы – «өмір бастауы». Аллаһ Тағала аң терісінен киімнің репетін жасайды да, олардың ашылған әбүйірін жауып, жұмақтан қуып шығады. Адам Ата мен Хауа Ана пұшайман күйде бұрылып кете бергенінде Раббымыз: «Алда-жалда мен сендерге бір тура бағыт жібере қалсам, кімде-кім сол тура жолмен жүрсе, ол адаспайды. Қияметте қасірет шекпейді. Егер кімде-кім менің насихатыма теріс қараса, онда оның өмірі таршылыққа түседі. Қияметте Біз оларды көр соқыр қалпында жинаймыз» - дейді. («Та – һа» сүресі, 20:123).

Өмірін бұзғаны үшін күнәһарларды жұмақтан аластаған соң Аллаһ Тағала жәннат бағы қақпасының алдына оттан өрілген алапат қылышы бар қанатты періштені күзетке қояды. Дін тарихшыларының баяндауынша, жәннат бағынан аттап шығысымен-ақ қайғыдан Адам Атаның бойы шөгіп, аласара береді. Ал пейіштен қуылған соң Адам Ата Хауа Анамен Мекке атырабында кездеседі. Сол жерде Адам Ата үшін көктен қара тас түсіріліп, ол қағбаны тұрғызады. Осы діни әфсаналардың баяндауынша, олардың екі ұлы, екі қызы болған екен. Ержеткен соң Әбіл, Қабыл дейтін екі ұлы қарындастарының біреуіне таласып, бірін-бірі (Әбіл Қабылды) өлтіреді. Сол кезден бастап адам баласы өлетін болыпты. Діни әфсаналарда Адам Ата (ғ.с.) бабамыздың 930 жыл өмір сүріп, фәниден бақиға көшкені, олардың Мекке төңірегіндегі Қазына өңіріне жерленгені айтылады.

Біздерге, Адам (ғ.с.) пайғамбардың ұрпақтарына үлгі-өнеге, сабақ болсын деп, Адам Ата мен Хауа ананың жұмақтан неге қуылып, Жерге түскендігі Құран Кәрімде осылай әфсаналанады. «Кәпір болып, Біздің аяттарымызды жалған деген кісілер, олар тозақ иелері. Олар онда мәңгі қалады» («Бақара» сүресі 39 аят).

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**  
(Инфо-Цес, № 31, 01.08.2008ж.)

## **Аллаһтың періштелері мен пайғамбарлары**

### **Періштелер**

Раббымыздың періштелері Нұрдан жаратылған. Олар қалаған түр, бейне, қалыпқа ене алатын қасиетке ие. Періштелерде еркектік те, әйелдік те белгі жоқ. Ішіп-жеуге де мұқтаж емес. Бірі көкте, бірі жерде, бірі ғарышта өз міндетін атқарып жүрген періштелердің қанша екенін жалғыз Аллаһ Тағала ғана біледі. Періштелер Аллаһ Тағаланың әміріне әсте қарсы шықпайды, ешқашан шаршап шалдықпайды. Иманның екінші шарты періштелерге сену екені мәлім.

### **Төрт үлкен періште**

#### **1. Жәбірейіл (ғ.с.)**



Ол – Хақ Тағаланың әмірін, қасиетті кітаптарын пайғамбарларға жеткізуші, яғни уахи іспен айналысушы. Аллаһ пен пайғамбарлар арасындағы дәнекер.

### **2. Микәйіл (ғ.с.)**

Ол табиғи құбылыстарды, жел, жауын-шашынды бақылаушы, жеміс, егін, өсімдіктердің жетіліп өсуіне, болуына жауапты.

### **3. Исрафил (ғ.с.)**

Ол – сұр үрлеу, қиямет күнінің тууына, ақыр заманның келгенін хабарлауға және адамзаттың қияметте қайта тірілуіне қызмет атқарушы.

### **4. Әзірейіл (ғ.с.)**

Ол – ажалы жеткендердің жанын (рухын) алушы.

Ислам дінінің түсіндіруінше, әр адамда 384 қызметші періште бар. Олардың ішінде Кирамән Кәтібин және Хафаза есімді періштелер адамның әрбір әрекетін жазып отырады. Ал Мұңкір – Нәңкүр деген екі періште өлген адамдардан жауап алады.

## **Пайғамбарлар**

Олар – Аллаһ Тағаланың дінін, шарифатын, әмірлерін, тиымдарын, хабарларын құлдарына білдіру мақсатымен таңдап жіберген айрықша елшілері. Аллаһ Тағала пайғамбарларын мұғжизалармен (таңғажайып қасиет, әрекеттер) күшейткен. Ең алғашқы адам - әрі тұңғыш пайғамбар Адам аләйһиссәләм.

Пайғамбарлар жөнінде білінуі уәжип және аса зәру бес сипат бар. Ол туралы сахабалардан, дін ғұламаларынан, киелі кітаптардан қалың елге белгілі сипатты сөздер бар.

### **Пайғамбарлардың бес сипаты**

**1. Сыдық:** Пайғамбарлар – шыншыл. Олар ешқашан жалған сөйлемейді.

**2. Аманат:** Олар – сенімді. Кез – келген мәселеде оларға сенуге болады.

**3. Тәблиғ:** Хақ Тағаланың әмірлері мен тиымдарын еш нұсқансыз және ешкімнен қорықпай жариялайды.

**4. Фәтанәт:** Асқан ақыл иелері.

**5. Исмәт:** Күнәсіз, күнә істеуден Аллаһтың құдіретімен сақталынған.

### **Құран Кәрімде есімдері аталған пайғамбарлар:**

Хазіреті Адамнан (ғ.с.) Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейін кейбір баяндауларда 124 мың, басқа баяндауларда 224 мың пайғамбардың келгендігі айтылады. Алайда, Құран Кәрімде олардың 28-і жөнінде ғана баяндалады. Олар:

1. Адам.
2. Ыдырыс.
3. Нұһ.
4. Һуд.
5. Салиһ.
6. Ыбырайым.
7. Лұт.

8. Ысмайыл.
9. Ысқақ.
10. Жақып.
11. Жүсіп.
12. Әйіп.
13. Шұғайып.
14. Мұса.
15. Һарун.
16. Дәуіт.
17. Сүлеймен.
18. Жүніс.
19. Ілияс.
20. Әляса.
21. Зүлкифіл.
22. Зәкәрия.
23. Жақия.
24. Иса.
25. Ғұзайыр.
26. Лұқман.
27. Зұлқарнайын.
28. Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с)

Қазақ салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарының мызғымас мықты алтын дінгегі – Имандылық. Яғни, мұсылмандық дін жолы. Дініміздің аты – Ислам. Сыйынатын құдайымыз - Алла. Барлық әлемнің жаратушысы. Оны ешкім жаратқан емес. Алла ең әділ, таза, пәк, данышпан. Құдай - бір, Құран –шын. Пайғамбар – хақ. Алла мен пайғамбардың айтқан дарын істеп мойындаған – мұсылман. Ол исламның бес шарты. 1) Алланың барына және Мұхаммед пайғамбарға сену. 2). Бес уақтылы намаз оқу. 3) Ораза ұстау. 4) Зекет беру. 5) Өмірінде ең болмаса, жағдайың елсе, қажылыққа бару.

Иманның 6 шарты бар:

- 1) Алла тағалаға иман келтіру;
- 2) Періштелерге иман келтіру;
- 3) Кітаптарына иман келтіру;
- 4) Пайғамбарларына иман келтіру;
- 5) Ақырет күніне иман келтіру;
- 6) Жазмыш пен қазаға иман келтіру.

### **Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың басқа пайғамбарлардан өзгеше бес қасиеті:**

1. Барлық пайғамбарлардан жоғары тұр.
2. Күллі адамзат пен жындарға жіберілген.

3. Пайғамбарлар шоғырының ең соңғысы (Хатәмүл Әнбийя). Одан кейін пайғамбарлар мүлдем келмейді.

4. Күллі ғаламға рақым ретінде жіберілген.

5. Шариғаты қияметке дейін жалғасады.

Пайғамбарымыз – Мұхаммед-Құдіреті күшті Алланың соңғы елшісі. Адамзаттың ұлысы, қамқор – ұстазы.

### **Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар**

Шапағаты мол пайғамбарларымыздың өмірде атқаратын қызметі бір болғанымен, құдіреті күшті Құдайдың бұйрығымен олардың даңқ-дәрежесі, адамзат қоғамында алатын орыны күні бұрын белгіленіп қойылса керек. Содан Пайғамбарлардың қай-қайсы да жеке халық, қауымдарға қызмет атқарса, Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһ Тағаланың қалауымен **бүкіл дүние жүзі халықтары үшін жіберілген.**

**Ислам теологиясы мен моралін тұтастай жасап шығарған әрі Ислам дінінің негізін қалаушы, әрі саяси көсем Мұхаммед пайғамбар жаңа күнтізбе бойынша 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келіп, 632 жылы 8 маусымда, дүйсенбі күні Мединеде фәниден бақиға көшкен.** Ұлық пайғамбарымыздың шыққан тегі батыр да, атақты Құрайыш тайпасы. Теологтар мен шығыстанушыларға жақсы мәлім, бұл тайпаның екі рудан, яғни, Хашим және Әбді-Шамис деген екі бұтақтан тұратыны. Мұхаммедтің арғы атасы Хашим – Меккенің ұлы жарылқаушысы болған белгілі адам.

Сол бір ерте заманда Мекке-Мединені мекендеген арабтардың көпшілігі пұтқа табынып, мәжуси дінін ұстаған-ды. Жасыратыны жоқ, бұл жақта иудейлер мен христиандар да өмір сүретін. Мекке қаласы шөлейтті де тастақ жерде салынғандықтан оның халқы азық-түліктен қатты тапшылық тартады. Халқының мұндай ауыр жағдайы рубасыларды қалай толғандырмасын. Сол себепті өз руының жақсы-жайсандарымен ақылдаса келіп, Хашим алтыншы ғасырдың басында жыл сайын Иемен мен Сирияға екі керуен жіберіп, азық-түлік алдыртып отырады. Әубаста күн көрістің қамы үшін ұйымдастырылған бұл шара кейін үлкен сауда-саттық қарым-қатынасына ұласып, құрайыш тайпасының дәулеті артады. Мұхаммедтің атасы Хашимның атақ-даңқын шығарған тағы бір ісі оның сол кезде бүкіл араб халқы табынып, құлшылық ететін қасиетті Қағбаның қорғаушысы болғандығы еді. Тарихтан бізге белгілі ақиқат, ол кезде Қағбаны қорғау айрықша құрметті рулар мен әулеттерге ғана сеніп тапсырылатын. Жарықтық Хашим қайтыс болғаннан кейін оның мұрагері, сүйікті ұлы Абд әл-Мутталіп әкесінің ісін жалғастырып, Мекке қаласын Абиссинияның христиан княздері жіберген әскерлер мен пілдер шабуылынан қорғайды. Абд әл-Мутталіптің кіндігінен тараған балалары: Әбутәліп, Әбулақаһ, Аббас, Хамза жән Абдолла. Кенже ұл қашан да қара шаңырақтың иесі. **Абдолла Құрайыш тайпасынан шыққан Vehb Бин Абди Менафтың қызы Әминаға үйленеді.** Жалпы Абдолла көркіне көз тоймайтын, ақыл-парасаты мол, ерлерге тән мәрт мінезді жан болса керек.

Қарапайымдылық – халық құрметтеген қасиет қой. Тарихшы теологтардың пайымдауынша Абдолла мен Әминаның тойы өте жұпыны өткен. Ешқандай ысырап болмаған.

Тағдырдың тасбауырлығына шара бар ма? Абдолла өз әулетін асырау үшін Медине қаласына барған жерінде ауырып, қайтыс болады. Ол кезде Мұхаммед ана құрсағында еді. Өмірге ұлы адамдар келгенінде ол сезілмей қалмақ емес. **Құдайдың құдіретімен Піл жылындағы Рабиғ әл-әууәл айының он екісінде таң ағарып ататын кезде ғалам ғажайып бір күйге бөленіп, он сегіз мың әлем аппақ нұрға толады. Бұл түннің керемет айырмашылығы ол ешбір түнге ұқсамайтын. Аспанда бір жарық пайда болып, төңірекке шуағын төгіп тұрса керек. Әмина титтей де қиналмай босанып, өмірге пайғамбар келеді. Мінеки сол сәтте Әминаның құлағына «Құдай ұлы! Құдайдан басқа Тәңірі жоқ! Мен оның пайғамбарымын» деген үн естілген көрінеді. Ең ғажабы, пайғамбар туған күні Иранның отқа сенетін патшасының сарайы қирап, оттары сөніп қалады. Суға сенгендердің «Сава» көлі тартылып, құрғап кетеді. Тигр өзені арнасынан аса тасып, жағалауын шайып жібереді.**

Ұрпағының дені сау болып өсуін қалаған мұсылман халқының бір ізгі салты баласының өз анасымен бірге сүт анасының да болуы. Меккенің ауасы ауыр және ыстық еді. Мұның үстіне күйеуі қайтыс болып, жан-дүниесі күйзелгеннен кейін Әминаның кеудесі суалып қалады. Сонан соң ол перзенті Мұхаммедті емізуге сүт анасы – Халимаға береді. Араб аңыздарына сенсек, Мұхаммед үш айлығында тәй-тәй тұрып, жеті айлығында жүреді, он айлығында садақ тартып, сегіз айлығында тілі шығады.

**«Ол үш жасқа толған шақта өзінің емшектес бауыры Мәсрудпен ойнап жүрді, – деп жазады В. Ирвинг өзінің «Мұхаммед Пайғамбардың өмірі» деген кітабында. – Кенет аппақ киім киген, айналасына жарық сәуле шашыратқан екі періште келіп қонады да, асқан мейіріммен қарап, өз әрекеттеріне кіріседі. Бір періште ақырын ғана Мұхаммедті жерге жатқызады, екіншісі Жебірейіл түк те ауыртпай, ешқандай қинамай-ақ кеудесін сөгіп жіберіп, жүрегін алады. Жүректі барлық кір-қоқысты нәрселерден тазарта бастайды, сығып-сығып, о бастағы күнәлі, ащы тамшыларды кетіреді. Ол тамшылар баяғы біздің арғы атамыз Адам Ата жасап қойған кейбір күнәлардан қалған, тіпті ең мейірімді деген ұрпақтардың жүректерінде де қалып қоя беретін және жамандыққа, қылмысқа қарай итермелейтін ібілісті нәрселер екен. Сөйтіп, Мұхаммедтің жүрегі барлық кір-қоқыстардан әбден тазартылғаннан кейін періште Сенім, Білім және Пайғамбарлық парасат қасиеттермен толтырады да, қайтадан баланың кеудесіне салады».**

Әкесін көрмей жатып, шешесінен алты жасында жетім қалған Мұхаммед атасы Абд әл-Мутталіптің үйінде тәрбиеленеді. Арғы атасы Хашимнан бастап әулеттерінде кіре тарту ісі жалғасып келе жатқандықтан, Мұхаммед онымен жастайынан жақсы таныс болып, өзі де кей кездері кіре тарту сапарларына қатысып қайтады.

Пайғамбарлардың өн бойында өзгелердің жан-дүниесін титтей де тітіркендіретіндей еш нәрсе болмаған. Олардың қай-қайсы да күнәдан пәк, адамзатқа Аллаһ тағаланың ақ жолын көрсетуші ұлы дәрежедегі адамдар еді. Мінеки, сол себепті Құран Кәрімнің Әнбия сүресі, 73 аятта олар туралы былай деп жазылады: «Өз әміріміз бойынша оларды жетекші (пайғамбарлар) еттік. Біз оларға ізгілік жасау, намаз оқу, зекет беру туралы аян бердік. Бізге олар ақ ниетпен ғибадат ететін еді». Құдіреті күшті Құдайдың шарапатымен ұлық пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) керемет кемеңгерлігіне аяулы көрік-келбеті сай болған деседі. Оның заманында жазылып, кейінгі ұрпаққа мирас болып қалған кітаптардағы сөздерге арқа сүйесек, пайғамбардың сымбаты кәдімгі аспандағы толған айға ұқсаған көрінеді. Көздері мойылдай қап-қара, әрі өткір, кірпіктері ұзын, майда біткен қастары қиылып, аққұба жүзіндегі екі бетінен қан тамып тұрған. Қыр мұрыны, маржандай тізілген тістері, кере қарыс кең маңдайы, торсықтай қос шекесі, толқындай қою шаштары ажарын айшықтап, аша түскен.

**Аллаһ Тағаланың Мұхаммедке берген ең ғажайып қасиеті – мейірімділік пен әділеттік, рухани тазалық.** Егерде жаулары қателіктерін мойындап, алдына келетін болса, пайғамбар оларды кешіріп, адалдықтың жолына түсуіне оң ықпал жасаған. Сол себепті ғой, Құран Кәрімдегі Ғимран сүресі, 159 аятта: «Ей, Мұхаммед! Өзіңе Алла берген мейірімге орай сен де адамдарға сыпайы, жұмсақ қарым-қатынаста болдың. Егер сен анайы болсаң, жүрегің қатігез болса, онда олар Сенің маңыңнан безіп кеткен болар еді. Сен оларды ғафу ет, олар үшін Жаратқаннан жарылқау тіле, әр істе олармен ақылдасып отыр. Ал, енді бір іске бел байласаң, онда Аллаға сүйен. Анығында Алла өзіне сүйенгенге сүйеніш болады» - деп жазылғаны.

**Алғашқысында меккелік бай әйел Хадиша бинт Хувайлидтің сауда ісін жүргізуге жалданған Мұхаммед оған 25 жасында үйленді. Мұхаммедтің Қасым, Руқайя, Умм Күнсүм, Зейнеп, Фатима, есімді балалары болған. Тек оның ұлдары жастайынан шетінеген көрінеді.** Пайғамбардың өзімен Аллаһ Тағаланың Жебірейіл періште арқылы тілдесетініне, сол бойынша адамдар арасында дін таратушы болып тандалып отырғандығына жүрегінде нық сенімнің орнаған шағы жасының қырыққа толған тұсы. Ол айналасындағы адамдардың пұтқа табынып, тас мүсіндерге құлшылық жасап жүргеніне көңілі толмай, **Жабалул Нур (Нұр тауы) тауындағы Хира үңгірінде жалғыз жатқанында түнде уәхи арқылы Жебірейіл періште Алланың сөзін жеткізеді. Осынау қасиетті түн 610 жылғы рамазан айының жиырма жетісі екен. Содан Аллаһ Тағаланың адамзатқа жолдаған сөзі – Құран Кәрімнің сүрелері мен аяттары Мұхаммедтің 40 жасынан бастап, 23 жыл бойы (13 жыл Меккеде, 10 жыл Мединеде) пайғамбарға жетіп отырады.**

Мұхаммед пайғамбар ең әуелі Ислам дінін үш жыл бойы туған-туыстары мен дос-жолдастарының арасында уағыздайды. Ал, енді 613 жылдан бастап ол бұл дін туралы халық алдында айта бастайды. Мұхаммедтің әлгі уағызын меккеліктер күмәндана қарсы алғанымен, көп ұзамай оның төңірегіне біраз халық топтасады. Жалпы, бұлардың бір бөлігі ауқатты адамдар болса, екінші



бір тобы жарлы-жақыбайлар еді. Сол кезде Мұхаммед Әбу Тәліптің қамқорлығында болады. Бірақта Ислам дініне енген мұсылмандарды қудалау бәсеңсімей, олардың бірқатары Меккеден Эфиопияға үдере көшеді. **Мұхаммед пайғамбар болса 622 жылы қудалаудан бас сауғалап, Медине қаласына қашып барып, сол жерде меккеліктерден де көп жақтастар табады. Кейін бұл сапардың Ислам әлемінде «Хижра» деген атқа ие болғаны ақиқат.** Яғни, мұсылмандардың жаңа дәуір жылдарының басталуын есептеуі Мұхаммедтің Меккеден Мединеге көшіп барған осы жылынан басталады.

**Медине қаласында Мұхаммед діни уағыздаушыдан мұсылмандар қауымының саяси басшысына айналып, халықтың ыстық махаббатына бөленді. Ол намаз күнін сенбіден жұмаға ауыстырып, Әл-Қағбаны қасиетті орын деп жариялады. Сол күннен бастап намаз құбылаға қарап оқылатын болып, мұсылмандықтың дәстүрлі парыздарының негізі – намаз, дәрет алу, ораза ұстау, азан шақыру, қаріп-қасірлерге садақа беру тәрізді шариғат шарттары белгіленді, Медине қаласында Мұхаммедтің үйі, тұңғыш Мешіт салынды.**

623 жылдан бастап Мекке мен Медине арасындағы қақтығыстар 630 жылы Мұхаммед пайғамбардың жеңімпаз ретінде Мекке қаласына келіп кіруімен аяқталды. Ол 632 жылы бүкіл Оңтүстік Арабияның әміршісіне айналды. Мұхаммед пайғамбар Ислам дінінің бүкіл дүние жүзіне кеңінен тарауы үшін Византия (грек), Парсы, Қабажстан (Эфиопия) патшаларына өз атынан хат жаздыртып, оларды Ислам дінін қабылдауға шақырды. Ақиқатын айтар болсақ, кезінде Құран Кәрімді Мұхаммедтің өзі жазды деп, дәлелдеуге тырысқандар болған. Алайда ол яһудилердің ғалымдарынан, насарлардың монархтарынан оқып, білім алмаған, тіпті әріп танымаған кісі. Құранды кітап етіп шығарған араб халифатының тұңғыш басшысы Әбу Бәкір.

Хадиша қайтыс болғаннан кейін Мұхаммед көп әйел алған. Бұл некелердің саяси мәні болған. Яғни, Мұхаммед әр түрлі тайпа, рулардан әйел алып, олармен туыстық жақындастық жасап, ол ру, тайпалардың басын біріктіріп отырған. Аңыздарға қарағанда пайғамбардың 11 әйелі болса, ол қайтыс боларда 9 әйелі тірі болған көрінеді.

**Мұхаммед – Аллаһ Тағаланың жер бетіне жіберген ең соңғы пайғамбары. Ол ақыл-ойы, сана-сезімі дамудың ең жоғарғы шегіне жеткен, ең ұлы тұлға. Естеріңізде болар, американдық ғалым Майкл Харттың «Тарихтағы 100 ұлы адам» атты кітабының кезінде дүниені дүр сілкіндіргені. Өйткені мұнда әлемдегі 100 ұлы адам тандап алынып, олар компьютердің көмегімен зерттеліп, іріктелінген-ді. Мінеки, сонда экранда тарихтағы № 1-ші ең ұлы адам деп Мұхаммед пайғамбардың есімі жазылды.**

Иә, Ислам діні де, Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері мен есімі де – мәңгілік. Бұл өмірде Исламға тең келетін дін де, Мұхаммедке тең келетін ұлы тұлға да жоқ.

**Мақсұтбек Сүлеймен.**

## **Пайғамбардың мұғжиза – ғажайыптары**

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға Аллаһ Тағаладан көптеген мұғжиза – ғажайыптары берілген. Олардың бір шоғыры мынандай:

1. Саусақтарының арасынан судың шығып ағуы.
2. Айдың адамдардың көз алдында екіге қаж бөлінуі.
3. Дұға еткенде тамақтың көбейіп арта түсуі.
4. Түннің бір бөлігінде Құддысқа ұшып баруы және сол жерден жеті қат көкке көтерілуі (Исра және Миғраж).
5. Ағаштың оған бағынуы, қайғысын білдіруі. Кейбір Мекке тастары мен ағаштарының онымен сәлемдесуі.
6. Аурулардың дұға еткенде, не ауру жерлерін сипаған кезде сауығуы.
7. Аллаһ Тағаланың ашқан көмескі хабарларын айтуы.
8. Дұғаларының тез қабыл болуы.
9. Қасқырдың сөйлеп пайғамбардың шындығына куә болуы.
10. Адамдарға іштегі сырларын хабарлауы және т.б.

## **Мұсылмандардың Пайғамбар (с.ғ.с.) алдындағы құқығы:**

### **1. Оған иман келтіру және жолын қуу**

«Аллаға және Оның елшісі –пайғамбарына сеніңдер, ол Аллаға, Оның сөздеріне сенеді. Оның артынан еріңдер, мүмкін тура жолда боларсыңдар» (Құран 7: 158). Оның пайғамбарлығына, Аллаһ Тағаладан келгеніне шүбә келтірмей, сенуге тиістіміз.

### **2. Оған еліктеу**

«Алланың елшісінде сендерге Алланы және Соңғы күнді қалап, Алланы еске жиі алғандарға жақсы өнеге болған» (Құран 33:21). Оның өмірін өзімізге өнеге деп балап, сүннеті бойынша өмір сүруге тиістіміз.

### **3. Оған бағыну**

«Кімде-кім елшіге бағынса, онда Аллаға бағынғаны» (Құран 4:80).

### **4. Үкіміне бағыну**

«Сенетін ер адам мен сенетін әйел адамға Алла мен Оның елшісі шешім қабылдаса өздерінен таңдау жоқ» (Құран 33:36). Оның бұйрығы мен ұсыныстарын орындауға, тиым салғандарынан тиылуға тиістіміз.

### **5. Істің шешімін оған қайтару**

«Егерде оларға қауіпсіздіктен, не қорқыныштан бір жай келсе, олар оны таратар. Егерде олар оны елшіге қайтарған болса ғой» (Құран 4:83).

### **6. Оның әміріне қарсы шықпау**

«Кімде-кімге тура жол анық болған соң елшіге қарсы шықса және сенетіндердің жолына ермесе, онда Біз оны бұрылғанына бұрып қоямыз» (Құран 4:115).

**7. Оны дәріптеу** («саллаллаһу ғалейһи уа саллям» (с.ғ.с. немесе «ғалейһи саляту уа салям» деп айту).

Расында Алла мен Оның періштелері пайғамбарды дәріптейді. «Ия, иман келтіргендер! Оны дәріптеп, сәлем бағыштанғандар» (Құран 33:56).

## Ислам дінін таратқан әулиелер

1991 жылы Мәскеудің «Ғылым» баспасынан шыққан «Ислам». Энциклопедиялық сөздік» деген кітапта: «Әулиелер – дін ілімінде, Алланы тануда жоғары дәрежеге жеткендер. Олар құпия ілімді меңгерген. Әулие сөзінің төркініне тоқталсақ, ол араб тілінде «уәли», көпше түрі «әулие». Қазақ жерінде көптеген әулиелердің қабірі Түркістанда. Сол әулиелердің әйгілісі Укаша атаның мазары Қаратауда деп халық сол жаққа ағылып барып жатса, меккеде де әулиенің мазары бар болып шықты. Тағы да көп адам Шиһаб ад-дин Сухраваридің қабірі Түркістанда деп есептесе, оның мазарының Үндістанда да бар екендігі анықталып отыр.

**Баба Түкті Шашты Әзіз.** Есімі халық ауыз әдебиетінен халыққа кеңінен таныс. Сол аңыздардың бірінде шын есімінің Баба Туклас екендігі айтылады. Әкесі – Керемет Әзіз. Баба Туклас меккеде патша болған, мұсылмандар әулие санаған, деген де деректер бар. Меккеге қажылыққа барғандардың әуелі хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.), сосын Әлем Ұстазы – Сейіттің, содан кейін осы Баба Түкті Шашты Әзіздің қабіріне зиярат еткенін білеміз. Екінші бір аңызда Баба Түкті Шашты Әзіздің Қожа Ахмет Иассауидің арғы бабасы, Ислам діні Орта Азияға тарай бастағанда өмір сүрген әулие екендігі баяндалады. Қорқыттың замандасы болған екен деген де әңгімелер айтылып, жазылып жүр. Үшінші аңызда Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлубек атты ұлынан Едіге батыр туған. Едіге батыр жырында Баба Түкті Шашты Әзіз – сол батырдың тікелей әкесі ретінде суреттеледі. Батырлар жырында Баба Түкті Шашты Әзіз Алпамыс батырдың демеушісі.

Ғалымдар «Қобыланды», «Алпамыс» жырларындағы Баба Түкті Шашты Әзіздің шын аты Ықылас деп те айтады (**Мұсылман күнтізбесі, 2002 жыл, Алматы «Жылнама»**). Ол VIII ғасырдың аяғы, IX ғасырдың басында өмір сүрген. Ысқақ баб, Қорқыт аталардың замандасы, туып-өскен жері – Ұлы Жібек жолының бойындағы Құмкент шаһарының жанындағы атақты Жылыбұлақ. Ислам дінін қабылдағанға дейін жергілікті тайпаның көсемі болған. Жылыбұлақтың басынан мешіт салдырып, тақуалық ғұмыр кешкен. Бабамыздың шын аты Ықылас болып, ол Түкті Ықылас деп аталып кеткендіктен, Түкті Ықыластың Туклас болып кетуі де мүмкін... Бұл үшінші аңыздағы деректер. Қазір Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының шекаралары шектесетін тұста, атақты «Көсегеннің көк жолы» өтетін Үшбас өзенінің аңғары құлайтын алқапта Жылыбұлақ дейтін суы таза, мөлдір бастау бар. Түбінде Баба Түкті Шашты Әзіздің сағанасы тұр. Қырғыздың халық батыры Манастан да көп бұрын өмір сүрген әулие Баба Түкті Шашты Әзізден қазақтың бар әулиелері кейін өмір сүрген деп айтылады.

**Ысқақ баб.** Ислам дінінің алғаш рет Түркістан жеріне келіп жетуіне байланысты пайда болған әулиелі жерлер мен әулиелер аз емес. Солардың ішінде Ислам дінін жеткізіп, таратушы Ысқақ бабтың, иман Бахилдің орны ерекше. Ысқақ баб пен бірге оның көмекшілері Абд ал-Жалил баб (Хорасан Ата), Абд ар-Рахим баб (Әулие Ата), Садуақас ата әулиелер де қазақ жеріне келіп, қасиетті дінімізді уағыздады.

«Насабнама» нұсқаларындағы деректер бойынша, Ысқақ баб-Исхақ ат-Түрік (т.-ө.ж.б.) Қожа Ахмет Йассауидің он үшінші атасы. Түркістан жеріне алғаш Ислам дінінің мубайдийа ағымын әкелушілердің бірі. «Насабнама» нұсқаларындағы шежіреге арқа сүйесек, Мұхаммед Ибн ал-Ханафия әулетінен. Ал ан-Наубахтидің «Шиалар» кітабы мен ибн ан-Надимнің (Х ғ.) «ал-Фихрист» кітабындағы деректерде оның Али ибн Абу Талибтің әйелі, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызы Фатимадан (Би-Бәтимадан) туған ұлы әл-Хусейн әулетінен екендігі айтылады.

**Хорасан Ата,** Әбдіжәлил баб (т.-ө.ж.б.) шамамен ІХ ғасырда өмір сүрген, дінбасы болған. Сыр бойына, Жаңақорған өңіріне Ислам діні мен мәдениетін таратқан. Ата-тегі: Әзіреті Әлінің 8-ші ұрпағы. Ысқақ баб пен Әбдіжәлил (Хорасан ата) бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының (қазіргі Сирияның Дамаск қаласы) патшасы болып, ол қайтыс болғанда тағына үлкен ұлы Ысқақ баб отырған. Әбдіжәлил баб Йеменнің патшасы болған. Ол ондаған мың қолмен Иранның Хорасан қаласын қоршап, оны басып алады. Содан бастап Хорасан ата атанады. Мұнан кейін Сыр бойын жағалап, Өзкент, Боршынкент, Жаптырсен, Жаркент елдеріне келіп, Сейхундарияның сол жағалауындағы Қызылқұм өңіріндегі Тотықұс аралына (қазіргі Жаңақорған өңірі) келіп мекендейді.

**Арыстан баб.** Араб жерінен елімізге келген уағызшылардың ең көрнекті, киелілерінің бірегейі.

Сайрамда бар сансыз баб,

Түркістанда түмен баба,

Отырарда отыз баб,

Бабалардың бабын сұрасаң –

Ең үлкені Арыстан баб, –

деп жырланатын Арыстан баб әулие адам, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың замандасы болған адам. Қожа Ахмед Йассауидің ұстазы. Діни аңыз бойынша Арыстан баб Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың аманат етіп қалдырған киелі құрмасын тілінің астына сақтап келіп Ахмет Йассауиге тапсырады.

Ел арасында: «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле», – деген ұлағатты сөз бар. Қабірінің басына ескерткіш, күмбез орнатылған. Мазар Отырар ауданындағы бұрынғы қоғам ауылының, көне Отырар қаласының орнында.

Қожа Ахмед Йассауи ілімі мен тариқатындағы әулиелер, оның ілімін жалғастырушылар, шәкірт-мүридтері: Маулана Сафи ад-Дин, Орфын Қойлақы,

Соф Мұхаммед Данышпан Зарнуки, Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата), Шиһаб ад-Дин Сухраварди, Көк Тонды Ата немесе Имам Марғузи, Баб Араб немесе Баба Машын, Мансұр Ата, Иқани, Әбдімәлік Ата, Тәж қожа, Сайд Ата, Абд ал-Азиз Баби, Қарабура әулие, т. б. Мұнан басқа, Түркістан өңірінде ХІХ–ХХ ғасырларда өмір сүріп, әулие атанғандар: Икрам ишан, Үндемес Ата, Шамид ишан, Бала би, Айқожа ишан, Қадырмат әулие және тағы да басқа дін жолында ізгі істерге ұйытқы болған көріпкел, қасиетті діндарлар.

**Бекет Ата.** Еліміздің Маңғыстау өңірінде де әулиелер аз болмаған. Солардың ішінде Бекет Ата Мырзақұллы (1750–1813) батыр, әулие, ағартушы, сәулетші болып, даңқы шыққан. Жастайынан-ақ оқу-білімге құштар, ерекше парасатты, дарынды болып өсіпті. Хорезмдегі Пақыржан қожадан оқып, дәріс алады. Маңғыстау, Атырау, Үстірт аймағында Медресе-мешіттер салып, халықты сауаттандыруға, имандылықты орнықтыруға бар ғұмырын арнайды. Білімдарлығы, абыздығы мен көріпкелдік қасиеттері үшін қалың ел көзі тірісінде-ақ қастерлеп, қадірлеген. Маңғыстауда, Оғыландыдағы өз мешітінде жерленген. Халық әулие тұтып, бейітінің басына барып Құран бағыштайды. Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев ағамыз Бекет Ата туралы былай дейді:

«...Елі мен жерін шексіз сүйген асыл азамат, абзал адамды елі де шексіз сүйеді. Бекет Атаның басты құдіреті – міне осында. Өйткені, ол көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес әділдіктің, күпірлікке жол бермес адалдықтың, қараулыққа жол бермес шапағаттылықтың, қатігездікке жол бермес парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан адам.

...Асқақ жұртының асқар-шақар шың басындай тәкәппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан, әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да, артық емес деп білеміз» (**Бекет Ата, «Арыс», Алматы – 1994 жыл, 6 бетте**).

Аруағыңнан айналайын, Бекет Атаның өнбойындағы асыл қасиеттері өзі өмір сүрген заманда-ақ халқына кеңінен танымал ғой. Бекет он төрт-он бес жасқа дейін жоқшылық көреді. Сол күндердің бірінде балалықпен қателеседі де... Сонда оған Аллаһ тағаланың елшісі Қыдыр Ілияс елес беріп, су ішінен әуелі бір саусақ, сосын біраздан соң бес саусақ, сәл уақыт өткеннен кейін қырық саусақ көрінеді. Сол сәт Бекет: «Бір саусақ – бір Құдіретті ұмытпа, бес саусақ – бес уақыт намазыңды қаза қылма, қырық саусақ – мұсылмандық қырық парызыңды біліп, бұлжытпай орында», – дегені ғой, деп тәубәға келіп, қандай қиындық көрсе де, Аллаһ тағаланың ақ жолынан танбайды.

Бекет Ата, Өмір, Барақ деген кісілер өз заманында өте аруақты адамдар болғандығы туралы әңгіме көп. Ең ғажабы, үшеуі де көкке ұшады екен. Бекет Ата соңынан жеті балапан ертіп, аққу болып жүретін көрінеді. Соны көрген халық: «Аруағы жеті атаға тарайды», деп жорыпты. Өмір болса, жерді бір теуіп барып ұшатын болса керек. Жұрт оған: «Аруағы өзімен бірге кетеді», – деп баға



беріпті. Барақ атамыз болса, жерді үш рет теуіп ұшқан. Халық ол туралы: «Аруағы ұшатаға жетеді», – депті...

**Әйгілі сегіз әулие.** Қазақ жерінің қай аймағында да өз заманында әулие атанып, Ислам дінін таратқан, халқына мол шарапаты тиген адамдар көп болған. Солардың ішінде әйгілі сегіз әулиенің есімдерін айта кетсек, олар: Айқожа ишан (1778–1858), үш жүздің пірі болған, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында туған. Әбужәлел пір (XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың I жартысы), дін ғұламасы. 1726 жылы Ордабасыдағы құрылтайда қазақ қолының пірі болған. Биболатұлы Бекасыл әулие (1822–1915), Оңтүстік Қазақстан облысының Төлеби ауданынан шыққан дін ғұламасы. Қармақшы Ата әулие (шамамен 163–1710 жылдары өмір сүрген). Сыр бойынан. Мақтұм Сейіт баба (1590–1663) – Ислам дінінің дағуатшысы, әулие, Әзірет Әліден тараған Сейіт Қожалардың 13-ші ұрпағы. Мазары Сырдария ауданында. Мүсірәлі (Әжіқожа) Жәдікұлы, Мүсірәлі Сопы Әзиз (1639, Бұхар хандығы, Тамдыбұлақ аймағы Керізбұлақ ауылы – XVIII ғасырдың басы, Сыр бойы). Пір, абыз-әулие, діндар. Ұрпақтары Керейіт қожа атанған. Оразай ишан Бұғыбайұлы (1809–ө.ж.б.) – әулие, Көксу бойындағы Сарышығанақта тіршілік еткен. Перзада баба, Мәдіқожаұлы (т. – ө. ж. б.) – дін қайраткері, әулие, лақап есімі – «Көтімылтық». Сүлеймен ишан, Есейұлы (1888–1969) – әулие, дін қайраткері, Марал ишанның немересі. 1949–1965 жылдары Қызылорда қаласындағы Айтбай мешітінің имамы болды. Ел арасында: «Сүлеймен ишанның назарынан сақтан», – деген сөз қалған.

**Маңғыстаудағы 362 әулие.** Еліміздің бұл өңірінде атадан балаға айтылып келе жатқан аңыз бойынша, осы жақта соншама әулиелер өмір сүріпті. Ол жөнінде заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев былай дейді:

«Бұл туралы болжамдарға келер болсақ, «360 әулие» деген сөз басы Мекке-Мәдинадан бастап, ар жағы Синай түбегінен келе жатқан дәстүр – «Құдайдың 360 күнінің иесі бар» дегеннен шыққан болуы керек деп есептеймін. Алғашында Синайда, оның бергі жағында «Мекке-Мәдинаның жанында 360 әулие жатыр» деген есеп болған. Бір кездерде әр тайпаның өзінің пірі болған. Сол пірлердің барлығы «әулие» деп саналған. Сол дәстүр барлық Орта Азия территориясын мекендеген халықтар сияқты біздің Ұлы Тұранға да келіп жеткен болуы керек. Бәлкім, ол діннен де бұрынырақ жеткен болуы мүмкін. Кейін таза Ислам діні келген де, сол дәстүрді жалғастырып әкеткен.

Ал Маңғыстауға келер болсақ, Маңғыстау – сонау пұтқа табынушы, киеге табынушы замандардан бастап үлкен киелі орындар орналасқан жер. Өйткені Маңғыстау осы жатқан ландшафты, жер реңкінің өзі осыған итермелейді. Адам, ежелгі адам өзінен күштіге, өзінің рухы жетер-жетпесін білмейтін жерлерге табынған. Шындығында да, алғашқы адамдардың ең бір тоқырасқан, ұштасқан жері – осы Атырау (Хазар, Каспий) теңізінің маңайы. Сондықтан да бұл жерлердегі әулиелердің көбі – сол алғашқы адамдар заманынан бермен қарай келе жатқан киелі орындар. Соны осы маңайға соққан барлық діндар өздерінше

меншіктеп, әр жерге өздерінің әулиелік белгілерін орнатқан. «Маңғыстау ойында – 360 әулие» сөзінің ар жағындағы ең түпкі маңызы осындай деп есептеймін мен. Бірақ оның бергі жағында осы жерді жайлап жатқан елдердің барлығы, оның ішінде біздің қазақ халқы да осы өлкені жаулап алу кезеңінен бастап өзінің көсемдерін әулие тұтқан. Бұл тұрғыдан келгенде, Маңғыстаудың ойында шындап келгенде 360 емес, мыңдаған әулие жатуы мүмкін» («**Аңыз адам**» журналынан).

**Укаша ата.** Түркістан қаласына барып, Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде құран оқып, Тайқазанға садақа салғандардың көбісі шаһардан 40–45 шақырым қашықтықтағы Қарнақ (кейінгі Атабай) ауылына барып, одан 10–15 шақырымдай батыс жағындағы тау жотасының беткейіндегі Укаша ата әулиенің құдығына соқпай кетпейді. Бұл – киелі құдық. Тарихи сыры да қызық. Укаша атаның киелі құдығына шелек тастап, ниеттеріне сәйкес (зиярат етушілердің наным-сенімдері бойынша) құпиялы құдықтан аз, көп мөлшерде су алады, кейбірінің шелегіне бір тамшы да су құйылмайды. Тоқсан үш жастағы менің анам – Шекер Наурызбайқызы да осы киелі құдыққа барып, тастаған шелегі суға толып, оны басқа ыдыстармен бізге алып келіп берген-ді. Сол кісінің естіп-білуінше, киелі құдықтан алынған судың шипасы адам ағзасындағы көптеген ауруларға ем, дертке дауа екен. Бұл құдықтың бір құпиясы сол – кей адамдардың шелегіне қанша салса да су ілінбейді немесе тек саз-лай жағылып шығады. Біреуге шын, біреуге өтірік сезілер, өзіміздің білуімізше, тылсым бір күштің құдіретімен шелектің арқаннан шешіліп, құдық түбінде қалып қоятын да кездері бар.

Ең қызығы, әрі ойланарлығы, кейде құдыққа салынған шелек умаждалып, майысып, түбі тесіліп те шығады. Терендігі арқанмен есептегенде 60–80 метрдей болатын құдықтың бұл құпиясын ешкім аша алар емес. Жалғыз-ақ, ырымшыл халық: «Егерде су шелекке ілінбесе, шелекті құдыққа салған адамның бұл дүниеде жасаған күнәсінің көп, ауыр болғаны, демек Укаша ата әулие оған: «Кеш болмай тұрғанда тәубеңе кел», – деп белгі беріп тұр», – деп жорып, соған сенеді. Менің шешем мінген автокөліктің ішінде бір адам киелі құдыққа дейін жылап барыпты. «Менің күнәм көп, Укаша атаның құдығынан маған су бұйырмайтын шығар. Бірақта сол күнәмді түсініп, тәубеме келіп, Аллаһ тағаладан кешірім сұрап жүр едім. Мүмкін, Жаратқан Иемнің шарапаты тиер деген үмітпен ғана киелі құдыққа келе жатырмын», – деп те әлгі адам аһ ұрыпты. Раббымыздың қайырымдылығында шек барма, әлгі адам құдыққа шелегін салғанда, әжептәуір су алып шығып, сол жерде тағы да қос жанарын жасқа толтырып, құдайға құлшылық жасапты...

Укаша атаның киелі құдығына барып қайтқандардың қай-қайсы да әулиенің қасиетті рухына, құдығының киелі құпиясына күмән келтірмейді. Ел аузындағы аңыз бойынша, Укаша ата да Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың дін таратушыларының бірі болыпты, Әулиенің арқасында Расулуллаһтың (с.ғ.с.) мөрі басылған екен. «Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» қасиет дарығандықтан, жаулары жеңе алмай, айлаға көшіпті: «Кімде-кім Укашаның

басын әкелсе, ол басынан аяғына дейін алтынмен көміледі», – деп жар салыпты. Алтынға құмартқан жауларының бірі ебін тауып, әулиені қызына үйлендіреді. Мақсаты – қайткенде де әулиенің өлмейтін қасиетінің сырын ашып, басын алу, ақысына байлыққа кенелу.

Күндердің күнінде әйелі еркелеп отырып, наздана алдап-арбап, әулиенің өлмейтін сырын ашады. Әйеліне сеніп қалған әулие: «Мені, ешқашан ешкім өлтіре алмайды, – дейді. Себебі, Аллаһ тағаланың елшісі – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өзі маған ақ батасын беріп, арқама нұрлы алақанымен «әулие» деген мөрін басқан. Аңдыған жау мені тек қана намазға жан-тәніммен беріліп, елжірей ұйып отырғанымда ғана өлтіре алады .

Алтынның буына арбалған зұлымдар Укаша ата намаз оқып отырғанда жасырын келіп, басын шабады. Жерге ұшып түскен әулиенің басы дұшпандарына ұстатпай, домалап қашқан күйі бір қуысқа кіріп кетеді. Басты алтынға сатуды ойлаған жаулар әлгі қуысты қаза-қаза құдыққа айналдырып, өздері жер астындағы суға барып тіреледі. Сол сумен әулиенің басы аққан қалпы Меккеден бір-ақ шығады. Ол жақтағы халық Укаша ата әулиенің басын танып, судан алып шығады да арулап жуып, мұсылмандар зиратына апарып жерлейді. Түркістан жеріндегі бассыз денесін мұсылмандар шарифат шартымен жер қойнына беріп, қабірінің үстіне тас үйіп, белгі қояды. Кейін Түркістан өңірінде болған сан алуан аласапыранда әлгі бейіт белгісіз болып қалады. Құдіреті күшті құдайдың мейірім-шапағаты, кейін әулиенің рухы оянып, сол төңірекке есімі әйгілі Кәміл қарияға аян беріледі де, Укаша атаның бейітінің басында қайтадан шырақ жанады, киелі құдығы да табылып, мұсылмандардың келіп-кетіп, суынан шипа табатын, тәубесіне түсетін қасиетті орынға айналады.

**«Оқшы ата» әулиелер мазараты.** Шиелі жерінде Жолектен 7 шақырымдай қашықтықта. Кезінде оны В. Каллаур «Үлкен қаланың орны» деген көрінеді. Сол жердің бір тұсында Оқшы атаның биік күмбезі тұрғандықтан, ел осы маңды «Оқшы ата» деп атайды. Бұл мазаратта жеті бірдей әулиелер жатыр. Олар: Оқшы Ата, Асан Ата, Қайып Ата, Қыш Ата, Есабыз Ата, Бала би, Досбол датқа. Журналист Қуаныш Маханбеттің «Оқшы Атадағы жеті әулие» деген шағын кітабы осы әулиелерге арналған.

Ғалым Ә. Қоңыратбаевтың дәлелдеуінше, Оқшы Ата XI ғасырда өмір сүрген. Өзі тұрған өңірді жаудан қорғаған, батырлығымен де елге таныс. Ә. Қоңыратбаев әулие бабамыз жөніндегі зерттеуінде: «Оқшы – Оғызқыпшақ дәуірінде өмір сүрген «Қорқыт Ата» кітабының басты кейіпкері, оғызқыпшақтың ұлы ханы Қазан Салордың батыры әрі қару-жарак соғатын ұстасы, шебері еді, – дейді. – Оқшы Ата 1043 жылы қайтыс болып, қазіргі өз атымен аталатын «Оқшы Ата» мазаратына жерленген. Естуінше, Ақсақ Темір Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салдыртқанға дейін Оқшы Ата жері ежелгі Тұран, Оғыздар мен Түркі Қыпшақтардың бекзат азаматтарын жерлейтін пантеон болыпты. Осы пантеонда жерленгендердің бірі – Есабыз әулие.

**Қарабура әулие.** XI–XII ғасырлар шамасында Қаратаудың етегі, Созақ елді мекенінде оғыз-қыпшақ заманында өмір сүрген. Дін қайраткері. Ел есіндегі аңызға назар аударсақ, Қожа Ахмет Иассауи өлерінің алдында «Мені Қарабура әулие арулап жуып, жер қойнына берсін», – деп өсиетін айтқан екен, ол оны бұлжытпай орындап, жаназасын да өзі шығарыпты...

Қарабура әулиенің кесенесі Созақ жерінде, Түркістаннан 90 шақырым жерде. Кесененің оң жағында Құрбан ата сүйегі жерленген, басында белгі тасы тұр.

**Сунақ ата.** Орта Азияда Тәттәтәнидтен кейін Аллама (ғұлама) атағын алған ғұлама. Иссамиддиннің (Сунақ Атаның) кесенесі Жаңақорған ауданынан 43 шақырым жерде. Сунақ Ата (иссамиддин) 1132 жылы Сыр бойында жарық дүние есігін ашқан. Фәниден бақиға көшкен кезі – 1199 жыл. Сығанақ қаласы кезінде Ақ Орданың астанасы болған. Бізге жеткен деректерге сүйенсек, иссамиддин ас-Сығанақи (Сунақ Ата) бабамыз осы қалада 40 жылға жуық хакім (әкім), имам болған. Жергілікті халық Сунақ Атаны әулие санап, кесенесіне барып, тәуәп етіп тұрады.

**Бекасыл әулие.** (1822-1955 ж.ж.). Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданының, Кеңесарық ауылында дүниеге келген.

**Оспанқожа әулие.** (1862-1982 ж.ж.) Торғай уезінің Қызбел ауылының Шобан елді мекенінде өмірге келген. Оспанқожа атамыз Шайқы Бұзырықтан тараған Хорасан қожаның ұрпағы.

**Сейтбембет әулие.** (XVIII ғ.аяғы – XIX ғ.ортасы) Сыр өңірінде өмір сүрген. Хорасан қожа ұрпағы.

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**  
«Инфо-Цес» газеті, № 26 (1440),  
4 шілде 2014 жыл.

### **Павлодар өңірінде де әулиелер көп болған:**

**Таймас әулие** (XVIII ғ.– XIX ғ.) өмір сүрген. Шын аты Ботақар. Түгел батырдың он алты ұлының бірі. Таймас әулиенің зираты Ертіс ауданындағы Салқынкөл бауырындағы егістік алқаптың ортасында. (Бұрынғы Кутузов атындағы совхоздың жерінде).

**Исабек ишан** (XIX ғ.). Қазіргі Ақтоғай ауданы Ақкөл жайылма жерінде өмір сүрген.

**Габдул-уахит хазрет** (XIX ғ.). Шарбақты ауданының жерінде өмір сүрген.

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931 ж.).** Баянауыл өлкесінің қазіргі Жаңажол елді мекенінде туған. Бұл әулиелердің жатқан жерлерінде, соңғы жылдарда қайтадан еңселі кесенелер салынып, төңіректері абатталған. Әулиелердің басына келіп, тәуіп етушілердің қатары әлі күнге дейін сиреген жоқ.

**Қойлыбай бақсы.** Жезқазған елінде өмірден өткен Әбдурахман Қойлыбай қобызшы, бақсы, әулие туралы кезінде Ш.Уәлихановтың еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Қазақтың атақты ғалымы-академигі Әлкей Марғұлан еңбектерінде: «Адам баласының бірінші данасы Сүлеймен, одан кейін көптің батагөйі болған Қорқыт, одан соң Қойлыбай» - деген.

**С.Сейфуллин:** «Қойлыбай бақсылардың үлкен пірі,  
Олардың таусылмайды айтса жыры».

**М.Жұмабаев:** қазақта «бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан».

**Қожаберген жырау** «Ер Қойлыбай» деген тарихи дастанында:

«Ертеде қыпшақта өткен ер Қойлыбай,  
Қолына жүрмейді екен қобыз алмай.  
Қыпшақта Қойлыбайды жырға қос деп,  
Түсімде аян берді әкем Толыбай».

## **Құранда есімдері аталғандар**

**Адам (ғ.с.)** – Адамзаттың атасы. Аллаһ тағала топырақтан жаратқан. Жұбайы етіп Хауаны жаратып, екеуі де жұмақта өмір сүріп, Ібілістің азғыруымен тиым салынған ағаштағы жемісті жегендері үшін жәннаттан шығарылып, жерге түсірілген. Адам ғалаһи уә салламның есімі Құранда 25 жерде кездеседі.

**Аюп** – пайғамбар Ибраһимнің (ғ.с.) ұлы Исхақтан тараған ұрпақ. Жаратқан Иеміз оған бақ-дәулетті үйіп-төгіп, бала-шағасын көп етіп, сынына алады. Денсаулығы да күшті болады. Ол оған асқақтамай, Тәңіріне тәубе етуден танбай, хақ жолына бар күш-қайрат, байлығын жұмсайды. Аллаһ бақ-дәулеттен жұрдай етіп, ауру азабын тартқыздыртса да назаланбайды. Әйелі Рахима Жүсіп пайғамбардың ұрпағы еді. Сынынан мүдірмей өткені үшін Аллаһ оларға тағы да 24 ұл береді. Аюп Рум еліне пайғамбарлыққа жіберіліп, 93 жыл өмір сүреді. Құранда есімі төрт жерде айтылады.

**Дәуіт** – Исраил қауымынан. Жас кезінде бір соғыста Жалутпен жекпе-жекке шығып, оны жеңеді. Оған риза болған Бәни Исраилдің әміршісі Талут (Шәул) қызына үйлендіреді. Талут қайтыс болған соң 30 жасында патша тағына отырып, 40 жасында өзіне пайғамбарлық қонады. Раббымыз Дәуітке көктен самауи (көктен түскен) төрт кітаптың бірі – Забурды түсіреді. Забур – Аллаһтың бірлігін, ұлылығын дәріптейтін, өлең ұйқасты мадақ (қасида) кітабы, Дәуіт (ғ. с.) әсем дауыспен оқып, жан-жағын талай рет тебірентіп, толқытқан.

Аллаһ тағала бойына дарытқан өнер – темір қорыту, оны қамырдай илеген, қару-жарақ, сауыт-сайман соққан. Сүлеймен пайғамбар осы Дәуіттің ұлы. Ибну Жадридтің айтуынша, Дәуіт жүз жасаған. Құранда есімі 16 рет айтылады.

**Закария** – Исраил әулетіне жіберілген пайғамбарлардың бірі. Арғы тегі Ибраһим (ғ. с.) пайғамбардан. Жақия (Яхия) пайғамбар – Закарияның ұлы. Құранда есімі жеті жерде ауызға алынады.

**Зұлқарнаин** – Мупасрлер оны әйгілі Ескендр Зұлқарнаин десе, кейбіреулері ол Иемен патшаларының бірі дейді, өзгелер Аллаһ әрі патшалық, әрі хикмет, ғылым беріп, ерекше жарылқаған жақсы пендесі деген пікір айтады, енді біреулер Зұлқарнай Ескендір емес, ол грек тәңіріне сенген, философияны Аристотелден үйренген. Құрандағы Зұлқарнайын Аллаһқа сенген адам деп дауласады. Құранда есімі үш жерде кезігеді.

**Зулкафил** – тарихшылар Аюп пайғамбардан туған, әкесінен кейін пайғамбар болған кісі, десе, кейбіреулер оны пайғамбар емес, бәни Исраилден шыққан білімдар, жақсы адам деп қарсы шығады. Пайғамбарларға есімі тіркеліп айтылады, Құранның «Әнбия» сүресінде де солай баяндалған.

**Салих** – самудтықтарға жіберілген пайғамбар. Арғы тегі Нұх пайғамбардың баласы Самнан тарайтын әулеттен. Самуд – ежелгі ғад, жұрһум, медиян, қаһстан тәрізді араб тайпаларының басын біріктірген қауым. Пұтқа табынған. Аллаһ оған пұтқа табынбай, самудтықтарды тура жолға бастауға жібереді. Пайғамбарын тыңдамай, күнәға қатты батқан қауымы киелі аруананы өлтіргеннен кейін үш күн өткенде аспаннан жауған қара тастан опат болады (5000 отбасы), Сахихқа ерген 120 адам ғана аман қалып, ол кейінгі өмірін Палестинадағы Рәміл деген жерде өткізеді. Есімі Құранда 9 рет айтылады.

**Сүлеймен** – бәни Исраил пайғамбары, Аллаһ пайғамбарлық та, патшалық та берген. Әкесі Дәуіт қайтыс болғанда 12 жасынан таққа отырған. Құстың тілін білетін, желді, жындарды жұмысқа қосатын керемет қасиеті (мұжизасы) болған. Сүлеймен патша болысымен іргетасын әкесі Дәуіт пайғамбар қалаған Баитл Мұхаддас төрт жылда салынып бітеді. Ибн Схақ риуаятында Сүлейменнің 52 жылғы қысқа ғұмырының 40 жылын патшалықпен өткізгені баяндалады. Құранда есімі 10 рет айтылады.

**Шұғайып** – пайғамбар. Ұлы бабасы – Ибраһим пайғамбар, шешесі Луттың (ғ.с.) қызы, пайғамбарлық Луттан кейін келіп, Медиян халқына тағылым таратқан. Хижазда өмір сүрген. Есімі Құранда 11 жерде айтылады.

**Ғұзаир** – Я һуди ғұламаларының бірі. Есімі Құранның бір жерінде ғана бар.

**Иса** – Хазіреті Мариямның ұлы, Исраилден шыққан соңғы пайғамбар, жанама есімі – Масих (құтты, берекелі деген мағынаны білдіреді). Інжілде – «Иесу» деп жазылған. Құранның 25 жерінде – Иса, 11 жерінде Масих, 23 жерінде Ибну Мариям деп аталған. Мұхаммедтен (с.ғ.с.) 569 жыл бұрын, Қайсар Аугустос патша заманында, 24 желтоқсан, сейсенбі күні өмірге келген. Хазіреті Мариямға Аллаһтың төтелей берген рухы саналады. Туғанына 8 күн болғанында Мариям ғибадатханаға апарып, сүндетке отырғыздыртады. Сүндет

– Ибраһимнен (ғ.с.) қалған жол. Інжілде 30 жасында пайғамбар болғаны айтылады. Оған түскен кітап – Інжіл. Пайғамбарлық қонып, хақ дінді 3-ақ жыл дәріптеген. Хауариондарының (серіктерінің) саны 12 адам ғана болған. Інжіл – еврейше қуанышты, хош хабар деген сөз. Яһудилер Исаны өлтіре алмаған. Құранның «Ниса» сүресінде бұл жөнінде былай деп айтылған: «Анығында олар Исаны өлтірген де, креске таңған да жоқ еді. Дегенмен, олардың екідей қалғаны рас (түрі Исаға ұқсаған) бір адамды өлтірген соң, соны Иса деп санады. (Сөйтіп) істің анығын білмей, болжамды малданған. Ал Исаның өлтірілмегені ақиқат болатын».

**Лут** – Ибраһимнің (ғ.с.) туысқаны Һарунның ұлы, Ибраһим дінін қабылдап, ұзақ жыл қарым-қатынаста болған, Аллаһ тағаланың бұйырығымен Иорданиядағы Сәдум қаласына пайғамбарлыққа жіберілген адам. Есімі Құранда 27 жерде айтылады.

**Лухман** – Хакім (Лұқпан Хакім), Езар әулетінен, Аюп пайғамбардың нағашы анасынан туады. Ғылымы мол, ойы терең, жолы тура. Ұлына айтқан ақыл-кеңесі Құранда баяндалған, қасиетті кітапта есімі екі рет аталады, ұзақ өмір сүрген.

**Мариям** – Исраил әулетінен шыққан Ғимран деген ғұламаның қызы, есімі Құранда 34 жерде ауызға алынады, Иса пайғамбарды туған.

**Мұса** – Ғимранның ұлы, ата-тегі – Жақын пайғамбардың немересі Лауиден тарайды. Мысыр перғауыны (патшасы) Уалид ибну Мусхан заманында өмірге келген, пайғамбар, жүз жастан артық тірлік кешіп, сынада көз жұмған, Есімі Құранда 136 жерде кезігеді.

**Нұһ** – пайғамбар. Онымен Адам (ғ.с.) атаның арасында мың жыл өткен деп пайымдайды. Құранда 43 рет есімі аталады. Кезінде пұтқа табынатын қауымға пайғамбар етіп жіберген-ді. Әлемді топан су қаптағанда Нұһ (ғ.с.) пайғамбар Аллаһтың бұйырығымен жасаған кемесіне өзіне иланатын адамдарынан басқа жан-жануарлардың еркек-ұрғашысынан бір-бір жұптан отырғызып, апаттан аман-сау алып қалады. Сол себепті оны «Адамзаттың екінші атасы» деп те атайды. Кемесі Дежла дариясына таяу «Жуди» тауының төбесіне тоқтаған. Қазақ аңызында Нұһ пайғамбардың кемесі қалған жер – Қазығұрт тауы. Топанға дейін 950 жыл өмір сүрген Нұһ пайғамбар одан кейін де біраз ғұмыр кешеді.

**Һарон** – Ғимранның ұлы, Мұса пайғамбардан үш жасқа үлкен, бірге туған ағасы, Исраил әулеттеріне пайғамбарлыққа жіберілген. Шешен болған. 122 жыл өмір сүрген, Мұса пайғамбардан 11 ай бұрын қайтыс болған деп баяндалады бір риуаятта.

**Һүд** – Нұһ (ғ.с.) пайғамбардың Сам тармағынан тарайтын әулеттің ұрпағы, есімі Құранның жеті жерінде кезігеді. Пайғамбарлығы үлкен ұлыс – Ғад қауымында өтеді. Ғад қауымы Нұһты да, Һүдты да мойындамай ұрып-соққандықтан, ол қарғап, бәддұғасын (қарғысын) Аллаһ тағала қабыл алып, үш жыл бойы Ғад қауымының жеріне жауын жауғызбай, егіндерін қуаңшылыққа, малдарын жұтқа ұшыратқан. Ғад қауымы күйреп, Һүд пайғамбар Хазра Маутты мекендеп, сол жерде фәниден бақиға көшеді.



**Ибраһим** – Нұһ (ғ.с.) пайғамбардың Сам тармағынан, туған жері – Бабл. Онымен Нұһтың арасы да мың жыл. Таза, тура, инабатты болып өскен, пұттарды бала кезінен жек көрген. Пұттарды талқандағаны үшін ызалы Намрут Ибраһимді отқа тастағанда, Құдайдың қағып алуымен жанбай, аман қалған. Әйелінің есімі – Сара, кейін Ажарға үйленген. Одан Смағұл туған. Ибраһим пайғамбар мынандай бірнеше балама атпен аталады: «Меймандар атасы», «Халилулла» (Аллаһтың досы), «Пайғамбарлар тасы». Риуаяттарда 175 жыл өмір сүргені айтылады, Аллаһ Ибраһимге «Сухуф» кітабын түсірген, ол Құранда бір сүремен баяндалады.

**Смағұл** – Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың үлкен ұлы, Ажардан туған. Аллаһ тағала Ибраһимге жалғыз ұлын – Смағұлды құрбандыққа шаласың деп, түсінде аянмен әмір етеді, оған баласы да көнеді. Ол баласын құрбандыққа шалғалы жатқанында оған Раббымыз риза болып, әмірін тоқтатады да, көкпен құрбандыққа көк қошқарды түсіреді. Исламияттың ұлық мерекесі – Құрбан айтты осыдан қалған дейді, теологтар. Смағұл әкесі Ибраһиммен бірге Қағбаны салысады, ішіне «Хажр әсуатты» (Қасиетті қара тасты) орналастырады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Ибраһимнен тараған әулет. Құранның 12 жерінде есімі аталады.

**Исхақ** – Ибраһим (ғ.с.) жүз жасқа келгенде, бәйбішесі Сара егде тартқанда Аллаһ тағала сыйға тартқан ұрпақ. Бәни исаилден шыққан соңғы пайғамбарлардың атасы Исхақ Шам, Палестина жеріндегі қанғандарға пайғамбарлық қызмет атқарған. Аллаһ тағала екі ұлы Жүсіп, Жақыпқа да пайғамбарлықты берген. 180-ге келіп қайтыс болған. Қанғандағы Ибраһим (ғ.с.) жерленген үңгірге қойған, есімі Құранның 17 жерінде бар.

**Әл Ясағ** – Бәни Исаил пайғамбары. Құранда пайғамбарлар қатарында айтылған. Илья пайғамбар қайтыс болғанда шарифатын жалғастырған кейбір деректерде Сириядағы Бәнияс қаласында пайғамбарлық міндетін атқарғандығы әңгімеленеді.

**Жақып** – Исхақ пайғамбардың ұлы, бір есімі – Исаил. Кейбір деректерде Палестинада туылғаны жазылған. 12 ұлы болған, Исаилдың он екі тайпасы солардан тараған. 147 жасында қайтыс болады. Мәйіті әкесі Исхақтың Палестинадағы зиратында. Есімі Құранның 17 жерінде айтылады.

**Жүсіп** – Жақып пайғамбардың ұлы. Бәни Исаилдың атақты пайғамбары. Жүсіп «Сыддық» – «Шыншыл Жүсіп» деп те аталады. Құранның «Жүсіп» сүресінде оның көрген түсі, ағаларының өзіне жасаған қастығы, Мысыр әмірінің үйіндегі оқиғалар тегіс баяндалған. Жүсіп (ғ.с.) 110 жыл өмір сүрген, Мысырда көз жұмған. Есімі Құранның 27 жерінде бар.

**Жүніс** – пайғамбар. Есімі Құранда «Жүніс» деп төрт жерде, «Зүнүн» деп екі жерде айтылады. Бабасы – Жақыптың (ғ.с.) ұлы Бенямин. Ирактағы Нынуай деген жерге пайғамбар етіп жіберіледі.

**Әзар** – Ибраһим пайғамбардың әкесі. Пұт жасап, пұтқа табынған. Есімі Құранның «Әнғам» сүресінде кезігеді.

**Әбулаһаб** – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) әкесінің інісі, шын аты – Ғабділғұзза. Туысы бола тұра пайғамбарға жау болып, әйелі де Аллаһ елшісін сыртынан

өсектеп жамандаған. Аллаһ екеуіне де зауал келтіріп, көзін жойды. Бұл оқиға «Мәсад» сүресінде баяндалған.

**Та-һа** – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың қадірлі есімдерінің бірі.

**Хауариун** – Иса пайғамбардың сенімді шәкірттері, Құранның екі жерінде кезігеді.

**Һарут пен Марут** – екі періште. Адамдарды сынау үшін Аллаһ Куфе жеріндегі Бабл қаласына түсірген. Міндеттері – адамдарға сиқырлық құпиясын үйрету.

**Самри (Ассамари)** – сиқыршы ұста.

(Ислам энциклопедиясы, ҚЭ Бас редакциясы, Алматы, 1995 жыл; Қазақстан Ұлттық энциклопедия, ҚЭ Бас редакциясы, Алматы, 2004 жыл, 6 том; Құран Кәрім, Қазақша мағына және түсінігі, аударған Уаһап қажы Қыдырханұлы, Дәуір, Алматы, 2002 жыл; Фетхуллах Гүлден, Мұхаммед пайғамбар, Алматы, «Көкжиек-Б», 2008 жыл; Мұхитдин Исаұлы «Пайғамбарлар падишасы Әз-Мұхаммед, Алматы, «Нұр-Мұбарак», 2012 жыл, кітаптары бойынша әзірленді).

**Максұтбек СҮЛЕЙМЕН.**  
**«Инфо-Цес» газеті, № 26 (1440),**  
**4 шілде 2014 жыл.**

## **Құранның тұңғыш шынайы аудармасы**

Бисмилләһир-рахмәнир-рахим.

Әл-хәмду лилләһи Роббил-'аламин, уас-солату уәс-сөлөму 'алә хойри холқиһи Мухаммәд, уа 'алә әлиһи уа асхабиһи ажма'ин.

Тәпсір ғылымы Исламдағы маңызды ғылым салаларының бірі, өйткені бұл ғылым иләһи (тәңірлік) кітап - Құран Кәрімге мағына береді, оқушыға оның түсінігін жақындатады. Тәпсір сөзінің өзі араб тілінде "түсіндіру" болып аударылады. Абай "біліміне жетерлік тә'уилін шақ", деген сөзінде біз айтып отырған "тәпсір" сөзінің екінші түрі қолданылған. Өйткені, "тә'уил" сөзі түсіндіру. Иудаизм (яһудилік) дініндегі Библия (Таурат) кітабының түсіндірмесін "Талмуд" деп ресми атайтыны секілді Құранның қай түрде және қай тілдегі болмасын түсіндірмесі "тәпсір" деп аталады,

Мысыр жазбагері Әбу Хаййан (рахматуллаһ 'алейһи)-дің түсіндіруі бойынша, Құран Кәрімнің аяттарының қалай оқылатынын, оның дәлелдерін, жеке және жиынтық мағыналарын, сөздері тектеп тексеріліп жатқан кездегі мағынасын және осыған байланысты өзге де қосымшалар туралы ғылым "тәпсір" деп аталады.

Құран деп Аллаһ тағаладан Расуліміз Мухаммад соллаллоһу 'аләйһи уә сәлләмға Жәбрейіл ғаләйһис-сәләм арқылы уахи етілген (аян берілген), кітапқа ендірілген, сауап һәм ғибадат үшін оқылатын, "Фатиха" сүресінен басталып, "Нас" сүресімен аяқталатын аяттар жиынтығын айтамыз.

"Жәбрейіл ғаләйһис-сәләм арқылы уахи етілген" дегені өзге түрлі жын-жыбырдың сөзі жоқ, тікелей Жәбрейіл Әмин арқылы уахи етілген болу дегені болады. Ал "кітапқа ендірілген" дегенінен шығады, кейбір аяттарды Аллаһ

та'ала кітапқа, яғни Құранға ендірімеген. Құран оқыған адамға Жаноб Расул (с.ғ.с.) әрбір әрпіне он сауаптан алады деген, ал намазға тек Құран Кәрімнің аяттары оқылады, оны біз "ғибадат үшін оқылатын" деп атаймыз.

Құран сөзі араб тіліндегі "қара'а" етістігінің қимыл-сын есімі, қазақша "оқу" болып аударылады. Стамбулдағы "Ислам тарих және мәдениет зерттеу орталығы" тарапынан милади 1515-1980 жылдар аралығында "Құран Кәрімнің дүниежүзілік аудармасының библиографиясы" деген атпен мың беттік ағылшын тілінде бір кітап басылып шыққан. Осы жинақ Құран Кәрім 60 тілге аударылып, 2668 рет басылып шыққандығын жазған, дегенмен бұл есепке енбей қалған дүниеліктер де көп. Жалпы алғанда Құран деген ат қою себебі Аллаһ Өз кәләмі арасында көп жерде осылай атайтындығынан бастау алады.

### **Құран Кәрімге байланысты әдептер**

Аллаһ тағаланың Өзі "Оны тек ерекше таза дәреті барлар ұстайды" деп айтқанындай тек кәміл дәретпен ұстау; оған дейін иісмай жағынып, ауызын мисуэктап алу қажет. Өйткені, Язид ибн Әбу Мәлік (рахматуллаһ 'аләйһ) айтады: "Сіздердің ауыздарыңыз Құран Кәрімнің жолы, ендеше оны қолдан келгенше таза ұстаңыздар"; Құран Кәрімге кеудесін тік ұстап отыру, жанбастамау; патшалардың құзырына кіретін секілді киімді де таңдап, көркем болып отыру, өйткені ол Раббісімен сөйлеседі (мұнажат етеді) ғой; қыблаға қарап отыру, өйткені Құран Кәрімді оқу өте асқақ орын; егер есіней қалса, аузын басып қираатты тоқтатуы тиіс, өйткені есінеу лағин шайтаннан; Құран оқуға кірісер кезде "Әғузу биллаһи минәш-шәйтонир-рожим" деп айтып бастау; Құран оқып, отырғанда біреудің сөзіне алаңдап, өз қираатын тоқтатпау керек. Аяттың мағынасын ұғып, асықпай баяу оқу. Құран Кәрімді биік һәм таза жерге қою керек. Жаноб Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үммәтімнің ғибадатының ең абзалы – Құран Кәрімді бетіне қарап оқу»- дейді.

Аллаһ тағала Құран Кәрімді араб тілінде түсірген. Ал кейбіреулердің Құран Кәрімде басқа да халықтардың тілдері араласқан деуі дұрыс емес, ол орынсыз дағуа (претензия). Өйткені Жаратушы Иеміз Құран Кәрімді анық араб тілінде түсірдім деп бірнеше жерде айтады. Белгілі сахаба Әбу һурайра (родиаллоһу 'анһу)-дан нақыл етілген мына хадисте Пайғамбарымыз (соллаллоһу 'аләйһи уә сәлләм):

«Құран Кәрім жеті әріппен түсірілді, ол туралы таласу - күпірлік (осы сөзді Ол үш рет қайталады), одан түсініп жеткен жерлеріңе амал қылыңдар, ал білмеген жерлеріңді ғалымдарына (білетін кісілеріне) төрелетіндер», - деген.

### **Хадистер**

Хадистің сөздік мағынасы «жаңа». Кейде оны «сөз» мәнінде де қолданады. Ислам дағуатшылары оның тағы бір мағынасы – білдіру, хабар беру, мақұлдау дейді. Негізінен, Ислам дінінің түсіндіруінше, хадис – Аллаһ Тағаланың уахиімен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аузынан шыққан, Құранға кірмеген, ғибадат немесе теберік үшін оқылмайтын, оны оқығаны үшін сауап жазылмайтын айтылған сөздер, істелген істер мен төреліктердің жинағы.

## Сахих хадистер

Ислам дағуатшыларының түсіндіруінше, сахих хадистер дегеніміз – дұрыстығында күмән болмаған хадистер. Өздеріңіз байқаған боларсыздар, діни пәтуаларда әр хадистің соңында оны айтып берушінің аты-жөні көрсетіліп отырады. Яғни, хадистерді таңдағанда уаһушылар, зерттеушілер есімдері әйгілі Бухари, Мүслим, Термизи, ибн Мәжәһ, Әбу Дауд Ахмед тәрізді имам-ғұламалардың еңбектерін пайдаланады.

Аллаһ Тағаланың сөзі деп саналатындар сипатына қарай негізінен үш түрлі. Олар:

1. Құран сөзі.
2. Ілгерідегі пайғамбарларға түсірілген иләһи кітаптардың сөздері.
3. Хадис кудсилерде келген сөздер.

«Кудс» сөзі – «таза», «ұлық», «көркем» деген мағынаны білдіреді. Ол Аллаһ Тағаладан пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жіберілген хабар. Алайда бұл кудсий хадистер Құранда аят болып жазылмайды. Тек ол «Алла айтады», «Алла хабар береді» деп басталады. Кудсий хадистер Құран Кәрім мен хадис-шәріп ортасынан орын алады. Кудсий хадистің Құран Кәрімнен айырмашылығы:

1. Құранда жазылмайтын Аллаһ Тағаланың сөзі.
2. Намаз Құрансыз оқылмайды. Кудсий хадисті намазда оқуға болмайды.
3. Құран Кәрімді дәретсіз ұстауға болмайды, кудсий хадисте олай емес.

### Кудсий хадистерден үзінділер:

«Ей, адам перзенті! Көңіліңде қараулық, бойыңда тәкаппарлық, ризығыңда жетіспеушілік болса, біліп қой, бұлардың себебі керексіз, мәнсіз сөздерді сөйлеуіңнен, демек одан сақтан».

«Ей, Мұхаммед! Бір кеш пен күндізде үмбеттеріңе бес уақыт намазды парыз еттім, өзімше уәде еттім, кім сол бес уақыт намазды өз уақытында орындап жүрсе, ол адамды жәннатқа кіргіземін. Кім өз уақытында орындап жүрмесе, ол пендем жөнінде уәдем жоқ»

«Ей, адам перзенті! Мен ризық берушімін, шүкір етіңдер. Мейірімдімін, енді мінәжат (сиыну) айтыңдар. Сиынуға лайықпын, демек құлшылық етіңдер, мақсат етіп мені іздендер. Қажет шығарушымын, демек не керек болса сұраңдар».

Кейбір ғалымдар: «Хадис тек Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ғана сөзі емес, сахабалардың, табиғиндардың да берген хабары» - дейді. Басқа көп ғұламалар: «Хадис тек пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан сөзі. Ал сахаба, табиғиндардың айтқаны хабар» - дейді. Сол себепті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан сөздерін – хадис, ал басқалардың сөздерін тарихи дерек, хабар, мағлұмат деп қабылдағанмыз жөн.

### Хадистегі Қиямет белгілері

Қиямет күнінің қашан, қай мезгілде болатыны әлі жұмбақ. «Оны тек Аллаһ біледі» (Араф:187).

Шариғатта қиямет күні жақындағанында әуелі оның кіші белгілері, сосын үлкен белгілері көрінетіні айтылады. Қияметтің кіші белгілері жөнінде хадис-шәріптерде былайша баяндалады:

«Тәрбиесіздік пен зинақорлық ашық түрде болмай, көршілер бір-бірін жамандамай, сатқындар сенімді деп, сенімділер сатқын деп саналмай, туыстар арасында сатқындық болмай, қиямет болмайды» (Имам Ахмет).

«Адамдарда сараңдық артады және қиямет жамандардан басқа адамның үстіне тумайды» (Хаким).

«Жер бетінде Аллаһ дейтін мұсылман бар кезде қиямет болмайды» (Мұслим).

«Ғылым жойылмайынша, зілзала, соғыс көбеймейінше қиямет болмайды» (Бухари).

«Өзін пайғамбар етіп жариялаған жетпіс жалғаншы шықпайынша қиямет болмайды» (Табарани).

«Ливата (гомосексуалдық) мубай – табиғи құбылыс деп саналмайынша қиямет болмайды» (Дәйлами).

«Қияметтен 100 жыл бұрын жер бетінде Аллаһқа ғабадат ететін ешкім қалмайды» (Хаким).

«Бір әкеден болған бауырлар әр дінде болмайынша қиямет болмайды» (Дәйлами).

«Жамандар дүниеге үстем болмайынша қиямет болмайды» (Тирмизи).

Хадис-шәріптерде көрсетілген қияметтің тағы да басқа белгілері мынандай:

Ішімдік көп ішіледі; зекет берілмейді; жастар пасық болады (жұрттың көзінше күнә істейді); еркектер жібек киеді; көршілік қарым-қатынас нәшарлайды; күнәға бату артады; аманатқа қиянат жасалады; адам өлтіру көбейеді; жақсылық жасайтын мұсылман ақымақ деп саналады; мешіттерде, жиналыстарда пасықтардың дауысы үстем болады; әйеліне бағынып, анасына қарсы шығады.

## **Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары**

Діни пәтуаларда, ұлттық энциклопедиямызда жазылғанындай, Сахаба, Әл-Асхаб-Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) көзімен көріп, иман келтіргендер, тығыз қарым-қатынаста болып, ісін жалғастырғандар, Ислам дінін тарату жолында күрескен ғұламалар.

Асхаб деп Пайғамбарымызға сеніп, сұхбатына ең аз дегенде бір рет қатысып, көзімен көргендерді атаған. Асхабтың басқа мұсылмандардан дәрежесі жоғары. Қиын сәттерде Расулуллаһтың (с.ғ.с.) жанынан табылып, мал-мүлкін имандылықтың орнығып, Ислам дінінің таралуы жолына жұмсаған, Пайғамбарымыздың ілтипатына бөленген асхабтардың дәрежесіне қазір қандай жақсылық, қайырымдылық жасаса да ешбір адам жете алмайды. Бұлардың біреуіне тіл тигізу иманыңды кемітіп, күнәнді ауырлатады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) кейінгі адамзаттың ең жоғарғы мәртебелісі – Асхабы кирам (сахабалар).

Сахабалар Ислам діні жолында жанқиярлықпен еңбек етіп қана қоймай, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне берік болып, ісін одан әрі жалғастырды, Расулаллаһтан (с.ғ.с.) қалған үлгі-өнегені қастерлеп сақтады, кейінгі ұрпаққа мұра етіп жеткізді, сүннетке адалдықтарын мүминдерге үлгі етіп көрсетті, олардың ерлік істері мен адамгершілік қасиеттері ел есінде аңыз болып, мәңгілікке сақталып қалды.

Асхабтар екі топқа бөлінеді: 1. Мұхажир. 2. Ансар. Мұхажир деп Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін дүние-мүлкін тастап, Меккеден Мәдинаға қоныс аударған мұсылмандарды айтады. Ансарлар – Мәдинаның жергілікті мұсылмандар, көшіп келгендерге Аллаһтың ризашылығы үшін көмек көрсетіп, мұсылман бауырларымен ізгі қарым-қатынаста өмір сүрді. Асхабы кирам-сахабалардың ішінде алдыңғы қатардағылары: Әбу Бәкір Әс-Сыдық, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оларға риза болғай).

### **Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сахабаларымен сөйлесуі**

**Пайғамбар (с.ғ.с.):** «Сендердің дүниелеріңнен маған үш нәрсе сүйкімді болды: хош иістер, әйелдер және көзімнің қарасындай болған намаз».

**Әбу Бәкір (р.ғ.):** «Рас айтасың, Расулалла! Маған да дүниеден үш нәрсе сүйікті көрінді: Расулалланың жүзіне қарау, Расулалланың жолында малымды жұмсауым және қызымның Расулалламен бірге болуы».

**Омар ибн Хаттаб (р.ғ.):** «Рас айтасың, Әбу Бәкір! Маған да дүниеден үш нәрсе сүйкімді көрінді: ізгілікке бұйыру, жамандықтан тыю һәм көнетоз киім».

**Осман ибн Аффан (р.ғ.):** «Рас айтасың, Омар! Маған да бұл дүниеде үш іс сүйкімді көрінді: аш қалғандарға тамақ беру, жалаңаштарды киіндіру және Құран оқу».

**Әли ибн Әбу Талиб (р.ғ.):** «Рас айтасың, Осман! Маған да бұл дүниеден үш нәрсе сүйкімді көрінді: қонаққа қызмет көрсету, ыстық жазда ораза ұстау және Алла жолында қылышпен соғысу».

Сол кезде Жәбірейіл (ғ.с.) періште келіп былай дейді: «Мені Алла тәбәреқа уа тағала сендердің мына сұхбаттарыңды естіп жіберді. Менен осы дүние өкілі болсаң, не істер едің, деп сұрауларыңды бұйырды».

**Сахабалар:** «Ия, Жәбірейіл, сен осы дүниеде пенде болсаң, не істер едің?»

**Жәбірейіл (ғ.с.):** 1. «Үш іспен айналысқан болар едім: адасушыларды тура жолға салу, мейірім-шапағаттан күдер үзген жат жұрттықтарға мейірімділік көрсету және жағдайы қиын көп балалы отбасыларға жәрдемдесу».

2. «Ұлы Даңқтың иесі Алла тағала пенделерінен үш қасиетті жақсы көреді: шамасы келгенше Аллаға көп мойынсұну, күнәсі үшін өкініп жылау және таршылыққа сабыр ету».

Біз енді әйгілі төрт сахабаның қысқаша өмір жолы, діни пәтуаларда айтылатын ғибратқа толы деректерді назарларыңызға ұсынбақшымыз.

### **Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) 4 шадиары:**

## **1. Әбу Бәкір Әс-Сыдық (Аллаһ оған разы болғай)**

Абдаллах (ал-Атик) б. Осман (572 ж. м. – 634 ж. 23 тамыз) – қасиетті алғашқы төрт халифалардың бірі. Меккелік бай көпес еді, алғашқылардың бірі болып Ислам дінін қабылдады. Мәдинаға көшкенше де мұсылмандарға қаражат жағынан көп көмектескен. Пайғамбарымызбен дос болып, Хижра кезінде оған еріп, меккелік қуғыншылардан бірге қашып, Мекке маңындағы үңгірге жасырынады. Мәдинада Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қызы Айшаны беріп, достықтары туыстыққа жалғасады. 631 жылы мұсылмандарды қажылыққа бастап барады. Билікке құмартпаған, биязы жан. Ол – мемлекеттік саясатқа Ислам дінін негіз етуді ең алғаш енгізген адам.

Әбу Бәкірдің бес ұлы болды: Абдулла, Абдурахман, Махмуд, Шайхы және Жамал. Әбу Бәкірдің кейінгі ұрпақтарының бірі – Баба Түкті Шашты Әзиз (VIII–IX ғасырлар). Ол Меккенің басқарушысы, өз заманының қадірлі дін қайраткері болған еді. Асыл сүйегі Оңтүстік Қазақстан облысының Құмкент ауылындағы бейітінде. Әбу Бәкір Әс-Сыдықтан Қылауыз ата да (Жақып ата) тарайды. Қожа Ахмет Иассауи де Әбу Бәкірдің ұрпағы болып саналады.

### **Діни пәтуалардан:**

1. Құрайыш тайпасындағы атақты адамдардың санатынан. Сауда-саттық жасады, араб тайпаларының шежіресі мен тарихын, әдет-ғұрпын жетік білуші.

2. Ержеткенінде әкесі пұттарға табынуға алып барады да, сол жерге қалдырып, өз шаруасымен кетіп қалады. Әбу Бәкір Әс-Сыдық пұттарға: «Қарным – аш, киімім жоқ, мені тамақтандырып, киіндір» дейді. Еш жауап естімей, түк жақсылық көрмегендіктен пұтты ұрып сындырып кетеді.

3. Ислам дінін қабылдамай тұрып-ақ туғанынан арақ-шараптың дәмін де татып көрмеген.

4. Ислам дінін ең алғаш қабылдаған ер кісі.

5. Мінез-құлқы көркем еді, көрген жан бірден құрмет тұтатын. Пайғамбар (с.ғ.с.) шадиарының ықпалымен Осман ибн Аффан, Зүбәйр ибн Әл-Аууал, Абдуррахман ибн Ауф, Сағыд ибн Әбу Уаққас, Талха ибн Убайдуллалар (жәннатпен сүйіншіленген он адамның бесеуі) Ислам дінін қабылдаған.

6. Көп малын иман келтірген құлдарды азат етуге жұмсаған: Азаптағы Біләлді мүшрик қожайынынан сатып алып, құлдықтан босатты. Оқиғаға куә болған Омар (р.ғ.): «Әбу Бәкір – біздің мырзамыз. Ол біздің мырзамыз – Біләлге бостандық берді», – депті.

7. Меккеден Мәдинеге Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) бірге қоныс аударған.

8. Мәдинаға қоныс аударғанында барлық қаражатын Аллаһ тағаланың ақ жолына, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сапары мен істеріне жұмсаған.

9. Тілін кәлимәға келтірген күннен барлық ғұмырын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбармен бірге өткізіп, оған қызмет атқарды.

10. Расулуллаһ (с.ғ.с.) Әбу Бәкірді басқалардан айрықша жақсы көрді, қызы Айшаға үйленіп, туыстығын нығайтты. Пайғамбарымыз бір рет былай депті: «Егер өзіме жақын, сырлас дос іздесем, сөзсіз Әбу Бәкірді дос тұтар едім...».

11. Шыншылдығы мен иманының беріктігіне тәнті болған Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) оған «Әс-Сыддық» («Нағыз шыншыл») деген ат береді.

12. Тәбу жорығына дайындықта да барлық қаражатын мұсылмандар әскерін жасақтауға жұмсайды.

13. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ауырып қалғанында өз орнына Әбу Бәкірдің имамдық етуін бұйырады.

14. Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Әбу Бәкір мұсылмандардың ең бірінші әміршісі, ізгі халифалардың басы болды.

15. Ислам дінінен шыққан тайпаларға қарсы батырлықпен күрескен, діннің сақталуына көп күш-қайрат жұмсаған адам.

16. Халифа болып тұрғанда Омардың ақыл-кеңесімен Құранның жазбаша нұсқаларын жинатады.

17. Қайтыс болғанында Мәдинеде, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мешітінде, Аллаһ елшісінің жанында жерленді.

18. Расулуллаһ (с.ғ.с.) Әбу Бәкір туралы: «Алла мені сендерге жібергенде, сендер: «Бұл өтірік», – дегендеріңде, Әбу Бәкір ғана: «Ол шын айтты», – деді. Сосын маған өзінің бар жанымен, малымен сүйеніш болды. Осы сахабамның жайын өзіме тастайсыңдар ма, жоқ па!» – деп екі мәрте айтыпты.

19. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан сахабасы Амр ибн әл-Ас (р.ғ.): «Адамдардың ішінде кімді жақсы көресіз?» – деп сұрағанда Ол: «Айшаны», – деген. «Ал ерлерден?», – деп сұрағанда: «Оның әкесін» (яғни, Әбу Бәкірді), – деген.

## **2. Омар ибн Хаттаб (Аллаһ оған разы болғай)**

Умар б. әл-Хаттаб әл-Фарук (шамамен 585–644) – екінші «тақуа» халифа. Аса көрнекті мемлекет қайраткері. Құрайыштардың қатардағы әл-ади руынан, Ислам дінін 616 жыл кезеңіне қарай қабылдаған. Мәдинеде Мұхаммедтің жанындағылармен жақын араласа бастаған, Пайғамбардың (с.ғ.с.) барлық жорықтарына қатысушы. Кезінде Әбу Бәкірді халифа етіп сайлауға (632) қолдау көрсетіп, кейін кеңесшісі болған. Әбу Бәкір қайтыс боларының алдында Омар ибн Хаттабты өзіне мұрагерлікке ұсынып, мүминдер қауымы бірауыздан қабыл алып, оған адал болуға ант береді.

Діни, ел билігі, имандылық істеріне реформа жасау үшін 638 жылы Сирияға барады, оның тұсында жыл сайын қажылыққа бару, зинақорларды таспен ату, қамшымен дүрелеу жазасы тәрізді шаралар мұсылмандық дәстүрге еніп, бекіген. Сүнниттік тарих дәстүрінде ол әділетті билеуші, тақуа, дұшпандарына рақымсыз. Шийттік нанымда заңсыздыққа жол беруші.

### **Діни пәтуалардан:**

1. Ислам дінін қабылдағанға дейін Пайғамбарымызға (с.ғ.с.), мұсылмандарға дұшпандық ниетте болған еді.

2. Ислам дінін қабылдауы мұсылмандар үшін үлкен жеңіс болып саналады. Қоныс аударуы да мүминдерге үлкен көмек болды.



3. Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар оны әл-Фаруқ («Ақ пен қараны айырушы») деп атады.

4. Көп мұсылмандар Мәдинаға жасырын көшіп барса, ол мүшриктерге сес көрсетіп, ашықтан-ашық, жария жағдайда көшіп барады.

5. Расулуллаһ (с.ғ.с.) оның қызы Хафсамен үйленген.

6. Діни пәтуаларда барлық шайтанның Омар ибн Хаттабтан зәресі қалмай қорқатыны айтылады. Омар бір жолмен жүрсе, шайтандар басқа жолға түседі екен. Оны Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтып кеткен.

7. Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.) Омардың жүрегінің ақиқатқа толы екенін, тілінің шындықты ғана сөйлейтінін айтып, пікірлерін қабыл алған, өзін жәннатпен сүйіншілеген.

8. Омар ибн Хаттабтың төрт пікірі Құран аяттарымен дәп келген көрінеді.

9. Әбу Бәкірден кейінгі мұсылмандар әміршісі, ізгі халифалардың екіншісі. Оның тұсында Парсы мен Византия ашылып, мұсылман иелігіне қаратылды.

10. Дұшпандар қолынан қаза тауып, шәһид болды.

11. Пайғамбардың жанына жерленді.

12. Расулуллаһ (с.ғ.с.) ол туралы былай деген: «Сендердің бұрынғы Бәни Исраил жұртында пайғамбар болмаса да керемет адамдар болған. Менің үмметімдегі сондай адам – Омар».

### **3. Осман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болғай)**

Усман б. Аффан (575–656) – өз дәуірінде әділеттілігімен танылған үшінші тақуа халифа. Умайя (Омейя) руынан. Меккеде аса бай саудагерлердің бірі болған. Ислам дінін қолдаушы ғана емес, таратушы да. 610 жылы Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қызына үйленеді. Өзімен пікірлес бір топ мұсылмандармен бірге Эфиопияға барып тұрып, Ислам дінін бірнеше жыл бойы таратып, кейін Мәдинаға көшіп келеді (623 жылы).

Халифалық құрған кезінде Сасан әулеті мемлекетін өзіне қаратты, Тунис пен Сыртқы Кавказда мұсылмандық жолды қалыптастыра түсті. Тікелей басшылығымен Құран сүрелері бір жүйеге келтірілді. Оның елден де, жерден де түсетін кірісті өз уысында жинақтауын ақсүйектер ұнатпады. Туған-туыстарын өз билігін жүргізуге тартуы да наразылық туғызды. 656 жылғы мамыр айының басында Мәдина қаласына Мысырдан келген елшілерді қарсы алғанында өтініштерін қанағаттандыратынын айтқанымен, Мысыр еліндегі өз адамдарына әлгі елшілердің бастарын алуды тапсырып жазған хаты мысырлықтардың қолына түсіп қалып, олар Османның үйін қоршап алады. Іштей наразы болып жүрген мәдиналықтар көмекке келмейді де, 17 маусымда наразы топ шаңырағына басып кіріп, өлтіріп тастайды. Діни аңыз бойынша Османның шашыраған қаны қолындағы құранға тамады. Бұл Құран кейін ерекше қасиетті саналып, дүниежүзіндегі көптеген мешіттерде сақталып келеді. Бір данасы Самарқантта (қазіргі Ташкентте, Өзбекстанның тарихи мұражайында) сақтаулы тұр.

**Діни пәтуалардан:**

1. Құрайыш тайпасының ардақты адамдарының бірі болатын. Расулуллаһ (с.ғ.с.) Худайбия келісімінен бұрын оны құрайыштарға елшілікке жібереді. Өз тайпасында беделді еді.

2. Алғашқы кезде иман келтіргендермен бірге Эфиопияға, сосын Мәдинаға келеді.

3. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қызы Руқайяны (Ұрқияны) қосады. Ұрқия қайтыс болғаннан кейін Пайғамбар (с.ғ.с.) оған екінші қызы Умму Кулсумді береді де, Осман «Зун-нур әйни» («Екі нұрдың иесі») деген атаққа ие болады.

4. Әбу Бәкірдің ықпалымен мұсылман болды, Омар ибн Хаттаб қайтыс боларының алдында оны тағы да бес сахабамен бірге (барлығы алты сахаба) халифалыққа ұсынып кеткен еді.

5. Мұхаммед (с.ғ.с.): «Румның (Византияның) құдығын ашқан жан жәннатқа кіреді», – деген. Румның құдығын Осман ашты.

6. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім қиын-қыстау кезде әскерді жарақтаса, жәннатқа кіреді», – деген. Әскерді Осман жасақтап, қаруландырады.

7. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) періштелердің Османнан ұялатынын айтып кеткен.

8. Хузайфа ибн әл-Йәмәнның кеңесімен құрайыш тілінің негізінде құранды жинақтап, біріктіруші.

9. Иаһуди Ибн Сәбә көтерген дүрбелеңде шаһид болады. Үйінде Құран оқып отырғанда өлтірілген. Денесінен аққан қан тамшысы Құрандағы Аллаһ Тағаланың: «...Алла сені олардан құтқарады» (Бақара сүресі, 137 аят), – деген сөзінің үстіне тамған.

#### **4. Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болғай)**

Әбу-л-Хасан әл-Мұртада (21.1.661 ж.) – «нағыз әулие» төрт халифаның бірі, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы. Исламдағы шийт қозғалысының пайда болуы оның есімімен тығыз байланысты, дейді Ислам дінін зерттеушілер. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жорықтарында ержүрек сарбаз ретінде өзін таныта білді, әрі шебер билеуші ретінде де халықтың сый-құрметіне бөленді. Сунниттік мұсылмандар «құдайшыл» халифалардың бірі, мейірімді адам санатында қастерлесе, шийттер шексіз қадір тұтқан. Шийттер Әлиді Құдай жолы қағидасын түсіндіруші деп қабылдайды.

#### **Діни пәтуалардан:**

1. Пайғамбардың (с.ғ.с.) немере інісі, Расулуллаһқа (с.ғ.с.) алғашқы уахи түсуден 10 жыл бұрын өмірге келген. Әкесі Әбу Талибтың балалары көп, өзі кедей болғандықтан, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үйінде тәрбиеленген.

2. Ислам дініне ең бірінші болып қабылданған ер бала.

3. Құрайыштар Пайғамбарды (с.ғ.с.) өлтірмекші болғанда оның төсегінде жатқан.

4. Пайғамбар (с.ғ.с.) оған қызы Фатиманы қосқан, олардан әл-Хасан мен әл-Хусейн туылды.

5. Ислам тарихында ержүректілік пен батырлықтың жарқын бейнесі.

6. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) оған Әбу Тураб («Шаңданған») деген ат берген. Әли осы лақап атымен атағанды жақсы көріпті.

7. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір аят түскенінде Әлиді, Фатиманы, Хасан мен Хусейнді шақырып алып: «Менің отбасым, міне – осылар», – деген. Пайғамбардың (с.ғ.с.) немерелері тек Фатима мен Әлиден ғана туылған.

8. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) Тәбук жорығына шығарда оны Мәдинаға басшылыққа қалдырып, былай деген: «Егер менен кейін ешқандай пайғамбар келмейтіндігін есептемесек, Мұсаның жанындағы һарунның дәрежесіндей дәрежеге разы емессің бе?»

9. Пайғамбар (с.ғ.с.) Әлидің Аллаһ пен Оның елшісін жақсы көретінін әрі Аллаһ пен Оның елшісінің де оны жақсы көретінін айтып кеткен. Сосын өз сөзіне Әлиді нағыз иман келтірген жан ғана жақсы көретінін, тек екіжүзді мұнафиқ қана ұнатпайтынын қосқан.

10. Расулуллаһ (с.ғ.с.) оны жәннатпен сүйіншілеген.

11. Әли Рамазан айында таң намазына шығып бара жатқанында Абдуррахман ибн Мулжамның қолынан шаһид болған.

12. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар: «Сені өлтіруші – ең сорлы қылмыскер», – деген.

**М.Сүлеймен.**  
**«Инфо-Цес» газетінен, №20 (1434)**  
**23 мамыр. 2014 жыл.**

«Ақыл – жүректе. Рақымдылық – бауырда. Мейірімділік – көк бауырда. Ал дем- өкпеде» - деген.

Мұсылман кісі разы болған кезінде шүкіршілік етер. Ол үшін бұл - жақсы, сауап. Қайғылы кезде сабыр етер. Бұл да ол үшін - жақсы. Мұсылман адамның жағдайы сондай, әр ісінде сауап бар.

**Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадисінен.**

Омар сахаба (р.ғ.) пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) қарай қол бұлғап, қатты дауыстап сөйлеп еді. Сонда Аллаһ тағала: «Әй, мүминдер! Дауыстарыңды пайғамбардың даусының үстіне көтермеңдер. Өзара бір-біріңе дауыстағандай пайғамбарға дабырлап сөйлеспеңдер. Ғамалдарың жойылып, аңғармай қаласыңдар», - деп, бәсең дауыста, жай сөйлеуді бұйырған. Онымен қоса, басқа аятта мұндай әрекеттерді хайуан істермен салыстырған.

«Ислам – тазалықтың үстінде» деп бекітілген хадистен рухани бастау алған қазақ: «Тәні саудың – жаны сау», - деп үндестірген. Ал тазалықтың басы – ғұсыл және дәрет. Ғұсыл алудың ең негізгі шартының бірі – ине шаншар жер қалмайтындай етіп, бүкіл денеге су тигізіп жуу. Тек бұдан жанымызға батып жүрген бір нәрсе ұзын (жалғамалы болса да) бояулы тырнақтар! Осы тырнақтар астына су тимесе ғұсыл да, дәрет те толық орындалмаған болып табылады. Сол күйде оқылған намаз қабыл болмайды. Тіпті ғұсыл дәреті жоқ адам жер бетін

басып жүрсе, періштелер мен аруақтар ол адамға қарғыс оқиды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) шайтанға жолыққанда: «Сен балаларыңды қай жерде бағып асырайсың?»- деген сауал қояды. Сонда шайтан: «Ұзын тырнақтың астында!»- деген екен. Қазақ та ұзын тырнақты әйелді «мыстан кемпірге» не «жез тырнаққа» теңеген емес пе?! Әсіресе, жасы егде тартқан, әжелік жасқа жеткен аналарымыз қыздарын тыймастан бұрын, өздері шашын шошайта бұйралап, бетіне әр түрлі майлар жағып, еріндерін қызарта бояп, тырнақ өсіргендері ешқандай қағидаға сыймайды. Құлақты бірнеше жерден, тіл, иек асты, мұрын, кіндік, қабақты тестіріп, жылтыр да сан түрлі темір-терсекті іліп алу етек алды.

Әке-шешенің міндеті – баланың құлағына азан шақырып, көркем есім беру. Азан шақырып, ат қою пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бері келе жатқан үрдіс, яғни сүннет амал.

**Азан шақыру.** Сәбидің оң құлағына бәсең дауыспен азан, сол құлағына иқамат айтылады. Баланың алғаш естігені Аллаһтың бірлігі мен жақсылыққа шақыру сөздері болу керек. Әби Рафия (р.ғ.) риуайатында: «Фатима (р.ғ.) Хасан ибн Әлиді туғанда, пайғамбардың баланың оң құлағына азан, сол құлағына иқамат шақырғанын өз құлағыммен естідім», - дейді (Әбу Дауд, Ахмад, әт – Тирмизиден).

#### **Азан**

Аллаһу әкбар (4 рет),

Әшһәду әлләә иләәһа иллаллаһ (2 рет),

Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ (2 рет),

Хайиа ғаләс-саләәһ (2 рет),

Хайиа ғаләл-фаләәһ (2 рет),

Аллаһу әкбар (2 рет),

Ләә иләәһа иллаллаһ (1рет).

Мағынасы: Аллаһ Ұлы! (4 рет),

Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәлік етемін (2 рет).

Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін (2 рет),

Намазға асығындар (2 рет).

Құтылуға асығындар (2 рет),

Аллаһ Ұлы! (2 рет),

Аллаһтан басқа тәңір жоқ.

#### **Иқамат**

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар,

Әшһәду әлләә иләәһа иллаллаһ,,

Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ,

Хайиа ғаләс-саләәһ, хайиа ғаләл-фаләәһ,

Қад қаматис-саләәһ, Қад қаматис-саләәһ,

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар,

Ләә иләәһа иллаллаһ.

Мағынасы: Аллаһ Ұлы! (2 рет),

Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәлік етемін,

Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін,  
Намазға асығындар,  
Құтылуға асығындар,  
Намазға тұрдық (2 рет),  
Аллаһ Ұлы! (2 рет),  
Аллаһтан басқа тәңір жоқ.

Азанды айта білген кез келген мұсылман баласы сәбидің атын қоя алады. Егер де жас кезінде балаға қандай бір жағдайлармен азан шақырылмаса, есейген кезінде де шақыруға рұқсат етілген.

### **Есім беру**

Сәбидің есімі мағыналы әрі жақсы болуы керек, себебі оны бұл есімімен осы дүниеде және о дүниеде атайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадис шәрифтерінде: «Қиамет қайымда әркім есімдеріңмен және әкелеріңнің аттарымен шақырыласындар. Олай болса, көркем есім беріндер» (әл-Бұхариден), «ата-анасы балаға жақсы есім таңдау керек. Осы түні менің ұлым туды, мен оған Ибраһим есімін бердім», - деген (Муслимнен). Аллаһтың – көркем есімдерінің алдына абд, яғни «құлы» деген сөзді қосып атаған есімдер жақсы болып саналады. Мысалы, Абдуллаһ есімі «Аллаһтың құлы» дегенді айтып тұр. Ескерту: Абдшамс – «Күннің құлы» деп адам баласын атауға болмайды, себебі біз тек бір Аллаһтың ғана құлымыз.

### **Сүндетке отырғызу**

Ұл баланы жеті күннен жеті жасқа келген аралықта сүндетке отырғызу пайғамбарымыздың сүннетінен. Сүндетке отырғызу әл-Фитра (табиғи) заңдылыққа жатады.

### **Қасиетті айлар**

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ражәб – Аллаһ тағаланың айы, шағбан – менің айым, рамадан – үмметімнің айы», - деген. Ражәб – мағфират айы, адамдардың күнәлары кешірілетін ай. Сол себепті ол Аллаһ тағаланың айы болып есептеледі. Ал шағбан – шапағат айы, бұл айда Бәрағат кеші, ғибадат түні бар. Сол себепті пайғамбарымыздың айы. Рамадан – тозақтан құтылатын ай, яғни күнәдан тазартып, құлшылық ететін ай. Сол себепті мұсылман үмметі айы.

Ражәб айының алғашқы бейсенбісінен жұмаға қараған түн – Рағаиб кеші. Бұл түні Аллаһ тағала иманды құлдарына жақсылықтар жасайды. Бұл түні жасалған дұға қайтарылмайды және намаз, ораза, садақа сияқты ғибадаттарға бірнеше есе сауап жазылады.

Бұл түнді құрметтегендер кешіріледі. Ражәб айының барлық түні жұма түніндей қадірлі. Осы екі қасиетті түн біріккен кезде одан да қадірлі болады.

Рағайб – Аллаһтың кешірімі мен рақметі пенделеріне көбейтіліп берілетін және дұға-тілектер қабыл етілетін түн дегені. Аллаһ мағынасыз, керексіз ешбір нәрсені жаратпаған. Бұл күн мен түндердің біз білмеген өте көп сырлары бар. Бұл түндерде барынша құлшылықтар жасап, бүкіл істеген күнә істеріміз үшін тәубе етіп, жаман істерден аулақ болуға ұмтылуымыз керек.

Әбу Бәкір (р.ғ.) айтады: «Раждәб айының алғашқы жұма түнінің үштен бірі өткенде көктер мен жерде періштелер қалмайды, Қағбаға жиналады. Аллаһ оларға: «Ей, періштелерім! Қалаған нәрселеріңді сұраңдар», - дейді. Періштелер: «Ей, Раббымыз! Біз Сенен раждәб айында ораза тұтқан пенделеріңді кешіруіңді сұраймыз», - деседі. Аллаһ тағала: «Мен олардың күнәларын кешірдім», - дейді.

### **Дініміз хақында**

Ислам дініне шақыру, оған үгіт-насихат жасау бүкіл әлем халқы үшін қашан да ортақ болуы тиіс. Өйткені, сүйікті пайғамбарымыз алып келген Ислам діні барлық жер бетіндегі халыққа келген. Ақ-қарамыз, сарымыз, араб, араб емеспіз, жалпы адамзат баласы мен жындылар үшін келген дін болып табылады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде (Сәбә сүресі, 28 аят): (Ей, Мұхаммед!) Біз сені бүкіл адамзат баласына тек қуандырушы әрі қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көпшілігі мұны біле бермейді», - деп баян етеді.

### **Бір уыс топырақ**

Құранда «Барлық жан иесі өлім дәмін татады» деген аят бар. Көптеген адамдар осы өмірде мәңгі болатындай, барынша ұмтылып, тырмысып-тартысып, Абай айтқандай, «итшілеп» күн өткізеді. Қалай болған күнде де, осы өмірді көрген көзімізді толтыратын, өмірден алатын еншіміз бір уыс топырақ. Одан болар аяқ басқан топырақты жерді «көр» деуі. Бірде Қожанасырдың бас киімін біреу ала қашады. Қожекең қорбаңдап қуғанымен оған жете алмайды. Қайғыра келе, зират басына барады. Ол жерге келген адамдарға мұңын айта бастағанда, «Қожеке, ұрыны неге бұл зираттан тосып отырсыз?» - деп сұрамай ма? Сонда: «Бәрібір түбінде осында келеді ғой», - деген екен.

### **Тәубеге келу**

Сүйікті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың: «Шын жүректен өкіну – тәубе», - дегенін есіме алдым. Негізінде, тәубе сөзі араб тілінің «тәубатун» сөзінен туындаған. Шариғатта мұны күнәсына өкініп, одан қайтуды айтады.

Өткен заманда бір кісі өлтіргіш адам болған екен. Бір күні адамдардан ең білгір ғалымды сұрастырады. Адамдар оны бір ғалымға жол сілтеп жібереді. Содан ол ғалымға барып, тоқсан тоғыз адам өлтіргенін айтып: «Тәубеге келсе, адамның күнәлары кешіріледі ме?» - деп сұрайды. Оған ғалым: «Жоқ!» - деп жауап берген екен. Жаңағы кісі өлтіргіш ол ғалымды да өлтіреді. Сөйтіп, өлтірген адамының саны жүзге толады. Осыдан кейін не істейді дейсіз ғой, әрі қарай тағы да адамдардан білгір адам жайында сұрастырады. Адамдар оны тағы да бір ғалымға жол сілтейді. Ол ғалымның алдына барып, жүз адам өлтіргенін айтады. «Тәубесіне келсе, адамның күнәлары кешіріледі ме?» - деген сұрағына,

ғалым: «Иә, кешіріледі. Күнә істеушінің тәубесіне келуіне кім кедергі бола алады? Сен пәлен жерге бар. Ол жерде жалғыз Аллаһ тағалаға құлшылық ететіндер ғана. Солармен бірге сен де Аллаһ тағалаға құлшылық ет. Өз еліңе қайтып барушы болма, себебі ол жамандық мекендеген орын», - деп жауап береді. Күнә істеуші тәубесіне келіп, ғалымның айтқан жағына қарай бет алады. Алайда, жол ортасына жеткенде әлгі кісі өлтіруші жан тапсырады. Сол уақытта оған рақмет пен азап періштелері таласа бастайды.

Рақмет періштелері: «Ол тәубесіне келіп, жүрегін Жаратушысына қаратқан күйде келе жатты», - десе, азап періштелері: «Ақиқатына келер болсақ, ол өмірінде еш жақсылық істемеді», - дейді. Осы кезеңде адам бейнесінде бір періште келіп, қазылық етеді. «Екі жердің арасын өлшеңдер. Бұл адам қай жағына жақын болса, сол жақтың періштелеріне бұйырсын», - дейді. Періштелер өлшегенде, тәубесіне келген адамның бара жатқан жері жақын екені анықталады. Сөйтіп, оны рақмет періштелері алып кеткен екен. Міне, адам өлтірген, оның ішінде бір мұсылман адамды өлтірген адамның Аллаһ алдындағы жазасы – мәңгі бақи тозақ. Ал мына жерде бір емес, жүз адамның өміріне балта шапқан адамның тәубесі оны қалай құтқарды?!

Әрине, тәубе дегенді бірі біледі, бірі білмейді. Қазақта оны шүкірлікпен шатастырып жатады. Шүкір ету басқа, тәубе басқа. Әлгі тәубе жасаған адам ғалымның дәнекерлігімен тығырықтан шықты, жол тапты. Ал өмірінде ғибадаттан қол үзбеген бір адам дұрыс жолдың не екенін білмей, өлімге душар болған. Сондықтан тәубенің рухы бар, ол дегеніміз істеген қателігіңе не болмаса күнәңа іштей жегілу, өкіну. Сонда ғана Аллаһ тағала кешіреді. Аллаһ тағала: «Пендем Мен туралы не ойласа, Мен сондаймын, ол Мені еске алғанда, Мен онымен біргемін. Егер ол Мені іштей еске алатын болса, Мен де оны солай еске аламын. Ал, егер ол Мені бір топ жұрт ішінде еске алатын болса, Мен де оны олардан жақсы бір топ жұрт ішінде еске аламын. Егер ол Маған бір сүйем жақындаса, Мен оған бір табан жақындаймын. Ал, егер ол маған бір табан жақындаса, Мен оған бір адым жақындаймын. Егер ол Маған жүріп келетін болса, Мен оған жүгіріп барамын», - деген.

### **Сабырға шақыру сабағы**

Ертеде бір жас жігіт өмір сүріпті. Бір ғана міні бар екен – өте сабырсыз болыпты. Сол әдетін қойғыза алмағаннан кейін әкесі бір қапшық шеге беріп:

- Балам, сабырсыздық танытып, ашуыңа ие бола алмай, әлдебіреуді ренжіткен кезде есікке бір шегеден қағып отыр, - депті.

Алғашқы күні әлгі жігіт отыз шақты шеге қағыпты. Келесі аптада есіктегі шегелердің саны азайып, уақыт өте келе өз нәпсісін қадағалай алатын дәрежеге жетеді. Нәтижесінде шеге қаққаннан гөрі, ашуды ақылға бағындырғанның жақсы екенін түсінеді.

Содан жігіт есікке бірде-бір шеге қақпаған күні әкесіне келеді. Әкесі сол кезде:

- Ұлым, енді ашуланбаған күні бір шегеден алып отыр, - деп кеңес береді.

Жігіт бұл істі тез аяқтайды да әкесіне есікті барлық шегеден арылтқанын айтады. Сол күні кешке Күн ұясына қонған сәтте әкесі оны есіктің алдына шақырып:

- Балам, жарайсың! Нәпсіңе ие бола білдің. Алайда, есікте қанша шегенің орны қалғанын көрдің бе? Сен де бір адамды ренжіткен кезде оның жүрегін жаралайсың. Одан қанша рет кешірім сұрасаң да, есікте қалған шегенің ізіндей ізі қалады. «Қалған көңіл шыққан жанмен тең» деген осы. Сақ болғайсың, - деген екен.

Құран Кәрімде кейбір өзге ұлт сөздерінің кездесуі - ол сөздің араб тілінде де пайдаланылып, оны арабтар түсінетін болып қалғандықтан деп түсіндіріледі.

## **Құран күдіреті**

Құранның барлық сүрелері, аяттары қасиетті. Ондағы сүре аяттарды бөліп-жаруға болмайды. Ең шипа сүрелерінің бірі - Фатиха сүресі, одан кейін Ықылас, Фәлах, Нас сүрелері. Осы қасиетті сүрелерді көбірек және күнде оқу керек.

Ал Бақара сүресіне келер болсақ, ол көптеген аяттардан тұрады, ұзақ сүре. Айатул-Курси оның бір аяты болып табылады. Бұл сүре жын-шайтаннан, түрлі жамандықтардан сақтайды. Бақара сүресін оқыған адамның үйіне жын-шайтан жолай алмайды дейтіні де сондықтан. Нақтырақ айтқанда, ол - Құранның қорғаны. Қорған ретінде, барлық жаманшылықтан қорғану мақсатында оқыған өте пайдалы. Құран сүрелері адамды сабырлыққа, кішіпейілділікке, имандылыққа, мейірімділікке, адалдыққа үйретеді.

## **Шүкіршілік**

Шүкір ету Аллаһ тағаланың адам баласына берген нығметтеріне ғибадат жасау арқылы қанағат етуі болып табылады, Құран кәрімде: "Егер Аллаһ хақы үшін шүкір етсеңіз, әлбетте нығметтеріңді арттырамын, егер шүкір етпесеңіз, хабарыңыз болсын, азабым қуатты", - деп бұйырған. Сондықтан нығмет иелері хақыларын қорғау және оларды қайыр дұғасымен еске алу керек. Хадис шәрифте: "Адамдарға рақым етпеген, олардың жақсылығын білмеген пенделер Аллаһ тағалаға шүкір етпеген болады». Жүрекпен шүкіршілік ету – білім, тура сенім, түзу ниет, жаратылғандарды ойлау, әдемі мінезді болу. Басқа мүшелердің шүкірі де осыған ұқсайды.

## **Құран – ақиқат шыңы**

Қасиетті Құранда (Сад сүресі, 87-88-аяттар): "(Бұл Құран) бүкіл әлем үшін бір насихат! Оның (иләһи уәһи екендігі) хабарын бір заманнан (ахирет күні) кейін түсінесіңдер», - делінген.

Жалпы әлем халықтарына бір Жаратушы тарапынан келген ең соңғы ақиқат кітабы Құран Кәрім. Құран - жер бетіндегі барша адамзат баласына жақсы-жаманды ескертіп, сүйіншілеп, тіршілігімізде мәнді, иманды, салауатты



өмір сүруімізге және он сегіз мың ғаламда болып жатқан құбылыстардың ілімін, ғылымын, жаратылысын (алдағы уақытта ашылатын жаңалықтары бар) көрсете отырып, алдыңғы түскен кітапты (Таурат, Забур, Інжіл) толықтырып, қорытындылаушы кітап қияметтің күніне дейін жауап беретін, жер беті халықтары бейбітшілікте өмір сүрулері үшін өзгермейтін ақиқат заңдылық ереже болып табылады.

Адамзатқа арналып айтылатын Жаратушымыздың қасиетті сөзі жинақталған. Құранның ең алғашқы аяты "Оқы, оқы және оқы" деп басталады. Яғни, әрбір ақыл-есі түзу құлдарына, адам баласына айтылған. Оқу - әрбір ғылымның бастауы. Жаратушыны тану оқумен келеді емес пе? «Ғылым дамыған кезде, Ислам да дамиды», - деген пайғамбарымыз. Енді Аллаһ жаратқан табиғат аясындағы тылсым дүниелердің, ғылымның қол жеткен жетістігінің анықталуына еңбек етіп, жарыққа шығарған ғалымдар мен әр ұлт ойшылдарының ақиқатты мойындаған пікірлеріне зер салып көрелік.

Нобель сыйлығының лауреаты, эмбриолог Кейт Морр: "Біздің біліміміздің өсуімен ғылыми-техникалық жетістіктердің алға басуы арқасында аяттар меи хадистерді әлі де терең зерттеуге, ондағы ғылыми хабардың сырын ашуға қол жеткізгендігімізді сеземін.

Құран мен хадистерде айтылатын ғылыми ақиқаттың арқасында ғылым мен діннің арасында болатын кедергілердің талқан болатынына сенгің келеді", - дейді. Ал неміс ақыны Гете: «Құран үйреткен негіздерде ешбір кемшілік жоқ. Адамгершіліктің бүкіл қағидаларын Құраннан артық дамытуға, ілгерілетіп жетілдіруге болмайды», - дейді.

## **Ғашура – кешірім мен жомарттық күні**

Мұсылман күнтізбесі бойынша Жыл басы – Мухаррам айы. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) Ғашура (мухррам айының оныншы күні) оразасын ұстап, оны өзгелерге де бұйырды».

«Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) Мәдинеге һижрат етіп келгеннен кейін ондағы иаһудилердің мухаррам айының оныншы күні ораза ұстайтынын байқайды. Иаһудилерден бұл жайында сұралғанда, олар: «Бұл – Аллаһ тағала Мұса (ғ.с.) мен Исраил (ғ.с.) ұрпақтарын перғауынның зорлық-зомбылығынан құтқарған күн.

Атап айтқанда:

1. Адам (ғ.с.) пайғамбардың тәубесі осы күні қабыл болған;
2. Нұһ (ғ.с.) пайғамбар кемесі Жуди тауының үстіне осы күні табан тіреген;
3. Мұса (ғ.с.) пайғамбардың мұғжизасы. Аллаһтың жарылқауына бөленуі. Ол осы күні теңізді жарып шығып, перғауын өз әскерімен қоса теңізге батады;
4. Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың ұлы Исмаил (ғ.с.) пайғамбар осы күні дүниеге келген;
5. Айуб (ғ.с.) пайғамбар науқасынан осы күні айыққан.

6. Жақып (ғ.с.с) пайғамбар ұлы Жүсіп (ғ.с.) үшін қайғырып соқыр болған көздері осы күні қайта көре бастаған;
7. Жүсіп (ғ.с.) пайғамбар бауырлары тастаған құдықтан осы күні шығарылған;
8. Жүніс (ғ.с.) пайғамбар балық ішінен осы күні құтылған;
9. Дәуіт (ғ.с.) пайғамбардың тәубесі осы күні қабыл болған;
10. Иса (ғ.с.) пайғамбар осы күні дүниеге келген және осы күні көкке көтерілген.

Сөз соңында айтарымыз, ұлы ойшыл бабамыз әл-Фараби: «Үнінен, тілінен және дінінен айрылған халық жер бетінен жойылып кетеді», - деп ағынан жарылса, Жаратушы Аллаһтың алдындағы күнәның ең ауыры - Аллаһқа серік қосу. Олай болса, ойланбай жүріп, діни сауатсыздықтан Аллаһ алдында екі дүниеде де айыпты болып жүрмейік, ағайын!

**Саттығұл Қадырұлы.**

## **Әлем ғұламалары айғақтайды**

### **Френсис Бэкон (1561-1626):**

«Біз өтірік сенімге алданып қалмас үшін екі кітап оқуымыз керек. Біріншісі – Құдайдың қасиетті сөзі жазылған кітап, ал екіншісі – Оның құдіретін, барлық нәрсеге күші жететінін дәлелдейтін кітап. Бірінші қасиетті кітапты неге оқу керек деп отырмын? Өйткені, ол Жаратушының әмірлерін орындауға үгіттейді. Ал екіншісі бірінші сенімді ашуға арналған «кілт». Яғни, содан кейін Құдайдың ұлылығын түсінуіміз керек. Қысқасы... Жаратушының осы өмірді сынақ үшін жаратқанына көз жеткізесің».

### **Иоганн Кеплер (1571-1630):**

«Біздер, астрономдар, табиғаттың кітабын оқып, Жаратушының мына жалғанды үйлесімділікпен жаратқанына және Оған қайта-қайта мадақ айта беру керек екенін түсінеміз. Мен ғылымға терең бойлаған сайын Жаратушының, Құдірет иесінің ұлылығына көзім жете береді. Аң-құстарды, жалпы мына әлемді кім қайдан әкелді? Әрине, оны жаратқан жалғыз Жаратушы. Ол бәрінен ұлық. Құдіреті де шексіз. Сондықтан әркім Оның құдіреттілігіне өзінің санасымен бойлауы керек».

### **Джон Рей (1627-1705):**

«Құдайдың адамды жаратуының өзі Оның шексіз сұлулығын бейнелеп тұрғандай. Сондықтан жұмыр бастылар айналасындағы жаратылыстарға үлкен мән беруі тиіс. Бәрін Құдай жаратты. Барлық нәрсе Оған тән. Осыған дейін мына әлем Оның басқаруымен сақталып келді. Бұдан кейін де сақтала бермек. Кез келген адам үшін шексіз Құдірет иесінің табиғатты әсем үйлесімділікпен жаратқанына ой жүгірту қиынға соқпайды деп ойлаймын. Сол кезде Оның ұлылығын тағы бір рет мойындаған болар едік...».

## **Қасиетті Рамадан айы**

Рамадан – Жаратқанның мұсылман жұртына жасаған ұлы тартуы. Айлардың ең қайырлысы, уақыттың ең қасиеттісі де киелісі. Ақ пен қараны

ажыратып, тура жолды көрсетуші Құран атты ұлы пәрмен жерге түсе бастаған мүбәрәк ай. Хақ тағаланың мейірім шарапаты ерекше асып-тасатын айрықша ай.

**Мүбәрәк мейрам.** Неге рамадан айында ораза ұсталады дегенге келсек: Аллаһ тағала жылдың бір айын күнәһар құлдарының тәубеге келіп, ақ жолға түсуі үшін арнаған; күнәдан ағартар, мың түннен қадірлі Қадір түні осы айдың ішінде; осы айда хақ діннің пайғамбары Мұхаммедке (с.ғ.с.) пайғамбарлық міндеттеліп, ғалам кітабы – қасиетті Құран Кәрім жіберілген. Мұсылмандардың рамадан айында ораза ұстауының сыры осында.

Ораза – арабша «саум» және «сыйам» сөздерінен тарайды, мағынасы – нәпсіге тыйым салу. Ал оразаның негізгі мағынасы – таң атқаннан Күн батқанға дейін ішіп-жеуден, жыныстық қатынастардан бой тарту. Мұсылман күнтізбесі бойынша рамадан айының алғашқы күнінен басталған ораза айдың соңында аяқталады және үш күндік Айт мейрамы басталады.

Міне, адамдар үшін жолбасшы, ақ пен қараны, сауап пен күнәны, ақиқат пен жалғанды, жақсы мен жаманды айырушы, бекем тұтылатын жолбасшы ретінде Құран кәрім түсірілген қасиетті рамадан айы да аяқталып, мұсылман жұрты ынтыға күткен мейрамымыз – Ораза айтымен де қауышып отырмыз.

**Ұлық түн.** Аллаһ тағала Құран ғазимде бұйырды: «Әлбетте, Біз оны (құранды) Қадір түнінде түсірдік (Мұхаммед!) Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадыр түні мың айдан қайырлы. Ол кешке періштелер және рух (Жәбірейіл) Раббыларының рұқсаты бойынша барлық іс үшін түседі. Ол бейбітшілік кеші таң рауандағанға дейін жалғасады».

### **Қадір сүресі, 1-5 аяттар.**

Бұл түнде төрт түрлі ұлықтың бары ескертіледі. Біріншіден, осы кеште пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) Құранның алғашқы сүресі аян болып, 23 жылдың бедерінде толық түсіріп болды. Екіншіден, осы кеште барлық періште атаулы Аллаһ тағаланың бұйрығымен жерге түседі. Үшіншіден, Жәбірейіл (ғ.с.) осы түнде келеді. Төртіншіден, бұл кештегі құлшылық мың айдағы ғибадаттан қайырлы.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис шәрифінде Қадір түнін рамаданның ақырғы он күнінен ізденіздер делінген.

Пайғамбарымыздан сахабалары «Зікірдің ең абзалы қайсысы?»- деп сұрағанда, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Зікірдің ең абзалы – Лә иләһа иллаллаһ», -деп жауап берген ғой.

Жәбірейіл (ғ.с.) періштелерге айтты: «Қадір түнінде кірпік ілместен құлшылықта болған пенделерінің күнәсын Аллаһ тағала жарылқады. Хақ тағала рақмет назарын салды. Тек төрт түрлі жан иесіне жарылқану болмас. Олар: тәубесі жоқ арақ ішушілер, отбасын, туыстарын тастап кетушілер, үш күннен артыққа кек тұтушылар, ата-анасын ренжітушілер. Егер олар тәубеге келіп, өткен істерін қайталамаса, олар да Аллаһ тағаланың рақмет қазынасында болғай».

### **Ислам дінінің өсиеттері**

## Садақа туралы

Аз болса да, көп болса да садақа беруді ұмытпандар. Себебі ол он жерде мадақталған. Бесеуі – осы дүниеде, ал қалған бесеуі – ахиретте.

### Дүниедегісі:

- 1) Садақа берумен мал тазаланады;
- 2) Садақа берумен күнә кешіріледі;
- 3) Садақа ауру, пәле-жаланы қайтарады;
- 4) Садақа берумен кедей міскінді қуантасыз;
- 5) Садақа берумен малдың берекеті кіреді.

### Ахиреттегісі:

- 1) Садақа қияметтегі аптапта иесіне көлеңке болады;
- 2) Садақа берген есеп-қисаптан жеңіл өтеді;
- 3) Садақа мизан таразысында ауыр болады;
- 4) Сираттан өтуге рұқсатнама болады;
- 5) Жәннаттағы дәрежесін өсіреді.

### Садақаның сегіз түрлі шарты бар.

Олар:

- 1) садақа адал малдан берілуі тиіс;
  - 2) мал-дүние аз болса да беру;
  - 3) Уақыт өтіп кетеді деп беруге асығу;
  - 4) Сараңдықты кетіру мақсатында садақаны малдың жақсырағынан беру;
  - 5) Риадан қорқып, оны жасырын беру;
  - 6) Сауабын жоғалтудан қорқып, міндет етпеу;
  - 7) Тек Аллаһ ризалығы үшін сауап алу ниетімен беру;
  - 8) «Байлықтан бердім, мұқтаждықтан алды» деген ниеттен аулақ болу.
- Керісінше, беруге сіз мұқтажсыз.

### Жеті қат көкке шыққандай...

«Дүниеге көңілді байлама. Мен жәннатқа көңіл қойған едім, одан шығарылдым»;

«Әр істің ақыры неге алып келетінін ойлан, мен ойланбадым...»:

«Әйелдің сөзіне ерме, мен әйелдің сөзіне ергеннен жәннаттан шықтым»;

«Бір істі жүрегің қаламаса бастама. Тыйым салған ағашқа таянғанды жүрегім қаламайтын»;

«Әр істі ақылмен кеңесіп істе. Егер мен періштелерден сұрасам, онда мұндай халге түспеген болар едім», - деген бес сауап өсиетін айтқан Адам (ғ.с.): Осы істерге бекем бол және ұлдарыңа өсиет ет», - деп шегелеген.

Дініміздің фикһ ғалымы Әбу Ләйс әс-Самарқанди: «Мұсылман баласы жеті кәлима сөзден өмірдің жақсылығына жетеді әрі дүниеден өтерінде қиналмауына көп себеп болады», - деген. Ол – ақиқат шындық. Бұл жетеусіз мұсылман жеті күнін өткізбеуі тиіс. Ал сол жетінің көшбасысы – «Бисмиллаһ». Мағынасы – «Аллаһтың атымен!» Аллаһ тағала әлемнің тағдырын жазбас бұрын қаламды жаратады және оған «Жаз!», - деп бұйырады. Қалам: «Не жазам?», - деп сұрайды. Аллаһ тағала: «осы күннен сонау қияметке дейін

болатын істерді», - дейді. «Қай сөзден бастайды?» - дегенде, «Бисмиллаһтан баста!»,- деген.

Сонда қалам «Бисмиллаһ» сөзін жеті жүз жыл жазған екен. Бұдан Аллаһқа ниеті таза, шынайы ықыластағы қандай да бір мұсылман бисмиллаһты үзбей айтса, жеті жүз жыл нәпіл құлшылықтың сауабын алады екен. Құранның барша шарапаты Фатиха сүресіне, ал Фатиха сүресінің барша шарапаты бисмиллаһқа ноқталанған.

Бисмиллаһтың о дүниеде берері зор. Осы өмірінде бисмиллаһқа әдеттенген адам о дүниелік қабірге түсіп, Мүңкір мен Нәңкүр періштелері жауап алғанда, үйреншікті әдетпен бисмиллаһын айтып тұрады. Сонда періштелер де сұрақты жеңіл алады. Бисмиллаһ айту сүннет амалы болса да, әрбір адам оны әдетке айналдырса, Жаратқан Аллаһтың жақсылығы шексіз болмақ. Әсіресе, бисмиллаһты балаға үйретсе өте жақсы. Бұл сөзге бала тілі сынған кезде, Аллаһ Тағала періштелерге: «Үш топты: үйренген бала, оның ата-анасы, үйреткен адамдарды азаптан құтқарыңдар», - деп бұйырады. Сондықтан бисмиллаһ – әрбір істің көкөзек нәрі.

Екінші кәлима – «Әлхамдулиллаһ». Мағынасы «Аллаһқа шүкір» дегенді білдіреді. Бұл адамзат баласының бір күніндегі жақсылығына қанағат, ал жамандығына қайырым беретін сөз Аллаһқа білдірген белгідей болмақ. Сондықтан әр күніміздің әрбір ісіне үтір мен нүкте болатын әлхамдулиллаһқа, иағни, шүкірлік етуге әдеттенген жөн.

Ал мұсылман адамның ғайбат айтуы ауыр күнә. Жай адамды, жамағатты жамандап, күншілдіктегі осындай жортқыш тілден шошынғанда не болмаса үрейленгенде дереу «Әстағфируллаһ» айтқан дұрыс. Бұл – Жаратқанның кешірімін беретін жеті кәлиманың бірі. Мағынасы – «Аллаһым, кешіре гөр!». Ал тіл кәлимаға келген соң сабырлықпен күнә сөзге тыйым салу – сауап. «Лә хаулә уә лә кууәтә иллә билләһил ғалиил ғазим». «Жоғары да үстем Ұлы Аллаһтан басқа ешқандай күш те, қуат та жоқ» дегенді білдіретін бұл сөз жеті кәлиманың ішіндегі қуаттысы.

Мұса (ғ.с.) пайғамбарға Тәурат кітабы берілгенде, ол өте үлкен болатын. Оны нар түйенің өзі де әзер көтерген. Мұса (ғ.с.) сол Тәураттың бір бетін ашу үшін осы дұғаны әрдайым айтатын еді.

Кейінгі кезде ел арасында келер күндегі ісіне «иншаллаһ» сөзін қосқан адамға сескене қарап «Қойшы соны, иншаллаһ, иншаллаһ деп құдайға беріліп кетіпті» деген мысқылдаушылар бар. Ол – «Аллаһ қаласа, Аллаһ бұйыртып жатса» деген мағынаны білдіретін кәлима.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз алдына сұрақ қоя келген адамдарға: «Ертең келіңіз, жауап беремін», - деп айтқанда, Жәбірейіл періште он бес күннен кейін келіп, пайғамбарымыз «Иншаллаһ» сөзін айтпағаны үшін осыншама уақытқа кешіккендігін хабарлаған оқиғасы қасиетті құранның Кәһф сүресінде баяндалады. Бұдан иншаллаһ сөзінің мағынасы өте зор екендігін аңғарамыз. Бұл жеті кәлиманың бесіншісі. «Ата-бабамның жатқан жеріне зиярат етуші едім, барғанда көзге жас алғаннан не пайда, құран бағыштаймын, бірақ сол жерге барғанда Аллаһқа ұнайтын сөз бар ма? – деп келгендерге және

суыт хабар естігенде «Иннә лиллаһи уә иннә иллаһи ражиғун» дегенді үйретемін. Бұл – жеті кәлиманьң алтыншы. «Біз Аллаһтыкіміз және Аллаһқа қайтушымыз» деген мағына.

Күдіреті күшімен бәрімізді жаратып, бәрімізді уысына жинап алушы тек қана Аллаһ! Сондықтан бұл кәлиманьң Күн арайлап көтерілгенде еске алып, бұл кәлимамен мерейлі кешімізді жұбатқан жақсы. Жаратқанның Ләуһул-Маһфузына жазылған тағдырға мойынсұну осы кәлимадан тұратын иманьң жеті парызы.

Ал енді кәлиманьң жетіншісі – «Лә иләһа иллаллаһ Мухаммадур Расулуллаһ». Мағынасы – «Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі». Бұл – мұсылманьң анты!

Бұған тілді әбден жаттықтыру өте қажет. Себебі, жеті кәлиманьң соңы болғанмен Аллаһ алдына бірінші айтылатын кәлимамыз.

Адамзаттың жеті қауіп-қатері жайында айтылған имам Ғазалидің тұжырымы бар. Бірінші, өлім қауіп, адам мұсылман немесе кәпір болып өледі. Екінші, қабір қауіп, адамның амалына қарай қабірде зұлымдық немесе нұр болады. Үшінші, сұрақ қауіп, періштелер сұрақ қойғанда, жауап бере алады немесе бере алмайды. Төртінші, хашир қауіп, жүзі қара немесе ақ болып тіріледі. Бесінші, есеп қауіп, есеп күні қиын немесе оңай болады. Алтыншысы, мизан қауіп, Аллаһ алдындағы адамның сауабы немесе күнәсі ауыр болады. Жетінші, ахирет қауіп, соңында жұмаққа немесе тозаққа барады.

"Құл кішіпейілділік еткен кезде, Аллаһ тағала он жеті қабат аспанға жоғарылатады", - деген хадис бар. Ұлы бір пайғамбар Аллаһтан жеке өзіне мінәжат ететін кәлима сұрайды. Оған лә иләһа иллаллаһ үйретіледі. Сонда ол пайғамбар бұл кәлиманьң алымсынбаған кезде бүкіл әлем, иағни тау, тас, адам, жын баршасы таразының бір бетіне тұрып, екінші беткейінде осы кәлима тұрса, бұл сөз таразыны басып, ауыр-тарта алатындығы айтылады.

Имам әл-Бұхаридан риуайат етілетін пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис шарифінде: "Кімде-кімнің дүниедегі ең соңғы сөзі «Лә иләһа иллаллаһ» болса, сөзсіз жәннатқа барады", - дегенімен аяқтай келе, осы жеті сөзбен шексіз жақсылықтың есігін ашып, жамандықты тосып, жеті қат көкке шыққандай болармыз...

**Нұрлан Байжігітұлы.**

### **Таухид**

Сіздерді бүкіл пайғамбарлар және соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) шақырған, біздің ата бабаларымыз шынайы түсініп ұстанған Ислам дінінің негізі - таухидке (бірқұдайшылдық) шақырамыз. Бұл ұғымның қарама-қарсысы - ширк, серік қосу. Ширк екіге бөлінеді:

**1. Үлкен ширк.** Ол әруақтардан, қабірлерден, жын-періден т.б тікелей көмек сұрау. Оны істеген адам мұсылмандықтан шығып кетеді де, өмір бойы істеген сауап істерінің барлығы жойылады. Егер ол адам тірі кезінде Аллаһқа тәубе келтіріп, күнәдан қайтпаса, мәңгі тозақта болады.

**2. Кіші ширк.** Аллаһтың сипаттарына күмән келтіру. Бұған мысалдар: тұмар, көзмоншак, қызыл шүберек үкінің қауырсынын, қасқырдың тісін, бүркіттің аяғын аттың тағасын, адыраспан т.б. тағып-іліп қою. Бата, дұға жасағанда әруақтар қолдасын, әулие-әнбилер, Қызыр баба оңдасын, періштенің құлағына шалынсын деген т.б. сөздер айту. Біреуге ант бергенде «жол үстінде тұрмын», «түн жамылып тұрмын», «нан ұрсын» т.б. сөз тіркестерін қолдану. Негізінде ант Аллаһтың атымен ғана беріледі. Осындай кіші серік қосу күнәсін істеген адам мұсылмандықтан шықпайды, бірақ адам өлтіру, әке-шешесін лағынеттеу сияқты ауыр күнәні істегендей болады. Өкінішке орай, осындай күнәларды кейбір намаз оқитын кісілер де жасап жатыр. Ол, әрине, Ислам дінін жете түсінбеуден, иағни білімсіздіктен.

Ислам дінінің басқа әлемдік діндерден артықшылығы да, қиаметте Аллаһ алдында қабыл болуы да осы таухидке тікелей байланысты. Өйткені, Аллаһ Құранда: «Аллаһтың алдында қабыл болатын дін - тек қана Ислам», - деген.

**Әбілдә Ерғалиұлы.**

### **Ислам дінінің сүнниттік және шииттік ағымдарға бөлінуі қалай басталған?**

Шииттер, негізінен, діни-саяси ағымға жатады. Аталмыш ағым уақыт өте келе мемлекеттік деңгейге дейін көтеріліп, қазір Иран Ислам Республикасының ресми діні болып бекітілді.

«Шиа» сөзі «жақтау», «қолдау» деген мағынаны білдіреді. Ағым ретінде «шиа» атауы – Пайғамбарымыз (с.а.с.) 632 жылы қайтыс болған соң Хазіреті Әли (р.а.) және оның ұрпақтарын халифалыққа ең лайық кісі деп, Әлиді Құран мен хадис арқылы тағайындалған хақ халифа ретінде қабылдаушыларға берілген.

Тарихқа үңілсек, Хазіреті Әлидің халифалық қылған (656-661 ж.) кезінде оның жағында болып, сөзін, ісін мақұлдап, оны жақсы көріп, сол тұстағы жанжалдарда жалғыз тастамай, жанын пида етушілердің «шиа-и Әли» (Әлидің жақтаушылары) деп алғаш рет атала бастағанын көреміз. Олардың қатарында ұлы сахабалар да бар еді.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болған кезде халифа сайлау мәселесі көтеріледі. Сонда кейбір сахабалар Хазіреті Әлидің халифа болуын жақтап, пікір айтқан. Міне, осы оқиғаны алғашқы қадам еді деп тұжырымдайтын тарихшылар бар. Шииттердің шығуы үшінші халифа Османның (656 ж.) шәһид етілуінен кейінгі ішкі жанжалдар кезінен бастау алады деген екінші бір тұжырым бар. Бұл тұжырым бойынша, Хазіреті Әлиді жақтап, керек болса жанын пида етуге дайын болған Жәмәл (656 ж.) мен Сыффин (657 ж.) соғыстарында Әлиді қолдаушылар алғашқы шиит ағымын қалыптастырды деп түсіндіруде. Алайда бұл айтылған пікірлер ақиқатқа үйлеспейді. Өйткені Хазіреті Әли ешқашан жамағаттан бөлініп шықпаған, шығуға да жол бермеген. Сондықтан шииттік әрекеттер Хазіреті Әлидің

кезеңінде емес, оның екінші ұлы Хазіреті Хусейннің шәһид етілуінен (680 ж.) кейін сахнаға шыға бастаған.

### **Хазіреті Хусейннің қайтыс болуына не себеп болды?**

661 жылы Хазіреті Әли харижит ағымының өкілі тарапынан шәһид етілгеннен кейін халифалық билік Әбу Суфиянның ұлы Муауияға өтті. Ол 19 жыл Ислам әлемін басқарып, 680 жылы қайтыс болды. Муауия қайтыс болған соң мұрагерлік жолмен ұлы Язид әкесінің орнына таққа отырды. Язид таққа отырысымен өзінің халифалығын нықтау үшін жан-жаққа шабарман жолдады. Мақсаты – алдымен беткеұстар кісілерден бірінші кезекте өзіне адалдығы жайында уәде алу. Сол кездегі абыройлы кісілердің қатарында Хазіреті Хусейн де бар еді. Халифа билігін толыққанды қолдамайтын куфалық мұсылмандар халифаның қайтыс болғанын естіп, Хазіреті Хусейнді Мәдинадан Куфа қаласына (Иран) шақырады. Мақсаттары – оны халифа етіп сайлау еді. Қайта-қайта шақыруын қоймаған соң Хазіреті Хусейн бала-шағасын алып, туыстарымен бірге жолға шығады. Олардың саны 80-ге де жетпейтін. Оның Куфаға баруы жаңа саяси оқиғалардың басталуына себеп болатынын сезген халифа Куфаға жеткізбеуді ойлайды. Жолын кесу үшін жарты жолда халифаның бұйрығымен кері қайтуға да, Куфаға баруға да рұқсат етілмей, қоршауға алынады. Қоршау бірнеше күнге созылады. Хазіреті Хусейн келісімге келу үшін барлық мүмкіндікті қарастырады. Өкінішке қарай, келісім нәтиже бермеген соң екі жақ шайқасады. Хазіреті Хусейннің жанында туыстарынан құралған санаулы ғана жасағы болды. Соған қарамастан едәуір қарсылық көрсетті. Ақырында туыстарымен бірге 680 жылы 10 қазан күні Кербала деген жерде қаза табады. Хазіреті Хусейн шәһид етілген соң Ислам әлемінде халифаға деген наразылық күшейді. Хазіреті Хусейн және туыстарының кегін аламыз дегендердің қарасы көбейіп, шииттік әрекеттер саяси бағытта өрбіді. Кербала оқиғасын пайдаланып шыққан саяси оқиғалар шииттік бағыттың етек алуына ұйытқы болды.

### **Бірнеше хандықтар болған. Оның ішінде Сефевит хандығы.**

1502 жылы Иранда Имамия шиит сенімін ұстанушы Исмайл Сефивидің көтеріліс жасауымен Сефевит хандығы құрылды. Ол өз тәжіне он екі қатардан тұратын ораулы қызыл жіп байлады. Бұл он екі қатар жіп Имамия шииттердің он екі имамын білдіреді. Сонымен қатар әскерлерінің бас киімдеріне де он екі қатар қызыл жіпті байлатады. Сол себепті оларды «қызылбас» деп атаған. Қазақ халқы арасында әлі күнге дейін парсыларды «қызылбастар» деп атау әдеті осыдан қалған.

### **Иран Ислам Республикасы**

Имам Аятолла Хомейни тарапынан 1979 жылы 12 ақпанда ескі жүйе (режим) құлатылып, «Иран Ислам Республикасы» дүниеге келді. 1979 жылдың 1 сәуірінде бүкілхалықтық референдум өткізіліп, Иран заңды түрде «Иран Ислам Республикасы» ретінде жарияланды. Бұл республика шииттердің үлкен



ағымы болған Имамия идеологиясымен басқарылуда. Қазіргі таңда Иран халқының 95 пайызы шиит сенімінде, 4 пайызы сүннит сенімінде.

Шииттік бағытты ұстанушы мұсылмандардың негізгі отаны Иран. Одан кейін Ирак, Йемен, Сирия, Ливан, Үндістан, Түркия, Иордания, Әзірбайжанда шииттер көбірек шоғырланған. Өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлінетіндіктен, ислам әлемінің көптеген елдерінде кездестіруге болады. Біздің елімізде де шииттік сенімді ұстанушы азаматтар бар. Көрші мемлекеттерде, мәселен, Тәжікстанның Таулы Бадахшан аймағында Исмайлит бағытын ұстанушы шииттер өмір сүреді. Шииттік сенімді ұстанушы мұсылмандар жер бетіндегі мұсылмандардың шамамен 10 пайызын құрайды.

### **Сүнниттер дегеніміз кімдер?**

Құран Кәрім мен Хазіреті Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін ұстанып, жол бастар етуші, Алланың елшісі Хазіреті Мұхаммет (с.а.с.) және оның сахабаларының сенім мәселесінде ұстанған жолымен жүрушілерді «Әһли сүннет уәл-жамағат» қысқаша «сүнниттер» деп айтады. Әһли сүннет уәл-жамағаттың қазақша мағынасы – «сүннет халқы және жамағат».

Сүннеттегі мақсат – Хазіреті Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) жүрген сара жолын ұстану. Пайғамбар мен оның сахабаларының жолымен жүрушілер мұсылман қауымының басым көпшілігін құрайды. Яғни, ешқандай кері пиғылы болмаған, қоғамда бүлік шығармаған, белгілі бір бағытпен жүруші және мұсылман әлеміне белгілі Ханафи, Малики, Шафиғи, Ханбали атты төрт мәзһабтың біреуін ұстанады. Мәзһабты Ислам дінін белгілі бір бағытпен, әдіспен түсіндіруші мектеп деп түсінсек дұрыс болады. Осы мәзһабтың қайсы біреуін ұстанбай, өз бетінше жаңа бір жолмен, бағытпен жүруші топты «адасушы ағым» деп айтамыз. Еліміздегі «хизбут тахрир» ұйымы – сүнниттік бағытты ұстанғанымен, біздер үшін адасушы діни ағым.

Біз, қазақ халқы – сүннитпіз, оның ішінде Ханафи мәзһабын ұстанамыз.

### **Сүнниттер мен шииттерге ортақ діни ұстанымдары**

Сүнниттер мен шииттердің ортақ діни ұстанымдары көп. Себебі мұсылман болған соң Исламның құндылықтары ортақ. Алласы, Пайғамбары, кітабы, құбыласы ортақ. Мұндай ортақ тұстары көп болғанымен, сенім мен құлшылықтарында айырмашылықтар да баршылық.

### **Айырмашылықтары**

Сүнниттер мен шииттердің сенім (ақида) мен фикһ мәселелерінде айырмашылықтары бар. Сол айырмашылықтарының кейбірі шектен шыққандықтан адасушы ағым саналады. Сүнниттер мен шииттер арасында негізгі айырмашылықтарды атап айтар болсақ:

1. Шииттердің сенімдері бойынша, Хазіреті Әли – Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейінгі адамдардың ең ұлығы.

Сүнниттер мұны қабыл ете тұра, ұлылық тек қана Әлиге тән ерекшелік емес дейді. Хазіреті Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейінгі кемеңгерлер деп әуелі

Хазіреті Әбу Бәкір, одан әрі кезегімен Омар, Осман және одан кейін Әлиді адамдардың ең ұлығы деп санайды.

2. Шииттердің ұстанымдары бойынша, халифалық немесе имамдық мәселесі халық тарапынан сайлану арқылы шешілмейді. Халифалық, яки имам тағайындау мәселесі ораза, зекет сияқты діни шарттарға (парыздарға) жатқызылады. Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) өзінен кейін болатын имамның атын айтып, тағайындап кеткен, ол да – Әли деп есептейді. Сондықтан Әлиден кейін имамдық пен халифалық оның ұлдары мен ұрпақтарына өтеді деп сенеді. Сүнниттердің көзқарасы бойынша, Хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) көзі тірісінде өзінен кейін ешкімді халифа етіп сайлаған жоқ. Халифа сайлау діни парыздарға жатпайды. Кім халифалыққа лайық болса, сол халықтан қолдау табады. Егер Хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) Әлиді сайлап кеткен болса, науқастанып жатқанда Әбу Бәкірді емес, имамдыққа Әлиді өткізуі тиіс еді. Халифа немесе имамдық лауазым тек қана Әлидің ұрпағына ғана тән, олардан өзге ешкім халифа болмайды деген қасаң қағида жоқ. Халық кімді қаласа, кез келген мүминді халифалыққа лайық кісі деп ұйғарса, сол имам әрі халифа болады.

3. Шииттердің сенімі бойынша, 12 ұлы имам үлкенді-кішілі күнә атаулыдан аулақ. Алла оларды қорғап, барлық күнәларын кешірген. Олар да Пайғамбарлар секілді күнәсіз (мағсум, исмәт) сипатқа ие. Ал Әһлу сүннет бойынша, Пайғамбарлар ғана күнәсіз, Мұндай кеңшілікті Раббымыз тек Пайғамбарларына ғана нәсіп еткен. Бұл жайында мұсылман ғалымдарының көзқарасы бір арнада тоғысып, ижмамен бекітілген. Сондықтан «мағсум» (күнәсіз) сипаты тек Пайғамбарларға тән, басқа адамдардың күнәдан пәк болуы мүмкін емес.

4. Шииттер алғашқы үш халифаны, сонымен бірге Әли ұрпақтарынан басқа халифалық билікке қол жеткізгендерді залымдар деп есептейді. Олармен және олардың халифалығы мен имамдығын қабыл еткен адамдармен рухани байланысты үзу керек. Егер осы әрекеттің нәтижесінде адам өміріне қауіп төнер болса, биліктегі халифаны сырттай қолдап, іштей наразы болып жүре беру қажет деп есептейді. Олар бұл көзбояушы әрекетке «тақия» (жасыру) деп пәтуа береді.

Әһлу сүннет бойынша, алғашқы үш халифаға тіл тигізу әрі оларды залым деу – күпірлік. Өйткені Құранда Алла тағала оларға разы болғандығын баян етеді: Сонымен қатар олар Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.с.) тарапынан көзі тірісінде жәннатпен сүйіншіленген және Хазіреті Әбу Бәкір, Омар, Османның артықшылығы мен ұлылығы жайында «Сахих Бухари» мен «Сахих Муслим» атты хадис кітабында көптеген хадис келтірілген. Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ең сүйікті сахабаларына мұндай сөз айту – имансыздықтың белгісі. Тек осы үш сахаба ғана емес, өзге де сахабалардың атына ғайбат сөйлемей керектігі жайында Әбу Сайд әлХудриден жеткен мына риуаят айқын дәлел болады: Пайғамбар (с.а.с.) былай деген: «Менің сахабаларымды сыртынан сөз етуші болмандар. Сендерден біреуің Ұһуд тауындай алтынды садақа етіп берсе де,

сахабаларымның екі уыс құрма садақасының сауабына жетпейді. Тіпті мұның жартысына да жете алмайды».

Шииттердің ұлы сахабаларға тіл тигізуі сүнниттер тарапынан барынша қатты сынға алынғанымен, олар өз ұстанымдарынан қайтар емес.

5. Зәйдия мен Имамия шииттерінің сенімінде үлкен күнә істеген кісі тәубе етпесе, мәңгілік жаһаннамда қалады.

Әһлу сүннет сенімі бойынша, мұсылман кісі үлкен күнә істесе, ол діннен шықпайды, тәубе етпесе, жаһаннамда мәңгілік қалмайды. Тек істеген күнәсінің жазасын алған соң ғана жәннатқа барады. Дәлел ретінде мына хадисті келтіреді: «Жүрегінде бидай, арпа көлеміндей титтей иманы болып және Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі деген кісі жаһаннамнан шығады».

6. Шииттер «Мутға» (уақытша) некесін халал санайды. Мутға некесі – белгілі бір мөлшерде ақы беріп, бір әйелмен уақытша неке қидырып үйлену немесе төсектес болу. Артынан ол әйелмен түк болмағандай ажырасып кетеді.

Әһлу сүннет сенімі бойынша, «мутға» некесін жасау – харам. Алғашқыда кей жорықта апталап жүріп қалған кездерде Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына уақытша ақы төлеу арқылы өзге әйелдермен некелесуге рұқсат берген. Ал һижраның жетінші жылы (629 ж.) Мухаррам айында Хайбар қамалы алынған соң, Пайғамбарымыз (с.а.с.) мутға (уақытша) некесіне тыйым салды. Бұл жайында Хазіреті Әли былай дейді: «Хайбар күні әйелдермен мутға әдісімен некелесуге және есек егін жеуге тыйым салды». (Сахих Муслим, 2510 хадис).

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.с.) басқа бір хадисінде былай деген: «Ей, адамдар! Мен сіздерге әйелдермен мутға некесін жасауға рұқсат берген едім. Күмәнсіз Аллаһ мұны қияметке дейін харам етті. Кімнің қасында мутға некелі әйел болса, оны еркіне жіберсін. Оларға берген нәрселеріңізді қайтып алмаңыздар».

7. Шииттер Шах Исмайыл (1502-1524 ж.ж.) дәуірінен бері азанға «Әшһәду әннә Мухаммәдән Расулуллаһ» сөзінен кейін «Әшһәду әннә Әлиян уалиюллаһ» (куәлік етемін, Әли – Алланың досы) сөзін қосып айтады. Азан һижраның алғашқы жылында 623 жылы «Мәсджидун-Нәбәуи» (Пайғамбар мешіті) салынып біткен соң намазға шақыру үшін айтыла бастады. бірнеше сахабаның түсінде азан сөзі аян ретінде білдіріліп, Пайғамбарымыз (с.а.с.) солай азан айтуды бұйырады. содан Бері шииттерден басқа барлық мұсылманазан сөзіне өзгерту енгізбей, сол қалпында айтып келеді. Азан – муәккәд (бекітілген) сүннет. Азанға басқа сөз қосу – шарифатқа қайшы. Шарифатқа қайшы әрекет жасау – күнә және адасушылық.

8. Шииттер дәрет алғанда жалаң аяқ үстіне мәсіх тартады.

Әһлу сүннет бойынша, дәрет алғанда аяқ жуылады. Негізінде Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.с.) өмірінің соңына дейін дәрет алғанда үнемі аяғын жуғанығы жайында көптеген хадис бар.

9. Шииттер ешқандай себепсіз бесін намазы мен асрды, шам мен құптан намазын біріктіріп оқиды. Сонда күніне бес уақыт намаз үш уақытта оқылған болады.

Әһлу сүннет бойынша, уақытты кіруі – намаз парыздарының бірі. Себебі Құранда намазды уақытында оқу парыз болғанын мына аятта баян етеді: «Намаз мүминдерге белгілі бір уақытта парыз етіледі» («Ниса» сүресі, 103 аят). Демек, уақытында оқылмаған парыз намаз нәпіл намаздың орнына жүреді. Ханафи мәзһабы бойынша, екі намаз бір уақытта біріктіріліп оқылмайды. Екі намазды біріктіріп оқу тек қажылықта рұқсат етіледі. Түскі намаз бен асрды (екінті) түскі намаз уақытында Арафатта, шам мен құптанды құптан намазының уақытында Муздалифада оқиды. Басқа кезде әр намаз өз уақытында оқылуы шарт.

10. Шииттер намаз оқыған кезде таза топыраққа сәжде ету уәжіп деп санайды. Кілемге, жайнамазға, киізге сәжде етуді құп көрмейді. Топыраққа сәжде ету үшін Кербаланың топырағынан тәбәрік ретінде жасалынған кішкентай қыштар мен кішігірім жалпақтау тас пайдаланады.

Әһлу сүннет бойынша, сәжде тек қана топыраққа, яғни жер жынысы болған нәрсеге ғана жасалу керек деген шарт жоқ. Таза жердің барлығына сәжде жасалады. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Менің үмметіме жер бетінің барлығы мешіт етілді», - дейді. Демек, барлық таза жерде сәжде етуге болады.

Сүнниттер мен шииттер бір мешітте намаз оқи алады және оқып та жүр. Өйткені мешіт – барлық мұсылманға ортақ құлшылық орны. Көп жағдайда шииттер сүнниттердің мешітінде намаз оқитынын көріп жүрміз. Мәселен, қажылық уақытында қажылыққа келген шииттер мешіт имамының артында намаз оқи береді. Шииттік бағыттағы елге барсаңыз, мешітке барып намазыңызды жеке өзіңіз оқысаңыз болады. Бірақ ондай елдің өзінде сүнниттердің мешіті бар екенін білгеніңіз дұрыс. Жұма намазын сондай мешітке барып оқыған жөн.

**Смайыл СЕЙТБЕКОВ,**

**ҚМДБ-ның Маңғыстау облысы бойынша өкіл имамы.**

**(«Аңыз Адам» журналы, 2014 жыл).**

**Адасқан қандастардың көздегені не?**

**«Иегова куәгерлері» ағымының ұстанымдары**

Иегова куәгерлері: «Мұхаммед – пайғамбар емес, ол – Құранды Мұсаның Тәурат кітабынан көшіріп, қалған кітаптарды жазып үлгере алмады», - деп пайғамбарымызға жала жауып, үгіт жүргізеді. Бұл ағым қоғамға жат, зиянды қылықтарды өздерінің негізгі ұстаным-ұстындары етіп алған. Атап айтқанда:

- Қан беруге, алдыруға, жалпы қан құюға қарсы; көптеген діндерде, оның ішінде Ислам дінінде пайғамбарымыз адам баласына қан алдырып, иаки қан құю секілді амалдарға қарсылық көрсетпеген.

- Сайлауға қатысуға қарсы;

- Иеговалықтар қандай жағдайда да қолдарына қару алуға қарсы. Ер-азаматтардың әскерге баруын дұрыс емес деп үгіттейді;

- Жер бетінде тек бір ғана патшалық болу керек, ол – «иегова патшалығы» деп үгіттейді. Мұнымен қатар, жер бетінде тек иегова куәгерлері ғана үстемдік етуі керек деп санайды;

- Мемлекеттік рәміздерді (Елтаңба, Әнұран, Ту) мойындамайды;
- Бұл сектаның мүшелері көше-көшені аралап, мұсылмандарды өздеріне тарту мақсатында «біз де мұсылманбыз» дейді. Мұнымен бірге, көнеден сыр шертетін тарихымызды, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жоққа санайды;
- Ата заңымызды толыққанды мойындамайды;
- Дұға жасағанда тек Иса құдайдан ғана тілеу керек деп санайды;
- Адамзат баласын тек қана иегова куәгерлері құтқарады деп үгіттейді;
- Бұл сектаның ең үлкен қателігі – христиан дініндегі секілді, Иса (ғ.с.) пайғамбарды құдай деп санауы.

### **Ағымның шығу тарихы**

Иегова ұйымы алғаш 1870 жылы АҚШ-та құрылды, орталығы Нью-Йорк қаласында. Ең алғаш негізін салған кісінің есімі – Ч.Т.Рассел. Ол 1852—1916 жылдар арасында ғұмыр кешкен протестант дін қызметкері. Діни сауаты оншалықты терең болмаса да, ұйымдастырушылық қабілеті аса жоғары болған деседі. Соның арқасында «қасиетті кітап» деп аталатын діни қоғам құрған. «Иегова» сөзі еврей тілінде «Тәңір» деген мағынаны береді. Әсілі Аллаһ Тағала тарапынан келген діндер арасында «Иегова куәгерлері» деген дін жоқ. Бұндай атауға олар 1931 жылы 26 шілдеде өздерінің кезекті конгресінде ие болды. «Иегова куәгерлері» деген сөз тіркесі «Тәңірді көргендер» дегенді білдіреді.

### **Әлем ғұламалары Ислам туралы**

**Иоганн Гёте:** «Аллаһтың тоқсан сипатын айтып, мұсылмандардың тәсбиқ тартуының өзі өте ұлық ғибадат. Тәңірге тән барлық сипаттарды бір негізде еске алу - Оның құдіретінің аса шексіздігін білдіреді. Сондықтан мұсылмандар Жаратушының еркіне бағынып, тыныштық табады».

«Бір Аллаһқа деген сенім әр уақытта рухыңды биік етеді. Өйткені, ол адамның рухани тұтастығының өлшемі болып табылады».

«Анау-мынау нәрсе туралы оңды-солды ой шығындау - қандай ақымақтық! Егер Ислам Аллаһқа мойынсұну болса, біз бәріміз Исламда өмір сүріп, Исламда өлеміз».

Біздер, Еуропа халықтары, мәдениетіміз айрықша дамығанымен хазіреті Мұхаммедтің ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды және бұдан кейін де одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес! Сонымен біз Исламда қалуға тиіспіз. Мен бұған басқа ештеңе қоса алмаймын».

«Құран әлмисақтан бар ма?

Мен оны біле бермеймін.

Кітаптардың кітабы - Құран.

Мен нағыз мұсылманмын.

Бұл ақиқат – шындық» .

**Фридрих Энгельс:** «Діндердің ішіндегі ең жасы, ең тұрлаулысы, ең ақылға қонымдысы, нанымдысы, ғылыммен де үндесі – Ислам».

## **Мұсылман ғұламалары**

### **Омар Хаиам**

Ойшыл ақын, терең философ, асқан математик Омар ибн Ибраһим әл Хаиами (1048-1130) Хорасандағы Нишапур шаһарында дүниеге келген. «Хаиам» - араб тілінде «шатыр», «тоқушы» деген сөз. Оның әке-шешесі керуеншілерге шатыр тоқып сатып, кәсіп етсе керек. Омар Хаиамнан бізге 300-ге тарта рубаиаттар жеткен. Бір рубаятында ол: «Түсінсең сенің сорың – жеті мен төрт», - дейді. Жеті – жеті ғаламшар, аспан, иағни тағдыр. Төрт - Омар Хаиам адам төрт элементтен – оттан, судан, ауадан, тозаңнан жаралғандеп түсіндіреді. Ол Аристотель, әл-Фараби, ибн Синаның көзқарастарын қабыл алып, дамытушы. 1074 жылы Омар Хаиам селжүк сұлтаны Жәлелиддин Мәлік шахтың сарайына шақыртылады. Сұлтанның өзі оны Исфағандағы обсерваторияның басшылығына қояды.

### **Омар Хаиам**

#### **Рубайлар (тәржімеші Арғынбай Бекбосынов)**

Кіл жақсы болсын сыйлас серіктерің,  
Жаманға қадіріңді кемітпегің.  
Дананың уын да іш, сұмырайдың  
Дәрісін төк тұрса да беріп тегің.  
Сен алтын емессің ғой, о ақымақ,  
Көмген соң қайтып қазып алатұғың.  
Кім білсін кімнің тұлға боп қаларын,  
Қайғырма – көйлегің көк, тоқ тамағың  
Кешегі – өтті, ертеңгі – мәлім емес,  
Бүгінгі жоқты зарлап жоқтамағың.  
Сарқытын жексұрынның жалағанша,  
Жарлы бол тұрмасаң да қалап онша.  
Аштан қат билігі бар бір оңбаған  
Жемдес деп сені өзімен санағанша.

### **Лұқпан Хакім**

Тарихта соңында халқына үлгі-өнеге боларлық даналық сөздері мен ізгі істері қалған ұлы тұлғалар, фолклор кейіпкерлері аз емес. Солардың ішінде Лұқпан Хакім мен Харун ар-Рашидтің есімі халқымызға кеңінен таныс. Біздің бала кезімізде ауылдың абыз ақсақалдары ақ дастарқан басында ақ батасын бергенінде: «Бұл – менің берген батам емес, бұрынғы пайғамбарлардың берген батасы, оның болмас қатасы. Лұқпан Хакімдей мың жаса, ер дарысын жасыңа, дуа тисін асыңа, әр кез шайтан келмесін, өле-өлгенше қасыңа», - деп те тілек айтатын. Сонан соң шығыс халықтарының фольклорында кездесетін көркем бейне – Лұқпан Хакімнің хикаяттарын сыр қылып шертетін-ді...

**Хакім деп кімді атайды?** Өмірде Хакім атанған адам Лұқпан ғана емес, халық ұлы Абайды да «Хакім Абай» - деп атайды. Сонда хакім – атақ, лауазым болғаны ма? Біз енді соған тоқталсақ.

Ислам дүниетанымында «хакам» - данышпан, құқық білгірі, «хакім» («шешуші») - даулы мәселені шешетін тәуелсіз төреші. Іс қозғалғанға дейін діни қазының (кади) алдына бармай тұрып, хакімге барып жүгінуі қажет. Оған өмір тәжірибесі бай, беделді адамдар ұсынылады. Ал енді дәстүрлі қазақ қоғамының таным-түсінігінде хакім – әртүрлі ғылымдарды жетік меңгерген, сол іліммен адамға ізгі қызмет жасауды мақсат тұтқан ғұлама.

Ұлы Абай өзінің «Отыз сегізінші қара сөзінде» хакім ұғымын жан-жақты талдап берген болатын. Содан бері қазақ философиясында хакім ізгілікті ғұлама сипатында. Ұлы Абайдың пайымдауынша, адам бойындағы ізгі қасиеттер – әділеттілік, шапағаттылық, ғылымды сүйу ең алдымен пайғамбарларға, әулиелерге, хакімдерге және кәміл мұсылмандарға тән. Пайғамбарлар Құдайға құл болуды, ізгі қасиеттерді өз бойынан табуды адамдарға үйретсе, солардың ішінде әулиелер мен хакімдерге де тән қасиеттердің өзіндік ерекшеліктері мен ортақтығы бар. Мысалы, әулиелер Хаққа ғашықтықпен бұл фәнилік мақсаттан баз кешеді, ақиреттік мақсатты көздейді. Хакімдер болса, ғылымның бұл дүниедегі пайдасына көп көңіл бөледі. Әулиелер де, Хакімдер де адалдықты, ғылымды, мейірім шапағатты сүйеді, содан адамзатқа қызмет жасау үшін өз нәпсілерін құрбандыққа шалып, шындықты – Ақиқатты табады, осыдан ләззат алады. Ұлы Абай: «Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім - ғалым», - дейді. Өйткені, Ақиқатқа хакімдер ізденіспен, ой-пікірмен, әулиелер сенімінің бекемдігімен, иман қуатының кәмелеттігімен жетеді. Абайдың таным-түсінігінде хакім мұсылман сенімінде ме, өзге дін өкілі ме, олар адамға қызмет етуді мақсат етумен, сол жолда еңбектенуімен қастерлі.

**Лұқпан Хакім өмірде болған ба?** Шығыс халықтарының фольклорында, олардың ішінде қазақтың, өзбектің, түрікменнің және тағы да басқа халықтардың ертегілері мен хикаяттарында Лұқпан Хакімнің бейнесі сипатталып, оның айтқан даналық сөздері баяндалады. Мұнда ол – көп оқып, көп ізденіп терең білім алған ғұлама, халқының қамқоршысы, әділдік пен адалдықты, шындықты жақтаушы. Осы халық әдебиетінде Лұқпан Хакім Наушаруандай әділ, Атымтайдай жомарт, Аплотондай ғұлама данышпан болған. Сондықтан болар, түркі тілдес халықтардың шайырлары мен сөз зергерлері Лұқпан Хакімді еске алып, ізгі істерін ұлықтап, тарихи тұлғалардан үлгі-өнеге алуға шақырды. Тіпті, Әбілхасан Рудаки өзінің «Шарап туралы қасидасында» Лұқпан Хакім туралы былай жырлайды:

- Ол – Платон, Сократтай данышпан,  
Дарқан ойды дарақ еткен бағбаны.  
Шарифатқа жетіктігін сұрасаң,  
Шафи, Суфьян, Әбу – Ханиф ол-дағы.  
Лұқпандай өнер шашып өмірге,  
Білім нәрі – шәрбет етіп қанғаны.

Есімі әлемге таныс Шығыс поэзиясының тағы бір классигі Мұслихеддин Сағди да өзінің «Бустан» деген дастанында:

- Лұқпан Хакім айтқан: сүрме өмір,  
Жаңсақ аттап баса алмасаң бірде-бір!, -

деп жырласа, қызылордалық дәмолла Тұрмағамбет Ізтілеуов «Ата мен бала» деген өлеңінде:

Жас демей, ақылы барды аға тұт деп,  
Данышпан айтқан Лұқпан Аплатон, -  
деп, Лұқпан Хакімді Рудаки тәрізді ақыл-ойдың алыбы Платонмен теңестіреді. Иә, Лұқпан Хакімнің әділдігі мен адалдығы, қайырымдылығы мен жомарттығы, қанағатшылдығы мен кішіпейілділігі, данышпандығы мен кешірімділігі, көрегендігі мен кемеңгерлігі талай ақындардың жырына алтын арқау болып өрілген.

Естеріңізде болар, Жәңгір ханға қарсы көтерілісте Исатай қаза тауып, қызы Алмажан мен ұлы Төрежанның жастай жетім қалатыны, Исатайдан қалған малды Нарындағы тоғыз бидің өзара тең бөліп алмақ болғанында қайсар қыз Алмажанның оларға:

- Атамнан қалған малды алып,  
Лұқпандай мың жасап,  
Өлмейін деп жүрмісіз?  
Асықпай тұр, тоғыз би,  
Сізге де келер бір кезек! –

дейтіні («Бес ғасыр жырлайды», Алматы, «Жазушы», 1984 жыл, 2 том, 90-91 беттер). Осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па, қайсар қыздың Лұқпан Хакімді көп жасаған адам, әділдіктің пірі санайтыны.

Ел арасында ежелден-ақ «Лұқпан Хакім мың жыл өмір сүріпті», - деген аңыз әңгіме бар. Оның сыры, ол үнемі елдің жақсы-жайсаңдарымен бас қосып, әңгіме-дүкен құрады екен. Және де өзін «мың жасадым» дейтін көрінеді. Замандастарының бірі «Сіз неге мың жасадым дейсіз?», - деп сұрағанында, Лұқпан Хакім: «Жақсы жандармен дидарласып, сұхбаттасқанда жасыма-жас қосылады», -деп жауап қайтарыпты.

Тарихи деректерге назар аударсақ, гректің атақты мысалшысы Эзоптың Сирияда араб тіліне аударылған (12 ғасыр) қырыққа жуық мысалы Лұқпан Хакімнің атына қатысты тараған. Ал, түркі халықтарының ертедегі аңыздарында Лұқпан Хакімнің Ескендір Зұлқарнайынның кеңесшісі әрі дәрігері болғандығы баяндалады. Тіпті, Шығыс аңыздарында Лұқпан Хакім бірде иемен патшасы, кейде әулие деп те аталады. Сондай-ақ, абиссиниялық құл еді деген де деректер бар. Жалпы, Орта ғасырдағы араб оқымыстыларының пікірінше, Лұқпан Хакім тарихта болған ғұлама. Араб ғалымдары Лұқпан Хакімді «Аййубтың немересі, Бауырдың баласы, Анамның әкесі, Абиссинияда туып, Мысырда құлшылықта болған ақын», дейді. Лұқпан Хакімнің тарихта болған адам, кәміл мұсылман екендігіне біз де күмәнданбаймыз. Себебі, қасиетті Құран Кәрімнің 31-сүресі «Лұқман сүресі» деп аталады. Мұнда Лұқпан Хакімге шүкіршілік ету үшін даналық берілгендігі, оның пайғамбар емес, дәрігер



екендігі айтылады және Лұқпан Хакімнің ұлына айтқан өсиеті баяндалады. Яғни, оның Құран Кәрімде ұлына былай дегені айтылды: «Кезінде Лұқпан (Хакім) ұлына ақыл айта отырып, «Ей, ұлым! Тәңірге шек (басқа теңдес) келтірме. (Оған) басқаны теңеу - шынында да, зор күнә», - деді. «Ей, ұлым! - деді (Лұқман). - Қылмысың қышаның дәніндей болсын, оны (тіпті) жартастың ішіне, көктің қабатына, жердің астына жасыр (бәрібір) Алла оны тауып, алдыңа жайып салады. Анығында, Алла ең сақ күзетші, барлығын біліп тұрады. Ей, ұлым! Намазды (уағында мұқият) оқы, (адамдарды) жақсылыққа үнде, жамандықтан тый, басыңа түскен тауқыметке сабыр ет (ақиқатқа жақ болған адамның басына қиындық түспей қоймайды). Сенің батылдықпен істейтін істерің осылар (17).

Адамдарды менсінбей, сырт айналма, жерді ойып жіберердей кердендеп жүрме. Анығын айтсақ, тәкаппарды, өзін (әлдеқандай) жоғары санағандарды Алла дос көрмейді(18).

Аяғыңды аңдап бас, дауысыңды бәсең ұста. Дауыстың ең дөрекісі - есектің үні» (19).

Көп адам Аплотон мен Сократты гректің өмірде болған, соңында философиялық туындылар қалдырған ойшылы ретінде таниды, Лұқпан Хакімді тек Құранда, Шығыс халықтарының фольклорында кездесетін данагөй ретінде қабылдайды. Оған басты себеп, оның қашан, қай жерде, қай елде дүниеге келгендігінің, өмірде болған, болмағандығының әлі күнге дейін жұмбақтығы. Тек, Насреддин Рабғузидің хижраның 710 жылында, яғни Иса пайғамбар туғаннан кейінгі 1310 жылы жазылған «Рабғұзи қиссаларындағы» Лұқпанға қатысты хикаяттарда былай деп баяндалады: «Хазрет Лұқпан хазрет Дәуіт алайһи салам заманында тірі еді. Бір ағаш ұстасының құлы еді... Құдай тағала екі періштені жіберді (періштелер) келіп айтты: «Ей, Лұқпан, қаласаң пайғамбар бол, қаласаң даналық ғылымынан тағылым берейік». Хазірет Лұқпан айтты: «Пайғамбарлық - ұлық жол. Даналық ғылымнан көп кісінің қажеті шығады». Сөйтіп, ол даналық, данышпандық яғни, хакімдік жолды тандап алып, әр сөзін замандастарының жүрегіне ұялата біледі, ғалам жұртшылығы оған бас иді. «Ей, Лұқпан, бұл мәртебеге қалай жеттің?» дегендерге ол: «Шындық жолымен жүргеніммен жеттім», - дейді екен».

Лұқпан Хакімнің көрегендігі, емшілігі жөнінде де аңыз әңгімелер бар. Бір күні ол екі ұлымен бірге жолда келе жатқанында бір ағаштағы ұядан торғайдың екі балапанын көреді. Балалары әпер деп жалынған соң, қайтарда алмақшы болып, ұяның аузын жауып тастайды. Алайда, қайтар жолда балапандарды ұмытып кетіп, олар аштан өледі, ана торғай шала жасар аман қалады. Мұны көріп тұрып Лұқпан Хакім: «Ұлдарым, ауыр болса да айтайын, күндердің күнінде сендермен бірге зынданға түсіп, екеуің де мерт боласыңдар, мен аман қаламын», - дейді. Айтқандай-ақ, бір патша озбырлық жасап, бұларды зынданға қамайды. Лұқпан Хакім көрегі үшін зынданға қырық батпан мейізді алып түсіп, екі – үш күнде бір мейізді талшық етеді. Балалары оған қанағаттанбай, аштан өледі. Бұл зынданда мың жасқа келгенше жатады...

Енді бір аңыз әңгімеде Лұқпан Хакімнің Аллаһ тағаладан сұрап алған жалғыз ғана ұлы болады. Бір күні ол аяқ астынан ауырып қалып, емші-балгер, тәуіп-дәрігерлер оған ешбір ем таба алмайды. Содан баласы жантәсілім етеді. Данышпан ойлайды: «Ажалға амал жоқ, бірақта мен перзентімнің не себепті қайтыс болғанын білмесем, өмір бойы өкінемін ғой. Тәуекел, өлген баламның ішін жарып көрейін». Сөйтіп, ол мәйітті жарса, ұлының ішкі ағзалары сау екен де, тек жүрегіне қыл оралып қалыпты. Соның салдарынан қан айналымы бұзылып, жүрегінің соғуы нашарлапты. Мінеки, сонда Лұқпан Хакім айтқан екен: «Әттең, дүние-ай, ұлыма домбыра тартуды немесе көкпарға шабуды үйретпеймін. Екі өнердің бірі қонғанда аман қалар еді. Домбыра тарса, күй сиқырымен, көкпар шауып, лақ айырса денесі шынығып, шымыр бола түскеннен жүрек қан-тамырлары кеңейіп, оған оралған қылдың үзіліп кетуі мүмкін еді-ау».

**Лұқпан Хакім айтыпты:** «- Екі нәрсені ұмытпа: бірінші, Алланың бірлігін ұмытпа; Екінші, ажалдың барлығын ұмытпа.

- Екі нәрсені ұмыт: бірінші, біреу жасаған жамандықты ұмыт; Екінші, кісіге жасаған жақсылығыңның қарымтасын іздеуді ұмыт.

- Төрт нәрседен сақ бол: тіл мен көз, ауыз бен жыныс мүшесі. Өйткені, тілден бал да тамады, у да тамады. Бір патша ақылды уәзірін сынау үшін оны жұмсап: «Бір қап ең жақсы ет әкел», - дейді. Уәзір бір қап тіл әкеледі.

- Жақсы. Енді бір қап жаман ет әкел, - деп бұйырады. Ол тағы да бір қап тіл әкеледі.

- Ау, мұның қалай?, - дейді патша. - Жақсы ет деп ем, бір қап тіл әкелдің, жаман ет әкел десем, тағы да бір қап тіл әкеліп тұрсың?!

- Уа, құрметті падишаһ, -дейді уәзір. - Тауып айтқан бір ауыз сөз адамды ажалдан құтқарады. Қателескен бір ауыз сөзден адам өлімге де душар болады. Балдай тәтті тілмен Шаһаризада мың бір түнге жетерлік әңгіме айтып, қаһарлы патшаның сүйіктісіне айналып кетті ғой. Халық қиялындағы Жиренше мен Қожа Нәсіреддин де хан алдында талай мәрте ажал құрығынан құтылып кетті. Ендеше, тілден бал да, у да таматыны осы емес пе? - депті.

Патша уәзірінің ақылдылығына әбден риза болыпты.

- Ал Алланың бірлігін, ажалдың барлығын ұмыту -тек күнәһардың ісі.

Сондай-ақ бір сөзден көрген жаманшылыққа жаманшылық іздеу де ақылды пенденің ісі емес. Дана халқымыз «Тексіз болма, кексіз бол», «Жақсының кегі - жібек орамал кепкенше, жаманның кегі - басы жерге жеткенше», - деген ғой.

Қайырға қайтарым күтуге болмайды. Оның қайтарымы тек Алладан. Алайда, қазір біреуден бес теңгелік көмек күтсең, оған он теңгенді дайындап қою керек. Мансап иелерінің өңеші онан да обыр. Бір көлдің суын сарықса да кеңірдегі кенеусіз оқпан тәрізді. Құдай ынсап бермеген бейбақ көзіне құм толғанша жұта беретін шығар. Жұтсын... жұтсын! Оның да зауалын тартар уақыт жетеді.

Нәпсіқұмарлық - ұрпақты аздырады, құлықты тоздырады. Мұның да арты - апат екені әрдайым есте болғаны жөн.

Ауыр тас көтердім, темір көтердім, бірақ жаман көршіден ауыр нәрсе көрмедім».

Лұқпан Хакімнен сұрапты: «Әдепті кімнен үйрендіңіз?».

Жауап беріпті: «Әдепсіздерден үйрендім. Олардың өзін-өзі ұстауына қарап, қайсысы көңіліме жақпаса, сол әдеттен бездім».

Лұқпан Хакім айтыпты:

«- Пайғамбарлық, әрине, үлкен іс, абыройлы міндет. Бірақ, адамзат білімге -даналыққа мұқтаж. Сол үшін мен соңғы жолды қаладым.

- Сіз осыншама білімді қалай игеріп, мұнша даналыққа қалай қол жеткіздіңіз?-деп сұрапты замандастарының бірі. Ол оған былай деп жауап қайтарыпты:

- Тура жолда жүргенімнен таптым».

Лұқпан Хакім құрықты көлеңке, құрымды көрпе ғып күн кешіп жүрген күндердің бірінде оған қиянатшыл қожасы бидай егуді бұйырыпты. Лұқпан Хакім «мақұл» депті де, арпа егіпті. Оған ашуланған қожасы:

- Әй, мен саған бидай еккің деген жоқ па едім, неге арпа ектің? - деп кейіпті. Лұқпан Хакім айтыпты:

- Арпа ексем бидай шықпай ма?

- Арпадан бидай шыққанын қашан көріп едің, найсап?!

- Уа, Қожайын, неге сен үнемі жамандық жасап, жақсылықтан үміт күтесің?

Қожайын өз айыбын түсініп, тәубе айтып, қиянатшыл қылығын қойыпты...

Лұқпан Хакім Дәуіт пайғамбарға барса, ол ұстаханасында темірден сауыт жасап жатыр екен. Бұл «Мұндай киімдерді кімдер киеді?»,-деп сұрамай, сабыр сақтайды. Сәлден соң Дәуіт пайғамбар орнынан тұрып, дайын сауытты киеді де:

- Қарашы, Лұқпан. Мен суық темірден ыстық киім шығардым. Мұны иіңіңе іл де, жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің, - дейді.

Сонда Лұқпан Хакім: «Шыдамдылық деген қандай жақсы қасиет. Сәл шыдап едім, өзімді де, Дәуітті де ыңғайсыздықтан құтқарып қалдым», - деп іштей ойға батыпты.

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

**(«Инфо-Цес» газетінен, 2011 жыл 28 қазан).**

### **Адам – бір көшкен керуен**

Адам – бір көшкен керуен,

Құрармыз аз күн серуен.

Керуендей көш тартып,

Асармыз бір күн белінен.

Адал жүріп тірлікте,

Айрылмайық сенімнен.

Кірсе лебіз, шықса жоқ,

Қауіп етіндер өлімнен.

Қол қайырың болмаса,  
Не әкетесің өмірден.  
Өлмей тұрып, киіп-іш,  
Мініп жорға, сұлу құш.  
Ғаріптерге қарайлас,  
Өлгеннен кейін не керек,  
Алтын мен күміс зеріңнен.  
Не жандар өткен байлықпен,  
Өтірік сөз зорлықпен,  
Жаһанға малы сыя алмай,  
Кемтарларға қия алмай,  
Тұтыларсың бір күні,  
Малтыққан қарға қояндай.  
Иманың ата болмайды,  
Қанаудан ниет тазармай.  
Өлімге көзің жетсе де,  
Жақсылыққа бой ұрмай,  
Ақыры бір күн өтерсің,  
Үзіліп сонда кетерсің.  
Ішпей-жемей жиғаның  
Артыңда қалар бір күні,  
Сол кезде сорлы-ау, қайтесің?

**Қылышбай Ержанұлы.**

... Арың қайда, арың қайда бұрынғыдай бұқпайтын,  
Заман туды тым сырғанақ қатық құйсаң жұқпайтын,  
Жүрек жанып, естен танып, кеңкелестер көбейді-ау,  
Пайда болды тас құлақтар ештемені ұқпайтын.

Көбейді ғой керенаулар дұрыс сөзді ұқпайтын,  
Қалмаған ба есті адам ақылыңды құптайтын.  
Қаңқау-саңқау, ақсақ-тоқсақ төңіректі қаптаған.  
Қайда кетті ер-азамат жауға салсаң ықпайтын.

**Қазыбек Тауасарұлы.**

### **«Жақсылар істі түзет!...»**

Қазақ ұлы біз тұрмыз,  
Үлгі-өнерден тым құрмыз,  
Сауынға бар, санға жоқ  
Надандықты емдеткен,  
Қисық жолды жөндеткен,  
Тым болмаса қам да жоқ.  
Бай болғымыз келеді,  
Ниетті сүйтіп бөледі,

Жолға кірген мал да жоқ,  
Сұлуды көңіл сүйеді,  
Көрсен көңіл күйеді,  
Оның көңілі маңда жоқ.  
Артта қалған өрнек жоқ,  
Көрге барсақ ермек жоқ,  
Жарық сәуле, шам да жоқ.  
Азбандай дауға ілестік,  
Бұқадай буға сірестік,  
Қызық түгіл шаң да жоқ.  
\*\*\*

Қылтиған жазғытұры бір жауқасын,  
Өмірдің қайдан білсін көбін, азын.  
Жетсем деп бәйтерекке бас тартады,  
Аз күнге арқаланып күннің жазын.  
Арманда сол жауқазын аз тұрғанға.  
Құмға неге шықтым деп саз тұрғанға.  
Алды-артын адамзат та абайламас,  
Алданып аз ғана күн қаз тұрғанға.  
Қурайды сол жауқазын аз күн тұрып,  
Сол кезде кім қарайды мойнын бұрып.  
Көкті қу, отты күл қып, өшіре сап,  
Сұм жалған алдап, арбап кеттің ұрып.

**Нарманбет Орманбетұлы.**

### **Мәлике қыздың хикаясы**

**Көнеден жеткен бір мұра - "Жүз сауал". Мұны 1930 ж. көне түрік тілінен қазіргі қазақ тіліне аударған - Әлиакпар Жұматайұлы. Бұл көне мұраны Сыр бойының жыршысы Ұлжан Байбосынова мен маңғыстаулық жыршы Базарбай Сарымағамбетұлының нұсқасымен салыстырылып дайындаған Ақылбек Тасқараұлы.**

Тебіреніп тіршілікте сөйле, тілім,  
Қайғырып қапаменен өтпей күнің.  
Болжаусыз болашағын кім байқаған,  
Есіркеп демемесе Алла құлын.  
Кейбіреу байқап әлін, бағып малын,

Өсіред тәрбиелеп қыз бен ұлын.  
Біреу жүр үнем таппай ішуіне,  
Көргісіз көне киім алым-жұлым.  
Біреу жүр сансыз малмен салтанат қып,  
Қойдырып алтын айдар, зерлі тұлым.  
Бәрі де пәни мүлкі пайдасы жоқ,  
Асылында андаушыға айтсам шынын.  
Адамдық атағыңды сол ақтайды,  
Тарихта таңырқарлық тапсаң ғылым.  
Елінде бәни Ысрайыл мекен еткен,  
Бар еді бір ұлық шәр аты Үрім.  
Мақтарлық Мәлік атты патшасы бар,  
Кең ойлы кемеңгер ед тілі шырын.  
Халқына әділетті патша болып,  
Ақылмен ашып әрбір істің түрін.  
Бір күні елін жинап етті баян,  
Шығарып сақтап жүрген іште сырын.  
Ұлым жоқ өліп кетсем я қызым жоқ,  
Ұнамсыз осы шаруам болды қырын.  
Қағбаға қырық нар сойып тәуап етті,  
Еді деп ескілікті бұл бір ырым.  
Халқы да қолын жайып қылды дұға,  
Я, Алла болса, екен деп бұған жұрым.  
Тілегін талапты ердің қабыл қылып,  
Пейіштің бағасы артық берді үрін.  
Алтын шаш, алма мойын, айдай сұлу,  
Өндірдей өне бойы өрме бұрым.  
Аузынан әрбір шыққан сөзі кәусар,  
Шамшырақ шаһнасына шашқан нұрын.  
Падиша шамадан тыс шаттықпенен,  
Шақырып той жасады ойы-қырын.  
Қызына Мәлика деп ат қойдырды,  
Есіркеп еске алар деп ескі пірін.  
Тоқсан күн тоқтауы жоқ той жасады,  
Топ жарған түрлі бұлбұл айтып жырын.  
Әр түрлі арақ-шараф, асқа тойып,  
Талайлар болып жатты қызыл мұрын.  
Толтырып тоқсан күнге той өткізді,  
Көрсетіп тамашалық әрбір түрін.  
Аңсаған арманына жеткен патша,  
Тарқатып көптен жүрген көңіл кірін.  
Той етіп тамашадан тарқады елі,  
Бір шықты боз балалардың іштен желі.  
Осындай өмір шіркін өтіп жатыр,

Сәуірдің секілденіп аққан селі.  
Мәлика жиырма жасқа жаңа келді,  
Бұралып тал шыбықтай қыпша белі.  
Сол жылы сұлу қыздың атасы өліп,  
Тағына өзі отырды сол деп жөні.  
Атаның саясатын мықтап ұстап,  
Әр түрлі іс көрсетті өнегелі.  
Халқына қиын-қыстау күн туғанда,  
Ақылдың дариядай болды кені.  
Мәлике 36 жасқа келді,  
Осындай даражада көп күн өтті,  
Бас қосар бағасы артық шықпай теңі.  
Бір күні хабар салып халқын жинап,  
Былай деп қыз бастады әңгімені.  
Жүз түрлі сауалым бар соны тапса,  
Айбынбай әйелдікке алсын мені.  
Таппаса сауалыма таза жауап,  
Дарға асып өлтіремін шермендені.  
Қолайсыз қыздан шыққан бұл хабарға,  
Қалтырап қайғырды жұрт, қашып өңі.  
Сонда да халықтың іші қарап жатпай,  
Талпынып талай жердің келген ері.  
Қыз айтты шартты сөзге шамаласпай,  
Көп болды босқа барып өлгендері.  
Үрім мен Үндістанның қарауында,  
Таусылды таудай талап кемеңгері.  
Мерт болған арыстандай айға шауып,  
Босқа өлді бодауы жоқ небір бөрі.  
Шыдамай шыға шапқан жүйріктердің,  
Көп болды күлкі болған арам тері.  
Осындай күйге салып уәләятын,  
Қыз отыр қылаң етпей саясатын.  
Түркістан топырағында туып өскен,  
Белгісіз бір мүсәпір жан болатын.  
Дағдылы данышпандық ақыл иесі,  
Деуші еді Әбділәхим анық атын.  
Естіпті қыздың айтқан қиын сөзін,  
"Шешем" деп шешендіктен сол баратын.  
Қыз көріп қайдан шыққан жан едің деп,  
Сұрады және кім деп асыл затың.  
"Шешемнің құрсағынан шығып келем,  
Мекенім алыс емес мен баратын.  
Асылым Адам сафи ұрпағынан,  
Түркістан - туып-өскен уәләятым.

Алыстан атыңды естіп іздеп келдім,  
Айта бер сұрағыңды сен қоятын".  
Қыз айтты: "қиын сұрақ, - шеше алмассың,  
Елге қайт менің айтқан насихатым.  
Табанда таба алмасаң дарға асамын,  
Кейіннен келмес сірә мархаматым.  
Жалындай жас өмірің босқа кетер,  
Онан соң мұршаң келмес ойланатын,  
Сұлуға сонда жігіт деді: "Шырақ,  
Алыстан іздеп келдім, жерім жырақ.  
Жолында сен секілді асыл заттың,  
Сұраусыз менің басым, өлсін, бірақ.  
Тағдырдан тысқары іс сірә болмас,  
Айта бер сауалыңды жылдамырақ".

**Сұрақ:**

- Сен қайдан келесің?

**Жауап:**

- Атаның белінен, ананың құрсағынан келемін.

**Сұрақ:**

- Қайда барасың?

**Жауап:**

- Ләмканға (о дүниеге) барамын.

**Сұрақ:**

- Қайда тұрасың?

**Жауап:**

- Көрстанда тұрамын.

**Сұрақ:**

- Қай намаз көктен енді, жерге жетпеді?

**Жауап:**

- Ол жаназа намазы.

**Сұрақ:**

- Дәриялардың әсілі неден?

**Жауап:**

- Нұхтың топанынан.

**Сұрақ:**

- Жер мен көктің арасында намаз оқыған кім?

**Жауап:**

- Ол Сүлеймен.

**Сұрақ:**

- Хауа-Ананы Адам-Атаның ішінен жаратты ма, жоқ сыртынан жаратты ма?

**Жауап:**

- Ішінен жаратты. Егер сыртынан жаратса әйелдер де еркекше денесін ашып жүрер еді.

**Сұрақ:**



- Еркектен ұрғашы болды, ұрғашыдан еркек болды. Олар кімдер?

**Жауап:**

- Адамнан Хауа болды, Мәриямнан Ғайса болды.

**Сұрақ:**

- Дүниенің қызығын неге меңзейсіз? – деді.

**Жауап:**

- Ұйқыда түс көресің, оянсаң еш нәрсе жоқ. Мысалы сол сияқты.

**Сұрақ:**

- Дүнияда не жүйрік?

**Жауап:**

- Адамның ойы жүйрік.

**Сұрақ:**

- Не алыс?

**Жауап:**

- Адамның арманы алыс.

**Сұрақ:**

- Дүнияға шыға сала ешкімді ұстаз тұтпай өзі жүріп кеткен жан бар ма?

**Жауап:**

- Үйректің балапанын жұмыртқадан шыға сала суға салсаң жүзіп кете береді.

**Сұрақ:**

- Не ауыр?

**Жауап:**

- Күнә ауыр.

**Сұрақ:**

- Жан жолдасың не?

**Жауап:**

- Иманым.

**Қыз:**

- Онда өз обалың өзіңе деп бастады.

**Сауал:**

Қыз айтты: кетпес дейсің сенің түрің,

Кетпесең өз ісіңе өзің ұрын.

Бер жауап сауалыма жылдамырақ,

Жаратты Алла нені елден бұрын?

**Жауап:**

Кәф пен нұн жаратылды елден бұрын,

Әлемге жарық етіп оның нұрын.

Онан соң екі түрлі жан жаратты,

Бірі жылан, бірі шаян етіп түрін.

Олардың ортасынан Ібіліс туып,

Құданың құдіретімен болды қырын.

Сапына сәжде қылмай адамзаттың,

Мойнына лағнет атты ілді құрым.

**Сауал:**

Қыз айтты: мұны таптың ая, пақыр,  
Тағы да іркілмей шеш болсаң батыр.  
Жаны жоқ, қол, аяқ жоқ тамақ жейтін,  
Бұл белгі кімнен қалып келе жатыр?

**Жауап:**

Әй, сұлу, осы ма еді сұрақтарың?  
Табармын аман болсам мұның мәнін.  
Құданың құдіретімен білдірмекке  
Асаға тіл бітірді Мұса Кәрім.  
Жаны жоқ, қол, аяқ жоқ, ғаршы кезіп,  
Көрсетті неше түрлі ғажаптарын.  
Ақырып арыстандай қойды қуған,  
Кәпірдің қарсы келген салауаттарын.  
Мұсаға Шұғайыптан қалған аса,  
Іс еткен мұсылманның сақтап арын.

**Сауал:**

Қыз тағы сауал берді мүсәпірге:  
Аспаннан неше кітап түсті жерге?  
Олардан неше мәшһүр, неше мансұқ,  
Атап айт арнап келген ол кімдерге?  
Онан соң абзалдарын атап көрсет,  
Айта алсаң біз нанамыз дәлелдерге.  
Өтірік өлем десең жауап терме.

**Жауап:**

Аспаннан жерге түсті жүз төрт кітап,  
Бәрін де мұсылмандар қадыр тұтат.  
Солардың бірі Інжіл Иса үшін,  
Мұсаға Тұр тауында түскен Таурат.  
Дәуітке Забур деген кітап келіп,  
Құранды Мұхаммедке берген арнап.  
Жабрайыл жеткізгенді мәшһүр дейді,  
Басқасы бар кітаптың мансұқ болат.  
Абзалы жүз төртінің сол төрт кітап,  
Қашанда орындайтын етбей қылау.

**Сауал:**

Қыз айтты сұрайтыным тағы да бар,  
Таппасаң саған дүния болады тар.  
Адам мен Мұхамедтің арасында,  
Айтып бер өтті неше пайғамбарлар?  
Ішінде пайғамбардың неге нәби,  
Тағы да айтты неше мұрсалы бар?  
Солардың абзалдарын атап көрсет,  
Тезірек ашуыма болмай душар.

**Жауап:**

Сөзіме, тақсыр, менің құлағың сал,  
Азырақ бұл сөзімнен ғибрат ал.  
Бір жүз да жиырма төрт мың пайғамбардың,  
Үш жүз он үші болды мұрсал.  
Түсінде аян берген болған нәби,  
Жабрайыл жауап берсе солар мұрсал.  
Әуелі мұрсалдың бірі Адам Сәпи,  
Онан соң Нухы, Ібрахим болма мәтал.  
Смағұл, Жүніс, Ідіріс, Лұт бенен һүт,  
Зікірия, Жүсіп дейтін Сахып-Жамал.  
Яхия, Иса менен Дәуіт Салых,  
Сүлеймен, Қызыр, Ілияс ол шекер-бал.  
Онан соң Аюп, Мұса, Нұрмұхаммад,  
Шын досты өзі сүйген ақ зұлзалал.  
Төрт кісі жиырмасының ең абзалы,  
Осымен бұл сауалың және бітті,  
Таба алсаң тағы да бар басқа сауал.

**Сауал:**

Қыз айтты: мұны таптың ая, пақыр,  
Болыпты пайғамбардан кім мүсәпір?  
Тағы да кім разы, кім сабырлы,  
Бұл нұсқа кімнен қалып келе жатыр?

**Жауап:**

Әй, сұлу, осы ма еді сұрақтарың?  
Сен тыңда, мен айтайын оның мәнін.  
Айтқанда адам нанбас азап көрген,  
Аюптың жеті жылдай құрт жеп тәнін.  
Ажарсыз адырайып сүйек қалған,  
Құрт сорып бәданында барлық қанын.  
Сонда да қабак шытып қамықпаған,  
Қаншада қиналса да шыбын жаны.  
Сабырлық сансыз тәуба сонан қалған,  
Жат етіп жатпай-тұрмай ахтың нәмін.  
Пендесін жарылқау мен жабырқату,  
Деп ойлап пазылында бір Алланың.  
Онан соң Смағұлды етіп құрбан,  
Атасы алқымына пышақ ұрған.  
Әй, ата, әміріңе ризамын деп,  
Ұсынып ақ жолына мойын бұрған.  
Айтқанын атасының екі қылмай,  
Көңілі кіпаратсыз толған нұрдан.  
Шалдырмай Смағұлды шапшаңырақ,  
Жабрайыл жетіп келіп ара тұрған.  
Пейіштен бір қошқарды беріп Алла,

Орнына Смағұлдың ауыстырған.  
Мойынын уаққа ұсынып, шытбай қабак,  
Ырзалық үлгі қалды Смағұлдан.  
Бұйрығын атасының ақтамаса,  
Не пайда адал болып туған ұлдан.

**Сауал:**

Пақырым, жан екенсің бақыт қонған.  
Жауапты табатұғын оң мен солдан.  
Мен саған бір сауалды тағы айтайын,  
Нешеуі пайғамбарлардың патша болған?

**Жауап:**

Падиша біріншіден болған Жүсіп,  
Жан еді тақаппарлық көңілі кішік.  
Ырза боп ренжімей қайтушы еді,  
Алдына барған кісі ісі түсіп.  
Екінші тағы патша болды Дәуіт,  
Қылапсыз кеткен емес қылдан ауып.  
Барлығын бай-жарлының бірдей көрген,  
Ақылмен әділдіктің бәрін тауып.  
Онан соң патша болды ер Сүлеймен,  
Данышпан дана еді ақылы кең,  
Арасын аспан-жердің бірдей билеп,  
Болмаған ешбір адам өзіне тең.  
Ескендір Зұлқарнайын бұл да өткен.  
Күн батыс, күн шығысқа үкімі жеткен.  
Өзінің патша болған заманында,  
Әлемге әмір мағрұп нұрын төккен.  
Бесінші Нұрмұхаммед ибн Әшім,  
Кәғбалық баққан Бәйтіл Мұхаддасын.  
Абзалы пайғамбардың ақыры сол,  
Жаратқан Алла артық даражасын.  
Өлгенше ұмматым деп зар-зар жылап,  
Көзінің көлдей қылып төккен жасын.  
Айтылған осы бесеу болды патша,  
Бұларға дей алмассың бар таласым.

**Сауал:**

Қыз айтты: пайғамбарлар аспан-жерде,  
Алламен арасында жоқ дүр перде.  
Солардай Алла сүйген асыл заттың,  
Сүйегі шірігені бар ма көрде?  
Бар болса толықтырып тағы айтып бер,  
Сүйеніп сенерлік дәлелдерге.

**Жауап:**

Бұл сөзге жігіт былай жауап айтқан:

Жүсіпті ағалары құл ғып сатқан.  
Мен жүйрік талай жерде талмай шапқан,  
Құлдықта бір неше жыл азап тартқан.  
Ел билеп ең соңында ер жеткенсін,  
Патшалық орын алған алтын тақтан.  
Болған соң ісі әділ, ақылы кең,  
Айрылған ата жұртын іздеп тапқан.  
Көңілі патшалықтан көтеріліп,  
Көріскен атасына түспей аттан.  
Сондықтан оның еті көрде шіріп,  
Бос қалған атасы етер мархаматтан.  
Кішік бол, ұлық болсаң деген мақал,  
Не пайда тәкәппарлық дәу болмақтан?

**Сауал:**

Әй, пақыр, білімдінің сен де бірі,  
Болсаң да Түркістанның мүсәпірі.  
Пайғамбар мұрсал, нәби еткен біраз,  
Солардан дүнияда бар ма тірі?  
Егерде тірі болса олар қайда,  
Түсіндір қалай болды оның түрі?  
Есітіп осы отырған көп жамағат,  
Көңлінің күңгірт тартқан кетсін кірі.

**Жауап:**

Дүнияда төрт пайғамбар қалды тірі,  
Иса, Ідіріс, Қызыр, Ілияс оның бірі.  
Ідіріс Иса менен көк жүзінде,  
Бөлеген айналасын Хақтың нұры.  
Қызырдың қызыметі жол бағады,  
Жолы болар Қызыр баба оңдағаны.  
Қақпайлап қараңғыға итермелейд,  
Кез келсе кәсіпқордың оңбағаны.  
Ілияс суда кеме болса ғарып,  
Әрқашан қол береді соған барып.  
Құданың құдіретімен сүйген құлы,  
Оларға күндіз-түні бірдей жарық.

**Сауал:**

Қыз айтты Құдіретті болсаң күшті,  
Жаратқан таңғажайып талай істі.  
Жауап бер сауалыма жылдамырақ,  
Өлтірсе күнә болар қандай құсты?  
Ол құстың әрбірінің атын атап,  
Және де сыпаттап бер қандай түсті?  
Бұл сөзге отырмады жігіт сасып,  
Кетпеді жауап бермей енді қашып.

## **Жауап:**

Нухының уақтысында топан тасып,  
Сиярлық жан-мақұлық кеме жасап,  
Үстінде айдын судың жүрді басып.  
Кетіп ед қара қарға жер көруге,  
Келгенде су азайып жақындасып.  
Ол құзғын құлқынына тамақ іздеп,  
Қайықта қауым халық қалды адасып.  
Онан соң көк қарғаны жібереді,  
Қайтадан Нухы жұртпен ақылдасып,  
Құрғақ жер тау басынан тауып қайтты,  
Түсті жұрт соған барып жабырласып.  
Халқына қызметі жаққаннан соң  
Жүрді жұрт оның сөзін мақұлдасып.  
Қиянат халық үшін ойламасаң,  
Болады үлкен сауап, ақыры нәсіп.  
Иманның ықпалында болып жүрсең,  
Кетпейді абырой мен ақыл қашық.  
Сондықтан көк қарғаны өлтірмеңдер,  
Боласың өзің жәһил, атың пасық.  
Айтайын қарлығаштың еткен ісін,  
Ол ісін мен айтпасам білемісің?!  
Кәпірлер тоқсан түйе томар жаққан,  
Ібрахим пайғамбарды өртеу үшін.  
Қарлығаш қанатымен су тасыған,  
Підә ғып пайғамбарға барлық күшін.  
Қарлығаш қанатымен су септі деп,  
Бар ма еді естігенің ел үлгісін?  
Нухының уақтысында топан басып,  
Қайғырған қауымын ойлап жаман сасып.  
Сиярлық дүния жүзі кеме жасап,  
Мінгізіп соның бәрін кеткен қашып.  
Бір күні сол кемені тышқан тесіп,  
Жағдайсыз жұрт қалады шуылдасып,  
Қаумына хабарлады Нухы тұрып,  
Тесікті тығамыз деп немен басып.  
Сол кезде жылан тұрып жауап берді,  
Тесікті тұрайын деп мен шарттасып.  
Топан су қайтып кейін, тоқтап кеме,  
Бір жанды шағуыма етсең нәсіп.  
Өзімнің қалауымша қанын сорып,  
Азырақ шаттанайын көңілімді ашып.  
Пайғамбар бұл кеңесті мақұл көрді,  
Тілесек кімді шақ деп ұлықсат берді.

Шәйнектің қақпағындай ширатылып,  
Бітеді жылан тұрып тесік жерді.  
Топан су қайтып кейін, тоқтап кеме,  
Күллі жұрт шығып сыртқа қойдай өрді.  
Уағдам орындалды, қайтесің деп,  
Алдына пайғамбардың жылан келді.  
Сен шақсаң шыдай алмай өліп қалар,  
Адамзат мақұлқат пен жәндік деді.  
Бір сона барып шағып байқап келсін,  
Дегенге дауласпай-ақ жылан көнді.  
Ызыңдап барып сона түрлі жанға,  
Тұмсығын батырып жүр қызыл қанға.  
Қарлығаш қарсы алдынан шыға келіп,  
Сұрады, қан тәтті деп қайсы жанда?  
Басқа да адамзаттан тәтті қан жоқ,  
Деп сона келмек болды әбжыланға.  
"Тілінді, олай болса, көрсетші, деп,  
Қарлығаш жақындады ант ұрғанға.  
Жұлқылап түбірімен жұлып алды,  
Шығарып улы тілін ол тұрғанда.  
Зыңылдап дым айта алмай сона кетті,  
Алдына әбжыланның келіп жетті.  
Артынан қарлығаш та қуып келіп,  
Аянбай әл келгенше істеді епті.  
Дүнияда құрбақаның қаны тәтті,  
Сонадан соны естіп келдім, депті.  
Қапыда қарлығаштың қанатынан,  
Сұм жылан сумаң етіп ала кетті.  
Ортасы құйрығының ой түскенмен,  
Қарлығаш қанатынан ілдірмепті.  
Жылан мен құйрығы жоқ құрбақаның  
Арасы осылайша дау боп өтті,  
Бар еді тағы бір құс байғыз деген,  
Адамның алда ойлап қамын жеген.  
Сұлтанға Сүлеймендей ақыл айтып,  
Ерте-кеш етті сана үһілеген.  
Адамзат өлмек рас ұмытпа, деп,  
Ишарат етед басын салып төмен.  
Сүлеймен сұлтан болған заманында,  
Әрқашан ақылдасқан байғызбенен.  
Байғыздан баһасы артық тағлым алып,  
Ақылы асылзаттың болды терең.  
Арланба, ақылды сен де үйрен,  
Ойында болса сенім өлем деген.

Жүк ауыр, жолың алыс, жүдеп қалма,  
Сақтанбай босқа жүріп етпей елең.  
Керуен көшкен күні жол азық жоқ,  
Шөлдеме ара шөлде болып шемен.  
Қарлығаш, көк қарға мен бірі көкек,  
Болады бәрі төртеу байғызбенен.

**Сауал:**

Қыз айтты, қулығың сал ая, заңғар,  
Мен айтқан сауалымда түрлі мән бар.  
Айтып бер бастан-аяқ толықтырып,  
Дүниядә атасы жоқ неше жан бар?  
Олардың ондай болған себебі не,  
Ұғынсын құлақ салып тыңдағандар.

**Жауап:**

Атасыз Адам менен Хауа келген,  
Көк қошқар Смағұлға көктен енген.  
Салықтың садақасы қабыл болып,  
Оған да айыр өркеш түйе берген.  
Мұсаның ғажайыпты асасы бар,  
Өнерін талай кәпір көзбен көрген.  
Осының бесеуін де байқауымша,  
Деп айтпад анасының сүтін емген.  
Дүниядә бес атасыз осы нәрсе,  
Кейіннен ұрпағы біз өсіп-өнген.

**Сауал:**

Қыз айтты, ермек еттік екеу ара,  
Жақсының айтқан сөзі болар сара.  
Атасы баласынан бұрын туып,  
Сақалы не себептен болды қара.  
Және де өз ұлынан қырық жас кіші,  
Айтып бер осы арасын дара-дара.

**Жауап:**

Бұл сөзге жігіт былай жауап қатты,  
Тыңдасаң менің сөзім балдан тәтті.  
Болыпты бір пайғамбар Ғазиз атлы,  
Қырық жаста ажал жетіп өліп қапты.  
Сексен жыл өткеннен соң жан енгізіп,  
Қайтадан жан беруші өзі оятты.  
Қараса жүз жиырмада баласы бар,  
Пайғамбар мұны көріп таңырқапты.  
Құданың құдіретін көзбен көріп,  
Ыстық жас екі көзден көлдей ақты.  
Баланың басы аппақ қу секілді,  
Ғазиздің сақалы да ағармапты.



Ғажайып Хақ ісіне қайран қалып,  
Таңырқап тамсанбаған жан қалмапты.  
Ісінен ілгерінің ғибрат алып,  
Бірнеше қара көңіл қаһар тапты.

**Сауал:**

Қыз айтты, екі дәу бар қатар өскен,  
Қыс қыстап, жаз жайлауға бірге көшкен.  
Аспан жер бір-біріне қабысқанмен,  
Серті бар айрылмасқа Құдай дескен.  
Дүния дөңгеленіп жаралғалы,  
Бірнеше қилы заман бастан көшкен.  
Қиямет күнге дейін айырмастан  
Сонда да арасынан қыл өтпейді,  
Келеді уағдасы өзгерместен.

**Жауап:**

Япырмай, бұл жұмбақты таппаған кім? -  
Мұны да мен табайын айтсаңыз шын.  
Қиямет күнге дейін айнымайтын,  
Екі дәу біреуі күн, біреуі түн.  
Достығы екеуінің өзгермеген,  
Өтсе де қилы заман бірнеше мың.  
Қиямет болғанынша қылабы жоқ,  
Достығы екеуінің болады шын.

**Сауал:**

Қыз айтты, бір ағаш бар өзі биік,  
Тұрады биіктігі көкке тиіп.  
Он екі бұтағы бар бір өзінің,  
Тараған әр тарапқа басын иіп.  
Отыздан әр бұтақтың жапырағы,  
Маржандай тізілдіріп қойған түйіп.  
Бір жағы жапырақтың аппақ сүттен,  
Бір жағы секілденіп қара күйік.  
Құданың құдіреті қандай күшті,  
Түрлі түс бір ағашқа берген жиып.  
Таба алмай осы ағаштың тариқатын,  
Ақылдың айналасы болды тұйық.

**Жауап:**

Бір жыл ғой биік өскен болса дарақ,  
Он екі ол бұтағы тұрған тарап.  
Отыздан әр бұтақтың жапырағы,  
Несіне әуре болам оны санап.  
Қарасы жапырақтың қараңғы түн,  
Күндіз ғой екінші беті болса жарық.  
Осымен ол сауалың жаңа бітті,

Мен емес тұратұғын оған қарап.

**Сауал:**

Әй, пақыр, келген болсаң іздеп мен деп,  
Тағы да сауалым бар айтсаң жөндеп.  
Аспан жер, ай менен күн болғанменен,  
Айтады бұл дүнияның несін кең деп.

**Жауап:**

Жігіттің бұл сауалдан хабары бар,  
Әй, сұлу, мұныға да жауабым бар.  
Тар десе кең дүнияны емес қояр,  
Патшасы бір шаһардың болса залым,  
Кең дүния сол халыққа болады тар.  
Байлаусыз қол-аяғы, амалы жоқ,  
Жүре алмай өз еркінше болады зар.  
Бұларға кең дүнияның пайдасы не,  
Осындай бір бөлеге болса душар.  
Кеңдігі дүнияның әділдікте,  
Ұғынад осылай деп аңдағандар.  
Екінші, кеңдігі сол ғылым білсе,  
Ғылымның неше түрлі тілін білсе.  
Тарихтың таудай үлкен тағыларын,  
Алдына асаудай-ақ сүріндірсе.  
Кеңдігі дүнияның сол ғылымда,  
Тұяқты толығырақ іліндірсе.

**Сауал:**

Әй, пақыр, тағы айтайын болсаң алым,  
Табарсың бұл сөзді де келсе әлің.  
Өзінің пиғылынан түсі өзгеріп,  
Дүнияда неше нәрсе болды залым?  
Олардың залым болған себептерін  
Баяндап бастан-аяқ етші мәлім.

**Жауап:**

Бұл сөзге жігіт былай жауап берді,  
Алдында асыл сөзді және терді.  
Аю да әуеліде адам еді,  
Артық ед қатарынан қайрат-күші.  
Қауымына бәни Ысрайылдың қастық ойлап,  
Тиіпті өз басына еткен ісі.  
Исаға маймыл малғұн мойын ұсынбай,  
Дүнияның болды мәжігүн күлдіргісі.  
Түлкі де тыным таппай ұрлық қылып,  
Оны да жақтырмапты үлкен-кіші.  
Арамқор адам екен доңыз деген,  
Ақсиып арамдықпен қалған тісі.

Болған соң кірлі көңіл кірпікшешен,  
Жүріпті сырты тікен жан боп іші.  
Өрмекші қанағатсыз қатын екен,  
Қарғыспен ол да өзгерген біл белгісі.  
Осындай адам екен итала қаз,  
Шайтанмен көкке ұшты етіп ауаз.  
Қашыр да қаржыға бай бір кісі еді,  
Көп алып, басқа адамға беріпті аз.  
Тасбақа тамақ үшін ұра бақты,  
Өзіне сол ұрадан пайда тапты.  
Ұры аяқ өзі алғанда толық болып,  
Бергенде басқа адамға қалтылдапты.  
Сондықтан ұры аяғы төңкеріліп,  
Төсі мен жауырыны қатып қапты.  
Жарғанат жаратылған емес құстан,  
Жауыз еді жақынына еткен дұшпан.  
Тоты құс абыройын жаппайды екен,  
Көрсетіп көп ішінде кимей ыштан.  
Өсекке өте үйір адам екен,  
Сусылдап шұнақ құлақ суыр тышқан.  
Тіл болса, білімі жоқ бір надан бай,  
Қайырсыз қара көңіл кәпірістан.  
Мән-жайын мысал етіп баяндадым,  
Құралған құзғындарды әрбір тұстан.  
Әр адам өз пиғылынан күнә тауып,  
Әйтеуір азғын болған сол қарғыстан.

**Сауал:**

Қыз айтты, әй, мүсәпір, тағы да ойлаш,  
Адамзат бұл дүнияда неге тоймас?  
Қаншама Алла артық бергенменен,  
Болды деп қанағат қып сірә қоймас.

**Жауап:**

Дүнияда жеті зат бар адам тоймас,  
Болды деп қанағат қып сірә қоймас.  
Адамның нәпсісі еді соның бірі,  
Қатынға қанағатсыз еткен ойнас.  
Екінші, көз тоймайды көргеніне,  
Дүнияның түрлі қызық өрнегіне.  
Үшінші, от тоймайды обырланып,  
Отынды қаншама көп теңгені де.  
Төртінші, тойымсыз бай малға тоймас,  
Құдайдың шүкір етіп бергеніне.  
Бесінші, білім үшін ғалым тоймас,  
Осы да жарар-ау деп ермегіме.

Алтыншы, адам тоймас өміріне,  
Қайғырар қартайса да өлгеніне.  
Жетінші, есітуге құлақ тоймас,  
Тағы да не есітем деп қарап тұрат,  
Құлақтың мешкейлігін сонан байқа,  
Есітед ең болмаса жұрттан сұрап.  
Осы айтқан жеті түрлі жалмауыздың,  
Барлығы өлген күні бірақ тынад.

**Сауал:**

Осылай қыз сөйлетіп мүсәпирді,  
Әр түрлі адам ашпас ашты сырды.  
Онан соң тағы берді бір сауалды,  
Әйелде мінез бар деп неше түрлі?

**Жауап:**

Әйелдің бір мінезі, мысалы, жылқы,  
Жылқының қиянатсыз болар құлқы.  
Өзінің аманатын қиянат қып,  
Тұрады секілденіп жаудың мүлкі.  
Ұқсайды бір мінезі маймыл затқа,  
Ыржақтап көз салады әрбір жаққа.  
Тағы да бір мінезі бөріге ұқсар,  
Тұрмайды еріменен қанағатқа.  
Боқ жеген ит секілді бір мінезі,  
Қиянат жасаған соң аманатқа.  
Тағы да бір мінезі шайтанға ұқсар,  
Қарамайды абырой мен ар-ұятқа.  
Әр түрлі айтып өсек ұрыстырып,  
Көршіні қалдырады жаманатқа.

**Сауал:**

Қыз тағы қиыстырып сауал берді,  
Алымның алғырлығын көзі көрді.  
Тап келген Түркістанның тұлпарына,  
Шабасы шалықтайтын ылди-өрді.  
Пейіштің баһасы артық жайларына,  
Іркусіз алады дейді қандай ерді?  
Ықпалын Алла артық жаратқан соң,  
Оған да кеңнен толғап жауап берді.

**Жауап:**

Әй, сұлу, әуелінде болса нәсіп,  
Алланың рахманы емес қашық.  
Жасында Жаратқанға етсе тәубе,  
Пейіштің сол адамға есігі ашық.  
Екінші, оразаны тұтса біреу,  
Сөгуден сол адамды болсақ қашық.

Үшінші, оразаның сахарында  
Ұйқысын мезгілінде тұрса ашып.  
Төртінші, медреседе оқушыға,  
Тойғызып беріп тұрса тамақ асып.  
Бесінші, бұзықпын деп жүрсе біреу,  
Сыртынан жұрт мақтаса шуылдасып.  
Өзгеден өзін төмен санаған соң,  
Иманы көркейеді судай тасып.  
Жобасы жоғарыда айтқан жандар  
Пейіштен бола бермейді нәмү-нәсіп.  
Сондықтан есті ерлер етер тәуба,  
Желіккен жүйрік аттай желін басып.

**Сауал:**

Қыз тағы сауал берді данышпанға,  
Деп өзің бұл сөзімнің парқын аңла.  
Бай-жарлы, үлкен-кіші болғанменен,  
Арланбай қызмет етед қандай жанға?

**Жауап:**

Әй, сұлу, мен айтайын салсаң құлақ,  
Ұғынсаң айтқан сөзім көңіліңе ұнап.  
Ата-ана баласына бес күн мейман,  
Аянбай соның үшін қызмет қылад.  
Онан соң үй иесі құрметтейді,  
Бәрі де пенделікте сауап болад.  
Қонақпыз бәріміз де бес-алты күн,  
Мерзімсіз қай мезгілде қазан соғад.  
Бір түнеп кеткен жанның келгені жоқ,  
Секілді өмірің сол жанған шырақ.

**Сауал:**

Қыз айтты, нәсіп болса тәж бенен тақ.  
Патшалық әркім етер әліне шақ.  
Тұтқасын дүнияның түгел билеп,  
Қай адам патша болды айнымай бақ.

**Жауап:**

Біздерге үлгі болды өткен нұсқа,  
Білмейді бұл нұсқаны ақылы қысқа.  
Төрт адам түгел жайып болды патша,  
Үкімін күн батыс пен күн шығысқа.  
Екеуі мұсылманнан, екі кәпір,  
Бұл болжау көптен қалып келе жатыр.  
Ескендір Зұлқарнайын Сұлаймен мен  
Әлемге патша болды әрі батыр.  
Кәпірден Шаддат бенен Нәмруд бар,  
Бақ берген бұларға да Пәруардигар.

Күн батыс, күн шығысты бірдей билеп,  
Көндіріп кең дүнияны істеген тар.  
Дүнияға бұлар патша болғанында,  
Талайлар таппай тамақ жылаған зар.

**Сауал:**

Қыз айтты, Әшім ұғлы болды мұрсал,  
Ақиқат ақ расулы жаңа абзал.  
Қай жаста пайғамбарлық болды нәсіп? -  
Таба алсаң және бердім саған сауал  
Өзінің өмірінде жеген асы  
Болды екен неше батпан, неше мысқал?  
Дүнияда неше жылдан өмір сүрді,  
Онан соң неше жаста жетті ажал?

**Жауап:**

Қырық жаста пайғамбарлық оған келді,  
Сол жаста Кәлам-шәріп тағы да енді.  
24 батпан болды жеген асы,  
Жан білмейді одан басқа артық-кемді.  
Құданың өлшеп берген әмірі сол,  
Алпыстың үшеуіне келіп өлді.

**Сауал:**

Қыз айтты, құлағың сал, ая, дана,  
Жақсыға бір Алланың өзі пана.  
Тарихты тақсым еткен білімдісіз,  
Бар ма екен ата-анасыз туған бала?

**Жауап:**

Құданың күдіреті айдан анық,  
Тыңдаңыз айтқанына құлақ салып.  
Бір күні Адам ата Хауа анамен  
Бір сөзге ерегесті тұра салып.  
Болад деп менен бала, менен бала,  
Бәсеке бір-біріне көп мақтанып.  
Анығын асылы осының білейік деп,  
Хауа ана кетіп қалды ашуланып.  
Сақтапты жан көрмейтін жаңғыз жайда,  
Шыныға шаһауатын құйып алып.  
Тоғыз ай он күн тамам өткеннен соң,  
Қарапты ол шыншаға өзі барып.  
Ішінде таңырқарлық бір ұл-жатыр,  
Күндей-ақ көркемдігі шұғыланып.  
Ол ұлдың Шиш нәби деп атын қойды,  
Жан етіп жаратқан соң Жаппар Хақ.  
Еңбегі ер күшімен болатынын,  
Хауа ана мойындапты сонда барып.

Атасыз Иса туып Мәриямнан,  
Бағасын артық етті барлық жаннан.  
Ойнастан туған ұл деп кәпір айтып,  
Таксырдың қалып еді көңлі хамнан.  
Бір Алла пайғамбарлық беріп оған.  
Құтылды ұшып көкке басы феңнен.  
Тұрмақшы Аршы ағлада ақырғанша,  
Ақиқат айтылған сөз ол Құраннан.

**Сауал:**

Әй, пақыр, келген болсаң іздеп мені.  
Шешіп бер тағы да бір әңгімені.  
Адамзат асылы артық аңғарады,  
Жамғы деп он сегіз мың айтар нені.

**Жауап:**

Бұл Әлем он сегіз мың, бөлінеді үш,  
Жаратқан жаңғыз өзі құдірет күш.  
Аюанат алты мыңы аталады,  
Зиянды я зиянсыз тісі жыртқыш.  
Жамадат алты мыңы аталады,  
Жердегі құрт-құмырсқа, аспанда құс.  
Набадат алты мыңы аталады,  
Тау мен тас, ағаш пен су, алтын күміс.  
Қосқанда осы үшеуі он сегіз мың,  
Қалмайды ешбір нәрсе бұлардан тыс.

**Сауал:**

Әй, пақыр, іздеп келдің өзің тиіп,  
Алдымда сөйлеп тұрсың басыңды иіп.  
Таба алсаң тағы да бер бір жауабың,  
Не зат бар бұл дүниеде көктен биік?

**Жауап:**

Бір адам тәкәппарлық қылса өзі,  
Албыртып еш нәрсені көрмес көзі.  
Болады көктен биік, көптен оғаш,  
Күпірлік сол адамның айтқан сөзі.

**Сауал:**

Қыз айтты, Екі дәулет келсе қатар.  
Адамзат бәрінің де дәмін татар.  
Ол дәулет біреуі мал, бірі білім,  
Қалауға сол дәулеттің қайсысы жатар?

**Жауап:**

Басыңа екі дәулет қатар келсе,  
Білімді ал, қалауыңа сенің берсе.  
Көрмейсің малдан пайда, опасы жоқ,  
Ұшады сәтсіз күні соққан желше.

Білімнің біреу түгіл мыңға жетер,  
Артында тағы мирас адам келсе.  
Алды-арты білімдінің бірдей жарық,  
Жалтақтап жау алдында түспесең де.  
Сондықтан мал-дүниядан білім артық,  
Қор болмас соның әркім сүтін емсе.

**Сауал:**

Әй, пақыр, жан екенсің сөзге шебер,  
Данышпан дария заңлы тапқан өнер.  
Адамның асылы артық болғанменен,  
Пақырлық ғазиз басқа қайдан келер?

**Жауап:**

Басы сол пақырлықтың - жалған сөзің,  
Екінші, өтірік ант ішсең өзің.  
Үшінші, Жаһилдердің Жаннабында,  
Отырып үлгі етсең әр мінезін.  
Төртінші, рентжітсең ата-анаңды,  
Бесінші, өшірсеңіз үрлеп шамды.  
Алтыншы, әр шөппенен тіс тазартсаң,  
Кешікпей кемітеді мәртәбанды.  
Жетінші, адамзатқа ол да қорлық,  
Қол жумай алдыңа алсаң әр тағамды.  
Таһарат алған жерде, сегізінші,  
Оқысаң намаздықпен әм дұғанды.  
Онан соң бетіңді сұртсең етек-жеңге,  
Оныншы, ғалымдарды тұтсаң кемге.  
Осындай әдеттерден аулақ жүрсе,  
Кез болмас пақырлыққа ешбір пенде.  
Шешілді осыменен он сауалың,  
Айтарлық бар ма тағы мұнан өзге?

**Сауал:**

Адамзат асылы топырақ, Құдайға құл.  
Пейіштен берген орын бірнеше жыл.  
Айтысқан Алламенен адам бар ма,  
Айбынбай арманына тартынбай тіл?

**Жауап:**

Бір күні ақ достына Мұса барған.  
Әр түрлі һәли тілмен уаһи алған.  
Тұрғанда қайтуына қайымдалып,  
Сұрады үш сауалды Зұлзалалдан.  
"Я, Алла, рахматың көп, Рахман атың.  
Адамзат сенің құлдық мақұлқатың.  
Оларға денсаушылық бергеннен соң,  
Аурудың неге бердің залалатын?"



"Әй, Мұса, құлағың сал мына сөзге,  
Ешкім жоқ күдіретті менен өзге.  
Адамды ауыртпасам әлін алып,  
Алмас ед мені еске ешбір кезде".  
Достына Мұса тағы берді сауал.  
Деді ол: "Пазылың кең, я, Зұлзалал.  
Адамды дүнияға келтірген соң,  
Бермесең қайтер еді оған ажал".  
"Әй, Мұса, құлағың сал кеңесіме,  
Адамның жан жараттым денесіне.  
Өмірін өлшеп беріп, оны алмасам,  
Алмас ед қорқып пенде мені есіне".  
"Я, Алла, адам үшін еттің жұмақ,  
һүр Алла, абы гаусар, тағы пырақ.  
Дозақтың жеті түрлі әләматын,  
Қойсаңыз қайтер еді жаратпай-ақ".  
"Жұмақты жараттым мен адам үшін.  
Әлбетте бәріне де жетер күшім.  
Үмітсіз рахматымнан болмасын деп,  
Жараттым ол тозақты надан үшін".

**Сауал:**

Пақырдың тағы сөзі қызға ұнады,  
Асыл сөз айтқан сайын табынады.  
Дос болса адамизат кімдерменен,-  
Деді қыз, ақылынан жаңылады?

**Жауап:**

Сөзіме құлағың сал, асыл затым,  
Патшасың жұрттан асқан саясатың.  
Тұрмыстың толқынына көп кездесіп,  
Адамзат әрбір жерде алжасатын.  
Сонда да сырынды айтсаң сені құртад,  
Опасыз-бірі патша, бірі қатын.  
Қатынға я патшаға сыр айтам деп,  
Талайлар табан жерде қор болатын.

**Сауал:**

Пақырым, жан екенсің сөзің шекер,  
Бұл дүния да әркімнен де әлі-ақ өтер.  
Адамзат асылы артық болғанменен,  
Не нәрсе өз басына қорлық етер?

**Жауап:**

Төрт нәрсе қорлық етеді адамзатқа,  
Парқы сол асылын оның аңламақта.  
Бірінші, шақырмаған жерге барсаң,  
Белгісіз отырарсың қайсы жаққа.

Екінші, сұрамаса өзің сөйлеп,  
Айтқаның алынбаса ілтімасқа.  
Үшінші, қадір білмес дұшпаныңмен,  
Жол жүрсең жұмысың боп сен бір жаққа.  
Төртінші, бермейтұғын сараңдармен,  
Ойыңда болса қажет сұрамаққа.  
Адамға осылардың бәрі қорлық,  
Көңілді қалдыратын қай уақта.  
Пендеміз бәсі мүшкіл бір мүсәпір,  
Құдай-ау, осылардан өзің сақта.

**Сауал:**

Әй, пақыр, келдің маған ашып-арып,  
Жеңем деп Үндістанның шаһын барып.  
Адамзат бұл дүнияға келгеннен соң,  
Нәрседен неше түрлі болар ғарып?

**Жауап:**

Бірінші ғарыптіктің белгісі сол,  
Ауру боп, айтқаныңа жетпесе қол.  
Екінші, жаһилдерге жақын жүріп,  
Болады өл-өлгенше қасіретің мол.  
Үшінші, шын сүйетін достарыңнан,  
Айрылып алыстағы шықсаң бір жол.  
Төртінші, бір адамға кіріптар боп,  
Жайнаған жас өмірін істесе шөл.  
Осының барлығы да ғарыпшылық,  
Баһамдап бастан-аяқ білгенге ол.

**Сауал:**

Қыз айтты, бір байлық бар ел ішінде,  
Әр адам одан қорқад келісінде.  
Ол байлық ел ішіне келмей қалса,  
Береке болмас егіс-жемісінде.

**Жауап:**

Ол байлық жаңбыр еді көктің нұры,  
Ол жауса құлпырады жердің түрі.  
Адамзат әр дақылға пайдаланып,  
Кетеді аюанаттанып еттің кірі.

**Сауал:**

Қыз айтты, Хақ жаратып адамзатты  
Оларға нәсілі етіп көп ниғматты.  
Дүнияда сүрген дәурен, көрген қызық,  
Бұлардан қандай нәрсе болар тәтті?

**Жауап:**

Әр түрлі жан жаратып бізден бұрын,  
Көңіліне талай жанның құйған нұрын.

Солардың бәрінен де сөйлегенде,  
Сұхбаты сыпалардың болар шырын.  
Бұлардан шырын нәрсе көре алмадым,  
Көрсем де тамашалық әрбір түрін.  
Сұхбаты сыпалардың сабын мысал,  
Әрқашан ағартатын көңіл кірін.  
Ақыннан есіткен соң мұндай назым,  
Қыз білді жеңілмейтін оның сазын.  
Орнынан түрегеліп қол қусырып,  
Алдына мүсәпірдің етті тәжім.  
Көңілімнің адам жүрмес айдынынан,  
Шалықта, деді, еркін, қоңырқазым.  
Тәж-тақтым, мал мен басым - бәрі сендік,  
Көнбеске мұнан былай жоқ ылажым.  
Той жасап қырық күн ұдай қылды ойын,  
Шақыртып әнші-күйші, өнерпазын.  
Дүнияда білген жанға білім артық,  
Білімді білген аға, інім артық.  
Білімге бала кезден болсаң үйір,  
Болады қатарыңнан құның артық.  
Білімге кейбір надан бой ұрмайды,  
Болад деп осы жүрген күнім артық.  
Кеудесін кейбір адам бос көтеред,  
Әуелде болып ед деп түбім артық.  
Данышпан дария заңлы болса қызың,  
Ақылсыз болар қалай ұлың артық?  
Білімсіз босқа жүрген бай-патшаннан  
Ес білер есіктегі құлың артық.  
Ақылсыз ажарына масайрама,  
Туылғалы болғаныңмен түрің артық.  
Есітсең жақсы адамнан үлгі-өсиет,  
Болады дәмі тәтті шырын артық.  
Арасын жақсы-жаман өлшем еттім,  
Дей алмас ешкім маған мұның артық.  
Осындай үлгі етіп өлең жазсам,  
Айтыңдар, болар менен кімің артық?!  
Сондықтан дана қызды дәріптедім,  
Өзімше сол сұлуды біліп артық.  
Көрсін жұрт көлеңкемді көзі түссе,  
Бойымды жасырмаймын бұғып артық.  
Белгілі пәлен дерлік атағым жоқ,  
Жайылған жалпы жұртқа шығып артық.  
Сөзімнің сөкет жері бола қойса,  
Оншама сөкпеңіздер көріп артық.

Сонымен мүсәпірге қосылды қыз,  
Есіткен хикаясын артында біз.  
Сауалдың сиыспаған көбі қалды,  
Айтылған әуелінде болса да жүз.  
Жылында мың тоғыз жүз отызыншы,  
Бойында сұлу Сырдың жазылды күз.  
Тілінен түркі кітап тәржімалап,  
Жазушы Әлиакбар қалдырып із.

**Рахман әрі Рахим** - Аллаһ Тағаланың 99 көркем сипаты бар.

**Әр-Рахман** - Аса Қамқор, оның қамқорлығы өзі жаратқан бүкіл мақұлықтарына тиесілі.

**Әр-Рахим** - Ерекше мейірімді, Рахымды. Бір жақсы іс үшін бірнеше еселеп сауап беріп және ешқашан оны жоймайды.

**Әл-Хақаму** - Хәкім. Қазы, Төреші. Соттың үкімі Оның құзырында. Оның үкімі кесімді.

**Әл-Мужибу** - Жауап беруші. Оған дұға етіп жалбарынған құлдарына жауап береді.

**Әл-Ғаффару** - Аса жарылқаушы. Күнә және жаман істерді кешіруші. Бұл дүниеде құлдарының жамандықтарын жасырып, қияметте күнәларын кешіріп, жарылқайды.

### **Имандылық әліппесі**

«А» әрпімен Алланың басталады есімі,  
«Б» әрібі – «бисмиллә» - барлық сөздің есігі.  
«Ә» әрпінде, әрине, әдеп жатыр таусылмас,  
«И» әрібі иманың – ізгіліктің бесігі.

«П» әрпімен басталар бұлжымайтын парызың,  
«Н» әрібі намазың – бес уақыт қарызың,  
«О» әрібің ораза – тазалықтың ұясы.  
«З» -зекет, «Қ» -қажылық, бір аллаға тағзым.

«Ү» әрпінің үмбеттен үміт етер ісі көп,  
«С» әрібі – сабырлық, «Ғ» - ғарышың күші көп.  
«Л» әрібі – Лә илләха илла Аллаһ,  
«Ш» - шайтан, «І» - ібіліс, жек көрмейтін кісі жоқ.

«Д» әрібі – дініңнің дұға болар тірегі,  
«Ж» әрпімен жақсылық тек жәннатқа кіреді.  
«М» әрібі – Мұхаммед, «Е» - елшісі Алланың,  
«Р» әрібі – Раббым – күллі әлемнің жүрегі.

**Жәди Шәкен.**

**Намаз бен ораза**

Жалғанда!..  
Намаз оқып жүрген құл да арманда,  
Оқымаған пенделер де арманда.  
Бұл сөзімнің түсінерсің астарын,  
Қара басың қауқайып,  
Қабіріңде жалғыз өзің қалғанда.

Жан тәніңнен қош айтысып ұшқанда,  
Алтын құны төмен болар мыстан да.  
Бұл сөзімнің түсінерсің астарын,  
Қара жерді құшқанда.  
Кінәң менен күнәң үшін азаптап,  
Қабырғанды қабіріңмен қысқанда.

Алла бізге өмір дәмін татырып,  
Жанымызды алар қайта шақырып.  
Содан кейін таразыға салады,  
Сағатың мен сәттеріңді сапырып.  
Құл да болсаң бөленерсің құрметке,  
Құлшылықпен жүрсең таңды атырып.

Сондықтан да намаз оқы құлшынып,  
Аяқ қирап қалмайды одан тіл сынып.  
Біздер келдік мынау бес күн жалғанға,  
Бес уақыт жасау үшін құлшылық.  
Орман болып айналады панаңа,  
Тірлігіңде егіп кетсең бір шыбық.

Аллаһ (жәллә жәләлуну) қаласа,  
Тастар жұмсақ, таулар болар аласа.  
Жинап жүрген дүниең мен мүлкіңіз,  
Ажал келсе бола алмайды араша.  
Пайғамбардан (с.ғ.с) асатын бай болмас еді,  
Алтын, күміс ахиретке жараса.

Мәз боламыз мәнсіз өмір сүргенге,  
Бар нәрсенің жоқ болуы бір демде.  
Өлім жайын ойламаймыз жалғанды,  
Жалпағынан басып тірі жүргенде.  
Бір әңгіме берейінші баяндап,  
Өткен күннен өнеге көп білгенге...

...Дүниеден өткен екен бір адам,  
(Бұл өмірде жүрер мәңгі кім аман).

Көргеннен соң көрде бәрін көзбенен,  
Өлгеннен соң өкініштен жылаған.  
**Рахман әрі Рахим** болған  
Алладан, күнәларын кешіруін сұраған.  
Бірақ бәрі кеш еді,  
Сорлы екен маңдай соры бес елі.  
Барар жері жұмақ па әлде тозақ па,  
Оны Аллаһ **Әл-Хақаму** шешеді.  
Енді азап тартып жатыр қиналып,  
Күнәсі үшін кешегі.

Күнәсі үшін баяғы,  
Жауап берер жауапты сәт таяды.  
Тәнін талап жан-жағынан жеп жатыр,  
Қара жердің құрт-құмырсқа шаяны.  
Жалынбаған Жаратқанға күні үшін,  
Жалындаған от құшағын жаяды.  
Уақытыңның қадіріне жетпесең,  
Бақытыңның осы болар аяғы.

Қайғы бұлты басын торлап қаптаған,  
Бұрын мұндай азап дәмін татпаған.  
Кенет біреу жетіп келді қасына,  
Сақалы мен шашы аппақ мақтадан.  
Шапанымен оттан қалды қалқалап,  
Жаны менен тәнін қинап қақтаған.  
Бұл бейшара есін жинап алған соң:

- Кімсің,- деді, - мені оттан сақтаған.  
- Кімсің,- деді,- тұрған маған жаны ашып,  
Елсіз жерде не істеп жүрсің адасып.  
Естігенді көзбен көріп жатырмын,  
Жүруші едім болашаққа бал ашып.  
Мен жасаған обалым мен сауабым,  
Таразыға тартылып тұр таласып.  
Көзден аққан көлдей жасын құрғатып,  
Әлгі адам былай деді тіл қатып:  
- Қабірдегі тартып жатқан азабың,  
Сен түгілі маған да тұр шын батып.  
Бұл дертіңнің тауып берер кім емін?..  
Бұдан ауыр азап барын білемін.  
Ораза ұстап, намаз оқып бес уақыт,  
Тәубесіне келген құлдың бірі едің.  
Мен боламын намазың мен оразаң,

Сенің екі дүниедегі тірегің.  
Әмірімен **Әл-Мужибу**  
Алланың, құтқаруға саған келіп тұр едім...  
Бір аздан соң есін жиып, тасынып,  
Өлгі адам былай деді ашынып:  
- Ертеректеу маған неге келмедің,  
Басқа төнген бар пәлені қашырып.  
Қайда жүрсің Жаратқанның жіберген,  
Маған деген жақсылығын жасырып?!  
Уақытыңда келгеніңде мен бұлай,  
Жатпас едім сүйектерім шашылып.

Деп бейшара ағыл-тегіл жылап тұр,  
Жанарында жауабы жоқ сұрақ тұр.  
Ал ақсақал: - білгің келсе себебін,  
Деді, - менің айтқаныма құлақ тұр.  
Жақсылыққа жасамастан еш үгіт,  
Қанша күнді босқа өткіздің есіріп.  
**Әл-Ғаффару** Аллаһ сенің күнәнді,  
Сонда дағы тұрған жоқ па кешіріп.  
Неге ерте келмедің деп сен маған,  
Ашуланып, қарамашы тесіліп.  
Сен де мені есіңе ерте алмадың,  
Мен де саған келіп тұрмын кешігіп!..

### **Дін ислам - дінгегім**

Жігітті жастық шақта еркі жеңер,  
Сеніммен ұсталмаса сертің егер.  
Аллаға құл, адамға ұл болу ғой,  
Намазға кеп түйіссе тең тізелер.  
Ақын намаз оқыса Хақты танып,  
Алдымен аузындағы сөз түзелер.  
Он күнәнің тоғызы тілден екен,  
Сөз түзелсе, иншалла, ел түзелер.  
Қазаққа иман, иба қайтып келер,  
Табансыз емес елім тайқып берер.  
Иманды елге жұртымыз айналар ма,  
Желініп жүрген кезде шалқып нелер?!  
Құдайдан қорықпайтын болды көп ел,  
Жаратса да құлым деп артық көрер.  
Алла діні ұстаның заты емес қой,  
Ұнамаса өзіне қайтып берер.

Бұл күні қай жағдаймен мақтанайық,  
Бүлдіргі көп діндерден сақтанайық.  
Түбім — түрік, ал дінім — Хақ Ислам,  
Солай қарай сеніммен аттанайық.  
Харам менен халалды ажыратпай,  
Қай тірлікпен біз бүгін шаттанайық?  
Бұрынғының ұраны — "Аллаһу Акбар!",  
Бүгінгінің ұраны — "Ап қояйық!"

Біз қазақ, бұл күндері кіммен доспыз?  
Адасып, айдалада жүрген көшпіз.  
Арабтың тіліндегі дінмен емес,  
Арақтың түбіндегі жынмен доспыз.

Ұрылардың ұсағы түрмеде жүр,  
Ұрылардың үлкені мінбеде жүр.  
Байланысып шекпенді шенеунікпен  
Кісі өлтірген бұл күні кірме де жүр.  
Ауыз айтып жүргенмен, ақыл сенбес,  
Ібілістің үлкені іргеде жүр.

Өмірде аз болған соң иманды шақ,  
Қазағым қай кезде де қиналғыш-ақ.  
Исламға иіс алмас болса-дағы,  
Иегова, Кришнаитқа иланғыш-ақ.  
Сенімге селкеу түсіп жаңылған көп  
Исаны Құдай көрген Иван құсап.  
Өзге дінге көбейсе өтушілер,  
Сол болар тамырыңды қиған пышақ.  
Бір-бірімізбен жатпайық қырылысып  
Екі дінге бөлінген Ливан құсап.

Ислам, дін емес қой қорек қылмас,  
Қазақтан ол ешқашан бөлек тұрмас.  
Құдайды ойлап көрмеген құрметсіздер  
Оны ойлап өз халқына себеп қылмас.  
Қазанның қайнағанын аңдितындар,  
Азанның айдағанын керек қылмас.

Имансыз бұл қоғамда не істелмей жүр,  
Ақша, пара, қалғанын көз білмей жүр.  
Пайдасы өз басынан аспайтындар  
Халықтың көз жасынан сескенбей жүр.  
Бесіктен текті болып өспегендер,



Бес күндік екеніне дес бермей жүр.  
Құранды сыйға тартсаң алмайтындар,  
Құдайдың бар екенін ескермей жүр.

Өзгелер көп жүргізер үстемді елге,  
Аллаға ғибадат аз істелгенде.  
Бұл қазаққа Ислам, имам керек  
Кісі өлгенде немесе түс көргенде.  
Неге ілім, білімге талпынбайды,  
Бәрін біліп туғандай іштен пенде?!  
Ертең бірақ өкініп қаламыз-ау,  
Қарттық келіп қасыңа түстенгенде.  
Ажардан нұр, базардан құның кетіп,  
Ажалдан адуынды күш келгенде.

Адамның таза болса ой дәптері,  
Ақылға ақиқат дін қонбақ тегі.  
Бір кезде Тұрғыт Озал намазға кеп  
Тұрғанда, ел көңілі толмап па еді?!  
Кешегі Димекен де жұманы оқып,  
Шариғатты білген ғой бойлап тегі.  
Тек Құдайдан қорыққан текті атамыз  
Мәскеудің сан қаулысын жоймап па еді?!  
Өліктерді өртейтін Алматыда  
Криматорий салдырмай қоймап па еді?!  
Дүние жиып, нәпсіге ермеген соң,  
Қырық жыл елге басшы болмап па еді?!  
Сол Алматы бұл күнде тәнін сатқан  
Тірі өлікке толар деп ойлап па еді?!

Қазағым, кейде рас, Құлагерсің,  
Құлагер қашанғы енді құлап өлсін.  
Жарнамаға алданған жастарымыз,  
Көңіліне қайдан иман, шуақ енсін?  
Патшаға шындықты айтар ақсақал жоқ,  
Оған да халқым өзің куәгерсің.  
Шал басымен қыз іздеп, шарап ішсе,  
Аузында қайдан оның дуа болсын?

Ештеңе тіліп айтпас тіл секілді,  
Жырлайын, туған елім бір шетінді.  
"Отан сүю — ол дағы иманнан" деп  
Айтқаны бабалардың шын секілді.  
Соқырішектей шошайып жүргендер көп,

Сәлем берсең шалқаяр пір секілді.  
Халықтың көңілі қазір мұң шертіп тұр,  
Қобызға қолдан таққан қыл секілді.  
Ұлттық рухын жоғалтқан ұлдарым көп,  
Қылышына тар келген қын секілді.  
Тамырын тарата алмас қыздарың бар,  
Шелекке отырғызған гүл секілді.  
Құдайсыз ұрпақты да өсірдік-ау,  
Құмырадан шығарған жын секілді.

Жүрміз-ау жүзді білмей, бірді біліп,  
Қазақтан шығып жатыр түрлі қылық.  
Дискотекаң жастардың мешітіндей,  
Бимен зікір салады шын бүгіліп.  
Майкл Джексон артық тұр азаншыдан,  
Әніне тәу етеді құлдық ұрып.  
Қажыға баратындай қуанады  
Жарығын жаққан кезде түнгі клуб.  
Сыра тасып сыйлайды бірін-бірі,  
Дәрет алған адамдай зыр жүгіріп.  
Қаймағы бұзылмаған қайран жастар,  
Қайда кетіп барады мың құбылып?

Келмейді бұл қазаққа сырттан қайғы,  
Сырттағы елге өзі де сұқтанбайды.  
Алдын алып көрмеппіз аурудың,  
Дертін де дер кезінде құнтталмайды.  
Есіріп есі кеткен жас буындар  
Ертең ұлық болғанда ұлтты алдайды.  
Жастарында тәрбие, тәлім болмай,  
Жұлдызы жанып тұрған жұрт болмайды.  
Ағаштың да діңгегін ақтап тұрсаң,  
Өріктің өзегінде құрт болмайды.

Сүйгендей Айым асқар, Күнім шыңды,  
Еріген май боп елге үнім сіңді.  
Құранды оқып, хадисті тоқығалы,  
Ой өсіп, санам сергіп, тілім сынды.  
Занды ұрпағы болар ек заңғарлардың,  
Заман жайлы шерте алсақ бүгін сырды.  
Біздің дәуір қорабы темекінің,  
Жылтырлармен ораған күлім сынды.  
Ұрпақты улап келген жиырма ғасыр  
Жанып біткен жиырма тал шылым сынды.

Жаратқанға сенбейтін жамағат көп,  
Жүргенменен дені сау, саламат боп.  
Бүгінгінің байына қарап тұрсаң,  
Қалтасы бар, түбінде қанағат жоқ.  
Бүгінгі кедейлерге қарап тұрсаң,  
Қайраты бар, қолында қаражат жоқ.  
Тәнін сатқан тәлімсіз ұрпағың бар,  
Жүзінде иман, жүректе махаббат жоқ.  
Діні пәс, діңгегі бос қариялар бар,  
Аузында Алла, артында аманат жоқ.  
XX ғасыр да аяқталды-ау,  
Кедей кердең, байында шарапат жоқ.

Адалдың аспанында бұлт болмайды,  
Арамның ауласына құт қонбайды.  
Жүрегінде иманы жоқ адамның  
Жүрген кезде табаны нық болмайды.  
Аллада адамдарды алалау жоқ,  
Сауап қылсаң, тәубе қылсаң күнәңнан түк қалмайды.  
Бара алсаң адалдықтың ақ жолымен,  
Пейіштің есігінде құлып болмайды.  
Қай қазақ өз иманын тірнектемес,  
Қай мұсылман өз дінін құрметтемес?  
Шапаның қырық жамау болса-дағы,  
Ибалы ел, иманыңды кірлетпе еш.  
Адамдар пейіш баққа бару үшін,  
Меккеде өмір сүруі міндетті емес.

Желісін ғасырларда жел үзбеген,  
Тарих пен тағылымды егіз көрем.  
Кешегі Кенесары тұлпарына  
Доңыздың басқан шөбін жегізбеген.  
Тектілік үлгісіндей Зере әжеміз  
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.  
Атаның бойындағы тазалықтан  
Абай туды тектілік негізбенен.  
Азғындап жүрген жандар аз ба бүгін,  
Торқа киіп, мінсе де семіз дөнен?!  
Былғанған бұлақтар көп құйғанменен,  
Кінә артпайын халықтай теңізге мен.  
Осынау аурудан айықса деп,  
Пайғамбардың баршасы ем іздеген.

Туынды түсірмесін Тәңір қолдан,  
Тарихқа көз салайық сағымданған.  
Қараханид дәуірінде Хақ Ислам  
Мемлекеттік дін болып қабылданған.  
Сол иманды кезеңде кең даламыз  
Күркіреп тұрды емес пе барымдардан.  
Фараби, Баласағұн, Игуники  
Құраннан қуат алып тамырланған.  
Ибн Сина, Хорезми, Бұхарилар  
Шариғаттан нәр алып, шамың жанған.  
Ғылымының негізін діннен тауып  
Сақтаныпты сан тарау ағымдардан.  
Бейбарыс бекер намаз оқымапты,  
Көне Мысыр елінде әмір болған.  
Самарқанды салдырған Жалаңтөс те  
Намаз үсті қаза боп дамылданған.  
Солардың барлығы да шариғатпен  
Жұртты бастап, жолынан жаңылмаған.  
Солардың ұрпағы ек деп мақтанамыз,  
Парыз бен сүннетің жоқ орындалған.  
Аталарға тартып туған ұрпақ болып,  
Тілегің көп болса екен қабыл болған.

Кешегі Құнанбайлар бұрқасындай,  
Салмақты болған екен кір тасындай.  
Арсызға қатал, қатты болғанменен  
Халқына болған құстың ұлпасындай.  
Қазыналы қарттарым бар ма қазір,  
Қасиеті сақталған құлпы ашылмай?  
Ақсақалдық өнегесі болса егер де  
Қалмас ед қыз қысылмай, ұл тосылмай.  
Ермегі елге бөліп, жерге бөліп,  
Жүзшілдігін және де жүр жасырмай.  
Сауап емес, іздегені сауна болып,  
Алла емес, арақ-шарап шын досындай.  
Балық өстіп басынан шіріп жатса,  
Қала ма ұлт басылмай, жұрт жасымай.  
Үлкенге үлгі, кішіге демеу болар  
Бүгінгі кей қарияның сиқы осындай.

Даналар даламыздың кемесі еді,  
Еліктейтін ел-жұрттың ересегі.  
"Алланың өзі, сөзі рас" деген  
Ұлы Абай үлкен сенім егесі еді.

Дін Исламды дiңгегiм деп бiлмесе,  
Қара сөз жазып қайғы жемес едi.  
Алтынсарин сиынып бiр Аллаға,  
"Кел, балалар, оқылық" демес едi.  
Ал Шәкәрiм құрбан боп Құдай үшiн,  
Кiтап боп қалған артта берешегi.  
Исламға таң қалған Толстоймен  
Талай мәрте хат жазып кеңеседi.  
Жәкең де Кремльде намаз оқып,  
Ысқырған Сталинмен егеседi.  
Жұмысын иншалласыз бастамаған  
Әлкей Марғұлан ғалымның төресi едi.  
Жұма намаз оқыған Қонаев та  
Дiн дегенде езiлген емешегi.  
"Дiн — ғылымның атасы" деп жырлаған  
Мұқағали ақылсыз емес едi.  
Солардың да барлығын толғандырған  
Соңындағы ұрпақтың келешегi.  
Тарихтан алар болсақ тағылымды,  
Қашанда Құдай деген ел өседi.  
Ата дiннен ақиқат тапсақ қана,  
Терезе өзге жұртпен теңеседi.  
Алланың хақ жолымен жүрсе ғана,  
Халықтың айдарынан жел еседi.

Жалқаулық Жаратқанға ұнамайды.  
Қамсыз қазақ қартайтқан ұлы Абайды.  
Балақ түрiп қарекет қылғандардың,  
Бақыт келiп есiгiнен сығалайды.  
Ерiншектің етiгi көлеңкеде,  
Соқасы күн астында тұралайды.  
Көршiңiз байып жатса қуаныңыз,  
Қуанғаннан намысың құламайды,  
Өйткенi, сiзге бөлiп бермесе де,  
Қол жайып ештеңкенi сұрамайды.  
Әрiден түсiнейiк әрбiр жайды,  
Ешкiм келiп шамыңды жандырмайды.  
Аузыңа әкеп ақ майды салмаса да  
Өкiмет өзегiңдi талдырмайды.  
Пейiлiң мен ниетiң тарылмасын,  
Сабырлы адам ашуға алдырмайды.  
Адамдарға ауызды берген Құдай  
Нәсiпсiз, нәпақасыз қалдырмайды.

Көбейіп күнә менен күпіріміз,  
Азайды тәубе менен шүкіріміз.  
Ертеңгі нанды қалай табамыз деп,  
Күрт кеміп кетті кейде күтіміміз.  
Сыртқа жүнді қампайтып көрсеткенмен,  
Рухани жағынан жұпынымыз.  
Барыс боламын деп жатыр кейбір жандар,  
Оған біз ой қосуға құқылымыз.  
Азғындықтан халықты құтқармайды  
Азайса ар, ұят, қытығымыз.  
Намысқа тырыспасақ түк өнбейді,  
Барысқа ұқсаса да бітіміміз.  
Тірліктің мәні бар ма, сәні бар ма,  
Іште өлсе иман менен пікіріміз?!  
Өмірде өшу оңай, өсу қиын,  
Аллаға айтылмаса зікіріміз.  
Тауда жүріп таусылған барыс құсап,  
Кеміп кетіп жүрмесін тұқымымыз.

**(Мұхаммеджан Тазабеков).**

## **II - ТАРАУ**

### **Ата-аналар әлемі**

**Әкең – асқар тауың,  
Анаң – сарқылмас кәусәр бұлағың,  
Ұрпағың – жағада өскен құрағың,  
Осының бәрі сай болса,  
Отбасың – Отаның, бақытты тұрағың.**

### **Әке өнегесі**

Алла Тағаланың құдіретімен жаратылған Он сегіз мың ғаламның өсімдіктерден, жәндіктерден, аң-құстардан адамзатқа дейінгі барлық тіршілік

иелерінің ата-аналары бар. Тіпті, жердің де, мұхит-өзен, сулардың да, тау-тастардың да уақыт – атасы, табиғат - анасы.

Алла Тағала адамзатқа сана берді, еркіндік берді және бәріне иелік етуді, ұрпақ жалғастыруды міндет етті.

Адам Атаға серік етіп Хауа Ананы жаратқан екен. Хауа Ана – арабша өмір бастауы деген мағынаны білдіреді. Олай болса, Алланың берген қасиеттері бойынша Ана адамзаттың өмірінің де, өрісінің де кілті.

Ата-ана адамзаттың диханы, бағбаны, қоғам – өмір көрігі, мемлекет – ізгі істерге бастаушысы, қорғаушысы, қолдаушысы. Сондықтан, ұрпақтың қандай болып өсуі, алғашқы күннен бастап ата-ана, қоғам, мемлекеттің біріккен үйлесімді, тәрбиесіне байланысты.

Әке – отбасының басшысы, қамқоршысы, қорғаны, тірегі. Ол бойында ар-ұяты бар жақсы азамат болса, оның шаңырағынан имансыз, инабатсыз ұл-қыз шыға қоймайды. Бұл ұлттық тәлім-тәрбиенің заңды қағидасы. Алайда, мына фәни жалғанда жақсыдан-жаман, жаманнан жақсы туатыны да шындық. Ең қызығы, бір әке, бір шешеден өмірге келген балалардың әрқайсының бір-біріне ұқсамай, әрқилы болатынын қайтерсің.

Балаға әке жақын ба, әлде ана жақын ба? Өте күрделі сауал. Рас, халқымызда: «Балаға әкенің жақындығы жездедей ғана», - деген де мәтел бар. Біздіңше, бұл ананың баланы туу, өсірудегі еңбегіне бас иіп, оның аналық мейірімін асқақтату үшін айтылған сөз. Әйтпесе, тоғыз ай, тоғыз күн көтермесе де, ақ сүтін беріп, сағат сайын сылап, сипамаса да әкенің баласына деген махаббаты анасының сүйіспеншілігінен кем емес. Ананың бойына қалай бала бітеді, оның жан серігі – күйеуінің бойында да әкелік сезім оянады. Мүмкін, бұл әкелік инстинкт әрбір ер азаматтың жүрегінде тіршілік иесі болып жарала бастағанда-ақ Аллаһ Тағаланың құдіретті күшімен бүршік жаратын шығар, әйтеуір, ерлердің бойында әкелік қасиет жүре ояна ма, кіндікті болып туысымен-ақ пайда бола бастайды ма, пікір таласы көп.

Өмірде көріп те, естіп те жүрміз, ана баласы жақсы болсын, жаман болсын, соның жолына өзін құрбан етуге әзір. Себебі, бала оның бауыр еті, денесінен бөлініп жарыққа шыққан бір бөлшегі. Тек әйел дүниеге адам әкелуші құдірет күші бола тұра өзінен ерін жоғары қояды, ұл-қызының өзінен гөрі әкесінің айтқан ақыл-кеңес, талап-тілектерін орындамауын үлкен күнә санайды. Сірә, ол өмірге адам әкелген әйелді де, оның баласын да әкенің шексіз жақсы көріп, олардың тағдырына өзін жауапты сезінгендігінен де шығар... Жалғыз-ақ талас туғызбайтын ақиқат: әкелік сезім адамда да, аңда да, құста да бар. Миы шөкімдей торғайдың ұрғашысының жұмыртқа басып, еркегінің оған, балапанына жем тасып асырауы, қатігез жыртқыш саналатын қасқыр арланының аң аулап, ұстағанын өзі жеместен, бөлтіріктеріне әкеліп беретіні соның жарқын айғағындай.

Поляктың Станислав Ежи Лец дейтін ақыны: «Тағдыр таразысының қайда қарап ауатыны, бесіктің қалай тербетілетініне байланысты», - деп айтқан екен. Яғни, жас сәбилердің есейіп, ержеткеніне дейін олардың өміріне ата-анасы жауапты, олардың ішінде **Құран Кәрімде: «Отбасыларыңды тозақ отына**

**отын болудан сақтаңдар»,** - деп міндет жүктелген шаңырақ иесі-ерлерге жауапкершілік өте жоғары. Осы орайда есте болатын жағдай, жас сәбиді жақсы азаматтыққа қалыптастырудың ғылыми тұрғыда дәлелденген өз кезеңі бар. Филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» атты кітабында ол хақында былай деп жазылған: «Бала тәрбиесін негізінен 7 жасқа дейін ғана қалыптастыруға болады. Баланы бесіктен бастап кәлимамен жұбату керек. Ең бастысы, баланың құлағына сіңіру болмақ. Баланың 7 жасқа дейін естіп, санасына сіңіргенін есінен шықпайтынын ата-анасы ұмытпағаны, әрі ескергені абзал. 10-15 жасқа келген баланы қайта тәрбиелеу өте қиын, тіпті қажетсіз болып жатады».

**Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өзінің шәріп-хадистерінде айтқан екен: «Ешқандай да әке баласына сыйлық жасай алмайды. Әкенің бұл өмірінде баласына сыйлайтын сыйлықтарының ішінде ең қымбаты және ең баға жетпес асылы көркем әдепті тәрбие», - деп. Яғни, қандай қымбат дүние-мүлік, ақша, атақ та ата-ана, оның ішінде әке беретін әдепті тәрбиенің қасында түкке де тұрмайды.**

Балаға тәрбие беруде әке өсиетінің алатын орыны ерекше. Әсіресе, оған шығыста өте көп көңіл бөлген. Ғұлама Қақаус 63 жасында, яғни пайғамбар жасынан асқаннан кейін өзінің ұлы Гиган шаһқа арнап 1082-1083 жылдар шамасында әйгілі «Қабуснама» атты философиялық туындыны жазып қалдырып кеткен екен. 1992 жылы Алматы қаласындағы «Балауса» баспасынан тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрген бұл кітаптың тәрбиелік мәні мол. Онда тіпті былай деп те жазылған: «... Егер перзентің әр нәрсені талап етсе, құдіретің жеткенше одан аямағын. Дүние құмарлықтан перзентің сенің өліміңді құдайдан тілемесін. Перзентіңе әдеп-өнер үйретуді өзіңе мирас, борыш деп білгін. Сен шамаң келгенше әдеп пен өнер, білімді өзіңнен оған мирас етіп қалдырсаң, аталық борышыңды өтеген боласың».

Халық әкені бұтақ жайып, тамырын тереңге салған алып бәйтерекке ұқсатады. Иә, оның көлеңкесі қашанда ұл-қызына сая, туған-туысқа пана. Енді осы әке тәрбиесі баласы шаңырақ құрып, өзі әке атанған шақта тоқтап қала ма, әлде өмірбақи жалғаса бере ме, оған жауап іздесек, қатты ойға батамыз. Өйткені жасы сексенге келсе де баласы әкесіне қашанда бала. Сенбесеңіз, мына бір оқиғаға назар аударыңыз:

... Бір күні кардинал Д'Артанян көшеде келе жатып, үйінің жанында жылап тұрған қарияны көреді. Ол ақсақалды шалдан неге жылап тұрғанын сұрағанында, әлгі қария:

- Қатты жылап тұрған себебім мені әкем ұрды... – деп жауап қайтарады. Оған таң-тамаша қалған кардинал әкесін көрсетуді өтінеді. Жылап тұрған шал мұның өтінішін орындап, 113 жасқа келген әкесіне алып барады. Мән-жайды естіп, түсінгеннен кейін бұл абыз қарт:

- Бойымда күш-қуатым тұрғанда, баламды жазалауға, оған тентектік жасатпауға әкелік құқым бар емес пе? Балам сексенде. Менің одан бұл өмірде көрген, білгенім 33 жылға артық. Әкесіне тік мінез көрсеткен баланың сазайы қандай болады екен, білсін. Ал сен оны мүсіркеме, - депті.



Қазақ халқында бала тәрбиесі, ондағы әке мен шешенің алатын орыны туралы айтылған ұлағатты сөздер көп. Солардың ішінде «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалдың еңбекке баулуда, жақсы азамат, азаматша болып өсуге тәрбиелеуде маңызы үлкен. Бірақта бізде тек қана жас ұрпақ тәрбиесіне арналған, мазмұны бай, тәрбиелік мәні жоғары жеке туындылар жоқ. Ал Шығыс халқында мұндай құнды еңбектер көп. «Қабуснамеден» тысқары сондай асыл шығармалардың бірі мұнан 1250 жыл бұрын Иранның Хуза қаласындағы зиялы шаңырақта туып өскен, Шығыс қана емес, көптеген елдерге ойшыл, әдебиетші, гуманист ретінде даңқы шығып, танымал болған Абдуллаһ ибн Мокаф жазған «Бозбалаларды тәрбиелеу ережесі», яғни «Адамзатты тәрбиелеудің ұлы кітабы». Мұндағы әрбір сөз әрбір әкенің ұл-қызына өсиет етіп айтар ақылындай. Сенбесеңіз, оқып көріңіз:

«... Ұлым менің! – деп жазады Абдуллаһ ибн Мокаф. Өзіңнің ар-ұятыңды лайықсыз іс-қылықтармен былғаудан сақта. Ешқашан оның қадірін түсірме. Ешқашан ешкімнің алдында бейшаралыққа салынба, өйткені абыройлы кезде ғана қайырымды істер жасап, ар-ұждан азабын сезіне аласың.

Ұлым менің! Дәулетті де ауқатты жан болсаң, қайырымдылық ережесі бойынша өмір сүр. Өз өміріңді жақсарту үшін баю жолына түссең – адамзаттың мейірімділік ережесіне сатқындық жасама. Мен екі түрлі нәрсені адамға лайық емес қылық деп санаймын: байлыққа мастану және кедейлерді қорлау. Құдайдың өзіне сыйлаған тағдырына риза бол.

Ұлым менің! Төзімділікті, кішіпейілділікті, қарапайымдылықты, салмақтылықты және рух беріктігін өзіңнің ішкі әлеміңнің қасиеті мен әдетіне айналдыр: бұлар бар жерде ашу-ыза сенің ақыл-есің мен сананды бағындыра алмайды. Сені жағымсыз істер мен қылмыстарға бастайтын долылықтан сақтайды!

Ұлым менің! Сен адамдар арасында жала жапқыш, өсекші, шағыстырғыш, бейпіл ауыз және жылпос ретінде танытуы мүмкін іс-әрекеттен жалтарып, бойынды аулақ ұста. Істі шешу кезінде ешқашан алдау-арбау мен қулыққа барма. Бұл кесірлі қасиеттерді адамдармен араласудың, өзіңнің тілегің мен талабыңды қанағаттандырудың, мақсатыңа жетудің құралына айналдырма.

Біреуге көмектесіп, жақсылық істеген болсаң ешуақытта, тіпті, жылдар өткеннен соң да, оған оныңды бұлдама, есіне салма, бұл адамның ең қасиетті, қастерлі мінезі. Әлде біреуге жабысып, мазасын алатын ызыңнан аулақ бол. Күншілдіктен сақтана біл, оны бойыңа жолата көрме! Арыңды жоғалту – өзіңді-өзің өлтіргенмен бірдей!».

Әке-шешесі қарапайым, момын адамдар ма, әлде пысық, бай, ұлық па, бәрі-бір, ол бала үшін өмірдегі ең аяулы адам. Өкінішке орай, ар-намыс ақшаға сатылған қазіргі заманда кейбір балалар кедей, жұмысшы, момын әке-шешелерін, әсіресе әкесін менсінбей, қорланады да. Олардың ішінде өзінің өмірде жолы болмай жүргеніне, арақ-шарапқа салынып кеткеніне әкесін кінәлайтындар да аз емес. Кінәлап қоймай, оны қалың жұртқа жаятынын қайтерсің. Соны көргенде ойға батасың, «мұндай азаматтар ертең бала сүйгенде оларға қандай әкелік өнеге көрсетеді, олардың балалары қандай перзент болып

ержетеді?» деп. Негізінен, ұлық пайғамбарымыз айтқан ғой: «Кім ата-анасына қандай жақсылық көрсеткен болса, соны өзінің бала-шағасынан көреді», - деп. Иә, бала ата-анасына жақсылық көрсетсе, өзі де бала-шағасынан жақсылық көреді, жамандық көрсетсе, өзі де сондай зардап шегеді.

Ғабиден Мұстафин ағамыз айтпақшы, «қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды. Үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, кимелеп баса-көктеп өтпеу, үйіне келе қалса атын байлап, есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен аттандырып салу, меймандос, жолдас-жораға қайырымды болу тәрізді дәстүрлер өмір бойы ескірмейтін, адамнан адам іштей әмәндә дәмәтіп тұратын табиғи құлық-мінездер. Бұл мінездерді қорлау-алдымен өзін-өзі қорлау, сыйлау – алдымен өзін-өзі сыйлау». Ал мұны тәрбие арқылы бала бойына сіңіруде әке өнегесінің орыны өте ерекше.

Қазақ қашанда ұлды шаңырақ иесі деп бағалайды. Соңымда шаңырағымды құлатпай, түгінімді түтетіп, атымды, ісімді жалғастыратын ұлым қалса екен деп тілейді. Әйел-ана болса, еркек – әке. Ұлық Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл орайда: «Әкеге бағыну – Тәңірге бағыну. Оның алдында күнәһар болу – Тәңір алдында күнәһар болу», - деген.

**Мақсұтбек Сүлеймен.**

### **Ұлық Пайғамбарымыздың хадистерінен:**

\* Әкелеріңді құрметтеңдер, сонда өз балаларыңның да сыйлауына ие боласыңдар.

\* Кімде-кім өз әкесін тірісінде құрметтеп, өлген соң жақсылық еткісі келсе, оның ең жақын достарынан қол үзбесін.

\* Әкенің баласына беретін жақсы сыйлығы тәлімді тәрбие.

\* Достық жоғалған жерде – қоғам,

Махаббат жоғалған жерде – ұрпақ азады.

**Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.)**

\*\*\*

Кешір Әке! Өркеніңе қарашы  
Жазылмаған жүрегінің жарасы,  
Жаңа білдім: жермен көктей екен ғой  
Туған жермен тойған жердің арасы.

**Серік Ақсұңқарұлы.**

Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,  
Табиғат – түбі терең қол жетпеген.  
Өтерін өміріңнің біле тұрып,  
Маңдайын пенде барма терлетпеген.

**Кете Жүсіп.**

Мың кісі кездесе де ұнамаған  
Кең болғын, кесапатқа шыда балам.  
Өлшесе адамды адам өзіменен  
Жаралу керек онда бір-ақ адам.

### **Арғынбай Бекболсын.**

Қайырымдылығыңды жоғалтсаң – аз нәрсе жоғалтқаның!  
Арыңды жоғалтсаң – көп нәрсе жоғалтқаның!  
Ал, ерлігіңді жоғалтқаның бәрін де жоғалтқаның.  
Мұнан да жарық дүниеге келмегеннің өзі артық.

### **Гете.**

- Әйелді тыңдау керек, сыйлау керек, бірақ уысына симау керек.

\*\*\*

- Қызғаныш – өзінің кемдігін, біреудің артықшылығын мойындау.

\*\*\*

Махаббат жайын қозғама,  
Қозғауды мақұл көрмес ем.  
Ол жайлы саған бозбала,  
Білгенмен ақыл бермес ем.  
Сүюге ешкім оқытпас,  
Оқытам десең шақыртқыз,  
Махаббат жайлы жоқ ұстаз  
Бәріміз түгел шәкіртіміз.

**(Қадыр Мырзалиев).**

### **Ана, ар-ұят, махаббат**

Адамзат өзінің туған жерін, өсірген елін – Отаным, Анам деп ерекше қадірлеп, қастерлеген. Ал өзінің туған анасын осындай қасиетті, қадірлі, киелі ұғымдармен ортақтастырып:

Тереңдік бар қазақтың данасында,

Ұлылық бар қазақтың анасында.

Ұлы аналар болмаса ер қазақтар,

Туар ма еді қазақтың даласында?!- деген. Әттең, соны жеткізіп айтуға сөз құдіретінің мәнін де, дәмін де кейбіреулеріміздің, тіпті кейде сол қасиетті аналарымыздың өздерінің де мән бермей, түсінудегі бейхабарлықтары – өкінішті-ақ.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафадан (с.ғ.с.) (Мұстафа – сайланған, таңдаулы; салла аллаһу ғалейһи уа саллам – Алла оған бата берсін, қуаттандырсын) сахабалары:

- Уа, Алла Тағаланың Расулы! (елшісі), біз өмірде кімді бірінші қадірлеп, құрметтеуіміз керек? – деп сұрағанында, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

– Анаңды,- деген екен;

- Екінші кімді,- десе:

– Анаңды,- дейді,

Тағы кімді, десе – Анаңды, - депті,

Тағы кімді деп төртінші рет сұрағанда – әкенді», - деген екен. Әрине, ол әкенің дәрежесін төмендетіп, орынын алыстату емес. Әкенің отбасының айбары, қамқоры, қолдаушысы, қорғаушысы екені белгілі ғой.

Дін ғұламаларының түсіндіруі бойынша: Анаға бірінші құрмет – нәрестені құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн өсіріп, жетілдіреді; барлық ауыртпалықтарын көтереді. Екінші құрмет – нәрестені жарық дүниеге әкеліп, адам қатарына қосады; үшінші құрмет – өмірге келген сәбидің өсіп, ержеткенінше барлық күтім, тәрбие ауыртпалығы анада, түн ұйқысын төрт бөліп, мұздай бесік таянып, ақ сүтін беріп аялап бағады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) – жұмақ ананың табанының астында десе, тағы да – үш қыз тәрбиелеп өсірген ата-ана жұмаққа барады деген екен. Ұққан адамға бұдан артық анаға баға беріп, қадір-қасиетін асырып ешкім де айта алмаса керек. Балаға деген ана махаббаты ешуақытта ортаймайды, салқындамайды. Ақындар өлеңдерінде: «Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін», «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», - деп жырламай ма?

Даналар: «Ана бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді», - дейді. (Барлық данышпандар, көсемдер, тұлғалар, дарын иелері – бәрі ана құрсағынан, құшағынан шыққандар).

Көне замандағы, біздің дәуіріміздің 40 жылдарында өмір сүрген гректердің данышпан жазушысы Плутарх өзінің «Сравнительные жизнеописание» (гректер мен Египет елінің 56 дара, дана тұлғаларының өмір жолдарын салыстырып жазған) деген кітабында баяндауынша, біздің дәуірімізден 600 жыл бұрын өмір сүрген Спартан елінің патшасы Ликург арнайы заң қабылдаған: «Ел қамын ойлайтын ұрпақ өсіремін деген адам аналарға ерекше қамқор жасаулары қажет, тек дені сау, тұрмыс жағдайы жақсы, көңіл күйі көтеріңкі, көзі ашық, көкірегі ояу сауатты, саналы анадан жақсы ұрпақ өседі», - деп.

Егерде отбасын мемлекеттің негізі, бастауы деп түсінсек, әке – мемлекеттің президенті, ана - министрлер кеңесінің төрағасы, бірақ министрлері жоқ, олардың қызметтерін өзі атқарады: ол сәбиінен бастап үй-ішіндегілердің денсаулық министрі, тамақ өнеркәсібі министрі, жеңіл өнеркәсіп министрі, тұрмыстық қажеттерді өтеу, оқу-ағарту, қаржы министрі, ішкі істер және сыртқы істер (ағайын-туыс, жолдас-жоралармен қарым-қатынастарды үйлестіруші) министрі, тіпті көбіне прокурордың да, соттың, адвокаттың да міндеттерін атқара береді. Бұл әзіл емес, өмір шындығы. Өмір сабағы осындай жауапкершіліктерді атқару үшін Ана қандай болуы керек?! Ақындардың: «Осынша берген бақытты көтеріп жүре алар ма екенбіз?» – дегеніндей, ананың өлшеусіз еңбегін отағасынан бастап мемлекет көлеміндегі басшыларға дейін бағалап, құрметтей білсе ғой.

Қыз бала – келешек Ана. Ұрпағыңның анасы. Шаңырағыңның ұйытқысы, берекесі. Қысылғанда, тарыққанда – ерінің ақылшысы, қамқоры, демеушісі. Ағайын, дос-жолдастарыңмен қарым-қатынастарыңды реттеп, келістіріп, жалғастырып, жайғастырып отыратын дәнекерің мен елшің де – ана. Ерінің азаматтығын аялап, абыройын, атағын өсіретін де, өшіретін де –ана. Қазақ: «Жақсы әйел еркекті ер етеді, жаман әйел жақсы еркекті жер етеді», - деп тегін айтқан жоқ.

Сол қыз балаларға адамгершіліктің барлық нұрлы, құнды қасиеттерін санасына сіңіріп, Ананың өмірдегі ардақты, асқақ орынын түсінуге қамқорлық жасау, қорған болу - өзін адаммын деп есептейтін азаматтардың бәрінің, бүкіл қоғамның бұлжымас заңы, абыройлы міндеттері.

Атам заманнан бері қарай, яғни, бабаларымыз, аналарымыз қыз баланың тәрбиесіне өте сақтықпен, қатаң жауапкершілікпен қараған. «Қызға қырық үйден тыйым» деген талап та, шектеу де көздің қарашығындай қорғап, сақтап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай аялап, мәпелеп өсіру де, содан туындаған парыздар: киген киімінің, жүрген жүрісінің, ойы мен бойының үйлесімді сәнділігі, жан сұлулығы мен тән сұлулығы, тартымды, сыпайы бай мінезділігі, нәзіктілігі арын, ұятын ардақтап, намысын қалқан етіп, жат көздің сұғынан, көлденең сөздің суығынан сақтана білуі – Қыз арудың бойына ананың сүтімен, ата дәстүрдің салтымен қалыптасқан қасиеттер емес пе? Ардақтата, асқақтата білу – қыз – Анаға да байланысты. Мұның бәрі талғауды, талқылауды қажет етпейтін өмір ақиқаты, аксиома болғанымен, кейде естіп тұрып естімей, ескермей кететініміз, біліп тұрып, бәлсініп, оны өзім де білемін деп өзектен итеріп, арс етіп қауып, тарс етіп жарылып кететіндерді естіп, көргенінде көңілің құлазып, сағың сынып, сөз ұқпас, әдет-ғұрыптан, сұлулықтан бейхабар құр алақан адамдардың арасында жүргендей әсерде қаласың. Қазір жастарымыз, әсіресе, қыздарымыз қай ортада, қалай кім болып өсіп келеді? Ойласаң жаның түршігеді, көкірегің күрсінеді. Тым есіріп батысқа еліктеп кетті. Бұрынғы қазақ қыздарының адамгершілік жөніндегі түсінігі, сыпайылығы, инабаттылығы, үлкенді, ата-ананы сыйлау, құрметтеу қасиеттері неге сарқылып бара жатыр?

Кейде көшеде, көпшілік ішінде, үйінде үлкендердің алдында киіп жүрген киімдерінің өзі есерлердің аузын аштырып, естілердің бетін бастырып кетеді. Әйтеуір, үстінде лыпасы бар демесең, кигендері бас жағынан түгендесең кіндікке жетпейді, аяқ жағынан қарасаң қара санға дейін ашық-тесік киімнің жобасы шығар деп топшылайтын бірдеңелер. Ал кейбір қыз-келіншектеріміз шолақ шалбар киіп көшеде, үйде, басқаны былай қойғанда әке-шеше, ата-енелерінің алдында сан-балтырын жалтыратып тойтаңдайтынын, тайсалмайтынын қайтерсің? Қазір көпшілік қыз-келіншектердің масаттана, қысы-жазы киетін киімдерінің негізгі түрі сыпайылап айтқанда, алдын тыртитып, артын бұлтитып, борбайын сымпитып, балағын тылтитып, кіндігін жылтитып, шәшін үрпитіп, бар мүшелері мен мұндалап көзге түртіп тұратын еркектерден бәсекелесіп жүріп тартып киген шалбар болды, ал кейбіреулері тіпті денемен дене болып жабысып қалған, адам денесін мүшелеп санап беретін сымпиған, тылтиған шалбарлары киімдерінің ішіндегі – ең ұятсызы, бұзығы. Әйтеуір, шет елге еліктеп, есіріп киімнің неше түрлі сұрқиясын машықтауда. Әй-дейтін ажа, қой – дейтін қожа болмай, ойларына не келсе соны істеп ордаңдап, одыраңдап жүр. Атам заманнан бері қазақ, мұсылман әйелдері ұлттық киімге, оны сәндеп, мәндеп, әшекейлеп киюге көңіл бөлген ғой. Мысалы, көйлекті асықтан асырып қысқартпаған, жеңін білектен жоғары түрмеген, кеудесін жалаңаштамаған, шашын жинақтап, орамал, шәлі тартып

жүрген (ол осы күні діни де, медициналық та талап) әйел денесінің ашықтығы – екі жақтың да пасықтығын оятады деп есептеген.

Мұның бәрі ескіні тандауға, талғамға, талдауға салмай, көне күйінде сақтай берейік дегендік емес. Заман өзгерген сайын көптеген әдет-ғұрып, сән-салтанаттың да өзгеріп отыруы табиғи заңдылық. Өткеннің озығы да, тозығы да бар. Соның бәрін адам ұғымындағы үйлесімділіктің шегінен шығармай, бірыңғай талғап еліктеудің, көрсеқызарлықтың әсерінен ақылдың қамқоры мен қисынсызынан сақтана, қорғана білуі қажет деп ойлаймын. Ал кейде көптің ішінен инабатты адамдық үлгіде киінген қыз-келіншектерді көргенде көп тікенектің ішінен ерекше гүл көргендей көңілің жадырап, әлі де түгел жоғала қойған жоқ екен деген үміт сезімі жылт ете түседі. Әйтпесе, жұртты киіндіретін де, шешіндіретін де мен емес. Бірақта шамданса шамырқана білетін қыз-келіншектерімізге, кейде арасында мосқалдарымыз да көрініп қалады, оларға айтарым: Анасыңдар, болашақ анасыңдар, сондықтан сендердің сыпайылық пен әдеміліктің шеңберінен шыға бермей, Ана деген қасиетті, ұлағатты ұғымның дәрежесінен төмендемеңдер. Өздеріңді өздерің қорламаңдар, көпке келемеж болмаңдар. Миығынан күлген мысық тілеулілердің мазағының нысанасына айналмаңдар. Мадақтау мен мазақтаудың ара жігін, ара салмағын айыратын парасаттылықтарың да жеткілікті емес пе? Өздеріңе, аналарға берген Алланың, табиғаттың асқақ, ардақты қасиеттерін ұят, сауап деген ұлы ұғымның қамқорлығы мен саясынан алыстатпаңдар. Бұл менің келіндеріме, немере-жиендеріме айтар тілегім де, қояр талабым да. Жасыратыны жоқ, кейде үй ішінде де пікір таластары болып қалады. Ескі көзқарастың шеңберінен, қарамағынан төңіректен шыға алмай жүрсін деп бағаланып қалатын да кездер болады. Жұрттың бәрі солай киініп жүр, көпті сен түзейсің бе, деп. Сонда мен Абай айтқандай:

Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды.  
Әдеті надан адамның,  
Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң айтпа сөз –

деп, көзді жұмып, құлақты тығындап, тілді тістеп жүре бермекпін бе?

Елден естіп, көріп жүрміз ғой бұл жалғыз менің ой-пікірім ғана емес, көптің көңіліндегі күйінішті көзқарастар. Бірақ көбі көңілдегісін ашып, ашық айта бермейді. Көргендерін көзін шұқып тұрып айтуға көңіліне қарайды, көңілжықпастық ықпалынан аса алмай, елеңдеген парықсыздардың далбаса, дөрекі пікірінен жасқанады.

Сондықтан: «Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» деп ойлайды» дегеннің кері болып шыға келеді. Бетке қағар ешкім жоқ. Жалтақтықтан аса алмаған намыстың жасықтығынан неге «жаңашылдардың» шапанын жамылғандардың мысы басып, олар бел алып, бұларға қосыла өзіміз де арсыздыққа арандатушылар мен арбаушылардың сиқырына табынып, неге басымызды көтермей, жігерсіздікті бүркеніп бұға береміз.

Қазақтың: «Ауруды елемесең өлесің, дауды елемесең – төлерсің»,- дегенін неге түсінбейміз, неге түсінгіміз келмейді? Ежелден ескі мен жаңаның күресі – табиғи заңдылық емес пе?

Сезім шарпып әйелдің көркін, сымбатын сұлуландырып, көзді қарып, көңілді тойдыратын, сұқтылардың ынтықтығын қоздырып, төзімін тоздырып, бәрін сыпайы сиқырлай алатын тылсым күштің бірі – әйелдің үйлесімді сәнді киімі емес пе? Аталарымыз: «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ», - демейді ме, олай болса, ұлттық ерекшелігін айқындап тұратын қазақы киімдерді барлық түрінде сақтамасақ та, әдеттен аспай, ата салттарымызды аяққа баспай, қазіргі дәуірдегі киімдердің өзін сыпайылық пен сәнділікке сыйғызып, қадірлеп, қастерлеп кию – ұл-қыздарымыздың негізгі азаматтық борыштарының бірі деп түсінемін. Оны қолдау керек, қорғау керек. Ал, жастарымыздың, әсіресе, қыз-келіншектеріміздің көпшіліктің арасында жүріп-тұру мәдениеті, әдептілік, сыпайылық сақтауы, аттары заттарына сай өздерінің қоғамдағы орындарын түсініп, өздерін басқаларға сыйлап, құрметтете білуі күнделікті назардан тыс қалмауға тиісті қоғамдық та, мемлекеттік те іс. Ал, қазір көшеде келе жатып, жастардың көпшіліктің көзінше құшақтасып, қол ұстасып жаласып келе жатқандарын көргенде кімге еліктеп, қайда кетіп барамыз, бұл дүние не болып барады деген күйзеліске толы ойға қаласың. Францияда өткен ғасырдың елуінші жылдары жастар көшеде «Ұят деген ескірген ұғым. Ұят жойылсын» - деп ұрандап жүр деп естуші едік. Оларды басып озған жоқпыз ба? Не деген масқара: қымсыну, қысылсу, имену деген жоқ. Ұят қайда, өнегелі, өркенді елдің жастары қайда? Тән құмарлығына мас болып, есі шығып елтіп, оған өздерінше махаббат деп әсірелеп ат қойып, еліріп, есіріп жүр. Ол сүреңсіз ұлынның, жүгенсіз қызынның сұрқы. Олар ар, ұят деген ұғымдардан қу тақыр кедей. Махаббат деген құдіретті, қасиетті ұғымды қорлауға, масқаралауға, мазақтауға бола ма? Оның киесі атады. Түсінген адамға оның киесі атып та жүр. Көп жастарда тұрақтылық, сыйластық негізіндегі отау, шаңырақ, орда деген қасиеттеріне сай отбасы да жоқ. Бәрі уақытша, өткінші. Олардан құнды ұрпақ та туа қоймас, сірә...

Азия, тау халықтары ұлттық киімдерін бұрынғы Одақ кезінде де қалдырған жоқ. Ұлтын сүйе білу, халық дәстүрін тоздырмау, жоғалтпау. Ол үшін шынайы намыс керек.

Махаббат адамның ең құдіретті, ең қасиетті, ең ардақты асқақ сезімі. Ол мен ашып отырған жаңалық емес, ол – тарих, ол өмірдің ұйытқысы, ақиқаты. Махаббатты сөзбен айтып жеткізуге болмайды. Абайдың: «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, іштей біл» - деуі де соған куә. Махаббаттың құдіреттілігінің өзі оның жұмбақтығында, құпиялығында, нәзіктігінде, сиқырлы тілсіз тылсым күйінде емес пе? Ұл-қыздарымыз неге жұрт көзінше өздерін қорлайды? Неге махаббаттарын тән құмарлығының желікпесіне жемтік етеді? (это не любовь, всего лишь страсть).

Қазақ айтады: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен маза кетеді», - деп. Олай болса, көрінген кезбе итке ұмсындырып, кез келген мысықтілеуге көз сатқызу – махаббат деген ұлы ұғымды арамдау, ластау емес пе?

Махаббаттың құдіретіне талай патшалар, батырлар, данышпан дарындар соғыссыз тұтқындалып, жіпсіз маталып, айтқанына көніп, айдағанына жүрген. Махаббаттың құдіреттілігін жырлау ғасырлар бойы «Қозы Көрпеш- Баян сұлу», «Қалқаман-Мамыр» тәрізді дастандармен дәріптелді, бұрын оның оқиғасы атадан балаға мирас, ақын-жазушылардың шығармаларына арқау-аңыз болды, ол ғашықтардың сүйе білу өнегесіне, елдің еліктеуіне айналды. Өттең не керек, жастарымыз көне тарихты, қисса, дастандарды ескірді деп есіне алмай, олардың нәрінен сусындап, дәмін тата алмай келеді. Бүкіл әлемді тамсандырған Шығыстың Ләйлі-Мәжнүнін, Фархад пен Шырынды, қазақтың әдебиеті – мәдениетінің сүбелі байлығы Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Төлеген мен Қыз Жібек, Исаның Құралай сұлуы мен, Ақбөпесін, Абайдың өз мәнерінде айшықты аудармасы Пушкиннің Татьяна мен Онегиннің сөздері, қазақтың кешегі, бүгінгі ақын-жазушыларының сырға толы шырынды шығармаларын оқымағандар анасынан жарытып уызға тоймаған төлдей, рухани кеселге ұшырап, мешелдік күйде қоныстарының жұртында адасып, көшіне ере алмай келеді. Бар базарлайтындары, көретін қызықтары шетелдердің жауыздық пен арсыздықты уағыздайтын теледидары, кинолары, оқитын кітаптары да сол сарындас. Қазақ әдебиеттерін «түсінбейміз» - деп, беттерін де ашпайды. Бұл ұлттық қасиеттерімізді аздырып, тоздырып, бара жатқан эрозия мен коррозия. Асқынбаса, әзірге сауығар түрі жоқ. Оған не мемлекет тарапынан, не ата-аналар тарапынан шошынып, ұлттық қасиеттеріміз құриды ғой, ұлттық санамыз сарқылып суалады ғой деп, етжүрегі езіліп, қабырғасы қайысып, сауықтыру жолдарын іздеп жатқандар да шамалы. Ертең ұлтымызды, елімізді, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ата-дәстүрімізді, тамырлы тарихтарымыз бен бүгінгімізді кімге қалдырамыз? Кім мирас етіп жалғастырады? Бұл түңілу емес, түршігу, осылай ұрпағымызды өмірдің қоқысты қорыс, батпағы – ұйығы сора бере ме?- деген қорқыныш, үрей. Бұл өзін қазақпын, ел азаматымын деген кәрі-жастың бәрінің ойға, қолға алатын азаматтық парызы. Қоғам – отбасылардан құралады десек, оның болашағы мен келешегін қорғау, камқорлық жасау әрбір шаңырақтың үлесіндегі өзекті мәселе болуға тиіс. Сондықтан мен әке, аға буын дәрежесінде өкпемді де, өкінішімді де көбіне қыз-келіншектерге айтып жатсам да, ол: қызым, саған айтам, келінім сен тыңда, ұлым сен де тыңда, дегенім ғой. Қыз абыройының қорғаны – ел абыройы, ер абыройы. Қызын құрметтеп, оның арулық, аналық қадір-қасиеттерін асқақтатып, дәріптеп, абыройы мен арына араша бола алмаса, ол ұлттық намысымыздың тозғандығы, елдің – азғандығы, ердің – ездігі дер едім. Осы күнде мемлекетімізде әйелдердің қоғамдағы орнын, дәрежесін көтерейік, өйтпесек әйелдеріміздің үй ішіндегі еңбегі – күндіктен, кәсібі – түндіктен аса алмай, құқықтық дәрежелері ерлермен теңеспей, қатардан қалып жатыр, деп күңкілдеп, күпілдеп қоямыз.

Әңгімені әріден бастасам, «Ақтабан шұбырындыда» жоңғарлар қолға түскен қазақтың еркек кіндігінің біреуін де тірі қалдырмаған. Қазақтың еркектерін жойса, қазақ ұлтын жоятынын жоңғарлар жақсы білді. 6-7 жыл бойы жоңғарлар қатын қылған қазақтың қыз-келіншектері қазақтың емес, жоңғардың балаларын мындап көбейтті. Бүкіл қыз-келіншекті топырлатып тоқалдыққа



алып, ойларына келгенін істеді. Жоңғарлар «Аңырақай» шайқасында аңырап жеңілгенше алты жыл бойы қазақ даласы қан сасып кетті. «Елім-ай» деген зарлы әуен сонда шықты ...

Ал, енді қазіргі қазақтың жауы неше түрлі қоғамдық ұйымдар ашып, оны өздері қаржыландырып, әр түрлі «әйел теңдігі», «әйелдерді қорғау» секілді қиялмен емексітіп, қазақ еркектеріне қазақ әйелдерін қарсы салып қойды. Ақшаның буына мас болған біздің кейбір шошақай ханымдарымыз өзгелердің айтағына еріп, шапқылап жүр. Өздері су ішкен құдыққа өздері түкіріп, өздерін қанынан жаратқан әке, аталарын қорлаумен келеді.

Қазіргі заманғы ірі ойшыл, философ Бенедикт Спинозаның «Билік басындағы әйел – бүкіл әлемге қатер» дегені – қаны тамып тұрған шындық.

Қазақстандағы «көсемсымақ» әйелдердің гендерлік саясатының ақыры қазақ үшін өлім әкеледі. Қазірдің өзінде 85 пайыз білім саласын әйелдер басқарады. Сондықтан да мектептерде не білім, не тәрбие, не ғылым жоқ. Мемлекет билігіне 50 пайыз әйелдер келсе, онда: өлдің қазақ, көріңді қаза бер...

Қазіргі таңда гендерлік саясат жөнінде әңгіме көп айтылуда. Оның мақсат-мүддесіне назар салсаң, астарында ешқандай жамандық жоқ тәрізді. Өйткені, бұл сөзді ағылшын тілінен аударғанда, ол әйелдер мен еркектердің арасындағы әлеуметтік айырмашылықты анықтап, айырып беретін ұғым. «Әйел – отбасының ырысы-құты» деп ойлайтын қазақ халқына әйелдер мен еркектердің арасындағы әлеуметтік айырмашылық, теңдік жақсы таныс. Тіпті, Кеңес дәуірінде, яғни 1920 жылдан бастап Қазақстанда әйел теңдігі үлкен саясатқа айналып, алғашқы он жылда әйелдердің сауатын ашу, оларды қоғамдық, мемлекеттік жұмыстарға тарту, өз еркімен тұрмысқа шығуына, ғылым, біліммен шұғылдануына құқықтық негізде жағдай жасау ел өміріндегі ең өзекті мәселелердің бірі болды.

«Гендер» деп шапқылап жүрген көсем ханымдардың ойында шын халыққа қызмет ету болса, ең болмаса, қыздарды тәрбиелеудің бір бағдарламасын жасап, Үкіметке ұсынар еді-ау. Қазіргі қыздарға қарап бір ауыз сөз айтып көр, бетіңді тырнап алсын. Мұның бәрі еркекті сыйламай, арпылдап бетінен алатын әйелдерден көрген тәрбие. Әкесін сыйлаған қыз ер адамның бетіне бажыраймақ түгілі, алдынан кесіп өтпейді. Соңғы 15 жылда тәрбиенің жоқтығынан жетімханаға қаракөздердің топырлап толып кеткенін, кесепат кесірінен қарттар үйінде қарияларымыздың көбейіп жатқанын көрмей ме? Аштан өліп, көштен қалып жатқан кім бар? Бұның бағасы – арсыздық қана. Осындай қаны тамып, зар жылап тұрған мәселені көрмей, сонымен айналысудың орнына «гендер» деп шапқылап жүрген ханымдардың бар ойы билікке жету, Үкіметтің беретін тегін ақшасына рахаттанып өмір сүру, киіну, ішіп-жеу, одан басқа түк те емес. Халық ақымақ емес, кімнің кім екенін көріп отыр. Әйелдің бағы – ерімен бірге. Еркегі, отбасы жоқ әйел қашан бақытты болып еді? Жападан жалғыз қашан бақытқа жетіп еді? Ендеше, әйелге қандай теңдік керек? Жұмыс істеп еркектер жеткен биікке өзім-ақ жетем деген әйел бар әйелдік қасиетінен айырылады. Билікке әйел қалай жетеді, оның жалпылама жөн-жобасын қазір жас бала да біледі. Жасыратыны жоқ, күйеуінің

табиғи жетекшілік позициясын мойындамай, ерегiсте тiрлiк кешетiн, өзiнiң қызметтiк өсу жолында тәнiн де, жанын да сататын әйелдер аз емес. Сондай-ақ, Қорқыт бабамыз айтпақшы, «Әйел төрт түрлi болады. Оның бiрi – ниетi қураған әйел, екiншiсi – ынсапсыз әйел, үшiншiсi – үйдiң құты болған әйел, төртiншiсi – кесiр әйел». Мұның сыртында қазiр елiмiзде азғындықты, зорлық-зомбылықты насихаттаған Батыс идеологиясына, дiни секталар уағызына елтiп, бұзыла бастаған да әйелдер баршылық. Гендерлiк теңдiк, билiк, саясат оларға не үшiн қажет? Олар оны қалай пайдалануы мүмкiн? Гендерлiк саясатпен елiмiзге шет елдерден түрлi азғындықтар, парасатсыздықтар енiп кетпес пе екен? Бiздi қатты толғандыратыны осы. Өйткенi, жақсылық пен жамандық қашанда қатар жүрмейдi ме...

Әйелдерiмiз теңдiк iздегенде еркек болғысы келе ме? Еркек болмай, нелерi қалды. Ауызда – арақ, қолда – темекi. Алла әйелдi еркектiң қабырғасынан жаратты. Сөйтiп, олардың мiндетiн ерiне қызмет ету деп бұйырды. Кейбiр әйелдер еркекпен таласам деп, оларды қадiр-қасиетiнен айырып, өз бастарына өздерi бәле тауып алды. Ақылды әйелдер баласын туып, күйеуiнiң тапқан байлығын шалқытып, жұмыс iстемей-ақ болып-толып отыр. Әйелi үйiнде отырып балаларына тәрбие берген үй қандай берекелi, ұл-қызы қандай тәрбиелi. Күйеулерiн сүмелек еткен әйелдердiң өздерiне обал жоқ. Қайта арсыз, ерiншек, ынжық еркектерге рахат, бiреу бағып, мiндетiң атқарып жатса, жанын қинап қайтедi? Рахаттан да жата бер...

Мемлекеттiк, саяси, қоғамдық қызметтерге араластыруымыз жел берiп желпiлдетiп, емексiтiп, елпiлдетiп жатырмыз. Менiң ойымша, оның бәрi – сандырақ, түбi көрiнiп тұрған тайыз, орта қол көлгiрсу, сиқырлы саясат. Аналарға керегi тек қоғамның өздерiн қолдауы, өз дауысы, пiкiрi бар екенiн ерлерiнiң бiлуi, құрметтеуi ғана. Англияның премьер-министрi М.Тетчер 12 жыл билiкте болса да бiр әйелдi министр етiп жанына жолатқан жоқ. Қазақ анасын ардақтап, құрметтей бiлген халық. Қоғам өмiрiнде хан да болды, ел де басқарды, қолына қару алып соғыста қол да бастады, ғалым, ұстаз, дәригер, мәдениет қайраткерi, ақын-жазушы болды, бәрiнде де ерлермен қатар елiнiң елеулiсi, халқының қалаулысы болды. Талай елдiң, рудың, жер-сулардың аттары да аналардың аттарымен аталды. Көп бала өсiрiп, оң жағына он отау, сол жағына сан отау тiгiп, қордалы, ордалы ауыл – Ел – анасы болған қазақ әйелдерiнiң елiне, ерiне қадiр-қасиетi кем болды деп кiм айта алады? Ақылды, парасатты аналар қоғамда да, үйiнде де өздерiнiң орындарын тауып, халқын сыйлап та, өзiн сыйлаттыра да бiлген. Бiрақ солардың бiрде-бiрi әйел қауымына берген Аллаһ тағаланың ерекше аналық қасиетiн, табиғаттың заңдылығын бұзған жоқ. Отбасының қожасы да, қорғаны да, қамқоршысы да Ата болса, үй iшiнiң киесi де, тәрбиешiсi де Ана болды. Ұрпақ та өсiрдi, тәлiмдi тәрбие де бердi. Ал, қазiр кейбiр келiншектерiмiз еркекшора, еркекотай болғылары келедi. Егерде тiзгiнсiз қоя берсе, ескi дәуiрдегi матриархат, амазонка тәртiптерiн орнатқылары келетiнiн де жасырмайды.

Бiр жас ақын (Алмас Темiрбай):

Деп ойлап ем «Дүниенi iзгi етем»,

Сорлылықтың сорақысы бізде екен.  
Еркекшора ер болам деп еркінсіп,  
Қыздан бетер қылымсиды қызтекең, -  
деп қазіргі тамырымызды дөп басыпты.

Бұрын қазақтар әйелдерге шашы ұзын, ақылы қысқа деп ренжуші еді, енді керісінше, шашы қысқа, ақылы ұзын болып шыға келді.

Әйелдер билік сүйгіш адамдар, біртіндеп, таласып, тартысып, бәрін де «жаулап» алып келеді. Әуелі еркектерді «тонап», дымын қоймай шешіндіріп, киімдерін түгел сыпырып алды. Басына тиіспегенмен, шашын алды, үйдегі басшылықты да өз қолдарына шоғырландырды. Өзі –балға, өзі – төс. Бала тууды да өзі жоспарлап, өзі шектеп, ұрпақ тәрбиелеу міндеттерін балабақшаға, мектепке және көшеге тапсырып, салтбасты, сабау қамшылы деген сияқты «бостандықтың» туын желбіретіп шыға келді. Сөйтіп, әйелдерді еркінсітіп еркелетеміз деп, оның сыртында ерлермен қатар қоғамдық, саяси жұмыстарға, сауда кәсібіне араластырамыз деп негізгі мақсатымыздан, бағытымыздан ауытқып кеттік. Өмірдегі еркек – еркек, әйел – әйел болу табиғи заңдылығын бұрмалап, отбасын өгейсіте бастадық. Отбасындағы тірлік пен бірлік, ұрпақ өсіріп, оны тәрбиелеуде ананың мейірінен, ыстық ықыласынан, құдіретті қамқорлығынан алыстап барамыз. Бірақ бәрін бірдей төндіре бермейік. Өзінің аналық қасиеттерін сақтап, үйде де, түзде де ел сүйсінерлік еңбек етсе, ондай аналарды ардақтап асқақтата берейік.

Қазақ: «Балаға әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген ауыр кесімнің өзін тегін айтпаған болар. Олай болса өмірде балаға Анадан жақын ешкім жоқ. Ана – отбасының бірлігі мен тірлігінің, құт берекесінің ұйытқысы. Ал қоғамның жеке отбасынан, жеке адамдардан құралатынын ескерсек, өмірде бәрі тамырлас, сабақтас. Отбасы қоғамның бастауыш ұйымы, ал адамдар олардың мүшелері болуы заңды тірлік. Сондықтан отбасының рухани байлығы – қоғамның құндылығы, дәрежесінің жоғарылығы. Олай болса, отбасындағы барлық тәрбие жұмысының тұғырын да, құрығын да, қолында ұстап отырған Ананы – қоғам қайраткері деуіміз керек. Саналы, өнегелі, өркенді ұрпақ өсіріп, қоғамға тәрбиелі, тәртіпті азамат тәрбиелей білсек, онда қазіргі еркінсіп кеткен азғындық пен жауыздықтың өрісі өшіп, арамшөптері тамырында суалып, өртенділердің орнында гүлдеп көк өспей ме? Аналардың қоғамға қосқан үлесі қомақты емес деп кім таласады? Олай болса, Черчилль: «Ананың сүті сәбиге дарыған сайын, елдің экономикасына қан жүгіреді», - деген екен. Ағылшын ғалымы Беккер ұрпақ әкелген әйел мен бала тумай тек лауазымды қызметте жүрген әйелдің экономикаға салатын инвестициясы туралы зерттеулер жүргізген. Әрине, сәби өсіріп, елге азамат дайындайтын әйелдің инвестициясы әлдеқайда көп болып шығады. Сонда бұл көрсеткіштер әлемді таң қалдырады. Әйелдердің үйде отырып қана экономикаға қосатын үлесінің зор екендігін дәлелдеген мықты экономиске осы еңбегі үшін ғана Нобель сыйлығын берді. Ана еңбегі отбасымен шектелмейді, ол қоғамдық еңбек, қоғамдық жұмыс. Сондықтан әрбір Ананың отбасын ордалы, тұрмысын қордалы жасау – мемлекет, қоғам қамқорында болуы келешекте шешімін табатын маңызы зор

мәселе. Ол айында, жылында, көрінгенге көзін сүзіп, жылап-сықтап алатын қайыршыға беретін қайырымдылық көмек емес, тұрақты сүбелі қамқорлық болғаны жөн. Мен ойлаймын, барлық аналарды алғашқы баласы туғаннан бастап, мемлекеттік жұмыста деп есептеп, тұрақты еңбекақы тағайындап, әр баласы үшін үстеме еңбекақы тағайындаса. Бұл демографиялық өсудің, тәлім-тәрбие жұмыстарын құнарландырудың, Отанымызға адамгершілік қасиеттерді бойына да, ойына да сіңірген азаматты өсірудің, қоғамды адамдардың қоры мен қоқысынан тазартудың, ең соңында Ананы ардақтаудың, шешімін тапқан мемлекеттік маңызы бар саяси, әлеуметтік іс, шара болары сөзсіз. Кейбіреулер бала өсіру жеке отбасының тіршілігі, өз жеке бастарының парызы деп кекесінді ойлауы мүмкін. Кейбір дүлей, дүмей бастықсымақтар, аналар көмек сұрап барса, өзінің де кімнен туғанын ескермей: «Асырай алмасаң баланы неге таба бересің»,- деп дөрекілік, топастық танытып сөгетінін қайтерсің. Ондай өріссіз, келте ойлыларға айтарым: Оларға сендер қосылып, қатарларын көбейтіп, қандай мұраттарыңа жетпекшісіңдер. Келешектің қамын шамамыз келгенше кеңірек, тереңірек ойлауға тырысайық та.

Кейбір ата-аналар қызын ұзатқаннан кейін жас отаудың тіршілігіне араласып, қыздарын қызғыштап, жоғары білімді қызымды отбасы, ошақ қасында ұстап отырсың деп шоқ тастап, қоламта көсеп жүргендерін өмірде талай көріп те жүрміз. Қазақ: «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету, сауда мұраты – ұту», - дейді. Табиғаттың заңы: Қыз болашақ – Ана. Қыз арманы дипломда емес, қызметте емес. Қыз арманы (ата-анасының да) құтты жерге қонып, адал, сүйікті жар болу, отбасын құрысу, бала сүйіп, ұрпақ өсіру. Ал үй ішінің өмірін үйлестіріп, өнегелі ұрпақ өсіріп, тіпті ағайын-туыстармен, жолдас-жоралармен жарасымды қарым-қатынастар қалыптастыруға да, қажет болған кезде солардың арасында елшілікке де жарауына, қыздың, түскен жас келіннің көзі ашық, көкірегі ояу, мейірінен мейіздің нәрі сезіліп тұратын білімділігі, парасаттылығы қажет емес пе? Отбасы аңшылардың уақытша тіккен қосы емес. Ертедегі бір данышпанның айтқанындай: Отбасы – кішігірім мемлекет. Оны басқару, келешегін кемелді ету үшін ханы да, ханшасы да ақылды болғаны абзал. Осыларға нұқсан келтірмей, мүмкіндігі болса қызмет те істей берсін. Бірақ негізгі міндеті ұрпақ өсіру, бала тәрбиелеу екенін естен шығармауы керек. Мен өз басым қызы ұзатылғаннан кейін төркінінің басқа шаңырақтың тіршілігіне араласа бергенін ұнатпайтын қазақпын. Қимаса қызын үйінде ұстап отырсын. Қазақ айтады: жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап, – деп, келін боп түскен қыздың бойжеткенше өз үйінде тәрбиеленіп, басқа отбасына келген соң оған тек келін емес қызындай болып, сіңісіп кетуіне де ақыл мен парасат қажет. Өйткені, екі үйдің де өздігінше қалыптасқан салт-дәстүрлері, қарым-қатынастары, әдет-ғұрыптары әртүрлі, дәрежесі де өзгеше, яғни, бір-біріне ұқсамас ерекшелігі де бар. Оны ескермеген екі жақтың да ата-аналары жаңа отаудың беріктігін, берекесін бұзады. Келін өзі аттаған босағасының, сол шаңырақтың адамымын, өз үйім деп түсініп, «төркіні жақынның төсегі жиналмастың» жетегінде кетсе, қазақтың: «Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді» дегені сияқты,

екі үйдің арасын шаңдатса, адасып кетуі де мүмкін. Төркіндегі еркелікпен келін болып түскеннен кейінгі еркеліктің арасы айшықталып, жаңа отбасында шоқ басып алмау үшін еркелікті сабырлық, сақтыққа бақылатып қою керек. Көптеген жастарымыз «бостандыққа» бой ұрып, елтең-селтеңнің әуенімен шет елдік әйелдерге еліктеп, отау тігіп, отбасының беріктігін сақтауды естен шығарып бара жатқан сияқты. Республикадағы «Қазақстан әйелдері» қозғалысының зерттеулері бойынша қазақстандықтардың 9,2 пайызы ғана үш балалы, 2,2-пайызы төрт және одан да көп балалы болуды қаласа, қалған 88,6 пайызы отбасында бір-екі ғана бала болуын қалайтын көрінеді. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, ұрпақ жалғастырудың үстемділігін сақтау үшін әрбір отбасында кем дегенде 3-4 бала болуы қажет. Одан кем болса халықтың өсуі тоқырайды, яғни кеми береді. Республика бойынша әйелдердің 57,4 пайызының ғана күйеулері мен балалары бар, 19,5 пайызы ешқандай некеде жоқ. Қалада тұратын әйелдердің 75 пайызы некелесуді ескінің қалдығы деп, «еркін» қарым-қатынастарды қолдайтын болып шықты. Сондықтан да болар, қазір республикамыздағы балалар үйінде 112 мың тастанды балалар тәрбиленіп жатса, жылына, орта есеппен, шет мемлекеттерге бір мыңға жуық бөбек сатылатын көрінеді. Ар-намысты аяққа басып, өзекті жарып шыққан сәбиімізді сатқан соң, саудаға түспеген, сатылмаған неміз қалды? Қаншама сәби, қозыдай құны болмай, туа салып, өз анасының қолынан жауыздыққа ұшырап жатыр (жыртқыш анда өз баласы түгілі, басқа аңның балаларын бауырына басып, өсіргенін естіп, оқып жүрміз). Отбасының тұрақсыздығын және баланың аздығын кейбіреулер экономикалық ауыртпашылықпен дәлелдегісі келсе, кейбіреулер батыстың әйелдер «бостандығын» дәріптейді. Менің әкешем соғыс және одан кейінгі ауыр жылдарда он бала тәрбиелеп өсірді. Қазіргі қиындықтармен салыстыруға бола ма? Әрине, таршылықты сезіндік те, көрдік те. Құдайға шүкір, бәрімізді аман-сау өсірді, ержеткізіп, оқытып, әрқайсысымызды шаңырақ көтертіп үй отау қылып шығарды. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, азаматтық дәрежеге жеттік. Ал қазіргі кезеңде ауыртпалықты ауылдағылар айтса бір сәрі, онда да олар балалы болуды шектеп жатқан жоқ, ал бала өсіріп, тәрбиелеуді қосалқы қолбайлау, аяқ тұсар тіршілік деп жүрген даладағы емес қаладағы жастарымыз, оның ішінде, көбі әлді – ауқатты, тұрмыстық мүмкіндіктері молдары. Сондықтан болар, Абай айтқандай: «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын», – деп, кейбір еріккеннен ермек іздейтін еркетотайлардың отбасын өгейсініп, «бостандықты» дуы да, шуы да мол, назарлы, базарлы орындардан іздеуі, ең болмағанда «өзінің базаршы, күйеуінің қазаншы» болуын қалап, желөкпе жеңілтек әйелдердің жемісті, жеңісті еліктеуіне айналып алды. Барлық қыз – келіншектерге күйе жағып,

каралаудан аулақпын, бірақ «ауру» асқынып барады. Аллаһ Таһала осындай кесірлі кеселдерге таулық беріп, халық болып, мемлекет болып тосқауыл қойып, азаматтары ездiктен еңсесiн көтерiп, «қыз-келiншектерiмiздiң аналық абыройы мен аналық қасиеттерiн» қорғамасақ, батыстың үйретуi де, күйретуi де бел алуда. Ең бастысы, аналар өз арларыңа өздерiң арашы болыңдар! Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Бiр төл артық туса, бiр түп жусан артық шығады. Әр бөбектiң өз несiбесi, өз ризығы болады», - деген екен. Данышпан Мұхтар Әуезовтың айтқаны бар: «Ел боламын десең, бесiгiңдi түзе» – деп. Халық мақалы: «Ел боламын десең, данаңды сыйла, үй боламын десең, анаңды сыйла», - деген. Ел мен отбасының шаңырағын шайқалтып, iргесiн сөктiрмейiк. Олай болса, ұлтымызды басқаларға улаттырмай, шулаттырмай, атына заты сай Ел болайық. Бәрiмiз аналарға қорған, қамқоршы болып, оларды аялап, әлпештеп, қадiрлей бiлейiк. Аналарымыз аналық тұғырдан төмендемесiн.

Осы ғасырдың соңына қарай әлемдегi халық саны екi есеге көбейiп, 12-13 млрд-қа жетпек. БҰҰ-нiң мәлiмдеуi бойынша, жер тұрғындарының саны жылына 80 млн-ға өсетiн көрiнедi. Қазiр халқы 100 млн-нан асқан 10 мемлекет бар. Ендi 20-25 жылда олардың саны 18-ге жетпек. Оған дейiн қытайлықтар саны 1,5 млрд-қа, Үндi елi 1,4 млрд. халық болмақ. 2040 жылдары үндiлер қытайлықтарды басып озбақ.

Азаматтық мiндетiн бiлмеген еркек – құл, аналық парызын бiлмеген ана – тұл. Балалы болғаның – базарлы болғаның, ауыл- аймағыңа ажарлы болғаның. Жақсы әйел – үйдiң берекесi, шаңырақтың керегесi. Балалы әйел – ел анасы, ұрпақты әке – ел панасы. Менiң ойым заман сан құбылып, бағытын, ағысын қалай өзгертсе де ғасырдан-ғасырға өрiсi тарылмай, өркенi аласармай, желiсi үзiлмей, желпiнiсi жалғанып келе жатқан ұлттық қасиеттерiмiздiң кейбiреулерiн ойып-ойып, сүзiп-сүзiп айтсам, көнергендерiн көңiлдiң көзiлдiрiгiмен қарасақ, ұрпақтарымыздың татымды тәрбиесiн, салиқалы санасын қалыптастыруға әсерi тие ме, қазiргi кезеңнiң барлық саладағы әсiре қызыл әумесерлiгiне, арбаушылығына, алдаушылығына жатсына жатырқай қарап, көкiрегiнiң көзiн ашып, ұлтына деген махаббатын оятып, намысын, арманын асқақтатса деген мақсат пен үмiт қой.

Қазақта «**Байтал шауып бәйге алмас**», - деген сөз бар. Бұдан байтал жүйрiк болмайды, бәйге алмайды деген ой тумайды. Мәселе, Байталдың бәйгеге жаратылмағанында, оның жаратылыс мақсаты басқа екендiгiнде. Оның шешуiн дана қазақ «**Байтал мiнсең құлын жоқ**» деп алдымызға тартады. Байталдың «бәйгесi» басқа, ол құлындап мал басын көбейтiп, ер жiгiттiң дәулетi мен сәулетiн шалқытуға арналған. Тек ақымақтар ғана, обал мен сауапты бiлмейтiн түйсiксiздер ғана бәйгеден алатын атақ пен жүлдеге қызығып байталды бәйгеге қосады. Бiлетiндердiң айтуы бойынша, өзi үшiн де, құрсағындағы құлыны үшiн де жанталасып, өмiр мен өлiмнiң арасында барын

салып, оқтай ұшып бәрінен озып байтал бірінші болып келеді екен. Бірақ көп кешікпей ішіндегі төлді өлі күйінде сыртқа шығарып тастайды. Қазақ қауымы да осылай «байталдарын бәйгеге қосып», адам санын көбейте алмай, пұшайман күй кешуде.

Қазіргі кейбір қазақ қыздары оқуды мұрат деп біледі. Сөйтіп, төл мұратынан жаңылып, оқу қуамын деп жүріп жастарының ұлғайып кеткенін аңғармайды да.

Бәрі қазақ отбасындағы дәстүрлі тәрбиенің жоқтығынан. Қыз баланы моральдық, психологиялық, тұрмыстық өнер жағынан болашақ ана, болашақ жар ретінде дайындамаудан. Бұл біздің айтқанымыздан «қыз бала оқымасын» деген жаңсақ түсінік қалыптаспасы анық. Қыз бала оқысын, қыз баланың жан-жақты білімді, биік парасат пен мәдениет иесі болғаны абзал, бірақ ол өз мұратын ұмытпасын; оқи жүріп, оны естен шығармасын, қазақша айтқанда «бір бармағы ішінен бұгулі» болсын.

1920 жылы Семей қаласындағы «Абай» журналында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ әйелінің бүгінгі халіне арналған мақаласы шығыпты. Сол мақалада ұлттың қамын жеген екі кемеңгер «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп қалың қазаққа ұран тастайды. Мұның мәнісі: қазақ әйелінің жағдайын түзе, қазақ әйелі надан болып қалмасын, оқыт, тәрбиеле дегені.

Ері болса елді қандай жау алар?  
Данасы бар елді қандай дау алар?  
Тарихымда аз ба аңызға айналған,  
Алып туған, батыр туған аналар!?

**Жүсіп Баласағұни (XI ғасыр) трактаты «Құтты біліктің» 62-бабында қандай әйел алу керектігі туралы былай делінген:**

Әйел алсаң төрт белгісін көздеші,  
Бұл төртеуден кездеспейді өзгесі.  
Бай әйелді біреу іздеп жүреді,  
Енді бірі сұлуға көз тігеді.  
Бірі тілер тұқымы асыл тектіні,  
Қуаныш қып, қызықтырар бектігі.  
Бірі нәзік, ақылдысын таңдайды,  
Оны тапса көңілде алаң қалмайды.  
Таңдаулысын айтайын мен бұлардың,  
Әйел алсаң, түргін маған құлағың:  
Ей, тыңдаушы бай әйелден үміткер,  
Құлы болып қалма оның білікті ер.  
Көңілі малда болып, тілін ұзартар,  
Көтерерсің – болса малға құмартар.  
Кісі ізгісі, гөзәлді іздеп шоларсың.  
Сұлуды алма, елге күлкі боларсың.  
Шырайлыны күллі ел сүйер, жақтар мың,

Оны құдай құдіретімен сақтарсың.  
Асыл текті, бек әйелді тандарсың,  
Өміріңді қор ғып, талды қармарсың.  
Асыл текті, бектер тіні тым зәрлі,  
Әйелге құл болма, ділі ызғарлы!  
Есті, нәзік жар іздегін, бекзада,  
Төртеуі де, тапсаң сонда бір ғана.  
Кездестірсең, ақылды, ізгі адамды,  
Ей ізгі ер, үйлен қойып, алаңды.  
Тілегің мал болса, берер мал тізіп,  
Байытады, жүзіңе қан жүргізіп.  
Жібек мінез – қыз-келіншек шырыны,  
Біле білсең, әйел көркі-қылығы!  
Ақылды, пәк болса, асылға баларсың,  
Үш сипаттың бәрін содан табарсың!  
Ақылды әйел ізде-іздесең сен егер,  
Есті болса, төрт құбылаң теңелер.  
Мұндай жанды кездестірсең, бекін де,  
Ей батырым, тырыс, қолдан кетірме!

**Ал, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Шал ақын (1748-1819) жақсы әйел мен жаман әйел сипатын былай бейнелепті:**

Жақсы әйел бойын түзеп сылаңдайды,  
Өз байынан басқаны ұнатпайды.  
Үйіне мейман түссе, «хош келдің!» деп,  
Еш адамнан рұқсат сұратпайды.  
Жаман әйел байымен ұрсысады,  
Мейман келсе, қабағы тырысады.  
«Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың» - деп,  
Мейман байғұс басқа үйге жылысады.  
Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,  
Әйелің долы болса күнде өлтірер.  
Жақсыдан жаман туған бала болса,  
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.  
Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,  
Осал жігіт әйелге беттей қоймас.  
Жауыз қатын – қабаған ит сияқты.  
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.

**Шал ақыннан бір ғасыр кейін өмір сүрген данышпан Абай:**

... Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!



... Ақыл керек, ес керек, мінез керек,  
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.  
Салақ олақ ойнасшы, керім-кербез,  
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.  
... Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызын арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,  
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма,

- деп ақыл-парасатты жоғары бағалаған. Сонау III ғасырда «Камасутра», XI ғасырдағы «Құтты білік», ХҮІІІ ғасырдағы Шал ақын, ХІХ ғасырдағы Абай ұғымындағы жақсы жар бейнесіндегі көптеген сипаттар ортақ екен. Олай болса, жақсылық ұғымы қай уақытта да мәңгілік. Ғарышқа қол созған қазіргі ғылым мен техника заманында да жақсы жар бейнесі туралы көзқарас дәстүрлі ұғым-түсініктерден алшақ кеткен жоқ.

Эстон социологі А.Гевиттің зерттеуі бойынша, **әйелдер ерлерін ақылдырақ деп бағалайтын отбасыларында сүттей ұйыған берекелі тіршілік салтанат құрады.** Шындығында мұның өзі – ойланарлық жайт. Ер-азаматтың тұлғасы биіктей түссін дейтін әйел ерінің бойынан мін тере бермей, ең алдымен жақсы қасиеттерінің бағасына жете білсе, сол ғанибет.

**Төле би бабамыз айтқан екен:** «Әйелің жақсы болса, бірінші - «иманың», екінші – жиғаның, үшінші – ырысыңның тұрағы» деп. Иә, шаңырақтың иесі – еркек, киесі – әйел. Әйелдерді қадірлеу керек, сыйлау керек, бірақ уысына сыймау керек.

### **Қызға қырық үйден тыйым**

Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз өзі барған үйде мынандай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған. Олар:

1. Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп өтпе, жалғыз қыдыруға тыйым;
2. Үлкендер алдында жарыса сөйлеуге тыйым;
3. Талтайып отыруға тыйым;
4. Шалқайып жатуға тыйым;
5. Көп алдында ұятқа қалмауды, ағайынға жеккөрінішті болмауды әрқашан ойлап жүр;
6. Орынсыз іске ұрынудан тыйым;
7. Өтірік, өсек айтпа және оны айтушыларды тыңдама;
8. Әурет жерлеріңді ашық-шашық жүруге тыйым;
9. Өзгелерге тіл және қол тигізуге тыйым;
10. Кісіге қарап керілуге, есінеуге тыйым;
11. Дастарқан үстінде әдемі отыр, әдепті сөйле. Орынсыз сөзден тыйым;
12. Ұрлық-қарлыққа тыйым;
13. Жаназа оқылып жатқан жерден айналып кетпе. Жерлеуге бара жатқандардан озба, жолын кеспе;
14. Бұрандауға, қылымсуға тыйым;
15. Қызыл іңірде жатып, түске дейін ұйықтауға тыйым;

16. Жалқаулыққа, ластыққа тыйым;
17. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым;
18. Аш болсаң да, тоқ болсаң да Аллаһты естен шығарма;
19. Бейәдеп сөз айтудан тыйым;
20. Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек. Үлкендердің атын атауға тыйым;
21. Ішімдік-шегімдікке тыйым;
22. Ұрыс-керіске тыйым;
23. Беттен алып, төске шабуға тыйым;
24. Ер адамға әйел киімі жараспайтыны сияқты әйелдер мен қыздарға ер киімі де қонымсыз әрі тәңірінің бұйрығында жоқ нәрсе;
25. Біреудің дүние-мүлкіне, ақшасына сұқтанба;
26. Түнде суға жалғыз баруға тыйым;
27. Жат жыныстылармен араласып жатуға тыйым;
28. Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе;
29. Тарс-тұрс жүріс, қарқ-қарқ күлкіге тыйым;
30. Ерді қорлауға, ғайбаттауға тыйым;
31. Адамды және жан-жануарларды тебуге тыйым;
32. Бүйірін, жағын таянуға тыйым;
33. Тәкаппарлыққа, сайқымазаққа тыйым;
34. Тамақты өз алдыңнан же, кісі алдындағыға қол созба;
35. Шектен тыс жасанып, сылануға тыйым;
36. Қызғаншақтыққа, күншілдікке тыйым;
37. Менмендік пен өзімшілдікке тыйым;
38. Алдап-арбауға тыйым;
39. Көрсеқызарлыққа, нәпсіқұмарлыққа тыйым;
40. Тойымсыздыққа тыйым.

Осы айтылған нақыл сөздерді бойына сіңірген жан екі дүниенің бақытына бөленері хақ.

**Мұхамеджан Естеміров.**

### **Аналар өкпесі:**

О, әйелдер, қапа болып, қиналасың несіне,  
 Осындайда түспейді ме өткен күндер есіңе.  
 Бос сөзбенен уәде беріп, қарық қылар дөкейлер,  
 Жаны ашып тұрғандай боп мінберлерден көсіле.  
     Кешегі Кеңес «қаны тамған қылыштан»,  
     Еш қиянат жасамаған әйел заты жынысқа.  
     Ауыр еңбек жасады деп 45-ке толғанда,  
     Әйелдерді босатып еді, зейнет беріп жұмыстан.  
 Емдеу тегін, оқу тегін, тегін еді баспана,  
 Болмайықшы қалың елге, қалғып жүріп масқара.  
 Өзгерген жоқ сол халықпыз, сол қазақпыз баяғы,  
 Азаттықта айналдық па елде біздер басқаға.

Болса-дағы әйелдерде жалғыз емес, «қырық жан»,  
Кезі жоқ еді несібеден осылайша сырылған.  
«Әйелдерді аялайық, бағалайық» дейтұғын,  
Ұранымыз қайда кетті, келе жатқан бұрыннан.  
Қайда біздің депутаттар, тәтті ұйқыға батқан ба,  
Түстеріне кірмей ме екен аналары ақ таңда?  
Қайдасыңдар, қалаулысы, қолдаушысы халықтың,  
Әйелдерге «мұртты» қойып, «сақал» шығып жатқанда.  
Деген екен «батыр болдым, қорқа жүріп қана»,  
Мұнымыз бар жетпейтұғын Жаратқаннан басқаға.  
Біз қашанғы бодандықта бүгілумен жүреміз,  
Тағдырыңды шешкені ме, министрің — жас бала.  
«Қырық жанды» әйелдердің не басынан өтпеген,  
Қырық шырақ жақса-дағы қазақ сорлы өспеген,  
Аямай-ақ, маңдайынан қанша шертіп жатса да,  
Ана бар ма ақ сүті мен қателігін кешпеген.  
Қайта құру артып еді әйелдерге жүк қанша,  
Айту керек, айтқан дұрыс, үйде жатып бұққанша.  
Бір бақырып қалайық біз, ешкі құрлы жоқпыз ба,  
О, әйелдер, мойымаңдар «қырқыншы жан» шыққанша.

**Тойған МҮСТАФАҚЫЗЫ,  
зейнеткер, ардагер металлург.  
Жезқазған қаласы.**

### **III тарау**

#### **Тәлім-тәрбие табиғаты**

**Ақыл адамға Алланың бергені,  
Ал, тәрбие, тәжірибе, білім -  
адамның өмірден тергені.  
Санаң – осылардың**

## қорытылған құрышы, өнген құнарлы өнімі.

Алла тағаланың өзі айтқан дейді: «Бір күндік өмірің болса, екі күндік мал жина», - деп. Ендеше, бұл - бір күннің ризығын, артындағы ошағыңның отын өшірмей ұрпағыңа қалдыр, дегені. Халқымыз: «Қызын баға алмаған, күң етеді, ұлын баға алмаған, құл етеді», - дейді. Қыз болып, дүниеге келіп, жар болып, ана болып сәби сүймесе, ол анасына сын. Қызы өскенде өзінің қызы қылықтымен аралас-құралас бола алмаған кінәсі және кемшілігі. Ұл болып дүниеге келіп, әке болып, ошағын түземесе, ол әкесінің кемшілігі. Ұлы өскенде ұлы ұлықтымен жолдас бола алмаған әкесінің тәрбиеде жіберген қателігі. Ұлдың ұлықтығы:

**Амандаса білуінде.** Үлкеннің әңгімесін тыңдай біліп, өзін үлкендерше ұстай білуінде. Қызы қылықты деген ол: әдептілік, үлкенге қызмет көрсете білу, құрметтілігі, кішіге ізеттілігі, ер-азаматты сыйлауы. Әкесін сыйламаған қыз ешуақытта жар бола алмайды, өзге азаматты да сыйлай алмайды. Әкесін, ер-азаматты сыйлай білуді үйрету – ананың үлесінде. Тіпті, азаматының атын атап шақырудың өзі мәдениеттілікті талап етеді. Жас кезінде атымен атасаң, балаларың есейе келе, жарыңа мысалы, Отағасы, Көкесі, Әкесі тіпті, Сәке, Тәке дегендей балаға үлгі болар үндесу керек.

Ең маңыздысы, жар, ана болған қыз баланың азаматын биікке шығара білуі. Әсіресе, ол - ас құйғанында, дастархан мәзірінде, ең алғашқы шөмішін отағасының ас-аяғына құюында, оны өзгеге байқатпай, шетке жылжытуында, бәрін әдептілікпен, нәзіктілікпен жасауы. Астың алғашқы тамшысын жұбайының ыдысына құюының мәні «таңғы бұл астан пәк тамшы азаматымды пәле-жаладан сақтағай гөр», - дегені. Жалпы, дастархан басында тағам таратқанда қонақтың ыдысын бірінші береді. Осыны естен шығармассың, қарғам, деп қыз балаға келін болудың қағидасын кішкентай кезінен-ақ үйрете берсе де артық емес.

Х Х Х

Жүремін не күйді кешіп тегі,  
Көкейде жатыр ойдың көшіп легі.  
Туралық таңдайыма таңба болып,  
Уызбен келген несіп бесіктегі.  
Әділдік толқи ағып ақ бұлағы,  
Ақбозы ақиқаттың шапқылады.  
Шындықты шытырманнан шешіп алсаң,  
Тура сөз туғаныңды жат қылады.  
Сөзімді алмады деп жеңіс қалап,  
Көрсетпей жүрер саған тегіс қабақ.  
Қыртысын қыңыр істің жазам десең,  
Досың да кете берер теріс қарап.  
Шындықты шырқыраған елең етем,  
Өзгеден ой-пікірім неге бөтен?

Ортақ тіл табу үшін өзгелермен,  
Өз тіліңді тістеуің керек екен.

**Әсия Беркенова.**

## **Ұлттық бала тәрбиесі**

**Жауғаннан бүріккен өтеді,  
Ұрғаннан түрткен өтеді.**

### **Не жаман?**

Есерсоқ болса ұл жаман,  
Есуас болса қыз жаман,  
Татымсыз болса тұз жаман,  
Ерімесе мұз жаман,  
Асу бермес құз жаман,  
Табаннан өткен сыз жаман,  
Тамшы өтсе үй жаман,  
Шер тарқатпас күй жаман,  
Сөзді ұқпас ми жаман.

**Қожамжар шешен.**

Бала – барлық ата-ананың қолындағы Аллаһ Тағаланың аманаты. Оны қалай тәрбиелеп өсірдің, олардың өзіңе, елің мен жеріңе, бүкіл адамзатқа жасаған жақсылығы мен жамандығы қандай, ахиретте оған да жауап бересің. Өйткені, сәби жас шыбықтай иілгіш, кез-келген пішінге салуға болады. Балалардың жүрегі таза айна тәрізді, көргенін бойына тез қабылдап алады. Нәресте шағынан жаман сөз, жат қылық, нашар ортадан аулақ ұстай білсең, өнегелі жан болып ержетеді. Бұл орайда әр халықтың өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі бар. Оның ізгілерін естіп, біліп, үйренгеннің әбестігі жоқ.

### **Этнопедиатрия – қандай ғылым?**

Бұл – әр елдің бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктерін оқытатын ғылым түрі. Мына жарық дүниенің есігін ашқаннан-ақ сәбиді қашан, қанша ұйықтату, тамақтандыру, шомылдыру қажет, соның бәрі белгілі бір тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Әр халықтың баланы күтіп, бағуда, өсіруде орындайтын салт-дәстүрі, әдет, амалдары, дене жаттығулары, тәртібі бар.

### **Неміс халқында**

1. Неміс балабақшасы оқу, жазуға үйретпейді. Мұнда әр баланың қалауына сәйкес жағдай жасалып, оларды бірлесіп жұмыс істеуге, тәртіпті де ұқыпты болуға баулитын ойындар өткізіледі.

2. Неміс бала бақшасында бір бала бір бөлмеде жатып, ән айтқысы келсе де, айналасын шашса да өз еркі.

3. Қолына қалам ұстаған әрбір неміс баласы күнделік жазады. Мерекелер, туылған күндер олардың осы күнделіктерінде жазулы тұрады.

4. Әрбір неміс ата-ана баласының қалта шығынына белгілі бір мөлшерде ақша беруге міндетті. Балалар сол ақшасын үнемдеп жұмсап, кішкентай кезінен-ақ болашақ бюджетін басқаруға үйренеді.

5. Бастауыш сыныптарда сабақтардың көбісі ойын түрінде өткізіледі. Мектепке келер алдында әрбір бала ата-анасының дайындығынан өтіп, оқуға психологиялық тұрғыда әзір болады.

6. Мектепте оқушылардың алған нәшар бағалары көпшілік алдында айтылмайды. Бұл нәшар оқитын баланың көңіл күйін түсірмеу, жігерін жасытпау үшін жасалады.

7. Неміс мектептерінде оқушылардың сыныптағы отыратын орындары жиі ауыстырылады. Бұл олардың өзгелермен жақсы тіл табысуы үшін қолданылатын ұстаздық тәсіл.

8. Германияда сегіз жастан асқан балаға да теледидарды белгілі бір уақыттарда ғана көруге рұқсат етіледі. Оның өзінде ол балаларға арнап берілетін дүниетанымдық бағдарламаны 15-20 минут қана көре алады.

9. Теледидар, компьютер алдында аз отыратындықтан, әрбір неміс баласының күні бойы жазу-сызумен, ән айтумен, билеумен, түрлі үйірмелерге барып қабілетін, талантын шыңдаумен айналысуына бос уақыты мол.

10. Германияда тұратын кез-келген ұлт неміс тілін білуге тиісті болғандықтан, балалар барлық ұлттың ұл-қыздарымен сөйлесе алады. Германияда неміс тілінде сөйлемейтіндерді жергілікті халық ұнатпайды.

11. Білім беру саласында неміс тарихын, тілін оқытуға айрықша мән-маңыз беріледі.

12. Германияда бала құқығын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Әрбір ұл-қыз балабақшадан-ақ өз құқығын қалай қорғауға, заңсыздықпен қалай күресуге болатынын біліп, үйренеді.

13. Мектептің оқу бағдарламасында патриоттық бағытта арнайы сабақтар өткізіледі.

14. Үйірмелерде балаларға елі мен жеріне пайдалы заттарды жасауға үйретеді.

15. Балаларға жас кезінен рұқсатсыз, алдын-ала жасалынбаған келісімсіз біреудің үйіне баруға, қонақ шақыруға болмайтыны түсіндіріліп, оларды немістік өмір салтымен тәрбиелейді.

### **Жапон халқында**

Бұл елде кішкене сәбилердің үйде, түзде қалағанын жасауына рұқсат. Жапондардың осы тәртібі қазақтардың: «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, он бес жасқа дейін құлындай жұмса, ал он бестен кейін онымен досындай ақылдас, ой-өрісін қалыптастыра орнықтырып, сыйлас», - деген қағидасымен сайма-сай. Яғни, бала бес жасқа дейін емін-еркін өсіп, жетіледі де, одан кейін қатаң тәртіпке түсіп, шыңдалып, шынығады.

1. Жапон баласы үшін оны онаша бөлмеге жалғыз отырғызып қою – жазаның ең қатаңы.

2. Қоғамнан тыс өмір сүру жапондар үшін кешірілмес күнә. Бұл балаға сәби шағынан жан-жақты түсіндіріледі. Содан, табиғи апат кезінде де жапондар жапа-тармағай қашып, өзгелерді қиын жағдайда қалдырып кетпейді.

3. Жапон отбасында әке-табыс тауып асыраушы, ана - бала тәрбиесіне жауапты жан. Жапон этимологиясында шешені – «канай» - үй ішіндегі адам, әкені – «сюдзин» - қожайын деп атайтын сөз сақталған.

4. Жапон баласы туған-туысын: «үлкен аға», «кіші аға», «үлкен әпке», «кіші әпке» деп атап, жастайынан-ақ кімнің қаншалықты туыстық жақындығы барын біліп өседі.

5. Жапонияда себепсіз ешбір бала жыламайды. Анасы үнемі оның әрбір іс-әрекетін бақылап, оған ненің қажет екенін алдын-ала біліп отырады.

6. «Болмайды» деген тиым жапон баласына қандай жағдайда айтылатыны сәби кезінен-ақ түсіндіріледі.

7. Кішкентай сәби оқыста құлап, денесін жарақаттап алса, оны бақылап отыруға тиісті анасы баласынан кешірім сұрайды.

8. Жапондар баласын ұрып, соқпайды, оларға айқайламайды, оларды боқтамайды.

9. Сәби перзентханадан шығысымен-ақ, «қызыл крест» қоғамының өкілдері сол үйге келіп, ол бала өміріне қолайлы ма, қауіпсіз бе, бәрін бақылап, ақыл-кеңестерін айтып кетеді. Сәби еңбектей бастағанда олар тағы келеді де үйдегі барлық қатты заттарды жұмсақ нәрселермен қаптап, сақтандыру шараларын жасайды.

10. Балаға ата-анасы елінің салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні, наным-сенімі туралы айтып, оны он бір жасқа толғанша жалғастырады.

11. Жапондарда ұл-қыз тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Қыздарға сұлулыққа, нәзіктікке баулитын «Гүл» сабағы өткізіледі.

12. Жапон баласының «саяси жүйе құрастыру» деп аталатын ойыншығы бар. Бұл оны мемлекеттік жүйені танып, білуге үйретеді.

13. Барлық сабақ жапон тілінде өтіп, бесінші сыныптан соң ғана шет тілі, өзге елдердің тарихы оқытылады.

14. Жапондар әрбір батыры мен тарихи тұлғалары туралы жас кезінен айтып беріп, баласын ұлттық мүдде үшін өмір сүруге тәрбиелейді.

### **Америка халқында**

Әлемдегі ең дамыған, көп елге билігі мен ықпалын жүргізе алатын күшті мемлекеттердің бірі –Америка Құрама Штаттары. Атауынан-ақ көрініп тұрғанындай бұл елдің халқы әубаста ой мен қырдан қашып-пысып, қаңғырып келіп, тұрақтап қалған сан алуан ұлттар мен ұлыстардың, жабайы тайпалардың өсіп-өнген ұрпақтары, - дейді көп тарихшылар. Бұл осы мемлекеттің негізін құрайтын басты ұлт жоқ, соған сәйкес бүкіл елге ортақ ұлттық тәлім-тәрбие,

салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, мәдениет жоқ екенін аңғартады. Ойлап отырсаңыз, мақтанарлық жағдай емес. Алайда, ақиқатын айтар болсақ, біздің еліміздегі кейбір пысақайларға «Американдықтар» деген атау қатты ұнап қалса керек, олар өздерін де, біздерді де қазақ ұлты, қазақ халқы деп ататқыздырмауға, яғни қазақ ұлты деген шыққан тегімізді жоюға барлық айла-амалын жұмсап, бәрімізді де төлқұжаттарымызда «қазақстандықтар» деп жаздыртуға ұран салып жүр. Ал, ұлттық атауы жойылған халықтың тілі де, діні де, ділі де жойылады, ұлттық тәлім-тәрбиесі мен салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы да кұриды, ол іштей іріп-шіріп, мәңгүрт болады.

Американдықтардың бала тәрбиесі. Оны танып-түсіну үшін ең бірінші, осы елдегі халықтың болмыс-бітіміне үңілуіміз қажет. Өйткені, әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері мен қадір-қасиеті бар да, соған сәйкес тәрбиесі де рухани байлыққа толы. Мысалы, қазаққа – қонақжайлылық, дархан мінезділік тән, өзбектерге – саудагерлік, бағбандық тән, немістерге – тәртіптілік, ұқыптылық тән, французға – мәдениеттілік, сәнділік тән, жапондарға – өнертабыстық, ұшқыр ойлылық тән дегендей... Ал, американдықтарға ше?

Мұнда бүкіл елге ортақ асыл құндылықтарды табу оңай емес. Өйткені, әрбір құрама штаттың өз лақап аты, ресми емес ұраны бар. Содан-ақ сол өңірдегі халықтың тыныс-тіршілігін, тәлім-тәрбиесін байқауға болады. Біз енді сол 18 штаттың алтауына ғана тоқталсақ:

**Делавэр штаты** – «Бірінші штат» немесе «Гауһар штаты». Ұраны: «несі бар, бізге су құрамындағы химикаттар қатты ұнайды». (Ол қандай химикаттар болды екен. Спирт пе, есірткі ме, шырын ба, бояулар ма?).

**Джорджия штаты** - «Оңтүстік империясы» немесе «Өрік штаты». Ұраны: «Біз енді қара адамдарды дарға аспаймыз». Бұрын мұнда нәсілшілдіктің кең өрістегенінен хабар беріп тұрғандай...

**Калифорния штаты** – «Алтын штат». Ресми емес ұраны: «Біздің отызға жақындаған әйелдеріміздің бойындағы пластмасса автокөліктеріміздегіден де көп». Ең үлкен алтын қоймасы табылған, қазір апельсин көп өсірілетін өңір.

**Невада штаты** – «Жусаны көп штат». Ұраны: «Жезөкшелер мен құмар ойындар... Бізде басқа ештеңе де жоқ». Казиносымен аты шыққан Лас-Вегас осы Невада штатында. Ресми емес ұранынан-ақ сезіліп тұр ғой, бұл өңірде жезөкшеліктің, құмар ойынының кең өріс алып отырғаны. Соған сәйкес жастар арасында сондай теріс жолға түсушілер өте көп. Және ол көп адамда өмір салты іспеттес қалыптасып кеткен.

**Оңтүстік Каролина штаты** – «Пальмалар штаты». Ұраны: «Азаматтық соғыс әлі біткен жоқ!». Адамдар арасындағы қырғи-қабақ, атыс-шабыс, тәртіпсіздік, қатыгездіктен хабар беріп тұрғандай...

**Юта штаты** – «Ұлу - штат». Ұраны: «Менің Иисусым сенің Иисусыңнан жақсы». Бір құдайды (негізінде, пайғамбарды) екіге бөлу, оны бір-бірінен кем, артық көру өркениеттілікке, имандылыққа, адамгершілікке жатпайтын-ақ іс. Сонда бұл өңірдің халқы ұл-қызын осындай ұранмен өмір сүруге тәрбиелейді ме екен?



Көрдiңiздер ме, Американың әр штатының тыныс-тiршiлiгi, әдеп-ғұрпы таным-түсiнiгi әр қилы. Олай болса, мұнда тәлiм-тәрбие де бiрегей емес. Әрине, еш адам өзiнiң ұл-қызының жаман болғанын қаламайды. Тек сығандардың, кейбiр тәжiктердiң балаларын соңынан ертiп, көшеде қайыр сұрауды өздерiнiң салты етiп ұстайтыны да өмiр шындығы ғой. Сол сияқты, Американың әрбiр штатының да өзiндiк ерекшелiгi, соған сәйкес тәлiм-тәрбиесi бар. Рас, мұнда жалпыға ортақ тәртiп те, мәдениет те белгiленген. Тек, одан жеке ұлттық асыл құндылықтардың иiсi шықпайды. Ал, бiздiң қазақ халқының тәлiм-тәрбиесiнде обал-сауапты ойлау, аруақты сыйлау, үлкендерден бата алу, қуанышта құдайы жасау, ағайынға сыбаға беру, жақсылықта сүйiншi сұрау, жетi атасын жатқа айтып, жетi атаға дейiн қыз алыспау тәрiздi ұлттық асыл құндылықтар өте көп-ау!

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**  
**(«Отбасы кiтабы», Павлодар, 2014 ж).**

### **Қытай халқы және бала тәрбиесi**

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, бiр ғана балалы болу түзiлiсiне көшкен қытай елiнде, сол бiр баланы сапалы ұрпақ етiп тәрбиелеу олардың басты мақсатына айналды.

Қытай салты бойынша, баланың туғанына 100 күн өткенде, "100 күндiк" деп аталатын мереке өткiзедi. Осы 100 күн iшiнде босанған ана ерекше күтiмде болады (кiр жуып, тамақ пiсiрмейдi). Мұны "Иөзы" (бiзше «қырқынан шығару» деп түсiнуге болады) деп атайды. Осы жүз күн iшiнде босанған әйел бала көтеруге кеткен энергиясын жинап, ағзасын қалпына келтiредi. Бұл дәстүр сәбидiң қалыпты өсуi үшiн ана денсаулығының жақсы болуы аса маңызды екенiн бiлдiредi.

Қытай халқының бала тәрбиесi дегенде менiң есiме олардың бiр ұлттық ырымы оралады. Бұл - жаңадан талпынып, жан-жағындағы көрiнiстерге қол соза бастаған жас сәбидiң алдына түрлi заттарды (мысалы, қалам, мәшине, қайшы, мылтық т.б.) қою ырымы. Сәби қай затты ұстаса, сол заттың маманы болады деп, ұғатын олар сол затқа байланысты мамандықтарға баланы жастайынан бейiмдей бастайды. Бұл сенiмнiң аз да болса негiзi бар-ау деп ойлаймын. Олай дейтiн себебiм, мен кездестiрген қытай азаматтарының басымы өмiр бойы мансапты болудан гөрi өз iсiнiң шеберi, кәсiби маман болуды мақсат етедi. Әрi сол үшiн бар жанын салады. Осы жолда кездескен қиындық атаулының бәрiне төзедi, жеңедi. Сондықтан ерiк-жiгерi мықты болады. Мұны күнделiктi өмiрде үйдегi әр баланың жан-дүниесiне сiңiрiп, сол баланы төзiмдi болып өсуге тәрбиелейдi.

Жалпы, қытай халқы бала тәрбиесiнде өте қатаң позиция қолданады. Мысалы, жаман қылық жасаған, ұрлық iстеген, өтiрiк айтқан баланың алақанын суға салып жiбiтiлген көк шыбықпен шықпыртып алады. Екiншi ондай қылық iстеместей етедi.

Ұлттық дәстүрдi сақтау - ұлтты сақтаудың маңызды кепiлiнiң бiрi екендiгiн жанымен сезiнгендiктен, мектеп жасына дейiнгi балаларға өздерiнiң

ұлттық киімдерін киіндіре бастайды. Мұның өзі екі миллиардқа жуық қытай халқының "ғаламдану" аждаһасына жұтылып кетпеуінің қамы екені айтпаса да белгілі.

**Гүлбақыт САБЫРДАНҚЫЗЫ,**  
**қытай тілінің маманы.**  
**Алматы.**

## **БАЛА ТӘРБИЕСІ**

«Дүниеге жаңа келген шақалақ неге жиі ауыра береді? Мүмкін, ыстығы көтеріліп, терледі ме? Әлде, нәзік, уыз тәніне салқын тигізіп алды ма? Сәбиі кенеттен сырқаттана қалса үрейленген жас ата-аналардың көкейлерінде осындай сандаған сауалдардың тұратыны анық. Мұндай кездері нәрестені дереу қымтап, қалың көрпеге орай бастаймыз. Осы әрекетімізбен-ақ, бүлдіршіннің дімкәс болып өсуіне алғашқы қадамды өзіміз жасап жатқанымызды сезбейміз де. Қымтанып өскен баланың қандай да бір болсын сырқатқа бейім, аурушаң болып өсетіндігі белгілі. Сәл ғана салқынға денесі тисе жөтеліп, түшкіре бастайды. Бала - өмір гүлі, алайда осылай екен деп оны аялап, өбектеп, бөлме өсімдігіне айналдырудың қажеті бар ма?

### **Шынықтыруды бастаңыз**

Қаперіңізде болсын, ағзалары шыныққан сәбилер сирек ауырады, төзімді, сабырлы, не нәрсеге болсын бейімді болып өседі. Асқа деген тәбеттері де жақсы, ұйқылары да тыныш. Мұндай балалар кез-келген ауа райында далада жүре береді. Олар үшін жазғы жаңбырдан кейін жалаңаяқ көк шалғынның үстімен жүгіру, қыс мезгілінде аяқ киімі мен қолғабын шылқытып сулап, қармен ойнау түк те емес. Сәбиін балабақшаға, одан кейін мектепке берген ана да жұмыстан жиі қол үзіп, дімкәс баласын күтіп, уақытының көбін аурухана кереуетінің жанында өткізбейді.

Сонымен, сіз ертеңнен бастап сәбиімді шынықтырамын деген нық шешімге келдіңіз! Дұрыс-ақ. Мұндайда ең бастысы - уақыт таба білу керек. Көптеген аналар күнделікті қым-қуыт тірлікпен жүріп, бастаған ісін аяқсыз қалдырып жатады. Бірақ, шынықтыру тәсілдерінің арасына үзіліс түсіп кетсе, оның өз мағынасын жоғалтатынын қаперіңізде ұстаңыз. Сәбиіңізді шынықтыруды күн сайын әдетке айналдырыңыз. Сіз шаршап тұрмын деп баланы күнара тамақтандырмайсыз ғой, бұл да сол секілді. Баланың денесін салқын сумен ысқылау, ауа ваннасын жасаудың сәбиге бірте-бірте жағымды әсер ететінін ұмытпаңыз. Шақалақтың нәзік терісі салқын ауаға күн өткен сайын бейімделе бастайды. Нәтижесінде сәби терісінің, бұлшық еттері мен ішкі ағзаларының, әсіресе, жүрек пен бүйректерінің қан айналысы жақсарады.

### **Сәбиге төрт апта болғанда**

Әрине, дүниеге жаңа келген нәрестені белгілі бір тәсілмен бірден шынықтырамын деп асығыстыққа салынудың қажеті шамалы. Дегенмен, ауа ваннасы арқылы шынықтыруды бастағанның артықтығы жоқ. Сәбидің

жаялығын мезгіл-мезгіл ауыстырудың өзі ауа ваннасымен пара-пар екендігін жас аналар білуге тиіс. Алғашқы кездері бала анасы жаялығын ауыстырып, киіндіргенше 1-2 минут жалаңаш жатады. Ал үш аптадан асқан соң асықпасаңыз да болады, сәби тыржалана күйінде 4-5 минут аяқ-қолдарын ербеңдетіп, емін-еркін жата тұрсын. Бүлдіршінге 1 ай болғанда ауа ваннасы денені үгу (массаж) арқылы қосарлана жүргізілсе, тіпті, жақсы.

Баланың туғанына екі апта толғанда оны аз уақытқа далаға шығарып серуендетуге болады. Тек ауа температурасы 8 және 10 градус салқындықтан төмен болмасын. Егер дала суық болса, күніне 4-5 реттен бөлме терезесінің желдеткішін ашып отырыңыз. Далаға шығарған кезде сәбидің бетін тұмшаламаңыз.

### **Сәбиге 12 апта болғанда**

Бұл кезде баланы күніне 2-3 реттен 20-30 минут бойы сейілдетеді. Сонымен бір мезгілде сәбидің денесін салқын суға шыланған орамалмен ысқылауды да бастау қажет. Процедураны -0-1 градустық мөлшерде бастап, судың температурасын бірте-бірте бір градусқа дейін салқындатып отырған жөн. Нәрестеге 9 ай толғанда оны ваннаға отырғызып, төбесінен төмен қарай қанжылым су құйып салқындыққа үйрету қажет. Мұндайда балаға суық тиіп қалады деп қауіптенбеңіз. Салқын ваннаға сәби тез бейімделеді. Су ваннасын қабылдаудың ең тиімді мезгілі таңертеңгілік уақыт. Сумен шынығу 5-7 минутқа дейін созылуға тиіс.

### **1-3 жас аралығындағы баланы шынықтыру**

Бұл жастағы шынықтыру процедураларының өз ережесі бар. Алғашқы кездері баланы беліне дейін жалаңаштап шешіндіріп, мойынын, арқасын, қолтығының астын, кеудесін суық суға шыланған түкті орамалмен ысқылайды. Мұнда да судың температурасын бірте-бірте салқындатып, -17-18 градусқа дейін апару керек. Жаздың аптап ыстығында баланың суға жиі түскені пайдалы. Тағы бір ескеретін жай, сәби әлденеге мазасызданып, ешнәрсеге көңіл - хошы болмай, енжарлық танытып тұрса, шынықтыруды кейінге шегере тұрған дұрыс. Өйткені, сәби өзіне жақпайтын іс-әрекеттерді қабылдамай, жылап, қарсылық білдіруде. Осыны есте сақтаңыз! Салқын сумен шынықтырудың мерзімін ұзартуға тырыспаңыз, бұлай еткен жағдайда сәбиге салқын тиіп, ауырып қалуы мүмкін. Сондықтан да шынықтыру тәсілдерінің барлығын да байыппен, бірте-бірте жүзеге асырған жөн!

Баланың аяғын ваннаға салу арқылы шынықтырудың да пайдасы бар. Бұл әсіресе, тыныс жолдары ағзалары ауыратын сәбилер үшін өте тиімді тәсіл. Ол үшін сәбиді кішкентай орындыққа отырғызып, аяғын легенге саласыз. Сонан соң біріне **35-36** градус температурадағы жылырақ, екіншісіне **33-34** градус температурадағы салқын су құйылған екі құмыраны дайындап аласыз. Сәбидің тізесінен төмен қарай алдымен жылы су, сонан соң салқындау суды құйып, кейін әлде де салқындау суды пайдаланып, сосын аяқтарын құрғатып сүртіп, таза шұлық кигізесіз. Сәби бір жарым жасқа толғанда оны 1-2 минут бойы салқын себезгінің астына қойып шынықтыру әдісін жалғастырған тиімді. Тек

бір, есте ұстайтын жәйт, шынықтырудың мұндай тәсілін ертеңгілік жаттығулардан кейін жасау қажет.

Баланы жалаңаяқ жүруге дағдыландырыңыз. Бастапқыда сәби бөлме ішінде түгі қатты кілем мен кедір-бұдырлы кілемше үстінде, сонан кейін саяжайда тақтай еденді немесе құм мен көк шөпті басып жалаңаяқ жүруі керек. Шыныққан сәби жыл он екі ай бойы үйде күніне жарты немесе бір сағат уақыт мөлшерінде жалаңаяқ жүруге дағдыланады. Мұның бала денсаулығына тигізер пайдасы зор.

### **Өз бетіңізше әрекет жасамаңыз**

«Дені сау баланы тәрбиелеп өсіру үшін пәтерді тоңазытқышқа айналдырып, бүлдіршінді ақ қар, көк мұздың үстіне жалаңаяқ қоя беріп, мұз ойығына шомылдырып, үстіне тастай суды құюдың қажеті жоқ. Педиатр дәрігерлер өз бетінше жасалатын мұндай шынықтыру ережелеріне үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Сәби шынықтырудың осындай тәсілдерін жасай білгеннің өзінде оның келешекте бала денсаулығына тигізетін зардабы орасан зор. Мұндай жағдайда ең алдымен жүйке жүйесі мен бүйрек зақымданады. Сондықтан, сәбиіңіздің денсаулығын ойласаңыз, өз бетіңізше әрекет етуден аулақ болыңыз».

Бала тәрбиесінде оның денесін шынықтыру жөніндегі дәрігер мамандардың кеңесі осындай. Иә, кез-келген жастағы баланы салқынға шыдамды етіп шынықтыруда дәрігер кеңесін басшылыққа алу – басты талап. Олай болса, балаңызды дәрігерлермен бірге өркениетті тәсілде, медициналық талапқа сай шынықтыра біліңіз.

**Максұтбек СҮЛЕЙМЕН.**  
**(«Отбасы кітабы», Павлодар, 2014 ж).**

Америкада социолог-мамандар немістің, ағылшынның, орыстың нәрестелеріне тәжірибе жүргізіпті. Олар жаңа туылған немістің шақалағына неміс тілінде "өмірге қош келдің" деген сөзді айтқан кезде, әлгі нәресте қимылдап, жағымды үн шығарыпты. Ал қалған екі бала тыныш жатыпты. Екінші кезекте ағылшынның баласына ағылшын тілінде дәл солай айтқан екен, ол да қозғалыпты, ал орыс пен немістің балалары қимылсыз қалған. "Өмірге қош келдің" сөзін орысша айтқанда, орыстың нәрестесі бұлқыныпты. Мұның себебін ғалымдар тілдің адам генетикасына тікелей әсері бар дегенді дәлелмен түсіндіруде.

Бала құрсақта жатқанда-ақ анасы сөйлеген тілдің 70 пайызын бойына сіңіреді екен. Енді мына қызыққа қараңыз, жаңадан тілі шығып келе жатқан балаға жат тілде сөйлеп, сол тілді үйрете бастасаңыз, оның бойындағы бұлқынып шығып келе жатқан ана тілі мен жат тілдің арасында күрделі күрес басталып, баланың ойы мен миы, тілі қойыртпаққа айналатын көрінеді.

Ал қазір балалардың көп айтатын сөзі - "папа" мен "мама". Бірақ бұл екі сөз де - қазақ тіліне жат сөздер. Дегенмен, бұлар бірнеше жылдан бері қазақ тілінің ең көп қолданылатын сөздерінің қатарында келеді. Көп адам екеуін де

орыстың сөзі деп түсінеді. Негізі бұл сөздер ешқандай орыстың немесе басқа да славян халқының төл сөздері емес екен. "Папа" сөзі ертедегі гректердің "papas" сөзі мен латынның "papa" сөздерінен шыққан көрінеді. Ол кезде католиктік шіркеуде дін қызметкерлерінің ең лауазымды, ең жоғары қызметкеріне "папа" деген атау берген. Мысалы, Рим папасы Бенедикт VIII деген сияқты. Христиан дініндегі католиктік шіркеудің "папа" сөзі осы дін таралған аймақтың бәріне тарайды. Ал орыстар христиан дінінің басқа тармағын ұстанса да "папа" сөзін қабылдап, солар арқылы қазақ еліне, яғни бізге жеткен. Сондықтан "папа" сөзін орыстардың сөзі деуге болмайды. Өйткені орыстардан басқа әлемде қаншама ұлт әкені "папа" деп атайды, Сонымен қатар, "мама" сөзі де солай. Әлемнің көптеген ұлттары ананы "мама" деп атайды. Бірақ "мама" сөзінің ертедегі шіркеуге ешқандай қатысы жоқ. Мама латынның "matra" (мағынасы: әйелдің емшегі) деген сөзінен шыққан. Баланы емізетін әйелді, яғни ананы "мама" деп атау ертедегі латын тілінен шықты деуге толық негіз бар.

Қазір папа мен мама сөзіне құлағымыз үйреніп, ол сөздерді санамыздың сіңіріп алғаны сонша, "әкешім", "анашым" дейтін балалардың сөзіне жалт қараймыз. Неге? Өйткені, қазақтың кейбір төл сөздері өзімізге жат болып қалған. Және күнделікті тіршілікте қазақтың төл сөздерін қолданатындар өте аз. Неге десеңіз, қазір ондай сөздер тек қана әдеби шығармалар мен газет-журналдарда ғана қолданылады десе де болады.

Иә, қазақ баласының тілі қазақша шығып, әкесін "әке" деп, анасын "ана" деп атағанына не жетсін, шіркін?!

**Тұңғыш ЖАНҰЗАҚОВ, Тараз қаласы.**

### **Адам жасының атаулары**

- 1 жасқа дейін - шақалақ, нәресте.
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала - бөпе, ұл бала - бөбек.
- 1 жастан 3 жасқа дейін - бүлдіршін.
- 3 жастан 5 жасқа дейін - балдырған, балауса.
- 6 жастан 7 жасқа дейін - ойын баласы, жеткіншек.
- 13 жастан 15 жасқа дейін - ересек бала, жасөспірім.
- 16 жастан 19 жасқа дейін - бозбала, бойжеткен.
- 20 мен 30 жас аралығы - жас жігіт, қыз.
- 30 бен 40 жас аралығы - дүр жігіт, аға, еркек, кәрі қыз, келіншек.
- 40 пен 50 жас аралығы - ер түлегі, отағасы, әке, көке, әйел, ана, тәте.
- 50 мен 60 жас аралығы - жігіт ағасы, сары кідір әйел.
- 60 пен 70 жас аралығы - қарасақал, ата, қара кемпір, апа, әже.
- 70 пен 80 жас аралығы - ақсақал, ақбұрым.
- 80 мен 90 жас аралығы - ақ үрпек шал, ақ үрпек ана, қарт, қария.
- 90 мен 100 жас аралығы - селкілдек шал, селкілдек кемпір.
- 100 жастан жоғары - кейуана, баба.

### **Мүшел жас**

- 1 - мүшел - 13 жас (ер жете бастау).

- 2 - мүшел - 25 жас (жігіттік жас).
- 3 - мүшел - 37 жас (ақыл тоқтау).
- 4 - мүшел - 49 жас (орта жас).
- 5- мүшел - 61 жас (орта жас).
- 6 - мүшел - 73 жас (қарттық).
- 7 - мүшел - 85 жас (кәрілік).
- 8 -мүшел - 97 жас (қалжырау).
- 9 - мүшел - 109 жас (шөпшек сүю).
- 10 - мүшел - 121 жас (немене сүю).

#### **Жас сипаты**

- 10 жасқа дейін - қозы жасы деп қозы-лақ бақтырған.
- 10 мен 20 жас аралығын қой жасы деп қой, ешкі бақтырған.
- 20 мен 30 жас аралығын жылқы жасы деп жылқы бақтырған.
- 30 жас - орда бұзар.
- 40 жас - қылыш жас, қырықта қамал алар.
- 50 - ел ағасы, ердің жасы.
- 60 жас - пайғамбар жасы, алпыстың асқары, алпыстың асуы, асқаралы алпыс.
- 70 жас - жетпістің белгісі.
- 80 жас - сексеннің сеңгірі.

### **ДОСМАҒАМБЕТ ҚОЖАБЕК – ИШАНҰЛЫНЫҢ 1914 ЖЫЛЫ ӨЛЕҢМЕН ЖАЗҒАН ШЕЖІРЕСІ**

Анам Хауа болғанда, Атам Адам,  
Үшбу тегін білмейді қараңғы жан.  
Ықылым пайғамбардың мөрін өпкен,  
Арғы затым Гаккаша сахабадан.

Онан соңғы нәсілім хан Өзбектен,  
Аннас Масығұт сахаба асыл тектен.  
Ұрпағым дозақ отын көрмесін деп,  
Гаккаша пайғамбардың мөрін өпкен.

Бізге дозақ жоқ дейді жаратқан хақ,  
Аннас бектен туады Естек, Қазақ, Ұзақ, Созақ.  
Төртеуін төрт күн айтсам таусылмайды,  
Аяғы айта берсем кетеді ұзап...

Башқұрттан екі ұл туған Естек, Қайсақ,  
Өңгіме таусылмайды бәрін айтсақ,  
Ұзақтан Ноғай атты ел тарайды,  
Шежіре дәл осылай шынға сайсақ.

Аннасқа бақыт қонып, дәулет біткен,  
Қаһандар тарханым деп еркелеткен.  
Әз хазірет рұқсат бергеннен соң  
Мал үшін сахараға көшіп кеткен.

Көшпелі боп ер тархан малын баққан,  
Ежелден әулетіне шаруа жаққан.  
Аннас та көшіп жүріп диқан болды,  
Біздерге парман болды жалғыз жақтан.

Ертеде Қожаберген, Сегіз өткен,  
Қазақтың шежіресін көп жыр еткен.  
Солардың ізіменен мен жүрейін,  
Сөйлейін біразырақ болған кептен.

Кеудемді кем қылған жоқ бір құдайым,  
Азырақ назым айтар тіл-таңдайым.  
Бабасын білмегендер біліп алсын -  
Баласын Орта жүздің таратайын.

Орта жүз: Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ,  
Ноқта иесі Тарақты, Найман-Қоңырат.  
Жетеуінен өрбіген талай ел бар,  
Бота, құлын, бұзауы көп боп өсіп,  
Қаптаған лағы мен қозы маңырап.

Алтай мен Зайсан жаққа қанат жайған,  
Бір тобы Орта жүздің Қоңырат-Найман,  
Қоңырат жау тигенде Ташкентке ауып,  
Жеңіліп қалмақтардан табан тайған.

Қазағым әскер төккен Қаратауға,  
Ертеден бағынбапты нелер жауға,  
«Пайғамбар, мәдат бер деп ұмматыма!»  
Қоңырат пен Уақ шабар бұрын жауға.

Қоңыраттар кейінгі кез Ташкент жақта,  
Алтайдан ауған апат болған шақта.  
«Ақтабан шұбырынды» қырғынында  
Ауыпты Найман-Қоңырат күнгеі жаққа.

Айта берсе шығады көңіл кірі,  
Зайсан, Алтай ежелден Найман жері,  
Сібір мен Сары Арқа, Ертіс сыртын

Мекендер орта жүздік елдің бәрі.  
Дәріпті жүйрікпенен көп жарысқан,  
Бұл сөзім осы жерде келді алыстан.  
Таңбалының Нұрасы деген жерде,  
Үш жүз боп, жерді бөліп, енші алысқан.

Сол жерде тасқа басқан көп таңбаны,  
Блайықтап әр ел алды ен-таңбаны.  
«Төрт құбылам бәрі бірдей болар-ау», - деп  
Арғын таңдап алыпты көз таңбаны.

Қара тасқа таңбаны басқан шығар,  
Арғын таңдап көз таңба алған шығар.  
Шимай таңба Қоңырат баласында,  
Бақан таңба Найманда қалған шығар.

Алты жылдық Арғынның айналасын  
Құдайым өсіруге жазған шығар!  
Арғынға тілек берді хақ-тағала,  
Үлкен деп атайды оны және өзара.

Жарандар өзгелері тұра-тұрсын,  
Арғыннан туған екен алты бала.  
Бәйбішеден туғанда сол алтауы,  
Бесеуінен олардың ұрпақ болмай  
Үлкенінен туыпты жеті бала.

Арғынның бір ұрпағы Мейрамсофы,  
Мейрамның кіші інісі — Өткірсофы.  
Қуандық, Сүйіндік пен Бегендік би,  
Шегендік, Болатқожа Мейрамұлы.  
«Бес Мейрам Арғын!» дейді елдер мұны.  
Немесе, үлкен Арғын, Бәйбіше Арғын,  
- деп айтар кей уақытта халық оны.

Ақсофы, Қарасофы, Нәдірсофы,  
Сарысофы, Қоңырсофы, Темірсофы,  
Және де Ақырсофы, Кенжесофы,  
Бұларға немере-аға Мейрамсофы.  
Бектібай, Бекентайдан бұлар тарар,  
Бәрі де сипаттауға әбден жарар.  
Ауызбен жеткізе алмай түгел айтып,  
Арғыннан байқап тұрсаң көп ел тарар.



Қалдырмай айта берсем аяғы ұзақ,  
Шежіре естігенде жыр ғой ғажап.  
Мейрамнан тарап кеткен бес руды —  
«Баласы бес Мейрамның» дейді қазақ.

Үлкені Мейрамсофы — Қуандықты,  
Әркімге қылып өткен жуандықты.  
Бегендік, Шегендікпен шешесі бір,  
Кенжесі сүт суалтқан Сүйіндікті.

Атығай- Қарауылдай екі ру ел,  
Белгілі Қарасофы жаралғаны.  
Шұбыртпалының Ақсофыдан таралғаны.

Сарысофыдан туады Қамбар-ата,  
Арықсофыдан туыпты Жалықбас та.  
Кенжесофыдан туыпты Қанжығалы,  
Тобықты бірге туған інісі екен...

Кірлеуттің түбі Қыпшақ болғанымен,  
Кенжесофының асыранды баласы екен.  
Екі талай іс болса көтеріліп,  
Арғындасып шабады мұның бәрі.

Дәріпті жүйрік едім көп жарысқан,  
Жерім жоқ сөз сөйлерде мен қалысқан.  
Бегендік, Шегендікпен бір еншілес,  
Бегендіктен Ақжігіт жалғыз туған.  
«Билікте қозғалақтап отырады», — деп,  
Ақжігіттің ел атын Қозған қойған.  
Шегендіктен ұл туған Қақсал деген,  
Туыпты Мейрамсофы тоқалынан  
Болатқожа — кіші ұлы, бесіншісі.  
Болатқожадан туады Қаракесек,  
Ол елден шыққан дана —ер Қазыбек...

(«Қазақ батырлары» газеті, № 4 (9), 1999 жыл).

### **Іргелі үш жүз құрамы**

Қазақ халқы негізінен іргелі үш жүз және оның сыртында рулар мен ұлыстардан тұрады. Бұларды шежіре бойынша ата жолымен, ұран, таңбаларымен көрсеткенде былайша таратылады:

**Ұлы жүз** – Ақарыс, таңбасы нәл, ұраны «Бақтияр».

**Орта жүз** – Жанарыс, таңбасы босаға, ұраны «Ақжол».

**Кіші жүз** – Бекарыс, таңбасы жебе, ұраны «Алдияр».

Үш жүздің ұраны «Алаш».

**Ұлы жүз тайпалары:**

Қаңлы – ұраны Бәйтерек, таңбасы шылбыр, көсеу.  
Қатаған (Шанышқылы) – ұраны Айрылмас, таңбасы қолтаңба.  
Жалайыр – ұраны Қабылан, таңбасы тарақ.  
Сіргелі – ұраны Байтоқ, таңбасы сірге.  
Шақшам – ұраны Қабылан, таңбасы жебе.  
Сарыүйсін - ұраны Байтоқ, таңбасы Абақ, ашамай.  
Шапырашты – ұраны Қарасай, таңбасы ай, тұмар.  
Ысты - ұраны Жауатар, таңбасы көсеу, шылбыр.  
Ошақты - ұраны Бақтияр, таңбасы тұмар.  
Албан - ұраны Райымбек, таңбасы абақ.  
Суан - ұраны Байсуан, таңбасы дөңгелек.  
Дулат - ұраны Бақтияр, таңбасы дөңгелек.

**Орта жүз тайпалары:**

Арғын – ұраны Ақжол, таңбасы көз.  
Қыпшақ – ұраны Ойбас, таңбасы қос әліп.  
Найман - ұраны Қаптағай, таңбасы бақан, босаға, шөміш.  
Қоңырат - ұраны Алатау, Мүлкаман, таңбасы босаға.  
Керей – ұраны Ошыбай, таңбасы ашамай.  
Уақ – ұраны Жаубасар, таңбасы бақан, ашамай.

**Кіші жүз тайпалары:**

Бұлар үш атадан тұрады. 1. Әлімұлы. 2. Байұлы. 3. Жетіру.  
Әлімұлының таралуы:  
Кете – ұраны Майлыбай.  
Қаракесек - ұраны Бақтыбай, таңбасы айыртау.  
Шөмекей – ұраны Дөйт.  
Қарасақал – ұраны Бақтыбай.  
Төртқара – ұраны Майлыбай.  
Шекті – ұраны Дөйт.

**Байұлының таралуы:**

Шеркеш – ұраны Шағырай, таңбасы бақан.  
Ысық – ұраны Бәйтерек.  
Масқар – ұраны Қаратай.  
Алтыбас – ұраны Байбарақ, таңбасы бақан.  
Тана – ұраны Тана, таңбасы әліп, көсеу.  
Байбақты – ұраны Дәуқара.  
Қызылқұрт – ұраны Жиенбай.  
Таз – ұраны Төремұрат, Бақай, таңбасы қамшы.  
Беріш – ұраны Ағатай.

Адай – ұраны Бекет, таңбасы садақ.  
Есентемір – ұраны Алдоңғар, таңбасы бақан.  
Жаппас – ұраны Баймұрат, таңбасы түйемойын.  
Алтын – ұраны Баймұрат.

### **Жетірудың таралуы:**

Төлеу – ұраны Арғымақ, таңбасы балға, шылбыр.  
Рамадан – ұраны Дулат, Қайғұлым, таңбасы шөміш.  
Тама – ұраны Қарабура, таңбасы көсеу, әліп, тарақ.  
Кердері – ұраны Қожахмет, таңбасы тостаған.  
Керейіт – ұраны Ақсақал, таңбасы шылбыр, қылыш.  
Табын – ұраны Тостаған, таңбасы тарақ, көсеу, шөміш.  
Жағалбайлы – ұраны Малатау, таңбасы балға.

### **Жүзге кірмейтін қазақ рулары:**

Төре – ұраны Абылай, Шайбақ, таңбасы арқар.  
Қожа – ұраны Қожа Ахмет, таңбасы әліп.  
Сунақ – ұраны Әбілғазы (Сунақ ата), таңбасы қалам.  
Көлеген – ұраны Үршатай, таңбасы найза.  
Төлеңгіт – ұраны Орақ, таңбасы көсеу.  
Қараша – ұраны Қарашық, таңбасы көз.  
Қалпақ – ұраны Қарақат, таңбасы табақ.  
Қырғызәлі – ұраны Шолпан ата, таңбасы қомұз.  
Қорасан – ұраны Шайбани, таңбасы садақ.  
Қатаған – ұраны Қатаған, таңбасы домбыра.  
Дүрмен – барлас – ұраны Темір, таңбасы садақ.  
Баршылық – ұраны Баһадүр, таңбасы найза.  
Моғалтай – ұраны Қайрақты, таңбасы таяқ.  
Маңғытай – ұраны Қаратау, таңбасы қобыз.  
Ноғайлы – ұраны Айдархан, таңбасы балға.  
Құрама рулары – ұраны Алаша.

### **Ата тек, үрім-бұтақ**

Арыс – ру, тайпа, ел.  
Тек – түп нәсіл, арғы атаны білдіретін тарихи ұғым. Сұлып деп те атайды.  
Ата-баба – түп-тұқиан.  
Зүриат, бәни – тұқым, ұрпақ, нәсіл.  
Қара шаңырақ – ата-баба көтерген шаңырақты кейін кенже ұл иеленетін басты үлкен үй. Бүкіл үрім-бұтақ өркен жайған шаңырақ.  
Үрім-бұтақ – бір атадан өрбіген ұрпақ.  
Әулет – бір атаға жататын зәуізәт.  
Отау – енші алған ұлдардың шаңырағы.

Төркін – тұрмысқа шыққан қыздың ел-жұрты.

Қайын жұрт – әйелдердің төркін жұртының күйеуіне қатысты атауы.

Үйлі-баран – балалы-шағалы отбасы.

Ағайын, сарысүйек ағайын – туыстығы жақын аталас адамдар.

Жамағайын, қабырға ағайын – жанама туыс, туыстығы алыс аталас адамдар.

Туысқан – туыстығы екі-үш атадан қосылған адамдар.

Туыс, бауыр – бірге туған қандас.

Үрен-жаран – ұрпақ.

**Он ата:** 1. Әке. 2. Бала. 3. Немере. 4 Шөбере. 5. Шөпшек. 6. Немене.

7. Туажат. 8. Жүрежат. 9. Жекжат. 10. Жұрағат.

(«Инфо-Цес» газетінен).

## Туған-туыс

**Баба** – атаның әкесі, яки арғы ата немесе түп ата. Кейде туыс болмаса да, ақыл-парасатымен сый-құрметке бөленіп, ұрпаққа жақсы аты қалған қарияларды да баба деп атайды.

**Ата** - 1) әкенің әкесі немесе ағасы; 2) зайыптылардың қайын әкесі; 3) қадірлі қарт. Кіші ұрпақ үшін ол әрдайым ата дәрежесінде болады; 4) ру тармақтары.

**Әже** – баланың әкесінің не шешесінің шешесі. Одан арғылары үлкен әже немесе ұлы әже деп аталады. Жасы үлкен қарияны да (ел анасы) әже деп атай береді.

**Аға** - 1) туысқан ер адамдардың жас жағынан үлкені. Кейде ақылшы, жетекші адамдар да аға деп аталады (ел ағасы, отағасы); 2) қызмет, шен, лауазым дәрежесін көрсететін ұғым (аға сұлтан, аға ғылыми қызметкер, аға лейтенант).

**Апа** – бір туған немесе туысы жағынан жақын, жасы үлкен әйел өзінен кішілерге апа болады. Кей жерлерде апаны «әпке» деп те атайды. Сол сияқты Қазақстанның көптеген облыстарында туған шешесін де апа дей береді. Мұның себебі: атасы мен әжесінің тірісінде бала өз әкесін аға, шешесін апа деп, үлкендерді ізет тұтқан.

**Жеңге** – ағайынды адамдардың үлкенінің әйелі іні-қарындастарына жеңге болады. Ауылдас, рулас адамдардың жасы үлкен ұл-қыздары да ағаларының әйелін жеңге дейді. Тіпті қазақ дәстүрінде жақын болсын-болмасын, өзінен үлкеннің әйелін жеңге деп атай береді. Бұл арада әйелдің жас үлкендігі есепке алынбайды. Кейде жеңгенің іні-қарындастардан жасы кіші болуы да мүмкін. Әдетте жеңге мен қайындары, қайын сіңілілері өте тату, сырлас келеді. Абысындардың кішісі үлкенін, жасы кіші ер адамдар жеңгесін жеңеше деп атайды. Бұл үлкенді сыйлап, атын атамаудан туған.

**Жезде** - апасының күйеуі; ұзатылған қыздың күйеуі оның сіңілілері мен інілеріне жезде болады. Қазақ өмірінде жезде мен балдыз, қайын інілер бірін-бірі қатты сыйлайды, бір-бірінеі қалтқысыз қамқорлық жасайды. Бұл - ежелден келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей беріліп, орнықты қалыптасқан дәстүр. Жақсы жезделер балдыздары мен қайындарын өз бауырындай көреді.

**Балдыз** - еркектердің әйелдері жағынан жақындығын білдіретін ұғым. Әйелінің інісі немесе сіңілісі балдыз деп аталады.

**Жиен** - ұл мен қыздың нағашысы туыстық қатынасты білдіретін ұғым, атау. Бала шешесінің ата-анасына, аға-інілеріне және аталас, рулас адамдарына жиен болады. Жиен нағашыларына батымды келеді. Халық дәстүрі бойынша, нағашысы жиеніне қырық серке беруі керек. Сондықтан жиен көңілі түскен жүйрік ат, қыран бүркіт, қаршыға, алғыр тазы, берен мылтық т.б. бұйымтайын нағашысынан «берсе – қолынан, бермесе – жолынан» алуға ерікті. Ол үшін жиен айыпты болмайды. Қазақ: «Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – сыншыл, нағашы жұртың – тілеуқорын», - дейді.

### **ЖЕТІ САТЫЛЫ** (буынды) құрылым

Қазақ халқы қилы-қилы замандарды бастан кешіріп, зардабын тартып жүрсе де түбегейлі жойылып кетпей нығая түсіп, көшпенділік өмірлеріне сай ынтымағы жарасқан немесе туыстығы жақын аталардан Ру, рулардан Тайпа, тайпалардан Арыс, арыстардан Ұлыс, ұлыстардан Ұлт құрап, бір жағадан бас бір жеңнен қол шығарып отырған. Әрине, мұндай бірлестік бірде бейбіт жолмен, жан-жақты келісім арқылы жүзеге асып жатса, кейде зорлықпен де жүргізіліп жатты. Жеті сатылы /буынды/ құрылым ел аузында «жеті ата» деп те айтылған. Оларды білген әрбір адам, өзінен бастап ұлысына, ұлтына дейінгі шығатын баспалдақтарды кідіріссіз айтып бере алатын болған. Олар - өзі, атасы, руы, тайпасы, арысы, ұлысы, ұлты деп жіктелінген

**Жеті сатылы** (буынды) құрылым төмендегіше таратылады.

**1. ӨЗІ:** - Отбасы, жеті атасына дейінгі үрім бұтақтары, әулеттері.

**2. АТА-сы** - (ауыл-аймақ) жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Ата (ауыл-аймақты) басқаратын адамды «Ақсақал» деп атаған. Ақсақал жоғары мәртебеге ие, орта жастан жасы жоғары адамдардан болған. Ауыл-аймақ адамдары ақсақалдың ақыл-кеңестерін тыңдап, оның шешімдерін екі айтқызбай орындап отырған.

**3. РУ-** негізінен рулас (аталас) бірнеше ауыл-аймақтардан құралатын болған. Руды басқаратын басшыны «рубасы» деп атаған. Ру басы көпті көрген мол тәжірибелі, білікті, білгір адамдардан тағайындалған. Рудың тағдыры рубасының тапқырлығы мен қабілетіне байланысты болған.

**4. ТАЙПА-сы** - бірнеше рулар мен аталардан құралған қауымдастық (бірлестік). Олардың бірегей ортақ тілдері (диалект), өз алдына көсемдері, экономикалық бірлестіктері болған. Тайпа деген сөз арабтың «тайфа» (жүйе) деген сөзінен алынған.

**5. АРЫС-ы** – бірнеше тайпалар мен рулардан құралады. Осы тайпалардан құралған арысты басқаратын адамды «БИ» деп атаған. Бүкіл қауым бидің шешімін, оның билігін орындауға міндетті болған. Бидің әділ билігін қауым мүшелері жоғары бағалаған. Сондықтан да «Тура биде туған жоқ – Туған да биде иман жоқ» деген сөз халық арасында көп тараған.

**6. ҰЛЫС-ы** - бірнеше арыстар мен тайпалардан құралады. Ұлыстың билеушісін «сұлтан» деп атаған. Сұлтандар әдетте хандар мен ақсүйектердің

әулеттерінен шыққандардан. Көбінесе хандар өздерінің ұлдарын немесе туыстарын ұлыстарға сұлтан етіп тағайындайтын. Сұлтандар хан сайлауына қатысатын, хан мен тікелей қатынас жасайтын адамдар болған.

**7. ҰЛТ-ы** - бірнеше ұлыстардың қауымдастығынан келіп ұлт болып қалыптасқан қоғамдық бірлестік. Ұлттық қауымдастықтың ділі, тілі, діні бір. Ұлтты басқарушы адамды қазақ халқында «Хан» деп атаған. Хандарды ақсүйек шонжарлардан сайлау қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ежелгі ата дәстүрі болған.

Бұл қан жақындығын білдіретін: Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жұрағат деген жеті сатылық атаудан басқаша, жеке адамдық емес қауымдастық мағынада қолданылып келген жеті буындық тармақ. Шежірешілер қазақ шежіресін араб тәртібіне сәйкес жеке адамдық нұсқаға аударып, жазбаға түсіргенде бұл қауымдастық нұсқаны әдейі қалдырып кетіп отырған. Олай етпеген жағдайда қазақтың ру-тайпаларын арабтың Әнес /Анас/ деген сақабасынан немесе Шыңғысханның ұрпақтары Өзбек пен Әбілқайырдан өрбіте алмаған болар еді.

Оның арғы жағында қазақ халқын бір уыста ұстау саясаты жатқаны белгілі. Арыс, Ұлыс аса ірі қауымдастықты /бірлестікті/ білдіретін көне заманнан бері қарай қолданылып келе жатқан атау. Оны аласапыранды басынан көп кешірген халқымыз ұмытқанымен, қытай қазақтары жадында сақтап қалыпты. Сондықтан да болар, қытай жеріндегі қазақ оқымыстылары жазған «Қазақтың көне тарихы» атты кітабында: «... рулардан тайпа құрылды. Арыстардан Ұлыс ұйымдасты» деген сөздер бар. Оқырмандар байқайтын шығар, жоғарыда айтылған қауымдастық атауларда қазақтың ру-тайпалары «жүз» деген бөлікке бөлінбейді. Сондықтан ол кейінірек пайда болған атау екені аңғарылады. «Жүз» - халқымыздың тілінде «дүз» /дала/ деген ұғымды білдіреді, ал араб тілінде тұтас нәрсенің бір бөлігі деген ұғым береді делінеді. Қазақ жеріндегі көшпенділердің үш аймаққа немесе ордаға бөлініп тұруы ертеден бар сияқты. Академик-жазушы Сәбит Мұқановтың ғалым Бичуриннің айтуына сүйеніп жазған дерегіне жүгінсек, жүз «біздің дәуіріміздің 635 жылында пайда болған. Үйсін жерінде Үлкен Орда, Есіл, Ертіс бойында Солтүстік Орда, Балқаштан Каспийге дейін Кіші Орда болып топтасқан» - («Халық мұрасы», 30). Халқымыздың үш Ордаға бөлініп басқарылғанын Мұхаммеджан Тынышбаев та өзінің орысша жазылған «Материалы к истории киргиз-казахов»,- деген еңбегінде ерекше атап көрсеткен. «Киргиз-казахи как известно состоят из трех орд: Старшей /а не большой/, Средней и Меньшей /а не Малой/» деп жазған. Қазіргі айтылып жүрген «Ордабасы» деген биігіміз сол замандардың куәсі секілді. «Жүз» деген бөлініс бұрыннан бар болса, онда ол төбе солардың бас қосатын орны – «Жүзбасы» деп аталған болар еді-ау. Қазақ халқының үш Жүзге бөлінуі Ақназар хан кезінен басталған делінгенмен, айқындалғаны Тәуке хан мен оның мұрагерлері: Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Жолбарыс хандардың басшылық еткен жылдарына сәйкес келеді. Осы кезде қазақ шежіресі де молдалар қолымен араб тәсіліндегі жеке адамдық нұсқаға ауыстырыла бастағаны байқалады. Өздері ойлап тапқан «Жүз» деген

жеке адам атын сенімдірек көрсету үшін бұрыннан келе жатқан «Арыс» деген атауды лақап ат есебінде қосып жазған тәрізді. Арыс аталған бірлестіктердің орналасқан жеріне қарай: Ақ, Жан, Бек жалғауды тіркеген. Халқымыздың ұғымында Ақ-ұлық сөз, үлкендікті білдіреді. Бек, мырза деген сөздер жасы кіші адамдарға, ал байеке, биеке деген сөздер жасы үлкен адамдарға арналып айтылады. Осыған орай ең көне тайпа Үйсін мен Қаңлы бірлестігін Ақарыс /Ұлы жүз/деп атап, оларға ерте-кеш, алыс-жақын келіп қоныстанғанына қарай Арғын, Қыпшақ бірлестігін Жанарыс /орта жүз/, Алшын бірлестігін Бекарыс /Кіші жүз/деп атаған деуге келеді. Себебі олардың түсінігінде бұл үшеуі де ел емес, жеке адамдар. Негізінде шежірелерде жазылған Ақарыс-Ұлы жүз, Жанарыс-Орта жүз, Бекарыс-Кіші жүз дегендер жеке адам емес, қауымдастықтың /бірлестіктің/ аттары екенін қазіргі сауатты, тарихи деректерден мәліметі бар адамдар жақсы ұғынатын шығар. Олай болса, халқымызды іштен ірітіп, жікке бөліп, жегідей жеп келген, «Жүз» дегеннің орнына, көңілге қонымды, еш арамдығы жоқ, өзі момақан «Орда» деген байырғы атауларын қалпына келтірген жөн болар. Үш ғасырдай ішкі-сыртқы арам пиғылды адамдардың жалауына айналып, ұлтымызды үшке бөліп, бір-біріне ұрыншақ етіп жіберген.

Ал әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жұрағат, жүрежат, туажат, тумайжат, қаймана деп атайтын он екі буындық тармақтар жеке адамның қай-қайсысын болса да қазақ атты ұлтына емес, ең жақын қанды туысы деп пайымдалатын руына да алып барып қоса алмайды. Себебі, қолда бар шежіре деректері көрсетіп оғырғандай, қазіргі ересек буынды адамдардың өзі ру деген атаудан кемінде он бес — он жеті буын, тіпті жиырма буынға дейін алшақтықта тұрады. Орта есеппен бір ғасырда төрт /кемінде үш/ буын ауысып тұрады деп есептесек, ол 500-600 жылдай мерзімді қамтитын көрінеді. Сауаты жоқ халықтың ауызша шежіресінде олардың барлығын есте сақтап жүруі өте қиын, бәлкім, мүмкін де емес.

Халық аузында айтылып жүрген «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз жоғарыда айтылған «жеті атаның» екеуіне де қатысты. Біріншісінде рутайпаңды білу арқылы Арысыңды, ұлысыңды, ұлтыңды біліп жүр десе, екіншісінде қан жақындығына қарай туыстарыңды ажырата біл, жақын қанды жерден қыз алысудан аулақ бол, ол ұрпағыңа зиян деп ескерткені.

Халқымызда «жеті атадан асқан соң қыз алыса беруге болады» деген сөз айтылатыны рас. Бұл көшпенділік қиын өмірде бытыраңқы жүріп, кейде жау қолында бодан болып, аласапыран жағдайларды бастан кешіріп жүрген кездерде іләжсізден басталып кетіп, ел арасында сирек болса да қолданылып келген үрдіс еді. Табиғат заңы, кәметке жеткен ұл-қыздардың бағын ата-аналар қалай байласын. Негізінде халқымыздың дені қызды «жат жұрттан» ғана алған. Сондықтан «қыз жат жұрттық» деп өсиет қалдырған.

Халық ұғымында «жат жұрт» деп өзге руды айтқан, бұл үрдіс қазір де сақталып жүр. Егерде ол тәртіптен ауытқыса оны ұлттық тәрбиенің осалдығынан, жастарымыздың ата-ана дәстүрін жетік білмегендігінен немесе

басқа бір іләжсіздік жағдайдан туған ыңғайсыз қадам деп қараған жөн. Демек, қазақ шежіресі халық дәстүрін сақтаудың сақшысы болып келген.

Алтыншы, «Шежіре, қазақ шежіресі/арабша шаджарат-бұтақ, тармақ/ — халықтың шығу тегін, таратылуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы», - деп жазады Қазақ совет энциклопедиясы /12т. 231 б./. Олай болса, шежірені неге жатсына береміз? Неге тарих деген сөз тартымды болады да, шежіре деген сөз шошытуы керек. Жасыратыны жоқ, шежіренің жазылуында жеке адамдар мен рулардың атына кір келтірер әртүрлі-алыпқашты сөздер кездесіп қалып жатады. Пайымдап қарасаң олардың барлығы кейінгі, бәлкім, шежірені жазбаша түріне ауыстырған кездегі шежіре шындығын дұрыстап түсіне алмаған шала сауатты біреулердің қисынсыз қоспасы екені байқалады. Ондай сөздерді шындыққа жатқызу жараспайды. Тарих өткенді зерттеп танып барып, қоғам өміріне өзіндік ерекшелігімен араласса, бағыт-бағдарлама жасап беретін болса, шежіре тарих зерттеген сол оқиғаларға кезінде тікелей қатысып, ықпал жасаған халық қолындағы жанды әрі пәрменді құралы болды. Сол себепті шежірені тарихымыздың бастау көзі, мөлдір бұлағы деген жөн. Бұлақ көзін оқтын-оқтын абайлап аршып, арамшөптер мен топырақтан тазартып отырмаса, зәмзім суы суалып жоқ болып кететіндей, шежірені де мезгіл-мезгіл қолға алып әртүрлі алыпқашты қоспаларынан арылтып, халық игілігіне пайдаланып тұрмаса, ондағы тарихи мәні бар құнды мәліметтер бірте-бірте ел жадынан шығып, мәңгілікке ізсіз қалары даусыз. Ал шежіресіз толыққанды тарих жасау немесе тарихи шығармалар шығару екіталай. Ұшы-қиырын қиялмен болжай алмайтын кең байтақ даланы, мыңдаған жылдар бойы мекендеп келген, біртектес тілі, дәстүрі, мәдениеті, аты-жөні және тұрмыс-салты бар халқымыздың өмір-тіршілігін, тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеп, танып-білуде шежіренің алатын орны қомақты. Сол үшін де болар, ұлтымыздың ұлағатты ұлдары Абай, Ыбырай, Шоқан, Шәкәрім, Мұқамеджан Тынышбаев, Міржақып Дулатов т.б. оған арнайы уақыт бөліп, еңбек жазып кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлықтай шежіре тану жолын көрсетіп бергені. Шет ел жиһанкездері жинақтап, бұрмалап жазған азын-аулақ, тиіп-қашты деректері болмаса, өткен өмірінен ауызша-жазбаша шежіреден басқа сүйенері жоқ халқымыздың толыққанды тарихын жазу қандай озық, ойлы оқымыстылар болғанымен қиынға түсері күмән тудырмайды. Оның үстіне шет ел жазбаларында ру-тайпалардың, тұтас ұлыстардың және елге елеулі болған адамдардың аттары түсініксіз жазылып кеткендерін немесе мүлде ұмыт қалдырғанын қоссақ, қазақ шежіресінің орны биіктей түседі. Қазақ шежіресін көбірек зерттеген белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев өзінің «Көне мәдениет жазбалары» деген кітабында: «Түркі тайпаларының ертедегі ономастикасы қытай деректеріне түсіп, бұрмаланған... Осы негізде жаңа тарихқа енген сөздердің көбісі адам танығысыз болып өзгерген, шатасқан. Сондықтан... толып жатқан атаулардың мағынасын бір ізге келтірмей, этногенез мәселесіне жақын келу қиын» - деп жазған сөзі әдебиет пен тарих зерттеуші жастарымызға көп нәрсені ескерткендей.



## Рухы бейшаралар –баққұмар

### Ғабит Мүсірепов

\* Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ, ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

\* Сұлуық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық - бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі.

\* Біреуге біреу ешбір жақсылықты көпсінбес күн қашан келер екен?

\* Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды. Күйе жағу үшін өзінде күйе болу керек.

\* Адалдық өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдамас.

\* Қызғаныш, күншілік, өсек-аяң, баққұмарлық – бәрінің түптамыры талантсыздықта, болымсыздықта, рух бейшаралығында.

\* Әйел шынымен жылап алса, ажарланып кетеді.

\* Адам бірін-бірі құрметтеуді қашан үйренер екен.

\* Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа бір әйел құдайын қарғай алмайды.

\* Өзің – аспанда, ойың – төменде жүргенше, өзің төменде, ойың аспанда жүрсін. Биік деген немене, төмен деген немене – сонда түсінерсің.

\* Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

### Х Х Х

Менің кемшіліктерімді кім көрсетсе, сол - менің ең сүйікті адамым.

**(Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбармыздың сүйікті сахабаларының бірі халифа Омардың айтқаны)**

«Ұлтыңның болмасаң да ұйытқысы,

Билікте отырсың-ау, биік кісі!» -

Деп біраз кемшілігін бетке бассам,

Мен оның бола алам ба сүйіктісі?

Күн кешсең де жыртықты бүтіндеумен,

Шүкір!

Шүкір!

Бас аман, бүкіл кеудең.

Қанағатшыл қазақтай ел жоқ, сірә,

"Шүкір!" деумен келеміз,

"Шүкір!" деумен...

**Алдаспан.**

Жазықсызға тартқыздың жазаны да,

Былықтырып былғадың тазаны да,

Адал тамақ өтпейді тамағыңнан

Ұрлық етін салмасаң қазаныңа...

... Ұрлап тартып, қазақтың алдың малын

Хан емессің, қарадан алдың алым.

Лұқпандай әкімді жерге көмген  
Сен секілді бір кезде патша залым.

**ЖАНАҚ ақын.**

### **ЖӘНІБЕК - ТАРХАН АЙТҚАН НАҚЫЛ СӨЗДЕРДЕН**

Қайырсыздан хан қойсаң - қасиеті болмайды.

Үлгісізден би қойсаң - өсиеті болмайды.

Кедей болар жігіт, биесін сатып, ат қылар,  
Жалғыз қалар жігіт, туысын сатып, жат қылар.  
Билік айту оңай, біліп айту қиын.

Көп - азға қылған зорлығын айтады,  
Аз - көптен көрген қорлығын айтады.  
Ел барда ер болады, елі жоқ ер қор болады.

Рухани дамудың жемісі - Даналық. Рухани кемелденуге кедергі келтіретін күш - адам бойындағы жануарлық сезім - түйсіктер өзіншілдік пиғылдың қосындысы - нәпсі. Осы нәпсімен, адамның өз бойындағы қызғаныш, тәкаппарлық, жалқаулық тәрізді керітартпа кеселдермен күресті - Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) «Жиһадтың үлкені» деп атаған.

### **Арғынбай БЕКБОСЫН**

#### **Мың түрлі ой**

Құрысыншы кәугөрік тарпан желік!  
Тілерім тек: жүрсем-ау арқам кеңіп...  
Құдалыққа келіп пе ем мына өмірге,  
Неге ылғи тұрады арқан керіп?..

Не өзі мына өмірдің негіздері!  
Неге жұп болады ылғи емізгені?..  
Қашанда қатар жүрер қос перзенті –  
Ізгілік пен зұлымдық егіз бе еді?..

Биіктедің биікке түрлі «іс» қылып,  
Ол «ісіңнің бастысы – жылбысқылықө.  
Ақылдымсу, көлгірсу, жағымпаздық...  
Ал бұлардың жалғасы – қылмыстылық!

- Сені берді қай құдай танысым ғып??  
Татып көрші, жаныңның дәмі сұмдық:  
Өсекшісің, күншілсің, жемқор ... және  
Ең сұмдығы – осының бәрі шындық»

\*\*\*



Көсемін көрден сүйреп жатқан да бар  
Сен кімсің?! Бұл да жалған шатағы да!..

Білемін бұл сөз саған ұнамайды,  
Бірақ та шындыққа кім шыдамайды.  
Қойсаңшы көкірекпен көк тіреуді,  
Сенсіз де аспан жерге құламайды!

Алса да үлкен тізгін өкіметтен,  
Ордада отырғандар отыр еппен.  
Кішкене мекемеде біреулер жүр,  
Бастары аласа боп көкіректен.

Жымысқы, мысықтабан әр қадамың,  
Жымдасып кеткен шының, алдағаның,  
Өмірі ой мен сөзің екі бөлек,  
Қалайша шатаспайсың?.. Таңданамын.

«Ә, құдай, елімізді, әй сақтады!..»  
Деп қап ек, жұрт қайтадан тайсақтады:  
Бірі ұрлап, бірі зорлап шыға келді,  
Заманның ең антұрған найсаптары!

Жасында жүрсең қыздың ойнағында,  
Есейіп елді жедің. Тоймадың ба?  
«Өмірді сүйем» дейсің аяrlанып,  
Сүйе ме өмір сені?.. Ойладың ба?

Қалса да, қалмаса да боп керегім,  
Келмейді халыққа еш өкпелегім.  
Бірақ та «Алаяқты алшаңдатқан  
Елден өткен есуас жоқ!» дер едім.

Боп тұрса тағы осылай аз күн заман,  
Сұмдық-ай қалмайды ғой мәз  
                                мұнда адам!  
0, құдай, не болдық біз?! Жігіттер мас,  
Қыз екеш қызда да көп азғынданған!

Мақтасақ ұлыны да «ұлы» дейміз,  
Ақтасақ ұрыны да «ұлы» дейміз,  
Шын ұлы ұнатар ма ұлықтауды?..  
Қашан бәрін құдайдың құлы дейміз?

Нарықта заңды шығар баға бары,  
Сонымен алсын болса тағы алары.  
Бірақ мен мынауына түсінбеймін:  
Неліктен сатылады адам ары?

Ел арып, қайран намыс, жұқардың-ау!  
Дегенің «бетке айтып ұтар мынау»  
Жарамсақ боп шығады. Бір анығы:  
Қазіргі қазақта жоқ Бұхар жырау!

Атағы сыймайтын өз заманына,  
Шашылған көктен жұлдыз табанына,  
Талант та табынған соң қалталыға...  
О, Алла, не болды бұл Адамыңа?!.

Іс қылса жамандыққа ұрындырар,  
«Ұяттан өлдім» дейтін бұрынғылар.  
Маскүнем, қаскүнемдер... бәрі де жүр...  
Ұяттан неге өлмейді бүгін бұлар?

Ер, Шешен, ел екенсің мұңы қалың,  
Азаттық — өлсек те!» —

Осы ұғынарың.

Қай патша қай күні ашып айтар екен,  
Жерінде қай әкесі құны барын?

Бастық боп алған өңшең жасық, пасық,  
Шетінен шіренеді асып-тасып.  
Шіркін-ай, елін жеген мұндарларды,  
Қамшымен алар ма еді басып-басып!

Білмеймін: кім періште, кім айыпты,  
Кім нені олай ұқты, былай ұқты...  
Тек қана білетінім: ұлтын сатқан  
Тозақтың ең төріне ылайықты!

Біреуің Патша деген атыңды алдың,  
Біреуің айбынысың ақындардың.  
Екеуің екі Елге ұрпақ болсаң —  
Ерлігі бұл да баба батырлардың!

Намыстың құны бізде қара бақыр!  
Сенбесең сенделгенге қара да тұр:  
Өз тілін өзге тілмен буындырған

Бейбақ ел енді қайда бара жатыр?!

### Қарияның жауабы

Ерте кезде Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек пен батыр Әлібек ел аралап келе жатқанда жол бойында бір қария жолығады. Қарияға сәлем беріп, Жәнібек мынадай сауал қояды:

- Уа, ақсақал, ауыл берекесі қайтсе кетеді?

Ақсақал сәл ойланып, былай дейді:

- Ауыл ақсақалы шала болса,  
Жігіттері алты ауызды ала болса,  
Ә десе, мә дейтін.

Жасы үлкеніне жасы кішісі сен десе,  
Сол ауылдың берекесі кетеді.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек тұрып:

- Уа, қария, ал үй берекесі қайтсе кетеді?— дейді.

- Әйелің қабағын түйіп керілсе,

Шай құйып беруге ерінсе,

Ұлың ұрысқа сай болса,

Келінің керіске сай болса,

Қызың сумақай болса,

Сол үйдің берекесі түгел кетеді,— деген екен қария саспастан.

Әлібек мынадай сұрақ қояды:

- Ия, ақсақал не жақсы?

Ақсақал мүдірмей жауап беріпті

- Атың жақсы болса

Тіршілікте мінген пырағың.

Балаң жақсы болса

Жанып тұрған шырағың.

Әйелің жақсы болса,

Досың жаныңа жиналып,

Рахаттанар қонағың.

- Ал, не жаман?

- Атың шабан болса

Тіршілікте көрген азабың.

Балаң жаман болса,

Ғұмырлық көрген ғазабың.

Әйелің жаман болса,

Досың сенен безініп,

Үйіңнен кетер қонағың,-

депті. Ақсақалдың мағыналы жауабына, тапқырлығына риза болған билер ауылдарына ертіп барып, қонақ етіп, тон жауып, ат мінгізіп жіберіпті.

**Н.ДОСАЙ.**

## Есей бидің сөздері

Талас өзенінің батыс жағалауында Есей қонысы, Есей сазы, Есей тоғаны деген жерлер бар. Ел аузында жүрген деректерге және толық емес тарихи мәліметтерге қарағанда, ол - ХҮІІІ ғасырлар шамасында өмір сүрген халқымыздың беделді билерінің бірі. Кейбір көнекөз қариялар Есейхан деп те атайды. Жоңғар, қалмақ шапқыншылықтары салдарынан тоз-тоз болып кеткен қазақтардың басын біріктіріп, ел қылған осы Есей екен. «Есей айтыпты» деген мына сияқты нақыл сөздер де бар:

Өсиетке терең бол,  
Өсек сөзге керең бол.  
Кедеймін деп налыма,  
Арыңды сатып жалынба.

Атаңның ботасын алма, батасын ал,  
Бота өліп қалады, батадан бағың жанады.  
Ит жақсыны да, жаманды да қабады  
Жалақор өз жазығын өзі табады.  
Ағайынмен жауласпа, басың азаяды  
Көршіңмен дауласпа, асың азаяды.  
Етегің түріп елге жет,  
Терің төгіп еңбек ет.

## Әбілпейіз СӘКЕБАЙҰЛЫ

Таяққа жығылсаң да,  
Аяққа жығылма.

Сұм адам сыйысып отырып шымшиды.

Тексіз бен бетсіз - тұқымдас.

Кедейленген сайын ұрыс көбейеді,  
Байыған сайын туыс көбейеді.

Әйелді сынағың келсе  
Көзіне қара.  
Еркекті сынағың келсе  
Сөзіне қара.

Бар адам — береді,  
Жоқ адам — емеді.

Өтірік түбі — өкініш,  
Малтаңды езең, өзің іш.

Еркекті ерітіп «молодец» қылатын да — әйел.  
Суытып «холодец» қылатын да — әйел.

Жарда отырған жапалақ,  
Түнде ұшып күн көрер.  
Жата берсең тырайып,  
Бір үзім нанды кім берер?

Өсетін мал — өрістен,  
Құт-береке — шөміштен.

Ұрының жауы — жөтелген.  
Рухтың жауы — шетелден.

Адам қартайған сайын – діншіл,  
Байыған сайын – күншіл.

Әкім – елдің құлы,  
Ел – әкімнің пұлы.

Қанағат болса,  
Жаман ат болмайды.

Түлкіге құйрық берген  
Алдасын деп.  
Сұлуларға көз берген  
Арбасын деп.

Қияға қонғанның бәрі қыран емес,  
Қиқудың бәрі ұран емес.

Бақыттың қонуынан ұшуы оңай.

Көршің ұры болса,  
Кебіссіз қаларсың.

Тілі ұзыннан даналық шықпайды,  
Уәдесі көптен қамқорлық шықпайды.

Түзде қасқырдың сырттаны,  
құстың сұңқары, жігіттің сұлтаны жүреді.

Жемін сұңқар шашып жейді,  
Құзғын бауырына басып жейді,



Борсық ін түбінде теріс қарап жатып жейді.

### XXX

- Дос табу оңай ма? - депті қарт.

- Ата, дос табу ақылдыға оңай, ақымаққа қиын, - депті жігіт.

- Жоқ, балам, өмірде дос табу ақылдыға қиын, ақымаққа оңай. Ақылдының досы аз, қасы көп, ақымақтың досы көп болғанмен, жақсылары жоқ. Жақсылығы жоқ достың қастығы аяқ астында жатады. Ақылды өзіне тек дос іздейді, ақымақ өзіне тең досты іздемей-ақ табады.

Есінде болсын, досың ақылды болса, өзің дана боласың, досың бала болса, өзің шала боласың. Өмірде ақылды дос табу қиын, сүйікті жар табу қиын, жақсының көңілін табу қиын, - депті қарт.

### XXX

- Арман деген не? - депті қарт.

- Ата, арман деген қиял, - депті жігіт.

- Жоқ балам, арман дегеніміз - ақыл-ойдың шыңы. Құс - ұшсам дейді, бала - өссем дейді, қыз - көрікті болсам дейді, ақылды - дана болсам дейді, ұстаз - шәкіртіне үлгі болсам дейді. Арманына адаспаған жетеді, адасқан арманына жете алмай кетеді. Ақымақтың арманы болмайды. Арманына ақылды жетеді, ақымақ бұл өмірден түңіліп өтеді, - депті.

### XXX

Ағайынды екі жігіт қатты ренжіскен екен, бірнеше күн өткеннен кейін інісі қызметшісінен ағасына хат жазып жібереді. Ағасы хатты оқып, інісінің атына ауыр-ауыр сөз айтып, ағасына келіп кешірім сұра дегеніне ренжіп, сөгеді. Інісі ағасына қайтадан хат жазып жібереді. Ағасы хатты оқып: «Ой, бауырым, өкпелессекте менің қамымды ойлап жүр екен ғой» - деп, кешірім сұрап баруға дайындала бастайды. Інісі жазған екен: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқан екен, ұрысқан адамдардан кім бірінші кешірім сұраса, жұмаққа барады», - деп.

### XXX

Көршілес екі елдің болыстары өкпелесіп жүреді екен. Бірде аңшылыққа шыққан осы екі елдің топтары кездесіп қалады. Сәлемдескеннен кейін, көрші елдің жас болысы жасы үлкен болысқа айтады: «Ақсақал, екі жақ анау алдымыздағы таудың бөктеріне дейін жарысайық, қай топтан бірінші болып ат жетсе, сонымыз жеңген болып есептейік». Қарт болысқа жалтаруға болмайтын ұсыныс. Келіседі. Содан жарысады. Қартаң болыстың бір жігітінің аты ұшқыр көрінеді, таудың межелі жеріне бірінші болып жақындап қалады. Бірақ, атының басын тежеп, қапталдас келе жатқан жас болыстың атын оздырып жібереді. Тоқтаған соң жас болыс ана жігітке атың тың еді ғой, неге мені оздырып жібердің деп сұрайды. Жігіт: болысымыз айтып еді, атың оза қалса, жас жігіт қой сағы сынбасын, соның атын оздырып жібер деп. Жас болыс қатты риза болып, кейінірек келген болыстың үзеңгісінен ұстап, аға! «қателік менде екен, ағалық жолыңызды білмей жүр екенмін» - деп кешірім сұрайды. Болыс аң-таң. Кейін жігіт бәрін түсіндіреді. Ақылды жігіт сүйтіп екі елді татуластырған екен.

Х Х Х

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.  
Қазы да, таразы да өз бойында,  
Надандардың үлесі – көппен дүрмек.  
(Абай)

XXX

- Адал дос бар,  
Амал дос бар.  
-Адал шындық бар,  
Амал шындық бар.  
- Адал сынау бар,  
Амал сынау бар.  
- Адал сыйлау бар,  
Амал сыйлау бар.  
- Адал – есепсіз, қайтарым күтпейді.  
Амал – есепті, қайтарым күтеді.  
- сылау да бар,  
сыбау да бар.

XXX

Басқа ұлттардың қайсысында барын, қайсысында жоғын білмеймін, ал біздің ата-бабаларымыз ұрпақтарына Адам Атаныңсесімімен, Адам деп ортақ ат таңып, асқақтата ардақтап, адамзат өміріндегі алар орындарын, міндеттерін, тәрбиелік қасиеттерін өсиет, мұрат етіп тапсырып кеткен жоқ па.

XXX

**Ш.Құдайбердіұлы**

Наушеруан аңда жүріп киік атқан,  
Аң етін жемек болып асып жатқан.  
Ет піскенше тез кел деп бір жолдасын,  
Тұз әкел деп жұмсапты бір қышлақтан.  
Қайтадан шақырып ап талай жерден,  
Тұзды тегін алма деп әмір берген.  
«Шымшым тұз бір тиынға татымайды,  
Бұ қалай?» - деп уәзірі тұра келген.  
Наушеруан айтқан сонда: - Ей, уәзірім,  
Айтайын, жақсы тыңда мұның сырын.  
Басшы алса бір алманы баға бермей,  
Қосшы құртар алманың түп тамырын.  
Мен алсам елдің жалғыз жұмыртқасын  
Кесерсің мың тауықтың сендер басын.  
Сүйте-сүйте ашылып арандарың,  
Ағызарсың бұл елдің қанды жасын.

Жебір ұлық халқына қас қылады,  
Көңілін шерлі, көздерін жас қылады.  
Қиянат қылдай істен басталмақшы,  
Ескермесе, аз науқас асқынады.  
Мал, мансап, адамзатты мас қылады,  
Мейірімді ет-жүрегін тас қылады.  
Тәкаппар, әділетсіз залымдарды  
Бағы қайтқан сорлы елге бас қылады.

**Бектұр Батырқожа**  
(1866-1932)

### **Не артық?**

Ер күткен таза қатын ерден артық,  
Дін күткен таза молда пірден артық.  
Мысырға патша болып жүрсең дағы,  
Болмайды өсіп-өнген жерден артық.  
Көңілің риза болса бардан артық,  
Аса боран соққанда қорғалауға,  
Үлкен томар көрінер жерден артық.  
Малайың адал болса ұлдан артық.  
Бір күн көрген қызығың жылдан артық,  
Бір кез дәуіріңіз жүре қалса,  
Ылғи өтірік айтсаң да шыннан артық.  
Қыс болар кейбір жылы жаздан артық,  
Кей адам қасқа болар таздан артық.  
Жолдасың бір шүрегей атып берсе,  
Бір үлкен көрінбей ме қаздан артық.  
Өкімдік ағайынды жат қылады,  
Құрбыға не жарасар наздан артық.  
Қолынан қой жарысы келмейтұғын,  
Жаманнан кестірілген азбан артық.  
Атағы жоқ әкеңнен шешең артық,  
Төрешіден даугердің шешімі артық.  
Алтын алып жаманмен дос болғанша,  
Пайдасы жоқ жақсының есені артық.  
Ағайын жаман болса алаш артық,  
От алмаған мылтықтан ағаш артық.  
Өз басы карадан хан болғанша,  
Атадан кісі болған баласы артық.  
Жаман ұлдан қадірлі қызың артық,  
Жаман қыздан қақ тонның қызуы артық.  
Біреуден бір нәрсені үміт қылсаң,  
Бермесе де сөзінің түзуі артық.

## ҮШ ДОС

Өмірге келеді адам қайту үшін,  
Аллаға сансыз шүкір айту үшін.  
Тәніңді тапсырғанда қара жерге,  
Қасына бірге жатар қай туысың?!

Қоштасар жаным деген жарыңыз да,  
Айналып қайғысы мен зары мұзға.  
Өлгенде ол да саған дос болмайды,  
Әйтеуір серік болар барыңызда.

Балаң да еріп бармас, жырақ қалар,  
Қолынан бар келгені жылап қалар.  
Кезегі келген кезде келмес жақтан,  
Ол дағы мәңгілікке тұрақ табар.

Ажалдың кеткен кезде уысында,  
Досың да, алып қалмас туысың да.  
Ешкімге имей кеткен ғазиз басың,  
Шіриді қара жердің қуысында.

Сондағы сенгеніміз малымыз ба?  
Ол дағы жолай алмас маңымызға.  
Жоқ әлде өлген кезде тірек болар,  
Атақ, даңқ, тәжіңіз бен тағыңыз ба?..  
Қараша келген кезде солған гүлдей,  
Араша болмас олар жаныңызға.

Шыққанда өмір дейтін жолыңыздан,  
Осының бәрі үзілер қолыңыздан.  
Мыңғырған жылқы, сиыр, қойларыңыз,  
Олар да еріп бармас соңыңыздан.

Басыңнан өткен кезде заманыңыз,  
Өшеді жарық көрер жанарыңыз.  
Сол кезде сізбен бірге еріп барар,  
Жасаған тірлігінде амалыңыз.  
Аллаға деген берік иманыңыз,  
Сол болар қалқаның мен қамалыңыз.

Бұл өмір өте шығар көш емес пе,  
Түспейік сондықтан да бос егеске.  
Оқыған намазың мен оразаңыз,  
Құдайдың бізге берген хошы емес пе.

Зекетің, барып келген қажылығың,  
Жаныашыр жолдастарың осы емес пе.  
Мал да емес, байлық та емес, туыс та емес,  
Пендеге иман мәңгі дос емес пе.  
Жүрші әке, намазға жығылайық!  
Құбылаға жүрекпен бұрылайық.  
Жәннат бағын біздерге бұйыртпайды,  
Жаратқанның болмасақ құлы лайық.  
Айтты екен деп тақпашы ұлыңа айып.

Ұл-қызыңа уағыз айт күнде қадап,  
Жаратқанға айтайық бірге мадақ.  
Сен тұрмасаң имам боп ұлыңызбен,  
Немереңіз ұйыйды кімге қарап?!

Аулақ жүрсек шайтанның харамынан,  
Құтылармыз азаптың аранынан.  
Кеш қалдым деп Алладан үміт үзбе,  
Ақ аятпен шайылар қара күнән.  
Жүрші әке, намазға жығылайық!!!

### **Ескелді би Жылкелдіұлы**

Екі жақсы бас қосса,  
Бірін-бірі қия алмас.  
Екі жаман бас қосса,  
Кең қонысқа сия алмас.

\*\*

Жаманның дәмесі зор, сөзі қотыр,  
Көкірегі - қараңғы көр, көзі соқыр.

\*\*

Әйел - үйдегі ырысың,  
Ұл - айбарлы қылышың.  
Қыз - түздегі өрісің,  
Келін - кеңейген тынысың.

\*\*

Ел қонбаса - жер азады,  
Жер болмаса - ер азады.  
Қатарынан озатын ұл биікте жүреді,  
Ез атанып тозатын ұл иықта жүреді.

\*\*

Ақылды елден елді оздырады,  
Ақылсыз өзін-езі тоздырады.

\*\*

Жаман болса алғаның,

Дау-дамайға қалғаның,  
Өмірдің көріп жалғаның,  
Түнек тартар жан-жағың.  
\*\*

Бақ пен Дәулет тең келсе,  
Адамның толар кемелі.

### Өнер туралы өнегелі нақылдар

- \* Адамды өнер танытады.
- \* Балам өнерлі болсын десең, өнегеңді көрсет.
- \* Өнегелі елден өнерлі бала туады.
- \* Өнер іздеген өсер,  
Өсек іздеген өшер.
- \* Өнерлі адам өрге шығар.  
Өнерсіз адам жолда қалар.
- \* Өнерлінің қолын ұста,  
Өнегелінің жолын ұста.

### Тәрбие

Дүние - бір қисық жол бұраңдаған,  
Бақ тайса мал менен бас құралмаған.  
Күніне мың бір пәле көрсеңдағы,  
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.

**Қара өлең.**

«Біттім енді, құрыдым,  
Катал тағдыр құтылмастай салды маған құрығын.  
Құласам да биіктен,  
Жыласам да күйіктен,  
Енді менің жамалмайды жыртығым,  
бүтінделмес сынығым.  
Кілтін іздеп ашық тұрған есіктің,  
Бақытымнан құр қалып,  
Уақытымнан кешіктім» -  
деп күбірлеп отыр екен бір жігіт,  
Ауласында мешіттің.  
Әлгі адамға жақын барып бір адым,  
- Неге сонша түңілдің,- деп сұрадым.  
Тағдырыңның көтере алмай сынағын,  
Қайғырардай мұншама,  
Сабыр етіп бір шама,  
Айтшы досым қай биіктен құладың?  
- Е-еһ, бауырым!..  
Мені көрген мынау жұрт өтіп жатыр не демей,

Соқыр қоғам біз секілді мүгедекті елемей  
Тастаған соң, бар өмірден түңілдім,  
Қара жерге шығып қалған кемедей.  
Бар кезімде, бай кезімде қанша адам,  
Жабысып еді кенедей.  
Соның бірі қалмаған соң қасымда,  
Қаусап қалдым қан жүрмейтін денедей.  
Ойын-сауық құрмастан,  
Күндіз-түні еңбек еттім тынбастан.  
Қолым жетті ағыл-тегіл байлыққа,  
Тірі жанға еш қиянат қылмастан.  
Мен осындай әлсіз халге түскен соң,  
Айырылдым бір дос емес мың достан.  
Біле алмадым, мүгедекті менсінбеу  
бұл өмірдің заңы ма,  
Жара салып жаныма,  
Жарым кетті жарым түнде сырласқан.  
Ол түк емес,  
Қызым кетті Қырымға,  
Ұлым кетті Рұмға,  
Әкесіне мойынын да бұрмастан.  
Содан бері күліп өткен көздерімді мұң басқан,  
Жүріп өткен іздерімді құм басқан.  
Иә, иә, ЖАРЛЫМЫН!!!  
Мен жарлымын жан таппаған түсінетін зар-мұңын.  
Жаңа сездім кең дүниенің тарлығын.  
Енді маған кім келіп жұбатуын айта алады,  
Қайтарады кім осының барлығын?!.  
- Жо-о-оқ, достым түңілме!  
Бәрі жақсы болады ғой түбінде.  
Алла өзі берер ертең есесін,  
Ертең емес, берер бәлкім бүгін де...  
Жалғыз сен бе биігінен құлаған,  
Жаратқанның жұмағына жетеді, сынағына шыдаған.  
Барлық адам бақытты емес бауырым.  
Аяқ-қолы болғанымен дін аман  
Қанша бай жүр мұң сығып,  
Шығын шықса шыбын жаны тұншығып.  
Бақыт деген ендеше,  
БАЙЛЫҚ емес бауырым,  
Бақыт деген - бір Құдайға құлшылық!  
Қолыңды сөз бақытыңа құлшынып.  
Адамдардың барлығына,  
Ол аз десең тағдырыңа арта берме сен өкпе,

Мұның бәрі осыншама қайғыруға себеп пе?..  
Саған мысал айтайыншы керек пе?  
Баяғыда екі бақа байқамай,  
Күмп етіпті қаймақ толы шелекке.  
Қос бақаның біреуі жыласын кеп өкіріп,  
Тағдырына мұндай сынға тастаған,  
Бойына да бір шелектен аспаған,  
Жалпы айтқанда..., бақа болып туғанына өкініп.  
Ал, сыңары жігерлі, сыр бермейтін сынбайтын,  
Мақсатына жетпегенше тынбайтын.  
Құтқаршы деп тура келген ажалдан,  
Құдайына дұға етті өтініп.  
Созылыпты ұзаққа өмір-өлім майданы,  
Жақсы бола қоймайды ғой жай бәрі.  
Үміт үзген көлбақа хош айтысты досымен,  
Бірге өскен шалшық суда сайдағы.  
Ал екінші бақа болса тырбандауын қоймады,  
Әңгімеге құлақ түрмей қайдағы.  
Тырбың-тырбың шалпылдата берген соң,  
Май боп қатты қаймағы...  
Мысалымды түсін мейлі, түсінбе,  
Бақытты адам болам десең жетеді оған ақылың да, күшің де.  
Адам деген жасау керек әрекет,  
Ең аяғы сорлы болу үшін де.  
Сөз соңында айтатыным, бауырым,  
Бақыт деген - мешіттің сыртында емес, ішінде!

**10.10.2008 жыл.**

### **Бір досыма арнау хат**

Заман-ай, шіркін заман-ай,  
Өзгеріп күнде барады-ай.  
Досым-ау, кеттің не болды,  
Беруге сәлем жарамай.

Аман ба ауыл, мал-жаның?  
Ағайын-туыс, жан-жағың?  
Өзгерген мынау заманда  
Көтердік басқа салғанын.

Біреуге аспас бел болдық,  
Біреуге соққан жел болдық.  
Аспаннан құдай бақ беріп,  
Егеменді ел болдық.

Айта берсем көп тізіп,



Күндерді алдан өткізіп,  
Толғандырған көп ойды  
Айтпақпын саған жеткізіп.

Алдағы күнді анықта,  
Қараңғы әлде жарық па?  
Нан таба алмай көбісі  
Тірелді тұмсық нарыққа.

Мезі болды халық та  
Деген сөзге жалықпа!  
Қарсы келсең күштілер  
Жығады алып-шалып та.

Жолы боп кейбір дараның,  
Аямай ашты араның.  
Өрге басып өтірік,  
Заманы болды параның.

Жан-жаққа жайған құрығын,  
Ашылмас жұмбақ сыры мың.  
Аузыңнан жырып ап кетер  
Заманы болды ұрының.

Жаныңды қинап жану бар,  
Құтқарар қандай қару бар.  
Долларға жатыр сатылып  
Аяулы асыл арулар.  
Ата жұрттан тамыр ап,  
Мал жайылар маңырап.  
Төрт түлік жусап жататын  
Жайлауым қалды қаңырап.

**Ағман САБЫРХАНОВ.**

Жалғыз ескен жантақтай.  
Қарайды досым жалтақтай.  
Қорасы бос, ұялды-ау,  
Қонаққа сояр мал таппай.

Пісте сатып бала отыр,  
Кәмпит сатып шал отыр.  
Күн көрістің камымен  
Арақ сатып ана отыр.

Орын беріп бөтенге

Мақсатыма жетем бе?  
Алтын-күміс - бар байлық  
Кетіп жатыр шетелге.

Оқ болып тиген жауға да,  
Шешімін тапқан дауда да  
Заңда бар да, істе жоқ  
Тіліміз түсті саудаға.

Пайдасы жоқ тарыдай  
Лауазымның бәрі бай.  
Отырмыз байлық үстінде  
Мұнай мен газға жарымай.

Араны ашық, тоймаған,  
Ашкөздігін қоймаған  
Көбейіп түркөсемдер  
Тек қалтасын ойлаған.

Заман дедік өтпелі,  
Талай жыл болды, өтпеді.  
Айналайын, қазағым,  
Қыспағың көрер көп пе еді?!  
\*\*\*

Әбден байып есірген  
Өз туысын менсінбес.  
Сақтай гөр мұндай кесірден,  
Жатқан жерін жерсінбес.

Жат көріп бәрін қараған,  
Өзін зорға санаған.  
Көктен түсе қалғандай,  
Келеді ғой кей надан.

Артық туған басқадан,  
Кісі емес оған басқа адам.  
Әкесін де менсінбес,  
Негізі жаман қас надан.

Бұлбұл да өткен өмірден,  
Дүлділде өткен өмірден.  
Жат болуы туыстың,  
Бір ауыз сөз көңілден.

Жоғары қарап өрлейсің,  
Төменге көңіл бөлмейсің.  
Өмір шолақ, есіңе ал,  
Бәрібір жүзге келмейсің.

Қарымбайдың байлығы,  
Бірақ күнде жоқ болған.  
Мұсаның келіп қаһары,  
Тура тиген оқ болған.

Сараңдықтан арылмай,  
Өткен жоқ па Қарымбай.  
Өзің шыққан ортана,  
Жақсылық ет тарылмай.

Ана тілді білмеуің,  
Ананың арын төккендей.  
Тілді бұзып сөйлеуің,  
Өзіңді өзің сөккендей.

Тілде олқылық бой алса,  
Тым алысқа бармассың.  
Ана тілің жойылса,  
Халық болып қалмассың.

Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,  
Жақсы да арасында жаман да бар.  
Ғылымды пайдаланып отырса да,  
Сезбейтін сол пайдасын надандар бар.

Кім біліп ер еңбегін сезіп жатыр,  
Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр.  
Сасық ми, сасық жүрек санасыздар,  
Алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.

Сөз жаздым үгіт үшін бозбалаға,  
Осындай елде оқиға аз ғана ма?  
Қайырың наданға еткен шашқан мүлкің,  
Болады расуа құр далаға.

Құдайым, жолдас қылма жамандарға,  
Көзі тар, көңілі соқыр надандарға.

Жақсылық етсеңде бір етпесеңде,  
Жақпайсың кей ақымақ адамдарға.

Жігіттер, жақыныңмен болмаңдар қас,  
Қас болған жақынымен ақырда оңбас.  
Ағайын бірі-пана, бірі - қару,  
Кісіге жеке саяқ бақ та қонбас.

Кей ақымақ әлек етер жақындарын,  
Аямай жұмсап күшпен ақылдарын.  
Жау түгел иттен бойын қорғай алмай,  
Қаптырар ақырында тақымдарын.

х х х

Шала байыған бауырын танымас,  
Жақсы сөз тасты жібітер.  
Жаман сөз басты шірітер,

Тат темірді күл қылар,  
Жалқаулық адамды жүн қылар.

Балаң білегің,  
Халқың жүрегің.  
Бір үйде неше жансың,  
Біріңе бірің қонақсың.  
Балаң жаман болса көрінгеннің мазағы,  
Атың жаман болса, шыбын жанның азабы.  
Қатын жаман болса, бұл жалғанның тозағы.

Туған балаң жақсы болса,  
Екі көздің шырағы,  
Мінген атың жақсы болса,  
Бұл дүниенің пырағы,  
Алған жарың жақсы болса,  
Мейманыңның тұрағы.

\*\*\*

Жапалақ құсқа бақ қонса,  
Құс төресі самұрық,  
Жапалаққа бағынар,  
Сиын беріп жағынар.

Өнер алды ынтымақ,  
Ынтымақшыл елдерге

Сыртқы дұшпан не қылар.

Қадір білмес ағайын  
Жақында болса тістелеп,  
Алыста болсаң сағынар.

### **Сонау бір өткен заманда**

Жақсылығы мен жамандығы, баршылығы мен таршылығы алмасып жатқан тіршілік тегершігінің бір айналымында дүркіреп тұрған Қарахан мемлекеті іштен іріп, ыдырап, екіге бөлінеді. Бірлік кеткен жерде береке бола ма, ағайындар арасында жанжал көбейіп, елірген елеңбекті қойып, ереуілшіл болып алады. Атысқан, шабысқан тірліктің ақыры аз уақытта елде азық-түліктің таусылып, алыпсатарлар мен ұры-қарылардың көбеюіне әкеліп соғады. Жұрттың күнкөрісі қиындап, ашаршылық төбе көрсете бастайды. Осынау қиын шақта Батыс қағанаттың билігінің басына Бөрі тегін келеді. Ибраһим тамғашхан деген атпен таққа отырған Бөрі тегін ең алдымен ел тірлігін қалпына келтіруге күш салады. Ол үшін алыпсатарлар мен ұрылардың жолын кесіп, жұрттың адал еңбекпен күн көруіне мүмкіндік туғызуды көздейді. Осы мақсатпен халық игілігіне қол сұққан ұрылар мен алыпсатарларды аяусыз жазалай бастайды.

Күндерде бір күні ол хан сарайының қақпасына жазып кеткен жазуды көреді. Онда ханға өшіккен алып-сатарлар мен ұрылар сес көрсетіп, ескерту ретінде: «Біз бейне құнарлы жерге өскен жуа секілдіміз, бізді қанша қырыққаныңмен сонша өсіп шыға береміз. Сондықтан текке әуре болма», - деп жазыпты.

Бұл жазу жас ханды ойға қалдырады. Қорқудың, үркүдің орнына, хан жазасынан қаймықпай, қақпасына бұндай деп жазуы ұрылар мен алыпсатарлардың сүйенер тірегі, арқалана қорғаны болғаны ғой... Көп ойдың нәтижесінде бір байламға келген Бөрі тегін уәзірін шақыртып алып, қақпадағы әлгі жазудың аяғына: «Мен, бұл арада бақшашы тәріздімін, сендер қаншама көп өссендер де, бәріңді түбіріңмен жұлып тастаймын», - деп жазуды бұйырады. Хан уәдесінде тұрады. Тыңғылықты зерттеу, тексеру нәтижесі жіптің ұшын хан сарайына әкеліп тірейді. Сөйтсе, ұрылармен, алыпсатарлармен астыртын жалғасып, қамқорлық жасаушылар сарай әкімдерінің өздері екен. Айыптаушылар аяусыз жазаланады. Елде ұрлық-қарлық та, алыпсатарлық та сап тыйылады.

Бірде ханға қаланың ет сатушылары келеді. Олар базарда еттің бағасын арттыруға рұқсат беруін талап етіп отырып алады. Егер рұқсат берсе, қолма-қол қазынаға мың динар құятындықтарын айтады.

Хан өз тарапынан қазір халықтың жағдайының өте ауыр екенін айтып, шыдай тұруын өтінеді. Бірақ тиын тауып, пайда қуған ет сатушылар бұған көнбейді. Оларды хан сарайындағы төрелер де қолдайды. Олар мемлекет қазынасы осындай құрып тұрғанда ет сатушылар берер мың динардың үлкен

байлық, мол олжа екенін дәлелдейді. Сөйтіп, бәрі жабылып, ақыры ханды көндіреді.

Хан базарда ет бағасын күрт өсіруге рұқсат береді. Мың динар қазынаға түседі. Алайда, хан іле уәзірін шақырып алып, екінші жарлық шығарады да, оны базар біткеннің көрнекті жеріне іліп қоюға бұйырады. Онда: «Кімде-кім базардан ет сатып алса, сол өлім жазасына кесіледі», - деп жазылған еді.

Жасауылдар базар аралап жүреді. Жанынан қорыққан жұрт еттен қашады. Ақыры ет сатушылар хан алдына қайта келеді. Соңғы жарлығын жоюды өтінеді.

- Бір тілектеріңді бердім, енді екіншісін орындай алмаймын, - деп хан иілмей қояды. Ақыры әрі ырғасып, бері ырғасып, араға адам салып, ет сатушылар қазынаға жаңадан мың динар құйып, етті бұрынға бағасымен сатуға хан рұқсатын зорға алады...

Бұл – осыдан табаны күректей 939 жыл бұрын, яғни, 1052 жылы болған оқиға еді.

Өткеннің жақсысынан өнеге, жаманынан сабақ алу өмір заңдылығы ғой. Бүгінгідей экономика құлдырап, ақша құнсызданып, тұтынар зат, ішер тамақ, тапшыланып, базар бағасы дүркіреп көтеріліп, алыпсатарлар мен ұры-қарылар көбейіп бара жатқан қазіргі кезде бұдан тоғыз жарым ғасырдай бұрын өмір сүрген бір бабамыздың (Бөрі тегін Шыңғыс хан тұқымы емес, түрік нәсілінен) осындай қиындықты кезеңде жасаған бір әрекеті ел басшыларына ой салуға себепші бола ма деген ниетпен ескіні жаңғыртып, еске салудың артықтығы болмас дедік. (Мақала 1991 жылы жазылған).

**Қойшығара Салғараұлы.**

### **Отызда орда бұзбасан**

20 мен 30 жастың арасында талайлардың толағай жетістікке қолы жеткенін мақтан тұтпай болмайды. Әуелі алыстан арбаламай-ақ өз тарихымызға жүгінсек те, бірталай адамның атын атауға болады. Бұл кезде бірінші қатарда тек қана отыз жас жасаған халық мақтанышы Шоқан Уәлиханов тұрмақ. Ал 27 жасында көз жұмған Сұлтанмахмұт бес-алты поэма, екі роман жазып үлгірген.

73 жасында жау қолынан қаза тапқан Шәкәрім «...отыз жасыма дейін араб, парсы, түрік, шағатай, орыс тілдерін меңгеріп алдым», -деп жазады. 45 жаста өмірі қиылған Мағжан 28-30 жасында «Батыр-Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» сияқты дастандарға автор болған. 20 жасында «Еңлік-Кебек» пьесасының алғашқы нұсқасын ұсынған Мұхтар Әуезов отыз жасқа толғанға дейін «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Қаралы сұлу», «Кім кінәлі», «Жетім», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімелерімен қатар «Қилы заман» повесін бітірген. Сәбит Мұқанов 30 жасқа дейін «Ақбөпенің сыры» повесін, «Сұлушаш» дастанын, «Адасқандар» романын жарыққа әкелген.

Небары 23 жыл өмір кешкен Саттардың жазғандары қаншама!.. Бұлардың қатарына Төлеген Айбергеновті де қосуға болады. 21 жас қана жасаған француз математигі Эварист Галуа, 30 жас жасаған ағылшын ақыны Перси Шерли, 26

жасында дүниеден өткен оның отандасы Джон Китс пен сонша жасаған венгр ақыны әрі патриоты Шандор Петефи, 32 жасында гильотинада басы кесілген француз ақыны Андре Шенье, 27 жасында оққа ұшқан М.Ю.Лермонтов, 25 жасында дүние салған Н.А.Добролюбов, 29 жасында атышулы «Ақылдың азабы» комедиясын аяқтап, 34 жасында өмірмен қоштасқан А.С. Грибоедов сияқтыларға отыз жасқа дейін бүкіләлемдік өркениетке із қалдыруға бір тәңірдің өзі құқық бергендей.

Бұлардан кейінгі топқа қырыққа жетпей арманда кеткен дарын иелерін қосуға болады. Ағылшының атақты ақыны Д.Г. Байрон (1788-1824) атышулы «Чайльд Гарольдтің сапарларын» 28 жаста аяқтаса, «Кәпір», «Абидосс қалыңдығы», «Шильон тұтқыны», «Манфред» туындыларын да отызға жетпей жазып шыққан.

Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин отыз жасына дейін «Руслан и Людмила», «Кавказ тұтқыны», «Ағайынды қарақшылар», «Бахшасарай атқымасы», «Евгений Онегин», «Цыгандар», «Борис Годунов», «Египет түндері», «Ұлы Петрдің арабы» және тағы да басқа туындыларымен белгілі болды.

А.С. Пушкин жасында көз жұмған Шотландия ақыны Роберт Бернс (1759-1796) отыз жасына дейін басқалардан кем түспеген. Испан ақыны Гарсиа Лорка (1898-1936) «Марианна Пинеда» драмасын 25 жасында халыққа ұсынса, «Цыган романсеросын» 29 жасында жазып шығыпты.

Француз математигі әрі әдебиетшісі Блез Паскаль (1623-1662) 16 жасында «Паскаль теоремасын» ашса, 19 жасында есептеу машинасын ойлап тапқан. Француз ақыны Артюр Рембо (1854-1891) өзінен кейінгі ақындарға үлкен ықпалын тигізген, отандастарына қатты әсер еткен өлеңдерін 15 пен 19 жасының арасында ғана жазып, соңынан қолына қалам ұстамай кеткен.

Француз халқының мақтан тұтар перзенттерінің бірі Эдгар По (1809-1948) отыз жасқа дейін қазіргі детективті шығармалардың негізін салған шымшытырық оқиғаларға толы әңгімелерін оқырман қауымға ұсынып үлгерген.

Н.В. Гоголь (1809-1852) атышулы «Ревизор» мен «Миргородты» 26 жасында жазса, «Өлі жандарды» бұдан бір жыл өткеннен кейін дүниеге әкелген. Неміс драматургі Фридрих Шиллер (1759-1805) отыз жасқа дейін «Қарақшылар», «Зұлымдық пен махаббат», «Фиеско» пьесаларын жазған. Ағылшын жазушысы Чарльз Диккенс (1812-1870) 24 жасында «Пиквик клубының жазбалары», 25 жасында «Оливер Твист», 26 жасында «Николас Никльби», 27 жасында «Ескіліктің жаймасы» романдарын жазып, Англиямен қатар шетелдерде де кеңінен белгілі болған.

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН,**  
**(«Инфо-Цес»газетінен, 2011 жыл,**  
**18 қараша № 46 (1305).**

## **Он екі таным**

**Әмзе ҚАЛМЫРЗАҰЛЫ**

ӘЗІЗ...! Білесің, болашаққа жасаған жоспар, үміттерім мен күрестерім – тірегі жоқ жас адамның рухани нартәуекелдері еді. Мен сияқты қарапайым халықтың қалың ортасынан шыққан жанның келешекте кім болатыны талай адамды қызықтырады. Дегенмен олар немкеттілік терезелерінен сығалап, сырттай бақылады. Себебі, алға қарай бастайтын, жолым түсіп тұрған баспалдақтар кедергілерге толы болатын. Кімге сырымды айтар едім? Кім жеңілдетер еді, сол шақта жүрекке толып тұрған арман жүгін! Қазір байқасам, санама түскен салмақты бөліскен өзімнің ақыл-ойым екен; алыстағы армандарымды сағынып ойлаған сәттерім жаныма рахат нұрын құйыпты. «Білемін – туған өледі. Бірақ соңымызда адамдар айта жүретін ізгілікті істеріміз қалса екен, жақсылар жүрген жолмен өтсек екен өмірден!...» деген сияқты қаншама тілекті ауызша айтыппын.

Бүгін сол ой-ниеттерімді жүйелеп, өмірге деген көзқарас-танымдарымды қағазға түсірдім...

### **БІРІНШІ ТАНЫМ — ТІЛ**

Басқа бәле тілден. Тіл - тауға да шығарады, құзға да құлатады. Жұртқа жаман іс көрсетпе, жаман сөз айтпа. Біреуді сыртынан ғайбаттама. Сенің сөзіңді естіген адам күндердің күнінде ол адамға кездесіп, ойыңды жеткізбесіне кім кепіл. «Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады». Адал жанды адамды өзіңе өнеге тұт. «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа» деген сөзді ұмытпа. Тәжік халқы тілі жаңа шыққан баласына мың жыл бұрын өткен ұлы бабалары Рудакидің жырларын жаттатады. Ұрпақтарың өлең жаттасын. Сонда сөзінің қайда кетіп бара жатқанын байқайды. Тілін байытады. Өз сөзін айта алатынға болысу керек. Жүрегінде жалыны, өмірге өзіндік көз-қарасы жоқ адам сені қарсыласыңның алдында жығып беруі мүмкін. Халқыңның жүрегіне жететін сөз тап, тұйықтан шығаратын жол нұсқа. Тілді көріктендіретін – ақыл. Ақылдың негізі жастықта қаланады.

### **ЕКІНШІ ТАНЫМ — ЖАСТЫҚ**

Жас өміріңнің бағасын біл. Жасқа өлім жоқ, ол Алланың қаһарына ұшырайды. Әйтпесе, жас ағаштың жануы қиын. Сен әлі үлбіреген гүлсің. Гүлді кімнің құшқысы келмейді? Сен – дәмі тіл үйірген балсың. Балды кімнің жұтқысы келмейді? Құдайдан қорықпағаннан қорық. Гүлмен бірге тікенді де жаратқан, салыстыру үшін. Жасырып жаман іс істегеннен гөрі әйгілеп қайыр сұраған жақсы. «Біреуге не істесең — басыңа сол келеді». Жастық шағыңда басыңа іс түссе арашалайтын, ауырыңды жеңілдететін дос таңдай, таба біл. Араласатын ортаң үлгілі ойлы болсын. Ол болашағыңа ықпал етеді. Азаматтар барлық жерде күн сияқты жарқырап тұрмайды. Сондықтан «жақсы-ау» деп ойлағаныңның бәрі жақсы емес болуы әбден мүмкін. Бұларды адал достар арқылы ажыратасың. Дүниедегі ұлы сезімнің бірі – достық.

### **ҮШІНШІ ТАНЫМ - ДОСТЫҚ**



Мінезіңе қарап дос таңда, күшінді шамалап жүк көтер. Тең-теңімен, тезек қабымен жарасқан. Досыңның дұшпан болуынан сақтан. Үй сатып алсаң — көршісін сұра, жер сатып алсаң - суын сұра. Өзіңе симаған сыр кісіге де сіңбейді. Достықтың да белгілі шегарасы бар. Жақсы көрген жек көре де алатынын ұмытпа. Қол – ауызға сүйікті. Пышақ қанша өткір болғанымен өзінің сабын жона алмайды. Ет пен тырнақ ажырамайды. Сондықтан ерлі-зайыпты сияқты өте жақын адамдардың арасында қазылық беру қиын іс. Олар ашу үстінде ауыр сөздер айтса да, жеме-жемге келгенде бірін бірі қия алмауы мүмкін. Жақын оттың жарығы күшті. Достық та солай. «Көзден кетсе көңілден болады ұмыт» деген сөзде ақиқат бар. Дарқан жүректі жандармен жиі пікірлесіп, араласып тұр. Жақын отырған сыйдың құрметтісін алады, алыс отырған «немкеттісін» алады. Көздеген ісіңнен нәтиже шығарғың келсе, алыстан арбалайтын емес, жақыннан дорбалайтын жерге жылыс. Ұлы достық жүрегіңе ұят атты қасиетті ұялатады.

### **ТӨРТІНШІ ТАНЫМ — АР-ҰЯТ**

Тірі адам көп нәрсені көреді. Бірақ ұятсыз адам бұралқы иттен де жаман. Ол өмірден адамның қоры болып өтеді. Опасызда - ұят жоқ. Опа мен ұят - бір ағаштың жемісі, бір түліктің егізі. Ар-ұяттан сескенбей аттағандарда опа, уәдеге тұрақтылық болмайды. Ұяты бардың есімі құрметті, өмірі мәнді болады. Адам абыройды қасықтап жинап, шелектеп төге салады. Адамнан тілеме, құдайдан тіле. Адамнан тілегеннің абыройы қашады. Ақылдылар дүние-малды өмірдің рахатын көру және ізгілікті істерді жүзеге асыру үшін жияды. Жақсы атыңды жоғалтқанша, жаман жұлыныңды үз. Тура би төрде өледі, ит ошақ басында өледі. Жақсылыққа ұмтылғың, қайырым жасағың келсе сүрінгенді сүйе - береке табасың, абыройың артады. Қараудан құт қашады. Ұяттың бойдағы байлауы - сабыр мен қанағат, опа...

### **БЕСІНШІ ТАНЫМ — САБЫР, ҚАНАҒАТ, ОПАЛЫЛЫҚ РАХЫМ**

Мен бір қолыма — от, бір қолыма — мұз ұстаған жандаймын. Екеуін қоссам не мұз ериді, не от сөнеді. Бірін тастайын десем екеуі де өмір сүруім үшін қажет. Қане, ақылды болсаң, жол тапшы осыған?

Бұл саған айтылған бір мысал. Данышпан да тұйыққа тірелер шақ болады. Одан шығар жолды Алла ғана нұсқайды. Сондықтан барға мәзір, жоққа қанағат еткен дұрыс. Жетім бала өз тұсауын өзі кеседі. Тарыққан кезінде қабырғамен кеңес. Жүретін жолыңа қиял көзін жібер. Қауіпті болса, айналып өтетін жол ізде. Немесе сабырмен күт. Мінездің көркі— сабырлық, қанағат, ізгілік. Ізгі істің пайдасын есептеме. Ер тарықпай - молықпайды. Тәңірден таң сәриде тіле. Дүние - кезек, сөзсіз келеді. Қоғам да, заман да алмасып тұрады. Егер осы қасиеттер жүрегіңе мықтап мекен тепсе талай пенде осалдық жасайтын нәпсіңді тиясың. Жар мен досқа опалы боласың. Жүзіңнің жарықтығы, түсіңнің игілігі – ішкі жан-дүниеңнің тазалығы. Адамды талай бәлеге душар ететін – нәпсі.

## **АЛТЫНШЫ ТАНЫМ — НӘПСІ**

Өмірде адам бойына еруге құмар жамандықтардың түрі көп. Соның бірі — нәпсі құмарлық. Ол — қиянатқа бастайды. Сабыр, қанағат, рақым, ар-ұят, опа нәпсінді жеңер достарың. Нәпсі - жамандарға күйгізеді, жамандар — басты жерге игізеді. Нәпсінің мәні – ұрпақ жемісінде, дүниенің мәні – игілігінде. Алдамшы сезімдер құлдығына өзінді душар етпе. Алдамшы сезімдерді қуу надандық. Оны тек өте ойы бұзылған адам қуады. Мәуелі ағаштың басы төмен болады Көңілің кімді қаласа – сол сұлу. Ақылды адамдардың зұлымдығы орасан үлкен болады. Жаратылыстың сыйлаған парасатын адалдық пен ізгілікке бағышта. Тіске тұрған етке қарын тоймайды. Тірнектеп жинаған мүлкің де, түпкі мақсаты жат жолдас та сол сияқты баянды емес. Жаманшылық ойламайтын, ақ ниетті адамдарға ырыс-ын-тымақтың ықыласы түседі. Пайда көздегендер өзін жалғанның құлы етеді. Үйге әкеліп үйе бергенмен толмайды. Өзінің ықтияр-еркін қанағатшылықпен меңгерген, көрсеқызар нәпсінің өткінші соққысына сабырлылықпен тойтарыс бергендерге баянды бақыттың бастауы – махаббат келеді.

## **ЖЕТІНШІ ТАНЫМ — МАХАББАТ**

Жылуы жоқ жүрек — қуыс кеуде. Тіршіліктің жарығы — махаббат. Егер сүю болмаса өмірдің мәні жоғалар еді. Ғашықта шыдам болмайды, шыдам болса ғашық та болмайды. Қыз - жігітке көзіне түсу үшін бой түзейді, жігіт қыз жүрегін жаулау үшін ой түзейді. Ойлы жігіт алдында әйелдің жалғыз мақтанышы бар. Ол — дақ түспеген ары. Халық айтады: адамды арулап көмер алдында, ұлы денесін тазалап жуады. Осы жұмыс атқарылып жатқанда, мәйіт бұл өмірде арын өте таза сақтаған болса, жууға кірген адамның жат қолын ұятты жеріне апарғызбай қағып жібереді екен. Мұндай құбылыстар әсіресе әйелдерде көп болатын көрінеді.

Махаббатың — басыңа қонған бағыңды бағала. Оны саудаға салсаң, аққу-сезімді жандар секем алып ұшып кетеді. Сүйіспеншілік өзінің тектілігімен ерекшеленеді.

## **СЕГІЗІНШІ ТАНЫМ — ТЕК ЖӘНЕ ТЕКТІЛІК**

Адам — пенде. Ағаштың көркі жемісі болса, адамның көркі — жақсы іс. Инабатты болса - әйел, өнегелі болса — бала текті. Темір де тозады, асыл да мүжіледі, тау да шөгеді. Ертең өкінбеуің үшін соңындағыларға бейәдептілік көрсетпе. Жас бұтақ қалауыңа қарай иіледі. Тау арқанмен тартқанға бүгілмейді, дән себілмей астық өнбейді. Тесік етік су кешкенде білінеді. Ыдысқа не болса сол құйылады. Тұрған орныңа, жатқан жеріңе қара. Сөзіңді тыңдаған, сөзін тыңдаған жанға ой көзін жібер.

Араб мәдениеті өркен жайған дәуірде түркілер «Ибин Тархан, ибн Мұхамбет әл Фараби» болды. Өткендерді «ов» болғаны үшін кінәлама, шамасына қарай қолынан келген істі атқарды. Ал сен жария – Жаһанға «Пәленше ұлы» немесе «Пәленше қызы» деп жазу үшін күш сал. Сонда жыныс-затың мен әкеңнің есімі айқын болады. Тегі деген сөзге бабаң немесе руыңды алуға тиіссің. Руын білу қорлық емес. Тегіңді білу – тектілік! Ру – біздің халықтың маңдайындағы ғажайып ерекшелік, ата-бабаның қаншама ғасырлар

екшеген, електен өткізген мұрасы. Олардың әруағын сыйла. Әрбір адам, мейлі қандай ұлт болсын, өзінің ата-тегі туралы мақтанышпен айтуға тиісті. Жаман болсақ та, жақсы болсақ та осы топырақтан жаралдық. Көкке көтерілсек осы топырақтан қуат аламыз және күніміз бітсе осы топыраққа айналамыз.

Жамандыққа бойың бір үйренсе құтылуың қиын. Ол да бір ұйық сияқты, батырып жібереді. Жұпар иісі құтысында қалады – түріне қарама, қасиетіне, тегіне қара. Тектілік туралы халық өлеңі:

Алтын да – тас, тас та – тас.

Алтындай болмас, басқа тас.

Алтынға алтын қосылса,

Бірін бірі тастамас.

Дегенмен, ғашықтық шарабына басың айналып жүргенде, бойыңдағы қасиетті тұмар – намысыңды жоғалтып алма.

### **ТОҒЫЗЫНШЫ ТАНЫМ — НАМЫС**

Адам бойындағы ең асыл қасиет — осы. Оның алдаспаны мұқалса, бишаралық балшығына бата бастағаның. Ешкімді басынба, басындырма. «Шалқайғанға — шалқай, ол құдайдың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, ол — әкеннің құлы емес». Отаныңды, ұлтыңды сыйлағанды — сыйла, илегенді - иле. Аяқтың астында жатсаң, басың аман қалады. Бірақ жаның арыңның садағасы емес пе! Ойлан! Қиын іске сыналған, намысты ерді таңда. Ол опа береді. Еркін жеңе білген адам - нағыз намысшыл ер. Жаннан кешпей жеңбек жоқ. Намысшылды ызаландырма – отқа түседі. Ашу қысса – аузыңды жап. Ашулы адамда ақылға орын қалмайды. Халық көзімен қарағанда жарамсақтанып көкірегін басқан қолдан, тезек терген саусақ артық. Төмен қарамай айтысуға тұратын жерде – айтыс, тартысуға тұратын жерде- тартыс! Ұялатын жерді ажырата біл. Өмір болған соң не болмайды. Қайда да өзінді салмақты ұста. Ешнәрсеге таңырқаушы болма. Мысалы, қайғылыны көрсең, себебін білмекке әуестенбе...

### **ОНЫНШЫ ТАНЫМ — ҚАЙҒЫ**

Қайғылының көзінше қарқылдап күлме. Тас -түскен жеріне ауыр. Кімнің бақытты болғысы келмейді? Кімнің жаман болғысы келеді! Қуантар болсаң асық, мұнайтар болсаң - сабыр тұт. Кісі айыбын ашқаннан жапқан жақсы. Өш алғаннан гөрі кешірген кісілік. Және соңыңа қайырыла берсең көштен қаласың. Түбінде тарығып жүрген – сүйінер, қамығып жүрген — қуанар. Қыстан соң көктем келеді. Бұлттанған аспан ашылады. Асылы, көктем мен күз күндері бұлтты болады. Сүріну - кәрі мен жасқа тән: бірі - қуаты жоқтықтан, екінші - сезімге аптыққан шағында сүрінеді. Рақат іздесең бейнетінен қорықпа, қуаныш іздесең - қайғысынан қорықпа. Бақыттың есігі біліммен ашылады. Әйелдің даусы қатты шыққан үйдің босағасын аттама. Күйе жұққыш келеді. Танымай, білмей – қызықпа. Талант — данышпандық тауына шығаратын алғашқы баспалдақ. Бірақ оған да таңырқама.

### **ОН БІРІНШІ ТАНЫМ — ТАЛАНТ**

Нағыз таланттарды күндегендер көп болады. Қаскүнемдер Алланың берген артықшылығын қимайды. Күш бар жерде өнерге жол жоқ. Жақсылар — жетім жүректі. Сондықтан дарынды адам көрсең қолыңнан келгеніңше құрмет көрсет. Бірақ шекарадан асып кетпе. Орасан ойын әлі менгере алмай жүрген жас дарын ұрыншақ келеді. Өзіңе көлеңке түсуі мүмкін. Май пілікті көмсе, шырақ өшеді. Тәрбиесіз өскен талантқа амал жоқ: адал оймен айтқан сөзіңді толып тұрған Айға қол шошайтқандай қабылдайды. Есіңде болсын, қолдан жасанды дарын жасама! Ол ертең адамдарды алдайды. Сол үшін әруақ алдында сен күнәһарсың.

Бірақ ел басқарған игі жақсылар мен аса ірі дарын иелері туралы сөздің бәріне сене берме. Жел тұрса қамыстың үпелекті басы жерге құлайды. Өмірге, қоғамға, тіпті әрбір адамға өз көзқарасың болсын — сөзге ерме. Іші күйген дұшпан не болса соны айтады. Мәуесі көп ағашқа тас та көп тиеді. Олардың күрделі ұғымынан туған оқыс әрекетін қарапайым халық түсінбей де қалуы ғажап емес. Сосын «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» деген сөз шығады. Әліптің – артын бақ. Көзің жетпейтін істегі ең дұрыс әрекет – үндемеу. Тезекті қозғама, ісі шығады.

Өнерге, адал дүниеге есеп керек. Қолыңдағыңды базарлай біл. Қиылып сұрағанға берсең – өзіңді сыйлағаның, немкетті өтінгенге берсең – өзіңді қорлағаның. Яғни, еңбегіңді, өнеріңді сатуға арланба. Сол еңбегіңді немесе өнеріңді орындау үшін ақыл-ойың, күшің, уақытыңды, яғни, ғұмырыңның белгілі бір бөлігін жұмсайсың, сарп етесің. Ей, отбасының үлкені! Далаңның кеңдігін пайдалан, малыңның бағасын біл. «Бит терісінен биялай жасағандар» сенен кем де, артық та емес. Бұл менің қолымнан келмейді деме! Арзан нәрсенің қадірі жоқ. Сондықтан өнер мен еңбектің қасиет-қадірі артуы үшін, қажет болса саудаласудан да тартынба. Бұл өмірде алаяқтар жетерлік. Пасықта – ұят, зәлімде – опа жоқ. Таңырқайтын ең тамаша қасиет – мақсат, мұрат. Дүниенің қызығын халық қамы үшін қиған адамды байқайсың, іштей болса да басыңды иіп, тілеулес бол!

### **ОН ЕКІНШІ ТАНЫМ – МАҚСАТ, МҰРАТ, ЕҢБЕК**

Үйдің беріктігі іргетасына байланысты. Сол сияқты болашағың мен адамдық дәрежеңді алдына қойған мақсатың, түпкі ниетіңнің адалдығы айқындайды. Ұлы адамдардың мақсаты да – Ұлы. Ұлыларды мың жасатқан Еңбек және ұлы Арман. Өлімді жеңетін қуат та – осы. Айналаң топас, тобыр болса, өзіңнің де мал болғаның. Билік, байлық, даналық – бір өзіңе байланысты. Бірақ алдымен ниетіңді, пейіліңді тазарт – жолың оңғарылады. Алданамын деп қауіптенбе, адал адамның ақысын Алла жегізбейді. Аспанға ай мен күн қалай сиған. Айласын тапсаң арыстан да бастығады. Қолыңнан келгенінше еліңнің ой-өрісін кеңейт, ар-намысын оят: әруағын қадірлесін, ата жауын жәбірлесін. Қашан да қол бастайтын батырлар, ой бастайтын ақындар керек. Осындай перзентсіз жұрт – құнарсыз топырақ. Кеудесін оққа тосып ел қорғаған батырдың да, жүрегін жалау етіп ұран тастаған ақынның да – бағасы бір. Елді қанға батып қорғайтын ерлер, ерді күйіп-жанып тәрбиелейтін – әйелдер. Изгілік

те, ... ананың ақ сүтімен бойға сіңеді. Ұлынды азамат етіп өсір. Еркектер елде толып жүр. Әйелі азған елдің ертеңі жоқ. Кейбір қарау күштердің жымысқы ықпалымен, ұлдары – нашақорлық, маскүнемдікке салынған, қыздары – арын жоғалтып азғындаған ұлт, алдымен ғұрып-салтын ұмытады. Кейін тілін жоғалтады. мұның соңы бүкіл елдің жойылуына әкеліп соғады. Бізді осыдан сақтасын!

## Ұлылардан ұлағат

### Әмір Темір

- \* Ақ болсаң ант ішпе.
- \* Биік мұнараға жерден көтеріледі.
- \* Бір қынға екі қылыш сыймайды.
- \* Басшысы жоқ ел жаны жоқ денеге ұқсайды – деп айт өз балаңа, өйткені жансыз тәннің жағдайы мәз бола ма?
- \* Сындырып, бір ағашты ие алғайсың, бірақ көп ағашты ие де алмайсың.
- \* Бірін көріп – пікірле, бірін көріп шүкір де.
- \* Пілдің құйрығы болғанша, құмырсқаның басы бол.
- \* Егер сөз иесі надан болса, тыңдаушы данышпан болсын.

### Ахмет Жүйнеки

- \* Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты.
  - \* Тәкаппарлық – барлық елде жеккөрінішті қылық.
  - \* Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте.
  - \* Жамандық жасаған кісіге сен жақсылық жаса.
  - \* Ашу, кек оты тұтанып жалындаса,  
Биязылық суын шашып, ол отты өшір.
  - \* Пайдасыз егес, орынсыз сықақтан сақтан.
  - \* Мың кісі досың болса – көп көрме,  
Бір дұшпаның болса – аз деме.
  - \* Әдептіліктің басы – аузын бағу.
  - \* Кімнің досы жақсы болса, өзі де жақсы болады.
  - \* Сырыңды кісі білмесін, берік сақта,  
Барлық жасырын ісің жария болып,  
Көрген, естіген саған күлмесін.
- \*\*\*

Судьяға біреумен барма, бірдеңемен бар.

**(Қадыр Мырза-Әлі).**

Заңдардың орындалмауы мемлекеттің қауқарсыздығы мен қоғамның кеселдігін көрсетеді.

**(Расул Ғамзатов).**

Атқа мінерлері көп елде заңнан ауытқу көп болады.

**(Сүлеймен Пайғамбар).**

\* Заңдар өрмекшінің торы сияқты: әлсізді шырмағанмен, күшті түскенде сетінеп кетеді.

\* Елде заң бұрмаланса – басшы көбейеді.

**(Соломон данышпан).**

Заңдар проблемаларды шешу үшін жасалмайды, соларды шатастырып, оны әркім өз пайдасына жарату үшін жасалады.

**(Пауло Коэльо).**

Бүкіл дүние жамандықтарын  
Артыңдар маған көтерем!  
Қарызым болсын өтеген.  
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,  
Бүгін-ақ өліп кетер-ем.

**(Мұқағали Мақатаев)**

Ұлтқа қожалық жасауға болмайды, оған қызмет ету керек.

**(Ататүрік).**

Мен өз елімнің саяси киімінің тозғанын көріп, оны тозды деп айтсам, онда мен елімнің сатқынымын.

**(Марк Твен).**

Егер адамды, топ адамды, қауымды, халықты, мемлекетті аздырам дейтін болсаң – мақта.

**(Конфуций).**

Ру – ертедегі қазақтардың паспорты, яғни төлқұжаты: елін, жерін, ата-бабаларын анықтайды.

Рушылдық – рудың сұңғыласы (тамырының нәрін сорушы).

Руды білу-міндет, руға бөлу індет.

**(Даумер).**

Ақымақтар тек адамдардың кемшіліктерін ғана көреді...

Олар дененің кір, лас жеріне ғана қонатын шыбындарға ұқсайды

\*\*\*

Адамның жаратылысы қызық – байлығын жоғалтса қатты күйінеді, ал қымбатты уақытының, яғни, өмірінің әрбір күнінің келмеске кетіп жатқанына басында ауыртпайды.

**(Әбіл Фараж).**

Айнаның қарсы алдына маймыл барып,  
Мынау перің кім депті оған налып.

**Крыловтың сықақ өлеңдерінен.**

Атым шығып бір қалсын,  
Батыр екен қанден де,  
Пілге де үрген демей ме.

\*\*\*

Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды.

\*\*\*

Икемсізді түйенің үстінде де ит қабады.

\*\*\*

«Гений – это 1 % вдохновения и 99 % потение.

**Эдисон Томас Алва.**

\*\*\*

«Я знаю, что ничего не знаю»

### **Сократ.**

«Дурак, который знает, что дурак – не дурак».

### **Ф.Достоевский.**

- революцию задумывают гении, - делают ее фанатики, а пользуются ее плодами мерзавцы.

### **Отто фон Бисмарк.**

#### **Дінмұхамед Қонаев:**

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Саған арқа сүйедім, содан үйрендім.

\*\*\*

#### **В.А. Сухомлинский:**

Адамның үш жұрты бар: Олар – өлім, кәрілік және жаман бала» - деген.

\*\*\*

#### **Ақын Қалқаман Сарин:**

- Есіктен кірген басыңның  
Баратын жері төр болар.  
Бесіктен шыққын басыңның,  
Баратын жері көр болар – деген.

\*\*\*

#### **Халық даналығы:**

Жолдасы көптің – олжасы көп.  
Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.  
Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.

\*\*\*

#### **Құтып:**

Достарың мың болса да «аз» деп біл,  
Дұшпаның біреу болса да сақтан.

\*\*\*

#### **Саиф әс-Сараи:**

Сабыр етсе – бақтағы жеміс те піседі,  
Асыға берсе – балшыққа етпетінен түседі.  
Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,  
Жайшылықта «доспын» дегеннің бәрі бос.  
Жұдырық жұмсау ерлік емес.

\*\*\*

#### **Махамбет Өтемісұлы:**

Жақсымен дос болсаң,  
Алдыңнан шығар елпектеп...  
Жаманмен дос болсаң,  
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

\*\*\*

**Ахмед әл Иүгінеки:**

Сырт қараса, бұ дүние – тәтті аса,  
Мың бәле бар ішкі сырын қаттаса.  
Нағыз басы сол болады қатенің –  
Сырттай сынап, құр сымбатын жаттаса.  
Жақсылықтан үміт етсең – сабыр ет.  
Мың адам досың болса да көп емес.

\*\*\*

**Жандарбек Бұлғақов:**

- Сақал қойсаң жақтырмайтын пенде бар,  
Орамалды тақтырмайтын жеңге бар.  
Хижаб киген мұсылманды даттамай,  
Кіндік ашқан өз қызыңды жөндеп ал!

\*\*\*

**Бауыржан Момышұлы:**

\* Ешкім іштен батыр болып тумайды.  
Батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты  
\* Ер жігіттің ағайыны күншіл болады,  
Қайын жұрты міншіл болады.  
Нағашы жұрты күндемейді де, үндемейді де,  
Ең жақсы ел сол, әрі сыншыл болады.

\*\*\*

**Кәкімбек Салықов:**

Алтынды тағу оңай, қазу қиын.  
Жараны салу оңай, жазу қиын.  
Ордандамай ортаңда орыныңды тап,  
Басқадан жақсы екен деп бүгін күйім.

\*\*\*

Жақсы адам ұрысқанды табыстырар,  
Ақылымен жөн тауып қабыстырар.  
Жаман адам шоқты үрлеп жандыруға,  
Сөніп жатқан шаланы қағыстырар.

\*\*\*

**Аристотель:**

\* Ерлік – аяулы қасиет, онымен адамдар қауіп-қатер үстінде тамаша істер істейді.  
\* Кез-келген отбасы мемлекеттің шағын бір бөлшегі.  
\* Бәріне дос біріне де дос емес.  
\* Дос деген екі тәндегі бір жан.  
\* Табиғаттың жеткізбегенін тәрбие жетілдіреді.  
\* Білімі байығанмен парасаты таяздаса, ол адам ілгері өрлеудің орнына кері кетеді.  
\* Жүз шаруының басын шалғанша, бір істі жеріне жеткіз.



- \* Дарыныңды орынды жеріне еркін жұмсаудан асқан бақыт жоқ.
  - \* Білімнің тамыры ащы, жемісі тәтті.
  - \* Көлгір жан көзіңе мақтайды.
  - \* Ақыл – білімнен ғана емес, білімді пайдалана білуден көрінеді.
  - \* Саясат деген – адамдардың өзара қарым-қатынасы, әңгімелесуі.
- Осы арқылы олар бір-бірін тазартып, өмір сүрудің ортақ қағидасына келеді.
- \*\*\*

### **Мәслах – әд –дин Сағди:**

Ерлік қолдың күші де, семсерді сілтей білу өнері де емес, ерлік – өзіне өзі ие болып, әділ болу.

\*\*\*

### **Цицерон :**

- \* Әділетсіз істе жеңгеннен гөрі әділетті істің азабын тартқан артық.
- \* Мемлекетті көп емес, тіпті аз ғана адам басқарма да халықтың мінез-құлқын өзгерту жеткілікті.

\*\*\*

### **Демокрит:**

- \* Табиғат пен тәрбие бір-біріне пара-пар. Тәрбие де адамды қайта құрып, өзгертіп, оның ділі мен табиғатына жаңа сипат береді.
- \* Жауды жеңгендер ғана емес, нәпсісін тия білгендер де ер.
- \* Өнер атаулының ең тұғырлысы – мемлекетті басқару өнері

\*\*\*

### **Пифагор:**

- \* Сауатсыз бала әріпті шатыстырады, тәлім-тәрбиесіз кісі істі шатыстырады.
- \* Аяр үміт есер жолбасшы тәрізді ақылға қонбас іс-қимылға бастайды.
- \* Ақымаққа қанжар ұстату, арсызға билік беру - қауіпті.
- \* Жер жемісі жылына бір-ақ рет піседі, ал достық мәуесі әрқашан пісік.
- \* Салт-дәстүрін білгің келген халықтың ең әуелі тілін үйрен.

\*\*\*

### **Еврипид:**

Күйеу балаң жақсы болса - ұлды болғаның,  
Күйеу балаң жаман болса - қызыңнан айрылғаның

\*\*\*

### **А.И.Левшин:**

Қазақ меймандос халық, ол ең алдымен жақсы төсенішін қонағының астына төсейді, асының дәмдісін соның аузына тосады.

Бала күнінен ат құлағында ойнау – қазақтың тұңғыш гимнастикасы.

\*\*\*

### **А.Брем:**

Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет.

\*\*\*

### **М.В.Готовицкий:**

Қазақ халқы әнқұмар халық. Бірде бір жиын, бірде бір ойын-сауық өлеңсіз өтпейді.

\*\*\*

**А.Вамберн:**

Киіз үйді мекен еткен қазақтардың поэзияға бейімділігі Париж бен Лондондағы оқымысты қауым өкілдерінен молырақ екеніне ешкім таңданбауға тиіс.

\*\*\*

**И.Г.Эренбург:**

Қазақтар кең далада жел жетпес жүйрік мініп дағдыланған. Оларды жауға қарсы ұрыста ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды.

\*\*\*

**Э.С.Вульфсон:**

Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді.

\*\*\*

**В.В.Радлов:**

Қазақтардың көру қабілеті мейлінше дамыған. Қазақ әдетте кең байтақ жазирада өмір сүреді, сондықтан жас шағынан зер салып, шола қарауға дағдыланған.

\*\*\*

**К.Маркс:**

\* Байлықтың – еңбек-атасы, жер-анасы.

\* Дихан еңбегінің өнімділігі еңбек етушінің жеке қажетінен асса – ол қоғамның негізін қалайды.

\* Өр көкіректің көзқарасында мемлекет оның жеке меншігі ғана.

**П.Я.Чаадаев:**

Құлдық өмір намысына тимеген,  
Халық ең сорлы халық, ондай халық,  
Құл болуға ғана лайық.

Тау болмаса тас қайда?  
Шал болмаса жас қайда?  
Қан түспесе аяққа,  
Тұлпар шіркін ақсайма?

(Жаментік би).

Бұлақсыз өзен ақпайды,  
Сырқатқа сөз жақпайды.  
Жарлыны ел не қылсын,  
Байды әркім-ақ мақтайды.  
Ақ тамызса басына,  
Жылан-дағы шақпайды.

(Жаментік би).

**Басшы біреу** болу керек,  
қалғандары **тіреу** болуы керек.

**(Қабанбай батыр).**

Асуға ат шықпаған арба шықты,  
Бүркітті қанды балақ қарға жықты,  
Құл – сұлтан, күң – ханша болған заман.  
Кешегі торғай билеп самұрықты  
Қопада қабылан соққан жолбарысты  
Жалтаңдап қоян көрсе жарға бұқты

**(Әсет Найманбай).**

**Бектемісов Назарбек:**

**Рубаяттар**

Жүргендер бар дүрде раз боп өкпемен,  
Күншілдердің басы өзгеден көп төмен.  
Көңілдегі кірбіндерді күн болып,  
Жадыратшы қанатты жыр – отты өлең  
    Айықтырып бұл – көрпеден аспанын.  
    Кемшілігін айтар болсақ басқаның.  
    Абайсызда жыртып алып жүрмелік,  
    Дос-жаранның көңіл атты Дастанын.  
Көлгірсіп көпіргеннің көбін көрдім,  
Алшаңдап ақпейілді төрінде елдің.  
Су алар дариядан ыдысы жоқ.  
Ұрттап жүр шелегінен көрінгеннің.  
    Жетпей жатса айлыңа айлығың,  
    Ей, ағайын, соның өзі байлығың.  
    Адал еңбек, тер төгетін денсаулық  
    Болған жерде баурай алмас қайғы-мұң.  
Бір дәулеттің үлкені боп қалғанға,  
- Бұл қалай? – деп өз-өзіңнен таңданба.  
Үлкен бола аласың ба соны ойла,  
Үлкендерден үлкен жүкті алғанда.  
    Дүниенің бұл кеңдігін тарсынып  
Сыймай жүрген кеуделер де баршылық.  
Ойлай ма олар, ертең орман боларын,  
Бүгін ғана бүрін жарған тал-шыбық.

**Терме**

«Өмір – мұхит, жүзгің келсе ойланып,  
Ізгіліктен кеме жасап алсаңшы».

**Рудаки.**

Тұрымтай тұрған тұғырға

Қанатын сұңқар қақпайды.  
Қысаға күйіп ғұмырда.  
Шын жақсы жолды бақпайды.  
Есекке қойған астаудан  
Хас жүйрік сұлы татпайды.  
Жетелі туған ұл мен қыз  
Азамат арын сақтайды.  
Кеудесі пасық наданға  
Көрген түстей бақ қайғы.  
Жез өкше жеңіл келінге  
Ата мен ана жақпайды,  
Бақпайды...  
Салауатты өскен баланы  
Ауыл аймақ мақтайды.  
Ақ сүт берген ананың  
Сенімін сол ақтайды.  
Жаны биік жақсы адам  
Қайырын жанға сатпайды.  
Алысқа сілтер ақтаңгер  
Мүшелік жерге шаппайды.  
Көкірегінде көзі бар.  
Жетелі істі жақтайды  
Қысылған шақта жақсы дос  
Өзіңнен бұрын аттайды.  
Жаяулық батқан адамға  
Арқасы бүтін ат қайғы  
Жетесіз туған найсапқа  
Жөн сөзің айтқан батпайды  
Қыранға қолы жетпеген  
Ителгіні мақтайды.  
Дарақы өскен даукесті  
Жылпостар түртіп шаптайды.  
Шиені шешер шешенді  
Кекештер сырттан даттайды,  
Сабасы кең – саралы ой,  
Сөз асылын сақтайды.  
Қанағатшыл қалыпты,  
Қолдағы барын баптайды.  
Жыланды жылан демесең,  
Бәрі бірдей шақпайды.  
Сескентер ісің болмаса,  
Иттің де бәрі қаппайды.  
Балалаған ақ-құсты  
Ақылы бар атпайды.

Жылғадан шыққан қара су,  
Бұйраланып ақпайды.  
Қайқайта буған қара сал,  
Тереңге салсаң батпайды.  
Салдама қайық су сінді,  
Деменіз жанды сақтайды.  
Адамын тауып сөз айтсаң,  
Кеуденнен кері қақпайды.  
Үйрене білген өмірден  
Адаспай алға аттайды.  
Адалдық үшін алысып,  
Жақсылықты жақтайды.

### XXX

Тереңдік бар қазақтың данасында,  
Ұлылық бар қазақтың анасында.  
Ұлы аналар болмаса ер қазақтар,  
Туар ма еді қазақтың даласында?!  
(Халық)

### Халықтан:

Арманы бар жігіттің,  
Жүрегі шоқ, жанары от.  
Ақылы жоқ жігіттің  
Ісінде ешбір өнім жоқ.  
Ашу – арсыз алдамшы,  
Қылмысқа алып баратын.  
Ақыл – ардың анасы  
Арашалап алатын  
Сайқымазақ зар күлкі,  
Секілді у қорғасын.  
Мысқыл, өтірік – қу түлкі,  
Жаның қалай тозбасын?  
Мылжың, ездік, жалқаулық –  
Бекер келіп, құр қайту.  
Көпірме сөз, бөспелік –  
Парасатын суалту.  
Ақылды ана баласын,  
Он болса да жылатпас.  
Берекесіз баласын,  
Бір болса да жырғатпас.  
Сумақай жан сұрамшақ,  
Онда намыс болмайды.  
Әр нәрсеге ұрыншақ,

Жанның ісі оңбайды.  
Өзінді көпке арнасаң,  
Күнгеіңе ел шығар.  
Көпті алдасаң, арбасаң,  
Кеудеңнен сәуле суалар.  
Тәуекелге келсе ер,  
Не қиындық алынар,  
Берекеге келсе ел,  
Тау қоғадай жұдынар.

### XXX

Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,  
Етегін ер жаңылып басқан жерде.  
Жаманға жазатайым ісің түссе  
Қабысып қалады екен аспан жерге.

(Халық)

### XXX

Ағарды сиреп шаштар да,  
Не керек бізге бүгін дау.  
Айрылу оңай достардан,  
Қайтадан табу қиындау.  
Астыңдағы атың тұралап,  
Қайта да қайта сүрінсе,  
Оны емес – жолды кінәла,  
Айырбастама киімше.  
Намысы бірге ерлерім,  
Біріңе-бірің сеніңдер.  
Көп емес достар жердегі,  
Аз досты сақтай көріңдер.  
Жасырақ кезде ес бар ма,  
Өкінем, бәрі бітті енді.  
Айрылдым қанша достардан,  
Қанша дос менен сырт берді.  
Кейінде – өмір жолының  
Қиясын, құзын шарладым,  
Жоғалтқан достың орынын  
Бәрі бір толтыра алмадым!  
Сағынып қазір сарғаям,  
Кінәлі болсам, кеш бәрін, -  
Кешірім сұрай алмаған,  
Кешірмей кеткен достарым!

(Расул Ғамзатов).

### XXX

**Жан-Жак Руссо:**

- Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған.
- Уақытты тиімді пайдалана білсең, оның бағасы да арта түседі.
- Батырлықты ұятсыздықпен және алаңғасарлықпен шатастырмау қажет: өзінің түп-төркіні жөнінен де, нәтижесі жөнінен де бұлардан өткен кереғар ештеңе жоқ.
- Егер өзі алдамшы алаяқ болмаса, ешкім де суайттармен таныс-біліс болуды сүймейді.
- Зады, аз білетін адамдар көп сөйлейді, ал көп білетіндер аз сөйлейді.
- Баланың балалығын тыйдым дегенше, ер жеткендегі даналығын тыйдым деңіз.
- Балалық шақты балалық шағында көктетіндер.
- Нағыз тәрбие ережелерден емес, жаттығулардан тұрады.
- Жаным жай тапсын десең – еңбектен.
- Көп білген емес, ең керектісін білген адам ақылды.
- Білмегендіктің ешқашанда жамандық жасамайтынын ескеріңіздер, тек адасу ғана қатерлі. Адамдар білмегендіктен адаспайды, білгішсінем деп адасады.
- Адамның барлық қабілетінің бірігуі парасат болып табылады да, бәрінен гөрі қиын және бәрінен кеш дамиды.
- Екі жүзді адамның жау болғанынан да дос болғаны қауіпті.
- Қанағат пен еңбек – адамның қос емшісі міне осылар: еңбек оның тәбетін ашады, ал қанағат тәбетті артық пайдалануға кедергі жасайды.
- Жастық шақ – даналықты меңгеруге арналған уақыт, кәрілік – оны қолдануға арналған уақыт.
- Жүрек арқылы өткен ақыл тілі көпке жетеді.
- Билікке ұмтылған әйел күйеуінің әміршісіне айналады, ал құлға айналған отағасынан асқан күлкілі де мүсәпір ешкім жоқ.
- Ізгіліктен басқаның бәріне қарсы тұруға болады.
- Біз құнын жоғалта бастағанда барып өмірді бағалаймыз, жастарға қарағанда , әсіресе, қарттар жағы өткенге өкініш білдіреді.
- Жалғандыққа бастайтын жол – мың тарау, ақиқатқа бастайтын жол біреу ғана.
- Қоғамдық пікір – әлемдік патша, ол патшалар құзырына бас иемейді.
- Ер кісі білгенін айтады, әйел ұнағанды тілге тиек етеді: бұлардың біріншісіне пікір айту үшін білім, екіншісіне талғам керек.
- Өлімнен қорықпаймын дегендер өтірік айтады. Адам атаулының бәрі өлімнен қорқады: мұның өзі сезім иелерінің ұлы заңдылығы.
- Есі-дертің бір үзім нан болып тұрып, ізгілікті ойлау өте қиын.
- Өмір – қас-қағым сәт, былайша айтқанда, түкке тұрмайды... Өмірде тек адам тындырған жақсылық қана қалады. Өмір сонысымен де құнды.
- Азаматтарға «Ізгі болыңдар!» - деу жеткіліксіз, оларды солай болуға үйрету керек.
- Қоғамға қызмет ету – азаматтардың басты міндеті болудан қалысымен-ақ олар қоғамға өзі емес, әмиянымен қызмет етуді артық санайды; бұл – мемлекеттің күйреуі таяп қалды деген сөз.

#### **IV- ТАРАУ**

### **Ана тілің - ар-намысың**

**Тілі өлген ел – тірі өлген ел.  
(Халық даналығы).**



Ұлттық санамызды қалыптастырып, байытып, тамырын терең жайып, нәр мен мәнге толтыратын тәрбие жөнінен не айтсақ та бәрінің кілті – тілде. Тек қазақ тілінде. Тіл – ұлттың ұйытқысы – мәйегі, дәні, шырыны, тұздығы. Тіл – ұлтымыздың қасиеті, тірлігіміздің, бірлігіміздің айдары да, айбары да. Тіліміз болмаса ұлт деген жәй жалпылама айтыла қалған мағына-мәнсіз бос сөз. Ол ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, желісі үзілмей, жемісі таусылмай келе жатқан өмір ақиқаты. Аксиома.

Тіл жөніндегі босбелбеулік басқа тілдерге өктемдік беріп, басқаларға ат мінгізіп, өзіміз солардың үзеңгісін ұстап, жаяу шаң жұтып, шашылған масақтарын теріп, көшке ілесіп біз де келе жатырмыз деп қарасындарына мәз болу. Мен кейде ойлаймын, біздің тіл жөніндегі шешімдеріміз, жел сөзді даурықпа дауларымыз басқа ұлт өкілдерін, әсіресе орыстарды өшіктіру, өректіу үшін әдейі жасалып жатқан сияқты. Әуелі, қазақ тілі мемлекеттік тіл – оны неге итартысқа саламыз. Ол таңдауға, талқылауға, шегіншектеуге жатпайды. Атам заманнан келе жатқан ұлтымыздың Ана тілі. Ол рухани азығың емес пе. Мен тамақтану үшін неге басқадан келісім, рұқсат сұрауым керек. Ал біз болсақ қазақ тілін толық қанды қылып, өмірге енгізуге жылдар керек, оны жеделдетуге болмайды деп, қазақ халқының, оның тілінің өмірі жаңадан тек, бізден ғана басталып жатқандай сәуегейдің сәлдесін ораймыз. Бізде тұрақсыздықтың, табансыздықтың тайғағы басым. Таға жоқ. Қазақ тілін өмірге кеңінен енгізуді жалпы мемлекеттік парыз деп есептеп, әуелі өзімізден, қазақтардан бастауымыз керек. Бірінші қызмет орнына ие болғысы келген қазақтар міндетті түрде қазақ тілін білуі керек. Одан қорқатын, жүрексінетін ештеңе жоқ. Көрмейсіңдер ме, қажетті, міндетті жағдайда қазақ жастары, тіпті жұмыс істеп жүргендерінің өзі, аз жылда шет тілдердің екеу-үшеуін игеріп алды, ал қазақ тілін, өзінің Ана тілін білмейді, үйренгісі келмейді. Шет елдерде басқа ұлттардың арасында жүріп Ана тіліне ақау түсірмей, қазақтығын сақтай білгендер де баршылық. Осыдан бірер жыл бұрын біздің қазақ теледидарында сұхбат берген Лондонда тұратын, сол елдің редакцияларының бірінде қызмет атқаратын жас қазақ жігітінің өз тілімізде жатық сөйлегенін естігенде азаматтығына, ата-жұртының тілін, дәстүр-салтын ұмытпағанына таң қалып, сүйсіне таңданғаным бар. Өздері сонда тұратын 4-5 қазақ отбасылары жиі бас қосып, өз тілін ұмытпас үшін қазақша сөйлесіп, пысықтап отырғандары құптарлық көрініс. Ал біздің үлкен-кішілеріміз бар, қала берді немерелері бар ата-әжелер бір-бірімен жұмыста, үйде көпшілік ішінде, тіпті басқа ұлт өкілі жоқ, бәріміз қазақ болсақ та тіліміз келсін-келмесін орысша сөйлеуді әдетке айналдырып, әдептен шығып кеттік. Оған енді ағылшын тілі және басқа ұлттардың тілі келіп қосылып, өзі жұқарып, жіңішкеріп үзілуге жақын қалған тіліміздің қатарға қосылуы қиындап барады.

Пікірлесе қалсаң, кейбір жолдастар немерелерінің 2-3 шет тілді білгендерін мақтан көреді, оған қарсылық та жоқ, бірақ олардың бір ауыз қазақша білмегеніне ұялмайды да, кемшілік деп есептемейді де. Жезқазғандық Шынболат (марқұм) бір термесінде:

Орысшадан орыстарды таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық, -  
деп өкпе айтса, **(Алмас Темірбай)** дейтін жас ақын:  
Басым қатады, сыздаған жүрек жыламай,  
Бассыз солдатты (всадник безголовы) сияқты елдің түрін-ай!  
Басқа елдің тілімен теке тіресіп,

Басына билік тимеген қайран, тілім-ай,- деп дәрменсіздіктің тәлкегіне түскенімізді, туған еліміздегі өгейліктің күнін кешкен тілімізге тірек іздейді. Елімізде қазақ тілінің дәреже-мәртебесін көтеру жөнінде мемлекет тарапынан заңдар да, қаулылар да шығып жатыр. Бірақ төнері бар, жауары жоқ бұлт сияқты төңіректетіп, желге айдаттырып сөйілте береді. Ең әрі кеткенде өткінші жаңбыр іспеттес – аз уақытқа сіркіреп шаңбасар әсері бар. Әрине тек қана қаулы – қарарлармен іс бітпейді. Ол үшін елді, халықты жұмылдыру керек. Қазақтар бір-бірімен қазақша сөйлесін деген талап ұраннан заңға айналуы қажет. Қазақ мектептері мен балалар бақшасының саны мен сапасын арттыру қажет. Кейбіреулерінің аты бар, заты – дүдәмал, балалардың өзін былай қойғанда, мұғалім, тәрбиешілердің өздері бір-бірімен, балалармен орысша сөйлеседі.

Басқа қалаларды былай қойғанда, Астананың өзінде жөні түзу қазақ тіліндегі кітаптар сататын дүкендер жоқ, жалғыз Абай атындағы дүкен, оның өзі көзге қораш, атына заты сай емес. Қазақ тіліндегі кітаптарға сұраныс жоқ, өтпейді деп сылтау айтады. Кінә: кітаптардың талғамсыз, таңдаусыз қабылдануында. Көне тарихтар, қазақтың, шығыс даналарының, би-шешендеріміздің тағылым-тәрбиелік шығармалары жоқтың қасы. Бағаларының да тұздығы удай, көпшіліктің қолы жетпейді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, дүниежүзінде 214 мемлекет болса, олардың халықтары 6809 тілде (ұсақ диалектерді қосқанда) сөйлейді екен, оның ішінде 300 тіл тұрақты деп есептелсе, барлығы 150 тіл мемлекеттік тілдер болып есептелетін көрінеді. 3400 тілде 10 млн. халық сөйлесе, 500 тілде тек 100 адам, ал 46 тілдің әрқайсысында сөйлейтін бірнеше ғана адамнан қалыпты. Қазіргі кездегі ең көп тарайтын тіл қытай тілі. Ол тілде 1 млрд 360 млн. адам сөйлейді. Ағылшын тілінде – 845 млн, хинди (Индия) – 438 млн, испан тілінде – 338 млн, араб тілінде – 205 млн, орыс тілінде – 155 млн, жапон тілінде – 124 млн, француз тілінде – 119 млн, неміс тілінде – 117 млн, малай тілінде – 181 млн, қазақ тілінде 9 млн халық сөйлейді. Соңғы ғасырда 250 дей тіл жойылып кеткен. Келешекте бес тіл: ағылшын, француз, испан, орыс және қытай, басқа ұлттардың тілдерін ассимиляцияға сіңіріп жұтып қояды. Ғалымдардың болжам – тұжырымдары бойынша жарты ғасырдай уақыт өткен соң ұсақ мемлекеттер жойылып, тек ұлы мемлекеттер ғана қалады. Жер жүзінде әр екі аптада бір тіл жойылады, яғни жылына 45-50 тіл жойылады. 3,4 мыңы жойылудың сәл-ақ алдында тұр. Ұлы мемлекет болудың бірінші шартты белгісі – халқы 50 млн-нан кем болмауы, оған қоса ол мемлекетте саяси, экономикалық дербестік, берік шекара, халқында мықты рух, жоғары патриоттық сезім болуға тиіс. 50 млн. халық саны босқа белгіленбеген, ондай халқы бар мемлекет әрі өндіруші, әрі тұтынушы. Ал

қазіргі кезеңде Қазақстанда 16 млн-ға жуық ғана халық бар, яғни тұтынушылардан экспорттың үлесі өте жоғары.

Ата-бабаларымыз сөз тазалығына, ой тұнығына үлкен жауапкершілікпен қараған жоқ па? Нас, лас сөздерді қолданбаған. Айтар ойларын батпақтап, сатпақтап лайламаған. Ал, біздер, кейінгі ұрпақтары мақал-мәтелдердегі сөз асылдарын, ой тазалығын талдап, таңдамай қолдана береміз. Сондықтан мен сіздермен пікірлесейін деп ойладым. Мысалы:

- Болар бала боғынан,- деп былш ете түсіреді. Ертегілерде сыншылар тұлпарды тезегінен айырады деуші еді.

Дұрысы:

- Болар бала бесігінен емес пе?

- Өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр дейді,

- Өшер елдің жігіті бірін-бірі қатын дейді. Ол - ананы қорлау. Ел билеген би, болыстар, қол бастаған батырлар ондай теңеуді қолданбаған.

Дұрысы:

- Өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр дейді,

- Кесірлі елдің жігіті бірін-бірі кәпір дейді.

- Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді,- дейді.

Ауылды жерді өскендер біледі, иттің айналсоқтап қазан-ошақтың басынан кетпейтінін. Ал ұялғанын өз басым көрген де, естіген де жоқпын.

Дұрысы:

- Қазаннан қақпақ кетсе, иттен маза кетеді, - емес пе?

Сол сияқты, халық арасында қары жілікті (қол жілікті) кәрі жілік деп атау қалыптасып кеткен жоқ па?

Кейбір сауатсыз әйел –еркектер:

- Отырсаң опак, тұрсаң сопақ,

- Бұға берсең, сұға береді, – деген әйелдердің бір-бірімен ұрысқанда айтатын анайы сөздерін республикалық, теледидар бағдарламасында да ұялмай қолдана береді.

Ұмытпасам, 60-70 жылдары болуы керек:

- Жауырды жаба тоқу ма, немесе, жабуды жаба тоқу ма? - деген тақырыпта қаламгерлер арасында әжептәуір пікір таласы болып еді. Негізінде, екеуінің де қолданылуы дұрыс еді, екіншісі қолданылмай жүр. Жауырды жаба тоқу кемшілікті жасыруға асығыстық, жабуды жаба тоқу жолаушылыққа (сапарға) асығыстық емес пе?

Осыларды айтсаң, кейбір жолдастар «халық арасында қалыптасып кеткен ұғымдар емес пе? Несіне басымызды ауыртамыз», - дейді.

Сонда:

«Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды

Әдеті надан адамның (Абай) –

деп сөздерді талдамай, таңдамай айта беруіміз керек пе? Пікір таластарыңызды өздеріңіз жалғастыра берерсіздер.

### **Шәкәрім бабамыз:**

Көп сөз айтқан бұрынғы білімділер,  
Пайдалансын, ұқсын деп кейінгілер.  
Сынға салып, талғамай талапсыз жан  
Соның бәрін қатесіз жөн деп білер.  
Олай емес, ойласаң, талай мін бар,  
Дұрысы бар, қатасыз, анық шын бар  
У берді ме, сусын деп су берді ме,  
Көзің жұм да, жұта бер деген кім бар?.

Қай ұлттың болмасын алтын діңгегі – тіл. Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Тілін білмеген түбін білмейді, ондай адам күлдіремін деп – күйдіреді, сүйсіндіремін деп – сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады. Аталы сөз – баталы сөз. Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді. Тілімізді шұбарламай, дұрыс сөйлеуге тырысайық!

### **Бал тамған тілден У да тамар**

Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөз нарқына ерекше жауаптылықпен қарайды. Тіл өнерін бағалай білетін мұсылман халқымызда «тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар», - деп тіл мен сөздің маңызын тани білген.

Құранда «**Аллаһ жаман сөздің жария болуын жақсы көрмейді**» (Ниса 148-аят) - деп бұрыс сөйлеуге тыйым салып, «**ең сыпайы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар**» (Исра, 53аят)- деп жақсы, дұрыс сөйлеуге бұйырады.

Құраннан нәр алып және оған амал еткен бабаларымыз да өз еңбектерінде тілдің тәрбиелік мәнін ашып, тілден келетін зияннан сақтандырған.

### **XI ғасырда Жүсіп Баласағұни:**

Аллаһ адамдарды жаратты, үздік етті,  
Оған өнер-білім, ақыл-сана берді...  
...Ақыл мен білімнің тілмашы — тіл,  
Ердің мерейін көтеретін тілді біл...  
Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар...  
...Жаман сөзге қимылдатпа тілінді, – дейді.

### **Абай Құнанбаев:**

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,  
Бес дұшпаның білсеңіз»,  
- деп адамның бес дұшпанын атағанда, соның үшеуі — өсек, өтірік, мақтану -тілмен байланысты.

### **Орта ғасырдың белгілі ақыны Ә.Науаи:**

«Аузына келгенін айту — наданның ісі,  
Алдына келгенін жеу - хайуанның ісі», — дейді.

Тіл, жан, тән тазалығы – адам болмысының тазалығын құрайды.

Тілдің кесепаттары - адам баласына болатын зияндардың ең қауіптісі. Ал көп жағдайда тілге ие болу қиынға соғады. Тілден келетін ауыр апат – ғайбат.

### **Тарихи тұлғалар қазақ тілі туралы**

#### **Қожаберген жырау:**

Асанқайғы, Жиренше,  
Сөйлеп өткен қазақ тіл.  
Әз Жәнібек, Қойлыбай,  
Сыйлап өткен ғажап тіл.  
Ата-анамыз әлдилеп,  
Уатқан бізді баба тіл.  
Сол туған тіл атауы –  
Ежелгі біздің қазақ тіл.  
Осы тілді жек көрген,  
Дүниеден қалар құр.  
Бағаласаң шынымен,  
Баба тілің асыл дүр.

#### **Абай:**

«Қайран тіл, қайран сөз, наданға қадірсіз».

#### **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:**

«Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті».

#### **Ахмет Байтұрсынов:**

«Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады».

#### **Мағжан Жұмабайұлы:**

«Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт - тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады... қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай».

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын күнмен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі сен қалдың.

**Мұхтар Әуезов:**

«Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды».

**Ғабиден Мұстафин:**

«Іштегі пікір сыртқа сөз арқылы шығады. Сөз қалай шығарса, солай шығады. Әдемі ойды орашолақ сөз бұзса, орашолақ ойды шебер сөз түзеп тұрады. Зады сөз бен пікір тең түсуі шарт. Өйткені, сөз жетпей қалса, пікір толық көрінбей қалады. Сөз асып кетсе, қазақ оны мылжың дейді. Не нәрсе де тілек мөлшерінен асса, қадірсіз болмақ.

Тіл қаруы –сөз, сөз қаруы – ой.

Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті».

Бұрын ұлтшылдықпен күрессек, енді ұлтсыздықпен күресетін шығармыз.

**Әбділда Тәжібаев:**

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.  
Өссе тілім мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

**Расул Ғамзатов:**

«Ана тілім өлген күні мен де өлем».

**Қадыр Мырзалиев:**

Дәулет деген ұғындар!  
Кеше бар да, бүгін жоқ.  
Тілің болса, үнің бар,  
Тіл болмаса түгің жоқ.

Ертеде Бөлтірік шешен айтыпты деген мынадай сөз бар. «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл». Жарықтық, қалай жақсы айтқан!

XXX

Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен, сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі.

**Орыс ғалымы В.В. Радлов.**

Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бірауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр.

**Орыс ғалымы П.М. Мелиоранский.**

Қазақ тілі өзінің бейнелілігі, суреттілігі жағынан басқа түрік немесе түркі тілдерінен әрдайым бөлекшелініп тұрады. Қазақ – өзінің ауызекі көркем тілімен, айшықты әсем фольклорымен бұрын да, кейбір реттерде бүгін де сомдалған және біртұтас тіл деп танылып келеді.

**Орыс ғалымы С.Е. Малов.**

Қазақ тілі – түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі.

**Француз ғалымы А. Жарри де Манси.**

Сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл – қазақ тілін ғасырлар бойында қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге бек зор рақмет.

**Татар ақыны Хасан Туфан.**

...Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар.

**А.П.Чехов.**

Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал.

**Ж.Аймауытов.**

Ойың дұрыс болса, сөзің дұрыс, олай болса, ісіңнің иесі де дұрыс.

**И.Писарев.**

Құнды сөз - құнарлы ойдан туады.

Сөз көмескілігі - ой, пікір көмескілігінің айнымас белгісі.

**Л.Н.Толстой.**

Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды.

**Б.М.Теплов.**

Тіріні көрге салар да - сөз,

Өліні тірілте алар да - сөз.

**Әлішер Науай.**

Ана тілді ұқпағаның –

Азамат болып шықпағаның.

Ұлттың басты ерекшелігі – ана тілі.

Адамға келген он пәленің тоғызы – тілден.

\*\*\*

Адам көңілінен азады,

Тілінен жазады.

\*\*\*

Айтпас жерде тіліңді тарт.

\*\*\*

Ана тілі – бәріміздің анамыз,

Өйткені ол – ұлтымыздың анасы.

\*\*\*

Ақынның тілі қылыштан өткір.

\*\*\*

Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады.

\*\*\*

Атағыңды өсіретін де, өшіретін де – тіл.

\*\*\*

Ашынған тілді болар,

Ашыққан ұры болар.

\*\*\*

Ауызда жиек жоқ,

Тілде тиек жоқ.

\*\*\*

Әдеп басы – тіл.

\*\*\*

Әрбір халық өзінің ана тілінде ғана бақытты.

\*\*\*

Бал тамған тілден у да тамар.

\*\*\*

Балаға өз тіліңмен сөйлеме, өз тілімен сөйле.

\*\*\*

Басқа пәле – тілден.

\*\*\*

Қазақтың ақылы – көзінде.

Қасиеті сөзінде.

\*\*\*

Қылыш жарасы бітер,

Тіл жарасы бітпес.

\*\*\*

Малға кедей – жарлы,

Тілге кедей – сорлы.

\*\*\*

Ішімдегінің бәрі тілімде,

Тілімдегінің бәрі түрімде.

\*\*\*

Өз тілің – бірлік үшін,

Өзге тіл – тірлік үшін.

\*\*\*

Сөз – көмек, тіл – құрал.

\*\*\*

Тәрбие тілден басталады.

\*\*\*

Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.

\*\*\*

Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры,

Сыйынатын тәңірі.



\*\*\*

Тіл сүйексіз болса да, өзі сүйектен өтеді.

\*\*\*

Тіл – асыл ойдың бұлағы.

\*\*\*

Тіл – ел басқарудың құралы.

\*\*\*

Тіл – буынсыз, ой – түпсіз.

\*\*\*

Тіл – білім, тәрбие тұғыры.

\*\*\*

Тілді қорлау – халықты қорлау.

\*\*\*

Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем.

\*\*\*

Тілге шешен, іске мешел.

\*\*\*

Тіл – халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы.

\*\*\*

Туған ел – тұғырың,

Туған тіл – қыдырың.

\*\*\*

Ұлттың қуаты – тілінде.

\*\*\*

Ұлттың өшуі тілдің өшуінен басталады.

\*\*\*

Бір жылы сөз бітірер,

Мың көңілдің жарасын.

\*\*\*

Ханның сөзін құл да айтады, құл сөзінің құны жоқ.

\*\*\*

Жақсы байқап сөйлер,

Жаман шайқап сөйлер.

\*\*\*

Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер.

### **Үш бақытым**

**Мұқағали Мақатаев:**

Ең бірінші бақытым - Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым - Тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым боп үшінші - Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен.

**М.Шаханов**

**Түрі қазақ ұлтсыздар мен  
Африкадағы «Мұрын академиясы» туралы толғаудан үзінді**

Тірісінде шын ақынды неге бақыт тоспайды?  
Неге адамды байлық жеңсе, сараң бола бастайды?  
Неге бізде ұлт тағдыры өзге елдердің торында,  
Негі билік негізінен рухсыздар қолында?  
Шыншыл жауап таппаса кім бұл сұраққа саналы,  
Ұсақ әрі орташа адам деңгейінде қалады.  
Үй ішіне қуып, қамап кіргізгендей шымшықты,  
Қазақ тілі тар шеңберде ой жаза алмай тұншықты...  
Сегіз мыңға жуық клуб-мәдениет ошағы  
Осы жолмен өз міндетін атқарудан босады.  
Және он мың кітапхана тамырымен жойылды,  
Сөйтіп ұлттық мүддемізге жаңа нүкте қойылды.  
Ол жойылған қоймалардың көбі ауылдық жердегі  
Байлық еді... әрі қазақ қаламгер еңбегі.  
Ал кезінде залым Гитлер он мың кітап өртеткен,  
Сонда күллі жер шарының сезім-ойы селк еткен...  
Бізде қарын байлығынан өзге қайғы, мұң жоқтай,  
Ең сорақы жаңалықты қарсы алыппыз үн қатпай.  
Осы үш қылмыс – арнасынан шығарардай арлыны...  
Жұрт көзінен жасырылды бірақ мұның барлығы.  
Балабақша сәні, мәні, одан өрбір тіл-мұрат,  
Неге Колбин кезінен де төмен кетті құлдырап?  
Егеменді ел атанып, шыңға өрледік десек те,  
Неге ұлттық, тілдік мүдде алынбады есепке?  
Ана тілі әр адамның дара, өнеге қалыбы,  
Қанша миллион қазақ, бірақ ана тілсіз дамыды?  
Базбіреулер тілмен қатар, тіпті, ұлтын шегерді,  
Космополиттенген ағым, міне, бізге не берді?  
Тамырсызды тамырлы өмір тұрса-дағы көтеріп,  
Тамыр күшін мойындамау – ең қауіпті қателік.  
Тіл – рухи күре тамыр, тілден үлкен ана жоқ,

Тіл шегінсе, ұлт мүлде жоқ, әрі ұлттық сана жоқ.  
Өз анасын шетке тебу, рухсызға бақ па екен,  
Бұл ғасырлық зұлымдықты қай қу ойлап тапты екен?  
Өз перзентін тек орысша оқытса ата-анасы,  
Ана тілін ардақтауға жетпегені шамасы.  
Егер тамыр жая алмаса бала ана тілінде,  
Туған тілін тұңғыш тұғыр ете алмаса білімге,  
Ол, әрине, орысша ойлап, тек орысша түс көрер,  
Оны баба табиғатқа бұру қиын күшпенен.  
Ана тілсіз дамыған соң сезім, ойы, санасы,  
Түрі қазақ болғанымен, ол – орыстың баласы.  
Өмірінен ана парқын шегергеннің бәрі де.  
Яғни, ана тілсіз өніп, көгергеннің бәрі де.  
Басқа анаға, басқа ұлтқа кеткен жандар бала боп,  
Өз халқына олар енді жарытпайды пана боп...  
Ұлтты сақтап қала алмасақ, бізге өмірдің мәні не?  
Үлкен билік басындағы қазақтардың бәрі де  
Ұлын, қызын, немересін бермей қазақ мектепке,  
Қам жасапты... «қазақстандық ұлтқа» еніп кетпекке.  
Мансап қуған пенделерге сенім, пейіл өзгерді,  
Жыланға да ниетіне сай баға берер кез келді.  
Ұлтты, тілді қорлағанға бола алмады заң қорған,  
Бір қитұрқы леп еседі билік атты заңғардан.  
Бастықтыққа рух иісі мұрнына бармайтын,  
Жалғыз қарын мүддесінің ауқымында самғайтын,  
Негізінен, ана тілін сүймейтіндер таңдалған,  
Ұлт мұңына мүлде жаны күймейтіндер таңдалған,  
Басы түгіл тізесін де имейтіндер таңдалған...  
Бәрінің де түрі қазақ ... жұрт түсінбей дал болған.  
Әлгілердің жігер күші жетегінде екпінді  
Ұлтсызданған қазақ халқы жойылуға бет бұрды.  
Енді қайттік, әр рухсыз басшы алдында жорғалап,  
Жүре берсек, кім ұлттың мұң-мұқтажын қорғамақ?...

**Мұхтар Шаханов**  
**Ұлттық нигилизм «жемістері»**  
**(Елбасына хат)**

Қазір ғалам тұрады екен екі жарым мың тілден,  
Ал бабамыз Әбунәсір жетпіс алты тіл білген.  
Игерсе жұрт сонша тілді, тоқтау салмақ оған кім?  
Даңқы күйсін оң талапты күшпен бөгер тоғанның!  
Бірақ жеңіс-өрісіміз теріс бағыт алмағай.

«Өзің көр деп өз күніңді»,  
Тек бұл қадам өз тіліңді  
Тұқыртудың, менсінбеудің есебінен болмағай,  
Болмайды деп бір кездері сеніп едік, арман-ай...

Ана тілім, дана тілім, секілденіп жетім тіл,  
Өз жеріңде шеті сынған кеседей боп кетілдің.  
Зор сеніммен жетіп едің кешегіден бүгінге,  
«Жойылуым мүмкін» деген үрей де бар түрінде.  
Көше толы не орысша, не ағылшын тілінде  
Жарнамалар арасынан шықпай қапты үнің де.

Қазір туған тілдің жайын кім бар шындап ойлаған,  
Басшылар аз, өз ұлтына тіке тағдыр байлаған,  
Көпшілігі қамқорсынып, сөзбен алдап ойнаған,  
Іс жүзінде нигилистік пиғылынан таймаған.  
Шет ел барған министрлер тек орысша сайраған,  
Көз бояуды мақсат тұтқан спектакль айналаң...

«Қазақ тілі» қоғамы бұл – қардан соққан аққала,  
Қардан соққан аққалаға сенім арттық мақтана,  
Ұлт ісіне жанын салмай, жағымпазға жақ бола,  
Айтбайлар мен Хайдарилер сөйлегенмен ақтала.  
«Мемлекеттік тілдің» бүгін аты қалған тек қана.

Басқа тілде көсілгенмен, ана тілін меңгермей,  
Талайлар жүр өз даңқына баба салтын тең көрмей.  
Амалсыздан тағдырыңның мазағына көнгендей.  
Олар енді ұяла ма,  
Қазақ рухын сүйе ала ма  
Тіпті тілі, ділі бөтен неміс Герольд Бельгердей?  
Ұлтымыздың парасатын нигилизм жеңгендей.

Он жыл бұрын бір мың бір жүз балабақша ашылса,  
Сөйтіп ана тілімізге үлес болып қосылса,  
Қазір соның қалыпты тек екі жүзден астамы,  
Осы емес пе туған тілдің қиюының қашқаны?

Біз Кеңестер одағына ең қонақжай ел едік,  
Сырттан келген талай жерсіз, үйсіздерді жебедік.  
Солардың кей өкілдері бізді итеріп қайраңға,  
Нарық даңқын «асқак» қорғап,  
Халықтарды бастап бармақ  
«Қазақстандық ұлт» деген ұлтсыздық байламға,

Бұл идея шақырмағай елді рухсыз майданға.

Мемлекеттік тілдің орны Ата Заңда жазылды,  
Жазылғанды іске асыру неге ұзаққа созылды?  
Басқа ұлттарды сылтау ету – Заңды теріс ұғыну,  
Бәлкім, шала қазақтардың ыңғайына жығылу.  
Ал басқа ұлттар Пушкин елі – Ресейде жоқ па екен?  
Мұндай күйге неге келдік,  
Ана тілді егемендік  
Әлде Абайдың нәсіліне бұйырмайтын бақ па екен?

Материалдық байлық қана ең қажетті табыс па?  
Жер сатылды, жермен бірге сатылмақ па намыс та?  
Үш тілділік бағдарлама...  
Қайтпек қазақ тілі енді?  
Екі зор тіл иеленбек тағы да даңқ-кілемді.  
«Мемлекеттік тілдің» қазір аяқ-қолы шідерлі,  
Ұлт болудан, әлде мүлдем үземіз бе күдерді?  
Адам қанша атанғанмен дарынды әрі табанды,  
Туған жерін сүймей тұрып, сүймек емес ғаламды.  
Өзге ананың мазмұнына, мерейіне тор құрар  
Ең алдымен өз анасын сүйе алмаған сорлылар.  
Иә, тіл – біздің басты анамыз, қазір әбден мұнайған,  
Оны мұнша мұнайтқандар қорқар емес Кұдайдан...  
Елбасымыз, өзің сейілт ұлтты мұңлы бұл ойдан...

**Серік Ақсұңқарұлының «Хас сақтың соңғы тұяғы» деген көлемді, құнарлы мақаласынан:**

- Беларуссияда Дементей деген бір мемлекет қайраткері болған. Ана тілінен мақұрым пенде екен. Жоғарғы Кеңестің бір мәжілісінде одан беларусь тілінде бір ауыз сөз айтуды сұрайды. Сонда әлгі бейшараның кәлимаға тілі келмей, ел-жұртына күлкі болған...

Сол кезде Беларусь мектептерінде "Көп тіл білетін кісіні кім дейді?" деген сауал жүрген көрінеді.

- Полиглот! - депті оқушылар бір ауыздан.

- Ал ешқандай тілді жөнді білмейтін кісіні кім дейді?

Оқушылар үнсіз қалып, терең ойға батады. Сыныпта тылсым тыныштық. Сол кезде бір оқушы орнынан атып тұрып:

- Ондай адамды Дементей дейді! — депті" ("Гармония духа". Москва. "Русская книга", 2003 жыл, 212- бет).

"Біздің үкіметіміз бен депутаттық корпусымызда, Президентіміздің маңайында осындай қаншама "дементейлер" қаптап жүр?! — деп жазады Хас Сақтың — Қазақтың Соңғы Тұяғы, — Осындай "дементейлердің" қарасы

көбейген қазіргі тұста қазақ тілінің қасиеті мен қарымдылығы хақында қалайша тіл безеуге болады?!" (Бұл да сонда, 212- бет).

Керемет сөз! Тағы бір кереметі, мұны айтып отырған қазақ емес, қазақты қазақтан да асыра, бар болмыс-бітім, жан-тәнімен сүйетін заманымыздың заңғар сөз зергерлерінің бірі һәм бірегейі **Герольд Бельгер!**

Алашты Алла алқады, аруақ жебеді! Үш жүз жылға созылған отаршылдық ойранынан тігерге жөні түзу тұяқ қалмай, енді келіп жаһандану заманы ұлтымыз бен ұлысымызды жалмауыздай жалмағалы жатқанда Тәңірі бізге Герольд Бельгерді жіберді!

Беларусьтің "дементейлері" біздің "дементейлердің" қолына су құя алмай қалғалы қашан?! Біз он алты миллион қазақстандық өзінің мемлекеттік тілінде сөйлей алмайтын мемлекетте өмір сүріп отырмыз! Өзінің президентінен мемлекеттік тілде емтихан алатын ұлт республикалық, облыстық, аудандық, тіпті, ауылдық деңгейдегі ірілі-ұсақты шенеуіктерімен мемлекеттік тілде сөйлесе алмайтын күнге де жетіп жығылды. Әлемдегі бәсекеге қабілетті озық елдердің қай-қайсысымен болса да тізе қағыса алатын ұлы мәртебелі поэзиясы бар қазақ тілінің мемлекет басқаруға қабілет-қарымы жете бермейтін көрінеді. Олардың ойы – осындай!

Осыншама ұшқары ұғым, жадаң түсінік қашан шыққан? Қазақтың билікте жүрген игі жақсылары біле қоймайтын құпияны Г.Бельгер біледі екен. Сөйтсек, оның тамыры тым тереңде. 1986 жылы, Желтоқсан көтерілісінің айдарынан ызғарлы жел есіп тұрған кезде Қазақстанға Мәскеуден Мищенко ма, Тищенко ма, бір эмиссар келеді. Оның бар мақсаты, қазақ тілінің бар-жоғы екі жүз (200!) ғана сөзден тұратынын дәлелдеу екен! ЦК-ға ара ағайын ретінде Гер-Ағаны шақырған. Неге дейсіз ғой? Біріншіден, ол басқа ұлттың өкілі, екіншіден, қазақшадан орысшаға тәржіма жасап жүрген маман. Қазақ тілінің бар-жоғы екі жүз (200!) ғана сөзден тұратынын бір білсе, осы біледі деп ойлаған болуы керек!

Қазақ тілінің кедейлігі мен жұтаңдығы хақындағы ой бұлардың ба-сында баяғыдан бар болып шықты. Бірде Мәскеуден келген танымал бір әдебиет сыншысы, еуропалық тілдердің білгірі Гер-Ағаңнан:

- Қазақ тілі деген бар ма өзі?! Осының өзі өзбек тілінің бір диалектісі емес пе? — деп сұраған көрінеді!

Тағы бірде ГДР-дан келген бір журналист:

- Қазақ тілінде «махаббат» деген сөз бар ма? Бар болса, ол біздің еуропалық ұғым, түсінікке қаншалықты сай келеді?! - деген!

Гер-Ағаның қаны сол кезде қарайған, совет өкіметі кезінде! Қазақ тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болғанда ол неден қаймығып, неден тартынады?! Шығармашылық азап-бейнеті бір басына жететін, анасынан Суреткер болып туған неміс баласы адам рухының шиыршық атқан сәттері хақында айтар сөз, ағытар сыры жан дүниесін буып тұрса да, соның бәрін сырып қойып, қазақ тілінің телегей-теңіз байлығы мен образ, оралымдылығы жөнінде терең ойға батады. Орыс, қазақ, неміс сөздіктерін ақтарып-төңкереді. Адамзаттың алып суреткері ағылшын Шекспир шығармашылық жұмысында 15 мың сөз қолданса,

қазақтың Мұхтар Әуезові "Абай жолы" дәуірнамасында 16 мың 893 сөз қолданғанына көзі жетеді.

1899 жылы Орынборда профессор М.Машановтың "Русско-киргизский словарь деген сөздігі шығады. Совет өкіметінің өзі түгілі, қарасы көрінбеген кез. Сонда ол орыстың "вид" деген сөзінің қазақша мынандай баламаларын атайды: түр, кескін, сынық, сымбат, тұрпат, келбет, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, ұсқын, айбар, пыс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, өң, көрініс.

Илияс Жансүгіровтің шығармаларындағы Гер-Ағаның көзіне түскен өсімдік атаулары: карағай, тал, долана, үшқат, шетен, ырғай, арша, ақсасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, балғын, тораңғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, тауқонақ, шәйшөп, құлынембес, сүтіген, еңлік, мейіз, киізкиік, ақшалғын, көкемарал, бетеге, балдырған, уқорғасын, мыңтамыр, жаужапырақ, ермен, жалбыз, құлмық, қарқияқ, жылан-қияқ, сасыр, таусарымсақ, қызсал-малдық, ойлықияқ және т.б. (167-бет).

Қазақ атамекенін қандай қару-жарақпен қорғаған: алдаспан, қылыш, сапы, семсер, найза, сүңгі, айбалта, селебе, шокпар, сойыл т.б. (160-бет).

Кейбір қазақтар бізде би өнері болды ма? - деген күмәнді ойда жүр. Қазақта мұндай өнер болмаса соған қатысты мынандай сөздер қайдан шыққан: саяқ жүріс, сыпайы жүріс, өкше алмасу, сырма, ширатпа, бұраң бел және т.б. (179-бет).

Қазақ адамның ғұмыр жасын қалай атаған: нәресте, сәби, бөпе, бөбек, бүлдіршін, балдырған, ойын баласы, сығыр, ересек бала, боз бала, жас жігіт, құр жігіт, ер түлегі, жігіт ағасы және т.б. (155-бет). Осыншама ұғым кеудесіне нан піскен орыс, ағылшын, тіпті немістердің өзінде бар ма?

Гер-Аға Тұрсынжан Шапайдың бір шығармасынан алпыс екі қос сөз тауып алып, мәз-мәйрам болады!

Қазақ ұғымындағы уақытқа байланысты сөздердің бір парасы: та-ңертең, елең-алаң, құланиек, құлан сәрі, таң сәрі, таң, сәске, сиыр сәске, сәскетүс, ұлы сәске, түс, бесін, ұлы бесін, кіші бесін, құлама бесін, екінді, намаздыгер, ақшам, ымырт, алагеуім, кешқұрым, намазшам, кеш, түн, іңір, қызыл іңір, жарым түн, таң қараңғысы және т.б. (151-бет).

Гер-Ағаң тіл бай екен деп күллі елге ортақ ұғымдарды қалай болса солай тәржімалауға болмайтынын да орынды айтады. Мәселен: паспортты "төл тұмар", "төлқұжат" деп аударудың қажеті қанша? Цивилизацияны өркениет деп аудардық. Феодализм, социализм, капитализм, коммунизм, фашизмді не деп тәржімалаймыз? Атышулы совет өкіметін "кеңес өкіметі" деудің не керегі бар? Осыншама байлығы телегей-теңіз терең, бейнелі, берекелі қазақ тілі қалайша қарабайырланып, бүлініп барады? Қазақтың үйдегі, көшедегі, қоғамдық орындардағы шәлдір-шүлдірі Гер-Ағаның қанын қарайтады:

" - Мынау нағыз ұйықтайтын погода екен.

- Иә, бірде қар, то дождь.

- Ау, телефондары не работает қой?

- Бүгін целый день снег жауад деген.
- Снег па, дождь па?
- Снег деп айтты.
- Холод болады деп айтты ма?
- Холод бола қоймас. Временами деді ғой..." (211-бет).

Білгірлердің айтуына қарағанда, жер бетінің тұрғындары 5651 тіл мен диалектіде сөйлейді. Бір ғана Үндістанның өзінде 845 диалект бар. 11 миллион тұрғыны бар Камерун 262 тілде сөйлейді. Бірақ бәрінің бір-ақ мемлекеттік тілі бар. Тілі қаққа айырылған қазақтан басқа халық жоқ! Айыр тілді жылан бар дейді...

Ірі мәдениеттанушы һәм тіл білімінің білгірі Вячаслав Иванов жер бетіндегі алты мың тілден күндердің күні алты жүз ғана қалатынын айтады. Мұның қасиетті қазақ тіліне, мүлде, қатысы жоқ! – дейді Хас Сақтың Соңғы тұяғы! Аузыңа май, Гер-Аға!

Бұған қарап, қазақ тілінде бүкіл адамзатқа тән атаулардың бәрі бар деген ұғым туа ма?

- Жоқ! – дейді Гер-Аға, - қазақта бұрын түрме деген сөз болмаған!

Гер-Ағаның қазақ халқының даналығына, бекзаттылығы мен тектілігіне деген тәнтілігі бүгінгі қазақтың өзінде жоқ!

"Бір күні, - деп жазады ол, - ауылда жүргенде Ерғали ата менен жеті атамды сұрады.

- Әкем — Карл. Атам - Фридрих. Бабам - Хайнрик болса керек. Арғы жағын біле қоймаймын...

- Жә! - деді Ерғали ақсақал, - неміске осы да жетеді...

Қазаққа жеті атаны білу - қасиетті парыз. Менің Шота Уәлихан досым сонау Шыңғыс ханнан бастап, бүгінге дейінгі 23 атасын біледі".

- Орыстарда осыншама атасы белгілі Пушкин ғана. Орыстың ұлы ақыны қу тақырдан тамыры тереңге кеткен текті тұлғаның өсіп-өрбімейтінін жақсы білген. Мұны Пушкин ғана емес, Корольдің құпия кеңесшісі, министр фон Гете де ішінен терең сезінген. Ол — Франкфурт шаһары билеушісінің ақылшысы Иоганн Каспер Гетенің бел баласы! Франкфурттың бас заңгері, император наместнигінің немересі! Оның жетінші атасы XVI ғасырдың ұлы суретшісі Лукас Каринарх! Гетеміздің түбі қандай!? Шынжыр балақ, шұбар төс, дала бекзадаларының белінен жаралған Хакім Абай қандай?! — дейді ол аузынан суы ағып!

Ал Алтай - Арқа – Алатау - Атырауға дейінгі ұлан-асыр аймақты найзаның ұшы, ақсүйек азаматтардың мысымен жаудан аман алып қалған қазақтың бүгінгі ұрпағы не істеп жүр?! Біздің бүгінгі биліктегі "дементей" — шенеуіктеріміз жеті атасын тани ма?! Таныса, олардың арғы ата-бабасында мыңды айдаған мыңғырған бай-бағылан, ұрпақтан- ұрпағына береке дарыған ақсүйек - бекзат, аузы дуалы шешен, көш бастаған көсем бар ма?!

Ойланатын-ақ мәселе...

Әке-шешесінен бастап, баласы, немере, шөбересіне дейін орысша шүлдірлейтін осы "игі жақсылар" қазақ тілін, қазақ әдебиетін білмей-ақ қойсын,



ең болмаса ұлы орыс әдебиетіне көз сала ма екен?! Тәңірі оларға орыс жұртында Собакеевич, Хлестаков, Беликов сияқты пенделер ғұмыр кешкенін ой көзінен өткізе алатындай интеллектуалдық өре берді ме екен? Орыстағы оңбағандық пен қазақтағы қасиетсіздіктің шығар жері, шырқар өрісі біреу-ақ екенін бажайлай алар ма?! Олардың өздері тоғышарлықтың ұлт пен жұртқа бөлінбейтінін көзге шұқып көрсететін Әдебиет дейтін Әлемдік Рентгеннің алдында кеудесін ашып, түрегеп тұрғанын сезе ме екен, сезбей ме екен?! Даладай кең пейілді қазақ жылы құшағына дүниенің қаншама жетімі мен жесірін паналатты?! Совет өкіметі оны "жүз тілдің планетасы!" деп мадақтаған. Ақыры не болды? Қазақтың жылы бауырына тығылып, басын көтерген осы ұлт пен ұлыстың өкілдері қазақтың көңіліне қалайша қарамайды?! Қазақстандағы **диаспоралар** неге ұлтпын деп кеуде көтереді?! Орыс - Ресейде, украин - Украинада, беларусь - Беларусьта, өзбек - Өзбекстанда түтін түтетіп жатқан жоқ па?! Гер-Ағаның қазақтың ежелгі ұлттық рух, киесіне деген ілтипат-құрметі арқанды шымырлатып, аруақ шақыртады: "Эй, Кира, а у немцев бывает "пір" — покровители, защитники, духи животных?". "— Нет, мне такое слышать не доводилось. Спрошу у родителей." "А у орысов?"- допытывается старик, ловко затачивая бруском литовку, - «Тоже не слышал. Жылқының пірі - Қамбар ата, түйенікі - Ойсыл қара, сиырдікі - Зеңгі баба, қойдікі - Шопан ата. "А у людей покровитель кто?" "У всех людей покровитель один — Құдай!" "- Так разве? А я думал - Сталин?!" "- Э, брось Кира, не пугай меня..." (147-бет).

Орыс өлеңінің ұйқасы қазақ өлеңімен салыстырғанда оның көңілін де көншітпейді! Мұны кезінде Пушкиннің өзі аңғарған екен. Соған дәлел ретінде Илияс Жансүгіровтің "Күйшісінен" біраз ұйқастарды көлденең тартады. Бүгінгі қазақ жырында бес, жеті буынды ұйқастар да бар: "Бұлқынбасам қаттырақ – мүшем де ұйып барады, Ханға бермес қолымды – кісен қиып барады". (Жұмекен Нәжімеденов. «Күй кітабы»), "...Той қылған көпке інінің ерлігі дұрыс, Көмектеп, көптен көрсетер елдігін де ұлыс. Риясыз думан өткізу ендігі бір іс" (Жұматай Жақыпбаев).

Хас Сақтың Соңғы Тұяғы әлі күнге дейін қазақтың ғарыштық ойлау жүйесінде жүр. "Қазақ—Ақсүйек! Бекзат! Мырза!" (182-бет) - дейді Ол. Біреу неше балаң бар? -десе қазақ үш-төртеу деп айтпайды: "Аллаға шүкір, бес-алты жүгірмек жүгіріп жүр ғой", - дейді. "Көрші ауылдың арасы қанша шақырым?" - десен: "Оны кім өлшепті? Иек астында ғой", — дейді, немесе: "бие сауғанша, түйе сауғанша барасың, таяқ тастам жерде", - дейді.

Ол өзі жанындай жақсы көретін қазақ жұртының дүниенің 23 елінде ғұмыр кешіп жатқанына алаңдаулы. Ресейдегі қазақтардың кәмелеттік жастағы түлектері ана тілінен мақұрым...Өзбекстандағы қазақтар сауатын латын әліпбиімен ашады. Атамекеніне оралса, қазақша қара танымай әуре. Қарақалпақстандағы қазақтардың тірлігін көрсең, көзіңе жас келеді: өзбектеніп барады! "Егер бізді шақырып алмаса, — дейді олар, - шекараны басып өтеміз! Басқа шарамыз қалған жоқ.." Қытайдағы миллионнан астам қазақ енді қалған елу жылда шүршітке сіңіп жоқ болады!"

Қазақтың арқасына батпаған ауыр жүктен Гер-ағаның белі қайысып бара жатыр! Сонда Хас Сақтың - Қазақтың Соңғы Тұяғы осы болмағанда кім болады? Қазақтың алтыбақан алауыздығы, ұлт болып ұйыса алмай, рулық, тайпалық деңгейге бұра тарта беретіндігі оның көңілін құлазытады. Ол өзі ерекше қадір тұтатын Юрий Герттің "Отбасындағы мұрағаттарын" оқып шығып, одан да көңілі қалғанын айтады. Тарихи жағдаяттарды бір жақты қабылдап, "Еврейдің жәбірленуі, еврейдің қасіреті, еврейге қасақана жасалған қастандық" тұрғысынан баяндауы Гер-Ағаның ашу-ызасын туғызады. Қазақтың қасіреті еврейден аз деп кім айтты?! Ол оны өз көзімен көрген! Отаршылдықтың озбырлығынан қазақтай қасірет шеккен халық бар ма жер бетінде?! 20-жылдардағы жаппай тәркілеу мен 37-жылғы қуғын-сүргін, жазалауда осы ұлттың сорпа бетіне шығарының бәрін қалқып алды! 32-жылы қазақтың тең жартысын қырып тастады! Қаншама мың қазақ шетел асып, бас сауғалап, қаңғып кетті?! Енді келіп, елі егемен болғанда осындағы гольф ойнайтын мырзалар мен Алаш жұртының арасы аспан мен жердей алшақтап барады!

Қазақтың адамзатқа деген мейір, махаббат, ілтипат-құрметін Гер-Ағандай терең пайымдаған бірде-бір ұлт өкілінің болмауы көкірекке шер ұялатады. Асылы (Османова) апайдан басқа... Қазақстанда туып, Қазақстанда ер жетіп, қазақ тіліне, қазақ еліне төбеден тіксіне қарау — туасы мәрт, мырза, ақкөңіл қазақ халқының ашу-ызасын түрткілей бастады. Қазақстандықтардың бәрінің бірдей Герольд Бельгер болуы шарт та емес, мүмкін де емес. Ол өзінің гуманистік, кісілік болмыс-бітімімен адамзат баласынан асып туған тұлғалардың қатарын түзейді. Бірақ, қазақстандықтардың бәрінің де қазақты Гер-Ағандай қадірлейтін кезі келді. Егер оған олардың өресі жетпей жатса, енді бұл процесті мемлекеттік тұрғыдан реттейтін уақыт та болып қалды. Алманияға тасша батып, суша сіңу үшін, ең құрығанда, немісше ауызекі сөйлеуге төселу керек. Израиль азаматы болу үшін ивритше тіл сындыру— міндет. Жойыт жұрты Израиль мемлекетін құрғанда ол елде мемлекеттік тіл деген жоқ еді ғой?! Олар оны Інжілден үйреніп алып, иврит тілін ұлттық айналысқа түсірді! Дөрекілеу түрде айтсақ, өлі тілді қайта тірілтті. Ұлы халық, сан ғасырлық ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, ауыз және жазба әдебиеті кемеліне келіп, толықсып тұрған қазақтың мемлекеттік тілін меңгере алмайтындай соншама не көрінді?! Неге үндемейсіңдер, қазақ Дементейлері?!

Маңдайы жарқыраған қасқа, аузынан ақ гүл төгілген шешен, арқасына аруақ қонған көсем болсаң да, ана тілінсіз адамның ғұмыр-тіршілігі жұтаң да, мазмұнсыз, қараң екенін ол біздің бәрімізден жіті аңғарып қойған.

Герольд Бельгер - осы замандағы зиялылардың шынайы озық үлгісі! Гете мен Абайдың рухынан жаралған Азамат! Ол нағыз неміс ұлтының бел баласы болған соң қазақ жұртының қасиетін танып, қасіретіне боздап отыр! Әлемнің Азаматы деген не өзі? Ол — қазақ боп туып, орысша өлең жазып, қазағына мұрнын шүйіре қарайтын орыс ақыны емес, осы топырақта немістің кіндігінен жаралып, оны қазақтан да әрі егіле сүйіп, емірене жырлаған біздің Осы Гер-Ағамыз!

Қазақ үш ғасырлық отаршылдықтан шықты. Құр сүлдері қалып, әзер шықты. Енді оған жаһандану дейтін жалмауыз аузын ашып қарап тұр! Яман тайпасының соңғы тұяғы дүниеден көшкенде мына жарық жалғанда оның өзінен басқа тірі жан қалмаған-ды. Ал Хас Сақтың - Қазақтың Соңғы Тұяғының жан айқайын Атырау - Арқа - Алатау - Алтайға дейінгі аймақ естіп тұр ғой. Тәңірге тәуба! Ол бізге тағы бір тұйықтан шығар жол сілтеді. Қазаққа Гер-Ағаны жіберді! Еңсегей бойлы Ер Есімдей ер ағаны, Момышұлындай ешкімге бас имейтін ер ағаны, Хас Сақтың өзіндей сері ағаны жіберді! Алла оның ғұмыр жасын ұзақ қылғай!

## Герольд Бельгер

### «Қазақ тілі жойылу қаупі төнген тілдер қатарында»

- Гер-аға, қазақ халқынан көрген жақсылығын ұмытпай, Жириновскийлердей «Су ішкен құдығына түкірмей», қазақ тілінің жоғын жоқтап жүрген бірегей азаматсыз, әрі қазақ тілінің жанашырысыз. Қазақ халқы сол үшін де Сізді жақсы көреді, құрметтейді, бөле-жармай, өз баласындай қарайды. Өйтетін жөні де бар, ана тілін білмейтін, тіпті менсінбейтін талай мәңгүрт қазақ бар ғой. Бірақ, Сіздің бұл ерлігіңіз жұртыңызға жаққанмен, қандастарыңызға ұнай қоймайтын болар? Әлде мен қателесіп отырмын ба?

- Мен Қазақстанға жеті жасымда келдім. Қазақ ауылында өстім, қазақ мектебін бітірдім. Қазақтың кең құшағын, жомарт көңілін сезіп өстім. Содан да болар, қазақтың мұңы маған жақын. Бірақ мен өз тегімді де ұмытқан жоқпын. Неміс әдебиетіне, мәдениетіне біраз еңбек арнадым. ТМД аумағындағы немістер шығармашылығын, тарихи Отанымыздағы неміс әдебиетін қадағалап, бақылап отырамын. Неміс жазушыларының шығармалары жайлы талай еңбектер жаздым, оларды насихаттаудан танған емеспін. Мен неміс пен қазақ мәдениеті арасындағы көпір секілдімін, екі жақты бір-бірімен таныстырып, табыстырумен келемін. Менің бұл тірлігіме қандастарым қуанбаса ренжіген емес. Бірақ кейде қазаққа тым бүйрегің бұрады, - деп наз айтатындар бар.

- Шекара ашылып, өзге ұлттар тарихи Отанына үдере көшкен кезде бұл көшке ілеспей, қалып қойдыңыз. Қазақта «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген бар, оған қоса Германиядағы тұрмыс бізден гөрі көш ілгері. Жайлы өмір неге қызықтырмады, әлде Сіз Отаным деп Германияны емес, Қазақстанды санайсыз ба?

- Қазақтың ол мақалын мен де жақсы білемін. Жалпы, менің туған жерім – Саратов облысындағы Энгельс деген қала. Ата-бабаларым Еділ бойына ерте кезде келген екен, сөйтіп, сонда қоныс теуіп қалған, сол жерде неміс автономиясын құрған. Яғни, менің ата жұртым – Еділ бойы. Сол бұрынғы автономияны қалпына келтіру жолында кезінде біраз қадамдар жасадық, М. Горбачевке дейін бардық. Өкінішке орай, тірлігімізден еш нәтиже шықпады. Сондықтан мен ержетіп, етек жиған жерімде қалдым. Өз басым, адам өзін

қажет сезінетін жерді мекен еткені абзал деп санаймын. Мен өзімді Қазақстанда керек сезінемін. Әлбетте, Германияға барсам, пәтерім де кеңдеу, ішкенім – сыра, жегенім – колбаса болар еді, бірақ мен онда өзімді қажет сезінбеймін. Араласатын ортам, достарым осында. Қазақтар қуып жібермесе, кететін ойым жоқ.

**- Балаларыңыз, туыстарыңыз, әйеліңіз: «кетейік», - деп үгіттеген жоқ па?**

- Жалғыз қызым Ирина ұлымен, күйеуімен Мәскеуде тұрады. Олар бізге: Мәскеуге келіндер, - дейді. Туыстарымның ішінде үгіттегендері болды, біз көнбеген соң өздері кетті. Әйелімнің ұлты – татар, осы Алматының қызы. Ол қайта туған жері болған соң Алматыдан ешқайда кеткісі келмейді. Тек қызын сағынғанда «Мәскеуге көшейік», - деп қояды.

**- Қазақ тіліне қазақтың айтулы азаматындай еңбек сіңіре жүріп, мемлекеттік тіл қазақ тілі ғана болу керек пе, әлде қос тілділікті қалдырған жөн бе? – деген сауал туындағанда, ертеректе орыс тіліне бүйрегіңіз бұрып, қос тілділікті қолдап шықтыңыз. Бұл қадамыңызды қалай түсіндіресіз, бөтендігіңізді білдіргеніңіз бе, әлде Парламентте отырған депутаттардай қазақ тілін білмейтін балаларыңыздың қамын ойладыңыз ба?**

- Бұл жерде сәл қателесіп отырсыз, мен орыс тілді емес, қос тілділікті қолдадым. Ол кезде Колбиннің кезі еді ғой, қазақша теретін машинкалар, тіпті қазақша таза сөйлейтін адамдардың өзі аз еді. Сондықтан бірден қазақ тілін мемлекеттік тіл қылу асығыстық болар еді. Осы идеяны О.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, Н.Назарбаев, облыс әкімдері түгел жақтаған болатын. Мен ол кезде Орталық комитет жанындағы тіл жөніндегі комиссия төрағасы едім. Алдымен қос тілділікті енгізудегі мақсатымыз – қазақ тілін мемлекеттік тіл қылуға тұғыр дайындап алу керек еді. Ал біз қазақ тілін мемлекеттік тіл ғып бірден жариялап жібердік, дайындық болмағандықтан, оның сол кезде пайдасынан зияны көп болды ма деп қауіптенем, соның зардабын әлі күнге тартумен келеміз. Бұл біздің өзіндік идеямыз еді, оның дұрыстығына қазір де пәлендей күмән келтірмеймін. Қазақтар мен жөнінде қателеспесін, ешуақытта қазақ тіліне қарсы шығып, иттік жасаған емеспін. Мен жеті жасымнан қазақ тілінің патриотымын. Қазақ тілін насихаттаймын, қазақ тілінен орыс тіліне аударма жасаймын, «Казахское слово» деген зерттеу еңбегім де бар. Бүкіл болмысым, тірлігім, әдеби жолым қазақ тіліне тікелей қатысты, сол себепті қазақ тіліне үнемі бүйрегім бұрып тұрады. Оған қазақтар да әлдеқашан иланған.

**- Өз елімізде өгей баланың кебін киіп, өзге тілде сөйлеп, басқаларға елдің иесі екенімізді мойындата алмай келеміз. Айтыңызшы, қазақтың осалдығы ма?**

- Қазақтың осалдығы жайлы мен талай жаздым, айтып та жүрмін. Қазақтың осалдығы оның табиғи менталитетінде. Қазақ кең далада өскен, оның жаны да сол даладай кең, ештеңеге асықпайды. «Е, алда ғұмыр бар, несіне асығамыз, «асыққан шайтанның ісі», - дейді. Өз елімізде, өз жерімізде отырмыз ғой, бәрі болар, құдай өзі береді, сәтін салған күні тіліміз де өз мәртебесін

алады, - деп, қолтықты кеңге салып жүре береді. Ал қазір дүние жүзінде жыл сайын 25-30 тіл жойылып кетіп отыр. Бұл ғылыми дәлелденген пікір. Сондықтан, тілін, ділін жоғалтқысы келмесе, қазақтар қазірден тілге, мәдениетке баса көңіл бөлгені жөн.

Қазақтың екінші осалдығы – намысының аздығы. Шешенді алыңыз, басқа ұлттарды алыңыз, олар өз тілі үшін өлуге бар. Ал қазақ сол жайбасар қалпы, мейлі, орысша сөйлесек, сөйлей берейік, қазақ тілі қашпас, - деп бейғам отыра береді. Бұның бәрі бекер. Абай айтпақшы, «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», - дегеннің кері келмес үшін қазір қимылдау керек, өйткені қазақ тілі қазір қауіпті жағдайда, жойылу қаупі төніп тұрған тілдер қатарында. Ал тілінен айрылған ұлт, ұлт болмайтыны бесенеден белгілі. Жалпы тіл мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, Еуропа елдерінде де күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Мәселен, қазіргі неміс тілін ағылшын тілі мен жастардың сленгісі құртып болды. Егер Гете тіріліп келген болса, қазіргі неміс жастарымен түсінісе алмаған болар еді. Өйткені қазіргі таңда неміс тілі қатты өзгерген, жұтанданған. Францияда да солай, оларда да тілге зор мән беріп, тіл полициясын құрып жатыр. Орыс тілі 19-ғасырдағы орыс тіліне қарағанда көп құлдырап кетті, «жабайы», сірескен «ағаш» тілге айналды. Қазақтар да күн сайын талай сөз маржанын жоғалтып жатыр. Мына жерде қарадомалақ бүлдіршіндер ойнап жүреді, бәрі орысша сөйлейді. Маған «ата» демейді, «дядя» дейді. Ал осыған ата-анасы назар аудармай, көз жұмбайлық танытып отыр.

Ал үшінші осалдығы – қазақтың еліктегіштігі. Американдық, ағылшын, неміс болуға оңтайлы тұрады. Сен американдық бола алмайсың, болуға тырыспа да. Қазақ қазақ болып, қазақтығын сақтап қалу керек, сонда ғана Абай сөзімен айтқанда «толық адам» болып қаласың.

**- Қазақтың психологиясын бір адамдай білесіз, немістің жан-дүниесінен де хабардарсыз. Қазаққа немістен не үйренген жөн, ал неміске қазақтан үйренер нәрсе бар ма?**

- Сөз жоқ, екеуінің де бір-бірінен үйренері көп. Жалпы, ұлттарға бір-бірінен үйренген дұрыс. Қазбалай бастасаң, барлық ұлттық мәдениеттің түбірі бір. Қазақ пен неміс мәдениетінің көп ұқсастығы бар екенін мен үнемі дәлелдеумен келемін. Менің шығармашылығымның тоқетері де осында – екі халық мәдениетінің үндестігінде. Неміс саяхатшылары, географтары сонау 13-ғасырдан бастап қазақ даласына келіп, қазақтың өнерін, музыкасын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын зерттеген. Бұл тегіннен тегін болмаса керек.

Қазақтың немістен үйренер біраз нәрсесі бар, олар – ұқыптылық, жұмысқа берілгендік, уәдеге беріктік, уақытпен, темірдей тәртіп сақтап еңбектенетін қасиеттері. Ал немістің қазақтан үйренері – кендік, жомарттық, қонақжайлылық, адамды алаламауы. Қазаққа ғана тән осы тамаша қасиеттер неміске артықтық етпес еді. Мәселен, Германияның немістері үйге қонақ шақырмайды, шақырған күннің өзінде 2-3 адамнан асырмайды және 1 ай бұрын ескертеді, оған қоса қонақтар өзімен тамақтарын ала келуі керек. Қазақтың ұғымында бұл тым өрескел, тосын нәрсе. Қазақстанның немістері қазақтың

қонақжай қасиетін бойына сіңірген, Германияға барса, 30-40 адам шақырады, кең дастархан жайып, қонақтарды қазақи дәстүрмен қарсы алады.

**- Бәріміз де пендеміз. Бір Жаратушының бары хақ. Сіз дінге қалай қарайсыз? Шіркеуге барасыз ба?**

- Менің әкем атеист болған. Бізді де солай тәрбиеледі. Бірақ атеистердің де түр-түрі болады, нағыз құдайсыздар бар және дінді мәдениеттің бір саласы деп қабылдайтындар бар. Мен сол екінші топқа жатам. Шіркеуге де, мешітке де бармаймын, бірақ дінді қадірлеймін. Інжілді әрдайым оқимын, Құраннан да хабарым бар.

**- Қазір елімізде секталар көбейіп кетті. Талай жастар жалған уағызға елітіп, туған үйінен, ата-анасынан безіп жатыр. Парламент діни экстремизмге қарсы заң жобасын әзірлеуде. Жаңа заң тайрандап жүрген сектанттарға тоқтау қоя ала ма?**

- Қоя алмайды. Өйткені бұны о бастан қолға алып, заңды дұрыстап қабылдау керек еді. Осыған жөнді көңіл бөлінбеді, әйтпесе зиялы қауым кезінде бұл мәселеге қатысты айғай-шу көтерді, қарсы пікірлерін білдірді. Бірақ зайырлы ел боламыз деп, демократия жолына түсеміз деп, түрлі секталардың елімізге дендеп еніп алуына жол беріп қойдық. Көшеде жүргеннің өзінде келіп, кітаптарын ұсынушылар көп. Насихат мол. Естуімше, қазақ жастарының 10 пайызы секталарға кіріп кеткен. Қанша жерден демократия десек те, бұған қатаңдау болу керек еді, тіркемеу қажет еді. Қазақстанда негізгі екі дін бар, қалғандарына жол жоқ, - деп әу баста шегелеп айту керек еді, айта алмадық. Енді нәтижесі осындай болды. Секта жағалап жүрген қазақтарға: Әй, сен мұсылман емессің бе? – десем, бұнда ақша береді, ал мұсылман дінінен маған не пайда? – дегенді айтады.

**- «Қазіргі жас журналистердің басым көпшілігі сопылық ағымды қолдайды екен, зікір салатын көрінеді» деген ақпарат БАҚ біткеннің бәрінен айтылып жатыр. Идеология майданының күрескерлері болып табылатын журналистердің діннің бір ағымына беріліп кетуіне қандай баға берер едіңіз?**

- Мен бұған баға бере алмаймын. Бірақ бұндай жайттың бар екенінен хабардармын, газеттен оқығам, естуім де бар. Бұл – біздің жастарымыздың қазіргі саясатқа, идеологияға наразы екенін көрсететін айғақ. Саясатқа, идеологияға іштей наразы, сондықтан сопылықтан бірдеме шыға ма? – деген талпыныс, ізденістің бір түрі. Бұл жастардың кемшілігі емес, қазіргі саясаттың кемшілігі, әлсіздігі дер едім. Біздің идеологиялық тұғырымыз мықты болса, жастарымыз бүйтіп қателеспес еді. Мен оларға баға беріп, бағыт сілтеуден аулақпын, бұлар өзінше жол іздеп жүрген жандар, уақыт өте ақиқатқа жетеді деп сенемін.

**- Абай да, Гете де махаббатты, сұлулықты жырлаған. Бірақ қазіргі жас ақындардай тым ашық кетпей, оқығанда сезімді селт еткізіп, жүректі дір еткізетіндей жырлаған. Жас ақындардың кейбірінің махаббат жайлы жазғандарын оқысаң, ұяттан өртеніп кете жаздайсың, сұлу сезімді**

**ластағанына налысың. Абай мен Гете поэзиясының құдіреті неде? Жас шайырлар олардың өресіне неге жете алмай жүр?**

- Заман өзгермей тұрмайды, соған сай көзқарас та өзгерген. Махаббатқа деген көзқарас та қазір өзгеше. Қазір «махаббат» деген сөзді көп қолданбайды, оның орнына «секс» деген бәле шықты. Бұл Еуропадан басталған ауру, қазақ еліктегіш халық қой, біртіндеп бізге де келді. Егер Абай мен Гете тіріліп келіп, қазіргі шынайы сезімге деген көзқарасты естіп-білсе, көрге қайта тығылып жатар еді.

**(«Ақ босаға» газетінен, № 9 (183) қыркүйек, 2005 жыл.).**

**Елдің сәлемі**  
(Президентке)

Мақсат пен мақсат, ойы мен ойы межелес  
Жақсыға жақсы ешқашан қару кеземес.  
Бүгінгі мынау қиындық жайлы айтсам мен,  
Сіз оны көрмей отыр-ау деген сөз емес.

Бұзуға болмас табиғи тағдыр желісін,  
Биыл мен біраз аралап қайттым Ел ішін.  
Шындықты айту шынымен қиын кей кезде,  
Өтірік айту одан да қиын мен үшін!

Әдіптеп таныс-рәсіміңізді гүлдермен  
Бағзы бір жандар өзгеден бұрын үлгерген.  
Мақтамас едім, мақтанар едім заманмен,  
Бірақ та бізге ондай заманды кім берген?! .

Далаға қарап алаңдай берем, алаңдай:  
Баяғы малдан қалыпты-ау босап далам бай.  
Жеткіз деп түгел жолдады сәлем Ел менен  
Мен Сізбен күнде сырласып жүрген адамдай.

Әртүрлі ойлар, әртүрлі пікір әр үйде...  
Көреген көңіл алдамшы сөзге ери ме?!  
Марапат, мадақ, мақтаудың бәрі - достықта,  
Сынауың бәрі - дұшпандық емес, әрине!

Тырнағың келмес жазылмай жатқан жараны.  
Сыйлықтың емес, абыройы өсті параның!  
Шыдаудай шыдап: «Шүкірлік» десе біреулер,  
Кейбіреулердің ашылған әбден араны!

Тіршілік, тірлік өкінішпенен өтпесін!

Төзімді деген туыстың шығып кетті есі.  
Сізге айтпағанда айтады Ел кімге арызын?  
Сізге айтпағанда айтады кімге өкпесін!

Қиыны қиын! Амал жоқ бірақ көнбеске!  
Қақымыз да жоқ сол қиындықты жеңбеске.  
Сіз сенген жандар ақтауға соны тиіс қой,  
Елбасын алдау — халқын да алдау емес пе?!

Сенгеннен кейін төзбейді неге салмаққа?!  
Бүлдіріп біреу... ұятқа басшы қалмақ па?!  
Түрмеде жатып шіруге тиіс арсыздар  
Сытылып шығып, жоғалып жатыр жан-жаққа!

Сенеміз: ертең ғажайып қоғам орнайды.  
Жеткенше соған қаншама қазақ сорлайды?!  
Ақындар әсте халықтың сөзін сөйлейді,  
Президентін де қорғайтын тұста қорғайды.

Аз емес қазір кінәлі менен жазықты.  
Ішмерез жандар ішкұса қылды-ау нәзікті.  
Бір пәле кетсе, бір пәле келіп орнына,  
Білеміз әсте, білеміз Сізді қажытты!

Кей жерде кейде әділін айтар жоқ ұлық,  
Жылайды жандар маңдайы тасқа соғылып.  
Халыңыз бізге белгілі әбден: жыртықтың  
Тіксеңіз бірін, біреуі жатыр сөгіліп!

Шырылдап жүрсіз, шырқырап жүрсіз, білемін.  
Шығады бірде, шықпайды бірде бұл егін...  
Өсетін елдің өзін ұмытып әкімі,  
Кемеңгер болып ойлауға тиіс түлегі.

Жетеді қыран, жетеді бізде қаршыға,  
Жетеді бізде қыз-қайың менен нар-шынар.  
Ең үлкен өнер - нан табу емес, - Жан тану,  
Ақылды жандар әлі де болса бар шығар.

Халықтан тумай туады кімнен алыптар,  
Сенсеңіз егер сенуге тұрар халық бар!  
Бүгінгі менен тарихтағы орын бір емес,  
Болашақ өзі бағасын берер, анықтар!



Гүлге де бөлер келешек ұрпақ құмайтты.  
Замана бірақ біздерді бүгін мұңайтты.  
Президенттің жүгі қашанда ауыр—білеміз,  
Перзенттік парыз одан жеңіл деп кім айтты?!

**Қадыр Мырза Әли -  
Қазақстанның халық жазушысы.**

### **Тәжік құрлы бола алмадық-ау...**

...Эстонияның Нерва қаласының бес-ақ пайызы - эстондар екен. Сол қалада орысша оқытатын университеттер мен мектептер жабылған. Тек эстон тілінде ғана оқытады. Ал ұлт болашағын ойлаған Франция осыдан 12 жыл бұрын компьютер бағдарламаларын ағылшын тілінде жүргізуге тыйым салған. Сөйтіп, ағылшын тілінен енген 3500-ден астам терминді қолданыстан біржолата шығарып тастаған. Еврейлер болса, бұдан 1000 жыл бұрын өліп қалған тілін Израильде тұратын барлық халыққа үйретті. Украинада украин тілін білмейтін шенеуніктер жоқ болса, түрлі этностар өмір сүріп жатқан Түркия тек түрікше сөйлейді...

Айта берсек, Қазақстан үшін үлгі аларлық мемлекеттер жетерлік. Бізде ұлттық тілдің деңгейі енді ғана апыл-тапыл аяғын басып келе жатқан сәбиге ұқсас.

Тілімізге қатысты өзекті мәселелерді көтеріп жүрген "Ана тілі" газетінен мынадай бір мақаланы оқыдым (8 қазан, 2009 жыл): "Сейсенбі күні, яғни 7 қазан 2009 жылы Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон "Тіл туралы" жаңа заңға қол қойды. Бұл заңның бұрынғы заңнан ерекшелігі - орыс тілі "халықаралық қатынас тілі" мәртебесінен айырылып, есесіне "Тәжікстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы" жаңа заңына сәйкес мемлекеттік билік пен басқару органдары, кәсіпорындар және мекемелермен қарым-қатынас, ақпарат алу мен құжат алмасу тек қана мемлекеттік, яғни тәжік тілінде жүзеге асатын болды. Енді аталған заңды бұзғандар жауапқа тартылып, айыппұл төлейді. Тіпті заңды бұзған жеке азаматтар - 160, ұйымдар - 320 АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлейді деп тайға таңба басқандай анық жазылған. Жаңа заңды қабылдау ұсынысын мемлекет басшысының өзі парламентке жолдаған болатын. Өзінің бұл шешімі жайында Эмомали Рахмон "Дамыған, өркениетті елдер секілді біз де мемлекеттік тіліміздің тазалығы үшін күресетін уақытымыз жетті. Ұлттың ұлылығын ең әуелі оның халқының ана тілін қаншалықты құрметтеп, қорғайтынынан көруге болады" деп қадап айтты. Туын биік ұстап, туған тілдің тұғырын теңселтпеген ел осындай-ақ болар..."

Сонда біз тәжік құрлы бола алмағанымыз ба? Онда несіне ұлтпыз, халықпыз деп жүрміз. Егер ұлт болсақ, халық болсақ, тіліміздің халі бұлай мүшкіл болмас еді ғой...

**Меруерт НӨГЕР,  
Қарағанды қаласы.**

## V – Тарау Әдептілік мәдениеті

### Жеті қазына

#### Бауыржанның айтқандарынан

«Жеті» сөзімен байланысты көптеген халықтардың тілінде қалыптасқан ұғымның бірі - «Жеті қазына» екен. Бұл тіркестің әр елдің тұрмыс-тіршілік салтына, таным-нанымына қарай әртүрлі айтылуы – табиғи нәрсе. Ертедегі грек аңыз-әңгімелерінде жиі кездесетін «жеті қазына» өзге халықтарға, оның ішінде қазаққа да тән деуге болады. Өйткені, мұнда айтылатындардың барлығы адамзатқа ортақ. Сондықтан көкейге қонымды, қисыны анық ұғымдар. Оны былайша таратады.

**Бірінші – Аспан.** Аспан дүние жаратылыстың тылсым құпия сырларын аясына сыйғызып тұр. Өмірге пана болып, аспан денелерінің қалпын сақтап тұрған көк күмбез – планеталар мен жұлдыздардың құтты мекені. Көшпенділер «жерді әлемнің анасы» десе, аспанды жарық, нұр, жылу беріп, жаңбыр жаудырып есіркеуші атасы санаған. Сондықтан олар Көк тәңірге, Жер-анаға табынған. Көктемде күн күркіреп, алғашқы жауын жауғанда: «Көктен жаудыр! Жерден өндірі!», - деп тілек тілеген. Бас киімін шешіп, «дерт-дербезден басымызды аман сақта», - деп жаңбырға басын тосқан. «Көкте тәңір бар, жерде әулие бар», деп жас балалардың аяғын көкке көтеруіне және аспанға қарап түкіріп, аспанға тас лақтыруға қатаң тыйым салған. Жазғытұрым найзағай алғаш жарқылдағанда: «Тәңірім, ырыздығымызды молынан бер, малымыздың желінін сау, сүтін мол ете гөр!», – деп шөмішпен ақ алып, босағаға тамызып және үйдің жабығына жаққан. Көкке қарап, қол жайып, тілек тілейді. Бұл – халық емшілерінің де қолданылатын әдісі. Олар аспаннан, яғни ғарыштан күш-қуат аларда қолын көкке қаратып, алақанын жайып, үнсіз тұңғиыққа батып,

бойына энергия жинайды. Ал көкке қарап қарғану жантүршігерлік жаман іс саналған.

Көшпенділер, оның ішінде қазақтар көктегі Күн, Ай, жұлдыздарды киелі есептеген. Аспан әлеміндегі жұлдыздар адам өмірімен тығыз байланысты. Әрбір адамның тағдырымен ұштасып жататын өзінің жұлдызы болады дейді. Жұлдызы жоғарыласа, ол адамның бағы ашылады, төмендесе, бағы таяды. Жұлдызы оңынан туса, ісі сәтті болады, солынан туса, қырсық шалады. Ол жұлдыз жерге ағып түссе, сол жұлдыздың иесі өледі. Тіліміздегі «жұлдызы батты», «жұлдызы сөнді» дейтін ұғымдар осыған байланысты шыққан. Ісі сәтті болып, басына бақ қонған адамдарды «жұлдызы оңынан туды», «жұлдызы жанды» дейді. Аспаннан аққан жұлдызды көрген адам: «Менің жұлдызым жоғары, сақтай гөр, тәңірім», - деп сыйынады. Ата-бабаларымыздың ұғымында адамдардың жұлдыздары әр алуан, бірінікі біріне ұқсамайды. Кейбір жұлдыздар – топырақ, кейбірі – су, енді бірі – от, тағы бірі – ауа, жел сипаттас болып келеді. Бұл адамның мінезін, арадағы қарым-қатынасын белгілейді. Мысалы, жұлдызы су текті адам жұлдызы от текті адаммен жараса алмайды. Бір-бірімен тіл табыса алмайтындарды «жұлдызы жараспады», - деп, өмірі өш болып жүретіндерді «бұлардың жұлдызы қарсы» дейтіні осы жұлдыздарға байланысты түсініктерден шыққан. Адам тағдырын жұлдызбен болжап айту, көріпкелдік жасау Шығыс әлемінде баяғыдан бар.

**Екінші қазына – Күн.** Күн – әлемдегі тіршілік тірегі. Күллі адамзат, өсімдіктер әлемі, құрт-құмырсқа, жан-жануар күннің шуағынан нәр, күш-қуат алады. Күн – жылу, жарық көзі. Күнсіз тіршілік жоқ. Бұл дәлелдеуді қажет етпейді. Қазақтар ұл-қыздарының атын күнмен байланыстырып, сәбилеріне Күнту, Күнтуар, Күнімжан, Күнсұлу, Күнтай деген секілді аттарды қояды. Мұның барлығы «күндей мейірімді», «күндей көпке ортақ, мейірбан», «күндей арайлы болсын» деген ниеттен шыққан.

**Үшінші қазына – Ай.** Ай – әлемнің түнгі нұры. «Ай болмаса аспанда адасады» дегендей, Ай болмаса, дүниені қара түнек басар еді. Жаратылыстың түнгі ырғағы бұзылады. Табиғат түн әлемінде Ай сәулесімен ерекше бір тебіреніске түсіп, тынығады екен. Ай – Жердің табиғи серігі. Ай Жер шарындағы ауа райына, Жер қозғалысына, оның осінде айналып тұруына зор ықпал жасайды, яғни Ай Жердің тірегі. Ай Жер мен Күннің аралығына келгенде екі-үш күн көрінбейді. Қазақ мұны «өліара» деп атайды. Содан кейін Ай Күннің сол жақ шетінен шығып, Жердің батыс көкжиегінен жіңішке орақ тәрізді болып көрінеді де, күн санап өсе береді. Қазақтар жаңа туған Айды көргенде басын иіп, тәжім етеді. Қолын көкке жайып: «Ай көрдік, аман көрдік, баяғыдай заман көрдік. Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа!» - деп тілек тілейді. Ай «орағы» күн санап өсіп, дөңес жағы оңға қараған жарты дөңгелек болады. Бұл – Айдың бірінші ширегі. Шығыс халықтары, оның ішінде қазақтар алғашқы ширек – жеті күнді қасиетті санайды. Осыдан кейін тағы жеті күн өткенде Ай дөңгеленіп толады. «Он төрттегі айдай толықсыған» деп бойжеткен қыздарды айтып жататыны сондықтан. Бұдан ары қарай толық Ай оң жақ шетінен бастап кетіліп, азая береді. Жеті күн өткенде Айдың сол жақ жартысы

қалады, бұл – Айдың соңғы ширегі. Сол кемігеннен кеміп, Ай көрінбей кетеді. Бітер Айдың бейнесін өлген адамның бейітіне, күмбезіне орнатады. Ана бір жолы Зейнеп екеуміз Жәмкенің басына, зиратқа барғанда туар Айдың бейнесін қадап қойған бірнеше ескерткішке көзім түсті. Бұл дұрыс емес. Жаңа туған Ай төңкерілген « ) » әрпіне ұқсайды да, біткен Ай «С» әрпінің өзіне ұқсайды. Бұрын қазақтар Айдың алғашқы ширегі мен соңғы ширегін ешқашан шатастырмайтын. Қазір жазба күнтізбеге әбден үйренгендіктен көбі мұны ажырата алмайды. Туатын жаңа Айдың орағы батыстан кешке қарай көрінеді. Бітер ай шығыстан таң алдында шығады. Ертеде қазақтың кез келген баласының өзі бұл айырмашылықты жақсы білген.

Адам ағзасы жалпы Жер мен кеңістіктегі құбылыстардан әсерленеді. Ай толғанда жүрек-қан тамырлары аурулары мен өлім азайып, адамның ойы, еңбекке қабілеті артады екен. Керісінше, өліарада жауын-шашын болып, ауа райы өзгереді, бас ауруы, ұйқысыздық, қан қысымы көтерілуі жиілеп, созылмалы аурулар қозады екен. Айдың өсімдіктер әлеміне, оның тіршілігіне тікелей әсері болатынын ғалымдар дәлелдеп қойған. Айталық, Ай толғанда өсімдіктер суды бойына көп сіңіреді, осы кезде отырғызған көшеттер тез өсіп жетіледі. Орман шаруашылығымен ертеден айналысатындар ағашты Айдың жаңа туған бас жағында кеседі екен, ол кезде ағаштың бойында су аз болғандықтан, шірімей, көпке шыдайды. Біздің қазақтың үй жасайтын шеберлері киіз үйдің ағашын Айға қарап дайындауды баяғыдан білген.

Қазақ халқы Айды қолмен көрсетпейді. «Айға қарап түкірме», «Айға қарап дәрет сындырма», «Айға телміріп қарама» деп тыйым айтуы тегін емес. Тілімізде Айға теңеп, Аймен байланыстырып айтатын сөздер көп.

- **Төртінші қазына – Жер,** - деп ата сөзін жалғады. – Жер – барлық тіршілік иесінің анасы. Жер болмаса, еш нәрсе өсіп-өнбес еді. Құдай тағала керемет сұлулықпен көмкерілген, байлық пен ырысқа толы мекен – Жерді адамзат үшін жаратқан. Таулармен асқақтатып, далалармен кеңейткен. Мұхит-теңіздермен тереңдеткен. Адамның ырыздығын Жерден берген. «Адам топырақтан жаралған, өлгеннен кейін оның жатар орны – Жер, адам туғанда қай жердің топырағы бұрқ етсе, сол жерге жерленеді», - деп болжам айтқан. Қарап тұрсақ, мұның де негізі бар. Адамның топыраққа жерленіп, топырақпен көміліп, топыраққа сіңетіні – шындық. Қазақта мақсатсыз, себепсіз жер қазу, әсіресе балалардың жер қазып, топырақ шашып ойнауы – жаман ырым, оны өлім тілегенмен бірдей көріп, қатаң тыйым салынады. Сол секілді жерді тепкілеуге болмайды, киесі ұрады делінеді. Адамның артынан топырақ шашу қарғыстың ең жаманы саналады. Өте бір маңызды нәрсеге серт еткенде, уәде жасап, сөз бергенде топырақ жеп, ант етеді. Мұның да жолы – ауыр. Егер айтқанын орындамай, өтірік ант берген болса, Жердің құдіретіне, киесіне ұшырайды деп түсіндіріледі. Өйткені ол Жерді куәлікке тартты.

Найзағай түскен адамды жер қазып жатқызып, топырақта ұстап емдеген. Жер адам бойындағы артық энергияны өзіне қабылдап, адам денесін тазартады. Қазіргі кезде электр тоғы соққан адамды алдымен топыраққа көметіні сол халықтың емінен алынған. «Атың шықпаса, жер өрте» деп қазақ жер өртеуді

үлкен қылмыс санайды. Өйткені, топырақ күйіп, ылғалынан айырылады, топыраққа түскен өсімдік дәндері, тамыры қоса күйеді. Ал өсімдік шықпаса, мал қырылады, мал қырылса, адамның тіршілігі тығырыққа тіреледі деп түсіндіреді. Қарапайым әрі талас туғызбайтын қисыны берік ұғым екеніне дау жоқ. Тілімізде «өртенге шыққан» дейтін тұрақты тіркес сөз бар. Бұл – өртенген жерге әйтеуір аман қалып, жауын-шашынның нәр беруімен өскен шөпті бағалау. Кейде бейнелі түрде бұл сөзді адамға да арнап айтады. Үлкен төңкерістен, аштықтан, 37-жылғы нәубеттен, кешегі Екінші дүниежүзілік соғыстан тозып, еңсесі түскен халықтың енді өсіп жатқан ұрпағын, оны ішінде қаулап бас көтерген ғалым, ақын-жазушы, суретші, өнерпаздары мен еңбек ерлерін «өртенге шыққандар» деуге болады.

«Біздің қазақтардың кіндігі туған жеріне жабысып қалған», - деу – ақиқат шындық. Көшпенділер ұлтарактай жері үшін жанын да, қанын да, қайрат-жігерін де аямаған. Қазақ – жер сатпаған халық. Оны анасын сатумен бірдей көрген. Жерін жатқа тарту етпеген. Патшаның қол астына бағынған соң кетті ғой қазақтың небір құйқалы атақоныстары. Бұл үдіріс оқтын-оқтын әлі тоқталған жоқ. Күні кеше Хрущевтің дәуірлеп тұрған кезінде әкесі Сергейден қалған мұрадай қазақтың едәуір жерін көршілерімізге бөктертіп жіберген жоқ па?!

**Бесінші қазына – Су.** Сусыз тіршілік жоқ. Бүкіл адамзат, қыбырлап-жыбырлаған барлық жан иелері, өскен-өсімдіктер тек су арқылы өмір сүреді. Жерді анаға теңеген халқымыз суды да ертеде «Су-ана» деп қасиеттеген. Анасыз адамның өмірге келмейтіні секілді су жоқ болса, өмір сүру де жоқ. Сондықтан қазақ ұғымында суға түкіру ананың бетіне түкіргенмен бірдей саналады. Суға жуынды төгу, дәрет сындыру қылмыс, күнә саналады. Су – таза. Оның тазалығын сақтау өмір-тіршілікті сақтау екенін бұрынғы замандарда өткен ата-бабалар жақсы түсініп, бізге өсиет еткен. «Таза болсаң судай бол, бәрін жуып кетірген», «Сулы жер – нулы жер», «Бұлақты жер – құрақты жер», «Толысып аққан дария – мейірбанды қария», «Бұлағы болмаса, өзен де сарқылар», «Жылай-жылай құдық қазсаң, күле-күле су ішерсің» деген мақалдар бар. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деп тыйым айтады. «Сумен ойнама, батарсың» деп сақтандырады. «Тау мен тасты су бұзар» деп судың ғаламат күшін ұқтырады. Шошынып ауырған адамды сумен ұшықтап емдейді.

**Алтыншы қазына – От.** От – Күннің жердегі ұшқыны. Қазақта «от көктен түскен» дейтін көнеден келе жатқан сөз бар. Бұл шындықпен астарласып жатыр. Ертедегі адамдар шатыр-шұтыр найзағай ойнап, аспаннан жерге түскенде жанды-жансыз нәрселерді өртеп, күйдіріп жіберетінін көрген. Көріп қана қоймай, отты пайдалануды, оның жойқын күшін игеруді үйренген. Отты жылу, жарық беретін, суықтан қорғап, ауру-сырқаудан сақтайтын құдіретін жан-тәнімен түйсініп-түсінген. От бар жерде өмір бар. Адамзат отты пайдаланып, меңгеру арқылы әлемге тарап, өсіп-өнді. От арқылы небір кереметтерді жасап, өмірге келтірді. Қазақ халқы От-ана деп жылуы мен жарығы үшін отты да анаға теңеген.

Көшпенділер ерте кезде оттың атын киелеп «алас» деп атаған. Адам науқастанғанда маздап жанып тұрған отты айналдырып ұшықтайды. Қыстаудан жайлауға көшерде, жайлауға шығаберісте көш жолына екі жағынан мол етіп от жағып, түйелі көшті, қоралы қойды, басқа да малды оттың арасынан өткізіп, ыстық жалынмен тазартады. Қазіргі біздің ұғымымызша, залалсыздандырады. Өйткені қыс бойы бір орында қозғалмай отырғандықтан қыстау ластанып, адамға, малға зиянды кесірлер жұғуы мүмкін. Ал жайлау – таза қоныс, оған ауру-қырсық апаруға болмайды деп бұл ырымды мықтап ұстаған.

Баланы бесікке бөлерде міндетті түрде отпен аластап, «алас, алас, әр пәледен қалас», - дейді. Жаңа түскен келіншек қайын ата босағасынан сәлем бере табалдырықтан аттаған соң, отқа май құяды. От лаулағанда жасы үлкен әжелердің бірі алақанын отқа тосып, одан кейін келіннің бетін сипап: «От-ана, жарылқай гөр, өмірін өзендей жарық ет!» - деп тілейді. Осылай келіннің алғашқы қадамын жылумен, жарықпен қарсы алып, келешегіне сәттілік тілеп тұр.

От ертеден бері шаңырақтың символы саналады. «Менің үйім» демей – «от басым», «от жаққан жерім», «бір үй» демей – «бір түтін», үй иесін «отағасы» деген әдемі тіркестер шыққан. От ырыстың тіреуі, үйдің қамқоршысы, береке-құты. Сондықтан отқа түкіруге болмайды. Айталық, адамдар бір нәрсені өте жеккөргенде, жиіркенгенде, жаман иістен жүрегі айнығанда түкіреді. Ал от – өте таза, ол – қасиетті, сол үшін отқа түкіру – күнә, бұл – тыйым. Сол секілді оттан аттау, отты аяқпен тебу анаңның басынан аттап, ананы тепкенмен тең саналған. Ешбір себепсіз от шығару, отпен ойнау – от күдіретіне жауапсыз қарағандық.

Қазақ ұғымында біреудің отын сабалау, отын өшіру – үлкен қылмыс. Ондай адамдар жазаға лайық. Тілімізде «оты өшті», «түтін түтетері қалмады» дейтін сөздер бар. Бұл «бір әулеттің ұрпақ жалғастығы үзілді, ешкімі қалмады» дегенді білдіреді. «Отың өшсін!» - дейтін сұмдық ауыр қарғыс осыдан шыққан. Қазақтар үйде адам бола тұра ертелі-кеш оты жанбайтын үйді молаға теңейді. Тірі адамның тіршілігі үйіне от жағудан басталады. Ертеңгілікте тұрғанда таза қолмен от жағып, алдымен өз үйіңнен дәм татуың міндет. Кешкілікте әсіресе бейуақта үй отсыз болмауы керек. Кейде ұрыс-жанжал болған шаңырақта от жанып, қазан қайнамай, дастарқан жайылмай үйдің берекесі кетіп, көңілсіздік басатыны бар. Ондайды халқымыз «от басы ала болса, кереге басы сайын бәле болады» деп татулық жоқ жерде от өшіп, үйден жылулық кететінін ұқтырады. «Отбасы тату болса, шырағы жанар» деп бірлікке шақырады.

От қаттыны жұмсартады, жұмсақты қатайтады, ласты тазартады, ажырағанды біріктіреді, көңілді жадыратады. Алайда, от бағаламағанды оңдырмай жазалайды. Әрбір адам отқа бір сәт қарап ойланып, оттай жылы, оттай өткір, оттай жұмсақ, оттай күшті, оттай мейірімді болуға тырысқаны қажет-ақ. Бабаларымыз оттың сан алуан қасиетін жан дүниесімен түсініп, ұғынғандықтан да неше түрлі ырымдар мен тыйымдарды, мақал-мәтел жұмбақтарды, өлеңдерді тамаша теңеу сөздермен өрнектеп, бізге мұра етіп қалдырған. «Шырағым» деген бір ауыз сөздің өзінде қаншама мейірім, ақ ниет,

ықылас жатыр. Әділ де шыншыл әрі шешен сөйлейтін кісіні «от ауызды, орақ тілді» деп, ержүрек, таланты мен талабы өрге сүйреп тұрған адамды «жүрегінің оты бар», «көзінде от бар» деп жатады.

**Жетінші қазына – Ит.** Ит адамзаттың жер бетіндегі алғашқы серігі, қорғаушысы. «Адам ата мен Хауа ана пейіштен қуылғанда жерге бірге келген» деген аңыз әлем халықтарының барлығы дерлігінде бар екен. Бұл да қызыл сөз емес. Итті басына ұрмайды, аяқпен теппейді, тамақ дәметкен итті «кет» деп қумайды. Әрине, бұл ырымдар қазір қалды ғой. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» дейтін сөз бар қазақта. Шындығында солай, оқыстан бірдеңеге ұрынып өлмесе, қартайған иттің қашан есігіңнен кетіп қалғанын білмей қаласың. Издесең де таба алмайсың. Таңғаларлық құбылыс. Енді бір аңызда «ит Адам ата мен Хауа анаға ілесіп келгенде ұртында бидай болыпты, сол бидайдан өсіп-өніп, көбейіп, дүниежүзіне бидай солай жайылған» делінеді. Біздің жеп жүрген нанмыз – иттің ырыздығы деп көшпенділер итті жақсы асыраған. Енді бір қызық бар. Табиғатта арпа, сұлы, бұршақ, тары, алма, өрік, сол сияқты дақылдар мен жемістердің жабайы түрі бар. Бірақ жабайы бидай жоқ. Болған емес. Адам өзге тамақтан жалықса да, наннан ешқашан жалықпайды. Алдында астың түр-түрі тұрса да, адам нан іздейді. Нан – пейіштен келген дәм дейді. Ар жақ-бержағын тереңірек ойланып, материалистік көзқарасты итеріп тастасаң, бидайдың ғарыштан келгеніне сенесің. Оны алып келген итті «жеті қазынаға» қосудың қисынды екеніне және иланасың, - деп ата бүгінгі сөзін осылай бітірді».

(«Инфо-Цес» газеті,  
31 тамыз 2012 ж).

### **Қасиетті қара шаңырақ**

**Киіз үй – «Атамыз Алаш, керегеміз ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз»** деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ-мекені. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен-жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, талғамы еш халықтан кем емес екен. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы – жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII-XIII ғасырдағы

мемлекеттердің Алтын орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан.

Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таң қалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен. 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы І Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте риза болған (Ә.Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі мұражайлардың бірінен қазақтың киіз үйін көргендігін жазды. Сондай-ақ Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері бар.

Көкшетаудағы Абылайдың ақ ордасы, Шыңғыс төренің 24 қанат ордасы, Жетісудағы Тезек төренің ордасы, Ырғыздағы Самырат байдың үйі, Ақмоладағы Паң Нұрмағамбеттің үйі сияқты елге аңыз болған үйлер көп болған. Киіз үй ішін жабдықтауға қазақ байлығын аямаған және сол арқылы қазақ дәулеті мен мәдениетін таныта білген.

Байлығымен елге аңыз болған Кіші жүзден шыққан Байсақал қызын ұзатқанда оған арнайы отау әзірлеткен екен.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орны өз дәрежесінде қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениеттің рөлінің артуы киіз үйге деген көзқарасты айқындады. Енді той-думанға тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнершеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен дәрежеленетін болды. Мысалы, тоқсаныншы жылдар басында Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың, Бұхар жыраудың, ұлы Абайдың, Жамбылдың тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Осы тойларда тігілген киіз үйлердің ішінде халықты таңқалдырған Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Көкшедегі 1991 жылы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. Ол 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше рет жүлделі бәйгелерге ие болды. Бұл орданы дайындап, ұмыт болған істі батылдықпен қолға алған Торғай азаматтары, сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының жерлестері – Аңсаған Қоңқабаев және Болғанбай Қойшиндер еді.



Бұл киіз үйді ХХ ғасырдағы қазақ ордасының басы десе де болады. Орданың биіктігі 8 метр, ішіне жүздеген адам еркін сияды. Киіздері ақ тоқтының жүнінен басылған. Іші-сырты тек қана ұлттық бұйымдармен, киімдермен, тұрмандармен жабдықталған. Желбау, басқұр, тұскиіз, ыдыс-аяғы, ең ақыры, төсенішіне дейін қолдан шыққан қазақы дүниелер. Бұл жерде осыған өлшеусіз үлес қосқан Ахмет ауылының қыз-келіншектерінің баға жеткісіз еңбегін айтпай кетуге болмайды. Бұл орда бір ауылдың емес, бүкіл қазақ елі мәдениетінің, өнерінің үлкен табысы деп бағаланды.

**Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:**

1. **Төр.** Мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл – киіз үйдің жоғары әрі қымбат орны. Жас келіндер бұл жерде отырмайды.
2. **Сол жақ** (кіргенде оң жақ) – үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды.
3. **Оң жақта** (кіргенде сол жақ) балалар орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді.
4. **От орны** қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылып, қазан асылады.

**Киіз үй негізгі 3 бөліктен құралады:**

1. **Үйдің сүйектері** (ағаштан тұратын бөліктері).
2. **Киіздері** (ши де осыған кіреді).
3. **Бау-шулар** (баулары мен басқұр, арқандары).

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайында үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су өтпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен, шыммен шалылап, қоралайды.

Үйдің сүйегін үйшілер жасайды, оны «**үй басу**» дейді. Қажетті ағаштар 6 ай, кейде бір жылдай көлеңкеде кептіріледі. Мезгілі жеткен кезде үйшілер бұл ағаштарды қажетінше жонып, морға, қозға (ыстық қоламтаға) салып балқытып, тезге салып түзетіп алады. Олар үй сүйегіне лайықталған ағаштарды жонып, түзетіп шауып, қырнап болғаннан кейін, оны тағы да морға салып, кереге, уыққа, күлдіреуішке лайықты ырғаққа (қалыпқа) салып, белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді де, оны құрастыра бастайды.

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «**Керегең кең болсын!**» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені, үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге құрайтын ағаштарды желі, оның ұзынын ерісі, қысқаларын сағанақ, балашық деп атайды. Желілердің басы мен аяғына әдемілік үшін ойып, сызықтар (ыру) жүргізеді. Желілерді тесіп, түйенің мойын терісі немесе өгіздің бас терісінің сірісі (қайыстары) арқылы көктейді. Керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла, ал ортасы дөңестеу жасалады. Дайын керегені қанат деп атайды, яғни 18 қанат үйде 18 кереге болады. Кереге үлкен-кішісіне қарап торкөз, жел көз деп бөледі. Торкөзді кереге әдемі әрі берік болады.

Киіз үйде есік екеу болады: **ішкі есік** – сықырлауық – ағаштан жасалады, екіншісі – **киіз есік** – киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Киіз есік ашық күндері маңдайшаға дейін шиыршықталып жиналып

қойылады, жай күндері күн түспес үшін, оның бір жағы бақан арқылы ашық тұрады.

Ағаш есік маңдайша, екі босаға, табалдырық және екі жарма есіктен құралып, керегеге бекітіледі. Керегелер бір-біріне таңғыш құр арқылы жалғасады. Кереге бастары арқылы тартылатын бас арқан маңдайшаның екі жағына мықтап байланады. Үйдің барлық ауырлығын, ұстайтын, беріктігін сақтайтын бас арқан. Сәндік үшін бас арқан тұсынан және кереге басы туырлықты қажамас үшін басқұр жүргізіледі.

**Уық** – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық алақан, иіні, қары және қаламы деген атаулардан тұрады. Ол иінінен ішке иіле жасалады, яғни үйдің күмбезді үлгісі осы уықтан басталады. Уық алақандағы уық бау арқылы кереге басына байланып, қаламы шаңырақтың қаламдығына сұғылады. Қалам мен қаламдық төртбұрышты қырланып, ойылады. Мұндай уық берік болады әрі ауып, қисайып кетпейді. Қанат санына қарай уықтың саны да, ұзындығы да өсе береді. Әр үйде көлеміне қарай 60-160-тай уық болады.

**Шаңырақ** – киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар. Киіз үй шаңырағы тоғын, күлдіреуіш, кепілдік деген бөліктерден тұрады. Тоғынды, яғни шеңберді, қайыңнан оюлап, өрнектеп жасайды, жиілеп қаламдық ояды. Күлдіреуіш шаңырақ күмбез жасайды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозғалып кетпеуі үшін қызмет етеді.

Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін, оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды. Егер үй қайыңнан жасалса, оны өсімдік майымен майлайды. Ол ағашқа піл сүйегі түстес өң береді, әрі оған су сіңбейді. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, маңдайшасын оюлайды, өрнектейді. Аукаттылар күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейлейді.

Үй сүйегі әзір болған соң, оның киіздері жасалады. Киіздері кереге бойына туырлық, шаңыраққа дейін үзік, шаңырақты жабатыны түндік және киіз есік деп аталады. Олар қойдың ақ күзем жүнінен басылады. Ертеректе қазақта қой көп, сондықтан киіз үйге қажетті материал жеткілікті болған. Міне, осы жүннен киіздер дайындалады. Қазақ даласында жүннің көптігі сондай, 25 мың қойы бар қызылжарлық Қосшығұл деген бай қойдың жабағысымен құрт қайнатады екен. (С.Мұқанов. «Халық мұрасы», 99-бет. 1974 ж.). Оның әзірлеу, дайындау, пішу жолдары ұзақ бір ғылыми этнографиялық шығармаға лайық. Киіздер құр, баулар арқылы тұтылады. Олар туырлық бау, түндік бау, үзік бау, жел бау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін жабық дейді. Туырлық пен үзік баулары кестелі, оюлы жалпақ құрдан жасалып, үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі белдеу арқан тартылады. Үйге қолданылатын арқан түрлері де көп.

Шаңырақта желбау деп аталатын ою-өрнекті, 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, көшкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге әсемдік, көрік беріп тұрады.

Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін, оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздің берік болуына, су, жылу, суық өтпеуіне едәуір әсер етеді.

Киіз үйдің бір бөлшегі – кәдімгі ши. Оны жүнмен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны шым ши дейді, ораусыз шиді ақ ши дейді. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді. Оның әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ ши тұрғанда сырттан құрт-құмырсқа, кесіртке, жылан, тағы басқа жәндіктер кіре алмайды.

### **Киіз үйге байланысты ұғымдар**

Ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшегі қасиетті деп саналады. Соған орай ата-бабаларымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, теңеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік мәні бар қағидалы, қанатты сөздер де шығарған.

Ол қанатты сөздер шаңырақтан басталады. **Шаңырақ** – киелі мүлік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату – ежелгі халық жоралғысы. Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді. «Шаңырағың биік болсын!» деген батаның ең үлкені болса, «Шаңырағың ортасына түссін!» деген қарғыстың ең ауыры болып саналады. Шаңырақты аттамайды, көшкенде жеке түйеге артып, ол көш басында жүреді. Қыз ұзатылғанда мініп келген көлікті «шаңырақ түйе» дейді. Бұл көлікке ұзатылған қыздың шешесі, жеңгесі, сіңілілері ғана отырады. Тыныш отыр, шамаңды біл, дегенді білдіру үшін: «Шаңыраққа қара!» - деп, ескерту жасайды. Мысалы, үлкен іске үлес қосты, қала, зауыт салысты дегісі келсе, «Шаңырағын көтеріп, уығын қадасты», - дейді.

Керегеге байланысты сөздер де көп. «Керегең кең болсын» деген бата – үйің кең, қонағың көп, берекелі үй бол деген сөз. Біреу ақталу үшін: «Керегенің көгін жейін», - деп қарғанады. Біреу масқараға ұшырап, ұятқа қалса, ол туралы: «Керегеге таңылды», - дейді. Ештеңе бермеймін дегенді сеспен айтқысы келген адам: «Керегесін итіне қомдасын», - деп зіл тастайды. Күш көрсететіндер: «Керегесін кертемін», - дейді.

Тілге тиек етіп айтылатын сөздер туырлыққа да орай айтылады. Мал семіз болса: «Іш майы туырлықтай туырылып түсті», - деп мақтайды. Аяқ-қолы балғадай әйелді туырлықтай ту қатын деп, бейнелей айтады. Махамбет батырдың: «туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім. Керегесін кескілеп, отын етсем деп едім», - дегені – кегімді алсам, дұшпанымды жеңсем дегені. Бақан арқылы қазақ мықтылықты меңзейді. «бақандай бес жігіт» дегені қарулы мықтылықты ұқтырса, «барымды киіп, бақанымды таянып» дегені әзірленіп, күтініп отырмын дегенін білдіреді.

**(Сейіт Кенжеахметов).**

## **«КІНДІК ШЕШЕ» НЕМЕСЕ КІНДІГІНДІ КІР ШАЛМАСЫН, ҚАРАҒЫМ!**

Қазақта кіндікпен байланысты біршама ұғымдар бар. Әрқайсысының маңызы зор. Мәселен, «кіндік қаны тамған жер» деген сөз. Бұл адамның туған жерін, атамекенін білдіреді. Түрлі жағдаймен ел асып, жер асып кеткен азаматтар өздерінің кіндік қандары тамған туған жерлерін бір көріп, оның ештеңемен айырбастамайтын саф ауасымен бір тыныстап өлуді армандаған. Жаугершілік заманда жауынгерлер күреске аттанып бара жатып, туған жердің бір уыс топырағын орамалдарына түйіп ала жүретін болыпты. Алда-жалда жат жерде жерленетін болса, кіндік қаны тамған топырақтан салынсын дегені. Осыған орай, «кіндігі байланған» деген де ұғым бар. Яғни, өз өлкесіне оралып, кіндік қаны тамған жеріне маңдай терін тамшылатып, сонда еңбегін сіңірген адамды «кіндігі байланған» дейді. Бұл кіндік қаны тамған жерінен ұзамай, өз елінде қалған дегенді білдіреді. Ондай адамдар аса құрметтеледі.

«Кіндік шеше» деген де ұғым бар. Бұл қазіргі шала қазақтардың «крестный отец», «крестная мать» деп шатасып жүргендерінен мүлде бөлек. «Кіндік шеше» - баланы анасынан бұрын қолына ұстайтын адам. Адамның кіндігіне қолы тиіп, шешесінен кіндігін кесіп, ажыратып алған адамды «кіндік шеше» деп атайды. Мұсылман қауымында әйелдерді әйелдер ғана босандырып алу керек деген жазылмаған заңдылық қалыптасқандықтан, «кіндік әке» деген ұғым жоқ.

Қазақ ғұрпында келіні құрсақ көтерген күннен бастап, енесі кіндік шешесін сайлай бастаған. Кіндік шеше елдің анасы, құрсағына құт қонған бәйбіше болуы тиіс. «Кіндік шеше» болатын бәйбішені іштей дайындап жүрген ене бір күні ауыл әйелдерін жинап, кішігірім кіндік шеше сайлау тойын өткізген. Болашақ немересінің кіндік шешесі болатын адамға шағын сый-сияпат жасалып, келінді, бағып-қағу, құнарлы тамақтанып, іштегі баланың дұрыс жетілуін қадағалау тапсырылған. Босанатын сәтте кіндік шеше міндетті түрде келіннің жанында болып, баланы ең бірінші алақанына салып, кіндігін кесіп алады. Қазақта баланың мінезіне қаратылып, «кіндік шешесі бөленше еді, соған тартып кеткен» деген де сөздер айтылады.

Кеңестік саясаттың құрсауында болған қазақтың кіндігін кезінде кім кеспеді дейсіз. Содан да болар, бәлкім, елімізде шалақазақтар, өз ұлтын менсінбейтін пасықтар, сырты қазақ, іші мазак дүбәралардың көбейгені. Осыған орай, айтарым, ұлт үшін кіндік шешенің атқарар рөлі ерекше. Олай болса, осы дәстүр-ғұрыпты сапалы түрде жалғастырып, балаларымыздың өз ұлтының, нағыз қазақ ұлтының баласы, соның болашағы үшін қам жейтін азаматы болып өсі үшін күресуіміз керек.

Бірақ, қазіргі қыз-келіншектер басқалардан бұрын жандарына күйеулерін қалдырып жатады. Бұл да қазақ үшін жат нәрсе. Табиғатынан ұяң келетін қазақ әйелі күйеуінің көзінше қиналғанын көрсеткісі келмей, толғағы қайтып кетіп, балаға қиын болып жататын жағдайлар жиі кездеседі. Оның орнына дүниеге келетін баланың кіндік шешесі қасында болса, нұр үстіне нұр болған болар еді.

Осыған орай тағы бір айта кететін жағдай, жасөспірім, бойжеткен қыздар кіндіктерін ашып жүруді әдетке айналдырған. Қазақ жазды күндері болса да жеңіл көйлектің сыртынан қамзол киіп, кіндік тұсты қымтап ұстаған. Бұл

дегеніміз, болашақ ананы жас кезінен дұрыс тәрбиелеп, құрсаққа суық, жел тигізбей ұстаудың бір жолы. Қазіргі таңда бала санының азайып, тууға қабілетті әйелдердің азайып кеткендігі де осы кіндікпен тікелей байланысты екенін медицина дәлелдеп отыр. Сондықтан, аналарымыздың есінде, әкелеріміздің қаперінде жүрсін, қыздарыңызды кір шалмасын дегіміз келеді.

**Асылзат АРЫСТАНБЕК.**

## **Бата дегеніміз не?**

Біздің данагөй бабаларымыз: «Жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», - деп айтып кеткен ғой. Бата беру - адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Сондықтан да қазақтар ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атақты батыр, билерден, шашасына шаң жұқпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған.

Ата-бабаларымыздың өсиетнамасы саналатын ақ батаның шығу тарихы әлі терең зерттелген жоқ. Алайда бірқатар тіл мамандары: «Бата – арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі», - дейді. Яғни, бата – фатекенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру. Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы күдіретті күш.

## **Жұма – күндердің ең ұлығы**

### **Ұлық күннің мағынасы мен маңызы**

«Он сегіз мың ғаламның Жаратушысы жексенбіні Исаның (ғ.с.) қауымына, сенбіні Мұсаның (ғ.с.) қауымына, жұманы Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмметіне мейрам күні етіп сыйлаған. Сол себепті, мұсылмандар жұманы қуанышпен қарсы алып, Мешіттерге жиналады, мұнда дініміз, шарифат туралы үгіт-насихат, әңгімелер тыңдап, жұма намазын оқиды.

«Жұма» сөзі – «жинау», «бас қосу» деген мағынаны білдіреді. Ислам дінінің дағуатшылары мұсылмандар мешітке көптеп жиналатын осынау ерекше күн-жұманың қадір-қасиетінің артуын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өмірінің Мединеде өткен кезеңімен байланыстырады. Кезінде намазға жиналуды жұма күні өткізу саудаға қатысты мүддесі мен діни міндетін үйлестіре жүргізетін мұсылмандардың басым көпшілігінің оған қатысуына мүмкіндік беріп, жол ашқан-ды. Ал бұл бір жағынан, бұқара халық жиналған жерде Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үндеу тастауына, исламды насихаттауына ықпал етті. Сол күннен бастап жұма намазы үшін Мешітке бару әрбір мұсылманның міндеті саналып, жұма намазына жиналу нәтижесінде Құдайға құлшылық етуге келетін көпшілікті қабылдауға лайықталған арнайы Мешіттерді салу қолға алынды. Қазіргі таңда көптеген мұсылман елдерінде жұма – демалыс күні.

Құран Кәрімде «Жұма» сүресі бар. Осы сүренің соңғы аяттарында былай деп айтылған: «Әй, мұсылмандар! Жұма күні жұма намазына азан шақырылса,

Алланы еске алуға асығып өздерің барыңдар. Сауданы тоқтата тұрыңдар. Біле білсеңдер, сендер үшін ол жақсы».

### **Жұма күнінің қасиеті**

Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтады: «Жұма күні – күндердің төресі және Алла тағаланың қасында ең ұлығы. Ол – Аллаһ Тағала үшін Ораза айты мен Құрбан айтынан да ұзағырақ. Оның бес қасиеті бар:

1. Жұма күні Аллаһ Тағала Адам атаны (ғ.с.) жаратты;
2. Осы күні Адам ата (ғ.с.) Жерге түсті;
3. Осы күні Адам ата (ғ.с.) жәннәтқа кірді;
4. Жұма күні бір сағат бар, сол сағатта адам баласы Аллаһ Тағаладан харамнан басқа не тілесе, соны береді;
5. Қиямет-қайым жұма күні болады. Періштелер, аспан, жер, жел, тау, теңіздер – барлығы да жұма күнінен қорқады».

(Хадисті Әбу Лубабадан «р.а.ғ.» имам Ахмад және имам ибн Мажап риуаят еткен).

Аллаһ Тағала жұма күнін мүбәрак Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) және оның үмметтеріне сақтаған. Сол себепті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің үмметім бұ дүниеге үмметтердің ең алды болады», - деген. Жұма күнінің қасиеттері өте көп:

1. Жұма күні – міскіндердің қажысы;
2. Адам ата (ғ.с.) мен Һауа ана жұма күні некеленді;
3. Сүлеймен (ғ.с.) мен Балқис, Жүсіп (ғ.с.) пен Зылиха, Мұса (ғ.с.) мен Сафура жұма күні некелесті;
4. Мұхаммед (с.ғ.с.) пен Хадиша және Айша аналарымыз жұма күні некелерін қидырды;
5. Аллаһ Тағала жұма күнінің құрметіне 600 мың адамды тозақтан азат етті. Әр жұма сайын солай жасайды.

Діни пәтуа деректеріне арқа сүйесек, жұма күні мына әлем, Һауа анамыз жаратылған, Аюб пайғамбарымыз (ғ.с.) ауруынан жұма күні айыққан, Адам ата жәннатта Аллаһ Тағаланың тыйым салған жемісін жеп, одан шығарылған.

Жұма күні жасалған ғибадаттарға басқа күндерде жасалған ғибадаттардан екі есе артық сауап беріледі. Жұма күні істелген күнәлар да екі есе ауырлайды. Жұманың күндізі түнінен қадірлі.

### **Жұма күнінің сауабы**

Қасиетті жұманың сауабы екіге бөлінеді: Мұсылмандар бір бөлігін бұл өмірде көреді, екінші бөлігі қияметте тиеді. Жұманың қасиеттілігі күнінде емес, мұнда жамиғаттың бір жерге жиналып, мұсылманшылығын танытуында, бірігіп құлшылық жасауында, оны мейрам санауында. Жұма күні негізінен, бейсенбі күнгі екінті намазынан жұма күнгі намазға жиналғанға, одан кейінгі аралыққа дейінгі ғибадат жасау мерзімі. Жұма күнінің сауабы жөнінде Ұлық Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде көп айтылған.

### **Хадис – шәріптен:**

«Мұсылман жұма күні ғұсыл алып, жұма намазына барса, бір апталық күнәлары кешіріледі және әр қадамына сауап жазылады».

«Сенбі күндері яһудилерге, жексенбі күндері христиандарға берілгені сияқты жұма күні мұсылмандарға беріледі. Бұл күні мұсылмандарға – қайырым, береке және жақсылық берілді».

«Жұма күнінің келгеніне қуанған мүминге күн сайын соншама сауап жазылады, оның сауабын тек Аллаһу Тағала біледі».

«Жұма күні қайтыс болған мүминдерге шәйіттің сауабы беріледі және қабр азабынан қорғалады».

«Күндердің ең қадірлісі – жұма. Жұма мереке күндерінен және Ашура күнінен де қадірлі. Жұма – дүние мен жұмақта мүминдердің мерекесі».

«Ата-анасының немесе екеуінің бірінің қабіріне әр жұма сайын баратын адамның күнәлары кешіріледі. Ақыларын өтеген болып саналады».

«Жұма күні тырнағын алған адам бір апта пәле-жаладан қорғалады».

«Жұма – кедейлердің қажылығы және мүминдердің, көк өкілдерінің мейрамы, сондай-ақ, жұмақта да мереке күні. Күндердің ең жақсысы, ең қадірлісі жұма болып табылады».

«Жұма – жақсылықтардың қазынасы және жақсы нәрселердің қайнар көзі».

### **Жұма күнінің тәртібі мен әдебі**

Таңертең мұсылмандар жуынып, таза киімдерін киіп, әртүрлі жұмыстарынан жеңілдеп, Мешітке баруға, ондағы жұма намазына қатысуға әзірленеді, үстеріне жұпар иіс себінеді. Негізінен, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, жүрегінде иманы бар әрбір мұсылманға Мешітке барып, жұма намазын оқу – парыз. Хадис – шәріпте көрсетілгеніндей, төрт адамға: құлға, әйелге, сәбиге, науқасқа жұма намазын оқу, Мешітке бару бұйырылмайды, оларға жеңілдік беріледі.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма әдебі, тәртібі хақында былай деген: «Ер адам жұма күні жуынып-шайынса, шамасы жеткенше тазаланса, иіс май жағып, үйінен жағымды иіске бөленіп шықса, екі адамның арасын бөлмесе, жазылған намазын орындаса, имам сөйлеген кезде үндемесе, міндетті түрде оның осы және келесі жұманың арасындағы өткен күнәлары кешіріледі».

Жұма намазында мемлекет қайраткерлері мен қарапайым жұмысшы, бай мен кедей, ақ түсті, қара өңді мұсылмандар бір сапта тұрып, Аллаһқа сәжде ететіндіктен, олар Мешітте тең болады. Сондықтанда ешқайсы да өздерін жоғары, төмен санамай, бауырлардай жүздесіп, бірлікте ғибадат жасауға міндетті. Егерде біреу-міреу жанындағы кісіге – намазханға: «Мен – басшымын, сен – қосшысың. Неге менен жоғары тұрсың, неге менімен иық тірестіре намаз оқисың?», - десе, бұл – үлкен күпірлік.

Жұма күні баянды, ғибадаттар кәміл болуы үшін шарифат көрсеткен мына тәртіп пен әдептер бұлжытпай орындалуға тиісті:

1. Жұма күнгі ғибадатты бейсенбі күнгі екінті намазы уақытынан бастау қажет. Сол уақыттан бастап Аллаһа мадақ, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат және истиғфар айтылады, қосымша намаздар мен дұға жасау басталады.

2. Мұсылман аптасына бір рет шомылып тұруға тиісті болса, жұма күні шомылғаны өте жақсы.

3. Таза, бүтін киініп, жұпар иіс себініп, Мешітке барып жамағатпен бірге намаз оқуы – парыз.

4. Жұма күні жаман сөз айтпауға, біреуді ғайбаттамауға, күнә жасамауға тиіс.

#### **Жұмадағы тілек қабыл болатын «сағат»**

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар айтқан: «Онда (жұмада) бір сағат бар. Мұсылмандардан кімде-кім сол сағат ішінде намаз оқып, Аллаһтан қажетін сұрайтын болса, Аллаһ оған береді», - деп. Осы сөздегі «сағатты» көп адам алпыс минуттық уақыт деп ойлайды. Шындығында ол «аз уақыт» деген мағынаға ие. Яғни, бұл уақыт аз болғандықтан, оны дұрыс пайдалана білу қажет.

Бір хадисте осы «сағат» жұма күнінің ішінде деп баяндалса, екінші бір хадисте ол имам мінберге шығып, хұтба оқитын уақыттан бастап жұма намазын оқып бітіргенше деп айтылады. Үшінші хадисте бұл «сағат» намазға такбир айтылғаннан бастап намазды оқып бітіргенше деп хабарланады. Әрқайсында әртүрлі мағлұмат. Егерде Аллаһ Тағала жұма күніндегі сол «сағат» уақытын анық көрсетсе, пенделер сол мезгілде ғана ғибадат етіп, қалған уақытта ықылас танытпауы да мүмкін ғой. Осы «сағат» уақытын білмегендіктен мұсылмандар күні бойы ғибадат жасауға құштар. Мұның бәрі Аллаһ Тағаланың мұсылмандарды жұма күні таңертеңнен кешке дейін құлшылық жасауға қызықтыруы.

Әбу әл-Жағд ад – Дамрийден (р.а.) риуаят етілген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Кімде-кім жұма намазын үш рет себепсіз (елемей) қалдырса, Аллаһ оның жүрегін мөрлеп қояды».

#### **Жұма намазы**

Жұма күндері бесін намазының орнына екі рәкәғат жұма намазын оқу – парыз. Бес уақыт намаздың шарттарымен бірге жұма намазының екі түрлі өзіндік шарты бар. Олар:

1. Жұма намазын оқитын мұсылманға қатысты шарттар.
2. Жұма намазына қатысты шарттар.

#### **Жұма намазының парыз болуының 7 шарты:**

1. Еркек болу (әйел немесе қос жынысты болмау).
2. Азат болу (тұтқын немесе қамауда болмау).
3. Тұрғылықты болу (сапарда болмау).
4. Дені сау болу (намазға бара алмайтындай науқас болмау).
5. Көздерінің жақсы көруі (зағип болмау).
6. Аяғы сау болу (кемтар болмау).
7. Намазға баруға кедергі және себептің болмауы (дұшпан қаупі, қатты нәсер, жаман жол, т.с.с).

#### **Жұма намазының оқылуы үшін 6 шарт:**

1. Жұма намазы оқылатын жер қалалық жер болу (рұқсаты бар ауылдарда да жұма намазының оқылуы мүмкін).
2. Имамдықты мұсылмандар басшысының немесе оның орынбасарларының біреуінің атқаруы.



3. Бесін намазының уақытында оқылуы.
4. Жамағатқа арналып хұтпаның оқылуы.
5. Жамағат яғни, имамнан басқа үш мұсылманның болуы.
6. Жалпы халыққа арналған ашық Мешіттің болуы.

Жұма күні қабірлерге зиярат етіледі, бұл күні тозақтың оты қатты ыстық болмайды, жәннаттағылар Аллаһ Тағаланы жұма күні көреді, жұманың күнінде, түнінде қабір азабы тоқтатылады.

### **Жұма күні туралы**

Сахабалардың бірі – Каъб жұма жайында былай деген: «Аллаһ Тағала қалалардан – Мекке қаласын, айлардан – Рамазан айын, күндерден – Жұма күнін, түндерден – Қадір түнін ұлық етті. Жұма күні аспандағы құстар да бір-біріне жолыққан уақытта: «Жақсы күннің жақсылығы болсын», - деп сәлемдеседі».

Ислам дінінің ғұламалары: «Аллаһ Тағала пенделеріне көп жақсылықтар береді. Соның көбісі бейсенбі күннің кешінде, жұманың күндізінде сұраған пендесіне тиеді. Жұма күнінің қасиетін бейсенбі күннен бастап күткен адамның несібесі мол болады екен», - дейді.

Иә, жұма күнінің мархаматын, сауабын іздемеу – жақсылықтан мақрұм қалумен тең. Ондай жандардың жүрегі қатайып, онда мейірімділік, ізгілік оты өшеді, бойынан иманы қашып, өзі жапандағы жалғыз ағаштай жалғыз қалады».

**Максұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

### **Тәмсіл**

Ертеде бір әйелдің үш ұлы болыпты. Ұлдары жігіт болып ержеткен соң, өнер үйреніп, ел тану үшін алыс жолға сапарға шығады. Сонда анасы ұлдарына қалай дос табу керектігін айтып, ақыл-кеңес береді.

Үлкен ұлына былай дейді: «Жолдың ортасына келгенде әдейі тоқтап, қасындағы жолдасыңа ер-тоқымыңның айналып кеткенін айтқын, сен алға озып жүре бер, мен ізіңнен қуып жетемін», - де. Егер ол саған көмектеспей кетіп қалса, дос болып жарытпайды, балам!».

Сосын ортаншы баласына қарап, оған мынадай кеңес береді: «Жолшыбай қарның ашқанда, дорбаңнан наныңды алып жаныңда келе жатқан серігіңе ұстатып, екеуміз бөліп жейік», - де. Егер ол өзіне нанды көбірек сындырып, ал саған азғантай бөлігін берсе, сараң адам болғаны, ондай жан қиын күндерде сенімен бірге қалмайды.

Кенжесіне айтады: «Жолың тұйыққа тіреліп, алдыңнан қарақшылар жолықса, бірге келе жатқан досыңа «алға қарай шап, өз өміріңді құтқар!» - дейтін бол. Сол кезде алды-артына қарамай сені тастап шаба жөнелсе, ол барып тұрған сужүрек, ондайлар нағыз дос бола алмайды!

### **Мәдениет және иман**

Тіл – адам мен адамды, халық пен халықты жақын достастыратын ерекше құрал, достықтың құралы, еліміздегі бірліктің негізі.

«Сөйлеу мәдениеті» ұғымына тоқталар болсақ, мәдениет сөзі араб тілінде «сәқафә» деп аталады. Бұл сөздің тілдік мағынасы – әдептілік, парасаттылық. Бұған қоса, сәқафә сөзі білім беру, тәрбиелеу, оқыту-үйрету, ақыл-ой тәрбиесі деген ұғымдарды да қамтиды. Сонымен қатар мәдениет сөзінің әлеуметтану ғылымындағы анықтамасы, белгілі бір халық қалыптастырған әрі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан білім беруі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен күнкөріс жолдарының жиынтығын айтады.

Мәдениеттің өзі екіге бөлінеді екен. Материалдық және рухани мәдениет. Соның ішінде тіл мәдениеті рухани мәдениетке жатады.

### **Әдептілік**

Әдептілік арабша «Адаб», зауқ дегенді білдіреді. Ислам діні бойынша әдеп үш түрге бөлінеді. Олар:

1. Аллаһ Тағаладан болған әдеп.
2. Пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) болған әдеп.
3. Адамдармен болған әдеп.

Адамдармен әдеп ең бірінші отбасында қалыптасып, орнығады. Бұл Сіздің ата-анаңызға көрсететін әдебіңіз. Адамдар әке-шешесінен кейін әйелге әдептілік танытуға тиісті. Мұнан кейін көшеде, қонақта, жұмыста, қоғамдық орындарда әдептілік сақтауға тиісті.

### **Сәлемдесу әдебі**

#### **Әлем елдері қалай сәлемдеседі?**

Сәлемдесудің де өз әдебі, жөн-жосығы бар. Әр халықтың сәлемдесу үрдісінде өзіндік ерекшеліктер болады. Мәселен, Ресейде бірінші болып ер адам қол ұсынады, Англияда керісінше келеді. Жігіт қолғабын шешу керек, ал әйелдерге шешпеуге рұқсат етіледі.

Тәжікстанда отағасы келген қонақтың қолын екі қолымен қысады.

Сауд Арабиясында үй иесі келген қонақпен қол алысып болғаннан кейін, сол қолын оң иығына қояды да, екі бетінен кезек-кезек сүйеді.

Ирандықтар бір-бірінің қолын алып болғаннан кейін, оң қолдарын жүрек тұсына қояды.

Конгода көрісіп қалған адамдар қол беріседі де, түйіскен жерді үрлей бастайды.

Африкалық масай тайпасында амандаспас бұрын қолдарына түкіріп алады.

Кениялық акамбалар қол беріп әуреге түспестен, бір-біріне түкіре салады.

Жапондықтар мен корейліктер иіліп сәлем беруді құп көреді. Жапондардың амандасу салтында үш түрлі тәжім ету рәсімі бар. Төмен, орташа және жеңіл иілу. Жапон жастары өзінің ұстазын - немесе жасы үлкен адамды бірінші кездестіргенде оған орташа иіліп тәжім етеді. Бұдан кейін де сол күні онымен әр ұшырасқан сайын жеңіл иіліп сәлемдесуі керек. Және бұл еткенде олардың екеуінің де бір сәтте иілуі шарт. Бірақ жасы кішісі үлкеннің алдында төменірек тәжім жасауға тырысады.

Қытайлықтар қол берісіп амандасқанымен, жаңа таныстықта шапалақ ұрып жатады.

Орталық Шығыста қолдарын кеуде тұсқа жинап (оң қол сол қолдың үстіне қойылады), бастарын төмен түсіреді.

Солтүстік Африка елдерінде адамдар қолдарын бірінші маңдайға, екінші ерінге, үшінші кеудесіне қояды. Бұл – өзімді ойлаймын, сен туралы айтамын, сені сыйлаймын дегенді білдіреді екен.

Замбезияда отыра қалып, қол шапалақтайды.

Тайландта біріккен алақанды басқа немесе кеуде тұсына көтеріп амандасады да «вай» деген сөзді айтады.

Тибеттіктер оң қолымен қалпақтарын шешіп, сол қолын құлаққа қояды да, тілдерін шығарады.

Жаңа Зеландияда жергілікті тұрғындары да тілді шығарып, көздерін тасыраңдатады. Оның алдында алақандарын белге ұрып, аяқтарын тарсылдатады да, тізелерін бүгеді.

Эскимостар бір-бірінің бастарын және белдерін жұдырықпен ұрады (күшпен емес, әрине).

Аустралияның жергілікті тұрғындары билеп қарсы алады.

Карибтік Белизде қолды жұдырықтап кеудеге қояды, бұл – достыққа шақырудың белгісі.

Үнділер екі алақанды біріктіріп, маңдайға тиігізіп бас иеді.

Қазақ дәстүрінде бірнеше сәлемдесу реттері қалыптасқан. Жасы кішілер үлкендермен, ақсақалдармен кездескенде, әдетте «Ассалаумағалайкум», - деп қол алысады. «Ассалаумағалайкум» - араб сөзі. Оның мағынасы «Сізге тыныштық тілеймін» дегенді білдіреді. Оған жауап, яғни сәлемді алу ретінде айтылатын «Уағалейкумассалам» сөзі «Сізге де тыныштық тілейміз» дегенді ұқтырады. Содан кейін барып: «Үй-ішіңіз, мал-жаныңыз аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма?» деген сияқты хал-жағдайды білісу, жөн сұрасу, рәсімі жалғасады.

Ал өз қатарларымен амандасқанда бір-бірімен «Сәлеметсіз бе?» деп саулық сұрасады. Жасы үлкен аналарға, әжелерге сәлем бергенде - «Амансыз ба?», ал Қазақстанның кей өңірлерінде «Сәлем бердік» деп амандасу қалыптасқан. Мұндайда үлкендердің беретін жауабы - «Бақытты бол!», «Көп жаса!» сияқты бата реуішті ықылас-пейілді сөздер.

Қазақ дәстүрінде жаңа түскен келін үлкен адамдарға тізесін сәл бүгіп сәлем етеді. Жалпы келін атаулы қайын ата, қайын аға және басқа сыйлы үлкендерге осылайша тізе бүгіп сәлемдеседі. Жасы келіп қалған үлкен аналарымыздың үй иелерінің жасы кішілігіне қарамай, қарашаңыраққа сәлем ететін дәстүрі бар. Сол сияқты ет жегеннен кейін дастархандағы табақты аларда келін тізе бүгіп сәлем береді. Осының бәрі - халқымыздың биік мәдениетін, бекзаттығын танытатын сәлемдесу әдебі. Көңілге шуақ ұялатар, жасы кішіге соншалықты жарасып тұрар, ғасырлар бойы қалыптасқан осындай қырмызы мінез, инабатты әдеп үрдісінен «ескіліктің қалдығы» деп теріс айналмай, ата-бабаларымыздан қалған биік мәдениет деп мақтан тұтып, оны одан әрі

жалғастыруымыз керек. Өкінішке қарай, бізде жат елдік сәлемдесу үрдістеріне бейімделу көбірек. Соңғы кезде бір байқалатын жағдай: реті келсін, келмесін беттен сүйіп амандасу үрдіске айналып бара жатыр. Бұл ретте әсіресе ер адамдар әйелдермен, қыздармен амандасқанда мейілінше ибалы, ізетті, сыпайы болуы, өзінің орнын білуі тиіс. Әдетте, ата-ана ұл-қызын бауырына басып маңдайынан, бетінен сүйіп көріседі. Ата-ене күйеу баласының, келіннің маңдайына ернін тигізеді. Жеңгесі қайын сіңлісін, апалы-сіңлілер бір-бірін бетінен сүйіп құшақтасып көріседі. Кейде көптен көріспеген аға-іні, ет жақын ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран да сәлемдесіп қана қоймай, құшақтасып амандасады.

Әр түрлі жағдайларға орай да амандасу әдебі бар. Мысалы: жасы үлкен болсын, кіші болсын көп адам жиналған жерге келген кісі ең алдымен көпшілікке сәлем береді. Сырқат, мүгедек адамға дені сау кісі бұрын сәлем береді. Әйелге ер адам бірінші сәлем береді. Жасы үлкенге - жасы кіші, бастығына қызметкері бұрын сәлем береді.

Қыздар мен жігіттер кездескенде ең дұрысы - жай ғана бас изесіп, амандық-саулық сұрасу. Егер қол алысуды дұрыс деп тапқан жағдайда қолды алдымен қыз ұсынады.

Тамақтанып отырған кезде үстел үстінде қол алысу дұрыс емес. Көпшілік отырған жерге кірген кезде отырғандармен жалпылай амандасады да, өз орнына жайғасқасын қасындағы көршісімен бас изеседі не қол алысады. Ал отырған адамдардың ішінде елде ұзақ уақыт болмаған не алыс жолдан келген немесе қатты сырқаттан соң кездесіп отырған адам болса, ондай кісімен арнайы қол алысып, жөн сұрасады. Сәлемдескен кезде орнынан тұрып, ізет білдіру - сыпайылықтың белгісі. Қызмет орнына, бөлмеге келген адамдармен ер кісі түрегеліп амандасады.

Сәлем беруге байланысты халқымыздың берік ұстанған қағидалары бар.

#### **Ол қағидалар:**

1. Танысын, танымасын, үлкен кісіге сәлем бермей өтпейді.
2. Ат үстінде тұрып сәлем бермейді.
3. Бір адам көп адамға сәлем беруі керек.
4. Атты адам жаяу адамға сәлем беруі керек.
5. Келе жатқан адам отырған адамға сәлем беруі керек.
6. Танитын адамдарға сәлемдеспей не сәлемін алмай өтпейді.
7. Дәрет үстінде отырған адамдар сәлемдеспейді. Моншада, әжетханада сәлемдеспейді.
8. Әкесінің, шешесінің көзін көрген адамдарға айрықша сәлем беріп, батасын алады.
9. Кешке не түнде үйге кірген адам «кеш жарық» деп айтады.

Ислам діні де адамдардың өзара сәлемдесуіне үлкен мән берген. «Егер сізге сәлем берілсе, сіз онан жақсырақ болмаса да, тап өзіндей етіп жауап қайтарыңыз», - делінген Ниса сүресінің 86-аятында.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан: «Исламның ең жақсы сипаттары қайсылар?» - деп сұрағанда, ол: «Аштарға тамақ беру, танитын һәм танымайтындарға сәлем беру», - деп жауап берген.

Олай болса, «Сөз атасы -сәлем» деп, сәлемдесуге үлкен мән беріңдер. Сәлемдесу өткінші емес, өмірлік нәрсе екенін ұғынындар.

### **Сәлемдесу шарттары**

\* Егер екі мұсылман бір-бірімен кездесе қалса, өзара сәлемдесуге міндетті. Олар дос па, араз ба - бәрібір. Өйткені сәлемдесу - Пайғамбарымыздан қалған сүннет. Сәлемді естіген әрбір мұсылман оны қабыл алып, жауап береді, бұл - «фарз айнға» жатады.

\* Әрбір мұсылманның бір-біріне «Алланың нұры жаусын!», «Сізге де Алланың нұры жаусын!» деп сәлем беретіні ежелден белгілі. «Ассалаумағалейкумді» айтқанда сәлем берген кісіңіз еститіндей, даусыңызды көтере түскеніңіз дұрыс.

\* Егер мұсылмандар бас қосқан көпшілік орынға барсаңыз, бәріне ортақ сәлем берген соң, жеке-жеке амандасып жатудың қажеті болмайды.

\* Амандасқан кезде біреуге басыңызды иіп, әйтпесе қолыңызды, иығыңызды қозғап ерсі әрекет жасамаңыз.

\* Әрине, құлағы естімейтін керең кісіге сәлем бергенде, оған түсінікті болу үшін қолыңызбен ымдап көрсетудің ешбір айыбы жоқ.

Ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Араларыңа сәлемді жайындар» - деп сәлемдесудің мұсылмандық міндет екенін өсиет етіп айтып кеткен. Егерде біз өзімізге берілген сәлемге сәлеммен жауап қайтармасақ, онда оған дұшпандық, өшпенділік танытқандай, жамандық ойлағандай оны күдікті жағдайға қалдырамыз.

### **Сәлемдесудің абзал түрі:**

«Әссәләму әләйкум уа рахматуллаһи уа бәрәкәтуһ».

### **Оған қайтарылатын жауап:**

«Уа алейкумүс сәләм уа рахматуллаһ уа бәрәкәтуһ».

Таныстарға сәлем беріп, сәлемге жауап алғанда екі арадағы татулық, ынтымақ нығайып, сыйластық артады. Ол адам жөнінде күдікті, жаман ойларға бармайсың. Сәлемдесу – Расулуллаһтың (с.ғ.с.) сүннеті.

Әдетте сәлемдескенде қол алысады. Онда адамдар алақандарын бір-біріне түйістіріп ұстайды. Ол – «Мусафих» деп аталады. Қол алысқанда саусақтың ұшын беріп сәлемдесу - әдепсіздік.

Мұсылмандар бір-бірімен ажырасарда өзара қайыр қош айтысып, жақсы тілек - ақ ниет білдіреді.

### **Қол алысу шарттары**

Егерде өзіңмен бірге туған апа-қарындасың, некелі әйелің болмаса, басқа әйелдермен қол алысып амандасудың қажеті жоқ.

Егерде қадірлі кісімен қол алысып амандасқаннан кейін оның қолынан сүйіп, құрмет көрсетсеңіз айыбы жоқ.

Туған-туысың, жолдас-достарың ұзақ сапардан қайтып оралса, әйтпесе оларды көптен бері көрмесең қол алысып амандасып, құшақтасып көрісіп, сәлемдесуіңе болады. Солардың ішінде жас балалардың бетінен, маңдайынан сүйген айып емес. Алайда ересек адамдардың (ерлердің) бір-бірімен сүйісіп амандасуы – ерсі саналады.

Қызмет орнына, бөлмеге келген адамдармен ер адам түрегеліп амандасады.

### **Көшеде жүру**

Сыртқа шыққанда асығып-үсігіп, жолай киініп, өкшенді тарсылдатып тез жүру - әдепсіздік. Асықпай, аптықпай, сабырлы қозғалған дұрыс.

Көшеге шыққанда аяқ киімді (туфли, кебіс, етік, пима т.б.), мәсіні жалаң аяқ киюге болмайды. Сыңар аяққа кебісіңізді, туфлиіңізді іле салып, көшеге шығу да әбестік. Шұлғауыңыз, шұлығыңыз таза болсын.

Жеке жүріп сейілдеудің сәкеттігі жоқ. Тек қасыңызда адамдар болса, олардың алдына түсіп, озып кетпеңіз.

Көшенің тар жерінде, қақ суы, балшық бар тұстарда басқа бір кісімен бетпе-бет кездесе қалсаңыз, қабаттаса жүрмей, жол беріңіз. Сонда екеуіңіздің де киімдеріңіз былғанбайды.

Көшеде келе жатқанда жан-жағыңызға алақтап қарай бермеңіз. Аяғыңыздың астына назар салыңыз.

Көпшілік жиналған жерлерде, базарда жұртты ығыстырып, кимелеп алға ұмтылмаңыз. Мұндайда біреуді қағып-соғып, аяғын басып кетуіңіз мүмкін.

Сөйлесіп тұрған адамдардың ортасынан бұзып өтпеңіз. Әйелдерді қағып-соғып кету тәрбиесіздік, дәрекілік екенін ұмытпаңыз.

Көшеде дін жолындағы құрметті кісілерді кездестірсеңіз, олардан озып, алдына түспеңіз және де ырым жасап олардың ізін басып жүрмеңіз.

Танысыңызбен кездессеңіз, көшеде тұра қалып бос сөзбен уақытын алмаңыз. Жеке шаруаңыз болса, шеткері шығып айтыңыз.

Келе жатқанда жолда тас, кесек, шыны тәрізді өзгелерге зияны тиетін заттардың жатқанын көрсеңіз, оны шеткері шығарып тастаңыз. Егерде көтере алмасаңыз айыбы жоқ.

Қақырық, түкірік келіп қалса, алды, артыңызда келе жатқан адамдарды өткізіп жіберіп, оны сол жағыңызға қарай түкіріп, қақырып тастаңыз да, топырақ болса, көміп кетіңіз. Мұсылмандарға құбылаға қарата дәрет сындыруға, басқа да қажетін (діни емес) өтеуге болмайды.

Көшеде жәрдем, жөн сұраған адамға дұрыс жауап беріңіз. Қолыңыздан келсе көмектесіңіз. Қайыршыларды тілдеп, боқтап қумаңыз.

Көшеде еш мақсатсыз, бостан-бос сенделіп жүрген жараспайды. Жол үстінде келе жатқандар сәлемдеспей, өтпейді.

### **Жиынға қатысу, жиында отыру**

«Расуллуллаһ (с.ғ.с.):

«Сендерден кімде-кім ешқашан адамды отырған жерінен тұрғызып, орнына отырушы болмасын. Отырғанда ығысып, ыңғайласып отыруға

тырысыңыздар». (Хадисті Ибн Омардан (р.л.ғ.) Имам Бухари және Имам Муслим риуаят еткен).

«Сендерден кімде-кім отырған орынан тұрып, кейін қайтып келетін болса, ол сол орынға отыруға құқылы болады» (Хадисті Әбу Һурайрадан (р.л.ғ.) Имам Муслим риуаят еткен).

«Біз Нәбиге (с.ғ.с.) келгенімізде шеттегі бос орындарға отыра беретінбіз» (Хадисті Жәбир ибн Самурадан (р.л.ғ.) Имам Әбу Дауд және Имам Тирмизи риуаят еткен).

«Екі кісінің арасына тек солардың рұқсатымен отыруға болады» (Хадисті Ыамр ибн Шуәибтан (р.л.ғ.) Имам Әбу Дауд және Имам Тирмизи риуаят еткен).

«Бір адам баса – көктеп келіп төрден орын алды. Хузайфа (р.л.ғ.) оған қарап тұрып: «Алла Тағала пайғамбары Мұхаммед (с.ғ.с.) жиынға келіп, тілімен адамдарды жәбірлеп, төрге қарай ұмтылғандарды лағнеттеді», - деді» (Хадисті Әбу Мижләздан (р.л.ғ.) Имам Тирмизи риуаят еткен).

### **Жиында орынан тұру**

«Жиында болып, орнынан тұру алдында Расулуллаһ (с.ғ.с.): «Я, Аллах Тағала! Сен кемшіліктен пәксің. Я, Тәңірім! Барлық Өзіңе тән. Мен Сенен басқа Тәңірдің жоқтығына куәлік беремін. Күнәларім үшін жарылқау тілеп, тәубемді қабыл етуіңді тілеймін», - деді. Мұны естіген біреу: «Я, Расулуллаһ (с.ғ.с.)! сіз осы кезге дейін бұл сөзді айтпаған едіңіз», - дегенінде Ол (с.ғ.с.): «Бұл жиында айтылғанның кәффараты», - деп жауап берді». (Кәффарат – айып төлеу) (Хадисті Әбу Барзадан (р.л.ғ.) Имам Әбу Дауд риуаят еткен).

«Жиын бола тұрып, ол жиында Аллаһ Тағала еске алынбаса, ондай жиыннан тұрған қауым есектің өлімтігінің жанында отырған болады. Осының себебінен ол қауым қасірет шегеді». (Хадисті Әбу Һурайрадан (р.л.ғ.) Имам Әбу Дауд риуаят еткен).

«Жиында отырып Аллаһ Тағаланы еске алмаған және Оның Пайғамбарына (с.ғ.с.) салауат айтпаған қауымға Аллаһ Тағаланың тиісті жазасы болады. Аллаһ Тағала ондай қауымды қаласа жазалайды, қаласа жарылқайды». (Хадисті Әбу Һурайрадан (р.л.ғ.) Имам Тирмизи риуаят еткен).

«Аллаһ Тағаланы еске алмай отырған және ұйқыға жатқан адамға Аллаһ Тағаланың тиісті жазасы болады». (Хадисті Әбу Һурайрадан (р.л.ғ.) Имам Әбу Дауд риуаят еткен).

### **Көпшілік арасында**

Қонақта, үйіңізде, жиында, ойын-сауықта көпшілік арасында отырғаныңызда өзіңізді сабырлы, сыпайы ұстап, қызбалыққа салынбай, ұстамдылық танытыңыз.

Егерде осындай ортада ұстазыңызды, қамқоршыңызды кездестіре қалсаңыз, оған ерекше құрмет көрсетіп, алдына түсіп жалпақтап, жағымсыз қылық жасамаңыз. Сыпайы түрде ізет көрсетсеңіз болғаны.

Жиынға, тойға көпшілік арасына уақыт өткізу үшін ғана бармаңыз. Өйткені әрбір жиынның, отырыстың өзіндік мән-мақсаты бар.

Көпшілік арасына жуынып-шайынып, таза киініп барғаныңыз дұрыс. Сізден жағымсыз иіс шығып тұрмасын.

Иманды, парасатты, жақсы мінез-қылықты адамдар отырған жерге ғана барыңыз. Өйткені мұндай адамдармен сұхбаттасып, рухани жағынан байып қайтсаңыз, қаза болған намазыңызды кейін өтей аласыз. Егерде әдепсіз, тәрбиесіз адамдармен уақытыңызды босқа өткізсеңіз, оны кері қайтарып ала алмайсыз. Намысыңыздың да босқа қаза болғанына қатты өкінесіз.

Көпшілік арасында халыққа қадірлі кісі отырса, көбінесе жүзіңізді сол кісіге қарай бұрыңыз. Егерде екі-ақ адам бас қосса, бір-біріне қарама-қарсы отырады.

Адамдар дөңгелене алқа-қотан отырғанында, ортасына барып жайғасу – көргенсіздік.

Көпшілік арасында өзінді елден ерекше ұстап, ерлік істеріңізді, қайырымдылығыңызды, төзімділігіңізді, тағы да басқа қасиеттеріңізді, оқиғаларыңызды айтып мақтанбаңыз. Өзгелерді оған куәлікке тартып, «Түгеншеке, солай емес пе?» деп оны қостаушы етіп қоймаңыз.

Қасыңыздағыларды мінеп-сынап, жазықсыз тиісіп, кекетіп-мұқату, бейпіл сөйлеу – мәдениетсіздік, тәрбиесіздік. Көпшілік ортасында әйелге қол көтермек түгілі, оларға қатты сөз де айтпайды.

Жиналған жерде бөгде, танымайтын бір адам отырса, кім екенін, қайдан келгенін, не істейтінін, отбасын сұрап, мазасын алмаңыз. Олармен әдепті қарым-қатынас жасап, сыпайы түрде ғана танысыңыз.

Лажсыз жөтелсе, түшкіре қалсаңыз, қатты дыбыс шығармауға тырысыңыз. Бет орамалыңызбен аузыңызды, мұрныңызды жауып, түкірік, шашыратпаңыз. Түшкіргеннен соң «Әлхамдуллилаһ» деп айтыңыз.

Жиында, көпшілік арасында дөрекі әзіл-қалжың, әдепсіз анекдот айтпаңыз, тұрпайы қылық танытпаңыз.

Көпшілік арасында біреу ұқыпсыз, ұятсыз әрекеттер жасап, тіпті күнәлі істерге барса, жасы, лауазымына, туысқандық жақындағына қарамастан оған ескерту жасауға, теріс ісін түсіндіруге, елдің шырқын ала берсе көпшіліктің келісімімен оның ол жерден кетуін өтінуіңізге, талап етуіңізге құқыңыз бар.

Мұрныңызды шұқымаңыз, басыңызды қасымаңыз, құлағыңызды тазартпаңыз.

Ғалымдардың, дін дағуатшыларының, қадірлі кісілердің айтқанын тыңдау, одан ғибрат алу - әдептілік, ақылдылық.

Егерде реті келсе, сақал, мұрт өспейтін көсемдермен қатар отырмаған дұрыс. Жезөкшелердің де жанына жуымаңыз.

Қонақта, жиында, концертте әрлі-берлі қисайып, жаныңдағылардың мазасын алмаңыз. Оларға жөнсіз сұрақтар да қоя бермеңіз.

Көпшілік арасында мұсылмандар тең дәрежелі. Сол себепті мен: «мына кісілерден артық едім, төрге шығуға, олардан жоғарырақ отыруға тиісті едім» деп айтпақ түгілі олай ойламаңыз да. Тек есіңізде болсын, көпшілік арасында мұсылмандардың діни, рухани жетекшілеріне, Құранды жатқа білетін



қариларға, ел ағаларына, ақсақалдарға ерекше сый-құрмет көрсетіледі. Олармен дәреже таластырмаңыз.

### **Кісі үйіне кірерде**

Біреудің үйіне барып, есіктен ішке кірерде мынандай әдеп салттарын сақтау қажет.

1. Ең бірінші, үй иесіне баратыныңызды хабардар етіңіз. Сонан соң есігін қағып, келіп тұрғаныңызды білдіріңіз.
2. Егерде үй иесі сіздің келіп тұрғаныңызды, белгі берген сөзіңізді естісе, сіз сыртта тұрып-ақ «Ассалаумағалейкум!» деп дауыстап сәлем беріп, үйге кіруге рұхсат сұраңыз.
3. Сіздің осы сөзіңізден кейін үй иесі тарапынан «кіріңіз» деген рұхсат естілмесе, енді қайтіп есігін қағып, мазасын алмай, тездетіп кетіп қалуға тырысыңыз. Қайтсемде ішке кіріп сөйлесемін, қонақ боламын деп мізбақпай сарылып, сұранып тұрмаңыз. Есік ашпағанына ренжісеңіз де кетеріңізде артық, ғайбат сөз айтып кінәламай үйіңізге қайтыңыз.
4. Есігін қағып, дыбыс бергеніңізде іштен «Бұл кім?» деп сұраса, аты-жөніңізді, кім екеніңізді, тіпті неге келгеніңізді айтып түсіндіруге міндеттісіз. Сол жерде «түгеншенің танысы едім», «сіздің туысыңыздың досы едім» деп міндетсіменіз.
5. Егерде біреудің үйіне сол шаңырақ иесіне еріп барсаңыз, ішке енуге рұхсат сұраудың қажеті жоқ.
6. Біреудің үйіне шашуға, мереке, қуаныш құрметіне сыйлық ретінде арақ-шарап алып баруға болмайды. Кісі үйіне ақ ниетпен, адал, таза қалпыңызда барыңыз.
7. Үй иесінің жоғын біле тұра есігін қағуға, ол үйге кіріп әйелімен әңгімелесіп, дастарқандас болуға (ерлер үшін), қонуға болмайды.

### **Қонақ күту**

Ұлық Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өсиеті бойынша адамдарды қонаққа дәулетті бай кісілермен бірге шақырып, оларды бөліп тастамаңыз. Жасыратыны жоқ, кейбір кісілер дәулеттілерді дәулеттілермен ғана, кедейлерді кедейлермен ғана бірге шақырып, жеке-жеке күтіп, қошамет көрсетеді. Бұл дұрыс емес. Өйткені, ақ дастарқан, ондағы адал ас «бүгін байлардікі», «ертең кедейдікі» деп бөлінбейді. Және де қонақта негізінен адамдарға құрмет ең бірінші жасына қарай көрсетіледі. Мұсылмандар дастарқанында арақ-шарап, басқа да харам тағамдарға орын жоқ. Келген қонақтарға адал құрмет, ыстық ықылас білдіруге міндеттісің. Қонақтар көбірек отырып қалса «келіп бір қуанттыңыздар, енді кетіп бір қуанттыңыздар» деп әзілдеу - әбестік. Қонақ шақырғанда дастарқанға қойылған тағамдар жеткілікті, дәмді, таза, халал болуға тиісті. Сойған қойыңызды, асқан етіңізді «Базардан, жеке адамнан соншама ақшаға сатып алдық» дегендей әңгіме қозғамаңыз. Ол ұят болады. Сырттан келген қонаққа айрықша пейіл, жомарттық таныту мерзімі – үш күн. Ал үш күн өткен соң қонақ үй-ішінің күнделікті тіршілігінде ішіп-жейтін тағамына риза болуға тиісті. Қонақ қабылдарда үй-ішін тазартып, заттарды жинап, қонақтар отыратын жердің еденіне кілем, алаша, текемет төсеп қойғаныңыз жөн. Үйді

ерекше сәндеудің, әбігерге түсудің қажеті жоқ. Тек есте болатын жағдай, мұсылмандар еденге аю, арыстан, жолбарыс тәрізді жыртқыш аңдардың терісін жайып тастамайды. Өйткені Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) ешқашан жыртқыш аңдардың терісінің үстіне отырмаған.

Қонақтар жиналған соң көп кешіктірілмей дастарқанға ас әкелінгені дұрыс. Дастарқан үстінде үй иесінің меймандарын «Іш, же» деп мазалауы да, шамасынан тыс тамақтануын өтініп, қинауы да жарасымсыз. Қонақтар қалаған асын ішеді, қаламағанын зорламаңыз. Және де бір ас ішіліп болмай екіншісі әкелінбейді. Жесін-жемесін, бірінен соң бірін сапырылыстырып, түрлі астарды үйіп-төгу – ысырапшылдық. Мұсылман шарифаты ысырапшылдықты қаламайды. Ас қайырмай тұрып кетпеңіз. Асты ең бірінші үй иесі бастап беруге тиісті. Бұл астың адалдығын, астың үй иесімен тәттілігін танытады. Дастарқан басында тамақ ішу «бисмиллаһимен» басталып, ас қайыру батасымен аяқталады. Сол себепті қонақтар ас ішіп отырса, үй иесінің «тойдым» деп дастарқаннан шеттеуі дұрыс емес. Үй иесі қонақтарға үш рет «Алығыз» деп айтса жеткілікті. Ең дәмді, жұғымды тамақтар қонақтардың алдына қойылатындықтан, үй иесінің өз алдындағы тағамды місе тұтпай, қонақтардың алдына қол созуы – мәдениетсіздік. Қонақтар кетерде оларды есік алдына дейін шығарып салып, үйіңізге келіп дәмдес болғанына, қуаныш-қызығыңызды бөліскеніне рахметіңізді айтыңыз. Кейін олардың қонақта өздерін қалай ұстағанын, қалай тамақ ішкенін, қалай киініп келгенін, өзіңіздің қонақжайлығыңызды өзгелерге айтып әңгімелемеңіз, сөкпеңіз, ренжімеңіз. Өз қонақасыңа олардың қонақасы күтпеңіз. Қонақасы беруде ешкіммен бәсекеге түспеңіз. Қонақасыны атыңызды шығару үшін пайдаланбаңыз.

### **Қонаққа бару**

Өзіңізді туған-туыс, көрші-көлем, таныстарың қонаққа шақырса оны ризашылық сезіммен қабыл алып, рахметіңізді айтыңыз. Баратын, бармайтыныңызды ашық білдіріңіз. Бара алмайтын болсаңыз, оның себебін түсіндіріңіз. Барам деп бара алмай қалатындай жағдай болса, үн-түнсіз жатып алмай, хабарласыңыз. Әйтпесе, олардың сізді күтіп әбігерге түсуі, текке шығындалуы мүмкін.

Шақырмаған адам бай ма, кедей ме, қызметкерің бе, алаламай, бәріне баруға тырыс. Олардың алдына қойған ас-ауқатына қанағат етіп, оған ризашылығыңды білдір. Жан-жағына қайта-қайта қарап, үй-ішіндегі дүние-мүлік, жиһаз жақсы ма, жаңа ма, ортаңқол зат па, соны сараптап, сұқтанбаңыз. Дәлелді бір себеппен қонаққа барғыңыз келмесе айып емес. Мысалы ол жерде нашақорлар, маскүнемдер, зинақорлар болатынына көзіңіз жетсе, қонаққа барудан бас тартуыңызға болады. Тек, оны қонаққа шақырған адамға ашықтан-ашық айтып қажеті жоқ.

Қандай қуаныш-қызық, той болса да шақырмаған үйге бармаңыз. Бір күні бір мезгілге екі кісі қонаққа шақырса, бұрын шақырғанның немесе үйіңізге жақын адамға қонаққа баруыңызға болады. Осы екі адамның жақындығы бірдей болса, көңілің қайсын қалайды, соған қонақ бол. Сізді қонаққа

шақырғанда үйіңізде таныстарыңыз, туыстарыңыз отырса, немесе өзіңізге қонақ келіп жатса оларды бірге ертіп апармаңыз. Үй иесінің шақырмаған адамын ертіп апарып қонақ қылу - әбестік, мәдениетсіздік.

Үйден шығарда азырақ тамақтанып алғаның жақсы. Өйткені аш болсаңыз барған жерде қомағайлық танытып, ұятқа қаласың. Ас ішкенде, әңгімелескенде қасындағы адамдардың, үй иесінің ыңғайына, көңіл күйіне қара. Дастарқан басында үй иесінің көрсеткен жеріне отырғаның абзал. Төрге кимелемеңіз. Алдыңыздағы ас, жеміс-жидек, тәтті тағамдар ұнамаса «тұзы ащы екен», «шала піскен екен», «былжырап кетіпті» дегендей сын-мін тақпаңыз. Жан-жағыңызда отырғандарға қызмет көрсеткіңіз келсе, оларға тағамды қолыңызбен ұстап алып бермеңіз. Бұл – тазалыққа жат. Қонақтан қайтарда үй иесінің әйелі таза пакетке салып бермесе, дастарқанда қалған тағамдарды дорбаңызға салып үйіңізге алып кету - әбестік. Егерде үй иесі Тарихат жолында жүрген адам болса, шақырылған қонақтардың ішіндегі кедей, кембағал кісілердің ешкімнен рұхсат сұрамай-ақ дастарқанда қалған тағамдарды салып алып кетуіне кеңшілік жасайды. Дәулетті адамдар да «тойдан сарқыт» деп кейбір тәтті тағамдарды салғызып береді. Алайда бұл міндетті түрде орындалуға тиісті салт емес.

Мұсылмандардың үйінде қонақасыдан кейін құран, дұға оқылады, бата беріледі. Бірақта құран оқыған, бата берген адам оған ақы алмайды, ондай ниетте болмайды. Аруақтарға Құран бағыштау – Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін істелетін амал. Қонақтан қайтарда сіз де өзіңізді шақырған үй иесіне алғысыңызды айтып, тамағының әрі мол, әрі дәмді болғанына, дастарқан үстіндегі отырыстың мәнді өткеніне ризашылғыңды білдіріп, «Бақытты болыңыздар», «Той-думанда ғана кездесейік», «Аллаһ Тағала амандықпен жүздесуге жазсын» деген тәрізді ақ тілекпен қоштасыңыз.

### **Киіну**

Әрбір мұсылман қонаққа барғанда, қонақ күткенде, көшеде жүргенде, жұмыс істегенде ерекше таза, бүтін, күтімді киінгені оңды. Олардың өзіне ұнаған бір киімін үнемі үстінен тастамауы, немесе жұпыны көрінуі үшін өте қарапайым, тозған киіммен жүруі-ыңғайсыз. Шарифатта мұсылмандар солай киінсін деген шарт жоқ. Керісінше, Ұлық Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) киімдерін жиі ауыстырып, таза жүрген. Және де Ол: «Алланың өзі сұлу, сондықтан Ол сұлулықты ұнатады» деп айтып отырған. Негізінен сырт киім мен көйлектің жеңінің кең әрі ұзындау болғаны ләзім.

Ақ түсті киім кию – пайғамбар сүннеті. Мұсылман ер адамға қызыл, сары түсті киім киюге болмайды. Олай істесе – күнә. Дәулетті кісілер қымбат, көрікті киімдерді кигенімен, соған мастанып, өзгелерді менсінбеуге, мақтаныш сезіміне бөленуге тиісті емес. Жаңа киім киген мұсылманның соған дейінгі киімін жақындарына, кембағал кісілерге таратып бергені айып саналмайды».

**Мақсұтбек Сүлеймен.**  
**(«Инфо-Цес» газеті,**  
**№12, 24 наурыз 2006 жыл).**

## Шет елдегі әдеп мәселесі

### Ұлыбритания

Ағылшындар орындықта отыру мәдениетіне үлкен мән береді. Тамақ ішіп отырған кезде қолыңызды үстел үстіне қоймаңыз. Бір қолыңызбен қасық ұстап отырсаңыз, екінші қолыңызды тізеңізге қойыңыз. Қасық, пышақ, шанышқы секілді құралдарыңызды бір қолдан екінші қолға ауыстыру ерсі болып көрінеді. Сондықтан пышақ оң қолда, шанышқы сол қолда болуы керек. Және де көпшіліктің ортасында «көйлегіңіз қандай әдемі!» немесе «Мына бәліш қандай дәмді еді!» деген секілді мақтау сөздер артық болып саналмақ.

### Германия

Немістермен сөйлеспес бұрын оның міндетті түрде шен, титулын айту керек. Егер қандай дәрежесі бар екенін білмесеңіз, «доктор» деп сөйлесуіңізге тура келеді. Доктор сөзі әдетте медицина мамандығының иелеріне таңылатын атау болса, көптеген елдерде мамандыққа нұсқаушы сөз ретінде қолданылады. Бұл елде сусын ішер кезде міндетті түрде бокал соғыстырады. Ал, Францияда бокал көтергенімен, соғыстырмайды.

### Испания

Сіз испандық танысыңызға ол ертеңгі асын ішіп отырғанда барып қалсаңыз, сізді шайға шақырса, бұл шақыруды қабыл алмағаныңыз жөн. Екінші рет шақырса да, қарсылық білдіріңіз. Тек үшінші рет айтқан соң ғана барып үй иесімен бірге тамақтануыңызға болады. Өйткені, бір рет асқа шақыру ол жақта тек үй иесінің сыпайылығын көрсетеді екен. Ол жақта шақырған жерге 15-20 минуттай кешігіп барған дұрыс.

## Әдептілік әліппесі

Ер адамның киімін астыға төсеуге болмайды.

Ер адамның үстінен аттамайды.

Бас киімді теріс қаратып кимейді.

Бас киімді жерге тастамайды, аяққа баспайды, астына салмайды.

Жастыққа отырмайды, аяғына салмайды, жерге тастамайды.

Қонақ келгенде ыдыс-аяқты салдырлатпай жасап, жинайды, ыдысты ауыстырмайды.

Нанды бір қолмен сыңдыруға болмайды. Екі қолмен үзіп, тістеп жеу керек.

Табалдырықтың екі жағында тұрып амандаспайды.

Үйді, адамды айналмайды.

Бесікті аттамайды.

Қонақ келгенде үй сыпырмайды, жинастырмайды.

Қонақтың көзінше, балаға зекімейді, ұрыспайды.

Сыпыртқымен баланы ұрмайды. Оны қатты серпіп, сілікпейді.

Үлкен адамның алдын кесіп өтпейді.

Нанмен ойнамайды.

## Қазақ ырымдары

\* Беті ашық қалдырылған тағамды пайдалануға болмайды.

\* Жастық орнына шалбарды басқа пайдалануға болмайды.

- \* Асты оң қолмен алу керек, сол қолмен алуға болмайды.
- \* Тырнақты, шашты тек бейсенбі мен жұма күндері ғана алады.
- \* Қолды артқа қайырып жүрген жақсы емес, бұл қолды артқа байлаған тұтқынды еске салады. Сондай-ақ, бүйірін таянған жақсы емес, өйткені күйеуінен айырылып, жоқтаған әйелдер ғана солай істейді.
- \* Әйелге жолаушының алдын кесіп өтуге болмайды.
- \* Егер жолаушы оң қол немесе сол қол жағынан табиғи қажетін қанағаттандыру үшін жүресінен отырған әйелді көрсе, бұл - жақсы ырым.
- \* Егер жолаушыға жол бойында оған танауын беріп аттың немесе түйенің басы жатса, бұл жақсылық белгісі, ал егер керісінше болса, онда жолы болмайды.
- \* Ауқатты қазақтар түнде мал санамайды және ең жақын туыстары мен таныстары болса да ешкімге мал бермейді.
- \* Жолда кездескен адамнан «Қайда барасың?» деп сұрамайды, «Жол оң болсын!» деп айту керек. Мал айдап бара жатқанды көрсе, кездескендер: «Айдар көбейсін!» дейді, ал малшыға «Бағар көбейсін!» деген тілек білдіреді. Жаңа жерге келген ауылға: «Бақытты мекен болсын!» дейді.
- \* Қыстаудан жайлауға алғаш көшкен кезде бірінші күні қыстаудың маңына, жол бойына аялдайды. Одан соң әрі қарай қозғалғанда жолдың екі жағынан үлкен екі от жағады, содан кейін оттың арасынан жүк артылған түйелерді қос-қостан өткізеді. Бұл қаскүнем рухтар мен жын-шайтаннан сақтану үшін жасалады, өйткені олар көшті аңди алмай, отта қалып қояды.
- \* Өтіп бара жатқан қазақтар ауылға арт жағынан келеді және ауылды мекендеушілермен үйдің арт жағынан сөйлеседі, еш жағдайда алдыңғы жақтан сөйлеспейді. Ауылға атпен шауып кірген көргенсіздік іс.
- \* Түнде киіз үйдің оты мен күлі шығарылмайды.
- \* Ертеңгі астан бас тартуға болмайды, тәбет жоқ болса да, ауыз тию керек.
- \* Аңшының бірінші олжасы ешкімге сыйланбайды, бірінші олжа қоян, ал кейінгісі қасқыр немесе түлкі болса да солай етеді.
- \* Жүкпен жолға шыққанда үйден тұз алмайды.
- \* Үйге жаңа түскен жас келін өзінің ішкі киімін алғашқы нәрестесін туғанша қысқартпайды.
- \* Асқа немесе тойға толтырып қымыз әкелген сабаны біржола сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек.
- \* Суға түкірмейді. Ағынды суды бет алды бөгемейді. "Дәм татқан құдығыңа-түкірме" деген нақыл сондай ырымдардан қалған.
- \* Шығып бара жатып, есікті қатты серіппейді. «Қайта кірер есігіңді қатты серіппе» деген нақыл бар. Өйткені, бақ есік пен төрде қатар тұрады. Есікті қатты серпсең, үйден бақ қашады деп ұйғарады.
- \* Қазан-ошақты теппейді. Ондай істегенде аяқ дертке шалдығып, кем болады. Қазанның қарасы, ошақтың-киесі атады деп есептейді.
- \* Жаңа туған нәрестені «не деген сұлу», немесе, «неткен семіз» деп айтпайды. Бұлай айтып қалған болса, жерге үш рет түкіреді. «Жағыңа жылан жұмыртқаласын», «Аузыңа қара нан толсын» деп бір дегдар әйел аузын жаптырады.

- \* Қазақ үйінде қазан құр тұрмайды. Тым болмағанда бір қалақ май тамызып қояды. Бұл «қазан қаңсымасын» дегені. Қазан толы болса, уайым жоқ.
- \* Қазақ қайырымға түске дейін ғана садақа береді. Жұма және бейсенбі күндері де қайыр садақа таратады. Себебі, түстен кейін жиналған мал-мүлікті бытыратпайды. Бәрі түске дейін жиналады, егер осы жиналған мүліктен біреуге берсе - ырыс кетеді деп ырымдайды.
- \* Қолды жуып болған соң сілікпейді. Қайта суды сорғытып барып орамалмен сүртеді. Жуған қолды сілку - жаман ырым. Бүйткенде су иесі Сүлейменнің киесі атады, соның салдарынан бастау көздері бітеледі деп жорылады.
- \* Айдалада жалғыз кетіп бара жатып түнге қалса, мұсылмандардың моласындағы мазарға түнеп шығады. Таңертең аруақтарға бағыштап Құран оқып аттанады. Жалғыз адамды түнде аруақтар қорғайды деп жорылады.
- \* Жәйбарақат кезде бас бармақты тістемейді. Қаралы күн, құсалы түн өткізіп өзегі талған адамдар ғана солай істейді. Ешбір себепсіз бұлай істеу - жамандық нышаны деп жорылады, оған қатаң тыйым салынады. Қатты өкінгенде ғана бармақ тістеледі.
- \* Көкке, шаңыраққа қарап түкірмейді. Көк тәңірі атады, шаңырақ киесі соғады деп ұйғарылады.
- \* Аяқ киімінің табанына қарамайды. Аяқтың баспайтын жері жоқ, аяқ киім де таза емес. Былғанышты көрсе – көз ұшынады деп есептейді Ал, аяқ киімінің табанына қарай қалған күннің өзінде үш мәрте түкіреді. Онысы көзі ұшынбасын, аяғым ақсамасын дегені.
- \* Жана шыққан көк шөпті жұлмайды. Ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты сындырмайды. Өйткені, жас өндірінің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі. Көк жұлсаң - көктей соласың, қарғыс атады деп ырымдалады.
- \* Бастау басына, бұлақтың қасына дәретке отырмайды. Барлық тірліктің атасы да, жан біткенің анасы да сол бұлақ, сол бастау деп біледі. Сондықтан бұлай істегенде оның киесі атады, қарғысы тиеді-мыс Тазаны арамдасаң - арың кірленеді, абыройың төгіледі деп ырымдайды.
- \* Жапан даладағы жалғыз ағашты кеспейді, зақым келтірмейді. Саясына барып паналап ұйықтамайды. Олай істесең - сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың, дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ. Жаның құлдырудан асқан қорлық жоқ. Жалғыз ағашты жамандық тілеп тұрған жауыздықтың нысаны деп қарайды.
- \* Қосарланып өскен қатар біткен ағашты кеспейді. Олай істегенде қосағыңнан айырыласың, канатыңнан қайырыласың, бақайыңнан майырыласың, тамырыңмен қыркыласың деп шошиды. Дүние түгел егізден жаралған. Егіздің сыңарын құлатқан оңбайды. Көңілі қарауытып, санадай сарғайып, зарығып киналып өтеді деп ырымдайды.
- \* Далада жатқан, шала жанған ағашты үйге кіргізбейді. Өйткені, күйелі ағаштай пәле жұкқыш болады. Көңіл шаладай бықсып, үй ішінде алауыздық туады. Қорадағы қой, өрістегі жылқы қотандағы сиыр, даладағы түйе шала туып, шығын көбейеді. Береке кетіп, бақыт сөнеді, адам өледі деп ырымдады.

\* Жақсы көретін адамына, туыс-туғанына, құда-жекжатына алаш-ағайынына шақпақ тас, пышақ, қайрақ сыйламайды. Бұлай істесе араға от түседі, пышақтасады, «қырық пышақ болады», дұшпан араға от жағады, егестіріп қайрайды, тату тірлік бұзылады деп жаман ырымға жатқызады. Сондықтан жақын кісілер шақпақты, пышақты, қайрақты сұрап алмайды, көрсетпей ұрлап алады. Иесі оны білсе де ренжімейді. Бұл жаман ырым басталмасын дегені.

\* Қазақ күнге, Айға қарап тұрып түзге отырмайды. Ал, құбыла жаққа күн батысқа қарап тұрып бұлай істеуге тіпті болмайды. Бұлай істеуге әрі күнә, әрі рух шамданып, ұшынады, ауру иелеп, қуығы тұтылады, жіңішке ауруға тап болады, ауызы қисаяды деп ырымдайды, Ай мен күн - қазақ ұғымында дүниенің жарығы, сұлулықтың, пәктіктің белгісі.

\* Үш әйел тастаған еркекті жақтырмайды. Оның қолынан балаларына дәм таттырмайды. Жамандығы жұғады деп ырымдайды.

\* Келін барған жерінде алғаш үйге кіргенде босағаға соғылмай кіруі керек. Енесі қарсы алып, маңдайынан сүйеді, ілесіп келгендерге көрімдік береді. Келін босағаға соғылып қалса – үйдің берекесі қашады, келін баянды болмайды деп жориды.

\* Тойы жасалып, үйінен ұзатылып шығарылған қыз кетіп бара жатқанда артына бұрылып қарамайды. Бұлай істесе - некесі бұзылады, күйеуімен отаспай, үйіне қайтып келеді деп жорылады.

\* Адам қайтыс болған соң, мәйіт көмілмей тұрғанда көп жылауға болмайды. Көп жыласа көрі көз жасына толып кетеді деп жориды.

\* Әйел пышақ қайрамайды, жаниды. Пышақ қайраса, еркегінің сағы сынады деп жорылады.

\* Жаңа түскен келіннің бетін ашқанда, жыр айтушы ақын оң қолымен ашады. Жеміс ағашына немесе тобылғы сапталған қамшының сабына қызыл торғын орамал байлап, сонымен ашады. Онысы: «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдалғаны.

\* Қазақ әйелдері қасын боямайды, жұлып тақырламайды. Бұлай істесе -қастасы көбейеді, жауы басына шығып, басынады деп жориды.

\* Қазанды есік жаққа қаратып қисайта аспайды. Ол құласа: «Несібе төгіледі, ырыс шайқалады» деп ырымдайды.

\* Шәугімнің шүмегін ошақтың аузына қаратып аспайды. Шай тасыса - отқа тұз құйылып, күйеді. Тұз күйсе - үйдегі қыз ащы азап арқалайды деп ырымдалады.

\* Егіннің тұқымы үшін біреу қарызға дән сұраса, ренжімей берілуге тиісті. Өйткені, дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деп ырымдалады. Тіпті, түк жоқ дегенде де бір уыс дән ұстатады. «Егін әлей болсын!», - дейді. Мұнысы - үйден дән арылмасын дегендік.

\* Бесікті бейуақытта сыртқа шығармайды. Нәрестені алты айдан асқанша үйде жалғыз қалдырмайды. Өйткені, қараңғылық пен жарық жер бетінде таласып тұрғанда Бақ пен Сор да тез алмасады.

\* Көне бұйымдар мен заттарды жаңғыртып жонбайды. Бұлай істегенде беті жабулы тұрған пәле мен дау қайта қозады...

- \* Үйге кіргізілген отынды қайта сыртқа шығармайды. Олай еткенде сол үйдің оты сөнеді, отағасы өледі деп ырымдалады.
- \* Түн ішінде сандық ашпайды. Бұлай істесе отағасы өледі деп жамандыққа жорылады. Сандықты амалсыз ашуға тура келсе: «Сандыққа жылан кіріп кетті» деп барып ашады. Аузын жабарда: «Жылан сыртқа шықты» деп жабады.
- \* Үлкен тойда, аста немесе салтанатты мерейрамда сыйлы қонаққа көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, дөнен өгіз сойылады. Сонда барлық тілеу қабыл болып, зор бақыт қонады.
- \* Қазақта жанып тұрған отқа май тастап, соның лапылына қарап болашақты болжайтын ырым бар. Май тасталған оттың жалыны ашық түсті болса жақсылықтың нышаны. Оттың жалыны қара қошқыл болса - жамандықтың белгісі.
- \* Оттың орнына отыруға болмайды. Оттың киесі ұрады. Ақыры отқа өртеніп кетеді деп ырымдалады.
- \* Қазақ ұғымында от - үйдің жарылқаушысы, шамшырағы. Қазақ отты ерекше құрметтейді. Жаңа түскен келінді үйге кіргізгенде үлкен үйдегі отқа сәлем бергізеді. Одан кейін от басына төселген жұмсақ бөстекке (теріге) отырғызады. Онысы - оттай жайнап тұр, терідей жұмсақ бол дегені.
- \* Жаңа түскен келін отқа сәлем бергенде: «От - ана, май – ана, жарылқа!» - деп тілеу тілейді. Басқа әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл - келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін деп ырымдағаны.
- \* Қазақ өрттің алдына ақ құяды. Оңысы өрт тез сөнсін, апат болмасын дегені.
- \* Қазақ салты бойынша от алуға келген кісі от алғалы келгенін айтпайды. Отты алады да, үнсіз шығып кетеді. Тек от алып жатып: «От ана, сақтай гөр!» - деген тілек айтады. Әсілі от алу – жақсы әдет емес. Сондықтан от алушы басқалармен сөйлеспейді. «Отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар» - деп, өсекті лаулатып айтуға тыйым салады. «Ел іші ала, кереге басы пәле болмасын» деп ұйғарады.
- \* От басында отырған қарияның орнына кез-келген адам отыра бермейді. Қейбіреуіне қарияның кәрі тиеді. Жарымжан, дәмкәс адам болса, ауруы асқынады деп ойлайды.
- \* Отқа түкірмейді. Отқа, шалаға су құймайды. Отқа су құйса - пырылдап, үй ішін күл басады. Күл басса - нас болады. От киесі қашады. Оттай ыстық жалын суиды. Күштарлық сөнеді. Адам өледі. «От бар жерде - жан бар». От тірліктің негізі. Отқа су құю - жамандықтың нышаны.
- \* Сау адам сырқат жанға ең бірінші сәлем береді.
- \* Өліарада көшіп-қонбайды, той жасамайды, жаңа бір істі бастамайды.
- \* Мешітке, үйге, басқа да қасиетті орындарға кіргенде оң аяқпен аттайды.
- \* Аяқ киімді оң аяқтан бастап киеді, сол аяқтан шешеді.
- \* Ауылға атпен шауып кірмейді. Бұрындары қайғыны, шапқыншылықты хабарлағанда осылай істеген.

### **Атау кере**

Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы. Ол - көне заманнан қалыптасқан салт. Нақты деректерге арқа сүйесек, біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырға



жататын қытай жазбаларында Үйсіндерде атау кере ішкізу салты бар екендігі айтылған. Бұл салт басқа да халықтарда кездеседі. Қазіргі кезде Қытайда өлім жазасына кесілген адамнан соңғы тілектерінің ішінде «не тамақ жегің келеді» деп сұрайтын да әдет бар. Соның негізінде әлгі адамға қалаған тамағын әзірлеп береді. Осы тамақты қытайша «Ниан йе фан» («Ғұмырының соңғы күнгі тамағы») дейді. Қазақтарда өлетін адамға жұбайы немесе ең жақын адамы «Қолымнан татқан ең соңғы дәмнің болсын» деп су тамызу салты кей жерлерде әлі күнге дейін сақталып қалған.

### **Тыйым сөздер**

- Адамға қару, мылтық кезенбе.
- Айға саусағыңды шошайтпа.
- Ақты төкпе.
- Адамды айналма.
- Адамға қарай түкірме.
- Асты қорлама, үрлеме.
- Аяғыңды тұсама, қолыңды байлама.
- Атқа теріс отырма.
- Адамды, малды аттама.
- Ауру тілеме.
- Аспанға қарай түкірме.
- Ауруға күлме.
- Аққуды атпа.
- Ант ішпе.
- Аманатқа қиянат жасама.

### **Ырымдар мен тыйымдар**

#### **Аң-құс, жануарларға қатысты**

\* Қарға қыста үйге қарап қарқылдаса, қар жауады, жазда жаңбыр жиілейді. Бұл ауылда той болатынының да белгісі.

\* Қорадағы ат иесін көргенде аузын ашып есінесе, жақсылықтың нышаны.

\* Мама ағашта байлаулы тұрған ат қасынысып, бірін-бірі тістелесе, жақсылық болады.

\* Түн ішінде қорадағы малды санамайды. Түн ішінде мал берсе - сол малмен бірге малдың құты, сол үйдің байлығы бірге кетеді.

\* Мал төлдеп жатқанда басқа біреуге мал сыйламайды. Төлді біреуге атамайды, сатпайды. Әйтпесе, Шопан ата шамырқанады.

\* Сауысқан үйдің төбесіне қонып немесе үйге қарап шықылықтаса - үйге қонақ келудің нышаны.

\* Қазақ аққуды, сары ала қазды, бұлбұлды және жалғыз жүрген құсты ауламайды, атпайды. Өйткені бұларды киелі құс деп санайды.

\* Қазақ өзі мініп жүрген атын соғымға соймайды. Біреуге берсе, сілекейін алып қалады. Онысы - бағы да, соры да басқаға кетпесін дегені.

\* Кептерге қарай тас лақтырмайды. Олай істесе - тыныштық бұзылады, береке кетеді.

\* Малға оба тисе, қасиетті саналған адамдардың бейітінен топырақ әкеліп, малды ұшықтайды. Себебі, оба да бір қасиеттің белгісі. Оның да күшті қорғаушысы болады деп ырымдайды.

\* Түйені басқа ұрмайды. Өйткені, оның басында жылды бастайтын бақыты тұрады.

\* Қазақтар түнде қасқырдың атын атамайды. «Ит - құс» деп бүркемелеп сөйлейді. Қасқыр десе қастасып, қораға шабады деп жориды.

\* Әйел итке тас лақтырса, құты қашады.

### **Қонаққа байланысты**

\* Қонақ болып барған үйінде қыз баланы төрге отырғызады.

\* Жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түспек болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп аттан түспейді. Оң жағынан түседі, әрі үйді айналмайды. Себебі жайсыз хабармен келетін адам ғана қай бағытпен келе жатқанына мән бермеуі мүмкін. Суыт жүріп келе жатқан хабаршының жүрісінен-ақ іші жайсыздықты сезіп отыратын үй иесін жайшылықта уайымдатпаған дұрыс. Дос-туыстар оң тілеумен оң жақтан келіп, оң аяқпен үйге кіреді.

\* Қыдырып, қонаққа келген жас баланы үйден құр қол шығармайды. Сәби періштедей күнәдан пәк болғандықтан көңілі қалмасын, үйге оттай ыстық ықыласы қалсын деп тілеген.

\* Үйде отырған қонақты саусақпен санамайды. Оның ішінде ақ сақалды қариялардың да отыруы мүмкін. Қолға түскен тұтқын мен қорадағы төрт түлікті ғана саусақпен санаған.

\* Үйінде қонақ түнеген түні жақсылық болса, «Ақжолтай қонақ» деп арнайы ет асып, киіт кигізіп шығарып салады.

\* «Дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» демекші, дастархан оң бетімен жайылады. Ал қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық, таза жағы қонаққа қаратылып жайылады. Дастархан - құт-берекенің, бірлік пен тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді. Сол үйдің бар ықыласы мен тұрмысының ең алғашқы хабаршысы жайылған дастархан екенін ұмытпаған дұрыс.

\* Қонақ келгенде есікті үй иесінің өзі ашады. Ал қонақ шығарда есікті үй иесі ашпайды, қонақтың өзі ашып шығады. Қонақ үйге келгенде құт бірге кіреді, ал қонақ кетерде үй иесі ашып берсе, құт та әлгі кісімен ілесіп кетеді деп ырымдалады.

\* Қазақ қыздары үйдегі қонақтың қарсы алдына отырмайды. Қонаққа қарсы отырған жағдайда да етегін жауып, дастарханға оң жақ қырын беріп отырады.

\* Сый табақпен екі кәрі жілік бірге тартылса, қонақ қуанады. Жол оң болады деп жориды.

\* Ұзақ жолдың азабын тартып келген жолаушыны жаңа босанған әйелдің жанына кіргізбейді. Ол өте жақын туыс болса ғана біраз демалғаннан кейін беті-қолын жуып, сыртқы киімдерін шешіп, жеңілденгеннен соң барып кіруге тиіс. Өйткені, жол азабын тартқан адамның түсі сұсты, қабағы қатыңқы болады. Өмір есігін жаңа ашып, көзі мөлдіреп жатқан сәби мен сүйек-сүйегі босап, әлсіреп жатқан ана шошып қалмасын, секемденбесін, сырттан кірген қонаққа ілесіп келіп, жын жабыспасын деп ырымдаған.

\* Қазақта кетік, жырық ыдыспен қонаққа ас бермейді.

\* Қонақты сыйламас бұрын үй қожасының өзі астан ауыз тиюге тиіс. Бұл астың адалдығын, қонақжайлылықты танытады.

## **VI тарау**

### **Ғалам ғажайыптары**

#### **Әлемдегі теңдесу жүйесінің дәлелі**

Иә, төбеміздегі бас айналдырар таңғажайып, үйлесімді жүйемен тұрған сансыз жымындаған жұлдыздар мен жан-жағымызды қоршап жатқан мың бір мағына хикметке толы жалпы жаратылыс және адамның өзі – Ұлы Жаратушымызды танытатын ерекше үлкен кітап. Аспан әлемінің әрбір қабаты – бұл үлкен кітаптың жеке-жеке беттері, әрбір галактика – сол беттегі жеке-жеке мағыналы сөйлем, сол галактикалардағы әрбір жұлдыз – том-том кітаптарға пара-пар мағыналы жарық сөз.

Жер шары бұл үлкен кітаптың мазмұнын қамтитын негізгі беті болса, адам баласы сол беттің негізгі мазмұн-мағынасы. Барлығы Ұлы Жаратушы Аллаһты өз болмысымен танытып, Оның бар екендігін һәм бір екендігін күллі әлемге әйгілеп тұр.

Жалпы жаратылысқа қарағанымызда ондағы әр нәрсенің орын-орнында тұрғанының әрқайсысы өзіндік мән-мағынасымен безендірілгенін және оған белгілі бір міндет жүктелгенін көреміз. Әр нәрседен сұлулық, кемелдік, жүйелілік байқаймыз. Жаратылыс сағат сияқты керемет есеппен, нәзік жүйемен істеп тұр. Тіпті біздер сағатымызды осы жалпы жаратылыстағы жүйеге қарай есептейміз. Ендеше, өзіндік мағына, міндеті бар кішкентай иненің де белгілі бір ұстасының болатыны секілді, жаратылыстағы сұлулықтың, кемелдіктің, мән-мағынаның да бір жаратушысы, қоюшысы болуға тиіс.

Кейбіреулер айтқанындай бұл әлем өз-өзінен, кездейсоқ пайда болған жоқ. Неге дейсіз бе? Өйткені кездейсоқтық мына өте керемет жүйемен, нәзік те ғаламат есеппен істеп тұрған ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемді, жаратылысында еш міні жоқ түрлі-түсті, сан алуан жан-жануарды, көздің жауын алатын сансыз өсімдік әлемін және мың бір сырлы, ғажайып жалпы жаратылысты жасайтындай күш пен ақылдан мақұрым.

#### **Аспан әлемі**

Алла Тағала «Тәбәрак» сүресінде: «Жеті қабат аспанды бір-біріне үйлесімді етіп жаратқан – Ол Аллаһ, Рахманның жаратуынан ешбір ақау, жүйесіздік көре алмайсыз. Сал көзіңді, көре аласың ба бір ақау? Сосын көзіңді қайта-қайта бұрып қара! Көзің ешбір ақау таба алмағандықтан шаршап, талған күйде саған қайта оралады», - деп аспан әлеміндегі керемет жүйені, ақаусыздықты баяндайды.

Аспан әлемі, яғни сансыз планеталар мен жымындаған жұлдыздар бір-бірімен қақтығыспай өте жіңішке есеппен, өте керемет жүйемен миллиард жылдар бойы істеп тұр. Бұларды бір-бірімен қақтығыстырмай, осынша жылдар

бойы іске қосып тұрған күш қандай күш? Тартылыс күші делік. Тартылыс күшіндегі нәзік те ғажайып тепе-теңдікті ұстап тұрған тылсым құпия қандай құдірет? Егер бір планетаның тұрақты тартылыс күші бір мезет кездейсоқтықтың әсерінен азайса немесе көбейсе, көк әлемі қалай тас-талқан боларын бір сәт ойландыңыз ба? Барлық планеталар мен жұлдыздардың үлкенді-кішілі көлемдері мен бір-бірінің ара-қашықтықтарына қарай өзіндік тартылыс күштері бар. Тартылыс күшіндегі бұл есеп, кездейсоқтықтың емес, арнайы бір Ұлы құдіреттің жаратқанын меңзейді.

### **Жер шары**

Біздің отау тігіп, өмір сүріп жатқан жер шары мен жылуын күлімдей төккен күннің арасы жаз және қыс мезгілдеріне байланысты 135 немесе 149,5 миллион шақырым. Егер осы аталмыш ара қашықтық кездейсоқтықтың әсерінен аз мөлшерде азайса, тоңып, мұз болып қатып қалатынымызды немесе аз мөлшерде көбейсе, күйіп-жанып кетерімізді бір мезет ойладық па? Ойланып, Жер мен Күннің арасындағы осы ыңғайлы арақашықтықты қойып, оны ғасырлар бойы бұлжытпай ұстап тұрған құдіретті күшті тани алдық па?

Аспандағы әрбір дененің өзіне тән белгілі, тұрақты айналу орбитасы, қозғалу жылдамдығы бар. Мысалы, Жер мен Күннің арасындағы осы ыңғайлы арақашықтықты қойып, оны ғасырлар бойы бұлжытпай ұстап тұрған құдіретті күшті тани алдық па?

Аспандағы әрбір дененің өзіне тән белгілі, тұрақты айналу орбитасы, қозғалу жылдамдығы бар. Мысалы, Жер шары сағатына 1670 шақырым жылдамдықпен өз-өзін айналса, Күнді сағатына 108000 шақырым жылдамдықпен айналады. Егер осындай жылдамдықпен жүретін көлік жасалған жағдайда жалпы дүниенің шеңберін 22 минутта айналып шығуға болады екен. Көрсетіліп отырған бұл сандар тек Жер шары үшін, ал Күн жүйесінің жылдамдығы мүлде таңғаларлық. Ғарыштық (космоста) жүйелердің көлемі ұлғайған сайын қозғалу жылдамдықтары да арта түседі. Күн жүйесінің Құсжолы галактикасы орталығын айналуға жылдамдығы сағатына түп-тура 720000 шақырым. Ал, шамамен құрамында 200 миллиард жұлдызды қамтитын осы Құсжолы галактикасының ғарыштағы жылдамдық мөлшері сағатына 950000 шақырым. Мұндай бір-бірімен тығыз байланыстағы әрі өте жоғары жылдамдықтағы жүйелердің соғысып, қақтығысуы әбден мүмкін бола тұра ғарышта ешбір ақауға куә болмадық. Иә, миллиард жылдар бойы жылдамдықтарындағы тұрақты мөлшер өзгерместен жалғасуда. Мысалы, біз автокөлікпен сағатына 200 шақырым жылдамдықпен келе жатып, оқыс тоқтатсақ, терезе әйнегін быт-шыт қып сыртқа тесіп шығарымыз анық. Ал енді біздің сенімді бесігіміз – Жер шары бір мезет оқыс тоқтамай-ақ қойсын, тұрақты жылдамдығын аз ғана азайтса, жер бетіндегі күллі зат атаулы ғарышқа тарыдай шашылып кетер еді. Демек, миллиард жылдар бойы Жер анамызды және басқа да жұлдыздарды бір мезет тоқтатпастан, әрқайсысын өзіндік тұрақты жылдамдықтарымен айналдырып, тербетіп тұрған Ұлы Жаратушы болуға тиіс. Егер мұның бәрін кездейсоқ жүзеге асып жатыр десек, неге біз тағы да сол сенімсіз кездейсоқтықтың әсерінен Жер – анамыздың тоқтап немесе

жылдамдығында кідіріп қалуына еш қорықпастан, уайымдамастан үстінде жайбарақат жүрміз?

Бейтаныс бір адам қолындағы механикалық жүйемен істейтін қол сағатын бізге таныстыру барысында: «Өз-өзінен, кездейсоқтықтың әсерінен, яғни, жер астындағы минералдар өз-өзінен еріп, темірге айналып, одан жіңішке есепті ішіндегі әр түрлі керттік-керттік құралдары, көрсеткіш сандары және бетіндегі әйнегі өз-өзінен жасалып, іске қосылып пайда болды», - десе сенер ме едік? Әрине, сенбес едік. Ал енді жай бір уақытты ғана көрсететін кішкентай қол сағаттың өз-өзінен, кездейсоқ пайда болғанына сенбейміз де, жүйе жағынан сағатпен салыстыруға мүлдем келмейтін мына керемет ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемнің өз-өзінен пайда болғанына қалай сенбекпіз?

### **Бал арасы**

«Раббың бал арасына:

«Таулардан, ағаштардан және адамдардың салған күркелерінен ұя жасап ал. Сосын әр түрлі жемістерден же де, Раббыңның саған оңтайластырған жолымен жүр», - деп уахи етті. Араның қарнынан адамға шипалы түрлі-түсті бал шығады. Әлбетте, мұнда ойланбаған қауым үшін ғибрат бар». («Нахл» сүресі, 68-69)

Бал арасы мындаған гүлдерге ұшып-қонып жүріп бал жинайды. Ондаған шақырымдарға ұшып барып, компассыз-ақ күнге қарап қайта айналып ұясын таба алады. Керемет инженер сияқты алты бұрыш етіп, геометриялық пішінде бал ұяларын жасайды. Аралар бал ұяшықтарын неліктен алты бұрышты етіп жасайды? Неге сегізбұрыш немесе үшбұрыш, бесбұрыш емес? Математиктердің есебі бойынша алты бұрышты бал ұяшықтарын жасауға аз материал қолданылып, оған ең көп мөлшерде бал сияды екен.

**Қайрат Жолдыбайұлы.**

## **Ғаламшар, ғарыш денелері**

### **Жер**

Ол – Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы үшінші планетасы. Жер эллипстік (дөңгелекке жуық) орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 ммн.км орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Ай – Оның табиғи серігі. Жердің өз өсінен айналуы (периоды -23 сағ.56 мин.4,1 секунд) себебінен өзінде күн мен түн ауысады, Жердің өсінің орбита жазықтығына көлбеулігі мен Күнді айналуы салдарынан жерде жыл мезгілдері өзгеріп отырады. Жердің жасы шамамен 4,5 млрд жыл.

Жер шарының экваторлық радиусы 6338, полярлық радиусы 6358, ал орташа радиусы 6371 километр. Құрлықтар мен аралдардың аумағы 149 000 000, мұхиттардың аумағы 361 000 000 шаршы километр. Құрлықтардың теңіз деңгейінен орташа биіктігі 860 метр болса, мұхиттардың орташа тереңдігі 3,9 километр, массасы 6,0. 1024 кг. Жер шары Күннің төңірегінде секундына 29,78 километр жылдамдықпен айналады.

Астрономиялық деректерге арқа сүйесек, Жер жыл сайын 0,5 мм өсіп, теңіз бен көлдер аздап тартылып келеді екен. Негізінен, біздің құрлықта су

көбейіп, Жер кішірейсе, онда Жерді су басып кететін көрінеді. Алайда Жер шары көлемінің 70,8 пайызы мұхиттар мен теңіздер. Зерттеушілер Жердің үлкеюінің құрлықтардың жылжуына әсер ететінін, Африка жыл сайын солтүстікке 5-7 сантиметр жылжып, Жерорта теңізі арқылы Еуропаға қосылатынын, Аустралия Азиямен тұтасатынын, Америка құрылығы да үлкен өзгеріске ұшырасатынын, мұның бәрі кемінде 250-300 млн.жылдан кейін болатынын айтады.

Ғалымдар: «Жер төрт қабаттан тұрады», - дейді. Бірінші қабат – құрлықтық тип, қалыңдығы – 33 шақырым. Екіншісі – мантия, қалыңдығы – 33 шақырымнан 2900-ға дейін. Үшіншісі – жер өзегінің (ядросының) сыртқы қабығы, қалыңдығы – 2900 шақырымнан 5100-ге дейін. Төртіншісі – Жер өзегі. Ол 5100 шақырымнан басталып, 6370 шақырымға дейінгі тереңдікте орналасқан.

### **Күн**

Күс жолының алыстау пұшпағында жатқан кәдімгі жұлдыздардың бірі – Күн. Оның орбитасын планеталар мен астероид деп аталатын аспан денелері айналып жүреді. Күннің диаметрі шамамен 1,4 млн. шақырым. Ол Жерден 100 есе, Юпитер планетасынан шамамен 10 есе үлкен. Жер мен Күннің арақашықтығы 150 миллион шақырым шамасында. Егерде Алматыдан Күнге қарай жүрдек пойыз жөнелтсек, ол белгіленген межеге 170 жылда әрең жететін көрінеді.

Негізінен, Күн сутегіден тұрады. Ол – үздіксіз энергия бөліп тұратын қуат көзі. Ғалымдардың пайымдауынша, Күн әрбір секунд сайын 4 млн. тонна «салмақ жоғалтады». Бұл «салмақ» аз ғана уақытта жарық пен жылуға айналып, кеңістікке нұр болып құйылады. Күн ядросындағы температура 15 млн. градусқа дейін көтеріліп, осы ядро атомдардың қосылу процесі жүреді де, Күн энергиясы бөлініп шығады, Күннің ең сыртқы қабатындағы ыстық 2 млн. градусқа дейін төмендейді. Бойындағы барлық қуаты сарқылған соң Күн де суық денеге айналып, Күн жүйесіндегі планеталар да тіршілігін тоқтатады. Күннің ішіне Жер тәрізді 109 планета сиып кетеді. Барлық планета – Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон Күнді айналады, жылу мен жарықты Күннен алады, Күнсіз өмір сүре алмайды.

### **Күнді айналу мерзімдері**

Жер Күнді бір рет 365, 2564 тәулікте, Меркурий – 87, 9693, Шолпан – 224,7008, Марс – 686,9799, Юпитер – 4322,59, Сатурн – 10759,2, Уран – 306882,2, Нептун – 60182,3, Плутон – 90777,6 тәулікте айналып шығады.

### **Ай**

Оның жерден қашықтығы 356 400 – 406700 км. Жерден Айдың бүкіл бетінің 59 пайызы көрінеді. Айдың орташа радиусы 1738 км, массасы  $7,5 \cdot 10^{22}$  кг. Түнгі уақытта Ай бетінің температурасы –  $169^{\circ}\text{C}$ -ге жетеді, ал Күн тас төбеге келгенде Ай беті  $+122^{\circ}\text{C}$ -ге дейін қызады.

Ай – Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі. Ол Жерді эллипстік орбита бойынша (1,02 км/с жылдамдықпен)

айналады. Ай жер тәрізді, диаметрі 3476 километр, Жер диаметрінен 4 еседей аз, тығыздығы  $3343 \text{ кг/м}^3$

Ғалымдардың зерттеуінше, Ай жерден жыл сайын қашықтай түсуде. 100-150 млн. жылда Айдан біржолата көз жазып қалуымыз ғажап емес. Ғалым Н.Н.Парийский бұл құбылыстың негізі Жер қабағындағы «тасу құбылысы» дейді. Планета қабығының абсолюттік нығыздылығы жоқ болғандықтан, «тасу төбешігі» Жердің айналу бағытына қарай 1-2 градус ауысқан көрінеді. Бұл сәл ғана ауытқу болғанымен, Ай оны өзіне тартып, соның әсерінен Жер айналуы бәсеңдейді. Айналу жылдамдығы баяулаған соң Жердің оны тартуы да әлсіреп, ай мен Жер бір-бірінен алыстай түседі.

### **Жерге, күнге қатысты қызықты деректер**

Өз белдеуінде секундына 30 шақырым жылдамдықпен айналып жүрген Жер Күн жүйесінен шығып, шексіз кеңістікке лағып кетуі үшін өз жылдамдығын секундына 40-42 шақырымға арттырса жеткілікті екен.

Егерде Күн кенеттен сөніп қалса, Жер қар мен мұздан бөлек 12 метрлік қатып қалған ауаның астында қалатын көрінеді.

Күннен шыққан шапақ Жерге шамамен 8 минуттан кейін жетіп нұрын шашады. Бізге ең жақын жұлдыздардан шыққан жарық Жерге 4 жыл 3 айдан кейін ғана жетеді. Осы кезде экваторда тұрған адамға қарағанда солтүстік полюсте жүрген кісі Жердің дәл ортасына 21 шақырымға жақын болады.

### **Әрбір 77 ғасырда**

Ғалымдардың зерттеуінше, Жердің жаралағанына 4,5-5 миллиард жыл болған, біздің өмір сүріп отырған ғаламшарларымыз өркениеттің төрт кезеңін өткеріп, бесінші кезеңінде уақыт көшін алға қарай жылжытуда. Өткен төрт кезеңнің бәрі де дұрыс өркендемегендіктен, оның соңы «ақырзамандарға» ұрынып отырыпты. Соған сәйкес ғалымдар «Ақырзаман әрбір 77 ғасырда бір болып тұрады», - дейді.

Әрине, ақырзаманның қашан болатынын бір ғана Аллаһ Тағала біледі. Бұл мұсылмандардың берік тұжырымы. Соған қарамастан, ғалымдар жаңағыдай болжам жасайды. Және де: «Біздің өркениеттің де бағдары дұрыс болмай, алдыңғыларды қайталауы әбден ықтимал» деген пікірін білдіреді. Өйткені, бес мың жыл ішінде ғана жер бетінде 145000 соғыс болып, 3 миллиард 540 мың адам қайтыс болыпты, тек XX ғасырда болған соғыстарға жұмсалған қаражат жер жүзіндегі барлық халықты елу жыл тегін тамақтандыруға еркін жететін көрінеді. Ал енді жер бетіндегі бүкіл байлықтың 80 пайызын адамзаттың 16 пайызы ғана иеленіп, қалған адамзатқа барша байлықты тек 20 пайызы ғана бұйырып отыр екен. Бұл біз өмір сүріп отырған бесінші өркениеттің де дұрыс өркендемей отырғандығын көрсетпейді ме?!

### **Табиғи серіктер**

Жердің жалғыз серігі – Ай ғана. Плутонда серік тек Хорон, Меркурий мен Шолпанда табиғи серік жоқ. Марста – екі (Фобес, Деймос), Юпитерде – он алты (Ио, Еуропа, Ганмед...), Сатурнда – он сегіз, Уранда – он бес, Нептунда – сегіз серігі бар. Олардың арасында үлкендігі жағынан Ай бесінші орында, Айдың



диаметрі – 3474 шақырым. Ең үлкені – Уран серігі – Титан (5150 шақырым). Ең кішкентайы- Марстың Деймосы (12 шақырым). Ай Жерді бір рет 27,3211662 тәулікте айналып шығатын болса, Нептунның серігі Нерейда Нептунды 360,13538 тәулікте айналып шығады.

### **Жұлдыз**

Ол – өте қызған газдан тұрады, өзінен жарық шығарады, табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері. Жұлдыздар Жерден өте қашық орналасқан.

Айсыз түнде жай көзге 5 мыңға жуық жұлдыз көрінсе, күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдыздарды көруге болады. Қазір 88 шоқжұлдыз бар. Кейбір жұлдыздар Күннен мың есе үлкен (көлемі жағынан). Жұлдыздардың құрамы негізінен, сутек (шамамен 70 пайыз) пен гелий (шамамен 25 пайыз). Біздің Галактика (құрамына Күн енетін) 100 миллиард жұлдызды қамтиды.

### **Жеті қат Көк**

Құран Кәрімде (Талақ, 112): «Ол сондай Алла, жеті көкті жаратқан және жерді де сол сияқты жаратқан», - деп айтылған. Құранда мәлімденгеніндей, Жеті қат көк мынандай қабаттардан тұрады:

- 1. Тропосфера.** Қалыңдығы : полюстарда – 8 шақырым, экваторда 17 шақырымға дейін. Температурасы: - 57<sup>0</sup>С.
- 2. Стратосфера.** Қалыңдығы: 50 шақырым. Ультракүлгін сәулелері әсерінен температура 0<sup>0</sup>С дейін көтеріледі.
- 3. Мезосфера.** Қалыңдығы: 85 шақырым, Температурасы: - 100<sup>0</sup>С.
- 4. Термосфера.** Бұл қабатта температура көтеріле бастайды.
- 5. Ионосфера.** Бұл қабатта газдар иондарға айналады. Радио толқындары осы ионосферадан жерге қайтарылады. Сондықтан радио толқындары арқылы жер бетіне түрлі хабарлар жетеді.
- 6. Экзосфера.** Қалыңдығы: 500-1000 шақырымға дейін. Бұл қабаттың температурасы күннің ықпалына байланысты.
- 7. Манитосфера.** Бұл қабат үлкен маниталық алаңды қамтиды.

### **Жеті қат Жер**

Біз өмір сүріп жатқан жерде аспандағыдай жеті қабат бар. **Олар:**

- 1. Литосфера (су);**
- 2. Литосфера (кұрлық);**
- 3. Астеносфера;**
- 4. Жоғарғы мантия;**
- 5. Төменгі мантия;**
- 6. Сыртқы ядро;**
- 7. Ішкі ядро.**

### **Адамзат саны**

Биік ақыл-ой иесі – Адамдар Күн жүйесіндегі тіршілік көзі – Жерде ғана бар деп саналады. Басқа планеталарда тіршілік бар ма, жоқ па, ол туралы ешбір ғалым нақты жауап бере алмайды. Адамзат санының өсу сатысын зерттеушілер былайша мөлшерлейді: 1000 жылы 288 млн., 1500 жылы – 436 млн., 1650 жылы – 545 млн., 1750 жылы – 728 млн., 1800 жылы – 906 млн., 1900 жылы – 1 млрд. 698 млн., 1950 жылы – 2 млрд. 455 млн., 1965 жылы – 3 млрд. 343 млн. болыппыз. Қазір 6 миллиардтан асыппыз.

Ұлы жаратылыс туралы даналық ой айтқан, жыр толғаған данагөй бабаларымыз аз емес. Ахмед Иүгінеки бұл хақында былай деген:

«Қанша ел болды халқы жатқан сыйыспай,  
Бәрі кетті, жері қалды қуыстай.  
Қанша дана, қанша болды данышпан –  
Мыңнан бірі қалды ма бір уыстай?».

### **Ғарыштағы адам салмағы**

Жер ғаламшарында салмағы 70 келі болатын адам Меркурийде небәрі 19 келі ғана салмақ тартады. Ол Шолпанға барса, салмағы 63 келі, Марсқа барса 20,5 келі, Юпитерде (полюстерінде) – 202, Сатурнде (полюстерінде) – 92, Нептун мен Уранда – 64, Айда – 11,4 келі болады.

### **Табиғатқа байланысты таным-түсінік**

#### **Шоқан Уәлиханов:**

«Жаңа туған айды көргенде (бұрын қазақтар) үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінәжат етеді де, сол мінәжат еткен жерден шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды.

... Қара жер қайғыға қайырымсыз, аруақтардың рухы бар деп, ескі жұртты баспайды, ескі жұртта жүруден қорқады, себебі аруақтар азланады, егер аруақтар азаланса, ескі жұртты басқан адам әртүрлі ауруларға шалдығады. Сарп аурумен ауырады. Тек көктемде шыққан шөпті жұлмайды.

Аспандағы әр жұлдызды әр адамның жаны деп түсінеді. Егер бір жұлдыздың ағып түскенін көрсе «Менің жұлдызым жоғары!» деп, екі рет айтады.

... Табиғат пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстары көрініс берген жерді қасиетті деп санайды. Ол жерлерде әулие түнеп кетті немесе болды деп ұғады».

#### **Қариялардың айтуынша:**

«Аспандағы жұлдыз әрбір адам жанының бейнесі саналады. Бір жұлдыз ағып түссе, бір жан үзілді деп нанады.

Қазақта жаңа туған айға сәлем беретін әдет бар. Жазды күні айға сәлем берген (тізерлеп) жерінің шөбін жұлып, үйге алып келіп, отқа салады. Онысы – пәле-жаладан аман болайық дегені.

Қазақ баласы айға телміріп, ұзақ қарамайды, түнде жұлдыз санамайды. Айда бір кемпір бар, айға телміріп қарасаң, әлгі кемпір сенің кірпігінді санайды, кірпігі саналған адам қазаға ұшырайды деп жориды.

Қазақ көкке, шақыраққа қарап түкірмейді. Өйтсе, көк тәңірі атады, шаңырақ киесі соғады деп нанады.

Қазақ: «Ай құлақтанса – таяғыңды сайла, күн құлақтанса – күрегінді сайла», - дейді. Онысы – Ай қораланса күн жылы болады, Ай шалқасынан туса – қатты аяз болады. Ай қырынан туса – күн жылы болады деп жориды.

Ауа райының құбылысы да әртүрлі ырыммен парықталады. Күн тұтылса – мұсылманға, Ай тұтылса – кәпірге көрінеді, патшалары өледі деп жориды.

Қазақ беталды жер шұқымайды, жер қазбайды. Бұл қылық өлім шақырады, ажалды хабарлайды деп, жаман ырымға балайды.

Қазақ Күнге, Айға қарап тұрып түзге отырмайды. Ал, құбыла жаққа, күн батысқа қарап тұрып бұлай істеуге тіпті де болмайды. Бұлай істеу әрі күнә, әрі рух шамданып, ұшынады, ауру иелеп, қуығы тұтылады, жіңішке ауруға тап болады, ауызы қисаяды деп ырымдайды. Ай мен Күн – қазақ ұғымында дүниенің жарығы, сұлулықтың, пәктіктің белгісі».

**Мақсұтбек НАУАНҰЛЫ.**

## **Әлемнің жеті кереметі**

- 1. Египет пирамидасы.** Біздің жыл санауымыздан 27 ғасыр бұрын салынған Египет патшаларының мазары. Ең биігі – 146 метр.
- 2. Вавилионның аспалы бағы.** Біздің жыл санауымыздан 6 ғасыр бұрын Вавилион патшасы әйелінің құрметіне арнап, Бақша стравелі тәсілінде биік сәкі үстіне салдырған.
- 3. Ертедегі Артемида храмы.** Дүниежүзіндегі ең үлкен ғибадатхана. Біздің заманымыздан 4 ғасыр бұрын жойқын соғыс зардабынан қираған.
- 4. Олимпиядағы Зевстің мүсіні.** Заманымыздан бұрынғы бесінші ғасырда ежелгі гректің асқан шебер мүсіншісі Фиди алтыннан және піл тістерінен жасаған.
- 5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы.** Заманымыздан 4 ғасыр бұрын салынған.
- 6. Жерорта теңізі аралығындағы Гелиостың (Күн Құдайы) қолдан жасаған мүсіні.** Биіктігі – 45 метр.
- 7. Александрия маягі.** Жыл санауымыздан 3 ғасыр бұрын тұрғызылған. Биіктігі – 160 метр.

### **Бесінші ғасырдан бері танылған жеті керемет**

- 1. Рим колизейі.** Жыл санауымыздың 70-72 жылдары салынған жазық беті сопақша, диаметрі 188 метр, айнала сатылап жоғарылай беретін 3 қабат алаңда 50 мың көрермен отыратын орын.
- 2. Александрияда жер астында жол пішінінде қазылған мазарлар.**
- 3. Қытайдың ұлы қорғаны.** Жалпы ұзындығы 6700 шақырымға созылған қорған.
- 4. Англиядағы алып тас қорған.**
- 5. Италиядағы Пиза қисық мұнарасы.** Сегіз қабатты мұнара жыл сайын қисая береді, бірақ құламайды.
- 6. Қытайдың Нәнжин қаласындағы фарфор мұнара.** Он екі қабатты мұнара үшінші ғасырда салынып, 1850 жылы қиратылған.
- 7. Ыстамбұлдағы әулие София ғибадатханасы.** 532-537 жылдары салынған дүниежүзіндегі ең үлкен ғибадатхана.

### **Бірінші керемет:**

#### **Мысыр пирамидалары**

Жеті кереметтің ең ежелгісі де, әрі біздің бүгінгі дәуірімізге жеткені де – осы Мысыр пирамидалары. Пирамидалар Нілдің солтүстік-батыс

жағалауындағы сансыз қабірлер мен ғибадатханалар тұрғызылған өлілер қаласының үстіне салынды. Пирамидалардың ең көнесі – 5000 жыл бұрын тұрғызылған Джосер пирамидасы. Сәулетшісі ежелгі Египетте дәрігерлік, философиялық және ғылыми еңбектерімен танылған Имхотеп атты шебер еді. Джосер пирамидасы – көп сатылы құрылыс. Сансыз басқыштар арқылы аспанға өрлей береді. Мұның идеясы перғауындардың жердегі қарапайым халықтан биік, құдіретті екенін бар әлемге паш ету еді. Қаншама қажырлы еңбек пен адам өмірі жұмсалған бұл құрылыс Хеопс, Хефрен және Микрен пирамидаларымен жалғасын тапты.

Көлемі жағынан ең үлкен пирамида – Хеопс пирамидасы. Бүкіл жиған-тергеніне көзінің тірісінде Хеопс перғауын 20 жыл ішінде осы пирамиданы салдырды. Биіктігі 147 метр, әр қырының ұзындығы 232 метр бұл құрылысқа 22,5-3 тонналық 2 миллион 300 мың тас блоктары қолданылды. Олар арнайы сұйықтықпен құйылған жоқ, тек қыл өтпестей етіп ептілікпен біріктірілді. Беті ақ тас тақталармен қапталып, ұштары күнге шағылысып тұратын мыспен жалатылды. Пирамида құрылысы кезінде мыңдаған, жүздеген құлдар аспан айналып жерге түсетін аптап ыстықта еңбек етті, азап шекті, талайы көмусіз қалды. 1778 жылы пирамидалар етегінде француз және мәмлүк әскерлері арасындағы соғыс кезінде Франция әскерін басқарған жас генерал Наполеон Бонапарт: «Солдаттар! Қырық ғасырдың сендерге қарап тұрғанын ұмытпаңдар!» - деп пирамидаларды көріп таң қалған екен. Наполеон өлшеу жұмыстарын жүргізіп, «егер үш пирамиданың тастарын ғана қопарса, бүкіл Францияның шекарасын үш метр биіктігі бар тас қорғанмен қоршауға болады» деген қорытындыға келген. Қанша тарихтың куәсі болған бұл керемет пирамидалар мансапқорлық пен тәкәппарлықтың жемісі, сондай-ақ құлдар, гректер мен римдіктердің қажырлы еңбегі екендігін ұмытпағанымыз жөн.

Пирамидалар құрылысының кереметтігі сонша, «жарық дүниедегінің барлығы уақыттан қорқады, ал уақыт пирамидалардан қорқады» деген араб мақалымен ел аузында қалды.

## **Екінші керемет**

### **Галикарнас кесенесі**

Кіші Азиядағы шағын қалалардың бірі Галикарнастың әкімі патша Карий Мавсол б.з.д. 351 жылы дүние салады. Патша мұрагерлері жер-жерлерден әйгілі құрылысшы, қолөнершілерді шақыртып, патшаның зиратын тұрғызады. Кесене салу ісінде шығыстың құрылыс стилі (көп қырлы пирамидалар) мен гректің ионикалық стилі байланыстырылған. Кесене екі қабаттан тұрады, биіктігі 40-45 метр. Ол тек биіктігімен емес, грек еліне белгілі Скопас, Леохар, Бриансид, Тимофей секілді әйгілі мүсіншілердің қолынан шыққан әр алуан мүсіндер арқылы көркемделуімен де ерекшеленеді. Мавзолей шамамен алғанда 1800 жыл сақталып келді. Ағылшын археологы Ч.Т.Ньютонның айтуынша, XV ғасырда крестшілер мавзолейді бұзып, оның құрылыс материалдарын Эгей теңізінде қасиетті Петр сарайын (қазіргі Түркияның Бодрум қаласы) салуға пайдаланған.

Мавсол патша мен оның әйелі Артемисаның табыттары, мүсіндері және басқа дүниелері қазір Лондондағы Британ мұражайы мен Ыстамбұлдың археологиялық мұражайында сақтаулы.

### **Үшінші керемет:**

#### **Артемида ғибадатханасы**

Ғибадатхана гректердің аңшылық құдайы болған Артемида құрметіне б.з.д. VII-VI ғасырларда Эфес жерінде салынған. Херсифрон атты сәулетші ғибадатхананы сол кездегі құрылыс әдістерінің бірі – ионика ордерінің стилімен тұрғызған болатын. Құрылыстың сәтті шыққаны соншалық, Грекияның түкпір-түкпірінде осы ғибадатханаға стиль жағынан ұқсас құрылыстар да салына бастады. Алайда, Артемида ғибадатханасының ғұмыры ұзаққа бармады. Біздің заманымызға дейінгі 356 жылдың 21 шілдесінде атаққа шөлдеген есер Герострат деген біреу түн ішінде ұрланып келіп, сәулетті сарайды өртеп жібереді. Аңыздар желісі бойынша, Ескендір Зұлқарнайын дәл осы ғибадатхана жалын құшағына оранған түні өмірге келеді. 25 жылдан кейін Ескендір патша ғибадатхананы қайта тұрғызуға әмір береді. Сәулетші Дейнократтың басқаруымен салынған жаңа құрылыс алғашқы ғибадатхананың жобасын сақтағанмен, одан сәл биіктеу болатын. Ғибадатхананың ауданы 110x55 метр, құрылысты қоршап тұрған бағаналардың биіктігі (барлығы 127) 18 метр болған. Артемида сарайы мәрмәр тастармен әшекейленген. Әйгілі грек шеберлері құрылысқа белсенді түрде ат салысқан: бағаналарды безендіру жұмысымен Скопас айналысса, ғибадатхана ішіндегі картиналар Апеллес суретшінің қолынан шыққан. Қаладан қасиетті орынға қарай арнайы порт салынған. Бұл ғибадатхананың да ғұмыры ұзаққа барған жоқ. III ғасырда, дәлірек айтсақ, 263 жылы Кіші Азияға басып кірген гот тайпалары ғибадатхананы қиратып кетеді. 1869 жылы ағылшын археологы Дж.Т.Вуд жүргізген қазба жұмыстары кезінде ғибадатхана болған жерден тірек тақталар мен сарайға әкелінген біраз нәрселер табылған.

### **Төртінші керемет:**

#### **Александрия маягы**

Фарос аралының шығысындағы Египеттің эллиндік орталығы Александрия қаласының маңында орналасқан. Қала атын әлемге танытқан Фарос маягы біздің заманымыздың III ғасырында салынды. Тұтастай мәрмәр тастан қашалған, асқан шеберлікпен қаланған маяқтың биіктігі – 150 метр. Сол заманда бұдан биік құрылыс жоқ еді. Бүкіл грек әлеміндегі мұндай үлкен көлемдегі құрылыстың авторы – Книдтен шыққан Сострат. Мәрмөрдан соғылған құрылыстың бір қабырғасына ол: «Книдтен шыққан Дексифананың ұлы Сострат, бұл құрылысты теңізшілерді құтқарушы құдайларға арнадым», - деп ойып жазған. Оның үстіне саз балшықтың жұқа қабатымен патша Птоломей Состердің жорық жырынан үзінді келтірген. Уақыт өте келе сылағы

түсіп қалған соң, ұлы инженердің аты белгілі болады. Маяк құрылысын салу кезінде Александрия ғалымдары ойлап тапқан құрылғылар пайдаланылған. 120 метрлік үш қабатты мұнараның төменгі қабаты төрт қырдан тұрады. Бұл төртеуі төрт бағытқа – батысқа, шығысқа, солтүстікке және оңтүстікке қараған. Екінші қабаттың сегіз қыры сегіз жақтан соққан жел бағытына ыңғайластырылған. Үшінші қабатта биіктігі жеті метр Посейдон мүсіні мен күмбез арасын жалғаған шырақ тұр. Металл айналардың күрделі жүйесі шамның шырағын ұлғайтып, жарқырата түседі. Бұл теңіз кеңістігін бақылауға мүмкіндік берді. Саяхатшылардың айтуынша, мұнара төбесіндегі мүсіндер асқан ақылдылықпен тұрғызылған. Мүсіндердің бірі күндіз қолын күнге созса, ал күн ұясына кірген шақта қолын төмен түсіріп тұратын болған. Енді бірі күндіз-түні әр сағатты дәл соғып тұрса, үшіншісі желдің бағытын айқындаған.

Фарос шырағы – тек әсемдік пен шеберлікті ұштастырған құрылыс үлгісі ғана емес, сондай-ақ үрей мен үміт, өмір мен өлім, оқ пенен от арпалысындағы теңізшілерге алыстан жол сілтеп тұратын сенім шырағы. Ол сонысымен де құнды. Бұл ғажайып құрылыс XIV ғасырға дейін сақталып келген.

### **Бесінші керемет:**

#### **Семирамиданың аспалы бағы**

Тигр және Евфрат жарыса аққан қос өзен аңғарын жайлаған Месопотамия өз қойнауында талай кереметті жасырды. Тарихы бай Шумер мен Аккад мәдениетінің керемет туындысы – Вавилон патшасы Навуходоносордың (б.з.д. 605-562) сүйікті жары Семирамидаға арнап салдырған аспалы бағы. Оның тарихы былай еді: кәмелетке толған Навуходоносор патша алыстағы тау елі – Мидияның ханшасы Шамурматқа (грекше Семирамида) құда түсіп үйленеді. Сүйікті жарымен бірге Вавилион шаһарына оралады. Бірақ көркіне ақылы сай ассириялық ханша сол елге келгелі бір жадырап күлмейді, ешкіммен сыр ашып сөйлеспейді. Жатса-тұрса елін, жерін аңсайды. Көк шалғын желектері мен хош иісті райхан гүлдерін, кәусар бұлақ суларын сағынады. Ал Вавилон шаһарында аңызак жел мен аптап ыстықтан өзге ештеңе жоқ. Күндіз де ыстық, түнде де ыстық. «Қайткенде сүйіктімнің бабын табам» деп көп ойланған патша «туған жерін көз алдына келтірем» деп, айрықша әсем бақ салуды бұйырады.

Сөйтіп, патша сарайының кең ауласында кірпіштен әсем террасалар орнатылады. Кірпіш үстіне жанартаудың лавасын құйып, оның үстіне қорғасын плиталар қояды, оған қоса құнарлы май топырақ төгіледі. Құнарлы топыраққа әлемдегі бар әдемі жасыл желекті отырғызады. Мыңдаған құлдар күн сайын төменнен жоғарыға су айдап, жасанды тоғандарды толтырады. Бақшаның беті солтүстік батысқа қарайды, күнбатыстан соққан самал жел Семирамида ханшайымның жабырқаған көңілін жадыратады...

Вавилонның құлдырауынан кейін су тасқыны бүкіл елді шайып кетеді. Кейіннен 1898 жылы Роберт Кольдевейдің қазба жұмыстарының нәтижесінде аспалы бақтың қалдықтары Ирактағы Хилла қаласынан табылады.

### **Алтыншы керемет:**

### **Зевс мүсіні**

Әлемнің жеті кереметтерінің бірі – Зевс мүсіні Олимпия қаласының орталық алаңындағы Зевс ғибадатханасында болған. Оны әйгілі грек мүсіншісі Фидий піл сүйегі мен алтынды қиыстырып жасаған. Мүсіннің биіктігі 17 метр. Кейіпкердің бір қолында жеңіс құдайы Никаның шағын мүсіні, ал екінші қолында алтын мен піл сүйегінен жасалған қасиетті қыран бейнеленген ұзын балдақ бар. Құдайлардың құдайы Зевстің отырған орынтағының арқасы мен аяғы піл сүйегінен жасалған әр алуан өрнектермен әдіптеліп қана қоймай, онда Олимп құдайларының бейнелері алтынмен безендіріліп салынған екен. Балдақтың төменгі жағында әйгілі суретші Панэн шығармалары мен билеп жүрген Никалар бейнеленген. Еденге қара көк элевсин тастары төселген. Піл сүйегін құрғап кетуден сақтау үшін зәйтүн майы құйылған арнайы су алыбы салыныпты. Мүсінді көру үшін Грекияның түкпір-түкпірінен халық таңның атысы, күннің батысы ағылып келіп жататын болған. Сол заман жазушыларының айтуына қарағанда, Зевс мүсінін көрген жан жарасынан жазылып, дертіне шипа табады деген сенім болған. Зевс мүсіні IV ғасыр шамасында Константинопольдағы орталық ипподромға көшіріліп, үлкен бір өрт кезінде жойылып кеткен деген жорамал бар.

### **Жетінші керемет:**

#### **Родос алыбы**

Мүсінші Харестің қолынан шыққан күн құдайы Гелиостың алып мүсіні – Родос аралында салынған теңдесі жоқ ескерткіштердің бірі. Родос тұрғындары Гелиосқа айрықша табынған. Күн құдайы Гелиос аралды өз қолымен теңіз түбінен алып шыққан деген де аңыз бар. Бұл мүсіннің әлемнің жеті кереметтерінің бірі ретінде саналуы тегін болмаса керек. Аралдың кіре берісінде орналасқан биіктігі 35 метр болатын мүсін құрылысы 12 жылға созылған. Мүсін негізінен балшық пен металдан жасалған. Ал жоғары жағы қоламен көмкерілген. Мұндай алып мүсінді тұрғызуға шамамен 13 тонна қола мен 8 тонна темір пайдаланылған көрінеді. Зор ескерткіштің кереметтігі соншалық, алып мүсіннің екі аяғының арасынан үлкен желкенді кемелер еркін өтетін болған. Бар-жоғы 56 жыл «өмір сүрген» мүсін б.з.д. 220 жылы аралда болған қатты жер сілкінісі кезінде қирап қалды. 977 жылы Родос аралын жаулап алған арабтар алып мүсіннің қирандыларын бір бай көпеске сатып жібереді.

### **Әлемнің сегізінші кереметі.**

#### **Ол бар ма?**

Ресейде Санкт-Петербург қаласынан шығатын «Невское время» басылымында Людмила Волкованың «Әлемнің сегізінші кереметі» атты материалы жарияланды. Ол өз мақаласында әлемнің сегізінші кереметі деп неміс пен орысқа ортақ мүдде Екатерина сарайындағы «Янтарлы бөлмені» атайды. Соңғы кездері осы тіркестің сәнге айналғаны соншалық, әркім өзі ішегін тарта таңданған нәрсесіне немесе ештеңемен теңгермейтін әншейін дүниесіне «Әлемнің сегізінші кереметі» деп айдар таға салатын болған. Кейбір

орыс қаламгерлері мен журналистері өз шығармаларының жарыққа шығуын осы сегізінші кереметке балайды. Тіпті, кейбір кәсіпкерлер өздерінің жеткен жетістіктерін де осы топқа жатқызатын болыпты. Ал ресейлік белгілі психолог Н.Щербакова әлемнің сегізінші кереметі... – Адам дейді.

Әлем кереметіне енгізбесек те, керемет деп атауға тұратын жерлер мен ескерткіштер қазақ даласында да аз емес. Атап айтар болсақ, Сырдың желімен қосылып, сары даланы сазды күйіне бөлеп тұрған Қорқыт ата күмбезі, өздігінен ашылып-жабылатын Қазығұрттағы Тесіктас, тасынан жасы мөлдіреген Машаттағы Жылаған ата, қиналғанда медеу болатын Баба Түкті Шашты Әзіз, Ғайып ерен қырық шілтен, Үкаша ата, Қарашаш ана, Бекет ата, Шолпан ата, Арыстанбаб, Яссауи кесенелері, Домалақ ана, Айша Бибі мазары...

### **Қожа Ахмет Яссауи кесенесі**

Бұл – XIV ғасыр соңында Әмір Темірдің ықпалымен тұрғызылған күмбезді кесене. Темірдің әмірі бойынша жамағатхана күмбезі 41 кез (1 кез – 60,6 см), ал айналасы 130 кезге тең болып, бас фасады қос мұнаралы биік форталмен көмкерілуі керек еді. Пештақтың мұнараларға дейінгі ені 60 кезге, пештақ арқасының биіктігі 30 кезге жетуі бұйырылған болатын. Құрылыс жобасын Темірдің өзі жасаған екен. Ол құрылысты жүргізуді өз дуанында игілікті істермен шұғылданатын Мәулен Убайдолла Садырға тапсырады. Құрылыс сол кездегі деңгейге қарағанда аса үлкен қарқынмен жүргізілген. Қытайға қарсы жорығын жүзеге асыра алмаған Әмір Темір 1405 жылы Отырарда дүние салғаннан кейін кесене құрылысы тоқтап қалады.

Қ.А.Яссауи кесенесі – аса үлкен күмбезді құрылыс. Оның ені 46,5 метр, ұзындығы 65 метр. Ғимараттың бірнеше күмбезі бар. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1,8-2 метр, қазандық қабырғаларының қалыңдығы 3 метр. Кесененің сырт қабырғаларының көмкерілуі үш бөлікке бөлінеді. Оның орта бөлігіне үлкен көлемдегі өрнектелген жазулар түсірілген. Жоғарғы жағына эпиграфтық фриз, төменгі жағына (ірге бөлігіне) биіктігі 1,85 метр тас кенере жүргізілген.

Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграф фризде Құраннан алынған сөздер жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектеліп, қара көк түсті қыш кірпіштермен көлеңке түсірілген.

Қ.А.Яссауи – сопылық ілімнің негізін қалаушы, діндар ақын, әулие. Бес жасында Арыстанбабтан Мұхаммед пайғамбарымыздың аманатын алған Яссауи жасынан-ақ жаратушыға жақын болған.

«... Ғалымдарға кітап керек, сопыларға тәспі керек, Мәжнүндерге Ләйлі керек, маған сен-ақ керексің! Ақымаққа ақыл керек, ақылдыға нақыл керек, сараңдарға пақыр керек, маған сен-ақ керексің!» деп Құдайына зарланған Яссауи өлеңдерінің дені Алланы тануға, адамгершілікке шақырады. Ислам дінінің тар соқпағын даңғыл жолға айналдыруға ықпал жасаған ақын кесенесіне келушілер саны көбеймесе, азайған емес.

### **Бекет ата мешіті**



Кез келген киелі жер тегін кісінің атын иемдене бермейді. Ендеше, Маңғыстаудағы мешіттің аты берілген Бекет атаның кім болғандығымен танысайық.

Бекет ата 1750 жылы Атырау облысына қарасты Құлсары елді мекенінде дүниеге келген. Ес білген соң, Хиуа медреселерінің бірінде оқып, діни білім алады. Халық Бекет атаның Құдайға деген махаббаты шексіз болған деседі. Ол – халқын үнемі ізгілікке шақырып, шындықпен өмір сүру, әділетті болу, дінсіздіктен қашу, қиянат жасаудан аулақ болуды көксеген жан. Құдайды таныту жолында көп еңбектенген. Діни ілім үйрету мақсатымен шәкірт тәрбиелеген. Ол Алла үшін Үстірт жазығынан өзінің қол еңбегі арқылы жер асты мешітін тұрғызған.

Бекет атаның атына байланысты төрт мешіт бар. Олардың алғашқысы Атырау облысы, Құлсары елді мекеніндегі «Ақмешіт» болса, екіншісі Бейнеу ауылынан 20 шақырым қашықтықта орналасқан, ал үшіншісі Үстірт жазығы бойында Байшатыр жерінде. Соңғысы Маңғыстаудағы мұнайдың отаны Жанаөзеннен 200 шақырым қашықтықта орналасқан Оғландыдағы жер асты мешіті болып табылады.

Тарихшылардың айтуынша, Бекет ата мешіті құрылысы жағынан Түркістандағы Қ.А.Яссауи кесенесінен және Иерусалимдегі Омар мешітінен кем емес. Бекет ата мешітінің бір ерекшелігі, ол жеті ғибадат бөлмесінен тұрады. Бір қызығы, осы бөлмелер құрылысы жағынан Египеттегі Хеопс пирамидасының жеті бөлмесіне қатты ұқсайды екен. Мешіттің жоғарғы жағында қонақ үй, төменгі жағында қорым орналасқан. Қорым маңында бұлақ ағып жатады.

2000 жылы Оғландыда Бекет атаның 250 жылдығы аталып өтілген болатын. Қазір мешіт маңында зиярат етушілерге арналған қонақ үйлер бар. Ақтау қаласынан арнайы автобустар қатынайды. Мешіт маңы зиярат етуші адамдардан үзілмейді екен. Мұнда келген пенделердің көбі рухани күш алып, Аллаға деген сенімін түзеп, дінсіздіктен арылады. Мешітке түнеп, медет тілегендер түсінде тығырықтан шығудың жолдарын көреді екен.

## **Адам жаны жұмбақ әлем**

### **Эйнштейннің құпиясы**

1955 жылғы 18 сәуірде түнгі сағат бір шамасында ұлы ғалым, физик-теоретик Альберт Эйнштейннің қолқа тамыры жарылып кетіп, жүрегі тоқтады. Есімі бүкіл әлемге әйгілі осы бір қайталанбас дарын иесін жерлеу рәсімі бұқарадан тысқары, ең жақын деген ат төбеліндей туған-туыс, жора-жолдастарының қатысуымен ың-шыңсыз өтті. Жерлеу деген аты болмаса марқұмның сүйегі крематорийде өртеліп, күлі ғана жерге берілді. Ғалымның өз өсиеті бойынша ол Американың Нью-Джерси штатындағы Трентон қаласының маңындағы зиратқа былайғы жұрттан жасырын қойылды.

Сол күні Эйнштейннің өз күлімен бірге оның өлер алдында ашқан үлкен жаңалығы - өзі өртеп жіберген жаңа қолжазбасының күлі де бірге көміліпті-мыс деген сөз бар.

Жалпы, осы бір ұлы тұлға туралы алуан-алуан аңыздар мен алып-қашпа әңгімелер, айтыс-тарғыстар, міне, содан бергі елу жылға жақын уақыт бойы әлем жұртшылығының аузынан әлі бір түскен емес. Өзі өлсе де даңқы өлмейтін Эйнштейн қандай адам еді?

Альберт Эйнштейн 1879 жылы Германияның Ульеме қаласында дүниеге келген. Мюнхеннің Луитпольд гимназиясында оқыған кезінде математика мен физика сабағына жүйріктігімен көзге түсіп, бірақ осы мектептегі мұғалімдердің қит етсе жазалайтын қатаң тәртібіне көңісі келмей қарсыласып, тәртіпсіз, салақ, нашар оқушы атанған. 14 жасында отбасымен Швейцарияға көшіп, сонда 21 жасында Цюрих политехникумын бітірген. Оның елден ерекше ойлау қабілеті сол оқу орнында жүргенінде айқын білінген. Зерек студент физиканың кейбір заңдарын, оның ішінде Ньютонның да теориясы бар, мойындамай, жоққа шығаруға тырысып, қарсы шығып, мұғалімдердің қаһарына ұшырайды. Бұл «бейбастақтығы» оның кейін өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына да салқынын тигізді, себебі, ол кезде еуропалық мекемелер жұмысқа қабылдау үшін оқу орнынан мінездеме мен кепілдеме сұрайтын, ал физиканың классикалық тұжырымдарын мойындамайтын сыңарезу, өз дегені болмаса көнбейтін, алып-ұшқан албырт мінезді Альбертке техникум мұғалімдері дұрыс мінездемені қайдан ұстата қойсын? Ол осылайша өзінің шикі мінезінің «ащы жемісін» татып үлгіреді. Бірақ оған мойынсұнатын Альберт пе?

Екі жыл бойы орын таппай сандалыстан кейін ол ақыры Берн қаласындағы патент бюросына техникалық сарапшы қызметіне тұрып, жалақы таба бастайды. Өз қолы өз аузына жетіп, ерні аққа тиіп, жағдайы сәл-пәл оңалғасын Эйнштейннің жұмыстан тыс уақытында, кейде тіпті жұмыс кезінде ұрланып болса да, өзінің сүйікті ісі – ғылыммен айналысуына мүмкіндік туады. Сөйтіп жүріп-ақ ол жеке салыстырмалық теориясын жасайды, статистикалық физика, броундық қозғалыс, сәулелену теориясы жөнінде зерттеулер жүргізіп, көптеген ғылыми мақалалар жазады.

«Егер тышқан ғаламға қарар болса, бұдан ғаламның жағдайы өзгере ме?» деп жазған ол осы кезде масса мен қуаттың өзара байланысы туралы заңды ашады, ал бұл бүкіл ядролық энергетиканың негізі болып табылатын.

Эйнштейннің жұмыстары көпке танылып, ғалым атағы шығып, 30 жасында ол алдымен Цюрих университетінің, артынша Прагадағы Неміс университетінің профессоры атанады. Бұл оның үйленіп, екі балалы болған кезі екен. 1914 жылы оны Берлин университеті дәріс оқуға шақырады. Ғалым осы кезеңде жалпы салыстырмалық теориясын жасауды аяқтап, сәулеленудің кванттық теориясын дамытады. Оның фотоэффект теориясында жарық кванттар (фотондар) ағыны ретінде қарастырылады. Ол сонымен қатар кейін Эйнштейн заңы атанған фотохимия заңын анықтайды.

Сөйтіп, фотоэффект заңдарын ашқаны және теориялық физика саласындағы зерттеу жұмыстары үшін А. Эйнштейн 1921 жылы 42 жасында Нобель сыйлығына ие болады. Ол бұл тұста әлемнің көптеген академияларының және ғылыми қоғамдарының мүшелігіне қабылданады. 1926 жылы оны КСРО Ғылым Академиясы да өзінің құрметті мүшесі етіп сайлайды. Эйнштейн фашизмге қарсы шығып, 1933 жылы Германияда өкімет билігі фашистер қолына өткен кезде Америкаға қоныс аударады. Мұнда Жоғары зерттеулер институтында жұмыс істеп жүріп, ұлы ғалым ядролық қару жасауға ашық қарсы болады, бұл жөнінде 1939 жылы Президент Рузвельтке хат жазып, ядролық жарылыстардың қауіпті де қорқынышты зардабын ескертеді.

Осындай ұлы дарын иесі өмірде аса жаңғалақ, ұмытшақ, салдыр-салақ болыпты. Бір жолы ол өзі бір кезде оқыған әлдебір кітаптың арасынан мың жарым доллардың чегін тауып алыпты. Күнделікті тіршілікке аса икемсіз, қолда барды қанағат тұтып жүре беретін ол, тіпті мұндай ақшасының бар-жоғынан, қайда қалғанынан да бейхабар екен. Сосын ол көбінесе өзінің үйінің Нью-Джерси штаты, Принстон Мерсер стрит, 112 дейтін жаттауға жеп-жеңіл адресін керегінде есіне түсіре алмай қалатын көрінеді. Ғалымның ғылымнан басқа қақсоқпен шаруасы жоқ, шектен тыс жұпыны жүретіні жөнінде мынадай да бір аңыз бар. Киімге мән бермейтін, өзінің үсті-басына қарауды білмейтін Альберт Эйнштейн жас кезінде үнемі мыж-мыжы шыққан бір ғана көнетоз пиджакпен алқа-салқа жүре береді екен. Оған көршілері:

- Сіз осы неге дұрыс киініп жүрмейсіз? Бір киімді үстіңізден тастамайсыз, жұрт Сіз туралы не ойлайды? – десе, ғалым:

- Онда тұрған не бар, ел мені бәрібір танымайды ғой... – деп жауап беріпті.

Арада отыз жыл өтіпті. Атағы шыққан Эйнштейн әлі сол пиджакпен жүрген көрінеді. Көршілер:

- Сіз неге қалай болса солай киінесіз, ел сыртыңыздан сөз қылады деп ойламайсыз ба? – деп таңырқай сұрақ қойса:

- Онда тұрған не бар? – деп қарсы сұрақ қойыпты ғалым, - Мені мұндағы ел онсыз да таниды емес пе?

Ғалым 1933 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін космологияны зерттеп және кеңістіктің біртұтас теориясын жасаумен айналысқан екен. Зерттеудің басты мәні негізінен бір ғана теңдеудің көмегімен үш ғаламат қуаттың: электромагниттік, гравитациялық және ядролық күштердің өзара қарым-қатынасын сипаттау болып табылатын. Оның электромагниттік зерттеулерінің нәтижесінің анығы бізге белгісіз, бірақ сан-саққа жүгірткен долбар көп, тіпті ғалымның осы тәжірибесі туралы Голливуд «Филадельфия эксперименті» деп аталатын шытырман оқиғаны жартылай фантастикалық екі сериялы көркем фильм де түсіргені белгілі.

Көзінің тірісінде әлемді таңырқатумен болған Эйнштейн өлгенде де елді таңқалдырып кетті. «Қайырымдылық, сұлулық және шындық – менің өмір жолымды нұрландырған, менің көңілімде қайта-қайта қуаныш пен батылдықты туындата беретін мұраттар, міне, осылар» деп жазған ол көзі жұмылғанша 22

жыл бойы табандылықпен жалықпай жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде осы салада өзінің күткенінен де асып түскен әлдебір ұлы жаңалық ашып, бірақ оның жариялануына жан-тәнімен қарсы болып, құпиясын ешкімге аспаған күйінде, сол іргелі еңбегін өлерінің алдында түк қалдырмай өртеп, жойып жіберген көрінеді. Бұл сонда ұзақ жылдарын сарп еткен еңбегінің ерекше жемісін көзі қиып, жоқ қылып кететіндей нендей ғаламат жаңалық болды екен? Кемеңгер, көреген ғалым оны адамзаттың келер ұрпағына неге ұсынғысы келмеді? Іштен шыққан шұбар жыландай өз туындысынан өзі зәресі ұшып, соншалықты неге қорықты? Бұл сұрақтың жауабын, өкінішке орай, ұлы физик өзімен бірге ала кетті.

Содан бері қаншама ғалымдар осы құпияның сырын аша алмай, бастарын қатырып, дал болып келеді. Ал, біз қалай болғанда да, атом жарылыстарының зардабы адам айтқысыз боларын алдын-ала сезіп-көре біліп, жаппай қырып-жоятын қару жасалуына қарсы шыққан осы бір ұлы тұлға жер бетінде екі қоғамдық жүйе бір-бірінен ілік іздеп, арбасып тұрған қырғиқабақ заманда өз жаңалығының қайдағы бір қараниетті қаскүнемдердің қолына түсіп кетуінен сақтанып, адамзатты төніп қалған басқа бір зобалаң, апат қаупінен қорғап қалған болар деп, жақсыға жоримыз. Дей тұрсақ та бұл қандай құпия, нендей жаңалық болды екен?

## **Тылсым сырлы асыл тастар**

Өмірде біреулер асыл тасы бар, жүзік, білезікті қолына, сырғаны құлағына, алқаны мойнына жәй әшейін сәндік үшін тақса, кейбіреулер оның адамға энергия беру көзі, ғарышпен байланысқа түсіру құралы екенін біледі. Ал енді ғалымдардың айтуынша, осы асыл тастардың барлық қасиеттерін бойына жинаған бір мысқалдайы әркімнің денесінде де бар. Табиғатта жетілген элементтер түрінде кездесетін алмаз, көмір, өзен тастары адамның ағзасына қажет болғандықтан, өзінің саналы күш-қуатымен оның белгілі орталықтарына әсер ете алады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, жүзіктегі, білезік, алқа, сырғадағы асыл тастар адамның энергия қабылдау көздерінде жетпей тұрған күш-қуатты ғарыштан жинап береді Таңғажайыптылығы сол, адамдар саусағына жүзік кигізгенінде ол өз энергиясымен де, минерал ретіндегі табиғатымен де, түсімен де сәйкестене кетіп, үндес энергетикалық орталыққа тартыла бастайтын болып шықты. Атап тұрып айтсақ, сары түсті тастар өзінің бойындағы минералдарымен дененің осы минералдары бар 3-энергетикалық орталығына (манипура – үндіс тілі), ал қызыл түсті тастар төменгі энергетикалық орталыққа (муладхара) қарай тартылады.

Адамның қолдары түрлі орталыққа тартылу қабілетіне сәйкес әртүрлі аураға ие. Бас бармақта – қызыл түсті аура, сұқ саусақта – қызғылт сары аура, ортаншы саусақта сары түсті аура, аты жоқ саусақта – көкшіл – күлгін, шынашақта – жасыл түсті аура бар дейді зерттеушілер. Тек аты жоқ саусаққа барлық түсті тасы бар жүзіктерді киюге болады екен. Себебі, бұл саусақтың космостық көкшіл-күлгін түсі қалған энергетикалық орталықтардағы түстерді

басқарып отыратын көрінеді. Тағы бір зерттеушілердің анықтаған қызық жағдайы, егерде сіз ортаншы саусағыңызға сары топаз көзді жүзік кигеніңізде сіздің денеңізде энергия жеткіліксіз болса, тас жарқ- жұрқ етіп, ғарыштан күш-қуат жинап оны тиісті орталыққа (асқазан түбіндегі) береді.

Сары, қызғылт сары түсті тастар адамның физикалық табиғатына өте жақын. Сол себепті мұндай тастарды барлық адамдар тағып жүре алады. Жасыл түсті тастар бойында жақсылығы мен жамандығы алмасқан, алайда түбінде жақсылығы жамандығын жеңетін адамдарға тән екен. Күлгін түсті тастар көк (ғарышқа тән) және қызыл (дина-микалық) түстердің қоспасынан құралғандықтан, оның адамға әсері өте айрықша өткір. Олай болса, асыл тасты бұйымдар таңдағанда да мамандармен пікірлескеннің ешқандай артықшылығы жоқ. Біз енді жекелеген асыл, қымбат, бағалы тастардың құпия сырларына, табиғатына тоқталсақ.

### **Қызыл түсті тастар тобы**

**Лағыл (рубин)** – минерал, корундтың бір түрі. Ол бірінші класты асыл тас. Лағыл тобына қызыл жақұт, шпинель, пироп, турмалин, тағы да басқалар жатады. Лағылдың жасанды түрлері 19 ғасырдың аяғында-ақ шығарыла бастаған болатын. Лағыл – зергерлік тас. Оны сағат өнеркәсібінде, кванттық генераторларда қолданады. Көп адамдардың түсінігінше асыл тастардың королі – рубин. Алайда зерттеушілер Жер Ананың қойнындағы барлық минералдардың бірдей қымбат екендігін дәлелдейді. Негізінен, лағыл – адамның психикасына күшті әсер етіп, оның мінезін ұштай түседі. Мейірімді жан бұрынғыдан да мейірімді, қатал адам бұрынғыдан да қаталданып кетеді. Олай болса, лағыл көзі бар жүзікті сыйларда оны мінезі қандай адамның тағып жүретінін есіңізге алып, ойланыңыз. Асыл тастардың тылсым сырын зерттеушілердің түсіндіруінше, адамдар лағыл жүзіктерді елді өзіне тәнті еткісі келген де, бойын сенімсіздік жайлап алғанда тағу қажет деп ақыл айтады. Мұндай сәттерде әлгі лағыл көзі бар бұйымдар адамдардың ой-санасына, бойына күш-қуат қосады. Және де лағыл сақинаны дұрыс пайдаланып, дұрыс тағып жүрсеңіз ол сіздің денсаулығыңызға ешқандай зиянын тигізбей, қайта өзіңізге даңқ пен байлық әкелетін көрінеді. Мамандар рубинді айына бір-үш рет, аты жоқ саусаққа, барлық металлмен, ал дұрысы алтынмен көмкеріп кигенді дұрыс санайды. Ең абзалы, қатты ауырып тұрғанда лағылды тақпаған жөн.

**Анар тастар, гранаттар** (анар дәндеріне ұқсастығына байланысты лат. «granatus» - «түйіршік» сөзінен шыққан) – силикаттар класына жататын минералдар тобы. Гранаттар – барлық қасиеттері жағынан лағылдан кейінгі асыл тас. Гранаттың құрылымы рубиннен (лағылдан) бір саты төмен.

Мамандар гранатты – бейнетқор адамның тасы дейді. Өйткені, ол өзінің түсіне сәйкес эмоционалды жұмыс ырғағын сіңіріп алады екен де, адамға ерекше шабыт, іскерлік қасиеттерді сыйлайтын көрінеді. Гранат таққан адам бұл тастың құрылымының әсерінен бұрынғыдан да жинақы, жылдамырақ бола түседі. Оның табысқа жеткізетін кілт екенін түсінеді. Гранатты қандай

металлмен де тағуға болады. Гранат иесіне экономикалық табысқа жетуге көмектеседі.

Гранаттар адамның жүйке жүйесіне қажетті күш-қуатын молықтырады. Оны қандай металлмен де таға береді. Зерттеушілер гранат иесін табысқа жеткізеді деп те болжам айтып, еліктіреді. Негізінен, гранаты бар сақина, жүзіктер адамның сұқ немесе аты жоқ саусағына тағылады. Төменгі энергетикалық орталықтың (ішек-қарын, несіп жолдары жүйесі) жұмысын жақсартады деп есептелетін анартасты бір күн (24 сағат) суға салып қойып, сол суды ем ретінде де ішетіндер бар. Сонан соң бір апта демалу қажет. Гранатты денендегі қызыл түсті энергетикалық орталыққа қарайтын бір жерің ауырғанда, соған қоюға болады.

**Лал (мейірбан шпинель).** Ол өзінің құрылымы жағынан лағылға ұқсас. Оны таққан адамның да мінезі ұшталады, бойына сенімділік бітеді деген пікірлер бар. Мамандар лалды да рубин тәрізді абайлап пайдалануға кеңес береді. Мұндай асыл тасы бар жүзікті адамдар айына бір-үш рет аты жоқ саусаққа алтынмен көмкеріп тағуға тиіс. Оның да емдік қасиеті лағыл тасындай.

**Қызыл ақық (сердолик).** Өзінің құрылымы арқылы адам биоөрісімен ерекше қарым-қатынасқа түсетін бұл минерал мөлдір емес. Мамандар қызыл сердоликті адамды пәле-жаладан сақтайды деп есептейді. Қызыл ақық адамның психикасына әсер етпейді, адамның (қызыл ақық тасты жүзік таққан) энергетикалық орталықтарын бөтен сұқ көзді адамдардың биоөрісінен, қасақана қадалған жанарының отынан сақтайтын күшке ие. Қызыл ақық тасты кез келген металлмен көмкеріп, аты жоқ саусаққа тағуға болады. Тек осындай тасты алқаны мамандардың пайымдауы бойынша, үшінші және төртінші энергетикалық нүктелердің арасына, яғни жүрек пен асқазанның ортасына, қай-қайсын да жаппай, қайсы бір орталықта энергияның көзі болып кетпеуін қадағалай тағуды мамандар еске салады. Қызыл ақық несеп жолдарын, жыныс органдарын суық тию ауруларынан сақтайды деген сенім бар. Әрине, мұның бәрі Аллах Тағаланың мейірім шапағатымен жүзеге асатын шипалық емдер ғой. Алайда біз асыл тастардың табиға-тын, олардың адам ағзасына тигізетін әсерін жоққа да шығармаймыз.

Бір қызығы, мамандардың айтуынша, барлық қызыл түсті тастар адамның денесінде 6 - сағаттан артық тағылып жүретін болса, ол сол кісінің нәпсісін де оятады екен. Оған біреу сенер, біреу сенбес, бірақ та біз осы мақаламызды даярлау барысында пайдаланған медициналық, отбасылық әдебиеттерде, газет-журналдарда солай деп жазылған. Қазақ атамыз: «Білгенге-маржан», - дейді ғой. Сондықтан да біз бұл болжамдарды да оқырмандардың назарына сала кетуді жөн көріп отырмыз.

### **Қызғылт сары түсті тастар**

Зерттеушілер қызғылт сары түсті тастарда жерге деген махаббат және нәзіктік пен ізгілік тұнып тұр дейді. Қызғылт сары түс – күшті энергетикалық антисептик. Қызғылт сары яшма. Бұл минерал да мөлдір емес. Мамандардың есептеуінше, ол өз иесін қоршаған ортамен үйлесімділікке жетелеп, пәле-

жаладан сақтап, адамның қызба, еліктегіш қасиеттерін, махаббат сезімін оятуға әсер етеді. Мұндай тасты түйреуіш, кулон, галстук тасы ретінде барлық металлмен көмкеріп, сұқ саусаққа, аты жоқ саусаққа тағып жүреді.

**Падпараджа.** Мөлдір түсті минерал әрі жарық. Ол табиғатта сирек кездеседі. Зерттеушілердің әспеттеуінше, оны таққан кісі тастың қуатты күшімен махаббат азабынан құтылып, адамды сақтап, қорғайды. Оны таққан адамның махаббат сезімі күшейеді. Бұл тастың несеп жолдарының, жыныс органдарының суық тиіп ауруын қорғайтын қасиеті бар.

**Қызғыл сары опал.** Түсі күн сияқты жарқырап тұрады. Құрылымы тұрақты. Энергиясы күшті бұл тастың адамға сыйлайтыны: махаббат, құштарлық, қуаныш, бақыт. Мұндай көзі бар жүзік, алқа таққан адам шаршап, шалдықпайды. Осы тастан жасалып, күміспен қабысқан жүзікті адамдар оң қолының сұқ саусағына, аты жоқ саусағына тағады, басқа да әшекей етіп пайдалана алады. Қызғылт сары опал адамның несеп жолдарына, жыныс органдарына шипалы.

### **Сары түсті тастар**

**Сары түсті тастар** - өмірге деген іңкәрлық символы болып сенімге ұялаған.

**Сары берилл.** Ол – сақиналы силикаттар тобына жататын минерал. Бериллдің жасыл түстісі-изумруд, көк және көгілдірі-аквамарин, қызыл, қызғылт түстісі воробьевит, сарысы-гелиодар деп аталады. Берилл жылтыр, қатты. Асыл тастардың табиғаты туралы болжам айтушылар: ол өзінің энергиясымен үшінші орталықты-астралды әлемнің «шабуылынан қорғайды». Ол басқа металлдардың ішінде күміске ерекше жақын. Металлмен көмкерілген, осындай тасы бар жүзікті аты жоқ немесе ортаңғы саусаққа, сол қолға салып тағады. Сары берилл ер адамға жақын тас.

**Сары топаз.** Ол – ғажайып мөлдір минерал. Бұл асыл тастың түрлері аз емес. Соған қарамастан, олардың ішінде сары түсті энергетикалық әсері өте күшті асыл тас. Зерттеуші мамандар сары топазды бақытты тасқа жатқызады. Олар: «Сары топазды түнде басқа жастап қоюға, төсектің жанына төбеден жоғары ашық кеңістікке іліп қойған жөн. Сонда ол адамның ұйқысын бір қалыпқа келтіріп, ұйқыдан шошып оянудан, ұйқылы-ояу сөйлеуден, қорылдаудан емдеп жазады», - дейді. Зерттеушілер мұны әлемдік тәжірибеге арқа сүйеп айтады, осылайша ой қорытып, адамның үмітін үкілейді. Сары топазбен неврастения, лейкоцитоз ауруларына әсер етуге болады деген пікір қалыптасқан.

**Сары циркон.** Әдемі асыл тастардың бірі. Тек қана құрылымы жағынан сары топаздан әлсіз. Сол себепті адамдармен де қарым-қатынасы әлсіз саналады. Көп адамдар пәле-жаладан сақтайды деп оны бойтұмар етіп тағып алады. Жалғыз-ақ есте болатын жағдай дініңе, ұлттық салт-дәстүріңе, наным-сеніміңе сәйкес саған қандай бойтұмар қажет, сол туралы ойланып алып қана мұндай тастан бойтұмар тағасың ба, тақпайсың ба, өзіңнің шешкенің дұрыс. Мамандар сары циркон, адамның ақылын толыстырады дейді. Осы тастан

жасалып, барлық металлмен көмкерілген сары цитронс жүзігін оң қолдың сұқ, ортаншы саусағына салады.

**Гиацинт.** Бұл минерал жартылай мөлдір. Адамның психикалық энергиясын күшейтеді деп есептеледі. Гиацинт – адамға екі жақты әсер ететін тас. Біріншіден, ол адамның жақсы қасиеттерін дамытады. Екіншіден, ол адамды бір-бірімен ұрыстырып та қояды. Бұл тас өз қателігін түсініп, оны түзеткен адамдарға ғана бақыт әкеледі. Мамандар бұл таспен де ішек-қарын, асқазан ауруларын түзеуге болады деп жорамал айтады.

Сары түсті тастардың ішінде сары ақық (сердолик), янтарь да бар. Сары ақық – ғажайып минерал. Өңдеп, тегістеуге әдемі. Бойтұмар тасқа пайдаланады. Янтарь болса, бұл – беріш болып қатқан шайыр, бойында миллиондаған жылдардың энергиясы бар деп айтылады. Бұл тас энергияны жинақтап, 3 энергетикалық орталыққа береді де, ой-сананың, адам ағзасының белсенді жұмыс істеуіне ізгі ықпалын тигізеді.

Жалпы, табиғатта жасыл, көк, көгілдір, басқа да түсті тастар бар. Ол туралы әңгіме қозғау болашақтың ісі.

**Мақсұтбек Сүлеймен.**

## **Ақша атауы**

Еліміздегі ұлттық валюта - теңгемен қатар АҚШ доллары, ресей рублі, неміс маркасының айналымы жақсы екендігін білеміз. Ал, өзге елге сапарлап бара қалсаңыз, сол елдің ақшасының атауын біліп алғаныңыз артық болмас. Мысалы, бұрынғы Кеңестер Одағында болған көршілес елдерде:

Қырғызстан – сом

Өзбекстан – сум

Украина - гривна

Молдавия – лей

Латвия – лат

Литва - лит

Эстония – крона

Грузия – лари

Қазір бірқатар Еуропа мемлекеттерінде ұлттық банкноттармен қоса ортақ валюта евроның да дәурені жүріп келеді.

Австрия - евро (шиллинг)

Финляндия - евро (франк)

Германия - евро (марка)

Греция - евро (драхма)

Голландия - евро (гульден)

Италия - евро (лира)

Норвегия - евро (крона)

Португалия - евро (эскудо)

Испания - евро (песета)

Швеция - евро (франк)



Түркия - евро (лира)

Дегенмен, кейбір батыс елдері өз қаржысының құнын жоғары бағалайтын тәрізді.

Австралия – доллар

АҚШ – доллар

Канада – доллар

Чехия – доллар

Ұлыбритания – фунт стерлинг

Венгрия – форинт

Ирландия – фунт

Польша – злотый

Сербия – динар

Дамушы елдерге саяхаттап бара қалсаңыз, ондағылардың да ақшасынан хабардар балыңыз.

Колумбия - песо

Куба - песо

Филиппин - песо

Мексика - песо

Перу - инти

Үндістан - рупий

Израиль - шекель

Вьетнам - донг

Ал, Шығыс елдерінің ұлттық валютасын біздің саудагерлер жақсы біледі. Қытай асып, Тайланд барып, Кореядан қайтатын жаны сірі әйелдерімізге жұмбақ өкпе ауруының осы елдерде белең алуы кері әсерін тигізгені сөзсіз. Дегенмен ақшалары:

БАЭ - дирхам

Кувейт - динар

Сауд Аравиясы - риал

Корея - вон

Қытай - юан

Жапония - иен

Тайланд - бат

## **Сандардағы сиқырлы сырлар**

Адамтану мәселесімен айналысушылардың айтуынша, адамның ғұмыры үш кезеңнен тұрады. Осы үш кезеңнің әркімге қатысты өз саны бар. Сол сандар арқылы өзіңіз алдағы 10 жылды, 20-30 жылды қалай өткізесің, соны да біле аласың. Олардың пікірінше, алдағы ғұмырың туралы сандар сыр шерте алады. Жасыратыны жоқ, оған ырымшыл жандар, басқа да адамдардың бірқатары сенеді, кейбірі оған күдіктене де қарайды. Алайда мұндай болжам айтушылардың әңгімесіне назар аударған, оны өз өміріңмен салыстырып көрген, алдағыны сандардың айтатынын талдап, танысқан артық емес. Біз енді

адамтану мәселесімен айналысушылардың әр пенденің маңдайына жазылған ғұмырдың 3 кезеңінің оған «тиесілі» 3 санын қалай анықтайтынына, ол жөнінде қандай пайымдаулар айтатынына тоқталайық.

### Ғұмырдың 3 кезеңі

**Бірінші кезең.** Ол – 28 жасқа дейінгі ғұмыр. Бұл кезде адамның балалық, бозбалалық шағы артта қалып, ол салиқалы шаққа аяқ басады. Сіз өмірдің бұл бөлігін қалай өткересіз, оны көрсететін сан қандай? Ол жөнінде мынандай болжам бар:

«Өмірдің бұл бөлігін қалай өткеретінізді көрсететін сан, қаңтардан қыркүйек-ке дейін туғандар үшін сол айлардың реттік саны (қаңтар – 1, ақпан – 2, наурыз – 3 ай дегендей есеппен 9 - айға – қыркүйекке дейін кете береді) болып табылады. Қазаннан желтоқсанға дейін туғандардың мұндай саны екі қатар санның бірін-біріне қосу арқылы шығады (қазан - 10-ай:  $1+0=1$ , қараша - 11-ай;  $1+1=2$ ; желтоқсан - 12-ай:  $1+2=3$ ).

**Екінші кезең.** Ол – 28 жастан 56 жасқа дейінгі ғұмыр. Адамтану мәселесімен айналысушылардың айтуынша адам ғұмырының бұл бөлігіне тән сан – туған күннің саны болып есептеледі. Бұл кезеңде де 2 қатарлы санды бір-біріне қосу арқылы бір қатарлы сан алу тәсілі пайдаланылады (мысалы айдың 28-інде тусаңыз:  $2+8=10$ ;  $1+0=1$  дегендей). Негізінен, әр айдың 9-жұлдызына дейін туғандардың саны сол туған күні болып табылады. Яғни, 9-қыркүйекте туғандардың саны – 9; 7 – ақпанда туғандардың саны – 7 деген тәрізді. Енді осы «тиесілі» сан бойынша болжам жасай беріңіз.

**Үшінші кезең.** Ол – 56 жастан кейінгі ғұмыр. Адам жасының осы кезеңінің саны туған жылының санын бір-біріне қосып, бір қатарлы сан шығару қажет. Мұны 2 амалмен жүзеге асырады. 1951 жылы тусаңыз, бірінші амал:  $1+9+5+1=16$ . Екінші амал:  $1+6=7$ . Сіздің саныңыз – 7.

### Ғұмырдың үш кезеңіне байланысты болжамдар

Адам ғұмырының үш кезеңіндегі «тиесілі» сандарды анықтап алғаннан кейін мына сандардағы болжамдарға арқа сүйеп, соған байланысты мінез-құлқыңызды, алдағы өміріңіздің қалай болатындығы туралы ой қорытыңыз. Әрине, оған сену, сенбеу өз еркіңізде. Бұлар – адамтану мәселесімен айналысушылардың болжамы ғана. Ал болжамның ақиқатқа айналатыны да, іске аспайтыны да бар. Бәрі Аллаһ Тағаланың бұйрығында. Алайда, өз ғұмырың туралы болжамдарды естуден қашпайтын шығарсың. Өйткені біздер, қазақтар ежелден құмалақ салғызып, жауырынмен болжам айтып, ырымға зейін қоятын халықпыз ғой. Біз енді сандар қалайша «сөйлейді», соған көңіл бөлсек.

**1 саны.** Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі 1 санына тұспа-тұс келетін болса, бойыңызда сенімділік, бастан сөз асырмайтын шамшылдық сезімі бар. 1 санының иелері үнемі ізденіп, талпынып, өсу, жетілу үстінде өмір сүреді. Айдың бірінші күні ме, аптаның бірінші күні ме, өз өміріңнің бір кезеңіне бұл 1 саны жазылғандарға жақсылық сыйлайды. Осы күндері бір іске

кіріссеңіз, сапарға шықсаңыз, соның бәрі сәтті аяқталады. Олай болса, мұндай сан иесі сондай саннан басталатын айдан, күннен, сағаттан қуаныш күте берсін.

**2 саны.** Адам ғұмырының бұл санға тұспа-тұс келген кезеңі иесінің жанына көңіл-күйінің, сезімінің үстемдік ететінін танытады. Не болса соған сезіктене, секемдене қарау, қорқып-үрку, дұрыс шешім қабылдай алмау, қай істі де мерзімінен кеш қолға алу осы кезеңге тән құбылыстар. Алайда адамдармен тіл табыса білу, қай нәрсенің де жақсылығы мен жамандығын қат-қабат көру өмірдің 2 санын еншілеген кезеңін табысты өткізуге көп көмектеседі. Сондықтан да бұл қасиеттердің керектігін әсте ұмытпаңыз.

**3 саны.** Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі осы 3 санына сәйкес келетін болса, ол дос-жолдастың, тілектес әріптестердің көбеюімен ерекшеленіп, мазмұндана түседі. 3 саны «тиесілер» сауық-сайранға, серілікке бейім. Сол себепті олардың сауық-сайран, серілік өмірден басқа да маңызды мәселелердің, ел мен жер алдында азаматтық жауапкершілігінің бар екенін ұмытпағаны жөн.

**4 саны.** Өмірінің 3 кезеңінің бірі бұл санға сәйкес келетін адамға тән ерекшелік – еңбекқорлық. Бұл сан иелері жоғары қызмет атқармаса да өзінің қабілеті, іскерлігі бар екенін танытып, өзін сол арқылы бақытты сезіне алады. Олардың есінде сақтауға тиісті жағдай: жананы жатсынып, ескіге бүйрегі бұратын кертартпалықтан (консерваторлықтан) ешкім атақ-абыройға ие бола алмайды, сол себепті ондай сезім бар болса, одан арылуға тиісті.

**5 саны.** Адам ғұмырының бұл санға тұспа-тұс келетін кезеңі иесінің халыққа қалаулы болуымен ерекшеленеді. Бірақта Сіз «мен осындай санның иесімін. Яғни, жұлдызым жанып тұр», – деп дандайсымаңыз, ойланбай ешнәрсені де жасамаңыз.

Бұл ақыл-кеңеске құлақ аспасаңыз, бармағыңызды тістеп, өкініп қалуыңыз мүмкін.

**6 саны.** Зерттеушілердің пайымдауынша, «бұл кезеңнің «билігіндегі» уақыт жұптасуға, топтасуға қолайлы». Егерде сіз осы уақытқа дейін жалғыз жүрсеңіз, енді қасыңызда жанашыр жан пайда болады. Сіз жанашырыңызбен ақылдасып, пікірлесіңіз. Сонда бұл өмірдің мән-маңызы мен оның Жаратқан Иеміз сыйға тартқан таңғажайып тіршілік екенін терең түсіне бастайсыз.

**7 саны.** Өз өмірінің бір белесінде бұл санға «ие» болғандар өзін-өзі жетілдіруге, жан-дүниесін байытуға барлық күш-қайратын жұмсайды. Олар өткен өмір жолына үңіліп, өзіне-өзі есеп береді, келешекке жоспар құрып, осыған дейін жіберген қателігін енді қайталамауға бет бұрады. Ой-өрісі кеңейіп, терендейді, дүниеге көзқарасы жұмбақтанып, құпиялана түседі. Оның өмір бойы жинаған тәжірибесі шығармашылық жұмыспен айналысса, оң нәтижесін береді. Қай мәселені де талдап, талғамдай алатын қасиетінің қай істе де көмегі мол.

**8 саны.** Егерде Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі бұл санға тұспа-тұс келсе, өзіңізді өзгелерге билік жасау, басқару ісі күтіп тұр деп ойлай беріңіз. Мүмкін ел басқармассыз. Алайда бұл кезеңде Сіздің үй-ішіне, туған-туыстарыңызға билігіңіз, сөзіңіз жүреді. Оған кәміл сеніңіз.

**9 саны.** Бұл санға «ие» болсаңыз, ауқымды ой-жоспарлардың, жанқияр батылдықтың кезеңі келді деп біліңіз. Бұл кезеңде бойыңыздағы күш-қайрат тас қопарып, тау бұзуға жетеді. Жалғыз-ақ, армандап, қиялдана білсеңіз болғаны. Осы кезеңде өзіңізді үлкен маңызды істердің күтіп тұрғанын ұмытпаңыз. Тағы да қайталап айтамыз, зерттеушілердің бұл болжамдарына сену, сенбеу өз еркіңізде. Алайда осынау қорытындылардың тектен-текке өмірге келмегені, онда халықтың мол іс-тәжірибесі жатқаны есіңізде болсын.

### **Сандардың сұлу сипаты**

Ұлы ғалым Пифагор: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие», – деген екен. Мүмкін, біреу білер, біреу білмес, өмірде нумерология дейтін, сандар туралы ежелгі ғылым бар. Көпшілік қай санның қандай мағына арқалап тұрғанын соның болжамдары бойынша анықтап жатады. Соған сәйкес тіпті, автокөліктің нөмірінің қандай мән беретінін талдап, түсіндіретіндер де аз емес. Ол үшін автокөлік нөмірінде көрсетіліп тұрған бар санды бір-біріне қосады. Ондық сан шықса, мысалы 45 деген, онда екеуін тағы да қосады:  $4+5=9$ . Қосынды қандай сан, болжамға қарап, ой қорытады. Біз енді тағы да сандар сипатына назар аударайық.

**9 саны** – қашанда көмекке ұмтылып тұратын, ешқашан жарты жолда тастамайтын, жақсы жолдас бола алатындарға тән.

**8 саны** – басшылыққа ұмтылатындар саны, өзінің бар мүмкіндігін көрсетіп, жария еткісі келіп тұратындар;

**7 саны** – әсершіл, арманшыл адамдарға сәйкес келеді, олармен жолда тіреспеген абзал;

**6 саны** – әйелге тән, өте сәтті сан, жан-жағын бағамдай білетін, мінезі салмақтыларға сәйкес;

**5 саны** – керісінше, тәуекелге бел буғыш, еркін жүріп-тұруды қалайтын, шытырман оқиғаны ұнататындар саны;

**4 саны** – жұмбақ сан.

**3 саны** – ашық, көңілді ортаны қалайтындар мен шымырлар саны;

**2 саны** – сенімсіздікті білдіреді, қорқақ болғанымен, өз ісіне ұқыпты жандарға тән;

**1 саны** – батылдар саны, қашанда тыныш жүріп, асықпауға тырысады.

### **13 саны сәтсіз бе?**

Қазақтар 7 санын қасиетті санап, мүшел жасты өмірдің қиын, қауіп-қатерге толы кезеңі деп түсініп, сейсенбіде сапарға шықпауға тырысқанымен, ешбір санды жамандамайды. Біздер үшін Аллаһ Тағаланың барлық күні сәтті. Тек, ниетің оң, ісің адал болсын. Алайда, өзге халықтардың наным-сенімі бойынша, қазақтар да кейінгі кезде 13 санын сәтсіз санға балайтынды шығарды...

Оның бір сыры: кезінде император Наполеон, мұнай алпауыты Поль Гетти, АҚШ президенттері Герберт Гувер мен Франклин Делано Рузвельт 13 санын қатерлі санаса, Диана ханшайым мінген автокөлік Париждің жер асты жолындағы он үшінші бағанға барып соқтығысқан. 13 санын қатерлі көргендіктен, ағылшын теңізшілері әлі күнге дейін айдың он үшінші жұлдызында кемеге мінбейді, американдық кейбір авиакомпаниялар мұндай

күні өз кестелерінен ұшуды алып тастаған. Тіпті, «Оксфорд юниверсити пресс» шығарған анықтамалықта 13 күні жұмыстан артына қарамай кетуді, ұйықтар алдында айнаға қарамауды, қандай жағдайда да «шошқа» деп айтпауды ұсынады. Ал, енді еуропалықтардың түсінігінше айдың 13-і жұмаға сәйкес келсе, ол күн «қара жұма» деп саналады. Жалпы, «қара жұма» он бір жылда бір-ақ рет қайталанатын көрінеді.

Американдықтардың есептеуінше, «қара жұма» елге 750 миллион доллар шығын әкеледі екен. Сонда 13 саны сәтсіз, қатерлі болғаны ма? Біздіңше, бұл наным-сенім қазақтар үшін емес. Өйткені, қазақта алғашқы мүшел – 13 жаста, сол себепті халқымыз: «Он үште отау иесі», - деп ұлын ардақ тұтады.

### Қатерлі 3 цикл

Адам өмірінің сандарға байланысын дәлелдейтін тағы бір мысал: денедегі биоырғақтың үш циклдан тұратындығы, олардың 23, 28, 33 күндік екендігі. Бұл жөнінде Владимир Мезенцев былай деп жазады:

«Біздің ағзамызда болып жататын аса күрделі ырғақ (ритмика) құбылысының аса күрделі көріністерін зерттей отырып, кейбір ғалымдар адамның биоырғағындағы үш цикл (оралым) жайында жазады. Бұл – 23 күндік физикалық цикл, 28 күндік эмоциялық (сезім) цикл, 33 күндік ой-парасат циклы.

Бұл циклдардың қай-қайсында болса да күндердің тең жартысы плюс-күндерге, екінші жартысы минус-күндерге жатады. 23 күндік физикалық циклда алғашқы он бір жарым күн плюс-күндердің үлесіне тиеді; мұндай күндері, мысалы, спортпен мықтап шұғылдануға, әртүрлі жорықтар жасауға әбден болады. Келесі он бір жарым күн бұл сияқты саяхат, спорт, тағы басқа едәуір күш керек ететін шараларға жарамайды, өйткені адам мұндай күндері тез шаршағыш келеді. 28 күндік эмоциялық (сезім) циклының алғашқы он төрт күнінде адамның көңіл күйі өте жақсы жүреді, ал келесі он төрт күннің ішінде ол өзінен-өзі жабырқап, көңілі түсіңкі болады. Ой-парасат циклы «қызықты» және «зерігу» күндеріне бөлінеді.

Ғалымдардың атап көрсетуінше, плюс-күндерден минус – күндерге өтетін сын кезеңінің адамға неғұрлым зор маңызы бар. Барлық үш цикл адамның туған күнінен және плюс-күндерден басталады. Бір циклдан екінші циклға «ауысатын» күндер «ноль» күндері деп аталады, яғни бұлар сын күндер болып табылады. Егер бұл күн әсіресе физикалық және эмоциялық циклдарға ауысардағы «ноль» күні болса, онда кейбір физиологтардың есептеуі бойынша, сол адам неше түрлі қолайсыз жағдайларға немесе сәтсіздіктерге ұшырауы мүмкін».

Ғалымдардың бұл болжамдары ақиқатпен астасып жатқандай. Мысалы, олар бақытсыздыққа ұшыраған 1400 жағдайды зерттегенінде, оған тап болған осы адамдардың әрбір онының алтауы мұндай сәтсіздікке, қайғыға өзінің «ноль» күнінде ұшыраған. Ал жапондық ғалымдар жаяу адамдар жол-көлік апатына ұшыраған 153 оқиғаны зерттегенінде оның 75 пайызының оған өз өмірлерінің 3 циклындағы қолайсыз, ең қауіпті күндері тап болғанын

анықтаған. Тек бізді бір таң-тамаша қалдыратыны адам бойындағы биоырғақтың үш циклының ішінде неге физикалық циклдың 23 күндік, эмоциялық циклдың – 28 күндік, ой-парасат циклының – 33 күндік екендігі. Неге бұл циклдар қатып қалған осы сандардан тұрады? Бұл да бір табиғаттың беймәлім құбылысы.

Иә, адам ғұмырының да, мінез-құлқының да, келешегінің де, қуаныш-қайғысының да әйтеуір бір сандармен байланысы бары анық. Бұл өзі Жаратқан Иемізге ғана белгілі құпия сыр...

**Мақсұтбек Сүлеймен.**

### **Зерде қазынасы**

#### **Үш жүз**

Қазақ халқы үш жүзден тұрады. Олар: **Бекарыс** – Ұлы жүз, **Ақарыс** – Орта жүз, **Жанарыс** – Кіші жүз.

**Ұлы жүз:** Үйсін (Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі), Жалайыр, Қаңлы, Шанышқылы.

**Орта жүз:** Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ.

**Кіші жүз:** Үш топ Алшыннан құралады. Олар **Байұлы** (Адай, Беріш, Алшын, Жаппас, Есентемір, Малқар, Таз, Байбақты, Тана, Шеркеш, Ыссық, Қызылқұрт), **Әлімұлы** (Әлім, Шөмен, Кете, Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Шекті), **Жеті ру** (Кердері, Жағалбайлы, Керейт, Телеу, Табын, Тама, Рамадан).

#### **Үш жұрт**

Жігіттің үш жұрты бар. **Өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты.** Халық арасында мұны; **өз жұртың** – күншіл, **қайын жұртың** – міншіл, **нағашы жұртың** – сыншыл деп мәтелдейді. Яғни, ағайының бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң – бөліп бере алмайды, жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң – жүндейді. Қайын жұртың қолыңның ұзындығына қарайды, жағанның қызылдығына қарайды, берсең жағасың, бермесең дауға қаласың. Нағашы жұртың – жақсылығына сүйінеді, жаманшылығына күйінеді, әрқашан тілеуіңді тілейді, тілеуқор болады.

#### **Үш тәтті**

1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3. Жар тәтті.

#### **Үш арсыз**

1. Күлкі арсыз. 2. Нәпсі арсыз. 3. Ұйқы арсыз.

#### **Үш мақсат**

1. Сауда мақсаты – ұту. 2. Жол мақсаты – жету. 3. Дау мақсаты – біту.

#### **Үш көз**

1. Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.

#### **Үш алыс**

1. Жер мен көк алыс. 2. Кәрі мен жас алыс. 3. Жақсы мен жаман алыс.

#### **Үш қуат**

1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.

### **Үш ғайып**

1. Ажал ғайып. 2. Қонақ ғайып. 3. Несібе ғайып.

### **Үш дауасыз**

1. Мінез дауасыз. 2. Кәрілік дауасыз. 3. Ажал дауасыз.

### **Үш тоқтам**

1. Ақыл – арқан. 2. Ой – өріс. 3. Адам – қазық.

### **Үш қадірсіз**

1. Жастық. 2. Денсаулық. 3. Жақсы жар.

### **Үш жамандық**

1. Нақақтан қан төгу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

### **Құтқарушы үш нәрсе:**

1. Оңашада да, жарияда да Аллаһтан қорқу.
2. Кедейлікте де, байлықта да жақсы ниетте болу.
3. Разылықта да, ашуда да әділ болу.

### **Қиратушы үш нәрсе:**

1. Сарандық.
2. Созылмалы әуілік.
3. Өзіне-өзі таң қалу.

### **Дәрежені көтеретін үш нәрсе:**

1. Сәлемдесу.
2. Адамдарды тамаққа шақыру.
3. Жұрт ұйықтап жатқанда намаз оқу.

### **Күнәні жуатын үш нәрсе:**

1. Суық түндерде дәрет алу.
2. Жамағат намаздарына бару.
3. Намаздан соң келесі намазды оқу.

### **Үш із**

1. Бала – артта қалған із. 2. Бақыт – ұзатылған қыз. 3. Байлық қолға ұстаған мұз. Дүниенің қызығы сіз бен біз.

### **Үш қазына**

1. Ер қазынасы – жүрген із. 2. Ел қазынасы – көне көз. 3. Тіл қазынасы – ескі сөз.

### **Үш бунақ**

Халық ауа райын сабақтас басқару үшін бір жылды «Үш бунаққа» - жылы, ыстық, суыққа бөлген. Бас бунақ – шамамен ақпанның 9-ынан маусымның 9-на дейін (қара қатқақ, ащы өзек), Орта бунақ – шамамен маусымның 9-ы мен қазанның 9-ы аралығы (тұяқ терлеп, қой күрлеп), Аяқ буын – шамамен қазанның 9-ы мен ақпанның 9-ы аралығы (тоқты тоймас, шөміш кеппес деп аталған).

### **Төрт құбыла**

1. Шығыс. 2. Батыс. 3. Оңтүстік. 4. Солтүстік.

## **Әлемнің төрт негізі**

1. Топырақ. 2. Ауа. 3. Су. 4. От.

## **Төрт кітап**

1. Таурат – Мұсаның кітабы. 2. Зәбүр – Дәуіттің кітабы. 3. Інжіл – Исаның кітабы. 4. Құран – Мұхамметтің кітабы.

## **Төрт сәуегей**

1. Жауырыншы. 2. Тамыршы. 3. Есепші. 4. Құмалақшы.

## **Төрт тұрман**

1. Ер-тұрман. 2. Мүкәмәл. 3. Жау жарақ. 4. Бес қару.

## **Төрт тоқсан**

Қазақ халқы бір жылды төрт тоқсанға бөліп, жазда – жайлауға, күзде күзеуге, қыста – қыстауға, көктемде – көктеуге көшкен.

## **Көктен түскен төрт қылыш**

1. Хәмхәм. 2. Сәмсам. 3. Зұлқыжа. 4. Зұлпықар.

## **Төрт табақ**

Қазақ ғұрпында табақ тартқанда оның ерекше құрмет дәрежесін білдіретін 4 түрлі атауы бар. Олар: **1. Бас табақ** (бас, жамбас). **2. Орта табақ** (асық жілік, кейде жамбас). **3. Сый табақ** (бас жамбас). **4. Аяқ табақ** (ауыл адамдары үшін). Бұдан басқа **күйеу табақ** (бір сан жілік пен төс), **қыздар табағы** (жүрек, бүйрек, жақ пен тіл), **құдағи табақ** (жамбас, асық жілік, сүбе) деген түрлері болады.

## **Төрт қорлық**

1. Шақырылмаған жерге бару. 2. Бейбастақ сөйлеу. 3. Дұшпаннан жәрдем күту. 4. Сараңнан қажет сұрау.

## **Төрт пір**

1. Жарлының пірі – қалтаң ата.
2. Ұрының пірі – жалтаң ата.
3. Шебердің пірі – тепшем ата.
4. Кәрінің пірі – кекшіл ата.

## **Төрт күнә**

1. Аллаға күмән келтіру. 2. Нақақтан қан төгу. 3. Ата-анаға тіл тигізу. 4. Өтірік куә болу (Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с).)

## **Бес парыз**

1. Құдайдың бірлігі мен Мұхамметтің пайғамбарлығын, қасиетін мойындау. 2. Намаз оқу. 3. Ораза тұту. 4. Қайыр-садақа беру. 5. Иман мен ихсан (адамгершілік және рақымшылық).

## **Бес уақ намаз**

**1. Таң намазы** – шығыс көкжиектен таң рауандағаннан басталып, күн шығудың сәл алдына дейінгі уақытта оқылады. **2. Бесін намазы** – күн нақ төбеден сәл ауғаннан басталып жер жүзіндегі әр нәрсенің көлеңкесі өз бойынан бір немесе екі есе ұзарғанға дейінгі уақытта. **3. Ақшам намазы** – күн батқаннан басталып күн батыстағы қызыл арай не ақ шапақ жоғалғанға дейін созылады.



**4. Екінті намазы** – бесін уақытының аяқталуынан басталып, күн батқанға дейін созылады. **5. Ақ намазы** – Ақшамның уақыты шыққаннан кейін таң намазының уақыты кіргенге дейінгі аралықта оқылады.

### **Бес қару**

Ер қаруы – бес қару. Оған жататындар: 1. Садақ (мылтық). 2. Қылыш-семсер. 3. Найза-сүңгі. 4. Шоқпар (гүрзі). 5. Айбалта.

### **Бес топ**

Түркі халықтары тілдік жақындығы жағынан бес топқа бөлінеді.

Олар: **1. Қарлұқ тобы** (қырғыз, сақа, тува, хакас, алтай, ұранқай, шор, долған, топа). **2. Оғыз тобы** (түркімен, қашқай, қызылбас, апшар, шақшыбан, қарадағ). **3. Қыпшақ тобы** (қазақ, татар, чуаш, башқұрт, қырым, қарақалпақ, құмық, қарашай, малқар, ноғай, қарайым, қырымшақ). **4. Шағатай тобы** (өзбек, ұйғыр, салар, бұқар еврейлері, сарыұйғыр, хотан). **5. Салжұқ тобы** (түрік, әзірбайжан, месхет, ғағауыз, қыпыр, қара папақ, қаджар).

Барлық түркі тілдері 5 топ, 40 тіл, жүз диалектіге бөлінеді.

### **Бес қонақ**

Қазақ есепшілері бір жылды алты ай жазға, алты ай қысқа бөлген. Әрбір айда 30 күн болған. Жыл аяғында 12 айдың есебіне кірмей қалған 5 күнді «бес қонақ деп атаған. Осы қыс пен жаздың қақ ортасындағы «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз болып тұрып алатын «бес қонақты» есепшілер «Жуанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер арасы» деп түсіндірген. Қазақ бұрын осы өлараны өткізбей жолаушы жүрмеген, көшпеген, жиын-той жасамаған, мал сойып, қонақ шақырмаған.

### **Бес сайыс**

**Спорт түрі:** 1. Ат жарысы. 2. Фехтование. 3. Мылтық ату. 4. Жүзу. 5. Жүгіру.

### **Бес жақсы**

Бес жақсы деп қалың мал немесе кісі құны ретінде төленетін дүние мүліктің, малдың ең бағалы, басты деген бес түрін айтады. Ол әр жерден әр түрлі: Олар: а) 1. Нар түйе. 2. Жүйрік ат. 3. Қалы кілем. 4. Алмас қылыш. 5. Бұлғын ішік. ә) 1. Берен мылтық. 2. Бөрік сауыт. 3. Бәйге аты. 4. Малдағы артық түйе. 5. Сырт киім.

### **Бес түліктің пірлері**

Қазақ халқы ескі салт-сана бойынша өзі баққан бес түлік малдың «иесі» бар деп ұққан. Соған қарап олардан мал тілеп, малдың амандығын сұрап отырған. **1. Қой атасы – Шопан ата.** Шаруаның бір түлік пірі – Шопан, Келтірмей қу, пір ата, қойға топан. **2. Жылқы атасы – Қамбар ата.** Шаруаның бір пірі – Қамбар ата, Тілегенге өзің бер, ақтан бата. **3. Түйе атасы – Ойсылқара.** Шаруаның бір түрі Ойсыл қара, түйені өсір жарылқап, болсын пана. **4. Сиыр атасы – Зеңгі баба.** Шаруаның бір пірі – Зеңгі баба, Сиыр берсең сүтті бер, өңкей мама. **5. Ешкі атасы – Шекшек ата.** Шаруаның бір пірі – Шекшек ата, Қарағай мүйіз серкелі, шүйде жалды желкелі, Шекшек ата баласы, ешкі бассын үйінді.

### **Бес өсиет**

1. Топасқа сенбе. 2. Жауға иілме. 3. Әрқашан сақ жүр. 4. Аш үйге қонба.
5. Жарлыдан сый алма.

### **Бес асыл, бес дұшпан**

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз...  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер, мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеңіз.

### **Астам алты тіл**

Біріккен Ұлттар Ұйымының дәйектері алты халықаралық тілде тарайды. Олар: 1. Қытай. 2. Ағылшын. 3. Орыс. 4. Испан. 5. Араб. 6. Француз.

### **Алты алаш**

Алты алаш туралы ел аузында әр түрлі пікірлер айтылады. Оның бірінде бұл санатқа кіргізсе, енді бірінде қазақтың өз ішіндегі тайпалар бірлестігін жатқызады. Солардың бірі мыналар: а) 1. Қазақ. 2. Өзбек. 3. Қарақалпақ. 4. Башқұрт. 5. Ноғай. 6. Татар.

ә) 1. Өзбек. 2. Қазақ. 3. Ұйғыр. 4. Түркімен. 5. Қырғыз. 6. Қарақалпақ.

б) 1. Қыпшақ. 2. Найман. 3. Қаракесек. 4. Алшын. 5. Қоңырат. 6. Жалайыр.

### **Алты парыз**

Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар. Олар:

1. Бір-біріне сәлем беру (әдейі барып);
2. Шақырса – бару;
3. Кеңес сұраса – ақыл қосу;
4. Сұрағына – жауап беру;
5. Ауырып қалса – көңілін сұрау;
6. Қайтыс болса – жерлеуге қатысу.  
(Мұхаммед пайғамбар).

### **Таңғажайып жеті саны**

#### **Жеті жарғы (Өз-Тәукенің заңдары).**

**1-жарғы.** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туады).

**2-жарғы.** Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

**3-жарғы.** Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

**4-жарғы.** Өзге біреудің әйелімен зинакорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын (бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

**5-жарғы.** Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (ол кезде «Ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттің соғыс күші ретінде бағаланады).

**6-жарғы.** Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін:

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса қыздың қалын малын береді.

ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

**7-жарғы.** Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.

### **Жеті шәріп (әулие)**

1. Меке шәріп. 2. Мәдинә шәріп. 3. Бұқар шәріп. 4. Шам шәріп. 5. Қатым шәріп. 6. Құддыс (Мысыр) шәріп. 7. Кәләм шәріп (Құран).

### **Жеті ғалам**

Халықта «Жер кіндігі – «Көктөбе», «Өмір ағашы – «Бәйтерек» деген ұғым бар. Осы екеуі бірігіп «Жеті ғаламды» түзеді. 1. Күншығыс. 2. Күнбатыс. 3. Түстік. 4. Терістік. 5. Аспан – жоғары ғалам. 6. Жер үсті – орта ғалам. 7. Жер асты – төменгі ғалам.

### **Жеті қат көк**

1. Ай. 2. Күн. 3. Есекқырған (Меркурий). 4. Шолпан. 5. Қызыл жұлдыз (Марс). 6. Мүштәри (Юпитер). 7. Сатурн.

### **Жеті қат жер**

1. Тұңғиық. 2. Жылан. 3. Су. 4. Қос балық. 5. Қара тас. 6. Көк өгіз. 7. Жер. Жаратылытың сегізінші қабаты – тағдырдың талайы жазылған «лайық» атты жазу тақтасынан, тоғызыншы қабаты – «күрсі», «мінбер» және «тақ» орнатылған тәңірлер әлемінен тұрады.

### **Жеті ата**

1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

### **Жеті пұсты**

1. Бала. 2. Немере. 3. Шөбере. 4. Шөпшек. 5. Немене. 6. Туажат. 7. Жүрежат. Бұдан кейінгі сегізінші-тоғызыншы ұрпақ – жекжат-жұрағат болып кетеді.

### **Жеті қазына**

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Жүйрік тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.

### **Жеті амал**

**1. Күннің тоқырауы.** Ол жазғы тоқырау деп маусым айының 21 жұлдызында, қысқы тоқырау деп қантардың 22-інші жұлдызында келеді.

**2. Қарашаның қайтуы.** Жайылымның реңі қайтып, дала сұрқай түске енген уақытта туады.

**3. Үркердің батуы.** Үркердің төмен түскен мезгілімен (Үркер шоқжұлдызы мамыр айының басынан маумысның 10-ына дейін көкжиекке көтерілмейді).

**4. Мұздың қатуы.** Қарашаның қара суығы ұрып, су бетіне кілегей мұз қатқан кез.

**5. Киіктің матауы.** Үркер шоқжұлдызы қаңтардың 11-інде бататын болса, киіктің матауы да үркер батқан қыс айына тап келеді.

**6. Қыс тоқсан.** Бұған желтоқсан, қаңтар, ақпан секілді қыс айлары жатады.

**7. Ай тоғамы.** Үркер мен айдың қатар көрінуі – «тоғыс». Ай тоғамы деген де тап сол кез.

### **Жеті су**

Тарихи деректемелерде Жетісу атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікірлер бар. Олар: а) Лепсі, Басқан, Сарқант, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу. ә) Лепсі, Аякөз, Іле, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу. б) Лепсу, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу.

### **Жеті жұт**

1. Құрғақшылық. 2. Мал жұтау. 3. Оба (індет), 4. Өрт. 5. Соғыс. 6. Сел (тасқын). 7. Зілзала (жер сілкіну).

### **Жеті жоқ**

1. Жерде өлшеуіш жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллада бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

### **Жеті жетім**

1. Тыңдалмаған – сөз жетім.
2. Киюсіз қалған бөз – жетім.
3. Иесіз қалған – жер жетім.
4. Басшысы жоқ – ел жетім.
5. Аққу-қазсыз – көл жетім.
6. Жерінен айырылған – ер жетім.
7. Замандасы қалмаған бәрінен де – сол жетім.

**Жеті ғашық.** Қазақтың жыршылары мен ақындарының шығармашылығындағы екі нұсқада кездесетін жеті ғашық мыналар:

а) 1. Ләйлі - Мәжнүн. 2. Жүсіп – Зылиқа. 3. Фархад – Шырын. 4. Тахир – Зухра. 5. Арзу – Қамбар. 6. Уәлік – Ғарра. 7. Уәки – Күлшаһ.

ә) 1. Ләйлі – Мәжнүн. 2. Жүсіп – Зылиқа. 3. Фархад – Шырын. 4. Баһрам – Күланда. 5. Сейпілмәлік-Бәдіғұл – Жамал. 6. Бозжігіт – Анула (кей нұсқада Қарашаш). 7. Зияда – Хорлы (Хорлы – Ғайың).

### **Жеті күн**

1. Бүгін – Дүйсенбі. 2. Ертең – Сейсенбі. 3. Бүрсігүні – Сәрсенбі. 4. Арғы күні – Бейсенбі. 5. Ауыр күн – Жұма. 6. Соңғы күн – Сенбі. 7. Азына – Жексенбі.

**Жеті жетекші.** Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық (Саққұлақ би).

**Әзірлеген Қыдырәлі Қойтаев.**

### **Әлемдегі жеті санымен аталатын кереметтер**

Вавилондықтардың түсінігінше, әлемде жеті планета бар. Сол себепті олардың ғибадатханалары да жеті деңгейлі. Бірқатар діндерде де жеті саны киелі: еврейлердің балауыз қойғышы, шырағданыдары, менорлары жетіден.

#### **Ислам дінінде**

**Жеті аспан:** күміс, алтын, меруерт, ақ алтын, жақұт, анартас және ғажайып жарық.

**Жеті шәріп:** Мекке шәріп, Мәдина шәріп, Бұхар шәріп, Шам шәріп, Қатым шәріп, Құддыс (Мысыр) шәріп, Кәлім шәріп (Құран).

**Жеті тозақ:** 1. Сағир. 2. Лазо. 3. Сақар. 4. Жахим. . Жаһаннам. 6. Хауия. 7. Хатома.

#### **Христиан дінінде**

**Жеті саны:** сенім, үміт, қайырымдылық, әділеттілік, сабырлық, ақылдылық және рухтың күші.

**Таурат кітабы бойынша:** Құдай 1 – күні Жарықты, 2 – күні Аспанды, 3 – күні Жерді, 4 – күні Күн, Ай және жұлдыздарды, 5- күні балықтар мен құстарды, 6- күні аңдар мен адамдарды жаратқан, 7 – күні дем алған. Бұл әлемді жаратуға арналған жеті күн деп аталады.

**Өлімге себепкер жеті күнә:** 1. Тамақсаулық. 2. Жалқаулық. 3. Нәпсіқұмарлық. 4. Өркөкіректік. 5. Ашу. 6. Қызғаншақтық. 7. Сараңдық.

**Жеті континент:** Африка, Антарктида, Австралия, Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка.

### **Мінездің сандары**

Айдың 16-шы жұлдызында туғандардың саны - 7, 23-ші жұлдызында дүниеге келгендердікі - 5. Ал, 22-де дүние есігін ашсаңыз - 11 немесе 22 болып қалады. Егер сіз 10-ы, 20-сы, 30-ы күні туған болсаңыздар, нөлдерді алып тастасаңыз да жеткілікті. Демек 1,2,3 болып қала береді.

#### **Мінездің сандарының құпиясы мынада:**

Бір (1) санына жататын адамдар – бір беткей және мықты тұлғалар. Олар мақсаттарына жетуге ұмтылады. Болашаққа деген көзқарастары да оң. Өздеріне сенеді, тазалықты жақсы көреді. Сосын шұғыл мінездерін де байқауға болады. Олар ақыл айтқан адамды және жолын кескендерді ұнатпайды. Өздерінің айтқандарынан қайтпайтын адамдар. Сондай-ақ, бұл адамдардың есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған. Бірнеше жұмысты қатар бір уақытта атқара алатын қабілетке ие.

Екі (2) санына жататындар - өзгелерді ренжітіп алмауға тырысады. Жұмсақ. Жан-жағындағы жандардың көңіл-күйлерін түсіріп алмауды ойлайды. Олар достарының ығына жығыла салғыш. Артық кикілжің мен даудамайды онша ұнатпайды. Бұл адамдарға билік беру міндетті емес. Оларға әсіресе біреудің қол астында жұмыс істеген ыңғайлы. Тез шешім қабылдай алмайды. Дегенмен, қызметтеріне адал, жауапты болып келеді. Екі санындағы адамдар ұялшақ та болуы мүмкін. Жауапкершіліктен тайқып кететін кездері де бар. Өзіл-қалжың, күлкіге де онша жоқ.

Үш (3) санындағы адамдарға келетін болсақ — олар көңілді жандар. Өмірде жолдары болғыш, көшілігі жан-жақты әрі дарынды болып келеді. Сонымен қатар ақшаны аямайды. Қолдары ашық, жомарт келеді. Бұл кісілер - шығармашылыққа бейім. Көбі өнер саласына жақын, суретшілік немесе әдеби дарындылығы тағы бар. Өздерінің ішкі жан дүниесіндегі толқыныстарды сөзбен емес, әр түрлі үндермен, бояумен жеткізеді. Тілдері де жатық, әңгімеге тез араласқыш. Әрі бұлар достарының ортасында көшбасшы бола біледі. Ең басты кемшіліктері тым өркөкірек, өзімшіл, тәуелсіз. Кейде шектен тыс қатал да болып кетеді. Сосын көп шаруаға тым жауапкершілікпен қарай бермейді. Бұл қасиет олардың өміріне кейде кері әсерін де тигізіп жатады.

Төрт (4) санындағы адамдар - тарихта бұл санды негізінен жылқыларға теңеп жатады. Неге десеңіздер, 4 саны еркіндік, төзімділік, мақсатқа жету жолындағы ыждахатты-лықтың белгісі болып табылады. Бұндай адамдар жеңіске үлкен еңбекпен жетеді. Қанша ауыр еңбек кездесе де мойымай, алға қарай ұмтылады. Өздері шығармашылыққа тым жақын болмаса да, шығармашылық адамдарды басқара алады. Оларды ұйымдастырып, бастарын бір жерге тоғыстырып, үйлестіруші ретінде тамаша жұмыс атқара алады. Міндет пен абыройды алдыңғы қатарға қояды. Әділдікті жақсы көреді. Сонымен қатар жақсы тамактанып, демалып отырғанды жандары қалайды. Жалпы сол үшін де өзін аямай жұмыс істеуге бар. Кейде тым күйгелек те болып кетуілері мүмкін. Өмірде жолдары әрқашан бола да бермеуі мүмкін. Бірақ, бұл адамдар талмай еңбектенуден тайынбайды.

Бес (5) санындағы адамдар - олар шұғыл қимылдайды. Уайымшыл, тынышсыз, ақылды және шыдамсыздау болып келеді. Олар саяхаттағанды жақсы көреді. Көпті көріп, көпті естіп, көппен араласқан бұл сандағы адамдар үшін үлкен демеу. Қарапайым, күнделікті күйбең тірлік оларды қажытып, шаршатып жіберуі әдбен ықтимал. Дереву тұтана салатын шалт мінездері тағы бар. Олар қолға алған істерін аяқтамай жарты жолда тастап кете салулары мүмкін. Білімді де жүрдім-бардым ала салады. Еңбектенгенді ұнатпайды. Әр нәрсені оқусыз-ақ үйрене салғысы келеді. Алайда оның мүмкін емес екеніне мән бермейді.

Алты (6) санындағы адамдар – тұрақтылығымен көзге түседі. Жандары жарқын, сенімді, жан-жағына жылылық сыйлай алады, үйлерін және жақындарын жақсы көреді. Сонымен қатар бұл адамдардың достары да көп болады әлбетте. Барлық қырынан алсаңыз да – жақынын сатпайды, әділ, ұяң, романтик, жұмсақ мінезді болып кете береді. Тыныштықты жақсы көргендіктен

әрбір кикілжіңнің артын бейбіт шешіп жіберуге тырысады. Жылылығымен бөліседі, егер ақша керек болса ақшасымен де бөлісе алады. Жомарт адамдардың қатарына жатады.

Жеті (7) — өз-өзінің ойларымен арпалысқыш жеті санына жататын адамдар көбінесе жалғыз қалғанда ұнатады. Көп адаммен тілдесуі де қиын. Олармен тіл табысу да оңай емес. Дегенмен, сараптама жасауға келгенде сауатты. Көп адамға тән емес қасиеттер осылардың бойынан табылады. Барлығы шеше бермейтін күрделі жұмбақтарды тез шеше алады. Көбінесе 7 санында туғандар философтар, мистик немесе ғалым болуы мүмкін. Ойларын сөзбен жеткізгеннен гөрі жазумен жеткізулері оңай.

Сегіз (8) санындағы адамдар - қуатты келеді. Қабілетті, күштерін бір мақсатқа жұмылдыра алады. Жеке басының жетістіктеріне жету үшін барларын салады. Әр ісін сараптап, есептей алатын ақылды олар. Ойлары әсіресе материалдық құндылықтарға арналған. Өмірде бір мақсатқа жетуде жанталасып уақыт таппай жүреді. Кәсіпкер болып кететіндері жиі кездеседі. Басты қасиеттері күресе алады. Қиын жағдайлардан шығып кетудің жолдарын таба алады. Қоғамда өз орындарын табуға ұмтылғыш. Шұғыл қимылдарға, жылдам шешімдерге ойланбастан бара салулары мүмкін.

Тоғыз (9) санындағы адамдар - идеал, арманшыл, ойлары мен қиялдары қалықтап жүреді. Өте романтик деуге келеді. Олар жақын адамдарына қамқор, сыйлы. Өздерінің жеке басын ойлаудан гөрі барлық адамзатқа жақсылық істеуге бейім болып тұрады. Өте жомарт адамдардың қатарына жатады. Бұл адамдарды тіршілігінде көп ешкім ескермесе де, жоқ болса орындары ойсырап қалады. Бұлардан жақсы ғалымдар, ұстаздар мен әртістер шығады. Төзімді, көңілдері жабырқаған адамдарды жұбатуды жақсы көріп тұрады. Өте адал, шыншыл. Өздері жоқшылықтан, кәріліктен, қайыршылықтан қорқады.

Он бір (11) санына жататын адамдар — бір түрлі, ешкімге ұқсамайтын кісілер санатына жатады. Олар бұл өмірге көбіне бір жаңалық ашу үшін келетін сияқты. Сезімталдық қасиеттері жоғары дамыған. Оларды әсіресе жоғары, тылсым күштерімен байланыстары бар деп айтып жататындар бар. Сана-сезімдері мен милары тылсым күштермен ақпараттандырылып жатады. Сол себепті де бұл типтегі адамдары бүртүрлі, түсініксіз адамдар қатарына қосады. Олардың арасында данышпандар да кездесуі мүмкін. Жарымжан, жарымес адамдар да шығуы ықтимал. Көбінесе он бір санындағы адамдар көріпкел немесе тақуа адамдар болады. Сондай-ақ айтқан, әңгімесімен бәрін сендіре алатын қасиетке ие, сенімді түрде өздерінің ақиқатты айтып тұрғанын дәлелдей алады. Өмірде бұл адамдар күрделі. Неге десеңіздер, өз діттеген мақсаттарына жету үшін олар жақсы көретін адамдарын да айырбастап жіберуі, сатып кетуі мүмкін. Сондықтан да болса керек, бұл адамдар әсіресе жалғыз қалады.

Жиырма екі (22) – өмірдегі жақсы қасиеттердің бәрі осы адамдардың бойында жинақталған десе де болады. Олар көшбасшы болуға бейім тұрады. Сезімтал әрі шығармашылық дарындары бар. Ойлары да ұшқыр. Іскерлік қасиеттерге де ие. Жоғары рухани артықшылықты да осылардан байқауға болады. Сондықтан көбінесе осы адамдар халықтық қозғалыстардың көшін

бастайды. Немесе үлкен оқымысты, ғалым, дәрігер, философ, кәсіпкер, сиқыршы болып кетеді.

### **Өмір картасы – алақаныңда**

Олар орналасқан жеріне, басқа көлбеулермен қиылысуына байланысты өзінше мағына үстейді.

#### **Денсаулық (Меркурий) сызығы**

Денсаулық сызығы түрлі аурулардың асқынуы мен жазылуын болжайды. Ал, егер алақаныңызда ол сызық мүлде болмаса, оған қуану керек. Өйткені, егер ол жоқ болса, сіздің денсаулығыңыз жақсы, сырқатыңыз жоқ дегенді білдіреді.

#### **Сәттілік (Аполлон) сызығы**

Бұл сызықты көп жағдайда Күн көлбеуі деп атап жатады. Егер, Аполлон сызығы болса, өміріңіз сәтті өтеді деген сөз. Себебі, кейбір адамдарда бұл сызық мүлде жоқ. Бірақ, қапаланудың қажеті жоқ. Егер бұл сызық жоқ болса - жетістіктерге қол жеткізу үшін біраз тер төгу қажет деген сөз. Егер алақандағы сызық түзу, әрі анық болса, оның иесі-барлық жоспарлары сәтті жүзеге асып, мақсатына қиналмай жетеді.

#### **Тағдыр (Сатурн) сызығы**

Тағдыр сызығы өзгермелі сызықтардың қатарында. Бұл түзу иесінің өмір сүру салтына байланысты өзгеруі мүмкін. Сол қолдағы тағдыр сызығы маңдайға жазылған өмірді, оң қолдағы сызық адамның жоспарлары мен мақсаттарын болжауға көмектеседі.

Тағдыр сызығы анық болып келетін адамдар логикалық ойлау қабілеті жоғары, әрі жағдайды өзі басқарып, ойын бір арнаға тоғыстыра алатын батыл болып келеді.

Бір қызығы сәттілік сызығы кей адамдардың алақандарында туылғанынан болады. Ондай адамдар тумысынан жолы болғыш. Ал, кейбір жандарда ол кейіннен, атақ-даңққа ие болған кезінде пайда болады.

#### **Жүрек сызығы**

Жүрек сызығы алақанның жоғарғы интеллектуалды бөлігінде орналасқан. Оның ұзындағы және түзулігіне қарап алақан иесінің рухани және эмоционалды қырлары мен жүрек қалауын білуге болады.

Алақанның дәл ортасын кесіп өтетін көлбеу адамның шыншылдығы мен адалдығын білдіреді. Ал, егер жүрек түзуі өмір сызығымен қиылысып аяқталса, ол талапшыл, қатал жан екендігін меңзейді.

#### **Ақыл-ой сызығы**

Бұл сызық басбармақ ортасында, өмір сызығы бастау алатын тұстан таралады. Бұл да аса маңызды сызық. Ол иесінің ойлау деңгейінің, рухани байлығы мен дарындылығының негізгі көрсеткіші.

Ақыл сызығы түзу, әрі ұзын болуы адамның қайратты, ақылды және кез-келген жағдайдан шешім таба алатын қайсар мінезділігінің белгісі.

#### **Өмір сызығы**



Өмір сызығы болмайтын жан жоқ. Тіпті, бала ана жатырында жатқанда алақанында пайда болатын алғашқы сызық - осы өмір сызығы екен. Оған қарап, ежелгі хироманттар адам өмірінің ұзақтығын айтып отырғандықтан, ол көнеден «өмір сызығы» деген атқа ие болған. Адамның денсаулығы мен өмір сүру салтына байланысты өмір сызығы ұзарып, не қысқарып және өзге де өзгерістерге ұшырап отырады.

Өмір сызығы - алақандағы барлық көлбеулердің арасындағы ең нақтысы. Ақыл сызығы, жүрек сызығы сирек жағдайларда адам алақанында болмай жатады. Ал, өмір сызығы барлық адам атаулыда болды. Бұл сызықтың анық болуы иесінің мейірімді, ақжарқын, жақындары үшін құрбандыққа бара алатын жан екендігін көрсетеді.

Осылайша адам өзінің өмір ұзақтығын біле алады.

\* Қаншалықты алақанда сызықтар көп болса, соншалықты адам әсершіл болып келеді. Ал, керісінше аз болса алақан иесі сабырлы деген сөз.

\* Ұсақ, әрі қысқа сызықтардың көп болуы адамның шыдамсыздығын көрсетеді.

\* Вертикальді сызықтардың жиілігі өмірде жолы болғыштық.

\* Горизонтальді сызықтар көп болса, біраз қиыншылықтарға тап болуыңыз мүмкін дегенді меңзейді.

\* Қолыңыздағы сызықтар анық, түсі тұнық, үзіктерсіз болу - жақсылықтың белгісі екен.

\* Негізгі түзулер майда сызықшалармен қосарланып келсе, ондай адам көбінесе демалмайтын, тынымсыз шығармашылық тұлға болып табылады.

\* Сызықтар тор тектес болса, бұл жақсылықтың нышаны емес.

**Мақсұтбек Сүлеймен.**

## **Ауыз судың шипасы**

### **Судың емдік қасиеті**

Адам денесінің үштен екісі судан тұрады. Әсіресе, жас ағзаның талшықтары суға өте-мөте бай. Жас ұлғайған сайын судың мөлшері бірте-бірте азая береді: ананың құрсағындағы үш айлық баланың денесінің 95 пайызы – су, бес айлық балада – 85 пайыз, жаңа туған нәрестеде – 70 пайыз, ересек адамда 65 пайызға жуық. Қартаюға қарай адам денесіндегі су одан да көп азаяды. Организмдегі су алмасуы өте тез жүріп отырады. Тіпті қоршаған ортаның температурасы орташа болып, денеге шамалы ғана күш түскеннің өзінде ересек адам тәулігіне шамамен 2,5 литр су шығарады.

Суды көп ішудің зиянды екенін ұмытпаңыз. Көп кісілер суды көп мөлшерде әрі жиі ішеді және мұны тек жаман әдеттің салдарынан ғана жасайды. Суды көп іше беру терлеуді күшейтіп, ағзаның зықысына тиеді. Ыстықта да суды шамалап ішіңіз. Қатты терлегенде аузыңызды, тамағыңызды оқтын-оқтын сумен шайып отырыңыз – бұл шөлді аз шақыруға көмектеседі.

Ішкен суыңыз бірден шөл қандырмайтыны есіңізде болсын, өйткені оның бойға тарап, қанға, ағза талшықтарына қосылуы шамамен 10-15 мунуттан соң

басталады. Суды жиі-жиі әрі көптеп ішу әдетінен тартынып үйреніңіз: сонда біраздан соң сирек шөлдейтін боласыз. Шөлді бірте-бірте, 10-12 минуттан соң бірнеше жұтым су ішу арқылы қандырыңыз.

Мүмкіндік болған жағдайда, шөл қандыру үшін минералды немесе сәл тұз қосылған суды пайдаланыңыз. Аздаған минерал тұзы бар су ішу арқылы сіз организм талшықтарын тұздармен байытасыз, сол арқылы судың қажетті мөлшерінің сақталуына көмектесесіз. Ауыз судың мөлдір, бөтен иіссіз, дәмі жағымды, салқын, бірақ тым суық болмауын, ең бастысы – онда денсаулыққа зиянды қоспаның болмауын қадағалаңыз. Шикі суды, әсіресе, тайыз құдықтардың, өзендердің, тоғандардың, көлдердің суын мүлдем ішпеуге тырысыңыз. Ауыз судың ең жақсы көзі – су құбырындағы су. Әдетте, оны қайнатып барып ішіңіз.

Таңертең төсектен тұра сала бір стақан жылы су ішсе, ол барлық ағзаны толық тазалап, токсиннен арылтады, мықты, ширақ болуды қамтамасыз етеді. Мұны есте сақтаған жөн.

## **Медицина су туралы**

### **Су не үшін қажет?**

1. Су дене температурасын тұрақтандырады.
2. Азық, қалдық, оттегіні тасымалдайды.
3. Бүйрек және бауырдағы қалдықтарды (шлак) тазалайды.
4. Дәруменнің және минералдардың таралуын қамтамасыз етеді.
5. Денені жаракаттанудан қорғайды.
6. Жасушалардың және бұлшық еттердің бірігуін қамтамасыз етеді.
7. Тері жасушаларын ылғалдандырады және сауықтырады.
8. Ас қорытуда жоғарыдан төмен қарай ретімен астың қорытылуынан сіңірілуіне және де ең соңында қалдықтардың шығуына дейін судың атқаратын міндеті мол.
9. Денедің болатын күніне 2-4 литр су шығынының орнын қайта толтырып отыру қажет. Ересек адамның денесінде 40-50 литр су болады. Қанның 83 пайызы, бұлшық еттердің 75 пайызы, мидың 74 пайызы, сүйектердің 22 пайызы судан тұрады. Денедің 20 пайыз су жетіспеушілігінің болуы өте қауіпті және ол өлімге дейін жетелейді.

### **Қажетті мөлшерде су ішпегенде**

1. Мидың жұмыс істеуі баяулайды.
2. Қан қоюланады.
3. Жүрек көп жұмыс істеуге мәжбүр болады.
4. Нәжіс сары түсті болады.
5. Іш қатуына (запор) себеп болады.

### **Су жетіспегенде?**

1. Бас ауырады.
2. Бас айналады.
3. Шаршау, әлсіздік пайда болады.
4. Ойдың тынықтығы бұзылады.

5. Тәбетсіздік туады.
6. Биік жерлерде, ауа ыстық, қапырық болса, тұмау болса, температура артса ішетін су мөлшерінің көбірек болғаны жөн.

## VII ТАРАУ

### ТАБИҒАТ - ТАЛБЕСІГІҢ

#### Жылқының Отаны – Қазақ жері

##### Шыққан тегі, пайда болған кезеңі

Арабтардың діни пәтуасындағы бір аңызында Аллаһ Тағала жылқыны жаратқанда оған былай депті: «Сенімен ешқандай жануар теңдесе алмайды, бүкіл жер – жаһанның қазынасы сенің көз алдында жатады. Сен менің дұшпандарымды таптап, достарымды алып жүресің. Сенің арқаңнан маған арнап аят оқылады. Әлемде сенен бақытты ешкім болмайды және барлық жан-жануардың ішінде жоғары бағаланасың, себебі сен дүниені жаратушының махаббатына ие болғансың. Сен қанатсыз ұшасың, қылышсыз кесесің». Археологтар жүргізген қазба жұмыстарында табылған қалдықтар осы киелі жануар жылқының біздің заманымыздан бұрынғы 7 мың жылдан әріде-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін, оның ішінде жылқының Отаны – Қазақ жері екендігін әлемге айғақтап, ғылыми тұрғыда дәлелдеп беріп отыр.

Жылқы тұқымдасына төрт жануар жатады, олар: есек, құлан, зебр, қазіргі жылқы. Жабайы жылқылардың сүйегі Францияның солтүстігінен көп табылғанымен, Америкада жабайы жылқы болмаған. Мұнда қолға үйретілген жылқылар кейін тағыланып кетіп, «мустанг» атанғаны мәлім. Кезінде Қазақстан, Моңғолия өңірінде кездескен жабайы жылқы үйірлерінің ғылыми, тарихи жазба әдебиетте «Пржевальский жылқысы» деп аталғанын білеміз. Ал, бұл жабайы жылқының негізгі атауы – Керқұлан болатын.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, Керқұлан – тақ тұяқты сүтқоректілердің жылқы тұқымдасына жататын жабайы жылқының түрі. Кейде оны жойылып кеткен тарпан жабайы жылқысының түр тармағы деп те айтады. Керқұлан бұрындары, яғни, XIX ғасырға дейін Қазақстанның, Моңғолияның, Қытайдың құрғақ далалы, шөлейтті – шөлді аймақтарында кең тарап, үйір-үйір болып жайылып жүретін-ді. Қазақ жерінде керқұланның 1868-71 жылдары Іле мен Қаратал өзендерінің аралығында, Ертіс өңірінде өмір сүргендігі жөнінде тарихи деректер бар. Тек, жиырмасыншы ғасырдың 60-70 жылдарынан кейін Керқұлан қазақ даласында кездеспей, Қытай, Моңғолия жерінде де біржолата жойылып кетті. Н.М.Пржевальский 1878 жылы Орта Азияға жасаған саяхаты кезінде Қытайдағы Жоңғарияның шөлді аймағынан Керқұланды кездестіріп, оның терісі мен бас сүйегін Ресейге алып келген-ді. Оны орыс ғалымы И.С.Поляков (1845-1887) зерттеп, мұның жабайы жылқының жеке түрі екендігін анықтап

беріп, ол терісі мен бас сүйегін әкелген атақты саяхатшының құрметіне «Пржевальский жылқысы» деп аталып кетті.

Жылқы малының білгірі, қытайлық қазақ ғалымы М.Қалиасқарұлы өзінің «Қазақтың жылқы шаруашылығының шежіресі» деген кітабында Керқұланға мынандай сипаттама береді: «Тұрқы 2 метр, биіктігі 1,5-1,3 метр, мойны қысқа, әрі жуан, жалы – тік, қысқа әрі сирек, қайратты келеді. Басы үлкен, кеңсірігі жалпақ. Танауы астыңғы ерні мен иегіне сояуша түк өседі. Құлағы қысқа, қалың, ұшында жарты ай тәрізді ойығы болады». Негізінен, Керқұлан – өте қағылез сақ, 10-20-дан топтанып үйір құрып, өмір сүретін жануар. Көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, кәдімгі жылқының туыстас жақын тегі осы – Керқұлан. Тек, ғалым В.И.Громованың дәлелдеуінше, Пржевальский жылқысы қазіргі жылқылардың ертедегі енесі емес.

Тағы бір қызықты жағдай, кейбір зерттеушілердің пікірінше, жылқы тарихы осыдан 65 миллион жыл бұрын бастау алған. Ол кезде арқасы бүкірлеу, құйрығы ұзын, тұрқы қанден иттей бір хайуан тіршілік етіпті. Оның эохипус немесе хирокетрия болуы мүмкін. Алдыңғы қолдарында төрт саусағы, артқы тұяқтарында үш саусағы бар бұл хайуан табанын жерге тіреп жүріп, бұталар мен жас ағаштардың жапырақтарымен қоректеніпті, жылқы әубаста осы хайуаннан тарапты... Және де миоцен кезеңінде, 25 миллион жыл бұрын ауа-райының өзгеруіне, табиғаттың өзгеше жаратылуына байланысты жылқының да арғы тегі өзгеріске ұшырап, тұрпаты қазіргі пониге, бас сүйегі мен тісі осы күнгі жылқыға ұқсас, жұмсақ айыр тұяқтары қатты тұяққа айналған, секіріп, жылдам жүретін түрлері пайда болыпты, кейін, шамамен 12 миллион жылдай бұрын жылқы тегінің келесі тізбесі – гиппарион пайда болған көрінеді. Осы гиппариондар үш айыр тұяқты, дене тұрқы киіктей, жылдам шауып жүретін жануар екен. Әрине, бұл нақты ғылыми қорытынды емес. Сол себепті зерттеушілер арасында «Гиппарион қазіргі жылқының арғы тегі ме, әлде жанама тармағы ма?» деген де сауалдар туып отыр. Енді бір пікір бойынша, жылқының қазіргі келбетіне келген кезеңі осыдан 5 миллион жыл бұрынғы плиоцен дәуірі. Бұл кезде ол қатты мүйіз тұяқты жануарға айналып, көптеген түрлері мен ұсқыны бар үш тұяқты гиппариондарды ығыстырған, кей жерлерде (Шығыс Еуропа, Орталық Азия, Солтүстік Африка) олармен қатарласа тірлік кешкен, дара тұяқтылардан тарпаңдар, зебра, есектер дүниеге келген... Біздіңше, қазіргі жылқының ең жақын тегі – Керқұлан. Өйткені, ол – жойылып кеткен тарпан жабайы жылқысының түр тармағы. Бұрын жер шарында өмір сүрген жылқы тұқымдас, жылқы пішіндес жануарлардың басым бөлігі жойылып, біздің заманымызға тарпаң, Керқұлан (Пржевальский жылқысы), құлан, зебра, есектер ғана жете алды. Ең соңғы тарпаң 1879 жылы өлтірілді. Жалпы, Қазақтар ежелден-ақ Пржевальский жылқысын – «Керқұлан», «Жылқы құлан», - деп, кәдімгі құланды – «Есек құлан» - деп атаған. Тарпаңдардың табиғатын зерттеген А.Н.Формозовтың жазуынша: «Қазіргі Жоңғария мен Моңғолияда ғана сақталған Пржевальский жылқысының туысы – тарпаңдар. Олардың мекені шөлейт далалар. Мысалы, Семей түбінде тарпаңдар ХҮІІІ

ғасырдың аяғына дейін кездескен». Ал, нақты деректер бойынша, тарпаңдар қазақ даласында XIX ғасырдың орта шеніне дейін өмір сүрді. Олай болса, біздің жылқыларымыз жойылып кеткен жабайы жылқылардың түр тармағы – тарпаңдардан шыққан. Тарпаңдар жөнінде кезінде Днепр уездінің басқармасы А.М.Колчанов былай деп жазып кетіпті: «Тарпаңдар өте сақ келеді, сүйегі жеңіл әрі жүйрік. Тарпаңдар үйірін айғыры бастап жүреді, ол жайылған кезде үйірді күзетіп, әрдәйім қандай да бір қорғандардың басында, атап айтқанда биік жерлерде қарауыл қарап тұрады. Айғыр қауіп төнген жағдайда үйірге дыбыс беріп, өзі ең соңынан барып кетеді... Тарпаңдар шөлге өте төзімді келеді, шөпке тұнған шық тамшысын тілімен жаласа, ол соған жетіп жатыр». Иә, тарпаңдарды қазақ халқы ежелден қолға үйретіп, мінген, етін тамағына жаратқан. П.И.Рычков 1762 жылғы жазбаларында тарпаң туралы тіпті, былай дейді де: «Жайықтың арғы бетінде, кейде бергі бетінде жабайы жылқылардың екі түрі кездеседі, олар тарпаңдар мен құландар. Тарпаңдардың бойлары жылқыдан аласалау, денесі тығыршықтай томпақ, түстері құла және көк болып келеді, басқа түстері де бар, бірақ өте аз кездеседі. Қазақ жылқыларынан ерекшелігі, бастары үлкен және маңдайында ойыстары бар. Жиырма шақты қазақ жиналып, қосарларына бір-бір тарпаңды ұстап алып, аттарының мойнына арқанмен байлап, бір айдан артық ұстап, мініске үйретеді».

Көкшетау өңіріндегі Ботайдың – энолит дәуірінің қонысы екендігі тарихи дәлелденген ақиқат. Біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықтың аяғы мен III – мыңжылдықтың бас кезіне жатады. Мұнда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған мал сүйектерінің 94,9 пайызы жылқылардыкі болып шықты. Осы жерден 70 мыңнан астам жылқы қаңқасы қазып алынып, зерттелді. Палеозоологтардың мәлімдеуінше, бұлар-байырғы қазақ жылқыларының бірі – жабы тұқымына жақын түлік төресінің сүйектері. Өзінде қазба жұмыстары 30 жыл бойы жүргізіліп келе жатқан осы Ботай қонысы ғылымда жылқыны тұңғыш рет қолға үйреткен «жерұйық» ретінде танылып отыр. Бұл жылқыны тұңғыш нокталаған біздің ата-бабаларымыз, жылқының Отаны – Қазақ жері екендігін бар әлемге айғақтауда. Сөйтіп, зерттеуші Ахмет Тоқтабайдың жазуынша: «...Осыдан 6 мың жылдай уақыт бұрын кіндігі қазақ жері болып саналатын, арғы тегі тарпаңдар мен керқұландардан тараған қораш жылқылардан бүгінде көпке әйгілі қылқұйрық тұқымдары: ақалтекелер, араб жылқылары, арғымақтар, қазанаттар, ағылшынның таза қанды сәйгүліктері, мініс, жегіс аттары, ірі жүк жылқылары іріктеліп, сұрыпталып шықты».

Қазақ жылқысы – қасиетті жануар. Төзімді де қайратты, сезімтал да ақылды, иесіне сенімді серік әрі адал, енесін ерекше жақсы көретін, айғыры үйірін жанын салып қорғайтын, табиғаттың тылсым күшін алдын-ала білетін, қалың боранда адаспай жол табатын жершіл, ерекше жаратылыс иесі. Жылқының да адамдай жан-дүниесі, сезімі, намысы, мәрттігі бар екендігіне Аристотельдің мына бір жазбасы нақты дәлел: «Скиф патшасының үнемі құлындайтын жақсы мама биесі болады, құлындарының бәрі жақсы жетіледі, құлынның біреуін айғыр қылып қоя беріп, бұдан жақсы құлын туар деген оймен

енесіне салмақшы болады. Айғыр көнбейді. Биенің үстін жауып, айғырды жібереді, айғыр шабады, шапқан соң биенің басын ашып көрсетеді. Енесін көрген айғыр шапқылай жөнеліп, жартастан құлап өледі».

### **Жылқы – ұлт байлығы**

Қазақтың ең басты байлығы – кеңбайтақ Жері мен береке – бірлігі жарасқан Елі, жесе – ет, ішсе – қымыз, кесе – киім, мінсе – көлік болатын жылқысы. Бұрындары бір әулеттің, белгілі рубасы, шонжарлардың байлығы табын-табын жылқысының көптігімен бағаланды. Сол себепті де ақын Құлтума Өтемісұлы елінің жылқысы көп бай екендігін былайша жырға қосқан ғой:

- Сұрасаң руымды Қуандық-ты,  
Басқа елге көрсетіпті жуандықты.  
Аққошқар, Сайдалының заманында,  
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.

Қазақ даласын аралап, елін, жерін, тұрмысы мен салт-дәстүрін зерттеген патшалық Ресей империясының экспедициялары, ондағы офицерлер, саяхатшы этнографтар жылқылы қазақ байлары жөнінде көптеген мағлұматтарды жазып қалдырды. Солардың ішінде И.Фальк: «...Бай қазақтардың қолында бес және он мыңнан жылқылары бар. Мұндай байлар тіпті өзінің жылқыларының да дәл санын білмейді», - деп баяндаса, И.Георги: «Орта ордада (Орта жүзде, М.С.) жылқы табындары он мыңнан асатын адамдар бар», - деп хабарлайды. Орта жүздегі жиырма мың жылқысы бар байларды Н.П.Рычков та тізбектеп жоғары жаққа көрсеткен. Ал, Француз ғалымы Гутен – Чапскийдің жазуынша: «Қазақтардың жылқы табындары ғаламат үлкен, бай иеліктерінде 8000-10000 басқа дейін болады, кедейлердің өзінде 20-дан кем болмайды». Расында да малының санын білмеген қазақ байлары Кеңес дәуіріне дейін көп болған. Солардың бірі – Торғайда өмір сүрген Шеген бидің ұрпағы Бектеміс бай болатын.

Шоқан Уәлихановтың зерттеп, хатқа түсіріп кеткен деректері бойынша, арғын ішіндегі қуандық Сапақ байдың 18 мың, қаржас Азынабайдың 25 мың бас жылқысы болыпты. Енді бір құжаттарда Қуандық Алда мен Жұман байларда 23 мың жылқы болғандығы айтылады. Оған:

Алтай – Қарпық байым бар Алда – Жұман,  
Тап өзінің жылқысы жиырма үш мың, -

деген де өлең жолдары нақты дәлел болғандай. Осы Алда мен Жұман байлар Сарыарқа өңірінде өмір сүріп, қылқұйрықты 6 түске бөліп өсірген. Өткен ғасырда Оразбай дейтін де жылқысы көп бай өмір сүрген. Оның жылқысын халық: «Оразбайдың көк тырналары», «Оразбайдың қарақұрттары» деп атапты. Біржан сал мен Сараның айтысында 12 мың жылқы бітті дейтін Мәті Дәулен Ақмола өңірінің байы. Атақты Паң Нұрмағамбеттің екінші әйелі – Көбілік осы Мәті Дәуленнің қызы. Паң Нұрмағамбет те жылқысы көп бай болған. Ол император Александр III-нің үлкен ұлы Николай Ресей тағы мен тәжінің мұрагері болып тұрған шағында Омбы қаласында өз киіз үйінде дәм татқызып, оған шымқай қаракөк түсті бір үйір, мақпал қара түсті бір үйір,

барлығы 1000 бас жылқыны сыйға тартады. Кейін Николай Александрович патша болған кезінде Ақмола облысында асыл тұқымды жылқы шаруашылығын дамытқаны үшін Паң Нұрмағамбетті күміс, алтын медалдармен марапаттайды.

Қазақ жерінің әр аймағы төрт түлік малдың сол өңірге тәнімен аты шыққан ғой. Халық арасында: «Арқаға барсаң, жылқышымын деме, Жетісуға барсаң, қойшымын деме, Үшқиянға барсаң, түйекешпін деме», - деген қанатты сөз бар емес пе? Осыдан-ақ жылқының негізгі Отаны Арқа жері екендігін аңғаруға болады. Тарихи деректерге назар аударсақ, Алтайда Қисамбы, Жайық – Атырау аймағында Есенгелді (25 мың жылқы біткен), Қараөткел алқабында қыпшақ Үшкілбай дейтін де жылқысы көп байлар өмір сүріп, кейбірі тас мешінде бар байлығы – жылқысын жұтқа беріп, ақсирақ болып қалған. Үшкілбайдың жылқысынан айрылған қайғысын баяндайтын Иманжүсіптің жыр-толғауы бар. Жалпы, 1000 бас жылқысы бар бір бай жылына соғымға 60 жылқыға дейін сойып, отбасымен, туған-туыстарымен, қонақтармен қыста қазы-қарта, жал-жаяға тойған.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде жылқының көп болғаны, Кеңес заманында қазақ жылқысын Голощекиннің қынадай қырғызғаны тарихи шындық. Кезінде С.Жантөриннің мәлімдеуінше, Орынбор даласында 1879 жылы 1,8 миллион жылқы өсіріліпті. Н.Бахметьевтің пайымдауынша, Жетісу, Ақмола, Семей облыстарында, Сырдария облысының Қазалы уезінде 1,45 миллион жылқы болыпты. Қорғалжын өңірінде 17 мың жылқысы болған Ақтайлақ Салпыұлы өмір сүрсе, беріш Есенғұл Сегізек байға 9 мың бас жылқы бітіпті, мұның ішінде Жанак байдың жылқысы есепсіз саналып, арғын Кенебай Нүрекен бай өзі тұратын жердегі «Орманның ішіндегі үлкен алаңқай жылқыға толса, малым түгел», - депті.

Шыңғыс хан өз жорықтарында 770 000 шаршы шақырым жерді жаулап алғанында Батыс тарихшылары жазған екен: «Осындай үлкен аймақты жаулап алған моңғолдар емес, олардың аттары», - деп. «Ер қанаты – ат» дегенің осы, ал осы ер қанаты жылқының Отаны – біздің қасиетті қазақ жері ғой. Тек, қазір елімізде қанша жылқы бар екен...

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

### **Қазақы жылқының қасиеті**

#### **Ауылшаруашылық ғылымдарының докторы Игорь Нечеепен сұхбат**

- Археологтар бір орыннан 80 мың жылқының сүйегін қазып алды. Бұған батыс ғалымдары өз түсінігі бойынша «жылқы сүйегін төгетін қоқыс орны», - деген қорытынды жасады. Шетел ғалымдарының көшпенділердің тұрмыс ерекшелігін білмей жатып, оның тарихына үстірт баға беретін әдеті әлі де жалғасып келеді. Бұл арада көшпенділердің жылқыға деген көзқарасын зерттеу қажет. Олар жылқы денесін неге жер қойнына берді? Бар мәселе сол кездегі

тайпалардың дүниетанымында және күнделікті тұрмысында жылқы малының алатын орны болатын.

**- Жылқыны алғаш қолға кім үйретті?**

- Археологиялық қазба жұмыстары барысында дәлелденіп отырғанындай, ең алғаш Батыс Еуропа жылқысын қолға үйреткен - қазақтар. Менің ойымша, қазақтар атпен бірге туған-ау, шамасы. Қай қазақты көрсең де, атқа мықты отырып, көсіле шабады ғой. Қытай ғалымы: «Егер сіздер қазақтың жаңа өмір салтын білсеңіз, таң қаласыз! Олар жерден гөрі аттың үстінде көп отырған. Қарындары ашса, бір жылқы сояды, шөлдесе, бір биені сауады, қымыз ішеді», - деп жазады. Жылқысыз қазақты елестету мүмкін емес.

**- Қазақтардың жылқы малын қолға үйретуінің себебі неде?**

- Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ халқы жылқы малын міну үшін қолға үйретпеген. Оның етін жеуге, сүтін ішуге асыраған. Жылқы етін қартайған шал немесе еңбектеген сәби жесе де, жеңіл әрі тез сіңетін болған. Қазақта «жылқының еті жатқанша» деген мақал бар. Қазақ жылқыны қатты бағалаған.

**- Биенің сүті адам денсаулығына қаншалықты пайдалы?**

- Биенің сүті әйелдің сүтіменен теңбе-тең келеді. Мысалы, бұрынғы кезде қазақтар айдауда жүргенде, қазақ келіншегі босанып жатып қайтыс болады. Сол сәбиді апаларымыз биенің сүті арқылы асырап қатарға қосады екен. Бие сүтінің емдік қасиеті өте көп. Қазіргі таңда мамандар өкпе ауруларына пайдалану үстінде. Қазақ халқы бұрын тек жылқының еті мен сүтімен тамақтанған. Қазақ ерлерінің нар тұлғалы болып келуі жылқының еті мен сүтінің арқасы десем, артық айтқандық емес.

**- Қазіргі таңда қандай елдер жылқыны көп өсіреді?**

- Осы күндері жылқыны Ресей мемлекеті көп асырайды. Ал, неміс халқы бұрыннан бері пайдаланып келеді. Соғыс кезінде бір неміс қазақ жерінде тұтқынға түсіп қалады. Сол кезде қазақтың бие сауып, қымыз жасағанын көреді. Тұтқыннан құтылып, еліне оралғаннан кейін ол бие өсіре бастайды. Оның етін жеп, сүтінен қымыз жасап, неміс халқын тәнті етеді. Қазіргі уақытта қымыз Германияда өте жоғары сұранысқа ие. Ал, қытай елінде жылқының майынан опа-далап жасайды. Жылқының терісінен әйелдерге сырт киімдер тігеді, мәсі, саптама етік жасайды. Ал, бұрын қазақтар жылқының терісін былай қойғанда, оның тұяғынан түйме жасаған. Яғни, жылқы қалдықсыз өндіріске пайдаланылған. Қазіргі кезде заман талабына сай ойланып, құлшыныс танытса, жылқының әлі де берері мол. Қазы-қартаны Еуропаға экспорт жолы күтіп тұр. Бірақ, тіршілік тұтқасын ұстаған шенеуніктердің назары түспей, бұл сала әлі тоқырап тұр. Осы жағын қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді.

**- Соғымға соятын, малға мінетін, додаға қосатын жылқылар қандай болған?**

- Біз қойға мінетін, семіртіп соғымға соятын жабы жылқыны аса қадірлей қоймаймыз. Есіл-дертіміз - жүйрік міну. Шетелдің жүйріктеріне келгенде, ауқатты мырзалар қалтасының түбін қағып, қаржысын аямайды. Сырттан әкелінген сәйгүліктерді жыл он екі ай баптап, күтуші жалдап, асты-үстіне түсіп



жатады. Шығын - шаш етектен. Бұл – жылқыға деген бүгінгі ұрпақтың көзқарасы. Ата-бабамыз да жүйрік жылқыны теріс көрмеген. Алайда, олар аңсаған жылқы жергілікті жағдайға бейімделген, қыста өз аяғымен тебіндеп жайылатын, күншілік жерге өкпесі талмай жететін тұлпарлар еді.

**- Жылқылардың өзін де «жабы», «көшім», «мұғалжар» деп бөліп қараймыз ғой, осы жылқылардың ара жігін айқындап берсеңіз?**

- Батыс Қазақстан облысында «көшім» деген жылқымыз бар. Өзіміз шығардық. Орталық Қазақстан, Ақтөбе облысы - мұғалжар жылқысының отаны деуге болады. Бұл жылқының жақсы бір қасиеті — жем-шөп сұрамайды. Жылына 100 биеден 80-90 құлын алады. Ал, жабы жылқысын бұрын қазақтар керек етпеген. «Олар жүйрік емес, ұзаққа шаппайды» деген көзқараста болған. Жабы туралы қазақтар: «Жабыдан айғыр салмаңыз, қалың малы арзан деп жаман қатын алмаңыз! Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінетін ат тумас, жаман қатын алсаңыз, топқа түсер ұл тумас», - деген. Осы қағиданы ұстанған қазақтар ақалтекені пайдаланды. Уақыт өте келе жабыдан артық жылқы жоқ екенін ұқты.

**- Жабы жылқысының еті қай ғасырда қазанға түсті?**

- Жылқының еті алғаш рет қай ғасыр шамасында қазанға түскенін бүгін тап басып айту мүмкін емес. Алайда, археологиялық қазбалар негізінде осыдан 6 мың жыл бұрынғы Ботай мәдениеті деген атпен ғылымға енген археологиялық ескерткіштер мәліметі бойынша сол кездің адамдары сусын ретінде қымызды пайдаланған екен. Уақыт өте келе, жабы жылқы – қазы беретін жылқы екендігін анықтаған. Қысты күні әр қазақтың дастарханынан табылатын қазы-қарта тек жабыдан ғана алынады екен. Қазақ жері ғылым тілінде «Орид аймақ» аталады. Үнемі жел өтінде жүріп, даланың изені мен жусанында, шөлейтте жайылған малда ғана қазы болады. Көршілес Қытай елінің Шынжаң аймағында тұратын қазақ жылқысының дәмін татқан қытайлар соғым соя бастады. Базарлар мен асханаларда жылқы етінің бағасы күрт көтерілді. Үкімет жылқы малын қорғау мақсатында арнайы қаулы қабылдады.

**- Жылқы етін қалай шетелге шығаруға болады?**

- Біз осы уақытқа дейін шама-шарқымыз келгенше «Біздің жылқының еті дәмді, жесең тіл үйіреді», - деп айтып жатырмыз. Жоғарыда отырған шенеуніктерге мен былай деп үндеу тастадым: «Біздің етті көп елдер біле бермейді, соларға жарнама жасайық. Қазақ халқын жылқының еті арқылы танысын. Франция мен Италияда есектің етін жейді. Соларға біз көрсетуіміз керек, жылқының еті қандай болатындығын». Бір өкініштісі, оны ойлап бас қатырып жатқан ешкім жоқ.

**- Қазіргі таңда жылқы тұқымы жоғалып бара жатқан жоқ па?**

- «Жылқы малының жоғалып кету қаупі бар» деп барлығымыз үрейленіп отырмыз. Қазір қай елді алып қарасаңыз да, жылқыны етке пайдаланып жатыр. Күніне мыңдаған жылқы сойылу үстінде. Бұл біздің қорқынышымызды арттырып отыр. Осындай қарқынмен жылқы сойыла берсе, ол түп-тұқиянымен жойылып кетуі мүмкін.

**Сұхбаттасқан Назым Қыдырбайқызы**

## Жылқының мінезіне байланысты атаулар

Халқымыздың бүкіл тіршілік тынысы осы жылқымен байланысты болды. Осыған орай түліктің мінездеріне қарай бірқатар атаулар қалыптасты.

**Бас асау жылқы.** Басына жуытпай, осқырынып шалқалап, жүгендетпейтін және мойнына қамыт кигіздірмейтін жылқы. Бұл жылқының көп ұсталмауынан болады.

**Кегөжек (шегіншек) жылқы.** Жетекке алса, немесе мінсе, ілгері баспай, шегіншектеп тұрып алатын жылқы.

**Безер (тентек) жылқы.** Теуіп, тістеп, маңына адамды не малды жақын келтірмейтін жылқы.

**Жеруік.** Жылқының судан жерігіштігі.

**Қарашыл.** Жол үстінде міністе келе жатқанда немесе жегіліп жүргенде, жақын жердегі ауылға кетіп жатқан көлікті адамға жалт бұрылып жүре беретін жылқының әдетін білдіреді.

**Желдеу.** Аңызак ыстық күндерде немесе желкемді түндерде масадан, шыбын-шіркейден қорғану үшін, жылқының желге қарсы қарап тұруы және желге қарсы жүріп кетуі.

**Жерсінбеу.** Бір жерден екінші жерге келген жылқының сол келген өңірдің шөбін де, суын да місе тұтпай өгейсіп, арықтап (жүдеп) кетуі. Мұндай мал өзінің үйренген мекен жеріне, ел жайлауына қашып кетеді.

**Жерқорқақ.** Күндіз не түнде аяғын еркін батыл басып жүрмей кібіртіктеп, өте баяу жүретінін айтады. Бұл атау басқа малға да қолданылады.

**Үйездеу.** Жылқының ыстық күндерде шыбын-шіркейден, бөгелектен, масадан, сонадан қорғалап екі-үштен не одан да көп болып топтанып бір-бірінің көлеңкесіне бастарын тығып, шұлғып тұруларын айтады.

**Шұлғу (бас изеу).** Ыстық, аңызакты күндерде шыбын-шіркейден қорғану үшін жылқылардың иегін жоғары-төмен изеп тұруы.

**Шыбындау.** Ыстық күндері жылқының бөгелектен, шыбын-шіркейден өздерін қорғау үшін құйрығын жоғары-төмен, екі жағына сипандатып, сауырын сабалап, басын изеп тұруы.

**Масалау.** Кейбір күндерде жылқылардың іңіргі не түнгі масаның қаттылығынан жайыла алмай, масадан қорғалақтап (қорғану үшін) түнігі соққан желге қарсы жүре оттап, немесе оттамай жүріп кетулерін айтады.

## Қамыс құлақ

Қазақтың жылқы мінезді, ат жанды халық екені мәлім. Қадым ғасырларда дүниеге келген батырлар жырларында, ұлтымыздың басқа да ежелгі асыл сөздерінде сәйгүліктер мен тамаша тұлпарлардың ұшырасатыны - осы айтқанымызға айғақ. Тіпті дінімізден бездіріп, ділімізден айыруға қызмет еткен тарихымыздағы ең қиын кезі - Кеңес өкіметі кезінде де сол себептен Абайдың

ғажайып «Аттың сыны» өлеңін сүйсіне оқып, Ілияс Жансүгірұлы сөзбен керемет сомдаған Құлагер мүсініне қайран қалған шығармыз.

Міне, осынау екі ұлы ақын айрықша бейнелеп-бедерлеген қайталанбас қос «аттың сынына» және бір «аттың сыны» қосылып отыр. Базбір тұста ұйқасы әлсіз, кейбір кезде тым тәптіштеуге, қайталауға жол беріп алса да, оқырман қауымға енді таныстырылып отырған бұл нұсқа да өзіндік мол ерекшелігімен, ажарлы ат тұлғасын толықтыра түсуімен, қанық тілдік байлығымен, дәл де дәрменді суреттерімен сүйсінтері күмәнсіз.

Бізге жолдаған хатында: «Бұл өлеңді осыдан екі-үш жыл бұрын полковник, Семей қалалық азаматтық қорғаныс штабының бастығы, журналист Шаймардан Ахмерұлы Қалиақпаров: «Мынау — ешкімге белгісіз Абсалық Күнғожаұлының өлеңдері. Оқып шығып, пікіріңді білдірерсің» - деп маған, тастап кеткен еді,» - деп жазады авторымыз, еңбек ардагері Әденбек Шерубайұлы. - Қымызын ішіп, қазысын жеп, тамсанғанымыз болмаса, қазіргі жас ұрпағымыз жылқы тұлғасын танудан да қалып бара жатқан жоқ па! Бүгінгі күні-ақ қазақтар жылқыжандылықтан айрылып, балаларымыз ит пен мысықты ұнатып, тышқан мен торайға құштар бола бастаса келешегіміз көмескі емес пе екен? Шаймардан замандасым берген өлеңдер ішінен әлі елге танымал емес ақынның «Қамыс құлағын» оқығанда аузымның суы құрыды... Сондықтан оны дереу «Ана тіліне» ұсынуды жөн көрдім. Бұған Шаймардан замандасым ренжімес, ал Абсалық ақынның аруағы тек риза болар»...

Иә, бұл хат ел іші - өнер кеніші екенін, халық аузында әлі де талай-талай асыл жәдігерліктер бар екенін көрсетсе керек. Біз құлағы түрік, көңілі ояу оқырмандарымыздың мұндай маржан мұра, алтынның сынықтарын жерде қалдырмай, газетімізге жолдап тұрарына сенеміз.

### АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ

Құлағы қайшыланған қамыс құлақ,  
Жайнаған екі көзі, бота қабақ.  
Ой желке, ешкі басты, майда жалды,  
Қоян жақ, қой мойынды, алма сағақ.

Сыздықты, тісі қырлы ұзын болса,  
Таңдайы терең өзек, сызу болса,  
Азуы шөп шайнарға қарсы бітіп,  
Салпылдап астыңғы ерін түсіп тұрса.

Тоқал жал, шоқтай кекіл, күлте құйрық,  
Зор, сұлу, мінсе - берік, шапса - жүйрік.  
Шоқтықты, белдемелі, ерлік төмен,  
Бір алла мінерміз бе қылса бұйрық?!

Құйрықтың түбі жуан, ұшы сымсып,

Май етті, жүні ажарлы, қалың қыртыс.  
Сүбелік сербегімен бірдей бітіп,  
Төс - төмен, жая - жалпақ, болса мінсіз.

Бақайлы, тұяғы тік, жуан болса,  
Екі елі жер соғары кейін тұрса,  
Жалындай марқа құлын шашасы боп,  
Жүрекше табан тұяқ тегіс болса.

Шығыңқы ауыз-мұрын, кең танаулы,  
Ілгері төстің басы омыраулы.  
Қасасы қарыстай-ақ, кеткен кейін,  
Даусы ашық, кісінеген қоңыраулы.

Жуантық кәрі жілік, тізе жалпақ,  
Екі коң - етті болса, арасы алшақ.  
Тередей төрт жіліншік сіңірлі боп,  
Азырақ асты жазық, сырты шалқақ.

Тірсегі екі жаққа бейімірек,  
Үстінен астыңғы ерін кейінірек.  
Тік болмай, тістеуікше көсіліңкі,  
Жақ, су иек, жалпақ емес, жіңішкерек,

Артынан алдыңғы жақ көп толымды.  
Кешке озған, ерте шапса бек болымды.  
Жаурыны жалпақ биік, саны құшақ,  
Көңілге әр мүшесі дәл қонымды.

Келгендей тұтамдауға төбе сүйек,  
Арасы екі елідей астыңғы иек.  
Үзбейтін шуда жіпті жуас болып, -  
Тұрғандай ақбоз үйге басын сүйеп.

Алды - аяң, артқы жағы - бөрі жортыс,  
Шабысы - құлан шабыс, бөкен - желіс.  
Бағасы ер құнынан төмен емес,  
Нәсілі тап осындай болса тегіс.

Сұқсұрдай сұлу болса мойындары,  
Ойнаса бейне адамдай ойындары.  
Қарасаң, тұрпатына нұқсан болмай,  
Жаралса осындай боп сонын бәрі.

Сол күнде жасы оның бесті болса,  
Қапы жоқ бітімінде текті болса.  
Ұстатпай жас кісіге қолға тұрып,  
Омар мен Әміреден есті болса.

Түйеден аласарақ, аттан биік,  
Қуғанда құтылмайтын құлан, киік,  
Көңілімнен ат құмарым тарқар еді,  
Табылса осындай ат құдай иіп.

Мақпалдай кара төбел, не шымқай боз,  
Құлағы - қамыс құлақ, қап-қара көз.  
Қан жирен, төбелі бар, қасқа болып,  
Теңбілдей темір көк боп болар ма кез.

Кеудемде айта берсем, кеңесім көп,  
Жігітке көп мақтанған болмайды еп.  
Жазғаным қиыстырып осы-ақ болды,  
Абайдың өлеңіне ұсар ма деп!

Дайындап ұсынған  
**Әденбек ШЕРУБАЙҰЛЫ,**  
Семей медицина  
институтының қазақ тілі  
кафедрасының оқытушысы.

### **Жан-жануар атауы**

**Адай жылқысы-** қазақ жылқысының салт мінетін бір тұқымы. Ұзақ жүріске төзімді, қағылез, безбүйрек. Онда түрікмен жылқысының қаны бар. Басы етсіз, көзі кішкентай, жанары мол, мойны қысқа, шоқтығы биік, арқасы түзу, сауыры ұзын әрі салыңқы, аяғы жуан, бірақ етсіз, тұяғы берік болады. Орташа өлшемі шоқтығына дейінгі биіктігі 140,3, тұрқы 142,7, кеуде орамы 163,3, жіліншік орамы 17,6 см. Суық пен ыстыққа төзімді келеді, қысы-жазы жайылымда болып, күтім талғамайды.

**Азбан** - бұрын үйірге, күйікке, келеге түсіп жүрген, соңынан піштірілген еркек мал. Бұл сөз түйе мен ешкіден гөрі қой мен жылқыға жиі қолданылады. Өйткені, мал өсіруде тәжірибесі мол халық айғыр мен қошқарды үнемі сұрыптап, олардың тұқымын асылдандыратынын алып қалып, қалғанын піштіріп отырған. Мініс көтеретін белді жылқы керек болған жағдайда ғана, айғырды піштірген немесе «уыз ағызу» (енін сылымай-ақ ұрығын ағызу) әдісін қолданған. Мұндай жылқы тез арымайды, әрі ұзақ жүріске төзімді келеді. Азбанды қазақ ет үшін ұстамаған, өйткені, еті мол болғанмен, майсыз, қара етті келеді. Бураның адамға түсетіндерін не ауруға шалдыққандарын ғана піштіретін.

**Айыр түйе, қосөркеш** - түйе тұқымының бір түрі. Ол қазақ, қалмақ, моңғол түйелері деп бөлінеді. Бұлардың ішінде қазақ түйесі көп таралған, ол моңғол түйесінен ірілеу, қалмақ түйесінен кішілеу болады. Оралдың түйелері ірі келеді, бұған қалмақ түйесінің әсері тиген. Қазақ түйесінің әрбір сақа інгені 5-6 кг жүн, жылына 700-900 кг сүт (майлығы 5-6%) береді, ал қалмақ түйесі жүндес келеді. Сондықтан, оны қазақ түйесімен будандастыруға пайдаланады, мұндай әр буданнан 12 кг-ға дейін жүн қырқылады.

**Аруана** - сыңар өркеш түйе. Африка мен Азияда, Қазақстанда өсіріледі. Айыр түйеден гөрі ыстыққа төзімді, сүті де мол (екі-үш есе), бірақ жүні аз болады. Бізде қазақ түйесімен будандастырылып өсіріліп жүр. Батыс облысымызда сауын үшін ұстайды. Бұл жерде айыр інгенге үлек шөгереді, өйткені бұлардан туған буданның сүті аруанадан да көп әрі жергілікті жағдайға төзімді келеді. Аруана Қазақстанда Атырау облысында ғана өсіріледі.

**Атан** - піштірілген түйе. Тез семіреді әрі жұмысқа төзімді келеді. Бірнеше атауы бар: құр атан - ұзақ уақыт бос жүріп, әбден семірген, 6-9 жасар түйе; азған атан - ыстық-суықты болып, жүдей бастағаны; ығыр атан - жұмысқа көп жегілгені; жардай атан - қомданып, әбден семіргені. Еркек түйенің 6 жасқа дейінгісін «атанша» деп атайды.

**Ахалтеке** - жылқы тұқымы. Ертеден келе жатқан түркімен жылқысы. Сымбатты, жүйрік, ыстық пен шөлге төзімді, бірақ суықта, қыста тебінде бағуды көтере алмайды.

**Аша тұяқтылар** - сүт қоректілердің бір отряды. Аяқтарының үшінші, төртінші саусақтары жақсы дамыған. Екінші және бесінші саусақтары онша дамымаған, кейде тіпті болмайды. Өсімдіктермен қоректенеді, тек шошқа ғана қорек талғамайды. Олардың көбісі - бағалы кәсіптік аңдар. Аша тұяқтылар күйіс қайырмайтындар және күйіс қайыратындар болып, 2 топқа бөлінеді. Біріншісіне - жабайы шошқалар мен бегемот тұқымдастары, екіншісіне - түйе тұқымдастары, жирафтар (керіктер), құдыстар, бұғылар, айыр мүйізділері, қуыс мүйізділері жатады. Қазақстанда жабайы шошқа, бұғы, елік, бұлан, ақбөкен, қарақұйық, арқар, муфлон, таутеке кездеседі.

**Әңгі** – есектің айғыры. Мұның да жылқы секілді жасына қарай түрлі атауы бар, мысалы, құнан әңгі, дөнен әңгі, бесті әңгі т.б. Қазақ арасында ұрыншақ, сотқар адамды әңгі деп те атайды.

**Баспақ, торпақ** - күзден бастап енесінен айырған, 6 айдан асқан марка бұзау. Кей жерде «торпақ» деп атайды. Жердің отына үйренгенінше, алғашқы кезде баспаққа аздап жем береді, оты жақсы өріске жаяды. Күніне 3-4 рет суарады, ыстық күндері жаппа астында ұстайды. Таңдаулы баспақты іріктеп, бұқалыққа қалдырады да, өзгесін піштіреді. Кейде бір ені сылынбай кететін жағдай да кездеседі. Мұндай баспақты «бұқашық» деп атайды. Оны тез семіртіп, сойысқа қояды.

**Жабы** - байырғы қазақ жылқысы. Қазақстанның оңтүстік - батыс, оңтүстік - шығыс өңірінде өсіріледі. Басы дөрекілеу, мойны етті, бірақ қысқа, омыраулы, кеудесі кең, жоны жалпақ, сауырлы, жал - құйрығы қою әрі ұзын, денесі тығыз, етті болады, күзде тез семіреді. Қазақстанның қатаң табиғатына

көндіккен. Түсі әдетте торы және жирен; құла, сұр, көк, қара түстісі сирек кездеседі. Ұшқыр, жүйрік болмағанмен, алыс жолға төзімді. Жайылымда жүргеннің өзінде әр биеден тәулігіне 11-15 л сүт саууға болады. Семірген жылқыдан 230-250 кг таза ет түседі. Орташа өлшемі: айғырының биіктігі (шоқтығына дейін) 144,8; тұрқы 150,8; кеуде орамы 179,1; жіліншік орамы 19 см; семірткендегі орташа салмағы 470 кг. Биесі (осы ретпен): 142,5; 149,3; 177,5; 18,7 см; 460 кг.

**Желмая** - жалғыз өркеш түйенің (нардың) жүйріктігіне байланысты аңызға айналған түрі. Қазақ аңызында өмір бойы «Жерұйықты» іздеп өткен халық мұңшысы Асан қайғының көлігі. Дана қарт желмаяға мініп, жетпіс жыл жаһан кезген деседі. Шөл мен аштыққа қырық күн шыдаған. Ыстық - суыққа төзіп, ұзақ жүрісте қажымайтын мықты болғаны үшін, халық желмаяны «қара жердің қайығы» деп атап кеткен. Желмая әрі жүйрік, шығармаларда да әсірелеп суреттеледі.

**Жорға** - жылқының адамға жайлы жүрістісі. Кейбір құлын енесінен туғаннан-ақ жорға болады. Кейде бұл жүрісті жылқыға (аздап жорға болса) адам да үйрете алады. Мұндай үйретушіні «жорғашы» дейді. Жорғаның, аяң жорға, тайпалған жорға, су шайқалмас жорға, байпаң жорға, үш аяқ жорға, төкпе жорға деген түрлері бар. Аяң жорға жылқы айдағанда ғана жорғалайды да, одан тезірек жүрсе, жорғасынан жаңылады; үш аяқ жорға - төрт аяғын тең басып жорғалай алмайтын жылқы; тайпалған жорға - төрт аяғы тең жорға; су шайқалмас жорғаның үстінде кесеге құйған қымыз шайқалып төгілмейді, мұндай жорғамен бұрын үлкен тойларда табақ тартатын; байпаң жорғаның жүрісі тыныш, бірақ өзге жылқының жүрісіне ілесе алмайды; төкпе жорға еш уақытта жорғасынан жаңылмайтын жылқы, оның жорғасына басқа жылқы шауып, әрең ілеседі. Ондай жылқыны әдетте жорға жарысына қосады. Жарысқа қосатынын бәйге атындай баптап жаратады.

### Бес түліктің пірлері

Қазақ халқы ескі салт-сана бойынша өзі баққан бес түлік малдың «иесі» бар деп ұққан. Соған қарап олардан мал тілеп, малдың амандығын сұрап отырған. **1. Қой атасы - Шопан ата.** Шаруаның бір түлік пірі - Шопан, Келтірмей қу, пір ата, қойға топан. **2. Жылқы атасы - Қамбар ата.** Шаруаның бір пірі - Қамбар ата, Тілегенге өзің бер, ақтан бата. **3. Түйе атасы - Ойсылқара.** Шаруаның бір түрі Ойсыл қара, түйені өсір жарылқап, болсын пана. **4. Сиыр атасы - Зеңгі баба.** Шаруаның бір пірі - Зеңгі баба, Сиыр берсең сүтті бер, өңкей мама. **5. Ешкі атасы - Шекшек ата.** Шаруаның бір пірі - Шекшек ата, Қарағай мүйіз серкелі, шүйде жалды желкелі, Шекшек ата баласы, ешкі бассын үйінді.

### Аң мен құс қанша жасайды

Қарға, құзғын секілді құстарға қарағанда жыртқыш құстар анағұрлым аз жасайды. Мысалы, қарға, тотықұс секілді құстар орта есеппен 20 жыл жасайтын болса, бүркіт, қарға, лашын секілді жыртқыш құстар да шамамен

сонша жасайды. Бұларға қарағанда тіршілігі неғұрлым тыныш секілді көрінетін тауық, құр секілді құстар бір шама аз, 13-15 жыл өмір сүреді. Ал, торғай, бөдене секілді құстардың тіршілігі 5-8 жылдан аспайды.

Аңдардың ішінде көбірек жасайтыны шимпанзе (50-60 жас), үнді пілі (60жас). Түлкі, ит, мысық орта есеппен 10-12, қасқыр, арыстан 15-17, мүйізтұмсық, бегемот секілді жан-жануар, аңдар 18-20 жыл ғұмыр кешеді.

### **Аңдардың ұрпақ көтеруі**

Аңдардың ішінде өз ұрпағын ең ұзақ көтеретіндері піл (22 ай), мүйізтұмсық (16 ай), жираф (15ай), есек (12ай). Қасқыр; арыстан, қабылан сияқты аңдарда бұл мерзім 2,5-3,5 ай болса, ең жылдам балалайтындар қатарына қоян (50 күн), кірпі (40 күн), тиін (35 күн), көртышқан (40 күн), кенгуру (39 күн) секілді аңдарды жатқызуға болады.

### **Малдың жас ерекшелігіне қарай аталуы**

Ірі қарада:

Бұзау, - туғанына 6 ай толмаған төлді.

Баспақ - алты айдан асқаны.

Торпақ - алты ай мен бір жасқа дейінгісі.

Тайынша - екі жасқа жетпеген торпақты.

Тана - бір мен екі жас аралығындағы малды.

Қашар - екі жасар ұрғашы малды.

Құнажын - үш жасар ұрғашы малды.

Дөнежін - төрт жасар ұрғашы малды.

Тайөгіз - бір жасар еркек малды.

Құнан - үш жасар, пішпе малды.

Дөнен өгіз - төрт жастан асқанын.

Атан өгіз - денесі ірі, қартаң пішпе малды.

Құр өгіз - ешқандай шаруаға пайдаланбай еркін жүрген, семірген соғымдық малды.

Мүшке - сауын сиырды.

Жылдым сиыр, - күйі ерте келіп, жылда бұзаулайтын сиырды.

Тынжы – сүті көп, асыл тұқымды сиырды.

### **Түйеге байланысты атаулар**

Ескерту: әуелі еркегінің, сонан соң ұрғашысының атауы.

#### **Жалғыз өркешті түйе (нар)**

1. Жаңа туған төл - нарбота.
2. Бір жастан асқаны - нартайлақ.
3. Екі жастан асқаны - лекше; наршашық.
4. Үш жастан асқаны - буыршын; нарша.
5. Төрт жастан асқаны - үлек, бұзбаша, мая.
6. Бес жастан асқаны - үлек, атанша, мая.
7. Жеті жастан асқаны - үлек, атан, мая.



### **Қос өркешті түйе (айыр түйе)**

1. Жаңа туылған төл - бота.
2. Бір жастан асқаны – тайлақ.
3. Екі жастан асқаны - буыршын; інгешік.
4. Үш жастан асқаны - жас бура; інгенше.
5. Төрт жастан асқаны - бура; інген.

### **Ешкі атаулары**

#### **Ешкінің иесі, пірі – Шекшек ата**

Қойды көсем бастайтын,  
Өткелден үркіп саспайтын  
Қарағай мүйіз серкелі,  
Шүйде жалды желкелі  
Шекшек ата баласы –  
Ешкі бассын үйінді

(Ел аузынан)

**Лақ** - ешкінің алты айға дейінгі төлі, төлдің жалпы атауы.

**Шікірә** - еркек лақ.

**Туша**- бір жасар ұрғашы ешкі.

**Шыбыш** - бір жас пен екі жас аралығындағы лақтаған ешкі.

**Серкешік** - бір жас пен екі жас аралығындағы тартылған ешкі.

**Серке** - бес-алты жастағы тартылған, қой бастар ешкі.

**Текешік** – жасы толмаған кішкене теке, текесымақ.

**Теке** - екі жастан асқан аталық.

**Ешкі** - аналық.

**Туешкі** – бірер жыл қашпай қысыр қалған семіз ешкі.

### **Аң - құстар әлемі**

Хайуанат – жан-жануардың, мақұлықтардың, аң – жабайы хайуандардың жалпы атауы. Бір кезде Қазақстан жерін мекендеген жабайы аңдар мен жануарларлар 250-дей, ал, құстардың 600-дей түрінен қазір тек жартысына жуығы қалған. Солардың ең көп тараған түрлерін атап айтсақ:

#### **Үй хайуанаттары**

Есек – жылқыдан аласа, құлағы үлкен, күтімді онша қажет етпейтін, еті арам жануар.

Әңгі - айғыр есек.

Мәші – ұрғашы есек.

Күре, көдек – есектің төлі.

Ит – асыранды үй хайуаны.

Күшік – иттің баласы.

Итақай – иттің күшігі немесе кішкене ит.

Итаршы – кішкене шәуілдек ит.

Қандек – бойы аласа жұмсақ жүнді кішкене ит.

Қаншық – ұрғашы ит.  
Төбет – үлкен, қора күзетер ит.  
Дүрегей – екі түрлі тұқымнан өрген будан ит.  
Бұралқы – қаңғыған иесіз ит.  
Абылаңқы – қасқыр алар күшті, айлалы ит.  
Бәйтөбет – алымды, бірақ күші қайтқан кәрі төбет.  
Сырттан – тегі жақсы, қырағы, алғыр қасқыр ит.  
Тазы – аң аулайтын жарау, жүйрік ит.  
Құмай – тазының ең жүйрік шалымды түрі.  
Іренде – итті иемденген атау.  
Мысық – жолбарыс тегіне жататын үй хайуаны.  
Мырсын – ұрғашы мысық.  
Мәулен, соқыр, сезек – мысықтың баласы.

### Түз хайуандары

Түзат – жылқы тектес жабайы жануар.  
Тарпан – жылқының жабайыланған тағы түрі.  
Сұр тарпан – далалық тарпан.  
Қораш тарпан – орман тарпаны.  
Қашыр – ертеректе бие мен әңгіні шағылыстыру жолымен алынған, жұмысқа төзімді хайуан.  
Домбай – жабайы, тағы есек.  
Құлан – үйір болып жүретін жабайы жылқы.  
Қодық – құланның төлі.  
Арқар – қой тектес жабайы, еті адал хайуан.  
Құлжа – арқардың қошқары.  
Қозықа - арқардың қозысы.  
Үстірт қойы – жабайыланған тағы қой.  
Жұсақ – бір жасар тау ешкі.  
Тауешкі – тауда өсетін жабайы ешкі.  
Марал – аша тұяқты, сүт қоректі адал ірі хайуан, бұғының ұрғашысы.  
Бұғы – таулы, орманды жерді мекендейтін аша тұяқты, бұтақталған үлкен мүйізі бар, еті адал ірі хайуан, маралдың текесі.  
Қодыға – маралдың төлі.  
Пәйкел – бұғының (маралдың) тайыншасы.  
Пәйке – бұғының танасы.  
Елік – бұғы тектес өте әдемі жүйрік жануар.  
Еңлік – еліктің лағы.  
Күдір – елік тәріздес, тарғыл түсті жүйрік хайуан.  
Бұлан – бұғы тұқымдас, салалы үлкен мүйізді, аша тұяқты, күйіс қайыратын жануар. Киік – аша тұяқты, ешкіге ұқсас, еті адал жануар.  
Құралай – киіктің лағы.  
Қорықпас – киіктің бір жасар текесі.  
Құлтеке (кумүйіз) – киіктің кәрі текесі.

Қарақұйрық – киік тектес, еті адал жануар.

Ақбөкен – аша тұяқты, шөлге төзімді, киіктер табына жататын өте жүйрік жануар.

Газел – бөкен тұқымдас, аса әсем тұлғалы әрі жүйрік киіктің бір түрі.

Сайғақ – жапан түзде үйір-үйір болып жүретін хайуан.

Қодас – қуыс мүйізді күйіс қайыратын жануар.

Үзбара – өте сирек кездесетін жануар.

Қоян – сүт қоректі, ұзын құлақты жабайы әрі үйде өсірілетін хайуан.

Орқоян – ірі, жабайы қоян.

Көжек – қоянның баласы.

### **Доңыз – шошқа**

Шошқа – мегежіні жылына бірнеше рет торайлайтын, айыр тұяқты өсімтал хайуан.

Қабан – жабайы шошқаның еркегі.

Мегежін – ұрғашы шошқа.

### **Андар**

Жанат – жұмсақ жүнді терісі бағалы аң.

Тиін – ағаш басында өмір сүретін күлте құйрық, терісі қымбат кішкене аң.

Құндық – тұрқы 120 см-дей, салмағы 7-10 кг. Өзен-көлде тіршілік ететін терісі бағалы аң.

Құнай – құндыздың күшігі.

Қамқа, қама – көбіне суда жүретін, құндыз тектес терісі қымбат аң.

Саз кәмшат – суда да, жерде де тіршілік ететін, терісі әдемі кеміргіш аң.

Тағылан – кемірушілер тобына жататын таудың аңы.

Жұпар тышқан – суда тіршілік ететін, құйрық түбінде май тәрізді жұпар иісті зат бөлетін безі бар жәндік.

Көк сауыр – ылғалды, сулы жерді мекендейтін, терісі бағалы кішкене аң.

Итбалық – есек аяқты, жарғақ табанды, терісі, еті, майы пайдалы Каспий теңізін мекендейтін аң.

Боздақ – үлпілдек жүнді итбалық.

### **Жыртқыш андар**

Аю – денесі үлкен, икемсіз ірі жыртқыш. Түрлеріне қарай ақ аю, қоңыр аю болады.

Кірекей – ұрғашы аю.

Қонжық – аюдың баласы.

Арыстан – мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш.

Қаншыр – ұрғашы арыстан.

Жолбарыс – мысық тұқымдас, жолақ терілі ірі жыртқыш.

Өлекшін – ұрғашы жолбарыс.

Сарымық, шәнжік – жолбарыстың күшігі.

Барыс – мысық тұқымдас шұбар түсті аң. Алан – барыстың күшігі.

Қасқыр – ит тұқымдас жыртқыш бөрі.  
Қаншық, шұлан – ұрғашы қасқыр.  
Бөлтірік – қасқырдың қарақұлақтанған күшігі.  
Арлан – еркек қасқыр.  
Көксерек – жас қасқырдың ең мықтысы.  
Қорқау – нағыз жыртқыш қасқыр.  
Бөрі – серек құлақ қасқыр.  
Шибөрі – итке ұқсайтын қызыл түсті қасқыр.  
Шоғал – қорқау қасқыр.  
Көкжал – үлкен, ызақор қасқыр.  
Көкжұлан – арлан, көкжал.  
Түлкі – үлпек құйрығы ұзын, терісі бағалы, ит тұқымдас айлалы аң.  
Алтайы қызыл - қан қызыл түсті түлкі.  
Қарамалжын – күміс қара түсті түлкі.  
Мыршық, жаутаң – түлкінің күшігі.  
Жәутік, сілеусін – мысық тектес ірі жыртқыш.  
Ілбиін – ұрғашы сілеусін.  
Қарсақ – түлкі тұқымдас жыртқыш.  
Күзен – сусар тұқымдас терісі бағалы аң.  
Қаракүзен – сулы жерді мекендейтін жүні қалың, жылтыр түсті аң, су күзені.  
Сусар – суда жүретін қоңыр түсті, терісі бағалы аң.  
Құну – сусар тұқымдас, борсыққа ұқсас терісі бағалы аң.  
Борсық – сусар тұқымдас, құм төбелерді мекендейтін, айлакер, батыл, терісі бағалы кішкентай аң.  
Қидас- сусар бұлғынның буданы.  
Бұлғын – дене тұрқы 40-55 см-дей, терісі бағалы, орманды мекендейтін кішкене жыртқыш аң.  
Ақкіс – бұлғын тобына жататын түсі ақ, терісі бағалы кішкене жыртқыш.  
Қабылан – мысық тұқымдас, теңге шұбар түсті, сүт қоректі жыртқыш.  
Қарақұлақ – мысық тұқымдас, дене тұрқы 80-85 см-дей жыртқыш.  
Қарақал – мысық тұқымдас, сілеусінге ұқсайтын, құлағының сырты қара, ұшы жүнді аң.  
Ібіліс – мысық тұқымдас жыртқыш.  
Мәлін – мысық тұқымдас, дене тұрқы мысықтан сәл үлкен, терісі аса бағалы аң.

### **Құстар әлемі**

Құс – дене аумағы әртүрлі, қанатты, ұшып жүріп тіршілік ететін жәндік.  
Барлық құстың балаларына ортақ атау – балапан.

Аққу (қу) – иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды үйректер тобына жататын ірі құс.

Саһар – аққудың қоразы.

Көгілдір – аққудың балапаны.

Қаз – мойны, ұзын, суда жақсы жүретін, етті, жабайы және үй құсы.

Қоңыр қаз – өзен суларында жүретін қоңыр түсті жабайы қаз.

Сары ала қаз – көбінесе көлде жүретін сары ала түсті жабайы қаз.

Қараша қаз – жабайы қаздан қара қоңырау ірі қаз.

Қара қаз – балықпен қоректенетін, түсі қара, суда жақсы жүретін су құзғыны.

Ала (итала) қаз – сырт көрінісі қазға да, үйрекке де ұқсас, басы, құйрық қауырсыны қара, жемсауы мен арқасы ақ, көкірегі сарғыш ірі құс.

Үйрек – башпайларының арасы жарғақ терімен ұласқан су құсы.

Кежек – үйректің қоразы.

Мисақ – үйректің бір түрі.

Шүрегей – тұрқы 35 см-дей, салмағы 200-400 грамдай үйректің ең кішкене, өте ұшқыр түрі.

Кегер – кішкене сұр түсті сүңгуір үйрек.

Қасқалдақ – маңдайы ақ, көгілдір, қара түсті сүңгіш құс.

Біз құйрық – ұзын құйрығы сүйір, үйректер туысына жататын су құсы.

Шағала – түсі ақ шаңқан, сирағы қысқа, жүні селдір, суды мекендейтін құс.

Бағлан – өзен-көлдердің балықтарымен қоректенетін кішкене су құсы.

Аққұтан – аяғы ұзын, топшысында әдемі ақ қауырсындары бар, ірі денелі жыл құсы.

Қалбағай – желкесінде сарғыш тұлымы бар, жалпақ қара тұмсықты аққұтанға ұқсас құс. Көкқұтан – қамысты таяз суларды мекендейтін ұзынсирақ көк түсті құс.

Дуадақ – қанаты үлкен, мойны жуан дала құсы.

Безгелдек – дене тұрқы тауық шамалас, дуадақ тобына жататын дала құсы.

Жек – дуадақ тобына жататын дала құсы.

Бұлдырақ - шөлдегі жерді мекендейтін сұр түсті, қарабауыр кішкентай дала құсы.

Тарғақ – дала мен шөлейтті жерде өсетін құс.

Алсары – далалық жерді мекендейтін құс.

Ләйлек – сидам сирақты жыл құсы.

Тырна – мойны ұзын, сирағы сидиған ірі жыл құсы.

Шымшық – түсі көк, үлкендігі торғайдай, ерте көктемде келетін жыл құсы.

Торғай – сүйір тұмсықты кішкене құс.

Суық торғай – суық жақты қыстап қалатын торғай.

Молда торғай – төбесінде сәлде сияқты кекіл шашағы бар, ыстық жақты мекендейтін торғай.

Қоңыр торғай – шағын, тым жұпыны торғай.

Жау торғай – топтанып ұшып егіске зиян келтіретін торғай.

Бозторғай – түсі қоңыр ала, қанаты ұзын, бауыры ақшыл, дене тұрқы 20 см-дей торғай тектес.

Пайыз – дене тұрқы 13-16 см-дей, салмағы 16-22 гр-дай, тау шымшығы тұқымдас торғайдың бір түрі.

Наурызек – наурыз айында келетін аяғы жіңішке, сары бауыр, көк ала торғай шымшық.

Құрылтай – тұрқы 7-10 см-дей, салмағы 9 грамдай, торғай тектес құс.

Құмыр – бұлбұлша сайрайтын торғайдай кішкене құс.

Сарықас торғай – орманда жүретін, тұрқы 10-14 см-дей, салмағы 5-12 грамдай, көзінің үстіңгі жағы сарғыш кішкене қоңыр құс.

Шіл – құр тұқымына жататын, кекілікке ұқсас сарғылт құс.

Қылқұйрық – түсі қара жолақты, сарғыш қоңыр, құйрық қауырсыны үшкір шіл тектес дала құсы.

Құр – таулы, орманды жерді мекендейтін тауық тұқымдас құс.

Кекілік – көбінесе таулы, тасты жерді мекендейтін, тұрқы 25-30 см-дей, екі бүйірі ақ, көкшіл сұр түсті құс.

Бөдене – егістікте, қалың шөп арасында жүретін, дене тұрқы 20 см-дей, ақшыл жолақты кішкене сұр құс.

Бытпылдақ ұлар – таудың биік шыңын мекендейтін, түсі сұрғылт, еті дәмді ірі құс.

Шажа – таудың ұшар басын мекендейтін дауысы ащы құс.

Қаншыр – далалы жерде, қырда жүретін, еті адал, кішкене сұр құс.

Кептер – көкшіл сұр түсті не ақ, көкала түсті кішкентай құс.

Қарабауыр – аяқтары қысқа, денесі тығыз кептер шамалас құс.

Қаракұр – түсі қара, құрдың сирек кездесетін түрі.

Балшықты – тұмсығы өте сүйір, сирағы ұзын кішкентай құс.

Біztұмсық – имек біз тәрізді тұмсығы жоғары қарай қайқиған, көбінесе сазды көл жиегінде, шалшықты сулы жерде тіршілік ететін жыл құсы.

Қырғауыл – өзен жағасындағы тоғайлық жерлерде тіршілік ететін әдемі құс.

Қызғыш – көл маңын, саз балшықты, шабындық жерлерді мекендейтін, желкесінде қара сауырсынды айдары бар кішкентай қоңыр ала құс.

Қарабай – басы, мойны ақсары, қоңыр, жылтыр қара сулы жердің құсы.

Әупілдек – қамысты көлді мекендеп, түнде әупілдеп шығатын, үлкендігі үйректей, қоңыр қара дақты су құсы.

Ементұмсық – омырауында қара дағы бар, жуан мықты тұмсықты орман құсы.

Оқпақ – қамыс арасында тіршілік ететін, өте сақ, бірден көзге түсе бермейтін, түнде ұшатын құс.

Жарқанат – жарғақ қанатты түнде ұшатын құс.

Байғыз – арқасы ақшыл дақты сарғылт, бауыры көмескі қоңыр жолақты жалпақ тәрізділер тобына жататын құс.

Қарлығаш – айыр құйрықты., қанаттары ұзын, қара ала кішкене ұшқыр құс.

Бұлбұл – орман-тоғайда, нулы жерде, бақта жүретін даусы әдемі, кішкене әнші құс, сандуғаш.

Жылқышы – сулы батпақты жерде өмір сүретін, тұмсығы ұзын және төмен қарай иілген сұрғылт түсті құс.

Қарқара – қауырсынды әдемі құс.

Көкек – «Көкек, көкек», деп үн шығаратын, ала-құла көктем құсы.

Тоты – түрлі-түсті қауырсынды әдемі құс.

Тоқылдақ – жемін ағаш қабығын тұмсығымен тоқылдата шұқып іздейтін, тұмсығы істік, шұбар түсті кішігірім орман құсы.

Жалбағай – сарғыш тұмсығы қалақ тәрізді түсі біркелкі ақ, қауырсынсыз кара сирақты ірі құс.

Қоғыбалық – қауырсыны тығыз, түсі торғын сары, салмақты, жылдам жүретін дуадақтар тобына жататын ірі құс.

Қарға – тамақ талғамай, көбінесе өлексемен күнелтетін, түсі кара, еті арам құс.

Көңқарға – көң-қоқысқа қонып қоректенетін қарға.

Ұзақ – үсті кара, басы бозғылт, қарға тұқымдас кішкене жыл қысы; ұзақ қарға.

Құзғын – қорек талғамайтын, өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс.

Ала қарға – басы, қанаты және құйрығы кара, арқасы мен бауыры сұрғылт құс.

Шауқара – тұмсығы сары, басы ақшылдау кара қарғаның кішірек түрі.

Сауысқан – құйрығы ұзын, ала қанатты, қарға тұқымдас өте сақ құс.

### Жыртқыш құс

Қыран – бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі сияқты алғыр жыртқыш құстардың жалпы атауы.

Дауылпаз – сұңқар құс.

Сұңқар – бүркіт тұқымдас қыран құс.

Ителгі – денесі лашынға ұқсас, бірақ қораштау, қоңыр сұрғылт, кара қоңыр жүнді, құйрығы ақ шұбар ұзын, мойны ақжағал, ақ бас, кара көз, қанаты ұзын кішкене қыран.

Қаршыға – қанаты қысқа, құйрығы ұзын, имек тұмсық жүні түлеген сайын өзгеретін ақ, көк, кара көк, кара сары, қоңыр түсті шағын қыран.

Екі түрі бар: тұнжыр және кара қаршыға.

Қырғи – көзі шегір, сирағы ұзын, жіңішке, көгершіндей сұлу, имек тұмсықты, өткір тырнақты қаршығаның бір түрі. Өзі екі түрлі: мырза және құл түйғындар.

Лашын – қанаты ұзын, құйрығы қысқа, көзі кара, денесі тығыз, жүні кара қоңыр, шұбар, бауыр жүні ақ, сары, тамағы ақжағал, денесі тауықтай қыран.

Тұрымтай – қызыл шұбар, көзі кара, қарғадан кіші, сүйкімді кішкене ителгі тектес қыран.

Жағалтай – жүні сұр, сүйрік қанатты, өте ұшқыр кішкене қыран құс.

Бидайық – тұрымтайға, қаршығаға ұқсас қыран.

Қозықұнай – тау құздарын мекендейтін ең ірі жыртқыш құс.

Күшіген – мойнының жоғары жағы түксіз, төменгі жағы жалбыраған жүнді жыртқыш құс.

Сарбалақ – балақ жүні сарғыш, аңға көп түсіп машықтанған алғыр қыран.

Аламан – бүркіттің ақиығы, алғыр тұқымы.

Құладың – қаршыға бүркіт атаулының ең зоры.

Бұқтана – қаршыға құсының бір түрі.

Үкі – түнде ғана ұшатын, имек тұмсық жыртқыш құс.

Тазқара – күшігеннің бір түрі.

Қаракұс – түсі көбіне қара қоңыр, өлексе, жемтікке үйір, ірі жыртқыш құс.

Жапалақ – үлпілдек қауырсыны, үкі тәріздес, жыртқыш түн құсы.

Ақ тұйғын – қарға тұқымдас алғыр құс.

Ақ иық – түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, иығы ақ, сұрғылт, күйрегінің үстінде көлденең ақ жолағы бар бүркіт тұқымдас.

Бүркіт – таулы, далалы жерді мекендейтін, тегеуріні қатты, ірі қыран құс. Ол жасына қарай төмендегіше аталады.

Бір жаста – балапан.

Екі жаста – қантүбіт,

Үш жаста – тірнек.

Төрт жаста – тастүлек.

Бес жаста – мұзбалақ.

Алты жаста – көктүбіт.

Жеті жаста – қана (құмтүлек).

Сегіз жаста – жаңа (құмтүлек).

Тоғыз жаста – майтүбіт (сүмтүлек, қоңыртүлек).

Он жаста – барқын (кәрітүлек).

Он бір жаста – баршын (ақтүлек).

Он екі жаста – шөгел (ақырғы түлек).

Дене бітіміне қарекет-қылығына, түр-түсіне, айла-әрекетіне әдістері мен алғырлығына қарай бүркітке екі жүзден аса атау берілген. Солардың бірқатары: ақиық аққанат, ақбұршақ, Алтайдың ақиығы, бұтақана, дала бүркіт, жапырақ қара, жанбауыр шөгел, жыланбас, жаудыркөз, желер, көк бүркіт, көксарша, көктабан шөгіл, кәрі шөгел, қандыбалақ, қылтырнақ, қырансары, қараша, қобданың қаракері, тартулы қыран, перен, су бүркіт, саршолақ, тақыр тірнек, шегірпаян, шомбал сары, шау, інжарғыш нарынның сарысы, т.б.

Бүркіт саусақтары төртеу, атаулары:

Жембасар – сұқ саусақ, сығым, ортаңғы саусақ, шеңгел – шынашақ саусақ.

Құстардың мойын атаулары:

Сұңғақ – аққудың мойны,

Құлқын – құтанның мойны,

Қылдырық – тырнаның, сұңқардың мойны.

**Жәрдем КЕЙКІН.**

### **Құстардың ерекшелігі**

\* Шымшық балапанын күніне 1000 рет тамақтандырады.

\* Құтан сыңарына деген қызғаныштан өзін-өзі өлтіруге дейін барады.

\* Клест – қыстағы аязда жұмыртқа басып, балапандарын шығара алады.

\* Колибри – артымен ұша алатын жалғыз құс.



- \* Момот – қанатының түр-түсін өзгерте алатын африкалық құс.
- \* Оляпка – су астында жүгіре алатын құс.
- \* Сұңқар – ең жылдам ұшатын құс (сағатына 300 шақырым).
- \* Турман ұшып келе жатып шырқобелек айнала алады.
- \* Чомго – суда билейді. Ұясы суда жүзіп жүреді.
- \* Крачка – ең ақылсыз теңіз құсы.
- \* Соко – басқа құстардың дауысын айнытпай сала алады.
- \* Тари – қолтырауындармен бірге өмір сүреді.
- \* Таксидермист – жануарлар мен құстардың тұлыбын жасайтын маман.

### **Қазақ жеріндегі жыртқыш құстар**

**Ақиық** - бүркіт туысына жататын жыртқыш құс. Салмағы 2700-3100 г. Түсі қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, маңдайы мен төбесі қоңыр, иығы ақсұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар. Сексеуіл, ағаш пен бұталардың басына ұялайды. 1-3 жұмыртқа салып, еркек мен ұрғашысы кезектесіп, 40-50 күн басады. Қорегі - кемірушілер, қоян мен түлкі, әртүрлі сүтқоректілер, құстар.

**Ақтұйғын** - қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Салмағы 500-1090 г. Құрлықтың бәрінде кездеседі. Құстың келіп-қайтуы кезінде Қазақстанда бірен-саран кездеседі. Ұясын тік жарқабақтар мен жартастардың кертешіктеріне, ағаш басына салады, кейде ұя жасамай, қарғалардың ұясын иемденеді. 3 жұмыртқа салып, 28-30 күн басады. Әр түрлі құстарды ұстап жейді, өте ұшқыр құс. Алғыр болғандықтан, адамдар қолға үйретіп, аң аулайды.

**Ала құмай** – бүркіт тәрізділер тұқымдасына жататын құс. Басы мен мойны ақ, тықыр мамықты, құйрығының үсті ақ, арқасы ақшыл сары, салмағы 8-10 кг. Қанаты 3 м. Сүтқоректілердің, әсіресе суыр мен тұяқты жануарлардың өлімтігімен қоректенеді. Ауаны ластайтын, түрлі ауру тарататын өлекселермен қоректенетіндіктен, пайдалы құс ретінде саналады. Биік тау аймақтарында кездеседі.

**Бөктергі** - сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Қоразының салмағы 150-200 г, мекиенінікі 190-280 г Қазақстанның оңтүстігінде, Зайсан ойпатында, Тарбағатайда, Жоңғар Алатауының, Тянь-Шаньның бөктерінде, Іле бойында қыстап шығады. Елімізде көп тараған. Ағаш, шың басына, түрлі жерде ұя салады, 4-5, жұмыртқа басады. Жемі - жәндіктер. Ауыл шаруашылығына зиянкес кемірушілерді құртатын пайдалы құс.

**Бүркіт** - бүркіт туысына жағатын жыртқыш құс Түсі қара қоңыр, салмағы 2840-4100 г, дене тұрқы 95 см-ге, жайған қанаты 2 м-ге жетеді. Қанатының шеткі қауырсындарын «шалғысы», ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсынын «көбесі», қалғандарын «жебесі» деп атайды. Аяғы 4 саусақты, оның артқысын - тегеуріні, ішкісін - жем басар, ортаңғысын -сығымы, шеткісін шеңгелі дейді. Қазақстанның барлық жерінде дерлік мекен етеді. Суыр, қоян, түлкі, борсық, тышқан, саршұнақ, кірпі, тасбақаны, кішігірім тұяқтыны, жануарлардың төлдерін жейді. Таудың биік қияларына, ағаш басына ұя салып,

бір-екі жұмыртқаны 45 күнде басып шығарады. Саятшылар қолға үйретіп, аң аулайды. Аса алғыр, қыран құс.

**Жағалтай** - сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Дене тұрқы 35 см, салмағы 170-350 г. Мекиені мен қоразының түсі бір-біріне ұқсас, арқалары күңгірт көк, бауырында ашық қоңыр сары жолағы бар, тамағы мен мойнының екі жағы ақшыл, сирағы қауырсынсыз, сары түсті. Ұясын ағаш басына салады, маусым-шілдеде 3-6 жұмыртқа салып, оны қоразы мен мекиені кезектесіп басады да, 28 күннен кейін балапан шығарады. Әр түрлі ұсақ сүтқоректілермен, ұсақ құстармен, шегірткелермен және ірі жәндіктермен қоректенеді.

**Ителгі** - сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Тұрқы 60 см-ге дейін жетеді, жайған қанаты 130 см, арқасы сұрғылт қоңыр, бауыры қоңыр, қара дақты. Қазақстанда биік таулы жерлер мен ормансыз жазық даладан басқа жердің бәрінде дерлік кездеседі. Жемі - құс, саршұнақ, ұсақ кемірушілер. Сәуір-мамыр айларында 3-5 сарғылт-қызғылт теңбілді жұмыртқа салады. Ителгіні қолда үйретіп, құс, қоян аулайды. Зиянкес кемірушілерді жеп, пайда келтіреді.

### **Тәңірдің елшісі**

Бұдан не ұқтық: адамға Алланың қалауымен бір уақытқа ақыл үйреткен қарға екен. Басқа құс емес, адамға ұстаз ретінде қарғаның жіберілуінен оның ақылды құс екені аңғарылмай ма?

Шынында да, қарғаның ақылды әрі қу құс екенін көбіміз білеміз. Бірақ қаншалықты!

Ғалымдар аң-құстардың интеллектісін тексергенде, алдыңғы орынға шимпанзені, одан кейін қарғаны, одан кейін дельфинді шығарған. Қарғаның шимпанзеден ақылды екенін мойындауға келгенде мойындары жар бермеген болуы да мүмкін. Оқымыстылар, оқушылар, студенттер және қарғаның ойлау жүйесін салыстырмалы түрде бағалау үшін сынақ-тәжірибе де жүргізген. Сынақтың түрі - көптеген қалпақшалардың астына жасырылған асты дәл табу. Нәтижесінде қарғалар студенттерді шаң қаптырып кеткен. Ал олардың салған ұясын көрген адам қарғаға инженердің дипломын берсе де, артықтық етпесін түйсінер еді. Қарғалардың ағаш астына жасырынған насекомдарды аулау үшін еңбек кұралы-таяқшалар пайдаланатынын бақылаушылардың талайы көрген. Тырнағына құты қыстырып алып, құдықтан су алғанын көргендер де көп. Ұясына да осылайша су тасиды. Орнитологтар олардың қарапайым логикалық тапсырмаларды тыңғылықты орындайтынына талай рет бас шайқасқан. Тіпті шахмат тастарын дәл саны бойынша қатарластырып қоюға қабілетті. Ал енді қарғаның светафор сигналдарын дәл ажырататынына таңғалмай көріңіз - қызыл жарық жанғанда жолдағы көлік соғып өлтірген жануарды жайбарақат шоқи бастайды, ал жасыл жанғанда ұша жөнеледі! Бұдан бөлек қарға адамның қолында мылтық не таяқ барын, үлкен адам мен баланы, еркек пен әйелді тамаша ажыратады екен. Бұдан да біз білмейтін үлкен нәрселерге қабілетті екені анық. Қарғалар - ойынпаз. Ит пен мысықтың жынына тигенді жақсы көреді. Тіпті Алматыда бір қарғаның адамдар дәл астынан өтіп бара жатқанда

өзі отырған ағаштың бұтағын сілкіп, бастарына қар түсіріп ойнағанын көптеген адамдар ұзақ уақыт бойы бақылаған. Бұдан бөлек те қызық-қызық ойындары да бар. Бір қарға биікке көтеріліп, әлде-бір затты түсіріп жібереді, екінші қарға оны жерден 20-30 метр жерден қағып алып, жоғары биіктеп ұшады да, әлгі олжалаған ойыншықты тастап кеп жібереді. Ал бірінші қарға бұл кезде төмен құлдилап, жерге жақындап қалған затты қағып алып, қайта биікке самғайды. Осылайша кашан жерге түсіріп алғанша, әлгі затты қақпақыл етіп ойнайды.

Қарғалар өзін күтіп-баққан қожайынын қорғау үшін басқа адамдарды тырнағымен, тұмсығымен, қанатымен жасқайды. Бірақ бір нәрсені ескеру керек, қарғалар адамды қожайын ретінде мойындамайды. Өздеріне тең әріптес, жолдас ретінде мойындауы мүмкін. Оған адам татитын болса!

Қарғаның қасиетіне қаныққан болар, ақын Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың «Қара қарғаны ақтау немесе оны жек көремін дейтін ініге сыр», - дейтін өлеңі бар.

«Кінәсі ме оның қалғаны күзде туған жер болып қазығы,  
Қарғамайықшы қарғаны біз де, қарғамның бар ма жазығы?!.

Қара қарғалар қарақтарым ғой, қия алмай жүрген өз елін,

Жүрсе де шокып жаратпадың ғой, туған жерінің тезегін!..», -

дейді ақын. Құстарды періштедей көретін ақын Есенғали Раушанов қара қарға туралы жазды ма, жазбады ма, білмеймін.

Қасиетті Құрандағы «Піл» сүресінде Қағбаны қиратуға қалың әскер келе жатқанда, аспанды қара түнек бұлт жабады. Сөйтсе, бұл жауын бұлты емес, тұмсықтары мен тырнақтарына кішкентай тас ұстаған қалың қара құстың үйірі екен. Осы өте көп құстар топ-тобымен тас жаудырып, жау әскерін тегіс қырып, қасиетті Қағбаны қорғап қалады. 570 жылы болған бұл оқиға араб тарихында «Піл жылы» деген атпен белгілі. Ал әлгі құстар біз айтып отырған қарға болуы да бек мүмкін. Құранда «әбәбил құстар» деп айтылады, «әбәбил» деген сөз «өте көп құстардың тобы» дегенді білдіретін болса керек. Анығын, әрине, Алла біледі.

Осыған аз-маз ұқсайтын бір оқиға. Ресейге баса-көктеп кірген ұлы қолбасшы Наполеон өзінің солдаттарына Кремль мұнарасындағы кресті Парижге әкету үшін жұлып әкелуді бұйырады. Француздар үшін кресті жұлуды Мәскеуді түбегейлі бағындыруды білдіретін.

Француз солдаттары осы іс үшін жұмылғанда, қайдан шыққаны белгісіз үлкен қара құстар - қалың қарға үйірі тынымсыз қарқылдап, солдаттар мен мұнараны шыр көбелек айналып ұша бастайды. Бұл құбылысты бақылап тұрған Наполеон қала мен қасиетті орынды құс екең құстардың қорғауға шыққанын көріп, мұны жаман ырымға жориды. Ешкімнен беті қайтпаған ұлы қолбасшының орыстардан масқара болып жеңілгені тарихтан белгілі.

Қожа Ахмет Иасауидың ұстазы Арыстан баб кесенесіндегі Арыстан баб жатқан бөлмеге кіре берісте есіктің екі жағында шағын екі атбесікті көресіз. Бұлардың бірі - Лашын баб, ал екіншісі - Қарға баб делінеді. Арыстан баб дүние салған соң, оның моласына екі құс ұшып келіп, қонған екен. Оның бірі - қарға, бірі - лашын екен. Көне аңыздарда Ашина елін (түркілердің бабасын) жау

шауып кеткенде, жалғыз бала аман қалып, оған ру тотемдері көмекке келеді. Қасқыр баланы бауырына алып емізіп, аспан әлемінің елшісіне - қарға ет әкеліп береді. Көне шаманизм белгілері көп сақталған якут бақсылары да қарғаны пір тұтады.

Қарға дүниесі, қарға әлемі туралы айта берсек, әңгіме жетеді. Қазақ тілінде қарға сөзіне байланысты туған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер онын қасиетті құс болғанын аңғартады. Мысалы, «біздің де қолымызға қарға тышар», «қарға тамырлы қазақ», жасы кіші балаға айтылатын «қарғам-ау», «қарғатайым», ару қызға айтатын «қарғашым», сондай-ақ, «қарғадай болып», «қарғадай кезінен», «қарға адым жер», «қарға қарғаның көзін шұқымайды», «қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас» т.б. деп аталатын тұрақты сөз тіркестері.

Күні бүгінге дейін қазақ қолөнерінде «қарға тұяқ» деп аталатын ою да кездеседі. Сондай-ақ, қазақ даласындағы жартастарда, құлпытастар мен балбалтастарда қарға суреті жиі ұшырасады. Алтайдан қазылған қорғандардан қарға бейнесінде құйылған ат ауыздықтар табылған. Алтын Орданың хандары қарға бейнесі салынған тиындар шығарып отырыпты.

Азиялық Сібірді тұрақ ететін халықтардың наным-сенімінде қарға күні бүгінге дейін кие тұтылады. Сахалардың қаңғалас тайпасының ішінде суар (қарға) руы бар. Сондай-ақ шорлардың арасында да бір ру қарға деп аталса, туба ішінде хусхун (құзғын) руы кездеседі.

Қарға - түркі халықтары үшін қасиетті тотем. Баяғыда үйсін ханзадасын жаулары аяқ-қолын сындырып, жұртқа тастап кеткенде, оны көкбөрі қаншық емізіп, қайда жатқанын құтқарушыларға қарға көрсеткені ежелгі қытай жылнамаларында жазылғандығы белгілі. Ал «үйсін» деген сөздің қытайшадан аударғандағы мағынасы «қарға тамырлы» («воронье племя») болып шығады.

Қарғаны моңғолдар да кие тұтады. Олар мама ағаштың басына қарға қонса, атымыз жүйрік болады деп ырым көреді. Қазақта қарғалар тобымен шуылдаса ұшса, қыста күн суытады, аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды деген наным-сенім қалыптасқан. Қарға - киелі құс, Тәңірінің елшісі делінеді.

Жыл құстарының ішінде ұзақ қарғаның ерте көктемде алғаш келетінін айтқан жөн. Яғни, қарға көктем айының хабаршысы, күн мен түн теңесетін Ұлыстың ұлы күнінің жаршысы. Демек, Тәңірге табынып, Күнді Тәңірдің көзіне балап, барша өмір тіршілігін табиғат құбылыстарымен үйлестірген көшпелілер үшін қарға Тәңірдің елшісіне баланған. Ендеше, қарға да қазақ халқы үшін көк бөрі тәрізді қасиетті тотем болып шығады.

Қара қарға сонымен қатар рақымсыздықты, азғындықты, құзғындықты, жамандықты білдіреді деген сөз бар. Қазақтың «қарғау» деген сөзі қарғамен қаншалықты байланысты? Қарғада қандай қасиет бар, қандай қасиеттеріне байланысты кие тұтылған? Мәселен, 1994 жылы Голливуд «Қарға» фильмін түсіргенде, қайғылы жағдайлар үдей түскен. Алдымен бір адам басына жарық беруші құрылғы құлап өлсе, екінші жолы кірпіш қабырға құлап, тағы бір адам көз жұмады. Осы жайында мақала жазбақ болған журналист кинотүсіру

алаңынан үйіне келе жатып, көлік апатына ұшырап, ақыры мүгедек болып қалған.

Мына бір оқиға да назар аударуға тұрады. Осыдан бір жыл бұрын Қызылорда облысы «Қызылорда электр тарату желісі» АҚ-тың Жаңақорған ауданындағы филиалының жұмысшысы Т.Шөкенов Кейден ауылындағы істен шығып қалған бағана сымында өлген күйі ілініп тұрған қарғаны түсірмек болғанда, тападай тал түсте жерге құлап кетіп, алған жарақатынан ауруханада көз жұмған. Бұл жазатайым болған оқиға десек те, айдың-күннің аманында атпалдай азаматтың басын жұтқан өлген қарғаның өзінде бір тылсым сыр жатпасына кім кепіл?!.

Орыстың кемпір-шалдары қарғаның адамның туылуы мен өлуін, қайғы мен қуанышты, немесе орын алатын үлкен өзгерісті қарқылымен айта алатынына сенеді. Орыстың «қара қарға» деген халық әні де бар. Ертең болатын соғыс кезінде қарғалар адамдар мен аттардың өлетінін алдын ала біліп, төбелерінде айналып ұшады екен. Ертеңгі тағдырын ойлаған жауынгерлер қаптап ұшқан қара қарғаны ажалдың суық хабаршысындай сезінетіні анық. Сондықтан да қарғаға «ажал құсы» деген жаман ат жамалған шығар?

1982 жылы Леонид Ильич Брежневті жерлер кезде Қызыл Аланды қалың қара қарға үйірі басып қалып, генсекпен қарқылдап қоштасқанын жұрт жаман ырымға жорыған. Брежнев өлген соң-ақ «мәңгі жасайтын» КСРО-ның басынан бақ тайып, құрдымға кеткені біз айтпасақ та белгілі.

Іштеріңіздегі біреу-міреу күндердің күнінде терезесінің түбінде қарақшыдай қалқып отырған қара қарғаны көріп: «Тағы да қарқылдады ма? Қандай жағымсыз дауыс...» дер. Ал, мүмкін, осы «сүйкімсіз» құс сіз көрмейтін, сіз сезе алмайтын бір нәрсені айтқысы келетін шығар?

Қарғаның қарқылына да бірауық құлақ түріп көріңіз...

**Төреғали Тәшенов,  
«Айқын» апта газеті,  
№ 224(1161) 27.11.2008**

### **Киікті неге киелі дейді?**

Киікті қазақ киелі жануар деп есептейді. Ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар, Киіктің қаншалықты киелі екендігін кім білсін, бірақ өте ақылды және қандай табиғи ортада болмасын, тез бейімделіп кететін жануар екендігі анық. Ақбөкендердің басына қаншама зобалаң заман туғанмен, миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап қала алады Осының өзі ақбөкендердің өмірге өте бейімділігін, өсімталдығын аңғартады. Егер ақбөкендердің басқа тұз тағыларынан ерекшеліктері болмаса, ежелгі мамонттармен бірге құрып кетер еді.

Ақбөкендердің табындары жүздеген, мыңдаған бастан тұрады. Әдетте табынды текелері емес, ұрғашы киік бастап жүреді. Текелері күйек науқаны біткеннен кейін табынға көп қосыла бермейді, әсіресе киіктер төлдейтін кезде олар жеке жиналып, бөлек табынмен жүреді. Ақбөкендер күйекке түсер

алдында, қазан, қараша айларына қарай қоң жинап, жұмырланады. Бұл кезде текелердің кеңсірігі дөңестеніп, әукесі салбырап, сақалы төмен түседі. Ұрықтандыруға көп уақыт жұмсалмайды, әрбір теке бір-екі күннің ішінде 40-50 киікке дейін шабады. Соңғы кездерде ақбөкенді мүйізін алу үшін браконьерлер көп қырып жіберді де, текелердің саны күрт азайды. Ұрғашы киіктердің саны текелерден бірнеше есе басым болғандықтан, күйек кезінде кейбір шамасына қарамайтын, тәжірибесіз жас текелер әлсіреп, зорығып өледі немесе түлкі, қарсақ сияқты кішігірім жыртқыштарға жем болады. Күйек біткеннен кейін, ауа райы қатты суытып кетпей, жайылымға қолайлы болып тұрса, қаңтардың аяғы, ақпанның басына қарай қайта қоң жинап, әлденіп алады.

Ұрғашы киіктер текелерге қарағанда майды көп жинай алмайды. Күйек кезінде орташа ғана семіреді де, төлдер алдында 4,5 келідей іш май жинайды. Бірақ лақтарын емізген кезде тез арықтайды. Киіктер мамыр айының 10-15 аралығында жаппай төлдей бастайды, осы кезде ауа райы бұзылып, міндетті түрде жауын-шашын болады. Қазақтар оны «құралайдың салқыны» деп атаған. Киік әдетте төлді егізден әкеледі. Алдын ала шыбын-шіркей болмайтын, үнемі жел есіп тұратын беткейді таңдап алып, лақтарын түрегеп тұрып туады. Құралайдың енесі басқа жануарлар сияқты лағының шаранасын жалап аршымайды, шарана жауынның суымен шайылып кетеді немесе жел қағып, кеуіп барып түседі. Жаңа туған лақтар жарты сағаттан кейін енесін еміп, екі-үш сағаттан соң аяқтанып кетеді, ал туғанына екі күн болған құралайды машинамен қуып жете алмайсыз.

Енесі алғашқы сағаттарда лақтарын емізген соң, біршама қашықтыққа ұзап, алыстан бақылап жүреді. Егер жыртқыштар пайда болып, қауіп төне қалса, лақтарының маңынан аулаққа қашып, ол жерден алып кетуге тырысады. Табиғаттың барлық заңдылықтарын іште жатып үйренген құралайлар енесі қасында жоқ кезде ешқандай тіршілік нышаныш сездірмей, жыбырламай жатады. Лақтардың қоңыр бұйра терісі топырақтың түсімен бірдей болып көрінеді, екі-үш метр жерден қарасаңыз, жатқан бір төмпешіктер екен деп қаласыз. Мыңдаған жылдар бойы дала жыртқыштарынан, адамдардан қашып жүріп, жан сақтауға әбден бейімделген киіктердің тағы бір ерекшелігі - ешқашан жетім қалған лақтарын далаға тастамайды. Далада келе жатқан кез келген киік жолынан маңырап шыққан құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, өзімен ертіп кетеді. Киіктің лағы екі-үш күннің ішінде отығып кетеді. Алғашында ол көзіне түскен шөпті қармайды, бір аптадан соң ғана шөптің дәмін алып, таңдап жеуге көшеді. Жас туған киіктер лақтарын он-он бес күндей суат басына апармайды, оларды алысқа тастап, тек өздері ғана келеді. Бұл уақытта құралай тек енесінің сүтін ішеді, бір-бір жарым аптадан соң табынмен суатқа келіп, алғаш судың дәмін татады.

Көктем шыға, солтүстікке қарай жылжитын қалың табын жылдың бұл мезгілінде суаттарды көп іздей бермейді. Олар жаңа өнген шөптің нәрімен, таңғы түскен шықпен сусындайды. Жауынды күндері апталап су ішпей жүре береді. Киіктер Аралдың, Балқаштың тұзды суларын іше береді. Қыстың қарсыз күндері мұз жалап, шөлін кандырады. Әдетте табынды суат басына ұрғашы

киік бастап келеді. Алдымен жан-жағына оқырана қарап, біраз уақыт айналаны бақылайды. Қалғандары «команда» болмай суға беттемейді, алдымен бастап келген киік су ішеді, содан кейін қалғандары азан-қазан маңырап келіп, суға бас қояды. Текелері суатқа ең соңынан келеді. Ақбөкен 1 минутта суды 12 рет жұтады екен және суды ұзақ сораптап ішпейді, 1,5-3 минуттың ішінде шөлін қандырады да, келген даласына қайта зымырайды.

Бетпақдаладағы ақбөкендер өсімдіктің 81 түрімен қоректенеді. Олар әр түрлі шөптерді жылдың мезгіліне қарай таңдап жейді. Көктемгі айларда киіктер ақселеу мен құрақты қорек етеді. Жаз айларындағы аптаптарда жапырақты шөптер құрап кетеді де, жануарлар жусан, қырықбуын шиді оттайды. Қыс кездерінде киіктер қарын жел үрлеп кеткен жоталардың жонынан азық тауып жейді. Ауыл маңайындағы маялап үйілген құрғақ шөпті олар жей алмайды, өйткені танаулары кедергі жасайды. Киіктер шөпті жерден жұлып жеуге ғана дағдыланған, сондықтан елді мекендерге жақындап баратын болса, тек қар астындағы күздік бидайды тебіндеп азықтану үшін барады.

Зоолог мамандардың айтуынша, киіктердің басқа жануарларға ұқсамайтын тағы да бір ерекше қасиеті бар екен. Ұрғашы киіктер дүниеге әкелетін лақтарының еркек немесе ұрғашы болып тууын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында текелері азайып, ұрықтандырып үлгермей жатса, сол жылы табында кілең еркек лақтар қоздайды. Киіктер осылайша өз өсімін өздері бақылап отырады екен. Ақбөкендердің табыны жыл сайын лақтармен толықтырылып отырады. Осы кезде туған шібіштер (ұрғашы лақ) алты айдан кейін күйлеп, теке шыға береді. Енді алты айдан кейін бұл шібіштер табынға қос-қостан лақ әкеледі. Ал еркек лақтардың жөні басқа, олар жетіліп, текелік жасау үшін 19 ай уақыт керек, өзімен бірге туған шібіштер бір рет лақтағаннан кейін, келесі жылдың күйегіне ғана араласады.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ақбөкендердің қаңқаларына қарағанда, бұлар ертеректе Ұлыбритания аралынан бастап Аляскаға дейінгі кеңістікте өмір сүрген. Қазақстан аумағында Павлодар облысындағы Ямышево мен Подпуск ауылдарында, Семей қаласының түбінен, Нұра өзенінің бойынан, Жамбыл облысындағы Қараұңгір мен Үшбас үңгірлерінен ежелгі және орта антропогеннен қалған киіктердің сүйектері табылған. Тамғалы жартасындағы киіктің суреттері біздің эрамызға дейінгі VII-V ғасырларда қашалып салынған екен. XIV-XVI ғасырлардан бері ауыздан-ауызға тарап келе жатқан халық эпостарында қазақ жеріндегі сансыз көп ақбөкендер туралы айтылады. Көптеген елді мекендердің «Киік» деп аталуы да бекер болмаса керек. Осындай фактілерге сүйенсек, ертеректе Еуропа мен Азия құрлығын тұтастай мекендеген киіктер қазір тек қазақ даласында ғана қалыпты.

Қазіргі сақталған киіктердің үш тобы бар. Олардың ең ірісі және сан жағынан басымы - Бетпақдала-Арыс тобы. Бұл ақбөкендердің мекені - Қарағанды, Ақтөбе, Торғай, Қызылорда, Жамбыл облыстарының елсіз жазықтары. Киіктердің селдіреген табындарын қалмақ даласынан көруге болады. Жайылым жердің аздығынан олардың басы көбейе қойған жоқ. Аздаған ақбөкен моңғол жерін мекендейді. Қазір олардың тұқымы құрып бітті

деуге болады. 1978 жылғы Соколовтың жазғандарына қарағанда, сол кезде Шаргиин-Гоби мен Хойсыл-Гоби шөлдерінде 300 ғана бас киік қалған екен. Қалмақтың да, моңғолдың да киіктері Бетпақдаланың ақбөкендерінен аласа, кішірек болып келеді және бұл топтар өзара араласқа түскен емес.

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында Қырым, Таврия, Кавказ өңіріндегі киіктердің өрісі тарылып, жойыла бастаған. «Қазақстанда 20-жылдардың басында ақбөкендердің саны күрт түсіп кетті. 1917-18-жылғы қыстың жұты тұз тағысының жүздеген мың басын шығынға ұшыратты. Сол кездегі жергілікті үкіметтің шешімімен, 1919 жылдан бастап Сарыарқада киік аулауға қатаң тыйым салынды. Бірақ одан көп өзгеріс бола қоймады, 1927-28-жылы болған жұттан кейін ақбөкендерге жер бетінен мүлде жойылып кету қаупі төнді», - деп жазады 1955 жылы зоолог Слудский.

1930-32-жылдардағы жүргізілген ұжымдастыру науқаны, даладағы киіктердің жауы ит-құс, шыбын-шіркей, соналардың азаюы ақбөкендердің өсуіне өте қолайлы жағдай туғызды. Далаларда жайылған халықтың малын ұжымдарға жинап, халық отырықшылық өмірге бейімделген тұста ақбөкендердің өрісі кеңіп, санын көбейтуге мүмкіндік алды. Сол жылдары ауа райы да жылынып, қысы жұмсақ болды. Табындары көбейген ақбөкендер 1941-45-жылғы Ұлы Отан соғысы кезінде еркін өмір сүрді. Бұл Қазақстандағы ақбөкендердің ең көбейген кезі болды. Содан бергі уақытта дала еркесі - ақбөкен адамдардың жауыздығынан бірнеше рет жаппай қырғынға ұшырады. Сарыарқада қазіргі жүрген ақбөкендер саны - 47-48 мың ғана. Ал осыдан жиырма жыл бұрын түзде жосыған киіктердің саны 1 миллион 400 мың болған екен.

**Қайыржан Төрежанов,  
«Айқын» апта газеті, № 93 (1161) 25.05.2006.**



## VIII тарау Уақыт көші

Уақыт көші сағат, күн, апта, ай, жылдан тұрады. Бұл - өмір өлшемі. Оның таңғажайып сырға толылығы сол, әрбір мезгіл, кезеңінің өз атауы, ерекшелігі, адамға, жануалар әлеміне, қоршаған ортаға өз әсері бар. Ол Жердің жаратылыс табиғатына, Айдың, Күннің, Жұлдыздардың ықпалына тығыз байланысты. Уақыт көші – бір орында тұрмайтын, қайтып оралмайтын табиғаттың таңғажайып құбылысы. Ол жөнінде ғалымдардың зерттеуі, жұлдызнамашылардың болжамдары, данагөйлердің айтқан маржан ойлары көп. Уақыт көші арнайы күнтізбелермен белгіленеді.

Қазақтар уақытты қалай анықтаған?

### Таңғажайып «Тоғыс есебі»

Жердегі уақытты өлшеудің кілті аспанда. Ай, Күн, Жұлдыздар болмаса, Жердегі жыл мөлшерін анықтау мүмкін болмас еді. Ғалымдардың пайымдауынша, Жерді 400 мың шақырым қашықтықта Айдың айналып жүруіне байланысты – Ай күнтізбесі пайда болды. Ислам әлемі қолданатын бұл уақыт жүйесінде 354-355 күннің бар екені мәлім. Ал енді 149 миллион шақырым қашықтықтағы Күнді Жердің айналып жүруіне байланысты – Күн күнтізбесі пайда болса, онда 365-366 күн бар. Ай мен Күнге негізделген күнтізбелерден басқа да уақытты жұлдыздар бойынша есептеу болған. Оны біздің ата-бабаларымыз бен ежелгі үнділер қолданған-ды. Қазақтар бұл уақыт есебін – Тоғыс есебі деп атайды. Ол - әлемнің бірде-бір елінде кездеспейтін өте күрделі уақыт жүйесі. Мұнда жыл өлшемі – Күн қозғалысы бойынша, айлар есебі – Ай мен Үркер жұлдыз шоғырының әрбір 27-28 күнде бір «тоғысып» отыруы бойынша анықталады. Тоғыс есебінің Қазақ жерінің табиғатымен керемет қабысатыны ғылыми тұрғыда дәлелденген ақиқат.

### Тоғысқа Үркердің таңдап алынуы

Ата-бабаларымыздың Тоғыс есебіне Үркер шоқ жұлдызын таңдап алуының себептері:

1. Үркер жұлдыз шоғыры түнгі аспанда шоқтай жанып, көзге айқын көрініп тұрады.
2. 14 мамыр мен 21 маусым аралығынан басқа уақыттарда Үркер жұлдыз шоғыры (Торпақ шоқжұлдызының құрамында) түнгі аспанда көрініп тұрады.
3. Ай батыстан туып, шығысқа қарай қозғалғанында Үркер шығыстан туып, батысқа қарай қозғалады. «Осынау бір-біріне қарсы қозғалған екі аспан

денесінің кездескен уақыты, яғни, «тоғысқан» мезгілі – уақытты дәл белгілеу үшін таптырмас белгі», - дейді ғарышты, уақыт көшіп зерттеушілер. Қазіргі ғылымда бұл уақыт мөлшері – Жұлдыздық (сидерлік) ай есебі. 27 күн, 7 сағат 43 минут – оның жуық мөлшері.

Бұрындары бабаларымыз дәл есептейтін сағаттың жоқтығынан, Жұлдыздық ай мөлшерін 28 күн етіп, сағат, минутсыз бөлшектемей, бүтіндей белгілеген. Өздеріңізге белгілі, бір жыл ішінде Ай мен Үркер 13 рет қана «тоғыса» алады. Мұны 28 күнге көбейтсек, Тоғыс есебінде 364 күн болады. Ертеде өркениетті деген елдердің өзі жыл есебін 360 күн деп белгілеген. Ал біздің ата-бабаларымыз болса, оны 364 күн деп дәл есептеп көрсеткен. Осыдан-ақ қазақтардың астрономиялық білімінің ерте заманда-ақ басқа халықтарға қарағанда өте жоғары болғанын аңғаруға болады.

### **Тоғысудың 3 күні**

Ай мен Үркердің тоғысуы 3 күнге бөлінеді:

1. «Ауыл – үй қонды». Бұл – Ай мен Үркердің бір-бірімен жақын келген күні.

2. «Тоғандасты». Бұл – Үркердің Ай орағының немесе табағының тасасында көрінбей қалуы.

3. «Өріп шықты». Бұл – Айдың Үркерді басып өткен үшінші күні.

Бұл тоғыстың атауы – «Бес тоғыс». Осы тоғыстан соң қазақ даласында жер көктеп, ағаштар бүршік жара бастайды. Осыған дейінгі тоғыстың атауы «Жеті тоғыс» немесе «Жаңа тоғыс». Негізінен, «Жаңа тоғыс» көктемнің келгенін, басталғанын білдіреді.

### **Ұмыт қалған уақыт жүйелері**

Халқымызда Тоғыс есебінен басқа да уақыт жүйелері болған. Солардың кейбірі мынандай:

1. «Тоғыз шілде»:  $40 \text{ күн} \times 9 \text{ шілде} = 360 \text{ күн}$ .

2. «Төрт тоқсан»:  $90 \text{ күн} \times 4 \text{ маусым} = 360 \text{ күн}$ .

3. «Азаматтық ай»:  $30 \text{ күн} \times 12 \text{ ай} = 360 \text{ күн}$ .

Қазіргі біздің күнтізбеміздегі қазақша ай атаулары - «Азаматтық ай» есімдері.

### **Киіз үйдегі күнтізбе**

1. Киіз үйдің 1 қанат керегесі – 12 қанатты киіз үйде жылдың бір айын, 6 қанатты киіз үйде жылдың екі айын білдіреді. Яғни, киіз үйдің жарты шеңбері 6 ай жазды, екінші жарты шеңбері 6 ай қысты бейнелеп тұр.

2. 12 айды керегенің 30 тор көзіне көбейтсек (оны 30 күн санап), 360 күн шығады. Жыл санына жетпейтін 5 немесе 6 «қонақ» күндер – киіз үйдің есігіне тиесілі. Өйткені қонақтар киіз үйдің есігінен кіреді ғой.

3. Шеңбер түріндегі шаңырақтың қақ ортасы қосу белгісі (+) тәрізді бір-бірімен айқасып тұр. Ол төрткүл дүниені 4 бөлікке теңдей бөлген көне түркі ұғымын білдіреді. Түнде шаңырақтың түндігін ашсаң, Темірқазықты айналып қозғалған жұлдыздар көрінеді. Сол арқылы түнгі уақытты анықтауға болады. Күндіз шаңырақтан ішке икс (x) белгісі тәрізді түскен көлеңкесі бойынша күндізгі уақытты ажырата аласың. Яғни, шаңырақ күн сағаты тәрізді.

4. Алты қанат керегеге әрқайсысы он-оннан барлығы 60 уық байланады. Қай жағынан алып қарағанда да 60 саны 6 ай жаз немесе 6 ай қысқа, 1 сағаттың ішіндегі 60 минутке, 360 күндік жылға, немесе 360 градустық шеңберге өте ыңғайлы, ол қалдықсыз бөлінеді.

5. Астыңғы ұшы керегеге байланатын, жоғарғы ұшы шаңырақтың арнайы тесіктеріне шаншылатын уықтардың әрқайсының арасы күнтізбелік көзбен қарағанда 6 күнге, астрономиялық шеңберлік көзбен қарағанда тең болып шығады: 60 уық x 6 күн немесе градус = 360 күн немесе осыншама градус.

6. Киіз үйдің сыртқы пошымы – жарты шарға ұқсас. Жер шарының қай нүктесінде де адамдардың тас төбесінен тұтас шар емес, соның тең жартысы болып саналатын жарты шар төніп тұрады, дейді зерттеушілер. Қазақтардың ежелден-ақ соны біліп, оны киіз үй пішімінде бейнелеуі өте таң қаларлық іс.

7. Киіз үйде үш аяқты мосы дәл ортада тұрады. Бұл жарты шар болып көрінетін жерге сәулесін шашып, жылуын беріп тұрған жарық Күнді, шаңырақтан төмен салбырап тұрған Айды бейнелеп тұр.

### **Түркілердің «Мүшел есебі»**

Мүшел – 12 жылдық айналым. Жыл басы қазақша көктемде күн мен түннің теңелуінен (22 наурыз) бастап есептеледі. Халықтық осынау жыл санау есебінде 12 жыл аты бар. Олардың бәрі де жан-жануарлардың атауы. Айналым Тышқан жылынан басталып, доңызбен аяқталады да қайта жалғасады. Жыл санау мен жыл қайырудың алғашқы деректері VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасыр ғұламасы Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі.

Он екі жыл бір айналғанда мүшел болады. Алайда адамның алғашқы мүшелі – 13 жас. Содан бастап оған он екі жылды қосып отыру арқылы кейінгі мүшелдерін анықтап отырады. Яғни, бір мүшел 13, екі мүшел 25, үш мүшел 37, төрт мүшел 49, бес мүшел 61, алты мүшел 73, жеті мүшел 85 жас. Әркім өзінің қай жылы туғанын білгісі келсе, туған жылын он екіге бөлуі қажет. Қалдықсыз бөлінсе, ол мешін жылы болғаны, қалдық біреу болса – тауық, екеу болса – ит, үшеу болса- доңыз, төртеу болса – тышқан жылы болады. Мұнан кейін қалдықтардың санына байланысты сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой жылы келеді.

Мүшел есебі қазақтарда ғана емес, Жапониядан Болгарияға, Сібірден Бирмаға дейін тарап, Қытай арқылы әлемге кеңінен танылып отыр. Қазір болжамнамада (гороскопта) да мүшел есебі жан-жақты пайдаланылады. Жалпы, әлемдік ғылымда XX ғасырдың ортасынан асқанша, мүшел есебін кім ойлап тапты деген сұрақ көп ғалымдарды қатты толғандырады. Бұл салада француз лингвисті Жозеф Галеви (1827-1917), неміс ғалымы Герман Хирт (1865-1939), Финляндия ғалымы И.А.Миколла (1866-1946), венгр зерттеушісі Армений Вамберн (1832-1913), орыс ғалымы, түрколог П.М.Мелиоранский (1868-1906) көп зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ресей академигі А.Н.Самойлович 1913 және 1977 жылдары «Түркі тілдес халықтардағы 12 жылдық хайуанаттар айналымы жайындағы мәселеге» деген тақырыпта мақала жазды. Ал орыс профессоры Г.П.Сердюченко тұңғыш рет «Мүшел түркі халықтарынан шыққан» деп кесіп

айтты. 1960 жылы Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері И.В.Захарова осы институт еңбектерінің 8 томында «Орта Азия халықтарының он екі жылдық хайуанаттар мүшелі» деген мақала жазып, онда өз ойын былайша қортындылады: «Он екі жылдық мүшел есебі бұдан 200 жылдай бұрын (б.з.д.1 ғасырда) Орта Азияда пайда болған».

Ғалымдардың пайымдауынша, астрономиялық және математикалық теория тұрғысында 12 жылдық хайуанаттар мүшелі – басқа уақыт айналымдарынан әлдеқайда ұтымды.

#### **«Ұзын сары» - «Бес қонақ»**

Қыстың басы желтоқсанда 31 күн, қаңтарда 31 күн, ақпанда 28 күн, барлығы:  $31+31+28=90$  күн бар. Төрт маусымдағы күн саны:  $90 \times 4 = 360$ . Бір жылда – 365 күн.  $365-360 = 5$  күн артық қалады. Ол ақпанның соңынан бастап 18 күн өткенде келеді:  $90+18= 108$ . Бұл күні «Ұзын сары», қазақ есепшілерінің айтуынша, «Бес қонақ» келеді. Ол күндер наурыздың 18, 19, 20, 21, 22 – і. Осы бес күнде аса абай болып, мал соймайды, көшпейді, маңызды шаруаларды атқармайды. Тәулік күн ұясына кіргенде ауысады да наурыздың 23-і күні «бес қонақ» шығып кетеді. «Ұзын сары» күннің ұзарғанын да білдіреді.

#### **Мезгіл өлшемдері, атауы, сипаты**

##### **Аймен өлшенетін уақыт**

Ай – уақыт өлшемі, бөлігі. Ол үш түрге ажыратылады:

1. Синодтық Ай. Ол – Айдың бірдей екі фазасы аралығындағы шамамен 23, 53 күн тәулігіне тең уақыт;

2. Сидерлік (жұлдыздық) Ай. Ол – Айдың жұлдызға қатысты Жерді толық бір рет айналып шығатын, шамамен 29, 53 күн тәулігіне тең уақыт;

3. Айдаһар айы. Ол – орбитаның белгілі бір нүктесінен үзіліссіз екі рет өткен 27, 21 күн тәулігіне тең уақыт.

Мұның үшеуі де тұрмысқа қолдануға қолайсыз. Өйткені олар бөлшек сандармен өрнектелген. Сол себепті жыл қазіргі күнтізбеде 28, 29, 30, 31 күн тәулігімен бітетін 12 Айға бөлінген.

#### **«Ай көрдім, аман көрдім»...**

Халқымызда жылдың әр айы аяқталып, жаңа ай туғанында: «Ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа» деп өткен айдан аман шыққанына тәубе қылатын, жаңа айдан үміт күтетін ырым қалыптасқан.

Айдың алғашқы жеті тәулігін «бір жаңасы – жеті жаңасы» деп санамалап, сегізінші тәулігінен бастап алғашқы ширегі дейді. Ол жеті – тоғыз тәуліктік уақыт. Мұнан кейін толған Ай толық көрінеді, бұлтсыз түндер сүттей аппақ жарық болады. Бір жетіден соң ай кеми бастайды, бұл айдың соңғы ширегі. Айдың кеми туатын осы шағы – «Айдың қорғалуы». Айдың өліарасы – ескі айдың бітіп, жаңа айдың әлі көріне қоймаған кезі. Жаңа туған Ай шалқасынан жатса, қазақтар: «Өзіне жайлы, халыққа жайсыз», тіке тұрса «халыққа жайлы, өзіне жайсыз» деп ырымдаған.

Айдың үш жаңасында Ай толығырақ, өңі ақ, екі ұшы доғалдау, тік көрінсе сол айда жауын-шашын, жел-борасын аз болады деген халық болжамы бар.

Егерде Айдың екі ұшы үшкілдеу, сүйір, өзі ашық, шалқақ туса, онда сол айда жауын-шашын, жел-борасын болады.

### **Жылмен өлшенетін уақыт**

Жердің Күнді бір айналып шығатын уақыт аралығы – Жыл деп аталады. Астрономияда мынандай Жыл есептері қабылданған:

1. Жұлдыздық жыл. Ол – Күннің зодиақтағы бір белгілі жұлдыздың тұсынан өтіп, осы жұлдыздың тұсына қайта келгенше кететін уақыт аралығы, 365, 2564 орташа күн тәулігіне тең.

2. Тропиктік жыл. Ол – Күн центрінің күн мен түннің жазғытұрғы теңелу нүктесінен өтіп, сол нүктеге екінші рет келгеніне дейін өтетін уақыт аралығы (365, 2422 тәулік).

3. Аномалистикалық жыл. Ол – Күн центрінің оның көрінерлік геоцентрлік орбитасының перигейі арқылы өтіп, соған қайта оралғанша кететін уақыт аралығы (365, 2596 тәулік).

4. Күнтізбелік жыл. Ол 365 тәуліктен тұратын – жай жылдар мен 366 тәуліктен тұратын кібісе жылдардан құралады. Күнтізбе осы жылдарға негізделген. Себебі күнделікті өмірде бөлшек 0, 2422 күнді пайдалану қолайсыз, сондықтан оны жуық түрде 0,25 күн деп есептейді. Төрт жылда 0,25 күннен бүтін (1) күн құралады. Соған сәйкес әрбір тетелес келетін 4 жылдың алдыңғы үшеуі 365 күннен, төртіншісі 364 күннен есептеледі.

6. Ай жылы. Оның ұзақтығы 12 Айдың 12 синодтық айналымына тең (орташа ұзақтығы 354, 367 тәулік).

Астрономияда жыл мезгілінің ұзақтығы бірдей емес. Көктем 92,8 күн, жаз 93,6 күн, күз 89,8 күн, қыс 89 күн (кібісе жылдары 90).

21 наурыз – күн мен түннің Солтүстік жарты шарда жазғытұрғы теңелу күні (Ол Оңтүстік жарты шарда күзгі теңелу күні), 23 қыркүйек – күн мен түннің Солтүстік жарты шарда күзгі (Оңт. Жарты шарда- жазғытұрғы) теңелу күні, Солтүстік жарты шар үшін 22 маусым – жазғы тоқырау күні, 22 желтоқсан – қысқы тоқырау күні.

### **Күнтізбелер тарихынан**

Күнтізбе, календарь (лат. *calendarium* – қарыз кітабы) – ұзақ уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысының ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі, анықтамалық басылым (ҚҰЭ, 5 том, 132 бет, 2003 ж.) Ежелгі Римде әрбір айдың бірі күні календы деп аталыпты. Сол күні қарыз алғандар несиесіне төлем төлеп отырыпты. Соған сәйкес календылары көрсетілген «Қарыз кітабы» болған көрінеді.

Әр дәуірде әр халықтың күнтізбелері әрқилы болған. Қазақ даласындағы халықтар жыл есебін құстардың көктемде келіп, күзде қайтуы бойынша жүргізіп, уақыт көшін анықтаған. Жыл құстары атауының осы ертедегі күнтізбелер негізінде шыққаны анық. Аспан құбылыстарына негізделген күнтізбе ең алғаш рет Ежелгі Шығыс елдерінде шықты. Аспан денелерінің қозғалысына негізделген күнтізбелер 3 топқа бөлінеді олар: 1. Күн күнтізбелері. 2. Ай күнтізбелері. 3. Аралас күнтізбелер.

Күн күнтізбесінің шыққан Отаны – Ежелгі Мысыр. Мысырлықтар жыл ұзақтығын дәл 365 тәулікке тең деп ойлап, оны әр қайсысы 30 күндік 12 айға бөлді, артық қалған 5 күнді еш бір айға қоспай, құдайға құлшылық ететін күндерге жатқызды. Бұл күнтізбеде 5 сағат 48 минут 46 секунд, жуықтап алғанда 6 сағат, яғни, 0,24 күн есепке алынбай қалғандықтан, мысыр жылының ұзақтығы тропиктік жылдан кем болды. Мұнан кейін Мысырда Эверит күнтізбесі пайда болып, б.з.б. 45 жыл бұрын Рим императоры Юлий Цезарь астроном Созигеннің жобасы бойынша ескі рим күнтізбесін өзгертті, жаңа күнтізбені жариялады. Ол Юлий күнтізбесі деп аталды. Рим папасы Григорий XIII 1582 жылы теңелу күнің әрдәйім 21 наурызға келетін етіп тұрақтандыру үшін уақыт есебін 10 күнге ілгері жылжытып, 5 қазанды 15 қазан деп есептеуге және әрбір 400 жылда 3 кібісе жылды жай жыл есебіне алуға жарлық шығарды. Осы күні көп елде Григорий күнтізбесі қолданылады. Ол Ресейде Қазан төңкерісінен кейін ғана пайдаланыла бастады.

Алғашқы Ай күнтізбесі ежелгі Вавилонда шығып, онда әрбір 8 жылдың бесеуінің ұзақтығы 354 күннен, ал қалған үшеуінікі 384 күннен есептелді де жылдың орташа ұзақтығы  $(354 \times 5 + 384 \times 3) : 8 = 365,25$  күнге тең болды.

Араб күнтізбесі Ай қозғалысына негізделіп жасалынған. Ерте кезде әрбір 24 жылдың 15-і 12 айдан, 9-ы 13 айдан есептелді. 13-ай «Нәси» деп аталды. Біздің Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) 631 жылы нәсиді есептен шығарып тастап, содан бері араб жылы да он екі айдан құралатын болды.

### **Һижра есебі**

Бұл һижра есебіне дейін арабтар 24 жылдық циклден құралған Ай – Күн күнтізбелерін пайдаланып келді. Мұнда 12 айлық 15 жыл, 13 айлық 9 жыл бар еді. Осы күнтізбелерде жылдар – Күндік жылдық мөлшерімен, айлар – туар айдың мөлшерімен тең болған-ды. Һижра есебі – тек Аймен ғана тікелей байланысты уақыт есебі. Ол бойынша жыл басы – жаңа туған Аймен басталады. Һижра есебі – 30 жылдық циклден құралған. Оның 19 жылы 354 күндік – жай жыл, 11 жылы 355 күндік – кібісе (кәбиса) жыл. 30 жылдық циклде барлығы – 10631 тәулік бар.

Мұсылманша ай атаулары

1. Мухарам – 30 күн.
2. Сафар – 29 күн.
3. Рабиғ әл-әу уәл – 30 күн.
4. Рабиғ әс-сани – 29 күн.
5. Жумада әл-улә - 30 күн.
6. Жумада әл-ахира – 29 күн.
7. Ражәб – 30 күн.
8. Шағбан – 29 күн.
9. Рамадан – 30 күн.
10. Шәууәл – 29 күн.
11. Зу – л – қағда – 30 күн.
12. Зу – л – хижжа – 29 (30) күн.

### **Жұлдыз – айлар**

Хамал – Наурыз (март).  
Сәуір – Көкек (апрель).  
Зауза – Мамыр (май).  
Саратан – Маусым (июнь).  
Әсет – Шілде (июль).  
Сүмбіле – Тамыз (август).  
Мизан – Қыркүйек (сентябрь).  
Ақырап – Қазан (октябрь).  
Қауыс – Қараша (ноябрь).  
Жәди – Желтоқсан (декабрь).  
Қаңтар – Дәлу (январь).  
Хұт – ақпан (февраль).

#### **Аптадағы күндер**

Бақтал – сенбі (суббота).  
Баттал – жексенбі (воскресенье).  
Сақтал – дүйсенбі (понедельник).  
Қақтал – сейсенбі (вторник).  
Аттал – сәрсенбі (среда).  
Ғаттал – бейсенбі (четверг).  
Мереке – жұма (пятница).

#### **Он екі жылдық күнтізбе**

Сумақы – тышқан (крыса (мышь)).  
Маңғаз – сиыр (Бык, вол).  
Айбар – барыс (тигр).  
Секем – қоян (заяц (кролик)).  
Сумаң – жылан (змея).  
Тұлпар – жылқы (лошадь).  
Иіртеқ – ұлу (дракон).  
Шопан – қой (овца (баран)).  
Мешін – мешін (обезьяна).  
Айтақ – ит (собака).  
Шақырауық – тауық (курица (петух)).  
Қорысқы – доңыз (свинья (кабан)).

#### **Күн жолындағы шоқжұлдыздар**

Тоқты – Қозы – Овен (21 наурыз – 20 сәуір).  
Торпақ – Үді – Телец (21 сәуір – 20 мамыр).  
Егіздер – Ерентүз – Близнецы (21 мамыр – 21 маусым).  
Шаян – Қушық – Рак (22 маусым – 22 шілде).  
Арыстан – Арыстан – Лев (23 шілде – 23 тамыз).  
Бикеш – Бидай басы – Дева (24 тамыз – 23 қыркүйек).  
Таразы – Өлкі – Весы (24 қыркүйек – 23 қазан).  
Сарышаян – Бүйі – Скорпион (24 қазан – 22 қараша).  
Мерген – Сүрмерген – Стрелец (23 қараша – 21 желтоқсан).  
Ешкімүйіз – Ұғылақ – Козерог (22 желтоқсан – 20 қаңтар).

Суқұйғыш – Көкек – Водолей (21 қаңтар – 20 ақпан).

Балықтар – Балық - Рыбы (21 ақпан – 20 наурыз).

Ешкімүйізді Тауешкі деп те атайды.

### **Жыл мезгілдері**

1. Жазғытұры – наурыз, көкек, мамыр.

2. Жаз – маусым, шілде, тамыз.

3. Күз – қыркүйек, қазан, қараша.

4. Қыс – желтоқсан, қаңтар, ақпан.

### **Тәулік мезгілдері**

I. Күн шығар алдындағы мезгіл – таң, таңертең.

1. Алагеуім, алагөбе, алаң-ғұлан, алаң – елең-таңертеңгі мезгілде айналаның әлі жарықтанбай, сәл ғана бозғылт тартқан кезі.

2. Құланиек, құлан сәрі - жаңа-жаңа таң сыз беріп ата бастаған кез.

3. Таң сәрі – жерге жарық түсе бастаған кез.

**II. Күн көкжиектен көтерілген мезгіл – сәске.**

1. Сиыр сәске – күн бойы көтерілген кез.

2. Сәске түс – түске жақындаған кез, сағат 2 шамасы.

3. Ұлы сәске – тал түске жақындаған мезгіл.

**III. Күннің орта мезгілі – түс.**

1. Тал (талма, тапа-тал) түс – күннің қатты ысыған кезі, сағат 1 (он үш) шамасы.

2. Шаңқай түс – көлеңкенің әбден қысқарған кезі, сағат 2 (он төрт) шамасы.

**IV. Күн еңкейген мезгіл – бесін.**

1. Ұлы бесін – бесін намазын оқитын кез, түс ауған шақ.

2. Кіші бесін – ұлы бесін мен намаздыгер арасындағы мезгіл.

3. Құлама бесін – күн еңкейген кез.

4. Екінді – түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы.

5. Намаздыгер – күн еңкейіп, ұясына кіруге таянған кез.

**V. Күн ұясына бата бастаған мезгіл – ақшам, ымырт.**

1. Алагеуім – күн ала көлеңке, ұясына бата бастаған мезгіл.

2. Кеугім, кеуім – қараңғы түсе бастаған кез, ымырт.

3. Намазшам – кешкі намаз оқылатын кез.

4. Кеш – ымырт жабылып, қас қарайған шақ.

**VI. Тәуліктің кештен таңертеңге дейінгі аралығы – түн.**

1. Іңір – күн батып, қас қарайған мезгіл.

2. Қызыл іңір – қас қарайып, түн болған кез.

3. Жарым түн – түннің ортасы.

### **Жылдар сипаты**

Он екі жылдық күнтізбедегі әрбір жылдың өзіндік ерекшеліктері бар. Соған сәйкес көңілге үміттің де, күдіктің де ұялайтын кездері көп. Қазақ жұлдызнамашылары осынау 12 жылға мынандай сипаттама береді:

### **Тышқан жылы**



Қазақтар оны береке, бірлік, тыныштық жылы деп санайды. Тышқан жылының мыңдаған жылдық тарихында ол аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз өтіп, молшылық болған. Қазақша жыл қайырудың басы тышқаннан тарайды. Тышқан жылы Қанжығалы Бөгенбай батыр туып (1684), Төле би қайтыс болған (1756), Қазақ ордасы құрылған (1456). Өзі аттас кішкене жәндіктің атымен аталған.

### **Сиыр жылы**

Тышқан жылынан кейін кіреді. Үй жануарларының атында. Бұл жылда дау-жанжал, қиындықтар, ауыртпалықтар көп болған. «Ауыр жыл» саналады. Ырымға сәйкес сиыр жылы туғандар бұл жылы сиыр бауыздамайды, сиыр жылын қарсы алғанында көп халық дастарханға сиыр етін, одан жасалған тағамдарды қоймайды.

### **Барыс жылы**

Ауыртпалығы да, жақсылығы да аралас. Қазақтар оны жайсыз жылға жатқызбайды. Ұлық Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) барыс жылы туып (570), ұлу жылы қайтыс болған (632).

### **Қоян жылы**

Барыс жылынан кейін кіреді. Дала жануарының есімімен аталған. Бұл жыл қазақ халқының есінде жұт, аштық, ауыртпалық, бейнетпен қалған. 1867-68 жылдары жалпақ қоян жұты, 1879-80 жылдары үлкен қоян жұты, 1891-92 жылдары кіші қоян жұты, 1915-16 жылдары тақыр қоян жұты болып, көп мал қырылды, адамдар өлді. 1962-63 жылдары да ауылдарда көп мал қырылып қалды. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманы 1723 қоян жылында келгені белгілі. Қоян жылы Абылай хан туған (1711 ж).

### **Ұлу жылы**

Оның қандай жәндік екені белгісіз. Ол жөнінде әр түрлі жорамалдар айтылады. Қазақтар ұлуды суда өсетін жәндік санағандықтан, бұл жылы астық, шөп көп шығады деп сенеді. Соған қарамастан, ұлу жылында да көптеген қиындықтар орын алған.

### **Жылан жылы**

Қазақта: «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» деген сөз бар. Ұлы Абай айтқандай, Шыңғыс хан шабуылы 1221 жылан жылы Отырарды алып, 1222, 1223 жылқы жылы мен қой жылдары Азияны жаулады.

1928-29 жылы Қазақстанда кәмпеске, 1941 жылы неміс-фашистерінің шабуылы жылан жылы болып, Абай жылан жылы туып, ұлу жылы қайтыс болды (1845-1904).

### **Жылқы жылы**

Жылан жылынан кейін кіреді. Ел есінде бұл жылы болған ауыртпалықтар, қайғылы оқиғалар сақталмаған. Сол себепті жайсыз жыл деген сенім жоқ. Жылқы жылы туғандар сол жылы жылқыны бауыздамайды. Қаракерей Қабанбай (1690), Жамбыл (1846-1945), С. Сейфуллин, Б. Майлин,

І. Жансүгіров (бәрі де 1894 ж) жылқы жылы туған.

### **Қой жылы**

Қазақтардың түсінігінше қой жылы – жақсы жыл саналады. Бұл жылы халыққа жайлы болып, олар молшылыққа кенелген. 1966-67 қой жылы Қазақстанда миллиард пұттан астам астық алынды.

Мәшһүр Жүсіптің деректері бойынша, Құнанбай қажы қой жылы туған, Шоң би қой жылы қайтыс болған. Қазақстан 1991 қой жылы Тәуелсіз ел атанды, Ахмет Байтұрсынов қой жылы (1873) дүниеге келді.

### **Мешін жылы**

Қой жылынан кейін кіреді. Оның да қандай мақұлық екені белгісіз. Қазір маймылды мешін деп жүр. Қазақтар бұл жылды жайсыз жыл деп санайды. Мешін жылы бүліншілік, сәтсіздік, жағымсыз оқиғалардың көп болуы мүмкін. Содан халық мешін жылынан қорқады. 1920 жыл «Тас мешін» болып, қазақ даласында көп мал қырылды. 1931-32 жылғы алапат аштық та мешін жылы болды, Ақ орда хандығы 1428 мешін жылы құлады, Әз-Тәуке хан таққа мешін жылы (1680) отырды.

### **Тауық жылы**

Халық үшін ол ауыр жылдардың бірі. Тауық жылы қауіп-қатерге толы болған, халық көп қиналған. Әл-Фараби (870-950), Міржақып Дулатов (1855-1935), Мұхтар Әуезов (1897-1961) тауық жылы туған.

### **Ит жылы**

Мешін, тауықтағы ауыртпалық ит жылы жеңілдейді. Соған қарағанда ол жәйсіз емес. 1933 жылы аштық тиылды, 1945 жылы соғыс аяқталды. Қаныш Сәтбаев ит жылы (1899-1964) туған.

### **Доңыз жылы**

Жыл санаудың, жыл қайырудың соңғы жылы. Оны кей жерлерде қара киік деп те атайды. Халық доңыз жылы көп пәле-жәле болады деп ойласа да, бұл жыл халыққа жайлы болған. Қазақ – жоңғар соғысындағы үлкен жеңіс – 1729 доңыз жылы болды.

## **Шоқжұлдыздардың төрт тобы**

Ғарыш, уақыт көшінің құпиясын зерттеушілер, жұлдызнамашылар зодиактың он екі белгісін төрт топқа жіктейді. Олар: От, Жер, Су, Ауа белгісіндегі шоқжұлдыздар.

От белгісіндегі шоқжұлдыздар: Тоқты, Арыстан, Мерген;

Жер белгісіндегі шоқжұлдыздар: Торпақ, Бикеш, Тауешкі;

Ауа белгісіндегі шоқжұлдыздар: Егіздер, Таразылар, Сукұйғыштар;

Су белгісіндегі шоқжұлдыздар: Шаян, Сарышаян, Балықтар.

### **Төрт топтың өзіндік ерекшеліктері:**

Отқа белсенділік, өмірге сеніммен қарау, күш-қуат, жігерлік, ширақтық, билікке қызығушылық, шығармашылық қуат, ашушаңдық, күйгелектік, тұтқиылдылық қасиеттер тән. Өмірлік ұстанымы - өзін-өзі жетілдіру. Тоқты - өзі үшін, Арыстан - өзімен-өзі, Мерген - өзгелер үшін өмір сүреді. Жебеуші ғаламшарлары: Марс, Күн, Юпитер.

Жер тұрақтылық, сылбырлық, келісімділік, қадалушылық, орнықтылық, шыншылдық, қаталдық тәрізді белгілермен ерекшеленеді. Жинақылығы мен

тапқырлығының арқасында асыл арманына жете алады. Жебеуші ғаламшарлары: Шолпан, Прозерпина, Сатурн.

Ауаға белсенді бастамалар, байланыс, қарым-қатынас, жаңаруға талпыныс, өзгеріс, ақпаратты шапшаң игеру қасиеттері тән. Оның өкілдері тың идеяны ауадан ойлап табады. Сукұйғыш – еркіндікті, Таразы – тепе-теңдікті, Егіздер – бауырмалдықты білдіреді. Жебеуші ғаламшарлары: Меркурий, Хирон, Уран.

Судың ерекшеліктері: енжарлаулығына қарамастан алапат күш, иланушылық, әсерленгіштік, шынайы тіршіліктен қол үзбеушілік, романтиалық ішкі өзгеріс, есте сақтағыштық, қабілеттілік, күштілік, алғырлық, зеректік. Олар барлық кедергіні жеңіп, өзгелердің шамасы келмейтін өмірдің түрлі салаларына араласа алады. Бұларға бауырмалдық, қамқорлық, ізеттілік тән. Жебеуші ғаламшарлары: Ай, Плутон, Нептун.

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

### **Наурыз мерекесі туралы маржан ойлар**

#### **Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ:**

Наурыз - қазақша жыл басы. Біздің Жаңа жылымыз - Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынамен Жаңа жыл деп айтуға лайық.

#### **Міржақып ДУЛАТОВ:**

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі.

#### **Мағжан ЖҰМАБАЕВ:**

Қазақтың жаңа жылы - жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады.

Қазақ жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан, қазақтың Наурызы - дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл, адамдармен ұйымдастыратын мейрам ету керек.

#### **Сәкен СЕЙФУЛЛИН:**

- Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар.
- Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жылы олжалы болар.
- Ұлыс күні құтты болсын, төрт түлік сүтті болсын.
- Ұлыс күні кәрі-жас құшақтасып көріскен, Жаңа ағытқан қозыдай жамырасып өріскен.

Шалдар бата беріскен.

#### **Мұхтар ӘУЕЗОВ:**

Қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде тәңірідей құдай тіршілігіне кеңшілік әкелді деп есептеледі. Сондықтан жазғытұрым, наурыздың кірген күні

- жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн.

**Сәбит ДӨНЕНТАЕВ:**

Бұл мейрам - дін мейрамы емес, ұлт мейрамы. Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңыздылығының тереңдігі бар.

Шығынды тыртаңнан аттарыңның басын тарта ұстап, тарихи мейрамды - Наурызды жаңа тұрмысқа лайықты мейрамдап өткізудің жолына түсіңдер. Жаңа жылға тілек, игі үмітпен шығуымыз керек.

**Ақселеу СЕИДІМБЕК:**

Еуразияның шығысында Сары өзеннен (Хун-хэ) бастап, батысында Жерорта теңізіне дейінгі біраз елдерде Ұлыс тойын (Наурыз тойы) тойлау дәстүрі бар.

Той тойлау барысында шығар күнге ақ шашу, отқа май құю, ескі киімдерді тастау, тозған заттарды сындыру, арнайы тағам әзірлеу, су шашысу, жақсы тілектер айтысу, әлеуметтік топтарды бір-бірімен тең санау тағы да басқа сол сияқты ырым-жоралар жасалады.

### **Күн санау**

Шығыстық ғылым мен дәстүрді негізге алған қазақ халқы да уақыт, мерзім өлшемдерін жеке-жеке бөліп қарап, оны Ай санау, Күн санау және Жыл санау деп атаған. Қазақтар кейде бір-бірінен «бүгін айдың нешінші жұлдызы?»,- деп сұрап және оған тиісті жауап алып жатады. Демек, халқымыз бір кезде уақытты Күннің, Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай белгілегенін, қажетті жағдайда оған табынғаны да анық. Олай болса, қазақ халқының да астрологиялық есептер мен ғылымға сәйкес қағидалары мен сенімдері болғаны енді ғана анықталып, айтылып келеді.

Соның ішінде аптаның әр күнінің және оның қасиеттері туралы анықтама жасап оны «күн санау» деп атаған. Күн санау ертеден келе жатқан халықтық жүйелік есеп қағидасы. Мұнда Шығыс елдері мен ислам ғылымына, бірнеше ғасырлық халық тәжірибелеріне сүйене отырып қазақ халқының білімпаздары мен жұлдызшылары, емшілері мен көріпкелдері аптаның әр күнінің қасиеттері мен ерекшеліктері туралы тұжырымдар жасаған. Біз осы тұжырымдарға тоқталып өтейік.

**1-күн. Дүйсенбі.** Қазіргі есеппен алғанда аптаның басы. Біздің халқымыз үшін жақсы күн деп бағаланады. Әр адам жұмысын табысты аяқтауға күш салады. Бұл күні сапарға шыққан, сауда жасаған адамның жолы болады. Құрылыс үшін де сәтті күн. Тырнақ алған адамның ақыл-ойы артады, күш-қуат қосылады.

Дүйсенбі күні жаратылған бала ақылды, жақсы, әрі сергек болады. Дүйсенбіде Жер мен Көк жаратылған. Осы сәтті күні адамзаттың ұлысы, Алланың соңғы елшісі біздің Мұхаммет пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туып (570-632) және осы күні қайтыс болған.

**2-күн. Сейсенбі.** Сәтсіз күн деп саналады. Бұл күні қазақтар жолға шықпайды. Той өткізбейді, неке қимайды, іс бастамайды. Қауіп-қатерден сақтанып жүреді. Дегенмен тиісті еңбектен, бастаған жұмыстан қол үзбейді.

Дінде қанды күн, яғни, Абыл Қабылды өлтірген күн. Тырнақ алған адамның реніш, қайғысы көбейеді.

Бұл күні жаратылған бала мейірімсіз, қатігез болады. Жыныстық қатынас жасағандар бүйрек ауруына шалдығады. «Ауа, аспан кеңістігі сейсенбі күні жаратылған» («Киелі кітап»).

**3-күн. Сәрсенбі.** «Сәрсенбінің сәті» деп бұл күнді қазақтар өте жоғары бағалайды. Бұл күні бала туса оған міндетті түрде Сәрсенбай, Сәрсенқұл деп ат қояды. Ойын-тойын, игілікті жақсы істерін (көшу, жолға шығу, т.б.) осы күні бастайды.

Тырнақ, шаш алуға болмайды, пейіл бұзылады. Сәрсенбіде бойға біткен бала ауру, кем туады. Су, түрлі өсімдіктер осы күні пайда болған. Бұл күні отырғызылған өсімдіктер, жемістер, ағаштар тез өседі. Себілген егін бітік болады.

**4-күн. Бейсенбі.** Мұсылман елдері үшін қасиетті күннің бірі. «Киелі кітапта» Күн, Ай, Жұлдыздар жаратылып, жерге жарық түскен деп жазылған. Қазақтар бұл күні жуынып, тазарып, әдеп сақтап, өздерін рухани жағынан да таза ұстайды. Исламдық, адамгершілік парызын, алған қарызын өтеуге тырысады. Әруақтарды еске алады, Құран оқиды, мешітке барады. Міндетті жұмыстарын да адалдықпен атқарады. Бейсенбіде қайтыс болған адамдар иманды, Алла тілегін қабыл алғандар деп саналады. Тырнақ алған адамның ауруы кетеді, дені сау болады.

Шын тілеген тілек қабыл болады. Бейсенбіде жаратылған бала ақылды болып туады.

**5-күн. Жұма.** Қасиетті күн. Бүкіл мұсылман қауымы үшін маңызы өте жоғары. Бұл күні Адам Ата жаратылған. Көктен қасиетті «Құран Кәрім» түсе бастаған. Құранда «Жұма» атты сүре бар (62 сүре). Жұмада әруақтар әр үйден дұға дәметеді. Сондықтан әр үй аруақтарға арнап шелпек пісіріп, құдайы нан беріп, өмірден өткен ата-ана, туған-туысқандарына арнап, атын атап дұға оқиды. Мешітке барады.

Жұма күні қайтыс болған немесе жерленген адамдар иманды, жақсы кісілер дейді халық даналығы.

Әр адам бұл күні таза жүріп, Алланы, Пайғамбарларды, әруақтарды еске алып, әдепті сөз сөйлеуге, көпшілікке пайдалы жұмыс істеуге, үлгі-өнеге көрсетуге тиіс. Ақ тілек қабыл болатын күн де осы қасиетті жұма, Жұмада тырнақ алғандардың дәулеті артады. Бұл күні жаратылған бала ғалым, өнерлі, өнегелі болады.

**6-күн. Сенбі.** Халық ұғымында сәтті, жақсы күндердің бірі, әр отбасы, әр адам алаңсыз еңбек етеді.

Сенбі күні Алла тағала адам баласын және жан-жануарларды жаратқан. Адам баласына «жер бетіндегі барлық әлемге иелік етіндер, өсіп-өніп, көбейіндер» деп батасын берген («Киелі кітап»). Бата қабыл болатын күн.

Аңшылардың жолы болатын күн. Тырнақ алуға болмайды. Пасық, ақылсыз, залым бала жаратылады.

**7-күн. Жексенбі.** Бұл күнге қатысты қағидалар мен ырымдар қазақта көп айтылмайды. Халық қатардағы күндердің бірі деп есептейді.

Бұл күні құрылыс басталса сәтті әрі тез бітеді. Тырнақ алған адамның дәулеті қашады. Христиан дініндегілердің қасиетті күні. Тілазар, теріс мінез, жасық, жаман бала бітеді.

### XXX

Күн санау ұғымында халық әр күннің атын айтпай-ақ өткен күндердің кеше, алдыңғы күндер деп немесе келесі күндерді ертең, арғы күні, оның арғы күні деп те айта береді. Және ол әркімге де түсінікті. Әр күннің өз орны, қасиеті осындай. «Алланың күнінің бәрі сәтті» деп халық дәл айтқандай, әр күннің адамзат баласы үшін өз мән-маңызы бар. Тек әр адам, әр мұсылман аталған күндердің қадірі мен қасиетін есте ұстап жүрсе болғаны.

**Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ.**

### Мифологиялық таным

Сонымен, Жыл басында Ғаламда, Дүниеде, Табиғатта, Қоғамда болатын өзгерістерге сай тілімізде төмендегідей аталымдар туындаған:

Жыл басында Нұр жауған түн — Қызыр түн;  
Жыл басының алғашқы суы — Қарғын;  
Жыл басының қары — Ақша қар, Құс қанаты;  
Жыл басының алғашқы күні — Ұлыстың ұлы күні - Ұлыс күн;  
Жыл басының алғашқы желі — Жыл айналып жеткен Алтынкүрек;  
Жыл басының алғашқы төлі – Дүбіраяқ;  
Жыл басының бірінші сүті — Уыз;  
Жыл басының бірінші құсы — Жылқышы, торғай, Нәуірзек;  
Жыл басының бірінші көгі — Бәйшешек, Наурызшешек;  
Жыл басының бірінші асы — Жер асы — Наурыз көже, Көп көже;  
Жыл басының бірінші тілегі — «Ауызды ақтан айырмасын, қызылды уақтылы көрсетсін»;

Жыл басының бірінші құттықтау сөзі — «Жасың құтты болсын!»;

Жыл басының бірінші белгісі — Көрісу;

Жыл басының бірінші сәлемі — Ұлыс бақты болсын!

— Төрт түлік ақты болсын!

— Ұлыс береке берсін!

— Пәле - жала жерге енсін!

Жыл басының бірінші нышаны — Самалық айту;

Жыл басының бірінші сый тағамы — «Ұйқыашар»;

Жыл басының алғашқы сыйлықтары — «Діреткізер», «Селтеткізер».

\*\*\*

### Есепшілердің тәжірибесіне сүйенсек:

Егер таң жанған оттай қызарып, күн қан қызыл боп шықса, онда ол жылы өлім-жітім, өрт көп болып, соғыс, қантөгістер жиі болуы мүмкін;

Егер таң түсі сары қызыл тартып, ыстық леп бірден бетке ұрып, күн шақырайып шықса, онда ол жылы құрғақшылық болмақ. Таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғынды далада жиі-жиі өрт шығуы ықтимал;

Егер таң түсі күңгірт тартып, күн манауранып, солғын көрінсе, онда ол жыл ерекше жауын-шашынды өтпек;

Егер таң сәулесі жан-жаққа шашырап, күн шапағын төге рауандап атса, онда ол жыл жанға жайлы молшылық жылы болған.

Әдетте есепшілер жыл есебін Күн мен Түн теңелген Жаңа күннен бастаған. Төрт түліктің бұл түнгі мінез-құлқы жіті бақылауға алынған:

Егер ол түні түйе түлігі ернін жиі жыбырлатып, ал жылқы оқыранып, жұтынар болса, көктем ерте туады.

Егер ол түні қой малы қорасына алшаңдай басып, еркін кірсе, көктем ерте туады.

Туар жылды болжау үшін табиғат құбылыстарының басқа да қыр-сырлары бақыланады:

Ұлыс күні қар жауса, «нұр жауды» деп, туар жыл жақсы болады саналған.

Наурызда жауып қатқан қар үстіне құмалақ шашу арқылы көктемнің ерте не кеш туатыны болжанады:

\* Егер құмалақ қар үстіне қыдырып қалса, онда көктем 40 күн кеш туады.

\* Егер құмалақ қар бетіне бармақ бойы батып кетсе, онда көктем ерте туады. Жыл бойы жер отының қалай өсетіні Шолпан жұлдызының тууына қарап анықталған.

\*\*\*

Қаншама әлемнің суық сулары соншама әлемнің жылу көздерін түбегейлі суыта алмаған, қаншама күннің шыжыған аптабы, жер бетінің ылғалын соншама құрғата алмаған, қаншама долданып соққан сұрапыл жел соншама жер шарының барлық тау-тастарын ұшырып әкете алмаған, сырттай аса күрделі, іштей өте қиын, еш ымыраға келмейтін қарама-қайшы күштерге толы болғанымен, бұ дүниенің бір бүтін қалпынан еш тапжылмай, біртұтастық күйінен бір танбауы — оның болмысынан да тыс бір Құдірет бар екенін адам баласына о бастан-ақ сездірген.

## **ӨЛПАРА**

Көшпелілер бір жылдық уақыт айналымын: «Йас» — алты ай жаз, «Қыш» — алты ай қыс деп екіге бөлген. 1. Тіліміздегі «алты ай жаз бойы», «ала жаздай», «алты ай қыс бойы», «ала қыстай» секілді сөз оралымдары осы бір түсініктің айғағы іспеттес. Бағзы қазақтар Жақсылықты: «Кие», Жамандықты: «Кесір». Қыс Иесін: «Зымыстан», Жаз Иесін: «Табыстан» деп атаған.

Қазақ есепшілері әрқайсысын 28, 29, 30 күннен бір жылды 12 айға топтағанда, жыл санатына қоспағанмен, «он үшінші ай» есебінде жыл санағына кірген 6 күнді парсылар: «фэнджи», сотистік күнтізбеде: «эпагоменай» (шолақ ай) деп білген. Ежелгі, наным бойынша, Жақсылық пен Жамандықтың жан алысып, жан беріскен шайқасы жыл санатына қосылмай қалған. Дәл осы уақыт қазіргі 15-21 наурыз аралығының жігіне дөп келген.

Осынау «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер», «өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар», «қара қатқак, аш өзек» жыл мезгілін халқымыз «ӨЛІАРА» деп айырған.

«Аяма аузы» алты күн, алты ай қыстан қатты күн» деп осы қиын-қысталаңнан қатты қорғанатын қазақтар қатерлі өткел болған осы күндерді өткізбей тұрып жолаушы да шықпаған, қонақ та шақырмаған.

Ертеректе ауыл адамдары да «апыр-ай, қайтер екен?» деп, «жаздың шығар, қыстың қайтар», «түске шейін мүйіз, түстен кейін киіз» мезгілінде ауыл иттерін де үргізбеуге тырысқан көрінеді.

«Жаман қатын қыз болам деп қылымсиды,

Жаман қыс жаз болам деп жылымсиды», — деп, малға да, жанға да жайсыз, бірде олай, бірде бұлай, күңгірт, көмескі, бұлыңғыр, бұзылмалы өткелеңді — халқымыз да еш жақтырмаған.

Сонымен, **ӨЛІАРА** — Ескі мен Жаңа, Қыс пен Жаз, Көне жыл мен Жаңа жыл, Өткен уақыт пен Келер уақыттың жік-жапарындағы ұзын-ырғасы мен бас-аяғы алты-жеті-ақ күнге созылған аумалы-төкпелі мезгіл, ауыспалы-өтпелі мерзім, бейберекет-беймезгіл мезет, аласапыран-қалаймақан уақ, қарақұла-өліара шақ.

Сондай-ақ тілімізде жаңа ай тумас бұрын ескі ай батып, көк жүзінде жаңа ай көрінбейтін 2-3 күн уақыт та **ӨЛІАРА** деп аталған.

## **БЕСҚОНАҚ**

\* Жыл ішіндегі осынау 5(6) күндік өтпелі кезеңнің ел ішінде «бесқонақ» деп аталғаны жөнінен Қызылорда қазақтарында бір аңыз сақталған:

«Түннің бір уағында далаға шыққан қонақтардың біреуі аспаннан таң жұлдызындай жарқыраған жұлдызды көргенде, Шолпан жұлдызы туған екен деп жаңылып, серіктестерін ай-шайға қарамай ұйқыдан оятып, жолға шығып кетеді. Жаздың күніндей тамылжып тұрған ауа райы әп-сәтте бұзылып, алай да дүлей боран соғып, қар жауып сала береді. Жол таба алмай айдалада түнімен адасқан керуеншілердің алдымен жүк артқан қашырлары, артынан өздері суықтан үсіп өліпті. Міне, содан бері сол түні туған жұлдыз — «Есекқырған», ал жыл мезгілі — «Бесқонақ» деп қайтыс болған бес адамның санымен аталып кеткен екен».

Бесқонақ турасында тілімізде төмендегідей жұмбақ та кездеседі:

«Атасы мен анасы,  
Үш жүз алпыс бес баласы,  
Он екі ауыл шамасы,  
Отыз ор дуадақ,  
Бес балақ сан,  
Елу екі патшасы».

Шешуі: Атасы мен Анасы - Ай мен Күн, 365 бала — бір жылдағы 365 күн, 12 ауыл — 12 ай, 30 ор дуадақ — бір ай ішіндегі 30 күн, 52 патша — бір жылдағы 52 жұма, 5 балақ сан — бесқонақ.



Ілкідегі Жаратылыс жаратылған алты күн бүгіндегі Ескі Жыл мен Жаңа Жылдың ортасындағы алты күн бойына жер шарына көктен Нұр жауып, жетінші күні бүкіл жаһаннамға тарайтын көрінісіне сәйкес келеді.

Осыған орай тілімізде «Аспаннан нұр жауған күн» деген сөз айғағы да бар.

Ефрат пен Тигр өзендерінің ортасына Аспаннан алты күн бойына Нұр жауып, жетінші күні (Күн мен Түн теңелген сәтте) Нұрдың жер-жаһаннамға жайылғанын өз көзімен көргенін әлемге паш еткен ғұлама ғалым Әбу Райхан әл-Бируни болатын.

Осыған тиесілі Тасаттық - Ескі дүниенің қирап, Жаңа дүниенің жаратылып, Кеңістік пен Уақыт айналымының жыл сайын қайта жаңғырып, жаңарып, жасарып, қайталанып отыратын үрдісін бейнелейтін жоралғы.

Тасаттық жоралғысынан кейін айналдырған алты-ақ күннің ішінде Ескі дүние талқандалынып, оның орнына Жаңа дүние жаратылатын болса керек.

Өлараның тілімізде «Бесқонақ» деп аталуы бертінгі шыққан аңызға қатысты қалыптасқан секілді.

Қызырдың қамшысы – Жаңа дүниені жаратып, Көне дүниені қиратуға қолданылатын Тәңір Нұрының баламасы тәрізді, яғни Тәңір Нұрының сімірі.

Тасаттықтың су жағалап өзен жағасында берілуі Бұ дүниенің о баста судан жаратылғанын меңзеген сықылды.

### **ТАСАТТЫҚ**

Ата-бабаларымыз Амал айы туғанда (бізше 15 наурыз), «қарды уақытымен ерітіп, көкті мезгілімен көктетіп, жазды мерзімімен шығарғай» деп, Тәңірге мал атап, жалбарынып, аққан судың жағасында тасаттық берген. Ашық алаңды айнала-төңірек қаумалаған жұрттың ортасынан шыққан абыз-бақсы:

«Жыл айналып Жыл туар,  
Жыл басында Нұр туар.  
Жыл айналып біртуар!  
Ай айналып Ай туар,  
Алты айда бір Жаз туар.  
Алты айда бір Қыс туар!  
Күн айналып Түн туар,  
Түн артынан Күн туар!

Жас айналып Жас туар,  
Қары кетіп Жаз туар.  
Бас орнына Бас туар!  
Су айналып Су туар,  
Су айналып Бу туар,  
Бу айналып Су туар!  
Жел айналып Жел туар,  
Жел айналып Жел тұрар.  
Алтынкүрек бір соғар! —  
деп, толғап-толғап алған соң,  
Кеудесі жарық Көк-Ана,

Қақ жарылып Күн шықсын!  
Кеудесі түкті Жер-Ана,  
Қақ жарылып Көк шықсын!  
Кеудесі қуыс Жел Мая,  
Қақ жарылып Жел соқсын?  
Кеудесі беріш Қара Тас,  
Қақ жарылып Су шықсын!  
Бойға біткен Тас Емшек,  
Қақ жарылып Сүт шықсын!  
18 мың Ғаламның,  
Жан-жануар Әлемнің,  
Сағанағы сарқ боп,  
Қағанағы қарқ боп,  
Жатырға біткен қазынасы  
Ұлыс күні болғанда  
Толғағы қысып, тарс етіп,  
Қағанағы, тырс етіп,  
Қақ жарылып Төл шықсын! — деп,

Тәңіріге мінәжатын аяқтаған кезде сілтідей тынған жұрт:

- Көк ашылып Күн шық!
- Тас жарылып Су шық!
- Жер жазылып Көк шық!
- Қуыс керіліп Жел шық!
- Желін жиырылып сүт шық!
- Жақ серпіліп Сөз шық!
- Жатыр айырылып Төл шық! —

деп үш реттен қайталаған қауым құрмалдық малын шалған. Ел-жұрт осы көне жоралғыдан кейін:

Жерімізге көктен «Қызырдың» қамшысы» түсіп, дариялардың мұздары шарт-шарт сынған;

Алтынкүрек желі соғып даланың қары еруге,

Күн аспан белдеуіне шығуға,

Мал төлдеуге,

Жақ сөйлеуге талпынған;

Көк құты көзін ашуға,

Қап тауының «Көкқұсы аяғын жерге басуға,

Буырқанып бусанған Жер-ананың тоң кеудесі жібіп,

тас емшегі июге, Самарқанның Көк тасы еруге дайындалады-мыс», — деп нанған.

Сонымен, тасаттық - абыз бақсылардың арнайы құрмалдық шалғызып, (Тәңірінің құдіретімен) дуамен әсер ету арқылы Күн мен Түн теңелген сәтте **Көк - Ана, Жер - Ана, Жел Мая, ҚараТас, Тасемшек, ҚосҚу Жақ, Жатыр Қазынасы** тәрізді Жаратылыстың сегіз көзінен жаңадан **Күн, Көк, Жел, Су, Сөз, Сүт, Төл** туғызып, Кеңістік пен Уақыт айналымын қайта айналдырып,

Дүниенің жаңаруына ықпалын тигізер өте ескі жоралғы. Елімізде тасаттық, күні бүгінге дейін жаз айларында жаңбыр ұзақ жаумай, қатты құрғақшылық болған жылдары беріледі.

Сонымен, жоғарыда сөз қылған ойларымызды қорытындылайтын болсақ: Ата-бабаларымыздың өлараны не күн, не ай санатына, яғни уақыттың есебіне қоспауының бірден-бір себебі, әлемдік мифологиялық таным бойынша, Жаратылыс жаратылмай тұрып, Уақыт пен Кеңістіктен тыс Жаратушының Бұ дүниені алты күнде жаратып, жетінші күні демін алған уақиғадан сақталған белгі болса керек. Шын мәнінде өлара уақыты осы құбылыстан қалған тәрізді. Расында сол байырғы кезең қазіргі күн санауымыздағы наурыздың 15-і мен 21-і арасындағы 6 күндік беймезгіл шаққа сай келеді.

### **ҚЫЗЫР ТҮН**

**22 наурыз, таңғы сағат 03.00:**

(Ғаламның жаратылуына негіз болып 6 күн бойына Көктен жауған Нұрдың жер жаһаннамға жетінші күні тараған таң. Көк күмбезінен **Нұрдың** жаууына: Өз құдіретін білдіруді дұрыс деп тауып, барша ғаламды жаратуға **Алланың қалауы** мұрындық болған. Сонымен, Күллі Ғаламның жаратылуының Бірінші Себебі – Алла).

**Ретімен,** Минерал, Өсімдік, Жан-жануар, Адамзат, Парасат, Аспан денелері мен Рух әлемдері бір түзудің бойына қатталып, **Он сегіз мың ғалам - Кеңістік пен Он екі сәт – Уақыт Көк күмбезінде бір нүктеге түйіскенде;**

**Жөнімен,** Сұйық, Ыстық, Құрғақ, Қатты — Болмыстың төрт көзі мен Су, От, Жел, Топырақ - Дүниенің төрт негізі жиылып, **Табиғат бастапқы қалпына келіп, Аспан әлемінің себебіне қосылғанда;**

**Жолымен,** Үй-ішін, айнала-төңірек, қора-қопсы, киім-кешегін тазалап, жуынып-шайынып, сақал-мұртын күзеген пенделер Тәнін тазартып;

Әулеттерінде тәлімділік, тәрбиелілік, үлгілілік, өнегелілігімен **Кісілер Жанын пәктеп;**

Ұлыстарында ұстамдылыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа, сабырлыққа келген **Тұлғалар Парасатын риялап;**

Ел ішінде көрегенділік, данышпандылық, даналылық, кемеңгерлігімен **Жәуанмәрт Рухын ізгілеп;**

Адам баласының **Мінез-құлқы мен Іс-әрекеті, яғни Қылығы түзеліп, Руханият түпкі тегіне тартып, Рух әлемінің себебіне қосылғанда;**

**Тәртібімен,** Үй-іштері арының, Әулеттері ұятының, Ұлыстары ұзданының, Ел-жұрт намысының алдында өздерінен өздері есеп алып, Отбасылары қажеттілік, Әулетбасылары қанағаттылық, Ұлысбасылары қайырымдылық, Елбасы әділеттілік заңдылығына жүгініп, «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садағасы» деп Жаратушының алдында есеп беріп, **Қоғам ізгіленгенде;**

**Жаратушының Толық заңына сай,** Ғаламға Ғұмыр **Нұрын** төккен Алланың құдіретімен: «**Уақыттан тыс бейуақта Бұ дүние қайта қирап, Мезгілден сырт бейуақта қайта жаралады.**»

Осы сәтті ұлы Абай:

«Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер,  
Мейірбандық, дүниеге Нұрын төгер...  
немесе:

...Тамашалап қараса Тәңірі ісіне,  
Бойың балқып, еридi іште жігер» - деген.

**Кеңістікті қақ жарып Ғайыптан Нұр жауған сәтте:**

Көк тұңғиығын қақ жарып бір Гуіл өтеді;  
Тәнін тазартқан Пенделердің Түйсігі түрленеді;  
Жанын пәктеген Кісілердің Санасы сәулеленеді;  
Парасатын риялаған Тұлғалардың Ақылы нұрланады;  
Рухын ізгілеген Жәуанмәрттің Жүрегі нәрленеді;  
Төрт түліктен Әз дыбысын естіген Қой үркеді;  
Суда жүзген Балық сезіп, бір аунап түседі;  
Көк Құты көзін ашады;  
Қап тауының Көк құсы аяғын жерге басады;  
Көк Өгіз кара жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырады;  
Кеудесін қақ жарып Көк Атаның Күн шығады;  
Кеудесін қақ жарып Жер Ананың Көк шығады,  
Кеудесі беріш Қара тасты қақ жарып Су шығады;  
Кеудесі қуыс Желмаяны керіп Жел шығады;  
Қиғаға бергек Қу жақты серпіп Сөз шығады;  
Жатырды жарып төл шығады;  
Емшекті тесіп Сүт шығады;  
Жер Ананың тоң Кеудесі жібіп, тас Емшегі иеді;  
Самарқанның Көк Тасы еридi; т.с.с.

«Берер жерін кең қылсын», «Бір қой егіз туса, бір түп жусан артық жаралар», - демекші, Жаратушы Ғаламға бір жылдық ризық бөліп, ғұмыр береді.

Сонымен, дүр сілкініп қысқы ұйқысынан оянған Тіршілік атаулыға жан бітеді.

**Ұлы Абай** осы шақты:

Жүректің көзі (парасат — Т.Ө.) ашылса,  
Хақтықтың (Алланың — Т.Ө.) түсер сәулесі  
Іштегі кірді (тәні тазарып, жаны пәктеліп, ойы рияланып, рухы ізгіленсе,  
яғни, арылса — Т.Ө.) қашырса,

Адамның хикмет (дана — Т.Ө.) кеудесі, — деп жырлаған.

Бұл мезеттің ерекшелігі Тәні тазарған Пенделердің, жаны пәктелген Кісілердің, парасаты рияланған Тұлғалардың, рухы ізгіленген Жәуанмәрттік көкірек көзіне Дүниеге Нұр болып себілген Алланың рахман-рахымы, қалауы, ықыласы, ойы, мейірімі, қасиеті, махаббаты, парасаты, құты, даналығы егіледі. Қысқасы, Мифологияның (әфсана), Діннің, Ғылымның, Даналықтың (философия), Өнердің, Әдебиеттің қайнар бұлағы - бәрі бір Хақ көзінен бастау алады. Әфсәна жоралғымен (ритуалмен), Дін сеніммен, Ғылым дәлелмен, Даналық себеппен, Өнер түп нұсқамен, Әдебиет көркем сөзбен сусындайды. Әфсәна белгі тілімен, Ілім сенім тілімен, Ғылым түсінік тілімен, Даналық себеп

тілімен, Өнер нұсқа тілімен, Әдебиет көркем тілімен, Әдебиет көркем тілімен қабылданылған-баяндалғаны болмаса, бәрі де бір Ақиқаттан баян етеді. Демек, шынайы Әфсәна, Ілім, Ғылым, Өнер, Әдебиет, Даналықтың, т.б. құдіреттілігі мен ғажайып-ғаламаттылығы - Хақ көзінен басталатындығында. Сондықтан да олар мәңгілік.

Ұлы Абай осы сәт жөнінде:

«Тәңірінің берген өнері,  
Көк бұлыттан ашылса...  
...Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз» - деген.

Сонымен, Дүниенің жаратылуының басты себебі - бір Алла. Алланың Бұ дүниеге сыйлаған сыйы - Нұр.

**Қорыта айтқанда,** Он Сегіз Мың Ғаламның Негізі де, Маңызы да - Нұр. Ата-бабамыздың Күн мен Түн теңелген сәтте: «Көктен жаудырсын, Жерден өндірсін» деп тілеуі осы Алланың Нұрына байланысты айтылған.

**Қызыр түні Ел-жұрт Алладан:**

Отбасыларына береке орнап, Үй ішіне Құт келуін;  
Әулетбасыларына Ынтымақ жайлап, Әулетке Ризық өнуін;  
Ұлысбасыларына Бірлік ұйып, Ұлысқа Ырыс тасуын;  
Елбасына Билік тиіп, Ел ішіне Бақ қонуын - тілеген.

### Ұлыстың ұлы күні

Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себезгілеп атқан кез, біздің өмірімізде бұл сәт 21 наурыздың түні, 22 наурыздың таңғы сағат 00.03-ке тұспа-тұс келген. Сондықтан да қазақ халқы жаңа жылды 22 наурыздың таңғы 03.00-де қарсы алған. Ата-бабамыздың наным бойынша көктен жауған **Нұр** жерге Қызыр баба кейпінде түскен. Әдетте, халқымыз Қызыр бабаны «Самалық» айтумен қарсы алған:

«Самалық, Самалық,  
Көк құс көзін ашты ма?  
Аяғын жерге басты ма?  
Самалық, Самалық,  
Самарқанның көк тасы,  
Жібіді ме, көрдің бе?  
Самалық, Самалық,  
Қап тауының көк құсы  
Жүгірді ме, көрдің бе?

**Қызыр түні:**

Қызыр баба «қараңғы емес, жарық үйге енсін» деп, «жалғыз шала сәуле болмас» деп үй-ішінің қақ төріне **қос шырақ** жағылған;

«**Береке** басынан басталады» демекші, «Қызыр баба мұп-мұнтаздай үй ішіне кірсе, онда, ол, отбасы ауру-сырқау, дау-дамай, дерт, пәле-жаладан жыл бойына аман болар» деген сеніммен жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылған;

«Жыл басы жақсы басталса, онда, аяғы да жақсы аяқталады». «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деп, **дәннен:** (қуырған бидай, тары, жент, арпа, сұлы, жүгері, бауырсақпен, т.б.), **ақтан:** (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, ірімшік, құртпен, т.б.), **қызылдан:** (піскен қазы, қарта, жал, жая, шұжықпен, т.б.) аналарымыз дастарқаны: «ас та көк, шаш та төк» қып жайған.

**Жеті түрлі** дәмнен: соғымнан қалған ет, қойдың басы, сүт, тұз, сүзілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және сәбізден қазан толы **наурыз көже** пісірілген. Жеті түрлі дәмнен пісірілген наурыз көже Алланың Көктегі Нұрын кемелдендірген. Жеті дарияның белгісі іспеттес. О бастағы түсінік бойынша **наурыз көжеден** дәм татқан кісі Көктегі жеті даналықтың дариясынан да сусындайтын секілді. Сол себепті **наурыз көжені** үйме-үйді аралап жүріп ішкен. Ғарыштағы Жеті дарияны қазақ елі о баста «Жеті қазына» деп атаған болуы керек.

Жеті дарияның таңбасы: Аспан әлемінде - Жеті қат көк. Олардың әрқайсысы қырық күннен атаның сұлбілінен, ананың құрсағына біткен ұрықтың жетілуіне «көмектесіп», тұмақ 7x40, яғни 9 ай 10 күнде, туылған.

Төменгі әлемде - Жеті қат жер. Ортаңғы әлемде - Жеті түс, Саз әлемінде - Жеті дыбыс, т.с.с. Күн мен Түн теңелген сәтте Алланың Нұры Жер әлеміне жеткенше, Жеті қат көкті шарлап өтеді.

Бабаларымыздың Дүниені «**сегіз қырлы, бір сырлы әлем**» деп тануына Болмыстың төрт көзі - сұйық, ыстық, құрғақ, қатты және Дүниенің төрт негізі – су, от, ауа, топырақ - сегіз қыры, ал бір сырына - Нұр тірек болған.

Ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттеріне арнаған соғымның соңғы етіне уыз қосып пісірген «ұйқышар» аталатын ерекше дәм дайындаған.

Жігіттер мен бозбалалар сүйіктілеріне айна, тарақ иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» деп аталған сыйлықтарын ұсынған. Сыйлықтағы: **айна** - пәктік пен жастықтың, **тарақ** - әдемілік пен сұлулықтың, **иіссу** - (бүршігін жаңа жарған жауқазындай) құлпыру мен жайнай түсудің белгісі.

Бабаларымыздың төс соғыстырып көрісіп, «Жасың құтты болсын!» деп, бір-бірін құттықтауы - жаңа туған Жаңа жылмен, жаңа туған Жаңа Күнмен бірге өздерінің де жаңа туғанын білдірген. Сол себепті Байырғы байтақ қазақтар жасына жас, басына бас қосылғанын тек Ұлыс күннен бастап есепке алған.

Жылына бір рет жыл жаңарып, күніне бір рет күн жаңарып отыратындықтан, жылына бір рет көрісу, күніне бір рет сәлемдесу елімізге әдет болып қалыптасқан. Себебі жаңарған жылмен, жаңа туған күнмен бабаларымыз да бірге жаңарып, бірге жасарып, жаңадан туылып отырған.

Көріскенде ер адамдар қос қолдасып амандасып, төс соғыстырған; ал қыз-келіншектер құшақтасқан; еркек пен әйел құшақ айқастырған. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру - «ғұмыр тірегім – төсім, тіршілік көзім -екі қолым аман-сау болсын» деген ишараны білдірген.

«Ұлыс күні алдына келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық - жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық - ер жігіттің ісі», «Бөлінгенді бөрі

жейді, жарылғанды жау алады», «Тас атқанға - ас ат» сияқты нақылдарын желеу қылған, «ат құйрығын кесісіп, араға жік түскен» Үй-іштерін, Ағайын-туысқандарын, Дос-жарандарын, Ауыл-аймақтарын, Жекжат-жұрағаттарын, Ел-жұртын бір дастарқаннан дәм татқызып табыстырған.

Отбасын тентіретіп жібергендерін жинап, қайта қосқан;

Жалғыз-жарым жетім-жетімектерін үйлендіріп, жеке-жеке үй қылған;

«Сүйекке дақ, етке таңба болмасын» деп, кембағал - мүгедектерін жақын туыстарының қарауына міндеттеп тапсырған;

Жұтқа ұшырап, таяқ ұстап қалғандарына «дүние кезек», «адамның күні адаммен» деп жылу жинатып берген;

Түрлі құмар ойындарына үйір болған пенделерін халық талқысына салып, «жаман әдетті тастадым, қойдым, арылдым!» деген уәделерін алған, сөйтіп адасқандарға дұрыс жолға түсуге көмектескен.

«Қырсық-қыңырлығымен өзінің ағайындарын азар да безер қылған, айтқан тілдерін еш алмай, еш тәлім-тәрбиеге көнбей, шектен шыққан шекібайларын ұстап алып, шашын тақырлап алып, тыртығы көзге ұрып тұратындай қылып, қақ маңдайынан желкесіне дейін, сол самайдан он самайға шейін ұстарамен тіліп, жарасына киіз күйдіріп басып, бетіне қара күйе жағып, елден аластаған. Ел ішінде бұл жаза - «қасқалау» деп аталған». «Қылмыс жасағандарының бетін тіліп жазалау дәстүрі біздерге ертедегі Хуннулардан жеткен». Тіліміздегі: «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ», «шығаннан шыққан», «қара бет болу» сияқты сөз тіркестері мен «бетің тіліңгір!» тәрізді қарғыс осы бір шараның елесі секілді.

Елбасы, осылайша, Отбасшыларында - Береке, Әулетбасшыларында - Ынтымақ, Ұлысбасшыларында - Бірлік орнатып, Елбасшыларына -Билігін күшейткен.

«Самарқанның көк тасы еріген күн» - тәрізді бейнелі сөз оралымдары сақталған. Осылардың ішінен «Самарқанның көк тасы еріген күн» деген көне сөзге тоқтала кетпесек болмас:

«Әфсана бойынша 21 наурыз түні даланы Қызыр баба аралайды екен. Сол себепті осы түн - «Қызыр түні» деп аталған. Қызыр - адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, көбіне ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып бейне. Жаратылыс бастапқы қалпына келген сәтте Жаратушының Нұрын қазақтар «Қызыр баба» кейпінде таныған тәрізді. Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен... «Халқымыздың қалыптасқан сенімі бойынша Қызыр әрбір азаматпен тосыннан - тосын, күтпеген жерден қиын – қысталаңда, айдалада, үйде, т.б. жерлерде бірде қайыршы, кейде диуана, әлде ақсақал кейпінде ғұмырында үш-ақ рет кездейсоқ кездеседі екен. Кез-келген кісінің оны түр-түсінен тани қоюы мүмкін емес. Қызырды тап басып танудың бірден-бір жолы онымен амандасқанда, оның оң қолының бас бармағының сүйегі болмайды екен. Сол себепті бабаларымыз бейтаныс біреулермен сәлемдескенде қос қолдасып, оның бас бармағын өзінің бас бармағымен қысып амандасқан. Қызыр бабаны байқағандар оның қолын жібермей тұрып оған өзінің үш тілегін

айтып, одан орындалуын сұрауы керек. Осыған орай тілімізде: «Қызыр (қонсын) қонған!», «Қызыр (дарысын) дарыған!», «Қызыр (қолдасын) қолдаған!» секілді ізгі тілектер сақталған. Қызыр бабаның аты қасиетті Құран кітабында да бірнеше жерінде аталып, аса білімді, өте қайырымды, дана кейпінде суреттелген.

«Ауызды ақтан (сүтті) айырмасын, қызылды (етті) уақытымен көрсетсін» деп ас қайырып тарасқан.

**Наурыз айында** жауған қар қыстың басқа мезгіліндеріне қарағанда түртүсі ерекше аппақ, үлпілдек болғандықтан, «ақша қар» деп аталған. Осыған орай тілімізде сұлу қызға айтылатын «Наурыздың ақша қарындай» деген теңеу сақталған.

Маңғыстау түбегінде күні бүгінге дейін Амал айы туылған күні, наурыздың 14-інде қар жауады. Маңғыстау мен Атыраудың халқы сол күннен бастап көрісе бастайды. Осыған орай тілімізде: «Қардың басын қар алар жауып тұрып» деген аталы сөз сақталған.

**Ұлыс күні неге міндетті түрде Қара қазан пайдаланылған:**

Жеті қазынаның бірі саналған Қара қазан халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен наным-сенімінде атқарған қызметіне орай аса терең мәнді. Қара қазанға қатысты халықтың ырым желісінің елестері біздің дәуірімізге түрлі-түрлі көмескіленген аңыз-әңгімелер түрінде жетіп отыр:

... Ежелгі көшпелі Сақ елінің бірлігі бұзылып, ішін алауыздық жайлаған кезде, ел көсемдері халқын біріктіру үшін үлкен қазан құюды ойластырған. Қазандық мыс жуырмаңнан табыла қоймаған соң, сақ сарбаздарынан жинаған жебелерінің мыс масағынан құйған нарқазанды басшысы биік төбенің басына орнатқызған екен. Нарқазанды биіктен көргеннен-ақ, көшпелілердің өзара өкпе-наздары ұмытылып, татуласқан екен деседі, осылайша ел бірлігі сақталған көрінеді...

«Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу салты - тайпалар одағының бірлігін сипаттайды. Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан шаңырақ сияқты бүгіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды», - деп жазған академик Ә.Марғұлан. Ата-бабаларымыз: «Қазанның қайнағанына қара, баланың ойнағанына қара», - демекші, осы бір аңыз-әңгімелердегі айтылған ойлардың тобықтай түйіні - тіліміздегі «қара қазан, сары баланың қамы үшін» деген көне сөзде сақталған.

Байырғы Қазақтың Ғаламның жаратылысы жайындағы түсінігі бойынша о баста Дүние жаралмастан бұрын кеңістікті тек ұшан теңіз су алып жатыпты. Ғаламдағы алғашқы нәрселер ілуде тек судан жаралған екен. Сол себепті су - жаратылыстың басы, әрі су - жаратылыстың шығу тегі болғандықтан, Су - Барша дүниені туған Ананың құрсағы іспеттес танылған. Анасының құрсағына түскен ұрық адам баласының жаралғаннан бастап бүкіл жетілу жолын 9 ай 10 күнде басынан өтетін сияқты, жаратылуы бірнеше млн. жылдарға созылған Жаратылыстың даму эволюциясын Бұ дүние бүгін бір жыл ішінде басынан кешеді. Әу баста Жаратылыстың басы судан басталмақшы, Жаңа Жылдың тууы



да судан басталады. Ал Жыл басы көктемнен басталады. Көктемнің негізі - Су. Табиғаттың әммебаты судан жаратылатындықтан, «**көктем туды**» дейміз.

**Бабаларымыздың дүниетанымы бойынша:**

Аспан - Ері - жер - анасы;

Ата тек - Ұл - Аспаннан - Аспан – Ата тектің Басы;

Ана тек - Қыз - Жерден - Жер - Ана тектің Басы,

Ата тек - Ұл - Күннен - Күн - Ата тектің Басы,

Күн мен Түн теңелгенде Аспан мен Жер қауышады деп түсінген.

Ұлы Абай «Жазғытұры» деген өлеңінде дәл осы құбылысты былай суреттеген:

Күн күйеуін Жер көксеп ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай,

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып түрленер тоты құстай.

**Тілімізде осыған орай:**

«Аспан мен Жердей қауышты,

Күн мен Айдай табысты» - деген сырлы сөз оралымы;

«Қызың жақсы болса,

Суда жүзген құндыз болар.

Ұлың жақсы болса,

Аспанда жанған жұлдыз болар», - деген аталы сөз сақталған.

**Ұлыс күні** аузы дуалы қариялар мен ел басқарған көсемдер ұрпақтары айта жүретін бір аталы сөз қалдыратын. Ел ішінде көпшіліктің алдында көп ойланып, артында бір айта жүрер ізгі сөз айта алмаған үлкен кісі айыпталып, тіптен ағынды өзенге лактырылатын әзіл-қалжыңы аралас ойын болған. Осындай сынға ұшыраған, қанша ойланса да аузына сөз түспей жаны қысылған бір батырдың: «Көп қорқытады, терең батырады» деген нақыл аузынан шығып кеткен екен-мыс.

Демек, «сөз тапқанға қолқа жоқ» демекші, Ұлыс күннің қазақтың мақал-мәтел, аталы сөздерінің дамуының бір қайнар көзі болғанына ешкімнің де дауы жоқ шығар.

Ы.Алтынсариннің дерегіне қарағанда, есепшілер жұт болатынын алдынала біліп, ел-жұртты сақтандырып отырған. Осындай жылдары малшыға ну қорық сақтатып, күзде қой күземін қырыққызбай жіберткен екен.

Қысқасы, жыл тағдыры бір Тәңірінен басқа ешкімге аян емес.

Байырғы байтақ қазақ үш Наурызды білген:

Біріншісі: - ескіше 1 наурызда, жаңаша 22 наурызда тойланатын иісі қазаққа тән Наурыз;

Екіншісі - «Көк тас деп аталған наурыз айының 9-да басталатын Парсылардың Наурызы. Ел ішінде айтылатын «Самарқанның көк тасының еруіне» қатысты әфсәна осы Наурызға қатысты шықса керек-ті;

Үшіншісі — «Қазыбек Наурыз», Сиық руынан шыққан, өзі әрі Сұлтан, өзі әрі есепшінің атымен аталған, наурыз айының 12-нен 13-іне қарағанда

Түркістан өлкесінде тойланатын мереке. Бұл Наурызды жамиғы қазақ білгенімен, оны көбіне сиықтар ғана тойлаған.

Қазақстан территориясының аумағы өте кең болғандықтан, Оңтүстік аймағында көк шығып жатқанында, Солтүстік бөлігінде қыс қуаты қайтпай тұрады. Сондықтан Қазақстан тұрғындары 22 наурызды Жыл басы деп санағанымен, барлық жерде бірдей осы күні Наурыз тойы тойлана бермеген. Дәлірек айтсақ, Жетісу өңірінде 15 ақпанда, Оңтүстік жылы өлкелерде «жыл басы» жылқышы торғайдың (нәуірзек, наурыз торғай, көктұмсық торғай) келуімен тұспа-тұс тойланса, Батыс Қазақстанның Маңқыстау түбегінде 14-нен 15-іне қараған наурызда жыл сайын қар жауғанда ел көріскен. Орталық Қазақстан тұрғындары Жыл басын көк қылтиып, мал төлдей бастағаннан карсы алған. Жалпақ қазақ Наурыз мерекесін 3 күннен 9 күнге дейін тойлаған. Мына бір бүгінгі заман ақындарының қаламынан туған өлең шумақтары да осы ойымыздың айғағындай естілмей ме?..

«... Қазақтың Наурызда малы туып,  
Санаған Жыл басына соны бұрын».

(Д.Еркінбеков).

Немесе:

«...Көгіме күн өрлетіп,  
Ешкі мен қойын төлдетіп,  
Қаймақ пен сүтін көлдетіп,  
Келді наурыз - март айы»

(Б.Ысқақов).

«...Малдар төлдеп, қой қоздап,  
Сүттен бұлақ ағызған.  
Жаңа жылдың сипаты  
Молшылық аңыз боп,

Басталыпты Наурыздан», - деп халық ақыны С.Оңғарбаев жырламақшы көшпелілер Жыл басын Ұлыс күнінен бастаған.

**Тоқтасын Өмірзақов,  
этнограф-ғалым.  
(«Жас Алаш» газеті,  
22 наурыз 2003 ж).**

### **Жыл қайыру**

Қазақта бұрын жыл басы наурыз айының 22-нен басталатын. Он екі жыл бір айналғанда бір мүшел толды деп есептелетін. Жыл басы «тышқан» жылы болды. 2008 жылдың наурызында «тышқан» жылы басталса, ол енді 2020 жылдың наурызында қайта келеді. Кестедегі қазіргі жыл санау мен қазақтың ескі жыл санауы бойынша әркім өзінің қай жылы туғанын және неше мүшелге

толғанын біле алады. Бірінші мүшел 13 жаста. Оған он екі жастан қосып отырсаңыз келесі мүшел шығады.

1. Тышқан	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020
2. Сиыр	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021
3. Барыс	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022
4. Қоян	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023
5. Ұлу	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024
6. Жылан	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2012	2025
7. Жылқы	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2013	2026
8. Қой	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2014	2027
9. Мешін	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2015	2028
10. Тауық	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2016	2029
11. Ит	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2017	2030
12. Доңыз	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2018	2031

Тағы да естеріңізге сала кетейік, осы кестені пайдаланбай, өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын он екіге бөлуі керек. Қалдықсыз бөлінсе «мешін» жылы болғаны, қалдық біреу болса ол «тауық», екеу болса «ит», үшеу болса «доңыз», төртеу болса «тышқан» жылы болғаны, сөйтіп әрі қарай кете береді.

### Туған жылың мен айың

Қазақша жыл қайыру бойынша адам жасының он екі жылы бір мүшел болып саналады. Алайда адам өзінің алғашқы мүшеліне 13 жасында толады да, келесі мүшелін оған он екі жылды қосу арқылы анықтап, қалған мүшелдерін әрбір мүшел жасқа он екі жылдан қосу арқылы біліп отырады. Қазақша жыл қайыруға сәйкес 12 жыл 12 жануардың атымен аталған. Жұлдызнамашылардың айтуынша, кім қай жылы туды, оның мінез-құлқы сол жыл аталған жануардың мінез-құлқына ұқсайтын болады. Әлқисса, ендігі әңгіме адамның туған жылына түспа-түс келетін мінез-құлық нышандары хақында.

**1. Тышқан жылы туылғандар.** Үсті-басын таза ұстап, сақ жүреді. Думан-той, ырду-дырдудан бойын аулақ салуға тырысады. Мінезі – тәкаппар, сәл нәрсеге өкпелегіш.

**2. Сиыр жылы туылғандар.** Ұстамды келеді. Туған-туыстарының, өзінің қайғысына қатты күйзеліп, кімге болсын көмегін аямайды. Кейде бұл қылығы өзіне зиянын тигізеді. Адамдар бұлардың жақсылығын тез ұмытады, алайда қиыс басса, оған түсіністікпен қарайды.

**3. Барыс жылы туылғандар.** Қызба мінезді, ашуланшақ, басқаға билік жүргізгенді ұнатады, ешнәрсеге көңілі толмайды, бір істі қолға алса, бөгет болған адамдарды ұнатпайды, оларды беттен алып, ренжітіп тастайды.

**4. Қоян жылы туылғандар.** Қорқақ. Кез-келген нәрседен үрейленеді, сыр сақтауға олақ. Маңызды істе өз бетінше шешім қабылдай алмайды. Қашанда көңіл-күйіне қарай әрекет ететін жан.

**5. Ұлу жылы туылғандар.** Тұйық мінезді, барынша қарапайым көрінуге тырысатын, байсалды, құпияны сақтай білетін, көбінесе үнсіз жүруді ұнататын адам. Оның қолынан үлкен істерді атқару келеді, қай істі де өз ақылымен, онаша шешуге ұмтылады.

**6. Жылан жылы туылғандар.** Сырт көзге ұяң, маңызды істерден қашқақтап жүреді. Қойылған сауалға нақты жауап қайтармайды. Тайсақтап жауап береді. Басына пәле болып жабысатын нәрсе – тілі. Шамына тисе, ұяңдығын қойып, шынайы мінез-құлқын көрсетеді. Жаныңды жаралап алғың келмесе жыландардан аулақ жүр.

**7. Жылқы жылы туылғандар.** Олар – «жұмыс аты» сияқты. Жұмыстан ешқашан да жалықпай, таңертеңнен кешке дейін бір тыным таппайды. Әйтеуір, күні бойы тыпырлап, мазасыз күй кешеді.

**8. Қой жылы туылғандар.** Сәл нәрсеге ашуланады, қисайған бетінен қайтпайды. Сондай сәттерде өзіне де, жанында жүргендерге де қауіпті. Өзін жарға жығатын мінезі – шешімді тым асығыс қабылдайтындығы.

**9. Мешін жылы туылғандар.** Олар - өзіне-өзі ғашық жандар. Сәнқой, ырду-дырдуы көп көңілді бас қосуларды ұнатады. Өзін өзгелерден артық санайды.

**10. Тауық жылы туылғандар.** «Үйкүшік». Үй-үйелменіне қамқор болып, кез-келген адаммен тез тіл табысады, отбасында адал. Ақыл-ойы бір басына жетерлік.

**11. Ит жылы туылғандар.** Мінезі сөзшең, талас-тартыс, дау-дамайға лезде араласып кетеді. Оны өзі де білмей қалады. Алайда ешкімге зияны жоқ.

**12. Доңыз жылы туылғандар.** Оңаша, табиғат аясында, бау-бақшада еңбек еткенді, көңілді кештерге қатысқанды ұнатады. Көп нәрсеге басын қатырмайды, ол жөнінде көп ойланбайды. Отбасында бала-шағасы көп болады.

### **Туған айыңның әсері**

Бір жылда он екі ай бар болса, олардың әрқайсы көктем, жаз, күз, қыс мезгілін білдіреді. Соған сәйкес ол кездегі ауа-райы қалай әртүрлі болса, сол айларда туылғандардың да мінез-құлқы әрқилы. Біз енді сол жөніндегі болжамдарға назар аударалық.

**Қаңтар айында туылғандар.** Шыдамды да жігерлі. Тағдырдың қандай тауқыметін тартса да туған-туыстарына салмақ түсірмейді, барлық ауыртпалықты өзі көтеріп, қайсарлық танытады.

Бұл айда туылған әйелдердің мінезіне тән қасиет: ұяңдық. Алайда олар «еркек мінезді» болып келеді, тәкаппар, еркіндікті сүйетін жандар болғандықтан, мақсаты қай істе де биіктен көріну. Күйеулеріне өлердей ғашық болады, олар қандай жағдайға тап болса да көмегін аямайды, тек мінездері отбасына жайсыздық әкеліп тұрады. Бұл айда туылған әйелдердің ұнататын ісі тәтті тағамдар әзірлеу.

Қаңтарда өмірге келген ерлер әділ де жігерлі. Олар – қиындықта арқа сүйеуге лайықты жандар. Өйткені, тәуекелшіл, шешімді тез қабылдайды,

әлсіздерге қамқор, әйелдерді үнемі құрметтеп сыйлайды. Ерік-жігері мықты, отбасына жайлы болғанымен, мінезінде тәкаппарлық та бар.

**Ақпан айында туылғандар.** Тік мінезді, ұстамсыздық танытатын кездері көп. Мінезі көңіл күйіне байланысты өзгеріп отырады. Жан-дүниесіне тән қасиет: қиындықтардан қорқуды білмеу, тез шешім қабылдау, қандай шығынға батса да, оны өтеген соң қынжылмай ұмытып кету. Бұл айда туылғандар кекшіл, өзін жәбірлегендерді кешіре бермейді, әлсіздерді менсінбейді, үнемі ақкөңілділік, мейірімділік таныта қоймайды. Біреудің арамдығын іштей сезіп тұрса да, білмеген сыңай танытады. Өзі сыйластық танытқан адамы сыйластықпен жауап қайтармаса, ол туысы ма, досы ма, бәрі бір, кейде онымен қарым-қатынасы «қатып» қалады. Негізінен, мұның бәрі осы айда туылған ер адамдарға тән. Олар сұлулықты, тазалықты, әсем әуен, суреттерді, табиғатты сүйеді.

Ақпан айында туылған әйелдер мейірімді де сабырлы, балажан, отбасына жайлы, инабатты. Өзін алдағанды ауыр қабылдап, кешіре алмайды. Басты арманы ұл-қызын жақсы тәрбиелеп өсіру.

**Наурыз айында туылғандар.** Өте сезімтал және әсершіл. Тек сәтсіздіктерге мойығыш, бұл қызметтегі өсуіне басты кедергі. Егерде мойығыш, уайымшылдығын қойып, бірбеткейлік, табандылық танытатын болса, алмайтын асуы аз.

Наурызда дүние есігін ашқан ерлер ақкөңіл, сезімтал болғандықтан не болса сол жандарын жаралай береді. Олар тәуекелшіл емес. Соған қарамастан, қандай қиындық көрсе де, үнемі алға қарай ұмтылады. Атақ пен даңққа ие болса, оны уысында көп ұстап тұра алмайды. Себебі оған мастанып кетеді де беделін әп-сәтте жоғалтып алады. Өзгелердің жоғарылауын, жақсы жағдайларға ие болуын өзінің жеңілісіндей сезініп, іштарлық танытады. Оның бақытсыздығына осы басты себеп.

Бұл айда туылған әйелдер болашағына бал ашқызғанды, құмалақ салғызғанды ұнатады, көріпкелдерге қатты сеніп, оларға баруға құштар. Олар үшін өзінің сыртқы сұлулығы бірінші орында, үй шаруасы екінші орында. Тез ашуланады, көп шығын шығармайды, тәттіні ұнатады.

**Сәуірде туылғандар.** Көкек (сәуір) айында жарық дүние есігін ашқандардың мінезі – қатал. Олар өз мақсатына жету үшін батылдық, табандылық танытады, шешімді тез қабылдайды, өзіне-өзі есеп беріп, қателігін, кемшілігін, жетістігін саралап, салмақтап отырады. Өздерінің тұрмыс жағдайы оларды қатты толғандырады. Бірқалыпты өмір сүргенді қалайды. Ерлер үйленерде сезімнен гөрі есепке көңіл бөліп, үйленгенде жағдайы қалай болады, ол әйелдің басқа әйелдерден артықшылығы қандай, ата-аналары кімдер, әлеуметтік дәрежесі қандай, соның бәрін ой таразасына салады.

Сәуірде туылған әйелдер үшін керісінше, оларға тұрмыс жағдайы басты мәселе болып саналмайды. Олар адамгершілік пен сыйластықты ең бірінші орынға қояды. Күйеуіне, отбасына құрметпен, сыйластықпен қарайды. Ақылдылығы, мінезінің ашық жарқындылығымен көпшілікті үйіріп әкетіп, ұйытқы бола біледі.

**Мамыр айында туылғандар.** Принципшіл, бірбеткей, билікқұмар. Бұл айда туылған ерлер отбасына жайлы, үй ішін толық асырай алады. Қатал мінезді болса да әйелінің шағымын, көз жасын жүрегіне жақын қабылдап, оларды жұбатып, әлсіздерге көмектескіш.

Мамырда дүниеге келген әйелдер кекшіл, өзіне жамандық жасағандарды оңайлықпен кешіре алмайды. Күйеуімен тез ажырасқанымен кейін оған қатты өкінеді. Бұл әйелдерді тұрмыс жағдайы қатты алаңдатады. Жұбайы содан кейін ғана қызықтырады. Сол себепті күйеуі асырай алмаса, тұрмыс жағдайын нәшарлатып жіберсе, оны көп көтере алмай, ажырасып тынады.

**Маусым айында туылғандар.** Уайымшыл, жаны тез жараланғыш, өз істеріне байыппен, сергектікпен қарайтындар. Дарындылық пен алғырлық, мейірімділік мінез-құлқына, бойына тән қасиеттер. Жақындары мінез-құлқын көп тани бермеуі, оларды тұйық санауы мүмкін. Олар туыстарының олай ойлауына жол бергенімен, сырт адамдармен ашық-жарқын қарым-қатынаста болады, шешіліп сөйлеседі. Дау-дамайды ұнатпайды, одан бойын аулақ ұстайды.

Маусымда туылған ерлердің қызмет пен махаббатта жолының болғыштығы – маңдайына жазылған нәсібі. Алайда, олар көрсеқұмар, не болса соған қызыққыш. Содан құмартқан, қызыққанынан тез жалығып шыға келеді. Тазалықты жақсы көреді.

Маусымда туылған әйелдер үй тазалығын сүйеді. Көп уақыты соған кетеді. Әдемі әрі қымбат ыдыс-аяқтарды қалайды. Мереке сайын болмашы бір сыйлық ұсынса да сол адамды көпке дейін мақтап жүреді.

**Шілде айында туылғандар.** Өзімшіл, ұстамсыз, шыдамсыз болып келеді. Тәкаппар, өзін өзгелерге тәуелді етпейді. Алайда дос, жолдас, құрбыларының айтқанынан шыға алмайтын көнбіс.

Бұл айда туылған әйелдер күйеулерін билеп-төстеуге құштар. Қашанда бір нәрсеге көңілі толмай, сол үшін ұрыс шығарып, сүттей ұйып отырған татулықтың, тыныштықтың шырқын бұзады.

Шілдеде өмірге келген ерлер – сенгіш. Кім көрінгенге, не болса соған сенемін деп, өмірде жиі қателеседі. Егерде алғашқы махаббатында жолы болмай қалса, көпке дейін сүрбойдақ болып тірлік кешуі мүмкін. Бірақта олар-барлық сәтсіздіктерге төтеп бере алатын, өз тағдырына өкінбейтін, отбасында анасына қатты жақын жандар. Олардың бойындағы басты ерекшелігі осы. Сондықтанда мұндай шілде айында туылған ер адамға күйеуге тиген әйелдер оның анасын, өзінің енесін ұнатсын, ұнатпасын, оған құрмет көрсету арқылы ерінің көңілін таба алады.

**Тамыз айында туылғандар.** Бірбеткей, қуатты, әсершіл. Жемісті еңбек етеді, кейде аңғал.

Бұл айда дүние есігін ашқан ерлер – сезімтал, айналасындағылардан мақтау күтетін, өзін сынағандарды жек көретін, көбінесе алғашқы отбасы ұзаққа бармайтын жандар. Тұрақсыз болса да әйелін қатты қызғанатын мінезі бар.

Тамызда туылған әйелдер өзіне сенімді, қайратты, тек уайымшыл, үй шаруасына пысық, кек сақтай бермейді.

**Қыркүйек айында туылғандар.** Қызуқанды, әсершіл, мақсат қойғыш, жанжалқой, ақшаны үнемдеп жұмсайтын, өзін-өзі жақсы көретін, есепке өте жүйрік жандар. Үнемі алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жетудің жолын іздестіріп жүреді.

Қыркүйекте туылған әйелдер жұбайынан гөрі өзінің жағдайын көп ойлап, сол үшін қам жейді. Еркіндікті қалайды, шыдамсыздық танытатын кездері көп. Ұйқышыл, сол себепті жұмысқа жиі кешігіп барады. Үйін таза ұстап, тағамды дәмді әзірлеп, үй шаруасын тап-тұйнақтай тындырып тастайды.

Қыркүйекте жарық дүние есігін ашқан ерлер қызғаншақтарды жек көргенімен, өздері қызғаншақ, көрсеқұмар. Жар таңдауда өте сақтық танытады. Көп ақшаны құмар ойынына жұмсап, ұтылып қалса да өкінбейді. Алайда, өзінің рұхсатынсыз әйелі ақша жұмсаса оған ренжіп қалады. Сараң, қарызға ақша сұрап алуың қиын. Тұрмысының жақсы болғанын қалайды.

**Қазан айында туылғандар.** Олар – қарапайым. Бұл олардың басты ерекшелігі.

Қазанда туылған ерлер өтірікке жақын, оның сөзінің қайсы шын, қайсы жалған, сезу қиын. Ақылды да достықты жоғары бағалайтын, қаржымен байыпты жұмыс істейтін, шешімді көп ойланып қабылдайтын, оның алдында ақылды адамдармен сөйлесіп алатын, алайда көбінесе өз көзқарасын дұрыс санайтын адамдар.

Қазанда туылған әйелдер – принципшіл. Сатқындық пен екіжүзділікті кешірмейтін, есте сақтау қабілеті жоғары, өмір бойы шаңырағының шайқалмауы үшін күресетін жандар. Үй шаруасына пысық. Өзін сынағандарды жек көреді.

**Қараша айында туылғандар.** Бұлар – есепке жүйрік, өз тұрмыс жағдайы үшін ұнамсыз істерге де баратын, қасындағыларға сараң болғанымен, соңғы ақшасына қыдыруға әзір адамдар. Содан қаржы тапшылығын жиі көреді, бірақта одан қорытынды шығармайды.

Қарашада туылған еркектердің жүйкесі жұқа болады, тез ашуланғыш, не болса соған шамданады. Тек аңқау, тез алданғыш, соңғы тиынына дейін бере салатын қолы ашық, достыққа адал. Алайда тез достасып, тез ұрысып қалады.

Қарашада туылған әйелдер – тәкәппар, өзін-өзі сүйетін, отбасында өздерін жетекші санайтын, күйеулерімен көп санаса бермейтін жандар. Жар таңдауда ынжық, момын еркектерге күйеуге тиеді. Бала тәрбиесінде қатал, көпшілік арасында көзге түсуді жақсы көреді.

**Желтоқсан айында туылғандар.** Олар – сезімтал және көңілшек.

Желтоқсанда кіндік қаны тамған ерлер ашуланғанда өзін-өзі ұстап тұра алмайды. Содан сәл нәрсеге қабақ шытып, айқай-шу шығаруы мүмкін. Мінезінде ұрыншақтық бар. Жағымсыз жайларға жиі себепкер болады. Бірқалыпты өмірден тез жалығады, қызуқанды, өте нәпсіқұмар, дос-жолдастарының көп болғанын қалайды.

Желтоқсанда туылған әйелдер – ашық мінезді, үйден гөрі түздің шаруасын жақсы көреді. Бала тәрбиесін басты мәселе санайды. Және де олар- сезімтал, қызуқанды, өкпені кешіре бермейді.

**Мақсұтбек Сүлеймен.**  
**(«Инфо-Цес» газеті,**  
**25.12.2009ж).**

### **Айлар сипаты**

#### **Қаңтар қандай ай?**

Қаңтар – күннің «қаңтарылып байланатын», одан әрі тұқырып қысқара алмайтын айы болғандықтан осылай аталған. Бұл айдың түс кезінде Күннің көзі аспанның оңтүстік жағында және сол күнгі ең биік деңгейде тұрады. Күн сайын бұл деңгей өзгеріп отырады. Оның жыл ішіндегі ең биік қалыпта болатын кезі – жазғы күн тоқырау (22 маусым), ең төмен болатын кезі қысқы күн тоқырау (22 желтоқсан).

Қаңтарулы тұрған аттың басы жерге қалай жетпесе, қаңтардағы Күн көзі де одан әрі төмендеп, көкжиекке жақындай қоймайды. Мұны қазақтар баяғыда-ақ байқаған. Қаңтарда күн қысқарып, түн ұзарады. Осыған орай ежелгі түркі тілінде безбен таразысының таяғы да қаңтар деп аталған: безбеннің бір басы көтеріліп, екінші басы төмендеп барып тоқтайды.

Чуваш тілінде оңтүстік жақты және түс уақытын қаңтар деп атайды. Бұл қаңтардың қазақша мағынасына жақын.

**Қаңтардағы ауа-райы:** Күн құлақтанып шықса, не боран соғады, не аяз болады. Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға тиісті. Соған сәйкес біздің ата-бабаларымыз: «Ертеңгі Күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі Күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан», - деген.

**Күннің таласуы.** Қаңтардың алғашқы күніне күннің бой көтеруі сәйкес келеді. Ауа-райы өзгеріп, сырғыма жүреді, қар жауады.

**Қыс шілдесі.** Бұл сары аяз туатын осы айдың соңғы күндері.

#### **Ақпан қандай ай?**

Ел аузында өтіп бара жатқан қаңтар ақпанға мынандай аманатын айтыпты: «Ақпан – Тоқпан, Ай мүйізді алты күн.

Айқайлап соқпа жеті күн.

Қаһарлы келсе қатты күн,

Қырына алса қырық күн.

Боз тоқтыда құйрық қалды,

Қырлан, Ақпан, қырлан!»

Ақпан – «ақ ықпа» сөзінен шыққан. Ақпандағы ауа райы аумалы-төкпелі, құбылмалы. Ақ ықпа сол мағынаны білдіреді. Біздің данагөй бабаларымыз қаңтар, ақпанға мынандай сипат берген:

Қаңтар – аяз айы, ақпан – боран айы.

Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады.

Ақпан – қайталаманың ақ бораны.



Ақпан: «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем», - дейді.

Ақпан алдамшы. Бір бүйірінді қыздырса, екінші бүйірінді мұздатады. Бір қолымен маңдайдан сипап, екінші қолымен маңдайдан шертеді. «Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» айы.

Ақпан тұрақсыз: кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасынды да, шуақты күндері алма-кезек.

Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады.

Ақпан борандайды, келер наурыз – жылауық. Ақпан аяғында аяз айылын жиып, қыс қаһарынан айырылады. «Ақпанда күн ат адым ұзарады».

**Ақпандағы ауа райы:** Ақпан – жылдың қысқа айы. Кейде 28, кейде 29 күннен бітеді. Қазақтар ақпан туралы: «Құт келеді – жұт келеді» деген.

Кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыстың ұзаққа созылуы мүмкін. Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады. Жұлдыз жымыңдаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күнгірттенсе күн жылырақ болады. Қарағаш бұтағына жабысып түспесе, күн жылынады. Салқын және ылғалды болса, келер тамыз – ыстық болады. Айдың соңғы жартысында:

Ауа райы ашық болса, жаз қуаң болады. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты. Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі. Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады. Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Бұл күнгі ауа райы қандай болса, көктем райы сол тақылетті болмақ. Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады. **Бөрі сырғақ.** Айдың аяғында бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршікті сырғақ жүреді, қатты боран соғады, сол кезде қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады, мұны «Бөрі сырғақ» дейді.

### **Наурыз қандай ай?**

Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз – жыл басы, маусымдық бөліністе көктем айы. Ол парсының «нау» - жаңа, «руз» - күн деген, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққан. Көне жұлдыздық есепте оны «үт» деп атаған. «Үт кірді, үсік шықты» - деп, наурызда ауа-райының жылынатынына қуанған.

**Наурыздағы ауа райы:** Халқымыз: «Наурыздың он бес күні құдайдікі, он бес күні кедейдікі», - дейді. Бұл наурыздың алғашқы жартысында ауа райының аумалы-төкпелі болып, қалған жартысында күн жылынып, қыстан қысылып шыққан кедейге кеңшілік болатынын білдіреді. Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеседі. Сол себепті наурыздың бірінші күні (жаңаша 22 - жұлдызы) – Наурыз мерекесі ретінде аталып өтіледі. Наурызда өтіп болмайтын ұзақ күндер – «ұзын сары» келіп, қоңторғайлау қараөзек шақ та туады. Наурызда атан түйені жығар, көктемнің қар ерітер «алтын күрек» өкпек желі, қарасуығы соғады, «самарқанның көк тасы еріп», теңескен күн мен түннен соң күн ұзарады.

**Құс қанаты.** Айдың соңына қарай жыл құстары қайта бастайды, сол кезде қар аралас жаңбыр, суық жел болады. Бұл мезгіл соған сәйкес осылай аталады.

**Аласапыран.** Наурызда қар еріп, жердің лайсаң болатын кезі.  
**Бесқонақ.** Бұл – наурыздың 17-21 аралығында болатын қауіпті кезең. Онда қатты боран –шашын болады.

### **Көкек қандай ай?**

Бұл айда көкек алғаш шақырады. Сол себепті бұл айды көкек деп атаған. Кей жерлерде бұл айды сәуір деп атап, «Сәуір тумай, тәуір болмас», - дейді.  
**Сәуірдегі ауа райы:** Қар еріп, су тасып, күн жылынады. Ағаштар бүр жарады, жерде көк шығады, мал төлдеп, жұрт уызға тояды. Осы кезді халық қараөзек шақ деп атайды. Жылы жақтан құстар ұшып келіп, ұя салады, жұмыртқалайды.

### **Мамыр қандай ай?**

Күнтізбедегі осынау ай аты, яғни мамыр тоқшылық, семіру ұғымын білдіреді. Біз барлық малдың баласын төл деп атасақ, барлық құстардың балапандарының атауы – мамыр. «Ай аты осы сөзден шыққан» деген де пікірлер бар. Мұны ғалым, профессор С.Аманжолов та қостап, жазған-ды.

**Мамырдағы ауа райы:** Күн жылиды, жер бусанады, өсімдіктер құлпырады, мал төлдейді. Құстар ұя салып, балапанын өрбітеді. Мамырда солтүстік аймақтарда көктемгі егіс - дала жұмыстары қызады. Мал өріске шығып, қой қырқу, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталып, бие байланады, қымызмұрындық дәстүрі тойланады.

**Қызыр қамшысы.** Сәуірдің ортасынан аса найзағай ойнайды, жаңбыр жауады. Сол кезді осылай деп атайды.

**Тобылғы жарған.** Сәуірдің соңында 2-3 күнге созылған суық жел соғады, бұл тобылғының бүр жарғанының белгісі.

**Қызыл жұмыртқа.** Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала құстарының балапанын жұмыртқадан шығаруы осылай деп аталады. Сонда 1-2 күнге созылатын суық болады.

**Құралайдың салқыны.** Бұл кезде, яғни, мамырдың соңында болатын суық желде киіктер балаларын (құралайын) өргізеді.

### **Маусым қандай ай?**

Ол жаздың алғашқы айы. Маусым үндінің маусын деген жұлдыз атауынан шыққан. Бізге түркі елдерінің тілдерінен енген. («ҚКЭ», 7 том, 527 бет). Этнограф жазушы С. Кенжеахметұлы: «Бұл атау жаз маусымының басталуына орай шығуы да мүмкін», - дейді. Маусымның тағы бір атауы «отамалы». Бұл жер отының молайып, нәрленгенін, оның малға жұғымының артқанын білдіреді.

**Маусымдағы ауа райы:** Күн барынша ұзарады, түн қысқарады, күн ысып, жаңбыр жауады. Маусым шөп шабуға қолайлы мерзім.

Үркердің батуы. Айдың басында үркердің мүлдем көрінбей кететін кезі. Халық «Үркер жерге түспей, жер қызбайды», - дейді.

### **Шілде қандай ай?**

Илияс Жансүгіровтың «Жазғы шілде» деген өлеңі бар. Онда ақын былайша жыр толғайды:

Шілде, шілдем, шілде айым,  
Шырылдап торғай күн сайын.  
Шұбар ала шешектер,  
Шудаланған көк шөптер.  
Жапырақтар жалпайды,  
Жас қозылар марқайды.  
Ұшты көкек қуалай,  
Сайда пісті таңқурай.  
Кұрт, ірімшік қайналды,  
Кұлындар да байланды.

Ай атауы шілде – парсының «Чіллә», яғни қырық деген сөзінен шыққан (М. Ысқақов, «Халық календары», Алматы, 1980 жыл. 246 бет). Шілде өте ыстық ай, оның ыстығы 40 күнге созылатындықтан, қазақтарда «қырық күн шілде» деген сөз бар. Иә, маусым айының 26 жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейін ауа-райы өте ыстық болады. Содан «қырық күн шілде» ұғымы туған. Бұл күндерді «Ұлы шілде» дейді. Шілденің аңызак, аптап күні – «күн шіліңгір».

**Шілдедегі ауа райы:** Шілденің 20 жұлдызында Таразы (нарық) жұлдызы туып, таң суый бастайды. Сол себепті қазақтар: «Таразыда таң суыйды» дейді.

Қырық күн шілде халық аузында «Суыр» деп те аталады. Сұмырай деген сөз суыр айы деген мағынада. Содан халқымыз: «Сұмырай келсе су құриды», - дейді. Шілде айының тағы бір көне атауы – асад. Үркердің толғағы. Бұл мал-жанға жайлы, үркер туатын шілденің ортасы. Шілденің алғашқы он күнінде:

Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады; Найзағайдың күркіреуі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді; Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады; Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа-райы жақсарады; Көлден тұнба иіс мүңкісе, өткінші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

**Шілденің екінші он күнінде:** Көкек шақыруын тыймаса, жаз ұзаққа созылады; Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі.

**Шілденің үшінші он күнінде:** Аптап басталады; Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады; Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады; Қымыздық бітік шықса алдағы қыс жұмсақ болады; Арша гүлденген кезде шілде аяқталып, тамыз туады.

### **Тамыз қандай ай?**

Бұл айдың аты ежелгі еврейдің «туммуз» деген сөзінен шыққан дейді, этнографтар. Ал бұл сөз қазақ тілінде «сары» деген мағынаға ие. Осыған орай қазақтардың бұл айға қойған тағы бір атауы – «сарша тамыз». **Тамыздағы ауа райы:** Қатты ыстықтан кейінгі саршада үркер туады. Мал – жанға жайлы жаңбыр жауады. Бұл – үркердің толғағы деп аталады. Сары сарша - сарғаяу, жердің құрғап, өсімдіктердің сарғаятын кезі. Тамызда егін піседі.

**Таразының тууы.** Бұл айдың ортасында ауа-райы салқын тартатын, күз нышаны білінетін мезгіл.

### **Қыркүйек қандай ай?**

Күздің алғашқы айы. Бұл ай атауы мал шаруашылығына байланысты шыққан. Қой мен ешкінің төлдеу мерзімін жылдың жылы айларына келтіру, малдың қоңын толықтыру мақсатында жаздың басында қошқарлар мен текелерге күйек байлаған. Ал осы байланған күйек тоқсан күннен соң алынып, аталық малдар еркін жіберілген. Сол себепті қыр қазақтары күйек ағытатын уақытты «қыркүйек» деп атаған. Көне жырларда: Үш ай тоқсан болғанда, Құтылар қошқар күйектен, - деп айтылса, Нысанбай жырау былайша толғайды: Ай үш тоқсан күні еді, Шаруа шешкен күйегін.

**Қыркүйектегі ауа райы:** Күн салқындайды. Шық түседі, шуақты күндері де бар.

**Мизам шуақ.** Айдың екінші онкүндігінде ауа-райы суытқан кезде болатын шуақты, далада мизамдар шұбатылатын күндер.

**Сүмбіленің тууы.** Қыркүйектің соңғы онкүндігінде ауа райы салқындап, су суыйтын кезі. Халық: «Сүмбіле туса – су суыр», - дейді.

### **Қазан қандай ай?**

Бұл айды бозқырау деп те айтады. Ол осы айдағы ауа райына қатысты. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Малшылар күзекке көшетін мезгіл. Бұл кезде бие ағытылып, күздік сойылады. Қазан сөзінің бірнеше мағынасы бар. Қазан – ауыртпалық, «қазан ат» – жауға мінетін ат, қазан – ас пісіретін ыдыс, қазан-үзеңгінің бір түрі, қазан – шолақ зеңбірек, қазан мен қаза - өлім. Бір кездері бұл айда үлкен қырғын соғыс болып, содан ай осылай айтылып кетуі мүмкін.

**Қазандағы ауа райы:** Жаңбыр көп жауып, күн салқын тартады. Кейде қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Пісіп үлгірмеген көкөніс пен егін суыққа ұрынса, халық оны «қазан ұрды» дейді. Қазанда таразы туып, таң суытады.

### **Қараша қандай ай?**

Мал семіретін мезгіл. Ертеде салық малын осы айда жинаған көрінеді. Оны халық «қараж», «қаражшы» деп (қаражат жинаушы деген мағынада) атапты. Содан осы ай атауы қалыптасса керек. Қарашада қысқа шыдай алмайтын малдар сойып алынады.

**Қарашадағы ауа райы:** Күн бұрынғыдан да суытады. Қар түсе бастайды. Бұл – «қарашаның қары». Қарашаның қайтуы. Ол осы айда құстардың оңтүстікке қайта бастауын білдіреді.

### **Желтоқсан қандай ай?**

Қыстың бірінші айы. Бұл айдың атауы «жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан,- дейді этнографтар. Өйткені, желтоқсан үш ай желді

болады деген мағынаны білдіреді. Ежелгі түріктер де бұл айды жел айы деп атапты («ҚКЭ», 12 том, 369 бет, 1974 ж).

**Желтоқсандағы ауа райы:** Осы айда қыс күшіне енеді. Боран соғады. Желтоқсанның 22-інде күн барынша қысқарады. Ол - «күнің тоқырауы».

**Қырбастың қызылы.** Бұл – желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз.

**Текенің бұрқылы (бұрқағы).** Желтоқсанның қатты боран соғатын соңғы онкүндігінде киік текесінің маталуын осылай атайды.

**Максұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

## **ХАЛЫҚТЫҢ АУА-РАЙЫН БОЛЖАУЫ**

Бұрындары үлкен - кішілер бір-бірінен: «Бүгін айдың нешінші жұлдызы?», - деп сұрап жататын. Қазір де олардың көзін көрген, сөзін естіген аға, апаларымыз уақытты осылай сұрап, соған сәйкес жауап алғысы келеді. Тіпті, «Бүгін 31 желтоқсан», - деген жауабына риза болмай, «Отыз бірінші, отыз екінші желтоқсан деген не? Желтоқсан біреу ғана емес пе. Онан да желтоқсан айының 31-жұлдызы деп айтпайсың ба?», - деп кейтін де қариялар бар. Сонда осы сөз тіркесін дұрыс қолданып жүрміз бе, деп ойға да қалады екенсің. Яғни, біздің ата-бабаларымыз бұрындары уақытты Күннің, Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай белгілеген. Мұның бәрі қазақ халқының да астрологиялық есептері, ғылыми қағидалары болғанын, соған сәйкес табиғаттың тамырын ұстап, ауа-райын болжағанын дәлелдейді.

Қазақ жұлдызшыларының өмірге әкелген үлкен жаңалығы мен жетістігі аптаның әрбір күнінің жеке қасиеттеріне анықтама беретін есеп қағидасы - Күн санау. Ол Шығыс елінің ғылымына, Ислам дінінің қағидаларына, жүздеген жылғы халық тәжірибесіне арқа сүйей отырып, қазақ халқының оқымыстылары мен көріпкелдері, емшілері мен жұлдызшылары бірлесе жасап шығарған әр аптаның әр күнінің қасиеттері мен ауа-райының болжамдары туралы нақты тұжырымдамасы.

### **Түрлі өзгерістер мен құбылыстарға байланысты**

Халқымыз жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа-райындағы, табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды алдын-ала болжап, оған ат қойып, айдар тағып отырған. Жылдың он екі айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға сәйкес болжамдар мен атаулар наурыз айынан бастау алады.

**Өліара.** Бұл - екі айдың арасындағы уақыт. Халқымыз: «Өліарада жауын-шашын болса, жаңа ай (келесі ай) жауынды-шашынды болады», - деп, өліара арқылы ауа-райына болжам жасаған. Ол дәлме-дәл келген.

**Амал.** Бір жылдың ішінде ыстық пен суық, қар мен жаңбыр, жел мен боран айналып келіп отырады. Халық оны осылай деп атап, жылдың әр мезгіліндегі өткінші әрі тосын, аз уақытта болып өтетін табиғат өзгерістері мен көріністерін жеті амалға балап, оларды былай түрлеп, түстеген:

1. Күннің тоқырауы. 2. Қарашаның қайтуы. 3. Үркердің батуы. 4. Мұздың қатуы. 5. Киіктің матауы. 6. Қыс тоқсан. 7. Ай тоғамы.

**Құс қанаты.** Наурыз айының соңына қарай жылы жақтан құстар ұшып келе бастағанында қар аралас жаңбыр, суық жел тұрып, ауа райы бұзылады. Оны халық құс қанаты дейді. Бейне бір суық құс қанатымен келгендей.

**Аласапыран.** Наурыз, сәуірде қардың күрт еріп, айналаның лайсаңға айналуын осылай деп атаған, - дейді аталарымыз.

**Бесқонақ.** Наурыздың 17-21 аралығында жауын-шашын болады. Жыл сайын осылай қайталанып тұрады. Бес күнге созылатын суық әрі лайсаң күндерді қазақ бесқонақ деп атап, бұл кездері көшпей, жолға шықпай, сақтық шараларын жасаған.

**Қызыр қамшысы.** Сәуір айының орта кезінен кейін алғаш рет найзағай ойнайды, жаңбыр жауып, жер бусана бастайды. Бұл атаудың найзағайдың жарқылына байланысты қойылғаны анық.

**Тобылғы жарған.** Сәуірдің соңғы күндеріндегі 2-3 күн болатын суық желді осылай деп атайды. Халық осы күннен бастап тобылғы бүршік жарады, өсімдіктер тамыр жаяды, алғашқы көк шығады деп ойлайды.

**Қызыл жұмыртқа.** Дала (су) құстары мамыр айының алғашқы онкүндігінде жұмыртқадан балапан шығара бастайтын мезгіл. Ол 1-2 күнге созылады. Күн суытады.

**Құралайдың салқыны.** Мамыр айының соңына қарай бірнеше күн суық жел соғады. Жер сыз, ықтасын болмаған соң киіктердің төлі орнынан тұрып, енесіне еріп, аяқтанады. Киіктердің төл өргізетін осы мезгілдегі ызғар-құралайдың салқыны. Ақбөкендерге тән қасиет - олар құралайын жетім қалдырмай, енесі жоғын емізіп, бауырына салып, аман сақтайды.

**Үркердің батуы.** Маусым айы туғанда үркер мүлдем көрінбей кетеді. Соған орай осылай аталған мезгіл. Оны үркердің жерге түсуі деп атайтындар да бар. Бұл мезгілден кейін 40 күн шілде басталады. Біздің ата-бабаларымыз жылдың бұл мезгіліне сәйкес: «Үркер жерге түспей жер қызбайды», - деген.

**Қырық күн шілде.** Маусым, шілде айындағы ыстықтың 40 күнге созылатын мезгілі. Сол себепті ол осылай аталып кеткен.

**Үркердің толғағы.** Шілде айының орта кезінен басталатын, мал-жанға қолайлы мезгіл. Бұл кезде үркер туады, жер құрғайды, шөптің буыны қатайды, сарғаяды.

**Таразының тууы.** Халқымыз: «Таразы туса таң суыр», - деген. Себебі, тамыз айының ортасында ауа\*райы суытады, қою бұлт пайда болады, күз нышаны көрініс береді.

**Мизам шуақ.** Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталып, жаңбыр жауып, түнемелік шөп басына шық түскенде, күндіз шуақты сәттер пайда болады. Сол кезде далада ұзыннан - ұзақ мизамдар шұбатылып көрінеді. Соған байланысты қойылған мезгіл атауы.

**Сүмбіленің тууы.** Халқымыз: «Сүмбіле туса - су суыр», - деп те айтқан. Өйткені, қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келіп, суық, жаңбырлы күндер жиілейді.

**Қарашаның қайтуы.** Бұл айда алғашқы қар түсіп, құстар жылы жаққа қайтады. Соған байланысты осылай деп аталса керек.

**Қырбастың қызылы.** Желтоқсанның басында болатын алғашқы аяздың атауы. Қазақстанның солтүстігінде қыс ерте түседі, қатты аяздар басталады.

**Текенің бұрқағы.** Желтоқсан айының соңғы онкүндігінде қазақ даласында қатты боран соғып, киік текесі маталады (ұрғашы киіктерді қашырады). 2-3 күн ішінде маталу толық аяқталатын мезгілдегі осы боранның атауы - «Текенің бұркылы». Оны «Текенің бұрқағы» деп те атайды.

**Күннің таласуы.** Халықтың таным-түсінігінде қаңтардың алғашқы күнінде күн бой көтереді, сол кезде ауа-райы өзгеріп, қар жауады, сырғыма жүреді.

**Қыс шілдесі.** Бұл - қаңтардың соңғы күндеріндегі қыстың күшіне енетін кезі. Сол уақытта сақылдаған сары аяздар туады. Осы аязды уақытты қазақтар «Қыс шілдесі» деп бейнелі түрде атаған. Тек, «Қыс шілдесінің» адамды жылытпайтыны жаман.

**Бөрі сырғақ.** Ақпан айында ат құлағы көрінбейтін борандар соғып, айдың соңында сырғақ пен қатты боранды күндері қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады. Сырғақ - бұршақтан кіші-мұзды қар түйіршіктері. Көнекөз қариялар қасқырлардың жұптасуына орай ақпанның соңғы сырғақ пен боранды күндерін «Бөрі сырғақ» деп атайды.

### **Табиғаттың теңеуі**

Қазақтар табиғаттағы кейбір құбылыстарды теңеулі түрде айтып, оларға қызықты атаулар қойған. Соның ең бастылары:

1. Алтын күрек - көктемде соғатын жылы желдің атауы.
2. Өкпек жел - жазғытұрым соғатын желді осылай деп атайды.
3. Қарасуық - күздегі өңменіңнен өтетін суық күндер.
4. Соқыр жаңбыр - күн шығып тұрғанда сіркіреп жауатын жылы жаңбыр.
5. Қысыр бұлт - түнеріп келгенімен жаңбыр жауғызбайтын бұлттың атауы.
6. Ұзынсары - наурыз айында күннің ұзаруы. Оны халық «Ұзынсары келгенде» деп бейнелеп айтады. Ұзынсарыға байланысты қазақта қызық әңгіме бар...

### **Жан - жануарларға байланысты**

Біздің дана халқымыз жан-жануарлардың мінез-қылығына, іс-әрекетіне қарап та келесі күннің, көктем, жаз, күз, қыстың қандай болатынын алдын-ала болжаған. Бір ғажабы, бұл болжамдардың қай-қайсы да шындыққа айналып, дәл келеді.

Қыста торғайлар ұясына мамық тасыса, күн кенеттен қатты суып кетеді.

Қыстыгүні әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз басталады.

Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса, аяз болады. Аязды күні қанатын желпісе, аяз басылады.

Ит арқасынан түлесе, қыс жайлы, бауырынан түлесе, қыс қатты болады, - дейді.

Құр, шіл қардың астына тығылса, ұзамай боран басталады, - деп болжам жасалады.

Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді... Қыста қаздар қаңқылдаса, күн жылиды, аяқтарын бауырына тығып жатса, күн суытады немесе боран ұйытқиды, - дей беріңіз.

Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауын-шашынды болады деп күткен жөн.

Қарлығаштар аспанда самғап, биік ұшса - күн ашық, төмендеп ұшса - жаңбыр жауып, жел тұрады.

Қатты жел, дауыл алдында құмырсқалар әбігерленіп, мазасызданады.

Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса боран немесе дауыл тұрады.

Қараторғайлар топтана ұшып, аспанда неше түрлі қимылдар жасаса, күз ұзаққа созылады.

Егер қой тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды болады.

Қой тісін қайраса, боран немесе дауыл соғуға тиіс.

Мысық пешке тығылса - аяздың алды, ит аунаса - жаңбыр жақын.

### **Табиғатқа байланысты**

Халқымызда жұлдызшылар да, табиғат тамыршылары да аз болмаған, қазір де бар. Олар әрбір күннің атуы мен батуына ай мен жұлдыз, күннің қалай көрінуіне, тіпті қардың қалай түскеніне сәйкес те алдағы ауа-райынан хабардар болып отырған. Оның ел есінде сақталған түрлері мен тәсілдері көп. Соның бір тобы мынандай:

Жауын немесе боран жұма күні басталса, ол келесі жұмаға дейін басылмайды.

Қыста күн құлақтанса, ол - қатты аяздың белгісі.

Жазда күн кенет ысып кетсе, көп ұзамай жаңбыр жауатыны белгілі.

Жазда құйын көп болса, қыс боранды. Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы.

Күн бұлтқа батса, келесі күн жауын-шашынды.

Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады, - деп ырымдайды.

Батар күн қызыл шапаққа малынса, келер күн жазда ыстық, қыста жұмсақ болады.

Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады, шетінен ыдыраса, күн жылынады.

Қызара батқан күн - желдің, ашық сары болып батқан күн -жаңбырдың белгісі.

Ай қызыл түспен қораланып, сол шеңбер кеңейіп барып жоғалса, келесі күн ашық болады. Осындай екі шеңбер немесе күңгірт бір шеңбер көрінсе, ол - қатты суық болады деген хабар.

Желсіз түні түгін жерге қарай шалқыса, қыста - қар, жазда - жаңбыр жауады.

Қораланған күннің шеңбері тар болса, ауа райы тез бұзылады.

Көктемде жауған қар үстіндегі құмалақ батып кетсе, көктем ерте туады, батпай тұрса, көктем кеш туады.

Наурыз күні қар жауса, ол жылы жақсылық көп.

Көктем туғанда таң шашырап атса, ол жылы молшылық, береке көл-көсір.



Суық күні терезе әйнегі мен жақтауы терлесе, күн жылынады, жазда терлесе, ауа-райы бұзылады.

Шолпан жарқырап туса, егін, шөп, жеміс бітік шығады.

Жазда жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық. Қыста жарқырап көрінсе, келер күн аязды.

Ай қораланса, жаз жаңбырлы, қыс қарлы, боранды. Күн қораланса, қар қалың жауады.

Қыста кемпірқосақ туса, жыл берекелі, жайлы, мал төлді, егін, шөп бітік, қуаныш көп болады, - деп жориды.

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

## **IX тарау**

### **Аталардың ақылы, даналардың нақылы**

**Мүде хан**  
**(шамамен б.д.д. 230—174 жж.)**

Біздің көбіміздің "түп тегіміз түрік" дегенді тарихи нақты дерек арқылы танымай, тек түйсік арқылы сезініп, бағзы заманда өмір сүрген, гректер скиф деп, парсылар сақ деп, қытайлықтар хунну деп, әрқайсысы өздерінше ат қойып, айдар таққан байырғы көшпелі халықтардың ұрпақтарымыз деп келеміз.

Мұсылман тарихшыларының (Рашид ад-дин, Хондемир, Әбілғазы Баһадур ж. б.) моңғол, татар және қытай тарихшыларының (Сыма-Цянь, Бан Гу ж. б.) жазатын хунну, бунху халықтарының тарихындағы деректердің бірегейлігін, сонымен бірге көне қытай тілінің аса жетік білгірі, чуваш халқының перзенті Н. Я. Бичуриннің қытайша "хунну" - кекшіл құлдар, "дун-ху" - шығыстағы жабайылар деген мағына да береді деп түсіндірмесін ескермеске болмайтынын баса айту керек сияқты.

Мүде біздің жыл санауымыздан бұрынғы 209 жылы, өзін өлімге байлаған әкесін өлтіріп, 18 жасында хуннудың ұлы ханы – шаньюи (тәңірқұты) болады.

Сол кездегі далалықтардың заңы бойынша көрші елдер бір-біріне тұтқиылдан шабуыл жасамай, белгілі бір себеп тауып, соны сылтау қылып барып соғыс ашатын дәстүрі болған.

Осы дәстүр бойынша дунху ханы Мүдеге елші жіберіп, хунну елінің мақтанышы болған Цяньлима деген тұлпарын сұратады. Ондағысы хуннулар тұлпарды бермейді, соны сылтау қылып соғысу еді. Бірақ оның бұл ойы болмай қалады. Жас хан кеңесшілерінің бермейік дегеніне қарамай, тұлпарды дунху елшілеріне жетектетіп жібереді.

Бұл әрекетінен ештеме шықпаған дунху ханы хуннуға қайта елші жібереді... Бұл жолы ол Мүде ханның жаңадан ғана үйленген сұлу әйелін сұратады. Бұл далалықтар естімеген қорлық еді. Ол үшін соғыспау мүмкін емес. Хан уәзірлері: "Ел естімеген бұл қорлыққа төзуге болмайды. Соғыс ашып, дунхулардың күлін көкке ұшыру керек", — деп кеңес береді. Бірақ жас хан бұл жолы да уәзірлерін тыңдамай, желегі әлі алынбаған жас келіншегін дунху елшілеріне ертіп жібереді.

— Хунну ханы — есек, тынымсыз ұра беруді қалайды, — деп бөскен дунху ханы шаршап келген елшілерінің еңтігін бастырмай, кері қуады. Бұл жолы екі елдің арасында жатқан, көптен мал тұяғы тимеген мол жерді сұрайды. Мұны берсе, хуннудың шекарасына кіру деген сөз еді.

Мүде уәзірлерімен ақылдасады. Ел мақтанышы тұлпарды, қойнындағы әйелін сөзге келмей беруге келіскен ханды жігерсіз, намыссыз санаған олар, иесіз жатқан жерді бермейді деймісің дейді де, бәрі бір ауыздан беруді қолдайды.

- Жоқ, - дейді сонда Мүде ышқына айқайлап. - Жоқ! Жер берілмейді. Жерді беру деген не сұмдық! Жер деген елдің тірегі емес пе! Жерсіз ел бола ма?!

Сендер күні кеше хуннудың бір биесі құлындаса, орны толар, сырты түк, іші бөк бір ат үшін, хуннудың бір әйелі босанса, орны толар, бір әйел үшін -

дунхумен соғысайық деп елірдіңдер. Соғыспағаным үшін мені намыссыз санап, жек көрдіңдер. Ерік берсе, қолдарыңда билік болса, мені түтіп жегілерің келді.

Ал бүгін елді ел етіп отырған жердің тағдыры таразыға түскенде, еш қиналмай-ақ берейік дейсіңдер. Кәне, айтыңдаршы, қай биенің құлындап, қай әйелің босанып жер табады?

Жер — елдің асыраушысы. Асыраушысынан айрылған ел ел ме еді?! Жерді беру - бүгінгі тоқтығына бола, қашан өзі өлгенше хуннудың қарны қайта ашарын ойламаған тоғышарлардың ісі. Жерді беремін деушілер — ұрпақтың жауы. Жауға аяушылық жоқ.

Өлім!

Қасиетті Жер-ананы бөгделерге берейік дегендердің бәрінің басы алынсын!

Қасиетті Жер-ана үшін өлім - ақ өлім! Жер берілмейді, дунхумен соғысамыз!

Хан шешімі елшілерге жарияланады. Солардың көз алдында жерді берейік деушілердің бәрінің басы алынады.

Хуннудың қаптаған қалың әскері дунху жерін дауылды күнгі өрттей жайпап өтті.

Хандық қадамын осылайша жер үшін соғыстан бастаған Мүде хан қашан өзі өлгенше хуннудың қарыс жерін жауға берген жоқ. Одан үлгі алған кейінгі ұрпағы да туған жері үшін талай қырғын соғыс жасады.

**(«Дала даналары» кітабынан алынды).**

**Еділ (Аттила)  
(шамамен 410—453 жж.)**

Аттила - әйгілі Хун империясының королі. Оның барлық өмірі мен қызметі Еуропа жерінде өткен себепті және Хун мемлекетінің керемет күшеюіне байланысты адамзат тарихында ерекше орын алады.

Еуропа тарихшылары Аттила тарихын мұқият зерделеуге байланысты бүкіл хундардың тарихын, мәдениетін, өнерін және адамзат тарихында олардың алатын ерекше орнын да зерттеуге мәжбүр болды.

Оның есімі Аттила деп сол кездегі латын тілінде, яғни Рим империясының мемлекеттік тілінде айтылғандықтан, тарихта осы ат қалыптасты. Алайда, оның есімін әр халық әртүрлі атайды. Мысалы, Хун ордасымен тығыз байланыста болған герман тайпалары тілінде оны Еціл, дат тілінде Артала, испан тілінде латынша негізімен Атила, қытай тілінде Әтил, қазақ тілінде Еділ деп аталады. Әрине, Аттила есімінің негізі Еділ (орысша Волга) өзені атымен байланысты, себебі, ол кездегі түркі тілінің бірі болған хун тілінде Ател деп осы өзенді айтқан. Ал хун тілінде Днестр (Истра) өзенін "Уар" әлде "Вар" деп атаған.

II ғасырда Каспий өңіріндегі Еділ мен Жайық ортасында жаңа шаңырақ көтерген Хун ордасы үлкейіп, IV-Ү ғасырларда Қара теңіз жағалауын және Еуропаны түгелге жуық бағындырған.

Еуропада Түркия мен Венгриядан басқа мемлекеттердің ғалымдары арасында Хун ордасы мен Аттила туралы екіжақты көзқарас қалыптасқан. Біріншісі — хундар мен Аттиланьң адамзат тарихындағы орнын бұрмалап, жамандап, неше түрлі жауыздықтарды ойдан шығарып жазатындар. Бұл, әрине, христиан діні әсерімен туған көзқарас.

Алайда, шындықты жазып, хундар мен Аттиланьң адамзат тарихындағы орнына әділ бағасын берген зерттеушілер де баршылық. Бұлар - екінші көзқарастағы зерттеулер.

Аттила мемлекет басына келгенде, 433 ж. Хун империясына Римнің бірнеше провинциясы қарайтын еді. Ал 375 жылға дейін Қара теңіз жағалауындағы ертеден келе жатқан Скиф мемлекеті, алан-сарматтар және герман тайпалары: остгот, гепид, герул, скир тайпалары бағынған еді. Сол кезден бастап Рим империясымен қақтығыстар басталған болатын. Хундарға бағынбай кеткен вестготтар 375 жылдан бері Шығыс Рим жерін паналаған. Бұдан былай хундар Римнен гөрі герман тайпаларымен көп соғысты.

Хун империясын Ругила басқарған кезде Паннония провинциясы құрамына кірді және соған хун астанасы көшірілді. Осынау үлкен провинция сол кезден бастап, әлі күнге дейін Хунгрия деп барлық халықтар тілінде аталады, тек орысша ғана Венгрия...

Жас кезінде Аттила Римде білім алды және Рим мен готтар әскерлерінің тактикасын жетік білген.

Герман тайпаларын бағындырып жүрген кезде, Аттила Бургундия ханшасы Идилка атты қызға ғашық болып қалған еді.

453 жылы Идилкаға үйленген соң Аттила, яғни Еуропаны түгелдей бағындырған хун королі кенеттен қайтыс болды.

Оның артында жеті баласы қалған еді. Олар: Эллақ, Денгизик (Теңіз), Емназар, Ұзынтұра, Өте, Есқалма, Ернақ (Ирнақ). Үлкен баласы Эллақ белгілі қолбасшы, Еділ — Жайық пен Днепрге дейінгі Акацир өлкесін, яғни аксиирлер тайпасы елін, яғни өте үлкен территорияны билеген және Аттила тірі кезінде оны өзінің мұрагері етіп белгілеген.

Оның шәкірттері ішінде тарихта аты қалғаны Одоакр Едігеұлы 476 жылдан 493 жылға дейін Италияны жалғыз өзі биледі.

Аттила - адамзат тарихында ерекше орын алған ірі тұлға. Бұл туралы француздың белгілі тарих зерттеушісі А. Тиерри (1797—1873) өзінің "Аттила және оның мұрагерлерінің тарихы" (1856 ж. Париж) атты кітабында: "Адамзат тарихындағы Аттила есімі А. Македонский мен Ю. Цезарь қатарынан орын алды", — деп толық мінездемесін берді.

**(«Дала даналары» кітабынан алынды).**

**Ұлы ханның көшбасылық жайындағы өсиеттері мынандай:** «Біз, ғұндар басқарудың әр сатыларының бәрінде дарын қабілеті мен шеберлігі жағынан өзгелерден асып туған басшыларды ғана тағайындауымыз керек. Мықты басшы бір күнде пайда болмайды. Әр ғұн өзін өмір бойы шәкірт санап, барлық білім бұлақтарынан үздіксіз сусындасын. Біздің ұлт өмірлік дағдымен машық болып қалыптасатын шеберлікті меңгеру үшін адалдық пен батылдықты қастерлеуге тиіс. Әділетсіздікті түп тамырымен жойып отырмаса, ол үнемі жамандықты шақырумен болады. Басшы адам жалғыздықпен, сенімсіздікпен, қарсылықпен, келеке мазақпен үнемі бетпе-бет жүздесіп отыратындықтан төзімділік, сабырлылық аса маңызды.

Алға жетелейтін арманың болсын. Биікке ұмытылмайтын, асқақ армансыз жауынгерді қанша қабілеті болса да басшылыққа қоймағын. Ішкі ерік күшің берік болсын. Басшылықтың қай сатысында болсын, ел серкесі қиындықтың алдында тізе бүгуге, сенімін жоғалтуға болмайды. Алысты болжап, ауыр жүкті тастамай көтеріп алып шығуға қабілетті болсын. Оған деннің саулығы, білектің қара күшінен бұрын ішкі жан-дүниенің қуаттылығы маңызды. Басшы біреуге ұнау емес, мойындалуы тиіс және өзгенің жайын жақсы түсінетін, терең сезінетін болуы керек. Жат жұрттың мәдениетін, сенім-нанымын, салт-дәстүрін сезініп, түсінетін, бағалайтын адамгершіліктің болғаны абзал.

Әр басшы шешімшіл болғаны бек жақсы. Қашан қозғалуды, қашан бөгелуді, ахуалдың барлық қырларын сезе отырып тез әрі дұрыс шешімді дер кезінде қабылдай білу. Күмәнданып, өзіне сенбей істі кейінге қалдыру артынан ергендерді адастырады және жауға жем етеді. Келешекті болжай білудің орны ерекше. Қолбасшы байқағыш әрі түйсікшіл сезімталдығымен әрекеттің жемісі мен салдарын алдын ала болжай білуі шарт.

Уақыттың құнын білу басшы үшін ат басындай алтынмен тең. Шешім кешікпей, озбай дер кезінде қабылдануы керек.

Бәсекелесу қабілеті мығым болсын. Басшының ішкі арман-мүддесі жеңуге ғана бағытталады. Үнемі жеңіске жету мүмкін болмаса да сын сағатта жеңуді талап еткін. Басшының өзіне деген сенімі зор болғай. Көшбасшы парызын,

міндетін орындағанда өзіне сенімі аз болса, кейінгілерге оның әлсіздігі дереу байқалады. Басшы өзінің де, қол астындағы жандардың да іс-әрекетін кім болса да түсіндіре алатын болуы тиіс. Әрдайым қолыңмен жасағаныңды мойныңмен көтергін. Сөзің мен ісің досқа да, дұшпанға да сенім ұялатсын, Сенімсіз басшыда ықпал болмайды: Мақсатқа жететін күш пен тұрлаулы табандылық болсын. Сақты сындыруға, алданып арбалуға бой ұрмағын. Елге сүйеу болу үшін сенімнен өзің шыға білгін, өзгеге оны жүктей алғын. Жұртты артыңнан ерту үшін оларды аялай біл. Өзіңе бағынышты қарапайым жандарды ешқашан қорлама, қатесі болса кешіре біл, жасып жүрсе жігерлендір. Жазалауға асықпа, оны шарасыз кезде ғана еріксіз қолдан.

Басшы ешқашан отбасы, ошаққасы деңгейіндегі ұсақ-түйек іспен айналыспауға тиіс. Басқарушы тұлға ұстамды, өзіне сенімі нық, игіліктен үмітін үзбейтін көреген болса, жеңілсе де мойымайды, бар мүмкіндікті пайдалана білгеніне риза қалпында қала береді. Жеңімпаз болу үшін елден оқшауланудың қажеті жоқ, керісінше, сенімге селкеу түсіретін дүлей күштерге тосқауыл болатын әлеуетті қуаттың, қажымас қайраттың, айнымас арманның, жасымас жігердің, қайтпас сенім мен қайсарлықтың орны айырықша. Өз мүмкіндігін толық пайдаланбаған адамды ешқашан ынталандырма, оған сый-сияпат жасама. Өзің жауаптанған ісің үшін өзгені жазғырма. Ал, жан аямай еңбек етіп елге мол табыс әкелген адамға өзіне лайық ақысын дер кезінде беріп, топ алдында мадақта».

**Қуандық Шамахайұлы,  
ҚР мәдениет қайраткері, филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент.**

**Анахарсис  
(шамамен б.д.д. 620-555 жж.)**

Ел аузында сақталған аңыз мәліметтері, халықтық таным қазақ шешендік өнерінің түпкі негізін, қайнар-бастауын ноғайлы дәуірінде өмір сүрген Майқы биден таратады. Бұл пікірдің бірден-бір басты негізі — халық жадында ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жеткен "Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би" деген қанатты сөз. Халық танымында хатталып қалған бұл ұғымды бүгінде сөз өнері туралы ғылым да жоққа шығармайды. Алайда, қазақ шешендік өнерінің қайнар-бастауын, оны жасаушылардың байырғы өкілдерін анықтау барысында, Майқы биден арғы заманға көз салып, біздің заманымызға дейінгі ҮІ ғасырда жасаған скиф ханзадасы Анахарсистің сөз өрнегіне, өмірі мен өнеріне көңіл аудармайтын болсақ, онда бұл қазақ шешендік өнерінің тарихы үшін де, оның байырғы өкілдерінің рухани мұрасы алдында да үлкен айып болар еді.

Көне дәуір ғұламаларының еңбектерінде Анахарсистің бірқатар шешендік сөздері сақталған. Лукиан Самосатский "Скиф немесе қонақ" атты шығармасында Скифиядан Афиныға келген Анахарсис пен Токсаристің өмірі жайында мәлімет қалдырған.

Афина ғұламасы Солон айтқан екен: "Афинылықтар, мен сендер үшін әділетті заң жасадым, оны өздерің үшін де, мемлекет үшін де өте пайдалы деп есептеймін. Ал мына жат елдік азамат, Анахарсис, скиф бола тұра, ақылға бай әрі дана. Ол менің көзімді ашып, ойымды байытты, көптеген пікірлерімді басқаша пайымдауға көмектесті, толып жатқан кеңес беріп, білім мен пайдалы іске үйретті. Сондықтан да бұл азаматты ел үшін де, мемлекет үшін де құтты, қайырлы деп санап, оның мүсінін мыстан құйып, ең бір құрметті жерге халық қалаулыларымен қатар қойыңдар!".

Солон Анахарсистен Скиф даласының әдеті мен салтына, дәстүріне, тарихына қатысты мол мағлұмат алады. Анахарсис Солоннан афинылықтардың өмірі, мемлекет құрылысы, заңы туралы көп нәрсеге үйренеді.

Бірде Крез патша данышпандарды қабылдап, байлығы мен салтанатын көрсетіп болған соң, әңгіме бастайды. Анахарсистің таным деңгейін, білім дәрежесін байқамақ ниетпен сөз арасында оған сұрақ қойып отырады. Бірде патша: "Жан біткеннің қайсарын кім деп ойлайсың?" - деп қалады. Сонда Анахарсис: "Жан біткеннің қайсары - дала тағысы, өйткені олар бас бостандығы үшін қайыспай жан қияды", - деп жауап береді. Әңгіме желісін одан әрі қарай созып: "Жан біткеннің әділеттісі кім болады?" - деген патшаға скиф ойшылы тағы да дала тағысының қасиеттерін негізге алып тіл қатады: "Жан біткеннің әділеттісі - дала тағысы, өйткені олар заңға табынбайды, табиғат талабын ғана мойындайды. Табиғатты Құдай жаратқан, ал заң — адам ақыл-ойының туындысы. Адам орнатқан заң тәртіптеріне табынғаннан Құдай жаратқан табиғат талаптарын мойындаған әлдеқайда әділетті, патшам".

Тәрбиесі де, ортасы да, ойлау жүйесі де басқа Крез патша Анахарсистің сөзін іштей місе тұтпай: "Данышпандардың данышпаны да сол сенің түз тағыларың болып жүрмесін?!" - деп, сұрағына әжуа, мысқыл араластырады. Патшаның көңілінде қандай құйын көтеріле бастағанына қарамастан, Анахарсис өз ойын қалауынша сабақтап, өз шындығын айтады: "Иә, дәл солай. Өйткені,

табиғаттың, Құдайдың заңын адамдардың заңынан жоғары санау - данышпандықтың басты белгісі".

Анахарсис айтуы бойынша, жан біткеннің қайсары да, жан біткеннің әділеттісі де, жан біткеннің данышпаны да дала тағысы болып шығады. Бұл жерде далада туып-өскен, дала тәрбиесін алған әрі сол даланы жан-тәнімен жақсы көретін адамның көңіл күйін аңғару қиын емес.

Элииндердің бір данышпаны Анахарсистен адам бойындағы әрі жақсы, әрі жаман нәрсені көрсетуді сұрайды. "Ол - тіл", - деп жауап қайтарады. "Кісінің жауы не?" - деген сұрағына, ол: "Кісінің жауы - өзі",- деп жауап береді.

Әңгіме бағыты патшаның атақ-даңқы мен абыройын асыратын қасиеттер жайына ойысқанда, жеті данышпанның әрқайсысы бір-бірден пікір айтады.

**Солон:** "Патшаның атақ-даңқы ол өз билігін халықтық билікке айналдырғанда ғана артады".

**Биант:** "Оған қоса заңға бағынудың үлгісін бірінші өзі болып көрсететін болса".

**Фалес:** "Өз ажалымен өлсе және асарын асап, жасарын жасап өлсе, билеушінің бақыты деген сол".

**Анахарсис:** "Оған қоса барша жұртының ішіндегі жалғыз данагөй жалғыз өзі ғана болып жүрмесе".

**Клеобул:** "Оның үстіне өзіне жақын жүргендердің сөзіне ермейтін болса".

**Питтак:** "Қоластындағы жұрт одан қорықпай, ол үшін қорқатын жағдайға жеткен болса".

**Хилон:** "Әкімнің ісі — өлетін нәрсе туралы ойлау емес, өлмейтін, өшпейтін нәрсені ойлау".

Шынында да билеген жұртының ішіндегі жалғыз ақылды адам патшаның өзі ғана болса, онда оның атақ-даңқы мен абыройын, ақыл-парасатын кім танып, кім бағаламақшы...

Плутархтың еңбектерінде де Анахарсистің ойы мен сезімі, ойлау және сезіну табиғаты шынайы берілген.

Анахарсис айтқан екен: "Тіліңе, құлқыңыңа, нәпсіңе ие бол".

Анахарсис өлер алдында мына сөздерді айтқан екен деседі: "Қызыл тілімнің арқасында жат елден аман кетіп едім. Отаныма келіп, көре алмаушылардың қызғанышынан мерт болдым".

Анахарсистер саласында еңбектеніп жүрген ғалымдардың болжауынша, ол скиф және эллин халықтарының өмір-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, кәсібі туралы 800-ден астам шешендік сөз, толғау қалдырған. Сондай-ақ, антикалық дәуір әдебиеті нұсқаларында оның түрлі жағдайда, түрлі тақырыпта жазған 10 хаты сақталған.

Анахарсис туралы Геродат және одан кейінгі жетпіске жуық ғұламалар ой айтқан. Олардың ішінде: Эфор, Диоген, Плутарх, Платон, Солон, Эзоп, т.б.

Анахарсистің анасы – грек қызы болған.

**Майқы би**  
(б.з.д. 178-б.з.89)



Майқы би Мәнұлы б.з.д. 178 жылы туып, 85 жасында дүниеден қайтқан. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін қанатты сөз осы кісіден қалса керек. Үйсін мемлекетінің бас биі, аталы сөз, әділ билік иесі, теңдесі жоқ шешені болыпты. Алдағыны болжап білетін көреген де кемеңгер, әулие кісі делінеді аңыздарда. Ол кездері Майқы бидің қол астына шығысы – Тарбағатай, терістік жағы – Көкше теңіздеріне дейін, батысы – Шу алқабы, оңтүстігі – Үйсін тауларына дейінгі кең-байтақ дала қараса керек. Бұл елдің орталығы Үш Қараш тауының түбіне орналасқан Шығу шаһары екен.

Адам бақсаң – атаң бақ,  
Көз жұмар, сапар аттанып.  
Сөз білген атақ-атаң-ақ  
Айтқаны қалар жатталып.  
Күйгелектің тез күні өтер,  
Ол қартайып, шал болмайды.  
Түйе-түлік шыдамы мол,  
Бір шөккен соң, мал болмайды.  
Келіні кер кемпір-шалдың,  
Көрер күні, жазы болмас.  
Жегжат берер бекер пұлдың,  
Көбі менен азы болмас.  
Құлақ жарар шәңкіл әуен,  
Тыңдағандай сазы болмас.  
Ұрыс көрген ұл мен қыздың,  
Мінезінің мәні болмас.  
Жілік жесең біреуден,  
Сақта оған жамбасты.  
Басыңа іс түскенде,  
Жамбастан ол танбасты,  
Болмаса егер албасты.  
Тыныштық бер балаға,  
Қазымыр болма, шал болсаң.  
Көз шырымын алған жөн,  
Ақылың кетіп, дал болсаң.  
Шаруадан тыс қаларсың,  
Бәрің бірдей сал болсаң.  
Тағы бір жағым тор болар,  
Көргенің одан сор болар.  
Үндемей үңгір ішінді,  
Көз жасың сонда сорғалар.  
Көрдім талай қытайды,  
Көңілім одан жұтайды...  
Іші-тысы қараңғы,  
Жымиып тұрып тұтайды.  
Құтылған соң шүршіттен,

Құтылған соң барып мал-жаным  
Байыды, байсал құтайды.  
    Болғанда ақырзаман саулайды жел,  
    Тоқтыға мың қарабас бір қозы тел.  
    Тоқтыны мың қарабас еміп тұрып,  
    Зарлайды тоймадым деп, пәруәрдігер.

Болғанда ақырзаман су тартылар,  
Жігітке қарап тұрған қыз артылар.  
Көз жұмсам һәмме бүлік көріп тұрам,  
Бұдан соң қалай көңіл шарты болар.  
    Әлі заман өзгерер,  
    Өзгергенін көз көрер...  
    Мінгенің арба болар,  
    Бар құс қарға болар.

Жансыз арба – ат болар,  
Өз балаң өзіңе жат болар.  
    Темірден құс болады,  
    Ұрпағымның көргені сұс болады.

Адам басы ауырып дақ шатылар,  
Базарында сұйылып сүт сатылар  
    Иекке тиер қызыл аз болар,  
    Адам шаштан айырылып, таз болар.

Еркек билік тұл болар,  
Сиыр пұл болар.  
Еркек жасып, и болар,  
Қатын тұлданып би болар.  
    Он бесте азуыңды аршырсың,  
    Тумысыңнан тамаққа таршырсың.  
    Баққаның өсек сөз болар,  
    Қатының өзіңе көз болар.

Тастан аяқ болар,  
Балық саяқ болар.  
    Сары судан ас шығар,  
    Балаң өзіңе қас шығар.  
    Жер тақыр болар,  
    Жұрт пақыр болар.  
    Осындай қилы заман болар,  
    Енді төрт мың жылда,  
    Дүние тамам болар.

Береке түбі-бірлік,  
Жеңіліс түбі – шерлік,  
Жеңіс түбі – ерлік.  
    Қырдың гүлі азайса,  
    Тікенге қонар бұлбұл құс.

Тікен ада болған соң,  
Құс та көзден бұл-бұл ұш.  
Қатының жаман болса егер,  
Қонағың сыйсыз кетер.  
Келінің жаман болса ше,  
Астынан танау міңгірлеп,  
Күңкілмен күнің өтер-ді.  
Ұл жаман болса ұрыншақ,  
Сүргенің өмір бекер-ді.  
Ауыр қайғы бөлісу –  
Ағайынның парызы.  
Сайрап жатыр шешеннің,  
Салып бір кеткен сара ізі.  
Бәрінен де жаман-ды,  
Ағайынның аразы.  
Тұлпардан тұлпар туар,  
Сұңқардан сұңқар туар.  
Асылдан асыл туар,  
Жалқаудан масыл туар.  
Масылдан мал бақпас туар,  
Тілазардан қылжақбас туар.  
Таздан жарғақ бас туар,  
Кедейден мал бақпас туар,  
Соқырдан көрмес туар,  
Сараңнан бермес туар.  
Мылжыңнан езбе туар,  
Қыдырмадан кезбе туар.  
Ер арыса, аруақ болар  
Ат арыса, тулақ болар.  
Бала жүрсе – бекір,  
Шал тынықса, қунақ болар.  
Қорқу тегі – қомағай,  
Құйын тегі – толағай.  
Құйындай соққан дүниенің  
О, дариға, шолағы-ай!

**Тоныкөк**  
**(Шамамен 646 – 731 жж.)**

**«Тарихшы Ма-Шаңшудың айтуынша,  
осы Тоныкөк Алтайдағы Қара Ертісті  
мекен еткен қарлақ елінің Сабек  
тайпасынан шыққан адам»  
Н.Мыңжанұлы.**

Көшпелілердің ұзын-сонар тарихында «егеулі найза қолға алып, еңку-еңку-еңку жер шалып», жауынгерлік жігерімен, жалынды сөзімен елінің әрі батыры, әрі көсемі болған дала даналары аз емес. Алайда, сол дана абыздардың арасында әлем тарихына өшпес атақ-даңқын қалдырып, ақыл-парасатына, қол қайратына, көрегендігіне табындырып, ел-жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқа жыр ғып қашап, мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөктей тұлға жоқ. Қазақ тарихында "Ақтабан шұбырынды" тұсындағы Абылайдың ақылгөйі Бұқар жырау ғана ұлы баба абызды еске салады.

Көк түркіні көгертіп, ел бастаған, көкірегі халқы үшін қыз-қыз қайнаған қасиетті Тоныкөкке исі көшпелі халық, мұқым түркі қауым қарыздар.

Елтеріс, Қапаған, Білге қағандардың ақылгөйі, Күлтегін оғланның батагөйі болған Тоныкөктей ғұлама болмаса, шындығында да, түркі жұрты ел болып, есін жиып, еркіндік алмас еді. Ол өз өмірін, арман-мұратын сымтастың өзегіне ойып жазып кетті. Сол дастанның бірінші жолында өзін: "Білге Тоныкөк — мен өзім, табғаш елінде тәрбиеленіп өстім. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді", — деп таныстырады.

"Тоныкөк — Білге қағанның қайын атасы және әйгілі әскери маман. Ол жас кезінде 13 жыл Жүнгоның (Қытайдың) астанасында тұрып, тәрбие алған. Ол осы ескерткішті 716 жылы өз қолымен жазған. Тоныкөк қайтыс болған соң, бұл ескерткіш оның моласының басына қойылды...

Тоныкөк білге 716 жылы Күлтегінге қолбасшылықты аманатқа тапсырғанда 70 жаста болатын.

Төрт қағанды қолынан өткізген Тоныкөк елу жыл бойы жорықта жүрген және ол қатыспаған бір де бір шайқас, ол билік айтпаған бір де бір құрылтай жоқ. (Табғаштармен жиырма жеті рет, құтондармен жеті рет, оғыздармен бес рет соғысқан).

Дана Тоныкөк Қапаған қағанның пәрменіне үш рет қарсы шығып, үшеуінде де туған халқының абыройын асырып, мерейін үстем етті. Үшеуінде де жас оғландар Білге мен Күлтегін ұлы ұстазының қолтығынан демеді. Кейін Күлтегіннің ерлігі аңызға айналды. Қапаған қаған осыдан кейін Тоныкөкті биліктен шеттете берді. Бірақ, Тоныкөк тоқсан жасап, 727 жылы Білге қағанның тұсында төбе би боп, ата жауы табғаштардың түркілерге тағзым етіп, алым-салық туралы жіберген елшісін қабылдап, төрелігін айтты. Елін ел етіп, қағанын қаған етіп, барша мұратына жетіп барып, асыл абыз бұл дүниеден армансыз 731 жылы өтті. Орхон өзенінің жағасына жерленді.

**Қорқыт Ата  
(VII - VIII ғғ.)**

Қорқыт Ата рухани мұрасы бүкіл түркі халқының VII—VIII ғасырдан кейінгі мәдениетіне негіз боп қаланған іргетас.

"Баят руында Қорқыт Ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң, оның болжамдары қатесіз болған... оғыз тайпаларында Қорқыт Ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған.

Қорқыт Ата жырлары түрік жұртына елді ел етіп сақтап қалудың қамын толғайды. Батырлықты, бір сөзділікті, ел мүддесі жолында жанын беруге даяр жанпидалықты өсиет етеді.

Әсіресе, "Қорқыт Ата кітабындағы" он екі жырдың ішіндегі соңғысы — Бәмсі-Байрақтың қазасы туралы толғаныс тұтасқан ел іргесінің байқаусыз түскен іріткі алауыздықтан ыдырайтыны туралы ауыр ойларға жетелейді.

Екіншіден, Қорқыт - ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер ғана емес, түркілік дүниетанымның мәйегін жасап кеткен ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өз орны бар философ-гуманист.

Талай дүбірлі оқиғаның қайнаған ортасында болған, Еуразия құрлығының жартысына жуығын билеген түркі жұртын жырымен де, күйімен де аузына қаратқан, ғұмырының соңында бірлігі ыдырай бастаған туған жұртының алауыздығына күйінген Қорқыт Ата ажалдан қашып, мәңгілік өмір іздеп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. "Бұл кімнің көрі?" деп сұраса, айтатындары бір жауап: "Қорқыттың көрі". Халық аузында тағдырға налығанда, күйінгенде, торыққанда айтылатын "Қайда барсаң да Қорқыттың көрі" деген сөз осыдан қалған.

Алайда, түркі жұртының өршіл рухының символы сынды Қорқыт Ата бұған налымайды. Дүниенің кіндігі - өз атамекені Сырдың жағасына келіп, Желмаясының жабуын дарияның бетіне төсеп, үстіне өзі отырып, қара қобызын қолына алады. Жабу суға батпайды, қобыздан төгілген мәңгілік өмір сарыны бір сембейді, жан-жануар біткеннің бәрі дария жағасына жиналып, күй үніне елти құлақ түреді. Қорқыт Ата осылайша жүз жыл бойы Жаналғышты күй сазымен маңына жуытпай, Сырдария үстінде өмір жырын толғайды. Тек әл жинап алу үшін бір сәт қалғып кеткен кезінде ғана ажал астыртын жылан боп кеп, шағып алады. Бұл - аңыз. Аңыз болса да, философиялық мазмұны терең, өмірсүйгіштік рухы өшпес аңыз.

Ал өмір мен өлім туралы Қорқыт Атаның өзі не дейді? - "Тәңір пендесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеудеңнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. ... Қар қаншама қалың жауғанмен — жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек - күзге бармас..."

Үшіншіден, Қорқыт Ата - қара қобызды түркі жұртының аруақты аспабына айналдырған ұлы күйші, бүгінгі тілмен басқашалау айтқанда, түркі саз өнерінің негізін қалаушы. "Күй атасы - Қорқыт" дейді қазақ халқы. "Қорқыт Шығыстың ең алғашқы бақсысы", - дейді Шоқан Уәлиханов. Ал Мұхтар Әуезов

Қорқыт аңызын гректің адамзатқа от ұрлап әкеліп сыйлайтын Прометей туралы аңызымен теңестіреді.

VII ғасырдан жеткен Қорқыт Ата жырларында әке мен бала, аға мен іні, қалыңдық пен күйеу, ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік, бірі үшін бірі жан беруге әзірлік қалай жеріне жеткізе суреттелген десеңізші!

Тіпті, "Жауыңның өзін сыйла, опасыздық жасама, намысына тиме" деп өсиет айтады Қорқыт баба.

Түркі жұртының фольклорлық мұрасын жинауға өлшеусіз үлес қосқан Әбубәкір Диваев еңбегі еріксіз еске түседі. Ол өткен ғасырдың өзінде қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы маңындағы Қорқыт бейітін су шайып, құлағалы тұрғанын, мұның өзі адамзат үшін аса құнды тарихи ескерткіштің жер бетінен жойылып кету қаупін туғызып отырғанын айтып, патша шенеуніктеріне хат жазған еді. Кейін Сыр бойы елі Қорқыт Ата бейітінің басына лайықты ескерткіш орнатты.

Сырбаз сәулетші Бек Ыбыраевтің авторлығымен орнатылған үш қобыз бейнелі бұл ескерткіш басында болған жанның Қазақстандағы Сырдариядан сокқан самалдың ызылы ма, жоқ әлде ғасырлар қойнауынан жеткен күйдің ызыңы ма, әйтеуір бір мәңгілік сарынды құлағы шалары хақ.

**«Ә.Нысанбаев,  
Дала даналары» кітабында,  
2001 ж.).**

**Әл-Фараби  
(870-950 жж).**

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан Әл-Фараби – ұлы ғалым, ұлы ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының жеріндегі көне Фараб (бөртін замандағы Отырар) қаласында туған. 20 жасына дейін сонда оқып, тәрбиеленіп, кейін мұсылман Шығысының көп елдерін аралаған: ұзақ уақыт бойы Араб халифатының саяси, мәдени орталығы Бағдадта тұрған. Арабтың мәдениеті мен ғылымы дәуірлеген шақта, сонда оқып, білім алып, ғылыми жұмыстармен айналысқан. Өмірінің соңғы жылдарын Каирде, Алеппонда, Дамаскіде (Шам шаһарында) өткізген.

Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымның тарихынан берік орын алады. Оны Шығыстың Аристотелі деп атаған. Артында қалған ғылыми мұрасы мол: 160-қа жуық трактаты біздің заманымызға жеткен. Олар ғылымның алуан түрлі саласын - философия мен логиканы, математика мен физиканы, минерология мен лингвистиканы, медицина мен музыканы қамтиды.

Кейбір шығармаларында Фараби өз тұсындағы қоғамды астыртын ғана сынап отырады, ондағы етек алған озбырлықтар мен қаталдықты ақыл мен адамгершілік принциптерінің өрескел бұрмалануынан деп түсіндіреді, әділеттіктің, шын мәнісіндегі бақыттың жоқтығы, біреудің елін, жерін жаулап алуға, олжадан баюға құштарлық сезімі айуандық, қараңғылық үстемдік еткен қоғамға тән екенін айтады.

Әл-Фараби бабамыздың адамдарды жақсы, жаман қала тұрғындарына бөліп, былай дегені ойымызға оралады: «Ождансыздар мен бейбақтар қауымының адамдары жан рахатын ішіп-жеуде, азғындық қылықтармен айналысуда деп түсінеді, қысқасы олар тек көңіл көтеру мен түрлі ермекке бой ұрып, сезімі мен ойын сонымен былғайтындар болып табылады. Бұлар өмірден тек рахат пен ермек іздейді де, пайдалы еңбекпен айналыспайды. Мұндай қалада ірі феодалдар, олардың бала-шағалары, бос белбеу ұлдары мен сылаңдаған бикештері өмір сүреді». Айтса айтқандай, бұрын да қазір де бірқатар бастықтардың балалары дәл осындай.

\*\*\*

Егер ел билеуші шынайы қайырымдылықтың жаршысы бола білсе, онда халықты басқарудағы басшылық қызметі де сан алуан жақсылық істерге толы болады. Дәл осындай игілікті мақсатты ойдағыдай жүзеге асыра білгенде ғана елбасының өзі де, оның қоластындағы әрбір адам да шексіз бақытқа кенеледі.

\*\*\*

Адамға бірінші білім емес, тәрбие керек.

Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы.

\*\*

Ең бақытты ел - қайыршысы жоқ ел.

\*\*\*

Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңінің ішінен.

**ӘЛ-ФАРАБИ ДАНАЛЫҒЫ БОЙЫНША  
КЕМЕҢГЕР ПАТШАҒА ТӘН «12» ҚАСИЕТ**

1. Әл-Фарабидің даналығында кемеңгер басшы өзінің сүйек-сыны, сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі керек. Яғни, ол адам өте сымбатты: **«Мінсіз, мүсіндей әдемі, иманжүзді болуға тиіс».**

2. Екінші қасиет туралы дана: **«Өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты тез ұғып алатын зерек болуы керек»** - дейді.

3. Үшінші қасиеті туралы Әл-Фараби: **«Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын адам болсын»** - дейді.

4. Төртінші қасиет туралы былай делінеді: **«Бірінші басшы терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт».**

5. Кемеңгер басшының бесінші қасиеті: **«Ғылым-білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болуы керек».**

6. Кемеңгер елбасының алтыншы қасиеті жөнінде ұлы философ: **«Тағамға, ішімдікке, сайран-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек»**, -дейді.

7. Жетінші қағидада **«жаратылысынан сауық құмарлықтан аулақ болуы керек».**

8. Сегізінші қағидада **«кемеңгердің шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұруы»** жөнінде айтылады.

9. Тоғызыншы қағидада **«жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам болуы керек».**

10. **«Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуға тиіс»** деп оныншы қағидада айтылған.

11. Әл-Фарабидің он бірінші «қағида-қасиетінде»: **«Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын»**, - деген.

12. Он екінші қағидасында, яғни басшы қасиеті жөніндегі тәмсілінде: **«Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер-шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет»** - дейді.

**Жүсіп Баласағұн  
(шамамен 1015-? жж).**



Жүсіп Хас Қажыб 1015 жылдар шамасында Шудың бойында, Талас даласында Баласағұн шәһарында дүниеге келген. (Шу ауданы, бұрынғы Калинин совхозының жерінде бірнеше жылдан бері шәһардың орнында археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатыр).

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» данышпандық – философиялық кітабында ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттік әлауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік тілмен баяндалады. Бұл еңбегін Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту етеді. Хан ойшыл ғұлама еңбегін жоғары мәртебелеп, «Хас Қажыб» деген лауазымды атақ беріп, өз қасына бас кеңесшілік қызметке алған. Сөйтіп, Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн деген аты дүниеге келген. Кейін Сарайшық қаласынан 1905 жылы табылған XIII ғасырда жасалған қыш құмыраның бүйірінде: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз» деген «Құтты біліктің» бір бәйіті жазылғаны және кейін еңбектің көшірмелерінің Мысырдан, Венадан табылуы кездейсоқтық емес шығар.

Даналық дарияның кейбір сағаларынан:

Құт дарыды, өсті халық өрісі,  
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі.

Жақсылардың кетер, жебеп, еңсесін,  
Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

Занды түзе, сұмдық сонда сасады,  
Құтың өсіп, абыройың асады.

Білімді аз, білімсіздер қаптаған,  
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,  
Надандардың аңсағаны дау болды.

Біліп сөйле, сөзіңде сол, оң болсын,  
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын.

Ай, білікті, бақсаң заман сыңайын,  
Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын.

Біліктіге есе бермей, қорлады,  
Ақылдылар тілін ашпай, сорлады.

Көбейді елде қорлаушы да, зорлар да,  
Бас көтермес сорлы болды қорлаған.

Тұта білсең, дәулет тозып безбейді,  
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді!

Құт та келер, тұта алмасаң – озады,  
Дүние безер, тұта алмасаң – тозады!

Қонған Құттың біл қасиет – қадірін,  
Қадірді ұққан – көрмес тірлік жәбірін!

Ақыл, білім тілмәші – тіл, тіл – кепіл,  
Жадыратар ерді шырын тіл деп біл!

Тіл – арыстан, есік баққан ашулы,  
Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды!  
Ер, мақтаса, арыстанмен алысар,  
Ат, баптаса, ұшқан құспен жарысар!  
Жүректілер жүрексізді бастаса,  
Жүрек бітер бәріне де басқаша!  
Біл, арыстан басшы болса иттерге,  
Арыстандай күркірер кеп иттер де!  
Ит басқарса Арыстанды бір күндік  
Арыстандар жасар еді ит тірлік!  
Бегің қорықпай, кейде қорқып тұрады ел,  
Бегің онда қорқау болды, ұға бер...  
Жақын тұрса бектер ізгі адамға,  
Жақсылыққа інкәрланар жаман да.  
Егер бекті шектесе жамандар,  
Ел үстінде жалаңдар сол арамдар...  
Егер ізгі болса, елдің басшысы,  
Түгел ізгі болар атшы – қосшысы!  
Қара жердің қатында алтын тас болар,  
Егер, шықса, бек басында тәж болар.  
Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,  
Ұры, қары қол жеткізіп ала алмас!  
Білім күтпес қызба адамнан, тасырдан,  
Ашулы адам адасады ақылдан.  
Мәңгілік бек болам десең тегінде,  
Занды құр да, зұлымды құрт елінде.  
Кештеу жатып, ерте тұрып жүргейсің,  
Ерте тұрсаң ырыс артар – білгейсің.  
Ұят, шындық, ізгі құлық – үшеуі,  
Қосылғанда құбылаң тең түседі.  
Үш нәрсе бар, жер қылатын адамды,  
Үш күнә бар, оттай қарыр табанды.  
Біріншіден, арсыз, мақтан, жамандық,  
Екіншіден – алдау – арбау, арамдық.  
Үшіншісі – алып сатар, сараңдық,  
Ақымақ қылар осы үш түрлі надандық  
Екі кісі – кісіліктің ұстасы,  
Бірі – шәкірт, екіншісі – ұстазы.  
Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,  
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.  
Ұлды үйрет күллі өнер – білімге,  
Онымен мал-дүние табар түбінде.  
Бақ ұлыңды, бекерге бос жүрмесін,  
Бейбастақ боп кетер бекер жүргесін.

Қызынды үйден ұзатпа алыс, жүгін ер,  
Егер, шықса, тура жолдан сүрінер!  
    Нәпсіні тый, нәпсіге шыр-пыр болма,  
    Құлқын үшін құлқыныңа құл болма.  
Құлқынға құл болып, аран ашпассың,  
Құлы болсаң, құтылар жол таппассың!  
    Қолын асқа созса, үлкен, бек кісі,  
    Сен кейін сөз – көргенділік белгісі.  
Кісі алдында тұрғанды алма, ұмсынып,  
Өз алдында тұрғанды же, қымсынып.  
    Асты алдыңа тартпа, теже құлқыңды,  
    Кісі кейпін бұзба, түзе құлқыңды.  
Кісі көңілі нәзік шиша, шарайна,  
Мұқият бол, шағып алма, абайла!

### Үйлену туралы

Қалыңдықты алу оңай, той да оңай,  
Табу қиын, осы жағын ойлағай.  
    Таңданғанда – ақылыңа қарарсың,  
    Әдептісін, ісмерін қаларсың.  
Көрінгенге көзін сүзіп қалмасын,  
Кәрі-жасты тек алыстан арбасын.  
    Көрде ғана топырақ түсер көзіңе –  
    Шөп түсірмей, адал болса өзіңе.  
Қайын алма, алсаң нағыз қатын ал,  
Адамшылық сіңген асыл затынан.  
    Мамық болмай бөксе, мықын, білегі,  
    Мамық болсын – мінезі мен жүрегі.  
Жан жылуы нұрландырсын ажарын,  
Бірге көрсін рақат тұрмыс азабын...  
    Ер жігітті адастырар көп себеп,  
    Бірі – күндей сұлулықты көксемек...  
Енді бірі даңқтысын қалайды,  
Үшіншісі – байлықты жар санайды.  
    Төртіншісі – бірін де ойға алмайды,  
    Ақ ниетті, әдептісін таңдайды.  
Бай келіншек пейілмен-ақ қорлайды,  
Оны алғандар өле-өлгенше сорлайды.  
    Кедей болсаң, көрген күнің құрысын,  
    Бай қатының жүзін бермес құрысын.  
Ұрыс-керіс, еш қылығың жақпайды,  
Құлдай жұмсар, одан асқан жоқ қайғы.  
    Еркеоттай тәкаппары тектінің  
    Менсіне ме бәз біреудің тексізін.

Бек жігітке бұрып пейіл, жанарын,  
Өз еріне сақтар суық қабағын.  
Адал жарда болмаса ізі күліктің –  
Бақыты сол, байлығы сол жігіттің.  
Жаны сұлу – нұр құяды жаныңа,  
Мейірім, мінез, шаттық тіле жарыңа.  
Құлай сүйген, жаны таза, ақылды,  
Жақсы әйел құрметті етер атыңды.

## I

Алдағылар өлер - соны көреміз!  
Бәрі қалар - қорған, сарай, ордалар,  
Ешкім оны қорғай алмай қор болар.  
Соқса жағы бәрін берік қалқан қып,  
Өлім бұзар қара жер қып, талқан қып.  
Қанша кент, ұлыс, гүлзар, бақ бар-ды:  
Өлім кеулеп түп-тамырын ақтарды.  
Орда, сарай, қалар қорған, бақ саған.  
Жетер маған осы ақылым қақсаған.  
Қалың қол мен әскері бар ер болған –  
Қолы тозып, өзі қара жер болған.  
Ел басылар - тойымы жоқ жолдасын,  
Талап елді - көре алмаған пайдасын.  
Талай жерді тартып алған сол батыр -  
Екі-ақ құлаш жерге сиып ол жатыр.  
Қан жылатып, момындарды бүргендер –  
Кәне күші?  
Қайда солар кірген жер?  
Зар қақтырған жаулап алып кең елді,  
Міне, бүгін қара жерге теңелді.  
Мал-дүние қуып жүрген ұрысып  
Бәрін тастап, өліп қалды тырысып.  
Байлық жиып, тоймайтын аш көзденіп,  
Кетті, міне, екі-ақ құлаш бөзге еніп.  
Талай елді жаулап алып түткен-ді,  
Жер жастанды - барлық ісі бітті енді.  
Дәл осылай дүниенің мән, ісі,  
Ойлап қара - ашылады мәнісі.  
Не келсе де - көтеріп ал қысылмай,  
Тахатта михнат көп қызыл май.

## II

Ей, дәулетті, шүкір қыл да - асай бер!  
Ей, бейнетқор, сабыр қыл да - жасай бер!  
Сабыр етсең - іс байлыққа басады,

Шүкір қылсаң - байлық асып-тасады.  
Осы күнді байқап қарап өт енді:  
Іс-амалдар бүгін мүлдем бөтен-ді,  
Кетті жұртқа білімділер жанаспай,  
Парасатты мылқау болды жақ ашпай.  
Көбейді адам жарамайтын бір күнге,  
Түсті момын, бас көтермей сүргінге.  
Көз бояушы қулар жылтың тістенді,  
«Ер» атанып, зұлым жолға түсті енді.

### III

Опа құрып, із тастады жапалық,  
Сенері жоқ, сенделіп жүр қапалық.  
Алыстатты ағайындар, жуықты,  
Елжіреген достың көңілі суық-ты.  
Кішіде - әдеп, үлкенде жоқ бет-бағдар,  
Текті тозып, өріп кетті бетпақтар.  
Әділ іске бүгінде кім қарасын –  
Ақша шешті алыс-жақын арасын.  
Міндет бар да - орындалған ісі жоқ,  
Үгіт бар да - іске асырар кісі жоқ.  
Жан қалмады жақсы іске жан қиятын,  
Бетсіз кеткен бас бұзарды тиятын:  
Саудагер ап аманатты жоғалтты,  
Жағын ашпай өнерлі жан ол қалды.  
Дәл айтуға білімділер батпады,  
Көкбет әйел көбейді, тек жатпады.  
Кетті әділдік, туындады аярлық,  
Кісі бар ма сөзге құлақ қоярлық.  
Жұрт ақшаның құлы болды - қағынды,  
Қалталыға мойын ұсынды, жағынды.

### IV

Кәне кісі бәрін тура істейтін,  
Бар ма кісі «адал дос!» - деп түстейтін.  
Бұзылды әбден бар дүние бүтіндей,  
Ұғатын жұрт тозып кетті түтіндей.  
Елде жанжал: бірін-бірі сөгіп жүр –  
Жауы тыныш рахатқа бөгіп жүр.  
Момын халық болды талан-таражды,  
Қорғап қалар бір адам жоқ: бәрі азды.

### V

Азды заман, әділет, заң жүнжіді,  
Зұлым істен ізгілік те жүн жеді.  
Зейінді ұғар: ай мен жылдар озады,  
Әр күн сайын барлық нәрсе тозады.

Әкесін де сыйламастар өріп жүр,  
Атасының атын қорлық көріп жүр.  
Бұрынғы әдет бурыл тартып өзгерді,  
«Ақ» пен «қара» бір боп кетті – көз көрді.  
Жаздым түгел білгенімді – ақылды,  
Ей, оқушым, ұғып алсаң – мақұл-ды!  
Айттым аздап мінез түрін, пайдасын,  
Нық басып тұр, тек табаның таймасын!  
Пайда тілеп жақынға да, жатқа да,  
Қарамадым бедел берер атқа да!  
Оқығандар бұл сөзімді ес көріп,  
Біреді дұға қылар мені ескеріп.  
Тілегім – бұл, үмітім де: ұғасың,  
Оқыған жұрт ұмытпасын дұғасын.  
Тілім сөйлеп, қолым жазып-жарысар,  
Жақ пен қолым бір күн тынып қарысар.  
Қол мен тілдің осы кітап – ділгірі,  
Қалды саған, ей, елімнің білгірі.

### **Текке өткен өмірге шер**

Ұққан ұғар, көрер көзі ашықтар,  
Өлмейді әлем, өлгенімен пасықтар.

Болған талай қалалар да, халық та,  
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.

Болған талай ауылыңыз, тайпаңыз,  
Енді соның ізін тауып байқаңыз.

Бұл жалғанды билеймін деп ойлаған,  
Қайда қалды ханың қанға тоймаған?!

Қайда сараң, дүниенің байлығын,  
Алсам деген, болса деген шайлығым.

Бай да кетті ізсіз-түзсіз, ол анық,  
Екі-ақ құлаш ақіретке оранып.

Дүние жалған, әуелі осы сырды ұққын,  
Ашам десең дарбазасын шындыққтың.

Қуаныш та, небір қайғың сор маңдай,  
Бәрі өтеді, қолмен сылып алғандай.

Бәрі жалған, тек сорына ғаламның,  
Ақыл — үнсіз, бәрі шешен наданның.

Білу қиын кімдер әділ, кімдер ақ,  
Өлер болды бірін-бірі күндеп-ақ.

Ой шіркінің ұшқыр көктің құсынан,  
Сөзден де ұшқыр шыққан тілдің ұшынан...  
Хас шындықты алмастырып сақтықпен,  
Сенім менен сыйластықты таптық тең.

Шындық десе сақтық жасап үйрендік,  
Сенімді тек достан күтер күйге ендік.

Не көрінді, осы басты қатырды,  
Сену сирек, сенімің де сатулы.

Өмір — қысқа. Толған қапа жер беті,  
Сараң қолың — бақытыңның жендеті.

Отырғызып жоқ-жітікті қасына,  
Мейірім ету — келер кімнің басына.

Өзіңе тән, таңда адал жолыңды,  
Кекшіл болма, кірге малма қолыңды.

Сөзімді айттым, құлы болмай құлқынның,  
Пайдасы үшін қалған қалың жұртымның.

Аңсамадым — мадағыңды, даңқыңды,  
Көзге ілмедім күміс, гауһар, алтынды.

Ұмытпа тек, оқырманым — сырласым,  
Жақсы сөзім жалғызсырап тұрмасын.

Кешір мені, баршаны тең көрмедім,  
Мейірімімді бәріне тең бөлмедім...

\*\*\*

Сен шашылып іс істеме дабырмен,  
Мақсатына жетер кісі сабырмен.

\*\*\*

Қайраттанса ерлікпенен кей кез ер,  
Биік таудың басын жерге тигізер.

\*\*\*

Байлық іздеп отқа түспе түбінде,  
Аттамағын жаттың ала жібін де.  
Кісі жібін аттама да, қан төкпе –  
Бұл екеуден қиналады жан текке.

\*\*\*

Ақыл – шам-шырағың түндегі,  
Білімділік – жарық көзі күндегі

\*\*\*

Өзіңе қарай дос таңда,  
Күшіңе қарай жүк көтер.

\*\*\*

Көңіл аудар даналардың сөзіне:  
«Адал жанды өнеге тұт өзіңе».

\*\*\*

Екі нәрсе барлық тілде жатталар:  
Бірі – жақсы, бірі – жаман ат болар.  
Жақсы болсаң – мақтаулы атың сақталар,  
Жаман болсаң – жаман атың датталар.

\*\*\*

Ұл ұдайы ізетті болып тұрса егер –  
Әке-шеше жүзі жайнап нұр себер.

\*\*\*

Бұл өмірде екі есік бар: бірі – өмірге қарай ашылады,  
екіншісі – өлімге қарай ашылады;  
біріншісі есіктен кірген адам екінші есікке де кіреді.

**Қожа Ахмет Ясауи**

Қожа Ахмет, Арыстанбаб,



Түркістанда тұрағы,  
Әлемге кеткен атағы,  
Дін исламның шырағы.  
**(Бұдабай ақын).**

Әуелі ағузу биллә Хаққа сәна,  
Салауат пайғамбарға айттым жаңа.  
Сәруәрі сансыз бабтың Қожа Ахмет,  
Назар сал ер Бабама келсе шама.  
**(Қарасақал Ерiмбет).**

Ахмет бабаның қай жылы, дәл қай қалада дүниеге келгені жөнiнде нақты дерек жоқ. 1103 жылы туған деген көзқарас басым. Ал, 1166-1167 ж. дүниеден өткен. Ғалымдар оның туған жері ретiнде екі қаланы атайды: бiрi – Ясы (қазiргi Түркістан), екiншiсi – Исфиджаб (қазiргi Сайрам). Ал тегiне келсек, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) күйеу баласы Әзiрет Әлiнiң ұлы Мұхаммед ханафиядан тараған Ысқақбаб ұрпақтары болып келедi.

Аңыз бойынша Мұхаммед (с.ғ.с.) Миғражға кетiп бара жатқан сапарында бiр рухты көредi, ол рух кiмнiң рухы десе, Ясауидiкi екен. Кейiнгi ғасырда өмiрге келетiн оған құрманы кiм тапсырады дегенде Арыстанбаб шығып: «мен беремiн», - дейдi.

Ел ауызындағы аңыз бойынша, «Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың аманат етiп қалдырған құрмасын (жетi жасар) Ахметке Арыстанбаб табыс еткен; Арыстанбаб аманатын ұртында 300 жыл сақтап жүрген деген аңыз бар. Арыстанбаб: «Ол баланы қалай танымын?» - деп сұрағанда, перiште оған Алланың айтқанын жеткiзедi: «Ол бала мешiтке барғанда, алдымен барады да, керi қайтқанда терiс қарап жүредi». Кейiн баланы танып құрманы бергенде, Ахмет оны аузына салып, жұтып жiберiптi. Сонда Арыстанбаб: - Балам, бекер еттiң-ау, кейiнгiлерге де қалу керек едi-ау – дегенде, - Ата, сiз құрманы ұртыңызда үш жүз жыл сақтап, шырынын сорып алған екенсiз, маған тек сүйегi ғана қалыпты, сондықтан да жұтып жiбердiм – деген екен. Бiрақ құрманы жұтысымен, баланың бойына әулиелiк қасиеттер дари бастаған екен дейдi. «Балам, құрманы ұзақ жылдар сақтап, өзiңе тапсырғаныма алғысың қайда»- дегенде: «Келушiлер Сiзге түнеп, маған тәуеп ететiн болсын», - деген екен.

Ахмет баба Алла тағаланың шарапатымен құстар мен жануарлардың тiлiн, аспандағы перiштенiң не iстеп жүргенiн бiлетiн қасиеттi иеленген көрiнедi. Қожа Ахмет не тiлесе, Алла тағала соның тiлегiн қабыл қылады екен.

Тағы бiр аңыз бойынша Ахметтi Ақ ата деген Сайрамдағы бiр молдаға оқуға берiптi. Сол кiсi кезектi сабағынан соң балаларға «үйге барған соң ешкiмнiң көзiне түспейтiндей етiп, бiр-бiр тауық не қораз сойып әкелiндер», - деп тапсырыпты. Ертеңiне өзге балалардың бәрi сойылған тауық, қораздарын ұстаздарына берiптi, тек Ахмет қана алып келген қоразын мұғалiмiне тiрiдей берiптi. Мұны көрген Ақ ата: «Неге бұлай болды?» - деп сұрағанда, жас бала: «Ұстаз, кешiрiм өтiнемiн, мен қоразды соя алмадым, себебi мен қай жерге тығылып сойсам да, Құдай көрiп тұрған жоқ па?» - дептi. Сонда Ақ ата:

«Бәрекелді, Ахметім! Менің өзімде сен туралы осындай бір сырлы құпияны білу үшін істеген едім», - деген екен.

Ахметтің әкесі Ибраһим Сайрамда кедейшілікте ғұмыр кешіпті. Оның өзен бойындағы кішкене ғана егістігінен басқа ешқандай артық дүниесі болмапты.

Егінін баптап жүрген әкесін көріп: «Неге сонша жаныңызды қинайсыз, арам шөптер жойылсын, менің бақшамда тек жемістер қалсын десеңіз жетіп жатыр ғой!» - деп қолындағы ұзын таяғын сермеп қалады. Сол-ақ екен, бүкіл арамшөптер бір жерге шөмеле болып үйіліп қалады. Баласының құдіретін өз көзімен көрген Ибраһим ата аспанға қолын жайып: «Балам, Алла жар болып, саған ұлы қасиет дарыды. Ендігі жерде жарылқаушы иең қайда жол көрсетсе, сонда барасың!» - деп ақ батасын береді. Сол күні Ахмет туған жерімен қоштасып, батысқа қарай жол тартады. Небір қалаларда болып, ілім үйренеді. Ақырында біраз жылдардан кейін қазіргі Түркістан қаласы тұрған жерге келіп қоныс тебеді. Ахметтің әулиелік, емшілік қасиеттері шартараптарға әйгілі бола бастайды. Арнайы іздеп келушілер көбейеді.

Алланың әмірімен таңғы намазын өз үйінде, ал ақшам намазын Меккеге барып оқитынын білген жамағат әулиені бұрынғыдан бетер құрметтей түседі.

Бір күні осынау кереметтерге сенімсіздік тудырған бір жігіт Ахметке келіп: «Сен жұртты алдап жүрсің» - дейді. Сонда Қожа Ахмет: «Егер күдігің болса, ертең намаз алдында кел, Меккеге бірге барамыз», - дейді ешқандай ашу шақырмастан сабыр сақтап. Ертеңіне айтқан уақытта жігіт уәделі жерге келеді. Бұл кезде ақ түйе де жолға әзір еді. Қожа Ахмет жігітті артына мінгестіріп жатып: «Көзіңді жұм да, төменге қараушы болма», - деп ескертеді. Артынша ақ түйе аспанға көтеріліп, ұша жөнеледі. Бұрын мұндай кереметті көрмеген жігіт шыдамсыздана көзін ашып жібереді. Сол-ақ екен, ол түйеден ауып түсіп, төмен қарай құлдырай жөнеледі. Жігітті жер бетінде Жолбарыс ханның жауынгерлері кілем тосып, қағып алады. Бірақ мән-жайды білген Жолбарыс хан ашуға мініп, Құдайдың елшісіне сенімсіздік тудырғаны үшін жігітті өлім жазасына кеседі. Нөкерлер жігітті ағашқа байлап, тірідей өрт қояды. Осы сәтте барып өз қатесін түсінген жігіт Құдайға шындап жалбарына бастайды. Бұл кезде Қожа Ахмет Меккедегі намазын оқып болып кері ұшып келе жатқан еді. Кеш те болса кінәсін түсініп, тәубесіне келген жігітті көрген ол алып ағашқа соңынан ілесуді бұйырады. Сол замат жүзжылдық үлкен ағаш орнынан қопарылған күйі ақ түйенің соңынан ұша жөнеледі. Мұны көрген ел аузын ашып, аң-таң қалады. Тіпті, Жолбарыс ханның өзі есі кете таңырқап, қалайда әулиені жүзбе-жүз бір көруге асығады.

Айта берсе, Қожа Ахметтің ғажайыптары жетерлік. 63 жасқа, Пайғамбар жасына келгенде Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетін орындап жер асты қылуына түсіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Аңыздарда «Қожа Ахмет жер бетінде 63 жыл, жер астында 63 жыл өмір сүрген» деп айтылады. Бірақ хикметтеріне сүйеніп кейбір зерттеушілер «125-126 жас жасаған» дейді. Әкесі Ибраһим, анасы Қарашаш Сайранда жерленген. Өзінен тікелей ұрпақ қалмаған. Ибраһим есімді ұлын жаулары жеті жасында өлтірген. Қызы Гауһар Хушназбен асырап алған қызы Жәмилә бибіден, ағасы Садыр қожадан тараған ұрпақтар

Ясауи мұрагерлері саналады. Еліміздегі қожалардың 90 пайызы Ясауи ұрпақтары екен. Әзірет Сұлтан ұрпақтары сонау Үндістанда да, Кашмирде де, басқа елдерде де бар көрінеді.

Әмір Темір Көреген 1390 жылдары Тоқтамыс ханды жеңгеннен кейін әулиенің басына зиярат етіп келіп, Әзірет Сұлтанға арнап кесене тұрғызу туралы жарлығын шығарады. Оған дейін Ясы қаласын билеген караханилер Әзірет Сұлтан басына шағын мазар тұрғызған көрінеді. Қазіргі кесене 15 жыл бойы, 1390-1405 жылдар аралығында салынған, кесененің қасбеті Әмір Темірдің қайтыс болуына байланысты аяқталмай қалыпты. «Кесенені жөндейміз» деп келген түрік ағайындар (1995-2000жж) кесене ұлтанындағы ғимаратты ұзақ жылдар бойы ылғалданудан сақтап келген қабатты алып тастап, кесене қабырғаларының одан сайын ылғалдануына жол ашып отыр. XV – ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты Ясы екен. Кішкене ғана Ясы деген қышпаққа XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи хазірет Сұлтан келген соң даңқы шығып кетіпті.

Қожа Ахмет Ясауи ислам дінінің әлсіреп, мұсылман қауымының рухани саяси дағдарысқа түскен кезеңінде тарих сахнасына шықты. Қожа Ахмет Ясауи сол кезеңнің басты мәселесі – мұсылман дініндегі халықтардан иманның көтерілуі, халықтың көбі имансыз тобырға айналуын да көре білді. Ол өзінің басты қызметі иманды, исламды қайтару деп білді. Ол иманды діндегі бар амалдың алдына шығарды. Қожа Ахмет Ясауи түркілерге иманды, исламды ғана қайтарып қана қойған жоқ, сонымен қатар түркінің көнеден келе жатқан мәдениетін, тілін әдет-ғұрып, салт-дәстүрін түгелімен қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Өйткені, XIII – ғасырдың екінші жартысында ислам дінін қабылдаған түркілер X-XII ғасырларға келгенде өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен, мемлекеттік жүйесінен толығымен ажыраған болатын. Алғашқыда ислам дінін қабылдау тек дінді емес, бүкіл араб болмысын қабылдау деп түсінген түркілер араптанып, парсыланып кеткен еді. Қожа Ахмет Ясауидің ислам дінінің басты талабы иман екендігін түсіндіруі, иманы бар адамның мұсылман болып саналатынын сезіндіру, арабтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қабылдамай-ақ, әрбір мұсылманның өз мәдениетін сақтауы мүмкін екендігіне көзін жеткізуі түркілердің өзінің дәстүрлі мәдениетіне қайтадан бет бұруына мүмкіндік берді.

Академик С.Қирабаевтың басшылығымен М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы үшеуі Ясауидің «Диуани хикметін» аударып, «ақыл кітабы» деген атпен «Мұраттас» баспасынан 1993 жылы жарыққа шығарды.

Ясауи өз хикметінде: Менің хикметтерім Алладан пәрман, оқып ұққанға бар мағынасы: Құран, - дейді. Хикметінде айтылғандай, ол Құранды аудардым деген, мағынасын бердім дейді. Өйткені, Ясауи Алланың хикметін, оның жаратушы екендігін, бізге күллі дүниені жаратқан Алла екендігін уағыздайды. Ясауи Алланы жан-жақты жырлап қана қоймай, оның елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды да жырына арқау еткен хикметінде:

Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,  
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед.

Намаз, ораза тұтқанға рахымы мол Мұхаммед,  
Тынбай тәспі тартқанға ілтипатшыл Мұхаммед.  
Міскін Ахмет құлына мұра болған Мұхаммед,  
Жетім пақыр, ғарыпқа пана болған Мұхаммед -,  
деп төгілте жырлайды.

**Ал кейінгі ұрпақтарына деген өнегелі тілектерін:**

Көкіректің көзін аш,  
Ізгіліктің ізі өшпейді.  
Ой түбіне сүңгі, інжу ілерсің.  
Ақыл азса, ақырет болар бүкіл жер,  
Жылап кетті кілең жақсы, арман-ай,  
Қайғы шегіп жас кезінен қарғадай.  
Әкім шықса нәпсіқұмар адалдардан,  
Бойы да, ойы да әбден арамдалған  
Күдер үздім мен мұндай надандардан.  
Дүниеқордың ойында жоқ ақырет күн болары,  
Мал мүлікке обығады, білмес тәуба- тобаны.  
Жаһаннамда жанып күйсе, өзіне бар обалы.  
Сырты сұлу, іші арам,  
Қияметтен қаупі жоқ.  
Тазартуға күнәдан,  
Көңілі мен зауқы жоқ.  
Ойсыз, қамсыз адам  
Шайтандықтан бой тартпас.  
Қалың ойға бойла,  
Ғарып қамын ойла.  
Ойсыз, мұңсыз уақыт – зая.  
Қатесін ойлаған,  
Алласына жүдеп табысар.  
«Төңірегің топас болса, білімділігің У екен»,- деп жалғастырады.

\*\*\*

Малға кедей болсаң да, арды сақта.  
Сабырлық – әр қиындықтан шығу кілті.  
Күнә – таулардан да ауыр.  
Ізгі жүрек әзиздерге қызмет ет.  
Әділ сөйлеп адал жүр.  
«Құдай» - деген қу дүниеге көзін салмас.  
Алла жақын ұйқысы аз адамдарға.  
Сергек жанға себеп көп алаңдауға.  
Арамнан байығандар, ар-иманнан мақұрым қалар.  
Жамағат азғындаса, жақсыға құрмет жоқ.

**Майқы би**  
**(шамамен 1105-1225 жж арасы).**

Майқы би Төбейұлы - XII-XIII ғасырлар аралығында өмір сүрген түркі халқының төбе бии. 1206 жылғы Шыңғысты хан көтеріскен он екі бидің бірі. Дерек көздеріне қарағанда, Шыңғыс ханның бас бии болған. «Орманбет би өліп, он сан Ноғайлы елі бүлінгенде, қазақ ұлысын құрған да осы кісі екен» делінеді. Майқы би қазақ руларын үш жүзге топтап, Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жүз, Қабанұлы Болатқожа бастаған бөлікті Орта жүз, Қоғамұлы Алшын бастаған бөлікті Кіші жүз деп атады. Ноғайлы хандарының бірі – Қызыл Арыстанның баласы Ахметті (Алаша хан) Ұлытауда үш жүздің ханы етіп көтереді. Ол ұлысқа кірген қырық руға таңба таратып, таңбаны әр рудың негізгі ерекшелігіне қарай белгілейді. Ел «Майқы би 120 жасқа жетіп дүние салған» деседі.

Хан әділ болса, басынан бағы таймайды,

Қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді.

Аспан ашық болса,

Күн шуақты болады.

Хан әділ болса,

Халық ынтымақты болады.

Таста тамыр жоқ,

Ханда бауыр жоқ.

Хан – халықтың қазығы,

Қараша – ханның азығы.

Уәзіріне сырын алдырған хан –

Қақпанға түскен аң.

Халқыңды билеместен бұрын,

Өз орданды биле.

Орданды жұмған жұдырықтай берік ұстасаң,

Халық ешқайда қашпайды.

Парақор биге ісің түспесін,

Сараң үйге кісің түспесін.

Хан қарашасыз болмас,

Дау арашасыз болмас.

Бірлік түбі - береке.

Береке түбі – мереке.

Хан парызы – жорықта ту көтеру,

Сарбаз борышы – туға еріп жан беру.

### **Асанқайғы (Хасан Сәбитұлы)**

(1361-1370 жж. аралығында туған – XV ғасырдың

60-жылдары қайтыс болған).

Асанқайғы Сәбитұлы - аты аңызбен астасқан ақылгөй жырау, “дала философы”. XIV ғасырдың 60-жылдары Еділ бойында туған. Ғасырдан астам ғұмыр кешкен. 1456 жылы Шу бойында Қазақ Ордасын құрған Жәнібек пен Керей хандарға қызу қолдау көрсеткен. Ел қамын егіле ойлаған абыз есіміне “қайғы” сөзі тіркеліп, Асанқайғы аталып кетіпті. Ұлытауда дүние салған.

Бүкіл өмірін қазақ халқының асыл арманымен астастырып, оның тәуелсіз де бақытты тұрмыс кешуіне елеулі үлес қосқан ұлы ойшыл, ақын, әрі аңыз кейіпкері. Ол тек мал шаруашылығымен күнелткен көшпелі елге жайлы қоныс, бейбіт өмір аңсады. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын мамыражай заман бар деп санап, оны өзі “Жерұйық” (кейде Жиделібайсын) деп атады. Сөйтіп, қазақ жеріне көз алартып, басып алуды ойлаған отаршыл да озбыр көршілерінен іргесін аулақ салу үшін әлгіндей құтты қоныс іздемек болады. “Алты атанға қос артып, алты жыл қоныс” қарайды. Жүрген жерлерінің бәріне шаруа көзімен қарап, ұтымды да дәл баға беріп отырады.

### **Асанқайғының жерге айтқан сындары**

Асанқайғы желмаясын мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге айтқан сындары мынау екен:

**Ұлы Ертісті көргенінде:** «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен, күнінде кәбірден жылайды-ау»,— екен депті.

**Шыңғыс пен Семей тауларын көргенінде:**

«Мына шіркіннің топырағы құтырған екен, оған шыққан шөп құтырады. Оны жеген мал құтырады, оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен... Кісі өлтіру, ұрыс, төбелес көп болатұғын жер екен», - дейді.

**Түндікті өзенін көргенінде:** «Он екі қазылық ой түндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен»,— деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үшқара» атанған екен таудың аты.

**Қызылтау деген жерге келгенінде:** «Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен. Тоқтысы қысыр қалмайтын жер екен»,— депті.

**Баянауыл тауын көргенінде:** «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында бір қара тікен тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен»,— депті.

**Ащыжер бойына келгенінде, артына қарап:** «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның - мынау ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен. Олай болмағанда «Баянауыл қоныс болуға жарамайтұғын жер екен»,— депті.

**Бөгенбай деген төбені көргенінде:** «Анау Баянауыл тауынан мына Бөгенбайдың қырық кез биіктігі бар екен», - дейді. (Осы күні жұрт төбенің биіктігі атпен шығатын аласа, аспанмен тілдескен Баяннан қалай биік болады деп танданып бір жер өлшеуіштен сұрағанда ... рас екен дейді).

**Шідерті деген өзенді көргенінде:** «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының қонысы екен»,— деп желмаясын тұсап қойып, біраз жатқан екен. Сол себепті Шідерті атанған екен.

**Шу, Сарысуды кешіп өтерде:** «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен, өне бойы қара қамыс, іші толған жолбарыс екен; баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы қыннан суырылмайтұғын, еркегі ат болатұғын, ұрғашысы қат болатұғын жер екен», - депті.

**Ереймен тауын көргенінде:** «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болмаса жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішіндегі құлын тумас ораздының жайлауы, шиырлының қыстауы екен, екі жағындағы ел бай болар да, ортасындағы ел кедей болар, бітісі жаман екен, бірі мен бірі төбелесетін кісі сықылды едірейіп тұрған панасы жоқ дала секілді тау екен», - депті.

**Маңғыстау туралы айтқаны:** «Тасы алтын, құмы күміс, қойны толған қазына екен. Бірақ жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен, қазынасынан халқы қайыр көрмейтін, байлығы талауға түсер жер екен».

**Алматыны көргенінде айтқаны:** «Үш Алматы деген жер бар екен, сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Сол жерді қимадым».

**Шымкент, Сайрамды көргенінде айтқаны:** «Екі басса бір базар, малда береке болмайтын, екі басса бір мазар, баста береке болмайтын, базары жақын-байымас, мазары жақын – көбеймес».

**Терісаққанды көргенінде айтқаны:** «Уа, шіркін, Сарыарқаның тұздығы екен, тек аңда-санда обып қоятын жұты бар екен, бірақ артынан малы тез өсетін жер екен».

**Өлеңті өзенін көргенінде,** тоқтап ешнәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» — дегенде, аз тұрып: «Өлеңтінің суы — май, Шідертінің шөбі — май»,— деп жүріп кетіпті.

**Есіл өзенін көргенінде айтқаны:** «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен»,— депті.

**Сілетіден өтіп Жалаңаштың тұзына барғанда:** «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің»,— депті.

**Нұраның бойын көргенінде:** «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен»,— депті.

**Торғай өзенін көргенінде:** «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен»,— депті.

**«Жеті қоңырды көргенінде:** «Сарыарқаның маусымы екен»,— депті.

**Ұзын аққан Сыр бойын көргенінде:** «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен»,— депті.

**Сулы Келес, құрлы Келес өзендерін көргенінде:** «Мөңіреуін, сиыр болып мөңіреуін. Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен»,— депті.

Асанқайғы бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көрем, бұларға жағдай туғызамын деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріпті.

**Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып:** «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең атым көтере алмайды-ау! Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын тып-тыныш мамыражай ел екенсің», - депті.

**Яссы қаласын (қазіргі Түркстан) олардың қожа-молдаларын көргенінде:** «Ай, қарыс жері бір арық, жер сорлысы мұнда екен, әйелі семіз, ері арық, жұрт сорлысы мұнда екен»,— депті.

**Шыңғырлауды көргенінде:** «Ай Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау сен өсірдің!» — деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік»,— деген екен.

«Ай Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай»,— деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен. Асан қайғы Бекарыс тұқымынан, Орта жүз; қайтыс болған жері Ұлытаудың басы болса керек.

Хан мен халыққа жөн-жоба көрсетіп, болашақты болжау, ел басшысының мін-кемшіліктерін көзге айтып, сын сарабына салу дәстүрі осы Асанқайғыдан басталады. Осыған орай жыраулар әрі би, әрі батыр болып келеді де, хан алдында үстем сөйлеуге, көнбесе, хансыз-ақ күн көретіндей тәуелсіздік танытуға бейім тұрады.

Асанқайғының атақты “Мұнан соң қилы-қилы заман болар” атты толғауында:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң тозып жаман болар  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Бабалардың дәурені тамам болар.

Ол күнде қарындастан қайыр кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.

Ұлың, қызың орысқа бодан болып,

Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?!,- деген ойлар айтылады...

Асанқайғы алғашқы толғауында жұрттың ірге тепкен құтты қонысын қимай, оның шексіз байлығын шалқыта жырлайды; ханның Ойыл мен Еділге келгенде де кеңес сұрамағанына халық атынан үлкен реніш білдіреді:

Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай егіннің,  
Ойына келген асын жейтұғын,  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің...  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің...  
Ерлер жортып күн көрген



Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кеңес қылмадың...  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске.

Елдің бүгіні мен ертеңін ханның іс-әрекеттерімен астастыра жырлап, болашақты айтқанда, жұрт басына төнген қауіп-қатерді астарлап, бейнелеп сипаттайды, сол арқылы қасындағы көз жазбай бақылап отырған жаулардан күні бұрын, алдын ала сақтандырмақ болады. Алдында тұрған бодандық бұғауынан құтылу үшін, бейғам да қамсыз жатуға болмайтынын ескертеді. Ханның мастанып, қызара бөртіп, еркін жатуынан қорқады. Осындай ұнамсыз қылықтарына ренжіп, оның үш қайтара жасаған тойына келмеген Асан ата, шақырып қоймаған соң, көкейдегі шерлі ойларын жұрт көзінше жайып салады:

Әй, хан, мен айтпасам, білмейсің,  
Айтқаныма көнбейсің  
Жайылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?  
Әй, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы-қилы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?  
Мұны неге білмейсің?  
Қош аман тұр, Жәнібек  
Енді мені көрмейсің!

Мастанған хан көлге шекер төктіріп, құс жаманы құладыңға аққу ілдіргенде де, халық түсінігіне орай, жаман ырымға жол бердің деп сынайды.

Көлге шекер төктірдің,  
Шекерге қуды бөктірдің.  
Ақ мамығын таранған,  
Тұңғыыққа қаранған,  
Аққу көлдің көркі еді...  
Құладың құстың қоры еді,  
Аққу құс ару, төре еді,  
Құладыңға ілдірдің,  
Ақ мамығын жұлдырдың.  
Құладыңға аққуды жем қылдың,  
Сұлуды қормен тең қылдың...

Құладындай бір жаманнан өлер деп,  
Соған өкпелеп, келмедім!

Жыраудың әділдік пен шындық, зұлымдық пен надандық, жамандық,  
жақсылық, жалпы адамгершілік жайындағы тұжырым – ойлары да байсалды:

Әділдіктің белгісі –  
Біле тұра бұрмаса.  
Ақылдының белгісі –  
Өткен істі қумаса.  
Жамандардың белгісі –  
Жауға қарсы тұрмаса.  
Зұлымдардың белгісі –  
Бейбіттің малын ұрласа.  
Надандардың белгісі –  
Білгеннің тілін алмаса.

Жырау барынша кеңпейілдік пен кешірімді болуға шақырады:

Өзіңе біреу тимесе,  
Кейін қарай жылыста.  
Мінезі жаман адамға,  
Енді қайтып жуыспа,  
Тәуір көрген кісіңмен,  
Жалған айтып суыспа!-

десе енді бірде:

Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны қуыспа, - дейді.

Асанқайғының тек “Бұл заманда не ғаріп?” деген өлеңінде:

Бұл заманда не ғаріп? –  
Ақ қалалы боз ғаріп,  
Жақсыларға айтпаған  
Асыл шырын сөз ғаріп.

Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз-үйрегі болмаса,  
Айдын-шалқар көл ғаріп.  
Замандасы болмаса,  
Қариялар болар тез ғаріп...  
Ата жұрты, бұқара  
Өз қолында болмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Қайратты туған ер ғаріп.

Еділ бол да, Жайық бол –  
Ешкімменен ұрыспа.

Жолдасына жау тисе –  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Таза мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан тас  
Жел толқытса – шығады,  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса – шығады.  
Ақың болса біреуде,  
Айыбын тап та, ала бер,  
Ерегесіп ұрыспа, -  
Сенікі жөн болса да  
Атың шықпас дұрысқа.  
Тәуір көрер кісіңмен  
Жалған айтып суыспа...  
Ашу-дұшпан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа?!  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кең пейілге таласпа,  
Артық үшін айтысып  
Достарыңмен санаспа.  
Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама,  
Жеңемін деп біреуді  
Өтірік сөзбен қостама

### **Он сегіз мың ғаламның кейбір құпиялары**

Асан қайғы бабамыз: «Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен. Нұх пайғамбардың кемесі қалып, бар қасиет бойыңнан табылғандай тау екенсің... Жемісі көп, жері көп, жер төресі мұнда екен, жігіті көп, ері көп, елтөресі мұнда екен», - деп сүйсінгендей тау – Қазығұрттың (Шымкент жерінде) бауырайында қасиетті жерлер де молынан. Солардың бірі - «Ғайып ерен - қырық шілтен» тастары.

Ғайып ерен - қырық шілтен - арабтың, көне түркінің және парсының сөздерінен құралған ғажап тіркес. Араб тілінде «ғайыбы» «жоқ болып кету», «көзден тасалану» деген мағыналарды білдіреді. «Шілтен» парсы тілінде «қырық тән немесе қырық дене» деген ұғымда қолданылады. Бұған қоса, мынадай да діни жорамалдар бар: жалпы, әулиеліктің жеті сатысы бар. Оның ең жоғарғысы - құтып, екінші сатысы — әруакуль муқаддас, үшінші сатысы – Ғайып ерен қырық шілтен болып саналады. Қырық шілтеннің құрамында

қырық әулие болады. Әулиелердің ұлығы Ғайып ерен, қырық шілтенмен бірігіп, Жаратқанды ұлықтап намаз оқиды екен. Қазығұрт тауында «Ғайып ерен қырық шілтенге» апаратын тас жол бар.

Ал, Ғайып ерен қырық шілтен әулиеге жеткенде сізді алдымен, осы мекеннің қызметшісі күтіп алады. Ол кісі жол бастап, әулиенің қасиеті мен тарихын таныстырады.

Адам ата, Хауа анаға дейін табиғаттың заңын, тіршіліктің көзін көрсеткен де осы Ғайыперен қырық шілтен делінеді. Айтса-айтқандай, алақандай жерде он сегіз мың ғаламның бүкіл құбылыс белгісі шоғырланған.

### **Ата тас пен ана тас**

Құдайдың құдіреттілігі болар, шынында да, алақандай жерден неше түрлі бейнелердің тас мүсінін көруге болады. Адам ата мен Хауа ананың, ұшқан құс пен жүгірген аңдардың бейнесі бір Алланың құдіреттілігімен жоқтан бар болған, ғайыптан пайда болған дейді. Ғайып ерен осы тұрған күш-құдірет, ал қырық шілтен - көзге көрінбейтін қырық бір ата.

Ал, әулиелі мекенге аяқ басқанда, алдымен, бір-біріне жақын жатқан екі тас - Қырық бір атаның біріншісі, босағадан өтесіз. Әр адам бұл әлемге, отбасын құрып, ұрпақ әкелуге келетіндіктен, бұл жерден босағаның берік, шаңырақта ынтымақ-берекенің болуын сұрап, «бисмиллаһир рахмани-рахим», - деп мұнда оң аяқпен аттап кіру керек. Осы босағадан қайтып шыққанша Алладан жақын туыс, бала шағаның амандығын, арман-мақсаттың орындалуын сұрау қажет.

Босағадан аттағаннан кейін алдыңыздан қасиетті тұт ағашын көресіз. Бұл жерден тамырланып өсетін жеміс-жидек, дән-дақыл - адамдардың тағамға тәуелділігін білдіреді.

Әулиедегі ең үлкен қасиетті белгілердің бірі - Адам ата мен Хауа ана. Бұл жерде еркек — жел, дауыл, от, суға шыдамды, әйел затының пірі, қорғанышы екенін білдіріп, Ата Ананы қорғап тұр. Тастағы мың сан тесіктер Ананы оттан, судан қорғаған Атаның қырық тесік шапанын білдіреді.

Ана - үйге жаралған, ана - отбасы, ошаққасы. Ананың бауыр жағында төрт бөлікке бөлінген қазаннан аумайтын белгі бар. Бұл - төрт құбыламыз түгел, төрт түлігіміз сай болсын, қора малды болсын деп тілек тілейтін жер. Одан сәл әріректе нәресте белгісі бар. Нәрестелі, перзентті болу сұралады. Осы тұста ата-анаға бас иіп, құран оқылып, екеуінің ортасынан, атаның қолтығынан өту рәсімі орындалады.

### **Басына кеме тоқтаған**

Жер жүзін топан су басқанда, Алланың әмірімен барлық тіршілік иелерінің өкілдерін кемеге салып аман алып қалуға тырысқан Нұх пайғамбар кемесі, Ғайып ерен қырық шілтен әулиенің күшіменен Қазығұрт тауының басына қайырлаған деседі. Осы жердегі кемеге ұқсас бейнетас—пайғамбар кемесінің белгісі. Нұх пайғамбар кеме тоқтаған жерге қазық ұрып, «Қазығұрт»

тауының атауы осылай дүниеге келген екен. Топан судан кейінгі тіршіліктің осы тұстан басталатыны аңызға арқау болған. Ғайыперен қырық шілтен топан су астында қалса да бүлінбеген деп айтылады.

Ал, бұдан әрірек орналасқан жалпақтас, көзге көрінбейтін аталар - қырық бір әулиенің дастарқан белгісі екен. Мұнда келгенде - дастарқанның кең, берекелі, мол болуын тілеу керек.

Зиярат соңында Ғайып ерен қырық шілтен әулиенің босағасы алдындағы бір арнаға тоғысқан үш бұлақтың - көз суы, құлақ суы және өңеш суы ем болсын деп ішіледі. Үш бұлақтан аққан қосынды судың адамның ішкі құрылысына ем болатын қасиеті бар екен деседі.

Ғайыперен қырық шілтен жайлы қысқаша білгеніміз осы болды. Аңыз түбі ақиқатқа тірелері белгілі. Әрине, Аллаға серік қосу – күнәнің үлкені. Бірақ әулиелі жерге зиярат ету Аллаға серік қосу болмаса керек. Біз тілекті тастан емес, әулиені дәнекер ете отырып, Алладан сұраймыз.

**Шадияр МОЛДАБЕК,**  
«Алаш айнасы», 10 шілде 2010 ж.

## **ҒАЙЫП ЕРЕН ҚЫРЫҚ ШІЛТЕН**

Ғайып ерен қырық шілтен – арабтың, көне түркінің және парсының сөздерінен құралған ғажап тіркес. Арабтың «ғайыбы» – «жоқ болып кету», «көзден тасалану», «құдайлық іс» деген мағыналарда жұмсалады. Көне түркі тіліндегі «ерен» атауы қазіргі қазақ тілінде – «ер». «Шілтен» парсы тілінде «Қырық тән немесе қырық дене» деген ұғым береді. Сонда «ғайып» бір рет, «Қырық ер» екі рет қайталанып тұр.

Ғайып ерен қырық шілтеннің тікелей өмірге келуіне әл-Фарабидің тетелес замандасы, арабтың аса көрнекті ғұламасы әл-Газали себепші болыпты [Бұл әңгімені «Көкалташ» медресесін бітірген Ерiмбет молданың шәкірті Латиф қожадан естiдiм. – Б.С.]. Ол он үш-он төрт жасында Индиядан араб елдеріне білім іздеп шығады. Әкесі бір соғыс кезінде Индияға қашып барған араб екен. Шешесі ұлының келешегін ойлап, отанына баруға рұқсат етеді. әл-Газали ілескен керуен жолда қырық қарақшыға жолығады. Ақша талап етеді. Керуендегілер бар ақшасын жасырады, әл-Газали шешесі берген қаражаттың бір тиынын қалдырмай, қалтасынан шығарып береді. Қарақшылар баланың бұл ісіне таңырқап, себебін сұрайды. Анам: «Құдайдан қорық, адам баласына қиянат жасама, өтірік айтпа, адалдан мал тап», – деп насихат айтқан. «Өсиетін орындап тұрмын», – дейді. Бұл сөз қарақшыларға қатты әсер етеді. «Мына қаршадай бала тегін болмаса керек. Біз құдайдан қорықпаймыз, адамдарға қиянат жасаймыз, өтірік айтып, арамнан мал тауып жүрміз. Бала құрлы бола алмадық-ау», – деп өзара күңкілдеседі. Бәрі ақылдаса келіп, ақшасын қайтарып береді. әл-Газалиден ақша орнына бата сұрайды. Батасы қолма-қол қабыл болады. Қарақшылар тобымен керуендегілердің көз алдында құс сияқты пыр етіп ұшып кетеді. Содан бастап «Ғайып ерен қырық шілтен» атанады. Оларға

Алла тағала тарапынан ерекше миссия – қиын-қыстау жағдайға ұшыраған мұсылмандарға көмектесу міндеті жүктеледі. Мұны біз қазақ халық ауыз әдебиетінен жақсы білеміз.

«әл-Фарабиді бүкіл ислам әдебиетінен сыздырып тастаған әл-Газали, – деді Латиф қожа сөзін жалғастырып. Себебі, ол Аристотель, Платон, Сократ сияқты көп құдайшылдардың ғылыми туындыларын араб тіліне аударған. Қанша данышпан болса да, олардың ислам үшін зиянды ой-пікірлерін мұсылман ғұламалары арасында дәлелдеп шыққан. Білімпаздар жиналып, әл-Фарабидің бүкіл еңбектері аластатылуына үкім шығарады. Еуропалықтар екінші ұстаз атағанымен, әл-Фарабидің ислам әлемінде аты аталмауы осы себептен. әл-Машани бастаған ғалымдар әл-Фарабиді тірілтіп алды ғой», – деп Латиф қожа сөзін аяқтады.

1971 жылы сәті түсіп, Бұқар облысы, Тамдыбұлақ қыстағында тұратын Ерімбет молдамен әр түрлі тақырыпта әңгімелестім. Ол кісіге: «Ғайып ерен қырық шілтен Қызыр пайғамбар сияқты ақырзаманға дейін өлмей ме?» – деп сұрақ қойдым. «Жоқ, ғайып ерен қырық шілтеннің мүшелері ажалы келгенде біз сияқты қаза табады. Олар – әлемнің әр жерінен бас қосқан адамдар. Әрқайсысы дәл біз сияқты өз елінде тіршілік етеді. Алла тағала өкімімен жиналатын кезде ғана бас қосып тұрады. Халық арасында жеке-жеке тіршілік етіп жатса да, ешкім олардың шілтен екендігін айыра алмайды, сезбейді. Біреуі өлген жағдайда бүкіл жер бетін іздеп, өздеріне лайықты адамды тауып алады да, орнын толтырады. Бірақ қырық саны өзгермейді.

Бір ит неше жылдар бойы қырық шілтеннің соңынан қалмапты. Ойға барса – ойға, қырға барса – қырға барыпты. Ақырында ізгі ниетінен ғайып ерен қырық шілтеннің біріне айналыпты. Ол әсіресе қайтыс болған адамның орнын толтыруға қатты көмектеседі екен. Бірде осы Бұқар қаласында мынадай оқиға болыпты. Бір кісі көшемен келе жатса, аузына өкпе тістеген бір итті көреді. «Өкпені ә дегеннен жеп қоймай, аузына тістеп алғаны несі», – деп таңырқайды. «Түбі жейді ғой, қай жерде жер екен» деген ой қызықтырады. Жайымен жүріп бара жатқан иттің соңынан ере береді. Ұзақ жүреді. Бір кезде қаланың аумағынан шығып кетеді. Сонда да соңынан қалмайды. Біраз уақыттан кейін көлемі әжептәуір үлкен бейітке келеді. Беті ашық бір қорғаншадан қырық қаралы адам өре түрегеледі. «Келді, келді», – деп қатты қуанышқа бөленеді. Санап қараса – 38, итпен 39 екен. Иттің ізіне түскен адам шілтенге айналады да кетеді.

Қырық шілтеннің біреуі бастық болады да, қалғандары соның өкімін орындайды. Бірде бір асқан ғұлама молда шілтендердің қатарына қосылады. Шілтендердің арасында бұдан асқан білімдар болмапты. Соған қарамастан мұны шілтендер бастық етіп сайламайды. Сауатсыз бір темір соғатын ұстаны өздеріне басшы етіп қояды. Бұл әлгі молданың көңіліне келеді. Өзін басшы болуға лайықты санайды. Осы ой көкірегінен кетпеген соң, бір күні ұстаны байқатпай сынап көргісі келеді.

Қырық шілтен тарқап кеткен жайшылық кездің бірінде әлгі молда шілтеннің ұста дүкенін тауып алады. Перделеніп, елеусіз адамдардың бірі

болып, жұмыс үстінде отырған ұстамен пікірлеседі. Сөзден сөз шығып, әңгіме жұмақ, тозаққа тіреледі. Тозақта шырқырап жылап, жан төзгісіз азапқа түсіп жатқан кәпірлер тілге тиек болғанда: «Қанша қылмыс, асылық, күнә жасағанымен, олар да, біз де айналып келгенде, Адам ата мен Хауа анадан тараған ұрпақ емес пе едік?!» – деп еңіреп жылап қоя береді. Бауыры елжіреген мейірімділік, түпсіз терең қайырымдылық, Алла жаратқан адамдарға деген сүйіспеншілік мұншалықты дәрежеде болады деп ғұлама ешқашан ойламапты. Құдды Адам атаның өзі сияқты. Өзі кәпір атаулыны барынша жек көргені сонша, оларға деген аяушылық сезімі болған адам емес еді. «Мен адасқан екенмін» деп, тәңіріден кешірім сұрап, тобаға келеді. Өзін білдірмеген күйі отанына қайтып кетеді. Ұстаның лайықты басшы екендігіне анық көзі жетеді».

«Шілтендерді біздің ауылдан пәленше деген (мен аттарын ұмытып қалдым. – Б.С.) екі кісі көрген, – деді Ерiмбет молда сөзiн аяқтай келiп. Олар бiр бейiттiң қасынан өтiп бара жатып, қораланып мәжiлiс құрып отырған көп адамды көредi. «Мәжiлiс құруға басқа жер табылмады ма екен?» – деп таңырқасады. Сөйткенше болмай, әлгiлердiң бiреуi арттарынан қуып жетiп, аттың шылбырына жармасады. Тоқтатып алып: «Бiздi көргендерiңiздi айтушы болмаңыздар. Тiстерiңiзден шығармаңыздар», – деп қатты тапсырады. Алайда екеудiң бiреуi iшiне сыймай, айтып қояды. Екiншiсi қанша зорласа да тiс жармай, сабыр сақтайды. Айтып қойғаны бiр бәледен соң бiр бәлеге ұшырап, ақырында дүниеден тұқымсыз өтедi».

Ғайып ерен қырық шiлтен туралы ауыз әдебиетiнде ғана емес, ел арасында да әңгiмелер өте көп. Солардың бiр-екеуiн мысалға келтiрелiк.

Бұқар облысының Тамды, Кенимех т.б. аудандарында осы ғасырдың басында бiр ишан өмiр сүрiптi. Неге екенi белгiсiз, орыс десе аза бойы қаза тұрыпты. Жүрген жерiнде оларды үнемі жиiркене отырып жамандайды екен. Кеңес өкiметiнiң ендi-ендi орнай бастаған кезi болса керек, бiр топ орыс солдаттары ишанның ауылына сау ете қалыпты. Бiр мәселе бойынша бүкiл ел жиналыпты. Көрген бойда ишан солдаттардың үлкен басшысына басы аяғына жеткенше иiлiптi. Және бұл әрекетiн әлденеше қайталапты. Солдаттар кеткеннен кейiн халық ишанды ортаға алады. «Сiздiң оныңыз не? Орысты өлгенше жамандайтын едiңiз. Жаман солдаттардың бастығына басыңыз жеткенше иiлдiңiз де қалдыңыз, түсiнбедiк», – десiптi. «Құрметтi халқым-ай, менi орысқа иiлдi дейсiздер ме? Жоқ, олай емес, орыстың шылауында жүрген ғайып ерен қырық шiлтенге иiлiп едiм. Бұл өкiмет ұзақ жасайтын болды. Ендi қарсылық көрсетпей, қызмет ете берiңдер», – дептi. Өзi де бұрынғы әдетiн тастапты.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында да көзi қаракты бiреу кеңес өкiметiнiң алғашқы жылдарында ғайып ерен қырық шiлтендi көрiптi. Жүрiп келе жатқан паровоздың дөңгелегiн жанын сала итерiп, тезiрек жылжуына көмектесiп барады екен. «Ой, Алла-ай, – дептi әлгi кiсi. – Балшайбектiң (большевиктердiң) өкiметiн құдай да қолдайды екен. Бiз пендешiлiкпен жамандайды екенбiз. Ендi бейiмделуiмiз керек... Өкiметке қарсы тұру құдайға қарсы тұрғанмен бiрдей», – деп жүрген жерiнде үгiт-насихат айтыпты.

Бұл факт. Әулиелердің ұлықтары шілтендерге қосылып намаз оқиды. Ол жайында бөлек әңгімелейміз.

**Берікбай САҒЫНДЫҚҰЛЫ,  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының  
докторы.**

**ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ СҮЙІНІШҰЛЫ  
(XV Ғасыр)**



Қазтуған Сүйінішұлы –қазақтың даңқты жырауларының бірі. Ол шамамен XV ғасырдың 20-30 жылдарында Еділден бөліне шығып, онымен жарыса ағатын Аққұба, Бодан (Бозан) өзендерінің бойында (қазіргі Ресейге қарасты Астрахан облысының Красный Яр қаласының маңында) туған. Шонжарлар әулетінен шыққан Қазтуған өзі туып-өскен өңірдегі тайпалардың ру басы көсемі, әскербасы, батыры болған. Кейінірек, шамамен, 1460-1480 жылдардың аралығында, өзіне қарасты рулармен бірге Қазақ ордасына келіп қосылған.

Өзіне арнаған мадақ жырында Қазтуған былай толғайды:

«Айдаса - қойдың көсемі,  
Сөйлесе - қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса - қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сырығы,  
Билер отты би соңы,  
Би ұлының кенжесі,  
Буыршынның бұта шайнар азуы,  
Бидайдықтың көл жайқаған жалғызы,  
Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәуірдің  
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан-  
Сүйінішұлы Қазтуған!!!»

Қазтуғанның нақыл тақпақ, жыраулық ой тұрғысынан келетін:

“Балдағы алтын құрыш болат  
Ашылып шапсам дем тартар,  
Сусыным қанып, қанар деп.  
Арғымақтың баласы,  
Арыған сайын тың жортар,  
Арқа мен қосым қалар деп.  
Ар дария толқын күшейтер,  
Құйрығын күн шалмаған балығым  
Ортамнан ойран салар деп.  
Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,  
Жамандар мазақ қылар”,-

деп іспеттес жолдары жыраулық поэзияның бізге жеткен ең ескі үлгісі. Бұл жерде үлкен ақыл иесі, кең тынысты жырау бой көрсетеді.

Қазтуғанның ақындық қуатын танытатын шығарма – оның туған жермен қоштасу жыры:

“Алаң да алаң, алаң жұрт,  
Ағала ордам қонған жұрт,  
Атамыз біздің бұл Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт,

Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт,  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір – қоңымды жуған жұрт,  
Қарағайдан садақ будырып  
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт!”

Бұл жолдарда оқушысын баурап алатын ерекше бір күш бар сияқты. Аңдап қарасақ өзгеше ештеңе де жоқ, қарапайым сөз тіркестері. Алайда, осы қарапайым сөздердің өзінде адамды елітер, ерітер қаншама сезім жатыр десеңізші!

Адамға ең ыстық – Отаны, ата-бабасының ғұмыр кешкен, өзінің туып, өскен елі, жері:

Салп-салпыншақ анау үш өзен,  
Салп-салпыншақ анау үш өзен,  
Салуалы менің ордам қонған жер.  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер.  
Жатып қалып бір тоқты,  
Жайылып мың қой болған жер.  
Жарлысы мен байы тең,  
Жары менен сайы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған.

Еділ жөнінде айтылған өлең жолдарына назар аударайық:

“Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Дем алып жатқан адамға  
Түн ұйқысын таптырмас”, -  
Сөйткен менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Хайырлы болсын Сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жұрт”, -  
дейді.

Ең соңында, Еділ бойында қалған түрік тектес руларға бақыт, береке, тыныштық тілейді.

**Жиренше шешен**  
**(XV ғасыр)**

Жиренше – аты аңызға айналған шешен. «Өз Жәнібектің (1406-1473) тұсында өмір сүрген, ханның өзге билерінен өнері асып, бас биі болды» делінеді.

Билердің білгірлігін сынағыш Өз Жәнібек хан бір күні:

- Әу, Жиренше! Адам қалай қадірлі болады? – дейді.
- Қадірлі болғысы келген адамға үш жолдас керек – дейді Жиренше.
- Ие, қандай жолдас?
- Бақыт, дәулет, ырыс.
- Ал басқа пәле қайдан?
- Басқа пәле тілден.
- Кәріліктің белгісі не деп білесің?
- Қаратауға қар жауар,  
Қарсы алдынан жел тұрар.
- Қыз алған қалай?
- Қыз: «Өзің білесің», - дер.
- Жеңге алған қалай?
- Жеңге: «Өзім білем», - дер.
- Жесір алған қалай?
- «Балам білер» - дер.

Жауы үйде, досы түздегі жанның қапасы ауыр болар.

Өзің білмес ісінді

Білгендерден сұрап ал.

Өліп жатсаң наданнан

Қабырынды жырақ қыл.

(Өз Жәнібектің: «Дүниеде не ғайып?» - деген сұрағына жауабы).

- Ажал ғайып, нәсіп ғайып, неке ғайып, толғақ ғайып, қонақ ғайып.

\*\*\*

Өз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне: «Дүниеде не өлмейді?» — деп сұрақ қойғанда, алпыс биі бір ауыздан былай депті:

- Ағын су өлмейді,

Асқар тау өлмейді,

Аспанда ай мен күн өлмейді,

Әлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығыпты:

Ағын судың өлгені –

Алты ай қыста қатқаны.

Асқар таудың өлгені –

Басын бұлт жапқаны.

Ай мен Күннің өлгені –

Еңкейіп барып батқаны.

Қара жердің өлгені –

Қар астында жатқаны.

Ажал деген атқан оқ,

Бір Алланың қақпаны.  
Дүниеде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді.

\*\*\*

Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып қаза болыпты. Әз Жәнібек хан «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймаңдар»,— деп уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып ханның үйіне түсіп сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:

- Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? — депті. Жиренше шешен отырып:

- Әкесі өлсе асқар тауы құлағанмен бірдей болады,— депті.
- Шешесі өлген қалай болады?
- Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.
- Ағасы өлген қалай болады?
- Оң қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Інісі өлген қалай болады?
- Сол қанаты қайрылғанмен бірдей болады.
- Апа-қарындасы өлген қалай болады?
- Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
- Қатыны өлген қалай болады?
- Аһ!.. Менің Қарашашым өлген екен ғой? — депті Жиренше. Ол күйініп қамшысын таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен.

\*\*\*

Төрт нәрседен үміт бар:  
Жас өсемін деп үмітті,  
Жалғыз көбейем деп үмітті.  
Жарлы байимын деп үмітті,  
Ауру жазыламын деп үмітті.

\*\*\*

Хан өзінің нөкерлерімен серуендеп келе жатқанда алдынан сақалы ақ, шашы қара бір адам кездесіп, сәлем береді. Былай шыққан соң хан қасындағыларға қарап:

- Әлгі адамның сақалының ақ, шашының қарасы қалай? - деп сұрайды: Сонда Жиренше:

- Үйде егілген
- Түзде тебінген,
- Әйелі шайпау,
- Аты шабан бір бейбақ болар, - депті.

\*\*\*

Елі жоқ жер – жетім,  
Елінен ауған ер – жетім,  
Жерінен ауған ел – жетім,

Тыңдаушысыз сөз – жетім,  
Жоқтаушысыз қыз – жетім.

### Ел аузынан

Жолаушылап келе жатқан жас жігіт, қарт адамға кездеседі. Олар ауылға жақындағанда бейітке қайтыс болған адамды жерлеп жатқанын көреді. Ақсақал: көптен сырқаттанып жатқан азаматымыз бар еді, сол қайтыс болған екен, - дейді.

Жігіт:

- Ол, азамат өтірік өліп жатыр ма, шын өліп жатыр ма? – дейді. Ақсақал жігіттің бетіне таңдана, күдіктене қарайды.

Жігіт: - Балалары барма еді – дейді. Ақсақал – бар,- десе,

Жігіт:

- Өзінің балалары ма, басқаның балалары ма? – дейді. Ақсақал жігітке түңіле қарайды. Ауылдың шетіне келгеннен кейін ақсақал бұрылып үйіне, жігіт – өз бағытымен кетеді. Ақсақалдың бойжеткен қызы бар екен, әкесін аттан түсіріп, Сізбен бір жолаушы адам келе жатыр еді ғой, күн кешкіріп қалды, қонақ бол демедіңіз бе? – дейді. Әкесі, жігіттің есінің дұрыс еместігіне күдіктенгендігін айтып, қойған сұрақтарын, қайталайды.

Қызы: - әке, жігітті түсінбеген екенсіз, ол ақылды жігіт екен. Бірінші сұрағы: балалары бар ма? - дегені еді. Екінші сұрағы: ұл ма, қыз ба- деп сұрағаны еді депті.

Жігіттің соңынан арнайы шақырып кісі жіберіп, қонақ етіпті. Жігіт - атақты Жиренше шешен екен. Қыз – Қарашаш сұлу екен.

Жиренше шешенмен жолаушылап бірге келе жатқан жігіт:

- Шешен, балаларыңыз бар ма? – дейді.

Жиренше шешен:

- Бір азаматым бар,- дейді.

Үйіне келіп аттан түсіп жатқандарында алдарынан жүгіріп, 3-4 жастағы бала шығады.

Жолаушы жігіт:

- Е, немереңіз де бар екен ғой – дейді.

Жиренше шешен:

- Жоқ, әлгі айтқан азаматым осы, – дейді.

Жігіт:

- Шешен, мына бала азамат болып ер жеткенше, біраз уақыт керек қой, - дейді. Сонда, Жиренше қолындағы қамшысын жерге тастап жіберіп:

- Балам, қамшымды әперші дейді. Бала жүгіріп келіп қамшысын әпереді.

Сонда, Шешен:

- міне, қолқабысын тигізген, азамат деген осы болады, - деген екен.

### Шәлгез (Шалкиіз) жырау (1465-1560 ж.ш.)

XV ғасырда өмір сүрген көрнекті жыраулардың бірі Шөлгез (Шалкиіз). Оның шығармалары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтары арасына кең тараған.

Әкесі Тіленші өз тұсындағы ірі феодалдардың бірі болған, ал шешесі Ноғай ордасының ұлы биі Мұсаның қызы екен. Үш айлығында анасынан айырылған Шалкиіз нағашы атасының қолында тәрбиеленеді. Ел аузынан жазылған қолжазба деректер мен өз жырларына қарағанда, Шөлгездің Орақ, Мамай, Темір сияқты мырзалар мен билер маңында – ақсүйектер ордасында өмір кешкені белгілі болған.

Көшпелі шонжарлар ортасынан шыққан жырау еш таршылық көрмей өседі. Бұл жағдайлар оның тұлға ретінде қалыптасуына және поэзиясына ықпал етті.

Ел аузынан жиналған қолжазбалар мен XX ғасырдың бас кезінде баспа жүзін көрген кітаптарда Шөлгез Ноғайлының жырауы еді делінеді. Ілгеріде Ноғайлы аталған тайпа, рулардың көбі өмір ағымына қарай әр аймаққа қоныс теуіп, түрікше, башқұрт, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, қазақ, ноғай аталып үлгіргенде, Ноғайлы Ордасы құрамындағы бірқатар ру, тайпа бөліктері ежелгі қонысы Еділ, Жайық аралығында қалып, сол мекендегі Алшын тайпасымен тағы араласты. «Ноғайлы» атымен отырып қалған елдің ең ақырғылары бөлініп-бөлініп кеткенше қазақ болған Кіші жүз рулары сол қалған ноғайлармен көршілес отырған. Тіпті, ең ақырғы қалған, аз ғана ноғайлылардан шығып келіп қазаққа қосылып, осы күнге шейін «ноғайлы» атын ұмытпаған елдер көбінесе сол Кіші жүз ішінде. Бертінгі кездерде келіп қазақ болғандардың «Ноғай», «Ноғайлы» деген аттары әлі қалған жоқ. Кіші жүз бөкейлік қазақтарында әлі де ноғай аттарын қалдырмай жүрген ауылдар бар. Және Шу өзенін қыстайтын елдердің ішінде «ноғайлы» дейтін ауылдар бар. Алшын тайпасы арасындағы Ноғай Ордасынан келіп қосылған рулар «ноғайлы» не «ноғай-қазақ» аталады.

«Ноғай-қазақ» аталатын рулардың үрім-бұтағы қазір Қазақстанның батыс өңірінде – Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында, Ресейдің Саратов облысы аймағында кездеседі. Ноғай Ордасының көптеген рулары Еділдің Кавказ бетіне көшкенде, Қояс руы түгелдей Алшын арасында қалса керек. Күні бүгін бізге белгілі болып отырған Шөлгез мұрасы 760 жолдай. Оның 500 жолдайы қазақ арасынан 260 жолдайы ноғайлар арасынан жиналған.

Шөлгез жырларында өнеге-өсиет, мақал-мәтел, ақыл-нақылды шумақтар мол.

Құсты жисаң, бүркіт жи,  
Қыс тоныңды түлкі етер.  
Бір жақсымен дос болсаң,  
Азбас, тозбас мүлкі етер.  
Бір жаманмен дос болсаң,  
Күндердің күні болғанда,  
Жүмле ғаламға күлкі етер.  
Бір жаманға сөз айтсаң,

Есікті кетер сарт ұрып.  
Сол жаман елден кетер деп,  
Артында жақсылар қалар шарқ ұрып.

Арғымақ атқа көп міндім,  
Садақа кетсін буданнан.  
Азаматқа көп ердім,  
Садақа кетсін туғаннан.  
Жаман туған бар болса,  
Жаман жолдас көп болса,  
Жазаны содан көрерсің.

Ағайынның ішінде  
Бір жақсысы бар болса,  
Қоңқалаған көп жаман  
Сол жақсыны көре алмас.  
Атаның ұлы ерлерге  
Малың бер де, басың қос,  
Басыңды қос та, бек сыйлас, -  
Күндердің күні болғанда,  
Басың жауда қалар ма?!

Бар күшіңді сынамай  
Балуандармен күреспе:  
Таң боларсың әлемге,  
Сөз боларсың күллі елге.

Айырдан туған жампоз бар,  
Жүгін нарға салғысыз.  
Арғымақтан туған будан бар,  
Күнінде көрінім жерді алғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар,  
Адам айтса – нанғысыз.  
Жақсыдан туған жаман бар,  
Күндердің күні болғанда,  
Бір аяқ асқа алғысыз.  
Жаманға жақыным деп сөз айтпа:  
Күндердің күні болғанда,  
Сол жаман-өзіңе айғақ-ты!

Ақылсыз достан  
Ақылды дұшпан артық.  
Дұшпаныңнан бір сақтан,  
Ел ішінде айқасып  
Ойнап жүрген достарыңнан мың сақтан.

Жоғары қарап оқ атпа,  
Жуық түсер қасыңа.  
Жаманға сырыңды айтпа,  
Күндердің күні болғанда,

Айғақ болар басыңа.  
Жағаға дұшпан қолы тимеске  
Артыңда туысқанның көбі игі.  
Күндердің күні болғанда  
Қырға шықпас жаманның  
Барынан да жоғы игі.  
Алп, алп, ал сақтан,  
Аңдып жүрген дұшпаннан жүз сақтан  
Күле кіре, күңіреніп  
Шыққан достан мың сақтан.  
Шалгез өз заманының жырауы ғана емес, ақылгөй абызы әрі айтулы батыры  
болған.

**Әнет баба Кішікұлы**  
**(1628-1723)**



Әнет баба Кішікұлы - Әнет баба аталып кеткен абыз, атақты би. Тегі арғынның тобықты тайпасынан. XVII – ғасырдың 20-жылдарының орта шенінде туып, «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі (1723) сергелденде жүзге таянған жасында қайтыс болған. Ол заманның Төле бастаған даңқты билері Әнет бабаны өздерінің ұстазы санаған.

Ақыл-кеңес сұрап барған жас Төле биге берген батасы:

- Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да алмайды. Саяқ жүрген таяқ жейді. Ел билеу үшін, алдымен, еліңді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл.

«Бақ, қайда барасың? – дегенде: «Ынтымаққа барамын», - деген екен. Көптің айтқанын тыңдасаң, көп те сенің айтқаныңды екі етпейді. Көп қорқытады, терең батырады. Адалдыққа жақ бол, арамдыққа жат бол. Досыңмен жауласудан сақ бол!

Әнет баба бата сұрап келген жас Қазыбекке:

- Балам «Әкім» деген сөзді ешқашан есіңнен шығармағайсың, - деген екен.

Бұл – ақылгөй бабаның:

«Ә» - әміршіл болма, әділ бол,

«К» - кекшіл болма, көпшіл бол,

«І» - іріткі салма, ізетті бол,

«М» - менмен болма, мейірбан бол – дегені екен.

\*\*\*

Әнет бабадан тағы бірде Күлтөбеге жиналған ел: - Баба дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз; не тәтті, не күшті, не жаман? - деп сұрапты. Сонда баба жеті сауалға үш-үштен жұптап былай деп жауап беріпті: **Үш арсыз бар.** Олар мыналар: ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

**Үш ғайып бар:** ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

**Үш даусыз бар:** мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз.

**Үш қадірсіз бар:** жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз.

"Қадірсіз" дегенде, бұл жерде, Әнет баба, адам баласы жас кезінде осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе өкінеді дегенді айтып отыр.

**Үш тәтті бар:** жан тәтті, мал тәтті, жар тәтті.

**Үш күшті бар:** ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

**Үш жаман бар:** нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болыңдар, - депті.

\*\*\*

Әнет баба айтыпты: «Дүниеде жеті жетім бар. Олар мыналар» деп:

Сөз жетім, ынтаменен тыңдалмаса,

Бөз жетім, киіліместен тозған болса.

Жер жетім, иесі жоқ қалған болса,

Ел жетім, жақсы басшы арман болса,

Көл жетім қаз қонбаса құстары ұшып,

Ер жетім жеке қалса тізе құшып,

Болмаса замандасың тойға барма,

Басына жалғыздықтың торы түсіп.

\*\*\*

Әнет баба қартайып, жасы 90-ға келгенде фәни шаруасына араласпай, "Кәләм-Шәриф", Қожа Ахмет Иассауи, Софы Аллалардың кітаптарын, "Нұрнаманы" оқып оңашалана береді. Кейде қалың ойға батып, жападан-жалғыз қыр асып кетеді. Сондай бір күні ауыл сыртында онымен кездесіп қалған Қазыбек би:

- Әнет баба, не іздеп жүрсіз, кімді іздеп жүрсіз? - деп сұрайды.

Сонда Әнет баба:

- Өзімді іздеп жүрмін – дейді.

Қазыбек би аңтарылып тұрып қалғанында Әнет баба былай дейді:

- Мен сенің сөзімді түсінбей қалғаныңды сезіп тұрмын. Сондықтан айтайын: Адам баласы Аллаһ тағаланың әмірімен жарық дүниеге келгенде пәк, адал, таза күйінде туады. Өсе келе әрнені көреді, әрнені естиді, жақсыға да, жаманға да бой ұрады. Баяғы пәктігін жоғалтады. Жас ұлғайып, қым-қуыт, қызыл-жасыл дүниенің қызығы басылған соң, баяғы адал күйіне қайта оралады. Мен қазір қартайдым. Су жорғаны мініп көрдік, сұлу әйелді құшып көрдік, өзен судай тасып та көрдік, өткел бермес дариядан асып та көрдік - бәрі жалған екен. Енді маған ештеңенің керегі жоқ. Баяғы күнәдан пәк адал жүрегім керек. Өзімді іздеп жүрмін дегенім осы.

**ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ**  
**(1663-1756)**

Төле би Әлібекұлы қазіргі Жамбыл облысы Шу өзенінің жағасында, Жайсаң жайлауында 1663 жылы дүниеге келген делінеді. Ол 1756 жылы Ташкент қаласының қасындағы Ақбұрқан деген жерде 93 жасында қайтыс болған. Денесі Ташкент қаласындағы атақты Бабырдың арғы аталары Юнус хан мазарының қасына қойылған.

- Иә, Төле би атамыз би ғана емес, әрі қазы, әрі әулие болған. Өзбектер бұл жерді «Қарлығаш би» деп атаған. Себебі, сонау кездері қазақ халқына қалмақтар шапқан кезде бұл жерден қазақтардың бәрі қоныс аударып, көшіп кеткен. Сонда Төле би ғана көшпей қалған. Ел одан «Неге қалдың? Қашпайсың ба?» деп сұрағанда, «Үйімнің шатырына қарлығаштар ұя салған, оның балапандары жұмыртқа жармағанша, мен оларды тастап кете алмаймын. Бұл – Алла тағаланың маған қалдырған аманаты» депті. Мұны естіген қалмақтардың қолбасшысы сарбаздарына: «Бұл жерде рақымды, жақсы адам тұрады екен, бұған тимендер», - депті. Осы жағдайдан кейін Төле би «Қарлығаш би» атанып кеткен.

Төле би Әлібекұлы он үш жасынан-ақ билік етіп, кесім айтқан. Бұл жағдай былайша сипатталады: Төле бидің шешесі қайтыс болып, жыл толған соң әкесі Әлібек бәйбішесіне ас береді, үш жүздің баласына үш жүз үй тігеді. Үй бас сайын күтуші тағайындап қояды. Әлібек баласын шақырып алып:

- Төле қарағым, ортадағы үлкен ақбоз үйдегі кісілердің қолына су құй, - деп тапсырады. Бала Мамай бидің алдына келгенде сүрініп кетеді. Сонда Мамай:

- Е, балам, олжаңа ортақпыз, асса әкең Әлібекке де қалдырып қой – депті. Төле сәлден кейін үйге кіріп:

- Дат, тақсыр! – депті.

Мамай би:

- Балам, құлағымыз сенде, - дейді.

Сонда бала Төле:

Таңның таң екенін кім білер,  
Сарғайып барып атпаса.  
Күннің күн екенін кім білер,  
Қызарып барып батпаса.  
Орданың орда екенін кім білер,  
Мен сияқты қызметші бала  
Сүрініп құлап жатпаса.  
Иттің ит екенін кім білер,  
Жығылып жатқан баланы  
Тақымынан алып қаппаса.  
Бұл сөзім сізге жеткен шығар,  
Сүйегіңізден өткен шығар.  
Аса қадірлі болсаңыз да,  
Қадіріңіз кеткен шығар.  
Сұраған соң шекер ме,  
Би олжасыз кетер ме?!

Осы сөзім сізге олжа,  
Түсінсеңіз жетер де,  
- депті. Осы оқиғадан кейін Мамай би:  
- Е, халайық, жанағы бала кім еді? – деп сұрайды.

Жұрт:  
- Әлібектің баласы – Төле – дейді.

Мамай би:  
- Бүгіннен бастап билікті сол балаға бердім, ендігі билеріңіз Төле болады, - депті.

Осы кезде Сыр бойының самсаған қалаларының бірталайы жоңғар басқыншыларының қоластында қалған болатын. Осы тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған үш жүздің ел басшылары, игі жақсылары түгел жиналады. Сол жиында Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгіп, берілуден басқа амал жоқ», - деп түңіліп отырып алады. Қарабектің дәрменсіздігіне күйініп ашуланған Төле би былайша жыр толғайды:

Атадан ұл туса игі,  
Өзі біліп тұрса игі.  
Ата жолын қуса игі.  
Жаудан бұққан немені,  
Өзіне келер ұятын,  
Ортасынан қуса игі! –

деп, елдің шырқын бұзғандарды жиыннан сыпыра қуғызып жібереді. Сонан соң айналасындағыларға қарап:

Уа, көсіле шабар жерің бар,  
Арылмайтын сорың бар...  
Ту көтерер ерің бар.  
Құлдық ұрсаң дұшпанға,  
Қол боларлық елің бар,  
Еркек болып туды деп,  
Атадан қалған жолың бар,  
Мына сені кім айтар? –

деп тебірене толғайды.

Тәуке ханның тұсында қазақта үш жүздің үш аға билері болған. Олар: Төле, Қазыбек, Әйтеке билер. Тәуке хан билікті басқару тұтқасын толығымен билерге берген. Ол жүздерді, ұлыстарды басқаруда Ұлы жүзде – Төле биге, Орта жүзде – Қаз дауысты Қазыбек биге, Кіші жүзде – Әйтеке биге, қарақалпақтарда – Сасық биге, қырғыздарда – Қоқым биге арқа сүйеді. Ал билер кеңесіне бүкіл қазақ елінен сексен, тіпті жүзге дейін билер қатысатын болған. Мұның көрнекті дәлелі – билер кеңесінде қабылданған «Жеті жарғы» заңы. Қазақ хандығы мемлекеттік іргетасын қалағаннан бері «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы» сынды әділеттік құқыққа негізделген хан заңдары мазмұны жағынан «Жеті жарғыда» жалғасын тапты.

«Жеті жарғының» негізін құрайтын баптар:

- I. Мемлекет тұтастығы.
- II. Тән тазалығы.
- III. Дін беріктігі.
- IV. Отбасының бірлігі.
- V. Қылмыс пен жаза.
- VI. Адам құқығы және мүлік меншігі.
- VII. Билік тәртібі.

Қарастырылған ісіне қарай жеті ірі тараудан тұратын «Жеті жарғының» қағазға түсірілген мағлұматтары 34 баптан тұрады.

«Жеті жарғы» атауының ұғымына түсінік беретін болсақ, жарғы сөзі «әділ шешім» деген мағынаны білдіреді. Түрік, парсы тілінде де, моңғол сөздігінде де «билік, шешім» деген мағынада.

Сонымен, Төле би, XVII- XVIII ғасырлардағы көрнекті тарихи тұлға. Ойшыл, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының үлкен билерінің бірі, ақпа-төкпе шешен. Би – қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: ел билеушісі, иелік етуші, сот, төреші; батагөй, шешен; бітістіруші, дипломат, елші ретінде ұғынылған.

Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол!  
Бір елдің атасы болма,  
Бар елдің данасы бол!  
Бір тонның жағасы болма,  
Көп қолдың ағасы бол!  
Ақты ақ деп бағала,  
Қараны қара деп бағала.  
Өзегің талса өзен бойын жағала,  
Басыңа іс түссе көпшілікті сағала.  
Өзіңе-өзің кәміл бол,  
Халқыңа әділ бол,  
Жауыңа қатал бол!  
Досыңа адал бол!

Болмас іске қарыспа,  
Біреуге ор қазыспа,  
Жауыздық іске барыспа.

Іздеп келер інің бар болса,  
Бақытың барын содан біл.  
Аңсап келер ағаң бар болса,  
Аруағың барын содан біл.

Өз пайдасын әркім өзі ойлайды,  
Ел пайдасын ер ойлайды.

Жатқа жалғыз бармаңыз,  
Жазым болса, бас кетер.  
Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл болса, үй кетер.

### Не жаман?

Біріншіден, бірлігі кеткен ел жаман,  
Екіншіден, ерегiсiп өскен ер жаман.  
Үшіншіден, үш бұтақты шiдерге,  
Үйренбеген ат жаман.  
Төртіншіден, төсектен безген жас жаман.  
Бесіншіден, белсене шапқан жау жаман.  
Алтыншыдан, албарлы ауру жаман.  
Жетіншіден, жас келіннің жұбайы қаза тапса, сол жаман.  
Сегізіншіден, сері басына сергелдең түссе, сол жаман.  
Тоғызыншыдан, жаумен жағаласқанда,  
Төбесін көрсетпей кеткен ер жаман.  
Оныншыдан, отыздағы жігіттің тілеуі болмай,  
Кәрілік жетсе, сол жаман.

### Не пайда?

Шешендіктен не пайда,  
Артында сөзі қалмаса?  
Батырлықтан не пайда,  
Халқына қайран қылмаса?  
Хандықтан да пайда жоқ,  
Қарашасын жалмаса.  
Молдалықтан пайда жоқ,  
Шариғатты өзгертіп,  
Надандарды алдаса...

\* \* \*

Күштімен алыспа,  
Жүйрікпенен жарыспа.  
Сұлуменен таныспа,  
Ұлықпенен қағыспа,  
Қас дұшпанмен табыспа.

\*\*\*

Кейде адам баласы менмендікке кетіп қалады.  
Адам менмендіктен сынады.

\* \* \*

Аққа қара жоқ,  
Қараға шара жоқ.

\* \* \*

Шын сөзге өлім жоқ.

\* \* \*

Ынтымақпен жүрсең — ірімейсің.

\* \* \*

Атасы жақсының ұлы да жақсы. Анасы жақсының қызы да жақсы.

Нашар адамның нашарлығы әр жерде көрінеді.

\* \* \*

Үш жүздің атақты билері бас қосқан бір жиында Төлеге бір би мынадай сұрақ қойыпты:

- Бақыт дегеніміз не?

Байлық дегеніміз не?

Бала дегеніміз не? — деп.

Төле би оған:

- Бақыт - ұзатылар қыз,

Байлық - еритін мұз,

Бала - артта қалған із.

Ал өмірдің ең жақсы сыйы -

Сыйласқан сіз бен біз, - деп жауап беріпті.

\* \* \*

Билікті берсең қиратар

Білімсіз соқыр наданға.

\* \* \*

Бақытта дос болмайды.

\* \* \*

Бақытты адам - таудың ең шығар басындағы адам. Жол тек төменге - бақытсыздыққа қарай ойысады.

\* \* \*

Өгізді өрге салма, -

Қарың талар.

Наданға сөзіңді салма, -

Сағың сынар.

\* \* \*

Досыңа өтірік айтпа, -

Сенімің кетер.

Дұшпанға сырынды айтпа,

Түбіңе жетер.

\* \* \*

Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салма.

Жаугершілік болғанда, жағдайлап мінер ат тумас.

\* \* \*

Жақыным деп жаманның малы үшін

Жақсының жағасынан алма, - өрісің тарылар.

Әйел алсаң, көріктіге қызықпа, - тектіні ал.

\* \* \*

Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар.

\* \* \*

Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін.

\* \* \*

Елге бай құт емес, би – құт.

\* \* \*

Кілемге бергісіз алаша бар,  
Ханға бергісіз қараша бар.

\* \* \*

Қарап отырғанша, бірдеңеге жарап отыр.

\* \* \*

Кәсіп болмай, нәсіп болмас.

\* \* \*

Тұсау - ат сақтайды,  
Ат — ер сақтайды,  
Ер — ел сақтайды,  
Тон —- жан сақтайды.

\*\*\*

- Үш жүз деген кім?  
- Үш жүз — қазақтың ағайынды үш баласы.

\* \* \*

- Ағайынды кісілердін өкпесі немен тарқайды?  
- Сағынып көрісумен тарқайды.

\* \* \*

Тентек көпке тоқтайды,  
Жомарт жоққа тоқтайды.  
Асыл қынға тоқтайды,  
Арлы шынға тоқтайды.

\* \* \*

Жақсы адамға мал бітсе,  
Ағайынның жоғына қарасады.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Көрінгенмен итше таласады.

\* \* \*

Ақындықтан не пайда,  
Артында сөзі қалмаса?  
Батырлықтан не пайда,  
Халқына қайырлы болмаса?

\* \* \*

Теңізге құйса дария -  
Суының мол болғаны.  
Ел билеген ер жігіт  
Сыйласа халқы құрметтеп, -  
Басына бақыт қонғаны.

\* \* \*

Бейбіт елде сән болар,  
Сән болған жерде ән болар.

\* \* \*

Бүлінген елде дау болар,



Даудың түбі жау болар,  
Жаудың түбі шаң болар.  
Шаңдатып ел жауласса,  
Оның арты қан болар.

\* \* \*

Жерде өлшеуіш жоқ,  
Аспанда тіреуіш жоқ.  
Таста тамыр жоқ,  
Аллада бауыр жоқ.  
Тасбақада талақ жоқ,  
Аққуда сүт жоқ,  
Жылқыда өт жоқ.

\* \* \*

Баланың бесігі — кең дүниенің есігі.

\* \* \*

Қару жисаң, мылтық жи:  
жаяу жүрсең — таяқ,  
қарның ашса — тамақ.

### **Төле бидің Қазыбекке берген батасы**

Атасызға ата бол,  
Батасызға бата бол!  
Арып-ашқан қаріптің  
Жел жағына жота бол!  
Панасызға пана бол!  
Кек сақтамас бала бол!  
Дос сүйініп, қас сыйлар –  
Асу бермес дана бол!

\* \* \*

Ұқпасқа айтқан сөз – жетім,  
Көрмеске берген бөз - жетім.

\* \* \*

Тамам жарлы жиылып,  
Қонған жері кең болмас.  
Тамам сұлтан жиылып,  
Сөйлеген сөзі жөн болмас.

\* \* \*

Ұры-қары жиылып,  
Ұйытқылы ел болмас.

\* \* \*

Есекті қанша баптасаң,  
Бәйгеден келер кер болмас.  
Сайды қанша мақтасаң,  
Ел жайлайтын жер болмас.

Құмды қанша мақтасаң,  
Лақаттап қояр көр болмас.  
Жаманды қанша мақтасаң,  
Жайды білер ер болмас...

\* \* \*

Қарағайдан биік ағаш жоқ,  
Бұтақтары болмаса,  
Көлеңкесі талша жоқ.  
Арғымақтан биік жылқы жоқ,  
Биіктігі болмаса,  
Берекесі тайша жоқ.  
Ақылды деген адамның,  
Айтарға аты болмаса,  
Айтқан сөзі жайша жоқ.

\* \* \*

Батыр деген — барақ ит,  
Екі долы қатынның бірі табады.  
Би дегенің — бір бұлақ,  
Қатынның ілуде бірі табады.

\* \* \*

Жалғанда, ойлап тұрсаң, бірлік керек,  
Бірлікті ойлау үшін — тірлік керек.  
Ағайынға ала көз бола қалсаң,  
Аузыңдағы несібеңді біреу жемек.

\* \* \*

Атың жақсы болса, -  
Ер жігіттің пырағы.  
Балаң жақсы болса, —  
Жан мен тәннің шырағы.  
Әйелің жақсы болса:  
бірінші — иманың,  
екінші — жиғаның,  
үшінші — ырысыңның тұрағы.

\* \* \*

Маңдайы тайқыдан,  
Көкірегі қайқыдан,  
Ерні түріктен,  
Аузы бүріктен,  
Көзі көктен,  
Сылтауы көптен  
Сақта, Құдай

\* \* \*

Бата — басқа,  
Қына — тасқа,

Ақыл — жасқа.

\* \* \*

Қабырғадан қар жауса,

Атан менен нарға күш.

Ел шетіне жау келсе,

Батыр менен биге күш.

\* \* \*

Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ.

\* \* \*

Мақтаншақ жігіт,

Ұрыншақ ат:

Жаз болса,

Жарға жығар.

Қыс болса,

Қарға жығар.

\* \* \*

Хан көзі жетпес қайғыны

Қашықта жатып көремін.

Екі ел егес болғанда,

Ел басын қосар төремін.

Қазақ, қалмақ — егіз ел,

Қарындас, жиен, бөлемін.

Ертістің суын бірге ішіп,

Жайсаңды теңдей бөлемін.

Сен бүгін қойдай шулаттың

Бейбіт елдің өренін.

Ата-бабаң білмеген

Қайдан тапқан өнерің?

Елші боп келген екі елге

Қазақтың биі — Төлемін.

\* \* \*

Арғымақ баптап не керек,

Жабы қуып жеткен соң.

Ағайын-туған не керек,

Аңдысып күні өткен соң.

\* \* \*

Аларды біліп, бермегеннен без,

Ел-жұрты қашып, ермегеннен без.

\* \* \*

Үйіне қонақ қонбағаннан без,

Көптің айтқанына болмағаннан без.

\* \* \*

Жігіт адамға басты кесір - еріншектік. Ортаншы кесір — ұйқышылдық, кенже кесір — кежірлік, тілазарлық. Осы үш кесір, әдет бір адамда болса, ол адам өмір бойы оңбайды.

\* \* \*

Өзіңе-өзің кәміл бол,  
Халқыңа әділ бол.  
Жауыңа қатал бол,  
Досыңа адал бол.

\* \* \*

Жаңбыр жаумаса, жер — жетім.  
Басшы болмаса, ел - жетім.  
Ұқпасқа айтқан сөз — жетім,  
Көре алмаған көз жетім.

\* \* \*

Кедейге бақ қонатын күн болады,  
Біреудің өтірігі шын болады.  
Батырдан бақ қайтатын күн болса,  
Қанша тауып айтса да, мін болады.  
Қаңғыртса ханның қызы ханшаны,  
Бақытсыз бір лайық күн болады.

### **ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ**

Бұл қазақтың баласы  
Тегінде нені көрмеген?  
Неше бір жайсаң данасы  
Шешен де болып сөйлеген,  
Көсем де болған ойменен.  
Бірақ соның бірі де  
Ыдырап жатқан қазақтың  
Қоса алмады бастарын.  
Бейбіт жатқан елімді  
Жаулап алып қор қылды,  
Көк атты келіп көлденең.  
Мен боламын дегендер  
Ақтамады сенімді.  
Көкірек қаққан хандарым  
Лауазымға таласып,  
Быт-шыт қылды елімді.  
Береке, бітім іздеген  
Таба алмадым бегімді.  
Алауыз болып ағайын,  
Аз дұшпаннан жеңіліп,  
Қайыстырды белімді.  
Айтып-айтып кетейін,

Ұрпағыма кейінгі.  
Тегімді менің сұрасаң,  
Дулаттан тарап өрбіген,  
Жаныстан шыққан Төле едім.  
Араздасқан алашты  
Тату етсем деп едім.  
Бейбіт жатқан елімнің  
Қадірімен қасиетін  
Асқақ етсем деп едім,  
Тоқсан тарау түйінді,  
Шешемін деп шеше алмай,  
Қиналып қанша кенелдім.  
Керауыз қырсық билерді  
Келтірем деп жүйеге  
Алыстым талай сан рет.  
Әттең, дүние шіркін-ай!  
Береке, бітім келмедің.  
Әз Тәукенің кезінде,  
Қазақтан туған асылдар,  
Өнеге болар ұрпаққа  
Әйтекең мен Қазыбек  
Әділін айтқан ер еді.  
Терезем тең боп солармен,  
Елімнің биік төрінен,  
Орын алған Төле едім.  
Береке, бітім болғанда,  
Еңсесі биік ел едім.  
Қайсы еліңнен кем едім?  
Дастарқаным дариядай,  
Құшағым досқа жайылған.  
Етек-жеңім кең едің,  
Осынау үлкен өлкені,  
Тоқсаннан асып қартайып,  
Жүре алмай тұрған шағымда,  
Қайдасың, Төле демедің.

**Қазыбек би Келдібекұлы**

(1667-1764 ж.ж.)

Қазыбек Келдібекұлы – арғынның қаракесек руынан шыққан, күллі қазаққа аты мәлім даңқты би.

1667 жылы туып, Жиделі – Байсын жерінде тәрбиеленген. 1764 жылы Қарқаралы өңірінде қайтыс болған. Келдібектен, Тоқмейіл анадан алты ұлдары болған: Қазыбек, Сәдімбек, Асан, Балапан, Үсен, Бөдене. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаркелді, Барқы, Сырымбет, Маңқан есімді бір қызы болған.

1727 жылы Қазыбек би бастаған Орта жүз баласы Сарыарқаға орнығады. Қаз дауысты Қазыбектің де алғашқы танысып – біліскені, араласқаны – Мейрам елінің жақсылары. Ол кезде «ұлым ел танысын, жер танысын» деген әке амалын тауып, белгілі бір жерге баласын жұмсайды. Немесе бір жақсының соңына «жаныңызда атқосшыңыз болсын» деп ертіп жібереді. Келдібек те осы тәжірибені пайдаланады. 12-13 жасқа келген Қазыбектің сөзден тәжірибе жинағаны, баулуы шебер қаршығадай өткірлігі, білімпаздығы, сұңғыла мінезі Төлебай батырмен екі арадағы болған әңгімеден көрінеді. Төлебай – Сүйіндіктің ішіндегі ең ірі билердің бірі, өзі сайыпқыран батыр, атқанын қалт жібермейтін мерген, үлкен атаның баласы, үштің бірі аталған кеменгер адам. Қазақ ішіндегі лақап аты – Пәлі Төлебай. Кішкене кезінен сөзге зерек, тілге шешен болып қалыптасып қалған Қазыбек бір күні әкесіне «Осы Төлебай батырға барып сәлем берсем қайтеді? Сөзін тындайын, батасын алайын» десе керек. Сонда Келдібек би: «Балам-ау, ол жасы үлкен, кеменгер кісі ғой, не деп барасың? Оның алдында сөз таба алмай ұятқа қаларсың» - депті. Баласы қоярда-қоймай жүріп, бірде он шақты жолдасымен Төлебайға барыпты. Сәлемдесіп отырғанда оның әкесі Келдібекті жақсы білетін кәрі би оған: «Шырағым, бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала әкесіне жетіп туады, енді бір бала кері кетіп туады. Сен соның қайсысың?» - деп сынай сөз бастайды. Сонда Қазыбек бала саспастан: «Әкеме жете туған бала болармын» - деп жауап беріпті. Жарайсың, балам, өзім де солай шамалап отырмын, - депті қария. Екеу-ара әңгіме ары қарай былай өрбіпті:

- Аға, алысың қандай?
- Алысым жақын болды.
- Тәттіңіз қандай?
- Тәттім шырын болды.
- Несиеніз өне ме?
- Шүкір, несием өніп жатыр.

Осылайша Қазыбек жұмбақтап сұрақ қоя беріпті. Төлебай би оған жұмбақтап жауап қайтарып отырыпты.

Қазыбек ауылына келген соң, әкесі оның қасына еріп барған жолдастарынан баласының Төлебаймен не деп сөйлескенін сұрапты. Жолдастары сөздерінен түк түсіне алмағанын айтыпты. Келдібек би мән-жайды баласының өзінен сұрағанда, ол: «Ой, әке-ай, ол, шынында, терең кісі екен. Шу дегеннен сөзді жұмбақтай сөйледі. Менде жұмбаққа бастым. «Алысың

қандай?» - деп қос жанар көзін сұрадым. Ол: «Алысым жақын», — деп, жақыннан көретінін, жанарының тая бастағанын айтты. Мен: «Тәттіңіз қандай?» – деп, ұйқысын білмек боп едім, ол кісі: «Тәттім сиреп барады», – деп, ұйқысының қашқанын білдірді. Мен: «Несиеніз өне ме?» – деп, балаларының қалай күтіп, қарайтынын сұрап ем, ол кісі: «Шүкір несием өніп жатыр», – деп, балаларының жақсы қарайтынын білдірді деп жауап берді.

Қаз дауысты Қазыбек ержеткен уақытта үлгі тұтқаны, ұстазы тобықты Әнет баба болуы керек. Ол жөнінде ел ауызында сақталған тамаша аңыз бар.

Әнет баба «Ақтабан шұбырынды» кезінде Қаратаудың басында қалған деседі. Міне, сол уақытта, яғни 1723 жылы ол 95 жаста екен. Олай болса, Әнет баба 1628 жылы туған болады. Сондықтан қазақтың «Қазыбек бидің ұстазы Әнет баба болды» деген сөзінің түбі шындық сияқты. Әнет баба мен Қазыбек бидің кездесуі былай болған екен деседі. Баяғыда тобықтының биі һәм ғұламасы Әнет баба деген кісі Бұхардан оқып, он екі фән ғылымын бітіріп келді дегенді естіп, арғын Қазыбек би Әнет бабадан «қазақтың ескі жолын әрі шарифат жолын үйренемін» деп көшіп келіп, бір жаз қоныстас болып, ескі жол мен шарифат үйреніп, күзде еліне кетерде бабамен қош айтыса келіп: «Баба! Дүниені не бұзады? Күнә неден шығады?» - деп сұрапты. Сонда Әнет баба ойланып отырып: Шырағым, «әкім» деген сөз арабша үш әріп, соны екі рет айтса алты әріп болады. Сол алты әріп алты ауыз сөздің бас әріптері. Олар мыналар: «Әйел мен алтын, кек пен кежір, мақтан мен мансап, сенің сұраған үш сөзіңнің түбі «әкім» деген бір сөз. Осы «әкім» дегенді жаттап ал, балам. Адам осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамшылықтан да айырылады, күнәға да ұшырайды» - депті.

Қаз дауысты Қазыбек би аумалы-төкпелі, күрделі, қилы заманда ғұмыр кешті. Кең-байтақ қазақ жеріне бір бүйірден Жоңғар хандығы, екінші бүйірден Ресей империясы, үшінші жақтан Бұхар мен Хиуа хандықтары шабуылдап, әбден мазасын алып, әзәзілдік көрсетіп отырды. Жан-жағынан анталаған алпауыттарға қарсы Тәуке хан икемді саясат жүргізді.

Сонымен бірге қазақ қоғамындағы жат құбылыстарды, адам бойындағы келеңсіз міндерді құртып-жоюмен шұғылданды. Қоғамды небір дерттерден сауықтыру мақсатында Тәуке хан Үйсін Төле биді, Алшын Әйтеке биді және Қаз дауысты Қазыбек биді «Жеті жарғы» ережесін жасауға жұмылдырды.

Қаз дауысты Қазыбек Жоңғар хандығына елшілік, мәмілегерлік жолмен үш рет барған. Бұған ел аузындағы аңыз әңгімелер куә. Жол бастаған көсемнің, сөз бастаған шешеннің атақ-даңқы бірінші рет атқосшы ретінде барғанда-ақ шыққан. Жобамен айтқанда, XVII ғасырдың 80-жылдарына сәйкес келеді. Жас шамасы 14 пен 15-тегі кезі. 1680—1684 жылдарда жоңғарлықтар қазақ даласына ойран салып, мал-мүлкін алып, кісілерін тұтқындап, қанды қырғынға ұшыратқан. Бұл кезде ел тізгінін ұстаған Тәуке хан еді. Қалмақ қоңтайшысы Ғалдан Бошақты (кейде Қоңтәжі деп аталады) еліне Тайкелтір би бастаған елшілер тобын ұйымдастырған Әз Тәуке тәрізді. Сонда Әз Тәуке дана биге Қазыбек баланы тапсырып, «жауды алмас қылышпен ойсырата жеңуге болады, мылтықпен дәлдеп атып жер жастандыруға болады, сегіз қырлы семсер сөзбен

тереңнен толғап елжіретіп жеңуге болады» деген екен. «Мал-жанды тегіс құтқарып, дүние-мүлікті қаз-қалпында Отанымызға алып қайтыңдар» деп батасын берген екен. Елшілер тобының ішінде Есім ханның бас батыры болған Шақшақтың немересі Жәнібек, Балта керей Тұрсынбай және тай мінген бала Қазыбек бар екен. Топтың басшысы - Айдабол бидің баласы Тайкелтір би. Хан ордасына жеткен елшілерге Қоңтәжі хан арнайы киіз үй тіккізіп, ас-суын беріп, бір-екі күн тынықтырып алып, қабылдамақшы болады. Қоңтәжі ордасында отырып, бәйбішесі Қарабас ханымға: «Қазақта менімен тең дәрежеде сөйлесіп, тізелескен дауда теңдік алатын ұл әлі туған жоқ, бәрін қырып салып, аттарын жылқыма қоса салайын ба?» - деп бөсіпті. Сол мезетте Қарабас ханым: Қазақ та кең тараған әулетті ел емес пе? Сенімен сөйлесуге жарайтын серке неге тумасын? Ең алдымен келген кісілерді көріп, сұхбаттасу керек. Оларды көрмей, білмей қырып тастау - хан басыңа лайық қылық емес»,— деп басу айтады. Хан Қарабас ханымды атқа қондырып, елшілерді жансыз байқап, сынап, «сұңқарлары болса, маған алып кел» деп өтінеді. Ол төрт кісіні іріктеп алып, Қалдан Бошақтуға әкеледі. Сонда Қарабас ханым былай деп баяндапты: «Мынау отырған Қазыбек ұйықтағанда екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, керген төстіктей жатады екен. Оның мәнісі— «дүниенің төрт бұрышын тірей туған ұлмын» дегені. Қара бақайына дейін құт екен. Өлгенде арулаған жерін басып өткен ел бай болар, Мынау отырған Тайкелтір кішкене тілінің ұшы екі айыр біткен, өнері қара саннан келеді екен. Айыр көмей, темір жақтың барып тұрған өзі екен. Екі жақты, бір тілдіге өмірінде сөз бермес. Мынау отырған Балта керей Тұрсынбай құлағы жоқ шұнақ, құйрығы жоқ шолақ екен. Ерлігінен де міні жоқ, еңбекшілдігінде де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы жауы желкесінде екен. Онан басқа қорқар нәрсесі болмаса керек. Мынау отырған Жәнібек екі аяқты, бір бастының сырттаны екен. Өзінің оққағары бар екен. Күнінде ыңыршағыңды отқа жағып, бақайшағыңның майын алатұғын осы екен».

Қазақ елшілері күшін жинап, сергіп, тынығып алған соң, Қалдан Бошақту ордасына шақырады. Хан түсін суытып, сұстанып, ызғарлы кейіппен: «Иә, қазақтар, неменеге келдіңдер, айтатындарыңды айтыңдар да, қайтыңдар», - депті. Қазақ елшілерінің басшысы Тайкелтір би:

Өгізді өлеңге байладық

Өрлікті төменге байладық

Алдияр тақсыр, алдына келдік,

Берсең алдық, бермесең қалдық,

Сөзді өзіңе салдық, — деп, сөзін сыпайы қайырған екен. Оның жасқанып, бұғып сөйлегенін байқап қалған ханның мерейі тасып, мәртебесі асып, кеудесіне нан пісіпті. Сол кезде босаға жаққа жайғасқан, өне-бойы жігерлі болат ағыннан, намыстан жаралған өжет, жетелі жеткіншек Қазыбек құстай ұшып жетіп барады да:

Ерден ердің несі артық,

Ептестірген сөзі артық.

Малдан малдың несі артық,



Бір-ақ асым еті артық.  
Жерден жердің несі артық  
Бір уыс шөбі артық  
Міндетіне алған сөзден шегінген  
Аштан өлген аюдың өті артық, -

деп, бурадай буырқанып, кайыспас қас болаттай кектеніп, қаһарын төге сөйлейді де, лып ете ханға жетіп келіп, шоқтай жанған көздерімен тесіле қарап тұрып: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен — қалмақ, біз — қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен — арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Сен — темір де, мен — көмір, еріткелі келгенмін. Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін, егесетін ер шықса иілткелі келгенмін. Берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жеріңді айт», - деп келбеті келген сұңқардай саңқылдаған даусымен түйдекті, жалынды сөздерді меруерттей тізіп, бұршақтай жаудырыпты.

Асылы, ойлау қабілетінің аса жоғарылығы, жаратылыс дарытқан судай төгілген қасиетті тілінің оралымдылығы, сөйлеу мәдениетінің кемелділігі арқылы дұшпанын бордай егілткен. Ұлтымыздың ұлылық сипат-белгілерін, мемлекеттік мән-мағынасы өзгеше келелі, кесек істерін отты, сыршыл сезіммен, өрісі кең өнегелі лебіз-ғибратымен, біресе құйылта құйқылжытқан, тамылжыта толқытқан, өрпете қаңқылдатқан даусымен, ойын өлеңмен өрнектеп аңыратқан зіл шешеннің мірдің оғындай екпінді сөздерімен жоңғар ханының тіл-аузын аштырмапты. Қаз дауысты Қазыбектің «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп өр дауыспен, айрықша құштарлықпен айтқанында терең сыр бар. Ресей империясына қарағанға дейінгі ерікті елдің малшылары — жер-судың саналы сақшылары, Отанының бөтен көзден шынайы қорғаушылары болған.

Қоңтайшы: «Балам, атың кім?» - дейді. «Атым - Қазыбек, әкем - Келдібек би. Ұлтым - қазақ, руым - қаракесек»,— дейді Қазыбек те тосылмай. «Ендеше, даусың қаздың даусындай қаңқылдап шығады екен, есімің Қаз дауысты Қазыбек боп қайта жаңғырсын», - деп, оның қанаты бар жас тұлпар, өркеші бар нар, заңғары бар тау екендігін қабылан түсті Қоңтәжі түсініп, түсі жылайды. Бір орайы келгенде жоңғар ханынан елдестері «Жұдырықтай бала сөйлегенде қан сорпаңыз шығып, осынша қалтырағаныңыз неліктен?» деп сұрайды. Сонда Қалдан: «Сөзді өңменіңнен сұққылап тұрып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып, «Тыпыр етші осыдан, көріп алайын» деп тұрды. Сонымен екі жақ бітімшілік, біршілікке уағдаласып, жөнге, жолға тоқтап, әділет салтанат

құрып, көңілдері жайланып, суылдаған жүректері орнына түсіп, мал мен жанын түгендеп, иіріліп тұрғанда қазақтың бір науша жігіті ортаға суырылып шығып, мұң-зарын былайша толғайды: «Уа, жиын топ! Мен әуелде қазақтың жылқышысы едім. Сөйтіп жүргенде дұшпанның торына қамалдым. Қалмақтың бір уәзірі соққыға жығып, тонымды тартып алды. Еркіммен бермеген соң, ұрып тісімді сындырды. Атымды алды, ұйқым бұзылды, тісімнен айырылып, сөзім бұзылды, осыған қандай төрелік айтасыздар?» - депті. Сонда Жоңғар ханы ілешала: «Тон дегенің бір тоқтышақтың терісі шығар. Ат дегенің сырты түкті, іші боқты бір тай шығар. Тіс сынса ауыз ішінде, қол сынса жең ішінде емес пе?» - деп жауап беріпті.

Тағы да қазақ пен жоңғар елінің тағдыр-талайы таразыға түседі. Жиналған қауым сілтідей тынады. Тұйыққа қамалған кезде барысша атылып Қазыбек шыға келеді: «Тісі сынса ауыз ішінде, қолы сынса жең ішінде жүре беру керек деген не сөз! Оның үстіндегі жалғыз тоны жанат емей немене? Аузындағы отыз тіс, болат емей немене? Астындағы жалғыз ат қанат емей немене? Ханның бізбен қарыспай бітискендігі рас болатын болса, жанатынан айырмай, болатынан майырмай, қанатынан қайырмай алғанын қайыру керек, қазақ жоңғардың басыбайлы құлы емес. Бұл да біреудің ардақтап асыраған ұлы. Ерікті ұл көрікті болып атажұртына қайтуы керек,— деп тұрлаулы тұжырым жасапты. Сонда Қоңтажы Қазыбек сөйлесе, аруағы асып кетіп, аузына сөз түспейді екен. Қалден Бошақту тоналған жігіттің тілеген орындапты.

Уыздай жас Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы мен алғырлығы, зерделігі мен саналылығы, батырлығы мен батылдығы арқасында қазақ елшілерінің жорытқанда жолы болып, айы оңынан туып, атамекеніне қанаттанып қайтады.

Қаз дауысты Қазыбек Жоңғар хандығына үш рет елші болып барған екен. 1741 жылы Қалдан Бошақту Абылай сұлтанды қолына түсіреді. Аяқ-қолына кісен салып, екі жыл зынданда ұстайды. «Айбалтасын алтынменен булатқан» айбынды туған Абылайды тар қапастан құтқару оңай емес-ті. Алдағы уақытта қазақ мемлекетінің тағдырын қолына алатын біртуар перзентті, әрине, Қаз дауысты Қазыбектің дұшпанның құрған торынан азат етуі, оның елден асқан өнері, дарыны, айласы, кеменгерлігі мен көрегендігі, тереңдігі мен жүректілігі қажет-ті.

Оқ-дәрі, мылтықпен қаруланған Жоңғар хандығы міз бақпайды. Оның талабы қазақтардан Ресей патшалығынан ат құйрығын кесісіп, Жоңғар хандығына біржола бас иіп бағынуды қалаған-ды. Және сол кезде қазақтан шыққан хандар, сұлтандар, батырлар «ақ үйлі аманат» берсін деді. Бұл тұста Ресей сыртқы істер коллегиясының әмірімен Пенза гарнизонының жаяу әскер полкінің майоры Карл Миллер Жоңғар қоңтайшысы Қалдан Бошақтуға «қазақтың Орта жүзі мен Кіші жүзі Ресей қарамағында, сондықтан оларға тізе көрсетпеңдер, әйтпесе меселің қайтып, мүшкіл халге түсесіңдер, сондықтан Абылай сұлтанға еркіндік беріңдер, бір-біріңе кеткен боздақтардың обалына қалмандар» деп сес көрсетті. Міне, осынау күрделі қайшылықты жағдайларды

жіті түсініп, ұтымды пайдалана білген Қаз дауысты Қазыбек Абылай сұлтанды 1743 жылы босаттырып алады.

Сәлем бере келген Қазыбекке Төле би: «Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Соны айтып берші, Қазыбек», - депті. Бұл жұмбақ сұрақтың мағынасын Қазыбек былай деп шешкен екен:

Бір дегеніміз - бірлігі кеткен ел жаман,

Екі дегеніміз - егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз - үш тармақ шідерден шошынған ат жаман,

Төрт дегеніміз - төсектен безінген жас жаман.

Бес дегеніміз - белсеніп шапқан жау жаман,

Алты дегеніміз - асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніміз - жас келіншек жесір қалса, сол жаман,

Сегіз дегеніміз - серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніміз - торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе, сол жаман.

Он дегеніміз - оңалмас кәрілікке дауа болмас.

### **Қазыбек бидің кейбір аталы-баталы сөздері**

Тату болса, ағайын жақын,

Адал болса, досың жақын.

\*\*\*

Ашу - араз, ақыл - дос,

Ақылыңа ақыл қос.

\*\*\*

Бір қолың ұрысшы болса, екінші қолың арашашы болсын.

\*\*\*

Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме.

\*\*\*

Барға — қанағат,

Жоққа — салауат.

\*\*\*

Атадан жақсы ұл туса,

Елінің туы болады.

Атадан жаман ұл туса,

Көшінің ең соңы болады

\*\*\*

Тату болса, ағайын жақын,

Ақылшы болса, апайың жақын.

Бауырмал болса, інің жақын,

Инабатты болса, келінің жақын.

\*\*\*

Алдыңа тартқан адал асың,

Қимас жақын - қарындасың.

\*\*\*

Еркелейтін немерең жақын.  
Өз ұрпағың - шөберең жақын.  
\*\*\*

Жан серігің жас кезіңнен –  
Бәрінен де әйелің жақын.  
\*\*\*

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт берекең – атаң қымбат.  
Аймалайтын – анаң қымбат,  
Мейірімді апаң қымбат,  
Асқар тауың – әкең қымбат.  
\*\*\*

Туып-өскен елің қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат.  
\*\*\*

Ұят пенен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат.  
\*\*\*

Аға төреші бола алмайды –  
алдында қаймығары жоқ.  
Іні төреші бола алмайды –  
Артында қайырылары жоқ.  
\*\*\*

Іштен шыққан жау қиын,  
Бітпейтұғын дау қиын.  
\*\*\*

Шанышқылаған сөз қиын,  
Дәл осындай жағдайда  
Пана болмас өз үйің.  
\*\*\*

Жазылмаса, дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын.  
\*\*\*

Ақылыңнан адасып,  
Өзің түскен өрт қиын.  
\*\*\*

Тентек болса, ұл қиын,  
Не істеріңді біле алмай,  
Ашиды сонда бұл миың.  
\*\*\*

Бірлігі кеткен ел жаман,  
Егесіп өткен ер жаман.  
\*\*\*

Аты жаманның арманы кетер,

Баласы жаманның дәрмені кетер.

\*\*\*

Ағасы бардың жағасы бар,

Інісі бардың тынысы бар.

\*\*\*

Ауруын жасырған ажалсыз өледі,

Қиянаттан қорыққан амалсыз көнеді.

\*\*\*

Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлей береді.

\* \* \*

Өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей.

\* \* \*

Үй жанында биік төбең болса,

Ол ерттеулі аттан кем емес.

Отбасында білгір қартың болса,

Ол жазылған хаттан кем емес.

Ей, біз, үш жүз - үш қазақ, керіспейік,

Асылы, бізге керіскен жөн емес.

\* \* \*

Басына іс түскен пақырға

Қастық қылма –

Қайғысы көшер басыңа.

\*\*\*

Байлық мұрат емес,

Жоқтық ұят емес.

\*\*\*

Өркенім өссін десең,

Кекшіл болма, -

Кесапаты тиер еліңе

Елім өссін десең,

Өршіл болма, —

Өскеніңді өшірерсің.

\* \* \*

Жанашыры жоқ жарлыға

Жәрдемші бол асыға.

Қиын-қыстау күндерде

Өзі келер қасыңа.

\* \* \*

Балаң жаман болса,

Көрінгеннің мазағы емес пе?!

Атың шабан болса,

Шыбын жанның азабы емес пе?!

Қатының жаман болса,

Бұл жалғанның тозағы емес пе?!

\*\*\*

Туған балаң жақсы болса,  
Тән мен жанның шырағы емес пе?!  
Мінген атың жақсы болса,  
Бұл дүниенің пырағы емес пе?!  
Алған жарың жақсы болса,  
Жиғаның мен мейманыңның тұрағы емес пе?!  
\*\*\*

**Төле би:**

Қақ жарған кара қылды Қазыбегім,  
Бір өзің бар қазаққа азық едің.  
Төлені жанған отқа тастап кетіп,  
Самалдап Сарыарқада қазы жедің.  
Туған жерге менде бір қазық едім,  
Сен аспанда қаңқылдаған қазым едің  
Ағаңның халін білмей сен жатырсың,  
Ағайынға мен неден жазып едім, - деген екен.  
\*\*\*

**Бұқар жырау:**

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығали Бөгенбай,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Ормандай көп Орта жүз,  
Сонда шыққан төрт тірек, - дейді.

**Үмбетей жырау:**

Қашпаған қандай ұрыстан,  
Керей батыр Жәнібек,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Қу дауысты Құттыбай,  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай.  
Абылай, сенің тұсында  
Сол бесеуі болыпты-ай! – дейді.

**Мәшһүр Жүсіп:**

Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен,  
Әлдибек, Айтбай, Майлы шешен өткен.  
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің  
Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен.  
Қазақтың қамын ойлап, қанын жоқтап,  
Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек, - дейді.

**Үш жүздің тарихынан**

Қазақ тарихында жүздердің пайда болуы туралы толық әрі нақты дерек жоқ. Дегенмен де бұған қатысты, шындыққа сай келетін, қисынды деректерге негізделген ғылыми жауаптар бар. Соларға сүйенсек, Қазақ хандығы, қазақ мемлекеттілігі өмір сүрген кезеңді екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі - бір орталыққа бағындырылған біртұтас қазақ мемлекеттілігі, екіншісі - бытыраңқылық күйдегі қазақ мемлекеттілігі. Бір орталыққа бағындырылған қазақ мемлекетінің тарихы сонау Керей мен Жәнібектің кезінен басталып, Тәуке ханның қайтыс болуымен аяқталады, Ал одан кейінгі кезең қазақ халқының бытыраңқылық күйі немесе оны жүздер тарихы деп атайды. Қазақ тарихында XVIII ғасырдың басынан бастап үш жүздің болғандығы өзімізге белгілі. Жүзді «этникалық бөлік» деп жатады. Ол дұрыс емес, Кез келген мемлекеттің өзінің әкімшілік басқару жүйесі, әкімшілік құрылымы болады. Біздің Қазақстан Республикасында қазір әкімшілік құрылымымыз облыстардан тұрады. Облыс — орыстың сөзі. Бұрын Алтын Орда дәуірінде облыстың рөлін ұлыс атқарған. Ұлыс - көне түрік сөзі. Алтын Ордадан бастап біздің Қазақ хандығы жай ғана мемлекет емес, ұлттық сипаттағы мемлекет болды. Бұрынғы баһадүр деген сөз батыр, ноян деген сөз бек деп ауыстырылды. Бұрынғы көптеген ұғымдар солай мұсылмандық сипат ала бастады. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін мемлекет ішіндегі әкімшілік бөлік араб тіліндегі «жүз» деген сөзге көшті. Кез келген көшпелі мемлекет, оның ішінде Қазақстан аумағындағы мемлекеттер дәстүрлі түрде орта, оң қанат, сол қанат деп үш бөлікке бөлінетін болған. Қазақ хандығы құрылғанда да осы екі қанат пен орта сақталды. Содан кейін олар қанат емес, бөлік деп атала бастады. Мемлекет әлсірей бастағанда өзге бөліктері дербестене бастайды. Орталық билік күшейгенде басқа бөліктердің дербестігі азаяды. XVIII ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ хандығы Қасым хан қайтыс болғаннан кейін өзінің әлсіреу кезеңін өткерді. Сол кезде қазақ мемлекетінде бір мезгілде үш бөлікте үш хан болған екен. Батыс бөлікте Ахмет деген хан, Жетісу жерінде Жәнібектің ұрпақтарының бірі Бұйдаш болды. Ал орталық бөлікте Тоғым хан болған. Қадырғали Жалайри оларды «келте хандықтар» деп атады. Біз қазір оларды бөлік деп жүрміз, бірақ негізі - жүз. Деректерде «жүз» деген атау кездеспейді. Жүз туралы толыққанды деректер тек ХҮІІ ғасырдан бастап кездеседі. Соған қарап ғалымдар «XVII ғасырда хандықтарда жүздер болған» деген пікірде. Біздің тарихта Тәуке ханның билік құрған кезі салыстырмалы түрде өзіне дейінгі кезеңмен де, өзінен кейінгі кезеңмен де салыстырғанда «алтын ғасыр» атанады. Қазақ оны «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дейді, Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін батыс бөлікте Әбілқайырдың беделі артып, билікке келеді. Ол солайша кіші бөліктегі хан немесе Кіші жүздің ханы аталады, Жетісуда да Шыңғыс ханның ұрпақтары билікке келіп жатты. Ол үлкен бөлік немесе Ұлы жүз аталды. Әрине, үлкен мен кіші бөлік болса, олардың арасында орта бөліктің болатыны белгілі.

Тәуке ханның мұрагерлері әкелеріндей бола алмады. Олардың билігі Орта жүз аумағына ғана жайылды. Тәуке ханның қайтыс болған жылын 1715 жыл деп жүр. Одан кейін Қайып хан болды. 1718 жылы Қайып хан қайтыс болып,

Тәукенің артында қалған бес ұлдың үлкені Болат хан таққа отырды. Ұлы хан болғанымен, оның билігі Орта жүз аумағымен шектеліп қалды. Өзі де әкесіндей бола алмады. Қазақта «Қамысты бос ұстасаң, қолыңды кеседі» деген сөз бар. Қамыс қолыңды кеспес үшін жел соққанда қатты ұстап тұру керек. Бұл сөз саяси өмірге де қатысты. Мемлекет басқарғанда да шамалы қаталдық керек. Болат ханның әкесіндей жігері, қаталдығы болмаған. Болат ханнан кейін билікке Тәуке ханның Шахмұхаммед деген ұлы келеді. Ол қазақ тарихында Сәмеке деген атпен қалды. Оның билігі 1723-1738 жылдарға дейін созылды. Бұл қазақ тарихындағы нағыз аумалы-төкпелі заман еді. Өкінішке қарай, Сәмекенің де билігі Орта жүзден аспады. Сәмеке 1738 жылы қайтыс болды да, билікке Әбілмәмбет хан келеді. Ол - Болат ханның үлкен ұлы. Оның билігі 1771 жылға дейін созылды. Сол кез - Орта жүздегі белді сұлтандардың мерейінің үстем болып тұрған кезі. Ондай сұлтандардың бірі - Абылай. 1771 жылға дейін Әбілмәмбеттен хандық билікті алмаса да, қазақ-жоңғар қатынастарында белсенділік танытып, көп ел Әбілмәмбеттен гөрі Абылаймен санасатын, есептесетін, соның пікірін тыңдайтын. Тіпті Абылай өз атынан Қытайға елшілік те жіберген. Әбілмәмбет 1771 жылы қайтыс болғаннан кейін тақты Абылай иеленді. Орта жүзде биліктің күшейгені сондай - кейбір Ұлы, Кіші жүздің кей тайпалары да хан ретінде мойындай бастайды. Соған орай, қазір Абылайды бүкіл қазаққа хан болды деп жүргендер де бар. Маңғыстау, Ақтөбе, Арал маңында, Орынбор жақта Әбілқайырдың ұлдары Нұралы, Айшуақтар билік жүргізіп отырды. Әрине, олар Абылайдың билігін мойындаған жоқ. Мойындаған - тек шағын тайпалар. Абылайдың билігі 1771-1781 жылдар аралығына созылды. Осы кезде шиеленіскен қазақ-қытай, қазақ-орыс мәселелерін шешіп отырды. Әсіресе, Орта жүздің тұтастығын сақтауға, орыстардың отарлау саясатын тежеуге күш салды. 1781 жылы Орта жүздің тағына Абылайдың ұлы Уәли келеді. Ол тақта 1821 жылға дейін отырды. Уәли ханның кезінде орыстың отарлау саясаты күшейе бастады. Бұрын Орта жүздің шетінде ғана бекіністер салса, енді ішіне қарай кіре бастады. Уәлидің беделін түсіріп, отарлауды тездету үшін 1816 жылы олар Орта жүзді саяси жағынан екіге бөледі. Хандардың ішінен Бөкей деген сұлтанды хан сайлап қояды. Ол Әлихан Бөкейхановтың арғы аталары болып келеді. 1816 жылы Орта жүзде екі хан болды. Соған сәйкес, Орта жүздің тайпаларын да екіге бөліп жібереді. Бөкей хан 1819 жылы, Уәли 1821 жылы қайтыс болып, олардан кейін хан сайланған жоқ. Ресей 1822 жылы Сібір қырғыздары туралы жарғы шығарды. Бұл жарғы бойынша хандық билік жойылды. Ал Орта жүз аумағын округтерге бөледі. Хан тұқымдары ренжімесін деп, округтерді аға сұлтандарға басқартады. Аға сұлтандарға шен, айлық, сый-сыяпат берілді. Олар өздеріне кішкентай билік тигеннен кейін бас көтермеді. Орта жүзге сан жағынан қазақта ең көп бес тайпа кіреді. Қазақ халқын құраған 43 этникалық ру-тайпа болса, оларды ірі, орташа, ұсақ деп бөлеміз, Орта жүздің өз ішіндегі үлкендік жолын ұстанған — арғындар, сосын қыпшақ - наймандар, одан кейін қоңырат, керейлер, сан жағынан ең азы - уақтар. Осы алты тайпа өз ішінде тайпалық бөлімдерге, олар бөлімшелерге тармақталып кете береді.



**Әйтеке би Байбекұлы (Айтмағанбет)  
(1644 – 1700)**

Әйтеке би Байбекұлы – Төле, Қазыбектермен замандас, әрі иықтас ұлы би. Кіші жүздің Алшын атасынан (Әлім Төртқарадан делініп те жүр). Үш жүздің басын біріктіріп, елдігін нығайту жолында зор еңбек сіңірген ел ағасы. Әйтеке бидің арғы тегі: Әлімнен – Жаманақ, Ұланақ, Қарамашық, Айнық, Тегінболат деген бес бала туады. Өзге шежірелерде бұларға Томалақ дегенді қосып, алты ата әлім деп жазады. Осы алты ағайындының ішінде Қарадомалақ

ерте қайтыс болады да, оның жұлындай жұтынған төрт баласы ешкімге есесін жібермей, ешкімнен жетім деген кемсіту естімей, ерте атқа қонып, азамат қатарына қосылады. Олардың сондай жөн-жосыққа жетік, сөзге шешен, іске ерекше мығымдылығына орай жұрт «төртқара» атандырып кетеді. Төртқараның Қарашынан – Сейітқұл. Сейітқұл әулиеден сегіз ұл болған. Соның бірі кезінде Самархан шаһарын 40 жылдай билеген атақты Жалаңтөс баһадүр еді. Жалаңтөс батыр және оның ерлігі, ел билеудегі беделі жөнінде жазба деректер аз емес. Сейтқұл әулиенің үлкен ұлы Ақшаханнан Байбек, Байбектен Әйтеке туады. Әйтеке бидің туған, қайтыс болған жылдары әртүрлі айтылады. Көп талдаулар бойынша 1644 жылы Өзбекстандағы Нұрата тауының Бұхара жеріне қарай созылып жатқан Қыз-Бибі тауының етегінде дүниеге келген. Бес жасынан бастап ауыл молдасынан сауат ашады. Жеті жасында атасы Ақша Әйтекені өз тәрбиесіне алып, Самарқандағы «Ұлықбек» медресіне оқуға береді. Он екі жасына дейін даңқты-қолбасшы атасы Жалаңтөстің тәрбиесінде болып, әскери ойын-тәсіл қолбасшылық, батырлық рухын бойына сіңіреді. Қос атасының тәрбиесінде жүріп әр қиырдан, шетелдерден келген хандар мен патшаларды, елшілерді қабылдау және жоғары дәрежелі сый-сияпаттар көрсетумен қарым-қатынастар жасаудың ресми тағылымдарынан сусындайды. Он бес жасына дейін атасы Ақша ханның тәрбиесінде болып, ел басқару, билік сөз мағынасын түсіну, әділетсіздікке қарсы күресу, ол үшін өз қарабасы адалдықтың ала жібінен аттамау жөнінде тағылым алады. 20 жасында Нұрата, Самарқан төңірегіндегі алпыс мың үйлі алшын мен қырық мың үйлі қарақалпақтың және осы төңіректегі өзбек уәлаяттарының «Ұлыс биі» болып сайланды.

1680 жылы Тәуке ханның ордасына кеңесші болып келеді. Ата заңымыз саналатын «Жеті жарғы» туралы айтсақ, оны Әз Тәуке мен жанындағы алты биі – Сасық, Мұхамед, Қоқым, Төле, Қазыбек, Әйтеке жетеуі ғана шығара салған жоқ, оған сол кездегі аты мәшһүр Әнет баба, Едіге, Соқыр абыз, тағы басқа ұлыстардан, көптеген билердің қатысқаны белгілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Даналар» атты өлеңінен: «Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен, Әлдибек, Айтбай, Майлы шешен өткен. Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің, Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен» делінген. «Өнерге құлаш ұрып бала жастан, тарихын бұл үш жүздің етіп дастан, баласы Толыбай сыншы Қожаберген, бой ұрған ерен іске әуел бастан» деп жыраудың «Елім-ай» дастанындағы Әйтеке туралы:

«Қаруын орыс пен қытай сатпаған соң,  
Қатынас арадағы тоқтаған соң,  
Сенделді хандар, билер ақыл таппай,  
Кенеттен қалмақ елді таптаған соң;  
Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,  
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті;  
«Бағыну бір көсемге дұрыс қой!» – деп,  
Боларын осы апаттың болжап кетті;  
Төреден Әйтеке би безін деді,  
Келді ғой көсем сайлар кезің деді,

Қазақты батыр көсем басқармаса,  
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді;  
Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,  
Олардан ақыл-айла кеткен деді;  
Қазағым, өзінді-өзің тұтас ел қып;  
Басқарар енді уақыт жеткен деді;  
Ақылды болсын батыр көсем деді;  
Басқарса, қазақ болар есен деді;  
Көрші елмен татуласып, тіл табысар  
Тағы да болсын өзі шешен деді;  
Осындай көптен көсем ізде деді;  
Хандарды шеттетуді көзде деді;  
Қазақты төре бастап көгертер деп,  
Малтаңды, би мен бектер, езбе деді;  
Үш жүзден үш ақылшы болсын деді;  
Қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді;  
Сайлаған көсемдерің кемеңгер боп,  
Халықтың болашағын шолсын деді;  
Бұл сөзді би мен бектер ұға алмады,  
Бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады;  
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,  
Ортадан батыр көсем шыға алмады.  
Өткен күн ойлағанмен, қайта оралмас,  
Бақты құс ұшып кетсе, қайтып қонбас;  
Өсиетін Әйтекенің естеріне ап,  
Қазыбек, Төле, Ақсауат шайқады бас;  
Қазыбек, Төле, Ақсауат шешен жорға  
Қиналды ақыл таппай, осы жолда;  
Сайланды Әбілқайыр әскер басы,  
Өзінше ел билігін алып қолға;  
Жас биі Кіші жүздің Малайсары,  
Ол-дағы ақыл-айла таба алмады;  
Бас қосып, Күлтөбеде кеңес құрып,  
Жөн көрді қоршау бұзып құтылғанды».

Нұратаға бет түзегелі тұрғанда Төле, Қазыбек секілді өзім деген адамдарына төмендегі сөзі қалды деседі: (Әйтеке ұлы жүз Төле биден, орта жүз Қазыбектен жолы кіші болғанмен жасы үлкен болған). «Елінен айырылған ер бақытсыз, жерінен айырылған ел бақытсыз. Құдайым ондай күнді маған көрсетпегей! Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме?! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме? Ел тірегі - ері, ер тірегі - елі бола білген қауымы басынан бағы кетер ме? Есті еріңді ез тұтсаң - өзінді-өзің қорларсың, есеріңді ер тұтсаң – іргенізден жау кетпей, төріңізден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып, сорларсың да зарларсың. Ел мұраты - көрешек, ер мұраты келешек. Көрешегін күйттеген - түбі қоймас сүрінбей, келешегін күйттеген -

түбі қоймас сүйенбей. Жетелі ер адаспас - бабадан қалған сөз бар ғой, жетелі ел адаспас - бағзыдан қалған із бар ғой»...

Әйтеке ақыры сол 1699 жылы хан ордасынан кетіп, Сейітқұлдан бергі ата-бабаларының қабірі жатқан Нұратаға қарай ат басын бұрыпты. Құдайдан тілегені солай болды ма, жазмыштың бұйрығы солай ма – келесі жылы, яғни 1700 жылы күзге салым қазақтың үш бәйтерегінің бірі мәңгілікке тыныштық тауыпты. Ордабасындағы бір жиында қазақ жұрты үшін еңбегі бар зиялыларды Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауидің жанына жерлеу туралы ұйғарым болған деседі. Әйтекені сонда жерлеуді ұйғарып, ертең жолға шығамыз деп отырғанда суық хабар жетеді. «Тағы да қалмақтар шауыпты! Әрі кетсе, Нұратаға үш күндік жерде!» Сөйтіп, Түркістанға жүру мүмкін болмай қалады. Әйтекені бабасы әулие Сейітқұлдың жанына жерлеген қалың ауыл ертеңінде асығыс үдере көшіп, көш басын Сыр бойына түзеді. Бұл да Әйтекенің тірі кезінде айтқан өсиеті секілді. Өйткені ол: «Түбі Нұрата төңірегі қалың алшынның қонысы болып қала алмайды. Тарлық етеді. Қай жағынан жау шапса да, етек-жеңіді жинап үлгеруге атақонысымыз Сыр бойы қолайлы» - дейді екен.

Әйтеке бидің ұрпақтары: Әйтекенің қызының қанша болғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Бірақ кенже қызына атақты Шақшақ Жәнібек үйленген деген сөз анық. Әйтекенің төрт ұлы болған. Олар – Қосай (кейбір жерлерде Қонысбай деп те жазылады), Құрыс, Жалтыр, Өтебас. Ұлдары Әбілқайыр тұсында ел ішінің билік жұмысына араласқанға ұқсайды.

Қандай дау болсын Әйтеке сөз құдіретімен әркімді де баурап алып кетеді екен. Сондықтан да жұрт оны «айыр тілді Әйтеке» атап кеткен. Оның бұл қасиетін Қазанғап Байболов былайша жырлайды:

Қара тастай болса да,  
Босатқан буын жүйені.  
Онан да өткен Әйтеке,  
Қудан ұшқыр, құланнан,  
Мұндай шешен болмайды.  
Бір сөзін жүз мақалдап,  
Сипаттап қандай тіркейді.  
Түршіктіріп демінді,  
Барған сайын өрлейді.  
Таудай сөзге тарыдай,  
Қию тауып сөйлейді  
Ерегіссе біреумен,  
Қара жерге теңейді.  
Қанша ділмәр дегендер,  
Ширегіне келмейді.

\*\*\*

**Әйтеке би – қазақ бірлігін баянды етуге тырысқан адам:**

Біз, қазақ, бір биенің құлыны едік,  
Тұлпар болып оза шабайық.  
Біз, бүкіл қазақ, бір ұяның балапаны едік,

Қанаттанып, сұңқар болып самғайық.  
Біз, бүкіл қазақ, бір тоғайдың ағашы едік,  
Орман болып жайқалайық.  
Біз, бүкіл қазақ, бір шаңырақ, бір қазан,  
Бір төрелік дастарқан болып,  
Атамекенді түгел қамтиық – деген екен.

\*\*\*

Асқар тау сенде бір мін бар-  
Асу бермейсің.  
Тасқын су, сенде бір мін бар-  
Өткел бермейсің.  
Билер, сендерде бір мін бар-  
Басқаға сөз бермейсің!

Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.  
Кісі бірге туыспау керек,  
Туысқан соң сөз қуыспау керек.  
Ашу деген - ағын су,  
Алдын ашсаң, арқырар.  
Ақыл деген - дария,  
Алдын тоссаң, тоқырар.  
Сөз қуған пәлеге жолығады.  
Жол қуған олжаға жолығады.  
Биікке шықсаң – көзің ашылады,  
Жақсымен жолдас болсаң, көңілің ашылады.  
Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін,  
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.  
Бай болып пайдаң тимесе,  
Батыр болып найзаң тимесе,  
Жұрттан алабөтен үйің күйсін!

Опасыз күнде құбылады.  
Тексіздің тегі – құл.  
Алты атасын арқалап жүргенді кім көріпті,  
Жеті атасын жетелеп жүргенді кім көріпті.  
Жігіттің жақсысы:  
Дұрыс сөзге тоқтай білген,  
Басқаны сөзіне тоқтата білген.

Сарқылмайтын суат жоқ,  
Тартылмайтын бұлақ жоқ.  
Құйрығы суда тұрса да,  
Уақтысы жеткенде,  
Қурамайтын құрақ жоқ.  
Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай,  
Қонағың келсе, құрметтеп көңілін жайлағандай  
Тындырымды інісі болса -

Қанат құйрығы сай болып,  
Көңілі жай болып,  
Ағаның алар тынысы болар.  
Інінің міндеті – қас бағу,  
Ағаның реті – басқару.

Екі адам керіссе, оның арты қызыл шоқ.  
Біз - үш жүз - керіспейік, келісейік.  
Ал, керісе қалсақ, үшеумізге де бірдей -  
Хандық түгіл ондық та жоқ.  
Азынаған айғырды үйірінде көр,  
Аңқылдаған жігітті үйінде көр.

**Қожаберген жырау Толыбайұлы**  
**(1663-1763)**  
**( XVI ғасырдың соңы - XVII ғасырдың орта шені)**

Қожаберген жырау Толыбайұлы – қазақтардың жоңғарларға қарсы азаттық соғысында ерен ерлік көрсеткен батыр-жырау. Бұқар ержетіп, ел ісіне араласқанға дейін осы Қожаберген жыраудың жанында жүріп, тәрбиесінде болған. Ұстазы жайында бір толғауында Бұқар жыраудың өзі:

Толыбай сыншы баласы,  
Үш жүздің бастап әскерін,  
Қазақтың болған ағасы.  
Қожаберген ғаділ ер,  
Қадірін білген қалың ел, -  
дейді.

\*\*\*

Асан қайғы, Жиренше,  
Сөйлеп өткен қазақ тіл.  
Әз-Жәнібек, Қойлыбай,  
Сыйлап өткен ғажап тіл.

\*\*\*

Ата-анамыз әлдилеп,  
Уатқан бізді баба тіл.  
Сол туған тіл атауы –  
Ежелгі біздің қазақ тіл.

### **БАБА ТІЛІ**

Бір ғасырдың жүгі емес,  
Мыңдаған жылдар жиналған.  
«Тілімізде қалай сөз мол?»– деп,  
Жарамайды ойланған.

Әр кезеңде әр қалай,  
Қолданылған сөздер бар.  
Сол сөздерді айтайын,  
Құлағың сал, жарандар.

Баба тілде кей сөз бар,  
Көп мағына беретін.  
Төрт-бесеуден сөздер бар,  
Бір мәнде ғана келетін.

Жауынгер мен сарбаздың,  
Мағынасы біреу-ақ.

Ғаскер, жасак, қол деген.  
Алмасып үш сөз тұрар-ақ.

Ордасы, тархан мен  
Сардар сөзі бір мәндес.  
Ауыстырып айтуға,  
Басқа сөзбен дәл келмес.

Ұлыс, өлке, уәлайат,  
Аймақ, өңір, атырап.  
Ел қонысы үшін айтылып,  
Кезекпен тұрар орын ап.

Алдаспан, қылыш, ақберен –  
Шабатын қару аттары.  
Ататын құрал атауы –  
Мір мен садақ, жақ-тағы.

... Әлеумет, халық, отан, жұрт –  
Бұл төрт сөздің мәні бір.  
Оларға қоса ел мен ұлт,  
Дейтін атау тағы тұр.

Үш жүзім, мұны білесің,  
Алты атаудың мәні бір.  
Алмастырып айтуға  
Рұқсат еткен кәміл пір.

Осы алты сөз, жарандар,  
Мұра боп қалған көнеден.  
Тіршілікте қолданып,  
Ертеден қауым меңгерген.

Бұл алты сөзді қолдансақ,  
Бүлінбес одан тіліміз.  
Жақсы есімді атасақ,  
Қолдап жүрер піріміз.

Арабтың сөзі – тарих,  
Орныққан қазақ тілінде.  
Ондай сөзден безінбе,  
Құштар болсаң білімге.

Қалыпқа түскен сөздерден,



Өзім-дағы еш безінбен.  
Қолтума сөзге айналса,  
Лайық емес безінген.

Айтсам дайын, әлеумет,  
Тілге деген шешімім.  
Ел деген сөзге балаймыз,  
Отан мен халық есімін.

Сөздің қоры молайса,  
Байи берер тіліміз.  
Туған тілді қор етсек,  
Бұзылып кетер дініміз.

Пайдаланған дұрыс оларды,  
Ыңғайына қарай, халайық.  
Баба тілді қастерлеу –  
Азамат – ерге лайық.

Құдайға шүкір, жұртымда,  
Медресе мен мешіт бар.  
Сөйте тұра, ерлерім,  
Басқа тілге бопсың зар.

Таза тілің тұрғанда,  
Неге керек шұбар тіл?!  
Баба тілде дәріс ал,  
Тіршілікте өнер біл.

Мұсылманның үлгісі –  
Ақиқат пен шариғат.  
Үгітімді ұқ, бозбала,  
Бұзылмасын табиғат.

Біздің құлақ үйренген,  
Майданда көп дабылға.  
Айналайын, ел-жұртым,  
Сардардың сөзін қабылда!

Қозғады деп тарихты.  
Өкпелеме, шоралар!  
Тізгін берсең әркімге,  
Ата тілің жоғалар!

## Бұхар жырау (1668-1781)

Әдебиеттанушылардың осы уақытқа дейінгі жіберіп келген концепциялық бір олқылығы - Бұқарды тек жырау, тек поэзия дүлдүлі, тек Абылайдың батагөй данасы есебінде қарауы ғой деп ойлаймын. Шын мәнінде Бұқардың жырау екені рас. Бірақ Бұқар тек жырау емес. Біріншіден, ол - сонау Сыпыра жыраудан бері қарай барша жыраулардың жолы киелі, сөзі иелі ту ұстары. Екіншіден, ол - жыраулықты көрегендікпен, көріпкелділікпен ұштастырған ел данасы. Үшіншіден, болашаққа қырандай ғарыштан қараған, барша қазақты алаламай тұтас бір халық деп санаған, шалдыққанда Абылайға тірек болуға жараған, аптыққанда қаһарлы Абылайдың өзін де жас баладай сабаған халық бабасы. Төртіншіден, Бұқар жырау, Абылай хан - тағдыры бір игі мақсатқа жүздік ұғымнан ұлттық санаға көтеріліп, тұтас мемлекеттік дәрежеге көтерілу мақсатына еңбек еткен, халықаралық дәрежеге көтерілген саяси қайраткер жандар. Олай болса, қас-қағымнан бірін-бірі түсіне білген олардың достығы - шын мәнінде арқар ұранды Шыңғыс әулеті Абылай хан мен алаш ұранды қара қазақтың одағы болатын.

Бұқар поэзиясының тынысы - ел өмірі, халық мүддесі. Абылай хан Бұқар жыраудың алдаспан жырлары арқылы халық тынысын тыңдады, өз саясатының деңгейін мемлекеттік дәрежеге көтеруге қаракет жасады. Бұқар жырау, қалың бұқара ел, Абылай хан - міне, осылай бір арнаға тоғысты.

Зерттеуші Қайым Мұхаметханов «Бұқар жырау» атты мақаласында Үмбетей жыраудың жоқтауын негіздеп, Бұқарды 1685 жылы Жиделібайсын жерінде Бұқар қаласының маңындағы Елібай деген елде дүниеге келді деп дәлелдейді, Бұқар жерінде туған балаға Бұқар есімін беріпті. Екінші бір дерек: Бұқар медресесінде оқып жүрген Қалқаман батыр баласына Әнет баба (кейбіреулер Ақша батыр дейді) бата беріпті:

Есімің Бұқар болсын,  
Мінгенің тұлпар болсын,  
Дауысың сұңқар болсын,  
Ісіне халқың іңкәр болсын!

Нәресте бір жасқа келгенде, Ембі мен Зайсан екі арасы қалмақтардан босатылған кезде Қалқаман батыр елге оралыпты.

Бұқардың балалық шағы туралы әртүрлі пікірлер кездеседі. Егер Үмбетей жырау:

Тілің шықпай жасыңда,  
Бала болдың сен мылқау,  
Бір алуан жан десетін,  
Іштей туған кем сырқау.  
Сырқат па, әлде мінез бе?

Мұны қиын жобалау, - десе, есімі елге танымал шежіреші Ералы қолжазбасында: «Бұқар жас кезінде мылқау бала екен, тілі он жасына келгенде шығыпты деп айтысады. Тексеріп келгендегі анығы: ол нағыз мылқау емес,

көрініске аңқау, сылбыр аңдалғандай, қиял билеп, өз бетімен жүретін бір алуан сынды адам сияқты көрінеді. Сондықтан, жұрт оны «мылқау бала» деп атайтын болса керек. Он екі жасында, мылқау бала жай тілі шыққанның үстіне, өз жанынан суырып салма айтатын жыршы болып, сайрай бастапты. Содан жұрт қолдан-қолға тигізбей, ойын-сауығына алып жүретін болып, жігіт ағасы кезінде жырау аты шығыпты деседі.

Үмбетей жырау «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен» дегендей, Бұқар - Әз Тәукеден бастап, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшін, Әбілқайыр, Барақ, Абылайлардың тұсында өмір сүрген. Бірақ осы 9-ының ішінде жыраудың қадір-қасиетін білгендері - Тәуке хан мен Абылай хан. Тәуке ханның тұсында, М.Мағауиннің дәлелдегеніндей, жырау «Ордадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі» болады. Ардақты ағалары - Қаз дауысты Қазыбек пен Төле, Әйтеке сияқты даналар мектебінен өтіп, «Жеті жарғыны» жасауға қатысады.

Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен. Қара сөз жоқ, ауызынан шыққан сөзінің бәрі жырлаумен шығады. Абылай хан бір жаққа аттанарда, жыраудан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түстерін жорытатын болған. Демек, Бұқар өз кезінде халықтың әулие данышпаны, ақылшы көсемі, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген.

**Манаш ҚОЗЫБАЕВ, академик-ғалым,  
мемлекет және қоғам қайраткері.  
(«Бұқар жырау энциклопедиясынан»).**

\*\*\*

Айналасын жер тұтқан,  
Айды батпас деменіз.  
Айнала ішсе азайып,  
Көл суалмас деменіз.  
Құрсағы құлаш байлардан,  
Дәулет кетпес деменіз.  
Жарлыны жарлы деменіз.  
Жарлы байға тең келіп,  
Жайлауға жарыса көпшес деменіз.  
Жалғызды жалғыз деменіз.  
Жалғыз көпке теңеліп,  
Бір жапанда соғысып,  
Кегін алмас деменіз.  
Құландар ойнар қу тақыр,  
Қурай бітпес деменіз.  
Қурай бітпес құба жон,  
Құлан жортпас деменіз.  
Құрсағы жуан боз бие  
Құлын салмас деменіз.  
Құлық туған құлаша,

Құрсақтанбас деменіз.  
Қу таяқты кедейге,  
Дәулет бітпес деменіз.

\*\*\*

Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Етекті кессе жең болмас,  
Қараша торғай қаз болмас,  
Шағала келмей жаз болмас,  
Шаңқан болмай боз болмас,  
Іштен қыңыр туғанды,  
Тезге салсаң түзелмес.  
Қара қойдың терісін,  
Сабындап жусаң ағармас.  
Қалған көңіл табылмас,  
Өзіңнен тумай ұл болмас,  
Сатып алмай құл болмас  
Құм жиылып тас болмас.  
Құл жиылып бас болмас.  
Екі жаман дос болмас,  
Дос болса түбі қош болмас.

Ежелгі дұшпан ел болмас-  
Көңілінде кірдің таты бар.  
Ежелгі дос жау болмас-  
Айтысқан оның серті бар.  
Жақын жерден шөп жесе,  
Жердің сәнін кетіреді.  
Ағайының аразы,  
Елдің сәнін кетіреді.  
Абысының аразы,  
Ауыл сәнін кетіреді

Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл соқса үй кетер.  
Жатқа тізгін бермеңіз,  
Жаламенен бас кетер.  
Жаманмен жолдас болсаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер.  
Жақсымен жолдас болсаңыз,  
Айырылмасқа серт етер.  
Ит жүгіртіп, құс салсаң,  
Киген тоның түлкі етер.  
Сыпайы сырын білдірмес,  
Ақырын ғана бүлк етер.

\*\*\*

Ей, айтсаң, Алланы айт,  
Аты жақсы құдайды айт.  
Төрт шадияр Мұстафа  
Мұсқап ашқан ғаламды айт.  
Тәңірім сөзі бұрқанды айт  
Кәлим Алла құранды айт.  
Тәңірім салса аузыңа,  
Жан жолдасың иманды айт.  
Жамандыққа жақсылық  
Көктемеген Еділді айт.  
Қара қылды қақ жарған  
Наушаруандай әділді айт.  
Арсы менен Күрсіні айт,  
Лаухы менен Кәләмды айт.  
Қүдіретімен жаратқан  
Он сегіз мың ғаламды айт.  
Ақтан сия танытқан  
Дәуіт пенен қаламды айт.  
Сөйлеу үшін жаратқан  
Сөз анасы сәлемді айт.  
Тірілікте сыйласқан  
Ата менен анаңды айт.  
Адам үшін жаратқан  
Қызықты нәубет балаңды айт.  
Өлгеннен соң жер жұтқан  
Қараң қалған денеңді айт.

\*\*\*

Алыстан қызыл көрінсе,  
Аманат емей немене,  
Көтеріліп ұшқан соң,  
Қанат емей немене.  
Екі жақсы бас қосса,  
Санат емей немене.  
Қамшылатып жүгірген,  
Шабан емей немене.  
Айтқан сөзге түспеген,  
Жаман емей немене.  
Сұрағанда бермеген,  
Сараң емей немене  
Кісі ақысын көп жеген,  
Арам емей немене.  
Сусағанда берген су,  
Шекер емей немене.

Һәммәтсиз\* ерге біткен мал, (һәммәтсиз\* - пейілсиз деген ұғым).

Бекер емей немене.

\*\*\*

Үй артында төбешік,  
Ерттеулі тұрған ат болар,  
Қариясы кімнің бар болса,  
Жазулы тұрған хат болар.  
Өзіңнен туған жас бала,  
Саудагердей сарт болар,  
Өзіңмен бірге туысқан,  
Алаштан бетер жат болар.  
Сыйынған пірің сарт болар,  
Бір құдайға шет болар.

\*\*\*

Өлетұғын тай үшін,  
Қалатұғын сай үшін,  
Қылмандар жанжал, ерегіс.

\*\*\*

Шүршіт келеді деген сөз бар-ды,  
Көктен түскен төрт кітәп,  
Інжіл атты кәләмда  
Егер шүршіт келмесін,  
Егер шүршіт қаптаса,  
Алып бір кетіп ақтарып,  
Көмулі көрден денеңді.  
Шүршіт келсе Сырға кет,  
Ішетұғын суы бар.  
Келіп сізді қамайды,  
Үйтүндік пен беленді.  
Баяғыдай еркін деп,  
Сарырқада қалмаңыз,  
Сірә ғана шер енді.  
Шүршіт келсе жарамас,  
Ай-түйіңе қарамас.

\*\*\*

Ей, Абылай, Абылай,  
Қатын алма қарадан,  
Қара тумас сарадан.  
Қатын алсаң қарадан,  
Алды кетпес баладан,  
Арты кетпес жаладан.  
Қатын алма төреден,  
Еркегі болар жау жанды,  
Ұрғашысы ер жанды.

Төрелік берер ұл туса,  
Ауызы кетпес парадан.  
Мал жинасаң қойдан жи,  
Майы кетпес шарадан.  
Ит жинасаң сырттан жи,  
Қойды бермес қорадан.  
Аталыдан би қойсаң,  
Адаспас жол мен жорадан.  
Атасыздан би қойсаң,  
Босамас ауызы парадан.

\*\*\*

Көкшетаудан салдырған,  
Қара үңгір жолдары.  
Шабан таудан жиылып,  
Бес сан болды қолдары.  
Өзің қонған Көкшеге,  
Кәпір қала салды, ойла!  
Жарқайың деген жерлерге,  
Шашылып шеті барды ойла!  
Атбасар мен Қалкұтан,  
Балығы тәтті су еді,  
Өзен бойын шандып ап,  
Сүзекісін салды, ойла!  
Қарқаралы деген тауларға,  
Қарқарасын шанышты, ойла!  
Бетеге мен көденің,  
Берекесі қашты, ойла!  
Ұлытау, шеті Созақтан,  
Берекелі жерлерден,  
Көкорай шалғын көре алмай,  
Шұбырып қазақ кетті, ойла!  
Нұрада бар Ақмола,  
Есілде бар Қараөткел,  
Екі өткелдің ауызынан,  
Қараөткелді\* салды, ойла! (\*Қараөткелді — Ақмола қаласы айтылып отыр.)  
Баянауыл, Қызыл тау,  
Оны да кәпір алды, ойла!  
Шұршітпенен құлақтас,  
Қырғызбенен жұбаптас,  
Ортасында ұйлығып,  
Кетпейін десе жері тар,  
Кетейін десе алды-артын,  
Қоршап алған кәпір бар.  
Ұйлыққан қойдай қамалып,

Бүйірінен шаншу қадалып  
Сорлы қазақ қалды, ойла!

\*\*\*

Жал-құйрығы қаба деп,  
Жабыдан айғыр салмаңыз.  
Қалың малы арзан деп,  
Жаман қатын алмаңыз.  
Жабыдан айғыр салсаңыз,  
Жауға мінер ат тумас,  
Жаман қатын алсаңыз,  
Топқа кірер ұл тумас.  
Жаман қатын алғаның-  
Төркініне бере алмай,  
Төсегіне жата алмай,  
Тең құрбысы келгенде,  
Оңды жауап қата алмай,  
Жалғанда қор болғаның.  
Таудан аққан тас бұлақ,  
Тасыса құяр теңізге.  
Қанша малды болса да,  
Бай қуанар егізге.  
Жаманнан жақсы туса,  
Жақсыдан жаман туса,  
Тартпай қалмас негізге.

\*\*\*

Әлемді түгел көрсе де,  
Алтын үйге кірсе де,  
Аспанда жұлдыз аралап,  
Ай нұрын ұстап мінсе де,  
Қызыққа тоймас адамзат.  
Әлемді түгел білсе де,  
Қызығын қолмен бөлседе,  
Қызықты күні қырындап,  
Қисынсыз күйге түсседе,  
Өмірге тоймас адамзат!  
Жақындап ажал тұрсада  
Жаныңа қылыш ұрсада,  
Қалжырап, көңіл қарайып,  
Қарауытып көзі тұрсада,  
Үмітін қоймас адамзат.

\*\*\*

Биік тауға жарасар,  
Ығынан тиген панасы.  
Терең сайға жарасар,



Тобылғылы саласы.  
Ер жігітке жарасар,  
Қолына алған найзасы.  
Би жігітке жарасар,  
Халқына тиген пайдасы.  
Ақсақалға жарасар,  
Тілеуқорлық айласы  
Бәйбішеге жарасар,  
Еміздіктеген сабасы.  
Келіншекке жарасар,  
Еміздіктегі баласы.  
Қыз он беске келгенде,  
Шәшінән көп жаласы.  
Бұл жалғанда бір жаман,  
Ағайының аласы.

\*\*\*

Ханға жауап айтпасам,  
Ханның көңілі қайтады.  
Қандыра жауап сөйлесем,  
Ханым не деп айтады?  
Хан Абылай, Абылай,  
Қайғылы мұндай хабарды,  
Сұрамасаң не етеді?  
Сұраған соң айтпасам,  
Кісілігім кетеді.  
Енді айтайын тыңдасаң,  
Маған қаһар қылмасаң.  
Қарағай судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарақ.  
Шортан суға шыдамсыз,  
Балықтан шыққан бір қарақ.  
Ойлама шортан ұшпас деп,  
Қарағайға шықпас деп.  
Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Бастығының аты ПОП.  
Күн шығысқа қарайды,  
Шәшін алмай тарайды.  
Құдайды білмес, діні жоқ.  
Жамандықта міні жоқ.  
Осы сынды бір кәпір,  
Ауызы-басы жүн кәпір.  
Жаяулап келер жұртыңа.

Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Жемірлерге жем болып,  
Ел қамын айтқан жақсыны,  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды.  
Қағазға жазар малыңды,  
Есепке салар барыңды,  
Еліңді алар қолыңнан,  
Әскер қылар ұлыңнан.  
Тексізді төрге шығарып,  
Басыңа ол күн туғанда,  
Тендік тимес қолыңа.  
Бұл айтқан сөз, Абылай,  
Болмай қалмас артыңнан,  
Естісең міне қартыңнан.

\*\*\*

Әй, Абылай, сен он бір жасында,  
Әншейін-ақ ұл едің.  
Он бес жасқа келгенде,  
Арқада Әбілмәмбет төренің,  
Түйесін баққан құл едің...  
Абылай атың жоқ еді,  
Сабалақ атпен жүр едің.  
Жиырма жасқа келгенде,  
Оны да көрген жерім бар,  
Жаныс Қарабайдың қолында,  
Түнде туған ұл едің.  
Жиырма беске келгенде,  
Бақты берді басыңа,  
Отыз жасқа келгенде,  
Дүниедей кең едің.  
Отыз бес жасқа келгенде,  
Қара судың бетінде,  
Сығылып аққан сең едің.  
Қырық жасқа келгенде,  
Алтынды тонның жеңі едің.  
Қырық беске келгенде,  
Жақсы-жаман демедің.  
Елу жасқа келгенде,  
Үш жүздің баласының,  
Атының басын бір кезеңге теңедің.  
Елу бес жасқа келіпсің,

Елу бес жасқа келгенде,  
Жақсы болсаң толарсың.  
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың.  
Алпыс бес жасқа келгенде,  
Әр бір атқа қонарсың.  
Жұмсасаң бала тіл алмас,  
Қатының қарсы шауып ұялмас.  
Әр нешік күнің сол болар.  
Еңкейіп орақ орауға,  
Тоңқайып масақ терерге...  
Жетпіс жасқа келгенде,  
Жетпіс деген жел екен,  
Шала ауыру тірі екен  
Жетпіс бес жасқа келгенде,  
Жылуы болмас қойныңның,  
Қаруы болмас сойылдың,  
Өлмесең де жойылдың,  
Әр атаққа қойылдың.  
Сексен деген сор екен,  
Шындап ұрған пері екен.  
Сексен бес жасқа келгенде,  
Екі қара көзді алар,  
Ауыздағы сөзді алар,  
Бойындағы әлді алар,  
Бетіндегі нұрды алар,  
Бойындағы шырды алар,  
Ауызындағы тісті алар,  
Бетіндегі түсті алар,  
Қолындағы істі алар,  
Өлмегенде нең қалар?!  
Тоқсан бес деген тор екен,  
Дұйым жанның қоры екен,  
Қарғыйын десең екі жағы ор екен.  
Найза бойы жар екен.  
Түсіп кетсең түбіне,  
Түбі жоқ терең көл екен.  
Ел қонбайтын шөл екен,  
Келмейтұғын неме екен.

Билерді жинап ақыл сұрады: "Сары жаудың бәрі жау" деп еді. Қуықтай басы бүріскен, ешкідей көті шүрішкен, көрер көзге оп-осал болса да, қулығы көз жеткізгісіз, терең көрінеді. Сарыарқаға қызығып күндердің күні болғанда қызыл қарын, жас балаға күн көрсетпес. Алаш ұранды қазақты жиып алып,

"кыл құйрық" деп аттанып, қырып тастасақ қайтеді?", - деп, Сонда Бұқар жырау толғау айтып, Абылайды райынан қайтарыпты.

### Абылай ханның түсі

Орыспен жауласпады, ел болды, шүршітпен жауласпады, ел болды, екеуіне де тіл болды. Өзіне өзі әбден келді, кемеліне толды. Енді Үргеніш Бұхара, Қоқан, Тәшкент жағындағы қазақты сартқа билетіп қоймаймын деп, үш жүздің баласына жар шақыртып, қосын жинап аттанып, Түркістанға барып түсіп, оған өзінің бел баласы Сыдық сұлтанды отырғызады. Рүстем сұлтан, Сыдық сұлтан, Шеген сұлтан, Әубәкір сұлтан, Әбділдә сұлтан - бұл бесеуі сарт қызы қатынынан туған балалары.

Шымкент, Сайрам барып, оған Әбдірахман деген сартты ие қылды. Тәшкент барып, оған Мырзахмет деген сартты ие қылды. Онан Жызак үстіне барып, бір қоңыраттың байы қонақ қылып, сол түні оның бір келіні ер ұл тауып, ол баланың атын Абылай қойған. Ол Абылай да өсіп-өніп бір тайпа ел болған (жер ауып жүрген бір Қайып деген ұрпағына сөйлестік). Онан аттанып барып, Самарқанды қамап түсті. Сол түні қасындағы қариясы Бұқар жырауға: —Бүгін сәуегейлікпен түс көріп бер—депті.

- Мен де қарап жатпан, хансың ғой, өзің де болжай жатқайсың!— депті. Ертең таң атқан соң, қария ханына көрісуге келгенде:

- Не көрдің?— депті.

- Дәнеме көрмегенсіп маған не көрдің дегенше, өзің көргеніңді айт—депті. Сонда хан айтыпты:

- Түсімде бір жолбарыс келіп, шатырымның алдында шөгіп, мойнын салып, жатып алды. Бұ не қылғаны деп қарап едім, әлгі жолбарыс дегенім аю болды. Жап-жаңа жолбарыс еді ғой, аю болғаны несі деп қарап едім, ит-құс болды. Одан кейін түлкі болды, онан кейін қарсақ па, қоян ба, әлде немене болды. Оянып кеттім, көргенім осы — депті.

- Олай болса, шатырыңның алдына келіп шөккен жолбарыс - өзіңнің бақ-талайың, сен өзің жолбарыс едің. Оның шөгіп, басын көтере алмай жатып алғаны—жетіп жығылған жеріңнің осы болғаны. Енді бақ-талайың көтерілмейді. Баяғыдан бері жүріп-жүріп есіл Абылай сарттан өліпті дегізбей осы жерден аман-есеніңде қайта ғой!

Енді қарасаң аю болғаны: өзіңнен соңғы заман аюша алысып өтетұғын заман болады. Онан ит-құс болғаны, ит-құсша шуласып өтетұғын заман болады. Онан түлкі болғаны: түлкіше бұландап жүріп күнелтетін заман болады. Онан қоян болғаны: қоянша қорғалап жан сақтайтын заман болады. Мен: көрген-білгенімді айтсам: күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер "Абылай өледі, соның жаназасына Түркістанға бара жатырмыз деп жымдай жиылып, құмдай құйылып жүр. Қайтқаннан басқа жабдық жоқ, - деді.

Абылай хан Самарқанға елші жіберді: "Ұрысым, соғысым жоқ, әулиелерді зират қыла келдім. Басты-басты ақсақалдары қонаққа келсін" деп, қоянның көзінен қорқып, жебедей жерге кіріп кететұғын сарт сорлы жаман

қорқып тұр екен... Қатын-қыздарын, тауық пен бөденелерін тауларға бастырып жіберген екен. Бірін бірі сыйласып, қонақ болысып, Абылай хан сонда бір көк қасқа айтып сойдырып, басына қойдыратын тас қаздырды дейді. Абылайдың бағына шыққан тасты Самарқан жұрты: "Бұл баяғы Әмір Темірден соң, ешкімге шықпаған тас" десіпті. Абылай хан батырларына рұқсат беріпті. Енді ұрыс-соғыс жоқ, "Ер иесі қос табар" деген, амандарында ел табыңдар деп. Өзі Тәшкентке келіп Мырзахметтің қызын алып, үш ай жатып қалыпты. Үш айдан соң Арқаға қарай бет алып шығып, Арыс бойына келген жерде баяғы Шымкент, Сайрамға ие бол деп қолынан қойып кеткен Әбдірахманы Тұрбат, Сұлтан Рабат, Қарабұлақ маңында жалпақ табан, жалаңаяқ сарттарды жинап алып, қосын қылып Арыстан өткізбеймін деп алдын тосып тұр екен.

Арыстың бойында, бір төбенің басында қосшы-қолаңшы, төлеңгіттерімен келген Абылай қалшиып тұрды да қалды. Сонда қасындағы қариясы Бұқарекен айтқан екен:

Бірі етек, бірі жең болған,  
Ежелден саған ел болған,  
Орта жүзден кісің жоқ,  
Найзасының ұшы алтын  
Кіші жүзден кісің жоқ,  
Енді бұған қарап тұрғаннан  
Басқа қылар ісің жоқ!-

депті. Хан сонда батырларын тарқатып жібергеніне пұшайман болып, бармағын шайнап тастапты, құса болып жарылып кетіпті. Сол жерде бір қорғанға түсіріп, сол күннен бүгінге шейін "Хан қорғаны" аталып қалды деседі.

Абылай ажал жастығына басын қойғанда, Бұқарекен айтқан екен:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,  
Қайыруссыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,  
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай! –  
дегенде, Абылай хан:

-Тоқта, тоқта, бұлай десең, мен діннен шығамын, сен жалғаншы боласың. Жиырма жасымда таққа міндім, қырық сегіз жыл қазаққа хан болып тұрдым. Неше жыл өмір сүріп, жас жасағанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бір. Ақбоз аттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығының оғын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеннің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұнымен үш. Осы үш арман бойымда кетті – деген екен.

Ұлы жұма күні қайтыс болып, сүйегін теңге салып, Хазіреті Сұлтанға алып келіп, ақ күмбездің ішіне, бір бөлмесіне қойып, тасын үстіне орнатыпты.

Абылай ханың өлгенін естігенде, жалаңаяқ әздер үш күн, үш түн жылаған екен. "Тақсыр, мұнша неге жылайсыз?" - дегенде: "Есіл Абылай баяғыдан бері жүріп-жүріп Сарыарқада өлмей, сарттың қорғанында өлді. Енді хандық сартта қалды, қазақтан бақ кетті, құт қашты" - деген екен.

## Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768)

Ақтамберді Сарыұлы – әйгілі жырау. Орта Азия хандықтарымен болған соғыстарда көрсеткен ерлігімен және ақындығымен атағы ерте шыққан. Жоңғарға қарсы күресті ұйымдастыруда елеулі роль атқарған. 1675 жылы Қаратау бойында дүниеге келіп, 1768 жылы бұрынғы Семей облысының Абай ауданында қайтыс болған.

Бұл жайында қазақтың ұлы перзенті – Шоқан: «Әрқайсысы әр тараптан жортуыл жасаған жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар қазақ ұлыстарының ұйпа-тұйпасын шығарды, малын айдап, жанын байлап әкете берді. Алланың көктен келген кәріндей қақаған қыс, жұт, ашаршылық олардың халін тіпті ауырлата түсті», - деп жазған еді.

Ескіден итжығыспен келе жатқан ежелгі жау қалмақтар 1723 жылы тұтқиылдан шауып, қазақтарды қырғынға ұшыратады, қазақ халқы өзінің ескі мәдениет ошақтары – оңтүстіктегі қалалардан айрылады, ата қонысынан босып, халық санасында терең із қалдырған ақтабан шұбырындыға ұшырайды. Бірақ осы үлкен жеңілістен соң көп ұзамай-ақ ес жиған қазақтар біріккен күшпен 1728,1730 жылдары жоңғар басқыншыларына ауыр соққылар беріп жау қолында қалған жерлердің біразын босатады. Алайда, ойраттарды біржола талқандауға қазақ хандары мен сұлтандарының арасындағы алауыздық бөгет жасайды.

Осы сын кезеңде 1731-жылы Кіші жүз, 1740-жылы Орта жүз, 1742 – жылы Ұлы жүздің бір бөлігі Россияға бодан болады. Әйткенмен, бұл кезде қазақ хандары жердің шалғайлығына байланысты ақ патшаға номиналді түрде ғана тәуелді болады. Және орыс үкіметінің қол астына қарайтындығы туралы ант берген рубасылардың көбі туралы тек өз мүдделерін ғана көздеген еді.

«Тауарих хамсаның» айтуынша, Ақтамберді – ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Ол – атақты Қаракерей Қабанбаймен бірге найманның рубасы көсемі, әскербасы батыры. Сонымен қатар, Ақтамберді жортуыл жыршысы, әлеуетті жырау да болған. Ақтамберді әкесі Сары мен шешесі Сыр-бикеден жалғыз туады. Сары найман Сыбан ішіндегі орташа ғана әулеті бар, қақ-соқта жұмысы жоқ момын адам екен. Сондықтан да ол өз малын өз қызығына жұмсай алмай, ағайын-туғаннан зорлық-зомбылықты көп көреді. Бұл күй сүйеніші, жанашыры жоқ жас бала Ақтамбердінің де басына түседі. Алайда, жүрегінде оты бар болашақ жырау жасымайды, өзіне, ата-анасына теперіш көрсетушілерден именбей, реті келген жерінде көңілдегі сөзін айтып салатын болады. Жырау өзінің алғашқы туындыларын 10-11 жасында шығара бастапты. Ақтамбердінің бұл кездегі өлеңдері мұң, зар, жалғыздыққа налу түрінде келеді.

Жағалбай деген ел болар,  
Жағалтай деген көл болар.  
Жағалтайдың жағасы,  
Жасыл да байтақ ну болар.

Атадан алтау туғанның  
Жүрегінің бастары  
Алтын менен бу болар.  
Атадан жалғыз туғанның  
Жүрегінің бастары  
Сары да жалқын су болар,  
Жалғыздық, сені қайтейін!..

Бала сонымен қатар ертең-ақ «жасы он беске жетіп, кеңеске кірер» күн туатынын, болашақтан үміті зор екендігін жырға қосады. Міне, осы өлеңдерді құлағы шалып қалған қара жүрек ағайындарының бірі Жангөнек Ботағара деген Ақтамбердіні қамшының астына алады, тіпті, найзаның ұшына ілмек те болады. Алайда, жазықсыз жас балаға туысы Бердіке батыр ара түседі. Сол күннен бастап, бұғанасы қатқанға дейін болашақ жырау осы Бердікені паналайды.

Ақтамбердінің ақындық даңқымен балуандық, батырлық даңқы қатар шығады. Алайда, ол күні кеше ғана өзіне теперіш көрсеткен ағайындарына қарсы күш жұмсауды нәмарттық деп біліп, бүкіл ел мүддесін ойлай бастайды, ру, ата намысын емес, ісі қазақтың намысын қорғайды.

Дұшпаннан көрген қорлығым,  
Сары су болды жүрекке.  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке,  
Жауға қарай аттандым,  
Жеткіз деп, Құдай, тілекке!

Ақтамберді жер ортасы қырықтан асқанда ел тізгінін ұстап отырған Өз-Тәуке хан дүниеден қайтады. Тәукенің көзі жұмылысымен-ақ қазақ сұлтандарының арасындағы ежелгі бақастық ашық жаулыққа айналады, үш жүздің жігі ыдырайды. Міне, осы сәтте бұдан гөрі құдіреттілік кезінде де ел шетіне ене алмаған жоңғарлықтар қазақтарды аяусыз соққының астына алады. Ауыр күрес жылдары басталады. Ақтамбердінің осы кездегі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүргенін көресіз. Ақындық даңқы жас кезін-ақ шыққанына қарамастан, Ақтамберді тіршілігінде бел шешіп өнер жолын қумаған тәрізді. Әйткенмен де, оның өз артына елеулі мұра қалдырғандығы, жырау поэзиясы тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да бай болғандығы аңғарылады.

Түйе мойнын тұз кесер,  
Жігіт мойнын қыз кесер,  
Сартылдаған сары аяз,  
Жылқының мойнын мұз кесер.  
Бұлан да бұлан, бұлан сан,  
Бұланның санын оқ тесер,  
Бұландап жүрген жігіттің  
Жомарт қолын жоқ кесер!

Жыраудың «Күлдір-күдір кісінетіп» деген толғауында:

Өзім бір бөлек жайласам,

Жігіттен нөкер сайласам,  
Ойпаң жерге он отау,  
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,  
Қонағымды жайғасам!  
Пышақтан малым кетпесе,  
Қазаным оттан түспесе,  
Ауылдан топыр үзілмей,  
Ошақтың оты өшпесе!  
Май жемесе қонағым,  
Қан жемесе барағым,  
Он кісіге жараса  
Бір кісіге арнап тартқан табағым!  
Халыққа атым білініп,  
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз?!

Қазақтар үшін мал асылы жылқы екені мәлім. Ешбір халықтың әдебиетінде жылқы дәл біздің әдебиетіміздегідей дәріптелмейтін шығар. Өйткенмен де, мал атаулының,оның ішінде жылқының көшпенділер өміріндегі алатын орны жайлы Ақтамбердідей толғаған қазақ ақыны жоқ.

Арудан асқан жар бар ма,  
Жылқыдан асқан мал бар ма!  
Биенің сүті сары бал,  
Қымыздан асқан дәм бар ма!  
Желіде құлын жусаса,  
Кермеде тұлпар бусанса,  
Сәні келер ұйқының.  
Жылқы қолдан тайған соң,  
Қызығы кетер күлкінің.  
Қыздың көркі құлпыда,  
Жігіттің көркі жылқыда!

Жыраудың жылқы малын ерекше көтермелеуінің тағы бір мәні бар. Қолбасы батыр болған Ақтамберді сәйгүлік тұлпарды ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы деп есептейді.

Ақтамберді қазақ тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірінде өмір сүрді. Ол ауыр жеңілістерді, дұшпанға бет қарай алмай дүркірей қашқан босқыншылықты өз көзімен көрді. Бірақ атақты батыр, ел тірегі, Орта жүздің көсемдерінің бірі қажырлы жыраудың еңсесін қайғы баспайды. Ол ойраттарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында жүреді, елге ұйтқы болады. Басынан таяқ өтіп, қаннан қаймыққан, бет-бетімен бас сауғалап кетуге айналған жұртқа жанқияр ісімен де, жалынды жырымен де дем береді. Ақтамберді еңбегіндегі ең басты сарын-ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуға жігерлендіру.

Балпаң, балпаң кім баспас,  
Басарға балтыр шыдамас,  
Батырмын деп кім айтпас,



Барарға жүрек шыдамас.  
Жалтара шапсаң жау қашпас,  
Жауды аяған бет таппас,  
Уа, жігіттер, жандарың,  
Жаудан аяй көрменіз,  
Ғазірейіл тура келмей жан алмас!

Ақтамберді исі қазақ болып атқа қонуды, дұшпанға соққы беруді армандайды:

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екеміз?!  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!  
Жағасы алтын, жеңі жез,  
Шығыршығы торғай көз  
Сауыт киер ме екеміз?!  
Ор қояндай жүгінтіп,  
Аш күзендей бүгілтіп,  
Жолбарыстай шұбарды  
Таңдап мінер ме екеміз?!  
Сол шұбарға мінген соң,  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол төңкерер ме екеміз?!  
Жалаулы найза жанға алып,  
Жау қашырар ма екеміз?!  
Тобыршықты әндіген  
Толтыра тартар ма екеміз?!  
Тобылғы түбі құралай,  
Көздеп бір атар ма екеміз!  
Жарлауға біткен жапырақ -  
Жамылсақ, тоңар ма екеміз?!  
Жазыққа біткен бүлдірген -  
Сұғынсақ, тояр ма екеміз!  
Тобылғы сапты қамшы алып,  
Тұмар мойын ат мініп,  
Қоныс та қарар ма екеміз!  
Ел жазылып жайлауда,  
Жақсылар кеңес құрғанда,  
Мұртымыз өрге шаншылып,  
Бұрын да сөйлер ме екеміз?!

\*\*\*

От басар орны отаудай,  
Қабырғасы халық орнаған  
жонсаудай,

Ор қояндай қабақты,  
Қиған қамыс құлақты,  
Сары мысықтай азулы,  
Саптыаяқтай ерінді,  
Қидасын кәрі жілікті,  
Омырауы есіктей,  
Ойынды еті бесіктей,  
Табаны жалпақ тарланды  
Таңбалап мінер ме екеміз?!  
Сол тарланға мінген соң,  
Өзен де өзен, өзен су,  
Өрлерде жортар ма екеміз?!  
Аңдысып жүрген дұшпанның  
Бұлттан шыққан ай бетті,  
Мұнардан шыққан күн бетті,  
Айттырса, бермес сұлуын  
Аппақ қылып мандайын,  
Бұғақ қылып таңдайын,  
Қиылдырып қастарын,  
Төгілдіріп шаштарын,  
Күнінде аламанға  
Тегін олжа қылар ма екеміз?!

\*\*\*

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екеміз?!  
Күдеріден бау тағып,  
Қамқа тон киер ме екеміз?!  
Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,  
Төрткілдеп ошақ қаздырып,  
Төбел бие сойғызып,  
Төменде бидің кеңесін  
Біз де бір құрар ма екеміз?!  
Құлаты тауға қол салып,  
Садақтың оғын мол салып,  
Бетпақтың ен бір шөлінен  
Төтелеп жүріп жол салып,  
Қолды бір бастар ма екеміз?!  
Майданда дабыл қақтырып,  
Ерлердің жолын аштырып,  
Атасы басқа қалмақты  
Жұртынан шауып бостырып,  
Түйедегі наршасын,  
Әлпештеген ханшасын

Ат артына мінгізіп,  
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!  
Кеуде бір жерді жол қылсам,  
Шөлең бір жерді көл қылсам,  
Құрап жанды көп жиып,  
Өз алдына ел қылсам!  
Асқар бір тауды жайласам,  
Желілеп бие байласам,  
Күнде жиын, күнде той,  
Қыз-бозбала ойнатсам,  
Тентегін түзеп байқа деп,  
Ішінен биді сайлатсам,  
Құлым бір ұлдай киінсе,  
Көркемін көрген сүйінсе,  
Атымтай Жомарт секілді  
Атағым жұртқа білінсе!  
Өзім бір бөлек жайласам,  
Жігіттен нөкер сайласам,  
Ойпаң жерге он отау,  
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,  
Қонағымды жайғасам!  
Пышақтан малым кетпесе,  
Қазаным оттан түспесе,  
Ауылдан топыр үзілмей,  
Ошақтың оты өшпесе!  
Май жемесе қонағым,  
Қан жемесе барағым,  
Он кісіге жараса  
Бір кісіге арнап тартқан табағым!  
Халыққа атым білініп,  
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз?!  
Төскейде кеңес топтанып,  
Жақсылар үйде баптанып,  
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,  
Қос-қосымен шаттанып.  
Қиуадан ақыл алатын,  
Қияннан айла табатын  
Ерлерден салсам нөкерді  
Дұшпаннан кекті алатын!  
Жоны бір жалпақ жотадай,  
Мойны бір жалпақ бұқадай,  
Балуаннан нөкер барлатып,  
Күреске салар ма екеміз?!  
Артықша көзге көрініп,

Балуаным жықса таңлатып,  
Алмасын арнап суарып,  
Ақ сауыт соқса зергерім,  
Таудағы сала бұғыны  
Аңдып бір атса мергенім!  
Көкорай көктем болғанда  
Дауысы бар азандай,  
Желіні бар қазандай,  
Жаралы кудай ыңырантып,  
Жарылған мұздай күңіrentіп,  
Қайрауықтың ащы күйіндеі  
Қайырып боздап күйлентіп,  
Боталаған боз інген  
Азан-қазан, у да шу  
О да бір алса мазамды-ай!  
Алғайдың құба жонына  
Жайылған қойым сыймаса,  
Жүз бүркеншек, жүз қоспен  
Қатар жүріп жинаса!  
Көк алалы көп жылқы  
Көлге бір түссе көз жетпей,  
Санап санын алуға  
Есебіне жан жетпей...  
Беглерім мінсе шұбарын,  
Жұлындай қылып жаратып!  
Елден елді аралап,  
Текіден текті саралап,  
Беглердің қызын айттырсам,  
Нұсқасын байқап шамалап -  
Сынға толса сияғы,  
Әлбеті шамның шырағы,  
Мұхиттан сүзіп шығарған  
Қымбатты гауһар бағасы.  
Жүз нарға кілем жаптырып,  
Қазақтан сәнін арттырып,  
Ұзатып алсам сәнменен,  
Көңлімді хош таптырып!  
Бала берсе тезінен, -  
Пірлердің бітсе демінен,  
Шілтеннің тиіп шылауы,  
Артылып туса өзімнен!  
Осындай берген дәулетті  
Көтеріп тұра алар ма екеміз?!  
\*\*\*  
Жағама қолдың тигенін,

Жалғыздық, сенен көремін.  
Жамаулы киім кигенім,  
Жарлылық, сенен көремін.  
    Кәрі ақсайды ақылдан,  
    Ер ақсайды жақыннан.  
Ерлер жортар мал үшін,  
Қатын-бала қамы үшін.  
Өркім өзі талпынбақ,  
Басына бітер бағы үшін.  
    Пәлекет елде көбейер,  
    Жігітті жігіт қорласа.  
    Пенденің бағы ашылмас,  
    Маңдайы қалың сорласа.  
Қынаптан қылыш суырмай,  
Қарысқан жау бүлк етпес.  
Жуылмай қастың қанымен,  
Намысқа тиген кір кетпес.  
    Бұлаңдап жүрген жігіттің  
    Жомарт қолын жоқ кесер.  
Өзір Мекке алдында  
Пейіліңмен сыйласаң  
Атаң менен анаңды.  
    Ағайының көп болса,  
    Ұлы әскер қолмен тең.  
    Білімді туған жақсылар  
    Аз да болса, көппен тең.  
Жақсысы кеткен ауылдың,  
Артынан жақсы шықпаса,  
Өртеніп кеткен жермен тең.  
    Қайырлы болса егер бай,  
    Дария шалқар көлмен тең.  
    Қайырсыз болса егер бай,  
    Ел қонбаған шөлмен тең.  
Мінезді болса әйелің,  
Күнде сонар (жаңа үйленген) қызбен тең.  
Жаман болса әйелің,  
Астыңнан өткен сызбен тең.  
Мінезді болса алғаның,  
Одан артық жар бар ма,  
Екі жаман қосылса,  
Күнде жанжал, күнде шу,  
Ұяларлық ар бар ма.  
    Жаман туған жігітке  
    Рақатты күн бар ма.

Өз мінін білген жігіттің  
Тәлімінде мін бар ма?  
Мал басы өскен жаманның  
Жүрген жері шу болар.  
Көтере алмай дәулетін,  
Өзіне-өзі зор болар.  
Жетім менен жесірге  
Қазары ылғи ор болар.  
Онымен жолы оңбайды  
Біреуден ақыры қор болар.  
Халқы тозып, кем болмас,  
Әділ болса ұлығы.  
Бірлігіңнен айырылма,  
Бірлікте бар қасиет.  
Татулық болар береке,  
Араз болсаң алты ауыз,  
Еліңе кірген әрекет.  
Ақтамберді тоқсан үш жасында дүние салыпты. Туған жердің топырағын  
мәңгі жастанар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты тегіс  
орындалғандығына ризашылығын білдіреді.

## Шекті Мөңке би (1675-1756)

Кіші жүздің шекті тайпасынан шыққан атақты би, болашақты болжаған әулие Мөңке Тілеуұлы 1675 жылы туып, шамамен XVIII ғасырдың ортасында, 1756 жылдары қайтыс болған. Шекті ішіндегі Тілеуқабактан тарайды. Жеті-сегіз жасынан ел билеу ісіне араласқанға ұқсайды. Халық аңызы бойынша ел данасы екендігін ескерсек, Мөңкенің арғы бабалары - ел қамын жеген ер Едіге, бүкіл мұсылман дүниесі құрметтейтін Баба түкті Шашты Әзиз. Баба түкті Шашты Әзиздің әулиелер сұлтаны Қожа Ахмет Ясауидың шәкірті болғаны белгілі. Мөңкенің әкесі Тілеу батырдың Түркістандағы Әзірет сұлтанның қасына жерленуі де біраз жайдан хабар берсе керек. Зерттеушілердің кейбірі Мөңкені қазақтан шыққан Нострадамусқа теңейді. Оның болашақты болжаған болжам өлеңдері қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоймай, керісінше, күннен-күнге артып келеді.

Ақырзаман болғанда  
Түйе бұлан болар...  
Жылан құлан болар.  
Өз бауырың суыған болар.  
Қатын би болар,  
Сиыр пұл болар,  
Туған балалар қу болар,  
Тамағы сары су болар,  
Итке құйсаң – ит ішпес,  
Адам оған құмар болар.  
Үй ішінде неше жан болса,  
Бас-басына би болар.  
Тұтам ағаш ту бие болар,  
Бір жерде туған он шақты үй болса,  
Ата-атасы аталып, бөлек-бөлек жүйе болар.  
Ышат деген заң шығар,  
Екі ауылдың арасы арбамен дүбір болар,  
Екі үйдің арасы екеу-екеу сыбыр болар...  
Заман ақыр болғанда:  
Ешкі тұяқ, кесік бас  
Етік шығар деп еді.  
Қара жерді қақ жарып  
Еділ мен Жайық шығар деп еді.  
Қара судың үстінде  
Екі басы сүйреңген  
Қайық шығар деп еді.  
Қайықпенен аулайтын  
Балық шығар деп еді,  
Тәуірсінген жігіттер

Атым шығар деп еді.  
Жалқы-жұман жігіттер  
Біз орысқа жүрдік деп  
Налып шығар деп еді.  
Заманақыр болғанда  
Су тартылар деп еді.  
Қарап тұрған жігітке  
Қыз артылар деп еді.  
Оқшантай жоқ, кісе жоқ  
Белбеу шығар деп еді.  
Жүгініс жоқ, малдас жоқ  
Көлбеу шығар деп еді.  
Заманның ақыры жақындағанда:  
Жылқының жүйрігі кетіп шабаны қалады,  
Сөздің маңызы кетіп самалы қалады,  
Бидайдың ұны кетіп сабаны қалады,  
Әйелдердің ұяты кетіп ажары қалады,  
Әулиенің аруағы кетіп мазары қалады,  
Жігіттің қайраты кетіп базары қалады,  
Жақсының атағы кетіп азабы қалады.  
Сол уақыттар болғанда  
Адамның жақсысы кетіп жаманы қалады,  
Сирек-сирек ел болады,  
Тырна қатар би болады,  
Шалқар көлдер жар болады.  
Адамның мейірманшылығы кетіп  
Көзінің жасы көл болады.  
Шалқар көл мен өзеннің  
Үстінен сым тартылған жол болады,  
Басың бүтін, бауырың аман болғанда,  
Отырғаның да, көргенің де шер болады.  
\*\*\*

Осы кездегі заман бейнесін осыдан үш ғасыр бұрын кемеңгер Мөңке би айтқан екен:

Құрамалы, қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Ішінен шынтақ айналмайтын,  
Ежірей деген ұлың болады.  
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,  
Бежірей деген қызың болады.  
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,  
Кекірей деген келінің болады.



Дүдәмалдау дінің болады,  
Алашұбар тілің болады.  
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады.  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,  
Бетіңнен алып түсетін інің болады.  
Әйелің базаршы болады,  
Еркегің қазаншы болады.  
Бұхараны құм алады,  
Төрткүлді су алады.  
Халықтың қанын сорған надандар болады.  
Қабағын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады.  
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады,  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатының болады.  
Сарылып келіп тосасың,  
Құны жоқ қағазды шашасың,  
Осындай көресіні көресің  
Көріп барып өлесің.

**Үмбетей жырау  
(1706-1778 жж).**

Үмбетей Тілеуұлы – XVIII – ғасырда өмір сүрген атақты жырау. Жырау 1778 жылы Ерейментауда қайтыс болған. Әкесі Тілеу абыз атанған қобызшы, шежіре кісі болған.

Ұл он беске келгенше,  
Қолға ұстаған қобызың,  
Ұл он бестен асқан соң,  
Тіл алмаса доңызың.

...Кісіні көрсең, есікке,  
Жүгіре шық, кешікпе.  
Қарсы алмасаң мейманды,  
Кесір болар несіпке,

Кетеген болса, түйең жау,  
Тебеген болса, биен жау  
Ұрысқақ болса, ұлың жау...  
Керіскек болса, келінің жау.

Үй сыртында асқар тау  
Панасы жоқ болса  
Бұл шіркіннің несі тау?

Үйдегі ұлың жаман болса,  
Есіктегі құлмен тең,  
Қойыныңдағы қатының жаман болса,  
Қаңтардағы мұзбен тең...

Кей сорлының қатыны  
Күндіз ауру, түнде сау –  
Арқаң артқан тұзбен тең.

Бәйбішең аю болса, аса алмассың,  
Қарау болса, әй, деуге бата алмассың.  
Мейманға оттың басы болса суық,  
Еліңе жақсы жігіт атанбассың,-

Бай болмаған бай болса  
Жайылмаған сай қоймас.  
Би болмаған би болса,  
Айтылмаған сөз қоймас

Хан болмаған хан болса,  
Тоналмаған ел қалмас.

Алыстағы дұшпаннан,  
Аңдып жүрген дос жаман.

Жасыңда болған сырласың –  
Үлкен де болса құрдасың.

Дүниенің жүзінде осы қиын –  
Жаман деп өз үйіңнен кете алмассың.

Сырт тазасы не керек,

Тазарт әуелі ішінді.

**Көбей би**  
**(1710-1785 жж.)**

Көбей – тобықтыдан шыққан белгілі би. Атышулы Еңлік-Кебек дауында тобықты жағының сөзін ұстаған ол – екі жасқа аяушылық білдіріп, қатты күйзеледі. Мұхтар Әуезовтің "Еңлік-Кебек" пьесасында қарсы жақтың биі Еспенбетпен айтысатын – осы Көбей.

Жүйрік ат - ер пырағы,  
Ойлаған жерге жеткізер.  
Жақсы бала - әке шырағы,  
Көргенді құмар еткізер,  
Жақсы әйел - үйдің тұрағы,  
Жатты жақын еткізер.

Тамаша алғашқы шу-ду сияқты,  
Қуанышқа көтерген су сияқты.  
Қуантып, аяқ жағын шерменде қып,  
Болады тілеп ішкен у сияқты.

Үйіңнен дауың кетпейді  
Ақымақ болып, тоқ болсаң,  
Ешкімге назың өтпейді,  
Арыстан болып, жоқ болсаң.

Ат барлығы не керек,  
Болмаса аттың сияғы,  
Биік таудың барлығы не керек,  
Іргесінде болмаса тұрағы.  
Шалқар көлдер не керек,  
Жағасында болмаса құрағы,  
Ер жігіттер барлығы не керек,  
Артында болмаса тұяғы.

Зер ұстаған зердің жайын біледі,  
Жақсы басшы елдің жайын біледі,  
Басынан көп өмірді өткізген жан,  
Қайғыменен жердің жайын біледі.

Ой, дүние – ай, дүниесің.  
Дем алғанша құбыласың,  
Шаң жұқпайтын кейде тұлпар,  
Кейде орға жығыласың.

Желдетпей тұман ашылмас  
Желдетпей жүйрік басылмас.  
Өндіршектен оқ тисе,  
Жер таянбай тұра алмас.

Балаң жаман болса,  
Жоқ нәрсеге мас болар.

Алған жарың жақсы болса,  
Қартайғанша жас болар.  
Алған жарың жаман болса,  
Жиіркеніп ішкен тамақтай,  
Тазалығы жоқ нас болар.

Заманың келсе басып қал,  
Ағынды судай тасып қал.

Қырсыққан қыңыр жүрер.

Заман деген жаман болмас,  
Әділетті жаны болса, жазылмас ауру болмас,  
Емі қонса.

Жайсыз басшы кетпек, халық қалмақ,  
Түнек кетпек, жарық қалмақ.

- Осы кезде кім ғаріп,

- Бірлігі жоқ ел ғаріп.

Еркімен ел жайламай,

Құлазып тұрған жер ғаріп.

Қаз-үйрек ұшып қонбаған,

Айдын да шалқар көл ғаріп.

Көмек тимей қорлықпен,

Арманда өлген ер ғаріп.

Мақсатына жете алмай,

Ерікті өмір ете алмай,

Көзінің жасы сел болып

Зарлап өлген ару қыз,

Бәрінен де сол ғаріп.

Қадірін біліп ұқпаса.

Нақыл айтқан сөз ғаріп.

Елін жөнге салмаған,

Қос қыршынды жалмаған,

Еспенбеттей би ғаріп.

Нақыл сөзім өтпеген,

Тентек елге жетпеген.

Ақырында мен ғаріп.

Кеше көл еді, бүгін тақыр,

Кеше бай еді, бүгін пақыр.

## Сырым батыр Датұлы (1723-1802)

Сырым Датұлы – қазақтың азаттық жолындағы күрес тарихында ерекше орны бар 14 жылға созылған (1783-1797) көтеріліс басшысы, атақты би, алғыр шешен. Кіші Байбақты атасынан.

Ат – шабысына қарай шабады,

Ер - намысына қарай шабады.

Әйелді әйел деп қорсынбаңдар –

Әйелсіз ерге күй бітпейді.

Дау мұраты - біту,

Сауда мұраты – ұту,

Қыз мұраты - кету,

Жол мұраты - жету.

Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ,

Жол анасы – тұяқ.

Үгітті - ұққанға,

Ақылды - жұққанға айт.

Аста - тұз тәтті,

Адамда - дос тәтті.

Ата тұрып ұл сөйлесе - ер жеткені болар,

Ана тұрып қыз сөйлесе - бой жеткені болар.

Табалдырықтан биік тау жоқ,

Жаман ағайыннан асқан жау жоқ.

Әркімнің мінген аты – өзіне тұлпар,

Әркімнің сүйген жары – өзіне сұңқар.

Барын аямаған мал алар,

Малын аямаған дау алар,

Жанын аямаған жау алар.

Кәрінің үш түрі болады:

Біріншісі - қадірлі қария,

Екіншісі - қазымыр кәрі,

Үшіншісі – қадірі жоқ қыдырма шал.

Жеңілмейтін жау жоқ,

Шешілмейтін дау жоқ.

Шындық пен өтіріктің арасы төрт-ақ елі:

Көзбен көрген - шын,

Құлақпен естіген - жалған.

Азамат жетім болмайды,

Халықтан болса панасы,

Халық жетім болмайды,

Басшы болса данасы.

Торы – тоқсан тоғыз,

Төбелі – біреу ғана.  
Өзіл арты – зіл.  
Әкеңнен айрылсаң –  
Асқар тауыңның шағылғаны.  
Анаңнан айрылсаң –  
Ағып жатқан бұлағыңның суалғаны.  
Ағаңнан айрылсаң –  
Қанатыңның қайрылғаны .  
Сүйген жарыңнан айрылғаның –  
Жапырағыңның қуарғаны.

**Ақтайлақ Байғараұлы**  
**(шамамен 1720-1816 жылдар аралығы)**

Ақтайлақ би – найманның сыбан атасынан шыққан атақты би әрі ақын. Өз кезінің әйгілі билерінің көбімен сөз сайысына түскен топ жарған шешен.

Жақсы туған қыз бала,

Батыр туған ұлмен тең.

Ақылы аз болған соң,

Жаман адам құлмен тең.

Хас жақсыда кек болмас,

Хас жаманда шек болмас,

Жалғыз ағаш үй болмас,

Жалғыз жігіт би болмас,

Сараң байдан сұрасаң,

Бәрін жоқ дер ұялмас,

Кеселді туған кер кеткен,

Ел-жұртына сия алмас.

Кежеге жүйрік, кер жалқау,

Лағынетсіз тіл алмас,

Жақсы менен жаманның,

Айырып мәнін біле алмас.

Жанашыры жоқ болса,

Жәбірленген жазықсыз,

Көзінің жасын тия алмас...

Қайырымды туыс бар болса,

Бар-жоғыңа қарасар.

Қайырымсыз туыс кез болса,

Жақыныңмен иттей таласар.

Жақсы көршің бар болса,

Жағдайыңа жанасар.

Жаман көршің бар болса,

Саусағын бүгіп санасар.

Жақсы балаң бар болса,

Саралап белден сан асар.

Жаман балаң бар болса,

Қара жолдан адасар.

Ас беріп досты алдама,

Ардақты досты корлама.

Өкпе кімге жарасар,

Қарындасқа жарасар.

Қарындастың ішінде,

Кәдірлеске жарасар.

Арғымақ байлап не керек,

Артынан жабы жеткен соң.

Сары алтын қылыш не керек,  
Мұқатып дұшпан кеткен соң.  
    Ағайын-туған не керек,  
    Аңдысып күні өткен соң.  
    Қызыл тілім сөйлеп қал,  
    Қызығыңды жер көрер.  
Санаулы демің біткен соң,  
Айтты дейтін жұрт қайда?  
Айтатұғын біз қайда?  
Бір төбенің басында,  
Көме тастап кеткен соң.  
Ат туады биеден,  
Алып туар анадан.  
Ажал келсе бір күні,  
    Айырар қатын-баладан.  
    Сиыр жисаң қарадан.  
    Қатық кетпес шарадан.  
    Ақылдыдан би болса,  
Адаспайды жобадан.  
Ақымақтан би болса,  
Екі қолын айырмас,  
Өмірінше парадан.  
Ақ сауыт деп айтамыз,  
Атылған оқ өтпесе.  
Арғымақ деп айтамыз,  
Желгенде жылқы жетпесе.  
    Ақылды деп айтамыз,  
    Тозған елді септесе.  
    Ер жігіт деп айтамыз,  
    Жауға тастап кетпесе.  
Жақсы әйел деп айтамыз,  
Жамандап ерін сөкпесе.  
Жарлы деп неге айтамыз,  
Жабылып елі көшпесе.  
    Шерлі мұңы тарқамас,  
    Көзінің жасын төкпесе,  
    Жақсы менен жаманды,  
    Жаманат пен жалғанды,  
Қолмен ұстап, көз көрер,  
Санаулы демің бітпесе.  
Жалаңаш жалпы жарлыға,  
Жарқыраған жаз артық.  
    Берексіз тобырдан,  
    Бірлігі күшті аз артық.



Сырын білмес аққудан,  
Сырлас болған қаз артық.  
Айғайласқан ашудан,  
Сыпайы айтқан сөз артық.  
Жетім менен жесірге,  
Көмектескен ел артық.  
Ел намысын ақтаған,  
Еңіреген ер артық.  
Еріксіз түскен еңістен  
Еңбектеп шыққан өр артық.  
Қорлықпен өткен өмірден,  
Азабы жоқ көр артық.  
Батпағы көп көлдерден,  
Бұлағы бар сай артық.  
Қамшылатқан шабаннан,  
Өзі жүрген тай артық.  
Ас болмайтын жасықтан,  
Бір жапырақ нан артық.  
Ақ күмбездей үйіңнен,  
Бір шыбындай жан артық.  
Алтын менен күмістен,  
Алдыңдағы мал артық.  
Жаманмен жолдас болғаннан,  
Жалғыз жүрген өзі артық.

**Тайжан би  
(XVIII-ғасыр)**

XVIII ғасырдың бас кезінде 80-нен асқан Тайжан биге «Ақырзаман деген қандай болады?» деген сауал қойыпты:

Адам азады, жер жыртумен тозады.  
Сөзде байлау болмайды, оны ұзаққа созады.  
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалады.  
Жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалады.  
Көлден су тартылып, табаны қалады.  
Адамгершілік шамалы қалады.  
Адамның тырнақтайы би болады.  
Үлкеннің тілін кіші алмайды.  
Жөн білетін ақылды болса, оның сөзі тыңдалмайды.  
Жеңілдікке салынып, өзін-өзі қорлайды.  
Ұлы атадан бөлініп, үй болады.  
Тартқаны домбыра, сырнай күй болады.  
Ері ақша таппайды, әйелі базардан қалмайды.  
Ұзақты күнге терлеп тапқан еңбектің берекесі болмайды.  
Ішкені шарап болып, өн бойына жұқпайды.  
Қонақасты жақсы берсең, ол үйден төбелеспей шықпайды.  
Тоқтау сөз айтсаң, сөз ұқпайды,  
Былапыттап боқтайды.  
Әйелі тәуірдің шаруасы түзеледі,

Әйелі нашардың үйі күйзеледі.  
Көйлегі шолақ, дамбалды қысқа киеді.  
Борбай көрініп жүреді.  
Адам азғанда – ар, ұят қалмайды.  
Атаның тілін бала алмайды.  
Құдай кеуілге бермесе, оны түзеп болмайды.  
Жиғаны темір болады, жаққаны көмір болады.  
Құлшылық жоқ, жайбарақат өмір болады.  
Бейшарасы болады.  
Күнкөріс қамымен азап шеккен, шолақ өмір болады.  
Бей-берекет шашу болады.  
Ашытқан судан асы болады.  
Адал, арамды білмейді, азған деген осы болады.  
Ет пен майды тамақ демейді,  
Шарапсыз ас жемейді.  
Жасы жеткен көреді, одан арғысын көре алмадым,  
Жаратқан ием өзі біледі.

### **Байдалы би Бекшеұлы (1725-1820)**

Байдалы Бекшеұлы – арғынның атақты шешен - биі. Абылай ордасындағы сегіз бидің бетке ұстары, Уәли ханның да өте сыйлас, қадірлі замандасы болған. 1822 жылы 95 жасында қайтыс болған.

Оңғандықтың белгісі

Өзі ұрысып, табысқан.

Оңбағанның белгісі

Өткен істі қуысқан.

Жақсы болса азамат

Еліне тиер пайдасы.

Ердің «білдім» дегені,

Басына салған ойраны.

Көпке сөзін бергені —

Тастан соққан қорғаны.

Жан түршігер жаман іс, -

Ағайын ала болғаны.

Бірінші тілеу тілеңіз,

Бір тәңірге жазбасқа.

Екінші тілеу тілеңіз,

Адам тіліне азбасқа.

Үшінші тілеу тілеңіз,

Пәледен нақақ күймеске,

Төртінші тілеу тілеңіз,  
Білімсіз таққа мінбеске.  
Бесінші тілеу тілеңіз,  
Қатардан кейін қалмасқа.  
Алтыншы тілеу тілеңіз,  
Ақымақ тілін алмасқа.  
Жетінші тілеу тілеңіз,  
Атадан алтау тудым деп,  
Жалғызға жара салмасқа  
- Ауру көңілін кім ашар?  
- Хал сұраған тең ашар,  
- Ердің көңілін кім ашар?  
- Көркем сұлу, сүмбіл шаш,  
Қара көзді, имек қас,  
Жарқыраған жар ашар.  
- Аттың көңілін кім ашар?  
- Күніге жеті қараған,  
Жал құйрығын тараған,  
Әлпештеп мінген ер ашар.  
    Жақсылық пен жамандық  
    Бәрі Хақтан болған соң,  
    Шүкірлік қылған жарасар.

Қайрат деген қыран бар,  
Қайғыға тізгін бермейтін.  
Қайғы деген жылан бар,  
Өзекті шағып өртейтін.  
Үміт, сенім, тілек бар,  
Қуантып, қуат алдырар.  
Жылау деген азап бар,  
Қуартып отқа жандырар  
    Қарағай бойы қар жауса,  
    Жұтамайды сауысқан.  
    Қанды қалпақ кесе де,  
    Шыдамайды туысқан.

Мақалға жармаса берме,  
Онда да мін бар.  
    Молда айтқанның бәрі  
    Шарифат емес,  
    Бұрынғылар айтқанның  
    Бәрі қағидат емес.

Байдалы би:  
- Алыста не алыс?  
- Тәтті де не тәтті?  
- Жақында не жақын?

деген үш сұрағына Мұсаның (Мұса (1819-1885) – Арқаға әйгілі шонжар Шорманның (Шоқанның нағашы жұрты) баласы. Өнші – композитор Мұса Байжанұлының жалғыз атын тартып алып, Жаяу Мұса атандырған Мұстафаның бауыры қайтарған жауабына қанағаттанбай:

- Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ.

- Жаннан тәтті жоқ.

- Ажалдан жақын жоқ, – деген екен.

### Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) (1748-1819)

Шал (Тілеуке Құлекеұлы) – атақты жыраулардың бірі. Туындылары мол сақталған, әрі афоризмдерге бай. Көкшетау өңірінде туған. Солтүстік Қазақстан облысы шегінде (Есіл өзені бойында) қайтыс болған. Әкесі Құлеке.

Нәпсің – бір көкжал бөрідей,

Иманың – бағлан қозыдай.

Егер тыю салмасаң,

Иманыңды жеп кетер.

Арғымақ ат кімде жоқ,

Міне алмасаң, атша жоқ,

Ағайын-туыс кімде жоқ,

Сыйласпасаң, жатша жоқ.

Қамқа тонның тозғанын

Көп жасаған қарт білер.

Ағайынның тозғанын

Қарындас білмес, жат білер.

Жақсы қатын алсаңыз,

Алланың жауған нұрымен тең.

Жаман қатын алсаңыз,

Маңдайға біткен сормен тең.

Уайымшыл жігіттің,

Кең дүниесі тармен тең.

Уайымсыз жігіттер  
Қара бұлан нармен тең.  
Жетесіз жаман жігіттер  
Тоқсандағы шалмен тең.  
Жаманнан көрген қорлығың  
Көкірекке біткен шермен тең.  
Бір қалған соң көңілің  
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.

Екі қатын алғанның дауы үйінде,  
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.  
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,  
Жаман қатын алғанның соры үйінде.

Бір жігіт бар – құр жан,  
Бір жігіт бар – тірі жан,  
Бір жігіт бар – жігіт жан.

«Құр жан» - деген жігіт – кеудесінде жаны бар, ештеңені бітірмейді.

«Тірі жан» дейтіні – бар тапқанын киім мен асқа сатар,

Жақын көрген досын жатқа сатар.

Қызыл белбеу, шоқима етік, үкі тағып,

Әркімді бір сықақ қылар.

«Жігіт жан» дейтін жігіт – сегіз қырлы, бір сырлы болар.

Құлан Қарауыл дейтін бір қатын болады:

Таңертең тұрады, түндікті оңынан ашады,

Кетіп бара жатқанға көз салып,

Өтіп бара жатқандарға назар салады.

Екінші қатын - қыналы бармақ дейтін:

Аз нәрсені көптей қылады,

Көп нәрсені көлдей қылады,

Киіміне кір жұқпайды,

Асына қылшық тұрмайды,

Дүниесінің бәрі таза болады,

Ерінің бары, жоғын білгізбейді.

«Ер – егіз, еңбексіз – жалғыз» деген,

Осы талайлы ердің қолына түседі.

Үшінші - ашып атар, жатып ішер...

Бастама етік көрпілдек,

Сиыр жапасы сырпылдақ,

Сормаңдай ерге жолығады

Қона берсе, жерің тозар,

Шаба берсе, елің азар.

Жасай берсе, ерің азар.

Ханнан тақыт таярда –

Қарашы жұртпен қас болар.

Байдан бақыт таярда –

Дәулетіне мас болар.  
Кәріден абырой таярда –  
Аңдығаны ас болар.  
Жетесіз туған жігіттер,  
Жиырма бесте жас болар.

«Дәулетім бар, бақытым көп» деменіз,  
«Тамағым тоқ, көйлегім көк» деменіз.  
Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған,  
Адамға пәле-жала жоқ деменіз.

Уа, жігіттер,  
Әйел алсаң, таңдап ал ақылдысын,  
Ол сенің ақыреттік жақын кісің.  
Келген мейманыңды және туғандарыңды  
Бірдей тәрбиелеп,  
Ол және ұмытпайды хақтың ісін.

Ағайының көп болса,  
Бірлігі оның бек болса,  
Жамандық жер кез келсе,  
Бір-біріне сеп болса,  
Бүтін тұрған бұзылмай,  
Отыз екі тіспен тең.

Жомарт жігіт баймен тең.  
Шешен жігіт дүрмен тең,  
Имансыз көңіл кірмен тең.  
Ақылы жоқ надандар,  
Іс бітірмес жамандар  
Жүз болса да бірмен тең.  
Жаман туған балаңыз  
Бұғып өткен тазбен тең.  
Уайымшыл адамның  
Алды тұйық жармен тең.  
Жетесі жаман бозбала,  
Тоқсандағы шалмен тең,  
Жақсының айтқан ақылы  
Қазулы сара жолмен тең.  
Жаманға айтқан ақылың  
Ағып кеткен селмен тең.

Пұт болдым деп мақтанба, -  
Одан да ауыр батпан бар.  
Би болдым деп мақтанба, -  
Асқар ала тау менен  
Ар жағында аспан бар.  
Басыма бақыт қонды деп,  
Кемімесін енді деп,

Зауалды жалған дүниеге,  
Біле білсең, таспаңдар.  
Қарсы жүрген адамың,  
Басын исе, достық қыл.  
Аяққа салып баспаңдар.

Келін жақсы болса  
Үйіңе көп кісі келеді.  
Келін жаман болса  
Келген кісі кеткісі келеді.  
«Ас құй» - десең төккісі келеді,  
«Төкпей құй» - десең сөккісі келеді”

Дүние деген осы,  
ешкімнің емес досы,  
Болар еді досы -  
Аумаса егер қосы.

Санай берсең жетімді жетпіс болар,  
Бірақ та арманда шын үш жетім бар:  
Бірінші - ат жетім, ерен жүйрік шабылмаған,  
Екінші - құс жетім, саятшысы табылмаған,  
Үшінші – болады екен әйел жетім.  
Өзінің теңін тауып қосылмаған.

Жігіттер, мал мен басым көп деменіз,  
Киім бүтін, тамағым тоқ деменіз.  
Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған,  
Біздерге жала-қаза жоқ деменіз.

Құлақтан өткен суық,  
Көңілге жетіп, мұздатар.

Жамандар өзін-өзі зорға балар,  
Бір өзінен басқаны төмен санар,  
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,  
Жаймалап қайда жақсы орын алар.

Бақ-дәулет, мал бітерде ырыс қонар,  
Ынтымағы ағайынның дұрыс болар  
Бала пайдакүнем болар,  
Жалшы жауынгер болар,  
Қыз қылықты болар,  
Келін епті болар,  
Көп көрініп, жау қашырар,  
Көмектеп қонақ аттандырар.

Адамы қырлы болар,  
Малы түрлі болар,  
Иті үреген келер,  
Тіркеген малы жүреген келер.  
Бақ, дәулет, мал көшерде ырыс қашар,



Біреуі біреуіне пәле жасар.  
Бала пайдасыз болар,  
Жалшы жалқау болар,  
Қыз қылықсыз болар,  
Келін керенау болар,  
Қатыны салақ болар,  
Ат мінсе жалақ болар,  
Адамы қырсыз болар,  
Малы түрсіз болар,  
Иті үрмес,  
Тіркеген малы жүрмес.

Жақының жат болады, алыс болса,  
Жат та жақын болады, таныс болса.  
Сыртыңнан жаман туыс табалайды,  
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.  
Әйтсе де, жақсы туыс шыдамайды  
Бір жерде айғайласқан намыс болса.  
Адамды жөн білетін дана деп біл,  
Істерін жалқау жанның шала деп біл.  
Құр жасы елулерге келседағы,  
Білімсіз сондай жанды бала деп біл  
Шешен сол — сөйлер сөзден қамалмаса,  
Жақсы сол — істер ісін тамамдаса.  
Жоқ болсаң, туысың да таныс емес.  
Алыстан кедейліктің алдынан шық,  
Төбесі көрінген соң қиын болар.  
Қаніпезер бұзақы жігіт болса,  
Тыныш жатқан еліне дау келтірер.  
Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,  
Жақсы атансаң, біреудің қақын жеме.  
Басыңа жазатайым бір іс түссе,  
Арасы дос пен дұшпан абайланар.  
Сиырдай мұз жалаған мейірің қанбас,  
Жаманға жазатайым ісің түссе.  
Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза,  
Ерте жатып, кеш тұрса жаны ырза.  
Кедейдің бір түрі бар-елгезегі,  
Жұмсасаң, тіліңді алып қолға қонар,  
Қызметімен әр кімге жақын болып,  
Сол кедейдің түбі ақырда оңар.  
Өзі жаман жақсыны көре алмайды.  
Жетпіс келсең, сексен тұр арағырақ,  
Барсаң тұсау салады тарағырақ.  
Үш жүзге басшы болып өтсең дағы

Билікті алады екен қатын, бала-ақ.  
Жігіттің алған жары жақсы болса,  
Иманыңнан басқадан жақын деген.

Мысырға патша болып, отырсаң да,  
Болмайды туып өскен жерден артық.

Ашу - дұшпан болғанда, нәпсі - жауың,  
Ақыл - тұрған алдында асқар тауың,  
Жүрекке ашу келіп толған шақта,  
Денеңнің біле алмассың ауру, сауын.  
Мақтанба малым бар деп бағыңызға,  
Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда,  
Саныңды аузыңды ұстап бір соғарсың  
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.  
Бақ көшсе, ақылыңа қарамайды.

Топтағы бай, таптағы би болсаң да,  
Қолыңнан мал кеткен соң, келмес күйің.

Жігіттер, сақтаныңдар жаман достан,  
Досыңның жаманынан артық дұшпан  
Өштескен жаудан адам сақтанады,  
Тиеді «достың» оғы қапылыста.

Бардан жарлы болғандар болар арлы.

**Баласы өлген кісіге айтқан жұбатуы:**

- Уа,

Қуаныш қайғыменен жұбай дейді,  
Үнемі қуанбассың ұдай дейді.  
Төлеме риза, қазама сабыр етпесең,  
Бір Алла қаһарланып былай дейді:  
«Қолына мылтық алып атсын, - дейді,  
Болмаса қылыш алып шапсын, - дейді-  
Пәлеме риза, қазама сабыр етпесе,  
Менен басқа Құдайды іздеп, тапсын» - дейді.

- Уа,

Олай болса, Құдайды атпақ қайда,  
Қылыш алып, найзамен шаппақ қайда?!  
Пәлеме риза, қазама сабыр етпей,  
Жер мен көктің арасынан шығып кетіп,  
Басқа бір Құдайды іздеп таппақ қайда?!

### **Байсерке абыз (1760-1841)**

Қазіргі Павлодар облысының Ертіс өзенінің Сілеті өңірінде дүниеге келген. Руы бұлтың қыпшақ, Түгел батырдың он алты ұлының бірі.

Байсерке абыз сөздері әркімге телініп, мәні бұзылып беріліп жүр. Белгілі шежіреші Қаратай Биғожиннің айтуына қарағанда, абыз 1760 жылы туып, 1841 жылы дүниеден өткен. Ал әкесі Түгел батыр – Қошқарбай, Жазы батырлармен бірге қалмақтарға қарсы соғыста аты шыққан адам.

Байсеркенің өз ұрпағы болмағанымен, оның қарындасы Ұлтуғаннан туған Елдосұлы Әлмәмбет (1788-1880) кезінде шешендігімен көзге түскен. Байсерке абызды ел ардақ тұтып «Ақаң» деп атап кеткен. «Ақаң сөздері» дегеннің бәрі абыз аузынан шыққан толғау деп түсіну керек.

Тобылғылы шұбардан,  
Панасыз таудың несі артық?  
Қадірінді білмес жақыннан,  
Құныңды таныр жат артық.  
Білмей шалқып сөйлеуден,  
Сөйлемеген бас артық.  
Жаңбырсыз өткен қу тақыр,  
Қайырсыз жаздан қыс артық.  
Шаппайтын алмас қылыштан,  
Қолдағы қамшы көп артық.  
Суы ащы теңізден  
Томар да болса көл артық.

Арық малдың етінен,  
Бір тостаған сөк артық.  
Қайырсыз болған алтыннан,  
Қайыры бар мыс артық.  
Сипаты бірдей болса да,  
Адамнан адамның ісі артық.

### Жақсы-жаман қадірі

Ата-ананың қадірін – балалы болғанда білерсің,  
Ағайынның қадірін – жалалы болғанда білерсің,  
Балалықтың қадірін – саналы болғанда білерсің,  
Асыл менен жасықты – бағалы болғанда білерсің.  
Бостандықтың қадірін – жабылғанда білерсің,  
Қалтаңдағы ақшаны – қағылғанда білерсің.  
Денсаулықтың қадірін – ауырғанда білерсің,  
Ақ бетіңнің қадірін – қан кеткенде білерсің.  
Ақ білектің қадірін – әл кеткенде білерсің,  
Жиырма бестің қадірін – жас өткенде білерсің.  
Қара көздің қадірін – нұр кеткенде білерсің,  
Татулықтың қадірін – дос кеткенде білерсің.  
Аяқ-қолдың қадірін – ақсағанда білерсің,  
Отыс тістің қадірін – қақсағанда білерсің.  
Қызыл тілдің қадірін – тоқтағанда білерсің,  
Жақсы әйелдің қадірін – өлгенінде білерсің.  
Жақсы туыс қадірін – көмгенінде білерсің,  
Ақ тәніңнің қадірін – жаралы болғанда білерсің.  
Дәулетіңнің қадірін – мал кеткенде білерсің,  
Ажарыңның қадірін – сән кеткенде білерсің.  
Тіршіліктің қадірін – жан кеткенде білерсің,  
Білгенінді сөйлеп қал, білгендерден ғибрат ал.

\* \* \*

Ағайынды Шоң мен Торайғыр бір-біріне өкпелесіп, Торайғырдың көшіп кетпекші болғанына орай Байсерке абыздың айтқан толғауы:

Бұл барғаннан барарсың,  
Бағаналы Бабырға.  
Барған жылы сый қылып,  
Хан көтерер би қылып.  
Қос қосынан алдыңа,  
Тартар – майлы қабырға,  
Қадірің кеміп шашылып,  
Ыстық лебің басылып,  
Бірте-бірте айтқаның,  
Алынбай қалар қабылға.

Жазғытұрым болғанда  
Ақ орданы тігерсің,  
Лай батпақ сабылға,  
Күздігүні болғанда,  
Тағы амалсыз қонарсың,  
Мал жайылған тақырға  
Өзіңе ерген жарасып,  
Жақын болған жаны ашып,  
Таба алмассың бір жан да  
Екі кісі бас қосса,  
Кіре алмассың сыбырға,  
Жанға сөзің ұнамай,  
Аулақ жүрсең қарадай,  
Қайран, өзімнің елім, - деп,  
Кейін батыр налыма!  
«Жатқа сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол,» -  
Деген мақал бұрыннан.  
Бар ма, батыр, жадында  
Қағынан құлан жерісе,  
Су таба алмай шөлде өлер,  
Әлі де тоқта, сабырла,  
Елде жүр де, батыр бол,  
Жау келгенде бастап қол,  
Жатта алтын тағында.  
Енді көп сөз айтпаймын,  
Тілімді ал да кейін қайт,  
Адаспа, батыр, жаңылма  
Тілімді егер алмасаң,  
Құлағыңды салмасаң,  
Бетің білсін, жарқыным,  
Барар жерің алдында!

\* \* \*

Қарағайдан биік ағаш жоқ,  
Жапырағы талша жоқ.  
Ағайын-туған кімде жоқ,  
Сыйласпаса жатша жоқ...  
Қылығы жақсы қыз болса,  
Қыз да болса, ұлмен тең.  
Қылығы жаман ұл болса,  
Ұл да болса, қыздан кем.  
Жаман қатын мінезі,  
Отбасыңнан шу кетпес,  
Қотаныңнан шаң кетпес,

Қаңтардағы қыспен тең.

\* \* \*

Жаман еркек жер қадірін білмес,  
Жайсыз әйел ер қадірін білмес.  
Жалқау адам тер қадірін білмес,  
Жетесіз жігіт ел қадірін білмес.

\*\*\*

Баланы балдан тәтті деменіз,  
Алты баланы бір әке асырайды,  
Алты бала бір әкені асырай алмайды.  
Ал, әлеумет бұған не дейді?

\*\*\*

Ағаң болса ақылды –  
Жел жақтағы тіреуің.  
Інің болса жанашыр,  
Семсер ілген білегің.

\*\*\*

Жақсыдан жақсы туса,  
Өскен шынарың емес пе!  
Жаманнан жақсы туса, -  
Елдің шырағы емес пе!  
Жақсыдан жаман туса, -  
Шамшырағың өшкені емес пе!  
Елге үлгі айтар ерің болмаса, -  
Құт-берекең көшкені емес пе?

\*\*\*

**Сәлем бергелі келген абызға баласы жоқтығын, кедейлігін бетіне басқан қарсылас би:**

Құлақ-мұрны жоқ шұнақ абыз,  
Жал-құйрығы жоқ шолақ абыз,  
Сен де келгенсің бе билікке? – депті.

**Сонда шешен:**

Құлақ –мұрным жоқ болса,  
Сұңқар шығармын.  
Жал-құйрығым жоқ болса,  
Тұлпар шығармын.  
Біреуі – құстың бұлбұлы,  
Біреуі – жылқының дүлдүлі  
Халықта атқа мінер ұл туса,  
Ол – менің ұлым.  
Халықта бар байлық болса,  
Ол – менің пұлым, - деген екен.

\*\*\*

Балта-шотың сай болса,  
Қазсаң суға жетерсің.  
Ат көлігің сай болса,  
Көшсең, нуға жетерсің.  
Әрекетсіз отырсаң,  
Кері кетпей, не етерсің!  
\*\*\*

### **Абыз көңілін сұрай келген досына:**

Пендесі ажал жетсе, өлмесін бе?  
Ісіне Құдіреттің көнбесін бе?  
Тамырсыз сексеуілдей өтіп барам,  
Байсерке атанып ем он бесімде.  
Анадан тусаң алтау ту,  
Бірі болмаса,  
Бірі жүрер қасыңда.  
Болмаған соң осындай,  
Жалғыздың жаны шығарда,  
Кім отырар басыңда?

### **Намаз туралы**

Әуелі келеді ғой фандап намаз,  
Оқиды сол намазды қандай сабаз.  
Егер де сол намазды тәмам етсең,  
Бір алла әр пәледен қылар қалас.  
    Екінші келе жатыр ұлы бесін,  
    Өмірдің кім біледі ерте-кешін.  
    Мұны да мезгілінде тәмам етсең,  
    Бір алла береді ғой несебесін.  
Үшінші келе жатыр намаздыгер,  
Оқып қал шамаң жетіп, болса жігер.  
Егерде мезгілінде оқымасаң,  
Машһарға барғаныңда бір тергелер.  
    Төртінші келе жатыр тағы ақшам,  
    Жігіттер жақсы болар дінді бақсаң.  
    Мұны да мезгілінде оқымасаң,  
    Қайтер ең тамұқтың сен отын жақсаң.  
Бесінші келе жатыр ясих намаз,  
Ол өзі білгендерге ғашық намаз.  
Бес намаз оразаны тәмам етіп,  
Жұмаққа барғаныңда мақтан, сабаз.  
\*\*\*

Негізгі жаман жасықты  
Қайтадан болмас жасауға.

Білімсіздердің сөздері –  
Салғандай құрық асауға.  
Білімдінің белгісі –  
Басыңды ел қып қосарға.  
Наданменен сөйлесең,  
Жол таппассың қашарға.

\*\*\*

Шақырып құрмет қылмаса,  
Қыдырып жүрме есікке  
Қонақ келсе сыртыңа,  
Жүгіре шық, кешікпе.  
Қырықтың бірі Қыдыр да,  
Ақылы тиер несіпке.  
Өз көзіңмен көрмесең,  
Біреу айтқан өсекке  
Шын екен деп елікпе.

\*\*\*

Ағайын-туыс кімде жоқ?  
Сыйласпаса жатпен тең.  
Жаман туыс – бір масыл,  
Арқалаған құммен тең.  
Жақсылығың істеген  
Құмға құйған сумен тең.  
Жаман болса әйелің,  
Көрген күнің түнмен тең.

\*\*\*

Ақымақ бала алдыңда  
Көрініп тұрған жынмен тең  
Кекесіні келіннің  
Езіп берген у мен тең.  
Көңілсіз берген тамағы,  
Құм аралас күлмен тең

\*\*\*

Дұшпаннан ақыл сұрама,  
Шынын айтып тұра ма?  
Бір сынаған кісіні  
Одан әрі сынама.  
Таршылық бір іс болса,  
Мойнын саған бұра ма?  
Еділ мен Жайық бол,  
Кісімен ұрыспа.  
Екі талай іс болса,  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Мінезі жаман кісіге



Ізнаһар етіп жуыспа.  
Досыңменен жақын жүр  
Өтірік айтып суыспа.  
Жаманға жақсымын деп  
Еш уақытта жұлыспа.  
Жақынмын деп болыспа,  
Түсіп кетсең қайтесің,  
Түбі терең қуысқа?

\*\*\*

Жақсы досың туыстай,  
Жақсы құда құрдастай,  
Жақсы бала сырластай.  
Бөтені жоқ бөленің  
Өткізген өмір суыспай  
Ата-анаң бар болса,  
Сырттан қамқор құрағың.  
Адал болса келінің,  
Ардақтысы ол жанның.  
Аға болса ақылды  
Арқа тірер сүйеуің.  
Іні болса жан ашыр,  
Семсер ілген білегің.  
Әдепті қыз, ақылды ұл  
Өкпе-бауыр, жүрегің.  
Жақсы болса алғаның,  
Рахаты ғой дүниенің.

\*\*\*

Дос-жараның көп болса,  
Көзің менен құлағың.  
Өз балаңнан кем емес,  
Жақсы болса күйеуің.  
Тарыққанда, талғанда  
Нағашың бір сүйеуің  
Адал болса жиенің,  
Жұлынындай жүйенің  
Арамза болсаң  
Аулақ кет  
Маңыма келме біреуің.

\*\*\*

Аспанда ұзақ ұшар тобыменен,  
Төменде тұйғын ұшар қобыменен.  
Болса да ұзақ көкте, тұйғын төмен,  
Бір болмас дәрежесі соныменен.  
Аққадан астық өнбес жайнағанмен,

Құр тілден не шығады сайрағанмен?  
Жүрмейді арғымақтың қатарында  
Өгізге алтын теңдеп айдағанмен  
\*\*\*

Адамға мықты дәулет – амандығы,  
Қанағат барға етпес надандғы.  
Кеудесін көтеріп ол жүргенменен,  
Қалайша көрінер оның адамдығы?  
Не ғажап, кейбір дәулет насқа бітер  
Рақымсыз жібімейтін тасқа бітер.  
Не беріп, не ішіп қызық көрмей,  
Дүниеден ақырында босқа өтер  
\*\*\*

Жамандардан би қойсаң,  
Адастырар еліңді.  
Жұлделі сөзге бара алмай,  
Сындырар күнде беліңді.  
Жақсылардан би қойсаң,  
Бәйге атындай сенімді.  
Сыйлап-сипап құрметпен  
Көркейтер күнде еліңді.  
\*\*\*

**Мөңке би Аманұлы  
(1763-1836)**

Мөңке Аманұлы – Кіші жүздің шекті руынан шыққан әйгілі би, шешен. Атырау аймағында XVIII ғасырдың 60-жылдарында туып, XIX ғасырдың 30-жылдары қайтыс болса керек.

\*\*\*

Жатқа кеңес салғанның,  
Жазымға басы кетпес пе?  
Жаманнан жесең бір қамшы-  
Ол сүйегіңе жетпес пе?

\*\*\*

Жақсылар жаман болады,  
Күнінде жасы жетіп қарыса.  
Жамандар жақсы болады,  
Дәулеті асып, байыса.

\*\*\*

Жақсылар аттан жығылса,  
Жаман туған адамның еш нәрсесі құрар ма?  
«Ауырды ма денен?» - деп,  
Қайырылып жаман сұрар ма?

\*\*\*

Ел шетіне жау келсе,  
Халық үстіне дау келсе,  
Жамандайын жалтаңдап,

Ер жігіт қарап тұрар ма?

\*\*\*

Күндердің күні болғанда,  
Басыңа қиын іс болса,  
Жалғасып өткен жақыннан  
Жақсылар басын аяр ма?

\*\*\*

Атың тулап жықпасқа,  
Арты айылдың бегі игі.  
Алыстағы дұшпанның,  
Жағаға қолы жетпеске,  
Артында туысқанның көбі игі.

\*\*\*

Досыңа майыспа,  
Дұшпанға қайыспа.

\*\*\*

Екіталай іс болып,  
Еңсеңе дұшпан табан қойғанда,  
Өзіңменен бірігіп,  
Қыр басына шықпаған,  
Ағайынның күнінде,  
Барынан да жоғы игі.

\*\*\*

Жақсыға қоссаң басыңды,  
Отырған орның төр болар.  
Жаманға қоссаң басыңды,  
Саз балшыққа аунатып,  
Сол бөрімен орның бір болар.

\*\*\*

Әйеліңмен дос бол,  
Үйіңе береке кіреді.  
Азаматпен дос бол,  
Қадіріңді біледі.  
Білімдімен дос бол,  
Сасқанда ақыл береді.

\*\*\*

Тентек көпке тоқтайды,  
Жомарт жоққа тоқтайды.  
Асыл қынға тоқтайды,  
Арлы шынға тоқтайды.  
Бала болсаң, болғандай бол,  
Ағайынға қорғандай бол.

\*\*\*

Аталы ерден би туса,  
Халыққа жанасады.  
Жақсы адамға мал бітсе,  
Ағайынның жоғына қарасады.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Көрінгенмен итше таласады.  
Басқа бақ жарасады,  
Батырға жақ жарасады.

\* \* \*

Ұрымен жолдас болсаң,-  
Алдыңнан дау шығады,  
Артыңнан жау шығады,  
Одан ілуде біреу ғана сау шығады!

\*\*\*

“Малым бар” деп мақтанба,  
Боран соқса қайтесің?!  
“Басым бар” деп мақтанба,  
Ажал соқса қайтесің?!  
“Тілім бар” деп мақтанба,  
Тіл байланса қайтесің?!  
“Бағым бар” деп мақтанба,  
Сорға айналса қайтесің?!

\*\*\*

Арғымақ мінген байлардың  
Тайға мұқтаж күні бар.  
Май шайнаған билердің  
Нанға мұқтаж күні бар.  
Елден безген залымның  
Елге мұқтаж күні бар.

\*\*\*

Бұл заманда не ғаріп?  
Қадірін біліп ұқпаса,  
Дүррі гауһар сөз ғаріп.  
Замандасы болмаса,  
Кәрі болар тез ғаріп,  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз, үйрегі болмаса  
Айдын шалқар көл ғаріп,  
Әділ биі болмаса,  
Бірлігі кетіп ел ғаріп.  
Қадірін елі білмесе,  
Қайратты туған ер ғаріп.

\*\*\*

Бармен жолдас болсаң,  
Ерінің майланады.  
Жоқпен жолдас болсаң,  
Есің айналады.

\*\*\*

Ақылдан артық хандық жоқ,  
Жомарттан артық нарлық жоқ.

\*\*\*

Атасы жақсы қандай-ды,  
Асқар бір зәулім таудай-ды.  
Анасы жақсы қандай-ды,  
Арайлап атқан таңдай-ды.  
Ағасы жақсы қандай-ды,  
Асқарлы биік таудай-ды.  
Інісі жақсы қандай-ды,  
Дұшпаның көзін салмайды,  
Әйелі жақсы қандай-ды,  
Жарқырап жаққан шамдай-ды.  
Баласы жақсы қандай-ды,  
Көңілде арман қалмайды.  
Келіні жақсы қандай-ды,  
Тындырып жаның жайлайды.  
Құдасы жақсы қандай-ды,  
Шекер мен шырын балдай-ды.  
Жиені жақсы қандай-ды.  
Үзілгенді келіп жалғайды.  
Достары жақсы қандай-ды,  
Кеміңді сырттан қамдайды.  
Құрдасы жақсы қандай-ды,  
Бір қалыптан танбайды.  
Жездесі жақсы қандай-ды,  
Тай-құлындай ойнайды.  
Осылар түгел сай болса,  
Көңілің сүйтіп жай болса,  
Береке-ырыс, бедел, бақ,  
Ізіңнен қуып қалмайды.  
Сен қашсаңда қоймайды,  
Осы айтқандай болмаса,  
Өрісі ердің оңбаса,  
Іші мерез, сырты сау,  
Күнара жанжал, күнде дау  
Жігіттің соры қайнайды.

**Жанақ ақын Сағындықұлы  
(1770-1846 ж.ж).**

Жанақ Сағындықұлы – өз кезінің кеңінен танымал үлкен жыршысы, айтыскер ақыны. Жанақ жырлауындағы “Қозы Көрпеш–Баян Сұлудың” нұсқасы ең үздік нұсқа саналады. Бұрынғы Семей облысындағы Абыралы ауданында туып-өскен.

Ат биеден туады, алып-анадан.

Ел ағадан азады, тон-жағадан.

Балапан ұядағы ұшқанды алар,

Қатын ерден үлгі алар, іні-ағадан.

Халық-дария, хан-балық...

Хан-қақпа, халық-қазына, батыр-қорған.

Шешен-шеңбер болғанда, би – таразы.

Ән-сәнің, күйің-көркің, ақын-жорғаң.

Кедейлік-қыршаңқы аттай топтан қуған.

Хан-ас дәмі болғанда, ханым-тұзы.

**Бөлтірік шешен Әлменұлы**  
**(1771-1854 жж.)**

Бөлтірік шешен Әлменұлы – Шу қаласынан Алматыға қарай 60-70 шақырымдай жердегі Шоқпар (теміржол стансасы) ауылында дүниеге келген, үйсін, атағы шыққан әйгілі шешен, алымды ақын. Ұлы жүздің ысты тайпасынан шыққан.

Сөйлемес жерді білсең,  
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең, -  
Бәрінен де сол дұрыс.

Сөзден тәтті нәрсе жоқ,  
Сөзден ащы нәрсе жоқ.  
Сөзден жеңіл нәрсе жоқ,  
Сөзден ауыр нәрсе жоқ.

Сөзінді тіліңе билетпе,  
Ақылыңа билет.

Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе,  
Ақылдыға айт.

Не сөйлейтініңді біл,  
Кімге сөйлейтініңді біл,  
Қай жерде сөйлейтініңді біл,  
Қай кезде сөйлейтініңді біл,  
Қалай сөйлейтініңді біл.

Өзін мақтағаннан без.  
Ақты қаралап,



Қараны ақтағаннан без...  
Етекте тұрып,  
Жағаға қолын созғаннан без.  
    Жер деген - байлық.  
    Ел деген - халық.  
Елді ер көтереді.  
    Жер сәні - мыңғырған мал, ағылған аң,  
    Аққан су, жайқалған ну.  
    Ел сәні - атаға қарап өскен ұл  
    Анаға қарап өскен қыз.  
Жердің құты күйінде болады.  
Ердің құты үйінде болады.  
Елдің құты биінде болады  
    Ашуыңа сүйенсең –  
    Адасудың белгісі.  
Ашылып кетсе араның,  
Аурудың түбі ас болар.  
    Ақылы жетпей кейбіреу,  
    Ақылдыға қас болар  
Данышпанның сөздері,  
Құлақ құрышын қандырар.  
Жанашырдың ақ сөзі,  
Өлгеніңді тірілтіп,  
Өшкеніңді жандырар.  
    Жабы арғымақ бола ма,  
    Жал біткенмен.  
    Жаман жақсы бола ма,  
    Мал біткенмен.  
Бала – артта қалған із,  
Атыңды өшірмейді,  
Жақсы ісіңді жария етеді.  
    Кердең болса –  
    Аяғың жау тартады.  
    Кесірден болса –  
    Таяғың жау тартады.  
    Кіді болса –  
    Мінезің жау тартады.  
    Ірі болса –  
    Білегің жау тартады.  
    Міншіл болса –  
    Ақылың жау тартады.  
    Сыншыл болса –  
    Талабың жау тартады.  
    Жайсыз болса –

Жүрісің жау тартады.  
Қамсыз болса –  
Түр-түсің жау тартады.  
Тойымсыз болса –  
Көзің жау тартады.  
Орынсыз болса –  
Сөзің жау тартады.  
Жатқа сөйлеме,  
Жаманға сөйлеме.

Асырып сөйлеме,  
Батырып сөйлеме.

Жасқа сөйлеме, масқа сөйлеме.  
Ұрыға сөйлеме, қарыға сөйлеме.

Күншілдік деген бар, содан сақтан,  
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.

Астамшылдық деген бар, одан алыс жүр.  
Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.  
Қараулық деген бар, одан таза бол,  
Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол,  
Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол.

Бар дүниені шашпа, жоқ дүниені қума.  
Шашқан – шет болар, қуған – ит болар!

Ақылы жоқты аға тұтпа,  
Қасиеті жоқты қадір тұтпа,  
Ақылы жоқты аға тұтсаң,  
Кішілігіңді кемшіліктей көрер,  
Қасиеті жоқты қадір тұтсаң,  
Кісілігіңді ерсіліктей көрер.  
Тегі жаманды тең тұтпа,  
Тілегі жаманды ес тұтпа.  
Тегі жаманды тең тұтсаң,  
Төріңе шығар.  
Тілегі жаманды тең тұтсаң,  
Төбеңе шығар.

Үлкен алдында иіліп сөйле,  
Кіші алдында сызылып сөйле.  
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,  
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.

Екпесең де, жерің болсын,  
Ішпесең де, суың болсын.  
Сулы жер – нулы жер,  
Нулы жер – рулы жер.

Екі ойлы болма,  
Екі ұшты сөйлеме.

Ойың ақ болсын,  
Сөзің ақ болсын.  
Ісің ақ болсын,  
Ойыңның ақ болмағы – арыңнан,  
Сөзінің ақ болмағы – жаныңнан,  
Ісіңнің ақ болмағы – ақылыңнан.

**Тезек төре:**

- Азбайтын, тозбайтын байлық қандай болады?

Қайтпайтын, таймайтын қолдаушың мен қорғаушың қандай болады?

Жарығы тұтас елге түскен қасиетті шырақ қандай болады?

Жел жетпес жүйрік, асыл текті пырақ қандай болады?- дегенде, төренің өз шешендері жауап қайтара алмай отырып қалыпты. Сонда Бөлтірік былай деген екен:

-Азбайтын байлық біреу,

Ол-ақыл.

Тозбайтын байлық біреу,

Ол-ақыл.

Таймайтын адал қолдаушың біреу –

Ол - ақыл.

Жарығы тұтас елге түсетін шырақ біреу,

Ол-ақыл,

Жел жетпес пырақ біреу,

Ол-ақыл.

Төре сөзін бөліп:

Ақыл-ақыл деп тақылдаған салақұлаш тіл берген Құдай саған неғып бармақтай бақ бермеді екен? - деп, шешенді мұқата сөйлейді.

Сонда Бөлтірік әдепкі ойларын жалғастырып, былай депті:

- Ердің бағына қонатын бақ біреу, ол - ақыл.

Елдің басына қоятын тақ та біреу, ол – ақыл.

Ақылсыз басқа қонса, бақ баянсыз.

**Ізбасты шешен**  
**(XVIII-екінші жартысы – XIX ғасырдың 25-30 жылдары).**

Ізбасты би – нақты дерек болмағанымен, замандастарына (Шоқай би, т.б.) қарағанда, XVIII-XIX ғасырларды қаусыра ғұмыр кешкені аңғарылады. Қыпшақ еліне танымал билік иесі, тапқыр шешен.

Аласаны атқа санама,  
Жаманды затқа санама.  
Бір сынаған жаманды  
Егіз екі сынама,  
    Тіріде сыйласпаған туыс,  
    Көзге құм құйылсын,  
    Өлгенде жылама!

Сырттан келген мейманға,  
Сәлем беріп, қол алсаң,—  
Бірінші еткен құрметің.  
«Түсіңіз» деп түс беріп  
Шылбырына оралсаң,—  
Екінші еткен қызметің.  
Есік ашып енгізіп,  
Көрпе төсеп құп алсаң,—  
Үшінші еткен құрметің.  
Мейман риза болмағы  
Құрметпен үйге қонғаны.  
Кешіктірмей шай берсең  
Ұмыт болар тоңғаны.

Тысқа шықса қария,  
Қолында болсын құмғаны.  
Ірікпесең барыңды,  
Қонақжайлық сол-дағы.

Ақылға асу берсе,  
Алдау мен арбауға ерсе,  
Ақыл мінсіз бе?  
Арамдыққа ұпайы кетсе,  
Ажарға сайып, рақым етсе,  
Әділдік мінсіз бе?  
Қайыршыдай қаңғып өтсе,  
Бүгін қонып, ертең кетсе,  
Бақыт мінсіз бе?

Дәмелендіріп көзіңді талдырса,  
Ұмсындырып, мақұрым қалдырса,  
Үміт мінсіз бе?  
Ақылдан тірегі болмаса,  
Алмастай өткір жүрегі болмаса,  
Шешендік мінсіз бе?  
Адастырып, азапқа салса,  
Талапты мұқап, сенімді алса,  
Арман мінсіз бе?  
Талпынып қанат қақпаса,  
Қиыннан қисын таппаса,  
Талап мінсіз бе?

## **Саққұлақ шешен (1800-1888)**

Саққұлақ (Сәбден) Бапанұлы – есімі Арқаға мәшһүр Бапан бидің баласы, Бөгенбай батырдың шөбересі. Арғынның Қанжығалы атасынан. 1800 жылы қазіргі Ақмола облысындағы Ерейментау бауырында туып, 1866 жылы (1888) дүниеден озған.

### **Саққұлақ пен Байдалы би**

1816 жылы, яғни, тышқан жылында Ұлытау жерінде қалың мұздақ болады. Қуандықтың Алтай елі Ереймендегі қанжығалыларды «нағашы ел» тұтып, жылқыларын қысқы тебінге Ерейменге айдайды. Қыстап шығады. Көктем алдында болатын қар мен шаңды араластыра соғатын бір үлкен боранда алтайлықтардың жылқылары ығып кетеді. Боран басылып, мал түгенделгенде 80 жылқының басы жетпейді. Көктемде алтайлықтар жерлеріне оралғанда жоғалған сол 80 жылқының табылмағанын айта барады. Мал иелері ол жылқылардың жоғалуын бораннан емес, елдің өзінен көріп, дау көтереді. Қанжығалылармен дауласып келуге ел иелері сексенге келген Байдалы бидің қасына тоқсанға келген Байбөрі биді қосып жібереді.

Байдалы Бапан аулына келіп, дау бастайды. Байдалының дауына

#### **Бапан:**

- Байеке-ау, дау дегеніміз - дәу ғой,  
Даудың іздегені жау ғой.  
Жоғалған жылқы – жалғыз сіздікі емес,  
Жөнтіген тақым жалғыз біздікі емес.  
Жолыңыз оңғарылсын, дауды қойып,

Еліміздің сыйлы қонағы болыңыз, -  
дегеніне

**Байдалы би өршіге:**

- Тай мініп, тайлақ жетектегенді,  
Әр жерден көрдік.  
Жиеннің жылқысын пайдаланып,  
Қан сорпа қылғанды  
Қай жерден көрдік?  
Бір тонау бар - хан тонау,  
Бір тонау бар - тон тонау.  
Ата-анасы жоқ  
Осы қай тонау? -

дегенде Бапан би сөзден тосылыққырап қалған екен. Сонда топ ішінде отырған Бапанның Сәбден атты 16 жасар баласы Байдалының алдына келіп: «Би ата, дат!» депті. Мұны көрген Байдалы:

- Ау, қанжығалының үлкені тұрып, баласының сөйлегені қалай? - депті. Сонда бала:

- Оның несі сөкет би?  
Ата тұрып ұл сөйлесе,  
Ұлдың ержеткені.  
Ана тұрып қыз сөйлесе,  
Қыздың бой жеткені.  
Өсетін жасты өлетін кәрі  
Бетке соқса,  
Бұл заманның кері кеткені.  
Келген бетте сызылдың.  
Жоғалтқаныңды даумен қуамын деп,  
Көзіңмен сонша сүзілдің.  
Ағайындыққа сия ма,  
Неге бүгін бұзылдың?  
Ата-анасы біз дейсіз бе?  
Алаулата соққан қызылдың.  
Мен сөзден жаңылыссам,  
Жөнімді үлкенім түзейді.  
Сіз сөзіңізден жаңылыссаңыз,  
Жөніңізді кім түзейді?  
Алтайдан дақ келіп,  
Осынша сөйлегендей  
Нағашың - Қанжығалы - ұрың ба еді? -

дегенде Байдалы би балаға таңырқай қарап тұрып:

- Япырай!  
Көп ішінде сөйлеген жас бала,  
Даугерің рас, дақ еді,  
Құлағың неткен сақ еді?

Сипатыңа қарасам,  
Қара лашын түйғынсың.  
Асылыңа көз салсам,  
Алдырмайтын қырғысың.  
Сөйлер сөзге келгенде,  
Бәйге атыңдай сырғысың.  
Жайнаған шоқтай,  
Өткір шоттай,  
Көзіме жылы ұшырадың,  
Шыныңды айтшы, қай ұлсың? –  
деп, Байдалы би балаға өткір көздерін қадағанда,

**Сәбден бала:**

- Арғы атам - батыр Бөгенбай,  
Әкем мына отырған Бапан.  
Алтайдың аузын асқа,  
Адырын атқа толтырған,  
Ішпекбай бабам берген батам!  
Алтайға ана болған  
Аққоян - менің апам.  
Жылқының айғағын тап та,  
Көзін ал.  
Сіздің боранда ығып,  
Опқа құлап, жарға жығылған,  
Жылқыларыңызға нағашыларыңыздың  
Кінәсі жоқ, жиен ата!-  
дегенде, **Байдалы би:**

- Япырай, қарағым!  
Мен тозған екенмін.  
Сен озған екенсің.  
Даудың билігіне,  
Мен өзіңе тоқтадым.

**Сонда Сәбден:**

- Маған тоқтасаңыз,  
Дау аяқсыз қалсын,  
Даугер атына қонсын! -  
дейді. Байдалы би өз еліне аттанып жүріп кетеді.

Бұлар еліне оралғанда Қуандықтың шонжарлары Байдалы биге, жоғалған пышағына бір ат даулап алған Байдалы едің. Сексен жылқыны қанжығалыларға қалдырып не бетіңмен оралдың, - деп сөккенде қарт шешен: - Ей, халқым! Мен жиырма жасымнан би болдым. Алпыс жыл жүлде алдым. Менің жүлделеріме тойғандай болып едіңдер ғой. Бұл жолы Байдалыны сексен шалды, Байбөріні құдай алды, дауды Бапанның қаршадай баласы алды. Сақалымның ағында, қартайған мына шағымда сексен тайларың үшін арымды сата алмадым,- деген екен.



Сол жылы Байдалы би сексенде болса керек. Мұны оқиғаның болған жылымен байланыстыра есептесек, ол 1736 жылы туған болып шығады. Оның 1829 жылы дүние салғаны жайында анық дерек бар. Соған қарағанда, бидің туған-өлген жылдары 1736-1829 жылдар болса керек.

Осы кездесуде Байдалының «құлағың неткен сақ еді» - деуінен Сәбден Саққұлақ деген лақап атқа ие болыпты.

Адамның:

Басшысы-ақыл,

Жетекшісі-талап,

Шолушысы-ой,

Жолдасы-кәсіп,

Қорғаны-сабыр,

Қорғаушысы-мінез,

Сынаушысы-халық.

Бірде үйлерінде қонақ болып отырған Саққұлақ шешеннен Шоқан сұрапты.

-Ақсақал біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды? - деп.

- Шырағым, көнеден сұрайды.

- Көне адасса, кімнен сұрайды?

- Көне адасса, көргендіден сұрайды.

- Көргенді адасса, кімнен сұрайды?

- Көргенді адасса, көптен сұрайды.

- Көп адасса, кімнен сұрайды?

- Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды. Көп оқыған неге адассын!

Екі кісі ұрысса,

Ағат емей немене?

Екі жақсы сөйлессе,

Санат емей немене.

Мінген атың болдырмай

Мәрелі жерге жеткізсе,

Қанат емей немене?

Тоқтышақтың терісі,

Тоңдырмаса суыққа,

Жанат емей немене?

Адал болса алған жар,

Ханым емей немене?

Жайлы болса мінезі,

Жаның емей немене?

Жақсы туған қыз бала,

Батыр туған ұлмен тең

Сатылса малға қарындас,

Есікте жүрген күнмен тең.

Жабырқап көңілі ашылмай,

Қараңғы болған түнмен тең...

Еркі өзінде бар болса,

Мына отырған жас бала  
Болар еді кімнен кем?

**Дулат Бабатайұлы**  
**(1802-1871 жж.)**

Дулат Бабатайұлы – Абайға дейінгі қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілі, отарлық дәуір шындығын қуатты ақындық күшпен бейнелеуші, қазақ өлеңін түр, мазмұн жағынан байытып, жазба поэзияға ұластырушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында (Ақшатау баурайында) туып-өскен.

Сұлулық деген жарық қой,  
Дүние тозса, тозбайтын.

\*\*\*

Құмарлық – бұлт көшпелі,  
Тұра ала ма ауыспай?

\*\*\*

Ағайынның ішінде  
Бір жақсысы бар болса  
Қоңқалаған көп жаман  
Сол жақсыны көре алмас.  
Сол жаманның басына  
Қиын-қыстау іс келсе,  
Бағанағы жақсысын  
Қос арғымағын қолға алып,  
Күнде іздесе де, таба алмас.

\*\*\*

Төре деме төрені,  
Ел тілегін таппаса...

\*\*\*

Досым деме досыңды,  
Күле кіріп кіргенде,  
Күңірініп есік аттаса.  
\*\*\*

Жыршының аты жыршы ма,  
Әркімнен өлең жаттаса?  
\*\*\*

Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,  
Айшығы анық көрінбес,  
Орынсыз тігіп баттаса.  
\*\*\*

Ләпсі – төбет...  
Дүние – жемтік.  
\*\*\*

Шешеннің аты шешен бе,  
Таңдайға демі үйіріліп,  
Даугердің тауын шақпаса?  
\* \* \*

Жақсы болса ұлығы,  
Өз елін жаудай таламас.  
\* \* \*

Қасқыр тартып, қан шықса,  
Жаман ит тартып жей берер,  
Алды-артына қарамас.  
Жақсы иттің белгісі –  
Жұлмақ түгіл, жаламас.  
\*\*\*

Азған елдің бектері  
Қан шықса, елін жұлмалар  
Қасқырменен аралас.  
\*\*\*

Шашудай болып шашылар –  
Меруерттей асыл сөз деген.  
Жыршылардың шайыры  
Асыл сөзді езбеген.  
Нысананы дәл басып,  
Қалаған жерден көздеген.  
\* \* \*

Сырын білмей бой салма,  
Атасы оның текті деп.  
\* \* \*

Тұрлаусыздан сөз ұқпа,  
Аузы оның епті деп.  
\* \* \*

Нашардан шыққан жақсының  
Сөзін жерге тастама,  
Атасы нашар өтті деп.

\* \* \*

Жапанға шыққан жантақты  
Жаһан кезген нар жейді.  
Тәтті менен дәмдіні  
Қолында пұлы бар жейді.

\* \* \*

Қорқақтықтың белгісі —  
Арықты да жар дейді.

\*\*\*

Кертартпаның белгісі —  
Кең дүниені тар дейді.

\*\*\*

Қолында жоқтар тайлақты  
Солқылдақ өркеш нар дейді.  
Дос та елден, жау да елден,  
Алды-артыңа қарарсың.  
Күндестік те еліңнен,  
Міндестік те еліңнен,  
Қамалау да еліңнен,  
Табалау да еліңнен,  
Абалау да еліңнен,  
Өсіру де еліңнен,  
Кешіру де еліңнен,  
Бақыт та елден қонады,  
Дәулет те елден болады.  
Елменен ер ержетіп,  
Емендей өсіп толады.

\*\*\*

Істемей қолмен іс болмас,  
Құр сөзде күш болмас.

\*\*\*

Ер қолынан іс келмес,  
Сұңқардайын түйілмей,  
Буынып белін, күйінбей,  
Зердесі жігер қайрамай...

\*\*\*

Басқан қайғы серпілмес,  
Шам-шырақтай жайнамай.

\*\*\*

Би мен бектің сәні жоқ:  
Елін қорғай алмаса,

Тура жолға салмаса,  
Ыстығына күймесе,  
Суығына тоңбаса.

\*\*\*

Бекзаданың белгісі –  
Қиянатқа баспайды.  
Өзі түгіл, басқаны  
Жақсылыққа бастайды.

\*\*\*

Жаман болса қатының,  
Қонбаса айтқан ақылың,  
Үйіңнің іші жау болып,  
Отыңның басы дау болып,  
Көп көзінше қыжындап,  
Оңашада быжындап,  
Құрбың келсе құрысып,  
Көрінгенмен ұрысып,  
Қайраумен тілің мұқалып,  
Қалың өңің қоқырап,  
Өмірден көңілің тоқырап,  
Белдеу жаудан жаман жоқ.

\*\*\*

Мөңіреп жұртқа ой қайтты,  
Бұзауы өлген сиырдай.  
Қарағысыз ел мен жұрт  
Төрелік түскен шағыңа.  
Ие болмай айырылдың  
Атаңның алтын тағына.  
Қара толқын жау толды  
Шығыс батыс жағыңа.  
Тұлпардан туған тұқым ең,  
Ере алмадың жабыға.  
Етегін ашып кім күлмес,  
Азғындаған шағыңа.  
Алдыңа келсе, жүгініс,  
Қарамай қара, ағына.  
Адалды сатып параға,  
Болыстың арам жағына.  
Рухына нәлет келтірдің,  
Қабың менен сабыңа.  
Бұзықты құрап, ел етіп,  
Қондырдың оң жағыңа.  
Ұрыңа елді тонатып,  
Бүлдіре бер тағы да!

Туралыққа көшпеген,  
Өркендеп өніп-өспеген;  
Қозы бүтін, қой саны,  
Сабаздардың ақ қаны,  
Момындардың ақ малы  
Обал болды деспеген;  
Іліп салып езілтіп,  
Дау түйінін шешпеген;  
Параны жұтқан кесектен,  
Түспей жатып төсектен;  
Жезден қарғы тағынып,  
Ақ патшаға жағынған  
«Би» деп атау бердік-ау  
Үйінді тас молаға.  
Сауыр жерден айырылып,  
Қазақ елі жұқарды,  
Сауыр емес, шап болды,  
Заманға сай адамы –  
Қу заманға сұм басшы  
Сорымызға тап болды.

\*\*\*

Он бес деген жас қайда,  
Жарға ойнаған лақтай.  
Қайда кеттің, жиырма бес,  
Тастан шыққан бұлақтай?!  
Жиырма бес бар ма маңайда,  
Жайқалған жасыл құрақтай?  
Отыз кеттің толықсып,  
Толықсыған сынаптай.  
Отыз бес неге келмейсің,  
Көп іздетіп жылатпай?  
Қырық астың кезеңнен,  
Суырған қыннан қылыштай.  
Қырық бес шықтың кезеңге,  
Маң-маң басып бұла аттай.  
Елу қондың ауыл үй,  
Тізгіндеп ұстап құр аттай.  
Алпыс келдің арсаңдап,  
Нөсер жауған ылаттай.  
Жетпіс қараң көрінді,  
Тұрсамдағы ұнатпай.  
Сексеннен алған хабардың,  
Ызғары тұр шыдатпай.  
Көргім келмес тоқсанды,

Келіндерге сынатпай.  
Жүз, сірә, мені қоймассың,  
Қараңғы көрге құлатпай.

**Жанқұтты Ботантайұлы**  
**(1810 – 1873 ж.ж.).**

Жанқұтты Ботантайұлы – Жезқазған өңірінен шыққан атақты шешен, билердің бірі. Кенесары ханның отаршылдарға қарсы көтерілісіне қатысқан сарбазы әрі ханның кеңесші биі болған.

Аллаға жағам десең – азанды бол,  
Ағайынға жағам десең – қазанды бол.  
Халқыңа жағам десең – әділ бол.

Бір атадан алты жаман туғанша,  
Алты атадан бір жақсы  
Тусайшы елге тұлға боп.

Көкірегі соқырға,  
Өмірде таң атпайды.

Шешеннің сөзі – алмас,  
Қап түбінде жатпайды.

Тон бітпеске тон бітсе,  
Қағуменен тоздырар.

Жаман болса алғаның  
Ер жігітті аздырар.

Жақсыменен сөйлессең,  
Құмарыңды қандырар.

Жаманменен сөйлессең,  
Көңіліңді қалдырар.

Бір сөз айтсаң жақсыға,  
Аталы сөзге тоқтайды.

Бір сөз айтсаң жаманға  
Өмірінде ұқпайды.  
Кез болсаңыз суайтқа,  
Өтірік айтып нандырар.  
Өсекшімен сөйлессең,  
Ұрмай – соқпай талдырар.  
Жаман болса достарың,  
Өзіңді жауға алдырар.  
Жаман болса - жақын жау,  
Шайпау болса - қатын жау.  
Тіл алмаса - ұлың жау,  
Арсыз болса – қызың жау.  
Кемпірі жоқ шал - жетім.  
Тыңдалмаған сөз - жетім.  
Доссыз қалса, ер - жетім.  
Жау қолында ер - жетім.  
Тыңдаушысыз дана - жетім.  
Қағазсыз қалам - жетім.  
Ақылсыз адам - жетім.  
Әйелің жаман болса,  
Бұл дүниенің тозағы.  
Балаң жаман болса,  
Көрінгеннің мазағы.  
Құнанбай үйінде отырған Жанқұттыға сәлем бере келген жасөспірім Абайдың:  
“Ата, арзан не, қымбат не, арсыз не?” - деген сұрағына шешен:  
- Е, шырағым, арзан-өтірік, қымбат-шындық, арсыз-кәрілік емес пе? –  
деген екен.



**Досбол би Қорлыбайұлы**  
**(1815 - 1895 ж.ж.)**

Досбол би – Торғай өңірі қыпшақтарынан шыққан дана би. Құнанбай, Бала би, Балғожа (Ыбырайдың атасы), Бөлтіріктермен замандас болса керек. Өз кезінің беделді шешен-билерінің бірі.

Көлде жүрген қоңыр қаз  
Шөл қадірін не білсін?  
Шөлде жүрген дуадақ  
Көл қадірін не білсін?  
Тауда жүріп, таста өскен,  
Ағайыннан басқа өскен  
Жер қадірін не білсін?!  
Атасы билік құрмаған,  
Анасы үлгі көрмеген  
Ел қадірін не білсін?  
Атасы би болмаған  
Ер қадірін не білсін?!  
Бөрлі таудан аспаған,  
Бедеуге қамшы баспаған,  
Алысқа сапар шекпеген,  
Ат қадірін не білсін?!  
Қапталдықтың батқанын,  
Иесі білмес, ат білер.  
Ағайынның азғанын  
Өзі білмес, жат білер.

Хан патшаның азғанын  
Қырағы көзді халық білер.  
Әуелден-ақ белгілі,  
Өлмей адам қалмасы...  
Нәубетімен дөңгелер  
Ажалдың жеккен арбасы.  
Күншіл болса, жақын жаман,  
Өсекші болса, қатын жаман.  
Мінезді болса, жар жақсы.  
Еңбекпен тапқан мал жақсы.  
Жұртын қадірлеген ер жақсы.  
Жақсы деген немене?  
Бүтін болса, ел жақсы,  
Сулы болса, көл жақсы  
Құста – қаз жақсы,  
Жылда – жаз жақсы.  
Асқа – тұз жақсы,  
Қойға – серке жақсы  
Жаман әйелден – көрпе жақсы.  
Аты жүйрік ажалың,  
Аяндап-ақ жетеді.  
Алтын тақты патша да:  
«Ах, дариға, жалған!» - деп  
О да арманда кетеді.  
Дүние деген шолақ,  
Жан денеге қонақ.  
Қол бастау қиын емес,  
Көк найзалы ерің болса.  
Жол бастау қиын емес,  
Соңыңа ерген елің болса.  
Бәрінен сөз бастау қиын:  
Тауып айтсаң, мереке қылады,  
Таппай айтсаң келеке қылады.  
Ер азарында есірік болар,  
Адамда бір-бір кесір болар.  
Жігіт кеселші болар.  
Әйел өсекші болар.  
Үлкеннің ұзары болмас,  
Кішінің тұрағы болмас.  
Ел тозып, ығыр болар,  
Ер тозып, тұғыр болар.  
Күндердің күнінде  
Ел бір жақсыға зар болар.  
Жақсы мінез – құт.

Күле кіріп үйіңе,  
Күңірене шыққан сұм жаман.

### Сүйінбай Аронұлы (1815-1897)

Сүйінбай Аронұлы – Ұлы жүз – шапыраштының өнер қонған дейтін екей руынан шыққан, ХХ ғасырдағы «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» (М.Әуезов), алдына жан салмаған айтыскер ақын. Ұлы Жамбыл оны өзіне пір санаған. Алматының оңтүстік – батыс іргесіндегі Қарақыспақ деген жерде туған.

Ақымақ жігіт белгісі –  
Аз күнгі баққа алқынар.  
Анық туған нәсілдің  
Үлгілік жұртқа салты бар.  
Жаман жігіт белгісі -  
Алғаны мен бергенін  
Сырттан жүріп санайды.  
Жөн білетін азамат  
Өнімді іске жарайды.

Жақсы болса жолдасың,  
Қабағыңа қарайды.  
Дүниені сарп етсең де,  
Жаман сөзі болмайды.  
Жаман жолдас белгісі –  
Көкқұтандай көкиіп,  
Шекесінен қарайды.

Бай болсаң, қадірлісің ағайынға,  
Жоқ болсаң, жолатпайды маңайына.

Жігіттер, терің төгіп, мал жинағын,  
Мал опа тіршілікте талайыңа.  
Гауһар көзде болады,  
Сөз асылы сөзде болады.  
Жаман жігіт езбе болады.  
Әйелің жақсы болса,  
Далада отырып дабырла.  
Әйелің жаман болса,  
Үйінде отырып сыбырла.  
Қар үстінде қаз жүрмейді,  
Хас дұшпанға наз жүрмейді.  
Сыйласқын өз басыңды сыйлағанмен.  
Жалғанның ақырында баяны жоқ,  
Қазына қызыл-жасыл жинағанмен.  
Өмірде құны ескірмес,  
Бағасы құнды – асыл сөз.  
Шын жақсыда тарлық жоқ,  
Әділ сөзде зорлық жоқ.  
Жаманның көкірегі-көр, көзі-соқыр.  
Біз – қайық, бұл дүние – шексіз теңіз.  
Қарғадан қарға туар қарқылдаған,  
Жаманнан жақсы тумас жарқылдаған.  
Дегендер: «Мен жақсымын» толып жатыр,  
Пайдасы өз басынан артылмаған.  
Арыз-қарыз, жік, жала, есеп өссе,  
Бір-біріңді жоқ қылар өсек ессе.  
Ақылды адам басына  
Іс түскенде бекінер.  
Ақылсыз адам басына  
Іс түскенде өкінер.  
Дүние – ескі сарай-ды:  
Жолаушы жүрген азамат  
Көркіне оның қарайды  
Сондадағы, адамзат  
Өміріңнің орағы –  
Қуанба көріп жаңа айды.  
Бұл фәни ұзақ болса жүз жыл болар,  
Байқасаң тоқтауы жоқ бұл - бір сонар.  
Сонаршы кешке дейін түлкі қуған,  
Күн батып, шаршаған соң, ақыр қонар.  
Бұл дүние біз үшін бір ақсақ елік,  
Барады кейде аяңдап, кейде желіп.  
Артынан қуып жүрген біз бір мерген,  
Қаламыз кейде адасып, кейде көріп.

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,  
Жақсы әйел – әмме жұрттың анасындай.  
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ.  
Көреді бәрін де өз баласындай.  
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,  
Қыранның қырдан байқар баласындай.  
Жаман парқы жақсымен бірдей емес.  
Жақсы жігіт елінің ағасындай.  
Жақсы сөзін әркімдер пайдаланар  
Миуалы алма, өріктің ағашындай.  
Жаманның көкірегі –көр, көзі –соқыр.  
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай.  
Жақсы адам қай жерден ажырайды,  
Жақсымын деп бәрі жүр таласып –ай?  
Жамандар өтірікші, өсегі көп,  
Ел-жұрттың ірткі салар арасына-ай.  
Жалған сөзбен бүлдірер ел арасын,  
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.

**Майлықожа Сұлтанқожаұлы**  
**(1835 – 1898 ж.ж.)**

Майлықожа Сұлтанқожаұлы – XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар белгілі ақын. Ол қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында туып, Арыс ауданында қайтыс болған. Ақынның терең мазмұнды өлең толғаулары түрлі жинақтар мен оқу хрестоматияларында басылып келеді. Мектеп бағдарламасына енген.

Өңкей жақсы қосылса,  
Бітіреді кеңесті.  
Өңкей жаман қосылса,  
Шығарады егесті.  
Мәмілемен іс бітер -  
Бас қосып қалса көп есті.  
Мақтағанмен жарамас,  
Пайымы аз, кем есті.  
Тентек бір-ақ аттайды  
Белес пенен дөңесті.  
Қарыздар болсаң жаманға -  
Тар жерде алар жағадан.  
Уәжге көнбес түсініп,  
Көп сөзіне ісініп,  
Құтырар иттей қабаған.  
Бақ қонады ұл таңдап,  
Қонақ қонар үй таңдап.  
Болымы жоқ бозбала

Бейнеттен қашар бұлтаңдап.  
Балыққа саяз судан терең оңай,  
Ақынға қара сөзден өлең оңай.  
Атына батса алтын ер, -  
Атып ұр да, отқа жақ.  
Ынтымақ, үлгі іздесең -  
Қариясы басшы топқа бақ.  
Бақ пенен дәулет тең келсе,  
Адамның толар кемелі.  
Әлемге толса көкірек,  
Ашылар көзі сананың.  
Айтқан сөзің бармайды,  
Көңіліне наданның.  
Жақсы қатын жігіттің  
Адам қылар жаманын  
Ұшқыр қылар табанын.  
Жақсы болса қатының  
Ер - егізің - жақының...  
Жандүниен жай тауып,  
Тола да болар ақылың.  
Сол секілді әйелің  
Алтынға беріп болмайды  
Шаштарының әр қылын.  
Айтқанына қоғам боп,  
Дүнием болсын соған деп,  
Үстінде болар жан - тәнің  
Өмірден артыңды ойла өтеріңде,  
Көп жүрмей арсыз ойдың жетегінде,  
Қаншама бай болсаң да, ақыретте,  
Қалмайды бөзден басқа жетегінде.

**Шағырай шешен Төбетұлы**  
**(1838 – 1921 ж.ж).**

Шағырай Төбетұлы – жастай жетімдік тақсыретін тартса да, қарым – қабілетінің арқасында елге танылып, би болған, айтқыштығымен шешен атанған. Бұрынғы Қызылжар уезінің Аққусақ болысының жерінде туып – өскен.

Өзін ғана ойлаған -

Жамандықтың белгісі.

Өзгені де ойлаған -

Адамдықтың белгісі.

Үлгілі сөз білмеген -

Надандықтың белгісі.

Бар – жоғына қарамас -

Анық жомарт, ер кісі.

Өз үйінде салғыртсу -

Сараңдықтың белгісі.

Жолама опасызға көңіл сенбес,

Зиянды ол бір ағаш жеміс бермес.

Бар болсаң, еркелейді ит секілді,

Жоқ болсаң, өлдім десең қолын бермес.

Адамның хайуанаттардан айырмасы -

Бір іспен із қалдырар заманына.

Асығу, ашулану – шайтан ісі.

Кемге – рахым, ашуға сабыр керек.

Ел қадірі болмайды бас кеткен соң,

Сөз қадірі болмайды жас кеткен соң.

Дәу бәйтерек құласа,  
Артындағы өркені  
Бұтақ шашып, бүрленіп,  
Жапырақ шашып, гүлденіп,  
Қырымнан ұшқан қыран құс  
Қонақтап өтпес демеңіз.

Шалқар көл бірде суалса,  
Артындағы томарша  
Өзендей болып жалтырап,  
Теңіздей болып жарқырап,  
Қияннан ұшқан қыран құс  
Қонып өтпес демеңіз.

Қас тұлпар орға құласа,  
Желіде қалған жас құлын  
Құнанында елендеп,  
Дөненінде белендеп,  
Беске шыққан шағында,  
Топтан таңдап хас батыр  
Мініп шықпас демеңіз.

Ақсұңқар торға оралса,  
Ұяда қалған балапан  
Кәмила қанат болғанда,  
Тас түлек боп толғанда,  
Аққу, қаз ілмес демеңіз.



**Құлтума Сармұратұлы**  
**(1840 – 1915 ж.ж.)**

Құлтума Сармұратұлы белгілі ақын, ақындық айтыстарға да түскен. Ол – әнші-сазгерлігімен де кең танымал өнерпаз. Қазіргі Ақмола облысының Қорғалжын өңірінде дүниеге келген.

Атаң болса анаңмен,

Алтыннан соққан қорғаның.

Жақсы болса жұбайың -

Жанып тұрған шырағың.

Жайлауында дүниенің

Жақсы қоныс – тұрағың.

Ақылсыз бала – алдыңда

Көрініп тұрған жынмен тең.

Жаман болса туысың -

Арқалаған құммен тең.

Жақсылығың істеген

Елекке құйған сумен тең.

Келіннің зекіп сөккені -

Езіп берген умен тең.

Көңілсіз берген тамағы -

Күл аралас құммен тең.

Жаман болса әйелің -

Көрген күнің түнмен тең.

Өзімнің мініме -

Құлағым керең.

Кісінің мінін  
Қырымнан көрем.  
Арақ – ардың ажалы,  
Ақшаның тажалы.

Олақ адам  
Міншіл келеді.  
Оңбаған адам  
Күншіл келеді.  
Көп ойлаған адам  
Сыншыл келеді.  
Орынсыз сөз  
Былшыл келеді.

### Қашаған ақын Күржіманұлы (1841-1929 ж.ж.)

Қашаған Күржіманұлы Түрікменияның Ташауыз қаласы маңында туып, Маңғыстау түбегіндегі Қырыққыз деген жерде қайтыс болған. Жастай жетімдік, жоқшылық көріп өскен. Таланты мен талабының арқасында атақты ақын ретінде елге танылған.

Өпіреш болу не керек –  
Бақ-базарың тайған соң?  
Бәсеке ету не керек-  
Бастан билік кеткен соң?  
Бұлаң-сұлаң не керек –  
Ақ бетіңнен нұр тайып,  
Жер ортаға жеткен соң?  
Жалтаң-жұлтаң не керек –  
Жігіттік бастан өткен соң?

Бұл өмірдің мысалы:  
Кешегі көрген бүгін жоқ –  
Ұшып кеткен көбелек.

Өзің жаман болған соң, жақын да жоқ.

- Бұл дүниеде не жетім?  
- Кім қажетсіз болса, сол – жетім.

Хакім әділ болмаса,  
Бұқара байтақ ел – жетім.  
Жетпістен жасы асқанда,  
Сексенге аяқ басқанда,

Жастар елеп келмесе,  
Келіп сәлем бермесе,  
Қайғысы келіп күңіренген,  
Күнінде асыл десең де  
Қартайған күнде ер жетім.  
Қырға шықса: «Белім», - деп,  
Ойға түссе: «Тізем», - деп,  
Келін менен балаға  
Қонақ болған уақытта,  
Басынан билік кеткен соң,  
Кемпір менен шал жетім.  
Бақыты тайған би – жетім,  
Қатынсыз қалған үй – жетім...  
Құлдықта қалған ел – жетім.

### **Ыбырай Алтынсарин** (1841—1889)

Ыбырай Алтынсарин— қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Шын аты Ибраһим. Орта жүздің қыпшақ руынан шыққан. Ол 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында дүниеге келеді. Әкесі молдадан сауат ашқан қарапайым адам болса, әжесі Аймен халық аузынан жинақталған ертегілер мен жырларды көп білетін сауатты адам болған. Әкесі Алтынсары 1844 жылы көтерілісшілер қолынан қаза тауып, үш-төрт жастағы Ыбырай атасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленеді. Балқожа би – ұзақ уақыт Орынбордағы шекара комиссиясы қоластында қыпшақ руына старшын болған, өз аймағының атақты кісілерінің бірі, ірі бай.

Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер даярлауға күш салды. Ыбырай жасаған оқулық, ең алдымен, орыстың, қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс-тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талғаусыз, сол күйінде ала салған жоқ, керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік-танымына сәйкес етіп алды, өзі де

осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып, құрастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы-ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады.

Ыбырайдың қоғамдық, педагогикалық, ғылыми көзқарастарының бекіп, қалыптасуына В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский, Я.П. Яковлев секілді орыс достарының әсер-ықпалы ерекше болды. Россияның И.Герцен, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов тәрізді революционер-демократтарының еңбектерімен танысып, Л.Н.Толстойдың, И.И. Паульсонның, К.Д. Ушинскийдің оқулықтарын өз хрестоматиясына үлгі етіп алады.

Ыбырай амалсыз орыс таңбасымен оқулық жазуға мәжбүр болды. Мұны бір топ адамдар сол кезде «архаизмді араб жазуының үстемдігіне қарсы шықты» десе, осы күнгі кейбір сыншылар «орыс отаршылдығының өкілі, миссионер Ильминскийге көмектесті» деп айыптағысы келді.

Ыбырай Алтынсарин ерекше мән берген мәселесі: оқу-білім, өнерден кенжелеп қалған қазақ елін, мәдениеті озық орыс халқынан үйрене отырып, жастарға орыс тілін үйрету арқылы, прогреске бастау жолы еді. Ол өзінің «Қазақтың болыстық мектептері туралы жазбалар» атты еңбегінде қазақ халқының орыс тілі мен өнер-білімін үйренуге мейлінше ықыласты екенін, сол үшін қатардағы мектептермен қатар, техникалық, ауылшаруашылық және әйелдер мектебін ашудың қажеттігін дәлелдейді. Мұны бітіргендердің өз елінде қалатыны, олардың орыс мәдениеті мен өнеріне деген ықыласы артып, жоғарғы дәрежелі оқу орындарына түсуге жол ашылатыны байыппен сөз болады. Ыбырай Алтынсарин сол тұстағы мектептерде дін сабағының өту мүмкіндігін пайдаланып, қазақ балалары үшін «Шариятул-ислам» атты оқулық жазды. Бұл кітап кезінде балалардың мұсылман дінінің қағидаларын игеруіне айтарлықтай үлес қосты. Аталған кітапты жазып бастырудағы басты мақсат: дінмен Құранды жақсы білмейтін дүмше молдалардың ықпалынан айырып, ислам дінінің шарттарын жастарға үйрету, дұрыс бағыт беру. Сол себепті ел ішінде аты мәлім кейбір молдалар мен білікті кісілерді шақырып, сабақ бергізеді, өзі де дәріс оқиды.

Алтынсариннің енді бір топ шығармалары халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Мұның бірі өлген адамды жерлеу және оған ас беру жайында болса, екіншісі құда түсу, қыз ұзату және той жасау салты туралы баяндайды. 1870,1879 жылдары жарық көрген бұл зерттеу мақалалар оның авторының халқымыздың салт-дәстүрлері мен ырым-нанымдарын жетік білетін, сол ғұрыптардың ел өміріндегі орнын да толық түсінетін оқымысты, білімдар адам екенін аңғартады.

Ыбырай 1857 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебін «Алтын медальмен» тамамдағаннан кейін, Орынбор шекара комиссиясында әскери отаршыл қызметін атқаратын атасы Балғожаның хатшысы болады. Одан кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық етеді. Осы жерде Орынбордағы шекаралық комиссияның төрағасы

шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьевпен жақын танысып, оның кітапханасындағы кітаптарды оқып, білім қорын молайта түседі.

Ыбырай Алтынсарин өзінің ардақты борышы - балаларды оқыту деп түсінді. «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін» - деп жазды. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылады дегенде, 19 жастағы бозбала Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Мұнда оның нағашылары Шеген әулеті тұратын. Кейін Ыбырайдың Торғайда мектеп салуына Шегеннің ұлы Бірімжан көп көмектеседі.

Бірақ мектеп ашу оңайға түспейді. Ол кезде қазақтардың ұғымында мектепте оқу, діннен шығу, шоқыну деп түсінілді. Ыбырай ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім алудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіру, мектептер ашу үшін қаражат жинау жұмыстарын қолға алады.

Көптен күткен мектеп 1864 жылы 8 қаңтарда ашылды.

Бұл - Ыбырайдың ағартушы-педагог ретінде жеткен алғашқы бір жетістігі.

Күрделі де қиын бұл жолда тұңғыш ағартушы аянбай еңбек етіп, 1864 жылдан 1889 жылға дейін жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына арнап, мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына арнайды. «Мектеп - қазақтарға білім берудің басты тұтқасы.

«Үміт - мектепке, қазақ халқының келешегі мектеппен байланысты» деген ойда болды.

Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын орыс мектептері үлгісінде құрады. Оқу, оқыту мәселесіне әркім әртүрлі қараған сол уақытта халыққа бала оқытудың пайдасын түсіндіруге көп күш салады.

1879 жылы Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалған тұста оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашып, оларды қажетті кітаптармен жасақтауы, мектептердің жанында шағын кітапханалар ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлгендігі. 1876 жылы Петербург, Қазан қалаларына барып, орыс ағартушыларының еңбектерін зерттеп, қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды қолға алды. Тұңғыш рет қазақ авторының қолымен қазақ тілінде жазылған кітап - «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы жарық көрді. Алтынсарин «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» хрестоматиясының алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларының оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» - деп жазған. Кітаптың алғашқы беттері «Кел, балалар оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» атты белгілі екі өлеңмен ашылған. Ағартушы балаларды оқу-білімге шақырып,

хрестоматиясына енгізген шығармалармен еңбекті сүйеге, өнерге ұмтылуға, Отанын, елін-жерін сүйеге, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, адамгершілік, махаббат, қайырымдылық, жинақтылық сияқты басқа да жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуді көздейді. «Қазақ хрестоматиясы»: бірінші – балалар өмірі туралы әңгімелер, екінші – әртүрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер; үшінші – қазақ жыршыларының өлең-жырларынан үзінді; төртінші – қазақтың мақал-мәтелдері тәрізді төрт бөлімнен құралады.

«Қазақ хрестоматиясы» кейін «Махтубат» делініп, 1889, 1896, 1899 жылдары арабша басылып шықты. Кеңес уақытында 1935, 1948, 1955 жылдары жеке кітап болып бірнеше рет басылды.

Ұлы ағартушы қазақ балаларына арналған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса мән берген.

«Мектептегі ең басты тұлға – мұғалім. Жақсылап салынған мектеп үйі болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы» деп есептеген. «Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» деп оқытушылардың орнын жоғары бағалаған. Екі кластық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді» деген ойын айтып, оқытушыларға да нақты талаптар қойып, оқушының дұрыс білім алуында ұстаздарға жүктелетін міндетті анық көрсетеді.

Оның ұсынысы бойынша 1888 жылы сәуір айында Ор қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырай қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіпті Қостанайдан ашылатын ауылшаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Алтынсариннің педагогикалық қызметіндегі тағы бір ерекше тоқталатын мәселе – оның қазақ қыздарына білім беру ісін қолға алуы. 1887 жылы қазақ қыздары үшін Ырғызда мектеп-интернат ашқызып, қыз балалардың оқып, білім алуына жағдай жасайды. Ал ағартушы қайтыс болғаннан кейін 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта және 1896 жылы Ақтөбеде қыздар училищелерін ашуға рұқсат етілді. Бұл да Алтынсариннің ізденулерінің нәтижесі екендігі құжаттар бойынша дәлелдеп отыр.

Өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқыту құралы бола алатын «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітап жазып шықты. Кітап төрт бөлімнен құралды.

Бірінші бөлімде иман туралы, екінші бөлімде Құдайға құлшылық ету, яғни, намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа беру, қажыға бару жағы көрсетілді. Үшінші бөлімде – адамгершілік жайы, төртінші бөлімінде – намаз, ораза үстінде, басқа жағдайларда оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді.

«Аса қайрымды Николай Иванович, «осы кітабымды Сізге жіберіп, мұны бастыру ісіне өзіңіздің араласуыңызды сұраймын» - дейді.

Ақын балаларға пайғамбардың тарихын жеткізу арқылы замандастарын арам мен харамды, оң мен солды, ақ пен қараны, әділдік пен әділетсіздікті танып білуге шақырады.

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,  
Жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды.  
Мекенін білемісіз қайда қалды?  
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.  
Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,  
Кете бар, кессе басың шындықпенен.  
Көрек тап бейнеттен де, Тәңірің жәрдем,  
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.  
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл,  
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған!

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітабының кіріспесінде «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да ол намаздың керектігіне көңілі дұрысталмаса, әлбетте, ол намаз болып табылмайды. Бес парызды орындауды тек мұсылман болып көріну үшін жасаған болса, ол да күнә» - делінген. Ыбырайдың дүмше молдаларға қарсылығын дінге қарсылық деп түсінген. Алайда, Ыбырай дінді мәдениет, тәрбие құралы ретінде қарастырған, діни фанатизмге қарсы шыққан. Ал қарсыластары оны «шоқынған» деп лақап та таратқан. Ыбырайдың тек оқу-білімге үндеген педагог қана емес, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, теолог, этнограф, методология саласында алғаш із салған тұңғыш ғалым екендігін дәйекті түрде дәлелдеп шыққан ғалым - Әнуар Дербісәлин.

Ыбырай Алтынсарин небәрі 48 жыл өмір сүрген. (1889ж.).

Аз жұмысты қиынсынсаң, -  
Көп жұмысқа тап боласың,  
Азға қанағат қылмасаң –  
Көптен де құр қаларсың.

Мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі.

Қорлама кем адамды болсаң дана,  
Кәріпті Құдай сүйсе небір шара?!  
Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,  
Пір болды түйешіден Ойсылқара  
Ағайын жат болады, алыс болса,  
Болады жат та жақын, таныс болса.  
Достарың, дұшпан түгіл, табалайды,

Аяғың бір нәрседен шалыс болса.  
Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма —  
Аймағың кетпес алдыңнан.

Жинақтылық – сараңдық емес.  
Аш бала тоқ баламен ойнамайды,  
Тоқ бала аш болам деп ойламайды.

Істің болар қайыры,  
Бастасаңыз «Аллалап».

Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде.

Кел, балалар, оқылық,  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Істің болар қайыры,  
Бастасаңыз Аллалап,  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар,  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар.  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Мал дәулеттің байлығы,  
Бір жұтасаң жоқ болар,  
Оқымыстың байлығы,  
Күннен- күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық!  
Сиса көйлек үстіңде  
Тоқуменен табылған...  
Сауысқанның тамағы  
Шоқуменен табылған...



Өнер- білім бәрі де  
Окуменен табылған.  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Надандықтың белгісі -  
Еш ақылға жарымас.  
Жайылып жүрген айуандай  
Ақ, қараны танымас.  
Аяңшыл ат арымас,  
Білім деген қарымас...  
Жөн білмеген наданға  
Қыдыр ата дарымас.  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқу деген шыны – ды,  
Тұрған сайын шыныққан...  
Оқу білген адамдар  
Май тамызған қылыштан...  
Білмегенді білуге  
Есті бала тырысқан,  
Есер бала ұрысқан.  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық..  
Әлпештеген ата – ана  
Қартаятын күн болар.  
Қартайғанда жабығып,  
Мал таятын күн болар.  
Ата – енең қартайса -  
Тіреу болар бұл оқу,  
Қартайғанда мал тайса  
Сүйеу болар бұл оқу.  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқу білген таниды  
Бір жаратқан Құдайды,  
Танымаған Құдайды  
Неғылғанда ұнайды?

«Шырағым, абай болғай»- деп,  
Ата – енең жылайды,  
Баладан қайыр болмаса,  
Баланы неге сұрайды?!  
Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.

### Өнер-білім бар жұрттар

Өнер - білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып - жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай,  
Білгендерге осылар  
Бәрі - дағы анықтай,  
Білмегенде танықтай;  
Біз де бекер жатпалық,  
Осыларға таныспай;  
Ат өнері білінбес  
Бәйгеге түсіп жарыспай;  
Желкілдеп шыққан көк шөптей  
Жаңа өспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз, қалыспай!  
Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды.  
Өнер – жігіт көркі деп  
Ескермедік мақалды...  
Біз болмасақ сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды!...

\*\*\*

Білім – гауһар,  
Бағасы жоқ.  
Надандық – кесел,  
Дауасы жоқ.

### Еңбек – тірлік

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрайды:  
- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?  
- Көремін, өрмек тоқып жүр.  
- Анау құмырсқаны көремісің?  
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.  
- Жоғарыға қара, аспанда не көрінеді?  
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.  
Сонда атасы айтты:  
- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.  
Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге.  
Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, — деді.

### Ананың сүйюі

Кім сендерді балалар сүйетұғын,  
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын.  
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,  
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.  
Кім сендерді, балалар тербететін,  
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?  
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,  
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.  
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,  
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең.  
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,  
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.  
Кім сағынар сендерді келгеніңше,  
Құлындарын көзімен көргеніңше?  
Сендер қайтып келгенде адам болып,  
Еш арманым болмас дер өле-өлгенше.

### Балғожа бидің оқудағы Ыбырайға жазған хаты

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,  
Жаныңа жәрдем берсін Құдай тағалам!  
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,

Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабаққа көңіл берсең, басыларсың.  
Ата-анаңды, өнер білсең, асырарсың,  
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.  
Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?  
Қолыңа құрық алып кетер едің.  
Тентіреп екі ауылдың арасында,  
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?

Балғожа би, Ыбырай 1864 жылы Торғайда тұңғыш мектеп ашты деп естігенде, қуанғанынан көрімдігіне үш үйір жылқы айдатқан екен.

### **Базар жырау Оңдасынұлы (1842-1911 жж.)**

Базар Оңдасұлы – XIX ғасырдағы ірі ақындардың бірі. Жыраулық поэзияның көрнекті өкілі, сондықтан атына жырау сөзі қосып айтылады. Қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданында туып, Өзбекстанның Самарқан облысының Үшқұдық ауданында (Қызылқұмның Жалпақтау деген жерінде) дүние салған. Туындылары әлденеше рет жеке кітап болып жарық көрген.

Түзелер еді дүние –  
Ниеті бұзық жаманды  
Кетсе астына жер тартып.

Ханның бағы таярда –  
Дұшпаны сырттан көбейіп,  
Жанашыр досы аз қалар.  
Бидің бағы таярда –  
Үлгілі сөзден айырылып,  
Әркімнің мінін қазбалар.

Байдың бағы таярда –  
Танабын Құдай тарылтып,  
Қасынан қоңсы қозғалар.  
Жабырқап досың қайғыңа,  
Дұшпаның сырттан сығалар.

Өнбейтін даудың ізінен  
Өспейтін жігіт қуалар.  
Мұсылманшылық кімде жоқ –  
Тілде бар да, ділде жоқ.

Көшпелі бейнет, көп дәулет  
Бірде бар да, бірде жоқ.  
Бір жерге басы қосылған  
Екі жақсы елде жоқ.  
Қайырлы байды еш жерден  
Іздегенмен таппайсың,  
Ол аяқ жетер жерде жоқ.  
Көтергенмен кеудесін,  
Жақсыға жаман теңелмес.  
Бір пәлеге жолығар  
Есебін таппай сөз қуған.

### **Абай Құнанбаев (1845-1904 ж.ж.)**

Абай Құнанбаев – ұлы ақын, ойшыл, сазгер, аудармашы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салып, жаңа арнаға түсірген данышпан реформатор. Бұрынғы Семей облысындағы Шыңғыстау бөктерінде ата-бабаларынан атақты әулеттің отбасында өмірге келген. Шағатай, парсы, араб, орыс тілдерін білген. Шығыс пен Батыс ойшылдарының еңбектерімен, классикалық әдебиетімен терең танысқан.

Жамбыл Жабаевтан жолдастары сұраған екен:

- Қазақтың ұлы ақыны кім? – деп
- Сонда Жамбыл – менмін дейді. Өйткені, Советтер Одағының көлемінде қазақта менен аты кең тарған ақын кешелі-бүгін болған емес депті.
- Ал Абай қай деңгейде? – десе, Жамбыл: – Абай өлең сөздің пайғамбары,- дейтін көрінеді. Нағыз толық, қадірлі, қасиетті баға. Кесек ұғым.

Жер жүзінде биіктігі теңіз бетінің деңгейінен сегіз мың метрден асатын 14 (он төрт) тау шыңы бар көрінеді. (Соның бесеуі Гималай тауында). Әлемдегі ең биігі – (8848 м) – Эверес шыңы. Қазақ поэзиясының Эвересі – Абай поэзиясы.

#### **Абайдың өз сөзімен айтқанда:**

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы  
Қиыннан қиыстырар ер данасы».

Абайды тамсана оқып, сусындап, рухани ләззат алмайтындар кемде-кем. Ал, түсінбейтіндері – қазақтығы дүдәмал, дүмбүлез, дүмей, дүлей жандар ғана.

Дегенмен, бабалардың даналық дастарханынан да дәм татып, сусындасын деп, бірнеше өлеңдерін ұсынуды жөн көрдім.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың (ақылың) – ашыған у, ойың –кермек  
Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.  
Таразы да, қазы да өз бойында,  
Наданның сүйенгені - көппен дүрмек.  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.  
Біріңді бірің ғиззәт (қадір, сый), құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық - бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас.  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Жаман тату қазады өзіңе ор,  
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан, ала ауыз.  
Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ.  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса, көнді.  
Жұрт айтса, болды —  
Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.  
Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
    Мінездерін көргенде;  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, бекін  
    Деп насиқат бергенде,  
Ұятсыз, арсыз салтынан  
Қалғып кетер артынан.  
    Болмашы кекшіл,  
    Болсайшы көпшіл,  
        Жан аямай кәсіп қыл.  
Орынсыз ыржаң,  
Болымсыз қылжаң  
    Бола ма дәулет, нәсіп, бұл?  
    Еңбек қылсаң ерінбей —  
    Тояды қарның тіленбей.  
Біріңді, қазақ, бірің дос  
Көрмесең, істің бәрі бос.  
    Тамағы тоқтық,  
    Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.  
    Таласып босқа,  
    Жау болып досқа,  
    Қор болып, құрып барасың.  
Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос  
    Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр  
Қайғысыз отыр,  
Тамағы тойса жатуға.  
    Екі кеме құйрығын  
    Ұста, жетсін бұйрығың.  
Баяғы жартас — бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас.  
    Әсемпаз болма әрнеге,  
    Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де - бір кірпіш, дүниеге.  
Кетігін тап та, бар қалан!  
Өзінде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.

Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса.  
Жұрт мұнымды көрмей ме?  
Батыр атақ бермей ме?  
Қой, бұл қанден - ер шіркін,  
Пілге де үрген демей ме?

Күшік асырап, ит еттім,  
Ол балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты.  
Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ.  
Бүгінгі өмір жарқылдап, алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың, білемісің,  
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.  
Әкесі ұрысса балаға, ол да – қамқор,  
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?

**Абайдың отыз сегізінші сөзі:**

... Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек.  
Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады...



### Шойынбет бидің айтқандары

Қаратаудың теріскейіндегі Аққолтық деген жерде ғұмыр кешкен қоңыраттың маңғытайына жататын Шойынбет әділдігімен және тапқырлығымен аты шыққан адам екен. Ел арасында Шойынбет би айтты деген сөздер көп тараған.

Шойынбет би 1937 жылы наурыз айында сексен бес жасында қайтыс болған.

Бір үлкен жиында Шойынбеттің тапқырлығын сынамақ болған Сыздық төре:

Дәулет артық па?

Бақ артық па?

Өнер артық па?

Тіл байлық артық па?—деп сұрапты.

**Сонда Шойынбет:**

Дәулет—қолдың кірі жусаң кететін,

Бақ—сел — көшкін уақытпен өлшенген.

Өнер — ризық, несібе таусылмайтын,

Тіл байлық— ізгілік мұрат, ұрпаққа сөз қалдыратын, —  
деп жауап берген екен.

**Тағы бір Әулиеатадағы ушыққан жесір дауына төбе би болған, сонда ол билікті былай аяқтаған:**

Дау — берекенің іріткісі,

Рушылдық - бөлінгеннің белгісі.

Бөлінгенді - бөрі жейді;

Бәрінен артық - татулық ізгісі.

Бақ, дәулет қайда барады?

Ынтымаққа келеді.  
Азанғы өкпені – түске сақтама,  
Түскіні - кешке сақтама.

Адамгершілік белгісі - кеңдік қой,  
Бұл да үлкен ерлік қой.  
Ашу - араз, ақыл - дос,  
Ағайын, ақылыңа ақыл қос.

Бірлік түбі - береке,  
Біріккенді - жау алмайды.  
Бір-біріңмен татулас,  
Татулық - өмір көркі.  
Бірлік - өскендіктің ұрқы.  
Мал дауы малмен бітер,  
Жан дауы - жегі құрт,  
Жегі құрттан арылған ләзім.

### **Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858 – 1931)**

Шәкәрім Құдайбердіұлы - Шыңғыс тауының бөктерінде дүниеге келген. Әкесі ерте (1866 ж) қайтыс болып, атасы Құнанбайдың бауырында өскен. Әкесінің інісі – Абайдың қамқорлығында болған. Түркі, араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгерген. Абай дәстүрін жалғастырған үлкен ақын, ғұлама оқымысты, ойшыл.

Ақылды сол - нысап пен ар сақтайды,  
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды".

Боларға ұмтыл,  
болмасқа қанағат қыл.

Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,  
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.

Еріншектен - салақтық,  
Салақтықтан - надандық...

Бірінен-бірі туады,  
Жоғалар сүйтіп адамдық  
Әрі залым, әрі ғалым  
Ел түбіне сол жетер.

Ғылымға қанағатсыз болу керек,  
Бес түгіл риза болмай алтыға да.  
Қара жерге кіргенше қамданып қал,  
«Шалмын» деп жатып алма шалқия да.

Тәтті жеміс, нұрлы гүл керек қылмас.

Баққа төккен саламға тойған есек.  
 Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал сол.  
 Ханы тура болмаса, халқы оңбайды.  
 Ақыл деген – денеге егулі дән,  
 Суғарылса, бітеді оған да жан.  
 Ақылдың өсіп – өніп, зораймағы –  
 Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.  
 Ақылмен нанбай иман жоқ,  
 Ойлаудан ақыл тойған жоқ.  
 Алғашқы туыс – бір түре,  
 Әдеп – екінші түре.  
 Ынсап, рақым, ар – ұят табылмаса,  
 Өлген артық дүниені былғағаннан.  
 Иллаллада пайда бар,  
 Білмеген құлға не айла бар?!  
 Барар жерің қараңғы –  
 Шам – шырағыңды сайлап ал.  
 Адамдар мал – мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жанын  
 тапсырады.  
 Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.  
 Бәрінен қанағат қыл да, адал еңбек қыл.  
 Арыстан көрнеу келеді. Қара құрт пен шаян жасырынып шақса да, уыты  
 аса зиянды. Нәпсі, өзімшілдік пен мақтан шексіз көп жаман әдептер туғызады.  
 Бақ келсе – аспа,  
 Сор келсе – саспа.  
 Естілердің қадірін білер болса, надан надан болмас еді ғой.  
 - Мына заман қай заман?  
 - Қаскүнемге жай заман.  
 Араздық пен өсекке  
 Өлшеуі жоқ бай заман.  
 Адамның санасын ар түзейді.  
 Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
 Бабын таппай мінгенді қылар жынды.  
 Дүниедегі қуаныш — бір азғантай жұбаныш.  
 Жарқанат күннің нұрын жек көреді.  
 Кім жалғыз, бұл жалғанда — есті жалғыз,  
 Мұндасар болмаған соң бір сыңары  
 Ең зиянды адам – мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам.  
 Атадан қалған ақ сауыт  
 Арамға әбден былғанды.  
 Өнер қылды «жақсылар»  
 Қасқырша елін жұлғанды.  
 Жала жауып жалмайды  
 Жазасыз қарап тұрғанды.

Еліріп, еріп көп ел жүр,  
Білмейді Құдай ұрғанды.

Түпсіз жауға санайды

Түзу жолға бұрғанды.

Кей адамнан ит ілгері: достықты ұмытпайды, адал қызмет етеді.

Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі нокта бар: Олар - ынсап,  
рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық.

Ең әділі – ынсап, өзгелерінің тізгіні сонда болуға тиіс.

Ғылымға қанағатсыз болу керек.

Дұшпанға бол әділ.

Қорқаққа пана болмас қалың тоғай,

Жалқауға бүгінгіден ертең оңай.

Жақсы жүрген жеріне кент салар,

Жаман жүрген жеріне өрт салар.

Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Өлімнен соң  
бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз –  
ынсап, әділет, мейірім.

### ТАҒЫ СОРЛЫ ҚАЗАҚ

Салынған қала жоқ,

Оқытқан бала жоқ,

Қолында өнер жоқ,

Ғылымда дана жоқ.

Қалалық жері жоқ,

Еңбектің тері жоқ,

Пайдасыз шығыншыл,

Қазақтан сері жоқ.

Қазынасы тағы жоқ

Басында бағы жоқ.

Партия, барымта...

Ісінің ағы жоқ.

Қуаты, күші жоқ,

Сырты бар, іші жоқ.

Артына қам қылып,

Ұмтылған кісі жоқ.

Көретін көзі жоқ,

Ұғатын сөзі жоқ.

Қазақтың бұл күнде

Аты бар, өзі жоқ.

Түзелер кезі жоқ,

Түзетер тезі жоқ.

Жер жүзі халқының

Қазақтан езі жоқ.

\*\*\*

Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,

Қазақ жүр құмарланып құр атаққа.  
Анау – қу, мынау – пысық, мен – батыр деп,  
Айналды бірін-бірі құртпаққа.

### Бәйшешек бақшасы

Атақты Атымтай жомарт алғашқы кезде бір жұмада өңкей білгіш шешендерді қонақ қылып, келер жұмада жастарды қонақ қылып, ендігі жұмада қаріп-қасерлерді қонақ қылады екен. Бір күні өңкей шешендерді қонақ қылып, әрқайсысы бір мағыналы күлкілі сөз айтып отырғанда, бір кедей кіріп, үндемей отырыпты. Сонда қонақтың біреуі әлгі кедейге: «Сіз де бір сөз айтуыңыз жөн ғой», - дегенде: «Мен сіздердей мағыналы сөз білмеймін, бір аз ғана жыр білуші едім. Соған разы болсаңыз, айтайын», - депті. Сонда қонақ болып отырған жақсылардың бәрі де «айтыңыз, айтыңыз» деген соң, әлгі кедей айтыпты:

«Мен сияқты бір кедей  
Неше күндей аш еді.  
Арын сақтап үндемей,  
Көзінде мөлдір жас еді.  
Ашығып, тоңып шаршаған,  
Шығуға таяп шыбын жан,  
Алдында тұрған дастарқан  
Үсті толған ас еді.  
Нан алып же демейді,  
Келемеж қылды кедейді,  
Тоқ кісі не демейді,  
Иесі өңкей мас еді.  
Сонда кедей сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
«Қанағат еді көмегім,  
Еңбегім еді көрегім,  
Тіленіп нанды жемегім,  
Ас емес, маған тас еді.  
Бірің жомарт, бірің – хан,  
Бәрің де шешен данышпан.  
Хабарсыз біздей ғарыптан.  
Не қылған қуыс бас еді?  
Көлге жауса көп нөсер,  
Көгере ме тау мен қыр.  
Шөліркеген ғаріптер  
Шөл далада қаңғып жүр.  
Кедейді нанға телміртіп,  
Аштыққа жүрек кеміртіп,  
Тамам байды семіртіп,  
Жомарттық па осы тұр?»

Ақсақ, соқыр, шолақ бар,  
Жетім, жесір, олақ бар,  
Солар ма осы қонақтар,  
Ақылға салып ойла бір!» -

депті де, кедей үйден шығып кетіпті. Атымтай содан кейін ылғи қаріп-қасерлерді қонақ қылып, соларды күтетұғын болыпты.

\*\*\*

Атымтай өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары былайша сауал қойыпты:

- Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа - тамақ, жалаңашқа ~ киім, үйсіздерге - үй болдыңыз, сөйте тұра отын кесіп, шөп тасығаныңыз не?

Сонда Жомарт:

- Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен кедей-кепшіктен жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол сіңеді, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, - депті.

## **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931)**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Павлодар облысы, Баянауыл ауданының өңірінде, Қызылтау тауларының етегіндегі «Ашамай тасы» деген жерде 1858 жылы дүниеге келген. Азан шақырылып қойған ады – Адам Жүсіп.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – діни жоғары оқу орындарында оқып, терең білім алған, өз кезінің үлкен білімпазы, жазба поэзиясының ірі өкілі, әдеби мұраны жинап, зерттеуші ғұлама, этнограф, шежіреші.

Мәшһүр Жүсіп 8-ден 9-ға қараған шағында күллі Баян еліне өлеңші бала атанды. Ел арасында сөз жатқан ба... Мұнан кейін үлкен-кіші – көрген жан бәрі: «Көпейдің бір баласы – сайрап тұрған бір бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің мейірін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ!» - деп тамсанып, көрмеген жандар көруге құмар болады. Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманұлы да естиді. Бір күні Мұса Шорманның Қамар хазіреттің үйіне келіп, қонақ болады. Қасында бірнеше адамдары бар, әңгіме-дүкен құрады. Сол жерге Мәшһүрді шақырып алғызады. Келген соң Мұса Мәшһүрге өзіне жақын төр алдына отырғызып: «Шырағым, Жүсіп бала, сені өлең, қисса біледі дегеннен кейін шақыртып алғыздым. Кәне, қандай өлең-қиссалар білесің?»- дегенде, бала Мәшһүр:

Иман – қой, ақыл – қойшы,  
Нәпсі – бөрі,  
Бөріге жегізбейді ердің ері.  
Сол қойшы ақ таяқты ұстап тұрса,  
Ала алмас, еш жерінен

Шайтан – пері – деп өлеңдете жөнеледі. Мәшһүрге шын көңілмен, сын көзімен қарап, ұнатқан Мұса мырза Мәшһүрдің әкесіне: «Сопы, мына балаңның

бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз. Көз-тілге шет болмасын! Бұл өз заманында халыққа мәшһүр болатын бала екен!» - деп лепес қылған екен. Осыдан соң Адам Жүсіп Мәшһүр Жүсіп аталған. Қара өлең мен шешендік өнердің сан алуан түрін жастайынан ұғып өскен Мәшһүр Жүсіп 15 жасынан өзі де өлең жаза бастайды.

Жабысты маған өлең он бес жаста,  
Жұрт айтты «Не қыласың» - деді таста.  
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,  
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа  
Шүкірлік бергеніңе, Құдай патша,  
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.  
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,  
Кеудеме өлең толды сызған хатша –

деп толғайды.

Мәшһүр Жүсіп 1872 жылдың жазында Түркістан, Ташкент сапарына жолға шығады. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи мазарында болып, Бұхардан келген белгісіз бір адамның сөзі мен ісіне көңілі түсіп, таныса келе ол «Көкілташ» медресесінің иесі болып шығады. Осылайша Мәшһүр Жүсіп Бұқарадағы «Көкілташ» медресесінде екі жыл білім алады. Бұл – 1872-1874 жылдар аралығы. Содан кейін елге оралады. Ел арасында жүріп бала оқытады. 1887 жылы 29 жасында екінші рет Бұхар, Ташкент, Түркістан т.б. жерлерге аттанады.

Жұма күні намаз уақытында Мәшһүр Жүсіп ұзын көше бойымен келе жатса, бір ақсақалды адам алдынан шығып, кес-кестей бергендей болады. Үстінде ұзын қара шапаны, қолында – асатаяқ. Үлкен адам ғой, алдынан кесіп өтпей тоқтай тұрайын» деп ойлаған Мәшһүр Жүсіп жақындағасын қол қусырып сәлем береді. Сәлемін аларда ақсақал асатаяғын жерге шанша салады. Ұшында еш темірі жоқ таяқ жерге қадалып, сәл дірілдегендей болып тұрады. Ақсақал іле таяғын қолына алып, Мәшһүр Жүсіпті үш айналып, таяғымен әр жерінен түрткілейлі де: «Жетпіс екі, жетпіс үш» - деп кері айналып жүре береді. Мәшһүр Жүсіп болса: «Япырай, мына кісі маған 72-73 минутта өлесің дегені ме, әлде соншама сағатқа меңзеп тұр ма?» - деп қорқа бастайды. Біраз уақыт өткеннен кейін, Мәшһүр Жүсіп бұл менің 73 жасым деген қорытындыға келеді. Мәшһүр Жүсіп осындай оқиғалардан кейін әулие атана бастайды. Өйткені ол «хафиздық» дәрежесіне дейін жетіп, жын-перінің оқуын, хасыданы меңгереді. Бұдан былай Мәшһүр Жүсіптің «ағы алғыс, қарасы қарғыс болып», «болады» десе болады, «болмайды» десе болмайды.

1930 жылы «әуелі жатар орнын» дайындатады. Мәшекең зират-үйін екі бөлмелі етіп салдырған да, төргі бөлмесіне өзін ашық қоюды өтінеді. Ауызғы бөлмеге ыдыс-аяқ, кітап – Құрандарын, ер-сайман, кілем, үккіш т.б. пайдаланған заттарын түгел қойғызады. Насыбай шақшасын әрдайым дайын насыбайды толтырып кетіп отыруды өсиет етеді. «Қысы бар, жазы бар, әрі-бері өткен жолаушылар келіп түнеп қалса, барлық мүлкімді пайдалансын. Бірақ жуып-тазалап, қайыра орын-орындарына қойып кететін болсын. Қорықпасын,



мен көрден тұрып ешкімге де бас салмаймын», – деп тапсырады. Бұл жерде Мәшһүр: «Мен өлгеннен кейін де қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адам көзі көреді, серт етем. Кейін, заман талабына сай, 1953 жылы бейітін бұздырғанда 21 жыл ашық жатқан дене бұзылмаған екен. Тек жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырындар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жететін болады», – деп, үлкен баласы Шарапиденге шырақшылықты өсиет еткен екен. Әулие 1931 жылы (мүшел жаста – 73 жаста) туған ауылында дүниеден қайтады. Ол өлерінен бір жыл бұрын өзіне бейіт тұрғызып, көзі тірісінде жаназасын шығарып, ас бергізеді. Әулие баба 1931 жылғы ашаршылықты алдын-ала білген.

Мәшһүр Жүсіп – ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, этнограф, тарихшы, публицист, шежіреші, фольклоршы, терең діни ғалым. Қазақ даласында Мәшһүр Жүсіпке дейін ауыз әдебиетін жинаған көптеген орыс, батыс ғалымдары мен саяхатшылары болды. Қазақтан шыққан ондай фольклоршылар сирек. Сиректерінің өзі – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин секілді орысша білім алған ғалымдар.

### **Ағайынға айтар сөз**

Қадірін жиырма бестін білмеген көп,  
Қызықты үйден шығып көрмеген көп.  
Өткізіп бар өмірін қараңғыда,  
Бас қосып мәжілісте жүрмеген көп.

Біреу мәз дүние көрмей өткеніне,  
Көжені аяқ-аяқ ішкеніне.  
Ошақтың үш бұты деп отырады,  
Оранып от басында бөстегіне.

Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын,  
Алыстамай, айналып, жақтайтын да ағайын.  
Ауырыңды жеңіл ғып, ақтайтын да ағайын,  
Еркелетіп, бетіңнен қақпайтын да ағайын.  
Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,  
Ашыққанда рақым ғып, сақтайтын да ағайын.  
Сабыры қалмай, сағынып жүретін де ағайын,  
Есіне алып, елжірей білетін де ағайын.  
Мақтағанда мамыққа бөлейтін де ағайын,  
Адасқанда аттарын беретін де ағайын.  
Аяқ тайса, алдымен келетін де ағайын,  
Айтқаныңа қалтқысыз сенетін де ағайын.  
Адал айтқан ақылды ұқпайтын да ағайын,  
Жаяу жүріп, аттыға ұқсайтын да ағайын.  
Туысқансып, түрлі істі көретін де ағайын,  
Қылға тізіп қимылды өретін де ағайын.  
Жан қысылса, жатырқап, үркетін де ағайын,

Көлгірсініп көз жасын сүртетін де ағайын.  
Әуел бастан аңдамай, тартып жүрме сазайын,  
Толып жатыр түрлі сөз, қайсы бірін айтайын,  
Өскен ордамды жамандап, жақсыны қайдан табайын'?!  
\*\*\*

Жер жұтуға тоймайды, от отынға тоймайды.  
Кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды.  
Құлақ естуге тоймайды, көз қарауға тоймайды.  
Ғалым ғылымға тоймайды, жер суға тоймайды.  
Өлік дұғаға тоймайды, тірі іске тоймайды.  
\*\*\*

Есті адам - қанағатты.  
Қанағатты адам - тыянақты.  
Тыянақты адам - көнтерлі.  
Көнтерлі адам - қайғысыз.  
Қайғысыз адам - Бақытты.  
Ендеше есті адам – бақытты.  
\*\*\*

Ақылды кісінде болмайды күлкі, ашу,  
Кемшілік көріп, тарықса – болмайды сасу,  
Таудай бақ қонса – болмайды тасу.  
\*\*\*

Жамандық қайдан туар - тілден туар,  
Әркімде ақыл болса тілін буар.  
Шығарсың бір жаман сөз сен аузыңнан,  
Артыңнан айдаһар боп сені қуар.  
\*\*\*

«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,  
«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі.  
Ақымақтың тізгіні – құлағы! Ғақылдының тізгіні – көңілі. Ақымақ не нәрсені  
естісе, естігеніне қанағат қылады. Қатықтай қатып, сүттей ұйып жүре береді.  
Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып,  
көңілінің дауалауына тоқтайды.  
\*\*\*

Дүние ойлап тұрсаң шолақ екен,  
Адамдар бір-біріне қонақ екен.  
Қызарған қызғалдақтай қайран жастық,  
Басыңнан бір күн болмай солады екен.

Дүние қашса кетер, қусаң жетер,  
Дүниені қуамын деп болма бекер.  
Дүние алды таяз, арты терең  
Бір күні сұм заманнан алып кетер.

Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,  
Бақ таятын уақыт бар тағыңызда.  
Қартайып әл-ауқатың кеткен кезде  
Бақ түгел кетеді сүйіп алған жарыңыз да.

Кедейлік кер кеткенге болады өш,  
Еңсейіп алып кетсе бермейді күш.  
Аяқ пенен қолыңды жіпсіз байлап,  
Ұйқы үстіңді басады ертелі-кеш.

Кедейлік ер жігітке намыс емес,  
Жоқ болсаң туысың да таныс емес.  
Суық үй, арық соғым, жаман әйел,  
Үшеуі кедейліктен алыс емес.

Асығу, ашулану шайтан ісі,  
Оларға жол бермейді жақсы кісі.  
Шайтанға рақым, ашуға сабыр қарсы  
Жұмсасаң жеңіп шығар оның күші.

\*\*\*

Атқа айылдың батқанын  
Иесі білмес, ат білер  
Ержігіттің қадірін  
Ағайын емес, жат білер.

Ханнан бақыт таярда,  
Қараша жұртпен қас болар  
Байдан бақыт таярда  
Дүниесіне мас болар.

Кәріден абырой таярда  
Аңдығаны ас болар.  
Жетесіз туған жігіттер  
Жиырма бесте жас болар.

- Жақсы бала әке шырағы  
Көргенді құмар еткізер  
Жақсы әйел үй тұрағы  
Жатты жақын еткізер.

- Батпағы көп көлдерден  
Су ішетін сай артық.

Қамшылатқан шабаннан  
Өзі жүрген тай артық.

Ас болмайтын арықтан  
Досың берген нан артық  
Жаманмен жолдас болғаннан,  
Аулақ жүрген көп артық.

Жеріген үйірінен тұлпар оңбас  
Саңғыған тұғырында сұңқар оңбас.  
Жақсы да, жамандық та жалпыға ортақ  
Шен үшін елін сатқан сұлтан оңбас

- Жақсы адамға мал бітсе  
Ағайынның жоғына қарасады  
Жаман адамға мал бітсе  
Көрінгенмен итше таласады.

Жапалақ құс мақтанса  
Жардан тышқан алдым дер,  
Жаман адам мақтанса  
Жақсыны аяғынан шалдым дер.

\*\*\*

Көкірек таза болмаса  
Көз тазасы не керек  
Ділің таза болмаса  
Тіл тазасы не керек

\*\*\*

Кең ақыл көп өзендей көлге теңдес  
Көл кеуіп көп өзендей шөліркемес.  
Қорытып көп ақылдан істелген іс  
Орынсыз еш уақытта болған емес.

\*\*\*

Ұры қартайса сопы болады,  
Бүркіт қартайса тышқаншыл болады,  
Шал қартайса жасындағы көрген-білгенін былшылдап  
Ертекшіл болады.

\*\*\*

Атың жаман болса, қамшылай-қамшылай  
дәрменің кетер,  
Балаң жаман болса, айғайлай-айғайлай  
қадірің кетер.  
Қатының жаман болса,  
Кедейлік жуық болар.

Шайың суық болар,  
Наның күйік болар.  
Көңіліңе күйік толар,  
Үйіңнен мейман кетер,  
Кедейлік қуып жетер.

\*\*\*

Қас жақсының белгісі -  
Әрі мырза, әрі құл.  
Қас жаманның белгісі -  
Өз үйінде өзі пұл.

\*\*\*

Екі жақсы қосылса,  
Ай мен күндей жарасар.  
Екі жаман қосылса,  
Ырылдасар, таласар.

\*\*\*

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырған, аяғын көп шалдырған.

\*\*\*

Өзін ғана ойлаған  
Жамандықтың белгісі.  
Өзгені де ойлаған  
Адамдықтың белгісі.  
Үлгілі сөз білмеген  
Надандықтың белгісі.  
Бар-жоғына қарамас  
Анық жомарт ер кісі.  
Өз үйінде салғырттау  
Сараңдықтың белгісі.

\*\*\*

Өткел өтсең бұзып өт  
Арты болар бір тайғақ.  
Ұрлық қылсаң жалғыз ет  
Екеу болсаң бірі айғақ.

\*\*\*

### **Хал-ахуал**

Жігіттер, жақсы қайда өнер шашқан,  
Жүдеген ғаріптердің көңілін ашқан,  
Анау озық, мен кейін қалам ба деп,  
Көз салып бірін-бірі шамаласқан?  
Сүрініп ат аяғы кетер болса,  
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.  
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,  
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.

Өңшең сәурік, теке мен бұқашықтар  
Бір-бірін сүзіп, жаншыш, жараласқан.  
Жақсыны өзі болған көре алмаған,  
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан.  
Ақылшы шықты бізге үй басынан,  
Данышпан ойы зерек, жұрттан асқан.  
Биге - пара, байларға - өсім болды,  
Бой тартқан, арамдықтан бар ма қашқан?  
«Сен кімнен қорқасың!» - деп жел береді,  
Кісі жоқ «қой» дейтұғын, жұртты басқан.

### **Нәпсі аждаһа**

Дүние ойлай берсем, жалған дейді,  
Әркімді әлекке тек салған дейді.  
Дүниені өле-өлгенше қуып-қуып,  
Аузы аңқиып құр босқа қалған дейді.  
Заманды жылдан-жылға қуландырды,  
Бойыңды алтын-күміс буландырды.  
Келгенде жүз-тоқсанға бір өлім бар,  
Көзінді әлі-ақ бір күн суландырды.  
Дүниеден неше-неше өтті-ау жандар,  
Құдайдан зар жылайды қорыққандар.  
Кеудемде түрлі-түрлі уақиғам бар,  
Айтайын, тыңдасаңыз, жарандар!  
Өтіпті бізден бұрын мұрсалдары,  
Дүниеден өтпеймін деп соның бәрі.  
Қызығы бір күнгідей болмайды екен,  
Патшалық, тақта тұрып, құрсаң-дағы!  
Арасы – топырақ пен алтын, күміс,  
Ағаштың бәріне де бітпес жеміс.  
Біреу – бай, біреу – жарлы, біреу – кәріп,  
Дүниені жаратқан жоқ, тіпті тегіс.  
Алтыннан жер астында кімге пайда?  
Дүниеде ажал келсе, болмас айла.  
Болмағы жақсы-жаман Құдіреттен,  
Шөп шықпас, су жүрмесе терең сайға!  
Біз – түлкі, ажал – бүркіт қоймайтұғын,  
Нәпсіміз – бір аждаһа тоймайтұғын.  
Күнәміз – мықтап тиген ол - бір киім,  
Нәрсеге одан басқа болмайтұғын!  
Тіліміз – өткір қылыш қойған қайрап,  
Жұтады отыз тісің, нәпсің шайнап.  
Тамырың алпыс екі жіп секілді  
Бекітіп дүниені қойған байлап!

## **ӘБУБӘКІР КЕРДЕРІ (1861-1905)**

Кете Жүсіп сияқты шыққан руына қарап Кердері атанып кеткен Әбубәкір он тоғызыншы ғасырдағы кітаби ақындардың бірі. Оның түп тегі Кіші жүздегі Жетіру тайпасының Кердері руынан тарайды. Соның ішінде ол Таран деген тұқымның тумасы. Ел арасында «Таран таранып тойға бармаса, той той болмайды» деген мәтел бар екен. Соған қарағанда, бұл әулеттен ойын-тойдың әрін кіргізер әнші-күйші, сал-серілер көбірек шыққан тәрізді. Ақынның атасы Айтқұл батыр болған. Әкесі Боранқұл сауыққой әншілігімен қатар он саусағынан өнер тамған бесаспап шебер, зергер ұста болған кісі. Ұдайы қолөнермен шұғылданып ер шауып, етік тігіп, сақина соғып, шоқиып отыратын болғандықтан жеңгелері әзілдеп «Шоқан» атап кеткен. Оның зайыбы Жансұлудың әулетінде де шешен сөйлеп, өлең шығаратын өнерпаз, дарынды адамдар аз болмаған. Ата салты мен ана сүтінен нәр алған ақындық олардың үш ұлының үлкені Әбубәкірге дарыған.

Әбубәкір Шоқанұлы Жайық бойындағы Теректі өңірінде тауық жылы дүниеге келген. Патша өкіметінің жарлығымен Теректі жері келімсек казак-орыс көшпендеріне беріліп, жаңа қоныстанушылармен жанжалдасып ешқандай әділдік таппайтынына көзі жеткен Айтқұл ұрпақтары ауа көшіп, Ақтөбе төңірегіндегі кердерілерге келіп паналайды. Болашақ ақынның балалық шағы осында өтеді. Оның:

Біз Кіші жүз ішінде  
Кердері деген халықпыз.  
Су ішінде балықпыз.  
Аңдушы дұшпан көп болып,  
Оралдан келіп қалыппыз, —  
дейтіні де тегін емес.

Әбубәкір Кердері – жастайынан білім қуып, Орынбор, Троицкіде оқып, медресе бітірген, әдеби де, діни де сауаты мол ақын. Өз заманының оқыған-тоқығаны мол ұлағатты азаматы ретінде Орал, Ор, Ақтөбе қалалары маңындағы қазақ ауылдарында ұстаздық етіп, бала оқытып, молдалық құрған. Ел арасында бала оқыта жүріп ол замана ағымы, діни тәрбие, өнер-білім, қазақтың өткендегі және қазіргі хал-ахуалы жайында өлең-жырлар, толғаулар жазады. Замандас ақындармен айтысқа түсіп, ойы ұшқыр, пікірі ұтқыр жыр дүлдүлі екенін танытады. Жаны жақын, ой-өрісі өрелес адамдарға өлеңмен хат жазады. Ақын өзінің өлең-жырларында бір жағынан халықты оқу, білімге шақырса, екінші жағынан қазаққа шарапаты тиіп, мектеп ашып, жастарды оқуға тарта бастаған сол тұстағы билікті де мадақтайды. Өнер-ғылымды, отарба сынды машиналардың шығуын мақұлдай отырып та ол өткенді аңсаудан арыла алмайды.

Әбубәкірді өлеңмен сапарнама жазған («Орскіге келген сапар») алғашқы қазақ ақыны деуге болады. Шежірені өлеңмен жазу қазақта ежелден бар дәстүр. Әбубәкір де сол дәстүрден айнымай, Қазақ шежіресін өлеңмен өзінше түзген. Оның көпті көрген көкірегі даңғыл қариялардан жазып алған тарихтан сыр шертетін асыл қазыналары да аз емес. Әбубәкір Кердерінің өлеңдері оның көзі тірісінде «Әдеби қазақия» деген атпен Қазандағы Кәрімовтер баспасынан екі мәрте жарық көрді. Естелік-деректерге қарағанда, оның жай айтқан сөзінің өзі ұйқас, ырғаққа түсіп, құйылып отыратын көрінеді.

Дос болмас сыртта жүріп мақтамаса,  
Бір-бірін жамандықтан сақтамаса.  
Бүгін тату болса да, ертең араз,  
Достығы бүгінгінің таң-тамаша.

\*\*\*

Бұл күнде шоқ асылдың базары жоқ,  
Жүйріктен мәстек озды тамағы тоқ.  
Аузыңмен құс тістеген би болсаң да,  
Басыңнан бақыт тайса тарқайды топ.

\*\*\*

Қорқатынын сыйлайды бүгінгі адам,  
Түсінер бұл сөзімді білімді адам.  
Тілеуінің біреуі от, біреуі су,  
Екі түрлі сөйледің тіліңді адам.  
«Тілі екеудің діні екеу» деген сөз бар,  
Аңдамай бұзып алма, дініңді адам.

\*\*\*

Жаманның бірі тұрмас қара пұлға,  
Жақсының бірі болар елге тұлға.  
Мысқалы мың теңгелік асыл заттар,  
Барады арзан тартып жылдан-жылға.

\*\*\*



Жігіттің аты шықпас бақ қонбаса,  
Кім қонар сай-салаға от болмаса.  
Басады ерді қайғы топырақтай,  
Мал, перзент, денсаулығы шат болмаса.  
Осылар тегіс болса орын табар,  
Ере бер қасиеті жоқ болмаса.

\*\*\*

Мың қарға залал қылмас бір сұңқарға,  
Он жабы сатсаң жетпес бір тұлпарға.  
Жаманға жазатайым ісің түссе,  
Жарамас ашылғаныңды бір қымтарға.  
Шыға алмас қырқы батып қыр басына,  
Қоя бер от басында жүз жыртарға.

\*\*\*

Бас қоссаң бейасылға көңіл таппас,  
От-суға жабы шіркін тоймай шаппас.  
Білдірер екінші күн жаман мінез,  
Бір-ақ күн араласып болсаң оттас.  
Қасында жалғыз күндей оттас болсаң,  
Дұшпанға шықпай түгел сырың қалмас.

\*\*\*

Хакімдер жаңа өспірім жастан болды,  
Басына ұрылардың бостан болды.  
Қой бағып, торсық емген топыраштар  
Бұл күнде қол жеткісіз аспан болды.  
Билікке қатын барып таласады,  
Себебі би болудың тастан болды.

\*\*\*

Бұрынғы өткен билер қандай еді,  
Қақ жарған қара қылды заңдай еді.  
Қызығып дүниеге жол ашпаған,  
Ақылы жанып тұрған шамдай еді.  
Демеген біреу алыс, біреу жақын,  
Өкшесі аумайтұғын тамдай еді.

\*\*\*

Ақылды билер өткен алмайтұғын,  
Ерлер өткен өз халқын қорғайтұғын.  
Бұл күнде ондай билер көрінбейді,  
Ақылын құдай үшін жолдайтұғын.  
Ақылын жолдамайды Құдай үшін,  
Біреудің бұрылады шырайы үшін.

\*\*\*

Жақсыны жау болса да дұшпан тұтпа,  
Жаман болмас ешқашан елге тұтқа.

\*\*\*

Кім қалар өлшеулі өмір толған күні,  
Кім жолдас көрде жалғыз қалған күні.  
Дүниеде нар көтермес жиған сөзің,  
Тұрмайды бір мысқалға өлген күні.

\*\*\*

Ағадан кетті ағалық,  
Ініден кетті інілік,  
Інісі болды терең жар,  
Жүре алмай аға сүрініп,  
Атаның салған ақ жолы,  
Жалғанбай қалды кідіріп,  
Заман деген желмая,  
Қалмасаң, халқым, жақсы еді  
Желмаядан жығылып.

\*\*\*

Атаны билеп ұл кетті,  
Қожаны билеп құл кетті.  
Баласы келсе он беске,  
Ата-анадан күн кетті.  
Білмеді бала құрметті,  
Ағайын, туған, қарындас,  
Бір-бірінен бұл кетті.

\*\*\*

Қыз ананы биледі,  
Анаға билік тимеді.  
Ата қосқан адамды,  
Өз дегені болмаса,  
Халалым деп сүймеді.  
Қыз ұяттан айырылып,  
Көңілін сайтан сүйреді.

\*\*\*

Қайыры жоқ байлардан,  
Ел қонбаған шөл артық.  
Жапанда суы суалып,  
Бақа сорған көл артық.  
Жебеп, желеп жүретін,  
Жұма сайын келетін  
Иманы бар өлі артық.

\*\*\*

Қазағым, қапыл болмаңыз,  
Өнерсіз босқа қалмаңыз!  
Алашқа пайдаң тимесе,  
Өз басыңды қорғаңыз.

## АҒАЙЫН -АЛТЫН ТІРЕГІҢ

### Кердері Әубәкір

Атаңыздан айрылсаң –  
Құлайтын құз жардайсың.  
Анаңыздан айырылсаң –  
Атпайтұғын таңдайсың.  
Ағаңыздан айрылсаң –  
Құт-панасыз жандайсың.  
Ініңізден айырылсаң –  
Еміреніп боздаған,  
Ботасы өлген нардайсың.  
Балаңыздан айрылсаң –  
Жапырақсыз, бұтақсыз,  
Тамыры күйген талдайсың.  
Алғаныңнан айрылсаң –  
Дауысы шықпас қарлығып,  
Шалшыққа қонған қаздайсың.  
Қызыңыздан айрылсаң –  
Үйдің көркі кеткендей,  
Өзегің талған жандайсың.  
Келініңнен айрылсаң –  
Пияласыз шамдайсың.  
Құдаңыздан айрылсаң –  
Қуаңшылық жаздайсың.  
Құдағидан айрылсаң –  
Қамал менен сәуірдей,  
Қызыл жел соққан шаңдайсың.  
Жиеніңнен айрылсаң –  
Еркін келер үйіңе  
Ерке жоқ жандайсың.  
Балдызыңнан айрылсаң –  
Кимелеп келіп асылар,  
Сырыңды шашпай жасырар,  
Оны ешкімге қимайсың.  
Құрдасыңнан айрылсаң –  
Құлан-тайдай тебіскен,  
Әзіл сөзің келіскен,  
Барар жерің азайып,  
Өмір өтер әрқашан  
Қамкөңіл боп мұңайып.  
Басқа түспей нанбайсың,  
Осындай күндер болмасын  
Айырар құйрық, қанаттан!

Қол ұшын берер қысылсаң  
Туған елге не жетсін.  
Алтын бесік саналған  
Толған кілең жанашыр,  
Қадірін білер көз көрген,  
Көзүзбе жақын-жанаттан.  
Уа, ер жігіт, ер жігіт,  
Ойлан деп мұны мен жаздым,  
Өткен іске өкінбей,  
Қажып, борша үгілмей,  
Өмірді сұлу өткізіп,  
Керітартпа болма, талаптан.

### Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937)

Қазіргі Қостанай облысы, Торғай өңірінің Жангелдин ауданының Ақкөл елді мекенінде дүниеге келген. Қоғам қайраткері, ақын, қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі, лингвист, фольклоршы, түркітанушы, аудармашы, публицист, ағартушы-ғалым. Бірнеше оқулықтардың авторы. Білім алуды көшпелі ауыл мектебінде бастап, Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген. 1891-1895 – Орынбор мұғалімдер дайындайтын мектебінде оқып, бастауыш училищенің оқытушысы болып шығады. «Алаш» қозғалысының көсемдерінің бірі. 1937 жылы жалған жала жабылып, атылып кетті.

### Жұртыма

Бірлік қып іс етуге шорқақ, жұртым!  
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым!  
Сияқты қара қарға шуылдаған  
Үрейлі қоянжүрек қорқақ, жұртым!  
    Білмейсің жөнің менен терісіңді,  
    Ел болып іс етпейсің келісімді.  
    Үміт қып бәйге атындай талай қосып,  
    Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.  
Жөн айтқан жұртшылықта адам болса,  
Шығасың қолыңа алып кебісіңді.  
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,  
Көрдің ғой жайылатын өрісіңді.  
    Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,  
    Қайтейін өзге десе көнгішіңді.  
    Сықылды сынық бұтақ төмендесең,

Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!  
Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа,  
Мұбтала ғып салғандай бұл азапқа?!  
Адамшылық есебіне кірісіп,  
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?  
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.  
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,  
Дедім, - «сен де қатарыңнан қалыспа!»  
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?  
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?  
Аштан өлген аталарың бар ма еді,  
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.

\* \* \*

Қинамайды дарға асқаны, атқаны  
Қиын да емес абақтыға жапқаны  
Маған ауыр осылардың бәрінен  
Өз елімнің иттері үріп қапқаны.

### Қазақ қалпы

... Алаштың адамының бәрі мәлім  
Кім қалды таразыға тартылмаған?  
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған  
Тақылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған  
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған...

\* \* \*

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас  
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

\* \* \*

Жігіттер, сақтаныңыз надан достан,  
Досыңнан, надан болса, артық дұшпан.  
Белгілі жаудан кісі күтінеді,  
Тиеді достың оғы қапылыстан

\* \* \*

Қайырың наданға еткен – шашқан мүлкің,  
Болады рәсуа құр далаға.  
Құдайым, жолдас қылма жамандарға,  
Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!

Жақсылық етсең де бір, етпесең де,  
Жақпайсың кей ақымақ адамдарға.

\* \* \*

Бұл жазған бозбалаға бір өсиет,  
Өнерсіз қара күште жоқ қасиет.  
Ойламай, күшке сеніп еткен істің,  
Зарары әр уақытта басқа тиеді.

\* \* \*

Тағы да бір сөз айтар келді ретім,  
Жаратқан түрлі мінез құдыретім.  
Біреудің малын яки бағын күндеп,  
Күншілдер жоқ па шулап итше үретін.

Күндесін шуылдасып, қылсын өсек,  
Етпейік сөйлеп жүр деп сөзін есеп.  
Иттердей үріп-үріп тарап кеткен,  
Қалады шулап-шулап үндемесек.

\* \* \*

Иттерге таласса да жарасады,  
Әйтпесе ит әдетінен адасады.  
Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,  
Биіктен тең деп болмас  
аласаны.  
Сүйектей арасына нәрсе түссе,  
Иттерден олар артық таласады.

\* \* \*

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды пәле делік аңдып баққан.  
Бәленің түрін көрген мен – сарымаса,  
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.  
Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,  
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,  
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді,  
Қорқамын, Сарымасадай етеді деп.

\*\*\*

Кенің бай, келімің мол туған тілім,  
Дыбыстың теріп сөз ғып буған гүлін.  
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,  
Мен қосып, құтыла алсам, қусам білім.

\*\*\*

Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек.

\*\*\*

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын.  
Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін.

\*\*\*

Я, құдайым! Аққа жақ!  
Өзіңе аян — мен нақақ.  
Аққа деген жолымның  
Абыройын ашпай, жап.  
Аят пенен хадисте  
Адал ниет, ақ іске,  
Жаңылмасам, жоқ еді  
Жаза тартсын деген бап.  
Мені ұстатып, айдатып,  
Зығырданды қайнатып,  
Масайрасып, мәз болып,  
Қуанғанды өзің тап!  
Аз күндікке алданып,  
Аз нәрсеге жалданып,  
Адасқанын алаштың  
Түзу жолға түсір, хақ!

\*\*\*

Қасіретінде дүниенің  
Жақсы біткен жүреді,  
Таршылық пен тұтқынды  
Қайда болсын көреді,  
Елім үшін күйдім деп,  
Неге болсын көнеді.

Осындай заттардың  
Өзі үшін туды деп,  
Біздің үшін күйді деп,  
Қадірін қашан біледі?!

\*\*\*

Басқадан кем болмас үшін, біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек.  
Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек.  
Осы керектің жолында жұмыс істеу керек.

### **Тайжан Қалмағанбетұлы (1879 – 1937 ж.ж).**

Тайжан Қалмағанбетұлы 1879 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы Айыртау бөктерінде дүниеге келген. Өзі: «Нәсілім – наймандағы бағаналы», - дейді. Ақын, сазгер, айтыскер, жыршы – термеші, сырнайшы. 1934 жылы Алматыда өткен халық ақындарының айтысында көзге түскен. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. 1937 жылы нақақтан атылған.

Ер жігіттің айнымас үш серігі болады: біреуі – өмірлік жарың, екіншісі – мінген атың, үшінші – бұл ғұмырдан сүрінбей алып өтетін ақылың, парасатың.

Адамға тән алты қасиет бар:

- 1) ұғымың, ойлы ететін зерде – зейінің;
- 2) сені өрге сүйрейтін өнер өрісің;
- 3) тек ілгері бастайтын талабың;
- 4) ешқашан алдамайтын тапқырлығың;
- 5) қиындықта сыналатын қайратың;
- 6) бәрінен де күшті ететін білімің.

Өзі жас, еліне бас болатын жігіттің үш асыл мінезі болады: біреуі – шыншылдығы, одан соң – аңқылдақ адалдығы, соңғысы – қара қылды қақ жарған әділдігі.

Адамға аса қажет үш байлық бар:

- 1) денсаулық.
- 2) бейнетқорлық.
- 3) сүйеніш болар дос – жаран.



**Тұрмағанбет Ізтілеуов**  
**(1882 – 1939 ж.ж).**

Тұрмағанбет Ізтілеуов – қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған. Бұхарадағы «Көгілташ» медресесін бітірген. Өз ауылында жиырма жылдай мұғалім болады. Республика үкіметінің шақыруымен 1935 жылы Алматыға келіп, өмірінің соңына дейін (1939 ж.) Оқу халық комиссариатында қызмет істейді. Ол – поэзияның барлық жанрына қалам тартқан аса дарынды ақын. Ақынның тарихи зор еңбегі – Фирдоусидің «Шахнамасынан» аударған «Рүстем–Дастан» жыры. Бұл аса көлемді туынды екінші рет 2004 жылы «Жазушы» баспасынан толық нұсқасында жарық көрді. Ақын туындылары пәлсапалық терең мәнді афоризмдерге бай.

Ғылым – іштегі нұр,

Өнер – сыртқа салынған түр.

Білім – арзан,

Білу – қымбат.

Әйел жерден шыққан жоқ,

Ол да еркектің баласы.

Ерлер көктен түскен жоқ,

Әйел – оның анасы.

Ердің ісі – келіс,

Жаманның ісі – керіс.

Тал жібектей асыл сөз

Еш жерінді жырмайды.

Жағдайсыз сөздің мысалы

Шеңгелше етек тырнайды.

Өтіріктің астында жер-су баспайтын құр аты бар,

Шындықтың астында жүрмейтін сұр аты бар.

Әкім – бір ұлттыкі,

Ақын – бар жұрттікі.  
Сөйлеуге сөз таптым да,  
Тыңдауға құлақ таппадым.  
Айтар ақылы жоқтың  
Табар нақылы жоқ.  
Аға деген ініні – жаным десе болады.  
Ерін күткен әйелді – ханым десе болады.  
Қызғалдақтай ұл, қызды – сәнім десе болады.  
Көктемдегі төл даусын – әнім десе болады.  
Шөлдеп ішкен сусынды – балым десе болады.  
Ойлы туған ерлерді – ғалым десе болады.  
Осынау айтқан өлеңді  
Ел біткенге таратып,  
Мәлімдесе болады.

### **Тұрмағанбет Ізтілеуов**

#### **РУБАЙЛАР**

##### **Көңіл**

Ей, көңілім, талпи берме, бет алдыңа!  
Бетіңше талпынғанмен, кете алдың ба?  
Үш түгіл алтайыға, алты қостым,  
Сонда да біреуіне жете алдың ба?

##### **Ой**

Негізінде нәпсім – бөрім, ойым – қойым,  
Нәпсіге ойды «жемей» жоқ қой тойым.  
Біле алмай қайсысына қарарымды,  
Болып жүр осы уақытта дел-сал бойым.

##### **Түс**

Жаманнан жақсы көрем таяғымды,  
«Артық, - деймін, - арық аттан аяғымды».  
Ойласам ұйқыдағы түс сияқты:  
Күлкі, ойын, жастық дәурен баяғымды.

##### **Жолдас**

Жігіттер! Тап, жараулы жолдасыңды!  
Қорғайтын қиындықта қор басыңды.  
Жаманды «жақыным» деп жаныңа ертпе,  
Кек тұтып кеңкейетін болмашыңды.

##### **Өмір**

Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,

Аралап жердің жүзін жүрер сөзім!  
«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау» деп,  
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім!

**Кенен Әзірбаев**  
**(1884-1976)**

Кенен Әзірбаев - туған халқын сексен жылдай ән мен жырға сусындатқан үздік әнші, сазгер, ақын. Қазіргі Жамбыл облысының Қордай өңірінде өмірге келіп, 92 жасында бүгінгі өзінің атымен аталатын ауылда қайтыс болған. Қазақстанның халық ақыны, еңбек сіңірген өнер қайраткері.

Шалқып жатқан жас күнде жалындайсың,  
Асау тайдай жұлқынып арындайсың.  
Жақсылық пен жамандық келсе дағы,  
Жайыңды айтып, ешкімге жалынбайсың.

Жауызға зорлық пенен ұрлық оңай,  
Өтірік, өсек-аяң, қулық оңай.  
Әділет, адалдықпен жұмысы жоқ,  
Шындықтан тез үйренер сұмдық оңай.

Ер жігіт тіршілікте нені көрмес,  
Ер болса, қасіретке бойын бермес.

Бір ағашта қанша бұтақ,  
Біреуі-ақ қамшыға сап.

Ақынға қара сөзден өлең оңай,  
Балыққа таяз судан терең оңай.

Шешендер сөйлегенде жанды ерітіп,  
Көңіліңнің құсын ұстап береді оңай.

Қазанат қамшы тигізбейді,  
Азамат жоғын білгізбейді.

Бір ниетте, бір тілде,  
Халқым бірдей болсайшы.

Артығы жоқ, кемі жоқ,  
Салтым бірдей болсайшы.

Азат еңбек – елдің досы  
Бақ іздеудің жолы осы.

### **Жаман ағайын**

Жамандық болса — шоқ-шоқ,  
Жақсылық болса — топ-топ.  
Жамандық келсе — жалтаң,  
Жақсылық келсе — жалпаң.  
Үйіңе кірсе — дүбір,  
Үйіңнен шықса — сыбыр.  
Жақсылығына тоймас,  
Жамандауын қоймас;  
Сыртыңнан қарғыс айтып,  
Көзіңе алғыс айтып,  
Қыр соңыңнан қалмас!

### **Көңіл – тұлпар, тіл – серік**

Үміт шіркін қашан да қашқан елік,  
Кейде жазып қаламын, кейде көріп;  
Тұлпар дерсін көңілім қиқулаған,  
Шабытыма шаршамас тілім — серік.

### **Кішіпейіл келеді білімді адам**

Көңілі тәкаппардың көктен биік,  
Болғанда ойы тайыз, сөзі сұйық.  
Кішіпейіл келеді білімді адам,  
Дәні толық тарыдай басын иіп.  
Көңілі мен-мендердің көктен де әрі,  
Құр кеуде іші қуыс кімге дәрі?..  
Қасында жеміс ағаш қатар тұрса,  
Сыйдиган сопаң терек әрі-сәрі.

### **Ерлі-зайып**

Ерлі-зайып болыңдар тату-тәтті,  
Қуалама, басыңа қонған бақты.  
Дастарханның болмайды берекесі,  
Ері сараң, әйелі болса қатты!  
Жаман болса әйелің, қатар сілең,  
Күнде-күнде от басы әуре-сүрең.  
Қабағыңа қарайды келген қонақ,  
Дәм-тұзында болмайды ешбір ірең.  
Кейбір әйел келеді сыбысқұмар,  
Ондай жанды ер қайтып тыныс қылар?!  
Аттанғанша қонағы асаукөктеп,  
Құдай ұрып құрғыры ұрыс қылар.

Әйелің жақсы болса атын байлар,  
Жаман болса шапылдап отынға айдар.  
Жұбайың шайпау мінез болып шықса,  
Қатарыңнан қаймығып, сорың қайнар.

Қолы ашық адамның жолы да ашық,  
Қор болмайсың ешкімнен сөзден сасып;  
Адамға алыс та дос, жақын да дос,  
Арасында жүрерсің алшаң басып.

### **Қашан қалар...**

Қашан қалар күншілдік, бұл ант атқан,  
Өсек айтып, өтірік жала жапқан.  
Адал жүріп, еңбекпен киіп-ішпей,  
Бақытына біреудің көз алартқан.  
Іші күйген мұз жалар дегендейін,  
Қызғыш пен безгелдектей бебеу қаққан.  
Күнбағардай құбылып, шыр айналып,  
Екі сөзді шерменде арын сатқан.  
Адамдарды араз ғып шағыстырып,  
Аузы ептілер арадан пайда тапқан.  
Ру, жерлес дегенді дабырайтып,  
Сөнер болған шаланы үрлеп жаққан.

Қоғам үшін жұрт үшін сөйлеген боп,  
Жылмаң қағып, суайтың судай аққан.  
Алдап, арбап, басқаға жала жауып,  
Алға басқан адамды артқа тартқан.  
Үстіменен ауырдың амалдап жүр,  
Бұл қулығын өзінше етіп мақтан.

### **Міржақып Дулатұлы (1885-1935)**

Қазіргі Қостанай облысы, Торғай өңірінің Жангелдин ауданының Қызбел елді мекенінде дүниеге келген. 1902 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Бітіргеннен кейін ауылда бала оқытады. 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударып, осында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен танысады.

«Алаш» қозғалысының көрнекті қоғам қайраткері. Әйгілі «Оян, қазақ!» жыр жинағының, тұңғыш қазақ романының авторы («Бақытсыз Жамал»), жалынды публицист, тарихшы, оқулықтар авторы. 1928 жылы тұтқындалып, 1935 жылы Ақтеңіз – Балтық каналындағы Сосновец станциясының түрмесінде қайтыс болады.

#### **Алашқа (реквием)**

... Алашым, айтқанды алсаң, біз бұлардан.  
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.  
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,  
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.  
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,  
Қорлыққа, тілімді алсаң болма кездес!...

#### **Жастарға**

Найзамен түртсе де,  
Жатырсың, қазақ оянбай.  
Мұнша қалың ұйқыны  
Бердің бізге, ой, Алла-ай!  
Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,  
Атырапқа көз салсақ.

Көзі іскенше ұйқыға  
Келе жатқан тоя алмай?  
Етемін үміт жастардан,  
Жаңа гүл шашқан бақшадай.  
Мұратын оңай кім табар,  
Жар салып жұртқа қақсамай?  
Халыққа, жастар, басшы бол!  
Қараңғыда жетектеп.  
Терең судан өтер ме,  
Мың қойды серке бастамай?

## Жастық

Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, гүл, жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді, адамның басына жастық екі келмейді. Жастық - біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді, сол секілді жастықтан соң кәрілік жетеді. Шаруасына жинақы кісілер жаз күн қыстық азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауы тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рахат тіршілік ете алмайды.

\*\*\*

Мен біткен саздау жерге аласа ағаш,  
Демеймін жемісі мол тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жанқам мен сенікі,  
Пайдалы қасиетіңе жараса, алаш.  
Кімнен таяқ жегендей,  
Біздің түріктің баласы.  
Алдырып жүрген дұшпанға-  
Ауызының аласы.  
Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,  
Қарағым, енді жату жарамасты.  
Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,  
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.  
Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім-  
Ұйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып.  
Қазағым елім, қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді, оянып!  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?  
Қыздырмалы қызыл тіл,

Түбіңе жетер-соны біл!  
Пайдасы жоқ тиындай  
Сөз байлығы-дария Ніл.  
Ықылассыз кейбір надандар  
Тасқа егін себеді.  
Ақымаққа айтқан насихат  
Дәл осымен тең еді.  
Қазағым, саспайсың,  
Ілгері баспайсың.  
Арамнан сейіліп,  
Сескеніп қашпайсың.  
Қазағым, надансың,  
Өнерден амансың.  
Мың салса бір баспас,  
Жігер жоқ, шабансың.  
Оянып, ойланып  
Өнермен жұмысың жоқ.  
Ел кезіп, ет аңдып,  
Есекше қарның тоқ.  
Дүние бір қисық жол бұраңдаған,  
Бақ тайса, мал менен бақ құралмаған.  
Күніне мың бір пәле көрсең-дағы,  
Сабыр қыл, үміт үзбе бір Алладан.



### **Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893 – 1920)**

Сұлтанмахмұт Торайғыров бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. ХХ-ғасырдың 10-20 жылдары Абай дәстүрін жалғастыра отырып, поэзияның барлық жанрларында елеулі туындылар берген ірі талант. Туғаннан жоқшылық азабын тартып, жастай ауруға шалдыққан ақын 27 жасында атақонысы –Баянауылда дүние салады.

Ел болуға алдымен білім тірек,  
Бір сөзді, бір ауызды намыс керек,  
Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің,  
Алты ауыз азғын болсаң қоян жүрек.

Сүйемін туған тілім – анам тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан  
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Іштен өсіп адамдық,  
Сырттан түлеп жамандық,  
Тазарып әбден кеткенше;  
Талай шаштар ағарар,  
Талай тәнді жер алар,  
Талай буын қуарар,  
Талай өмір суалар.

Бір қараумен ерітесің  
Жүректің суық мұздарын.  
Бір күлумен серпесің  
Тағдырдың суық ызғарын.

Адам сәні барлық шақта,  
Абырой, бірлік ынтымақта.  
Шында ғана тұрақтылық,

Күйе жұқпас көңіл аққа.  
Көп күндер көпті істейді, көпті істемек.  
Адамзаттың ақылы күнде үстемек.  
Ақылдың өскен сайын айтатыны:  
"Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек"  
Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?  
Оны жасырар адамның күші бар ма?  
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,  
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?  
Қызық жаныңды қыздырар,  
Қайғы қаныңды бұздырар.  
Лайық ел болуға ісің бар ма?  
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма?  
Адамға аса қымбат балалық шақ,  
Ойға кіріп-шықпайтын сор менен бақ.  
Қаніпезер адамды өлтіреді,  
Күншілдер жүректі өлтіреді.  
«Тумыстағы мінезді ешкім жеңбес,  
Адамды әлді қылу қолдан келмес,  
Түзесе, жаратылыс өзі түзер» -  
деген сөзге сондықтан көңілім сенбес.  
Жетуге құмар жоғары.  
Қайдан жаман болады?  
Талпыну бар, талап бар,  
Бүйткен адам оңады.  
Еңбек, бейнет тарауы  
Рақатқа сарқылар.  
Қызарып күннің қарауы,  
Надандық теңізі тартылар.

\*\*\*

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға «Алаш!» деген атты аламын.  
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?!

... Алтай, Ертіс Сырдария, Есіл, Жайық,  
Арасын қоныс қылдым ірге жайып.  
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,  
Ер жеттім ен далада лықа байып.

Ер Түрік ұрпағымын даңқы кеткен,  
Бір кезде Еуропаңды тітіреткен.  
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,  
Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.

Кешегі хан Шыңғыстың ұрпағына,  
Талай царь, талай князь тәжім еткен.  
\*\*\*

Барлық адам баласы  
Өзіндей көрсе өзгені –  
Озбырлық өшіп қарасы,  
Өзімшілдік өлгені.  
Кедей, жалшы, қарттың да  
Бірдей болса арасы –  
Шын әділет таптың да,  
Теңеліп қолдың саласы.  
Әлемдегі ғаламат,  
Игілікке арналса.  
Өнері ортақ азамат,  
Еңбекте ғана арланса.  
Оқу-білім өркеймек,  
Елге егіп пайдасын.  
Ел жетіліп көркеймек,  
Өнер қанат жайғасын.  
Әлемдегі терең сыр,  
Ғылыммен ғана ашылмақ,  
Асау, тағы, ой мен қыр  
Керекке жарап бас ұрмақ.  
Сондай елді көре алмай,  
Ақын Абай зарыққан.  
Соңынан елі ере алмай,  
Қайғыда жүдеп қамыққан.  
\*\*\*

«Кәпір» бар, «мұсылман» бар - барлығы адам.  
Оларды алалайтын қандай надан!  
Өнер, білім, әділет кім қолдаса,  
Қай ұлт болсын — бәрі бір бауыр маған.

\*\*\*

Алаш туы астында,  
Біз – алаштың баласы.  
Күніміз туып, көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған.  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы

\*\*\*

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда, кім болам?  
Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін!  
Еңбек, бейнет тарауы  
Рақатқа сарқылар.  
Қыздырып күннің қарауы  
Надандық теңізі тартылар.  
Орны отайып көгерер,  
Қызығын жайлап ел көрер.  
Тұрмыс, тағдыр - бірі де  
Бұл мақсаттан бұра алмас;  
Қаһарман, Рүстем, Әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың күлісі,  
Алдандырмас бірісі.

\*\*\*

Жақсылық көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
«Тағдыр қылды» деулерді  
Шығарамын сөзімнен.  
«Өзім қылдым» деулерді  
Таса қылман көзімнен.

Жазалы емес құдай да,  
Күн мен жұлдыз һәм ай да.  
Жұмақ күткіш наданның,  
Орны дозақ әр қайда.  
"Теңгерер соңыра" — деген сөз -  
Тек жұбатқан бір айла.  
\*\*\*

Анау қырда татар тұр,  
Басқалармен қатар тұр.  
Мынау ойда қазақ тұр,  
Қастарында азап тұр.

Ұйқысы көп, ояу аз  
Бұл не деген ғажап тұр?  
Бұл ұйқысын ашпаса,  
Надандықтан қашпаса,  
Басқаларға мазақ тұр.  
\*\*\*

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап, тоқы көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,  
Өлең оқып не керек?  
Не айтқанын сезбесең,  
Жарапазан не беред?  
\*\*\*

Сусыз, шетсіз шөлдерден,  
Тұманды, түпсіз көлдерден,  
Адамдық көші өткенше!  
Қасқыр мен қой дос болып,  
Достықсыз өмір бос болып,  
Шын өмірге жеткенше!

Ер барма елі үшін жан қиятын  
Басшы бар ма етегіне ел сыятын?  
Жанның бәрі өз ісін мақұлдайды,  
Адам қайда сезетін ар-ұятын?  
\*\*\*

Үміт қып менен қарайсың,  
Көңіліңе медеу санайсың.  
Балалыққа жарасам,  
Аталыққа жарайсың.

Қайтейн, елім, қимаймын,  
Қия алмай жанды қинаймын.  
Қимай қалсам, ішінде  
Тағы тыншып сыймаймын.  
Алты қырдан ассам да,  
Сөздеріңді сыйлаймын,  
Тек қалауым сіздерден:  
«Серіктікті» милаймын.  
Сіздерге әкеп шашуға,  
Ілім, білім жинаймын.  
«Тым болмаса екі жыл тұрмадым: іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп  
барамын» деп, арман етеді.

**Мағжан Жұмабаев**  
**(1893-1938 ж.ж.)**

Мағжан Жұмабаев қазіргі Солтүстік Қазақстан жерінде дүниеге келген. Абайдан кейінгі дәуірдің ең көрнекті жаңашыл ақыны, түркі әлеміне мәшһүр ұлы талант. Халқымыздың Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов сияқты ардагер көсемдерінің ұлттық тәуелсіздік идеяларының жалынды жаршысы. 1929 жылдың нәубетіне ілігіп, 8 жыл айдауда болған ақын. 1937 жылы елге оралғаннан кейін, көп өтпей, желтоқсанның 30-ында «халық жауы» деген жаламен қайта ұсталады да, 1938 жылы нақақтан атылады.

Қараңғы болса қанша түн,  
Жұлдыз сонша жарқырар.  
Бұлт басса да, Алтын күн,

Бір шығар, жерді жарық қылар.  
Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!  
    Бұл жалған ойын емес, бейнет жері  
    Қылғанға адал еңбек зейнет жері.  
    Жалғанның бір мүшесі бола алмассың,  
    Қиналып, маңдайыңның ақпай тері.  
Қорықпа, ұмтыл, соқса дауыл, ескегіңді ес,  
Деп жатпа: «Алма піс те, аузыма түс!»  
Бейнет, еңбек қылмасаң босқа өлгенің,  
Құрғақта қайық жүрмес, үмітіңді кес  
    Үнсіз өмір - сөнген көмір,  
    Отсыз жүрек - бос қуыс.  
«Тәңір» де жоқ, «тәубе» жоқ,  
Жаным қалай тазарсын?  
    Көлі кетіп, шөлге айналса, жер жетім,  
    Ері кетіп, шер байланса, ел – жетім.  
Ой деген бір дария ғой тұңғыық.  
Ой қажытар бір қайғы, бір нұр құйып.  
Ой деген - сел, онда құлан қағы жоқ,  
Ой дегенің - таусылмайтын кермиық.  
    Талқыға салмай шындық табылмайды,  
    Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.  
Заман азған шағында адам азбақ,  
Кей ерлер жаумен бірге елін шаппақ.  
    Басы – сайран, сұм жалғанның соңы – ойран,  
    Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан!  
Тіл – адам жанының тілмашы.  
Ақылы асқан данышпандар елінде  
Бағаланбай, қырын көзбен қаралар.  
Шетке даңқы, атағы асып кеткенде,  
Абайға: Қарсы болар ауылында ағалар!

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Өлемнің құлағынан әні кетпес!  
Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,  
Қисайып, қыңырайды жұртың ниеттес!  
Бұртиып, теріс қарап:  
«Аулақ жүр!»- деп,  
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.

Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:  
«Қор болды қайран сөзім босқа!» - деме.  
Артыңда қазақтың жас балалары  
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеке!  
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын  
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.  
Жүрген жанның артында ізі қалар  
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.  
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
Шешен өлсе, артында сөзі қалар!  
Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.  
Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,  
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

\*\*\*

Түркістан — екі дүние есігі ғой,  
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой .  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.  
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.  
Ертеде Оқыс, Яқсарт —Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында  
Табасың қасиетті бабаң бейітін...  
Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?  
Көп түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?  
Арыстан елге Отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.  
Әділ хан аз болады Назардайын,  
Алашқа Есім ханның жолы дайын.  
Тәукедей данышпан хан құрған екен  
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.  
Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан



Алаштың арыстаны — Абылай ері...

\*\*\*

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,  
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.  
Жастық- алтын, қайтып келмес күнімде  
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.  
Жаратылдым топырағыңнан, сен-түбім  
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.  
Сенен басқа жерде маған қараңғы,  
Жарық болар Шолпан, Айым, сен- Күнім.  
Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,  
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.  
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,  
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!  
Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,  
Батпағында тең құрбымен алысып.  
Түнде- ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз  
Үйретем деп асау тайға жабысып.  
«Адам басы- Алла добы» деген рас,  
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.  
Кім біледі, мен де шетке кетермін,  
Туған жерім, сені тастап басым жас.

\*\*\*

Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,  
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп.

Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,  
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,  
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,  
Қанды жаспен екі көзін шылатпай...

Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?  
Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?  
Күні туып, оңынан – Күн, солдан – Ай,  
Оқумен жайнатып дүкен құрар ма?

**Мұхтар Шаханов**

**Төрт Ана**

Тағдырыңды татырсыздық індетінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.  
Әр адамда өз анасынан басқа да,

Ғұмырына етер мәңгі астана.  
Демей жүрер, жебей жүрер арқада,  
Болу керек құдыретті Төрт ана:  
**Туған жері** – түп қазығы, айбыны,  
**Туған тілі** – мәңгі өнеге айдыны,  
**Жан байлығы, Салт-дәстүрі** – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі.  
**Және Туған тарихы**  
Еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Құдырет жоқ Төрт анаға тең келер  
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.  
Өзге ананың ұлылығын танымас,  
Төрт анасын менсінбеген пенделер.  
Төрт анадан сенім таба алмаған  
Татырсыздық басы қайда қалмаған?!  
Төрт анасын сыйламаған халықтың  
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.  
Қасиетті бұл – Төрт ана – тағдырыңның тынысы,  
Төрт ана үшін болған күрес-күрестердің ұлысы!  
\*\*\*

Егер орнына ештеңе салмай, таудың тасын ала берсең, күндердің күнінде тау да құлайды.

## **Мұхтар Шаханов**

### **Ұлтты сақтау күресі**

Аз ба бізде түрі қазақ журналистер, ғалымдар,  
Және ұлтын ұмытқандар - тойшыл әнші-дарындар  
Телеарнаны жаулап алды кілең ойсыз сарындар...  
Тойшыл қауым, сендерсіз де күн кешеміз... барындар!

Неге осындай қиын шақта бірікпеді үніміз,  
Ұлтты сақтап қала алмасақ, бір тиын ғой құнымыз.  
Біле ме олар «американдық» ұлттан құрап өткелін,  
Еліміздің «қазақстандық ұлтқа» еніп кеткенін?

«Барлық ұлттан бір ұлт жасау» айнала ма «ғажапқа»,  
Онсыздағы тең жарымы орыстанған қазаққа,  
Онсыздағы ұлт мұңынан қалыс қалған қазаққа,  
«Тіл» мен «ділді» ұлтшылдық деп намыстанған қазаққа?

Үш жүз жылдық орыстану саясаты бұл күнде  
Шыңға шықты. Енді оны бұру, тежеу мүмкін бе?  
Ел талғамын тұқыртса да ұлтсыз, рухсыз мазақ хал,  
Бірақ соны бақ санауда кейбір шалақазақтар.

Баба даңқы қанат қаққан қасиетті өлкеде,  
Алғанымен қазақ тілі мемлекеттік мәртебе,  
Билік түгел бір-бірімен орысша тіл қатуда,  
Көбі әбден дағдыланған ұлт мүддесін сатуға.

«Қазақстан - Ресей ғой...» деп Дугиндер толғанса,  
Амалың не, билік парқы жалтақтыққа жалғанса?  
Тіл, рух, қызмет - бәрі орысша, орысша ойлар миың да,  
Кезең туды қазақ тілі бағаланған тиынға.

«Өз анасын сыйламаған өзге ананы сүйе ме,  
Және мұны бағындырмақ қай адами жүйеге?» -  
деп оларға Лев Толстой күле назар бұрғандай...  
Қазақ халқы әлі Ресей бодауында тұрғандай.  
«Қазақстандық ұлт», әрине, ұлтсыздарға өте қол,  
Қазақтарды мәңгүрттікке апаратын төте жол.  
Біздің билік «қазақстандық ұлтпен» бағын сынамақ,  
Бұлай ету АҚШ-қа да, Ресейге де ұнамақ.

Америкаға ұнайтыны - тексізденіп санамыз,  
Ол үлгі еткен ұлтсыздану жолын таңдап аламыз.  
Ресейге ұнайтыны - жойылса ұлт-анамыз,  
Орысша әуен саламыз да, орыс болып қаламыз.

Космополит кей қандасқа, ел мүддесін сорлатып,  
Тіл үйреніп бас қатырмай, орыс болған зор бақыт.  
Баба рухы, баба тілі құбыжықтай көрінген,  
Не дейміз ол сорлыларға тамырынан жерінген?

Билік төрін елде, шетте тек орысша сайраған,  
МҒҚ-лар - «Мордиясы ғана қазақ» жайлаған.  
Мемлекеттік тілдің өзін допша теуіп ойнаған,  
Әр жыл сайын сол жаңылтпаш мінезінен таймаған.

Саралауға ұлтсыздықтың, сатқындықтың қыспағын  
Әр қазаққа керек бүгін мүлде жаңа ұстаным:  
Мейлі, қандай мамандықтың болса да олар өкілі,  
Мейлі, банкир, кәсіпкер ме, жұртқа жүрер өкімі.

Бір-сәт тежеп атқарылар қызметін құлқы үшін  
Толғанбаса жойылуға бағыт алған ұлты үшін,  
Орыстанған жанұясында күреспесе тілі үшін,  
Сын сағатта өз ұлтымен бірге алмаса тынысын,

Бұған қоса намыссыздық сырқатынан сорласа,  
Құжатында «қазақ» болып жазылғаны далбаса!  
Хақымыз бар ондайларға сөз арнауға бөлектеп:  
«Тәлім берген ата-анана және өзіңе нәлет!» - деп...

.....  
Тіпті заңғар дарын болсын... бәрі, бәрі бос елес,  
Ұлтсызданған рухсыздардың бізге ешбірі дос емес!

### **Зауалнама ақыл туралы**

(Дендірлік саясатқа пікір)

Бисмиллаһир Рахманир Рахим.  
Жаратушым жанды берер кезінде,  
Ақыл аздап құрбан бопты төзімге.  
Аз ақылды - тән еншілеп алғанда  
Жұлдыздай боп шашырапты - сезім де...

Содан болар ақылға бар - тапшылық,  
Тапшылықтан қашқақтап жүр - жақсылық.  
Аздау ақыл тура таппай иесін,  
Ақымақтың қолында жүр - басшылық.

Содан болар, ақылға көп зәрулік,  
Зәруліктен жүрміз кімді... дәру ғып.  
Айырсақ та жақсыменен жаманды,  
Ақымаққа бас иеміз -Тәңір ғып.

Содан болар, ақылға көп - өкпелі,  
Аяз бидің - есінде жоқ шекпені.  
Шоқ қадірін түсінбестен жердегі,  
Жұлдыздарға ұмтылады көктегі.

Ақыл емес, төрге шықты - "таңдайлар",

Қор болып жүр содан қасқа маңдайлар.  
Ақыл тапшы - ақыл сатқан заманда,  
Ақымақтар алшаң басқан жағдай бар...

Жүрміз содан бар шындықты айта алмай,  
Бәйге алып жүрген жоқ қой байтал - жай...  
Ақыл болып - бедеу бикеш төрге озды,  
Жатырының - қарғысынан тайсалмай...

Батыл дейміз, батыр дейміз әйелді,  
Келісетін пікір ме осы, әй, енді...  
Еркегі - есті елде айтылар сөз бе осы,  
Қатын бастап, қорғап қап еді қай елді?!..

Мен әйелді жан емеспін қорлаған,  
(Еркек байқұс... күні бітіп сорлаған?)  
124 мың пайғамбар өтсе егер  
Бір пайғамбар неге әйелден болмаған?!..

Бір пайғамбар неге әйелден болмаған,  
Түсініксіз жағдай емес ол маған...  
Аналықтан бар ма абырой асатын,  
Сәбиімен ғасырларды жалғаған.

Ақылды ұстар - тек ақылдың иесі,  
Иесі - Жан адамзатқа тиесі.  
Сол иенің ала берсек мазасын,  
Бізді ұрар аз ақылдың киесі!..

### **Зауал**

Бисмиллаһир Рахманир Рахим.  
Бүдкіл әлем - бір шатырдың ішінде,  
Бүдкіл әлем - бір жатырдың ішінде.  
Сәби шығар тербетілген сол бесік,  
Тербетілмей әбігерге түсуде...

Біз қадірін ұмыттық па бесіктің,  
Бұл сұраққа берер жауап шешіп кім?  
Бесік біткен жатар сәби іздесе,  
Сәби біткен құрсауында "тесіктің".

Іңгаланар үндер өшіп барады,  
Қара бұлыт - аруақтардың қабағы.  
Ұрпақ үшін жауап берер - тірілер,

Ұрпағына үрке неге қарады?!

Бұл қазақтың неге ұрпағы өнбеуде,  
Жігіт біткен болғаны ма көр кеуде...  
Балағында бала ойнаған қайда ана,  
Жаратылған бесіктерді тербеуге?

Көше - бүгін тандырады есімнен,  
Қызда иба кем, тыр жалаңаш «шешінген»...  
Күні кеше киіз үйде-ақ бұ қазақ,  
Баласымен бай еді ғой – өсірген.

Қайда кеткен мейірімі ананың.  
Бақыты үшін жаратылған баланың.  
Жатырына қанды қолын салғандар –  
Жеткізуде ақыр заман хабарын.

Қажыды ма, шаршады ма, ақындар,  
Бала қайда, ұрпақ қайда, қатындар...  
Мына қазақ жойыла ма шынымен  
Түскен сайын асылдар мен жатырлар...  
Зауал, зауал...  
Біз алжыдық ақылдан,  
Қорықпаймын, жарылады деп атомнан.  
Мен тілімді калимаға келтірем,  
Нала қарғыс келмесін деп жатырдан!

\*\*\*

Сүю үшін,  
Туу үшін жараған,  
Кей келіншек қашқақтап жүр баладан.  
"Қылмыс емес алып жатқан - жағадан",  
Дейді - дағы, мән бермейді жан адам.

Дейді дағы мән бермейді қылмысқа,  
Сана қалып, Берілдік пе тұрмысқа.  
Құрбан етіп қанша жанды... жатырмыз,  
Ғұмыр үшін, тірлік үшін тым қысқа.

Көп білеміз,  
Көп оқимыз бәріміз,  
Көп білгеннен  
Құлай сүйген жарымыз -  
Қылмыс қылсын, - солар жайлы - әніміз  
Ойланарлық уақыт жоқ - әлі біз.

Бір жолдасым болды кеше азалы,  
Жалғыз ұлы болды-дағы қазалы.  
Келіншегі кесті өзіне - жазаны...  
Ал жолдасым, жоғалтты бар мазаны  
Тіршіліктің мазағы-ай... мазағы!...  
...Сүю үшін,  
Туу үшін жараған,  
Кей келіншек қашқақтап жүр - баладан...  
Болашақты алмайықшы жағадан,  
Ой бағайық, ойланайық, ей адам!..

## **Х- тарау** **Тәуелсіз елдің тарихы**

### **Елу жыл елін қорғаған**

**(Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарындағы  
Абылай ханның рөлі (XVII-XVIII ғғ.)**

Біздің қазақ арасында жоңғарлар туралы ғылыми мағлұмат нақты емес. Тарихи деректемелер тым аз, айғақталып ашылмаған, өңделген, бұрмаланған ұғымдар бар. Мысалы, Жоңғар атауын ойраттан, ойраттарды қалмақтардан ажырата білмеушілік байқалады. Сондықтан біз сөз басында ойрат, қалмақ, жоңғарлар туралы кейбір мағлұмат бере кетуді жөн көрдік. Ойрат атауы моңғолдың «Құпия шежіресіндегі» (ойн+ард=орман жұрты) деген ұғымнан

тараған. 1207 жылы Жошының орман жұртына жасаған жорығы кезінде өз бетімен берілгені үшін Шыңғыс ханмен құда-құдандал болысып, сүйек жаңғыртқан Хутуга Бектің жұрты кейінірек моңғолдардан жеңіліп, батысқа үдере көшкен наймандардың иен қалған жұртына келіп қоныс тепті. XVII ғ. ойраттың төрт тайпасы: (Чорс, Дурбэд, Торгут және Хошут) белгілі болды да, олар «Төрт ойрат» атанды. Оларды 1634 жылға дейін Қара құла ноян, 1634-1663 жылдары Хотогчин батыр Хонтайшы басқарды. Ол аталған төрт тайпаның басын қосып, ойраттардың біріккен мемлекетін құруға әрекеттенді. Хонтайшының бұл әрекетіне Торгут тайпа басы Хө Өрлөг қарсы шығып, 1607 жылы қарамағандағы елу мың отбасы, екі жүз елу мың халқын ертіп, Есіл, Тобыл, Жем өзені, Батыс Сібір арқылы батысқа жылжып, Еділ бойына барып тұрақтады. Сәл кейінірек олардың соңынан Хошуттың Байвагас ханының ұлы Хөндлэн уваш тәйжі 3000 отбасымен көшіп барды. Ел-жерінен ауып кеткені үшін жергілікті моңғолдар оларды «Халимаг» немесе «ата жұртынан ауып кеткендер» деп атады. Көшкен қалмақтың қазіргі мұрагері РФ құрамындағы Қалмақ Республикасы.

Шыңғыс ханның інісі Хавт Хасардың XVIII ұрпағы Хошут тайпабасы, Хар Хул ноянның ұлы Хотогчин батыр 1635 жылы төрт ойраттың басын қосып, Ойрат-Зүүн гар ұлысын құрып, өзін Жоңғардың хонтайшысы деп лауазымдады. Мұндағы «Zuun gar» дегені - сол қол немесе сол қанат, ал «Huntai su» дегені қытайдың мұрагер сөзінен алынған, Юань мемлекетін билеген Алтын әулеті хандарына берілген атақ-лауазым.

Хонтайшының жасаған алғашқы үлкен қадамы 1640 жылы шілде айының басында Тарбағатайдың Улан-Бура деген жерінде жалпы моңғол ақсүйектерінің құрылтайын шақыруы еді. Құрылтайға орталық Моңғолия, Ойрат, Хөхнор моңғолдары, Еділ қалмақтарының атынан 28 ірі ноян қатысты. Нәтижесінде «Моңғол - ойраттың ұлы жарғысы» атты әйгілі заң жобасын қабылдады. Бұл тарихта «Галдан Хонтайшының жарлық хаттары» деп те аталады.

Бұл іс жүзінде Шыңғыс хан құрған ұлы державаны қайта тірілтуге бағытталған «амбициозный» саяси-стратегиялық жоба болатын. Жарғы бойынша моңғол нояндары мен дінбасыларына жер иемдену төтенше құқы берілді. Бұл көрші қазақтар үшін аса қауіпті қадам болатын. 1) Жоңғарлармен қазақтар жайылым жер үшін үнемі қақтығысып келді. 2) Дәл осы кезде Жәңгір сұлтан жоңғар тұтқынында болатын. И. Фишердің «Сібір хабаршысы», Зая Бандиданың «Айдың нұры хэмээх дүр» жазылымында хабарлауы бойынша, Жоңғар-қазақ аралық соғыстар 1635 жылы Есім ханның тұсында басталды. Соғыс 120-125 жылға (1635-1757) жалғасты.

Соғыс процессін үш кезеңге бөліп қараған дұрыс сияқты.

1) Қазақты Есім, Жәңгір, Тәуке хандар басқарған 1635-1715 жылдар. Бұл кезеңде жеңіс пен жеңіліс алма-кезек болып тұрды. Орбұлақ шайқасы (1643 ж.), Жәңгір ханның өлімі (1652 ж.), Тәуке ханның дипломатиялық қадамдары осы кезеңге жатады.

2) Екінші кезең 1723 жылы жоңғарлар қазақ даласына басып кіруінен басталған қазақтың Ел, жерін азат ету үшін жүргізген Отан соғысының



басталуы. Алғашқы жеңілістер, Ордабасы (1726 ж.), Бұланты, Итішпес (Алакөл), Аңырақай шайқасы оқиғалары жатады.

3) 1730/31 жылдары басталып, 1758 жылы отанын азат еткен үшінші кезең Абылай ханның атымен тікелей байланысты. Бұл кезеңге Алакөл, Ертіс, Шаған, Ласты-Шорға шайқастары, Түркістан, Алтай, Тарбағатай, Ертіске дейінгі өлкені азат ету жорықтары, қазақ жерін қырғыздардан азат етіп, Отан соғысын жеңіспен аяқтаған жылдардың оқиғалары жатады.

Шығай хан, Жәңгір хан, Тәуке ханның тұсында жеңіс пен жеңіліс алма-кезек болып тұрды. Ал 1723 жылы басталып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атымен есте қалған 30-32 жылдық соғыс қазақ үшін нағыз қанкешті, қияметті оқиғаларға толы болды және орта ғасырларда орын алған зұлматтың (геноцид) бірі саналады. Енді соғыстың алғы шарттары мен себептеріне қысқаша тоқталып көрелік.

1697 жылы хонтайшының бесінші ұлы Сэнгэнің ұлы Цэвэн-Равдан билікке келді. Цэвэн-Равдан әккі саясаттар болып шықты. Ол елінің ішкі бірлігін біршама нығайтып алғаннан кейін, әуелі Сібірге көз тіге бастады. 10 мың сайлауыт қолы бар Сібір шекара әскери тобын құрды. Бұл кезде Сібірдің көлемді бөлігін қолға түсірген орыстарда қарап жатпай, 1714 жылы подполковник Н.Д. Бухгольцті 4,5 мың қолмен Жоңғар шекарасына аттандырды. Қол 1715 жылы шілде айында Тобольскіден аттанып, Жаркентті басып өтіп, Қамыстыға (Ямышев) келіп, әскери бекініс құра бастады. Бір жылдан кейін Жоңғар қолбасшысы Цэрэн-Дава 10 мың қолмен орыстарға шабуыл жасап, Ресей қолын тас-талқан (тек 700 адам құтылған) етіп шегіндірді. Осы шайқаста Полтава соғысының тұтқыны, ұлты швед инженер Иоган Густав Ренат жоңғарларға қолға түсіп, көп жылдар бойы Жоңғарияда болып, әскерлерге темір қорытып, зеңбірек құю, оқ-дәрі, отты мылтық жасауды үйретті. Бұл өзгерістер Жоңғар әскери күшіне реформация әкелді. Ол жоңғарларға Жетісудың соғыс картасын да жасап берді. Карта 1881 жылы Швециядан табылды. Иоган Густав Жоңғарияда 17 жыл (1716-1733 жж.) тұрып, жоңғардың арбалаған сый-сияпатымен Ресей арқылы еліне қайтады.

Цэвэн-Равданның кезінде жоңғар мемлекеті халқының саны 600 мыңға жуық, тұрақты әскерінің саны 60 мың, ал соғыс кезінде оны 100-120 мыңға дейін жеткізетін мүмкіндігі болды. Жоңғардың күші Шығыс Түркістан, Орталық Азияның Турфан, Жаркент, Қашғар, Ақсу, Бұқара күштерімен толықты. 1707 жылы Тибеттің орталығын басып алды. Жоңғардың бұрынғы бас қаласы Қобданы өзіне қайтарды. Ендігі жерде ол Орталық Азияны нысанаға ала бастады. Орталық Азияға өтер жолында қазақтар тұрды. Ал, біздің қазақтарға келсек, 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болып, қазақ ақсүйектері арасында хан тағы үшін күрес басталды. Ақыры Болат хан таққа отырды. Бірақ Сәмеке, Күшік сұлтан, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Болаттың хан сайлануына қарсы шықты. Шынымен де, Болат хан халқын ұйыстырып, хан, сұлтандарды бірлікте ұстай алмады. Оның үстіне қазаққа солтүстігінен орыс, казактар, Еділ жағынан қалмақ, башқұрт, ноғайлар, оңтүстігінен түркімендер қауіп төндіріп тұрды.

Жоңғарлар қазақ жерін орыс, казак, башқұрттардан бұрын басып қалуға асықты.

Цэвэн-Равдан өзі бастап, зеңбірек, отты мылтық мушкет, жарылғыш заттар, арбалет және көшпенділердің бес қаруын асынған 40 мың атты әскердің күшімен 1723 жылы маусым айында Ертіс, Тарбағатай, Алакөл, Зайсан, Жоңғар қақпасы, Сарқант, Қапал, Ақсу, Лепсі арқылы қазақ даласына кенеттен басып кірді. Олар үш топқа бөлінді. Цэвэн-Равдан өзі бастаған 20 мың қол Жетісу арқылы Шу, Талас, Түркістанға қарай бет бұрды. Дава - Дай-чинг (Шоно-Дава) бастаған 10 мың қол Ертістен шығып, Алакөл, Зайсан, Сарқант, Ақсу арқылы Балқашқа қарай жылжыды. Галданцереннің қолы Бороталдан шығып Текес, Шарын өзені арқылы Ыстықкөлді бөктерлеп, Ұлы жүз жеріне басып кіріп, Түркістан, Ташкент, Сайрамды басып алды. Қазақ хандығында тұрақты қарулы қол болған жоқ, сауын айтып та үлгіре алмады. Жоңғарларға фронтальдық қарсылық көрсете алмай, қазақ ауылдары жоңғарлардың ат тұяғының астында қалды. Сөйтіп Жоңғар Алатауынан - Балқаш, Жетісудан - Түркістанға дейінгі қазақ даласының үштен бірін жоңғарлар басып алды. Қазақтар ата-мекендерін тастап, Ұлы жүз Ходжентке, Орта жүз Хиуа, Самарқанға қарай босты. Бұл оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен есте қалды.

Иә, 1723 жылы Түркістан түбінде жоңғарлармен болған шайқаста Әбілмәнсүрдің (Абылай) әкесі Уәли Бақы қаза тапты. Ш. Уәлихановтың айтуынша, әкесі өлгенде Әбілмәнсүр 12-13 жастағы бала болатын. Әбілмәнсүрдің «Абылайлап» ұран салып, әскери-саяси сахнаға шығуы 1730-1731 жылғы ұлы шайқастардың бірі. Қайсыбір ғалымдар мұны Аңырақай шайқасы деп бағамдайды. Бірақ бұл қорытынды ғылыми тұрғыдан нақтыланған жоқ. Шайқас Әбілмәнсүрдің 19-20 жасқа толған жылы болғаны рас. Осы оқиғадан кейін оның өмірінің 50 жылы (1731-1781 жж.) Жоңғар, Орыс, Чин державасына қарсы күреспен өтті. Жоңғарлар онсыз да түсінікті. Абылай хан жау жағадан алған қысылтаяң шақта 1740 жылы Ресеймен «Тәуелсіздік шартына» қол қойғанымен (ол кезде Бас және Орта жүздің ханы Әбілмәмбет болатын), іс жүзінде орысқа тәуелділігін мойындамады. Сондықтан ол орыстардың қысымына көп түсті. Бірақ кеңес, орыс тарихшылары осы қадамы үшін Абылайды кінәлаумен болды.

Бұрынғы Қазақ ССР тарихының I томының авторлары «Тек Россиямен қарым-қатынастың күшеюі, орыстардың туысқандық қалтқысыз көмегі қазақ халқының азаттық күресіне көмектесіп, оларды жау тепкісінде қалу қаупінен құтқарып қалды» десе, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты еңбекте тіптен «Абылай ханның өлімін ел мүддесінен жырақтап, күшті де мейірбан Россиядан қол үзгендігінен болды» деп жазыпты. Қош делік.

I Петрдің Қазақстанды жаулап алу саясаты Жоңғар шапқаннан бұрын басталмады ма? I Петр Жоңғар шапқыншылығынан бір жыл бұрын, 1722 жылы Парсы жорығынан қайтып келе жатқан жолында Астраханға тоқтап, қазақтың кең даласына көз тігіп тұрып, «Қазақ даласы барша Азия елдері мен жеріне өтетін қақпа екен», сондықтан «Барша Азия жұртына өтіп, олармен қатынас

жасау үшін қазақ ордасы біздің қол астымызда болуы шарт, осы мақсатта қолдан келгеннің бәрін жасау керек», - деп салған ...

Ойраттың Қара құла нояны Ресеймен ешқашан ешқандай да қайшылыққа баруға болмайды деп өз нояндарына мұқият ескертіп отырған. Қытай, моңғол деректеріне жүгінер болсақ, Жоңғарды батыр Хунтайшы басқарған 15 жылда (1635-1650 жж.) Ресей мен Жоңғар арасында 17 рет, ал 1720-1755 жылдары 19 рет елші алмасқан;

Қазақ жерін басып алған жоңғар Аблай тайшының адамдары Ресейдің алғашқы елшісіне жол серік болып, 1671 жылы Бейжиңге апарған. Сібірді жаулап алған Ермак, жоңғар Аблай тайшы екеуі дос болғаны туралы Зая Бандида жазды.

XVIII ғ. Ресейдің көптеген деректерінде «Абылайды Галданцереннің қамағынан орыс әскерінің майоры К.Миллер мырза азат етті» делінетін жансақ-пікір қалыптасқан.

Шынымен солай ма? Деректерге жүгініп көрелік. Егер орыстар шынымен Абылайды азат етуді ізгі мақсат тұтса, патшаға-патша хат жазуы керек еді ғой. Бірақ К.Миллер Галданцеренге патшаның емес, Орынбор губернаторы И.Неплюевтың хатын апарып тапсырмақшы болған. Жоңғарияға бара жатқан жолында К.Миллер қазақтармен кездескенде, Ұлы жүздің батыры Наурыз оның «Абылайды азат етуге бара жатырмын» деген сөзіне сенбей, хатты көрсетуін талап еткен. Бірақ Миллер ол хатты қазақтарға көрсетпеген.

Миллер мырзаның хатының сыры әлі күнге дейін ашылған жоқ. Кейбір деректерге қарағанда, Миллер Галданцеренге жетпеген. Шара Манж ноян оны өзінде екі ай ұстап, кері қайтарған. Бұл жоңғарларды шығысынан Чин державасы мен Халха моңғолдардың бірлескен күші қысып келе жатқан кез болатын. Жоңғарлар өз келешегін ойламауы мүмкін емес. Екіншіден, моңғол билеушілерінде Шыңғыс ханнан тараған хан ұрпағын өлтірмейтін салт бар. Абылай болса - хан ұрпағы. Үшіншіден, Төле би бастап барған қазақ өкілдерінің салмағы күшті болды. Галданцерен Абылай сұлтанды азат етіп қана қоймай, «қазақ-жоңғар арасында тату көршілік бітіміне» қол қойып, Жоңғар ханы қазақ елшілерінің әрқайсысына алтынмен аптаған қылыш, күміспен күштеген белбеу сыйға тартқан. Кейінірек Абылай хан Даваач, Амарсаналарды Чин державасына қайтарып бермеуіне аталған бітім, онда алған міндеттемелер әсерін тигізген. Орыстар Абылайдың бостандыққа шығуын қолдамағаны былай тұрсын, В.Моисеевтің айтуынша, Абылайдың босап шығуы Ресей билігін қатты алаңдатқан. В.Моисеев осыған байланысты И.Неплюевтің Сыртқы істер коллегиясына жіберген хатынан үзінді келтірген. Онда И.Неплюев «Абылайдың еркіндік алуы өте қауіпті» деп жазған. Нәтижесінде «қытайларға іш тартып отыр» деген желеумен Орыс патшасы 1771 жылы Абылайды қазақтың Бас ханы ретінде мойындамай қойған. Ол туралы жарлықта былай дейді: «Следствие этого предписано не выдавать Аблаю грамоту и другие знаки на ханское достоинство, а чтобы этот варвар сильнее почувствовал негодование, вызванное его поступками, велено прекратить выдачу ему жалованья». Бір жағынан, орыстардың қысымының күшеюі, екіншіден, 1745

жылы Галданцерен өлгеннен кейін жоңғар ақсүйектерінің өзара қақтығысуы салдарынан Жоңғар хандығының әлсіреуі Абылай ханды дипломатиялық екіжақты саясат жүргізуге мәжбүрледі. В.Бартольдтың айтуынша, Абылай Ресей саясатының тек өз еліне тиімді тұстарын ғана қолдап отырса, жоңғарлар үшін кейбір қайырымдылық қадамдар жасағаны белгілі.

1. 1751 жылы Жоңғарияда болған орда төңкерісінен қашып келген Дауашы (монғ. Даваач) Әмірсаналарды Абылай қамқорлығына алады. Жоңғар ханы Ламдаржа екі қашқын ноянды қайтарып беруін талап еткен. Осы мәселе бойынша Абылайхан Ұлытауда үш жүздің игі жақсыларын шақырып, жиын өткізіп, екі ноянды қайтару немесе қайтармау мәселесін ортаға салып, қайтармау керек деген шешім шығарған; Ламдаржа мұның қарымтасына қазақтың керей, найман руларын шауып, 3000 жанды мал-мүлкімен айдап кеткен. Екі ноян өз еліне қайтып, Ламдаржаны өлтіріп, Дауашы ел билігін қолына алғаны белгілі.

2. Моңғолдардың 1755-1758 жж. ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі Әмірсана жеңіліске ұшырап, 1756 жылы қазақтың Орта жүз ордасына екінші рет қашып келген. Чин державасының ханы Әмірсананы тірідей ұстап әкел деген тапсырма беріп, Хадаха, Далданга бастаған дүйім қол аттандырған. Олар қазақ шекарасына келіп, Абылай ханға «Әмірсананы ұстап бер немесе жеріңе басып кіреміз» деген шарт қояды. Абылай хан бұл шартты қабылдамай, олардың алдынан Әмірсана және шұбарайғыр руынан шыққан Қожаберген батырды аттандырады. Екі жақ 1756 жылы шілдеде жеті күн айқасып, ақыры екі жақ та шегінеді. Абылай жағдайды ушықтырмау үшін, Әмірсананы Ресейге шығып кетуге кеңес береді. Бұл іске Ресей дипломаттары да араласқан. Әмірсана 1757 жылы орыстың Тобольск қаласында іш сүзегі ауруынан өлген.

3. 1607-1628 жылдары қалмақтар Еділге барып, 143 жыл тұрып, 1771 жылы олардың бір бөлімі Уваши ханның басшылығында ата-жұртына оралу үшін кері көшеді. Көште 33 000 отбасы, 169 000 жан болған. Олар 4800 шақырым жол жүріп, жолда әуелі Ресей, кейін Кіші жүздің ханы Нұралы қолынан ауыр соққы алып, адамының 2-3-сі мал-жанымен қырылған. Чин императоры Абылай ханға елші аттандырып, қалған қалмақтарды жерінен аман өткізуін сұрайды. Абылай хан бұл ұсынысты қабыл алып, азып-тозған халықты өз жерінен аман өткізуге көмектесіп, Цянь Лун ханның алғысын алған. Бұл Абылай ханның қазақтың келешегі үшін жасаған қадамы болатын. Цянь Лунның жарлығымен осы жұрттың аман-есен оралуына байланысты Іледе ескерткіш тұрғызылған.

Жоңғар хандығы мемлекет ретінде 1758 жылы тарих сахнасынан жойылып, бұрын жоңғарлар басып алған қазақ жері Чин империясы билігіне өтуіне байланысты Абылай ханның дипломатшылдығының екінші тынысы ашылды. Абылай ханның Чин империясына жіберген елшілері, жолдаған хаттары, сауда керуендері туралы деректемелер топтамасы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелерінің» II, III кітабына енді. Профессор Н.Мұхаметханұлы және Б.Еженхандар бұл мәселелерді зерттеп, монографиялық еңбек жазды.

### **Жоңғар хандығы**

**Қазақша қалмақ, ойрат, қытайша элюттер, орысша зюнгар (жоңғар)** деген атаулардың бәрі — бір халық.

Жоңғар (жунгар, зюнгар) кімдер. Олар: 1. Шыңғыс хан әскерінің сол жақ қанаты, оң қанат-бурунғар (бұраңғар) деп аталған. Жоңғар XII ғасырдың аяқ кезінен бастап белгілі бола бастады. 2. Төрт ойрат тайпасының 17-18 ғасырлардағы жалпы атауы да жоңғарлар. Оларға 1635 жылы хойт тайпасы да келіп қосылған. Осы тайпалар одағының атауы - Ойраттар, Жоңғар хандығы деп жазылады. Жоңғар хандығының құрылуы мен сыртқы саясаты Ойраттардың жоңғар хандығы деп аталатын саяси бірлестігі 1635-1758 жылдары өмір сүрді. XVI ғасырдың ақырында ойраттар торғауыт, дөрбіт, хошоут, шорс деп ата-латын төрт ірі тайпалық бірлестіктен құралды. Торғауыттар Тарбағатай тауынан шығысқа қарай созылған жерлерді, дөрбіттер Ертіс өзенінің батыс жағын, хошауыттар қазіргі Үрімші маңын, ал шорстар Іле өзенінің бойын (бас жағын) қоныстанды. 3. Олар, әсіресе, орыстармен қатынасын жақсартқаннан кейін, Сібірдегі орыс қалалары мен бекіністеріне айырбас сауда жасап, олардан қару-жарақ сатып алып отырды. XVII ғасырдың басында ғана ойраттар ішінде қайратты, жаугер басшылар шыға бастады. Олардың ішіндегі біріншісі чорстың Қарақұла (Хара-Хула) тайшасы еді. Қарақұла барлық ойраттарды қазақтарды шабуға біріктірді, ақыр аяғы Жоңғар хандығы пайда болды. 1634 ж. Қарақұла өлгенде, билік оның Ұлы Батыр хонтайшыға көшті, ғылымда осы 1635 ж. Жоңғар хандығы құрылған жыл деп есептеледі. Қазақ жерін жаулау баяу және бірте-бірте жүргізілді. Әскери қақтығыстар мен бітімге келу қалмақтардың алдыңғы топтарының қазақ хандары мен сұлтандарының қол астына өтуімен кезектесіп отырды. 1598 ж. Тәуекел орыс патшасына өзін қазақ және қалмақ ханы деп жазады.

### **Қалмақ хандығы**

Қалмақ деп түркілер батыс монғолдарды айтатын болған. Олар өздерін ойраттар дейді, қытай кітаптарында элюттер деп аталады. Қалмақ деген сөз В.В.Бартольдтің тұжырымдауынша, мұсылман кітаптары ішінде Шараф-ад-Дин Иаздінің 1425 ж. жазылып біткен Зарафнамасында, мукадимасында бұл сөз түркілердің "қалу" деген етістігінен, ойраттардың отқа табынушылар қатарында қалғанына байланысты сияқты. Ал "ойрат" деген сөздің шығу тарихы әлі анықталмаған. Монғол зерттеушілерінің бірі бұл сөз "жақтастар" деген ұғымды береді десе, енді біреулері "ойарат" — "орман адамдары" дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. Бұл сөз ешқандай да ұғымға сәйкес келмейді дейтін зерттеушілер де бар.

**Қазақша қалмақ, ойрат, қытайша элюттер, орысша зюнгар (жоңғар)** деген атаулардың бәрі — бір халық. Қалмақ, ойрат, элют және жоңғар (сол

қанаттағы адамдар) деген сөздер чорос, хошауыт, торғауыт, дәрбәт деген батыс монғолдардың аттары. Олар XIV ғ. 2-жартысында "ойраттар одағын" құрып, монғол хандығының қол астынан кетіп, өз тайпаларының басқаруында болды. И.Я.Златкиннің айтуынша, сол уақытта олар шығысында Хангай тауының батыс жоталары, оңтүстігінде Гоби шөлі, батысында Моғолстан, терістігінде Ертіс пен Енисей аралығындағы онша үлкен емес аймақты жайлаған. Батыс монғол тайпалары өзара қақтығысатын еді, кейде бастары бірігіп қалатын, сондай күшейген кездері көршілерін шабатын. Олардан көп шапқыншылыққа ұшырайтын Монғолия еді. XV ғасыр-дың ортасында қалмақтарды қайратты да іскер Тоған (1418-1440), оның ұлы Эсен тайша (1440-1455 ж.) басқарды. Ол ойрат тайпаларын біріктіріп қана қоймай, өз билігін бүкіл Шығыс Монғолияға таратты. Эсен тайша өлгеннен кейін (1455 ж.) олардың саяси қуаты да уақытша таусылды. Алайда ойрат билігі онша ұзаққа созылған жоқ. XV ғ. 2-жартысында Монғолиядағы билігінен айырылды. Шығыс Монғолияның қалқа тайпаларынан жеңілген ойрат тайпалары өздерінің бұрынғы өріс-қоныстарынан айырылып, топ-топ болып қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар бірте-бірте қазақ даласына — Ертіс, Іле, Жетісу, Алтай, Тар-бағатай өңіріне ене бастады. Бұл арадағы жайылымдық жерлер үшін жергілікті тайпалармен қақтығысты. Бұл кезде бытыраңқы ойрат тайпалары қазақ хандарының шапқыншылығына ұшырады. Өздерінің алғашқы шабуылдарында сәтсіздікке ұшырап, қазақ хандығынан жеңілген ойрат тайпаларының бір бөлігі XVI ғ. қазақ хандығына бағынып, тәуелді болды. 1598 ж. Тәуекел өзін қазақ және қалмақ ханы деп жариялады. Сонымен, ойраттар алғашқы кезде Енисейдің бас жағында тұрды. Қырғыздардың жақын көршісі болды және одақ құрды. Ойраттар мен қырғыздардың Моғолстанға (Жетісуға) жорығы 1470 ж. болды. 2. Осы қозғалысқа қатысқан қырғыздар сол кезде Моғолстанның оңтүстік бөлігінде Тянь-Шань тауында орналасты және осында қоныстанып қалды. Қырғыздардың қазақтармен жақындасуы оларда ислам дінінің орнығуына әсерін тигізді және қырғыздар ойраттардан қол үзді.

1628 жылы Есім хан Қалмақ одағын талқандайды. Қалмақтар батысқа жылжи отырып, Еділ мен Жайық аралығында орналасады да 1633 жылы Қалмақ мемлекетін құрады. Қалмақ хандығы 1650-1771 жылдар аралығында Ресейге вассалды тәуелділікте болды. Ол шамамен 1650-1660 жылдары құрылып, 1664 жылғы жазда Ресей сюзерен ретінде оны ресми түрде өз вассалы санатына алды деп, тарихи шығармаларда жазылып жүр. Осы қалмақ хандығының негізін Дайшын тайшы мен оның мирасқоры Моншак (Пунчук) қалаған-ды. Ол 1650—1664 жылдар аралығында Қырым татарларына, қабардалықтарға, Дон, Запорожье казактарына, қазақтарға, башқұрттарға шабуыл жасап, Ресей мемлекетінің оңтүстік-шығысында шекарасын қорғап тұрды. Сол үшін орыс патшасы қоныстарын кеңейтіп, Дон бойындағы кеңістікті оған қосып берді. Қалмақ хандығының гүлденген кезі - Аюке ханның тұсында. 18 ғасырдың 2 жартысында Жоңғар мемлекеті жойылып, Кіші жүз бен Орта жүздің қазақтары Ресейдің қарамағына өтіп, Солтүстік Кавказ халықтары, Дон, Запорожье казактары толық бағындырылған соң Ресейге қалмақхандығы

керек болмай қалды. Патша тарапынан қысым күшейтілді. Үбіші хан 1771 жылы қалмақтардың көбісін бастап қазақ жері арқылы Жоңғарияға қарай қашты. Бұл «Шаңды жорық» деп аталады. Мұны пайдаланған Екатерина II - патша 1771 жылғы 19 қазанда арнайы жарлығымен қалмақ хандығын жойды.

### **Өзбек ханы**

Өзбек ханы - Шыңғыстың Жошысының тұқымы Ноғай өлген соң, біраздан кейін Алтын Орданың ханы болған кісі. Ол өз заманында мұсылман дінін мықтап нығайтып, аты шыққан. Мұсылмандықты бұрынырақ жүргізген Түркістан, Бұқар түріктері Өзбектің қол астындағы елдерді «Өзбек елі» деп атаған. Өзбек ханмен бірге мұсылман болған кейбір түрік-моңғол руларының өздері де кейін «Өзбекпіз» дейтін болған, қазақ атанған түрік-моңғол руларының да бірсыпырасы бір кездері өз ерін «Өзбекпіз» деп атап жүрген. Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтсақ: «Өзбек хан ұрпағының қол астындағы ел Түркістанды - Бұқарды келіп алғаннан кейін, бұларды «Өзбек» деп атау қалыптасқандай болған. Сондықтан, сол замандағы Үргеніш жеріне арнаған, «Өзбек» атанған түрік-моңғол руларынан қазіргі қазақатанып отырған Қоңырат руының ертедегісінен қазақша ертек-әңгіме-жыр болып жүрген, қазақтың «Алпамыс батырын» «Өзбек» деп те айтады. Қазірде «Өзбекпіз» деп отырған Самархан - Бұқар түріктері «Алпамысты» «өзіміздің тумамыз» деседі. Өйткені, Өзбек деген атқа, Өзбек ханның қол астында болған елдердің бәрі де ортақ болған» (С.Сейфуллин, «Шығармалар», 6 том. Алматы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964 жыл).

### **Сарттар**

Қалмақтар оңтүстіктің мұсылмандықты қабылдаған түркілерді сарттар деп атаған. «Сар» деген моңғол тілінен «ай» деген сөз. Ал «Сарт» деген «айлы» деген мағынада. Өзбектердің өздері отырықшыланғаннан кейін де өзбек руларына жатпайтын түркілерді «сарт» деп атауын жалғастыра берді.

«Сарт» ұғымын нақты бір этникалық немесе тілдік топқа теліп айту қиын. Орталық Азияның түркі тілді және парсы тілді тұрғындарының арасындағы басты айырмашылық олардың ұлты немесе сөйлейтін тілі емес, олардың көшпенді не отырықшы болғаны еді. Қазақтар, қырғыздар және түрікмендер тиісінше дала, тау және шөлде өмір сүрген көшпенділер болды да, отырықшы түркілер мен тәжіктер Хиуа, Бұқара, Самарқанд сияқты үлкен қалаларда немесе қыстақтарда («қышлақтарда») өмір сүргендіктен сарттар деп аталды. Бірақ бәрінің де ортақ атауы — түркістандықтар, немесе мұсылмандар еді.

### **Ел тарихындағы таңбалы оқиғалар жылнамасы**

1456–1470 жылдардың шамасы – Керей хан билік құрды. Орда орнықты.

1460 жылы – Керей мен Жәнібек Моғолстан ханы Есен-Бұғамен одақтаса отырып, қалмақ (ойрат) шабуылының бетін қайтарды.

1465 жылы – Керей ханның туы астындағы жұрттың саны екі жүз мыңға жетті.

1470 жылы – Керей мен Жәнібек Сыр бойына қайтып оралды. Түркістан өңірінің біраз аймағы Қазақ ордасының құрамына кірді.

1471–1480 жылдардың шамасы – Жәнібек хан билік құрды. Орда іргеленді. Сыр бойындағы кенттер үшін күрес басталды.

1480–1510 жылдары – Бұрындық хан билік құрды. Орда нығайды. Сырдария алқабы, Түркістан өңірі үшін қантөгіс майдан ашылды.

1486 жылы – қазақтар Шәйбани ханды ауыр жеңіліске ұшыратып, Хорезмге тықсырды.

1491 жылы – қазақтар екі үлкен ұрыста моңғолдарды жеңді.

1510 жылы – Қасым сұлтан қысқы соғыста Шәйбани ханды біржола талқандап, ұлыс шегінен асыра қуды. Түркістан уәлаятына қарасты қалалардың көпшілігі Қазақ Ордасының құрамына енді.

1511–1520 жылдары – Қасым хан билік құрды. Ежелгі Көк Орда жерінің басым бөлігі және Жетісу Қазақ Ордасының иелігіне айналды, халықтың саны бір миллионнан асып, әскер саны үш жүз мыңға жетті.

1511 жыл шамасы – Қасым хан Қазақ Ордасының «Қасқа жол» аталатын ең алғашқы заң жүйесін қабылдады.

1512 жылы – Қасым хан Сайрам қамалын алды, Ташкентке жорық жасады.

1521–1522 жылдары – Момыш хан билік құрды.

1523–1533 жылдары – Тайыр хан билік құрды.

1533–1537 жылдары – Тоғым хан билік құрды.

1537 жылғы 27 шілде – Сан Таштағы төрт халықтың соғысында қазақ-қырғыз әскері түгелімен қырылды, Тоғым хан тоғыз ұлы және әскербасы отыз жеті сұлтанмен бірге шәйіт болды.

1537–1559 жылдары – Бұйдаш хан билік құрды. Орда оңалды.

1556 жылы – Бұйдаш хан Ноғай Ордасының шығыс бөлігін Қазақ Ордасына қосып алды.

1558 жылы – Қазақ Ордасы Бұқар хандығын тақсыра бастады.

1559 жылы – Бұйдаш хан Шәйіт болды.

1560–1580 жылдары – Хақ-Назар хан билік құрды. Қазақ Ордасы ежелгі қуатын қалпына келтірді.

1569 жылы – Хақ-Назар хан Ноғай Ордасын қиратып жеңді.

1570 жылы – Қазақ Ордасы ойраттардың бір бөлігін бодандыққа түсірді.

1579 жылы – Хақ-Назар хан Түркістан мен Сауранды, Оңтүстік өңірдегі тағы біраз қонысты қайтарып алды.

1580 жылғы 23 көкек – Хақ-Назар хан шәйіт болды.

1580–1582 жылдары – Шығай хан билік құрды.

1582 жылғы маусым – Тәуекел сұлтан Түркістан түбіне Ташкент уәлаятының әміршісі Баба-сұлтанды талқандады.

1583–1598 жылдары – Тәуекел хан билік құрды. Қазақ Ордасы өзінің әскери, саяси қуатының шарықтау шегіне жетті.

1586 жылы – Тәуекел ханның Мәуреннахрға қарсы алғашқы шапқыны.

1594–1595 жылдары – Тәуекел хан Русияға елші аттандырды.



1598 жылғы ақпан – Тәуекел хан Ташкент түбіне Абдолла ханның негізгі күштерін талқандады.

1598 жылдың жазы – Тәуекел ханның Орта Азияға жеңісті жорығы.

1598 жылдың күзі – Тәуекел хан шәйіт болды.

1598–1643 жылдары – еңсегей бойлы. Ер Есім хан билік құрды. Қазақ тарихының қаһармандық кезеңі.

1598 жылдың күзі – Бұқар-Қазақ бітімі нәтижесінде бүкіл Оңтүстік Қазақстан және Ташкент уәлаяты Қазақ Ордасының құрамына қайта қосылды.

1599 жыл шамасы – Есім хан «Ескі жол» аталатын жаңа заң жүйесін орнықтырды. Қазақ Ордасының астанасын Түркістанға көшірді.

1603 жылы – Екінші қазақ-бұқар соғысы басталды. Айғыр-жар ұрысында қазақтар жеңіске жетті.

1604 жылы – Есім хан ойраттарды күйретіп жеңді.

1613 жылы – Есім хан Самарқан түбінде бұқар-ауған әскерін талқандады.

1619–1624 жылдары – Есім хан Шығыс Түркістан үшін күрес жүргізді.

1620 жылы – Есім хан ойраттарды кезекті жеңіліске ұшыратты.

1624 жылы – Есім хан Ферғанадағы майданда жеңіске жетіп, Екінші қазақ-бұқар соғысын аяқтады.

1627 жылы – Есім хан бүкіл алаш жұрты түп көтерілген ұлы жорықта Ойрат Одағын қиратып, босқынға ұшыратты.

1627 жылы – Ташкент уәлаятының әміршісі опасыз Тұрсын хан Қазақ Ордасындағы азамат соғысына жол ашты, Түркістанды шапты.

1627 жылы – Есім хан Ташкентті алды, Тұрсын ханның басын шапты, катаған руы жазаға тартылып, қырылғаннан қалған басқа рулар ішіне таратылды.

1635 жылдың жазы – Жәңгір сұлтан торғауыт Хо-Өрлік тайшының ұлысын шапты, Жемнен өткеріп, батысқа қарай тықсырды.

1643 жылы – Есім хан дүние салды.

1643–1652 жылдары – Салқам Жәңгір хан билік құрды.

1643 жылғы желтоқсан – Қоңтажы батыр ойрат, халха, торғауыт – бүкіл моңғол жұртынан құралған қалың әскермен Қазақ Ордасы құрамындағы қырғыз жеріне басып кірді.

1644 жылғы қаңтар-мамыр – кең көлемді қазақ-моңғол соғысы.

1644 жылғы маусым-шілде – Салқам Жәңгір хан екі үлкен ұрыста біріккен ойрат-халха әскерін қиратып жеңді, соңғы шайқаста қазақ әскеріндегі жаңа шерік-мылтықпен қаруланған алты жүз мерген айрықша көзге түсті.

1652 жылғы қаңтар-ақпан – Хошауыттар қырғыз жеріне тұтқиыл шабуыл жасады. Салқам Жәңгір хан шәйіт болды.

1676–1680 жылдары – қазақтар Бұқар хандығындағы тақ таласына араласты.

1680–1715 жылдары – Тәуке ханның ел билеуі.

1723 жылы – «Ақтабан шұбырындының» басталуы.

1725 жылы – жоңғарлардың Ташкент пен Түркістанды басып алуы.

1726 жылы – Ордабасындағы қазақтардың құрылтайы.

1728 (1726) жылы – Бұланты, Белеңті өзендері жағалауындағы (Орталық Қазақстан) қазақ жасақтарының жоңғарлармен соғыстары.

1730 жылы – Сазтөбедегі (Сайрамға жақын жерде) құрылтайда жоңғарға қарсы әскери одақ мәселесінің шешілуі.

1729 (1730) жылы – Аңырақай шайқасында (Балқаш көлінің оңтүстігі) жоңғарлардың жеңілуі.

1731 жылы – А. И.Тевкелев бастаған орыс елшілігінің келуі және Әбілқайыр ханның Ресей протекторатын қабылдауы.

1735 жылы – Ор өзені бойында Орынбор қаласының салынуы (кейіннен Орск бекінісі).

1740 жылы – Ұлы жүз ханы Жолбарыстың қаза табуы.

1740 жылы – Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресейге ант беруі.

1741–1742 жылы – Қазақ – жоңғар соғыстары. Абылайдың тұтқынға алынуы.

1745 жылы – Жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің өлімі, тақ таласының басталуы.

1748 жылы – Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханды өлтіруі.

1748–1785 жылдары – Нұралы ханның Кіші жүзді билеуі.

1756 жылы – Орта жүз қазақтарының Жайық өзенінің арғы бетіне өтуге тыйым салынуы.

1756–1757 жылдары – Абылай бастаған қазақ жасақтарының Цинь басқыншыларымен күресі.

1756 жылы – Абылайға Қытай елшілігінің келуі.

1758 жылы – Цинь империясының Жоңғарияны талқандауы. Жоңғария мемлекетінің жойылуы.

1771 жылы – Абылай хан Түркістанда бүкіл Қазақ Ордасының ханы ретінде ақ киізге көтерілді.

1771–1781 жылдары – Абылай ханның ел билеуі.

1781 жылғы мамырдың басы – Абылай хан дүниеден көшті.

1773–1775 жылдары – қазақтардың Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы.

1781–1797 жылдары – Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалыс.

1785 жылы – Орынбор әкімшілігі дайындаған Кіші жүз рубасыларының құрылтайы.

1786 жылы – Кіші жүзді басқару туралы Игельстромның реформасы.

1792–1794 жылдары – Кіші жүздегі Ералы ханның билігі.

1795–1797 жылдары – Кіші жүздегі Есім ханның билігі.

1797–1805 жылдары – Кіші жүздегі Айшуақ ханның билігі.

1801 жылы – Еділ мен Жайық аралығында Бөкей (Ішкі) ордасының құрылуы.

1801–1845 жылдары – Жәңгір хан өмір сүрген жылдары.

1802 жылы – Сырым Датұлының Хиуа жерінде қаза табуы.

1808 жылы – Ұлы жүз жерлерін Қоқан хандығының басып алуы.

1805–1809 жылдары – Кіші жүздегі Жантөре ханның билігі.

1806 жылы – Хиуа ханы Мухаммед-Рахымның Сырдария бойындағы қазақтарды күшпен бағындыруы.

1809 жылы – Қаратай Нұралиевтің қолынан Кіші жүз ханы Жантөренің қаза табуы.

1812 жылы – Кіші жүзден Бөкей ордасының бөлінуі.

1815–1821 жылдары – Арынғазы Әбілғазыұлының Хиуа басқыншыларына қарсы күресі.

1821 жылы – Ұлы жүз қазақтарының Тентек төре бастаған Қоқан билігіне қарсы көтерілісі.

1822 жылы – «Сібір қазақтары туралы жарғы». Орта жүзде хандық биліктің жойылуы.

1823 жылы – «Орынбор қазақтары туралы жарғы». Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы.

1823–1845 жылдары – Жәңгір ханның Ішкі ордадағы билік құруы.

1825 (24) –1836 жылдары – Орта жүздегі патшалық реформаларға қарсы Саржан Қасымұлының қозғалысы.

1824 жылы – Қарқаралы, Көкшетау округтерінің құрылуы.

1826 жылы – Баянауыл округінің құрылуы.

1835–1838 жылдары – Кіші жүздегі Жоламан Тіленшіұлының Ресей отаршылдығына қарсы күресі.

1833 жылы – кедей қазақ Апақ Байжановтың Қарағанды аймағында тас көмір кенін табуы.

1833 жылы – Арынғазының Калуга жерінде қайтыс болуы.

1836–1838 жылдары – Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған Бөкей ордасындағы ұлт-азаттық көтеріліс.

1837 жылғы қазан – Жәңгір хан ордасын қоршау.

1838 жылғы 12 шілде – Ақбұлақ түбіндегі шайқас.

1837–1847 жылдары – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

1839 жылы – губернатор Б. А. Перовскийдің Хиуаға әскери жорық жасауы.

1841 жылы – Кенесары үш алаштың ханы ретінде ақ киізге көтерілді.

1844 жылы – Ырғыз, Торғай бекіністерінің салынуы.

1846 жылы – Каспийдің шығыс жағалауында Ново-Петровск (кейіннен 1846 жылы Форт-Александровск, қазіргі Ақтау қаласы) қамалының салынуы.

1847–1904 жылдары – Қазақстанның түсті металл мен көмір кен орындарын Попов, Рязанов, Ушаков сияқты ресейлік кәсіпкерлердің игеруі.

1847–1858 жылдары – Есет Көтібарұлы бастаған отаршылдық езгіге қарсы көтеріліс.

1853 жылы – Қоқандықтардың Ақмешіт бекінісін – В. А. Перовский бастаған орыс әскерлерінің жаулап алуы (қазіргі Қызылорда қаласы).

1856–1857 жылдары – Жанғожа Нұрмұхаметұлы бастаған Сырдария бойындағы қазақтардың көтерілісі.

1864 жылы – Орыс әскерлерінің Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті жаулап алуы.

1865 жылы - Орыс әскерінің Ташкентті жаулап алуы, Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуінің аяқталуы.

1865 жылы - Гирс басқарған Дала комиссиясының қызметі.

1867 жылғы 11 шілде - «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже».

1868 жылғы 21 қазан - «Торғай, Орал, Ақмола, Семей қалалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже».

1869-1870 жылдары - Орал, Торғай облыстарындағы және Маңғыстаудағы қазақтардың отаршылдыққа қарсы көтерілістері.

1881-1884 жылдары – ұйғырлар мен дүнгендердің Қытайдан Жетісуға қоныс аударуы.

1881 жылғы ақпан - Петербург келісім-шартының қабылдануы.

1868-1869, 1883-1889 жылдары – Ресейден Қазақстанға шаруаларды қоныс аударту туралы заңдардың қабылдануы.

1886 жылғы 11 маусым - «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже».

1891 жылғы 25 наурыз – Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару туралы ереже».

1900 жылғы 28 шілде – Екібастұз жұмысшыларының ереуілі болды.

1902 жылы - Қазақстан аумағы бойынша Орал қаласында алғашқы социал-демократиялық үйірме дүниеге келді.

1904 жылы - Қазақстан тау-кен орындарының шетелдіктердің қолына өтуінің басталуы.

1904-1906 жылдары- Ресейден Қазақстанға шаруаларды қоныс аударту, орналастыру жөніндегі қоныстандыру мекемелерінің ашылуы.

1905-1907 жылдары - Қазақстан бірінші орыс революциясы.

1905 жылы - Орал қаласында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» құрылуы.

1905 жылы – Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрменкесінде қазақтардың петиция ұйымдастыруы (4,5 мың адам қол қойды).

1905 жылғы 17 қазан - Ресей империясында азаматтық бостандықтар туралы манифест.

1906-1907 жылдары – I және II Мемлекеттік Думаға қазақтардың депутаттар сайлауы (Ә.Бөкейханов, А.Бірімжанов, А.Қалменов, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, т.б.).

1913-1918 жылдары - «Қазақ» газетінің шығуы.

1914-1918 жылдары - Бірінші дүниежүзілік соғыс.

1916 жылғы 25 маусым - Патша үкіметінің бұратана халықтарды тыл жұмыстарына алу жөніндегі жарлығы.

1916 жылғы шілде - Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің басталуы.

1917 жылғы 28 ақпан - Ресейдің Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы, патша өкіметінің құлауы.

1917 жылғы шілде - Орынбордағы бірінші жалпықазақ съезі. «Алаш» партиясының құрылуы.

1917 жылғы қараша - Түркістан автономиясын жариялаған мұсылмандар съезі (Қоқан қаласы).

1917 жылғы желтоқсан - Орынбордағы Алаш автономиясын жариялаған екінші жалпықазақ съезі. Алашорда үкіметі.

1917 жылғы 24-25 қазан - Петроградтағы Қазан төңкерісі.  
1917 жылы - депутаттар кеңестері мен қазақ ұлттық комитеттерінің құрылуы.  
1918 жылғы көктем -1920 жылғы маусым - Азамат соғысы мен әскери интервенция.  
1919 жылғы мамыр - Ағарту халкомы жанынан үгіт пункттерінің Орталық партиясы құрылуы.  
1919 жылғы 10 шілде - Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің құрылуы.  
1919 жылғы қазан – В.И.Лениннің ұсынысымен ВЦИК-тің РСФСР ХКК Түркістан ісі туралы комиссия құрылды.  
1920 жылғы 30 сәуір – РК(б)П-ның Қырғыз (Қазақ) облысының бюросы құрылды.  
1920 жылғы 30 сәуір-тамыз - РК(б)П ОК Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросының хатшысы Станислав Пестковский болды.  
1920 жылғы тамыз – 1921 қаңтар - РК(б)П ОК Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросының хатшысы Иван Акулов болды.  
1920 жылғы 26 тамыз - Қазақ автономиялық Кеңес Социалистік республикасы құрылды.  
1920 – 1924 жылдары – Республика астанасы – Орынбор.  
1921 жылғы қаңтар-маусым РК(б)П ОК Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросының хатшысы Мұхамедхафи Мырзағалиев.  
1921 жылғы шілде - РК(б)П ОК Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті хатшысы Мария Костеловская.  
1921 жыл – 1924 жылғы қыркүйек - РК(б)П ОК Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті хатшысы Георгий Коростелев.  
1921 жылғы 11–18 маусым – Орынборда I Қазақстандық облыстық партия конференциясы өтті.  
1921 жылғы 7–13 шілде – РКЖО-ның Бүкілқырғыздық (Қазақстандық) облыстық съезд өтті.  
1922 жылы – КСРО-ның құрылуы.  
1923 жылы – РСФСР-дің ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариаты араб қарпіне реформа жасау жөнінде комиссия құрды.  
1924 жыл – 1925 жылғы 19 ақпан – РК (б) П Қырғыз (Қазақ) облыстық комитеті хатшысы Виктор Нанейшвили.  
1925 жылғы 19 ақпан – РК (б) П ОК Қазақстан Өлкелік комитеті етіп қайта құру жөнінде қаулы қабылданды.  
1925 жылғы 19 ақпан – 1925 жылғы шілде – БК (б) П Қазақстан ӨК бірінші хатшысы Виктор Нанейшвили.  
1925–1933 жылдары – БК (б) П Қазақстан ӨК бірінші хатшысы Ф. И. Голощекин. «Кіші Қазан» науқаны.  
1925–1929 жылдары – Республика астанасы – Қызылорда.  
1925 жылдары – пролетар-шаруа жазушылардың Қазақ қауымдастығы құрылды.  
1926 жылы – Қызылорда қазақ театры ашылды.  
1927–1931 жылдары – Түркісіб темір жолының салынуы.

1928 жылдың күзі – латын негізіндегі қазақ алфавитінің жобасын ұсынды.

1928 жылы – тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институты ашылды (қазіргі Абай атындағы Қаз ҰПУ).

1929 жылы – Республика астанасы Алматыға көшірілді.

1929 жылы – Қазақ Зоомалдәрігерлік институты ашылды.

1920-1930 жылдары – қазақтарды күштеп отырықшыландыру мен ұйымдастыру жылдарында қазақтардың жаппай аштан қырылуы, шетелдерге көшуі.

1930-1931 жылдары – ОГПУ-дің ГУ-ЛАГ, КарЛАГ жүйесінің құрылуы.

1931 жылы – Медицина институтының ашылуы.

1932 жылғы наурыз – КСРО ҒА-ның Қазақстандық базасы құрылды.

1933 жылғы ақпан – 1937 жылғы сәуір – Қазақстан ӨК бірінші хатшысы Левон Мирзоян.

1933 жылғы 5 қыркүйек – Орыс драма театры ұйымдастырылды.

1933 жылдың күзі – Қазақ драма театры жеке ұйымға айналды.

1933 жылғы күзде – Алматыда Кәсіпқой ұйғыр театры құрылды.

1933 жылы – Республикада Суретшілер Одағы құрылды.

1934 жылы – Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ).

1934 жылғы 12-18 маусым – Қазақстан жазушыларының I съезі өтті.

1934 жылы – «Қазақ әдебиеті» газеті ашылды.

1935 жылы – Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филорманиясы құрылды.

1936 жылғы мамыр – Мәсеуде Әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтті.

1936 жылы – КСРО Конституциясына сәйкес ҚАХСР-і одақтық республика болып қайта құрылды.

1936 жылы – Қазақ АКСР-нің одақтас республикаға айналуы.

1937 жылғы сәуір – 1938 жылғы мамыр – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Левон Мирзоян.

1937 жылы – Қызылордаға Владивостоктың Қиыр Шығыс өлкелік корей драма театры көшірілді.

1937 жылғы 5-12 маусым – Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының I съезі өтті.

1938 жылы – КСРО-ның қазақ филиалының құрылуы.

1938 жылғы мамыр – 1945 жылғы мамыр - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Николай Скворцов.

1938 жылы - КСРО ҒА қазақстандық базасы КСРО ҒА-ның қазақ филиалы (ҒАҚФ) болып қайта құрылды.

1939 жылы - жалпы Республика бойынша қазақтардың үлесі 38% болды.

1939 жылы - Қазақстан халқының сауаттығы 76,3%-ға жетті.

1940 жылы - латын қарпін кириллицаның ауыстырылуы.

1940 жылдың екінші жартысы - 1950 жылдың басы - «Идеологиялық шабуыл», көрнекті ғалымдар мен өнер адамдарының қуғындалуы.

1941-1945 жылдары - Ұлы Отан соғысы.

1944 жылы - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды.

1945 жылғы мамыр -1946 жылғы маусым - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Геннадий Борков.

1946 жылы - Қазақстанның ғылым академиясы ашылды.

1946 жылғы маусым -1954 жылғы ақпан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов.

1947 жылғы 21 қаңтар - «ҚазКСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулы.

1947 жылы - Семей полигонының салынуы.

1949 жылғы 29 тамыз - Семей полигонында бірінші сынақ болды.

1954 жылғы ақпан -1955 жылғы мамыр - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Пантелеймон Пономаренко.

1954 жылғы ақпан-наурыз - КОКП ОК Пленумы болып «Елде астық өндіруді одан әрі арттыру мен тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» мәселе қаралды.

1954-1959 жылдары – Республикаға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 1 млн 500 мың адамның көшіп келуі.

1955 жылғы 12 ақпан - КСРО үкіметінің қазақстандық Төретам станциясының маңынан полигон құру туралы жабық шешімі шықты, бұл Байқоңыр ғарыш айлағы еді.

1955 жылғы мамыр – 1956 жылғы наурыз – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Леонид Брежнев.

1956 жылғы наурыз -1957 жылғы желтоқсан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Иван Яковлев.

1957 жылғы ақпан - Халық шаруашылық кеңестері құрылды.

1957 жылғы желтоқсан - 1960 жылғы қаңтар - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Николай Беяев.

1959 жылы - Халық санағы бойынша қазақ ұлтының республика тұрғындары арасындағы үлесі 30%-ға төмендеді.

1960 жылғы қаңтар -1962 жылғы желтоқсан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев.

1960 жылы - Қазақ диаспорасының Еуропа және АҚШ елдеріне таралып қоныстана бастауы.

1962 жылғы желтоқсан -1964 жылғы желтоқсан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Исмаил Юсупов.

1964 жылғы желтоқсан -1986 жылғы желтоқсан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев.

1978 жылы - Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы.

1985 жылы - КОКП ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачев. Қайта құру бағдарламасы.

1985-1991 жылдары - қайта құру кезеңі.

1986 жылғы 16 желтоқсан -1989 жылғы маусым - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Геннадий Колбин.

1986 жылғы 17-18 желтоқсан - Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы.

1989 жылғы маусым-1991 жылғы желтоқсан - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаев.

1989 жылғы 22 қыркүйек -Қазақстандағы Тілдер туралы заңдардың қабылдануы.

1989 жылы - Невада-Семей экологиялық қозғалысының құрылуы.

1990 жылғы 25 қазан - Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

1991 жылғы 2 қазан - Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшқан тарихи күні.

1991 жылғы 1 желтоқсан - тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 пайыз) жеңіске жетті.

1991 жылғы 16 желтоқсан - Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы.

1991 жылы - Семей ядролық полигонының жабылуы.

1992 жылғы 2 наурыз - ҚР БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдануы.

1992 жылғы 7 мамыр - ҚР Қарулы Күштері құрылды.

1992 жылғы 4 маусым - Мемлекеттік Елтаңба мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы айшықтанды.

1992 жылғы 28 қыркүйек-4 қазан - Алматыда қазақтардың дүниежүзілік бірінші құрылтайы өтті.

1992 жылғы қазан - БҰҰ Бас Ассамблеясында Президент Н.Назарбаев АБӨ СШ (Азияда бірігіп әрекет ету және сенім шаралары) ұйымды қолдап сөз сөйледі.

1992 жылғы күзде - Қазақтардың Дүниежүзілік қауымдастығы құрылды.

1992 жылы - Қазақстан Республикасының «Көші-қон туралы» Заңы қабылданды.

1992 жылы - Степногорскіде Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш алтыны кұйылды.

1993 жылғы 28 қаңтар - ҚР бірінші Конституциясы қабылданды.

1993 жылғы сәуір - мемлекет иелігіне алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы іс жүзіне асырыла бастады.

1993 жылы- «Болашақ» бағдарламасы қабылданды.

1993 жылғы 15 қараша - ҚР-ның өз ұлттық валютасы - теңге айналымға кірді.

1994 жылғы наурыз - Мәскеуде Президент Н.Назарбаев Еуроазиялық Одақты құру жөнінде мәселе көтерді.

1995 жылғы 29 сәуір - жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.

1995 жылғы 19 мамыр - Алматыда ақша жасау фабрикасы ашылды. Сол күннен бастап Тәуелсіз елдің өз ақшасы өзінде шығарыла бастады.

1995 жылғы 1 наурыз - ҚР Президенті жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылуы.

1995 жылғы 30 тамыз - республикалық референдумда ҚР-ның жаңа Конституциясы қабылданды.



1996 жылы - ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы» жарлығы шықты.

1996 жылы - ҚР «Мәдениет туралы» заң қабылданды.

1997 жылғы 11 шілде - «Қазақстан Республикасындағы Тілдер жөніндегі заң» қабылданды.

1997 жылғы 10 қазан - «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму» бағдарламасы қабылданды.

1997 жылы - «Көші-қон және демография агенттігі» құрылды.

1998 жылғы маусым - Қазақстанның жаңа Елордасы Астана болып жарияланды.

1999 жылғы 10 қаңтар - жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев 79,78 пайыз дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

1999 жылғы 25 ақпан - Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Ұлттық халық санағы жүргізілді.

2001 жылы - ҚР-ның «Ғылым туралы» заңы қабылданды.

2002 жылғы 23-24 қазан - Түркістан қаласында қазақтардың Екінші дүниежүзілік құрылтайы болып өтті.

2003 жылы - Қарашығанақ кен орнынан алғашқы мұнай алынды.

2003-2005 жылдары - Елбасының шешімімен «Ауыл жылдары» деп жарияланды.

2005 жылғы 4 желтоқсан - сайлаушылардың 91,5 пайыз дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2006 жылғы 12 желтоқсан - Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Орталық Азияда теңдесі жоқ Уақыт эталоны орталығы ашылды.

2008 жылы - Астанаға 10 жыл толды.

2009 жылғы 25 ақпан - 6 наурыз - Тәуелсіздік алғалы бері екінші рет жалпыхалықтық халық санағы өтті.

2010 жылы - Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.

2010 жылғы 1-2 желтоқсан - Астанада ЕҚЫҰ Саммиті өтті.

2011 жылғы 30 қаңтар - 6 ақпан - Астана мен Алматыда VII Қысқы Азия ойындары өтті.

**(Белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің жазғандарынан алынды).**

**Софьян (Софы СМАТАЕВ)**

**Уай, алашым!**

**Жерің – арың, киелің!**

**(өксік-толғаудан үзінді)**

Ежелден-ақ

Ел меншігі –

Жер еді.

Жер-жаны еді.

Әні,  
Мәні,  
Көрегі.  
Қанын төгіп  
Қорғаған сол  
Жеріне  
Болмай қапты  
Қазағымның керегі

\*\*\*

Уай, Алашым!  
Жерің – Арың.  
Киелің.  
Сол жеріңе  
Бүгін енді  
Ие кім?  
«Шаңырақтың»  
Зары ертең  
Зар болмас  
Топырағыңа  
Кіре алмаса  
Сүйегің.

\*\*\*

Сескентеді  
Жер мен кенді  
Сатқаны.  
Ерлерімнің  
Өзін өзі  
Атқаны".  
Жылан қылып  
Шаққызып ап  
Жүрмесек,  
Қойнымызға  
Кіргізумен  
Жатты әлі.

\*\*\*

Ей, адамзат!  
Сақта әдет,  
Ғұрпыңды.  
Салт-дәстүрің  
Қорғай алар  
Ұлтыңды.  
Қазақы үнің

Көмейіңе  
Көмілер,  
"Үш тұғырмен"  
Матап қойсаң  
Бір тілді.

## ҚАЗАҚСТАН АЛПАУЫТТАРЫНЫҢ АРАБ БАЙЛАРЫНАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

"Жас Алаш" газетінде жарияланған заңгер Қамысбай Бесінбергенұлының «Бас-басына кеткен билікті түбірімен күреп тастау керек» (18 қаңтар.2011 жыл) атты мақаласының негізгі мазмұнына назар аударалық:

«Қазба байлықтар көлемінің молдығы жағынан Қазақстан әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Мәселен қорғасын, цинк, барий хром рудаларының көптігі жағынан біз бүкіл әлемде бірінші орын, уран, марганец, күмістен екінші орын, мыс қорының молдығы тұрғысынан үшінші орын, кобальт, қара металл - темір рудаларынан бесінші орын, фосфорит пен көмір қоры бойынша алтыншы орын, мұнай қорының көптігі жағынан жетінші орын алады екенбіз. Ал алтыннан әлденеше есе қымбатқа бағаланатын, әлемнің ешбір елінде кездеспейтін осми және рени атты байлықтар тек Қазақстанда ғана бар екені құдайдың біздің елімізге қарасқаны емес пе? Бұл руданың бір грамы жабық көтерме сауда орындарында 100 мың АҚШ долларына бағаланатын көрінеді». «Осындай ұшан-теңіз байлықтарда қарапайым халықтың үлесі бар ма?»' деген сұрақ ылғи да алдымызды кес-кестейді.

Мұнай қоры жағынан күллі әлемде жетінші орын иеленетін Қазақстан Республикасын мұнайлы араб мемлекеттерімен салыстырар болсақ, тым құрығанда біздің елімізде де халыққа медициналық көмекті жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарында білім алуды тегін ету мүмкіндігі баяғыда-ақ туғанын ескермеу әділетсіздік екені даусыз.

Соңғы он жылда елімізде өрге басқан өрелі  
Бір зор іс бар. Ол - "ТЖ"-лық, "туфли жалау" өнері.  
Жағымпаздар жарысында билік шексіз құптаған,  
Біз дара шың иелендік бұрын ешкім шықпаған.  
Бұл өнерде біз өзгеше, елден-ерек жаңғырдық,  
Тіпті Түрікменбашыны да жарты жолда қалдырдық.

Түрікменбашы кеуде қақса өз елінің ішінде,  
Бөспелікті айналдырдық біз әлемдік пішінге.  
Билік сөзін, билік ісін айтсақ елдің парқы деп,  
"Зейнеткердің ақшасын біз өсіріппіз алты рет!"  
Сол "алты зор игілікті" ойға бұрсақ бастапқы,

Құны мысық тамағының бағасынан аспапты.

Егер жөнсіз мақтанбауды ұқсақ билік салты деп,  
Ет пен сүттің құны неге қымбаттады алты рет?  
Кеуде ұрамыз игі істерде бірінші орын алардай,  
Онда неге әр ай сайын қымбаттауда жанармай?  
Біз шығарар мұнай араб елдерінен кем емес.  
Тым құрыса, бір ісіміз неге оларға тең емес?

Арабтардың бізден бөлек елдікке тіл қатысы.  
Неге оларда оқу тегін, тегін пәтер ақысы?  
Олар неге әр сәбиге доллар сыйлап жеті мың,  
Жел өтіне тастамайды қартын, жесір, жетімін?  
Алпыс төрт мың доллар алмақ жаңа үйленген отбасы.  
Неге оларда үлкен байлар игі істердің жақтасы?  
Бар ғұмыры даңғойлыққа болғанымен ашына.  
Пәтерақын тегін етті тіпті Түрікменбашы да.

Ал біздегі бос мақтану, бос кеуде ұру сорың ба?  
Дарын емес, қарын шығып ең негізгі орынға,  
Демократия бұл күндері "жемократия" торында,  
Еліміздің бар байлығы жиырма адамның қолында.  
Біздің байлар неге сараң тіс сындырар тиынға,  
Ізгіліктің ұшқыны жоқ неге олардың миында?  
Еліміздің "зор байлығын" дастан етіп толғаймыз,  
Байлықтағы жұрт үлесін...  
Мүлде ауызға алмаймыз  
Тек "ТЖ"-лық өнерінде шырқау көкке самғаймыз,  
Нақ осылай кете берсек ел боп, ұлт боп оңбаймыз,  
Құлдық сана аясында майға піскен нандаймыз...  
Ойланалық, біз қандаймыз, мінекей біз қандаймыз?

**Мұхтар ШАХАНОВ.**

### **Әзілхан НҮРШАЙЫҚОВ**

- \* Бар арманың ас пен ұйқы болса, онда адам емес, айуан болғаның.
- \* Біреудің аты мақтанумен, біреудікі – даттаумен шығады.
- \* Сараңның қолы қалтасының түбін таба алмайды.
- \* Жақсыға сәлем берсең, иіліп ізет көрсетеді.  
Наданға сәлем берсең, кейкиіп, кекірейіп қалады.
- \* Араздасайын деген ағайын бірін-бірі күндейді.
- \* Өзің лаулап тұрсаң ғана өзгеге от бере аласың.
- \* Бір адал дос он арам туыстан артық.
- \* Жақсы бала әкесін өрге сүйрейді, жаман бала әкесін көрге сүйрейді.

Суреттер туралы

Ислам діні өнер-білімге айрықша құрметпен қарайды. Суреттерге қойылатын талап біреу: ондағы бейнелер әлдекімдерге, әлденелерге табынатын (Ширк) нәрсе болмауы керек. Мәселен, индустар "қасиетті сиыр" дегеннің суретін салып, соған сыйынып жүреді. Христиандар Иса пайғамбардың, Мәриям ананың, Жәбірейіл періштенің суреттеріне шоқынады. Тіпті өзіміздің мұсылмандар арасында да Әзіреті Әлінің, Бибі Фатиманың суреттерін салып, сыйынушылар кездеседі. Әрине, мұның бәрі - күнәһарлық.

Сол секілді Алланың тура жолынан тайған билеушілер мен зорлық-зомбылықты, өсек-жаланы, жезөкшелікті дәріптеген, әйтпесе сондай жолға түскен адамдардың - мейлі ол патша, мейлі ол батыр, мейлі ол ғалым болсын, суреттерін салып, дәріптеу- арам.

Беті тегіс заттарға (мәселен, қағаз, кілем, қабырға, мата, т.б.) салынған суреттерге тыйым салынбайды. Тек құбылаға қарап намаз оқып тұрған мұсылманның алдында оның көңілін бөлетін сурет болмағаны дұрыс.

\*\*\*

Әрі тұман болашақ, әрі мұнар,  
Кімдер қалды халықтың жанын ұғар?  
Анау да дос бізбенен, мынау да дос,  
Күлшелі ұлды сүйеге бәрі құмар.  
    Өкінумен өтуде барша ғұмыр,  
    Қажет емес билікке зар-шағымың.  
    Беу алдамшы заманға не дерің бар,  
    Иті үріп тұрған кез қалталының.  
Билік неге халықтан алыстайды?  
Мадақтаудан елбасын қалыспайды.  
Бір аяқпен халықты жаншып тұрып,  
Бір аяқпен билікке қарыштайды.  
    Қашан, халқым, көсегең көгереді?  
    Төртеу қашан келеді төбедегі?  
    Барымызды «саммит» деп шашып едік,  
    Енді бізге сол саммит не береді?  
Қалталының бар ма екен қайырымдысы?  
Депутаттың қайда екен айбындысы?  
Оларды да түсіну қиын емес,  
Жайлы орыннан кімнің бар айрылғысы.  
    Таусылмайтын әйтеуір сұрақ, сұрақ,  
    Жауабы жоқ қайтсең де бірақ, бірақ.  
    Мамыражай тіршілік қазағыма,  
    Не десек те әзірге жырақ, жырақ.

## **Жарасбай Уахитов.**

### **Дені саудың – жаны сау**

#### **Ұзақ жасау себептері**

Ғалымдар ұзақ жасаудың адамдардың географиялық жағынан қандай жерде орналасқанымен де байланыстырады. Себебі жүз жылдан аса ғұмыр кешетін, және қашанда сергек жүретін адамдардың жер шарында өмір сүретін аймағы бірнешеу. Соның бірі эквадордағы Вилькабамба таулы алабы. Мұнда ауа-райы біркелкі, құбылмалы кезі өте сирек. Жұрт үнемі жаяу жүреді, ауаның бір жылғы орташа температурасы он бес градус жылылықта. Тұрғындары үнемі ауыр еңбекпен айналысады. Олар көкөніс, жүгері, бидай жармасын жеп, етті аз пайдаланады. Пакистандағы Қарақорым аймағы да адамдар көп жасайтын өңір. Таулы биік аймақ. Еңкейген кәрілерге дейін еңбек етеді. Халқы өсімдік тағамдарымен көректенеді.

Кавказдың таулы өлкесінде де адамдар ұзақ өмір сүреді. Мұнда жас, кәрінің бірқалыпты өмір сүруі үшін еңбек ету – ағзаның қажетті міндетіне айналған. Ауылда көк жуасыз, сарымсақсыз, қызанақсыз, баклажансыз, басқа да көкөністерсіз ешкім де тамақ ішпейді. Якутияда да ұзақ жасайтындар көп. Бұл жақта қатерлі ісікпен ауыратындар өте сирек. Мұнда бәрі керісінше, адамдар қалай болса солай тамақтанады, тамақты көбінесе шикідей жейді. Олар соқырішек, демікпемен ауырмайды. Сонда ұзақ өмір сүрудің «зәмзәмі», шипасы не? Әзірге белгілі бір жағдай: ұзақ өмір сүрушілердің барлығы да тамақты шамадан тыс ішпейді, үнемі көңілді жүреді, ұрыс-керіс жасамайды, уайымға салынып қайғырмайды.

Бұрын арақ-шарап ішпеген, темекі тартпаған, насыбай атпаған, қымыз, айран, сүт ішіп, уыз, құрт-ірімшік, қазы-қарта жеген, арам жолмен жүрмеген қазақ балалары да ұзақ жасаған...

#### **Қытайлық сегіз қағида**

Ежелгі Қытайда ұзақ жасау ғылымының негізін салушы ұлы ойшыл Лао-Цзы. Оның «Дао дэ цзин» деген кітабы екі бөлімнен тұрады. Біріншісі – «Дао туралы кітап», екіншісі – «Дэ туралы кітап». Дао – «тұрмыс табиғаты», дә – «ізгілік қуаты». Бұл ілім табиғат заңына сай өзгерістерді (цзы-жань) жақтайды. Лао-Цзы ғылымы бойынша ұзақ жасаудың сегіз қағидасы бар:

**«Заттың табиғи тәртібін бұзатын кез-келген әрекеттен бас тарту керек!».**

Яғни, «ақыл-ойы толық жетілген адам тыныштығын сақтай отырып, жүрегін алаңсыз күйге түсіру арқылы мәңгілік даоға (тұрмыс табиғатына) қол жеткізеді». Сол арқылы ұзақ жасау мүмкіндігін алады.

**«Ақылды адам ешқашан ешнәрседе шектен шықпайды».**

Адам қандай жағдайда да сабырлық, қанағатшылық танытпай, шектен шыкса, ол денсаулығын шайқалтады. Үнемі сауықтыру жаттығуын жасаған адам өзін қашанда тепе-теңдікте ұстайды, төзімділігі, қуаты артады.

**«Өзгені жеңген адам күшті, өзін-өзі жеңген адам құдіретті».**

Даосшылар: «өзіңді қоршаған ортаға өзіңнің көзқарасыңды өзгерт», - дейді. Олай болса, адам ең бірінші ортасын емес, өзін өзгертуге тиісті. Қиындықты жеңу жеңілден, ұлы істі жүзеге асыру кіші істен басталатынын ұмытпау қажет. Күрделі мәселелерді бірден шешіп тастауға күш салмай, біртіндеп шешкен дұрыс. Жұмысты көбейтіп, жетістікті дамытып, кез-келген қиындықты же-нуге болады.

**«Адам туғанда нәзік әрі әлсіз, ал өлгенде қатты әрі мықты. Барлық заттар мен өсімдіктер де «дүниеге келген» кезде нәзік, әрі әлсіз, ал «қартайған» кезінде құрғақ әрі қатты келеді. Демек, қатты әрі мықты - өлілерге, нәзік әрі әлсіз - тірілерге тән қасиеттер».**

Бұл қағида даостық - жаттығуларда кеңінен пайданылады. Ол жаттығулар: цигун, тай-цзин, дао-инь (до-ин). Оған қатысушылар денесіне: бұлшық еттеріне, сіңірлеріне, буындарына, ішкі ағзаларына жұмсақ сылау жасайды, осылайша олардың икемділігін, ширақтығын қартайғанша сақтау мүмкіндігіне ие болады. Қимыл тапшылығынан артроз, жүрек-қан тамыр аурулары тәрізді дерттер ағзаны жаулайды.

**«Су – дүниедегі ең жұмсақ әрі ең нәзік зат, алайда ол қатты әрі мықты затты жеңуге келгенде «алдына жан салмайды». Әлсіздер күштілерді, жұмсақ зат қатты затты жеңеді. Мұны адамдар білгенмен іске асыра алмайды».**

Мәселені үнемі тікелей әдіспен шешу қиын. Кейде ебін тауып, жылы, жұмсақ қатынас арқылы шешкен жөн. Мұны денсаулығын бірден қалпына келтіре- мін деушілер естерінде ұстасын. Даосшыл сауықтыру жаттығуларында бүкіл қозғалыс жайымен әрі бірқалыпты. Шалт қимыл жасалмайды, тыныс жиілігі өзгермейді.

**«Қолда барды қанағат тұту, ашкөздіктен сақтану қағидасы».**

Лао-цзы: «Адамдар өте көп нәрсеге ие болғысы келіп, ашкөздікке салына бермеуі керек», - дейді. Иә, олай жасамаса, оның соңының қайғылы жағдайға душар етуі мүмкін.

**«Ақылды адам алдымен жеке өз басын емес, өзгелерді байытуға ұмтылады. Өзгелерді байыту арқылы өзі де байлыққа кенеледі».** Дүние айна тәрізді. Өзгелерге жасаған жақсылығың да, жамандығың да айнаға түскен сәуле тәрізді өзіңе қайта айналып келеді. Жамандыққа бейім адам түбінде өзін-өзі жазалайды, жақсылыққа бейім адамның көңіл күйі де, денсаулығы да жақсы болады.

**«Әрбір жұмысты аяқтағаннан кейін адам тынығуы тиіс. Аспан асты даоның заңы солай».**

Үздіксіз жаттығу жасау, өзіңді-өзің бақылап жүру мүмкін емес. Жаттығудан соң денені бос ұстап, еркін тынығуға мүмкіндік жасау қажет. Бұл

кезде түйсік деңгейінде тәнді қалпына келтіруші үдерістер жүреді, жаттығу нәтижесі нығаяды.

Геронтолог ғалымдар келешекте адамзат баласы гормондардың сөл бөлуі мен жүйке жүйесін реттеу арқылы 150-200 жылға дейін өмір сүру мүмкіндігіне ие болады, дейді.

### **Жапондық сегіз тәсіл**

Жапондықтар ұзақ өмір сүруде әлем бойынша бірінші орында. Жыл сайынғы зерттеулерге арқа сүйесек, мұнда ерлердің жас ұзақтығы – 70,80 жас болса, әйелдердің жас ұзақтығы – 84,93 жас. Жапондар өздерінің ұзақ жасайтынының себебін «Джап тудей» журналында былай деп түсіндірген: «Біздің ұзақ жасауымызда ешқандай құпия жоқ. Егер біз секілді ұзақ өмір сүріп, сергек жүргілеріңіз келсе, төмендегі кеңестерді еске сақтаңыз:

1. Аз мөлшерде болса да, жеміс-жидек пен көкөністі күнделікті жеуге тырысыңыз. Әсіресе, ашық жасыл, ашық сары түсті көкөністер мен жеміс-жидектерді көп жеу керек. Мысалы, сәбіз, мандарин, алма.

2. Адам ағзасында, әсіресе жасы ұлғайған адамдарға май қажет. Май болғанда, зығыр майы мен күнбағыс майы. Бұлардың құрамында адам өмірін ұзартуға қажетті аса бағалы қышқыл бар. Сондықтан, күніне бір қасық зығыр немесе күнбағыс майын ішіп отырсаңыз, жетіп жатыр. Сары майға шектеу қою керек. Ет пен ірімшікті аз мөлшерде пайдаланыңыз.

3. Күнделікті ұйқыдан тұрғанда немесе уақытыңыз болғанда жаттығу жасап, дене еңбегімен көп айналысуға тырысыңыз. Демалыс күндері қала сыртына серуен құрып, таза ауамен тыныстауға ұмтылыңыз.

4. Әрнәрсені ойлап, қайғыра беру тек басыңызды ғана ауыртып қоймай, ағзаңыздың физиологиялық жағдайына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, кез келген жағдайда оқыс оқиғаға шыдамдылықпен, сабырмен караған дұрыс. Керісінше, тез ашуланып, қайғыра беретін адамдардың иммундық жүйесі адам ағзасына қатерлі ісікпен қатар әртүрлі жұқпалы аурулардан сақтандыратын жасушаларды бөліп шығаруды тоқтатады екен.

5. Ұйқы адамның жүйке жүйесінің, ағзасының демалуына мүмкіндік беріп қана қоймай, жүрек соғысын реттеп, қан қысымын түсіреді. Гармонды сұйықтар жүйесін қалыпқа келтіреді. Тіпті денедегі зақымданған жаралар ұйықтаған кезде тез жазылады екен. Сондықтан, көп ұйықтаудың зияны жоқ.

6. Жұмыстан шаршап келгенде бірден-бір демалатын орныңыз өз бөлмеңіз болғандықтан, тазалығына, заттар мен жиһаздардың орналасуына жіті мән беріп, жиі желдетіп отырыңыз.

7. Шектен тыс тойып тамақтанудың өзі адам өмірінің қысқа болуына әсер ететін бірден-бір фактор болып саналады. Ас ішкенде тыңқиып тойып алудың қажеті жоқ.

8. Үнемі күліп, көңілді жүруге тырысыңыз. Адам күлгенде, бет-бұлшық еттері қозғалысқа түсіп, диафрагма мен асқазанның жұмысы да жақсара түседі».

**Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**



### **Аллах!**

Жүрек бір тәулікте шамамен 100 мың рет соғып, 10 тамшыдан қан айдайды екен. Адам денесіндегі қан тамырларының ұзындығы шамамен 150 мың метр екені белгілі. 80 жылдық бір өмірде денеде 292 мың тонна қан айналады.

\*\*\*

1972 жылы «Аполлон-16» ғарыш кемесі айда болғанда ультракүлгін сәулелі фотоатқышпен жер беті суретке түсірілген екен. Сол фотосуретте Аллаһ деген сөз айқын көрінеді.

\*\*\*

Мұсылмандар саны дүние жүзінде 2 миллиардтан асқан.

Дүниеде 49 мемлекет исламдық деп саналады.

Әйгілі Парижде 120-дан аса мешіт бар.

Англияның бір ғана өзінде 1980 жылы 500 ғылым кандидаттары мен профессорлары ислам дінін қабылдаған.

### **Құрметті оқырман қауым!**

Осы кітапты жазуды қолға алған мақсатым - жоғарыда айтып өткенімдей, жастарды тәрбиелеуге қолымнан келгенше үлес қосу.

Сонау 18 мың ғалам жаратылғаннан бері тіршілік иелері (табиғат пен тау-тастың да) - адамзат тарихының желісі үзілмей, келе жатқан ұрпақтарының бәрі өзінен бұрынғы ата-бабаларының жалғасы, көшірмесі.

Ата-балалардың өнегелі істері мен ақыл-нақылдан сомдалған ой-өрісінің биігінің де, тереңінің де, өмірдің кезінен де, тезінен де, сындарынан да өтіп, талай ғасырлар өтсе де атадан балаға деген өнегелі, тәрбиелі мағыналары азбай, тозбай бізге жетуі ұрпақ сен үшін сарқылмас байлық жалғасы үзілмесін деген рухани азығың, келешек сапарларыңа жол нұсқаушыларың емес пе? Әрине, мен кейбір естігендерімді, оқығандарымды ғана жаздым.

Менің бұл жинағымды кейбіреулерің қайта көшірме деп ойлауларың мүмкін. Бірақ естеріңде болсын, өмірде бәрі «көшірме». Ұлылардан бізге жеткен сөздер көшірме. Өйткені, ол кездегі біздің ешқайсымыз олармен бірге болған жоқпыз. Бірімізден-біріміз естіп, оқып жалғастырып келеміз. Менікі сіздерге бағыт, жол сілтеу. Ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырып кеткен сөз асылдары, ой түйіндері, жүгендері, тізгіндері, шылбырлары, делбелері, шідерлері, тұсаулары емес пе? Менің мақсатым ата-бабалардың тәлім-тәрбиеге арнайы айтылған ой-пікірінен әрі қарай өздерің қол созып, еңбектеніп керегін ала берерсіңдер деген ой.

Менің көзімнің әріптерді көрмеу, себебінен, өзім оқи да, жаза да алмаймын. Сондықтан осы кітапты жазуға ең бірінші бәйбішем Сағиланың еңбегі мол болды. Менің таңдаған кітаптарымды қайта-қайта ол оқиды, тергендерімді қолымен көшіреді. Одан кейін келінім Роза компьютерде тереді, оның жұбайы Максұтбек Сүлейменұлы («Инфо-Цес» газетінің қазақ редакциясын басқарады) қолжазбамды қарап береді. Мұның бәрін жазып отырғаным аз да болса еңбек сіңіргенімізді тәрбиеге татымды үлес қосуға тырысқанымызды көрсету. Оқығандарыңыздан қармақтарыңызға шабақтай болса да бірдеңе ілінсе – біздің еңбегіміздің өтемі болар деп ойлаймын.

Баяғы Совет Одағының дәуірінде сталиндік сыйлық атағын беруге комиссия отырысына Сталин бастаған Саяси Бюро мүшелері қатысады екен. Сол кездегі сауда министрі Иванов дегеннің естелік кітабында: «Бір оқымысты әйелдің еңбегі талқыланып, пікір екіге бөлінді. Біреулері мақтап қолдаса, екіншілері ол еңбектің ана жерін, мына жерін басқа оқымыстылардан көшірген деп қарсы болды. Мәселе шиеленісе бастағанда Сталин: «Басқа оқымыстылардың еңбегін оқып, одан қорытынды шығарудың өзі, ол да еңбек емес пе? - депті. Сөйтіп, мәселе шешімін тауыпты.

Ресейдің қарт өнер қайраткерлерінің айтуынша Одақ көлеміне шығатын бірде-бір кино, драма, музыкалық концерттер, Сталин көрмей жарияланбайды екен. Міне, тәрбиеге жауапкершілік, жанашырлық деген осы.

19 ғасырдың орта кезіндегі Германияның канцлері Бисмарк айтқан екен: «Тапсырылған іске бір адам ғана, тек бір адам ғана жауап беруі керек». Қазақ: «Қатын көп болса, шөміш отбасында қалады» - деген ғой.

Сталиннің кітапханасында 10 мыңнан астам кітап болған дейді. Сталин күніне 5-6 жүз бет кітап оқитын көрінеді. Әрине, оның оқу тәсілі бізден басқа – бетті қиғаштай (по диагоналам) шолып оқитын болуы керек.

«Малоизвестный факт: в 1934-году в Кремле Герберт Уэллс встречался со Сталиным. И написал об этой встрече так «Я никогда не встречал человека более искреннего, порядочного и честного – в нем нет ничего темного и

зловещего и именно этим качествами Сталина следует объяснить его огромную власть в России».

1957 жылы Коммунистік Партияның қарт жауынгерлері - Қазан (Октябрь төңкерісін) революциясын ұйымдастырып, ұлан-ғайыр патшалық ресейдің қиырда жатқан халықтары мен қоса экономикалық мешелдіктен, саяси сауатсыздықтан шашырап жатқан, қауқарсыздықтан қайыршы елден, әлем көлеміндегі қуатты, сауатты, алдыңғы елдер қатарына қосқан мемлекет қайраткерлері: Молотовты, Маленковты, Кагановичті т.б. өзіне қарсы шыққан партия тобы («антипартийная группа») деп, партиялық, мемлекеттік қызметтерінен босатып, кейін 1962 жылы партияның қатарынан шығарды. Бұл Н.С.Хрущевтің саяси сауатсыз, дарақылығы еді. Ал Щепеловты партиялық топқа жандайшап (примкнувшийся) деп қосақтап жіберді. Себебі, бұрын Хрущевті Бас Хатшылыққа ұсынғанда Щепилов айтса керек: «Совет Одағында классикалық, не әдеби бір кітап оқыған адам табылмады ма?», - деп.

Халқымыздың «Тау басына шарықтап ұшып қыран да шығады, жорғалап жүріп жылан да шығады», - деген даналығы бар емес пе? 1964 жылы Хрущевті биліктен кетірді.

Бабаларымыз: «Халық – дана, көп – ақымақ», - деген ғой. Кейін студенттер ұстаздарына сұрақ қоятын көрінеді. «И.В.Сталинді дара тұлғаға табындырды (жеке басқа табыну) деп кінәласа, енді Н.С.Хрущевті де солай кінәлайды. Айырмашылығы бар ма?», - деп. «Бар», - депті. Шындығында Сталинге, дара тұлғаға табыну болды. Ал Н.С.Хрущевте табыну болды, тұлға болған жоқ. Хрущев 1960 жылдары Совет халқы 1980 жылдары коммунизмде өмір сүреді деп бөскен жоқ па? Олда оның саяси сауатсыздығы, қоғам заңдылықтарын білмейтіндігінен еді.

1920 жылы М.Горькийдің шақыруымен келген ағылшынның қиялшыл жазушысы В.Уэллс В.И.Ленинмен кездесіп, сұхбаттасып, әңгіме барысында: «Ленин мырза, Сіз негізгі мақсатымыз коммунистік қоғам құру дейсіз. Оның негізгі экономикалық заңы бойынша әркім қолынан келгенше жұмыс істейді, ал қоғамнан керектерін қажетінше алады, дейсіз. Адамдардың қажеттілігінде шек бар ма? бүгін бірдеңені, ертең, бүрсігүні... ала бергілері келеді», - депті. В.И.Ленин: «Кейбіреулер Коммунизмді дүние байлық деп есептейді. Ол адамдардың сана-сезімін байыту арқылы, білімін көтеріп, мәдениеттілігін арттырып, төгілген тердің құндылығын, еңбектің қажеттігін түсіндіру арқылы жететін рухани байлықтардың қорытылған жеңісі, жемісі. Сонда адамдар бәрінің қадір-қасиеттерін, қажеттіліктерін түсініп, ысырапшылдыққа жол бермейді», - деп жауап қайтарыпты. Осы күндері кейбір «пысықтар»: «Совет өкіметін орнатамын деген коммунизмі қайда?», - деп кекесінді мысқылдайды. Ресей патшалығы кезінде кім едік, енді кіміз, қандай дәрежеге көтерілдік. Соған ой жүгіртсе, түсінер еді.

О.Бисмарк айтқан екен: «Революцияны (төңкерісті) данышпандар ойлайды, жанкештілер (фанатиктер) іске асырады, жемісін арамзалар (мерзавцы) пайдаланады», - деп.

Көне ғасырда гректің атақты данышпаны Сократты дінге қарсы пікір айтты деп өлім жазасына кеседі. Ертең жаза орындалады деген күні қоштасып қалайын деп Платон барады. (Платон мен Аристотель Сократтың шәкірттері екен). Келсе Сократ бір ақынның өлеңін жаттап отыр екен. Платон таң қалып: «Ұстаз-ау мынауыз не? Ертең өлейін деп отырсыз, бүгін өлең жаттап отырсыз? – десе Данышпан: «Еһ, ертең жаттай алмаймын ғой», - депті. Яғни, адам соңғы демі біткенше оқуды қалдырмауы керек. Сол Сократтың айтқаны ғой: «Менің білетінім – ештеңе білмейтіндігім», - деп. Мақсат – іздену.

Гректің данышпаны Диоген күндіз қолында жағылған шырағы бар келе жатса, кездескен адамдардың бәрі таң қалады: «Күндіз қолыңызға жағылған шырақ алып не іздеп жүрсіз? – деп. Сонда данышпан: «Адам іздеп жүрмін» - дейтін көрінеді.

Менің де мақсатым сол, ата-бабалардың ақыл-нақылдан жағып кеткен шырақтарын сөндірмей, жалғастырып сендерге жеткізу.

Қосымша деп қосынбаңдар, теріп алған құндылар, әрқайсының тәрбиелік орны мен мәні бар. Бабалардың өсиеті мақсаты ғой қашанда ой тұнығын, сөз асылын саралар. Сарқытым ғой, саған жиған жас ұрпақ, оқы, тоқы, керектерін түйіп ал.

«Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, бір қарт, әрі данышпан шежіреші биінен:

- Асан атаның «Қилы-қилы заман болар, Қарағай басын шортан шалар» дегенін естіп едім, мәніне бара алмадым, бұл қандай сөз, - деген екен, Сонда би қырын қарап, көзіне жас алып, қамшысын ер басына іліп:

- Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді. Ханға жауап айтпасам,

Ханның көңілі қайтады,  
Қандыра жауап бермесем,  
Халқым не деп айтады.  
Хан Абылай, Абылай,  
Қайғылы мұндай хабарды,  
Сұрамасаң нетеді.  
Сұраған соң айтпасам,  
Кісілігім кетеді.  
Енді айтайын тыңдасаң,  
Маған қаһар қылмасаң.  
Қарағай судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарак  
Шортан суға шыдамсыз,  
Балықтан шыққан бір қарак.  
Ойлама шортан ұшпас деп,  
Қарағайға шықпас деп,  
Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар со тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Бастығының аты боп.  
Күн шығысқа қарайды,  
Шашын алмай тарайды.  
Құдайды білмес-діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Осы сынды бір кәпір,

Аузы-басы жүн кәпір,  
Жаяулап келер жұртыңа,  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Жемірлерге жем беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны.  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды.  
Қағазға жазар малыңды,  
Есепке салар барыңды.  
Еліңді алар қолыңнан.  
Әскер қылар ұлыңнан,  
Тексізді төрге шығарып,  
Басына ол күн туғанда,  
Теңдік тимес құлыңнан.  
Бұл айтқан сөз Абылай,  
Болмай қалмас артыңнан,  
Есітсең мына қартыңнан,-  
деп сөзін аяқтап, Абылай хан да бекер сұраған екенмін деп аһ ұрып қалған.  
1871 жылы 17 зулқагда Құдабай ақынмен кезігіп қалып (ол кезде зағип кісі еді):  
- Асан қайғы кім, оның сөздерінен есіңізде қалғаны бар ма? - деп едім мынандай өлеңдермен жауап берді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,  
Үлкендердің айтуы солай деймін,  
Бұл сөзге анық-қанық емес едім,  
Естігенім тақсыр-ау былай деймін.  
Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір,  
Алтай, Ертіс, Оралды еткен дүбір.  
Ормамбетхан ордадан шыққан күнде  
Асан ата қайғырып айтыпты жыр, - деп еді.  
Құдабай Қойшан деген бір дана, білімді кісіден Асан қайғының мынандай сөзін де естігенін айтады;

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң түзіп жаман болар.  
қарағайдың басына шортан шығып,  
Бабалардың дәурені тамам болар.  
О күнде қарындастан қайыр кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер.  
**Алдағыны болжасам...**  
Ақтан Керейұлы (1850-1912)

Бісімілә рахман рахим –  
Әуелі бастар сөз еді.  
Асыл сөзді түсінер  
Қазағым дархан ел еді.  
Таусылмайтын көңілі  
Ағайынға мол еді.  
Сарқылмайтын байлығы  
Жарқыраған көл еді.

Ағалары ініге  
Үлгілі ұлы жол еді.  
Ер азамат сөз бастап  
Қызыққа елім толы еді.  
Үлкенге кіші бағынып  
Заңы елдің жөн еді.  
Аталардың ақ жолы  
Барлығына сән еді.  
Аталардың ақ сөзі  
Елімізге дәрі еді.  
Жақсылар елді басқарып  
Жаманшылық әрі еді  
Бүгінгі елден ерлерім  
Тірі еді және ірі еді.  
Жаманшылық болса да  
Алдағыны болжасам –  
Қара бұлт төніп келеді  
Тыныш тұрған еліме  
Ақырдың бұлтты төнеді.  
Төнген күні, ағайын,  
Жақсыны жаман жеңеді  
Ақсақалдар биік шың  
Асқар тауға тең еді.  
Елестетер келер күн  
Аласа жаман төбені

Асылдың сөзі жүрмейді  
Билігін елге жүргізер  
Адамның жаман-төмені.  
Асылдардан күн кетер,  
Қолында болмай дерегі.  
Жаманға жақсы бағынып,  
Қамауда жапа шегеді,  
Басшылары елімнің  
Басына елдің тебеді.  
Ел басқарған жақсылар  
Еліне бұрмас жүрегі.  
Саудамен сартқа айналар  
Елдің біраз бөлегі.  
Ақшасына сүйеніп  
Қыран болып қара құс  
Ағайынды бүреді.  
Жылан болып кесіртке  
Ысылдап шағып жүреді.  
Төбет болып қаншықтар,  
Еліне қарай үреді.  
Арыстан болып түлкілер,  
Көкжалға қарай келеді  
Жабылар шауып бәйгіде,  
Арғымаққа арба жегеді,  
Ақылды асыл азамат  
Жамандарға иіліп

Маңдай терін төгеді,  
Насырын жерге бүгеді  
Өнегелі ақсақал –  
Азаяр елдің тірегі.  
Ағайын-туыс, дос-жаран  
Бірін-бірі өлтіріп  
Татулық шамы сөнеді,  
Шайтаны бар шараптар  
Елдің болар қорегі  
Ағалардың ел басы  
Нәжісі болар әлегі.  
Жазылмас дерттер көбейіп,  
Шомылып ұрық себеді.  
Ақ жолдағы молдалар  
Елін талап сөгеді.  
Бақсы-балгер көбейіп  
Еліне салар бәлені,  
Бір-біріне азаяр  
Адамдардың көмегі  
Ел алдына шықпайды  
Болса да жігіт өнері  
Жомарттық кетіп байлардан  
Жетімге болмас берері  
Құл-құтандар би болып,  
Арасын елдің бөледі.  
Болжай алмай алысты  
Аяқ астын көреді.  
Ішерге елім тарылып  
Қиын өмір сүреді.  
Төрелік айтар билердің  
Ақша болар керегі.  
Өсірген қыз бен келінің  
Ойламас ата-енені.  
Батасыз жастар қосылып  
Оттары жанбай сөнеді,  
Тірі жетім көбейіп,  
Мейірсіз өсіп-өнеді.  
Керексіз болып туылар  
Дүнианың тәтті бөбегі,  
Ұят кетіп қызыңнан  
Жалаңаштар денені.  
Жез тырнақты, жалбыр шаш  
Кейпіне жынның енеді.  
Ата-анасы ұл-қыздың  
Айтқанына көнеді.  
Той-мереке бастайтын  
Ер адамның жолына  
Әйелдер қағар шегені.  
Келіндер өзі жүргізер  
Топ бастайтын кемеңі.  
Намыстан ерлер айырылып,  
Бір келін топ бастаса –

Бірі қалмай ереді.  
Әйел болып еркектер  
Өсекті жиып-тереді.  
Батыры елдің жауға емес,  
Еліне атар жебені.  
Осыларды болжаған  
Кенжедегі Ақтанмын –  
Аруақты аталар –  
Барлығынан өтетін  
Қазақты асыл деп еді.  
Сондықтан да ұрпағым  
Түзелер деп қисайып –  
Сендерге бабаң сенеді.  
Жаратушы Алланың,  
Берері бізге көп еді.  
Сиынсаңыз Аллаға  
Сарқылмас әсте берері.

### **Ғұламалар Құран туралы**

Өмірдің бар шынайы мән-мағынасы тек Құранда ғана анық баяндалған. Поэтикалық сипатта бейнеленген керемет ұлы дүние – Құран.

**А. С. Пушкин.**

Ислам дінінің бас кітабы – Құран шығыс халықтарының рухани және қоғамдық дамуына ықпал ету ауқымы жөнінен бүкіл адамзаттық мұра болып табылады.

**П. А. Грязневич.**

Құран ең жоғарғы, ең пайдалы, ең шынайы пікірлерді қамтиды.

**У. Ирвинг.**

### **Әйелге ода**

Қай жерде, мейлі, қай елде  
Әлемнің мәні – Әйелде.  
Мықтымын десең оныңды  
Әйелге барып дәлелде!

Әйелсіз айтпан әнді мен,  
Әйелмен дәмді әңгімем.  
Сүйкімді болсаң шынымен,  
Әйелің сүйсін алдымен!

Әйелге мәлім көп сырың,  
Сүрінсең – әйел деп сүрін.  
Халыққа сыйлы болмайсың,  
Әйелге болсаң жексұрын.

Әйелсіз қонды бақ қашан,  
Әйел деп түстік отқа сан.  
Әлемнің тілін таппайсың,  
Әйелдің тілін таппасаң!

Болмасын әйел назалы,  
Болмасын әйел жазалы.  
Кеудесін қаққан талайдың,  
Әйелден болған ажалы!



Әйелден ыстық от бар ма?  
Сол үшін түстік көкпарға.  
Қарғағың келсе біреуді  
Әйелің өлсін деп қарға!

Әйелмен құның өлшенер,  
Құдайдан кейін – сол шебер.  
Бақытты сен де болмайсың  
Әйелің сорлы болса егер!

Сырыңды соған ашасың,  
Шөліңді содан басасың.  
Адамның күні әйелмен,  
Әйелдер мәңгі жасасын!

**Жүрсін Ерман**

### **Ғұламалар Құран туралы**

Өмірдің бар шынайы мән-мағынасы тек Құранда ғана анық баяндалған. Поэтикалық сипатта бейнеленген керемет ұлы дүние – Құран.

**А. С. Пушкин.**

Ислам дінінің бас кітабы – Құран шығыс халықтарының рухани және қоғамдық дамуына ықпал ету ауқымы жөнінен бүкіл адамзаттық мұра болып табылады.

**П. А. Грязневич.**

Құран ең жоғарғы, ең пайдалы, ең шынайы пікірлерді қамтиды.

**У. Ирвинг.**

Құранды зерттеген сайын оның аса толықтығын және қасиеттілігін аңғарамыз. Алдымен адамзатты қызықтырып өзіне қарай тартқан Құран одан кейін таңғалдырады, өзіне әбден баурап алады. Өзін адамзатқа құрметті еттіреді және осы қалпымен үнемі өзіне тарта береді.

**Г. Эдмонд.**

Құран үйреткен негіздерде ешбір кемшілік жоқ. Адамгершіліктің бүкіл қағидаларын Құраннан артық дамытуға, ілгерілетіп жетілдіруге болмайды.

**И. Гете.**

Мұсылмандық – дүниенің ұйытқысы болған дін. Бұл діннің қайнар көзі – Құран. Ал Құран болса, әлем мәдениетінің негізгі іргетасы. Егер мұсылмандық жер жүзінен жойылар болса, дүние шайқалып кетер еді.

**Ф. Гостонкар.**

### **Білгенге – маржан**

**АТАЛЫҚ.** Хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам. Өзі тәрбиелеген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Ерте ортағасырларда (VII–VIII ғ. одан кейінгі XV–XIX ғ.) Түрік, Батыс Түрік, Қимақ-Қыпшақ, Оғыз, «Тоғыз Оғыз», Қырғыз, бертінгі Хиуа, Бұхар, Қоқан, Қазақ хандықтарында аталық лауазымын алған адамдар аз болмаған. Орта Азия халықтарының ішіндегі ең аты мәшһүрі – Әлімқұл аталық. Аталық сөзінің бұдан басқа да ұғымдары бар:

1. Ханның ақылшы қариясы;
2. Қазақ ауылының батагөй ақсақалы;

3. Ізгі қасиетті білдіретін ұғым (аталық борыш, аталық қамқорлық, аталық сөз).

**АТАБЕК** (түрік. – атабег) – орта ғасырлардағы лауазым. «Бек» сөзі орта ғасырларда бастық деген ұғымды білдірген. Шыңғыс хан әскерінде қарапайым жауынгер онбасыға сайланғаннан бастап бек атанған. Ол «ата»

сөзімен қосылғанда бектердің күштісі, атасы деген мағынаны білдіреді. Атабек атауы түркі халықтарының тарихында үш түрлі мағынада қолданылған:

1. Салжұқ сұлтандарының мирасқорларын тәрбиелеуші әрі олардың қамқоршысы;
2. XII–XIII ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде феодал княздықтың басшысы;
3. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы әскер басы.

### **Қанға бөккен түркінің бір тармағы...**

Кейбір тарихшылар Гитлердің қанішерлігі Америка құрлығын ашып, оның байырғы тұрғындарын қынадай қырған отарлаушылардың жанында «ойыншық» көрінетінін айтады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың тұтануына басты кінәлі Гитлер екені белгілі. Сол қанды қасапта бас-аяғы 40 миллион адам опат болды деп есептеледі. Ал 1500 жылдан 1900 жылға дейін Америка құрлығында отарлаушылар 95–114 миллион байырғы халық – үндістерді қырып тастаған. Қысқасы, бүгінгі Америка үндістердің қанына суарылып, сүйегінен тұрғызылған. Мұндайлық адам баласын өлшеусіз қыру адамзат баласының арғы-бергі тарихында болмаған. Енді болмауы да мүмкін.

Еуропадан барған отарлаушылар үндістерге неге сонша өшікті? Неге малша қырды? Әрине, мұның жауабы белгілі. Ең бастысы, қоныстану үшін жаңа жер іздеп барғандарға жер керек болды. Сондықтан да онда тұрып жатқан байырғы халықты қырып, жерді өздері иеленуге тырысты. Екінші мәселе, ол кезде Америка құрлығының асты да үсті де табиғи байлыққа тұнып тұрды. Әсіресе, еуропалықтарды қызықтырған – алтын жартастар, алтын бұлақтардың көптігі. Сол құдіретті сары алтынға деген ашкөздік жергілікті тұрғындардың қырылуына бірден-бір себепші болды. Өйткені отарлаушылар алтынның қадірін, құнын білді. Оған толығымен ие болғысы келді. Ал «алтын жергілікті тайпаға тиесілі» деп қарсы тұрған үндістерді атты, асты, резервацияға айдады. Осылайша, үндістер қынадай қырылды. Көптеген тайпалар жер бетінен мүлде жойылып кетті. Фенимор Купер «Могиканның соңғы тұяғы» атты кітабын бекер жазбаса керек-ті. Онда үндістің делауар тайпасының соңғы тұяғы жөнінде әңгіме болатыны белгілі. Ендігі бір мәселе, Американың байырғы халқымен түркі жұртының түп-тамыры бір деген әңгіме соңғы жылдары жиі қозғалып жүр. Бұл қаншалықты шындық? Кейбір деректерге қарасақ, үндістер Алтайда өсіп-өніп, осы жерден Америкаға жол тартқандар деп айтылады. Мәселен, белгілі ғалым Әділ Ахметов былай дейді: «... ежелгі майялықтардың (үндістердің аса бір өркениетке қол жеткізген бір тармағы, тайпасы) бізбен – Алтай халықтарымен тарихи байланысы үлкен ғылыми-зерттеуді қажет етеді. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Ежелгі бабаларымыз Солтүстік Америкаға су арқылы емес, жермойнақ арқылы өткен. Кезінде Азия мен Солтүстік Американың арасында ені 50 мильдік жермойнақ болған. Олар сол жермойнақ арқылы көшкен. Кейін мұз еріген соң, ол жерде бұғаз пайда болады. Америкалық «үндістердің» Алтайдан кеткенін айшықтайтын тағы бір жайт бар. Ол майялықтардың 260 күн-дік киелі күнтізбесі. Яғни ана мен нәрестенің күнтізбесі. Жатырға түскен ұрық пен баланың өмірге келу арасы – 260 күн. Яғни тоғыз ай, тоғыз күн. Аталмыш күнтізбе осыдан пайда болған тәрізді. Мұндай санау жүйесін олар бізден алып барған. Бұғаз пайда болғаннан, кейін мәдени байланыс үзіліп қалған. Алтай халықтары мен америкалық «үндістердің» туыстығын генетикалық зерттеулер де дәлелдеп отыр. Тұқым қуалаушылық қасиеті мен ДНК-сына дейін келеді. ДНК ұқсастығы 90 пайыз болып отыр. Сонымен қатар ең үлкен ұқсастық – «түркілік көк белгі» балалардың жамбасындағы көк дақ осы америкалық үндістерде де бар». Бұл – Америкада тұрып жұмыс істеген, үндістерді зерттеген ғалымның айтқаны. Әрине, түркі жұрты мен Американың байырғы халқының арасындағы байланыс әлі де түпкілікті зерттеуді қажет етеді. Бұл – жеке

әңгіме. Жалпы, Үндіс деген атау 15 ғасырда испан теңіз жиһанкездерінің «Үнді жерін таптық» деген жаңсақ пікірлерінен шыққаны белгілі. Бүгінгі тарихшылар «Еуропадан Америкаға алтын іздеп немесе сонда қоныстануға барғандар 95–114 миллионға тарта үндістерді қырып салды» деп жазады. Әсіресе, АҚШ тарихшысы Дэвид Станнорд осындай пікірде. Мұны аузы кере қарыс тарихшы, зерттеушілер де жоққа шығармайды. Отарлаушылардың жергілікті халықты аяусыз қыруын «Америкалық холокостпен» теңеп жүргендер де жеткілікті. Жалпы, үндістердің тарихын зерттеушілердің көбі ақ адамдардың Американың байырғы тұрғындарына қарсы қолданған зорлық-зомбылықты, яғни қырып-жою, жерін тартып алып, құлдықта ұстау, тауар ретінде сатуын, т.т «геноцид» деп атайды. Мәселен, Америкаға жасаған алғашқы сапарында, яғни 1492 жылы 12 қазанда Багам аралдарына келіп тоқтаған Христофор Колумб өз күнделігіне мынадай жолдар жазған: «Бұл адамдар өздерін өте еркін ұстайтын, өте мейірімді, бейбітшілік сүйгіш, еңбекқор жандар екен. Балық аулау немесе өсімдік өсіру, аңға шығу секілді істерімен ғана айналысады. Тұратын қос-шатырларының өзі ерекше және оны өте таза ұстайды. Олардың бос уақыты көп. Сол кезде доп ойнап, билеп, ән айтумен күндерін өткізеді. Тек ұятты жерлерін жапқаны болмаса, бәрі жалаңаш-жалпы жүреді. Мұндай ақ көңіл, сенгіш, аңғал жандарды өз дінімізге тарту қиынға соқпайтын сияқты. Сондай-ақ олардан жақсы күтушілер шығады». Арада тағы екі күн өткен соң, 14 қазан күні Колумб: «Бұларды айдауға салуға, айтқанымызды істетуге, көнуге мәжбүрлеуге небәрі 50 солдат жеткілікті. Әзірге олар біздің сұрағанымызды беріп, айтқанымызға көнуде» деп өзінің басқыншылық ниеті бар екенін де күнделікке түрте кеткен.

1493 жылы Колумб Америкаға екінші рет аттанды. Бұл жолы оның экспедициясы 17 кемеден, 1500 адамнан тұрды. Осы жолы ол қандай адам екенін танытты. Үндістерді ұстап құл ретінде сатты және олардан алтын жинады. Берсе, қолынан алды, бермесе, жолынан алды. Атты, асты, тонады. Өлген бір испандықтың кегі ретінде жүз үндіс өлтірілді. Тіпті бас терілерін тірідей сыпырды. Иттерін үндістердің өлігімен тамақтандырды. Сол кезден қалған бір испандықтың хатында былай жазылған: «...Картахеннен оралған бойда мен Рохе Мартин деген португалды кездестіріп қалдым. Оның үйінің алдында жартылай шабылған үндістің денесі ілулі тұрды. Өлі үндісті шауып, итін тамақтандырады екен...». Бұған не айтуға болады? Алтын үндістер үшін Колумб келіп Американы ашқанға дейін жай ғана сары темір еді. Тек Еуропадан алтын іздеп келген келімсектерден кейін бұл сары темірдің құны тым жоғары екенін бағамдаған үндістер оның нарқын қымбатқа бұлдады, тіпті ата-бабадан қалған дүние деп, ақ адамдарға оны бермеуге, кен орындарын көрсетпеуге тырысты. Сол үшін айқасты, жан алып, жан берісті. Жалпы, тарихта инктердің алтыны, апачтардың алтыны және өзге де үндіс тайпаларының алтындары жөнінде небір алыпқашпа әңгімелер көп. XVI ғасырда испан конкистадорлары (қазына іздеушілер) инктердің 120 тонна алтын мен күмісін Испанияға тасып әкеткен. Еуропалық саяхатшы Фрай Маркос де Низа деген біреу 1539 жылы осы өлкеге алғаш аяқ басып, осындағы үндістердің апач тайпасымен кездескен. Апачтар оған алтыннан тұрғызған жеті шаһары бар ғажайып өлке Сибола жайлы айтады... Сондай-ақ алтын теріп алатын бұлақ-тұмаларды, құйма алтындар кездесетін каньондарды көрсетеді. Бүгінгі алтын іздеушілер сол Фрай Маркос де Низа жазып кеткен күнделіктегі жазбаларды бетке ұстап, Аризона штатын әлі күнге кезіп жүр. Испандықтар апачтар көрсеткен кен орындарынан тонналап алтын жинаған. Оны кемелерге тиіп Испан корольдігіне жіберіп отырған. Археологтардың ашқан бір жаңалығы, үндістерде қайтыс болған көсемдерін, басшыларын бүкіл байлығымен, яғни алтын-күмістерге бөлеп жерлейді екен. Демек, қаншама алтын әлі күнге жер астында жатыр десеңші. Бір ақиқат дүние, бүгінде аңызға айналған Эльдoradoны ешкім кездестірмеген сияқты, жеті алтын қаладан тұратын апач тайпасының аңызға айналған қазыналы өлкесі Сиболаны да әлі ешкім тапқан жоқ. Айтпағымыз, бұл емес. Айтайық дегеніміз, қайсыбір ғасырда Алтай һәм Солтүстік Азиядан жер ауып Америка құрылығын мекендеген байырғы түркі жұртының Еуропадан барған басқыншылардың қаһарына ұшырап, жүз миллиондап қырылуы. Сол бес ғасырға созылған қанды қасаптың әлі күнге геноцид ретінде танылмауы. БҰҰ-ның үнсіздік сақтауы. Екінші Дүниежүзілік соғыста фашистердің қанды шеңгелінен 6 миллион еврей шейіт болды. Мұны

әлем жұрты «Холокост» деп атады, геноцид деп таныды. Ал сонда жүздеген миллион үндістің сұрауы болмаған ба? Америкалық Холокост дейтін кез келген жоқ па, әлде...

**Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ.**

### **ОСЫ БІЗ, ҚАЗАҚ, КІМБІЗ?**

Кез келген адамдар қауымы мен олардың арасындағы қарым-қатынас «біз» деген ұғымның құбылысы сақталған жағдайда нығайып, қалыпты қызмет етеді. Адамдарға өздерін белгілі бір ұлтқа, дінге, мемлекетке, кәсіп иесіне, т.б. жатқызып, өзін сондай белгілермен айқындауы тән. Ал «біз» деген ұғымның мәні мен мазмұнын түсіну үшін, оған қарама-қарсы ұғым «олар» (өзге ұлттар, дін өкілдері, шетелдіктер, т.с.с.) болуы шарт. «Біз» «оларға» қарай отырып, өзіміздің ерекшелігімізді түсінеміз, мықты болсақ мақтанып, кемшіліктеріміз болса түзеуге тырысамыз, «олардың» озық тәжірибесін меңгеріп, мінез-құлықтары жақсы болса, «оларға» ұқсап, бейімделуге талпынамыз. Яғни, адам атаулыға өзін-өзі айқындау (идентификация), өзі тектестермен бәсекелесу және қарсыласу тән. Әлем тарихында мыңдап болған сан алуан соғыстарды айтпағанда, орта ғасырлардан бері-ақ Ұлы Крест жорықтары, Шыңғыс хан шапқыншылығы, Араб шапқыншылығы және өзге де ірі соғыстар қауымдарға жіктелген адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіріп, «біз» бен «олар» бір-бірімен үздіксіз теке-тіресумен келеді. Иә, адамзат тарихы – соғыстар тарихы. Тіптен осы «Біз адам ретінде кімбіз?» деген сұрақ ХХ ғасырда алапат Екінші дүниежүзілік соғыстың тұтануына ықпал еткен ұшқын болды. Гитлерлік Германия немістерді таза ариялық, асқақ ұлт деп жариялап, өзге ұлттарды құл ретінде санауының соңы әлемді қамтыған қанды қырғынға ұласты... Бірақ адамзат тарихтың ащы сабақтарынан нәтиже шығарар емес. Баяғы сол, «біз» бен «олардың» арасындағы пендешілік пен күншілдік, бақталастық пен бәсеке, жанжалдасу мен қан төгілген қарулы қақтығыстар әлемнің әр түпкірінде әлі күнге дейін жалғасып келеді...

Бәсекеге қабілетті ұлт ретінде тайталасқа түспес бұрын, әрбір ұлт өзінің кім екенін, әлеуеті қандай екенін, өзгелерден қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін бағамдайды. Ұлы Абай атамыз «Қара сөзінің» екінші сөзінде қазақ ұлтын көршілес ноғай, орыс, татар, сартпен салыстырып, өз ұлтының кем-кетігін көрсетуі тегін емес.

Ендігі мәселе – қазіргі әлемдегі мықты ұлттардың бізден нендей артықшылықтары бар? Әрине, адамды Алла тағала пенде етіп жаратқандықтан, ол кемшіліксіз емес, сол сияқты кез келген ұлттың да кемшілікті тұстары мен жағымсыз қасиеттері болуы хақ. Біз ондай көлеңкелі тұстарға назар аудармай, әр ұлттың үлгі тұтарлық сапаларына ғана тоқталғмыз келіп отыр. Ондағы ойымыз – өзге өркениеттен өнеге алу.

Мықты ұлт дегенде, алдымен ақыл-айласы мол еврейлер көпшіліктің ойына бірден түсері сөзсіз. Әрине, әрбір ұлттың тарихы ерекше, бірақ еврейлердің тарихы мүлдем бөлек. Еврей ұлты түрлі қуғын-сүргін көріп, өзінің байырғы атамекенінен өте ұзақ уақыт жырақта өмір сүрсе де, өзінің ана тілін, ата-бабаларының салт-дәстүрі мен діни ұстанымдарын ұмытпаған. Олардың өзге халықтардың арасында шашырап өмір сүруге әбден бейімделгені сонша, антисемиттер оларды тіптен «өзге ұлттың денесінде өмір сүргіштер» деп жазғырады. Қолынан келмегесін, көре алмағандығынан іші күйіп, тұз жалайдының кері бұл...

Еврейлердің бәсекеге қабілетті ұлт екендігінің тағы бір айқын дәлелі. Forbes журналының мәліметтеріне сүйенер болсақ, әлемдегі миллиардер алпауыттардың да басым бөлігі еврейлер.

Қазақтардың еврей ұлтынан үйренетін нәрселері көп-ақ. Ең алдымен ұлттың ішкі бірлігін нығайту, бір-біріне қамқор болып, қолдау көрсету, жеке мүддеден ұлттық мақсат-мұратты биік қоя білу сияқты қасиеттерді бойға сіңіретін болса, қазақ халқы әлемді билеп-төстемесе де, өзгелермен бәсекеге төтеп беретін біртұтас һәм сапалы ұлтқа айналар еді.

Сонымен қатар еврейлердің бойындағы ерекше атап өтетін асыл қасиет – олардың өз ана тілдері мен ұлттық құндылықтарын сақтап, одан әрі байытуға деген ұмтылысы. Он сегіз ғасыр бойы «тіл ретінде өліп қалған» деп саналып келген иврит тілі бүгінде Израильдің мемлекеттік тіліне айналып отыр. Бүгін иврит тілі – жаппай қолданыстағы нағыз мемлекеттік тіл. Олар көне иврит тілін тірілтіп қана қоймай, жаңа заманға сай бейімдеп, жаңғыртуға күш салуда. Ивритті дамыту – сионизм идеологиясының ажырамас бөлігі. Израильдің бірінші президенті Хаим Вейцман: «Біз Эрец-Исраэльге Варшаваның, Пинск мен Лондонның өмірін көшіріп алу үшін келген жоқпыз. Сионизмнің мәні – еврейлердің бөтен мәдениеттің қысымымен бойына сіңірген барлық бөгде құндылықтарды өзгерту», – деп айтқан екен. Содан бері иврит тілін дамыту бес түрлі бағытта жүрде: Бірінші – қолданылмайтын ежелгі сөздердің мәнін жаңашалап өзгерту; екінші – иврит грамматикасының заңдары бойынша бір түбірді түрлендіру арқылы жаңа сөз жасау; үшінші – екі және одан да көп зат есімдерді қосып айту арқылы жаңа ұғым білдіретін қос сөздер жасау; төртінші – жаңа ұғым білдіретін күрделі қысқартылған сөздер жасау; бесінші – шетелдік сөздерді ивритке сіңіріп алу.

Шіркін-ай, еврейлер нешеме ғасыр бұрын өлген иврит тілін тірілтіп жатқанда, біздің қазақ өзінің көркем де бай ана тілі – тірі қазақ тілін жаппай меңгеріп, нағыз мемлекеттік тіл ретінде көркейтуге «шала қазақ» – «таза қазақ» болып жіктелмей, бір кісідей атсалысар күн қашан туар екен?! Қазақтар аты-жөні мен бет-әлпеті бойынша ғана емес, ішкі жан дүниесімен, ұлттық рухымен де нағыз қазақ болуы тиіс. Қаншама азап көрсе де, ешбір мойымаған еврейлер бейне бір суарылған болаттай асыл сапаларға қол жеткізіп отыр.

Еврейлерден ұлттық сапасы бойынша асып түспесе, ешбір кем түспейтін келесі бір ұлт – жапондар. Жапондардың басты ұлттық ерекшеліктерінің бірі – дәстүршілдік пен еңбекқорлық. Олар жан-жақты жаңаруға қандай құштар болса, дәстүрді сақтауға да сондай адал, қоршаған дүниені қандай әсемдікпен сезінсе, еңбекке де сондай сүйіспеншілікпен берілген. Бұл олардың қанына сіңген әдет. Тіптен 140 миллион адам еркін сөйлеп, 128 миллион адам ана тілі деп есептейтін, 2136 иероглифтен тұратын (1006 кейку кандзи және 1130 кандзи иероглифтерінен жинақталған, негізі иероглифтері одан да көп, 2010 жылы Жапония Білім министрлігі алфавитті 2136 иероглифпен шектеу туралы бәтуаға келген) ұлттық жазуларының өзі – тұтас бір әлем...

Жапондықтар «тілдік ауруға» бой алдырмаған. Тілі мен жазуы қазақ тіліне қарағанда анағұрлым күрделі болса да, өз ана тілін – жапон тілін білмейтін жапондық жоқ. Оған қоса теңдесі жоқ классикалық театры, сан алуан жекпе-жектері, бірегей шай жасау рәсімі, нәзіктік пен әсемдікке толы икебана жасау өнері, т.б. жапондарға ғана тән салт-дәстүрлері сабырлық пен еңбекқорлықты қажетсінетін ұлттық өнерге айналған.

Жапондардың басқалардан ерекшелігі – олар түпкі нәтижеге жетудің мазмұнына қатты мән береді. Бір ғана мысал: кюдо аталатын жапондық садақ ату өнері үшін нысанаға дәл тигізуден бұрын, садақ тарту өнерінің қыр-сырын асқан шеберлікпен орындау маңыздырақ. Мұндай ыждағаттылық жағдайында өзін-өзі алдау мен немқұрайлыққа ешбір орын болмасы анық. Жапондар үшін дүниенің ең асылы – ар-намыс. Ар-намыс үшін харакири жасап, отан үшін камикадзе болып, өз еркімен жан қию да тарихтарында бар.

Басқасы-басқа, дәстүршілдік жапондарда мықты сақталған. Осыған байланысты олардың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басшылыққа алған «Жапондық рух, еуропалық білім мен технология» ұстанымы елдің керемет жетістіктерге жетуіне, сонымен бірге отаншылдық сезімдерін дамытуларына үлкен серпін берді. Жапониядағы ұлттық идентификация процесінде «Шығыс-Батыс» қарым-қатынасының мәселелерін үйлесімді шешуге баса назар аударылады. Жапон елі үшін бұл қиын түйінді табысты шешу әлемдік тарихтағы, халықаралық қатынастар мен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтағы елдің өз

орнын табуын білдіреді. Біз де осылайша, қазақы рухты сақтай отырып, жан-жақты жаңғыруымыз қажет...

Ал ағылшындар империалист отаршы ел ретінде де, бәсекеге қабілетті ұлағатты ұлт ретінде де әлемді мойындатқалы қашан. Ұлыбританиядағы халық саны 62,2 млн адам болса да, ағылшын тілін ана тілім деушілер әлемде 410 млн, ал 1 млрд-тан астам адамзат оны ана тілімен қатар жүретін екінші тіл ретінде мойындайды, оған қоса ағылшын тілі БҰҰ таныған 6 ресми тілдің бірі (араб, испан, қытай, орыс, француз тілдерімен қатар). Әлемдегі ең көп қолданылатын тілге айналған ағылшын тілінің лексикасындағы сөздердің 70 пайызы кірме сөздер болып табылады. Яғни, ағылшындарда тіл байыту процесі үздіксіз жүріп келеді, өзге тілдерден енген ұғымдар, жаңа терминдер, неологизмдер, т.б. есебінен дамып кеткен. Бұл қазақ тілін дамытуда ескеретін өзекті мәселе. Қазіргі кезде біздің кейбір сөздік жасаушы мамандарымыз терминдерді қазақшаға аударуға құмар. Өкініштісі сол – бұл тілді байытпайды, керісінше, оны оқшаулайтын қадам. Кейде сондай «аудармашылардың» аударған терминдерін өзге ұлт емес, қазақтардың өзі түсінбей, басын қатырып жатады... Халықаралық ауқымда қолданылатын, баршаға түсінікті терминдер кез келген тілді байытады емес пе, оларды қазақшаға аударып, арам тер болудың қаншалықты қажеті бар?! Кірме сөздер тілімізді шұбарлайды деп оқшаулана бермеуіміз керек, біле білсек – дәстүрлі қазақ тілінің өзінде өзге тілдерден енген кірме сөздер толып жүр. Кезінде араб, парсы тілдерінен енген қалам, білім, ғылым, кәмет, тәрбие, мұғалім, кітап, дәптер, әдебиет, абырой, амал, адал, арам, әскер, әйел, дәулет, дәурен, зайып, зейін, күмән, т.б. орыстан енген барқыт, бақалшік, бодан, болыс, зауыт, ояз, сияз, сот, старшын, самаурын, сома, т.б. сөздер бүгінде қазақтың тума сөзіндей болып сіңіп кеткен.

Бар салада бағы жанып, аты озып тұрған өнегелі ұлттар туралы әңгіме қозғалса, кейбір қазекемдер: «Қазір нарық заманы ғой, бәрін ақша билейді, ел мен жер қайда қашар дейсің, алдымен өз жағдайымды түзеп алайын» деуі мүмкін. Бұл ұлттың келешегін ойламайтын, бір күндік өмір сүрудің надан психологиясы. Ұлт пен мемлекеттің қарыштап дамуы үшін, оның әрбір өкілі өзінің тағдырын ел-жұртының болашағымен тығыз байланыстыруы тиіс. Қазақстандық ғалым А. Айталы нарықтық қатынастар қалыптасып келе жатқан елдерде патриотизмнің іргетасын экономикалық көзқарастар құрайтынын атап көрсетеді. Осыған байланысты ол «Ұлттану» атты еңбегінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күл-талқаны шыққан Германияның экономикасын қалпына келтіруге ықпал еткен неміс патриотизмінің он өсиетіне назар аударады:

1. Тіпті ұсақ-түйек шығын шығарғанда да, отанның және ел азаматтарының мүдделерімен есептес.
2. Шетелдің бір теңгеге тұратын тауарын сатып алғанда, өз еліңе бір теңге зиян келтіретінінді ұмытпа.
3. Сенің ақшаң тек неміс саудагерлері мен жұмысшыларына пайда әкелуі тиіс.
4. Шетелден келген машина мен құрал-саймандарды қолданып, неміс жерін, шаңырағын, неміс шеберханасын қорлама.
5. Дастарханыңа шетелдің етін, майын, т.б. қойма, себебі ол неміс ет өндірісімен отандық мал шаруашылығына зиян келтіреді.
6. Әр уақытта неміс қағазына неміс сиясын малып, неміс қаламымен жаз да, неміс сорғышымен сорғыз.
7. Неміс игілігіне тек немістің ұны, немістің жемісі, немістің еті жарайды.
8. Тек қана неміс матасынан тігілген сырт киім мен неміс қолынан шыққан бас киімдерді ки.
9. Егер сен неміс кофесін ішкің келмесе, Германияның одақтастарынан әкелінген кофені іш.
10. Еш уақытта шетелдің тауарына қызықпа және есіңде берік сақта: Германия азаматтарының керегін тек Германия ғана шығара алады.

Ал енді осы сарындағы ұстанымдар қазіргі Қазақстан жағдайында қандай күйде тұр? Әрине, өкінішке орай, мүлдем керісінше жағдайда: ішкі нарықты импорттық заттар басып

тұрған, тұтынушылық психология адамдардың санасын жаулап алған қазіргі кезеңде мұндай ұранға азаматтарымыздың мән бермейтіні анық, әрі бұл кекесін күлкі туындатары хақ. Қандай кезеңде өмір сүрсек те, ұлттық болмысымызды сақтай отырып, Отанымызды көркейтуге күш салу – ата-бабаларымыздың аруағы алдындағы асыл борышымыз болып табылады.

Өз заманында Кемал Ататүрік: «Керемет тек шетелде ғана емес. Сырттағыға табынғанша, батыс жұмысшысы, инженері және банкирінен кем түспейтінімізді дәлелдейік» деген ұран көтерген. Халықты өз күшіне сендіру тәжірибесі, шын мәнінде, ғажапқа тең. Толассыз соғыстарда зиялы қауымының елеулі бөлігінен айырылса да, түріктер жаңа құрал-сайманды тосырқамай, технология тілін тез меңгерді. Туған ұлтына Ататүрік қалай сенсе, халқы да оны медет тұтты. Осы ұлы сенім қыруар қиындықтарды жойды. 1933 жылы Түркия Республикасының 10 жылдығында Ататүрік халыққа арнаған лебізін «Түрікпін деген адам қандай бақытты!» – деген сөзбен аяқтаған. Өзінің туған ұлтына деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімін ол осы бес сөзге сыйғызған.

Міне, бәсекеге қабілетті ұлт болудың астарында қаншама тылсым сыр жатыр. Қай ұлттың өмір тәжірибесіне қарасаңыз да, олар ұлттық рухын, тілін, дінін, ділін, салт-дәстүрін, жалпы ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, жан-жақты дамуға қол жеткізген. Қазақ ұлты да осыны әрдайым есте сақтауы тиіс.

**Сейілбек МҰСАТАЕВ,**  
**саяси ғылымдарының**  
**докторы.**

**Ult.kz порталынан ықшамдалып алынды.**

### **Тарихи танымдар**

#### **Қазақ ордасының қоғамдық-әлеуметтік құрылымы**

«Қазақ халқының тарихы мыңдаған жылдарға созылатыны, ал дербес мемлекет ретінде қалыптасқан Қазақ Ордасының тарихы, Мұхамед Хайдар Дулаттың куәландыруы бойынша, 1456 жылдан басталатыны бүгінде дау тудыра қоймайтын ақиқат. Бұл тарих қазақ даласын Орыс империясы түгел бағындырып алғанша созылатыны тағы даусыз. Осыны ескере отырып, біз Қазақ ордасының қоғамдық-әлеуметтік, әкімшілік құрылымы жайын оқырмандарымызға таныстыра кету артық болмас деп ұйғардық. Әрі бұрынғысынша бұл жолы да Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабына сүйендік.

**ХАН.** Қазақ Ордасындағы ең жоғары өкімет қолына берілген лауазым. Ол мемлекет, халық, қоғам бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын дәрежесі ең жоғары әрі халық сенген, оларды бір іске, бір мақсатқа жұмылдыра білетін бірегей ел басшысы. «Ханда қырық кісінің ақылы бар, - деп халық айтқандай, ол бейбіт кезде кемел ақыл иесі, жаугершілікте қол бастайтын батыр, ел ішінде ғана емес, көрші мемлекеттерде де баянды бедел иесі. Осы қатарға Керей мен Өз Жәнібек, Қасым, Есім, Ақназар, Өз Тәуке, Абылай, т.б. жатқызылады. Хандар ел билегенде өзінің айтқанымен жүре бермей, заманына лайық заң болуы керектігін де естен шығармаған. Солардан бізге белгілісі – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы». Әрине, әрбір жаңа хан ортақ заңды тәрк етіп жаңасын шығара бермейді ғой, сондықтан үш жарым ғасырдан астам тарихқа үш заң да әбден жетіп жатыр.

Хан жалпы елдің қамын жеуге тиіс болғанымен, бүгінгі тілмен айтқанда «экономика» мәселесіне қарай қия баспаған, ол Орданы құрайтын рубасылардың өз шаруасы болған. Әрі ол кезде қазақ үшін «Қайыршылықтан құтқарайық» деген ұран болмаған. Арасынан қайыршы шығу бүкіл ру үшін өліммен тең. Есесіне, хан сайлауда «Дала демократиясы» бұлжытпай жұмыс істеген.

Бір ғана мысал. Абылай Орта жүз хандығына Қасымды (Кенесарының әкесі) қолай көргенде, оның өркөкіректігін жақсы білетін ел өкілдері ашығын айтып, Абылайдың адымын аштырмаған.

Хан ел сенімін ақтай алмай, халқын аяққа басқысы келсе, оны орнынан аламыз, басқа біреуді сайлаймыз деп әуре болмаған. Бір түнде көтеріле көшіп, ханын айдалаға қалдырып кете барған. Оған Тайыр ханның басынан өткені айғақ. Амалы жоқ ол қырғыз ауып, ескерусіз, елеусіз жан тапсырған. «Хан талау» сондай жағдайлардан туындаған.

Ру, тайпа басшылары, халық әлгіндей жағдайлардан басқа тұста ханға зор құрмет көрсеткен. Оған ақ орда тігіліп, хан тақта отырған. Хан ордасына ерекше рұқсатпен кірген, атпен баруға тыйым салынған. Ханға мемлекет тұтастығын сақтау, қорғанысын күшейту, халыққа қамқорлық жасау, әлеуметтік істерді жүзеге асыру, әділ билік орнату, әділетсіздікті жазалау секілді ірі мемлекеттік міндеттер жүктелген... Ханды халық асыраған, барлық қажеттерін ел өтеген. Сондықтан хан мал-мүлік жинамаған.

**БАС УӘЗІР.** Елдің ханнан кейінгі екінші тұлғасы. Ханның әрі ақылшысы, әрі бас кеңесшісі. Ол елдің ішкі де, сыртқы да мәселелерін назарында ұстаған. Ханмен келісе отырып елдік ірі мәселелерді де шешіп отырған. Ел аузындағы әңгімелерде бас уәзір – халық қамқоршысы, ақылман, ел ісі мен шаруашылығын жақсы білетін адам ретінде құрметпен бейнеленеді. Бас уәзір ел алдында беделі зор, білігі мол, ел заңдарын, халық дәстүрі мен жөн – жоралғыларын жақсы білетін, одан аттамайтын кісілерден сайланған.

**УӘЗІР.** Олар хан кеңесшілері ғана емес, оның көзі, құлағы әрі орындаушысы қызметін атқарған. Олардың әрқайсысының өз міндеттері болған. Бірі жер, шаруашылық жайын, бірі әділдік, құқық заңдарын, бірі дін ісін, бірі елдің тұрмыстық, әлеуметтік жайын бақылайды. Енді бірі қыстан қысылып шығып, кедейленген елге мал-мүлік, азық-түлік жағынан қамтамасыз ету шараларын ұйымдастырады. Уәзірлер ел аралап, ханнан бастап, елдегі кіші билік өкілдері туралы халық пікірін біліп жүруді әдетке айналдырған. Демек, ол кездегі билеушілер өзгенің де, өздерінің де кемшілігін біліп, одан қортынды шығарып отырған, мұның үстіне ол кезде төре де, қара да кемшіліктерді жасыруға әдеттенбегенін білеміз.

**НӨКЕР.** Олар хан мен уәзірлердің қызметшілері әрі оққағарлар міндетін атқарған. Нөкерлер тек билік басындағыларға қызмет еткен, тек соларға ғана бағынған. Жаугершілік заманда нөкерлер шайқасқа тікелей араласқан. Олар да жоғары билік қатарына жатқызылған. Нөкер етіп тек сенімді адамдар ғана алынған.

**БАУЫРШЫ.** Хан сарайындағы бас аспаз. Бұл жұмысқа ең сенімді адамдар тағайындалған.

**БИ.** Бидің орны да, қызметі де зор болған. Қай ру, қай тайпаның болсын тізгіні билерде болған. Би бүгінгі заманмен салыстырсақ айыптаушы да, қорғаушы да, сот та есепті. Өйткені, ол өз атынан емес, бүкіл руы, тайпасы, жүзі атынан сөйлеген. Және би тек әділдік, ақиқат жолында күрескер саналған. Олардың түрлі даулар кезінде қара қылды қақ жарған сөздері үлгі тұтылған. Және би тегіне қарап емес, сөзіне, білгірлігіне қарап тандалған.

**ЕЛШІ.** Мемлекетаралық мәселелерді қарап, шешетін мемлекеттік дәрежедегі қоғамдық өкіл. Ол өз халқы мен қоғамының мақсат, мүддесін көздейтін және сол жолда табанды күрес жүргізіп, істің екі жақты да қанағаттандыратындай деңгейде шешілуі үшін тар жерде жол, қиын жерде сөз табатын адам. Қазақтың талай елшілері бітімгершілік, татулық, көршілік мәселелерін шешіп отырған. Елшіге әр ел құрметпен қараған, сый-сияпат жасаған. Қазақ елшілері қай елге барса да өзін тең ұстап, тең сөйлескен.

**АҚСАҚАЛ.** Әділ әрі көргені көптігімен сыйлы болған адам. Ел ішінде, ауыл арасында абыройы бар, жөн білетін аталы сөз айта алатын азаматтар. Бұл жерде «ақсақал» сөзі оның жасына қарап айтылмаған, елдің ағасы, жолы үлкен деген ұғымда. Елдің, рудың, ауылдың абыройын қорғайды. Тентекті тәртіпке салады, дауласқандарды татуластырады. Шаруашылық, көші-қон, жер-су мәселелерін де шешеді. Оларды «ел жақсысы», «ел ағасы» деп те атайды.

**БАЙ.** Қазақтың сол замандағы басты байлығы мал – шаруаға ықтиятты, ұсынықты адамдарға бітетіні белгілі. Сол мал мол біткен жандар «бай» аталған. «Аққошқар Сайдалының заманында, бір көлден қырық мың жылқы суарыпты» дегендей, үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы, табын-табын сиыры бар адамдар болған. Әрине,



малы көбейген үстіне көбейе түскен жандар барлық жануарларын жалғыз өзі, бала-шағасы жабылып баға алмайды. Жәрдемдесетін шаруаға мал беру дәстүрі сол себепті. Байлардан сауын алып, ат майын мініп қиыншылықтан құтылатындар да болғаны белгілі. Қысқа қарай шүлен тарату да байлардың бір салтына айналып кеткен, жаяуға ат, жалаңашқа киім, қарын ашқанға азық бергендер жеткілікті болған. Бәрі болмаса да, сондай байлардың есімі ел ішінде құрметпен аталған. 1928 жылы 697 қазақ байы тәркіленіп, өздері бала-шағасымен жер аударылғанда, оның ақыры ашаршылыққа апарып соқтырып, қазақтың жартысына жуығы қырылып қалғаны белгілі.

**МЫРЗА.** Бұл сөздің екі мағынасы бар. Біріншіден, әдетте дәулетті адамның ұлын «мырза» деп атаған. Екіншісі – ер көңілді, кең пейілді, жақсылығы көп, кісілігі мол, қолы ашық, мәрт адамдар. Негізінде халыққа, елге қайырымдылығымен, «күдай берген малды ағайын-туғаннан аямаймын» дейтін адамдар «мырза» атанған.

**БАТЫР.** Бұл өте зор атақ. Өйткені ол туған жері мен елін қорғау жолында жанын да, қанын да аямайтын, жау бар жерде қол бастайтын, жер бар жерде көш бастайтын ел қорғанышы, қалқаны әрі халық сенген, арқа тұтқан қаһарманы. Батыр өз басын емес, тұтас ел қамын ойлап, өзі туып-өскен қасиетті жер ананың шетін дұшпанға бастырмайтын да алдырмайтын, бес қаруын бойына асқан, ақылына қайраты сай біртуар азамат. Сондай батырлар, шүкіршілік, қазақта көп болған. Ел батырлардың үздігін қаһарман деп атаған. Он сегізінші ғасырдың өзінде Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Шапырашты Наурызбай, Тілеулі солай аталған.

**ЕР.** Батыр да, ер де елдің бетке ұстар мақтанышы, халықтың құрметті азаматы. Батырлар жауды жапырған қайрат-күшімен көрінсе, ер қайтпас қайсарлығымен, тар жерде жол табатын айла-тәсілдерімен, ақыл-ойымен, кемеңгерлігімен, өр мінез, батыл қимылдарымен халықты бастай білетін қайраткер.

**САРДАР.** Әскербасы, қолбасы. Жаугершілік заман туа қалса, ханы, биі, ел ағалары мен ақсақалдары бас қосып, әскербасын, яғни сардар сайлайды. Ол ерлігі, батырлығымен бірге соғыс өнерін білетін, осы жолда талай сыннан өтіп, көзге түскен батырлардан сайланған. Қазақ Ордасының ілкі жылдарында Қоңырат Алатау ерекше беделді де ықпалды сардар болса, 1711 жылы қазақ бас сардары Бөгенбай, 1723 жылы Қабанбай, Аңырақай шайқасында Әбілқайыр болған. Сардар – қазақ қарулы күштерінің ішіндегі ханнан кейінгі жоғары дәреже.

**САРБАЗ.** Елін, жерін қорғаудағы қатардағы жауынгер. Шайқас кезінде сарбаздар онға, жүзге, мыңға бөлінген. Оларды онбасы, жүзбасы, мыңбасы басқарған. Бұл қазақтың ежелден келе жатқан әскери құрылымы. Соғысқа сарбаз жинағанда әр үйден 2 жігіттің біреуі, 3 жігіттің екеуі, 5 жігіттің үшеуі алынған. Бір отбасындағы жалғыз жігіт алынбаған. Бұл шаңырақты сақтап қалу заңы.

**МЕРГЕН.** «Құралайды көзге атқан» мергендер ел ішінде қашанда болған. Олар садақпен де, мылтықпен де қаруланып, шайқаста да, аңшылықта белгіленген орнында қимылдаған. Мергендер көз мерген, қол мерген деп дараланған.

**НАЙЗАГЕР.** Найзагерлік өнерге жетік жігіттер қалың сайыста дұшпанын найзамен түйреп түсіріп отырған. Кенесарының інісі Наурызбай бұл өнердің хас шебері болған. Жекпе-жекке алдымен найзагерлер шығатын болған.

**БАЛУАН.** Қазақ елі батыр мен балуанды айрықша құрметтеп, алқалаған. Әр ел, жұрт өз балуандарымен мақтанған. Тойға, айтқа, асқа ел сыйлылары өз балуандарымен барған. Ондай жиындар балуандар күресінсіз өтпеген. Бергі заманның өзінде Балуан Шолақ, Қажымұқан, Иманжүсіп, Битабар, Танатқан балуандар атағы жер жарған. Жеңіске жеткен балуандар тиген олжасын бөліскен. Ел жақсылары да балуанын ешқашан құр қалдырмаған.

**САЛ-СЕРІ.** Бұл сөздер айтыла қалса ел есіне Ақан сері, Біржан сал түседі және оларды ерекше сүйіспеншілікпен айтып отырады. Себебі олар – елдің өнері мен мәдениетінің көркі әрі көшбасшысы. Сал-серілер халық мақтанышы мен сүйініші, елдің еркесі, той бастар серкесі, ойын-сауығының ажары, ғажайып өнерінің базары. Серілер сұлу сүйіп, жүйрік ат, алғыр қыран, епті тазы ұстаған тазалық пен пәктіктің көрінісі болса, сал – дүниенің бетіне

қарамай шашып-төгіп жүретін, мәрт те жомарт, мінез-құлқы да ерекше адамдар болған. Сал да, сері де сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздар. Әсіресе серілер өзі күйші, өзі әнші, өзі ақын, өзі композитор, өзі шебер, өзі мерген, өзі балуан, өзі шешен, өзі батыр, өзі ер, шабандоз бір сөзбен айтқанда сирек жаратылыс, сирек бітімді біртуар азаматтар болғаны тарихтан аян. Бір сөзбен айтқанда, олар бір өзі бір театр жұмыстарын атқарған.

Сал-серілердің ұлт мәдениеті мен өнеріне қосқан үлесі өте зор. Олар сал-серілікпен бірге халықтың басқа жұртта кездесе бермейтін жомарттық, мәрттік, ерлік, өнерпаздық сияқты артық қасиеттерді көрсете білген әрі оны ұстай білген ерекше тұлғалар. Байлық пен өнердің қызығын ел-жұртқа әйгілеп, артына аңызға бергісіз өнер мұрасын қалдырған сал-серілердің өз заманындағы орны мен қызметі адам айтса нанғысыз таңғажайып оқиға деп бағалауға болар еді. Әсіресе салдың ісі мен мінез-құлқы, әдет-салты, жүріс-тұрыстарының өзі ешкімге ұқсамайтыны, өзгеше тұрмыс құрып, өмір сүргенінің өзі адам күлерлік, ақылға сыймайтын әрі таңғаларлық көрініс десе де болады. Сал жорға немесе жүйрік ат мініп, қоржынын, қойны-қонышын асыл тас, қымбат бұйымға толтырып, елде жоқ ерекше үлгімен тігілген қымбат киім киіп келіп, өзі ұнатқан қызды ауылдың сыртына келіп аттан құлап жатады екен.

**АҚЫН.** Қазақ ақындар өнерін де аса жоғары бағалаған. Ол замандарда ақындық – шаршы топта айтыса білу, яғни, суырып салу өнері. Әрине, қабырғалы ой, батыл пікір, өткір сөз ел арасына кеңінен тараған. Шын ақындардан ханнан бастап, атқамінерлерге дейін ығып, ығысып тұратын болған. Ақындардың қара қылды қақ жаратын сөздері Алтын Орданың кейінгі заманынан осы күнге дейін жетіп отыр. Махамбеттің «Хан емессің, қасқырсыңы» 19 ғасырда айтылғанымен, ондай дәстүр ежелден бар. Жиёмбеттің Есім ханға айтқанының өзі жеткілікті мысал.

**ЖЫРАУ.** Ақындар мен шешендердің өлең-жырларын, ұтымды сөздерін, ерте замандарда шығарылған батырлар жырларын, толғауларды кейінгі ұрпаққа жеткізгендер – жыраулар. Сондықтан да олардың абырой-беделі ел арасында ұдайы биік болған. Арғысын кім білсін, XV-XVI ғасырлар ақындары қайта-қайта ауызға алатын Сыпыра жыраудан бастап, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар есімдері күні бүгінге дейін халық есінде.

**ШЕШЕН.** Бұл өнер иесі туралы Бөлтірік шешен былай депті: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе жоқ. Сөзді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл».

**ШЕЖІРЕШІ.** Мұндай тұлғаларды да қазақ жоғары қойған. Өйткені, мәңгүрттер болмаса, әр қазақ өзінің ата-тегін білгісі келетіні шындық. Бөгенбай батырдың шөбересі Бапан би шежірешіліктің де шебері болғандықтан Саққұлақ атанған».

#### **Құрма ағашының қасиеті**

Құрма ағашы тура адам секілді өседі. Алла Тағала Адам атаны жаратам деп топырақ алдырғанда, әуелі сол топырақты електен өткізген көрінеді. Електен түскен топырақтан Адам атамыз, ал електе қалған топырақтан осы құрма жаралған деседі. Сондықтан, «құрма – адамның бауыр еті» деген түсінік бар. Хадис шәрифте де «Әпкелерің болған құрма ағашын құрметтендер! Өйткені алғашқы құрма ағашы, Адам алейһиссаламның топырағының артығынан жаратылды» делінген.

Құрма ағашының бір бөлігі еркек, бір бөлігі ұрғашы. Еркек ағаш, ұрғашы жаққа қарай иіледі. Еркек ағаштан бір зат ұрғашыға өтпегенше, ұрғашы ағашында жеміс пайда болмайды. Барлық өсімдіктерде бұл ұрықтану арқылы жүзеге асқанымен, құрма ағашында басқаша екені байқалуда.

Бір жерге отырғызсаңыз, 13-16 жылдан кейін жемісін бір-ақ береді. 60-70 жылдан соң жеміс беруін тоқтатады. Анасының жанынан өсіп шыққан құрма ағашын, яғни баласын анасынан алшақ жерге апарып отырғызсаңыз, бір-бірін сағынады. Тіптен баласы өсуін тоқтатып қурап кетеді. Сондықтан баласын жанына отырғызу керек. Сосын бұл жеміс

ағашының басында адамның миына ұқсас миы болады. Оны алып жейтіндер де бар. Миы алынған құрма ағашы өсуін тоқтатып, қурап кетеді. Адам суды көп ішсе, құрма да сондай. Құрғақшылық жерде өскендіктен бұл ағаш суды қажет етпейтіндей көрінгенімен, керісінше, суды көп қажет етеді екен және айналасын міндетті түрде тазалап отыру керек. Құрма ағашы шөл далада өскенімен, жыл бойы жапырағын тастамайды. Пайғамбарымыз «Құрманың жапырағы жерге түспейді. Мүміннің де жасаған дұғалары жерге түспейді (яғни, қабыл болмастан кері қайтарылмайды)» деген екен. Адамға ұқсайтындықтан бұл ағаш өсімдіктердің ең үстемі.

Құрма пальмасы – Иса пайғамбарды босанған кезде Мәриям анамызға пана болғандығы Құранда айтылады. Құранның аяттары ең бірінші құрма ағашының жапырақтарына жазылған. Мәдинадағы алғашқы мешіт, құрма діндері мен кірпіштен соғылған. Құрма талшықтары Алла Елшісінің төсеніші болған.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) жасы ұлғайған шағында бір құрма талының діңін құтпа оқитын орын ретінде тұрақты пайдаланады. Ол құрма ағашы Пайғамбарымызға тірек ретінде «қызмет ететін-ді. Кейін, Алла Елшісіне құтпа оқитын арнайы мінбер орнатылғанда, ол сол жана орынға ауысады. Пайғамбарымыз өзінің әдеттегі орны болған құрма діңінен басқа орынға жайғасып, құлшылықтан алдын құтпа оқи бастағанда, Алла Елшісінен ажырап қалған құрма ағашы сәби балаша (баланың жылағанына ұқсас дыбыспен) жылаған екен. Әрі ол құрма діңінен шыққан дыбыс, Пайғамбар (с.ғ.с) төменге түсіп, қолын оның үстіне қойғанынша тоқтамаған көрінеді.

Ислам әлемінде жәннаттық жеміс саналатын құрманың орны ерекше. Құран аяттарында құрма пальмасы бірнеше рет аталған. Әрі он бес жерде құрманың Алла Тағала тарапынан адамзатқа берілген сый екендігі айтылады. Алла елшісі құрманы адам үшін ең жақсы тағам деп санаған. Сондай-ақ жүрек ауруларының емі ретінде құрманы пайдалануды өсиет еткен.

Халық арасында таралған тағы бір аңызда осы құрма аманат ретінде жүреді. Бұл Арыстан баб әулиенің Қожа Ахмет Йассауиге Алла Елшісінің аманатын тапсырғаны туралы әпсана.

«Маған құрма ағашы кереметтей ұнайды. Себебіне тереңдеп үңіліп те көрмеппін. Әйтеуір аңсарым ауып тұрғаны» деп құрма ағашының қасиетіне тамсанған ақын, публицист, «Бейбітшілік әлемі» ХҚТБ тарапынан шебер қаламгерлерге берілетін «М.Шолохов» алтын медалінің иегері Қонақбай Саттаров кезекті кітабын «Құрма ағашы» деп атапты. Құрма ағашының қасиеті жайында тебіренген ақын бұл жолы оқырманға қара сөзбен үн қатады. Бастан-аяқ адам баласының өмірдегі құндылықтарын арқау еткен қысқа әңгімелерінің тақырыптары да әр алуан және шағын көлемге салмақты ойлар сыйдырған ұтымдылығы тағы бар. Өлеңде өз өрнегін танытқан ақынның қара сөздегі қарымы да кісі қызықтырғандай.

«Құрма ағашы» – бұған дейін сыршыл өлеңдерімен танылып үлгерген Қонақбай Саттаровтың үшінші кітабы. Автордың өзі «Көңіл күнделігі» деп атаған кітапта кейіпкерлерін алыстан іздемеген, бәрі – өзіміздің замандастарымыз. Сол замандастарымыз байқамаған нәрселерді автор тереңірек байқаған, тереңірек үңілген. Арман мен жалған, махаббат пен ырыс, ажар мен ақыл, қарыз бен кешірім, ниет пен амал, қадір немесе құн, сұлтан мен ұлтан, байлық пен кедейлік, алыс пен жақын, қалам мен гүл, кісілік пен кішілік, таңдану мен тамсану, бәсекелестік, бос күлкі, теңгермешілік, маңдайдағы жазу т.б. тақырыптарды қысқа да нұсқа түрде тәмсілдеген автордың топтамасы сыршылдығымен тартымды. Кітап аты «Құрма ағашы» деп аталғандай, бұл кітаптың да тілінің дәмі құрма жемісіндей тіл үйіреді. Құрманың хикметі секілді кітаптың да қасиеті сонда...

**Төре ҒАЛИ.**

### **Жұрт жусанды неге жақсы көреді?**

Бір қараған кісіге жусан қазақ қана білетін өсімдік секілді көрінеді. Өйткені «бетегеден биік, жусаннан аласа» деген мақалды күнделікті тіршілігінде қолданған халқымыз үшін жусанның орны ерекше.

Бірақ бұл өсімдікке қызығушылық, әуестік әлемнің басын айналдырып тұрғандай. Интернет көздерінен оқыған мына бір ақпарат бізді осындай ойға қалдырды. Калифорния штатындағы (АҚШ) университет ғалымдары ғылыми тілде «Artemisia Annuua» деп аталатын өсімдік бар-жоғы 16 сағаттың ішінде өкпе рагы жасушаларының 98 пайызын бірден жойып жіберуге қабілетті екенін анықтаған. Ал әлгі құдыретке ие құнды дәріңіз кәдімгі жусаннан жасалған. Америка ғалымдары жусанды бұл мақсатқа пайдалана білудің де өз ерекшеліктері бар екенін айтып отыр. Мысалы, оның бір жылдық өскінін емге қолданған жағдайда ол өкпедегі қатерлі ісіктің тек 28 пайызын ғана жойып жібере алады. Ал егер оған темір қоспасын қосып пайдаланса, өсімдік рақты толық құртып жібереді. Тұтастай алғанда, зерттеу нәтижелері артемизинин препаратының рак жасушаларының қарқынмен өсуін толық бақылауда ұстай алатынын көрсетіп берді» деді зерттеу авторлары. Француздың Sanofi фармацевтік компаниясы енді жылына 50-60 тонна артемизинин өндіретінін хабарлаған. Дәрі жасау өндірісінде бұрын қышқылтым өсімдіктің сабағы мен жапырағы безгектен емдеудің өте күшті құралы ретінде пайдаланылып келсе, енді қатерлі ісіктің бетін қайтаруға пайдаланылғалы отыр (Baq.kz).

Жусаннан мұндай мықты дәрі әзірленетіндігін шынында да қазақстандықтардың көбі білмейді. Сондықтан қазақ даласының көркін кіргізген, саф ауасын жұпар иіске бөлеген жусанға тағы бір үнілуге тура келді. Уикипедия – ашық энциклопедия бұл өсімдіктің жүздеген түрі барын айтады. Ал біздегісі қай түрі, қаншалықты қасиеті бар? Мұны мамандар айта жатар. «Жусан (лат. Artemisia) астралылар тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі – 10 60 см, кейде 1,5-2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі тұқымша. Жусанның 17 түрі сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі дәрмененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар. Шырғалжын жусанның жапырағы мен сабағын жеуге болады, құм жусаны қан тоқ-тату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі де (таврий жусаны) кездеседі, оны мал жемейді. Жусан құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік. Жусанды қолдан да (тамыржусан) өсіреді» дейді зерттеушілер.

Ауылда өскен әрбір қазақ баласы жусаннан жақсы хабардар. Жусанның жанымызға жақын болып кеткендігі соншалықты, оны ән мен жырға да, көркем шығармаларға да қосқанбыз. Кітапқұмар жұрт жазушы Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», Мұрат Ескендірұлының «Жусанды қыпшақ даласы» секілді шығармаларымен таныс. Бағдат Айтмұқаева:

Жусан деп ел атаған,  
Шөп ол бойы жатаған.  
Дауылға, желге көшпеген,  
Шөлге берік өскелең.  
Дәрі түбір бұтағы,  
Жусан қырдың жұпары, – деп жырға қосқан.

Жусан! Бұл өсімдікті ұмытыңқырап бара жатқан ұрпақ үшін тосынсый америкалықтар ашқан жаңалық. Бір хабар бәрімізді аяғымыздан тік тұрғызғандай болды. Дегенмен, жусанды түрлі сынақтан өткізген өзіміз неге жаһанға жария ете алмай отырмыз?

Жусанның қадірін білетін қазақ үшін оны ұдайы насихаттау төл міндетіміз болуы тиіс. Жусанды кино түсіру барысында да насихаттау арқылы ұтатын тұсымыз көп. Амал қанша атыс-шабыс, махаббат пен машақатқа құрылған сериалдар сананы жусанмен емес, басқа нәрселердің ісімен улап жатқаны анық.

Дүниежүзінде жусанның 500-ден аса түрі кездеседі. Соның 80-нен астам түрінің елімізде өсуі мақтанатын жағдай. Мысалы, оңтүстік аймақтарда ғана өсетін дәрмене деп аталатын жусанның шипалық қасиеті өте зор екен. Шырғалжын жусанының жапырағы мен сабағын тағам ретінде пайдалануға болады. Жусанның улы түрі де бар. Ащы жусан, кара жусан, боз жусан (дәрмене), т.б. жусан түрлері құнарлы мал азығы болып саналады. Тамыржусан мен дәрмене жусаны қолдан өсіріледі. Жусанның көптеген түрлерінің маңызын халқымыз ерте кезден біліп, дәрі-дәрмек, мал азығы ретінде пайдаланып келген.

Жусанның жұпар иісі туралы және ол қазақ даласының қасиетті өсімдігі екендігі жайында аңыз әңгімелер көп кездеседі екен.

Ойыма ащы мұң салар  
Жусан күй мен жусан – ән,  
Қапаланып тұрсам бір –  
Жусан сөз бен жусан жыр...

деп жырлаған Темірхан Медетбек ағамыздың өлеңінен көп сыр аңғаруға болады.

«Жусансыз жерді от деме, көжесіз елді тоқ деме» деген халық нақылы да текке айтылмаған. Тіпті Ескелді би бабамыздан қалған «Изен, жусан болмаса шөпте береке болмайды, ауыз бірлік болмаса, көпте береке болмайды» деген нақылдың да текке айтылмағаны анық.

Қазақ халқы үшін жусан қасиетті өсімдік ретінде саналған. Алыс сапарға шыққанда бір уыс жусанды өзімен алып та жүрген. Мына бір аңызға назар аударыңызшы: «Ертеде бір батыр жігіт өз елін тастап жат жұртқа кетіп қалған екен. Оны елге қайтару үшін қаншама рет барған елшілердің сөзіне құлақ аспапты. Сонда бір тапқыр данышпан елде өскен кепкен жусанның бір бумасын апарып иіскеткенде елге деген ерекше сезімі оянып, көзінен жасы тамшылап, жедел туған еліне оралыпты».

Тағы да Темірхан ағамыз айтқан:

Тұнып тұр ғой түз деген,  
Сондықтан да біз деген  
Жусан болып мың аңыз...  
Жусан аңқып тұрамыз, –  
деген жыр жолдарына амалсыз бас иеміз.

Кезінде Мысырды билеген Бейбарыс бабамыз да туған елден жусан мен жусан иісі бұрқыраған қымыз алдырып ішкен көрінеді. Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында «Шөп атаулыдан да қой оты мық жусан мен ұсақ, тырбықай бетеге болмаса, өнге бойшаң, тамыры босаң шөптерді жұлып, ұшырып әкететін әдеті бар. Тегінде Шыңғыстаудың асыл шөбі мық жусан. Бұл қойдың ырысы» деп жусанның мал үшін де маңызына тоқталған.

Ертеде халқымыз құяң ауруымен ауырған адамдардың белін күнжіт майына немесе керосинге қосылған дәрмене тұнбасымен емдейтіндігін жазушы Серік Байхоновтың еңбектерінен кездестіруге болады екен.

Қазақстанның орталық аймағында өсетін тықыр жусанның ғана кәдеге асқанын естіп жатырмыз. Көпжылдық ізденулердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Серғазы Әдекеновтың басшылығымен «Арглабин» деген дәрісі жасалған. Қазір бұл дәрі АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Қытай, Германия, Швеция, т.б. таралып, қатерлі ісік ауруына қарсы қолданылуда екен.

Тағы бір деректер дәрмене жусанының шипалық қасиетінің мол екендігін байқаған неміс кәсіпкері өткен ғасырда Шымкент қаласында арнайы зауыт ашып, одан «сантонин» дәрісін алып, ішек құртын түсіруге қолданған көрінеді. Дәрмененің әлемдік даңқының артуына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысында арнайы «Дәрмене» шаруашылығы құрылған. Десек те, уақыт өткен сайын осындай іргелі жаңалықтардан жұрт хабарсыз қалды.

Дәрмене жусаны шағын аумақта ғана өсетіндіктен және сирек кездесетіндіктен қатаң қорғауды қажет етеді және жусанның бұл түрі 1981 жылы Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелген.

2012 жылдан бастап Ерлан Сүлейменов бастаған ғалымдар жусаннан эфир майын ала бастады. «Қазақ даласының хош иісі» атты жоба бойынша «Жусан» атты арнайы иіссу алуды қолға алып, игілікті жұмыс жүргізген. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры Рысбай Сәтімбеков ағамыз да өз еңбектерінде жусанның кереметтігіне барынша назар аударып, оны қаншалықты кәдеге асыруға болатындығын тәптіштеп түсіндірген.

Иә, дерек пен дәйек көп. Жусан жер бетіндегі өсімдіктердің ішіндегі ең ащысы әрі пайдалысы. Әсерлі әңгімелерге арқау болған. Бұл оның ерекше қасиетін, ерекше құдіретін көрсетеді. Мысалы, ертеректе Олимпиада ойындарында жеңіп шыққандарға сыйлық ретінде жусаннан жасалған сусын ішкізетін болған. Римдіктер жусан тұнбасын асқазан ауруларын емдеуге пайдаланған. Ал қытайлықтар аяқкиімдеріне жусанның жапырағын салып жүрсе, тамаққа деген тәбетті артырады деп есептеген.

Жусан теңіз саяхатшыларының түрлі теңіз ауруларынан сақтайды. Бір нәрсеге қапаланғанда жусан иіскесеңіз, көңіліңіз орнығады екен. Ұйқысыздыққа ұшырағанда жастығыңыздың астына жусан қойсаңыз, көзіңіз тез ілінетін көрінеді.

Жусан бөлмедегі ауаны тазартып, жүйкені тыныштандырады. Тіпті моншаға түсерде жусан жапырақтарын пайдалануға болады. Ауыз шаюға керекті тұнбаны бір ас қасық жусанды бір стакан қайнаған суға бұқтырып дайындайды.

Осы секілді пайдалы деректер жусанға деген түсінікті, көзқарасты, ұстанымды өзгертеді. Даланың сәні мен әніне айналған жусанға бүйрегіміздің бұрып тұруының өзі ұлттық ерекшелікпен қатар, бағалы өсімдіктің бағасын білуімізде жатса керек-ті.

Амал қанша, жас ұрпақ жусан иісін ұмытып бара жатқандай. Аға буынның жусанға қарайтын уақыты жоқ. Келешектің кереметтері жусанмен байланыстырыла бастағанда, біз кең байтақ даламызда өсетін өсімдіктің тағдырына алаңдамайтын секілдіміз. Анау Америка қатерлі ісікке қарсы жусанды пайдалана бастап еді, бәріміз жарыса жаздық. Сол жусаныңыз жуас қазаққа баяғыдан белгілі. Ендеше, оны неге насихаттамаймыз? Жусаннан жасалған дәрілерді жұртқа неге жария етпейміз? Пайдалы өсімдікті қаншалықты қорғап жатқанымызды неге ашық айтпаймыз?

Жусанды жұрт жақсы көреді. Бірақ соны қаншалықты дәлелдеп жүрміз?

### **Ауа-райын болжау**

- \* Тауық жерге аунап, қанатын қағып, таралана бастаса – жаңбыр жауады.
- \* Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе – онда ақ жауын болады, яғни ол ұзаққа созылады.
- \* Қаз бен үйрек суға шомып, кикүлап, қанаттарын қомдап, мазасыздана бастаса – ауа-райы бұзылады.
- \* Далада көкектің шақырғаны жиі естілсе, алдағы күндер ашық болады.
- \* Қарлығаш аспанда самғап, биіктеп ұшса – күн ашық, төмендеп ұшса – жаңбыр жауып, жел тұрады.
- \* Қатты жел, дауыл алдында құмырсқа илеуіне кіріп-шығып, әбігерлене бастайды.
- \* Құмырсқа илеуін құрғақ жерге салса – жауынның, дымқыл жерге салса – жаздағы құрғақшылықтың белгісі.
- \* Құмырсқа илеуінің аузын бекітіп алса – ұзақ жаңбыр жауады.
- \* Бал арасы шырын жинауға топтанып аттанса – күн ашық болады, егер ұясынан ұзамаса – күн райы өзгереді. Егер ара жұмысын ерте бастап, кеш аяқтаса – жауын-шашын ұзаққа созылады. Ал ұядан шықпай, ызындап отырып алса – көп ұзамай жаңбыр жауады.
- \* Балық су бетінде шоршып ойнаса – бұл жауынның нышаны.
- \* Ашық күндері тиін ұясынан шықпай қойса – күн райы бұзылады.

- \* Киік топ-топ болып басқа жаққа бет алса – ауа-райы бұзылып, суық болады.
- \* Күн бұлтқа батса – келесі күні жауын-шашын болады, ашыққа батса – күн ашық.
- \* Жазда аңызық ыстық болса – қыста қатты аяз болатындығының белгісі.
- \* Жеміс ағашы күзде гүлдесе – қыс жылы.

## **ЖЕР-ҚАЗАҚТІКІ!**

**Мұхтар МАҒАУИН**

"Жас Алаш" газетінің редакциясына мұхиттың арғы бетінен арнайы хат келді. Хат жолдаушы-қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі Мұхтар Мағауин ағамыз. Мұхаң қазір Вашингтонның іргесіндегі Роквилл кентінде тұрып жатыр. Ең басты жаңалық, жазушы "Шыңғыс ханның" төртінші кітабын тәмамдапты. Төрт кітаптан тұратын аса құнды бұл еңбектің қазақ тарихы ғылымына зор бетбұрыс жасайтынына, ұлттық тарихымызды зерттеу мен зерделеуді жаңа арнаға бұрып, баянды қалыпқа түсіретініне де еш күмән келтірмейміз.

"Соңғы үш-төрт айда шығармаларымның 22 томдық толық жинағын түзіп қойдым" депті жазушы. Бұған да қатты қуандық.

М.Мағауин газетке қазіргі тілбұзар сауатсыздық туралы жаңа, бұрын еш жерде жарияланбаған мақаласын жіберіпті. Құдай қаласа, газетіміздің алдағы нөмірлерінің бірінен бұл мақаланы оқитын боласыздар.

Алыста жатқан ағамызды аландатып отырған тағы бір мәселе - жер мәселесі. "Жер туралы талас қызып жатыр ғой, бұл ретте жұртымыз әрекетсіз қалмауы керек" дейді

М.Мағауин. Жазушы осыдан 17 жыл бұрын "Жер - қазақтыкі!" деген мақала жазған екен. Бұл мақала кезінде ксерокспен көбейтіліп, жер туралы зерттеулер жасап, дауыс көтеріп жүрген жазушы, журналист Сапабек Әсіп ақсақалдың тілегі бойынша Қазақстан парламентінің мүшелеріне таратылып та беріліпті. Мақаланың өзі "Жұлдыз" журналында (№8, 1999 жыл) жарияланған.

Біз бүгін Мұхтар Мағауиннің осы мақаласын оқырмандар назарына қайта ұсынуды жөн көрдік. Жазушының ойы мен сөзі ескіру былай тұрсын, қайта бұрынғыдан да өткірлене, өтімді бола түскендей.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының шегіндегі барлық Жер - қазақ халқының жекеменшігі болып табылады. Қазақ халқының жекеменшігі. Даласы мен тауы, орманы мен құмы, жазирасы мен шөлі, өзені мен көлі. Үстіндегі барлық игілік, астындағы барлық қазына. Түгелдей қазаққа тиесілі.

Әлбетте, Қазақ-Ата иелігіндегі жер кесімі бұдан әлдеқайда мол еді. Осы ғасырдың әуелгі бөлігінде, советтік жаңа шекара межесі сызылғанда орыс қарауына кеткен: Құлынды даласы мен Омбының түстігі, Орынбордың қаласы мен солтүстік-батыс мойнақтағы қара топырақты бірнеше аудан. Еділдің бергі беті - Қиғаш пен Бозан аралығындағы сулы, нулы өңір; Ресей бізді өзі ғана талаған жоқ, тынысы тарылсын, қолы байланып, аяғы тұсалсын деп, ғасырлар бойы қазақтан еншісі бөлінбеген қарақалпақты өзбекке өткізді, таза қазақ қоныстанған Үшқұдық пен Тамдыны төңірегімен түгел кесіп берді, онымен де тоқтамады, түпкі жоспар - Қазақстанды бөлшектеп, біржола ыдыратудың бастамасы ретінде әуелі Бостандық ауданын, содан соң Мырзашөл аймағын тілі майда ағайынға еншіледі; советтен бұрынғы, пат-шалық Ресей озбырлық отар бөлісінде Қытаймен мәміле тауып, Іленің басы - Күнес пен Текесті, Тарбағатайдың шығысы, Қарамай, Жайырдан тартып, Боғдаға дейінгі байтақ атырапты, бүкіл Өр Алтайды ордалы қалың қазақтан кесіп тастап еді; «тың көтеру» аталған, қазақты біржола жаныштау науқаны кезінде Ресейге атаусыз кеткен қаншама колхоз, совхоз аумағын айтпағанда, бізді Моңғол елімен жалғастырып жатқан, айналасы ат шаптырым ғана жалғыз Жазатыр алқабының өзі неге тұрады - қатарлас қазақ арасына сына қағылды, енді Баян-Өлгейден қатынау үшін екі рет шекарадан өту керек болып тұр. Сыртта қалған, жат жұртқа көз сүзген елдің зарын, жыртқыш империялардың, өктем халықтардың зорлығымен иесінен айырылып, басқаның табанына түскен жердің мұңын айтып тауыса алмайсыз. Мен заманнан заман озғанда, осы атамекен жерлердің біразы қазаққа қайтып ораларына нық сенем. Сонымен қатар, болашақтан үміт күте отырып, бүгінгімізге тәуба деуге тиіспіз. Ол тәуба - Тәуелсіздік, әлем қауымдастығы мойындаған Қазақстан Республикасының ту көтеруі. Қалай десек те, айырылғанымыздан - сақтап қалғанымыз көп екен: қамтыған көлемі жөнінен алғанда, Қазақстан - әлемдегі ең байтақ елдердің бірі, Ресей, Қытай, Америка Құрама Штаттары... тағы бір алып елдердің өкшесін басып, тоғызыншы орында тұр, әзірше жер көлемі жөнінен алғанда, ал бұл жеріңіздің үсті бейіш, асты кеніш, байлығына ешкім шендесе алмайды. Байтақ ел, бай өлке.

Бүгін сол байтағыңыз божырады, байлығыңыз таланды, Алтын Орданы жоқтау жырларының бірінде айтылғандай, азамат азды, жұрт тозды. Бірақ қасиетті қара жер - қазақ жері табанымыздың астында тұрғанда, бәрі де қалпына келер, ел - еңсесін жазып. ер - мұратын табар деп ойлаушы едік. Қара жерден табанымыз таймай тұрса... Енді сол, қасиетті қара жердің өзіне қатер төніпті. Аспан құлаған жоқ, топан қаптаған жоқ, өзінен өзі құрдымға кетпек. Өзінен-өзі емес. Өзгеше бір күштердің дүмпуінен. Бұрынғы мың зорлықтан астам жалғыз-ақ ауыз тозақы сөзбен. Ол - "Жер сатылады!" - деген сөз.

Жерді сату, дәлірек айтсақ, кең-байтақ қазақ жерінің құйқалы, кенішті біраз бөлігін өзінің, өлексе үрім-бұтағының жекеменшігіне кесіп алып, қалған қаншама аймақты қалталы келімсектерге үлестіріп, осы Жердің байырғы тұрғыны қазақтарды мәңгілік құлдыққа байлау - советтен түлеп ұшқан көсемдеріміздің кенезесін кептірген мұнарлы мұраты болатын. Бүгін емес, бұдан алты-жеті жыл бұрын, біз - бостандыққа жеттік, еліміз тәуелсіздік алды деп, құрғақ қуанышқа лепіріп жүрген, олар - иесіз мал, қисапсыз байлыққа кез болып, кенеусіз ұрлыққа көшкен, бар билікті бір-ақ мақсатқа - жеке басының пайдасына ғана жұмсап жатқан,



бұдан да зор өктемдікке - жаңа миллиардтарға жол ашқан әуелгі кезеңде. Жерді сатпай, яғни, жекеменшік есебіндегі тауарға айналдырмай, ісіміз оңалмай деп өзеуреді. Орыс алса қайтеді, орман алса қайтеді, басқа бір жаққа арқалап алып кетпейді, бұйдасы өзімізде емес пе деп көлгірсіді. Тезірек үлестірейік деді. Барлық істе көнбіс қазақ дәл осы жолы дүркірей көтерілді. Жер - Анамыз, сатуға болмайды, Анамызды сатсақ, оңбаймыз десті. Осы орайда қаншама қисынды уәж айтты. Әлде, басқа, маңыздырақ, яғни дау-дамайсыз, еңбексіз түсімі мол шаруаларға алданды ма, әлде көптің сесінен қаймықты ма, Жерді сату туралы әңгіме тоқталды, бірақ өшпеді, бықсып, түгіндеді де жатты. Сату керек... Шіркін, сатса ғой... Ең ғажабы, президентіңізден бастап. біздің үкіметіміздің барлық ісін күстаналап, теріске бұратын, сонымен қатар, тәуелсіздігіңізге кекете, күле қарап, қазақты кемшін нәсіл деп жариялаған, қазақ тілін адамзат тілдерінің қатарынан шығарып тастаған, кісілік кейіптен жұрдай мәңгүрт-подоноктордың өзі осы жер сату мәселесіне келгенде билеушілермен ауыздас шықты, жерді жекеменшікке өткізсек қана көсегеміз көгереді десті, әрине, "анаңды..." –деген сөздің мағынасын білмейтін сабаздар қазақша емес, орысша айтты, ал оларға сол тілде "иди ты әлгі мықтыға" деп, сабап алатын бір бұзық шықпады, бәлкім, айтқысы келмеді, қолы бармады, дәл осы арада - тіл мәселесі сияқты, жер мәселесінде де үкіметімізбен үндес келіп отыр ғой, ал қазақ патша заманынан бері ұлықты сыйлап үйренген. Ақыры, әлгі сілімтіктердің айтқаны дұрыс шықты: Жер сатуға түскен жоқ, соның кесірінен, көсегеміз көгерген қайда, бозардық, қуардық... аздық, тоздық... Қазіргі экономикалық ауыр жағдай, халықтың қайыршы тұрмысы... емес, - экономика өрлеп барады, халық байып барады, жоқ, ол емес, ол емес, мына жалқау, ақылсыз елді басқару, тежеусіз билік жолындағы күтпеген қиындықтар, әлбетте, сол жердің сатылмай қалғанының зардабы... деген шешімге келеді біздің сүйікті үкіметіміз, туысқан көсемдеріміз. Сөйтіп, бықсып жатқан шаланы, үстіне шикі мұнай құйып, қайтадан үрлеп, оп-оңай тұтатады да, қауқарсыз парламентке Жер туралы заң жобасын ұсынады. Жазғы демалысқа асығып отырған парламент бұл жолы да бірлік, ынтымақ танытты, жан қинамай, аталмыш Заңды алғашқы оқылуында мақұлданды деген шешім шығарды. Оның мәнісі - келесі оқылымда Заңның құрғақ жерін майлайды, кетік жерін сырлайды, сөйлемін мипаздайды, сөзін жылмитады - тұтасымен, біржола қабылдайды. Ол деген - Жер - жекеменшікке сатылады деген сөз.

"Жер - сатылады!" – дейді үкімет пен парламент. Олардың артында кім тұрғаны белгілі.

"Жер сатылмайды!" - дейді халық - бүгінгі көзі ашық бүкіл қазақ қауымы. Олардың артында мың жылдық тарих, өткен аруақ аманаты, келешек ұрпақ мүддесі тұр.

Ең алдымен айтарымыз - Жерді сатуға ешқандай құқықтық негіз жоқ. Өйткені бұл Жер - қазақ халқының жеке меншігі. Ата-бабасының қанымен жуылған, сүйегімен тыңайтылған. Тоқсан тоғыз буын әулетін өсірген. Бұған - өткен тарих куә.

Қазіргі Қазақстан Республикасының территориясы - осы өңірдегі байырғы жұрт қазақ халқының ата мекені болып табылады. Қазақтарда басқа бір мекен, басқа бір отан жоқ. Яғни, қазақ халқы тек қазіргі Қазақстан Республикасы шегінде ғана өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, ұлт мәдениетін дамыта алады. Қазақстан Республикасы – қазақ халқының бірден-бір ұлттық мемлекеті. Бұл жағдай тек территориялық иелік арқылы ғана емес, халықтың ғасырлар бойы өткен тарихи жолымен де тығыз байланысты.

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырағаннан соңғы кезеңдегі тарихта ізі қалған сақтар, үйсіндер, қаңлылар және ғұндар - қазақ халқының ежелгі ата-бабалары. Солар құрған тайпалық бірлестіктер біздің арғы бабаларымыздың осы өңірде орнығып, ұрпаққа ұрпақ жалғауына негіз болды. Қазіргі Қазақстан жеріне тікелей қатысты Ұлы Түрік қағандығы, оның ішінде Батыс Түрік қағандығы, одан соңғы Түркеш қағандығы, Қарлұқ қағандығы, Оғыз мемлекеті, Қарахан хандығы, Қимақ және Қыпшақ бірлестіктері - біздің ежелгі мемлекеттік құрылымдар болып есептеледі. Бұл замандарда (V-XII ғасырлар) біздің ата-бабаларымыз өздерінің елдік дәстүрлерін қалыптастырды, әскери зор қуатқа жетіп, өз кезеңіне сай мәдениеттің озық үлгілерік тудырды. Алтын Орда заманында, оның құрамындағы, қазіргі Қазақстан республикасының шегін қамтыған Көк Орда тұсында (XIII-XV ғасырлар) елдік сана бірінші орынға шықты, кейін қазақ аталған халықтың ұлт

бейнесі, өзіндік сыпаты, нақты мекенжайы бұрынғыдан гөрі айқындала түсті. Алтын Орданың ыдырау кезеңінде құрылған, алғаш рет 1456 жылы ту көтерген Қазақ Ордасы қазақ халқының өз есімімен аталған ұлттық мемлекеті болып табылады. Осы бір тұста жалпытүріктік ортақ арнадан бөлініп, қазақ атты этноним біржола орнығады. Қазіргі тәуелсіз республика шегіндегі жұрт - қазақтар деп, олардың жаңа мемлекеттік құрылымы Қазақ Ордасы, немесе Қазақстан деп атала бастайды. Қазақ Ордасы өзінің қуатының шарықтау кезеңінде қазіргі Қазақстан территориясын және онымен шектес тағы бірталай аймақты иеленеді. Қазақ сол замандағы аса ірі халықтардың бірінен саналатын. XV ғасырдың аяқ кезінде халқының ұзын саны миллионнан асса, XVIII ғасырдың бас кезінде үш миллионға жуықтайды. Елді ерікті сайлау - құрылтай шешімі негізінде ақ киізге көтерілген хан басқарса, жекелеген ұлыс-руларды сұлтандар, билер басқарады. Қазақ хандығының ұлттық ұраны - "Алаш", бас таңбасы (гербі) - төре таңба, бас байрағы - төре таңбалы қызыл ту болды. Қазақ Ордасының астана Түркістан қаласы болды. Қазақ Ордасын сол замандағы ірі мемлекеттер - Русия мен Иран, Бұқар хандығы мен Жоңғария - алыс-жақын көршілердің бәрі мойындады. Қазақ Ордасы көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатты, керуен тартқан сауда ісін жөнге қойды, Орталық Азиядағы және онымен шектес аймақтардағы саяси және экономикалық өмірге белсене араласты. Ұлттық мәдениетін, әдебиеті мен өнерін дамытты. Қазақ Ордасы төрт ғасырдай уақыт бойы өзінің мемлекеттік жүйесін, ұлттық тұтастығын және бәсіре территориясын ұстап тұру үшін тынымсыз күрес жүргізді. Бұл ауыр соғыстарда қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін сақтады, атамекен жерін жауға алдырмай, кейінгі ұрпағына мирас етіп қалдырды.

Қазақ Ордасының ең соңғы ханы Кенесары шейіт болған, ел өзінің екі жарым мың жылдық ұлттық мемлекет жүйесінен, ғасырдан ғасырға ұласып, халық мүддесін қорғап келген заң жоралғыларынан айырылған отарлық ауыр кезең - әуелі патшалық Ресей билігіндегі, кейін советтік Ресей езгісіндегі жүз елу жылдық зұлмат заманда қазақ халқының ар-намысы ғана аяққа басылған жоқ, жұрты тозып, жері талан-таражға түсті. Бір замандағы кеудесі биік қазақ өз елінде өгей халге жетті, бар билік, бар игілік келімсектердің қолына өтті. Тәуелсіздік туын көтерсек те, бір жарым ғасырлық кемшін, отарлық санадан арылмаған бүгінгі күні қазақтың атамекен жерін талапайға салу туралы мәселенің көтерілуі - ежелгі отарлық саясаттың жалғасы, дамыған, жетілген, жаңа бір көрінісі деп бағалануға тиіс. Жай ғана көрініс емес, жаңа саты ғана емес, түйінді, шешу әрекеті. Ақтабан-шұбырындыдан қайта көтерілдік, 32-жылғы ашаршылық апатынан соң ортамыз толмаса да, оңала бастадық, ал атамекен жеріміз сатуға кесіліп, саудадан өткен соң біржола жойылуға бет аламыз, оңбаймыз, оңалмаймыз, халық ретінде құрып бітеміз. Әсіресе ақиқаты осы.

Міне, жеті-сегіз жыл болды, жерді сату туралы мәселе көтерілгеннен бері қазақ зиялылары дәлелді сөздің бәрін айтты, ренжіді, ашынды, назаланды, бірақ үкіметіміз бен көсемдеріміз соның ешқайсысын да ілтипатқа алмады, жерді сату туралы ниетінен қайтпады, енді, халық қалжыраған, азамат есенгіреген кезде ескі ұранын қайта көтеріп, бірден пәрменді әрекетке кірісіп отыр. Бұл тараптағы заңын жарым-жартылай бекітіп те қойды. Жерді сату - игілікке бастайды дейді. Игілік болар, бірақ қазақ үшін емес. Жерді сату – сорға бастайды дейміз біз. Өйткені Жерді сату – қазақ халқының ұлттық мүддесіне кереғар сұмдық.

Бұл сөздің мәнісін тағы да қайталауға тура келеді.

Отарлықтың патшалық кезеңінде қазақ сулы, нулы, құнарлы қоныстарынан ығыстырылып, тауға, құмға, шөл мен шөлейтке қуылды, қазіргі Қазақстанның ең құйқалы аймақтарында басқа ұлт өкілдері отыр. Жер бөліске түсіп, жекеменшікке берілсе, осы, тіршілікке қолайлы, өнім-пайдасы мол, қымбат әрі көрікті аудан-аймақтардың барлығы да басқа ұлттардың қолына өтеді.

Отарлықтың советтік кезеңінде ғаламат ашаршылық ұйымдастырылды, қазақ халқының демографиялық үстемдігі бұзылды, жат жұрттар тасқыны жергілікті халықты басып кетті, нәтижесінде ел иесі, жер иесі қазақ отыз пайызға да жетпей қалды, біз өстік, олар кетіп жатыр деген бүгінгі күннің өзінде тең жарымға жаңа ғана иек арттық, ол жарымның үштен екісі кәметке толмаған, әзірше қоғам өміріне ықпалы кем бала-шаға,

Жер бөліске түссе, қалай тартсаңыз да, тым құрса үштен бір есеңізді ала алмайсыз, сондағы қол жеткен жеріңіздің өзі қандай болмағын жаңа айттық.

Қазақтың басым көпшілігі ауылда, ауыл - кедей, жер түгілі, жемек сатып алар ақшасы жоқ, яғни, таза қазақ қоныстанған аудандардың өзі, түгел болмаса да тәуір бөлігі жат жұрттық қалталылардың меншігіне көшеді деген сөз.

Жер сатылып жатқаннан кейін, көршісіне көз алартып отырған шетелдер, ондағы басқыншы немесе пайдакүнем топтар мен жекелеген байлар қыруар қаржы шығарып, біздегі диаспоралары арқылы аудан емес, тұтас облыстарды сатып алуы хақ.

Көреген көсемдеріміз құмартқан жер сату мәселесінің әуелгі нәтижесі: Жайықтағы қазақ-орыстар, Солтүстіктегі орыстар, Орталықтағы алман-немістер, Түстіктегі сарт-өзбектер, тағы бір аймақтардағы ұйғыр, татар, кәрістер, әр тұстан сыналап енген қытайлар, Алла тағала жаратып, әркім айдап әкелген тағы алпыс халық әрқайсысы өзіне ғана меншік кеңбайтақ алапқа ие болады, бекіп алғанша бес жылға шыдай ма, шыдамай ма, Қазақстан құрамындағы автономия туралы әңгіме қайда, оған жылап көрісе алмайсыз, шектестері - аудан, облыс, аймағымен Ресейге, қаласымен, даласымен Өзбекке қосылу туралы мәселе көтереді, орталықта, шалғайда қалғандары Еуропаның екі мемлекетіне тең жеріміз бар, өз алдымызға, азат, дербес ел боламыз деп жариялайды. Қуаты кенеусіз, қарындары тоқ, арғы бетте қаруын сайлап, қаражатын қамдап, ағайын туысы тағы тұр, тіпті, жалғыз өзі-ақ аш-арық, панасыз, басшы-бақансыз қазақты шынашағымен шертіп құлатуға шамасы жетеді; айтты - бітті, ежелгі қазақ жерінің бестен үш бөлігі тіл тартпай кетті деңіз. Қалған екі бөлік жер - тек қана қазақ отырған, құмды, құрғақ, құнарсыз, шөлейт аймақтар еді ғой, әлі де екі Франция, елу Израиль сиятын ғаламат байтақ; осымен-ақ ел болып кетерміз дейсіз ғой, - жоқ, болмайсыз, өйткені осы қуаң, кейбір жеріңіздің асты толған мұнай, тастақ тауыңыздың қойнауы, құмды шөліңіздің түбі тұнған алтын, күміс, темір, көмір, қазақтың сорына біткен тағы бір пәлелер. Мана, талапай бөліс кезінде мұның бәрін әлдекімдер иеленіп қойған, әлде орыс, әлде ағылшын, кәріс, немесе, әкең атын да естімеген қайдағы бір шүлдір-былдырлар; ара-тұра қазақта кездесіп қалуы мүмкін, бірақ мұның түрі ғана қазақ, тілі шалыс, ділі шайтан, әйелі жойыт, баласы жеміт, дүниедегі ең жақсы көретіні - заманды билейтін ақша, ең жек көретіні - қазақша сөйлейтін қазақ, осы кәпір қазағыңыз бар, кәпір қазақпен туыстас басқа жыртқыштарыңыз бар, табанының астындағы Жері басқаның билігіне көшкен мүсәпір қазақты құлдық жұмысқа жексе, рақмет-алғысыңызды айтып тауыса алмайсыз, ол құлдыққа жекпесе, қара нан, қара шай қайдан келер еді, бірақ көбіне-көп жекпейді, жалдамайды, өме қапсын дейді, он есе артық төлеп, текті жұрттардан, шетелдерден маман жұмысшылар шақыртады.

Елінен айырылған, Жерінен айырылған, панасыз, дәрменсіз қазақ қайда барады, қайда барады емес, қаншаға барады? Иә, өзекті жан атаулының бәрі баратын бақи дүниеге. Тек мезгілінен бұрын және жеке өзі емес, ауыл-аймағымен емес, тұқым осы - ұлт ретінде жойыламыз. Бірақ жойылып таусылар алдында, мойынға ажал құрығы түскен алғашқы сәтте айыз қанып, рақаттанып тұрып бір күлеміз. Ежелден мәлім: Елге ие болған, Жерге ие болған жаңа әулет ең алдымен өзінен бұрынғы әміршілердің басын алады, тұқымын тұздай құртады, иә, дәп солай... Шыңғысхан хорезмшах Аладдинді неге соншама кудалап, ақыры Хазар теңізінде алапестен шірітіп өлтірді? Шәйбани хан бесіктегі баласынан бастап, Ақсақ Темірдің бүкіл әулетін неге бауыздады? Тарихты білу шарт емес, оқымай, ойланбай-ақ табуға болатын кілтипан. Соншама жерді жаулап алғанда, тойыс, сатып алғанда, әлдекімдермен билік бөлісу қандай қисынға келеді. Бөліспейді, бөлініп кете барады, тек кетпейді, алды-артын тазартып кетеді, тазартуды өзіне осы Жерді кесіп берген кісілерден бастайды. Күлеміз-ау. Ең соңғы күлкі екенін біле тұра.

Хош. Мұның бәрі - ең соңғы долбар. Оған жетпейді, жеткізбейміз. Сол үшін бүгінгі, алмағайып күні барымызды айтуға, арыла сөйлеуге тиіспіз:

"Жер туралы заң" арқылы жеке бір кісілердің мүддесі емес, тұтас бір ұрпақтың, тіпті, тұтас бір дәуірдің талайы емес, бүкіл қазақ халқының тағдыры таразыға түсіп тұр. Жерді сату - өткен тарихыңызды өшіру, бүгінгі жұртыңызды құлдыққа байлап, келер ұрпағыңызды

бесігінде тұншықтыру, қазақ атты халықты дүниеден аластау, біржола жойып, тұқымын құрту деп қана бағалануға тиіс. Жерді сату - Отанға опасыздық, күнәлардың күнәсі, кешірілмес қылмыс.

Біз үкіметке, парламентке тілек салмаймыз, жалынып, жалбарынбаймыз - талап етеміз және қатаң ескертеміз:

- Қазақ жері сатылмайды!

Алғашқы оқылымда мақұлданған "Жер туралы заң", аталмыш бабымен бірге, сол қалпында қабылданған жағдайда, өзін өлім жазасына кескен мұндай зорлық үкімді қазақ халқы мойындамайды, бүгін-ертең болмаса, тақаудағы бес-он жыл ішінде қара низамның күшін жойып, ұлтына опасыздық жасаған сатқындардың барлығын да тиесілі жазаға тартады. Осыншама байтақ жерге нешеме ғасырлар бойы билік жүргізген, ордалы ұлыс ретінде салтанат құрған Қазақ Тәңіріге ғана табынған, адамның тәлкегіне көніп көрген емес. Қалжырасақ та, қайратымыз қайтқан жоқ.

Десе де... Тыныштық жақсы. Алмағайып іс ақылмен шешілсін.

15.VII.1999.

### «Туылған» мен «өлінген»

**Туылған!..** Қазақ тілінің табиғатына жат, түйеден түскен емес, жер астынан жарып шыққандай, сұмпайы, сөлекет сөз. Заманымыздың заңғар тұлғасы, әлемге әйгілі ұлы ақынымыз Мұнхаузен пәленбайыншы жылы туылған. Ол туылған, мен туылғам, сен туылғансың!.. Сұмдық қой. Тіл бұзу ғана емес, түйте-долаң сауатсыздық көрінісі. Арыдағы мың жылдық эпостарымызды айтпайық, қазақ әдеби нұсқалары таңбаға түскен соңғы екі ғасыр бойы... Абай... Шәкәрім... Мұхтар Әуезов... Мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың өзі артық болар еді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең...». «Бар – қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек...». «Анадан алғаш туғанда – Жыладым неге дауыстап...» «Мен 1897 жылы... Шыңғыстауда тудым». Қалыптасқан ауызекі тіліміз тұрыпты, арғы-бергі жазба нұсқалардың өзінен мың сан мысал келтіруге болады. Сөз білетін, жөн білетін ағайындар кейіспен, ренішпен жазып та жатты. «Туылған» бейбақ кең дүниеге жаңа келген, шамасы бұдан бес-алты жыл бұрын. Одан кейін және дәп бүгінгі күні. Ешқандай нәтиже шықпады. «Туылған» жұрттың берік сенім, нақты дәлелі бар. Қалай айтсаңыз да бұрынғы қазақ білмеген, жазарман атаулы жаңылысқан. Бала өз еркімен, өзінен өзі тумайды ғой! Туылады! Анасы туады. Міне, керемет. Мал – ұрғашы мал ғана туады. Әйел – табады. Бұрынғының анасы. Бес бала тапқан, он бала тапқан. Қазір де жалғыз-жарым баласын. Басқасын жиып қойғанда, өткен замандарда ешкім олай айтқан жоқ, олай жазған жоқ. Дәп осы арада ешқандай қисыны келмейтін ырықсыз етіс емес, қазақ тілінің грамматикалық ішкі заңдылықтарына сәйкес қалыптанған есімше сөз. Бұрнағы берік тұрғы, кейінгі ақылға сыйымды лепес атаулыны жиып қойдық. Жағалай «туылып» жатыр. Жекелеген қолданыстан озып, жаппай қатарға енді. Қазіргі қазақ сайттарының бәрі дерлік, ағымдағы баспасөздің көпшілігі, тіпті, кейбір, әжептәуір саналатын жазушылардың өзі тынымсыз «туылуға» көшкен. Ақыры, егемен еліңнің шекарасынан өтіп кетті. Бұл жақтағы алаштың жақсысын танымай, жаманын қасиет тұтатын қытай қазақтарына барып жетті, және мен қадағалап отыратын сайттарында жаппай қолданысқа түсті. «Туылғанға» дауа жоқ екен. Ендеше, келесі саты – «өлінген!». Адам әдетте өз ырқымен өлмейді ғой. Ауру-сырқау

ма, көлденең пәле, немесе аштық пен кәрілік пе – «өлінеді!». Абай: «Адам жылап туады, кейіп өледі» – деп еді, Шәкәрім қажы: «Туған жан өлмек, – Тағдырға көнбек!» – деген, ал күні кешегі Қасым: «О дариға, алтын бесік туған жер!.. Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, – Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім...» – мүлде қате: «...Жылап туылады, кейіп өлінеді», «Туылған жан өлінбек», «Туылған жер... Сенде туылдым, сенде өлінсем...» – деп айтулары шарт екен. Уақа емес, келесі бір басылымдарда түзетеміз! Ендеше, бүгінгі білікті қаламгер тіршілігінде, яғни өлінгенге дейін өзінің бар жазуына ие болуы керек. Оның ішінде біз де. Кейбір жеке басылымдарда, тіпті, ғұзырлы редактор ғана емес, еркін ойлы, білгір корректорлар сөйлемінді оңдап, сөздерінді түзетіп жатыр, осы ретпен сен де бір күні «туылып» шығуың әбден мүмкін. «Туылған» жанның «өлінбегі» хақ болса, әзірге жаңаша түрленбей тұрған «тіршілігінде» шамаң келсе, қаптай «туылған» сөз жендеттерінен сақтанып, бар жазуыңды қызғыштай қорып отыру қажет сияқты. Жалғыз біз емес, жазатын, жазбайтын, әйтеуір шәлдіріксіз, түзу сөйлей алатын, басы тұнық барлық жұртқа қатысты лепес.

Сонымен, қыжыртпай айтсақ, «туылған» – тіл мәдениетінің айна-қатесіз жаңа бір өлшемі: «туылған» жүрген жерде сауат та, түйсік те жоқ, қара қасқа надандық қана бар. Ең сыпайы сөзіміз деп біліңіз.

Кез келген халықтың тілі – аса күрделі категория. Заман озған сайын өзгеріске түседі, жаңғырады, жаңарады. Бір пара сөздер әртүрлі себеппен қолданыстан шығады, жаңа ұғымдарға сәйкес жаңа сөздер қалыптанады. Мұның бәрі – табиғи жағдай. Алайда ғасырдан ғасыр өтіп, дүние қаншама құбылса да, тілдің сол ұлтқа тән фонетикалық құрылымы, жіктеу, септеу ерекшелігі, ұғым жүйесі бұзылмайды. Негізгі лексикалық қор – атау сөздер сақталып тұрады, «ақ» – ақ болып, «қара» – қара болып қала бермек. Бұл көпекөрнеу ақиқатты еске салып отырғанымыз, бүгінгі қазақ басылымдарында көне заманнан келе жатқан байырғы сөздердің кейбірі бұрмаланып, жаңсақ, тіпті, қарама-қарсы мағынада қолданыла бастады. Бұл жағы да түйсікті жазармандар тарабынан, ішінара болса да қаперге салынып жатыр, бірақ оңалып кеткен ештеңе жоқ. Бүгінгі қазақ қауымының «егемен» ерекшелігі, қайда қитар, қотыр мен соқыр болса, соған әуес. Судыр суайтыңыз – әлемдегі ең шыншыл адам болып көрінеді, аяр мен жалтақ – қайтпас қаһарман ретінде танылған, ұлтсыз жандайшап сатқын – күрескер, халқыңның ең адал, ең құрметті тұлғасы. Және керісінше. Сөз жайы да осы орайда. Жүз мәрте айтылып жатса да, мыйға қонбайды. Енді өзіміз көптен байқаған, біразы жаңадан тіркелген, кейбірі бізден бұрын да ескертіліп, нәтиже бермеген, қайткенде де бүгінгі бұзылған тілдің бар кетігін түгендей алмайтын, бірақ айтпауға болмайтын, азды-көпті анықтамалар. Оңтайлық үшін әліпби ретімен берейік.

**«Ағарған».** Мал сүмесіне қараған қазақта, тіпті, арыдағы Көне Түрік дәуірі, Шыңғыс хан заманының өзінде негізгі тағамдар үш топқа жіктелген: ақ, қызыл, пісәс. «Қызыл» – ет, етке қатысты дәм атаулы; «пісәс» – мал сүтінен, ұзақ сақтауға лайықталған тамақтар – құрт, май, ірімшік, сүзбе. Ал «ақ» — күнделікті қолданыстағы сүт өнімдері: қымыз, айран, қаймақ, қатық, таза сүттің

өзі, ақ ірімшік, ең аяғы шалап. Советтік қазақ ежелгі кәсібінен ажыратылып, ішінара мал сүмесінен де шеттеген, оның есесіне ақ арақ пен қызыл шарап күнделікті тұрмысқа еніп, негізгі ішімдікке айналған кезде, қайткенде де мүлде жоғалып кетпеген ақ пен қызыл дәм атаулы жалпы есімінен айырылды, айырылмаса да, мүлде басқа мағынаға ие болды: қазақы «қызыл» – қызыл шарап, ал «ақ» дегеніміз – ақ арақ болып шыққан. Әлбетте, «ақтың» болмысы айрықша, «ақ ішу» – арақ ішу деп қана ұғынылмақ. Осыған орай «ағарған» дейтін жаңа бір сөз қалыптаныпты. Бірте-бірте ауызекі тілден «әдеби» тілге көшкен. Әйткенмен, «ақ» пен «қызылдың» халықтың байырғы тілінен мүлде жоғалып кетуі мүмкін емес еді. Мал сирек сойылатын жаз күндерінде «қызылсырап отыру» – етті сағыну десек, наурыз тілегіндегі «Ақ мол болсын!» – орыстың водкасы емес, қазақтың сүт текті тағамдары, ырыс, береке, молшылық. Яғни, «ақ» та, «қызыл» да, біздің, бәлкім, тағы бір жазармандардың қолданысынан түспеген «пісәс» те халық тілімен бірге жасай береді деген сөз. Ал «ағарған» – «қызарған» мен «қарайған» сияқты, өзінің әуелгі мағынасында қолданылуға тиіс.

«Ай дер әже, қой дер қожа жоқ». Қазір бар жерде дәп осылай жазылып жатыр: «Ай дер әже...» Неге әже? Неге ата, немесе әке демеген? Шындығында, әже емес, ажа! Кейінгі мағынасы – ауыл-үйдің үлкені, ақсақалы, әкімі. Арғы тарих, бұдан мың жыл бұрын ажа – ру, тайпа көсемінің титулы, ал Шыңғыс хан заманында Кем-Кемжүт (Енисей) өлкесіндегі түрік қауымын билеген әмірші бек. Хандыққа тақау дәреже. Заман өзгере келе, ажа мәртебесі қатардан түссе де, кемі мың жылдық тарихы бар мәтел қаз қалпында бүгінге жетіпті.

Сонымен, «Ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ.» Нақтыланған, әрі толымды қалыбы. Біз тауып отырған жаңалық емес, бұдан отыз, қырық жыл бұрын, бәлкім, күні кешеге дейін осылай айтылып, осылай жазылатын. Ажа!

**«Айналшықтау».** Қазірде өте көп қолданылатын сөздердің бірі. Бұл енді мүлде ұятты жағдай. «Айналшық» – кешіріңіз, медицина тілінде латын текті «вагина», қазіргі орыс тіліндегі «влагалище» дейтін атаудың қазақша нұсқасы. Әдетте ұрғашы малдың мүшесіне қатысты айтылады. Сыртқы көрінісі емес, қынап бітімді ішкі жағы. Сойылған малдың атаулы бездері мен арам ағзаларынан басқа барлық бітімін, ең аяғы көтеншекке дейін тұтасымен пайдаға жарататын қазақ ұрғашы малдың жыныстық бөлігінің ауызғы бірер тұтамын кесіп алып, итке тастаған. Ырымға жаман, жеуге жарамсыз ғана емес, жиіркенішті, «айналшық» дегеніңіз осы. (Жатырға жалғас жеке ішектің қалған бөлігінің өзін әйелдер ғана, онда да қазанға салып емес, ішін сыртына келтіріп, отқа қақтап жеген.) Сондықтан да, бір ісін неше қайтара жасайтын, берекесіз, пәтуасыз кісіні «Айналшық жеген бе...» дейтін сөгісті тіркес қалыптасқан. Ал «айналсоқтау» – бір басқа. Біздің түйсіксіз жазармандардың «айналшықтап» жүргені де, бірер дыбыс, қарібі өзгерген «айналсоқ».

Сонымен, «айналшықтау» – ұятты сөз, тұпа-турасы – «айналсоқтау». Және осы негіздегі «айналақтау».

**«Алаштың азаматы», «алаш қайраткері».** Бұл сөздер қазірде өткендегі Алаш-Орда қозғалысына қатысты айтылады. Қатесі жоқ. Алайда ХХ ғасырдың

басында Қазақ азаттығы үшін күрескен алыптарымыз – Әлекең, Ахаң мен Жақаң, және басқа да зиялыларды жай ғана «алаш азаматы» деп емес, «алаштың арысы», «алаш тұлғасы» дегендей, көтеріңкі атағанымыз ләзім. Өйткені, «алаш азаматы», тіпті «алаш қайраткерлерінің» өзі бұрынғы-соңғы бүткіл қазақ тарихына, оның ішінде бүгінгі күнге де тиесілі. Бұл арадағы кілтипан – Алаш-Ордаға қатыссыз, ілкідегі және бүгінгі кез келген елеулі қазақты «алаштың азаматы» деп, ал айрықша еңбегі бар кісімізді «алаш қайраткері» деп білсек керек. «Алаш» сөзі – қазақ этнонимінің екінші сыңары, тіпті, негізгі атауы болатын. Алаш-Орда қызметіне байланысты, совет заманында мүлде дерлік тыйым салынды. Алайда тұтас бір халықтың өзіндік, ұлттық этнонимін ұмыттыру мүмкін емес. Жекелеген, әлбетте, 60-жылдардан кейінгі қазақ жазушыларының шығармаларында сыздықтап өтіп кетіп отырды. Ал халқымыз өз ішінде күнделікті қолданыстан шығарған жоқ. «Алаш» атауын ғана емес, осыған орай «алаштың азаматы» дейтін, марапат, мәртебеге тендей алқау сөзді. Мәселен, менің өзімнің екі әжем мансапты қызметі болмаса да, адамдық қасиеті жоғары, намысты, өркеуде бір жігіттерді «алаштың азаматы» ғой деп, сырттай бата беріп, тілеулес болып отыратын.

Сонымен, арыдағы Алаш-Орда қайраткерлері – «алаш арыстары», «алаштың тұлғасы», кейінгі және бүгінгі, ұлттық санасы жоғары, кісілікті қазақ – «алаштың азаматы». Менің өзім әйгілі хирург, ұлтшыл зиялы, академик Кәмал Ормантаевтың 70 жылдығына орай жазған мақаламды «Алаштың азаматы» деген тақырыппен жариялап едім. Бұл сөз қазіргі қолданыста мүлде жоқ деп айтпаймын, бірақ кеңінен тарамаған және арыдағы Алаш-Орда заманына ғана тән атау ретінде ұғынылады.

**«Аллаһ».** Соңғы он шақты жыл бойы осылай таңбаланып келді – «аллаһ». 90-жылдарда жалпыға арналып, көп таралған діни кітаптарда «алла» болатын. Өйткенмен, жаңа ғасырда, әуелі дін өкілдеріне, одан соң жазарман жалпы жұртқа «аллаһ» – арабшаға жақын, әрі сауатты көрінсе керек. Біріншіден, біз – араб емеспіз, қазақ тілінің өз заңы бар, соған орай «алла» түрінде қалыптасты және ауызекі тілде айтылуы тұрыпты, Бұқар жыраудан бастап, соңғы екі-үш ғасыр бойғы барлық әдеби нұсқаларда – «алла». Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деген. Тағы басқа да өлең мен ғақылия сөздерінде қаншама мәрте қайталанған. Екіншіден, менің Құран тілін игерген әдебиетші баламның айтуынша, араб лұғатының өзінде, жекелей, атау тұлғасында – «алла», тек тіркеме сөз жалғанғанда ғана «һ» дыбысы қосылады, мәселен, «аллаһу әкбар». Ақыры, тілімізді бұрмалаған, жазуымызды бұзған қаншама хикметтен соң, осыдан азғана бұрын Діни басқарма «алла» деп айтқан жөн болады дейтін пәтуаға келіпті. Сірә, жаңа мүфтидің ұсынысы һәм бекітуімен. Діндар ғұламаларымыз осыншама шырғалаңға түсірмей, бірден-ақ тоқтам салуы қажет еді. Өзірге толық түзелмесе де, өткен істі айтып отырғанымыз, бізде орынсыз еліктеу, керексіз солықтау деген – мейлінше өріс тапқан, қалыпты жағдай, іліп алады да кетеді, ақыры осылайша, барды былғап, жоқтың артын қуып жүргеніміз.

**«Апа».** Қазақ туған анасын «апа» деп атайтын... Күні кешеге дейін. Қазір жаппай «мама» болды. Қазақтың байырғы және бүгінгі де тілінде «маманың» негізгі мағынасы – емшек. Және жай ғана емшек емес, сүті мөлдектеген, ырысты емшек. «Мен – сәби, мейірімді ана құшағында, – Ақ мамасын сүйемін, құшамын да», – деп жазған Сұлтанмахмұт. Сүтті, берекелі ақ беретін үлкен бие – «мама бие», сиыр – «мама сиыр». Сөйтіп, ел-жұрттың орнында тұрғанда, «апа» атауы архаизмге айналды. Бүгінгі баланың анасы – «мама» болып шықты. Ұлттық бейнеден айрылудың әдепкі, ең жеңіл көрінетін бір ғана куәлігі. (Менің өзімнің алты балам туған шешелерін «апа» деп атап келеді, сондай-ақ алыс шетелде дүниеге келген, өсіп, алды бойжетіп, ержетіп, шалғайда күн кешіп жатқан төрт немерем де, аналарын «апа» дейді, бәлкім, бұл келінім қазақтағы ең соңғы «апа» болып шығуы да.) Әкенің «папа» болып кеткенін айтпай-ақ қояйық (біздің әулетте «көке»). Мұның бәрі аз болғандай, «апамен» қоса «әже» атауы да ұмытылды. Бұл, сүйкімсіз, қартамыш көрінген «әже» сөзін мағынасы өзгеріп, қайта туған «апа» алмастырыпты. Бүгінгі қала қазағы, зиялы саналатын қауымның балалары әжелерін «апа» деп атайды. «Папалары» өздерінің туған шешесін «апа» деді ғой, сол ретпен. Күнделікті қолданыста ғана емес, баспасөзге де сыналап еніп кеткенін көрдік: «аталар мен апалар» деп әдемілейді көпшілік жазармандар. Бұл турасында біз, осыдан, шамасы бір мүшел, әлде он бес жыл бұрын «Атасы келінін...» деген мақала шығарыппыз. Одан ештеңе өзгерген жоқ. Өйткені бұл жаңарған «апа» ескілікті «әженің» орнын басқанына, кемі қырық жыл болды. Мәселен, біздің «Болезнь Боткина» деген әңгімемізде «көке» мен «апа» бар еді – «папа» мен «мама» ғой, көпшілік журналда көркемделіп шыққанда, денсаулығы тексерілмек кішкентай қыздың қасында жас жігіт пен кимешекті кемпірдің суреті тұр, яғни «папа» мен «бабушка». Бұл – 1988 жыл еді. Одан бері қаншама заман. Бүгінгі қазақ әйелі егде тартқан, немерелі болған кезінде «әже» атанғысы келмейді, қартайып, кеміп қалатындай. (Әлдекім күмән келтірмес үшін, тағы да өзімді көтеретін, бәлкім, жаңаға жат, кертартпа қылып көрсететін куәлік айтайын – біздің бәйбіше қырық екі жасымда әже болдым деп мақтанып еді, құдайға шүкір, бүгінде қатарынан өсіп, өніп, жетіліп жатқан немерелердің қарасыны, тәуба, тәуба, сол қырық деген қасиетті санның бел ортасынан асты, әзірге санаулы шөберелерді қоспағанда, осылардың бәрі – үлкені де, кішісі де «әжелеп» тұрады.) Сонымен, қазіргі бала халықаралық «мамадан» айырылмайды, бірақ «бабушка» – «апа» емес, «әже» екенін білуге тиіс. Тым құрса біздің жазарман қауым табиғи, әрі ежелгі атауды бұрмаламай, орнымен қолданса дейміз.

**«Ардагер».** Байырғы тілде бұл – аса көтеріңкі сөз еді, айрықша көзге түскен, атақты тұлға – қаһарманға тетелес ұғым. Бәлкім, одан да жоғары. Біздің бала кезімізде «Ардагер Амангелді ердің ері» дейтін өлең де болған. Осы «ардагер» кейінгі қырық жылда орыстың қатардағы «ветеран» сөзін алмастырды. Тура тілде айтсақ, майдангер атаулының бәрі «ардагер» болып шықты. Соғыс қана емес, «еңбек ардагері» дейтін тіркес пайда болды. Әрине, қарт біткен түгелдей құрметтелуге тиіс, айтарлықтай бүлініп кеткен ештеңе жоқ, тек ежелгі бір, дәріпті «ардагер» сөзін арзандатып алғанымыз болмаса. Тіл



– өзгереді, ескілікті сөздердің өзі түрленеді, жаңа мағынаға ие болады деп көңіл жұбатпасақ. Қайткенде де, әуелгі, нақты ұғымында қолдана алмайсыз. Ұлттық мемлекет жолындағы күрес ардагері Әлихан Бөкейханов... Ұлттық ояну бағдарында айрықша еңбек еткен ардагерлер – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов... деп жазсаңыз, бәрі де қатардағы «ветеран» болып шығады. Бұл арада айтпағымыз – барды сақтау керек, осы бетінде кете берсе, талай тамаша сөзден айырыламыз, кейбірі ұмытылады, енді бірі басқа, мүлде теріс мағынаға көшеді екен. (Әйтсе де, баяғы «ардагердің» өз күшіне еніп, қайта оралуы да ықтимал сияқты. «Ұлы Отан соғысының» және «Социалистік үздік еңбектің» бүгінгі «ардагерлері» қатар-қатарымен жүзге жетіп, түгелдей көзден ұшқан заманда, балшабектік масат солғындап, тамашалау, суреттеу нысанынан айырылған жазарман атаулы қайыра жапырлап, жаңадан дем салса несі бар. «Ардагер Әлихан Бөкейхан!..» Сол қатардағы және кейінгі шын ардагерлер... Тамаша емес пе! Байырғы, асқақ, әрі қуатты сөздің ақыр түбі өзіндік, тума мағынасына ие болуы! Тіпті, күмәнсіз сияқты. Жалғыз «ардагер» ғана емес, тұнығы шайқалған тағы қаншама мәйекті сөз. Өзіміз айтқан соң, өзіміз бастайық. Міне: «Алаш жұртының ардагер тұлғалары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин...»).

**«Атжалман».** Қазіргі баспасөзде жаппай – «крыса», яғни «егеуқұйрық» атауының орнына қолданылып жүр. Бұл, негізінен шәрлі, кентті мекендерге тән, қазірде Қазақстан қалаларын, оның ішінде Алматыны басып кеткен «крыса» тышқан – бұрнада қазақ даласында атымен болмаған. Мен кішкентай кезімде үлкен әкемнен естіген «Сақадиді» дейтін қилы хикаяда «кіржі» деген сұмпайы кеміргіш аталатын. Абай төңірегінде тараған «Мың бір түн», және басқа да шығыс әңгімелерімен қатар, орыс және батыс романдары да қызғылықты тауарихтар ретінде көрініс тапқан ғой. Кейін анықтадым, бұл «Сақадиді» – ХІХ ғасырдың орта шенінде еңбек еткен белгілі орыс жазушысы Н.Полевойдің «Сохатый», яғни «Бұлан-Бұқа» романының түрлене байыған қазақы нұсқасы екен. Ізгілікті қарақшы Сақадиді абақтыға қамалған кезінде «кіржі деген тышқанды» ұстап алып, құйрығына шала байлап, өрт шығарады да, қапастан аман-есен құтылып кетеді. Ол кезде Қазақ даласында жоқ нәрсенің қазақша атауы да жоқ. «Кіржі», яғни «крыса». Кейін, ХХ ғасырда кім, қалай енгізді – бұл «крыса» енді «егеуқұйрық» аталады және әдеби тілге түсіп, біржола тұрақтанды. Ал біздің шалағай газетшілер аяқ астынан тауып отырған «атжалман» – отаршылдық заман толқынымен жеткен «крыса» емес, ежелден-ақ бар, өзімізбен бірге жасап келе жатқан, далалық, «тума» тышқанымыз. Әзірше тұқымы құрып кетпесе керек. Түсі көбіне ала-күрең, қос қабырғасы қызғылтым, бітімі болбыр, құлағы үлкен, аяқтары қысқа, құйрығы шолақ, ұрты қапшық, керек десеңіз, әжептәуір сүйкімді мақұлық. Шөп, жапырақ жейді, әрқилы өсімдік тұқымдарын жақсы көреді; еңбекшіл, жер астындағы қоймаларына қыстық азығын молынан жинайды. Қолға оңай үйренеді, кішкентай кездерінде біздің балалар да асырап көріп еді. Әркімге таныс болса керек. Орысша атауы – хомяк. Ал «крыса» егеуқұйрық деген – ұзынқұйрық,

сұрғылт, былық нас және қалалы жерлерде негізінен үйінді, тастанды тамақ қалдықтарын пайдаланады, шағын тұрқына қарамастан шақар, жауыз, қорғансыз жас балаға шабудан да тайынбайтын, әрқилы жұқпалы ауру таратуы ықтимал, бар болмысымен қатерлі пәлекет. Айттық, бұрнағы жұртымызда атымен болмаған, Қазақстан шегін түбегейлі жаулап, үлкенді-кішілі барлық елді мекендерге біржола орнығуы – совет заманында, әуелде Түрксибтің салынуы, одан соңғы «тың көтеру» аталатын науқанның өрістеп, жүзеге асырылуына байланысты.

Сонымен, біздің қазақ баспасөзін басып кеткен кіржі қрысаның ауызекі ғана емес, әдеби атауы да – «егеуқұйрық», ал «атжалман» – мүлде басқа, далалық тышқан.

**«Әурет».** Алдыңғы жылы Алматыда болып, Семейге барғанымда, қалалық үлкен мешітке өте беріс, сыртқы тақтада тұрған: «Мешітке әуретіңізді жауып кіру керек!» – деген ескертпеге көзім түсті. Құлап қала жаздадым деп айтсам, артық емес. Қазақ ұғымында ежелден қалыптасқан, көркем шығармаларда қолданысқа түскен, біздің өзіміздің жазуымыздан да көрініс тапқан «әурет» – әйел мен еркектің жыныс мүшелері һәм үлкенді-кішілі дәрет ағзасы. Сыпайы, әдеби нұсқа. Арабтағы әуелгі мағынасы – шамды, ұяң мүшелер болса керек. Бір тілден екінші тілге көшкен сөздер әдетте әуелгі ұғымын сақтай бермейді, сол төңіректегі басқа бір мағынаға көшу мүмкіндігі – қалыпты жағдай. Ислам елдеріндегі әйелдер үшін анаусы тұрыпты, кеуде мен мойын, бет пен шаш, білек, тізе мен балтырға дейін тұмшаланып жүру міндетті болса, бізде ғасырлар бойы басқаша қалыптасты. Әдепсіздік емес, өзіндік тұрмыс негізінен туындаған еркіндік. Әрине, мешітке кірген әйел түгілі, еркектің өзі ашық-алаң, алқам-салқам болуға тиіс емес, бірақ ешкім де, тұрпайы айтқанда, мешіт түгілі күнделікті жұмысқа, ресторан, кино, театрларға дамбалын түсіріп, артын ашып кірмейді. Тәрізі, «әуретіңізді жауып жүріңіз» – Семей мешітінің имамы ойлап тапқан даналық емес, Қазақстан мұсылмандар қоғамының жалпыға ортақ қағидасы болса керек. Дінге қатысты әлдебір мақаладан кейінірек тағы да көргенім бар. Өзірше ағымдағы баспасөзге өткен-өтпегенін аңдамадым. Ұшыраса қалса, тіпті, жаппай қолданысқа түсіп жатса, таңырқамас едім.

**«Волга».** Жиі болмаса да, ара-тұра ұшырасып қалады. Сауатсыздық па, қырыстық па. «Еділ» ғой, ұлы дариямыздың өзіндік, тума атауы. Тек бұрынғы-соңғы, қазіргі қазақ қана емес, бүкіл түрік халықтарына ортақ, қастерлі топоним. Айтып жатудың өзі артық. «Еділ» – «Итиль» атауы Византия тауарихтарында VI ғасырда таңбаға түскен, яғни, мың жарым жылдық жазба куәлігі бар. Арыдағы фин-угор тайпалары, бәлкім, славян текті жұрт та өздері отырған оң жақ сала – «Қара Еділдің» бастауын «Волга» деген, «су», «өзен» мағнасында (Валге, Вилькеа, немесе Вильга, Влга). Заман оза келе, түрік жұртынан бақ тайып, орыс патшалығы етекке жайыла түскенде, дарияның ұзына бойы осылай атала бастайды және Батыс жұрттары да қабылдайды. Өйткенмен, қазақ та, татар мен шыбаш, башқұрт та тарихи, әрі етене «Еділ» атауынан бас тартқан жоқ. Қазтуғанның «Қайран да менің Еділім» деген толғауын «Қайран да менің Волгам-ай!..» деп өзгерте алмайсыз. Тіпті, Ресей

туралы жазған кездің өзінде «Волга» деп көлгірсу – ұят қана емес, құнсыздық көрінісі деп білуге тиіспіз.

**«Жанұя».** Өлмейтін, өлексе сөздер болады. Сілімтік, жабысқақ. Соның айқын бір мысалы. Ойдан шығарылды, кеңінен таралды, қазірде сылбыр болса да, қатардан қалған жоқ. Совет заманында бізде тұрмысқа да, баспасөз бен көркем әдебиетке де еркін еніп кеткен «семья» ұғымының «егемен» заманда тезінен табылған «баламасы». «Семьяға» дейін қазақта туыстық, шағын үй-ішіндік атау болмағандай. «Жанұяның» тезінен қатарға қосылуының бір сыры осы теріс ұғымда жатыр. Шындығында, қатарлас бір емес, әлденеше атау бар еді. «Шаңырақ». «Түтін». «Отбасы». «Әйле». «Үйіші». «Үй-жай». «Үй-баран». Ең ақыры – осының бәрінің кеңейтілген, жиынтық көрінісі – «үйелмен». «Шаңырақ» – тура мағынасы, киіз үйдің шаңырағы есебінде ғана танылып, «түтін» – тағы да бықсыған қоңырсық ретінде қалып, «жаңарған жұртта» тосыннан «семья» атауы қалыптасты. Енді, кері заман туғанда, жалбағай «ұлтшылдар» дыбысталуы үйлес, және өздеріне таза қазақы көрінген «жанұя» дейтін жылбысқы сөз шығарыпты. Қазірде көпшілік сауатты жұрт «отбасы» атауын қолданады, ара-тұра «үй-іші». Мен өзім қисынды жеріне қарай «шаңырақ» деп, «түтін» деп те жаза берем. Өзіндік шаңырақ иесі азамат – «үй-жайы бар», «үйлі-баранды». Айтпақшы, «үйелменнің» жағдайы сәл-пәл басқашарақ. «Үйелмен» – туыстас бірнеше шаңырақ, әдетте әке, бала, ата, тіпті, ағайынды бауырлар отбасының һәм бұлардың барлық үй, қора-қопсы, мал-жанының жиынтық көрінісі. Манағы «жанұя» мен «семьяның» кеңейтілген нұсқасы.

Сонымен, бір қабырға, межелі қоныс-жай ішінде отырған туыстас кісілердің ұйыс, ұшқас, өңкей, шағын тобының кеңінен тараған қазақша ортақ атауы – отбасы, үй-іші, шаңырақ, түтін. Қазақтың тілі бай, орайына қарай, қалағанын қолдана беріңіз. Тек «жанұядан» аулақ тұрған жөн.

**«Жарты арал», «жартылай арал».** Ағымдағы баспасөз ғана емес, тіпті, бізден бұрынғы, әжептәуір үлкен жазушылардың шығармаларынан кездестіріп келемін. Бұл – кәдімгі орыстың «полуостров» сөзінің тікелей қотарымы. Қазақша – «түбек». Кешелі-бүгін шыққан емес, атам заманнан бері қолданылып келе жатқан атау.

**«Зағип».** Бүгінгі баспасөзде көп ұшырасады. «Зағиптар қоғамы» деген бірлестік те бар екен, орталарынан дау шығып, сотқа жетіп, біраз шулатты. Мен басында қандай зағип деп ұқпай қойып едім, ақыры толық түсіндім: көзі кеміс кісілер, солардың өзіндік қауымдастығы. Қазақ тілінде «зағип» – ауру-сырқаулы, кемтар, мүгедек жан. Ал көзі кеміс, турасын айтқанда «соқыр» сөзінің бір баламасы – «көр», тұпа-тура атауды дәкір көрсек, сирек қолданылатын, біршама сыпайы, «басыр» деген сөз бар. Әлбетте, құдай тірі пенденің маңдайына бермесін, соқыр, көр, басыр кісілер де зағип қатарында, алайда, айттық, сал ауру, аяғы, қолы кеміс шолақ пен молақ, бүкір мен ақсақ – мүгедек, дертті кемтар атаулының бәрі «зағип». Қазақтағы «бишара», «мүсәпір» – әдетте тұрмыс кебіне байланысты айтылса, «зағип» – тек қана дене сырқатына қатысты сөз. Яғни, манағы «зағип» – жалпылама ұғым, ал көзі кеміс

кісілер – «басыр», бұлардың өзіндік ұжымы – «Басырлар қоғамы», немесе «Басырлар қауымдастығы» аталуға тиіс.

**«Қаймана».** Қазіргі нақты қолданыстағы қалыбы – «қаймана қазақ». Яғни, «жалпы қазақ», «исі қазақ», тіпті, «өзіміздің қазақ» дейтін ұғым бермек. Қолы жүрік журналистеріміз және жекелеген бір жазушылар осылай ойлайды. Шындығында, «қаймана» – бөтен, бейсауат, көлденең [кісі] деген сөз, жау емес, бірақ жат, бөгде. Сонда «қаймана қазақ» – өзіміздің тумалас, ағайындас, біртұтас, жалпы қазақ емес, туыс та, біліс те, тілектес те емес, әлдеқайдағы «бөтен қазақ» болып шығады. Бұл турасында осыдан төрт-бес жыл бұрын арнайы жазған азаматтар болған, бірақ кезінде бәсеңсігенімен, қолданыстан шыққан жоқ, ағымдағы баспасөзден, атаулы сайттардан ұшырасып тұрады.

Сонымен, байырғы тіліміздегі «қаймана» – бөтен, сыртқары, қағай деген ұғым береді, яғни «қаймана қазақ» – қазіргі қолданыстан мүлде кері мағынадағы тіркес.

**«Қараша».** Ағымдағы баспасөзде жиі ұшырасады, бұқара жұрт, еңбекші қауым, жалпы халық мағынасында. Барды бұрмалаудың әдепкі бір көрінісі. Бұл бұзылған сөздің түп төркіні – «қарашы». Арғы заманда ханның кеңесші бегі: «Хан қасында қарашы» деген мәтел де бар. Кейінірек, «ақсүйек» емес, «қара халық», «қалың бұқара» мағынасына көшкен: «Ханның жақсы болмағы – Қарашының елдігі, – Қарашы халқы сыйласа, – Алтыннан болар белдігі», – деген Бұқар жырау, Абылай ханға айтқан уағыз толғауларының бірінде. Барлық жазба нұсқаларда айта-қатесіз – «қарашы». Ал «қараша» – «қарақоңыр» деген сөз, мәселен, «қараша үй», ақбоз емес, жырттық-жамау да емес, орта жағдайдағы киіз үй. «Қараша» айы бар, ол мүлде басқа.

Сонымен, «қараша халық» емес, «қарашы халық» болды.

**«Қар барысы».** Бұл – «снежный барс»-тың тікелей аудармасы. Орыстың көлеңкесі жоқ кезде Алатау мен Ерен-Қабырға, бүткіл қырат Азияда ғұмыр кешкен, қазірде мүлде сиреген, мысық тұқымдас, қожбан, жыртқыш аң – қазақша атауы «ірбіс». Күні кешеге дейін осылай жазылып келді, тіл білместердің соңғы төрт-бес жылда жеткен табысы.

**«Қорған».** Мүлде масқара болдық. «Есік қорғаны...» «Қазақ даласындағы ежелгі сақ қорғандары...» Қайдағы қорған, қандай қабырғалы қамал? Орысшаға көшірсек, «крепость», немесе «крепостные сооружения» – бекіністі құрылым екен. Біздегі қаптап кеткен «қорған» – сол орыстың түркиден еніп, мүлде басқа мағынаға ие болған «курған» сөзінің нақпа-нақ көшірмесі. Бірақ айттық, қазақша «қорған» сөзінің жалғыз-ақ мағынасы бар – қамалды, қабырғалы берік шеп. Ал Есіктегі – Алтын адам табылған, Алтайдағы Құдырғы, Пазырық және басқа да тараптағы біразы зерттелген, көпшілігі сол қалпында тұрған, қазыналы немесе әлі де ашылмаған, жұмбақ кейіпті, қадым замандарда елбасы, рубасы, батыр, бағлан көсемдер жерленіп, қабір үстіне қолдан үйілген үлкенді-кішілі, қисапсыз, жасанды төбешіктердің қазақтағы бағзы, күні бүгінде әдеби қолданыстағы атауы – «қорым!» Кейде «мықтың үйі» деп те аталады. Бала кезімізде үлкен әкелеріміз: «Қазақтан бұрын бұл өлкеде мық деген халық болыпты, солардан қалған белгі» деп ұғындыратын. Аңыз, ауызекі айтылым

бойынша «мықтың үйі» деңіз, оған арнайы түсінік қажат деп санасаңыз – жалпыға ортақ, әдеби «қорым» бар – тек қана «қорған» емес! Біздің қазақша түртпейтін шалағай тарихшыларымыздың орысша жазылған еңбектері арқылы таралған «курған» қазақшаға «қорған» қалыбында қотарылып, тарихи таныммен қатар, таза тілімізді де бүлдіріп жатыр. «Есік қорғаны...» емес, осы шаршыда және басқа да төбешік, төмпешіктердің орнында ешқашан ешқандай «қорған» болмаған, әуел бастан-ақ тасты, топырақты үймек – «қорым!» «Есік қорымы», «сақ қорымдары» – міне, дәп осылай. (Көне қыпшақ және қазіргі кейбір түрік тілдерінде «оба». Мәселен, Қырымдағы, әлемге әйгілі мәдени, тарихи қазыналар шыққан «Күл-Оба» және соған қарайлас «Қара-Оба», «Алтын-Оба» һәм басқа да «обалар». «Оба» жалғанымы Қазақстан шегіндегі кейбір қорымдар атауында сақталған, айталық, Батыс өлке, Бөрілідегі «Қырық-Оба». Алайда, жекелей алғанда, қазіргі қазақтағы «оба» сөзінің мағнасы мүлде басқаша: бұл – әдетте тоқал төбешік, шоқы биіктер басында атаулы белгі, немесе қарауыл көлегей ретінде тастан қалап, орнықты тұрғызылған, асса кісі бойы, немесе одан да аласа, ұзыншақ, көрнекі нысан.)

**«Қызметші».** Мұндай сөз қазақта ежелден бар. Бұрнада үй шаруашылығында жүретін әйел, қора тазартып, қар күреп, қи оятын еркек, яғни, құл мен малайдан бір саты ғана жоғары, басы бостан, әйтсе де тіршілік қамындағы кіріптар жан. Бүгінгі қазақ жетік білетін орыс тіліне көшірсек – «слуга», «прислуга». Кейінде советтік, әкімшілік кеңселерінде, мектеп және басқа да жайларда от жағатын, үй сыпыратын, еден жуатын қызметшілер пайда болды – «уборщица», бүгінде кез келген байшыкештің мекен-тұрағын, бақша-бауын қарайтын, күнделікті тұрмыс қажетін атқаратын бірнеше, тіпті, ондаған қызметшісі бар. Кемсіту емес, әркім жағдайына қарай жұмыс жасайды, адал еңбектің бәрі орынды, алайда, қандай да бір нәрсенің төл атауын бұрмалауға болмайды: «қызметші» дегеніңіз – «слуга». Ал бізде бәрі «слуга» болып кетті, «мемлекеттік қызметші», «әскери қызметші», тағы бірдеңе «қызметшілер». Күні кеше ғана, осындай, қол жұмысы, әдепкі жиым-теріммен айналыспайтын, бірақ белгілі міндеті бар кісілер – «қызметкер» деп аталатын еді: «мемлекеттік қызметкер», «әскери қызметкер», «кеңсе қызметкері», «ғылыми қызметкер...» Әрине, барлығы да «данагөй елбасы» мен «егемен елдің» қызметінде, бірақ «қызметші» емес, «қызметкер». Жаман болар, жақсы болар, әр нәрсенің артық емес, кем емес, өзіне ғана тән анықтамасы бар дедік. «Қызметші» бір бөлек, «қызметкер» бір бөлек. Әрқайсы өз орнында тұрғаны жөн.

**«Небәрі».** Біз ес білгеннен бастап, бұқаралық баспасөзде теріс қолданылып келе жатқан сөз. «Колхоз (совхоз) өзінің шөп шабу (жер жырту, егін жинау, т.т.) жоспарын небәрі жүз жиырма (жүз қырық) процент орындады...» Оқушы кезімде таңғалатын едім. Сонда жүз жиырма (жүз қырық) процент, бүгінгіше жүз жиырма, жүз қырық пайыз жетімсіз болғаны ма? Одан бері алпыс, жетпіс жыл өтті, колхоз тарады, совхоз күйреді, «небәрі» әлі күшінде тұр. Жиынтығы деген мағынада. Шындығында, керісінше. «Небәрі» – «қанағатсыз» ұғымын бермек, бар болғаны осындай-ақ деген сөз. Көпе-көрнеу жаңсақ қолданыс, бірақ әлі күнге түзелмепті.

«Өзіне қол жұмсау», «өзіне қол салу». Бүгінгі қазақ баспасөзінде «суицид», яғни өзін-өзі өлтіру мағынасында жаппай қолданылады. Бұрнағы жұртымызда болмаған сұмдық. Кемел жастағы әйел мен еркектің, әсіресе, кәметке толмаған, жаңа толған өспірімдердің ерікті түрде өмірден кетуі – шетін оқиға емес, әдепкі жағдайға айналыпты. Бұл ретте біздің егемен республикамыз әлемдегі, бар жағынан дамыған, ендігі «қатарына қосылып қойыппыз» дейтін елу мемлекет тұрыпты, арман болған таңдама отыз елдің де алдына түсіп, тіпті, ондық, бестік қана емес, алғашқы үш орынның біріне шыққан сияқты. Себеп, салдары қандай болса да, бәрін түгел жасырып қалу мүмкін емес, сыздықтап баспасөзге өтіп кетеді. Орысшасы анық: «самоубийство», немесе халықаралық «суицид». Қазақ тілінің тазалығы үшін күрескер «тіл жанашырлары» бүткіл техникалық, ғылыми, саяси және әлеуметтік терминдердің бәрін «қазақшалап», елу жылда арылмас былық ботқа жасады, сондықтан ешбір жат сөзге орын жоқ, орысшадан тікелей аударамыз. «Самоубийство» – «өзін-өзі өлтіру» болады екен, тым дөкір, біздің бүгінгі шатшадыман өмірімізге үйлеспейді, сондықтан сыпайырақ анықтама ізделеді. Ақыры таптық – бұл төтенше пәлекет крепостник-құлдық заманынан бері үйреншікті қалыпқа түскен орыс жұртының байырғы тілінде «наложить на себя руки» деп аталады екен, қазақшаға нақпа-нақ аударса саламыз: «өзіне қол жұмсау», «өзіне-өзі қол салу» болып шығады. Мән-мағынасы түсінікті сияқты. Тиесілі деректерге тіркелген себепті түсінікті, бірақ қазақ тілінің оралымына мүлде қайшы, теріс құрылым. «Қол жұмсау» – қашанда ұрып-соғу мағынасын берген. Мәселен, әлдебір мас, немесе нойыс еркек «әйеліне қол жұмсайды». Алдағы өмірден ешқандай сәуле көрмеген әлдебір бейбақ бала немесе азапты тіршіліктен түңілген әйел мен еркек «өзіне-өзі қол жұмсаса», көлденең көмексіз, өзін-өзі сабаған болып шығады. «Қол салудың» хикметі бұдан да сорақы. Кәдімгі қазақ тілінде «қол салу» – әйел затына көңіл білдіру, жай ғана айналдыру емес, қойынға шақыру, жыныстық қатынасқа талап деген ұғым береді, айқын орысша нақтыласақ – «сексуальное домогательство», еуропа тілдерінен аудармасы. Ал қазақша «өзіне қол салды», – «өзін-өзі қоздырды» болып шықпақ. Енді қайттік? «Аллаңнан ойбайым тыныш» дегендей, манағы тәркі болған «өзін-өзі өлтіру» қабылдануға тиіс. Немесе жат жұрттың салқыны, жат жұрт әкелген замана ыңғайы, тіршілік салтымызда болмаған жат ұғым сол озық халықтар лұғаты бойынша, «суицид» аталсын. Өмірде күнделікті болып жатқан жағдай және жыл өткен сайын бес, он пайыздан көтеріліп келеді, тілімізге тезінен сіңісіп кетпек. Қайткенде де, дәп қазіргі «жалпы жұрт байлыққа бөккен, бар жағынан бірдей жетілген» кезімізде бұл сұмдықтың өзінен де, сөзінен де құтылу тым қиын болып тұр.

«**Майор**». XIX ғасырдағы отарлық заманға, әдебиет тарихына қатысты зерттеу еңбектерде қолданылып жатыр. Көп білгеннің бір пайдасы. Дулат ақынның толғауларында: «Майырдың алса бұйрығын, – Борбайға қысып құйрығын, – Ел пысығы жортады», – деген сөздер бар еді. «Абай жолы» романында да әлденеше жерде (кейінгі басылымдарда түзетіліп кетпесе) «майыр» аталатын. Бүгінгі білермендер бұл сөздің түп-төркінін нақты тауыпты

– «майор» екен, осыған дейін түсінбестікпен жаңсақ жазылып келген. Дулат – оқымаған кісі, ал Әуезов... даналардың да қателесетіні бар. Бұл «майыр» – қазақ арасында қалыптасқан тарихи атау екенін байыптауға өркеуде сенім мен кенен білік бөгесін жасаған. «Майор!» Ал «майыр» – патша өкіметі орнатқан дуан әкімшілігінде аға сұлтаннан кейінгі, шын мәнісінде барлық жағдайды бақылап, тексеріп, тежеп, бағыттап отыратын, орыс текті шенеуніктің әскери атағы емес, мәртебесі. Әуелде әлдебір майор болуы мүмкін. Одан кейін майор ғана емес, штабс-капитан, бәлкім, подполковник, тіпті, хорунжий. Қарқаралыдағы, Семей, Көкшетаудағы орыс әкімі атаулының шен дәрежесі әрқилы болуы мүмкін, бірақ қазақ үшін бәрі де «майыр». Осылай, түзетусіз жазылуға тиіс.

**«...Оқулары».** «Абай оқулары», «Әуезов оқулары» т.б. Осы жақында «Таңжарық оқулары» деген тақырыпқа көзім түсті. Абай да, Әуезов те өздері оқып жатқан жоқ, осы кісілер турасындағы үлгілі сабақ, талдау, талқалау, таным ғой. Күні кеше ғана «дәрістері» деген анықтама қосылатын еді: «Абай дәрістері», «Әуезов дәрістері». Аяқ астынан жаңа бір қисын шығармай, осы, тілімізде біршама орнығып барып кейін ысырылған, мағынасы дәлме-дәл, әрі айқын «дәрістерге» қайтып оралуымыз қажет.

**«Ортанқол».** Әдеби сында «ортанқол шығарма», әдепкі, әрқилы мақалаларда «ортанқол дүние» дейтін баға айтылып жатады. Керемет шығарма, керемет дүние емес, орташа, жұпыны деген мағынада. Ортан қол ұғымы – батыс жұрттарына керісінше, біздің халықта «озық» деген сөз. Қолдың ортаңғы, ұзын саусағына теңеуден шыққан. «Ортан қолдай азамат» дейді біреуді мадақтағанда. Сондай-ақ, «ортан қолдай, көрнекті роман». Бұл жерде бар кілтипан «ортан қол» мен шынында да орташа «ортақол» шатысып, орындары ауысып кеткен. Кез келген жөндем сөздің бір қарібін өзгертіңіз, не болып шығар екен. Білместік қана емес, әуелгі бір салақтық нәтижесі. Бізде қанша айтсаң да қате түзелмейді, тіркесе созылып, мәңгілікке дейін жалғасып кете бермек. Осы айтылып отырған «орташа ортан қол» ғана емес, қатарлас басқа лепесімізден соң да әлдене оналып, жөнделеді деп ойламаймын, әйтеуір бізден сөз қалмасын деген далбаса. Бірақ бастап қойған соң, межелі жерімізге жетейік.

**«Сусамыр».** Сырқат атауы ретінде қолданылып жүргеніне көп болды. Тіпті, арнайы сөздіктерге еніп кеткен. Орысша «сахарный диабет» – «қант диабеті». Біздің жаңаға құмар «тіл жанашырлары» қайткенде де, тіпті, орыс та емес, арғы шет тілдік «диабет» сөзінен құтылу үшін, осындай жаңа термин ойлап тапқан. Сөйтіп, қазақтың «сусамыр» дейтін тамаша бір сөзі кәкәй болып шықты. «Сусамыр» – қырат, таулы аймақтарда өсетін, әдетте түйе жейтін, дәрілік емі бар, хош иіс, өзгеше шөп болса керек. Алатаудың қақ ортасын ойып алып жатқан атақты Сусамыр жайлауы бар. Көлденеңі кейбір тұста 30-40 шақырымға жетіп, ұзына бойы 150 шақырымға дейін созылады. Бүгінде бастан-аяқ қырғыз иелігінде. Теңіз деңгейінен екі-үш мың метр биікте, біздің Шалкөде мен Қарқара сияқты, өзгеше құнарлы қоныс. Бұдан жүз жетпіс жыл бұрын және одан да арыда түгелімен болмаса да, басым бөлігін қазақ жайлаған. Сөз жоқ,

сол ескі заманда шыққан, «Сусамыр – елдің жайлауы» дейтін, әуезді, әдемі ән де бар. Кенесары ханның сатқындық нәтижесіндегі қапыл қазасынан соң, осы айныма қазақтар кері сүріліп, қырғызға біржола өтіпті. Совет заманындағы жұртымыз бұрнағы сағыныш есесіне, төменгі бір пұшпағын жалға алып, жаз айларында еркін көсілген. «Қант диабетінің» жайлауы емес, туырылған басқа көгімен қоса, әйгілі шөбі де мол болғандықтан, «Сусамыр» атанған. Қазақстан астанасында «Сусамыр көшесі» бар екен. Қант диабетиктері бас құраған көше емес, тәрізі, атақты жайлау есімінде және ағайындас қырғызға құрмет белгісі болса керек.

Сонымен, әдемі «Сусамыр» сөзін қатерлі сырқат атауына көшіру – «ұлтшылдық» танымның кезекті бір сорақы көрінісі болды. Ал шындығында, бұл дерттің қазақша атауы бар еді – «сусақ». Негізгі бір белгісі – тынымсыз шөліккеу, суды мөлшерсіз көп ішу десек, «сусақ» – «суға құмар» деген сөз, малға бейім, малды жақсы көретін баланың «малсақ» атанатын жорасымен. Бұл сөзді мақұл көрмесеңіз – «қант диабеті». Медицина термині. Қайткенде де «сусамыр» емес.

**«Толағай табыс».** Қате ұғынылып, журналистер тарабынан жаппай қолданысқа түскен сөздердің бірі. «Телегей», немесе «толайым» сөздерінің әсерімен қабылданған сияқты. Шын мәнісінде «толағай» – «жалаңаш», «тықыр» деген сөз. Топоним орайында – панасыз оқшау, бұта, дараксыз жадағай тау – мен білгенде Арқада және Шығыста осындай аттас екі шоқы бар. Махамбеттегі «толағай» – қазір айтылып жүргендей, «ку бас» емес: «Темір қазық жастанбай, – Қу толағай бастанбай...» – мұнда «ку толағайдың» «жастануға» қатысы жоқ, «шашың түскенше», «басың ағарғанша» деген мағына бермек. Қайткенде де «толағай» – молшылық, дарқандық белгісі емес. Яғни, «толағай табыс» – ешқандай дерексіз, тіпті, теріс мағынадағы сөз.

**«Түркі».** Қазақ баспасөзі мен кітаптарда соңғы жиырма-отыз жылда «түркілер», «түркі халықтары», «Түркі қағанаты» дейтін атаулы сөздер кеңінен қолданылып жүр. Қазақ тілінің ішкі үйлесімі бойынша, «түркі» дейтін сөздің ешбір оғашы жоқ, бірақ бұл – зат есім емес, сын есім – «қазақы» деген тәрізді; адами, кәсіби, ғылыми – бәрі бір орайда. Сондықтан «түркі» – мүлде басқаша ұғым бермек. (Осыған қарайлас «түрки» бар – яғни «түрік тілі».) Тарихи тұрғыда негізі жоқ, теріс қана емес, қисынсыз: «қазақ» этнонимін «қазықа», немесе «қызақ» деп түрлендірген сияқты. «Түркі» дейтін халық та, «Түркі қағанаты» дейтін мемлекет те болмаған, сондай-ақ, бүгінгі, түп негізі бірлес, тілдері үйлес, ағайын жұрттардың ортақ атауы да «түркі» емес. Бұл жер астынан жік шыққан барлық «түркінің» ақиқат түбірі – «түрік». Орта ғасырлар тарихында жарым әлемге қанат жайған, құдірет-күші кенеусіз «Ұлы Түрік қағанаты» болды, мемлекетке ұйытқы, негізгі халық – «түрік» атанды. «Мен – Тәңірі текті, Тәңірі сыпатты түрік Білге-қаған... Түрік жұртым үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым...» Бұл халық тарихтың келесі кезеңінде бүкіл Еуразия құрылығына таралды. Ұрпақтары уақыт оза келе әрқилы аталғанымен, бәрі де түрік жұрағаты болып қала берді. «Түрік халықтары» дейтін ортақ атау – Еуропа ғылымында, бар тарихта біржола қалыптасты



(орысша – әуелде «татарские народы и племена», кейінірек Батыс әсерімен «турецкие народы»). Ежелгі тарихты кәміл таныған қазақ зиялылары да ХХ ғасырдың басында осы «түрік» этнонимін жаңадан жаңғыртып, жалпыға ортақ «түрік халықтары» атауын қатарға қосады. Қайтадан ту көтерген Алаш мемлекетінің гимні: «Арғы атам – ер түрік, – Біз қазақ еліміз!» – деп жариялаған. Бұдан соң: «Ежелден ер түрік, – Оқ тескен етіміз, – Қасқарып, қайтпаған, – Еш жаудан бетіміз!..» – деп шалқиды. Алаш ардагері Әлихан Бөкейхан қашанда: «Біздің түрік текті қазақ халқы...» – деп жазады. Аз-мұз кейінірек Мұстафа Шоқай бауырлас, туыстас бүткіл «түрік халқына» жар салады, оның ішінде жігерлі, жанашыл «түрік жастарына» ұран тастайды. Осы екі аралықтағы Сұлтанмахмұт, туған жұрты, оның өткендегі тарихы мен өз тұсындағы ахуалын салғастыра келе: «Бұлардың түрік еді арғы заты, – Әлемді тітіреткен салтанаты, – Бүгінде азып, тозып, күлкі болған, – Бұлар да сол түріктің жұрағаты!» – деп күйінген – жүз жыл өтсе де, әуелгі күшінде тұрған лепес. Қайткенде де – түрік, түрік және түрік халықтары! Тек біз ғана емес. Ресей шегінде отарлық күн кешкен бұлғар (қазан татарлары) мен башқұрт, және Қырым түбегін, Қапқаздың қырқасы мен қаптал етегін қоныстанған ағайындар, тіпті шыбаш пен сақа-якутке дейін түгелдей ежелгі «түрік» негізіне ден қойыпты. Ал Бірінші Жихан соғысынан соң Ежелгі Осман империясының түпкі қонысында қайта құрылған мемлекет – Ата-Түріктің басшылық, нұсқауымен «Түркия», «Турк жумхурияты», яғни Түрік республикасы деп ресми түрде атала бастаған. Енді Ресей империясы шегінде коммунистік қызыл орыс өкімі біржола орныққан кезде, дағдылы «түрік» этнонимі екі тармаққа ажыратылады: Анадолы түрігі – «турок», «турки», ал қалған барлық түрік қауымының атауы – «тюрки», «тюркские народы» болып өзгертілді. Бұл жіктелу – 1926 жылы Бакуде өткерілген, тілге, мәдениетке қатысты көптеген мәселелер оңымен шешіліп, латын жазуына жаппай көшу туралы қарар қабылданған айтулы оқиға – «Бүкілодақтық Бірінші түркология құрылтайында» («Первый Всесоюзный Тюркологический съезд») ресми түрде қабылданған болатын. Әлбетте, жоғарғы өкімет нұсқауы әрі дәп осы кезде айырым елеусіз көрінген, өйткені, осы «тюрк» халықтарының барлығының өз тілдерінде аталу да, жазылу да бірегей – «турк», «түрік» болып қала бермек. Және дәп солай жалғасты. Біздің қазақ ғылымында да, шамамен 1970 жылдарға дейін «түрік халықтары» деп жазылып келді, ал өткен тарихтағы ұлы мемлекет ешбір бұрмасыз, «Түрік қағанаты» аталды. Алайда советтік орыс саясатында «Пантүркизм» дейтін үрейлі ұғым бар, бірте-бірте қазақтағы «түрік халықтары» түп негізінен аулақтап, «түркі халықтарына» айнала бастады. Ақыры, міне, әлі де бұғаулы бастың саясаттан тысқары ерікті ауыз заманында, манағы жасанды «тюрк» жобасымен, ежелгі «түрік» этнонимі мүлде қатардан шығарылған екен: «түрік» – ол Түркия халқына ғана тиесілі, ал қалған жұрт, оның ішінде қазақ та «түркі» болғаны мақұл. Осы ораймен жалбағай жазармандар Ежелгі Ұлы Түрік қағанатының бар тарихта тұрған, әлі де теріске бұзылмаған өзіндік атауына дейін өзгертіп салды: «Түркі қағанаты». Даналықтың ерекше үлгісі. Шындығында, бұрнағы, қағанат аталған мемлекет бүгінгі Түрік республикасынан шалғай, алыс бір қиырда жатыр ғой.

«Түрік» деп танылуы қисынсыз, «Түркі» деп, нақты айғақтаған жөн. Өстіп, бұл «Түркі қағанаты» ағымдағы баспасөз бетінен озып, бірте-бірте қазіргі тарихшыларымыздың «ғылыми» еңбектеріне көше бастапты. Есебі, осындай қисық пен қыңыр бар тарапта қатарға қосылды, ежелгі тарихи атауды ығыстырып шығарды деген сөз. Енді қараңыз. Жоғарыда айтқанымыздай; «Қазықа хандығы», «Қызақ Ордасы» деген жаңаша атауға тоқтау мүмкін бе. Мүмкін екен. Түрік қағанатын «Түркі қағанаты» деп отырмыз ғой. Айырымы қанша. Жоқ, мұндай бұралқы атаулар осы қалпында қалуға тиіс емес. Ерте ме, кеш пе, түзетілуі шарт.

Өткен мың жарым жылдық тарихта – «түрік», «Түрік қағанаты», кейінгі бес ғасырда аралары ажырап, әрқайсысы өз дербестігін тапқан қауым жұрттың ортақ атауы – «түрік халықтары». Егер Осман империясындағы жұртшылық өздерінің арғы бабаларының есімін сақтап қалса (шын мәнісінде алғашқы президент Мұстафа Кемал қалпына келтірсе), бұл – тек қана сүйінішті жағдай, ұлттық сананың биік көрінісі, ал «түрік халықтары» дейтін анықтама – сені Түркиямен қосақтап, Ресей сияқты басыбайлы құлға айналдырып жібермейді. Азып-тозудың ең сұмдық белгісі – ата-анаңнан безу десек, түп тамырын теріске шығарған, туған халқының ежелгі атауынан жеріп, арғы тарихтағы ұлы империясының есіміне дейін өзгерткен ғаламатты қалай бағалауға болады? Тексіздік, ұлтсыздық деп қазбаламай, ең жеңіл, бергі себебін айтайық – қара танымаған сауатсыздық аталады.

**«Ұлыс».** Бүгінгі қазақ баспасөзі мен саяси өмірдегі ең бір бұзылған, бұрмаланған, кері мағына, басқаша ұғымға көшірілген сөздердің бірі. «Ұлыс» – нешеме ғасырлық ғұмыры бар тарихи атау, Көне Түрік заманынан кешегі күнге жалғасқан, бүгін де әуелгі мағынасын жоймаған, «мемлекет», «хандық», ауызекі тіл, әдепкі жағдайда – «бүткіл халық» деген сөз. Шыңғыс хан империясы «Еке Моғұл Ұлысы», яғни Ұлы Моғұл мемлекеті деп аталды. Қадымнан бері, наурыз күнгі ең басты тілек – «Ұлыс оң болсын!» яғни ел-жұртымыз аман болсын, мерейлі болсын! Адам мен табиғат, жер әлемнің жаңару, жаңғыруы есепті көктем мерекесінің байырғы қазақтағы өзіндік атауы – «Ұлыстың ұлы күні», яғни мемлекеттік, бүкілхалықтық мереке. Енді келіп... «ұлттар мен ұлыстар...» Неткен «ұлыс» десек, Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың диаспоралары екен. «Диаспора» деп, өз атауымен айтып қалсақ, «біздің егемен елімізде бірлігі жарасып, тату-тәтті, шат-шадыман тіршілік кешіп жатқан» басқа ұлт өкілдерін кемсіту болып көрінбек. Сондықтан, тарихи танымы кемшін, білім-сауаты төмен әлдебір жоғары дәрежелі шенеунік, немесе сол шенеунікке ақыл қосқан тарихшы, әлде тіл маманы, өзіне беймәлім ғана емес, мүлде түсініксіз, әйткенмен ауыз толтырып айтарлық «ұлыс» деген сөзді ұсынған. Сонымен, Қазақстанда тұратын, әуелде жүз отыз, кейінде жүз қырық, қазірде, бәлкім, жүз елу, жүз жетпіс «ұлт пен ұлыс» болдық та шықтық. «Ұлтымыз», тәрізі, жалғыз қазақ емес, саны біршама толымды, айрықша құрметті тағы бірнеше халық: орыс, украин, беларусь, өзбек, татар, түрік, ұйғыр, ал «ұлысымыз» – бұлар да ерекше сыйлы, әйткенмен жиын саны бір, екі-үш, бес-алты, он шақты кісілік: эскимос,

чукча, юкагир, нганасан, нивх, нанай, одан озса жетпіс-сексенге жеткен, тіпті, екі-үш жүз, бес-алты жүз кісіден құралатын тағы қаншама – санамалап келгенде жүзден астам халық өкілдері. Сонда екі чукча мен үш нивх та «ұлыс» болып шығады екен. Әрине, республиканың тең құқықты азаматы, бірақ «ұлыс» түгілі, атаулы, дербес қауым емес, шыққан тегі сондай да сондай, жекелеген кісілер. Керек десеңіз, екі миллионнан астам орыс пен екі жүз мың ұйғыр да «ұлыс» бола алмайды. «Ұлыс», бүгінгі Қазақ Ұлысы – Қазақстан шегіндегі он жеті миллион – барлық жұрттың жиынтық атауы болуға тиіс. Ал жаңағы, екі кісілік, елу кісілік, асса бірер, бес-он мыңдық шағын топтарға телінген «ұлыс» мәртебесі, сөз жоқ, біздің данагөй өкіметіміздің тікелей ұсынысы болмаса да, бармақ басқан мақұлынан соң ғана ресми түрде қабылданды. Егер осы, қазаққа жат, қалған жұрттың бәріне басыбайлы, интернационал өкіметіміз «диаспора» атауынан шошынса, «ұлттар мен халықтар» деп айтуы керек еді. Өйткені бес-он кісінің өзі белгілі бір халық өкілі. Сөйтіп, кемі мың-мың жарым жылдық тарихы бар, қастерлі «Ұлыс» сөзін ел-жұртымызбен бірге құрдымға жөнелтпек екенбіз. Мұны аз десеңіз, осы жақында, ағымдағы баспасөз бетінде әлдебір білімпаз «облыс» сөзінің орнына «ұлыс» сөзін қолдану керек деген ұсыныс жасапты. Өтіп кетсе таңы жоқ. Бүгінгі үш кісі, бес кісілік дәрежеден көтеріліп, тұтас бір аймақтың атауына жетеміз.

Қалай тартсаңыз да, ежелгі «Ұлыс» сөзінің байырғы және әдеби қалыбы ешқашан өзгермейді, бұл тараптағы далбағай шешімдер – совет заманында тыйым салынған «алаш» атауы сияқты, қайта тірілмек. Біздікі – бүгінгі сорақы жағдайдың бет пердесін ашып көрсету талабы ғана.

**«Халиф».** Араб халифатының әскери, саяси-әкімшілік басшысы, «патша», «хан», «қаған», «король» есебіндегі, кейінде әкімшілік қана емес, жүмлә мұсылман әлеміндегі (бүгінгі Рим папасы сияқты) діни-рухани көсем атауын қазір осылай жазатын болдық: «халиф». Тағы да көп білгеннің кеселі, біз ықпалынан шыға алмай отырған орыс әсері. Арабтың өзіндегі атау тұлғасы – «халифа». Осыған орай, арғы-бергі қазақ әдебиетінде, XIX ғасырда айрықша дамыған, роман кейіпті, қисса, хикаят аталатын өзгеше үлгілі эпостық жырларда – «халифа». «Сол Масғұт халифаға уәзір бопты», – деп жазған Абай. Өлең-жырлар мен шығыстық ертегілер «халифа Харон-Рәшид» заманы туралы толғайды. Өзіміз де талай рет «халифа» деп жаздық. Біздің алдымызда және тұсымызда түгелдей «халифа». Есебі, халық тіліне де, әдеби нұсқаларға да енген, әбден қалыптасқан атау. Енді екі жүз жылдан соң, «егемендік» кезінде орыс әсерімен «халиф» деп жазсақ, бұл – жай ғана жаңсақ емес, ұлттық әдебиет үлгілерінен тақыр-таза бейхабарлық, қазақша жаза отырып, қазақ тілін білмеген дүмшелік деп қана бағалануға тиіс.

**«Ханым».** «Халиф»-тен өткен сорақы жағдай. «Ханым» – бұрнағы хандық заманда өз тұлғасындағы, кейінгі әдеби қолданыста және де мағынасы өзгермеген саяси-этнографиялық атау – «ханның әйелі», «патшайым» деген сөз. Ал қазір кез келген әйел заты «ханым» аталатын болды. Бәлкім, қай-қайсы да бұрынғы «ханымға» теңдес, тіпті, артықша болар, бірақ неше қайыра айтқанымыздай, әр нәрсенің өзіне ғана тән атауы бар, мәселен, теректі – емен,

жылқыны – түйе деп танымайтынымыз сияқты. «Ханым» – әуелгі де, қазіргі де нақты мағынасы – «ханның қатыны», бүгінгі майысқақ тілге көшірсек, «ханның жұбайы» деген сөз. Онда қазақ жерін қаптап кеткен әлденеше миллион «ханым» қайдан шықты – ешқандай жұмбағы жоқ: орыста – «дамы и господа», ағылшында «леди... джентльмен». Осыған сәйкес, ер кісілеріміз ешқандай талассыз – «мырза» болып шықты, ал әйел заты... «әйелдер» десек, сөкет көрінеді, «қатындар» десек – сұмдық, бұдан гөрі көтеріңкі сөз қаперге келмеген, ақыры аспандап, «ханымға» жеттік. Шынында, байырғы қазақ тілінде балама сөз бар еді – «айым» деген. Бізге қарағанда зердесі тұнық қырғыз бірден тапты «мырзалар мен айымдар!» Сонымен, ерте ме, кеш пе, «мырзалардан» соң «айымдар» тұруға тиіс. Немесе, қазіргі әйелді алдыға шығаратын мәдениетіміз бойынша, «айымдар мен мырзалар». Бұл «айым» біздің бүгінгі тілімізге де жат емес – «төрағамен» сыңарлас «төрайым» бар ғой. Енді, реті келіп қалған соң айта кетейік, совет заманында тілімізден аласталған «қатын» – «тәрбиелі» кісі шошынардай тұрпайы сөз емес, әйел затына құрметтің айрықша көрінісі. Әуел баста, Ежелгі Түрік, одан соңғы Қыпшақ пен Хорезм, Шыңғыс хан ұлысы, тіпті, кейінгі Осман империясының өзінде «қатын» – «императрица» деген сөз. Ұлы қаған Шыңғыстың қаншама құмасы, яғни некесіз әйелі болса, тұрақты төсектес, таңдама бесеуі ғана «қатын» атанған. Сұлтан гәремдерінде әлденеше жүз құма мен қызметші кәнизак бар, ал некелі «қатын» («қадын») саны төртеуден аспаған. Кейінде, империялар ыдырап, хан мен қара теңеспесе де, заман өзгерген кезде әрбір қарашы (айттық, «қараша» емес) еркек өзінің нақсүйерін «сен хан қосағынан кем емессің» деп еркелетіп, «қатын» атай бастаған, ақыры, нақты күйеуі бар, тұрмыстан өткен ұрғашы атаулы түгел «қатын» болып шықты. Советтік жыныс теңдігі кезеңінде адамзаттың екінші жарымын өз ныспысы бойынша, «қатын» атау кемшілік саналып, ілкіде азды-көпті қолданысқа ене бастаған ғараби «әйел» сөзі қалыпқа түсті. Шын мәнісінде жоғары емес, кемшін атау. Алайда, әдебиет пен баспасөзде, ауызекі тілде түбегейлі орнығып кеткен сөздің әуелгі мағынасына сілтеме жасап жату – орынсыз, кез келген тіл қандай да сөзді өзіне сіңірген жағдайда, бастапқы мәнісі айна-қатесіз сақтала бермейді, мәселе – осы тілдегі түпкілікті қалыптасқан ұғымында қабылдауымыз керек. Қазақ тіліндегі «әйел» де өте әсем, терең мағыналы сөз. Қолданыстан шеттеу орынсыз және мүмкін де емес. Тек баяғы құрметті «қатынды» мүлде ұмытып кетпесек болғаны. «Әйелдің» күң емесі сияқты, бұл «қатын» да патшайым емес. Екеуі өзара синоним ретінде, қатарлас жүре беруге тиіс. Ал бүгінгі қаптаған «ханым» – өздеріне лайықты «айым» мәртебесіне көшкені жөн.

«**Шариат**». Егемен болғалы, жаңадан ештеңе таппағанмыз тұрыпты, барымыздан айырылып жатырмыз. «Шариат» – әлде орыстан ауысты, әлде кәдімгі дүмшелік көрінісі. Қазақта барлық заман, барша әдебиетте – «шариғат». Жүз сан мысал келтіруге болады. Ғарабы нұсқада «и» мен «а» аралығында көмейлік «айн» дыбысы бар, қазақ қашанда ұяң дауыссыз «ғ» арқылы берген – «шариғат». Сондай-ақ, «ғалым», «ғұлама», тағы басқа да үйлес дыбысты сөздер.

Тізбелей берсе, тіл мәдениетіне қатысты реніш пен кейістің шегі жоқ. Осы орайдағы көрнекі мысал – бүгінгі әдебиет пен журналистика тілінде қалыптасқан, тіпті, ілкідегі әжептәуір жазушылардың өзінде ұшырасатын өрескел бір қателікке назар аударайық. Табиғи қазақ тілінде көптік сан есімнен соңғы анықтауыш сөзге көптік жалғау тіркелмейді. Мәселен, «өз елінде тұратын он бір миллион қазақтар» емес, «он бір миллион қазақ». Біздегі «екі жүз жиырма мың немістер» емес, «екі жүз жиырма мың неміс». Сондай-ақ, «төрт-бес кісілер», «қырық-елу кісілер» емес, «төрт-бес кісі», «қырық-елу кісі»; мың қой, жүз жылқы, отыз сиыр, ондаған құрылыс, жүздеген завод-фабрика, тағы осы ретпен.

«Бір қайғы мың қайғыны қозғайды» деген. Тіл төңірегінде уайым көп. Мен қазақ тілінің қолданыс аясы, бүгінгі мен болашағы туралы қам жемеймін. Бұрын да талай айтқам, жазғам. Бір заманда қазақ әлемдегі ең үлкен отыз халықтың бірі болды дедік. Совет кезеңінде тікелей геноцидке ұшырады, әдейі ұйымдас-тырылған аштықтан қырылды, айдалды, атылды, жер ауды, алпауыт жат жұрттар арасындағы еріксіз майданға түсті, өз жерінде қуғынға ұшырап, қорлық күн кешті. Алайда, Қазақ-Ата осы сұмдықтың бәрінен аман өтіп, қазіргі де-юре, сөз жүзіндегі болса да тәуелсіз заманға жетті және XX ғасырдың соңғы қырық жылында еселей өсіп, бүгін де ептеп-септеп төңірегін толтырып, әлемдегі саны көп, ең ірі алпыс халықтың қатарына қосылды. Қазір өз қонысындағы жалпы жұрттың кем дегенде жетпіс пайызын құрайды, алдағы он жылдықта жетпіс бес-сексенге иек артуға тиіспіз. Және, маман эксперттердің түйінді пікірі бойынша, өкіметіміз, рас, мүлде басқа бір дабырамен емсеп отырған 2030 жылы – 90 пайыздан асуы анық! Ал жай ғана байбалам емес, үлкен қасірет болып тұрған орыстілділік – уақытша ғана құбылыс. Баяғыда жазғанбыз, бір ауыз орысша білмеген қазақтың немерелері енді қазақ тілінен мүлде мақұрым шықса, бүгінгі орыстілді қазақтың немересі неге қазақша білмеске деп.

Бұл мақала жоғарғы дәрежелі тіл мәдениетінің бір ғана тармағы, онда да шетқакпай мәселе – лексикалық қордың бұзылып, бұрмаланып кеткен жекелеген жағдайларына арналды. Баспасөз бетіндегі, кейбір әдеби нұсқалардағы, шалағайлықтан сауатсыздыққа бейім кілтипан – жекелеген бір сөз, ұғымдардың мүлде басқаша мағна алып бара жатқан мысалдары. Әлдеқалай көзімізге шалынған ерекше сорақы жағдайлар. Бұзылған сөз, теріс, басқаша қолданыла бастаған ұғымдар мен тіркестер. Айта берсең, әңгіменің ұшы-қиырына жетпейсің. Тек қана «кеңес» атауының өзі неге тұрады. Жетпіс жыл бойы «совет» болып еді. Шаласауат, жалған ұлтшылдар мен шалағай жазармандар бір-ақ күнде «кеңес» қылып шығарды. «Кеңес өкіметі». Өз өкіметің екен. Етене жақын, тілге жағымды сөз – туған өкімет. «Хан кеңесі», «билер кеңесі», «ақыл, кеңес», «**Кеңес күйі**». Осының ешқайсының совет өкіметіне қатынасы жоқ еді, енді сол советтің өзін кеңеске теңедік. Кезінде бұл туралы да жеткеріп жазғанбыз. Амалсыздан қайталауға тура келді. Өткен жетпіс жыл бойы, күні бүгінге дейін, арғы, бергі тарихта жер жүзі түгел «совет» деп айтады, жазады. Ағылшын да, неміс пен француз, испан мен итальян –

барлық Еуропа халықтары. Ағылшын, неміс, француз, испан, басқа да әлемдік тілдердің ғұзыры жетпегеннен емес, тарихи-саяси термин болғандықтан. КСРО деген қандай сөлекет. «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы» екен. «Кеңесті» қабылдайық, онда неге «Социалистік», неге «Республика» – «Ортақтастық», немесе «Әлеуметтік», «Қоғамдастық» һәм «Жұмхұрият» емес пе!? Жер жихан қабылдаған, тарихқа енген, әлемдік барлық тілде қолданыста тұрған, үрейлі, қанкешті «КГБ» атауы – жүрекке жақын «МҚК» болып шықты. Тағы соншама сорақы жағдайлар. Айтып түгесе алмайсың. Тәуелсіздіктің кеуде көтеріңкі алғашқы жылдары, баспасөз бетінен алғаш рет «ұжымшар» деген сөзді ұшыратқанда, бұл не болды деп аңырып қалғаным бар. Тәрізі, жаңа заманда жаңадан көтеріліп, жаңаша құрылып жатқан әлдебір қауымдастық шығар деп ойладым. Ізінше, бәлкім, бірталайдан соң «кеңшар» дейтін пәлеге көзім түсті. Сонда ғана шатысқан миымның бар талшықтарын іске қосып, не керемет екенін анықтап едім. «Ұжымшар» – колхоз екен, «ұжымдасқан шаруашылық», «кеңшар» жөні тіпті оңай – «кеңес шаруашылығы!» Даналықтың шегі бар деседі, ал осыған қарама-қарсы мағынадағы ғаламаттың шегі жоқ екен. Бізден бұрынғылар айтқан. Сөйте тұра Бораттың мазағы ұлттық намысымызды қоздырып, жаппай ашу-ыза туғызады. «Кеңеспен», «кеңшармен» тоқтасақ жөн ғой. Күнделікті тұрмыстағы «әптек» пен «ресторанға» дейін қазақшаланды – «дәріхана», «мейрамхана»; «ойынханамыз» тағы бар – «казино». Әлемдік қолданыста жүрген, онсыз жөндем сауатыңыз не, орта мектеп шегінен өте алмайтын ғылыми-техникалық терминдер түгелге жуық «ұлттық патриот», «тіл жанашырларының» қорыс батпағына араласып, өз тілінде оқыған қазақ үшін жоққа сайды. Әзірше сол терминдер қолданылатын «физика», «алгебра», «химия», «математика» дейтін пән атаулары ғана өз орындарында тұр, күні ертең бұлар да «ана тілімізге» қотарылып жатуы ғажап емес, мәселен, «математика» өзінен-өзі сұранып тұр: «есеп», әлде «есеп-қисап», бәлкім, «санамак»; қалғанын қазақшалауға біздің қауқарымыз жетпесе, кейінгілер қисынын табады, мүмкін тауып та қойған шығар.

Бүгінгі «озық заман, егемен елімізге» лайық жаңалықты құбылыстар өз алдына, енді өткен тарих пен әдебиетті түзете бастадық. Мәселен, «Октябрь революциясы» – «Қазан төңкерісі» болып шықты; «төңкерісіміз» түсінікті, орыстардың өзі осылай өзгертіпті – «переворот» – «Октябрьский переворот» – ал «Қазанның» ешбір қисыны жоқ. Айна-қатесіз «Октябрь төңкерісі» болуға тиісті. Саяси, тарихи атау. Ал біздің жаңашыл, санасы жоғары қауым бәрін белінен басып жатыр. Ең соңғы мысал – «1916 жылғы Маусым жарлығы» – бар тарихта «Июнь жарлығы» ғой. Есеп емес. Өтіп кеткен іс, мен күнтізбедегі ай аттарын жаңғырту – оқыс қате болды деп санаймын. Рас, өзім он жылға тақау жерін жерлеп, суын ішкен чех жұрты да бұрнада өз тілдеріне ыңғайлаған екен: январь – леден, апрель – дубен, май – кветен, ноябрь – листопад дегендей. Жалпы, халықаралық терминдерден қашу – өзіне сенімі аз, ұсақ халықтарға тән, кемшілікті санадан туындаған ғадет. Мейлі дейік. Алайда, бұрнағы әдеби нұсқаларда, журналистикада, сол замандағы ресми атау бойынша жазылды ғой. Оң ба, теріс пе, тарихи құжат екені өз алдына, ол кезде ешкім де «Маусым

жарлығы» деп мәймөңкелеп тұрған жоқ, ай аты орыс нұсқасында, өз қалпында өтті. Ең кереметі – осы іспеттес белсенді, жанкешті надандық (орысша «воинствующие невежество») өткендегі мұраларға да зардабын тигізіп жатыр. Совет тұсында жазылған, басылған, таралған мәтіндерге «Қазан төңкерісі» деген түзету жасасақ не болып шықпақ. Бұл да мүмкін екен. Мәселен, Міржақып мақалаларындағы ай аттарын білгір редактордың қалай түзеткенін өз көзіммен көрдім. Мұндай өңдеуге түскен – жалғыз Жақаң ғана болмаса керек. Яғни, XX ғасырдың басы ғана емес, одан соңғы жетпіс жыл бойғы мұра атаулы түгелдей «дұрысталып», жаңартылуы әбден ықтимал. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көр» демекші, кейінгі қаламгерлердің жарасы тіпті оңай. Нақты бір куәлік – мына менің өзімнің бұрынғы-соңғы жазбаларым. Өте көп білетін, азатшыл, ұлтшыл редакторлар, саяси сауаты ғана емес, ұлттық танымы да бізден артық корректорлар сыртымнан, өз қалаулары бойынша, еркін түзеткенін және сол қалпында журналға, кітапқа шыққанын алғаш көргенде құтырып кете жаздадым. Әр жылда әлденеше рет қайталанған жағдай. Әрқайсы бір тауарих. Есіме түссе әлі күнге дегбірімнен айырылам. Сен таңбалаған ақиқат «совет» атаулының жаппай «кеңеске» айналуы тұрыпты, ешқашан ешкім айтпаған «кеңес адамдарына» ұшырысқанда сабыр сақтау қиын. Түзу сөзіңді қисайта бұрап жібергені, күрделі, құрмалас сөйлемдерді бөлшектеп, екпінді, қысқа сөйлемдердің арасын ілмектеп қосып қоятыны, мәнді, мағыналы тыныс белгілерін, ең аяғы жақшаның ашылу, жабылуына дейін жылжытып, сені жақсарту жолында жасалған қыруар еңбекті түгендеп шығу мәнсіз. Өйткені әзірге барсың, тірісің, кейінгі бір басылымдарда қалпына келтірдің, қалғанын түзетіп, оңдап қойдың, әдебиетші, мұрагер балаңа мұқият тапсырдың. Әйткенмен, көңіл алаң. Тіл тазалығы жолындағы күрескер қауым осымен тоқтаса жөн ғой. Ең сұмдығы – бүгінгі тұрыпты, ғұмыр бойы тінтінектеп құраған барлық жазуыңды нендей хикмет күтіп тұр? Жалғыз сен ғана емес, XX ғасырдағы қазақтың озық әдебиеті – Мұхтар Әуезовтен бастап, Ілияс Есенберлинге дейінгі ұлттық мұраң қандай кепке түспек? Мұраны айтасың, бай да бағлан, оралымды, икемді, әсерлі, мағыналы, кенеусіз бай қазақ тілінің өзі қандай қоқысқа толмақ? Жалғыз-ақ алданыш қалды. Дамыған халықтарда «әдеби тіл» және «сөйлеу тілі» дейтін екі бөлек ұғым бар. Бүгінгі күнге дейін қазақта бұл екі тараптың өзара айырымы болмады. Ұлттың тұтастығының, тіл бірлігінің көрінісі. Енді... манағы «туылған» мен «өлінген» және басқа да ғажайып, сілімтік сөздер саржағал басылым, сауатсыз жазармандар үлесіне өтіп, ежелгі жыраулар мен эпос, Абай мен Әуезов, оларға жалғас қазіргі және кейінгі үлгілі әдебиеттің тілі, соншама былыққан ұшан мұхиттағы шалғай арал есебінде болса да, әуелгі саф таза қалпында сақталып қала ма деген үміт қана көңіл жұбатады. Әзірше «туылғандардың» екпіні тым қатты, қазақ руханиятының төрт бұрышын түгел басып барады және жуық заманда «өлінетін» түрі байқалмайды. Әйтсе де, «Үмітсіз – шайтан», алдамшы емес, ақиқат болашақ деп сенейік. Тас та уатылады, тау да құлайды. «Туылған» рас болса, «өліну» де күмәнсіз. Өз еркі, өз бетімен «өлінбейді», азды-көпті білігі

бар жалпы жұрт жаппай жұмылып, жардан құлатып жібермесе. Ертеңнен озып, арғы күндерден бастап, ақыр түбінде.

Дегенмен, адам да, қоғам да ең әуелі бүгінгі күн аясында ғұмыр кешеді ғой. Тіл бұзарлықтан құтылудың, шын мәнісіндегі, тым құрса орташа сауатқа жетудің қандай жолдары бар? Оқу, білім, үйрену, тағы тағылар деп бас ауыртпайын. Ең оңай жолын айтайын. Орысша «Толковый словарь», қазақша «Түсіндірме сөздік» деген бар. Бір томдық және көп томдық. Біздегі бір томдық мен елде жүргенде, 1999 жылы басылып шықты. Сарапшы ғана емес, жартылай редактор ретінде қолжазба нұсқаның толымды бір бөлігін қадағалап, пікір, кеңес айтуға тартылып едім, менімен қатар белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділов, тәжірибелі аудармашы Нияз Сыздықов қатынасқан. Тіл білімі институты дайындаған еді. Қазақ тілінің біршама толымды тізбегі – 50 мың сөз қамтылыпты. Ойдан құралмаған, қазақ әдебиеті нұсқаларынан айғақты мысалдар негізінде. Қайырсыз «қайманадан» бастап, бірталай сөздің дәлме-дәл, нақты мағынасын оп-оңай табасыз. Бұдан гөрі күрделірек және артық сенімді – он томдық «Түсіндірме сөздік» және бар. 1970–1980 жылдарда шыққан. Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының Сөздік бөлімінің тура ширек ғасырлық тыңғылықты, бажайлы жұмысының нәтижесі. Қазақ лингвистикасының үлкен маманы, ана тілінің білгірі академик Ақмәди Ысқақовтың басшылығымен жүзеге асырылған. Кез келген атау сөздің нақты анықтамасы мен соған сәйкес бірнеше мысал – белгілі әдеби нұсқалардан алынған дәйекті және әрқилы қолданыс айғақтап көрсетіледі. Бұл он томдық кейінгі бір жылдарда толығып, қайыра басылыпты деп естимін. Рас болар. Негізінен осы көптомдыққа жүгінген жөн. Ол қолға түспесе, манағы бір томдық тұр. Бәлкім, ол да жаңадан басылған шығар. Мүмкіндігінше, дүниеден үмітті әрбір жазарманның қолында тұрса артық емес.

Мен өзім Шыңғыстау, Сары-Арқа – алаштың ежелгі лұғатының қаймағы бұзылмаған қалың ортасында туып, өстім, көз ашқан кезімнен, ескілікті ертегі, аңыз, көне эпос, қисса-хикаят үлгілерін тындап, зердеме құйып, өспірім шағымда халық әдебиеті нұсқаларын, бұрынғы-соңғы елеулі жазушылар шығармаларын мұқият оқу, ақыр түбінде Түрік қағанаты заманынан басталатын қадыми мұраларды игеру, Шағатай әдебиетінің ұлағатын байыптау, бұрнағы ақын, жыраулар шығармаларын зерттеу, Ғылым Академиясының архивіндегі қолжазба ескерткіштерді қарастыру, тіпті, туыстас татар, қырғыз, ноғай, қарақалпақ әдебиетіне үңілу – тынымсыз, табанды ізденіс нәтижесінде, ана тілім – қазақ тілін мүмкін болған ең жоғарғы шегінде біліп шықтым деп ойлаймын, соған қарамастан, күні бүгінге дейін, әлденендей күмән туған, тіпті, анықтай, жеткере түскім келген жағдайда осы «Түсіндірме», және де «Аймақтық» һәм «Синонимдер», Абай мен «Абай жолы» сөздіктеріне жүгініп отыратыным бар. Қанша жетіктім десең де, қисапсыз бай туған тіліңнің қадір-қасиетін тани түсесің, барыңа сенімің артады. Қашанда білместік – ең үлкен айып емес, білуге ұмтылмау айып. Манадан бері біз санамалап өткен жаңсақ қолданыстар – түзетілуі оп-оңай кінәрат еді, аз-маз талап қылса. Амал жоқ,



көпе-көрнеу жағдаяттар төңірегінде осыншама таусылып сөйлеуге мәжбүр болдық

**Америка Құрама Штаттарынан.  
Көкек, 2016 ж.**

### **«Қатын» мен «әйелдің» айырмашылығы неде?**

Мынаны ескерте кетемін: қатын — қазіргі қазақ тілінде архаизмге айналған ұғым, ол әуелгі заңдық құқы мен мағынасы бойынша — дәрежелік атау. Отағасынан кейінгі заңды билік иесі, жерге мұрагерлік ететін, мүлік пен малдың еншілесі, сыбаға басы.

Қазақ қоғамындағы қатындар — иерархиялық (әулеттік) орнына қарай: бәйбіше, тоқал, құдағи, құдаша, келін, қыз, абысын, ажын, жеңге, сондай-ақ өзі теңдес еркектермен тең құқықта — нағашы, жиен, бөле ретінде әрқайсысы өз орнына қарай билікке араласып, енші алып, тиісті сыбағасын бөліскен. Тіпті күннің де мұрагерлік құқы болған.

Ал бүгінгі әдеби тіл айналымындағы әйел ұғымының араб тіліндегі мағынасы — күңсі, яғни күннен де төмен, бас еркі жоқ, өлсе — құнсыз, еңбегіне жалақы төленбейтін, туған баласы да есепке алынбайтын басыбайлы үй салмасы. Кеңестік теңгерме саясат тұсында сауаты төмен ортадан төмен, тәрбие мен әдеп сіңбеген белсенді қазақ әйелдері: «біз меншік иесі — қатын емеспіз, мал-мүліксізбіз, басыбайлы крестьянкалар сияқты біз де әйелдерміз» деп таптық астар беріп, 1927 жылдан бастап шыққан журналдың атын «Әйел теңдігі» (кейінгі «Қазақстан әйелдері») деп атады.

Содан бастап «әйел» ұғымы жазба әдеби тілдік термин ретінде қалыптасып қалды. Ал өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, ноғай, қарақалпақтар «әйел» терминінен саналы түрде бас тартты.

Әйелдерге арналған басылымдар «Өзбекстан қатын-қызлары», «Татарстан қатынлары» деп аталды. Біз, негізгі әфсана арқауының мақсатына сәйкес, олардың тақ билігіне иелік ететін заңды құқын, билік аясын, мұрагерлік еншісін анықтайтын дәрежелік мағына беретін «қатын» атауын қолдандық. Әйтпесе, олардың «қатындық» рухын әйелге дейін төмендетсек, онда империяның тұтқасын ұстаған, құрылтайдың шешімі арқылы «қатын» (императрица) дәрежесі берілген Теркен қатынды, Өгіл-қаймыш қатынды, Сорқақ қатынды, Шәби қатынды, Мандухай қатынды, Тайдулла қатынды «күн» есебінде кемсіткен сияқты көрінер едік. Мұндай мағынасы теріс түсінік беретін ұғымдар әр тілде кездеседі. Сондай-ақ, осы әфсанада кездесетін «алтын ұрық», «кекті жатыр», «кекті қатындар», «ұлы жесірлер», «күндестер» т.б. тырнақшаға алынған сездердің тарихи термин екенін ескертіп, жатсынбай қабылдауды өтінеміз.

Ал сөзіміз сенімді шығуы үшін «Хатун — титул представительницы ханского рода. Им обладали даже те дочери ханов, которые состояли в браке с представителями менее знатных семейств. Супруги ханов из числа дочерей беков не имели права на этот титул и назывались обычно уджин (фуджин) или беки (бегім — Т.Ж.), впрочем, в летописной традиций их также могли называть хатун, несколько повышая их статус», — деген орыс ғалымдары Р.Ю. Почекаев пен И.Н. Почекаеваның пікірін түпнұсқа бойынша келтіруді орынды санадық.

**Тұрсын Жұртбай.**

### **Алғашқы оқу орындары**

**Автор: Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН.**

Қазақстанда VII ғасырда-ақ жұмыс істеген.

Бұрын қазақтар Кеңес өкіметіне дейін сауатсыз болған халық саналып, еліміздің сауатын ашқан большевиктер (коммунистер) партиясы деп насихатталды. Медреседе білім алып, Шығыс классиктерінің әдебиетін, жағырапия, астрономия, пәлсапа пәндерін оқыған, бар ғылым мен мәдениеттің бастауы – Құран Кәріммен танысқан, сүре, аяттарын жатқа айтқан, жұлдыз жорамалдар жасаған, таңғажайып кесене, мешіттер салған, сан алуан ою-

өрнектерді ойлап тапқан, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Абай Құнанбайұлы тәрізді ғұламаларды өмірге әкелген қазақ халқы Октябрь революциясына дейін сауатсыз, қараңғы болды деп айту да, жазу да ұлтымызды қасақана кемсітушілік еді.

Ғылыми зерттеу деректері бойынша Қазақстанда, әсіресе отырықшы өңірлерінде орта ғасырлардың орта кезеңдерінде-ақ – VII–VIII ғасырларда мұсылманша бастауыш оқу орны, медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істеген. «Сен білесің бе?» энциклопедиясының түсіндіруінше, «Көне замандағы медреселер қазіргі университеттердің дәрежесінде болған. Әуелі Құранның түсініктемесін оқып, екі жыл бойы жүзден астам сүремен танысқан да, жағырапия, астрономия, пәлсапа пәндерінен дәріс алған. Отырар, Самарқанд, Бұхара медреселерінде Аристотельдің, Платонның, Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармаларын оқытушылардың көбісі өз өмірін білімге арнаған ғұламалар болған».

Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар т. б. қалалардағы медреселер саны 84-ке жетіп, бұларда 5 мыңға жуық шәкірттердің білім алғандығы жөнінде деректер бар. Мұсылмандық бастауыш оқу орыны – мектептер еліміздің түкпір-түкпіріндегі ауылдарда ашылып, татар, башқұрт, қазақ молдалары сабақ берді. Оқыту ақысы халықтан жыйналды. Балалар қыс, күз айларында – жылына 4–6 ай ғана оқып, білім алды. Оқуға жеті жастан бастап қабылданып, олар 9 жастағы балалармен де бірге сауаттарын ашты. Медреселердегі ұстаздар мен муддаристер араб, парсы дүниесі мен ғылымынан, мәдениетінен мол хабардар жандар болып, көршілес елдердегі мұсылмандардың діни білім ошақтарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Қазақ еліндегі алғашқы оқу орындарына Таяу және Орта Шығыс елдерінен де саяхатшы, жиһангерлер, ғылым, білім өкілдері келіп, олар да дәріс өткізді. Қазақтардың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары Шаш, Бұхара, Самарқанд, Мерв, Термез, одан арғы Тегран, Исфиһан, Шираз, оның арғы жағындағы Каир, Бағдад, Басра, Дамаскіге дейін барып, мұндағы білім ошақтарынан тағылым, білім алды. Сырдың оңтүстігіндегі Хорезм елімен де ғылыми, мәдени байланыс жасады.

Мұсылмандық бастауыш мектептер мен медреселерде сауат ашу араб хариітері мен сөздерін жаттаудан, құранның араб тіліндегі мәтінін жатқа айтудан бастау алды. Шаһарлардағы медреселерде ауылдық жерлердегі оқу орындарының молдалары, қазилар, діндар сопылар, шариғат заңдары мен шарттарын түсіндіретін жоғары лауазымды дін қызметшілері дайындалды. Ауыл, қалалардағы бастауыш мұсылман мектептері Ислам діні мен рәсімдерін таратушы, халықтың ірі мәдениет орталығы болды. Орта ғасырлардағы Отырар медресесінде Шығыс Аристотелі, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби, білім алса, беріректе Уфадағы «Ғалия» медресесінде Т. Жомартбаев, М. Сералин, Б. Майлин, М. Жұмабаев, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай Құнанбаев оқып, Ислам дінін уағыздайтын пәндерден басқа заңтану, тарих, логика, риторика, география, философия, математика, астрономия, медицина, т. б. зайырлы пәндерден дәрістер тындады. Әлгіндей медреселердің жанында кітапханалар жұмыс істеп, оқуды тамамдаған шәкірттерге ресми құжаттар табыс етілді. Тек ауылдық жерлерде жыл аяғында емтихан тапсыру, мектепті бітіргені үшін балаға ресми куәліктер беру тәртібі толық сақталмады.

Жазба деректерде Қазақстанның оңтүстік өлкесі Хорезмшақ сұлтандары билігінде болғансын да (XI–XII ғ. ғ.) медреселерге муддаристерді олардың өз өкімдерімен тағайындайтыны айтылады. Оған нақты дәлел, Ер Арыслан 1162 жылдары Хақан Әбу-л Мұзаффар Тамғаш Боғрахан Ибраһим ибн Сүлейменге оның тікелей атқаратын міндеттеріне қоса Түркістан медреселеріне муддаристерді де тағайындауды жүктеп, муддаристер имам-хатыб қызметін де атқарыпты.

Киіз үйлерде оқытатын мұсылман мектептері ауылдармен бірге жайлау, күздік, қыстаққа көшіп-қонып сабақ өткізді. Қалада бай саудагерлердің қоржысына салынған медреселер арнаулы үйлерде орналасып, мұнда оқу жоспары, бағдарламалары, тұрақты сабақ кестелері болған жоқ. Оқу ақысы заттай да төленді. Өкінішке орай, орта ғасырлардағы түрлі жаугершілік, феодалдық соғыстар қалалар мен бірге мұндағы мәдениет ошақтарын, медресе, мектептерді де қиратып, құртты. Содан медреселер XIX ғасырда барып қайтадан жандана

бастады, XIX ғасырдың екінші жартысында олардың саны өсе түсті. Түркістан түбіндегі бір ғана Қарнақ шаһарында 4 медресе бой көтерді. Онда Шәді төре Жәңгіров (1855–1933) тәрзіді қазақтың тарихи тұлғалары оқып, білім нәрімен сусындады. Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы Мутыгия медресесінде татардың белгілі ақыны Ғабдолла Тоқай (1886–1913), Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай оқыды. Абай білім алған 3 жылдың ішінде мұсылман шығыс тілдерінен тағылым алды, Шығыс классиктерінің шығармаларымен танысты.

Қазақстан Ресейдің құрамына кіргеннен кейін елде империяның әкімшілік жүйесі енгізілді де, жергілікті басқару буындарында қызмет істейтін шенеуніктер мен тілмаштарды даярлайтын орыс-қазақ және орыс-тузем мектептерін ашу қажеттілігі туды да, 1789 жылы Омбыда «Азиялық училище» ашылды. Оған қазақ балалары да қабылданып, 1841 жылы Бокей Ордасында Жәңгір хан қазақ балалары үшін орыс мектеп-пансионатын ұйымдастырды. 1825 жылы Орынбордағы татар мектебі негізінде Неплюев кадет училищесі (1844 жылдан кадет корпусы), 1846 жылы Сібір қазақ-орыс әскери училищесі негізінде Омбы кадет корпусы өмірге келді. Бұл оқу орындарын қазақтың алғашқы зиялылары Шоқан Уәлиханов, Садық Бабажанов, Халиолла Өскенбаев, т. б. оқып бітірді. 1850 жылы Орынбордың Шекара комиссиясы жанына қазақ балалары үшін жеті жылдық мектеп ірге көтерді. Осы мектептің түлегі қазақтың демократ-ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің басшылығымен 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда тұңғыш қазақ мектебі және оның жанынан интернат ашылды. Ол Я. А. Коменский, К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой тәрзіді педагогика классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алды, бұл идея Ыбырай Алтынсариннің басқа да мектептерінің оқу жүйесіне енгізілді. Ұлы ұстаздың «Қазақ хрестоматиясы» (1879), «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1880) атты оқулықтары осы идеяға негізделген шынайы демократиялық бағыттағы еңбектер болып саналады.

Жасыратыны жоқ, Ыбырай Алтынсарин жаттамалы діни оқудан бас тартып, өзі ашқан қазақ-орыс мектептерінде басқа да ғылымдармен қоса дін тарихын оқытты. «Мұсылмандық шарттары» атты оқулық жазды. Бұл шығармасында Ыбырай Алтынсарин діннің имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін шарттарын оқушыларға түсіндіруге айрықша мән берді. 1879–89 жылдары Торғай облыстық халық ағарту училищелерінің инспекторы қызметін атқара жүріп, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін, 1888 жылы Орскіде мұғалімдер мектебін ашып, қазақ даласында оқу-ағарту жұмыстарының өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

Қазақ зиялылары XIX ғасырдың соңында есік ашқан Троицкідегі Расулия, 1891 жылы алғашқы шәкірттерін қабылдаған Орынбордағы Хусаиния және 1910 жылдан бастап жұмыс істеген осы қаладағы «Бағбұстан» медреселерінде де білімдерін жетілдірді. «Бағбұстан ханым» қыздар медресесінде көптеген татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек қыздары білім алды. XX ғасырдың басында Қызылордадағы Қалжанахун (1902), Талдықорған аймағындағы Мамания (1905), Алматы өңіріндегі Қорам (1910–1911), Тараздағы Әбдіқадыр (1912) медреселері қазақ балаларының діни сауатын ашып қана қоймай, ағартушылық та қызмет атқарды.

Бертінде Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына айрықша көңіл бөліп, ол бастаған бір топ қазақ зиялысы 1905 жылғы 26 маусымда Қарқаралы қазақтарының атынан Ресей министрлер Кеңесінің төрағасына петиция жолдады. Мұнда мынандай талаптар қойылды: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін». Ахмет Байтұрсынов 1892 жылы қазанда «Букварь для киргизов» деген оқу құралын баспадан шығарып, кейін ол 7 рет баспадан қайта жарық көріп, 1925 жылға дейін қазақ мектептерінің негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылды. Ол 1912 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет әліппе құралын жазып шығарды.

#### **Атақты медреселер**

Діни орта білім беретін оқу орны – медреселердің тарихы елімізде VII–VIII ғасырдан бастау алады. Оның ішіндегі оқу бөлімшелері **құжыра, кархана, дәрісхана** деп аталады.

Медреседә дәріс беретіндер: «абыз» (хафиз), «ахун», «молда», «хазірет», одан жоғарғысы – мударис (оқытушы, ұстаз). Оқушылар «шәкірт», «талиб әл-илм» (ғылым ізденуші). Білім беру дәрежесіне қарай медреселер төрт басқышқа бөлінеді:

**1. Бастауыш медресе.** Оны ибтидая (бастауыш) деп атайды. Оқу мерзімі – 4 жыл.

**2. Рушдия.** Оқу мерзімі – 3 жыл.

**3. Игдадия.** Жоғары оқуға дайындық. Оқу мерзімі – 3 жыл.

**4. Ғалия.** Жоғары білім беретін медресе. Оқу мерзімі – 3 жыл. Ғалияны бітірген шәкіртке «абыз», «молда», «халфе» немесе «мударис» деген атақ беріледі. Медреселерде жалпы оқу мерзімі 12–13 жылға дейін де созылады.

**Медреседә оқылатын пәндер:** арабшалық (лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, құранды оқу-игеру әдісі, ғұламалар бахасы); дін үйрену заңнама (құранды, оның аяттарын, хадис (терді) талдау, фикһ, заң негіздері); фәлсафа (логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану негіздері, ой талдау фәлсафасы).

1894 жылы Торғай облысында 59 медресе болып, мұнда 457 бала оқыды, 1896 жылы Ақмола облысында 13 медресе болып, мұнда 970 бала оқыды, Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе жұмыс істеді.

**Ахмет Риза медресесі.** ХХ ғасырда Семей қаласында философия мен шығыс әдебиетінің ғұламасы Ахмет Риза ашқан оқу орны. Шәкірттер діни сабақтардан, шығыстың классик ақындарының шығармаларынан, араб, парсы тілдерінен, арифметика, география, тарих пәндерінен дәріс алды.

1993 жылы ҚР министрлер кеңесінің шешімімен және Мәдениет министрлігінің арнайы хатымен қалалық Абай мұражайы кешенінің құрамына енгізілді.

**«Ғалия» медресесі.** Мұсылмандардың жоғары діни оқу орны 1872 жылы Башқортостанның Уфа қаласында ашылды. Ұйымдастырушысы әрі директоры – түркі зиялысы Зия Камали. «Ғалия» арабша – «ұлы», «мәртебелі» деген мағынаға ие.

Дін сабақтары, араб, парсы, түрік тілдері, исламдық құқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, ХХ ғасырдың оныншы жылдарынан төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география, т. б. жаратылыстану ғылымдары, орыс тілі мен әдебиеті оқытылды. 1911 жылы осындағы қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» деген қазақша оқулық жарық көрді, олар 1913–14 жылдары «Садақ» атты қолжазба журналды да шығарып тұрды. Солардың бірі Б. Майлин еді. Әлгі қазақ жастары 1400 сомның қазақ кітаптарын жарыққа шығарды.

**Айғаным медресесі.** Сырымбеттегі Айғаным ханымның мекен-жайына 1834 жылы мешітпен бірге салынды. Аумағы 200 шаршы метрден астам. Әрқайсына 20 шәкірттен сиятын 5 бөлмесі болды. Дін оқуына, мұсылманша хат тануға сол маңайдағы жас балалар көп тартылды. Осында Шоқан Уәлиханов мұсылманша алғаш сауатын ашты. Көзі ашық інілері Жақын, Махмет, Қозыке, Қоқышта әлгі медреседә оқыды.

**«Бағбұстан ханым» – қыздар медресесі.** Орынборда Бағбұстан Момынованың ұйымдастыруымен 1910 жылы ашылды. 10 жылда 1212 шәкірт оқып, оның ішінде 344 мұғалім даярланды. Қыздар медресесінің ғылыми жұмыстарына физика мен табиғаттану пәндерін Ғұбайдолла Рдуди оқулық жазды.

**«Құсаиния» медресесі.** Орынбор қаласында ресми түрде 1891 жылы ағайынды Ахмед, Ғани және Махмуд Құсайыновтардың қаржысына ашылған оқу орны. Жоғары дәрежелі. 10 жылға есептелген бастапқы оқу бағдарламасында дүнияуи пәндер басым болып, кейін діни пәндер күшейтілді. Оқу бағдарламасы 14 жылға созылып, алғашқы 3 сыныбы – бастауыш ибтидай, кейінгі 4 сыныбы – орта рушди, сонан кейінгі 4 сынып – жоғары дәрежелі білім алуға әзірлейтін игдадия, соңғы 3 жылы – жоғары ғалия бөлімі болды. Орта есеппен 120–130 шәкірт білім алды.

**«Мамания» мектебі.** Алматы облысы, Ақсу ауданының Қарағаш деген жерінде ХХ ғасырдың басында жұмыс істеді. Мектепті ашқандар: атақты бай Маман мен балалары Тұрысбек, Сейтбаттал және Есенқұл қажылар. Құрылысы 1899–1904 жылдар аралығында салынып біткен, орыс тілі 4 сыныптан бастап жеке пән ретінде оқытылды.

**Бөкей ордасындағы мектеп.** 184 жылғы 6 желтоқсанда Жәңгір ханның бастамасымен тұңғыш рет Орда қаласында ұйымдастырылды, бұл орысша-қазақша мектеп еді. 1868 жылы Бөкей ордасының 7 әкімшілік-аумақтық бөлігінде: Қамыс-Самар, Талов, Нарын, Қалмақ, Тарғын және 1, 2-і Теңіз жағалауы аймақтарында да бастауыш мектептер жұмыс істеді. 1879/80 оқу жылында Жәңгір мектебі 2 сыныптық училищеге айналды. 1893 жылы Қанішкенде (Ганюшкин) 2 сыныптық училище, 1895 жылы Хұсна Жамал Нұрлыханованың қазақ қыздарына арналған жеке мектебі ашылды. 1899 жылы қыркүйекте Ордада бастауыш білім беретін орыс мектебі бой көтерді. 1911 жылы Бөкей ордасы аумағында бір 4 кластық қалалық училище, оның жанында педкурс, төрт 2 класстық (біреуі қыздарға арналған), отыз бес бастауыш мектеп (29 – ер балаларға, 6 – қыздарға арналған), екі діни мектеп жұмыс істеп тұрды.

### Тарихта тұңғыш рет

Қазақ халқында ең алғашқы болып жоғары атақ алғандар, ең жоғарғы табысқа ие болғандар, ұлы істердің негізін салғандар:

1. Қазақ хандығын құрған Керей Болатұлы мен Жәнібек Барақұлы.
2. Дала данагөйі Асан Қайғы (Хасан Сәбитұлы) - XIV-XV ғ.
3. Шипагер-ғалым Өтебойдақ Тілеуқабылұлы (1397-1492).
4. «Қасым ханның қасқа жолын» жасаған Қасым хан (1445-1520).
6. 1723 жылы Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте үш жүздің бас қолбасшысы болған Әбілқайыр хан (1693-1748).
7. Ғылыми-этнографиялық еңбегі үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалін алған Мұхаммед-Салық Бабажанов (1833-1875).
8. Алғашқылардың бірі болып Меккеге қажылық сапарға барған уақ Нүркен бай (Нүркей деп те жазылып жүр) - 1830 ж. шамасы.
9. 7 рет қажылыққа барған Әлібек хакім (Қалибек Рахымбекұлы (1908-1985).
10. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин (1841-1889).
11. Жазба әдебиетінің негізін салушы, данышпан, ойшыл Абай Құнанбаев (1845-1904).
12. Қазақ тілінде газет шығарған («Түркістан уәлаятының газеті» - 1870-1882) Шаһмардан Ибрагимов.
13. Қазақ тілінде журнал шығарған («Айқап» - 1911-1915) Мұхаммеджан Сералин (1871-1929).
14. Қазақ қыздары ішінде ең алғаш дастан жазған (14 жасында) Алмажан Азаматқызы (1823 ж. туған).
15. Құқық магистрі атағын алған, Санкт-Петербург университетін 1902 жылы бітірген Жақып Ақбаев (1873-1934).
16. Дүниежүзі чемпионы атағын алған Қажымұхан Мұңайтпасұлы (1871-1948).
17. Құранды (татар тіліне) аударған қазақ (1912) Мұса Бегеев.
18. Қазақ даласындағы жер асты кенін тауып, көзін ашқан Қосым Пішенбаев (1844-1932).
19. Қазақ әліппесін (төте жазу) жасағын және алғаш рет «Оқу құралын» (1912) жазған Ахмет Байтұрсынұлы.
20. Роман жазған («Бақытсыз Жамал», - 1910) Міржақып Дулатов.
21. Эпопея жазған («Абай жолы») Мұхтар Әуезов (1897-1961).
22. Шетелде (Париж, 1925) қазақ әнін орындап, күміс жүлде алған әнші Әміре Қашаубаев.
23. Дүниежүзін аралап шыққан қазақ саяхатшысы Әліби Жангелдин (1884-1953).
24. Ресейдің Мемлекеттік думасына екі рет депутат болып, орыс парламентінде бірінші сөз сөйлеген Ахмет Бірімжанов (1870-1927).
25. Аспан денелеріне есімі берілген ғұлама Қаныш Сәтбаев (1899-1964).
26. Дүниежүзінде тары өсіруден рекорд жасаған (1943) Шығанақ Берсиев (1881-1944).

27. Социалистік Еңбек Ері атағын үш рет алған Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев (1912-1993).

28. Әлемде өсімдік клеткасы информсомасын ашқан академик, биолог Мұрат Әбенұлы Айтқожан (1939-1987).

29. Олимпиада чемпионы атанған (Мәскеу, 1980) палуан Жақсылық Үшкемпіров.

30. Армия генералы, №1 «Халық қаһарманы» атағын алған (1994) Сағадат Нұрмағамбетов (1924 ж. туған).

### **Қазақтың тілі мен тарихы – ұлттың алтын қазығы**

#### **Қоғамдық талқылау**

Алтын өзек – ана тіліміз, темірқазық – төл тарихымыз. Мұның қаншалықты маңызды екенін көзіқарақты қауым терең сезінеді. Орта білім жүйесіне күшпен таңылғалы жатқан үштілділікке жан-жүрегімен шырқырап тұрып қарсы шығып жатқан да – қарапайым халық. Қалың елдің мақсат-мұратын, сол талап-тілегін жоғарыға жеткізу мақсатында «Жас Алаш» газеті Болатхан Тайжан атындағы қоғамдық қормен бірлесе отырып, осы мәселе төңірегінде қоғамдық талдау ұйымдастырды. Қоғамдық талқылауда айтылған ой-пікірден үзінді.

#### **Асқар Жұмаділдаев, академик:**

– Осы кеше ғана бір ғылыми жиналыс болды. Сол жиналыста мен бір сағаттық баяндама жасадым. Баяндаманың тақырыбы: «Математиканы қазақ тілінде оқытуға бола ма, болмай ма?». «Бұл қандай ақымақ сұрақ» деп ойлап отырған боларсыздар. Бірақ өкінішке қарай, ХІХ ғасырдың басында осы сұрақ нағыз ғылыми талқылауға түсті. Ойымды қысқаша айтып көрейін.

Тіл, негізінен, 5 функцияны атқаруы керек. 1. Отбасы, ошақ қасы; 2. Бизнес; 3. Саясат; 4. Экономика; 5. Ғылым мен технология. Адамның 12 мүшесі бар дейтін болсақ сол 12 мүшенің бәрі жұмыс істеуі керек. Егер әрине, Алла тағала бір жерін кем қылып жаратпаса. Сол секілді, тіл де толыққанды болуы үшін 5 функцияның бәрі орындалуы керек. Қазір тіл бір-ақ функцияны орындайды. Қазақта мықты поэзия, мықты әдебиет бар. Оған ешкімнің дауы жоқ. Ал басқа жағында ештеңе де жоқ. Менің ойымша, біздің саясат былай болуы керек. Сіз көмектеспей-ақ қойыңыз, бірақ ең болмағанда, кедергі жасаманыз. Қазақ мектептері жақсы болсын, жаман болсын, әйтеуір соңғы кездері дамып келеді. Министр айтады: «қазақ мектептеріндегі балалардың білімі төмен» деп. Бос сөз! Кешегі ҰБТ тапсырғандарды алып қарасаңыз, соның шамамен 90 пайызы, «Болашақпен» оқып жатқан балалардың, құдай біледі, 80 пайызы – қазақ мектебін бітірген балалар. Бізде қазіргі кезде мектепте қазақша оқыту методикасы қалыптасты. Қазақ тілінде бастауыш мектепке де, орта мектепке де жететін лайықты тіл бар. Біз әдетте қазақтың тілін «бай» дейміз. Ал егер орта мектепке жарамаса, ол байлықтың не керегі бар бізге? Министрліктің өкілі: «Тарихты қазақ тілінде оқитын болдық» деп жетістік ретінде көрсетіп отыр. Жетістік емес, бұл – күлкілі нәрсе! Бүкіл ғылым: тарих та, биология да, химия да, физика да, математика да ана тілінде өтуі керек.

Біздің Конституцияда: «Бастауыш және орта білім беру – мемлекеттің міндеті» деп жазылған. Егер сіз балаңызды мектепке бермесеніз, сізді ол үшін жазалауға мемлекеттің құқы бар. Конституцияда: «Кез келген қазақтың азаматы өз тілінде ақпарат алуға құқы бар» деген тағы бір бап бар. Оқу деген не? Білім беру деген не? Білім – ақпараттың көкесі! Оқу деген – ақпарат алу деген сөз. Демек сіз баланы ақпарат алу құқынан айырайын деп отырсыз. Бұл – бүкіл бір халықтың адам құқын бұзу деген сөз.

Біз 30 елдің, 50 елдің қатарына қосыламыз деп армандаймыз. Бірақ оған қосылудың қандай өлшемі бар? 30 елдің ішінде тек Сингапур мен Малайзияда ғана осы әдіске көшкен. Олар 10-сыныптан бастап математиканы ағылшын тілінде оқытады. Бірақ малайларда жөнді математик жоқ. Ал қазақта математиктер бар. Жақсы мұғалімдер де жетіп артылады. Бәрі табиғи ағыспен келе жатыр. Біз неге оның алдына бөгет қоюымыз керек? Көмектеспесе, көмектеспесін. Тек осы табиғи процеске кедергі жасамаса, министрліктің ең мықтылығы сонда болар еді. Егер ағылшын тілін шын мәнінде көтерем десе, оның жолы оңай.

Қазақстандағы мен білетін екі мықты мектеп: физика-математика мектебі және қазақ-түрік лицейлері. Халықаралық деңгейдегі бүкіл олимпиадаларда озатындар тек қана осы екі мектептен шығады. Қазақ-түрік лицейлері барлық облыс орталықтарында бар. Сіз енді оны аудандардан ашыңыз. Егер біреу баласын ағылшын тілінде оқытамын деп жатса, соған берсін. Тіпті қа-зақтың 99 пайызы ағылшын тіліне өтіп кетіп, тек 1 пайызы ғана қалса да, бәрібір сол халықтың құқы сақталуы тиіс. Қазақстанда қазақ тілінде оқыту жүйесі қалуы керек. Өйткені, ол – адамның құқы.

«Қазақтың ауылда өскен баласы ағылшын тілін білмей қалады, шетелге бара алмайды» деген нәрсе маған күлкілі көрінеді. Сонда біз не үшін оқытамыз? Шетелге бару үшін оқытамыз ба? 100 пайыз баланың шетелге көп болса, 5 пайызы кетеді. Жарайды, 10, 11 пайызы кетсін, бірақ бәрібір 100 пайызы кетпейді. Шаңырақтың иесі болып, біреулер осында қалады. Біз солардың құқын бұзбауымыз керек.

Жапонияны алып қараңыз. Мысалы, әліппені жұрт жарты-ақ жыл оқиды. Ал жапондар әліппесін он жыл оқиды. Өйткені олардың әрпі 5 мың ба, 10 мың ба, оны жаттау мүмкін емес. Сондықтан олардың ғұламалары алғашқы кезде «біз де 30 шақты әріп ойлап табайық. Әліпбиімізді өзгертейік. Сөйтіп, дүниежүзі сияқты кітаптың бәрін ағылшынша жазайық» деген. Бірақ ойлана келе: «Рас, біз бұдан қысқа уақытта ұтуымыз мүмкін. Бірақ түбінде ұтыламыз» деп, екі мың жылдан бері келе жатқан иероглифтерін, бұрынғы оқыту жүйесін қалдырған. Қазір Жапонияның бастауыш және орта мектебі сабақты тек қана ана тілінде өтеді. Ал жоғары мектеп – университет ағылшын тілінде болуы мүмкін. Оған ешқандай кедергі жоқ. Кореяда да кезінде 9-сыныптан бастап ағылшыншаға көшуге талпыныс болған. Бірақ кейіннен бас тартты. Қате екенін түсінді. Не болмаса Израильді алып қараңыз. Әлемдегі ең ақылды халық – еврейлер. Бүкіл Нобель сыйлығы лауреаттарының жартысының жартысы – солар. Ал Израильде барлық оқыту өзінің ана тілінде өтеді. Бірақ бұл – «олар бірденеден кем қалды» деген сөз емес.

Ағылшын тілі – тек байланыс құралы. Оны үйрену қиын емес. Математиканы үйрену қиын. Қазаққа ең керегі – математика, химия, физика. Сондықтан «тарихты қазақша оқытатын болдық» деп қуанудың қажеті жоқ. «Математика, физика, химияны ана тілімізде оқытатын жағдайға жеттік» деп қуануымыз керек.

Кеңестік оқу жүйесі жақсы болатын. Қайтадан сол жүйеге оралуымыз керек. Қазір «Кембридж» дейді, «Оксфорд» дейді. «Артында кім тұр?» деп қарасаң, бос сөз бәрі де! Өйткені есеп шығара алмайды олар! Егер бізде оқу міндетті болса, Америкада ол міндетті емес. Сондықтан оқулықтың бәрін оңайлатып қойған. Біздікілер қазір «Математика, физика, химия деген жалпы ғылым болмайды. Оның бәрін біріктіріп, ботқа жасаймыз», – дейді. Шетелде ондай оқулықтар бар. Бірақ ол оқу үлгерімі нашар, жалқау, оқығысы келмейтін адамдарға арналған. Ал біздің қазақтың оқуға деген ынтасы өте жоғары. Соған кедергі жасамай, керісінше дамытса, дұрыс болар еді.

Ағылшын тілінің керек екенінде дау жоқ. Рас, ол – ғылымның, бизнестің, байланыс-тың тілі. Бірақ бұл жерде бірақ сұрақ туады. Орысша айтатын болсақ, за чей счет банкет? Кімнің есебінен? Министрліктің ұсынысы: «қазақ тілінің есебінен болсын», – дегенге саяды. Дәлел – «физика, химия, биология, информатика 9 сыныптан бастап тек қана ағылшын тілінде өтуі керек» дейді. Физика мен биологияны ана тілінде оқығанның өзінде адам ұқпайды. Егер қазақтың тілі 9 сыныпқа жетпесе, ол – онда қандай тіл? Бұл – «қазақтың тілі отбасы, ошақ қасында қалсын» деген сөз. Егер мұндай саясат басқа елде қолданылса, оны түсінуге болар еді. Ал бірақ қазақтың тілі тек Қазақстанда ғана дамиды. Басқа еш жерде дамымайды. Сондықтан бұл мәселеде ең болмағанда өзіміздің барымызды баянды қылып, осы тапқанымызды жоғалтып алмасақ екен.

Қазіргі ең үлкен кемшілігіміз ол – далақбайлық. Мысалы, 30 елдің қатарына ендік дейді. Оған енетін болсаңыз, сіз бүкіл параметрлері бойынша алсаңызшы. «Сингапурға ұқсаймыз» дейді. Егер оған ұқсайтын болсаңыз, ең бірінші сыбайлас жемқорлықтан бастаңыз. Ли Куан Ю ең алдымен өзінің туыстарын түрмеге қамаған. Сіз де содан бастаңыз, қалғаны өзі реттеледі. Не болмаса, «Америкадан үйренеміз» дейді. Үйренетін болсаңыз, сіз

Америкадан сайлау жүйесін үйреніңіз. Кеше ғана 300 студент «үштілділікке көшеміз» деп қол қойыпты дейді. Менің күлкім келді. Студенттердің қалай қол қоятынын бәріміз білеміз ғой. Сондықтан мұндай әңгімелердің жалпы керегі жоқ.

PISA зерттеуінде 2012 жылы 49-орын алдық. Ал 2007 жылы 5-орын алған. Қазір дүниеде не көп, академия, рейтингтік ұйым көп. Бес адам жиналып академия ашады да, өздерінің пікірлерін айта береді. Абай атаңның айтқанына құлақ ассақ, «Ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты, ақылменен жеңсеңіз» деген Абай атамыз. Халықаралық Олимпиадаға біздің оқушыларымыз жыл сайын қатысады. 2000 жылы математикадан бес медаль алды. Дүниежүзінде алты пәннен олимпиада өтеді. Математикадан қазақтың балалары кейін қалып көрген жоқ. Біз математикадан 20 елдің қатарына ертеректе еніп қойғанбыз. Жалпы оқу, білім ана тілінде жүреді. Жаңа Оңтүстік Корея, Жапонияны мысал етті ғой. Олардың ақсақалдары: «бастауыш, орта білім өз ана тілінде өтуі керек» дейді. Барлық елде сондай.

**Жас Алаш №52 (16134) 1 шілде, жұма 2016**

### **Түлкіден бастық қойсаңыз (мысал)**

Орманға бастық түлкі болды,  
Орманның тең жартысы соның мүлкі болды.  
Сол мүлкті шашып-төгіп,  
Аң атаулыға күлкі болды.  
Ең әуелі бұл түлкі,  
Құлығы мол сұм түлкі,  
Айдаһарды тойындырды,  
Аюға да мойын бұрды,  
Зымиянды қайын қылды,  
Жемқорлардың жайын қылды.  
Өзге аңдар жарымастан,  
Ішер асты уайым қылды.  
Күшейтіп барлық күзетті,  
Орманның заңын түзетті:  
«Түлкі менен қарсаққа,  
Қандай қылмысқа барса да,  
Орманның заңы жүрмейтін болсын!  
Өзге аңдар бізге қарап үрмейтін болсын!  
Орын жоқ ғылым, білімге,  
Орында қалмай бірің де!  
Бүгіннен бастап сөйлеңдер,  
Арыстан менен Жолбарыс,  
Аюлардың тілінде!  
Осы үш тіл біздерге,  
Тіл болады түбінде!»  
Деп өзі жолбарысша атылып жүр,  
Арыстан мен Аюдай ақырып жүр.  
«Өз тілдеріңді ұмытып,  
Осы тілде сөйле» деп,  
Аң біткенге бақырып жүр.



Түлкі тағы былай деді:  
«Орманның бар байлығы,  
Түкке татымады!  
Сондықтан бүгіннен бастап,  
Барлық ағаштар сатылады!».  
Аңдар айтты:  
«Мұныңыз жарамайды,  
Ағаш кесілсе,  
Аңдар қайда паналайды?!»  
Қазіргі билік бәрімізді,  
Сол аңдарға теліп тұр ғой.  
Қазақтың тағдыры да,  
Осы аңдардың тірлігіне  
Айнымай келіп тұр ғой.

**Асанхан ПІРІМЖАРҰЛЫ,**  
*Боралдай ауылы.*

### **Тарихи тұлғалар**

**Хажы-Мұхаммед (т. ж. б. - 1430)** - Сібір хандығының алғашқы билеушісі (1420-1430). Жошы хан әулетінің өкілі. Жошы ұлысының оң қанатын басқарып, Ақ Орда билеушілеріне қарсы күрес жүргізеді. Едігенің ұлы Мансұрдың қолдауымен Сібірдегі Чимга-Тимур (Шимға Тұра) деген қалада өзін хан деп жариялады.

Жошы ұлысын біріктіруді көздеген Орыс ханның немересі Барақ хан 1421 жылы Хажы-Мұхаммед әскерлерін талқандап, оны тәуелділікке түсірді. 1428 жылы Барақ хан ноғай билеушілерімен соғыста қазаға ұшырады. Соның нәтижесінде Хажы-Мұхаммед Тура мен Тобыл өзендерінің аралығында өз иелігін құрды. Бұл иелік Түмен (Сібір) хандығы деп аталды. Хажы-Мұхаммед көп ұзамай Әбілхайыр ханмен күресте қаза тапты.

### **Ұлылардан ұлағат**

\* Адам екі нәрсе арқылы қартаймайды. Біріншісі қайырымды ісі. Екіншісі – мейірімге толы сөз.

**Жүсіп Баласағұн.**

\* Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлығы, сұлулық ұлығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

**Ғабит Мүсірепов.**

\* Қазақ халқы үшін тілден қасиетті ештеңе болған жоқ. Ол – тарих, ол - мәдениет, ол - әдебиет.

**Әлжаппар Әбішев.**

\* Ана тілі – бабаңның есімі, балаңның бесігі.

**Сырбай Мәуленов.**

\* Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

**Нұрсұлтан Назарбаев.**

\* Егер мәңгі бақи өлгің келмесе, о данагөй, өзіңнің жақсы қылықтарың мен сөзіңді сақта.

**Жүсіп Баласағұн.**

\* Әділ сөйлеп, адал жүр.

**Қожа Ахмет Йассауи.**

\* Тіл жүректің айтқанына көнсе – жалған шықпайды.

**Абай.**

\* Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

**Ахмет Байтұрсынұлы.**

\* Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді! Білімді жұрттардың тілі бай болады.

**Халел Досмұхамедұлы.**

\* «Государство – это я».

**Людовик XIV.**

\* «Политика – это самое концентрированное выражение экономики».

**В.И. Ленин.**

\* В глазах бюрократа государство – всего лишь его частная собственность».

**К.Маркс.**

\* Каждый раз, когда я даю кому-нибудь хорошую должность, я создаю 99 недовольных и одного неблагодарного».

**Людовик XIV Бурбон.**

### **Қазақ болмысы**

Қазақтың аманаты – Жер-Ана!  
Құжаты – тасқа басылған тарихы!  
Генетикалық коды – салт-дәстүрі!  
Қазақтың панасы – ұлы даласы!  
Қазақтың мәңгілігі – ана тілі!  
Ұраны - алаш!  
Қайсарлық символы – көк бөрі!  
Жаны – арының садағасы!  
Тамыры - шежіресі!  
Тектілігі – жеті ата!  
Киелісі - шаңырақ!  
Берекесі - тайқазаны!  
Иманы – жүрегінде!  
Бәсі – тәуекелінде!  
Мінезі - сертінде!  
Бары - қанағатында!  
Құшағы - кеңдігінде!  
Көңілі - қонақжайлылығы!  
Бет пішіні - иманжүзді!  
Әділдігі – тура биінде!  
Ырысы – киіз үйінде!  
Күші - бірлікте!  
Сағынышы – жусанның иісінде!  
Сырласы - табиғат!  
Қазақтың үні - домбыра!  
Ғажайыбы - күйінде!  
Шаттығы – қара жорға биінде!  
Келбеті – ұлттық киімінде!  
Нышаны – ою-өрнегі!  
Тағылымы - данасында!  
Мейірімі - анасында!  
Еркелігі - баласында!  
Қанаты - тұлпары!  
Байлығы - ұрпағы!  
Салтанаты - тойында!  
Алғысы - батасында!

Думаны - айтыс!  
Өнері – жыр, термесі, өлеңі!  
Биіктігі - Хантәңірі!  
Өркениетінің белгісі – Алтын адам!  
Рухани ордасы - Түркістан!  
Ғаламдағы оны - Қазақстан!  
Қазақтың тәжі - Астана!

Ұлттық құндылықтар – рухани иммунитет,  
Рухани иммунитет – қазақтың сауыты!

**Бақтыбек АМАНТАЙҰЛЫ ҚАҒАЗОВ,  
ҚР білім беру жүйесінің басшы және  
ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің  
біліктілігін арттыратын республикалық  
институтының аға оқытушысы.**

### **Қазақстан халық саны**

2015 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша еліміздегі халық саны 17 млн 630,7 мың адамды құрады. Соның ішінде қалалықтар – 10 млн 036,2 мың (56,9 пайыз), ауылдықтар – 7 млн 594,5 мың адам (43,1 пайыз) болып отыр. Бұл туралы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінен хабарланды.

Мәліметтерге қарағанда, 2015 жылғы қаңтар-қазанда халық саны жалпы ел бойынша 213 мың адамға немесе 1,2 пайызға өскен. Бұл көрсеткіш бойынша 2014 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда халық саны 253 мың адамға немесе 1,46 пайызға артып отыр.

Ал АХАТ органдары ұсынған азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2015 жылы қаңтар-қазанда туылғандар саны 336,4 мың адамды құраған. Туу кезектілігі бойынша бірінші, екінші және үшінші туғандардың үлес салмағы сәйкесінше 34 пайыз, 28 пайыз және 18 пайызды құрап отыр. Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 23,02 туылғандардан келеді.

«2015 жылдың қаңтар-қазанында республика халқының табиғи өсімі былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,6 мың адамға немесе 1,1 пайызға азайып, 225 мың адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 15,39 адамды құрады», – делінген баспасөз баянында.

Бұдан бөлек, Көші-қон полициясы органдары ұсынған келу/кетуді статистикалық есепке алу талондарындағы мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2015 жылғы қаңтар-қазанда елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны (көшіп-қонушылар) 2014 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 1,5 пайызға кеміп, 13 мың 557 адам болған.

Осы кезеңде елімізден кеткен көшіп-қонушылардың тіркелу саны 4,5 пайызға көбейіп, 25 мың 432 адамды құрады, ал көші-қонның айырымы -11 мың 875 адам болды. Бұл ретте еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен болып отырғанын атап өту керек.

2013 жылғы 1 желтоқсанымен салыстырғанда халық саны 251 мың адамға өсті. Өткен жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еліміздегі халық саны 17 млн. 397 мың адамды құрады. 2013 жылғы 1 желтоқсанымен салыстырғанда халық саны 251 мың адамға немесе 1,5 пайызға өсті.

Туғандар саны 368 мыңға жетіп, 1,6 пайызға артты. Ал қайтыс болғандар 120 мың адамды құрап, 4,7 пайызға төмендеді. «Қаңтар-қарашада елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 15 185 адамды құрады. Ал елден кеткендердің саны 18,8 пайызға көбейіп, 26 869 адамды құрады.

## 2050 жылғы халық саны

БҰҰ экономика және әлеуметтік істер бөлімі Халық саны ұйымы тарапынан ертеректе жарияланған болжамдар бойынша, әлем халқының саны 2005 жылы 6,5 миллиард болса, 2050 жылы 10,6 миллиардқа жетеді деп жоспарлаған-ды.

Анықтамада әлемнің дамыған елдеріндегі халық санының сол күйінде қалатындығы болжамданып, қазір 800 миллион болған дамушы 50 елдің халық санының 2050 жылы 2 есеге өсіп, 1,7 миллиардқа жететіндігін көрсеткен. Ауғанстан, Буркино Фасо, Бурунди, Чад, Конго, Шығыс Тимар, Гине Биссау, Либерия, Мали, Нигер және Уганданың халық саны бұл мерзім ішінде 3 есеге өседі деп күтілген.

Әлемде қазір орта жас 65 болса, 2050 жылы 75-ке көтерілетіндігі айтылды. Енді орташа жас мөлшері 75 жас болған елдерде ол кезде бұл көрсеткіш 82-ге жетеді. Дамушы елдерде қазір 45 болған орташа жас мөлшері 2050 жылы 66-ға көтеріледі деп болжамдалған.

Дамыған елдердегі өлім туу мөлшерінен көп болғандықтан, бұл елдерде халық санының артуының негізгі көзі ретінде көшіп келушілер екенін көрсеткен БҰҰ-ның анықтамасында 2005-2050 жылдар арасында дамыған елдерге 98 миллион адамның (босқындардың қазіргі легін қоспағанда) көшіп келетіндігі жорамалданған-ды. Енді оған жаңа түзеу, болжамдар жасау қажет тәрізді.

### Количество киргиз-казаков на 1917 год.

Роды	Старшая Орда										Средняя Орда					Младшая Орда				Примечания		
	дулат	албан	суан	Сары-уйсын	чапрашты	Сты	Ошакты	Сргелы	Капылы и чашкалы	Джакайыр	Арғын	Найман	Кыпчак	Керей	Уак	Конраг	Бай-улы	Алим-улы	Джетыру		Итого	
Уезды																						
1.Казалинский	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	40	170	-	-	210	1.Сырдар.обл
2. Перевский	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10	20	-	-	-	30	40	10	40	150	1.150.000	
3. Чимк.(о Турк)	140	-	-	-	-	20	10	70	-	-	-	-	-	-	-	90	-	-	10	340	душ.	
4. Ташкенте	-	-	-	-	-	-	-	-	160	-	-	-	-	-	-	-	-	-	30	190		
5. Аулиеатин.	140	-	-	-	-	20	60	-	20	10	10	-	-	-	-	-	-	-	-	260	2.Амудар.об	
6. Пишпекск.	80	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	80	50.000 душ.	
К. 8. Джаркенск.	-	70	40	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	110		
9. Копальск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	120	-	80	-	-	-	-	-	-	-	200	3.Самарканд	
10. Лепсинск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	150	-	-	-	-	-	-	-	-	150	120.000	
11. Зайсанск.	-	-	-	-	-	-	-	-	1	-	100	-	10	-	-	-	-	-	-	110		
12. Устькамен.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	110	-	-	-	-	-	-	-	-	110	4.Семиречен.	
13. Алтайск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	30	10	-	10	10	-	-	-	-	-	60		
14. Семиналат.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	50	30	-	10	30	-	-	-	-	-	120	750.000	
15. Павлодар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	150	-	10	10	10	-	-	-	-	-	180		
16. Каркаралин.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	190	-	-	20	-	-	-	-	-	-	210	5. Семинал.	
																					730.000	
																					6. Акмолин.-	
																					580	
																					7. Тургайск. -	
																					530.000	
																					8. Уральск	
																					(справочер) -	
																					590.000	
																					9. Букеевс. -	

																				320.000		
																				Мангышл. – 100.000		
																				11. Алтай – 60.000		
17. Омский	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	20	-	10	20	-	-	-	-	-	50	Киргизстан – 2.910.000	
18. Петропавл.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	60	-	-	40	20	-	-	-	-	120	Итого 4.980.000	
19. Кокчетав	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	90	-	-	-	20	-	-	-	-	110	В Хорезме- 100.000	
20. Акмолин.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	150	-	-	10	-	-	20	-	10	190		
21. Атбасар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	70	40	-	-	-	-	-	-	-	110	В Бухаре – 100.000	
22. Кустанайск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	20	-	70	10	-	-	20	-	40	160	Итого С.С.С.Р. 5.180.000	
23. Тургайск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	50	-	50	-	-	-	-	-	-	100		
24. Иргизск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	130	-	-		
25. Актюбин.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	50	90	140		
26. Уральск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	20	-	70	90	В Китае 150.000	
27. Лбищенс.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	130	-	20	150		
28. Гурьевс.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	100	10	-	110		
29. Темирск.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	30	110	20	160	Всего 5.930.000	
30. Правобереж (Урала)	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	60	-	20	80		
31. Букеевс.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	300	10	10	320	Еще около 160 тыс. Должно быть в Авганистане (на Млад.Орды).	
32. мангышлак (Алдаевск. Вол)	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	100	-	-	100		
33. Аму-Дарьинск обл	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10	40	-	50		
34. Ходжент и Джизак	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	90	10	-	20	120		
<b>ИТОГО</b>	460	80	40	10	70	50	70	70	190	130	890	530	160	160	70	210	880	530	380	4.980		
											1.170.000 душ.											
35. Хорезм																	100			100		
36. Бухара																100	50	50	50	400		
37. Китай												150								450		
<b>Всего</b>												150		330								
											890	830	160	460	70	310	1.	580	430	5.930		
																	030			000		
											1.170.000 душ.											
											2.723.000 душ											
											2.040.000 душ.											

**(по родам и уездам) (в тысячах)**

## Пайдаланған әдебиеттер

1. Дала даналары – 2001 жыл.
2. Даналық энциклопедиясы 2009 жыл.
3. Бұхар жырау: Жамбыл Омари – 1994 ж., 2008 ж.
4. Абай – I-II томдары
5. Машһүр Жүсіп жинақтары  
Атела (Еділ)
6. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-10 томдар. «Қазақ энциклопедиясының»  
Бас редакциясы. Алматы, 2 \_\_ ж.
7. Ақмола энциклопедия. Алматы. Атамұра, 1995 ж.
8. Қазақ Кеңес энциклопедиясы. 1-12 томдар.
9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.IV– Алма-Ата, 1968 г.
10. С.Мұқанов. Халық мұрасы. Алматы, «Жазушы», 2005 ж.
11. Дәстүрлі атаулар. Алматы «Арда», 2005 ж.
12. А.Жүнісов. Фәниден бақиға дейін. Алматы, «Қайнар», 1994 ж.

## Мазмұны

### Алғысөз

Абайды оқығаннан кейінгі ойлар

### I - тарау

#### Дін – дүние діңгегі

1. Адам Ата мен Хауа Ана
2. Аллаһтың періштелері мен пайғамбарлары
3. Мұхаммед пайғамбар
4. Құранның тұңғыш шынайы аудармасы
5. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалары
6. Қасиетті айлар
7. Әлем ғұламалары айғақтайды
8. Ислам дінінің өсиеттері
9. Мұсылман ғұламалары
10. Адам – бір көшкен керуен
11. Жақсылар істі түзет!...
12. Мәлике қыздың хикаясы
13. Имандылық әліппесі
14. Намаз бен ораза
15. Дін ислам – діңгегім

### II – тарау

#### Ата-аналар әлемі

1. Әке өнегесі
2. Ұлық Пайғамбардың хадистерінен
3. Ана, ар-ұят, махаббат
4. Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» трактатындағы әйел туралы
5. Шал ақынның әйелдерге берген сипаттамасы
6. Қызға қырық үйден тыйым
7. Ана өкпесі

### III – тарау

#### Тәлім-тәрбие табиғаты

1. Ұлттық бала тәрбиесі
2. Этнопедиатрия – қандай ғылым
3. Жапон халқында
4. Америка халқында
5. Қытай халқы және бала тәрбиесі
6. Бала тәрбиесі
7. Адам жасының атаулары

8. Досмағамбет Қожабек – ишанның өлеңі
9. Іргелі үш жүз құрамы
10. Туған-туыс
11. Жеті сатылы (буынды) құрылым
12. Рухы бейшаралар – баққұмар
13. Жәнібек тарханның нақыл сөздері.
14. Арғынбай БЕКБОСЫН. Мың түрлі ой.
15. Қарияның жауабы
16. Есей бидің сөздері
17. Ш.Құдайбердіұлы.
18. Бектұр Батырқожа
19. Өнер туралы өнегелі нақылдар
20. Үш дос
21. Данагөйлер достық туралы
22. Тәрбие
23. Бір досыма арнау хат
24. Отызда орда бұзбасаң
25. Он екі таным
26. Ұлылардан ұлағат

#### **IV – тарау**

##### **Ана тілім – ар-намысың**

1. Бал тамған тілден У да тамар
2. Тарихи тұлғалар қазақ тілі туралы
3. Мұқағали Мақатаев. Үш бақытым.
4. М.Шаханов. Түрі қазақ ұлтсыздар мен Африкадағы «Мұрын академиясы» туралы» толғаудан үзінді
5. М.Шаханов. Ұлттық нигилизм «жемістер»
6. С.Ақсұңқарұлы. «Хас сақтың соңғы тұяғы».
7. Герольд Бельгер. «Қазақ тілі жойылу қаупі төнген тілдер қатарында».
8. Қадыр Мырза Әли. Елдің сәлемі (Президентке)
9. Тәжік құрлы бола алмадық-ау...

#### **V – тарау**

##### **Әдептілік мәдениеті**

1. Жеті қазына. Бауыржанның айтқандарынан.
2. Қасиетті қара шаңырақ.
3. Кіндік шеше» немесе кіндігіңді кір шалмасын, қарағым!
4. Бата дегеніміз не?
5. Жұма – күндердің ең ұлығы
6. Тәмсіл
7. Әдептілік
8. Шет елдегі әдеп мәселесі
9. Әдептілік әліппесі
10. Қазақ ырымдары
11. Тыйым сөздер



## **VI – тарау**

### **Ғалам ғажайыптары**

1. Әлемдегі теңдесі жүйесінің дәлелі
2. Ғаламшар, ғарыш денелері
3. Әлемнің жеті кереметі
4. Адам жаны – жұмбақ әлем
5. Тылсым сырлы асыл тастар
6. Ақша атауы
7. Сандардағы сиқырлы сандар
8. Зерде қазынасы
9. Таңғажайып жеті саны
10. Мінездің сандары
11. Өмір картасы – алақаныңда
12. Ауыз судың шипасы

## **VII – тарау**

### **Табиғат – талбесігің**

1. Жылқының Отаны – Қазақ жері
2. Қазақы жылқының қасиеті
3. Жылқы мінезіне байланысты атаулар
4. Қамыс құлақ
5. Алтынның сынығы
6. Жан-жануарлар атауы
7. Аң-құстар әлемі
8. Түз хайуандары
9. Қазақ жеріндегі жыртқыш құстар
10. Тәңірдің елшісі
11. Киікті неге киелі дейді?

## **VIII – тарау**

### **Уақыт көші**

1. Таңғажайып «Тоғыс есебі»
2. Түркілердің «Мүшел есебі»
3. Күнтізбелер тарихынан
4. Хижа есебі
5. Жылдар сипаты
6. Наурыз туралы маржан ойлар
7. Күн санау
8. Мифологиялық таным
9. Бесқонақ
10. Тасаттық
11. Ұлыстың ұлы күні
12. Жыл қайыру
13. Айлар сипаты
14. Халықтың ауа-райын болжауы

## **IX тарау**

## **Аталардың ақылы, Даналардың нақылы**

1. Мүде хан
2. Еділ (Аттила)

### **Кеңес Әубәкір**

## **Аталардың ақылы, Даналардың нақылы**

Редакторы – Мақсұтбек Сүлеймен.  
Компьютерде терген – Роза Ибрагимқызы.  
Корректор –  
Компьютерде беттеген –

\_\_\_\_\_ 2014 ж. басуға қол қойылды. Көлемі \_\_\_\_\_.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі \_\_\_\_\_  
Шартты баспа табағы \_\_\_\_\_. Есептік баспа табағы.  
Таралымы \_\_\_\_\_ дана.

Сытина Н.И.ЖШ-та басылған.  
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ. 29 ноябрь к.  
Тел. 8 (7182) 61-82-12; 61-80-81.